



**К. МАРКС**

---

**ҚОСЫМША  
ҚҰН  
ТЕОРИЯЛАРЫ**

**(«КАПИТАЛДЫҢ» IV ТОМЫ)**

**II**      **ҚОСЫМША ҚҰН ТЕОРИЯЛАРЫ**  
**БӨЛІМ**



**БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!**

**К. МАРКС**

---

**ТЕОРИИ  
ПРИБАВОЧНОЙ  
СТОИМОСТИ**

**(IV ТОМ «КАПИТАЛА»)**

**ЧАСТЬ**

**II**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы  
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—  
КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы  
МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ФИЛИАЛЫ

**К. МАРКС**

---

**ҚОСЫМША  
КҮН  
ТЕОРИЯЛАРЫ**

**(«КАПИТАЛДЫҢ» IV ТОМЫ)**

**II**

**БӨЛІМ**

**Алматы  
«ҚАЗАҚСТАН»  
1988**

**Маркс К.**

**М 24** Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы).  
2-бөлім Алматы: Қазақстан, 1988. 664 бет.  
(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тари-  
хы институты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы  
Марксизм-ленинизм институтының филиалы).

М  $\frac{0101010000-126}{401(05)-88}$  1-88

ISBN 5-615-00001-5

11.26 + 15.1 + 15.5 + 65.011 + 66.017 + 87.3

© ПОЛИТИЗДАТ, 1978.

© «ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ, 1988.

**ҚОСЫМША  
ҚҰН  
ТЕОРИЯЛАРЫ**

**ЕКІНШІ  
БӨЛІМ**

*(VIII—XVIII ғасырлар)*



[СЕГІЗІНШІ ТАРАУ]

**РОДБЕРТУС МЫРЗА.  
ЖЕР РЕНТАСЫНЫҢ ЖАҢА ТЕОРИЯСЫ  
(ШЕГІНІС)<sup>1</sup>**

[1] ЕГІНШІЛІКТЕГІ БАСЫ АРТЫҚ ҚОСЫМША ҚҰН.  
КАПИТАЛИЗМ ЖАҒДАЙЫНДА ӨНЕРКӘСІППЕН САЛЫСТЫРҒАНДА  
ЕГІНШІЛІКТИҢ НЕҒҰРЛЫМ БАЯУ ДАМУЫ

[X—445] *Herr Rodbertus*. Dritter Brief an von Kirchmann von Rodbertus: Widerlegung der Ricardoschen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Rententheorie. Berlin, 1851.

Алдын ала мынадай ескерту жасаған жөн. Біз қажетті жалақы 10 сағатқа тең дегенде мұны бәрінен гөрі былай түсіндірген оңай: егер 10 сағат ішіндегі еңбек (яғни 10 сағатқа тең ақша сомасы) орташа алғанда күндікші ауыл шаруашылық жұмысшысына өзіне қажетті тіршілік заттарының бәрін — егіншілік, өнеркәсіп өнімдерін, т. б. — сатып алуға мүмкіндік беретін болса, онда бұл маманданбаған еңбекке берілетін орташа жалақының дәл өзі. Демек, бұл арада әңгіме жұмысшының, оның өзіне тиюге тиісті күнделікті өнімнің құны туралы болып отыр. Бұл құн әуелде оның өзі өндіретін *товар* формасында, яғни *осы товардың* белгілі бір *мөлшері* түрінде болады; бұл мөлшерге айырбасқа ол — осы *товардың* өзі тұтынған (егер ол бұл *товарды* тұтынатын болса) бөлігін шығарып тастағаннан кейін — өзіне қажетті тіршілік заттарын ала алады. Сөйтіп, бұл арада оның қажетті «кірісі» үшін оның өзі өндіретін *тұтыну құнының* ғана емес, өнеркәсіптің, егіншіліктің, т. б. маңызы болады. Бірақ бұл *товар* деген ұғымның өзінде бар. Жұмысшы жай өнім емес, *товар* өндіреді. Демек, бұл жайында көп айтып жатудың қажеті жоқ.

Родбертус мырза ең алдымен жерді иелену мен капиталды иелену бір-бірінен *бөлінбеген* елдегі істің жайы қандай екенін зерттейді де, бұл арада мынадай маңызды қорытындыға келеді: рента (мұны ол бүкіл *қосымша құн* деп түсінеді) ақысы төленбеген еңбекке немесе осы ақысы төленбеген еңбекті көрсететін өнімнің мөлшеріне ғана тең.

Ең алдымен мынаны ескерткен жөн: Родбертус *относительді*

қосымша құнның өсуін ғана, яғни жұмыс күнінің өзінің ұзаруынан барып қосымша құнның артуы емес, қосымша құнның еңбек өнімділігінің артуынан болатын өсуін айтып отыр. Абсолютті қосымша құнның қай-қайсысы да, әлбетте, белгілі бір мағынада относительді. Жұмысшының өзінің бүкіл уақытын өз тіршілігін сақтауға ғана жұмсауына тура келмеуі үшін еңбек жеткілікті шамада өнімді болуға тиіс. Бірақ тап осы арадан келіп айырмашылық басталады. Әйткенмен, егер бастапқыда еңбектің өнімділігі аз болса, онда қажетсіну де барыпша қарапайым болады (құлдың қажетсінуі сияқты) да, мырзалардың тұрмысы малайларының тұрмысынан соншалық көп жақсы болмайды. Пайданы күреп алатын арамтақтың келіп шығуы үшін қажетті относительді еңбек өнімділігі өте төмен. Сондықтан, біз еңбек әлі өте өнімсіз, машиналар, еңбек бөлінісі және т. б. қолданылмайтын жерлерде пайда нормасының жоғары болуын көрсек, онда оған мынадай жағдайлар ғана себеп болады: не мұның Индияда осылай болып отырғанындай, жұмысшының қажетсінуі өте-мөте аз және оның езілгені соншалық, ол қажетсінудің осы мардымсыз деңгейінің өзінен де төмен құлдыраған, ал екінші жағынан, еңбек өнімділігінің төмендігі капиталдың жалақыға жұмсалатын бөлігіне шаққандағы негізгі капиталдың аз мөлшеріне барабар келеді, немесе мұның өзі капиталдың еңбекке жұмсалатын бөлігінің жиынтық капиталға шаққанда көп болуымен бірдей, — не болмаса жұмыс уақыты өте ұзартылған. Соңғы жағдай капиталистік өндіріс әдісі қазірдің өзінде бар, бірақ дамудың анағұрлым жоғары сатысына жеткен елдермен бәсекеге түсуге тура келетін елдерде (мәселен, Австрия және т. б.) болып отыр. Жалақы мұнда — ішінара жұмысшының қажетсінулері кемірек дамығандықтан, ішінара егіншілік өнімдері неғұрлым арзан бағаммен сатылатындықтан немесе капиталист үшін мұның да мәнісі сол, олардың ақшалай құны кемірек болғандықтан — өте аз болуы мүмкін. Еңбек өнімділігі төмен болғанда жұмысшының жалақысына кететін және айтайық, 10 сағат қажетті жұмыс уақыты ішінде өндірілетін өнімнің мөлшері де мардымсыз. Бірақ егер 12 сағаттың орнына ол 17 сағат жұмыс істесе, онда мұның өзі еңбек өнімділігінің төмен болуының есесін [капиталист үшін] толтыра алады. Жалпы алғанда мәселенің мәнін қайсыбір елде еңбек өнімділігінің артуына орай бұл елде еңбектің относительді құнының төмендеуі салдарынан әр түрлі елдерде жалақы еңбек өнімділігіне кері пропорцияда болады деп түсінуге болмайды. Жағдай бұған нақ керісінше болады. Бір ел дүние жүзілік рынокта басқа бір елмен салыстырғанда неғұрлым өнімдірек болса, ол елде жалақы басқа елдердегімен салыстырғанда соғұрлым жоғары болады. Номиналды ғана емес, нақты жалақы да Англияда континенттегіден жоғары. Жұмысшы өтті көбірек жейді, қажетсінулерін көбірек мөлшерде қанағаттандырады. Алайда мұның ауыл шаруашылық жұмысшысына емес, өнеркәсіп жұмысшысына ғана қатысты мәні



445

2) Қосымша құн теориясының қолжазбасының екінші бөлімінің

бірінші беті (1861—1863 жылдардағы қолжазбаның X дәптеріңде 445-бет)

Қосымша құн теориясының екінші бөлімінің бірінші бетінде Маркстің қосымша құн теориясының негізгі идеяларын қысқаша баяндағанын көреміз. Ол қосымша құн теориясының қалыптасуына әкелген факторларды талқылайды және қосымша құн теориясының қолдануына қатысты мәселелерді қозғайды.

Маркстің қосымша құн теориясының негізгі идеялары мыналар:

- 1. Қосымша құн теориясының негізгі идеясы қосымша құн теориясының қалыптасуына әкелген факторларды талқылау және қосымша құн теориясының қолдануына қатысты мәселелерді қозғайды.
- 2. Қосымша құн теориясының негізгі идеясы қосымша құн теориясының қалыптасуына әкелген факторларды талқылау және қосымша құн теориясының қолдануына қатысты мәселелерді қозғайды.
- 3. Қосымша құн теориясының негізгі идеясы қосымша құн теориясының қалыптасуына әкелген факторларды талқылау және қосымша құн теориясының қолдануына қатысты мәселелерді қозғайды.

Қосымша құн теориясының негізгі идеялары мыналар:

- 1. Қосымша құн теориясының негізгі идеясы қосымша құн теориясының қалыптасуына әкелген факторларды талқылау және қосымша құн теориясының қолдануына қатысты мәселелерді қозғайды.
- 2. Қосымша құн теориясының негізгі идеясы қосымша құн теориясының қалыптасуына әкелген факторларды талқылау және қосымша құн теориясының қолдануына қатысты мәселелерді қозғайды.
- 3. Қосымша құн теориясының негізгі идеясы қосымша құн теориясының қалыптасуына әкелген факторларды талқылау және қосымша құн теориясының қолдануына қатысты мәселелерді қозғайды.



бар. Бірақ Англияда жалақы ағылшын жұмысшыларының еңбек өнімділігі басқа елдер жұмысшыларының еңбек өнімділігінен қаншалық жоғары болса, соншалық дәрежеде жоғары емес.

Жалпы алғанда жер рентасы (яғни жер меншігінің қазіргі формасы) — жер танаптарының құнарлылығы әрқелкі болуынан жер рентасының әр түрлі болуын айтпағанның өзінде оның болу фактісінің өзі — ауыл шаруашылық жұмысшыларының орташа жалақысының өнеркәсіп жұмысшыларының орташа жалақысынан төмен болуының өзінен-ақ болуы мүмкін. Өйткені мұнда капиталист әуелде дәстүр бойынша (өйткені капиталистердің арендаторлар болуынан бұрын ескі заманның арендаторы капиталист болып алады ғой) ең бастан-ақ өз табысының бір бөлігін жер меншікшісіне беріп келгендіктен, ол мұның есесін жалақыны өз деңгейінен төмендету арқылы алады. Жұмысшылар деревнядан қаша бастағаннан кейін жалақы артуға тиіс еді және ол шын мәнінде артты. Бірақ бұл тәрізді қысым біліне бастасымен-ақ машиналар және т. б. енгізіледі де, деревняда қайтадан халықтың басы артық болып шығады (салыстырмалы түрде), (Англияны салыстырыңыз). Қосымша құнды жұмыс уақытын ұзартпай-ақ және еңбектің өндіргіш күшін арттырмай-ақ көбейтуге, атап айтқанда жалақыны оның дәстүрлі деңгейінен төмендету арқылы көбейтуге болады. Сондықтан мұның өзі ауыл шаруашылық өндірісі капиталистік әдіспен жүргізілетін жердің бәрінде шын мәнінде болады. Бұған машиналар арқылы жетуге болмайтын жерде егістік жерлерді қой жайылымына айналдыру арқылы жетеді. Мұнда, демек, жер рентасының мүмкіндігі [446] нақты бар болар еді, өйткені *іс жүзінде* ауыл шаруашылық жұмысшыларының жалақысы орташа жалақыға тең емес. Жер рентасы болуының бұл мүмкіндігі өнімнің құнына тең деп ұйғарылатын өнімнің бағасына мүлдем тәуелсіз болар еді.

Жер рентасының артуының екінші түрін — оның сол бір бағамен сатылатын өнімнің көп мөлшерінен алынуын — Рикардо да біледі, бірақ өзі жер рентасын акрға емес, кварталге шағып есептейтіндіктен, оны есепке алмайды. Ол 2 шиллингтен 10 кварталге немесе 3 шиллингтен 10 кварталге келетіннен гөрі 2 шиллингтен 20 кварталге көбірек келетіндіктен жер рентасы артты деп айтпас еді (*осындай амалмен* жер рентасы баға төмендегенде де артуы мүмкін).

Оның үстіне жер рентасының өзін қалай түсіндіргенде де, өнеркәсіппен салыстырғанда оның *мынадай бір елеулі айырмашылығы* қала береді: өнеркәсіпте артық қосымша құн өнімді неғұрлым арзан өндіру арқасында алынады, ал егіншілікте ол неғұрлым қымбат өндіру арқасында алынады. Егер бір қадақ жіптің орташа бағасы 2 шилл. болып, ал мен оны 1 шиллингтен өндіре алатын болсам, онда рынокты өзіме қаратып алу үшін мен оны қалайда  $1\frac{1}{2}$  шиллингтен немесе қайткенде де 2 шиллингтен біраз кем сатытын боламын. Бұл тіпті мүлде қажет те. Өйткені неғұрлым арзан

өндіріс оны неғұрлым кең көлемде жүргізуге жағдай жасайды. Сөйтіп мен рынокты бұған дейінгісімен салыстырғанда көбірек толтырамын. Мен бұрынғыдан көп сатуға тиіспін. Егер жіптің 1 қадағы маған 1 шиллингке ғана түссе, онда бұл менің, айтайық, бұрынғы 8000 қадақ орнына 10 000 қадақ өндіретіндігімнен туындайды. Арзашылық негізгі капиталдың 10 000 қадаққа бөліне- тіндігінің нәтижесінде ғана келіп шығады. Егер мен 8 000 қадақ қана сатсам, онда машиналардың тозуы әрбір қадақтың бағасынан бестің бір бөлегіндей немесе 20 проценттей асып кетер еді. Сондықтан 10 000 қадақ сататын мүмкіндігім болу үшін мен өз жібімді екі шиллингтен кем бағамен [айтайық,  $1\frac{1}{2}$  шиллингтен] сатамын. Бұл орайда мен әлі де болса  $\frac{1}{2}$  шиллинг, яғни өз өнімімнің бір шиллингке тең құнының 50 процентіндей басы артық пайда аламын, бұған өнді әдеттегі пайда да кіреді. Қалай болғанда да мен осы арқылы рыноктың бағаны кемітемін, мұның нәтижесінде тұтынушы жалпы алғанда өнімді неғұрлым арзан бағамен алатын болады. Ал егіншілікте осындай жағдайда мен 2 шиллингтен сатамын, өйткені менің құнарлы жерім жеткілікті болса, онда құнары неғұрлым кем жер өндеуге түспес еді. Егер құнарлы жердің мөлшері немесе нашар жердің құнарлылығы мен сұранымды қанағаттандыра алатындай болып артса, онда бүкіл осы тарихтың қажеті болмас еді. Рикардо бұл қағиданы теріске шығармайтыны былай тұрсын, қайта оны әбден айқын атап көрсетеді.

Сонымен, тіпті егер біз жер рентасының өзі емес, жер ренталарындағы айырмашылық қана топырақтың құнарлылығы әр түрлі болуынан туындайды деп тапқанның өзінде, мына бір заң өз күшінде қалады: өнеркәсіпте басы артық пайда, әдетте, өнімнің арзандауынан келіп шығатын болса, егіншілікте рентаның относительді шамасы өнімнің біршама қымбаттауының нәтижесінде ғана емес (құнарлы жердің өнімінің бағасын оның құнынан жоғары көтеру), сонымен бірге арзан өнімнің неғұрлым қымбат өнімнің өндіріс шығындары бойынша сатылуы нәтижесінде де алынады. Бірақ бұл, менің ілгеріде көрсеткенімдей, (Прудон)<sup>2</sup>, — «жерден» емес, «капиталистік өндірістің» өзінен туындайтын бәсеке заңы ғана.

Одан әрі, Рикардоның айтқаны тағы бір пунктте дұрыс болар еді, бірақ ол саяси-экономдардың әдетіне бағып, тарихи құбылысты мәңгілік заңға айналдырады. Бұл тарихи құбылыстың мәні егіншілікке қарама-қарсы өнеркәсіптің (өндірістің буржуазиялық саласының өзінің) біршама шапшаң дамуында. Егіншілік өнімдірек болғанымен, өнеркәсіп секілді дәрежеде өнімді болып отырған жоқ. Өнеркәсіптің өнімділігі 10 есе артқан жердің өзінде егіншіліктің өнімділігі, бәлкім, 2 есе артқан болар. Демек, егіншілік абсолютті тұрғыдан неғұрлым өнімдірек болғанымен, оның өнімділігі салыстырмалы түрде кемірек болып шықты. Бұл тек буржуазиялық өндірістің барынша оғаш дамуын және оған тән қай-

шылықтарды дәлелдейді. Бірақ мұның салдарынан егіншіліктің салыстырмалы түрде өнімділігі кеми түседі, яғни өнеркәсіп өніміне қатысты егіншілік өнімінің құны, ал мұнымен бірге жер рента-сы да артады деген қағида дұрыс болудан қалмайды. Капиталистік өндіріс дамыған сайын егіншілік еңбек өнеркәсіптік еңбекке қарағанда өнімділігі біршама кемірек болды дегеннің мәнісі егіншіліктің өнімділігі соншалық шапшаңдықпен және соншалық дәрежеде дамымады дегенді ғана білдіреді.

Өндірістің *A* саласының *B* саласына қатынасы 1:1-ге тең деп ұйғарайық. Ал бастапқыда егіншілік өнімдірек болған ғой, өйткені мұнда өндірісте жай табиғат күштері ғана емес, табиғаттың өзі жасаған машина қатысады; осы машинаның көмегімен жеке бір қызметкер мұнда әуел бастан жұмыс істейді. Осы себепті ежелгі заманда және орта ғасырларда егіншілік өнімдері өнеркәсіп өнімдерінен анағұрлым арзан болған, мұның өзі (*Уэйдті* қараңыз)<sup>3</sup> бұлардың екеуінің де орташа жалақыға қандай пропорцияда кіретіндігінен-ақ анық көрінеді.

1:1 қатынасы сонымен бірге өндірістің екі саласының екеуінің де өнімділігін көрсететін болсын делік. Егер енді *A* саласы 10-ға тең болса, яғни өз өнімділігін он есе арттырса, ал *B* саласы 3-ке тең, яғни өз өнімділігін үш есе ғана арттырса, онда бұрын 1-ге 1 қатынаста болған өндірістің екі саласы 10-ның 3-ке немесе 1-дің  $\frac{3}{10}$ -ке қатынасындай қатынаста болады. *B* саласының өнімділігі абсолютті түрде үш есе артса да, ол салыстырмалы түрде  $\frac{7}{10}$ -ге кеміді. Ең жоғары рента үшін бұл — өнеркәсіпке қатысы жөнінен — ең жоғары рентаның артуы ең нашар жердің  $\frac{7}{10}$  шамаға құнарсыздануынан барып туғанмен бірдей.

Рас, бұдан келіп, Рикардоның ойлағанындай, пайда нормасы кемігенде егіншілік өнімдерінің біршама қымбаттауы нәтижесінде жалақы артқандықтан кеміді деген мағына әсте де шықпайды [447]— өйткені орташа жалақы оған кіретін өнімдердің относителді емес, абсолютті құнымен анықталады ғой. Бірақ бұдан мына қағида шын мәнінде келіп шығады: пайда нормасы (анығын айтқанда, қосымша құн нормасы) өндеуші өнеркәсіптің өндіргіш күші артқандай дәрежеде артқан жоқ және мұның себебі егіншіліктің (топырақтың емес) өнімділігі біршама кем болуынан болды. Сондықтан бұған ешқандай күмән келтіруге болмайды. Қажетті жұмыс уақытының кемуі өнеркәсіптің прогресімен салыстырғанда болмашы ғана. Бұл Россия және басқалары сияқты елдердің егіншілік өнімдерінің рыногында Англияны басып кете алатынынан көрініп отыр. Неғұрлым бай елдердегі ақша құнының кем болуы (яғни неғұрлым бай елдер үшін ақша өндірісі шығындарының біршама аздығы) бұл арада ешқандай роль атқармайды. Өйткені мәселенің мәні нақ мынада: неғұрлым бай елдердің неғұрлым кедей елдермен бәсекеде бұл жағдайдың олардың өнеркәсіп өнімдеріне емес, егіншілік өнімдеріне ғана ықпал жасайтынының се-

бебі неде екендігінде болып отыр. (Әйтсе де мұның өзі кедей елдер арзанырақ өндіреді, олардың егіншілік еңбегі өнімдірек дегенді дәлелдемейді. Тіпті Құрама Штаттардың өзінде, жуырда статистикалық зерттеулердің дәлелдегеніндей, рас, осы бағаммен сатылатын бидайдың жалпы мөлшері артқан; бірақ мұның өзі әрбір акрдан өнім көбірек алынғандықтан емес, көбірек акр жер өңделетіндіктен болған. Ұлан-ғайыр жер алқаптары бар және жеңіл-желпі оңделген үлкен-үлкен жер учаскелері сол бір мөлшердегі еңбек жұмсалған жағдайда неғұрлым дамыған елдердегі мейлінше шағын учаскелердің беретін өнім мөлшерінен абсолютті көп өнім беретін елдерде жер неғұрлым өнімдірек деуге болмайды.)

*Өнімділігі кемірек жерлерді өңдеуге көшу егіншіліктің өнімділігі кемірек болып отыр дегеннің талассыз дәлелі болып табылмайды. Керісінше мұның өзі егіншіліктің неғұрлым өнімді болып отырғанын көрсете алады. Құнарсыз жердің оңделіп отырған себебі ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы жерге жұмсалған капиталдың есесі қайтатындай деңгейге дейін көтерілгендігінен ғана емес; бұған қоса өндіріс құрал-жабдықтары құнарсыз топырақты да «өнімді» жерге айналдырып, оны әдеттегі пайданы ғана емес, сонымен бірге жер рентасын да өтей алатындай етіп өңдейтін даму дәрежесіне жеткізгендігінен де болып отыр. Өндіргіш күштердің дамуының белгілі бір сатысы үшін құнарлы болып шығатын жер оның неғұрлым төмен сатысы үшін құнарсыз болып табылады.*

*Егіншілікте жұмыс уақытын абсолютті ұзарту — демек абсолютті қосымша құнды арттыру да болмашы дәрежеде ғана мүмкін. Егіншілікте газ жарығымен, т. с. жұмыс істеуге болмайды. Әрине, жазда және көктемде жұмысты ерте бастауға болады. Бірақ бұл, жалпы алғанда жұмыстың біршама шағын ғана мөлшері атқарылуы мүмкін қысқы уақыттағы неғұрлым қысқа күндердің есебінен теңестіріледі. Демек, бұл тұрғыда абсолютті қосымша құн, егер тек қалыпты жұмыс күші заңмен мәжбүр ету тәртібімен реттелмейтін болса, өнеркәсіпте артық. Ауыл шаруашылығы өнімі оған жаңа еңбек жұмсалмай-ақ өндіріс процесінде болатын кезеңнің ұзақтығы егіншілікте қосымша құнның аз массасы жасалатынының екінші себебі болып табылады. Бірақ, екінші жағынан, ауыл шаруашылығының халықты мүлдем ығыстыратын мал өсіру, жайылымдық қой шаруашылығы, т. б. сияқты салаларын қоспағанда, жұмыс істейтін адамдар санының жұмсалған тұрақты капиталға қатынасы — тіпті неғұрлым прогресті ірі ауыл шаруашылығында — өнеркәсіптегіден, ең болмағанда өнеркәсіптің үстем салаларындағыдан әлі де әлдеқайда жоғары. Сөйтіп, бұл жағынан ауыл шаруашылығындағы пайда нормасы өнеркәсіптегіден жоғары бола алады, тіпті егер көрсетілген себептердің салдарынан мұнда қосымша құнның массасы өнеркәсіпте нақ сонша адамдарды жұмыс істеткендегіден біршама кем болады; осының өзінде бұл соңғы*

жағдай ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысының оның орташа деңгейінен төмендеуінен дегенмен ішінара болса да тоқтайды. Ал егер егіншілікте пайда нормасын арттыру үшін (уақытша емес, өнеркәсіппен салыстырғанда орташа артуы үшін) қайсыбір себептер нақты бар болса (жоғарыда айтылғанды біз ең жалпы белгілері жағынан белгілегенбіз), онда жер меншікшілерінің болу фактісінің өзі-ақ мынаған келіп соғар еді: бұл қосымша пайда пайданың жалпы нормасының теңелу процесіне кірудің орнына шоғырланып, жинақталар еді де, жер меншікшісіне тиер еді.

**[2) ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ  
ҚОСЫМША ҚҰН НОРМАСЫМЕН АРАҚАТЫНАСЫ.  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ШИКІЗАТЫНЫҢ ҚҰНЫ ЕГІНШІЛІКТЕГІ  
ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛДЫҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ]**

Родбертустың теориясын қарастырған кезде жауап беру керек болатын мәселе жалпы қойылысында мынаған саяды.

Авансыланған капиталдың жалпы формасы мынадай:

Тұрақты капитал  
Машиналар. Шикі материал

Өзгермелі капитал  
Жұмыс күші

Тұрақты капиталдың неғұрлым жалпы формасында алғандағы екі элементі — еңбек құралдары мен еңбек заты. Соңғысының товар, еңбек өнімі болуы міндетті емес. Демек, ол *еңбек процесінің элементі* ретінде әр кезде болса да, *капиталдың элементі* ретінде болмауы да мүмкін. Егінші үшін жер, көмір қазушы үшін көмір қабаттары, балықшы үшін су және аңшы үшін тіпті орман да еңбек заты болып табылады<sup>4</sup>. Бірақ капиталдың неғұрлым толық формасы мына жағдайда: еңбек процесінің көрсетілген үш элементінің бәрі де капиталдың үш элементі ретінде көрінгенде, яғни олардың бәрі — айыбас құны бар және өздері еңбек өнімі болып табылатын товарлар, тұтыну құндары болғанда барып болады. Бұл жағдайда бұл үш элементтің бәрі де сондай-ақ құн құрау процесіне де кіреді, дегенмен машиналар оған еңбек процесіне кіргендей мөлшерде емес, өздері еңбек процесінде тұтынылатын шамада ғана кіреді.

Сонымен, әңгіме болып отырған мәселенің мәні мынада: осы элементтердің біреуінің болмауы осы элемент болмайтын өндіріс саласында *пайда нормасын* (қосымша құн нормасын емес) арттыра ала ма? Бұл сұраққа жалпы түрде мына формуланың өзі жауап береді:

Пайда нормасы қосымша құнның авансыланған капиталдың бүкіл сомасына қатынасына тең.

Бүкіл зерттеу *қосымша құн нормасы*, яғни өнім құнының капиталист пен жалдама жұмысшы арасында бөлінуі өзгермей қалады деген ұйғарыммен жүргізіледі.

[448] Қосымша құн нормасы  $= \frac{m}{v}$ ; пайда нормасы  $= \frac{m}{c+v}$ . Сонда  $m^1$  қосымша құн нормасы берілген болғандықтан,  $v$  да берілген, ал  $\frac{m}{v}$  тұрақты шама деп ұйғарылады. Демек  $\frac{m}{c+v}$  шамасы  $c+v$  өзгерген жағдайда ғана өзгеруі мүмкін, ал  $v$  берілгендіктен  $\frac{m}{c+v}$  мына жағдайда ғана:  $c$  кеміп не артқанда ғана артуы не кемуі мүмкін. Осының өзінде  $\frac{m}{c+v}$  артып не кемігенде  $c$ -тің  $v$ -ға қатынасында емес,  $c$ -тің  $c+v$  қосындысына қатысты артып не кемиді. Егер  $c$  нольге тең болса, онда  $\frac{m}{c+v} = \frac{m}{v}$  болар еді. Басқаша айтқанда, бұл жағдайда пайда нормасы қосымша құн нормасына тең болар еді және бұл жағдайдың өзі пайда нормасының одан жоғары көтеріле алмайтын шегін білдірер еді, өйткені *есептеудің* ешқандай әдісі  $v$  және  $m$  шамаларын өзгерте алмайды. Егер  $v=100$ , ал  $m=50$  болса, онда  $\frac{m}{v} = \frac{50}{100} = \frac{1}{2} = 50$  процент. Егер бұған тағы 100 мөлшерлі тұрақты капитал қосылса, онда пайда нормасы  $\frac{50}{100+100} = \frac{50}{200} = \frac{1}{4} = 25$  процент болар еді. Пайда нормасы жартылай кемір еді. Егер 100-ге 150 қосылса, онда пайда нормасы  $\frac{50}{150+100} = \frac{50}{250} = \frac{1}{5} = 20$  процент болар еді. Бірінші жағдайда бүкіл капитал  $v$ -ға, өзгермелі капиталға тең, сондықтан пайда нормасы да қосымша құн нормасына тең. Екінші жағдайда бүкіл капитал  $2 \times v$ -ға тең, сондықтан да пайда нормасы енді қосымша құн нормасының жартысындай ғана болады. Үшінші жағдайда бүкіл капитал  $2^{1/2} \times 100 = 2 \frac{1}{2} \times v = 5^{1/2} \times v$ . Мұнда  $v$  бүкіл капиталдың  $2/5$  бөлігі ғана. Қосымша құн  $v$ -ның  $1/2$  бөлігі, 100-дің  $1/2$  бөлігі, сондықтан бүкіл капиталдың  $2/5$  бөлігінің  $1/2$  бөлігі ғана, яғни бүкіл капиталдың  $2/10$  бөлігі ғана. ( $250/10 = 25$ , ал  $250$ -дің  $2/10$ -сі  $= 50$ .) Ал  $2/10$  бөлігі 20 процент деген сөз [яғни қосымша құн нормасынан  $2^{1/2}$  есе аз пайда нормасы деген сөз].

Демек, тиянақтап белгіленген бастама пункт осындай. Егер  $v$  мен  $\frac{m}{v}$  өзгермейтін болса, онда  $c$  шамасының қандай бөліктерден тұратыны мүлдем бәрібір.  $C$ -тің шамасы анық, мәселен, 100 болғанда  $c$  50 шикі материал мен машина түріндегі 50-ге ажырай ма, немесе 10 шикі материал мен машина түріндегі 90-ға ажырай ма, не болмаса 0 шикі материал мен машиналар түріндегі 100-ге немесе бұған керісінше болып ажырай ма бұл мүлдем бәрібір,—



өйткені нақ сол  $\frac{m}{c+v}$  қатынасы пайда нормасын анықтайды; құндық бөліктер ретінде бүкіл  $c$ -ке оның өзі құралатын өндіріс элементтері қандай қатынаста болатыны бұл мүлдем бәрібір. Мәселен, көмір өндіруде шикі материалды (өз кезегінде өзі де көмекші материал болатын көмірді шығарып тастағанда)  $0$ -ге тең деп алып, бүкіл тұрақты капитал машиналардан (құрылыстарды, жұмыс аспаптарын қосқанда) тұрады деп ұйғаруға болады. Екінші жағынан, тігіншіде машиналар  $0$ -ге тең деп алуға болады (атап айтқанда, ірі тігіншілер тігін машиналарын әлі қолданбайтын жерде және екінші жағынан — қазіргі уақытта Лондонда ішінара осындай практика бар, — өз жұмысшыларын үйлерінде істеуге мәжбүр етіп, тіпті үй-жайдан да үнемдейді; мұның өзі екінші *еңбек бөлінісі* қайтадан біріншісінің *формасында* болып шығатын жаңалық<sup>5)</sup>, — сондықтан мұндай тігіншіде бүкіл тұрақты капитал шикі материалға саяды. Егер көмір өнеркәсіпшісі машинаға 1 000 және жалдама еңбекке 1 000, ал тігінші шикі материалға 1 000 және жалдама еңбекке 1 000 жұмсайтын болса, онда қосымша құн нормасы бірдей болғанда екі жағдайдың екеуінде де пайда нормасы да бірдей болады. Егер біз қосымша құн 20 процент деп ұйғарсақ, онда пайда нормасы екі жағдайда да 10 процент, атап айтқанда  $\frac{200}{2000} = \frac{2}{20} = \frac{1}{10} = 10$  процент болады. Демек, егер  $c$ -тің құрамдас бөліктері — шикі материал мен машиналар — арасындағы арақатынас пайда нормасына ықпал жасайтын болса, онда бұл екі жағдайда ғана мүмкін: 1) егер бұл арақатынастың өзгеруі нәтижесінде  $c$ -тің абсолютті шамасының түрі өзгертін болса; 2) егер  $c$ -тің құрамдас бөліктерінің осы арақатынасы арқасында  $v$  шамасының түрі өзгертін болса. Мұнда өндірістің өзінде табиғи өзгерістер болуға тиіс болар еді, егер  $c$ -тің белгілі бір бөлігі енді бүкіл жиынтықтың кем үлесі болатын болса, онда  $c$ -тің екінші бөлігі жиынтықтың артық үлесі болуға тиіс дегенде бұл арада мәселе әншейін тавтологияға сайылып тұрған жоқ.

Ағылшын фермерінің шын мәніндегі бюджетінде *жалақы* = 1 690 ф. ст., *тыңайтқыштар* = 686 ф. ст., *тұқым* = 150 ф. ст., *сиырға берілетін жемшөп* = 100 ф. ст. Сонымен «шикі материалға» 936 ф. ст. келеді; бұл жалақыға жұмсалатынның жартысынан артық. (Қараңыз: *Newman, F. W. Lectures on Political Economy. London, 1851, стр. 166.*)

«Фландрияда» (Бельгия) «тыңайтқыш пен шөп бұл жерлерге Голландиядан әкелінеді» (зығыр шаруашылығы және т. б. үшін; мұның орнына зығыр, *зығыр тұқымы* және т. б. жөнелтіледі)... «Голландия қалаларындағы қалдықтар саудаға түсетін затқа айналды, олар Бельгияға үнемі жоғары бағамен сатылып тұрады... Шельданың бойында Антверпеннен жоғары қарай жиырма мильдей жерде Голландиядан әкелінетін тыңайтқыштарға арналған резервуарларды көруге болады. Тыңайтқыш саудасын капиталистік компания Голландия кемелерімен жүргізеді» және т. б. (*Банфилд*)<sup>6)</sup>.

Сөйтіп, кәдімгі көң секілді тыңайтқыштың өзі саудаға түсетін зат болып отыр, ал сүйек ұны, гуано, сақар және т. с. жөнінде айтпаса да болады. Бұл арада біз өндіріс элементі ақшаға бағаланатын өндірістегі формальдық өзгерісті ғана көріп отырғанымыз жоқ. *Өнімді болсын* деген есеппен жерге жаңа заттар сіңіріледі де, оның ескі заттары сатылады. Мұның өзі сондай-ақ капиталистік өндіріс әдісі мен оның алдындағы өндіріс әдісі арасындағы қарапайым формальды айырмашылық қана емес. Тіпті тұқыммен сауда жасаудың өзі тұқымды ауыстырып отырудың маңызын түсіне бастауға орай ғана үлкен маңызға ие болды. Осы себепті егіншілік жөнінде асылында оған «шикі материал» кірмейді деу, шикі материал болғанда да оны егіншіліктің өзі ұдайы өндіре ме не сатып алына ма, товар ретінде сырттан алына ма бәрібір олай деу кісі күлерлік болар еді. Машина жасаушыда [449] оның өзі қолданылатын машина оның капиталына құн элементі ретінде кірмейді деген пайымдау да соншалық кісі күлерлік болар еді.

Өз өндірісінің элементтерін (тұқым, тыңайтқыш және т. б.) жыл сайын өзі өндіретін және семьясымен бірге өз астығының бір бөлігін жейтін неміс шаруасы ақшаны тек азын-аулақ ауыл шаруашылық құрал-саймандарын сатып алуға (өндірістің өзі үшін) және жалақыға ғана жұмсайды. Оның жұмсайтын барлық шығындарының құны 100-ге тең деп ұйғарайық [осының өзінде мұның 50-ін ақшалай төлейді]. Өнімнің жартысын ол *in natura* \* тұтынады ([бұған заттай формадағы] өндіріс шығындары [да кіреді]). Екінші жартысын сатып, ол, айтайық 100 мөлшерде ақша алды дейік. Мұндай жағдайда оның жалпы [ақшалай] кірісі 100-ге тең. Ал [өзінің ақшалай таза кірісін] ол 50 капиталға шағып есептесе, онда бұл 100 процент [пайда] болады. Егер өнді [пайда ретінде алынған] 50-дің үштен бірі рентаға және үштен бірі салық төлеуге кетсе (екеуін қосқанда  $33\frac{1}{3}$ ), оның өзінде  $16\frac{2}{3}$ -сі қалады, бұл 50 шаққанда  $33\frac{1}{3}$  процент. Іс жүзінде ол [жұмсаған 100-ге]  $16\frac{2}{3}$  процент қана алды. Шаруа көрер көзге есепті дұрыс жүргізбей, өзін өзі алдады да қойды. Капиталистік фермердің жүргізген есебінде мұндай қате болмайды.

Үлескерлік аренда шарты бойынша (мәселен, Берри провинциясында), — дейді *Матгё де Домбаль* мына кітапта: «*Annales agricoles*» etc., 4-ші шығ., Париж, 1828, —

«жер меншікшісі өндіріске қажетті жер, құрылыстар және әдетте толық не жарым-жартылап мал мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарын береді; арендатор өз тарапынан өз еңбегін береді, басқа ештеңе бермейді не бермейді десе де болады; ал жердің өнімі тең бөлінеді» (301-бет). «Үлескер арендаторлар, әдетте жоқшылық титықтатқан адамдар болады» (302-бет). «Егер үлескер 1 000 фр. авансылап, жалпы өнімнің 1 500 фр. артуына жетсе» (сонда 500 фр. жалпы пайда болады), «онда ол бұл жалпы өсімді жер меншікшісімен тең бөлісуге тиіс болады да, демек 750 фр. қана алады, яғни өзінің авансыланған капиталының 250 франкінен айрылады» (304-бет).

\* — заттай, заттай формада. *Ред.*

«Егіншіліктің бұрынғы жүйесі тұсында шығындар немесе өндіріс шығындары кілең дерлік заттай, өнімдердің өзінен жұмсалып, ол малға жемшопке, егінші мен оның семьясының тұтынуына кететін; ақшалай шығын жұмсалмайды деуге болатын еді. Осы жағдай ғана жер меншікшісі мен арендатордың егіннің өндіру кезінде тұтынылмаған бүкіл бөлігін өзара бөлуге мүмкіндігі бар деп ойлауға себеп бола алатын еді; алайда мұндай амал ауыл шаруашылығының осы типінде ғана, яғни *егіншіліктің жартымсыз жағдайында* ғана мүмкін; ал егіншілікке қандай да бір жақсарту енгізбек болғанда, бұған алдын ала белгілі бір шығын жұмсап қана жетуге болатынын бірден аңғарады; бұл шығындар жинақталған түрінде оларды келесі жылғы өндіруде тұтынуға мүмкіндік болу үшін жалпы өнімнен ұсталып қалуға тиіс. Сондықтан да жалпы өнімді жер меншікшісі мен арендатордың арасында бөлудің қай-қайсысы да қандай да болсын жақсарту үшін жеңіп болмас кедергі болады» (307-бет).

### (3) ЕГІНШІЛІКТЕГІ ҚҰН МЕН ОРТАША БАҒА 7 АБСОЛЮТТІК РЕНТА]

#### [а] ӨНЕРКӘСІПТЕ ПАЙДА НОРМАСЫН ТЕҢЕСТІРУ]

Родбертус мырза, тегінде, қалыпты пайданың, не орташа пайданың, немесе пайданың жалпы нормасының бәсеке арқылы болып жататын реттелуін бейне бәсеке товарларды олардың *шын мәніндегі құндарына* апарып саяды деп, яғни товарлардың бағаларының арасындағы қатынастарды реттегенде әр түрлі товарларда заттанған жұмыс уақытының салыстырмалы мөлшерлері ақшада немесе құнның басқа қайсыбір өлшемінде өз көрінісін тбатындай етіп реттейді деп ойлайтын болса керек. Мұның өзі, әрине, қайсыбір товардың бағасы қайсыбір белгілі кезеңде оның құнына теңелуі немесе теңелуге тиіс болатыны арқылы болмайды. [Родбертустың ойынша істің жайы былай болады.] Мәселен, А товардың бағасы оның құнынан жоғары көтеріледі, көтерілгенде баға біраз уақыт осы жоғары деңгейде берік орнығатындай немесе тіпті одан әрі артатындай болып көтеріледі. Мұнымен бірге А капиталистің пайдасы орташа пайдадан жоғары көтеріледі, өйткені А өзіне тиісті «ақысы төленбеген» жұмыс уақытын ғана емес, басқа капиталистердің «өндірген» ақысы төленбеген жұмыс уақытының бір бөлігін де иемденеді. Бұған — қалған товарлардың ақшалай бағасы өзгермеген жағдайда — өндірістің қайсыбір саласындағы пайданың төмендеуі сәйкес келмей қоймайды. Егер белгілі бір товар, баршаға бірдей тіршілік заты ретінде, жұмысшылардың тұтынуына енетін болса, онда бұл басқа салалардың бәрінде пайда нормасының төмендеуін туғызады; егер ол товар тұрақты капиталға құрамдас бөлік болып кірсе, онда осы арқылы бұл товар тұрақты капиталдың элементі болатын өндіріс салаларында пайда нормасы төмендейтін болады.

Ақырында, тағы бір, соңғы жағдай болуы мүмкін; онда бұл товар қайсыбір тұрақты капиталға құрамдас элемент болып кірмейді және жұмысшылар үшін *қажетті* тіршілік заты болып та-

былмайды (ойткені жұмысшы өз қалауынша сатып алуына не сатып алмауына да болатын товарларды жұмысшы ретінде емес, жалпы алғанда тұтынушы ретінде тұтынады), ол тұтыну заты, жалпы алғанда жекелей тұтынылатын зат болады. Егер бұл товар тұтынатын зат ретінде өнеркәсіп капиталистерінің өздерінің тұтынуына кіретін болса, онда оның бағасының артуының қосымша құнының жиынтығына немесе қосымша құн нормасына ешқандай қатысы болмас еді. Бірақ егер капиталист өзінің бұрынғы тұтыну деңгейін сақтағысы келсе, онда пайданың (қосымша құнның) капиталист жекелей тұтынуға жұмсайтын бөлігі оның өнеркәсіптік ұдайы өндіруге жұмсайтын бөлігіне қатысты артар еді. Олай болса, соңғысы кемір еді. Демек, *A*-да бағаның артуы, немесе *A*-да пайданың оның орташа нормасынан көтерілуі нәтижесінде белгілі бір уақыт аралығынан кейін (бұл да ұдайы өндіріспен анықталады) *B*-де, *C*-те және т. б. пайда массасы кемір еді. Егер *A* заты кілең өнеркәсіптік емес капиталистердің тұтынуына кіретін болса, онда бұрынғымен салыстырғанда олар енді *B*, *C* және т. б. товарларынан гөрі *A* товарында көбірек тұтынатын болар еді. *B*, *C* және т. б. товарларына сұраным кемір еді; олардың бағасы құлдырар еді де, бұл жағдайда *A*-дағы бағаның артуы немесе *A*-ның пайдасының пайданың орташа нормасынан артуы *B*-де, *C*-те және т. б. пайданың оның орташа нормасынан төмендеуіне себепкер болар еді (*B*-дегі, *C*-тегі және т. б. ақшалай бағалар [450] өзгермеген мұның алдындағы жағдайлардан басқаша), *A*-дағы бағаның артуы *B*, *C* және басқаларындағы ақшалай бағаларды төмендетуіне себепкер болар еді. Пайда нормасы әдеттегі деңгейден құлдыраған *B*, *C* және басқа салалардағы капиталдар өз өндіріс саласынан кетіп, өндірістің *A* саласына ауыса бастар еді; бұл әсіресе рынокта үнемі жаңадан пайда болып отыратын капиталдың бөлігіне қатысты: әлбетте, бұл капитал неғұрлым пайдалы *A* саласына ерекше күшпен ұмтылар еді. Осының салдарынан *A* затының бағасы біраз уақыт өткеннен кейін оның құнынан төмендеп кетер еді де, қарама-қарсы қозғалыс өз күшіне қайта кіргенге дейін азды-көпті уақыт аралығы бойында одан әрі төмендей берер еді. *B*, *C* және басқа салаларда бұған керісінше құбылыс болар еді — мұның өзі ішінара *B*, *C* және басқаларының товарларының ұсынылымы капиталдың кетуі себепті азайғандықтан, яғни ішінара осы салалардың өздерінде болып жатқан табиғи өзгерістердің салдарынан, ал ішінара *A*-да болған және енді *B*, *C* және басқаларына қарама-қарсы бағытта әсер ететін өзгерістердің салдарынан болар еді.

Жол-жөнекей ескерте кетейік: әлгінде сипатталған қозғалыста *B*, *C* және басқалардың товарларының ақшалай бағалары (бұл орайда ақшаның құны тұрақты деп ұйғарылады) өздерінің бұрынғы деңгейіне енді ешқашан жетпеуі мүмкін; дегенмен, олар *B*, *C* және басқалардың товарларының құнынан жоғары көтеріле-

ді, демек *B, C* және басқаларындағы пайда нормасы да пайданың жалпы нормасынан жоғары көтеріледі. Жақсартулар, өнертабыстар, өндіріс құрал-жабдықтарын көбірек үнемдеу және т. с. бағалар өзінің орташа деңгейінен жоғары көтерілген уақытта емес, бағалар осы деңгейден төмендеген кезде, олай болса пайда да өзінің әдеттегі нормасынан төмендеген уақытта, нақ сондай уақытта қолданылады. Сөйтіп *B, C* және басқалары товарларының бағасы төмендейтін кезеңнің бойында олардың *шын мәніндегі құны* төмендеуі мүмкін, басқаша айтқанда, бұл товарларды өндіру үшін қажет болатын жұмыс уақытының минимумы кемуі мүмкін. Бұл жағдайда товар өзінің бұрынғы ақшалай бағасына мынадай уақытта ғана: товар бағасының оның құнынан артуы оның бұрынғы, неғұрлым жоғары құнын білдірген баға мен оның жаңа құнын білдіретін бағаның арасындағы айырмаға тең болған уақытта ғана орала алады. Бұл жағдайда товардың *бағасы* ұсынымға, өндіріс шығындарына ықпал жасау арқылы оның құнын өзгертер еді.

Ал жоғарыда сипатталған қозғалыстың нәтижесі мынадай: товарлардың бағасының олардың құнына қатысты артулары мен кемулерінің орта шамасын алсақ, немесе, басқаша айтқанда, артулар мен кемулер солардың бойында теңесетін кезеңдерді, — үнемі қайталанатын осы кезеңдерді — алсақ, онда *орташа баға құны*ға тең, демек, өндірістің белгілі бір саласының орташа пайдасы да пайданың жалпы нормасына тең; өйткені, бұл салада бағаның көтерілуімен не төмендеуімен бірге — немесе баға өзгермеген жағдайда өндіріс шығындарының артып не кемуімен бірге — пайда өзінің бұрынғы нормасына қатысты артып не кемігенімен, дегенмен, товар сол кезең үшін орта есеппен өз *құны* бойынша сатылды; *демек*, алынған пайда пайданың жалпы нормасына тең. А. Смиттің, ал одан да гөрі *Рикардоның* түсінігі осындай, өйткені Рикардо құнның шын мәніндегі ұғымын неғұрлым анық ұстанады. Олардан бұл түсінікті Родбертус мырза да қабылдап алған. Бірақ осыған қарамастан бұл — дұрыс емес түсінік.

Капиталдардың бәсекесі нәтижесінде не болып шығады? Төңірік кезеңдерінің қайсыбіреуінің бойында товарлардың *орташа бағасы* мынадай: бұл бағалар әрбір салада товар өндірушілерге бірдей пайда нормасын, мәселен, 10 процент пайда береді. Бұдан әрі, мұның мәні не? Бұл әрбір товардың бағасы оның капиталиске түскен, капиталист осы товарды өндіру үшін жұмсайтын өндіріс шығындарының оннан біріне асып түседі деген сөз. Егер мұны жалпы формада білдірсек, мұның мәнісі мынау ғана: бірдей шамадағы капиталдар бірдей пайда келтіреді, әрбір товардың бағасы оған авансыланған, тұтынылған немесе бейнеленген капиталдың бағасынан оннан бір есе асып түседі. Бірақ капиталдар әр түрлі салаларда өздерінің мөлшеріне сәйкес бейне бір бірдей қосымша құн өндіреді деп пайымдау мүлдем қате { бұл арада біз бір капи-

талист екіншісінен гөрі ұзағырақ жұмыс істеуге мәжбүр ете ме деген жағдайды мүлдем елемей отырмыз; бұл арада біз барлық салалар үшін бірдей абсолютті жұмыс күні бар деп ұйғарамыз; абсолютті жұмыс күндерінің айырмашылығы ішінара еңбектің интенсивтілігі арқылы ұзақтығы әр түрлі жұмыс күндерінде және т. б. теңестірілген, ішінара бұл айырмашылықтар еркін алынған артық пайдада, ілуде бір болатын жағдайларда және т. б. ғана көрінеді}. Тіпті егер абсолютті жұмыс күні барлық салаларда бірдей деген ұйғарымды негізге алсақ та, яғни тіпті егер қосымша құн нормасы белгілі деп ұйғарылғанның өзінде бұл — қате пайымдау.

Капиталдардың мөлшері *бірдей* болғанда — және жаңа ғана көрсетілген ұйғарым жағдайында — бұл капиталдар өндіретін қосымша құн массасы әр түрлі; мұның өзі, *біріншіден*, олардың табиғи құрамдас бөліктерінің, яғни өзгермелі және тұрақты капиталдың арақатынасына байланысты; *екіншіден*, олардың айналыс уақытына байланысты, өйткені бұл уақыт негізгі және айналым капиталы арасындағы арақатынаспен және негізгі капиталдың әр қилы түрлерінің ұдайы өндірілуінің әр түрлі кезеңдерімен анықталады; *үшіншіден*, жұмыс уақытының өзінің ұзақтығынан өзгеше, сөздің өз мағынасындағы өндіріс кезеңінің ұзақтығына байланысты<sup>8</sup>, мұның өзі тағы да сол өндіріс пен айналыс кезеңдерінің арақатынасындағы елеулі айырмашылықтың болуына байланысты. (Көрсетілген арақатынастардың біріншісі, атап айтқанда тұрақты және өзгермелі капиталдың арасындағы арақатынастың өзі барынша әр қилы себептерден туындауы мүмкін. Мәселен, ол өндірістің бір саласында өңделетін шикі материал өндірістің басқа бір саласында өңделетін материалдан гөрі неғұрлым қымбат болған жағдайда тек формальды ғана болуы мүмкін, не болмаса бұл арақатынас еңбек өнімділігінің әр қилы болуынан және т. б. туындауы мүмкін.)

Сонымен, егер товарлар өз құнына сатылса немесе товарлардың *орташа бағалары* олардың құндарына тең болса, онда пайда нормасы өндірістің әр түрлі салаларында мүлдем әр қилы болуға тиіс болар еді; бір жағдайда ол 50 процент, басқасында — 40, 30, 20, 10 процент және т. б. болар еді. Егер, мәселен, А саласы товарларының бір жыл ішіндегі жиынтық массасын алсақ, онда оның құны мұнда авансыланған капитал мен өзіндегі ақысы төленбеген еңбектің қосындысына тең болар еді. В және С салаларында да осылай. Бірақ А, В, С салаларындағы ақысы төленбеген еңбек массасы әр түрлі, — мәселен А-да В-дегіден көп, ал В-де С-тен көп, — болғандықтан, А-ның товарлары өздерін өндірушілерге, айтайық,  $3M$  ( $M$  — бұл қосымша құн), В товарлары —  $2M$ , С товарлары —  $M$  берер еді. Ал пайда нормасы қосымша құнның авансыланған капиталға қатынасымен анықталатындықтан және бұл капитал, ұйғарымға сәйкес, А, В, С және т. б. салаларда бір-

дей болғандықтан, онда [451] — егер авансыланған капиталды  $K$  арқылы белгілесек — бұл салалардағы пайданың нормалары  $\frac{3M}{K}$ ,  $\frac{2M}{K}$ ,  $\frac{M}{K}$  әр түрлі болады. Демек, капиталдардың бәсекесі пайда нормаларын теңестіргенде тек мынадай амалмен, мәселен, келтірілген жағдайда  $A$ ,  $B$ ,  $C$  салалары үшін  $\frac{2M}{K}$ ,  $\frac{2M}{K}$ ,  $\frac{2M}{K}$  -ге тең пайда нормаларын белгілеу арқылы ғана теңестіре алады. Онда  $A$  өз товарын оның құнынан  $1 M$  арзан, ал  $C$   $1 M$  қымбат сатар еді. Орташа баға  $A$  саласында  $A$ ,  $C$  товарларының құнынан төмен, ал  $C$  саласында жоғары болар еді.

$B$  жағдайы көрсеткендей, әлбетте, товардың орташа бағасы мен құны сәйкес келуі де мүмкін. Мұның өзі  $B$  саласының өзінде өндірілген қосымша құн орташа пайдаға тең болған кезде, демек, бұл салада капиталдың әр түрлі бөліктері бір-біріне өздері болып отырған қатынаста тұрған кезде, капиталдардың жиынтық сома-сы, капиталистер табының бүкіл капиталы біртұтас *шама* ретінде алынып, жиынтық қосымша құн өзінің жиынтық капиталдың қандай саласында өндірілгеніне қарамастан жоғарыдағы шамаға шағылып есептелген кезде солай болады. Бұл жиынтық капиталда айналым кезеңдері теңеледі және т. б.; бүкіл осы капитал, мәселен, бір жылдың ішінде айналыс жасайды деп есептеледі және т. б. Сонда бұл *жиынтық капиталдың* кез келген үлесі өзінің мөлшеріне пропорциялы түрде жиынтық қосымша құнға қатысқан, қосымша құнның тиісті бөлігін алған болып шығар еді. Сондықтан әрбір жеке капиталды осы жиынтық капиталға пайшы деп қарауға тура келетіндіктен, бұдан мынадай қорытынды шығар еді: *біріншіден*, бұл жеке капиталдағы *пайда нормасы* басқа көз келген капиталдағы сияқты; мөлшері бірдей капиталдар бірдей пайда келтіреді және *екіншіден*, пайданың массасы — бұдан өз-өзінен келіп шығатындай, капиталдың мөлшеріне, осы жиынтық капиталдағы капиталистің иемденетін пайдаларының санына тәуелді. Капиталдардың бәсекесі әрбір капиталды жиынтық капиталдың бір бөлігі деп қарауға және осыған сәйкес оның қосымша құнға қатысуын реттеуге, демек пайданы да реттеуге тырысады. Мұны бәсеке азды-копті дәрежеде өзі жүргізетін теңестірулер арқылы жүргізе алады. (Жекелеген салаларда бәсекенің ерекше кедергілерге ұшырау себептері бұл арада зерттеуге жатпайды). Мұның мәнісі, қарапайым сөзбен айтқанда, тек мынада ғана: капиталистер жұмысшы табынан өздерінің сығып алатын ақысы төленбеген бүкіл еңбек мөлшерін — немесе еңбектің осы мөлшерінің өнімдерін өзара бөлісуге тырысқанда (ал бәсекенің өзі нақ осы тырысу) әрбір *ерекше* капиталдың тікелей қанша қосымша еңбек өндіретініне сәйкес емес, *біріншіден*, бұл ерекше капитал жиынтық капиталдың қандай бөлігі болатынына және *екіншіден*

тұтас алғанда бүкіл капитал өндіретін қосымша еңбектің жалпы мөлшеріне сәйкес бөлісуге тырысады. Капиталистер — ұялас қасқырлар сияқты олжаны — өздері иемденген бөтеннің еңбегін — өзара бөліскенде орта есеппен олардың әрқайсысы өзіне ақысы төленбеген еңбектің басқа кез келген капиталист иемденетін үлесіндей иемденеді<sup>9</sup>.

Бәсеке бұл теңестіруді орташа бағаларды реттеу арқылы жүзеге асырады. Бірақ бұл орташа бағалардың өздері товардың құнынан жоғары не төмен болғанда, осы товар басқа кез келген товардың келтіретінінен артық емес пайда нормасын келтіретіндей, нақ соншалық жоғары не төмен болады. Демек, капиталдардың бәсекесі пайданың жалпы нормасын белгілегенде товарлардың бағасын олардың құндарына саю арқылы белгілейді деп пайымдау қате. Керісінше, бәсеке жалпы пайда нормасын белгілегенде нақ мынадай жолмен белгілейді: *товарлардың құндарын бір товардың қосымша құнының бір бөлігі басқа товарға ауыстырылған орташа бағаларға айналдырады және т. б.* Товардың құны оған *сіңірілген* ақысы төленген және төленбеген еңбектің мөлшеріне тең. Товардың *орташа бағасы* оған *сіңірілген* ақысы төленген еңбекке (заттап алса немесе нақты) ақысы төленбеген еңбектің орташа бір үлесін қосқанға тең, бұл орташа үлес оның осы товардың өзінде нақ сондай мөлшерде болған-болмағанына немесе, басқаша айтқанда, осы товардың құнында ақысы төленбеген еңбектің көп не аз болғанына байланысты емес.

#### [6] ЖЕР РЕНТАСЫ ПРОБЛЕМАСЫН ТҰЖЫРЫМДАУ

Өндірістің белгілі бір салаларының мынадай жағдайларда: олардың құндарының *жоғарыда көрсетілген* мағынада орташа бағаларға айналуына осы жағдайлар мүмкіндік бермейтіндей жағдайда, яғни бәсекенің өлгіндей жеңуіне мүмкіндік бермейтін жағдайда жұмыс істеуі мүмкін — мен бұл кітаптың зерттеуіне қатысты емес бұл жайды одан әрі зерттеуге қалдырамын<sup>10</sup>. Егер, мәселен, өгіншілік рентасы немесе рудниктердің рентасы жөнінде істің жайы солай болатын болса (тек қапа монополия арқылы түсіндіру керек болатын ренталар бар, мәселен, Ломбардияда, Азияның кейбір бөліктерінде суды пайдаланғаны үшін рента; сондай-ақ ол жер меншігі рентасы болған шамада үйлерден алынатын рента), онда мұның нәтижесінде былай болып шығар еді: барлық өнеркәсіп капиталдары өнімінің бағасы орташа бағаның деңгейіне дейін артып не кеміп жатқан уақытта өгіншілік өнімінің бағасы оның орташа бағадан асып түсетін құнына тең болып қала берер еді. Бұл арада өндірістің осы саласында *өндірілген қосымша құннан* осы саланың өзінің меншігі ретінде бәсеке заңдары бойынша солай болуға тиіс шамадан артық иемденуге, өндірістің осы саласына жұмсалған капиталдың үлесіне келуге тиіс



болатын шамадан артық иемденуге болатындай кедергілер бар ма?

Уақытша емес, өз өндіріс саласының табиғаты бойынша қосымша құнды өндірістің басқа салаларындағы осындай мөлшердегі өнеркәсіп капиталдарынан 10 не 20 немесе 30 процент артық өндіретін [452] өнеркәсіп капиталдарын көзге елестетіп көрейік. Егер мұндай капиталдар, деймін мен, бәсекеге қарама-қарсы өздерінде осы басы артық қосымша құнды ұстап, оның пайданың жалпы нормасын белгілейтін ортақ есептеуге (бөліске) түсуіне мүмкіндік бермей қоя алатындай болса, онда мұндай жағдайда бұл капиталдар әрекет ететін өндіріс салаларында кіріс алушылардың екі түрін көрер едік: оның біреуі пайданың жалпы нормасын алар еді де, екіншісі тек осы салаға ғана тән артық пайданы алар еді. Бұл артықшылық жағдайдағы кіріс алушыға әрбір капиталист — өз капиталын осы салаға жұмсайтын мүмкіндігі болу үшін — осы басы артық пайданы төлеп, беріп отыруға тиіс болар еді, ал өзі үшін ол өзімен мүмкіндіктері әбден бірдей басқа кез келген капиталист сияқты пайданың жалпы нормасын алып отырар еді. Егер егіншіліктегі істің жайы осындай болса, онда *қосымша құнның мұнда пайда мен рентаға ажырауы мұндағы еңбектің (қосымша құн өндіру мағынасында) өңдеуші өнеркәсіптен гөрі өздігінен алғанда «өнімдірек» болатындығына әсте де дәлел бола алмас еді; демек, жерде қайсыбір керемет күш бар деп санаудың ешқандай негізі болмас еді, әйтсе де бұлай деудің өзі-ақ кісі күлерлік, өйткені құн еңбекке тең, ал қосымша құн, демек, ешқашан да жерге тең бола алмайды.* (Рас, относительді қосымша құн жердің табиғи құнарлылығына тәуелді болуы мүмкін, алайда жер өнімдерінің бағасы неғұрлым жоғары болуы әсте де оның салдары бола алмас еді. Одан да гөрі керісінше.) Рикардоның теориясына жүгірудің де қажеті болмас еді: бұл теория өздігінен алғанда мальтустық қоқыспен жағымсыз байланыста болғандықтан, пасық қорытындыларға бастап келеді және, атап айтқанда, менің относительді қосымша құн жөніндегі іліміме теориялық тұрғыдан қарама-қарсы келмеген күннің өзінде, практикалық жағынан оның маңызының бірталай үлесін қалай да алып кетеді.

Рикардода мәселенің бүкіл түйіні мынада:

Жер рентасы (мәселен, егіншілікте) — Рикардоның солай деп ойлайтынындай — жерді күтіп-баптау капиталистік тұрғыдан жүргізілетін жерде, *арендатор* нақты бар жерде жалпы пайдадан артық мөлшерден басқа ештеңе де бола алмайды. Жер меншікшісінің алатыны буржуазиялық-экономикалық мағынадағы шын мәніндегі осы рента болып табылатын-табылмайтыны мүлдем бәрібір. Бұл жалақыдан әншейін ұстап қалу да болуы мүмкін (Ирландияны салыстыр), не болмаса бұл ішінара арендатордың пайдасынан ұстап қалу болып табылады, бұл жағдайда оның пайдасы пайданың орташа деңгейінен төмендеп кетеді. Мүмкін

болатын осы жағдайлардың бәрі мұнда мүлдем бәрібір. Буржуазиялық системада *рента* қосымша құнның өзіне тән сипаты бар ерекше формасын құрағанда оның өзі пайдадан (жалпы пайдадан) артық шама болғандықтан ғана құрайды.

Бірақ бұл қалайша мүмкін болады? Басқа товарлардың бәрі сияқты бидай товар ретінде өз құнына сатылады, яғни бұл товар басқа товарларға өзіне сіңірілген жұмыс уақытына сәйкес айырбасталады. {Бұл — проблеманың қиыншылығын қолдан асқындыра түсетін бірінші қате алғы шарт. Товарлар тек ілуде бір ғана өз құндары бойынша айырбасталады. Олардың *орғаша бағалары* басқаша анықталады. *Vide supra* \*} Бидайды күтіп өсіретін арендатор басқа капиталистердің бәрінің алғанындай пайда алады. Мұның өзі оның басқалардың бәрі секілді өз жұмысшыларының ақысы төленбеген жұмыс уақытын иемденетінін дәлелдейді. Мұндай жағдайда мұның үстіне тағы рента қайдан келіп шығады? Ол жұмыс уақытынан басқа ештеңені де білдірмейді. Қосымша еңбек өнеркәсіпте пайдаға ғана тең болғанда, оның егіншілікте пайда мен рентаға бөлінуге тиіс болатыны неліктен? Және егер егіншіліктегі пайда өндірістің басқа кез келген саласындағы пайдаға тең болса, мұның өзі жалпы алғанда қалайша мүмкін болады? {Рикардоның пайда туралы қате түсінігі және оны қосымша құнмен тікелей шатастыруы бұл арада да зиянды болып шығады. Мұның өзі оның мәселені қарастыруын қиындатады.}

Рикардо бұл қиыншылықты оны *принципінде* жоқ деп ұйғарумен шешеді. {Және мұның өзі қиыншылықты принципті тұрғыдан шешудің шын мәніндегі *бірден-бір әдісі*. Бірақ мұны екі түрлі амалмен шешуге болады. Не бұл принципке қайшы келетін құбылыстар бар болғаны солай *болып көрінетін* бірдеңе, заттың өзінің дамуынан туындайтын көрініс қана деп дәлелдейді. Не болмаса, Рикардоның әрекеті сияқты, қиыншылық *бір пунктте алынып тасталады*, одан кейін бұл пункт басқа бір пункттегі қиыншылық туғызатын құбылыстан болуын сол арқылы түсіндіруге болатын бастама пункт деп қабылданады.}

Рикардо арендатордың капиталы басқа кез келген капиталистің капиталы сияқты тек пайда ғана келтіретін жағдайды айтады {әңгіме жеке бір ферма капиталының рента төлемейтін үлесі туралы немесе фермер жерінің рента төлемейтін бөлігі туралы болып отыр ма, бәрібір; демек, бұл арада әңгіме егіншілікке жұмсалған, рента төлемейтін капитал туралы болып отыр}. Бұл ұйғарым Рикардо үшін тіпті бастама пункт болып табылады және оны мынадай түрде де білдіруге болады:

Әуел баста арендатордың капиталы тек пайда ғана келтіреді {алайда бұл *жалған тарихи* форма бұл арада мәнсіз бірдеңе болып табылады, сондықтан да ол нақ осындай басқа да «заңдар-

\* — Жоғарыдағыдан қараңыз. *Ред.*

ды» құрастырған кезде буржуазиялық экономистердің барлығы үшін ортақ бірдеңе}, ал жер рентасын бұл капитал төлемейді. Арендатордың капиталының өндіріске жұмсалған басқа кез келген капиталдан өзгешелігі жоқ. Рента астыққа деген сұраным артқандықтан ғана келіп шығады, мұның нәтижесінде өндірістің басқа салаларынан айрықша құнарлылығы «кем» жерді өңдеуге тура келеді. Тіршілік заттарының қымбаттауынан арендатор да (бастапқы ұйғарылған арендатор) басқа кез келген капиталистік кәсіпкер секілді зардап шегеді, өйткені арендатор да өз жұмысшыларына көбірек төлеуге мәжбүр болады. Бірақ ол оның тоvaryның бағасы осы соңғының құнынан жоғары көтерілуі арқасында ұтады. Ол бұдан ұтқанда, біріншіден, арендатордың тұрақты капиталына кіретін басқа товарлар оның тоvaryмен салыстырғанда относителді құны төмендегендіктен, демек, оларды неғұрлым арзан бағаға сатып алатындықтан ұтады; екіншіден, өзінің неғұрлым қымбат товарда қосымша құны бар болғандықтан ұтады. Сөйтіп, бұл арендатордың пайдасы алайда мұның өзі де төмендеп кеткен пайданың орташа нормасынан жоғары көтеріледі. Сонда басқа капиталист нашар II учаскеге көшеді, бұл учаске пайданың осы кем нормасы тұсында өнімді I учаске өнімінің бағасымен немесе тіпті одан, бәлкім, біраз арзан бағамен жеткізуі мүмкін. Қалай болғанда да енді бізде II учаскеде қайтадан қалыпты қатынас [453] орнады; бұл қатынас тұсында қосымша құн тек пайдаға ғана сайылады, бірақ мұның есесіне біз I учаске үшін рентаны, атап айтқанда өндірістің екі түрлі бағасы болатынымен түсіндірдік [Produktionspreis], соның өзінде II үшін өндіріс бағасы сонымен бірге I үшін рыноктық баға болып табылады. Істің жайы неғұрлым қолайлы жағдайда өндіріліп, уақытша артық пайда беретін фабрикалық товар жөніндегі жағдайға әбден ұқсас. Пайдамен қоса тағы рента да болатын бидайдың бағасы да тек заттанған еңбектен ғана тұратын болса да, ол осы бидайдың құнына тең болса да, бірақ ол оның өзіндегі болатын құнға тең емес, II учаскеде өсірілген бидайдың құнына тең. Өйткені екі түрлі рыноктық бағаның болуы мүмкін емес. {Рикардо II арендаторды пайда нормасының төмендеуімен байланысты енгізетін болса, Стирлинг астықтың бағасына байланысты жалақы артпай, төмендегендіктен келіп оны сахнаға шығуға мәжбүр етеді. Бұл төмендеген жалақы II арендаторға бұл жер неғұрлым құнарсыз болса да, № 2 жерді бұрынғы пайда нормасымен өңдеуге мүмкіндік береді<sup>11</sup>}. Жер рентасының болуы осындай жолмен дәлелденген екен, қалғаны енді қиналмай-ақ шығарылады. Құнарлылығына және т. б. айырмашылықтарға сәйкес келетін жер ренталарындағы айырмашылық, әлбетте, күшінде қалады. Бірақ құнарлылықтағы айырмашылық өздігінен алғанда бірден-бірге нашар жерге көшу қажеттігіне дәлел бола алмайды.

Демек, Рикардоның теориясы осындай. I арендаторға қосым-

ша пайда беретін бидайдың көтеріңкі бағасы II арендаторға тіпті бұрынғы емес, төменірек пайда нормасын беретін болғандықтан, № II өнімде құнның № I өнімдегіден көп болатыны, немесе оның көбірек жұмыс уақытының өнімі екендігі, онда еңбектің көбірек мөлшері бар екендігі айқын; демек, сол бір өнімді, мәселен, бір квартал бидайды өндіру үшін жұмыс уақытын көбірек жұмсау талап етіледі. Рентаның артуы жердің құнарсыздығының осы артуына немесе, мәселен, бір квартал бидайды өндіру үшін жұмсау қажет болатын еңбек мөлшерінің артуына сәйкес болады. Әлбетте, егер рента төленетін кварталердің саны ғана артса, Рикардо рентаның «артуы» туралы айтпас еді, — Рикардо үшін рента тек мынадай жағдайда: нақ сол бір кварталдің бағасы, мәселен, 30 шиллингтен 60 шиллингке дейін көтеріліп артқанда ғана өседі. Рас, Рикардо *пайданың абсолютті массасының пайда нормасы төмендегенде арта алатыны сияқты рента нормасы кемігенде рентаның абсолютті шамасының артатынын* кейде ұмытып кетеді.

Басқалары (мысалы, *Кэри*) қиындықтан айналып өтуге тырысқанда сол қиындықтың бар екендігін тура қарама-қарсы түрде бекерге шығармақ болады. Жер рентасы — бұл жерге бұрын жұмсалған капиталға келетін процент қана-мыс<sup>12</sup>. Демек, жер рентасы да пайданың бір формасы ғана-мыс. Бұл арада, демек, *жер рентасының бар екендігі* теріске шығарылады, ал осы арқылы оны бұлай түсіндірудің *нәтижесінде одан шын мәнінде ештеңе қалмайды*.

Басқалар, мәселен, *Бьюкенен*, рентаны әншейін монополияның салдары деп қарайды. Сондай-ақ *Гопкинсті* қараңыз<sup>13</sup>. Мұнда рента түгелдей құнға қосылатын үстемеге сайылады.

*Ондайк* мырзада жер меншігі, немесе жер рентасы «*капиталдың құнының жария бейнеленуіне*»<sup>14</sup> айналады. Бұл янкилерге тән\*.

Рикардода мәселенің зерттелуін екі қате ұйғарым қиындатады. {Рас, Рикардо рента теориясын ашқан адам емес. Уэст пен Мальтус өздерінің рента теориясы жөніндегі еңбектерін оған дейін жариялады. Бірақ бастапқы негіз — бұл *Андерсон*. Алайда Рикардоның ерекшелігі (Уэстте де шын мәніндегі байланысты түсінушілік жоқ деуге келмесе де) оның жер рентасы теориясы мен құн теориясының арасындағы өзара байланыс. Мальтустың жер рентасы туралы мәселе жөнінде Рикардомен ең соңғы айтысы оның тіпті *Андерсоннан* өзі көшіріп алған теорияны да түсінбегенін көрсетеді.} Егер товарлардың құны оларды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытымен анықталады (және құн деген жалпы алғанда затқа айналған қоғамдық жұмыс уақытынап басқа еш-

\* [486] {Ондайктың жер меншігін (*капиталдың құнының жария бейнеленуі*) деп атайтыны сияқты, капитал «*басқаның еңбегінің жария бейнеленуі*» болып табылады.} [486].

тең емес) деген дұрыс принципке негізделетін болсақ, онда товарлардың орташа бағасы оларды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытымен анықталады деген қорытынды өз-өзінен келіп шығады. Егер орташа баға құнға тең деп дәлелденген болса, бұл қорытынды дұрыс болар еді. Бірақ менің дәлелдейтінім нақ керісінше: нақ сол товарлардың құны жұмыс уақытымен анықталатыны себепті товарлардың орташа бағасы (өндірістің қайсыбір жеке саласындағы, былайша айтқанда, жекелей пайда нормасы, яғни өндірістің осы саласының өзінде өндірілген қосымша құнмен анықталатын пайда жиынтық капиталдың орташа пайда нормасына тең болатын бірден-бір жағдайды қоспағанда) олардың құнына ешқашан тең бола алмайды, дегенмен, орташа бағаның бұл анықтамасы жұмыс уақытымен анықталатын құннан шығатын туынды ғана болып табылады.

Бұдан ең алдымен шығатын қорытынды мынадай: орташа бағалары (егер тұрақты капиталдың құнын елемейтін болсақ) жалақы мен пайдаға ғана бөлінетін, осының өзінде жалақы да, пайда да өзінің қалыпты деңгейінде тұрып, орташа жалақы және орташа пайда болып табылатын сол жалақы мен пайдаға ғана бөлінетін товарлар да өз құнынан жоғары не төмен сатылуы мүмкін. Демек, қайсыбір товардың қосымша құнының қалыпты пайда рубрикасында ғана білдірілетін жағдайы бұл товардың өз құнына сатылғанын әсте де дәлелдемейтіні сияқты, — осы секілді товардың пайдаға қоса тағы [454] жер рентасын беретіні бұл товар өзінің имманентті құнынан жоғары сатылды дегенді әсте де дәлелдемейді. Капиталға осы товар арқылы жүзеге асырылып келетін орташа пайда нормасы немесе пайданың жалпы нормасы оның осы товарда шын мәнінде бар қосымша құнмен анықталатын өз пайда нормасынан төмен болу мүмкіндігі анықталған екен, онда бұдан келіп шығатыны мынадай: егер өндірістің қайсыбір ерекше саласының товарлары осы орташа пайда нормасына қосымша мөлшерде, айтайық, жер рентасы деген ерекше атауы бар қосымша құн беретін болса, онда мұның өзі пайда мен жер рентасының қосындысының, пайда мен жер рентасын қосқандағы шаманың осы товардың өзінде бар қосымша құннан артық болуын қажет етпейді. [Капиталистке түсетін] пайда осы товарға имманентті қосымша құннан кем бола алатындықтан, яғни осы товардағы бар ақысы төленбеген еңбектің мөлшерінен кем бола алатындықтан, онда пайда мен жер рентасы қосындысының товардың имманентті қосымша құнынан артық болуы әсте де міндетті емес.

Рас, бұған қоса өндірістің басқа салаларынан өзгеше қайсыбір айрықша өндіріс саласында бұл тәрізді құбылыстың неліктен болатынын түсіндіру қалар еді. Бірақ проблеманың шешілуі әжептеуір жеңілдер еді. Рента келтіретін товар осы арқылы өзге товарлардың бәрінен ерекшеленер еді. Бұл басқа товарлардың

бір бөлігінде олардың орташа бағасы имманенттік құнынан жоғары, бірақ жоғары болғанда олардың пайда нормасының жалпы пайда нормасына дейін көтерілуі үшін қанша қажет болса, сонша ғана жоғары тұрады; басқа товарлардың енді бір бөлігінде олардың орташа бағасы өздерінің имманенттік бағасынан төмен, бірақ төмен болғанда олардың пайда нормасын жалпы пайда нормасына дейін төмендегуі үшін қанша қажет болса, соншалық қана төмен тұрар еді; ақырында бұл басқа товарлардың үшінші бөлігінде олардың орташа бағасы өздерінің имманенттік құнына тең, бірақ тең болғанда, бұл товарлар өздерінің имманенттік құнымен сатылғанда жалпы пайда нормасын беретіндігі себепті ғана тең. Жер рентасын келтіретін товар бұл үш жағдайдың үшеуінен де өзгеше. Барлық жағдайда да ол сатылатын баға мынадай: ол капиталға келетін жалпы пайда нормасымен анықталатын орташа пайдадан артық пайда келтіреді.

Енді келіп мынадай мәселе шығады: бұл арада осы үш жағдайдың қайсысы — немесе олардың нешеуі болуы мүмкін? Товардағы бар бүкіл қосымша құн оның рента келтіретін бағасында жүзеге аса ма? Істің жайы осылай болады екен, онда осы арқылы 3-жағдай шығып қалады, мұнда бүкіл қосымша құны өздерінің орташа бағасында өткізілгенде ғана әдеттегі пайданы беретін болғандықтан барып өткізілетін товарлар туралы әңгіме болады. Демек, бұл жағдай бұған жатпайды. Бұл ұйғарымда бұған 1-жағдай да жатпайды, мұнда товардың бағасында жүзеге асырылған қосымша құн оның имманенттік қосымша құнынан жоғары. Өйткені, бізде товардың рента келтіретін бағасында «ондағы бар қосымша құн өткізіледі» деп, нақ осылай ұйғарылған. Сөйтіп, бұл жағдай имманенттік қосымша құны олардың орташа бағасында өткізілетін қосымша құннан асып түсетін товарлар айтылатын 2-жағдайға ұқсас. Осы соңғы товарлардағы сияқты өндірістің ерекше саласының товарларында пайда формасында көрініп, жалпы пайда нормасының деңгейіне дейін төмендейтін имманентті қосымша құн мұнда жұмсалған капиталға келетін пайданы құрайды. Алайда № 2 товардан өзгеше біз қарастырып отырған ерекше товарлардың бағасында оларға имманентті қосымша құнның осы пайдадан артық мөлшері де өткізілген, бірақ бұл артық мөлшер капиталдың иесіне емес, басқа бір меншікшіге, атап айтқанда, жердің, табиғи фактордың, рудниктің және т. б. меншікшісіне тиеді.

Не болмаса, бұл товарлардың бағасы орташа пайда нормасынан көп пайда беретіндей болып аса қымбаттап кететін болар? Бұл мәселе, монополиялық (сөздің өз мағынасында) бағалар тұсында болады. Бұлай деп ойлау — капитал мен еңбек еркін қолданыла алатын, ал өндіріс, мәселе қолданылатын капиталдың массасына қатысты болғандықтан, жалпы заңдарға бағынатын кез келген өндіріс саласы жөнінде бұлай деп ойлау — *petitio prin-*

сіріі \* болып қана қоймай, ғылымның және теориялық көрінісінің өзі осы ғылым болып табылатын капиталистік өндірістің негіздеріне *тікелей қарама-қарсы* келген болар еді. Өйткені, бұлай деп ойлау нақ түсіндіру керек болып отырған нәрсенің өзін, атап айтқанда өндірістің қайсыбір ерекше саласында товардың бағасы *қалайда* жалпы пайда нормасынан артық, орташа пайдадан артық беруге *тиіс* және бұл үшін товар *қалайда оның* құнынан жоғары сағылуға *тиіс* болуын көздер еді. Демек, екіншілік өнімдері товар құнының және капиталистік өндірістің жалпы заңдарының әрекетіне *бағынбайды* деп ұйғарылар еді. Және де мұның бәрі рентаның пайдамен қатар ерекше тұрғыда болуы *prima facie* \*\* осындай көрініс беретіндіктен ұйғарылған болар еді. Олай болса, көрсетілген тұрғыдағы пікір қисынсыз.

Сондықтан да өндірістің бұл ерекше саласында ерекше жағдайлар, мынадай бір ықпалдар болады деп ұйғарудан басқа ештеңе қалмайды: бұлардың әрекеті арқылы товарлардың бағасы — 2-ші жағдайдағы көрсетілген товарлардан басқа товарлардың бағасы өздеріне имманентті [бүкіл] қосымша құнды жүзеге асырады, ал екінші жағдайдағы товарлар өздерінің бағасында олардағы бар қосымша құннан өздеріне жалпы пайда нормасы қалдыратын мөлшерді ғана жүзеге асырады. Ал қарастырылып отырған өндірістің ерекше саласында товарлардың орташа бағалары олардың қосымша құнынан төмен құлдырамайды — атап айтқанда, олар тек жалпы пайда нормасын беретіндей ғана болып немесе олардың орташа пайдасы капитал қолданылатын басқа салалардың бәріндегіден артық болмайтындай болып, нақ соншалық төмен құлдырамайды.

Осы арқылы проблема енді әжептеуір оңайлады. Ендігі жерде мәселе белгілі бір товардың бағасы пайдаға қоса тағы рента да беретіні,— олай болса құнның жалпы заңын бұзатын *тәрізді болып*, осы товардың бағасын оның *имманенттік қосымша құнынан* жоғары көтеру арқылы осы мөлшердегі капиталға *жалпы пайда нормасына сәйкес келетіннен артық пайда* келтіретіні қалай болатынын түсіндіруде емес. Керісінше, мәселе мына бір жағдайды: товарлар бағаларын теңестіру және оларды орташа бағаға келтіру процесінде бұл товар басқа товарларға өзінің *имманенттік қосымша құнынан* оның өзінде тек *орташа пайда* ғана қалатындай мөлшерді бермеуге *тиіс* екендігі қалайша болатынын түсіндіруде; бұл товар оған қоса өзінің меншікті қосымша құнының орташа пайдадан артық мөлшер құрайтын бөлігін де қалай жүзеге асырады. Демек, әңгіме өндірістің осы саласына капитал жұмсайтын арендатордың өз товарын сатқанда бұл товар оған әдеттегі пайда келтіретін және мұнымен бірге оның үшінші адам-

\* — логикалық қате, мұнда қайсыбір тезис дәлелденгенде, дәлелденіп отырған тезис ақиқат деп алғанда ғана күші болатын аргументтің көмегімен дәлелденеді. *Ред.*

\*\* — тосыннан қарағанда. *Ред.*

ға, жер меншікшісіне товарлардың қосымша құнының осы пайдадан *артық* өткізілген мөлшерін төлеуіне мүмкіндік беретін баға бойынша сатуы қалайша мүмкін болатыны туралы болып отыр.

[455] Осылайша тұжырымдалған проблема өзінің меншікті шешіміне өз-өзінен жеткізеді.

(в) ЖЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІК АБСОЛЮТТИ РЕНТАНЫҢ  
БОЛУЫНЫҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТЫ РЕТİNДЕ.  
ЕГІНШІЛІКТЕ ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ПАЙДА  
МЕН РЕНТАҒА БӨЛІНУІ]

Істің жайы мүлдем қарапайым: белгілі бір адамдардың жерді, рудниктерді, суды және т. б. *жеке меншіктенуі* бұл адамдарға өндірістің осы ерекше саласының, капиталды жұмсаудың осы ерекше саласының товарларында болатын *қосымша құнның пайдадан* (орташа пайдадан, жалпы пайда нормасымен анықталатын пайдадан) *артық мөлшерін* алып алуға, басып алуға, қағып әкелуге, сөйтіп, осы басы артық мөлшердің бұл процесс арқылы жалпы пайда нормасы құралатын жалпы процеске кіруіне кедергі жасауға мүмкіндік береді. Осы қосымша құнның бір бөлігі тіпті өнеркәсіп кәсіпорнының қайсысында болсын басып алынады, өйткені пайдаланылатын жер учаскесі үшін (фабрика үйін және т. б., жұмыс үйін және т. б. салуға бөлінген учаске) барлық жерде рента төленеді, — өйткені жерді әбден еркін пайдалануға болатын жерлердің өзінде фабрикалар халық азды-көпті жиі қоныстанған және қатынас жолдары мол жерлерде ғана салынады.

Егер ең нашар жерден алынатын товарлар орташа бағасы өздерінің құнына тең болатын 3-ші категорияның товарларына жатса, яғни өздерінің бағасында өздерінің бүкіл имманенттік қосымша құнын жүзеге асыратын товарлар категориясына жататын болса, өйткені олар осы жағдайда ғана әдеттегідей пайда келтіре алады, — онда бұл жер рента төлемес еді де, мұнда жерді меншіктенудің меншіктену деген аты ғана болар еді. Егер мұнда *аренда* төленетін болса, онда мұның өзі ұсақ капиталистердің, бұл ішінара Англияда болып отырғаны сияқты (*Ньюменді қараңыз*)<sup>15</sup>, орташадан *төмен* пайданы қанағат ететінін ғана дәлелдер еді. Рента нормасы товардың *имманентті* қосымша құны мен *орташа пайданың* арасындағы айырмадан артық болған жағдайдың бәрінде нақ осылай болады. Тіпті күтіп-баптауы ең көп дегенде жалақының есесін қайтаратын жерлер де бар, өйткені қызметкер мұнда өзінің бүкіл жұмыс күші бойы өзі үшін жұмыс істейтін болса да, оның жұмыс уақыты қоғамдық *қажетті* жұмыс уақытынан асып түседі. Оның еңбек өнімділігінің аздығы соншалық — еңбектің *осы* саласындағы үстем өнімділікке қатысы жөнінен — адам өзі үшін он екі сағат жұмыс істесе де, ол неғұрлым



қолайлы өндіріс жағдайында жұмысшының сегіз сағат ішінде өндіретін өнім мөлшерін зорға өндіреді. Мұның өзі механикалық тоқыма станогымен бәсекелескен қол тоқымашыда болатын қатынастың нақ өзі. Бұл қол тоқымашының өнімінде, әрине, он екі жұмыс сағаты болды, бірақ ол тек сегіз — не одан да аз — қоғамдық қажетті жұмыс сағатына тең болды да, осы себепті оның не бары сегіз қажетті жұмыс сағатының құнындай құны болды. Егер осындай жағдайда кедей арендатор аренда төлесе, онда ол әншейін оның қажетті жалақысынан алу ғана болады да, ешқандай қосымша құн, ал онан да бетер орташа пайдадан ешқандай артық мөлшер болып табылмайды.

Қайсыбір елде, мәселен, Құрама Штаттарда бәсекелесуші фермерлер саны әлі болмашы және жерді меншіктеніп иелену әлі формальды сипатта екендігі соншалық, әркім-ақ жерді өзінен бұрын өндеген меншікшілер не арендаторлар тарапынан рұқсат алмай-ақ өз капиталын жер өңдеуге жұмсайтындай бос учаске таба алады деп ұйғарайық. Мұндай жағдайда азды-көпті ұзақ уақыт бойында былай болуы мүмкін, — халық жиі қоныстанған өңірлердегі монополиялық жағдайда болатын жерлер бұған қосылмайды, — арендатордың орташа пайдадан артық өндіретін қосымша құны оның өнімінің бағасында жүзеге аспайды, арендатор өзі алған қосымша құнын капиталист ағайындарымен бөлісуге мәжбүр болып шығады, мұның өзі үстеме пайда беретін, яғни өздерінің бағаларында олардағы бар бүкіл қосымша құн жүзеге асқан жағдайдағы жалпы пайда нормасынан асып түсетін пайда беретін барлық товарлардың қосымша құнындағы сияқты болады. Мұндай жағдайда жалпы пайда нормасы артар еді, өйткені бидай және т. б. басқа өнеркәсіп товарлары сияқты өз құнынан төмен сатылар еді. Мұндай өз құнынан төмен сату ерекшелік болмас еді, қайта бидайдың сол категориядағы басқа товарлардан ерекше орын алуын болғызбас еді.

Екіншіден, қайсыбір елде бүкіл жердің сапасы бірдей, айталық, товардағы бар бүкіл қосымша құн оның бағасында жүзеге асса, товар капиталға әдеттегі пайда келтіретіндей, нақ сондай сапада екен деп ұйғарайық. Бұл жағдайда ешқандай жер рентасы толенбес еді. Осылайша жер рентасының болмауы жалпы пайда нормасына сәл де болсын ықпал жасамас еді, нақ сол категорияға басқа ауыл шаруашылығы өнімдері емес өнімдер де кіретін жағдайдың пайда нормасына ықпал жасамайтыны сияқты жалпы пайда нормасын арттырмас та, төмендетпес те еді. Бұл товарлардың осы категорияға жататын себебінің өзі де олардың имманенттік қосымша құнының орташа пайдаға тең болатынынан ғой; демек, олар пайданың осы деңгейін өзгерте алмайды, қайта керісінше оған сәйкес келеді де пайда оларға ықпал жасағанымен, бұлар оған мүлдем ықпал жасамайды.

Үшіншіден, бүкіл елде жер бір ғана тектес, мұның үстіне оның

құнарсыздығы сондай және оған жұмсалған капиталдың өнімділігінің аздығы сондай, оның өнімі қосымша құны орташа пайдадан төмен товарлардың категориясына жатады деп ұйғарайық. Қосымша құн (өйткені егіншілік өнімділігінің аз болуы себепті жалақы барлық жерде артар еді) бұл жағдайда, әлбетте, абсолютті жұмыс уақытын ұзарту мүмкін болған жерде ғана; одан әрі шикі материал, мәселен, темір және т. б. егіншілік өнімі болмаған немесе, мәселен, мақта, жібек және т. б. сияқты импорт заты және негұрлым құнарлы жердің өнімі болып табылатын жерде ғана негұрлым жоғары деңгейде тұра алар еді. Бұл жағдайда [егіншілік] товаршың бағасы әдеттегі пайда келтіру үшін товарға имманонттіден гөрі негұрлым жоғары қосымша құнды қамтуға тиіс болар еді. Мұның нәтижесінде рента болмағанымен де, жалпы пайда нормасы құлдырар еді.

Не болмаса *2-жағдайда* жер өте өнімсіз деп ұйғарайық. Онда бұл егіншілік өнімінің қосымша құнының орташа пайдаға тең болатын жағдайы орташа пайданың мұнда жалпы алғанда төмен екендігін көрсетер еді, өйткені егіншілікте он екі жұмыс сағатының, бәлкім, он бір сағаты тек жалақыны өндіру үшін ғана қажет болуы мүмкін, ал қосымша құн бар болғаны бір сағат не одан да аз болады.

[456] Бұл әр түрлі жағдайлар мынапы көрсетеді:

Бірінші жағдайда *жер рентасының жойылуы немесе болмауы* жер рентасы ендігі дамыған басқа елдермен салыстырғанда *пайданың көтеріңкі нормасымен* байланысты және онымен қатар жүреді.

Екінші жағдайда жер рентасының жойылуы не болмауы пайда нормасына мүлдем ықпал жасамайды.

Үшінші жағдайда ол — жер рентасы бар басқа елдермен салыстырғанда — *төмен, относителді негұрлым төмен* жалпы пайда нормасымен байланысты және оның осы төмен деңгейінің көрсеткіші болып қызмет етеді.

Сөйтіп, бұдан келіп шығатыны мынадай: ерекше жер рентасы дамуының өздігінен алғанда *егіншілік еңбегінің өнімділігіне* ешқандай қатысы жоқ, өйткені рентаның болмауы не жойылуы арта беретін де, өзгермей қалатын да, төмендейтін де пайда нормасымен байланысты болуы мүмкін.

Мұндағы мәселе егіншілікте және т. б. *қосымша құнның орташа пайдадан артығы* неліктен басып алынады дегенге емес; керісінше, одан гөрі мынадай сұрау қойған жөн: мұнда қарамақарсы құбылыс қандай себептердің күшінен болуға тиіс болар еді?

Қосымша құн ақысы төленбеген еңбектен басқа ештеңе де емес; орташа пайда немесе қалыпты пайда деген, ұйғарымға сәйкес, белгілі бір мөлшердегі әрбір капитал өткізетін ақысы төленбеген еңбектің мөлшерінен басқа ештеңе де емес. Орташа

пайда 10 процент болды дегенде, бұл 100 өлшем капиталға ақысы төленбеген 10 өлшем еңбек келді дегенді ғана, немесе 100-ге тең заттанған еңбек өз мөлшерінің  $\frac{1}{10}$  бөлігіндей ақысы төленбеген еңбекті қамтиды дегенді ғана білдіреді. Қосымша құнның орташа пайдадан артығы дегеннің мәнісі, демек, товардағы (оның бағасындағы немесе оның бағасының қосымша құннан тұратын бөлігіндегі) ақысы төленбеген еңбектің мөлшері орташа пайданы құрайтын мөлшерден артық болады және олай болса товарлардың орташа бағасында *товар бағасының оны өндіру шығындарынан артығы бар* деген сөз. Өндіріс шығындары әрбір жеке товарда авансыланған капиталды, ал осы өндіріс шығындарынан артық мөлшері авансыланған капитал иемденетін *ақысы төленбеген еңбекті* білдіреді; олай болса бағаның осы артық бөлігінің өндіріс шығындарына қатынасы мынадай *норманы*: товарлар өндіру процесінде қолданылатын белгілі бір мөлшердегі капитал өндірістің белгілі бір *ерекше* саласының товарындағы бар, ақысы төленбеген еңбектің осы *нормаға* тең не оған тең болмауына қарамастан өзіне сәйкес ақысы төленбеген еңбекті иемденетін норманы білдіреді.

Жеке бір капиталисті, мәселен, өз товарын орташа бағамен сатуға мәжбүр ететін не? (Бұл орташа баға капиталиске қалыптасқан бірдеңе ретінде *таңылады*, бұл әсте де оның ерікті әрекеті емес: капиталист өз товарын оның құнынан *жоғары* сатқанды артық көрер еді). Сонымен, капиталисті оған тек орташа пайда беретін және мұның тұсында ол өз товарында іс жүзінде бардан гөрі азырақ ақысы төленбеген еңбекті білдіретін бағамен сатуға мәжбүр ететін не?— Бұған оны басқа капиталдардың бәсеке арқылы жүзеге асырылатын қысымы мәжбүр етеді. Өйткені ақысы төленбеген еңбектің авансыланған капиталға, мәселен 100 ф. стерлингке қатынасы *B, C* және т. б. өндіріс салаларындағыдан, өнімдері өздерінің тұтыну құнымен қайсыбір қоғамдық қажетсіз нуді нақ *A* өндіріс саласының товары сияқты қанағаттандыра алатын осы *B, C* және т. б. өндіріс салаларындағыдан артық болатын *A* өндіріс саласына осы шамадағы кез келген капитал ұмтыла алады.

Олай болса өндірістің, мәселен егістік жер, көмір қабаттары, темір рудниктері, су құламасы және т. б. секілді белгілі бір табиғи шарттары — бұларсыз өндіріс процесі жүзеге асырыла алмайтын, бұларсыз осы саланың товары өндіріле алмайтын — шарттары заттанған еңбектің меншікшілерінің немесе иеленушілерінің, капиталистердің қолында болмай, басқалардың қолында болатын өндіріс салалары болады екен, онда осы *өндіріс шарттарын меншіктенушілердің* осы екінші тобы капиталиске былай деп мәлімдейді:

Егер мен саған осы өндіріс шарттарын пайдалануға берсем, онда сен өзіңнің орташа пайданды алып, ақысы төленбеген ең-

бектің қалыпты мөлшерін өзіңе иемденетін боласың. Бірақ сенің өндірісің пайда нормасынан артық қосымша құн, ақысы төленбеген еңбек береді. Бұл артық мөлшерді сен әдетте өздерін, капиталистер, осылай істейтіндей, ортақ кассаға тастамауға тиіссің. Бұл артық мөлшерді мен өзім иемденемін, ол маған тиесілі. Мұндай келісім саған әбден қолайлы, өйткені бұл өндіріс саласында сенің капиталың саған басқа кез келген салада қанша болса, сонша пайда көлтіреді, оның үстіне бұл өте сүбелі өндіріс саласы. Орташа пайданы құрайтын, ақысы төленбеген 10 проценттің үстіне сенің капиталың мұнда саған тағы 20 процент ақысы төленбеген *басы артық* еңбек береді. Оны сен маған төлейсің, ал сенің мұны істей алуың үшін, сен товардың бағасына осы 20 процент ақысы төленбеген еңбекті қосасың, бірақ оны басқа капиталистермен ортақ есепке енгізбейсің. Еңбек шарттарының біріне — капиталға, заттанған еңбекке деген саған тиесілі меншік саған жұмысшылардың ақысы төленбеген еңбегінің белгілі бір мөлшерін иеленуіңе мүмкіндік жасайтыны сияқты, өндірістің басқа бір шартына — жерге және т. б. деген маған тиесілі меншік маған сенен және бүкіл капиталистер табынан ақысы төленбеген еңбектің сенің орташа пайдадан артығы болып табылатын бөлігін жырып алуға мүмкіндік береді. Сендердің заңдарың қалыпты жағдайда тең капиталдың ақысы төленбеген еңбектің бірдей мөлшерін иемденуін талап етеді және сендер, капиталистер, бір-біріңді бұған бәсеке арқылы [457] мәжбүр ете аласыңдар. Тамаша! Нақ осы заңды мен саған қолданып та отырмын. Өз жұмысшыларыңның ақысы төленбеген еңбегінен нақ сол капиталды қолданып басқа кез келген өндіріс саласында иемдене алатыныңнан асырмай иемден. Бірақ бұл заңның ақысы төленбеген еңбектің қалыпты мөлшерінен үстеме, сенің «өндірген» ақысы төленбеген еңбектің басы артық мөлшеріне сәл де болсын қатысы жоқ. Менің бұл «басы артықты» иемденуіме кім кедергі жасай алады? Сендерде солай қабылданғанындай, капиталистер табының арасында олардың әрқайсысы осы басы артық мөлшерден жиыштық капиталдағы өзінің пайына өлшемдес белгілі бір үлес алуы үшін капиталдың ортақ қазанына тастауға тиіс болуының жөні қайсы? Мен капиталист емеспін. Саған менің пайдалануға беріп отырған өндіріс шарты заттанған еңбек емес, табиғаттың сыйы. Сендер жерді, не суды, не рудниктерді немесе көмір кендерін жасап шығара аласыңдар ма? Жоқ, өйте алмайсыңдар. Демек, сенің өзіңнің қолыңа түсіріп алған қосымша еңбектің бір бөлігін қайтып беруге мәжбүр ету үшін сен жөнінде қолдануға болатын күштеу құралы мен жөнінде жоқ. Ал осы себепті әлгі бір бөлікті бері әкел! Сенің капиталист ағайындарыңның қолынан келетін жалғыз амалы — менімен емес, сенімен бәсекеге түсу. Егер сен маған үстеме пайданы өзің иемденген *қосымша жұмыс уақыты* мен қосымша еңбектің саған капиталдың заңына сәйкес тиетін үлесінің арасындағы айырмадан кем

мөлшерде төлейтін болсаң — онда сахнаға сенің капиталист ағайындарың келіп шығады да, өздерінің бәсекесімен сені маған менің сенен сығып ала алатынымның *толық сомасын* адалынан төлеп отыруға мәжбүр етеді.

Енді мыналарды зерттеу керек болар еді: 1) жерге феодалдық меншіктеп басқа, капиталистік өндіріс реттеп отыратын коммерциялық жер рентасына көшу; немесе, екінші жағынан, осы феодалдық жер меншігінің еркін шаруалар жер меншігіне көшуі; 2) жер әуел баста жеке меншік болмаған және ең болмағанда формальды түрде әуел бастан буржуазиялық өндіріс әдісі үстем болған Құрама Штаттар секілді елдерде жер рентасы қалай келіп шығады; 3) жер меншігінің әлі де бар болып отырған азиялық формалары. Мұның бәрі бұған қатысты емес.

Сонымен, біз дамытып отырған теорияға сәйкес жер, су, рудниктер және т. т. секілді табиғат объектілерін жеке меншіктену, өндірістің осы шарттарын, өндірістің табиғат берген белгілі бір шартын меншіктену — осыдан келіп құн шығатын көз болып табылмайды, өйткені құн заттанған жұмыс уақытына ғана тең; бұл меншік осыдан келіп басы артық қосымша құн шығатын, яғни ақысы төленбеген еңбектің пайдадағы бар ақысы төленбеген еңбектен артығы келіп шығатын кез де болып табылмайды. Бірақ бұл меншік — кірістің көзі. Ол осы өндіріс шартын меншіктенушіге оның меншігіндегі нәрсе өндіріс шарты болып кіретін өндіріс саласында капиталист сығып алған ақысы төленбеген еңбектің бір бөлегін, бұған қарама-қарсы жағдайда әдеттегі пайдадан артығы ретінде капиталдың ортақ кассасына тасталуға тиіс болатын бөлегін иемденуге мүмкіндік беретін титул, құрал. Бұл меншіктің өзі капиталистік өндірістің қалған салаларында болып жатқан жоғарыда көрсетілген процеске бөгет қоюдың, сөйтіп өндірістің осы ерекше саласында өндірілген қосымша құнды нақ осы саланың шеңберінде ұстаудың, қосымша құнды енді капиталист пен жер меншікшісі бөлісетіндей етіп ұстаудың құралы болып қызмет етеді. Осы жолмен жер меншігі ақысы төленбеген еңбекке, тегін еңбекке қаржы, капиталдың өзі секілді, нақ сондай қаржы болады. Сондықтан, капиталда жұмысшының заттанған еңбегі жұмысшыға үстемдік ететін күш болып көрінетіні сияқты, нақ сол секілді жер меншігінде де мынадай жағдай: жер меншігінің өзін меншіктенушіге капиталистен ақысы төленбеген еңбектің бір бөлігін тартып алуға мүмкіндік беретін жағдай бейне жер меншігі құнның қайнар көзі болатындай түрге ие болады.

Осының өзі қазіргі жер рентасын, оның болуын түсіндіріп береді. *Капитал бірдей жұмсалған кездегі* жер рентасы мөлшерінің әр қилы болуын жер учаскелері құнарлылығының бірдей болмауынан деп қана түсіндіруге болады. *Құнарлылығы бірдей болғанда* рента мөлшерінің әр түрлі болуын *жұмсалған капиталдардың әр келкі шамада болуынан деп* түсіндіруге болады. Бірінші

жағдайда жер рентасының артатын себебі жұмсалған капиталға қатысты (сондай-ақ жердің аумағына да қатысты) оның нормасы артады. Екінші жағдайда оның артатын себебі норма бірдей болғанда — немесе тіпті өзінде айырмашылығы бар норма тұсында да (егер жерге жұмсалатын капиталдың екінші үлесінің өндірімділігі кемірек болса) — рентаның массасы артады.

Осы теорияға сәйкес ең нашар жердің жер рентасын мүлдем бермеуінің де, оның рента беруінің де қажеті жоқ. Бұдан әрі егіншіліктің өнімділігінің кемуі әсте де қажет емес; дегенмен өнімділіктегі айырмашылық, егер ол жасанды түрде жойылмаса (мұның өзі мүмкін), өнеркәсіп өндірісінің сол бір саласының шеңберіндегіден гөрі егіншілікте анағұрлым көп. Біз артық не кем өнімділік туралы айтқанда әңгіме *сол бір текті* өнім туралы болады. Әр түрлі өнімдердің бір-біріне қандай қатынаста болатыны — бұл басқа мәселе.

Жердің өзіне шағып есептелетін жер рентасы дегеніміз рентаның жалпы сомасы, оның массасы. Ол рента нормасы өспейінше де артуы мүмкін. Ақшаның құны өзгермеген жағдайда егіншілік өнімдерінің относительді құны артқанда егіншіліктің өнімділігі кемігендіктен барып артпайды, өнімдірек бола түскенімен, өнеркәсіп секілді шамада өнімді болмайтындықтан барып артады. Керісінше, егіншілік өнімдерінің ақшалай бағаларының артуы ақшаның құны өзгермеген тұста тек мынадай жағдайда ғана мүмкін: олардың құнының өзі артқанда, яғни егіншіліктің өнімділігі кеміген жағдайда ғана мүмкін (бұл арада біз басқа товарлар жөнінде де осылай болатын сияқты сұрашымның ұсынымға уақытша қысым жасауы туралы айтып отырғанымыз жоқ).

Мақта-мата өнеркәсібінде өнеркәсіптің өзі дами түскен сайын шикі материалдың бағасы барлық уақытта құлдырай берді; темір жасайтын өнеркәсіпте және т. б. көмір шығаратын өнеркәсіпте және т. б. нақ осылай болды. Рентаның артуы мұнда оның нормасы артқандықтан барып емес, бар болғаны көбірек капитал жұмсалғандықтан мүмкін болды.

Рикардо табиғаттың ауа, жарық, электр, бу, су секілді күштері тегін, ал жер — ол шектеулі болғандықтан — тегін емес деп пайымдайды. Демек, Рикардоның пікірінше, егіншіліктің өнімділігі осының өзі арқылы-ақ өндірістің басқа салаларынан кем түседі. Егер жер меншікке айналдырылмаған, әлгіндей ортақ игілік болса, егер табиғаттың басқа да күштері мен элементтері сияқты оны да кез келген шамада алуға болатын болса, онда, Рикардоның пікірінше, өндіріс анағұрлым өнімдірек болар еді.

[458] Ең алдымен атап айту қажет болатыны: егер жер табиғаттың элементі сияқты баршаның қолында еркін болса, онда *капиталдың құралуы үшін* ең басты элементтердің бірі болмай шығар еді. Өндірістің ең мәнді шарттарының бірі және — егер адамның өзі мен оның еңбегін есептемесек — өндірістің бірден-бір

бастапқы шарты тартып алу мен иемденуге келмейтін болар еді, демек жұмысшыға бөтеннің меншігі ретінде қарсы тұра алмас еді және осының нәтижесінде опы жалдама жұмысшыға айналдыра алмас еді. Рикардо айтатын мағынада, яғни капиталистік мағынада еңбек өнімділігі, ақысы төленбеген басқаның еңбегінің «өндірісі», демек, мүмкін болмас еді. Осылайша жалпы алғанда капиталистік өндірістің құритын кезі келер еді.

Рикардо меңзеп отырған табиғат күштеріне келсек, онда оларды, әрине, ішінара тегін алуға болады және капиталистің оған ештеңесі шықпайды. Ол көмірге төлегенімен, егер су тегін келетін болса, бұға ештеңесі шықпайды. Алайда, мәселен, буды алайық. Будың қасиеттері әрқашан болған. Бірақ буды өндірістік тұрғыдан пайдалану ғылымының ашқан жаңалығы, мұны капиталист өзіне иемденіп алды. Бұл жаңалықтың нәтижесінде еңбек өнімділігі, ал осы арқылы относителді қосымша құн да артты. Мұның мәнісі: капиталистің бір жұмыс күні ішінде иемденген ақысы төленбеген еңбектің мөлшері будың арқасында артты деген сөз. Сонымен будың өндіргіш күші мен жердің өндіргіш күшінің арасындағы айырмашылық мынада ғана: біріншісі капиталистке ақысы төленбеген еңбек келтіреді, ал екіншісі жұмысшының ақы төленбеген еңбегін [тікелей] өзінен емес, капиталистен тартып ала отырып, жер меншіктенушіге әпереді. Капиталистің табиғаттың осы элементін «меншіктену жойылса» деп армандайтыны осыдан.

Мәселеге Рикардоның тұрғысынан қарауда мынау ғана дұрыс:

Капиталистік өндіріс әдісі тұсында капиталист өндірістің қажетті ғана емес, сонымен бірге үстемдік жүргізетін агенті де. Керісінше, бұл өндіріс әдісі тұсында жер меншікшісі мүлдем артық. Капиталистік өндіріс әдісіне бар керегі жердің қоғамдық меншік болмауы, жердің жұмысшы табына оған тиесілі емес өндіріс шарты ретінде қарсы тұрғаны; ал бұл мақсатқа жер мемлекет меншігіне айналғанда, олай болса жер рентасын мемлекет алатын болғанда толық қол жетеді. Ежелгі және орта ғасырлық дүниеде өндірісте соншалық мәнді функциялар атқарып келген жер меншікшісі өнеркәсіп дүниесінде түкке пайдасы жоқ артық бұтақ болып шығады. Сондықтан радикал буржуа (бұған қоса, басқа салықтардың бәрін жоюды көздей отырып) теориялық тұрғыдан жерді жеке меншіктенуді теріске шығаруға келіп тіреледі, мұны ол мемлекеттік меншік формасында буржуазия табының, капиталдың ортақ меншігіне айналдырғысы келер еді. Алайда іс жүзінде оның батылдығы жетпейді, өйткені меншік формасының біреуіне, еңбек шарттарына жеке меншіктің бір формасына — шабуыл жасау — басқа формасы үшін де өте қауіпті болар еді. Бұған қоса буржуа өзін өзі территорияландырды\*.

\* — жер алып алды. Ред.

#### (4) РОДБЕРТУСТЫҢ ЕГІНШІЛІКТЕ ШИКИ МАТЕРИАЛДЫҢ ҚҰНЫНЫҢ БОЛМАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАСЫНЫҢ ҚИСЫНСЫЗДЫҒЫ]

Енді Родбертус мырзаға ден қоялық.

Родбертустың пікірінше, егіншілікте шикі материал есепке мүлдем кірмейді, өйткені Родбертустың сендіруінше, неміс шаруасы тұқымды, жемшопті және т. б. өзі үшін шығын деп есептейді, ондірістің бұл шығындарын есепке алмайды, яғни қате есептейді. Олай болса, фермер міне 150 жылдан артық уақыттан бері есепті дұрыс жүргізіп келе жатқан Англияда *ешқандай* жер рентасы *болмауға* тиіс болар еді. Демек, бұдан Родбертус арендатордың рента төлейтін себебі оның пайда нормасы оперкәсіптегіден жоғары болғандықтан деген қорытынды шығармауы керек болар еді, қайта мүлдем басқаша: арендатордың рента төлейтін себебі қате есептеудің нәтижесінде, ол *неғұрлым томен* пайда нормасын қанағат тұтатындықтан деген қорытынды шығаруы керек болар еді. Өзі арендатордың баласы болған және француз арендалық қатынастарын жақсы білетін доктор Кенэге Родбертус ұнамаған болар еді. Өйткені Кенэ «аванстар» деген рубрикада, «жылма-жылғы аванстардың» арасында арендатор *in natura* ұдайы өндіргенімен, өз шаруашылығында қолданатын «шикі материалдың» бір миллиард құнып анықтайды ғой.

Егер өнеркәсіптің бір бөлігінде негізгі капитал немесе машина жабдығы мүлдем дерлік жоқ болса, онда басқа бір бөлігінде, бүкіл транспорт өнеркәсібінде — (көлік арбаның, темір жолдардың, кемелердің және т. б. көмегімен) тасымалмен шұғылданатын өнеркәсіпте — шикі материал мүлдем қолданылмайды, тек өндіріс құралдары ғана қолданылады. Өнеркәсіптің бұл салалары пайдаға қоса тағы да жер рентасын бере ме? Өнеркәсіптің бұл саласының, айтайық, кеп өнеркәсібінен айырмасы неде? Екі жағдайда да машина жабдығы мен, мәселен, пароходтар мен локомотивтерге, сондай-ақ рудниктерге керекті көмір, атқа беретін жемшөп және т. с. сияқты көмекші материалдар ғана болады. Өндірістің бір саласы үшін пайда нормасының екінші бір саладағыдан өзгеше есептелуге тиіс болатыны пеліктен? Айталық, шаруаның өз өндірісіне *in natura* жұмсайтын шығындары оның авансылаған капиталының  $\frac{1}{5}$ -і болды дейік; бұған оның сатып алатын машиналары мен жалақыға кететін шығындарын құрайтын  $\frac{4}{5}$ -ті қосу керек; осы шығынның бәрі [құны бойынша] 150 кварталерге тең болсын. Егер бұдан әрі шаруа 10 процент пайда алса, онда бұл 15 кварталер болады. Демек, жалпы өнім 165 кварталерге тең болар еді. Егер шаруа өзі жұмсаған капиталдан  $\frac{1}{5}$  бөлігін, яғни 30 кварталерді шегеріп, 15 кварталерді 120 кварталерге ғана шақса, онда оның пайдасы  $12\frac{1}{2}$  процент болар еді.

Біз бұған қоса мұны былай да білдіре алар едік. Шаруаның өнімінің құны немесе оның өнімі 165 кварталерге (330 ф. ст.) тең.



Шаруа өз шығындарын 120 кварталер (240 ф. ст.) деп бағалайды. Оның 10 проценті 12 кварталер (24 ф. ст.) Бірақ оның жалпы өнімі 165 кварталерге тең, сөйтіп бұған [ақшалай шығындардың есесін толтыруға және одан түсетін 10 процент пайдаға] барлығы 132 кварталер кетеді; қалатыны 33 кварталер. Бірақ бұл 33 кварталердің 30 кварталері *in natura* жұмсалады. Демек, үстеме пайда түрінде 3 кварталер (=6 ф. ст.) қалады. Бұл шаруаның жиынтық пайдасы 12 кварталердің (24 ф. ст.) орнына 15 кварталерге (30 ф. ст.) тең. Демек, ол 3 кварталер немесе 6 ф. ст. рента төлеп, бұл орайда басқа кез келген капиталист сияқты 10 процент пайда алдым деп *ойлай* алады. Бірақ бұл 10 процент тек ойда ғана бар болады. Шын мәнінде ол 120 емес, 150 кварталер жұмсады, ал мұның 10 проценті 15 кварталер немесе 30 ф. ст. болады. Шын мәнінде ол 3 кварталерді, яғни өзі алған 12 кварталердің  $\frac{1}{4}$ -ін кем алды, [459] басқаша айтқанда, ол өзі алуға тиісті бүкіл пайдасының  $\frac{1}{5}$ -ін кем алды — мұның себебі ол өз шығындарының  $\frac{1}{5}$ -ін шығын ретінде есепке алған жоқ. Сонда шаруа капиталистше есеп жүргізуді үйренсе болғаны, ол бірден-ақ жер рентасын төлеуді қоятындай, бұл рента *оның* пайда нормасы мен оның әдеттегі нормасы арасындағы айырмаға тең болатындай болып шығады.

Басқаша айтқанда, 165 кварталердегі ақысы төленбеген еңбектің өнімі 15 кварталерге немесе 30 ф. стерлингке, не 30 жұмыс аптасына тең. Егер осы 30 жұмыс аптасын, немесе 15 кварталерді, не 30 ф. стерлингті 150 кварталерге тең жиынтық шығынға шақсақ, онда олар 10 процент қана болар еді; егер бұларды 120 кварталерге ғана шақса, онда олар неғұрлым жоғары пайда нормасы болады. Өйткені 120 кварталерге шаққанда 12 кварталер 10 процент береді, 15 кварталер 120 кварталерге шаққанда 10 процент емес,  $12\frac{1}{2}$  процент болады. Мұның мәнісі былай болар еді: шаруа көрсетілген заттай шығындар жұмсағанымен де, оларды капиталистік тұрғыда есепке алмағандықтан, өзі үнемдеген қосымша еңбекті ол өз шығындарының бүкіл сомасына шаққан жоқ; мұндай жағдайда бұл қосымша еңбек өндірістің басқа салаларымен салыстырғанда неғұрлым жоғары пайда нормасы болар еді де, рента келтіре алар еді, ал оның өзі, демек, есептеудегі қатеге ғана негізделер еді. Егер шаруа өзінің жұмсаған шығындарын ақшаға шағып бағалау үшін, сондықтан оларды товар деп қарау үшін, оның бұларды алдын ала *шын мәніндегі ақшаға* айналдыруы, яғни *сауы* мүлдем қажетсіз екенін білсе, онда бүкіл осы жай түгел ғайып болар еді.

*Есептеудегі осы қате болмаса* (неміс шаруаларының көбі осылай істеуі мүмкін, бірақ бірде-бір капиталистік арендатор бұлай істемейді), родбертустық рента мүмкін болмас еді. Ол шикі материал өндіріс шығындарына кіретін *жерде* ғана мүмкін, бірақ ол осы шығындарға *кірмейтін* жерде мүмкін емес. Ол шикі материал өндіріске кіретін, әйтсе де өндіруші есепке *алмайтын* жерде ғана мүмкін. Бірақ шикі материал өндіріске *кірмейтін жерде*

оның болуы мүмкін емес — Родбертус мырза рентаны *есептеудегі қатеден емес*, авансыланған шығындардағы шын мәніндегі бір статьяның *болмауынан* шығарғысы келгенімен де мүмкін емес.

Кен өнеркәсібін немесе балық аулауды алайық. Мұнда шикі материал өндіріске тек көмекші материал ретінде ғана енеді, ал мұны біз жайына қалдыра аламыз, өйткені машиналардың қолданылуы машиналар үшін өзінше бір тіршілік заттары болып табылатын көмекші материалдардың тұтынылуын да әрқашан (ілуде бір жағдайларда басқа) көздейді. Пайданың жалпы нормасы 10 процент екен дейік. Машиналар мен жалақыға жұмсалғаны 100 ф. ст. 100-ге шаққандағы пайда, егер осы 100, айтайық, шикі материалға, машиналар мен жалақыға емес [тек машиналар мен жалақыға ғана] жұмсалған жағдайда 10-нан асып түсуге тиіс болатыны неліктен? Немесе егер бұл 100 шикі материал мен жалақыға ғана жұмсалғанда осылай болатыны неліктен? Егер бұл арада қайсыбір айырмашылық бар болса, онда ол *әр түрлі жағдайларда* тұрақты капитал мен өзгермелі капитал құндарының арақатынасы жалпы алғанда *әр түрлі тұрғыда қалыптасуынан* ғана туындай алар еді. Бұл әр түрлі арақатынас, тіпті қосымша құн *нормасын* тұрақты деп алғанның өзінде, әр түрлі қосымша құн береді еді. Ал әр түрлі қосымша құнның *мөлшері бірдей* капиталдарға қатынасы, әлбетте, әркелкі пайда беруге тиіс болар еді. Бірақ, екінші жағынан, пайданың жалпы нормасы дегеннің мәнісі осы айырмашылықтарды теңестіру, капиталдың табиғи құрамдас бөліктерінен абстракциялану және қосымша құнды мөлшері бірдей капиталдар бірдей пайда келтіретіндей етіп бөлу деген сөз ғой.

Қосымша құнның массасы *жұмсалған капиталдың мөлшеріне* тәуелді болатын жағдайы — қосымша құнның жалпы заңдарына сәйкес — әсте де өндірістің *әр түрлі* салаларындағы капиталдарға қатысты емес, капиталдың *табиғи* құрамдас бөліктерінің арақатынасы бірдей деп ұйғарылатын өндірістің *сол бір* саласындағы *әр түрлі капиталдарға* қатысты. Мәселен, егер мен: айтайық, *иіру өнеркәсібінде* пайда массасы жұмсалған капиталдардың мөлшеріне сәйкес болады десем (егер айтылғанға өнімділікті *тұрақты* деп ұйғарғанда дегенді қоспаса, бұл да онша дұрыс емес), онда шын мәнінде мен жіп иірушілерді қанаудың осы нормасы тұсында қанаудың жиынтығы қаналатын жіп иірушілердің санына тәуелді болады дегенді ғана айтып отырмын. Ал егер мен, керісінше, өндірістің әр түрлі салаларындағы пайданың массасы жұмсалған капиталдардың мөлшеріне сәйкес келеді десем, онда мұның мәнісі: белгілі бір мөлшердегі әрбір капитал үшін пайда нормасы сол бір мөлшерде болады, яғни пайда массасы осы капиталдың мөлшерінің өзгеруімен бірге ғана өзгеруі мүмкін деген сөз; бұл да, басқаша айтқанда, айналып келгенде, пайда нормасы өндірістің қайсыбір жеке саласындағы капиталдың құрамдас бө-

ліктерінің табиғи арақатынасына тәуелді емес, ол жалпы алғанда өндірістің осы жекелеген салаларында жасалатын қосымша құнның мөлшеріне жалпы тәуелді емес деген сөз.

Көп ісін әуел бастан егіншілікке емес, өнеркәсіпке жатқызу керек болар еді. Оған қандай негіз бар? Мұның негізі нақ сол, рудниктің бірде-бір өнімі *in natura* — рудниктен шыққан түрінде — рудникте қолданылатын тұрақты капиталға өндіріс элементі ретінде қайтадан енбейді (балық аулауда, аңшылық кәсіпте нақ осылай болады, мұнда шығындар бұдан анағұрлым көп дәрежеде тек еңбек құралдары мен жалақыға немесе еңбектің өзіне ғана сайылады). [460] Басқаша айтқанда, мұның өзі мынадан болады: мұнда өндірістің әрбір элементі — тіпті оның шикі материалы рудниктен алынған күнде де — көп өндірісіне элемент ретінде қайтадан өнердің алдында, енбес бұрын өз формасының түрін өзгертіп қана қоймайды, сонымен бірге товарға айналады, яғни *сатып алынуға* тиіс. Жалғыз ерекшелік көмір ғана. Бірақ көмір өндіріс құралы ретінде дамудың мынадай сатысында ғана: көп өнеркәсіпшісі итальян бухгалтериясын жүргізетін білімді капиталист болған сатысында ғана көрінеді; бұл бухгалтерияға сәйкес ол өз шығындарын өзіне борыш қылып қана жазып қоймайды, оның өз кассасына қатысты өзі дебитор ғана болып қоймайды, сонымен бірге оның өз кассасы өзі жөнінде дебитор болады. Сонымен, шикі материал шығындарға шын мәнінде кірмейтін жердің нақ өзінде әуел бастан капиталистік есепшілік басым болуға тиіс, демек, шаруаның ұрынуы мүмкін адасушылық та мүмкін емес деген сөз.

Тіпті өңдеуші өнеркәсіпті алайық және, атап айтқанда, еңбек процесінің барлық элементтері құн құрау процесінің элементтері ретінде де тұлғаланатын, олай болса өндірістің барлық элементтері жаңа товарды өндіруге сонымен бірге шығындар ретінде өнетін, құны бар тұтыну құндары ретінде, яғни *товарлар* ретінде өнетін бөлігін алайық. Мұнда алғашқы жартылай фабрикатты өндіретін өнеркәсіпші мен екінші және одан арғы барлық өнеркәсіпшілер (өндіріс фазаларының кезектесуіне сәйкес) арасында елеулі айырма бар, соңғыларында шикі материал өндіріске товар ретінде кіріп қана қоймайды, сонымен бірге енді екінші дәрежелі товар, яғни бірінші товардың, шикі өнімнің заттай формасынан өзгеше форма алған және енді өндіріс процесінің екінші фазасынан өткен товар болып табылады. Мәселен, жіп иіруші. Ол үшін шикі материал — мақта, бірақ бұл — енді товар сапасындағы шикі өнім. Ал тоқымашы үшін шикі материал — жіп, ол — иірушінің өнімі; баспашы немесе бояушы үшін шикі материал — мата, тоқымашының өнімі; әрқайсысы процестің одан арғы қайсыбір фазасында қайтадан шикі материал ретінде қайта көрініп отыратын бұл өнімдердің бәрі сонымен бірге товарлар болып табылады <sup>16</sup>. [460]

[461] Тегінде, біз бұл арада бұдан бұрын екі рет: бір жолы Джон Стюарт Милльдің<sup>17</sup> көзқарастарын қарастырғанда, одан кейін тұрақты капитал мен кірістің арасындағы арақатынасты қарастырғанда \* шұғылданған мәселеге тағы да кезігіп отырмыз. Бұл мәселенің қайта-қайта келіп шыға беретіні бұл арада әлі де бір құйтырқының бар екенін көрсетеді. Бұл мәселе, анығын айтқанда, пайда туралы III тарауға<sup>18</sup> қатысты. Алайда оны осы арада қарастырған жақсы.

Сонымен, мысал алайық:

4 000 қадақ мақта = 100 ф. ст.;

4 000 қадақ жіп = 200 ф. ст.;

4 000 кез шыт = 400 ф. ст.

Бұл болжамға сәйкес 1 қадақ мақта = 6 пенс, 1 қадақ жіп = 1 шилл., 1 кез шыт = 2 шилл.

Пайда нормасы 10 процентке тең деп ұйғарайық. Сонда:

A) 100 ф. стерлингте — шығын =  $90^{10/11}$ , пайда =  $9^{1/11}$ .

B) 200 ф. стерлингте — шығын =  $181^{9/11}$ , пайда =  $18^2/11$ .

C) 400 ф. стерлингте — шығын =  $363^7/11$ , пайда =  $36^4/11$ .

A — бұл мақта, (I) шаруаның өнімі, B — жіп, (II) иірушінің өнімі, C — маға, (III) тоқымашының өнімі.

Бұлай деп ұйғарғанда A өнімінің  $90^{10/11}$  ф. стерлингінің өзі пайданы қамти ма, жоқ па — мүлдем бәрібір. Егер олар өз есесін өзі толтыратын тұрақты капитал болса, олар пайданы қамтымайды. Нақ сол сияқты [A өнімінің құнын білдіретін] 100 ф. ст. пайданы қамтитын-қамтымайтыны B үшін бәрібір, B өніміне қатысты C-тегі істің жайы да нақ осылай.

Мақта өндірушідегі (I), жіп иірушідегі (II) және тоқымашыдағы (III) істің жайы мынадай түрде көрінеді:

I) Шығын —  $90^{10/11}$ , пайда —  $9^{1/11}$ . Жиынтық — 100.

II) Шығын —  $(100(I) + 81^{9/11})$ , пайда —  $18^2/11$ . Жиынтық — 200.

III) Шығын —  $(200(II) + 163^7/11)$ , пайда —  $36^4/11$ . Жиынтық — 400.

Бүкіл жиынтық = 700.

Пайда =  $9^{1/11} + 18^2/11 + 36^4/11 = 63^7/11$ ;

Бүкіл үш салада авансыланған капитал  $90^{10/11} + 181^{9/11} + 363^7/11 = 636^4/11$ .

700-дің  $636^4/11 =$  тең артығы  $63^7/11$ . Бірақ  $63^7/11 : 636^4/11 = 10:100$ .

Бұл мыжыманы одан әрі талдағанда алатынымыз мынадай:

I) Шығын —  $90^{10/11}$ , пайда —  $9^{1/11}$ . Жиынтық — 100.

II) Шығын —  $(100(I) + 8^9/11)$ , пайда —  $(10 + 8^2/11)$ . Жиынтық — 200.

III) Шығын —  $(200(II) + 163^7/11)$ , пайда —  $(20 + 16^4/11)$ . Жиынтық — 400.

Мақтаны өңдеуші (I) ешкімге пайда төлеуге тиіс емес, өйткені оның  $90^{10/11}$ -ға тең тұрақты капиталына пайда кірмейді, төк

\* — Қараңыз: Осы басылымы, I бөлім, 109—110 және 190-беттер. Ред.

тұрақты капиталды ғана білдіреді деп ұйғарылады. Жіп иірушінің (II) шығынына тұрақты капитал ретінде мақта өңдеушінің (I) бүкіл өнімі кіреді. [II өнімнің] 100-ге тең тұрақты капиталды [білдіретін] бөлігі мақта өңдеушіге  $9^{1/11}$  есе пайда қайтарады. Тоқымашының (III) шығынына иірушінің (II) 200-ге тең бүкіл өнімі кіреді; [тоқымашының тұрақты капиталы], демек,  $18^{2/11}$  есе пайда қайтарады. Алайда, бұл мақта өңдеушінің пайдасы иіруші мен тоқымашының пайдасынан әсте артық болмауына кедергі жасамайды, өйткені мақта өңдеушінің есесін қайтаруға тиіс капиталы нақ сол пропорцияда аз, ал бұл капиталдың қандай бөліктерден тұратындығына мүлдем қарамастан, пайда капиталдың мөлшеріне сәйкес келеді.

Енді тоқымашы (III) бәрін өзі өндіреді деп ұйғарайық. Онда *сырт көріністе* мәселе өзгертін сияқты. [Бірақ шын мәнінде пайда нормасы бұл орайда өзгермейді.] Тоқымашының шығындары енді мынадай түрге келеді:  $90^{10/11}$  мақта өндіруге жұмсалған;  $181^{9/11}$  — жіп өндіруге және  $363^{7/11}$  мата өндіруге жұмсалған. Ол өндірістің бүкіл үш саласын сатып алған, демек, ол осы салалардың әрқайсысына белгілі бір тұрақты капитал жұмсауға тиісті. Бұл капиталдарды бір сомаға жинап қосайық:  $90^{10/11} + 180^{90/11} + 363^{7/11} = 636^{4/11}$ . Бұл сомаға шаққанда 10 процент жоғарыдағы сияқты, дәл  $63^{7/11}$  береді, — тек қана енді мұның бәріп түгелдей бір адам қалтасына салады, ал бұрын бұл  $63^{7/11}$ -ні I, II және III өзара бөлісетін еді.

[462] [Бұл орайда бейне пайда нормасы өзгертіндей] алдамшы көрініс қайдан пайда болады?

Бірақ алдын ала тағы бір ескертпе.

Егер біз  $36^{4/11} = i$  тоқымашының пайдасы болатын 400-ден бұл пайданы алып тастасақ,  $363^{7/11}$  қалады, бұл оның шығыны болып табылады. Бұл шығыннан 200-і жіп үшін төленген. Бұл 200-ден иірушінің пайдасына  $18^{2/11}$  келеді. Егер біз бұл  $18^{2/11}$ -ні  $363^{7/11}$  шығыннан алсақ,  $345^{5/11}$  қалады. Бірақ иірушіге есесі қайтқан 200-де мұның үстіне тағы  $9^{1/11}$  мақта өңдеушінің пайдасы бар. Егер біз оны  $345^{5/11}$ -тен алсақ  $336^{4/11}$  қалады. Ал егер біз осы  $336^{4/11}$ -ті 400-ден, яғни матаның жиынтық құнынан алып тастасақ, онда  $63^{7/11}$ -ге тең пайда бар болып шығады.

Бірақ  $336^{4/11}$ -ке келетін  $63^{7/11}$  пайда  $18^{34/37}$  процентке тең.

Бұрын бұл  $63^{7/11}$   $636^{4/11}$ -ке шағып есептелетін және бұл 10 процент пайда болатын. 700-ге тең жиынтық құнның  $636^{4/11}$ -тен артығы нақ сол  $63^{7/11}$  болған еді.

Сонымен, біздің жаңа есебімізге сәйкес сол бұрынғы капиталдың 100-іне  $18^{34/37}$  процент келер еді, ал мұның алдындағы есеп бойынша тек 10 процент қана болатын.

Бұлар бір-бірімен қалай үйлеседі?

I, II және III сол бір адам деп ұйғарайық, алайда ол өзінің үш капиталын (бір капитал — мақта өсіруде, енді бірі — иіруде,

үшіншісі — тоқыма ісінде) былайша пайдаланды дейік: мақтаны күтіп-баптауды аяқтағанда ғана ол иіре бастады, жіріп біткеннен кейін ғана тоқымашылыққа кірісті дейік.

Онда есеп мынадай болып шығар еді:

Бұл капиталист мақта өсіруге  $90^{10/11}$  ф. ст. жұмсап, 4 000 қадақ мақта алады. Осынша мақтаны жіріп шығу үшін ол машиналар көмекші материалдар алуға, жалақыға одан әрі қаржы жұмсайды, барлығы  $81^{9/11}$  ф. ст. Мұның көмегімен ол 4 000 қадақ жіп өндіреді. Ең соңында ол мұны 4 000 кез матаға айналдырады, бұған ол  $163^{7/11}$  ф. ст. жаңа шығын жұмсайды. Егер енді оның барлық шығындарын қоссақ, онда оның авансылаған капиталы  $90^{10/11}$  ф. ст. +  $81^{9/11}$  ф. ст. +  $163^{7/11}$  ф. ст., яғни  $336^{4/11}$  ф. ст. Бұл соманың 10 проценті  $33^{7/11}$  болады, өйткені  $336^{4/11} : 33^{7/11} = 100 : 10$ . Бірақ  $336^{4/11}$  ф. ст. +  $33^{7/11}$  ф. ст. = 370 ф. ст. Демек, ол 4 000 кез матаны 400 ф. стерлингтің орнына 370 ф. стерлингке, 30 ф. ст. арзанға, яғни бұрынғыдан  $7^{1/2}$  процент арзанға сатар еді. Демек, егер матаның құны шын мәнінде 400 ф. стерлингке тең болса, онда ол өз товарын әдеттегі 10 процент пайда ала отырып сата алар еді және бұған қоса 30 ф. ст. рента төлей алар еді, өйткені оның пайда нормасы  $33^{7/11}$ -нің емес,  $63^{7/11}$ -нің  $336^{4/11}$  шығынға қатынасына тең болар еді, яғни ол, мұны жоғарыда көргеніміздей,  $18^{34/37}$  процент болар еді.

Және мұның өзі іс жүзінде Родбертус мырза соның көмегімен жер рентасын есептеп шығаратын әдістің өзі болса керек.

Сонда қате неде? Ең алдымен көрінетіні: иіру мен тоқымашылық, егер олар бір-бірімен қосылған болса [Родбертустың айтуына] иіру егіншілікпен қосылған жағдайдағы немесе егіншілік бөлек жүргізілгендегі секілді жер рентасын беруге тиіс болар еді.

Бұл арада, тегінде екі түрлі жай бар.

*Біріншіден*, біз  $63^{7/11}$  ф. стерлингті  $336^{4/11}$  ф. ст. капиталға шағып қана есептедік, ал оны біз жиынтық құны  $636^{4/11}$  ф. ст. үш капиталға шағып есептеуге тиісті едік.

*Екіншіден*, соңғы капиталда (III) біз шығынды  $363^{7/11}$  ф. стерлингтің орнына  $336^{4/11}$  ф. ст. деп алдық.

Бұл екі пунктті бөлек талдау керек.

*Біріншіден*, мақта өсірушіні, иіруші мен тоқымашыны бір адамда біріктіретін капиталист өзінің мақта түсімінің бүкіл өнімін жіп қылып иірсе, онда ол бұл өнімнің мүлдем ешқандай бөлігін де өзінің егіншілік капиталының есесін толтыруға жұмсамайды. Ол [бір мезгілде] өз капиталының бір бөлігін [463] мақтаны өсіруге — мақтаны өсіру жөніндегі шығындарға, тұқымға, жалақыға, машинаға, енді бір бөлігін иіруге жұмсамайды; әуелі ол өз капиталының бір бөлігін мақтаны өсіруге жұмсайды, бұдан кейін бұл бөлікті екіншісін қосып иіруге, ал одан соң жіпте бар бірінші бөліктердің екеуін де тағы үшінші бөлігін қосып тоқымашылыққа жұмсайды. Ақырында 4 000 кез мата дайын болғанда, ол

бұлардың элементтерінің есесін қалай толтыра алады? Ол әзірше тоқып жатқан кезде иірумен шұғылданған жоқ, бұған қажетті материалы да болмады, ал иіріп жатқан кезінде ол мақта өсірген жоқ. Оның өндіріс элементтері, демек, оның *өзі арқылы есесі толмайды*. Міндетімізді оңайлатып былай дейік: иә, біздің жігіт осы 4 000 кезді сатады да, кейін одан түскен 400 ф. стерлингтің бір бөлігіне жіп пен мақта элементтерін «сатып алады». Бірақ бұл неге келіп саяды? Тек мынаған ғана: іс жүзінде біз бір мезгілде іске қосылған, өндіріске авансыланған үш капиталды бар деп қабылдаймыз. Жіп сатып ала алу үшін ол нақты бар болуға тиіс, ал мақта сатып алатындай мүмкіндік болу үшін соңғысы нақты бар болуға тиіс, ал мақта да, жіп те рынокта болуы үшін, демек, тоқылған жіп пен иірілген мақтаның орнын басу үшін оларды өндіретін капиталдар тоқымашылыққа жұмсалған капиталмен бір мезгілде іске жұмсалуға тиіс және жіп матаға айналатын уақыттың өзінде мақта мен жіпке айпалуға тиіс.

Демек, III өндірістің үш саласының бәрін біріктіре ме немесе олар үш өндірушінің арасында бөлінген бе — үш капитал бір мезгілде нақты бар болуға тиіс. Капиталист тоқыма ісін жүргізген сол капиталының өзімен, егер ол *сол* мөлшерде өндіргісі келсе, жіп иіру мен мақта өсіру ісін жүргізе алмайды. Бұл капиталдардың әрқайсысы өндірісте іске қосылулы, олардың өзара бірінің орнын бірі толтыратындығының біз ден қойып отырған мәселеге мүлдем қатысы жоқ. Бірінің орнып бірі толтыратын капиталдар тұрақты капитал болып табылады және бұлардың әрқайсысы үш саланың белгілі біреуіне жұмсалуға тиіс және басқалармен бір мезгілде іске қосылулы болуға тиіс. Егер 400 ф. стерлингте  $63\frac{7}{11}$  ф. ст. пайда болатын болса, онда мұның себебі мынадан ғана: III өзінің меншікті  $36\frac{4}{11}$  пайдасынан басқа тағы да — біздің есебімізде — ол II және I өндірушілерге төлеуге тиіс және ұйғарымға сәйкес оның товарында жүзеге асатын пайданы да алады. Алайда бұл пайданы олар мұның  $363\frac{7}{11}$  ф. стерлингпен алған жоқ; істің жайы былай: егінші оны өзінің  $90\frac{10}{11}$  ф. стерлингнен айрықша алды, ал иіруші өзінің  $181\frac{9}{11}$ -ынан алды. Егер III өзіне бүкіл пайданы алып алса, онда ол оны тағы да өзі тоқымашылыққа жұмсаған  $363\frac{7}{11}$  ф. стерлингтен емес, осы капиталдан оған қоса өзінің иіруге және мақта өсіруге жұмсаған басқа екі капиталынан алды.

*Екіншіден*, егер біз III де шығынды  $363\frac{7}{11}$  ф. ст. деп емес,  $336\frac{4}{11}$  ф. ст. деп есептейтін болсақ, мұның бұлай болатыны мынадан:

Оның мақта өсіруге жұмсаған шығынын біз 100 емес, тек  $90\frac{10}{11}$  ф. ст. деп есептейміз. Бірақ оған мақта өсірудің бүкіл өнімі қажет, ал соңғысы  $90\frac{10}{11}$  ф. ст. емес, 100 ф. ст.  $9\frac{10}{11}$  пайда бұл өнімнің өзінде бар. Олай болмайынша III  $90\frac{10}{11}$  ф. ст. капиталды, оған *ешқандай пайда* бермейтін капиталды қолданар еді.

Мақта өсіру оған пайда келтірмес еді, тек  $90^{10/11}$  ф. ст. шығынының есесін ғана өтер еді. Нақ сол сияқты иіру де оған пайда келтірмей, иірілген бүкіл өнім шығындарды ғана өтер еді.

Мұндай жағдайда оның шығындары шын мәнінде  $90^{10/11} + 81^{9/11} + 163^{7/11} = 336^{4/11}$ -ке саяр еді. Сөйтіп, бұл оның авансыланған капиталып құрар еді. Бұл капиталдың 10 проценті  $33^{7/11}$  ф. ст. болар еді. Онда өнімнің құны 370 ф. стерлингке тең болар еді. Бұл құн көк тиын да жоғары болмас еді, өйткені, ұйғарымға сәйкес, бірінші бөліктердің екеуі де — I және II — ешқандай пайда келтірген жоқ. Сондықтан III егер I және II салаларға бармай, ондірістің ескі әдісімен қалатын болса, мұнысы анағұрлым жақсы болар еді. Өйткені бұрын I, II және III бірігіп жей алатын  $63^{7/11}$  ф. стерлингтің орнына енді III-нің өзінде ғана  $33^{7/11}$  ф. ст. болады, ал бұрын оның тумалары оз пайдаларып мұнымен бірге жеген кезде оның  $36^{4/11}$  ф. стерлинг пайдасы болған еді. Ол шын мәнінде түкке алғысыз кәсіпкер болар еді. Ол II салада  $9^{1/11}$  ф. ст. шығынды үнемдегенде I салада пайда алмағандықтан ғана үнемдер еді және III салада  $18^{2/11}$  ф. ст. шығынды үнемдегенде II салада пайда алмағандықтан ғана үнемдер еді, Мақта өсіріп түсірген  $90^{10/11}$  ф. стерлинг пен жіп иіруден түсірген  $81^{9/11} + 90^{10/11}$  ф. ст. өз еселерін өздері ғана өтер еді. Тек тоқымашылыққа жұмсалған үшінші  $90^{10/11} + 81^{9/11} + 163^{7/11}$  капитал ғана 10 процент пайда келтірер еді. Мұның мәнісі, демек, 100 ф. ст. тоқыма ісінде 10 процент пайда береді, бірақ мақтаны иіру мен өсіруде көк тиын да бермейді деген сөз болар еді. Рас, егер I немесе II өзінен басқа адамдар болса, бұл III үшін өте жақсы болар еді, бірақ *өзінің жүрегіне сонша жағымды пайдаға келетін бұл үнемді өзі ғана иемденбек* болып, бүкіл үш саланы өзінің қымбатты тұлғасында біріктіретін кезде олай болмас еді. Пайданы өтеуге кететін шығындардағы үнем (яғни, осы үш саланың біреуіндегі тұрақты капиталдың басқалар үшін пайда болып табылатын [464] құрамдас бөлігін өтеуге), демек, іс жүзінде I және II салалардың өнімдерінде ешқандай пайда болмағандықтан және бұл салаларда ешқандай қосымша еңбек атқарылмағандықтан барып болар еді; бұл салалар өздеріне *өз өндіріс шығындарының* ғана, яғни тұрақты капитал мен жалақыға жұмсалған шығындарының ғана есесін толтырып, өздерін жалдама жұмысшылар деп қана қарар еді. Бірақ бұл жағдайларда — егер тек қана I және II, айтайық, III-ге жұмыс істегісі келмесе, әйтсе де мұның нәтижесінде пайда *осы соңғысының* есебіне кірер еді — демек, жалпы алғанда аз еңбек атқарылар еді және III үшін өзі ақысын төлеуге тиісті еңбектің жалақыға ғана жұмсалғаны немесе жалақы мен пайдаға жұмсалғаны мүлдем бәрібір болар еді. Мұның өзі оған бәрібір болар еді, өйткені оның сатып алып, ақысын төлейтіні өнім, *товар*.

Тұрақты капиталдың түгелдей немесе ішінара in natura есесі



өтеле ме, яғни өзі тұрақты капитал болып қызмет еткен товарды өндірушілер оның есесін өтей ме — бұл мүлдем бәрібір. Ең алдымен қандай да болсын тұрақты капитал түптеп келгенде *in patria* есесі толтырылуға тиіс: машинаның машинамен, шикізаттың шикізатпен, көмекші материалдардың көмекші материалдармен есесі толтырылады. Екіншілікте тұрақты капитал өндіріске сондай-ақ *товар* ретінде де кіре алады, яғни сатып алу мен сату арқылы тікелей қатарға түсе алады. Ол әрине — ұдайы өндіруге табиғи заттар енетіндіктен — өндірістің сол саласының өнімдерімен есесі өтелуге тиіс. Бірақ оны өндірістің осы саласының өз ішінде сол жекелеген өндірушілердің өздері есесін толтыруы әсте де міндетті емес. Екіншілік неғұрлым көбірек дамыған болса, оның элементтерінің бәрі формальды түрде ғана емес, іс жүзінде де оған *товар* ретінде соғұрлым көбірек кіреді, яғни бұл элементтер басқа өндірушілердің өнімдері (тұқым, тыңайтқыш, мал, мал шаруашылығы өнімдері және т. б.) болып сырттан келеді. Өнеркәсіпте үздіксіз ауысу, мәселен, темірдің машина жасайтын заводқа, ал машиналардың темір руднигіне ауысуының бидайдың қамбадан жерге және жерден фермердің қамбасына ауысуындай тұрақты сипаты болады. Екіншілікте өнімдер өз еселерін тікелей толтырады. Темір машиналардың есесін толтыра алмайды. Бірақ машинаға барабар құны болатын мөлшердегі темір [темір жасаушы мен машина жасаушы арасындағы айырбаста] біреуіне машина, ал екіншісіне темірдің есесін толтырады, өйткені машинаның [машина жасаушының темір жасаушыға сатқан] өз есесі — құны бойынша — темірмен өтеледі.

Егер екінші 100 ф. ст. өнімге жұмсайтын  $90^{10/11}$  ф. стерлингін, айтайық, 20 ф. стерлингін тұқым және т. б. есебіне, 20-сын машиналар және т. б. ал  $50^{10/11}$ -ын жалақы есебіне жатқызатын болса, пайда нормасы үшін қандай айырма болатынын мүлдем түсініп болмайды. Өйткені 10 процент пайданы ол бүкіл осы сомадан тұтас талап етеді. Өзі тұқымға деп теңестірген 20 ф. стерлингте пайда жоқ. Осыған қарамастан машиналар түріндегі, айтайық, 10 процент пайдасы бар 20 ф. ст. сияқты олар да 20 ф. ст. құрайды. Рас, бұл тек формальды бірдеңе ғана болуы мүмкін. Машиналар түріндегі бұл 20 ф. ст. іс жүзінде тұқым түріндегі 20 ф. ст. сияқты көк тиын да пайда болмауы мүмкін. Бұл, мәселен, мынадай жағдайда: егер көрсетілген 20 ф. ст. машина жасаушының тұрақты капиталының құрамдас бөліктерінің — машина жасаушының, айтайық, екіншілік саласынан алатын құрамдас бөліктерінің қайтқан есесі ғана болып табылатын жағдайда болады.

Машиналардың бүкіл жиынтығы екіншілікке оның тұрақты капиталы ретінде кіреді дегеннің дұрыс болмайтыны сияқты, нақ сол сияқты бүкіл жиынтығымен шикі материал түгелдей өңдеуші өнеркәсіпке кіреді деу де қате. Оның әжептеуір бөлігі

тұрақты капиталды ұдайы өндіру ғана болып, егіншілікте қалады. Енді бір бөлігі тікелей тіршілік заты ретінде кіріске кіреді және ішінара — мәселен, жеміс, балық, мал және т. б. сөкілді — «өнеркәсіп процесінен» өтпейді. Демек, егіншілік «жасап шығарған» бүкіл шикі материал үшін өнеркәсіпке төлеттіру дұрыс болмас еді. Әрине, өңдеуші өнеркәсіптің жалақымен және машиналармен қатар шикі материал да шығындар түрінде кіретін салаларында — бұл салаларда авансыланған капитал көрсетілген тұрғыда өндіріске енетін осы шикі материалдарды жеткізіп беретін егіншілік салаларындағыдан артық болуға тиіс. Егер өңдеуші өнеркәсіптің осы салаларында пайданың өзіне тән (жалпыдан өзгеше) нормасы болатын болса, онда ол бұл арада егіншіліктен кем, атап айтқанда мұнда еңбек кем қолданылатындықтан барып кем болар еді деп те ұйғаруға болар еді. Демек, үлкен тұрақты капитал мен кіші өзгөрмелі капитал қосымша құн нормасы бірдей болғанда міндетті түрде кем пайда нормасын береді. Бірақ мұның басқа салаларға қатысында өңдеуші өнеркәсіптің белгілі бір салаларына да, сондай-ақ басқа салаларға қатысында егіншіліктің (экономикалық мағынада) белгілі бір салаларына да қатысы бар. Мұның өзі, анығын айтқанда, нақ егіншілікте бәрінен аз болар еді, өйткені ол өнеркәсіпке шикізат жеткізіп беретін болса да, дегенмен өз саласының ішінде өз шығындарының әр түрлі бөліктері ретінде шикі материалды, машиналар мен жалақыны қамтиды; ал өнеркәсіп болса егіншілікке шикі материалды, тұрақты капиталдың егіншілік өнеркәсіп өнімдеріне айырбастау арқылы емес, өз өндірісінен есесін толтыратын бөлігін ешқандай жағдайда өтемейді.

#### [5] РОДБЕРТУСЫҢ ЖЕР РЕНТАСЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЖАЛҒАН АЛҒЫ ШАРТТАРЫ]

[465] Енді Родбертус мырзаның ой сарышының барысына қысқаша қорытынды жасайық.

Әуелі ол жер меншікшісі (дербес шаруашылық жүргізуші) осымен қатар капиталист те, құл иеленуші де болып табылатын кездегі — өзі оны қалай түсінетініне қарай — істің жайын бейнелейді. Одан кейін бөліну басталады. Жұмысшылардан тартылып алынған «еңбек өнімінің» бір бөлігі — «біртұтас заттай рента» енді «жер рентасы мен капиталдан түсетін пайдаға» бөлінеді (81—82-беттер) [Орысша аудармасы: *К. Родбертус. Экономикалық шығармалар. Ленинград, 1936, 285-бет*]. (*Гопкинс* мырза — қараңыз, дәптер<sup>19</sup> — мұны анағұрлым оңайырақ және дәрекі түрде түсіндіреді.) Бұдан кейін Родбертус мырза «шикі өнім» мен «өнеркәсіп өнімін» (89-бет) [Орысша аудармасы, 291-бет] жер меншікшісі мен капиталист арасында — *petitio principii* бөледі. [Ал шып мәнінде] бір капиталист шикі өнімдер, екіншісі өнер-

кәсіп өнімдерін өндіреді. Керісінше, жер меншікшісі *ештеңе* өндірмейді, ол тіпті «шикі өнімдердің иесі» де емес. Бұл түсінік [бейне жер меншікшісі «шикі өнімдердің иесі» деген] немістің «поместье иесіне» тән, Родбертус мырзаның өзі нақ сондай. Англияда капиталистік өндіріс өнеркәсіпте және егіншілікте бір мезгілде басталды.

«Капиталға келетін пайда ставкасы» (пайда нормасы) құралатын әдісті Родбертус мырза әншейін мынадан қорытып шығарады: енді «капиталға қатынасын білдіру» үшін ақша түрінде пайданың «масштабы» бар, осы арқылы «капиталға келетін пайдаларды теңестіру үшін тиісті өлшеуіш беріледі» дегеннен шығарады (94-бет) [Орысша аудармасы, 295-бет]. *Пайданың бұл теңдігі* өндірістің әрбір саласындағы «рента» мен ақысы төленбеген еңбектің арасындағы теңдікке *қайшы* келетіні, сондықтан товарлардың құны мен олардың орташа бағалары әр түрлі болатыны туралы Родбертустың ешқандай түсінігі жоқ. Бұл пайда нормасы егіншілік үшін де реттеуші норма болады, өйткені «*дүние-мүліктен түсетін кірісті* тек капиталға шағып қана есептеуге болады», ал өнеркәсіпте «ұлттық капиталдың едәуір көп бөлігі қолданылады» (95-бет) [Орысша аудармасы, 295-бет]. Капиталистік өндіріс дамыған сайын егіншіліктің өзі — формальды ғана емес, материалдық жағынан да — төңкеріске ұшырайтыны туралы, жер меншікшісінің әншейін ақша алушы роліне дейін төмендейтіні, өндірісте қандай болмасын функция атқарудан қалатындығы туралы бірде-бір сөз жоқ. Родбертустың пікірінше,

«өнеркәсіпте капиталдың құрамында — материал ретінде — тағы да ауыл шаруашылығының жиынтық өнімінің құны да болады, шикізат өндірісінде бұлай бола алмайды» (95-бет) [Орысша аудармасы, 295-бет].

Жиынтық өнімге қатысты бұл *дұрыс емес*.

Бұдан кейін Родбертус өзіне өнеркәсіптік пайданы, капиталға келетін пайданы шығарып тастағаннан кейін тағы «шикі өнімге келетін рента бөлігі» қала ма және «қалатын болса, қандай себептермен қалады» деген сұрақ қояды (96-бет) [Орысша аудармасы, 297-бет].

Өйткені Родбертус былай деп ойлайды ғой,

«өнеркәсіп өнімі секілді шикі өнім де жұмсалған еңбекке сәйкес айыр-басталады, шикі өнімнің құны оған жұмсалған еңбекке ғана тең» (96-бет) [Орысша аудармасы, 297-бет].

Рас, Родбертустың ескертетініндей, Рикардо да мұны осылай деп ойлайды. Бірақ бұл ең болмағанда *prima facie* дұрыс емес, өйткені товарлар олардың құндары бойынша емес, бұл құндардан өзгеше болатын орташа бағалар бойынша айырбасталады, осының өзінде бұл товарлардың құнын «жұмыс уақытымен» анықтаудан, көрінісінде бұл құбылысқа қайшы келетін осы заңнан

туындайды. Егер шикі өнім орташа пайдадан тыс, тағы да одан өзгеше жер рентасын келтіретін болса, онда мұның өзі шикі өнім орташа баға бойынша *сағылмайтын* жағдайда ғана мүмкін болады; істің жайы нақ осылай болатыны неліктен — тап осының өзін түсіндіру керек еді. Бірақ Родбертустың қалай пайымдайтынын көрейік.

«Мен рента» (*қосымша құн*, ақысы төленбеген жұмыс уақыты) «*шикі өнім мен өнеркәсіп өнімінің құнына пропорциялы түрде бөлінеді және бұл құн жұмсалған еңбекпен*» (жұмыс уақытымен) «анықталады деп ұйғардым» (96—97-беттер) [Орысша аудармасы, 297-бет].

Ең алдымен осы бірінші ұйғарымды сынап-тексеріп алайық. Ол товарларда болатын *қосымша құндар* бұл товарлардың *құндары* ретінде қатынаста болады дегенді, немесе, басқаша айтқанда, товарларда *болатын ақысы төленбеген еңбектің* мөлшерлері олардағы жалпы *бар еңбектің* мөлшерлеріндей қатынаста болады дегенді тек қана басқа сөздермен айтып отыр. Егер *A* және *B* товарларындағы бар еңбектің мөлшерлері 3-тің 1-ге қатынасындай қатынаста болса, онда олардағы бар ақысы төленбеген еңбектің мөлшерлері — немесе қосымша құндар — бұлар да 3-тің 1-ге қатынасындай қатынаста болады. Бұдан асқан қате ештеңе болмақшы емес. Айтайық, 10 сағатқа тең берілген қажетті жұмыс уақытында бір товар (*A*) 30 жұмысшының өнімі, ал екіншісі (*B*) — 10 жұмысшының өнімі екен дейік. Егер 30 жұмысшы күніне 12 сағаттан ғана жұмыс істесе, олардың өндірген қосымша құны 60 сағатқа немесе 5 күнге ( $5 \times 12$ ) тең; егер 10 жұмысшы күніне 16 сағаттан істесе, олардың өндірген қосымша құны да 60 сағатқа тең. Бұл орайда *A* товарының құны  $30 \times 12$ , яғни 360 жұмыс сағатына немесе 30 жұмыс күніне тең {12 сағат = жұмыс күні}, ал *B* товарының құны 160 жұмыс сағатына, немесе  $13\frac{1}{3}$  жұмыс күніне тең болады. *A* және *B* товарларының *құндары* 360-тың 160-қа немесе 9-дың 4-ке қатынасындай қатынаста болады. Ал бұл товарлардағы бар қосымша құндар болса 60-тың 60-қа немесе 1-дің 1-ге қатынасындай қатынаста болады. Мұндай жағдайда құндар 9-дың 4-ке қатынасындай болса да, қосымша құндар тең болар еді.

[466] Демек, товарлардың қосымша құндары бұл товарлардың құндарының бір-біріне қатынасындай қатынаста болмайтыны, ең алдымен олардың абсолютті қосымша құндары әр түрлі болғандықтан, яғни жұмыс уақытының қажетті еңбектің шеңберінен тыс ұзартылуы бірдей болмағандықтан, демек, *қосымша құн нормалары* әр түрлі болған кезде сондай қатынаста болмайды.

Екіншіден, егер қосымша құн нормалары бірдей деп ұйғарсақ, онда қосымша құндар — айналыммен және ұдайы өндіріс процесімен байланысты басқа жағдайларды былай қалдырсақ — екі товардағы бар еңбектің отноcительді мөлшеріне емес, капитал-

дың жалақыға жұмсалған бөлігінің тұрақты капиталға — шикізат пен материалға жұмсалған бөлігіне қатынасына тәуелді болады; ал бұл қатынас құны бірдей товарларда, бұл товарлар «егіншілік өнімдері» бола ма немесе «өнеркәсіп өнімдері» бола ма, бәрібір, мүлдем әр түрлі болады, жалпы алғанда мұның мәселеге ең болмағанда *prima facie* ешқандай қатынасы жоқ.

Сондықтан, Родбертус мырзаның бірінші ұйғарымы, бейне товарлардың құндарын жұмыс уақытымен анықтаудан әр түрлі товарларда болатын ақысы төленбеген еңбектің мөлшерлері — немесе олардың қосымша құндары — құндарына тура пропорциялы болатыны келіп шығады деген ұйғарымы түбірімен қате. Демек, былай деу де дұрыс емес,

«егер бұл құн жұмсалған еңбекпен анықталатын болса, рента шикі өнім мен өнеркәсіп өнімінің құндарына пропорциялы түрде бөлінеді» (96—97-беттер) [Орысша аудармасы, 297-бет].

«Бұл арқылы, әлбетте, рентаның бұл бөліктерінің мөлшері пайда соған шағылып есептелетін капиталдың мөлшерімен анықталмайды, тікелей жұмсалған еңбекпен, ол мейлі ауыл шаруашылығы еңбегі немесе өнеркәсіп еңбегі болсын, оған қоса жабдықтар мен машиналардың тозуы салдарынан қоса есептелуге тиіс еңбекпен бірге тікелей жұмсалған еңбекпен анықталады» (97-бет) [Орысша аудармасы, 297-бет].

Бұл да тағы дұрыс емес. Қосымша құнның мөлшері (ал «рентаның бөліктері» деген сөздерде айтылып отырғанның өзі де осы, өйткені рента дегенді Родбертус пайда мен жер рентасынан өзгеше жалпылама бірдеңе деп түсінеді) негізгі капиталдың тозуына да, сондай-ақ шикізаттың құнына да, жалпы алғанда тұрақты капиталдың қандай да болсын бөлігіне де емес, тек тікелей жұмсалған еңбекке ғана тәуелді.

Әрине, бұл тозу негізгі капиталдың ұдайы өндірілуі қандай қатынаста болуға тиіс екенін анықтайды (оның өндірілуі сонымен бірге капиталдың жаңадан құралуына, оның қорлануына тәуелді). Бірақ негізгі капиталды өндіру кезінде атқарылатын қосымша еңбектің де осы негізгі капитал негізгі капитал ретінде кіретін өндіріс саласына ешқандай қатысы жоқ, оған, мәселен, шикі материалды өндіруге кіретін қосымша еңбектің де қатынасы жоқ. Керісінше, өндірістің осы салаларының барлығы үшін — егіншілік, машина жасау және өңдеу өнеркәсібі үшін — олардың бәрінде қосымша құн, егер қосымша құн нормасы берілген болса, қолданылатын еңбектің массасымен ғана анықталады және егер қолданылатын еңбектің массасы берілген болса, қосымша құн нормасымен ғана анықталады деген қағиданың күші бірдей. Родбертус мырза «шикі материалды» ығыстырып шығару үшін тозуды «тықпалап енгізуге» тырысады.

Керісінше, — деп ойлайды Родбертус мырза, — «капиталдың материалдың құнында қамтылатын бөлігінің» рента бөліктерінің мөлшеріне ешқашан ықпалы болуы мүмкін емес, өйткені, «мәселен, ерекше өнім болып

табылатын жіпке немесе матаға жұмсалған еңбекке шикі өнім ретіндегі жүннің үлесіне келетін еңбектің жұмсалуды кіре алмайды» (97-бет) [Орысша аудармасы, 298-бет].

Иіру үшін немесе тоқу үшін керек болатын жұмыс уақыты машина жасау үшін қажет болатын жұмыс уақытына, яғни оның құнына, сондай-ақ шикі материал тең болатын жұмыс уақытына нақ осындай дәрежеде тәуелді болады немесе, дұрысырақ айтқанда, нақ осындай дәрежеде тәуелді болмайды. Машина да, шикі материал да еңбек процесіне кіреді, бірақ машина да, шикізат та құнды арттыру процесіне енбейді.

«Керісінше, шикі өнімнің құны немесе материалдық құны, қалай дегенмен капиталдың иесі пайда ретінде өнеркәсіп өніміне келетін рентаның бір бөлігін есептейтін капитал сомасының құрамында капиталдың шығындалуы ретінде көрінеді. Ал ауыл шаруашылығы капиталында капиталдың бұл бөлігі болмайды. Ауыл шаруашылығы материал ретінде өзінен бұрынғы өндірістің өнімін қажет етпейді — өйткені жалпы алғанда өндірістің өзі ауыл шаруашылығынан ғана басталады ғой; материалға ұқсас мүлктің мұндай бөлігі ауыл шаруашылығында жердің өзі бола алар еді, бірақ оған ешқандай шығын шықпайды деп ұйғарылады» (97—98-беттер) [Орысша аудармасы, 298-бет].

Бұл — неміс шаруасының түсінігі. Ауыл шаруашылығында (рудниктерді, балық аулауды, аң аулау кәсіпшілігін қоспағанда, бірақ *эсте де мал өсіруді емес*) тұқым, жемшөп, мал, минерал тыңайтқыштар және т. б. одан өнім өндірілетін материал [467] болып табылады және бұл материалдың өзі *еңбек* өнімі. Кәсіпкерлік егіншіліктің дамуына сәйкес бұл *«шығындар»* да дамиды. Өндірістің қай-қайсысы да — әңгіме әншейін басып алып, иемдену туралы болмайтын кезден бастап — ұдайы өндіріс, осы себептен де «материал ретінде өзінен бұрынғы өндірістің өнімін» қажет етеді. Өндірісте нәтиже болып табылатынның бәрі сонымен қатар алғы шарт та болып табылады. Сондықтан ірі егіншіліктің даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, ол «өзінен бұрынғы өндірістің» өнімдерін соғұрлым көп сатып алады және өз өнімдерін соғұрлым көбірек сатады. Товарлар формасында бұл шығындар — есептелінетін ақшаның көмегімен олар товарға айналдырылған — фермер жалпы алғанда өз өнімінің сатылуына тәуелді болатын уақыттан бастап егіншілікке кіреді де, егіншілікте де өндіріс салаларының бөлінуі пайда болатындықтан, ауыл шаруашылығының әр түрлі өнімдерінің (мәселен, шөптің) бағалары тұлғалана бастайды. Өзі сататын бір квартал бидайды *кіріс* деп есептегенде, өзі жерге беретін бір квартал бидайын *«шығын»* деп есептемейтін болса, тіпті шаруаның миы да мүлдем шатасып кетер еді. Айта кетейік, Родбертус мырзаның өзі «өзінен бұрынғы өндірістің өнімінсіз» бір жерде «өндірісті» мәселен, зығыр не жібек өндіруді жалпы алғанда «бастап» көрсінші. Бұл — барып тұрған оғаштық.

Родбертустың бұдан арғы қорытындыларының бәрі де нақ сондай оғаштық болып табылады:

«Сонымен, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп үшін капиталдың рента бөліктерінің мөлшерін анықтауға ықпал жасайтын екі бөлігі ортақ болып табылады; алайда капиталдың мұндай ықпал жасамайтын бөлігі, бірақ капиталдың жоғарыда көрсетілген бөліктерімен анықталатын рента бөліктері, пайда ретінде, басқа бөліктермен бірге соған шағылып есептелетін бөлігі ортақ болып табылмайды; капиталдың бұл үшінші бөлігі тек өнеркәсіп капиталында ғана болады. Біз өнеркәсіп өнімі сияқты шикі өнімнің де құны жұмсалған еңбекпен анықталады және рента шикі өнім мен өнеркәсіп өнімінің иелері арасында осы құнға пропорциялы түрде бөлінеді деп ұйғардық. Сондықтан, егер, осы себепті, шикі өнім мен өнеркәсіп өнімін өндіруде алынатын рента бөліктері тиісті өнімнің құны болған еңбек мөлшеріне пропорциялы болса да, онда дегенмен ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте қолданылған, пайда ретінде рентаның осы бөліктері соларға бөлінетін капиталдар (соның өзінде өнеркәсіпте — өз алдына дербес, ал ауыл шаруашылығында — өнеркәсіпте қалыптасқан пайда ставкасы бойынша) бір-біріне көрсетілген еңбек мөлшерлері мен олар арқылы анықталатын рента бөліктері секілді қатынастарда болмайды. Керісінше, шикі өнім мен өнеркәсіп өніміне келетін рента бөліктерінің мөлшері бірдей болғанда, өнеркәсіп капиталы ауыл шаруашылығы капиталынан ондағы болатын материалдың бүкіл құнының мөлшерінде артық болады. Ал материалдың осы құны өнеркәсіп капиталына келетін рента бөлігі, пайда ретінде, соған шағылып есептелетін өнеркәсіп капиталын арттыратын, бірақ пайданың өзін арттырмайтын болғандықтан, мұның өзі ауыл шаруашылығындағы пайданы да реттейтін пайда ставкасын төмендетуге де әкеліп соғады, — онда рентаның ауыл шаруашылығына келетін бөлігінен пайданы осы ставка бойынша есептеумен сiңiрiлмейтiн қалдық қалайда қалуға тиiс» (98—99-беттер) [Орысша аудармасы, 298—299-беттер].

*Бірінші жалған алғы шарт:* егер өнеркәсіп өнімі мен егіншілік өнімі олардың құндары бойынша (яғни оларды өндіру үшін керек болатын жұмыс уақытына сәйкес) айырбасталатын болса, онда олар өз иелеріне мөлшері бірдей қосымша құндар немесе ақысы төленбеген еңбектің бірдей мөлшерлерін келтіреді. Қосымша құндар біріне-бірі тиісті товарлар құндарының бір-біріне қатынастарындай қатынаста болмайды.

*Екінші жалған алғы шарт:* Родбертус пайда нормасы бар деп ұйғаратындықтан (бұған ол «капиталға келетін пайда ставкасы» деп ат қойды), онда оның товарлар бейне өздерінің құндарына сәйкес айырбасталады деген алғы шарты дұрыс емес. Бір алғы шарт екіншісін жоққа шығарады. (Ортақ) пайда нормасы орныға алатын болуы үшін товарлардың құндары түрлерін өзгертуге, орташа бағаларға айналуға немесе осындай түр өзгертудің үздіксіз процесінде болуға тиіс. Осы ортақ нормада өндірістің әрбір саласында қосымша құнның авансыланған капиталға қатынасымен анықталатын пайданың ерекше нормалары теңеледі. Мұндай жағдайда оның егіншілікте болмайтыны неліктен? Мәселенің өзі де осында. Бірақ Родбертуста мәселенің қойылысының өзі дұрыс емес, өйткені ол, біріншіден, жалпы пайда нормасы қазірдің өзінде бар деп ұйғарады, ал екіншіден, пайданың

*ерекше* нормалары (ал олай болса, бұлардың арасындағы айырмашылықтар да) теңестірілмеген, яғни товарлар олардың *құндары* бойынша айырбасталады деп ұйғарады.

*Үшінші жалған алғы шарт: шикі материалдың құны егіншілікке кірмейді.* Ал шын мәнінде тұқым және т. б. түріндегі шығындар мұнда тұрақты капиталдың құрамдас бөліктері болып табылады және фермерлер тарапынан *осылай деп* есепке алынады. Егіншілік кәсіпкерліктің кәдімгі бір саласына айналып, капиталистік өндіріс деревняда орныққан шамада, [468] егіншіліктің өз тұтынуы үшін емес, рынокқа арнап *товарлар* сатуға арналған өнімдер шығаруы шамасында, — нақ сондай шамада егіншілік өзінің шығындарын есепке алады және бұл шығындардың әрбір статьясын, бұл затты өзінеп (яғни өз *өндірісінде*) немесе бөгде адамнан сатып алатынына қарамастан товар деп қарастырады. *Өнімдер* товарға айналған шамада, нақ сондай шамада, әлбетте, *өндіріс элементтері* де товарларға айналады, өйткені бұл элементтер нақ сондай өнімдер болып табылады. Олай болса, бидай, шөп, мал, әр түрлі тұқым және т. б. товарлар ретінде *сатылатындықтан*, осының өзінде бұларды тікелей тұтыну үшін пайдалану емес, бұл өнімдерді нақ сатудың өзінің маңызды мәні болғандықтан, осы себепті бұлар өндіріске де *товарлар* ретінде кіреді; сондықтан ақшаны есептегі ақша ретінде пайдалана білмесе, фермер нағыз ақымақтың өзі болар еді. Алайда бастапқыда бұл бар болғаны есептеудің формальды жағы ғана. Бірақ нақ сондай шамада белгілі бір жағдайлар да *дамиды*, бұл жағдайлар тұсында белгілі бір фермер *өзінің өндірісте жұмсайтын өнімдерін* — тұқымды, басқаның малын, тыңайтқыш, минералдық заттарды және т. б. сатып алады, осының өзінде ол өз *табысын* сатады; сондықтан жеке бір фермер үшін бұл шығындар өндіріске [істің шын мәнінде ғана емес, сонымен бірге] форма жағынан да шығындар ретінде өнеді, өйткені олар — *сатып алынған товарлар*. (Енді олар фермер үшін әрқашан товар, оның капиталының құрамдас бөліктері болып табылады, сондықтан фермер оларды өндіріске *in naturali* \* қайта бергенде өзіне өзі өндіруші ретінде *сатқаным* деп санайды.) Егіншілік дамып, түпкілікті өнім капиталистік өндіріс әдісіне сәйкес барған сайын фабрикалық үлгіде өндірілген сайын істің бұл жағдайы бірден-бірге күшіне ене түседі.

Сонымен, бұл арада капиталдың егіншілікке *кірмейтін* бөлігі өнеркәсіпке енеді деген дұрыс емес.

Егер, демек, *Родбертустың (жалған) алғы шартына* сәйкес егіншілік өнімі мен өнеркәсіп өнімі келтіретін «рента бөліктері» (яғни қосымша құнға қатысу үлестері) бұл өнімдердің *құндарына* пропорциялы болса; егер, басқаша айтқанда, құндары бірдей

\* — заттай түрінде. Ред.



шамадағы өнеркәсіп өнімі мен егіншілік өнімі өздерін иемденушілерге шамалары бірдей қосымша құн беретін болса, яғни оларда бірдей шамада ақысы төленбеген еңбек болса,— онда [тіпті осы алғы шарттың өзінде] өнеркәсіпте капиталдың егіншілікке бейне кірмейтін құрамдас (шикі материалға жұмсалатын) бөлігі кіретіндігі себепті, мәселен, өнеркәсіпте бірдей қосымша құн осы құрамдас бөлікке ұлғайған капиталға келеді дегеннен, сондықтан да пайданың кемітілген нормасын береді дегеннен әсте де ешқандай диспропорция тумады. Өйткені капиталдың нақ осындай құрамдас бөлігі егіншілікке де кіреді ғой. Демек, ол нақ сондай пропорцияда кіре ме деген мәселені шешу ғана қалар еді. Бірақ онда біз тек таза сандық айырмашылықтармен ғана істес болар едік, ал Родбертус мырза болса бұл жерден «санылық» айырмашылық табуға әрекеттенеді. Нақ осындай сандық айырмашылықтар өндірістің әр түрлі өнеркәсіптік салаларында болады. Олар пайданың жалпы нормасында теңеседі. Ал мұндай жағдайда өнеркәсіп пен егіншілік арасындағы айырмашылықтар (егер мұндай айырмашылықтар бар болса) неге теңеспейді? Родбертус мырза егіншілік пайданың жалпы нормасын алуға қатысады деп алып отырса, онда ол осы жалпы пайда нормасын жасауға егіншілік қатысады деп неге алмайды? Бірақ онда оның бүкіл теориясы, әлбетте, жойылар еді.

*Төртінші жалған алғы шарт:* дұрыс емес және қалай болса солай алынған алғы шарт мынадай: Родбертус машиналардың және т. б. тозуын — тұрақты капиталдың осы бір бөлігін — өзгермелі капиталға, яғни капиталдың қосымша құн жасайтын және ішінара қосымша құнның нормасын белгілейтін бөлігіне қосады, ал шикі материалды ол бұған қоспайды. Есептеудегі бұл қате есептеу әуел басынан-ақ көзделген нәтижеге жету үшін жасалады.

*Бесінші жалған алғы шарт:* Родбертус мырза егіншілік пен өнеркәсіптің арасында айырмашылық бар дегісі келіп отырса, онда ол капиталдың машиналардан, құрал-жабдықтардан тұратын, яғни негізгі капиталдан тұратын бұл элементі, түгелдей өнеркәсіпке тиесілі екенін білуге тиіс еді. Қайсыбір капиталға элемент ретінде кіретіндіктен капиталдың бұл элементі әр уақытта тек тұрақты капиталға ғана кіреді және қосымша құнға көк тиын қосып көбейте алмайды. Екінші жағынан ол, өнеркәсіп өнімі ретінде өндірістің белгілі бір саласының нәтижесі болып табылады. Оның бағасы, немесе қоғамның бүкіл капиталындағы оған келетін құнның бөлігі, демек, мұнымен қоса қосымша құнның белгілі бір мөлшерін білдіреді (мұның шикі материал үшін нақ осылай болатыны сияқты). Рас, бұл элемент егіншілік өніміне кіреді, бірақ алынуы ол өнеркәсіптен алынады. Егер Родбертус мырза өзінің есептеулерінде шикі материалды капиталдың өнеркәсіпке сырттан келетін элементі деп қарастырып отыр-

са, онда машиналарды, құрал-жабдықтарды, ыдыстарды, құрылыстарды және т. б. ол капиталдың егіншілікке сырттан келетін элементі деп қарастыруға тиіс. Сондықтан ол былай деуге тиіс еді: өнеркәсіпке тек жалақы мен шикі материал ғана кіреді (өйткені, негізгі капитал, ол шикі материалдан тұрмайтындықтан, өнеркәсіптің өнімі, оның өз өнімі болып табылады); ал егіншілікке тек жалақы [469] мен машиналар және т. б., яғни негізгі капитал ғана кіреді, өйткені *шикі материал*, ол құралдарда және т. б. болмайтын болғандықтан, егіншіліктің өнімі болып табылады. Мұндай жағдайда өнеркәсіпте өндіріс шығындарының бір «статьясы» алынып қалғаннан кейін онда қандай есеп шығатынын зерттеуге тура келер еді.

*Алтыншыдан.* Кен өнеркәсібіне, балық аулау, аңшылық кәсіпшілігіне, орман шаруашылығына (орманның өздігінен өсуі шамасында) және т. б.— бір сөзбен айтқанда, *өндіретін өнеркәсіпте* (in naturali ұдайы өндіру болмайтын шикі өнімдер ондіруде) — *шикі материал*, егер көмекші материалдарды есептемесе, *енбейді* деген әбден дұрыс. Егіншілікке мұның қатысы жоқ.

Бірақ *нақ осының өзі өнеркәсіптің* өте-мөте ірі бөлігінде, *транспорт өнеркәсібінде* болып жатады деудің де дұрыстығы ілгерідегіден кем емес. Мұнда *шығын* тек машиналарға, көмекші материалдарға және жалақыға ғана жұмсалады.

Ақырында, салыстырмалы тұрғыдан айтқанда *өнеркәсіптің басқа салаларында* өндіріске тек шикі материал мен жалақы ғана кіретіні, ал машиналардың, негізгі капиталдың және т. б. кірмейтініне ешқандай күмән жоқ,— бұл, мәселен, тігіншілік ісінде т. б. болады.

Осы жағдайлардың бәрінде *пайданың* мөлшері, яғни *қосымша құнның авансыланған капиталға қатынасы*, авансыланған капитал — *капиталдың өзгермелі немесе жалақыға жұмсалған бөлігін шығарып тастағанда* — машиналардан не шикі материалдан немесе осы екі элементтің екеуінен де құралатынына тәуелді болмай, капиталдың осы бөлігінің оның жалақыға жұмсалатын бөлігімен салыстырғанда қаншалық көп болатынына ғана тәуелді болар еді. Осының нәтижесінде өндірістің әр түрлі салаларында (айналыстан туындайтын модификацияларға қарамастан) әр түрлі пайда нормалары болуға тиіс болар еді, бұл нормалардың теңесуі нақ сол жалпы пайда нормасын құрайды.

Родбертус мырзаның бұлыңғыр түрде аңғаратыны: қосымша құнның оның ерекше формаларынан, әсіресе пайдадан өзгешелігі. Алайда ол нысанадан мүлт кетеді, өйткені онда әуел бастан-ақ жалпыға ортақ заңды ашу туралы емес, *белгілі бір құбылысты (жер рентасын) түсіндіру туралы* ғана сөз болады.

Өндірістің барлық салаларында *ұдайы өндіріс* болып отырады; алайда өндіріспен байланысты бұл *ұдайы өндіріс табиғи ұдайы* өндіріспен егіншілікте ғана сәйкес келеді, ал *өндіру өнеркәсібін-*

де сәйкес келмейді. Сондықтан бұл соңғысында өнім өзінің заттай формасында қайтадан өзінің төл ұдайы өндірісінің элементі болмайды, {ол көмекші материалдар түрінде көрінетін жағдайлардан басқасында}.

Екіншіліктің, мал өсірудің және т. б. өзге өндіріс салаларынан айырмасы, *біріншіден*, мұнда өнімнің өндіріс құралы болатындығы *емес*, өйткені жекелей тіршілік заттарының түпкілікті формасы жоқ, сондай-ақ мұндай формасы бар өнеркәсіп өнімдерінің барлығы жөнінде де істің жайы осындай, өйткені олар *өндірушінің* өзі үшін өндіріс құралдарына айналады, өндіруші оларды тұтыну арқылы өзін ұдайы өндіреді және өзінің жұмыс күшін сақтайды.

*Екіншіден*, ауыл шаруашылығы өнімдерінің ерекшелігі олардың өндіріске *товарлар* ретінде, яғни капиталдың құрамдас бөліктері ретінде өнетіндігі де *емес*; олар өндірістен қандай түрде шықса, оған кіргенде де сондай түрде кіреді: олар өндірістен товар болып шығады және қайтадан товар болып кіреді, — товар — капиталистік өндірістің алғы шарты, сондай-ақ нәтижесі де.

*Сонымен, үшінші* ерекшелік қана қалады: олар өздері соның өнімі болып табылатын өндіріс процесіне өздерін өндірудің құралдары болып кіреді. Мұның өзі машиналарда да болады. Машина машинаны жасайды. Көмір шахтадан көмірді сыртқа шығаруға көмектеседі, көмір көмірді тасиды және т. б. Екіншілікте мұның өзі адам бағыттап отыратын табиғат процесі ретінде көрінеді, дегенмен бұл процесс «аздап» адамның өзін де жасайды. Өндірістің басқа салаларында бұл өндірістің тікелей әрекеті ретінде көрінеді.

Бірақ егер Родбертус мырза осыны негізге ала отырып, *егіншілік өнімдері* ұдайы өндіріске «*товарлар*» ретінде кіре алмайды — олар ұдайы өндіріске (технологиялық тұрғыдан) «тұтыну құндары» ретінде кіретін сол өзіндік формасына байланысты — кіре алмайды деп ойласа, онда ол мүлдем жалған жолда болып шығады және, тегінде, егіншілік әлі капиталистік кәсіп болмаған, егіншілік өнімдерінің өндірушінің өзінің тұтынуынан *басы артығы* ғана *товар* болған және бұл өнімдер өндіріске кіретіндіктен егіншілік үшін *товар* болмаған уақыт туралы естеліктерге сүйенетін болса керек. Мұның өзі — капиталистік өндіріс әдісінің бүкіл өндіріс процесіне жасайтын ықпалын мүлдем түсінбеушілік. Капиталистік өндіріс үшін құны бар — олай болса, *an sich* \* *товар* болып табылатын — өнім атаулының бәрі де *товар* ретінде де есепке алынады.

\* — «өзінде», мүмкіндігіне, потенциалды түрде. *Ред.*

**(6) РОДБЕРТУСТЫҢ ӨНЕРКӘСІП ПЕН ЕГІНШІЛІКТЕГІ  
ОРТАША БАҒА МЕН ҚҰННЫҢ АРАСЫНДАҒЫ  
АРАҚАТЫНАСТЫ ТҮСІНБЕУІ. ОРТАША БАҒАЛАР ЗАҢЫ**

Мәселен, кен өнеркәсібінде машиналардан ғана тұратын тұрақты капитал 500 ф. стерлингке, ал жалақыға жұмсалатын капитал, ол да 500 ф. стерлингке тең деп ұйғарайық; сонда, егер қосымша құн 40 процент, яғни 200 ф. ст. болса, пайда 20 процент болар еді.

Сөйтiп, бұл жағдайда мынадай болар едi:

Тұрақты капитал (машиналар)	Өзгермелі капитал	Қосымша құн
500	500	200

Егер шикi материал енетiн өңдеу өнеркәсiбi салаларында (немесе, сондай-ақ егiншiлiк салаларында) нақ осындай өзгермелi капитал жұмсалған болса; егер, одан әрi, осы соңғының қолданылуы (яғни жұмысшылардың осы белгiлi бiр санын пайдалану) 500 ф. стерлингке түсетiн машиналарды және т. б. талап етсе, онда бұл арада үшiншi элемент ретiнде құны, айтайық, ол да 500 ф. ст. материал шын мәнiнде қосылар едi. Бұл жағдайда мынадай болар едi:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн
Машиналар . . . . . 500	500	200
Шикi материал . . . . . 500		
<hr/>		
Жиынтығы . . . . . 1 000		

Бұл 200 ф. ст. қосымша құнды ендi 1 500 ф. стерлингке шағып есептеуге тура келер едi де, бұл ендi  $13\frac{1}{3}$  процент қана болар едi. Егер бiрiншi жағдайда транспорт өнеркәсiбi алынса, келтiрiлген мысал күшiнде қалады. Ал егер, керiсiнше, екiншi жағдайда машиналар 100, ал шикi материал 400 болатындай арақатынас болса, пайда нормасы сол күйi қалар едi.

[470] Родбертус мырза, демек былай деп ойлайды: егiншiлiкте жалақыға 100, оған қоса машиналарға 100 жұмсалғанда, өнеркәсiпте машиналарға 100, жалақыға 100 және шикi материалға  $x$  жұмсалады. Схеманың түрi мынадай болар едi:

*I. Егiншiлiк*

Тұрақты капитал (машиналар)	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Пайда нормасы
100	100	50	$\frac{50}{200} = \frac{1}{4}$

## II. Өнеркәсіп

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Пайда нормасы
Шикі материал . . . . . $x$	100	50	$\frac{50}{200+x}$
Машиналар . . . . . 100			

Жиынтығы  $x+100$

Демек, пайда нормасы қалай болғанда да  $1/4$ -ден кем. I де жер рентасы осыдан келіп шығады-мыс.

*Біріншіден*, егіншілік пен өңдеу өнеркәсібінің арасындағы бұл айырмашылық нақты бар емес, *ойдан шығарылған*; олай болса жер рентасының басқа формаларының бәрін анықтайтын формасы үшін мұның ешқандай маңызы жоқ.

*Екіншіден*, Родбертус мырза пайда нормалары арасындағы нақ осындай айырмашылықты өнеркәсіптің жекелей алынған кез келген екі саласынан да табар еді; бұл айырмашылық *тұрақты капиталдың мөлшері мен өзгермелі капиталдың мөлшері арасындағы арақатынасқа*,— өз кезегінде, айналып келгенде шикі материалдың кіруімен анықталуы мүмкін, бірақ анықталмауы да мүмкін арақатынасқа тәуелді болады. Шикі материал да, машиналар да кіретін өнеркәсіп салаларында шикі материалдың құны — олай болса бүкіл капиталда ол құрайтын относителді мөлшер, — әлбетте, ілгеріде атап көрсеткенімдей, өте маңызды мәнге ие болады<sup>20</sup>. Жер рентасына мұның ешқандай қатысы жоқ.

«Егер шикі өнімнің құны жұмсалған еңбектен де төмен құлдырап кетсе, тек осы жағдайда ғана, бәлкім, ауыл шаруашылығында да *рентаның шикі өнімге келетін бүкіл бөлігін капиталға шағып есептелетін пайда жұтып алуы* мүмкін; өйткені онда рентаның бұл бөлігі соншалық азайып, онымен ауыл шаруашылық капиталының арасында, бұл капиталда материалдың құны болмаса да, қалай дегенмен өнеркәсіп өніміне келетін рента бөлігі мен өнеркәсіп капиталының, бұл капиталда материалдың құны болса да арасындағыдай проценттік арақатынас қалыптасады; демек, ауыл шаруашылығында да капиталға келетін пайдадан өзге ешқандай рента қалмауы тек осындай жағдайда ғана мүмкін болып шығады. Бірақ қазіргі бар айырбас, әдетте, ең болмағанда құн жұмсалған еңбекке тең болады деген заңға ойысатын болғандықтан, жер рентасы да, әдетте, бар болып шығады; ал егер ешқандай жер рентасы болмай, тек капиталға келетін пайда ғана алынса, онда мұның өзі, Рикардоның пайымдағанындай, әуел бастағы жағдай емес, дұрыс емес жағдай ғана болмақ» (100-бет) [Орысша аудармасы, 301—303-беттер].

Демек, егер жоғарыда келтірілген мысал жағдайында қалсақ, онда көрініс мынадай болады (барынша көрнекі болу үшін біз шикі материал 100 ф. стерлингке тең деп қана ұйғарайық):

## I. Егіншілік

Тұрақты капитал (машиналар)	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Өнімнің бағасы	Пайда
100	100	50	250	$233\frac{1}{3}$	$16\frac{2}{3}$ процент

## II. Өнеркәсіп

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Өнімнің бағасы	Пайда
Шикі материал . . . . .	100	100	50	350	350	16 <sup>2</sup> / <sub>3</sub>
Машиналар . . . . .	100					процент

Бұл арада егіншілік пен өнеркәсіпте егіншілік өнімі өз құнынан 16<sup>2</sup>/<sub>3</sub> ф. ст. төмен сатылатындықтан, жер рентасы үшін ештеңе қалдырмай пайда нормасы теңесер еді. Егер бұл мысал егіншілік үшін қаншалық қате болса, соншалық дұрыс болған күннің өзінде, онда бұл орайда да шикі өнімнің құнының «жұмсалған еңбектен төмендеп» құлдырау жағдайы орташа бағалар заңына түгелімен және толық сай келген ғана болар еді. Ал шындығында мұның «ерекшелік түрінде» ішінара ауыл шаруашылығында неліктен болмайтынын және бұл арада бүкіл қосымша құнның (немесе, ең болмағанда, оның өндірістің басқа салаларындағыдан гөрі неғұрлым ірі үлесінің; пайданың орташа нормасынан артығының) пайданың жалпы нормасын құрау кезінде жалпы есепке енбей, өндірістің осы ерекше саласындағы өнімнің бағасында неліктен қалатынын түсіндіру қажет. Бұл арада Родбертустың пайда нормасы (жалпы) дегеннің не екенін және орташа баға дегеннің не екенін білмейтіні көрініп тұр.

Орташа бағалардың осы заңын анықтау үшін — мұның өзі Родбертустың көзқарастарын талдаудан гөрі анағұрлым маңыздырақ — бес мысал алайық. Қосымша құн нормасын біз барлық жерде бірдей деп қабылдаймыз.

Құндары бірдей шамадағы товарларды салыстырудың ешқандай қажеті жоқ; товарларды олардың бағалары бойынша ғана салыстыру керек. Ықшамдылық үшін бұл арада мөлшері бірдей капиталдар өндірген товарлар салыстырылады.

[471]

	Тұрақты капитал		Өзгермелі капитал (жалақы.)	Қосымша құн	Қосымша құн нормасы	Пайда	Пайда нормасы	Өнімнің құны
	машиналар	шикі материал						
I	100	700	200	400	50%	400	10%	1 400
II	500	100	400	200	50%	200	20%	1 200
III	50	350	600	300	50%	300	30%	1 300
IV	700	жоқ	300	150	50%	150	15%	1 150
V	жоқ	500	500	250	50%	250	25%	1 250

Бұл арада біз I, II, III, IV және V (бұлар өндірістің әр түрлі бес саласы) категорияларында құндары тиісінше 1 100, 1 200, 1 300, 1 150 және 1 250 ф. ст. товарларды көреміз. Егер бұл товарлар өздерінің құндары бойынша айырбасталғандай жағдайда

олардың айырбасталатын ақшалай бағалары осындай болар еді. Өндірістің осы салаларының бәрінде авансыланған капиталдың мөлшері *бірдей* 1 000 ф. ст. Егер бұл товарлар өздерінің құндары бойынша айырбасталса, онда пайда нормасы I үшін 10 процент қана, II үшін екі есе көп — 20 процент, III үшін — 30 процент, IV үшін 15 процент, V үшін 25 процент болар еді. Егер осы жеке-жеке пайда нормаларын қосса, олардың қосындысы  $10\% + 20\% + 30\% + 15\% + 25\%$ , демек, 100 процент болады.

Өндірістің бес саласының бәріндегі бүкіл авансыланған капиталды қарастыратын болсақ, оның бір бөлігі (I) 10 процент, екінші бөлігі (II) 20 процент және т. б. береді. Орта есеппен бүкіл капитал беретін пайда осы бес бөлік беретін орташа шамаға тең болады. Ал мұның өзі:

$$\frac{100 \text{ (пайда нормаларының жиынтық сомасы)},}{5 \text{ (әр түрлі пайда нормаларының саны)}}$$

яғни 20 процент болады. Шындығында да біз бес салада авансыланған 5 000 ф. ст. капиталдың  $100 + 200 + 300 + 150 + 250 = 1\,000$ , яғни 5 000 ға 1 000 беретінін көреміз, бұл  $\frac{1}{5}$  немесе 20 процент болады. Нақ осы секілді, егер біз *жиынтық өнімнің құнын* есептейтін болсақ, ол 6 000 ф. ст. болады; авансыланған 5 000 ф. ст. капиталдан артығы 1 000 ф. ст. немесе *авансыланған капиталға қатысы жөнінен* 20 процент; ал *бүкіл өнімге қатысы жөнінен* ол  $\frac{1}{6}$ , немесе  $16\frac{2}{3}$  процент. (Мұның өзі айналып келгенде тағы да басқаша есеп).

Сонымен, авансыланған капиталдардың әрқайсысы (I, II, III және т. б.), немесе мұның өзі де сол, *тең мөлшерлі капиталдар*, не болмаса *олардың мөлшеріне қатысты*, яғни *олар авансыланған жиынтық капиталдың бөліктері болып табылатын пропорциясы тұрғысынан ғана қарастырылатын капиталдар*, — осы капиталдардың әрқайсысы жиынтық капиталға келетін қосымша құннан шын мәнінде өз үлесін алу үшін — бұл үшін олардың әрқайсысына пайданың 20 проценті ғана келе алады, бірақ оның үлесіне қажетті түрде [472] нақ соншадан келуге тиіс те. Ал мұның өзі мүмкін болуы үшін әр түрлі салалардың өнімдері бірде өз құнынан *артық*, енді бірде өз құнынан азды-көпті шамада *төмен* сатылуға тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, жиынтық қосымша құн олардың арасында бөлінгенде өндірістің *әрбір жеке* саласында қанша қосымша құн өндірілгеніне пропорциялы түрде емес, авансыланған капиталдардың *мөлшеріне* пропорциялы түрде бөлінуге тиіс. Өндірістің барлық салалары өнім құнының авансыланған капиталдан артығы соңғысының  $\frac{1}{5}$ -іне, яғни 20 процентіне тең болу үшін өз өнімін 1 200 ф. стерлингке сатуға тиіс.

Осы бөлудің нәтижесінде бізде мынадай жағдай келіп шығады [64-беттегі кестені қараңыз].

Бұл арада біз тек бір жағдайда ғана (II) орташа бағаның то-

вардың құнына тең екенін көреміз, өйткені мұнда қосымша құн 200 болатын қалыпты орташа пайдаға кездейсоқ тең болып тұр. Басқа жағдайлардың бәрінде бірде көбірек, бірде азырақ қосымша құн бір товардан алынып, екіншісіне қосылып отырады және т. б.

	Өнімнің құны	Қосымша құн	Орташа баға	Орташа баға мен құнның арасындағы арақатынас	Пайда мен қосымша құнның арасындағы арақатынас (процентке шаққандағы)	Есептелген пайда
I	1 100	100	1 200	Орташа бағаның құннан артығы 100	Пайданың қосымша құннан артығы 100%	200
II	1 200	200	1 200	0 Құн = баға	0	200
III	1 300	300	1 200	Орташа бағаның құннан төмен құлдырауы 100	Пайданың қосымша құннан төмен құлдырауы 33 $\frac{1}{3}$ %	200
IV	1 150	150	1 200	Бағаның құннан артығы 50	Пайданың қосымша құннан артығы 33 $\frac{1}{3}$ %	200
V	1 250	250	1 200	Құнның бағадан артығы 50	Қосымша құнның пайдадан артығы 25% Пайданың қосымша құннан төмен құлдырауы 20%	200

Егер Родбертус мырза бір нәрсені көрсетуге тиіс болса, онда ауыл шаруашылығында неліктен осылай болмайтынын, онда товардың орташа бағамен емес, өз құны бойынша сатылуға тиіс болатыны неліктен екенін көрсетуге тиіс еді.

Бәсекенің әрекеті пайдаларды теңестіруде, яғни товарлардың құндарын орташа бағаларға келтіруде болады. Мальтус мырзаның айтуынша, жеке бір капиталистің өз капиталының әрбір бөлігінен бірдей мөлшерде пайда аламын деп күтетіні сияқты<sup>21</sup>,— ал мұның өзі, басқа сөздермен айтқанда, мынаны ғана білдіреді: капиталдың әрбір бөлігін (оның табиғи функциясына тәуелсіз) капиталист пайданың дербес көзі деп қарайды, капиталдың әрбір бөлігі оған осындай негіз болып көрінеді,— дәл осы сияқты әрбір капиталист капиталистер табына қатысты өзінің капиталын бірдей мөлшердегі басқа кез келген капитал келтіретін пайдаға тең мөлшердегі пайданың негізі деп қарайды; яғни өндірістің жеке бір саласындағы әрбір капитал жиынтық өндіріске авансылан-



ған жиынтық капиталдың бір бөлігі деп қарастырылады; әрбір капитал жиынтық қосымша құндағы — ақысы төленбеген еңбектің немесе ақысы төленбеген еңбектің өнімдерінің жиынтық массасындағы — өзінің мөлшеріне, өзінің акциясына пропорциялы түрде, жиынтық капиталда өзі сондай болып отырған үлеске пропорциялы түрде өз үлесін алуға дәмеленеді. Осы көрініс жалпы алғанда бәсекедегінің бәрін кері мағынада түсінетін капиталисте — жалғыз онда емес, сонымен бірге оған барынша берілген фарисейлер мен кітап кемірушілердің қайсыбіреулерінде де капитал деген пайданың көзі болғанда еңбекке бейне тәуелсіз көзі деген түсінікті нығайтады, өйткені өндірістің әрбір жеке саласында капиталға келетін пайда шынында да әсте де осы капиталдың өзі «өндіретін» ақысы төленбеген еңбектің мөлшерімен ғана белгіленбейді; бұл пайда пайда массасының ортақ қазанына түседі, осы қазаннан жекелеген капиталистер жиынтық капиталға өзінің қатысу үлесіне пропорциялы түрде өз үлестерін алады.

Сонымен, Родбертустың пікірі — қисынсыз. Жол-жөнекей мына бір жайды да ескерте кету керек: ауыл шаруашылығының кейбір салаларында, мәселен, дербес мал шаруашылығында өзгермелі капитал, яғни жалақыға жұмсалатын капитал капиталдың тұрақты бөлігімен салыстырғанда өте-мөте мардымсыз.

[Родбертус былай дейді:]

«Аренданың ақы өзінің табиғаты жөнінен әрқашан жер рентасы болып табылады» (цитат алынған шығарма, 113-бет).

Дұрыс емес. Аренда әрқашан жер меншікшісіне төленеді; болғаны осы. Бірақ егер, практикада мұның өзі көбіне-көп осылай болатынындай, ол бір бөлігі немесе түгелдей қалыпты пайдадан немесе қалыпты жалақыдан алынған қаржы болып табылатын болса, {шын мәніндегі қосымша құн, яғни пайда плюс рента ешқашанда жалақыдан алынатын қаржы емес, ол жұмысшының еңбегінің өнімінен жалақыны алып тастағаннан кейін қалатын бөлігі}, — онда, экономикалық көзқарас тұрғысынан ол жер рентасы емес және мұның өзі бәсекенің жағдайлары қалыпты жалақы мен қалыпты пайданы қайта орнықтырған бойда [473] практика арқылы дәлелденеді.

Сонымен, бәсеке товарлардың құндарын үнемі соған саюға ұмтылатын орташа бағаларда жоғарыда келтірілген кестедегі II жағдайдан басқасында өндірістің бір саласының өніміне қатысты құнға үнемі қосылу және енді бір саланың өніміне қатысты құннан үнемі алыну болып отырады, жалпы пайда нормасының өзі тек осы жолмен ғана жасалады. Өзгермелі капиталдың аванс-ланған капиталдың жиынтық сомасына қатынасы {қосымша еңбек нормасы берілген, бірдей деп ұйғарылған} қоғамдық капиталдың орташа қатынасына сәйкес келетін өндірістің жеке саласының товарларында құн орташа бағаға тең болады, — мұнда, демек,

құнға қосу да, құннан алу да болмайды. Егер бұл арада талдауға жатпайтын ерекше жағдайлардың салдарынан, өндірістің белгілі бір салаларының шеңберінде товарлардың құны — оның орташа бағадан асып түсетініне қарамастан, — алынуға ұшырамаса (уақытша құбылыс емес, орта есеппен алғанда), онда өндірістің қайсыбір айрықша саласында бүкіл қосымша құнның осы сақталуын — оның товардың [өткізілген] құнын орташа бағадан асыратынына және осы себептен орташадан гөрі көп пайда нормасын беретініне қарамастан — өндірістің мұндай салаларының артықшылығы деп қарау керек. Бұл арада ерекшелік деп, *илуде бір болатын жай* деп қарауға және түсіндіруге тура келетіні товарлардың орташа бағасының олардың құнынан төмен құлдырауы емес — мұның өзі ортақ құбылыс және теңестірудің қажетті алғы шарты, — басқа товарлардан ерекше осы товарлардың орташа бағадан асып түсетін нақ өздерінің құндары бойынша сатылатындығының неліктен екендігі.

Товардың орташа бағасы оның өндіріс шығындарына (жалақы, шикі материал, машиналар немесе басқа бірдеңе формасында болсын бәрібір оған авансыланған капиталға) орташа пайданы қосқандағыға тең болады. Демек, егер [пайданың орташа нормасы берілген] (жоғарыда келтірілген мысалда орташа пайда 20 процент, яғни  $\frac{1}{5}$  болған) болса, онда әрбір товардың орташа бағасы  $K$  (авансыланған капитал) плюс  $\frac{P}{K}$ -ге (пайданың орташа

нормасы) тең болады. Егер  $K + \frac{P}{K}$  осы товардың құнына тең болса, яғни өндірістің осы саласында өндірілген  $M$  қосымша құн  $P$ -ге тең болса, онда товардың құны оның орташа бағасына тең. Егер  $K + \frac{P}{K}$  товардың құнынан кем болса, егер, демек, осы салада өндірілген  $M$  қосымша құн  $P$ -ден көп болса, онда товардың [өткізілген] құны оның орташа бағасына дейін төмендейді де, оның қосымша құнының бір бөлігі басқа товарлардың құнына қосылады.

Ақырында, егер  $K + \frac{P}{K}$  товардың құнынан артық болса, яғни  $M$  егер  $P$ -ден аз болса, онда товардың [өткізілген] құны оның орташа бағасына дейін көтеріледі де, осы товардың [имманентті] құнына өндірістің басқа салаларында өндірілген қосымша құн қосылады.

Ақырында, егер өздерінің құны  $K + \frac{P}{K}$  = ден артық болса да, сол өз құндарына сатылатын товарлар бар болса, немесе [өткізілген] құны ең болмағанда өздерінің қалыпты орта бағасы  $K + \frac{P}{K}$  = ге сайылатындай дәрежеде төмендемейтін товарлар бар болса, онда бұл арада осы товарларға ерекше жағдай жасалуын қамтамасыз ететін айрықша шарттар әрекет етуге тиіс. Бұл жағдайда

өндірістің мұндай салаларында жүзеге асқан пайда жалпы пайда нормасынан жоғары тұрады. Егер капиталист бұл арада жалпы пайда нормасын алса, онда жер меншікшісі жер рентасы формасында қосымша пайда ала алады.

### (7) РОДБЕРТУСТЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫ МЕН ЖЕР РЕНТАСЫ НОРМАСЫН АНЫҚТАЙТЫН ФАКТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕГІ ҚАТЕЛЕРІ

Менің пайда нормасы, процент нормасы және жер рентасы нормасы деп атап отырғанымды Родбертус «*капиталға келетін пайданың жоғарылығы мен қарыз процентінің жоғарылығы*» (113-бет) [және «*жер рентасының жоғарылығы*»] деп атайды.

«Капиталға келетін пайданың жоғарылығы және қарыз процентінің биіктігі олардың капиталға қатынасымен белгіленеді... Цивилизациялы халықтардың бәрінде 100 мөлшеріндегі капитал сомасы өлшем бірлігі деп алынғанда, ол биіктікті есептеп шығару үшін де масштаб болып қызмет етеді. Демек 100-ге төң капиталға келетін пайданың немесе қарыз процентінің шамасын білдіретін относительді сан неғұрлым көп болса, басқаша сөзбен айтқанда, капитал неғұрлым «көп процент» беретін болса, пайда мен қарыз проценті де соғұрлым жоғары болады» (113—114-беттер) [Орысша аудармасы, 305-бет].

«Жер рентасы мен арендау ақысының жоғарылығы олардың сол бір жер учаскесіне қатынасымен белгіленеді» (114-бет) [Орысша аудармасы, 305-бет].

Мұның өзі түкке аспайды. Жер рентасының нормасын ең алдымен капиталға шағып есептеу керек, демек *товар бағасының оны өндіру шығындарынан және бағаның пайданы құрайтын бөлігінен артығы* деп есептеу керек. Родбертус мырза есепті акрлар мен моргендерге шағып жүргізеді; мұндай есептеуде ішкі байланыс жоғалады, ол өзіне [474] кейбір құбылыстарды түсіндіретіндіктен, заттың *сыртқы көрінісін* алады. Акр беретін рента,— бұл рентаның қосындысы, рентаның абсолютті массасы. *Рента нормасы өзгермеген күйі қалған немесе тіпті төмендеген кезде оның артуы мүмкін.*

«Жердің құнының жоғарылығы осы жер учаскесінен алынатын жер рентасының капиталға айналуымен анықталады. Белгілі бір жер учаскесінен алынатын жер рентасының капиталға айналуының беретін капиталдың сомасы неғұрлым көп болса, жердің құны соғұрлым жоғары болады» (114-бет) [Орысша аудармасы, 306-бет].

«Жоғарылығы» деген сөз бұл арада оғаштық. Шын мәнінде бұл сөз қандай қатынасты, неге қатыстылықты білдіреді? 20 процент капиталға айналудан гөрі 10 процент капиталға айналу көбірек сома беретіні анық, бірақ бұл орайда өлшем бірлігі 100 болады. «Жердің құнының жоғарылығы» деген ұғым түгелдей жалпы алғанда товарлық бағалардың жоғары немесе төмен деңгейі деген секілді жалпылама сөз.

Родбертус мырзаның зерттегісі келгені:

*«Капиталға келетін пайданың жоғарылығын және жер рентасының жоғарылығын анықтайтын не болмақ?» (115-бет) [Орысша аудармасы, 308-бет].*

### (а) РОДБЕРТУСТЫҢ БІРІНШІ ҚАҒИДАСЫ]

Алдымен ол *«жалпы алғанда рентаның жоғарылығын»* ненің анықтайтынын, яғни *қосымша құн нормасын* ненің анықтайтынын зерттейді.

«1) Өнімнің берілген құны тұсында, немесе берілген еңбек мөлшерінің өнімі тұсында немесе бұл да соның өзі, берілген ұлттық өнім тұсында жалпы алғанда рентаның жоғарылығы жалақының биіктігіне кері қатынаста және жалпы алғанда еңбек өнімділігінің жоғарылығына тура қатынаста болады. Жалақы неғұрлым төмен болса, рента соғұрлым жоғары; жалпы алғанда еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, жалақы соғұрлым төмен және рента соғұрлым жоғары болады» (115—116-беттер) [Орысша аудармасы, 308—307-беттер].

«Рентаның *«жоғарылығы»*,— қосымша құн нормасы,— дейді Родбертус,— «осы рента үшін қалған бөліктің *шамасына»*, яғни жиынтық өнімнен жалақыны шығарып тастағаннан кейінгі қалатын бөліктің шамасына тәуелді болады; осының өзінде мұнда «өнімнің құнының капиталдың *есесін толтыру* үшін қызмет ететін бөлігі сырт қалдырылуы мүмкін» (117-бет) [Орысша аудармасы, 307-бет].

Бұл дұрыс (мен қосымша құнды көрсетілген тұрғыдан қарастырғанда капиталдың тұрақты бөлігі «сырт қалдырылатынын» айтып отырмын).

Родбертустың төмендегі көзқарасы біршама таңданарлық:

«егер жалақы төмендесе, яғни енді ол өнімнің бүкіл құнының едәуір кемірек үлесін құрайтын болса, *рентаның басқа бөлігі* пайда түрінде соған шағылып есептелуге тиіс *жиынтық капитал* да» {яғни өнеркәсіптік пайда} «азай түседі. Алайда пайда мен жер рентасының *жоғарылығын* капиталға келетін пайдаға немесе жер рентасына айналатын құн мен көрсетілген құн пайда немесе жер рентасы ретінде соған *шағылатын* капитал немесе жер көлемі арасындағы арақатынастың бір өзі ғана белгілейді. Сондықтан, егер жалақы рента үшін көбірек құн қалдыратын болса, онда тіпті *кеміген капитал* мен өзгермей қалатын жер көлемі капиталға келетін пайда мен жер рентасы түрінде көбірек құн есептелуге тиіс; олардың екеуінің де осыдан туындайтын относителді мөлшері көбейе түседі, сөйтіп олардың екеуі қосылып немесе жалпы алғанда рента жоғарылай түседі... Жалпы алғанда өнімнің құны өзгермейді деп ұйғарылады... *Еңбекке жұмсалатын жалақының кемуінің бір өзінен ғана өнімге жұмсалатын еңбек әлі азаймайды»* (117—118-беттер) [Орысша аудармасы, 308-бет].

Соңғысы дұрыс. Бірақ өзгермелі капитал, яғни жалақыға жұмсалатын капитал азайғанда *тұрақты капитал* да міндетті түрде азаюға тиіс деген дұрыс емес; басқаша сөзбен айтқанда, *қосымша құн нормасы* артқандықтан барып *пайда нормасы* {бұл арада қосымша құн мен жер көлемі және т. б. арасындағы арақатынасты мүлдем орынсыз атап көрсетуді сырт қалдырғанда} ар-

туға тиіс деген дұрыс емес. Мәселен, еңбек неғұрлым өнімді бола түссе, осының салдарынан жалақы төмендейді, ал өнімділіктің бұл артуы барлық жағдайда мынадан көрінеді: сол бір уақыттың өзінде сол бір жұмысшының өзі шикі материалды көбірек өңдейді,— демек, тұрақты капиталдың бұл бөлігі арта түседі; нақ осының машиналарға да, олардың құнына да қатысы бар. Сонымен, пайда нормасы жалақы азайған кезде де кемуі мүмкін. *Пайда нормасы қосымша құнның мөлшеріне* тәуелді, ал қосымша құнның мөлшері қосымша құн нормасымен ғана емес, сондай-ақ жұмыс істейтін жұмысшылардың санымен де анықталады.

Родбертус қажетті жалақыны мынаған тең деп дұрыс анықтайды:

*«жұмысшыны асырап-сақтауға қажетті, белгілі бір ел үшін және белгілі бір уақыт кезеңі үшін өнімнің шамамен бірдей, тиянақты бір нақты мөлшері болып табылатын жиынтыққа тең»* (118-бет) [Орысша аудармасы, 308—309-беттер].

[475] Алайда пайда мен жалақының кері қатынасы туралы және бұл қатынасты еңбек өнімділігімен анықтау туралы Рикардо ұсынған қағидаларды Родбертус мырза барынша *шатастырып, жартымсыз, өте-өте дәрменсіз* баяндайды. Бұл жартымсыздық ішінара мынадан шығады: ол жұмыс уақытын өлшем етіп алудың орнына басы жоқ, аяғы жоқ *өнім мөлшерін* алады, сөйтіп *«өнім құнының жоғарылығы»* мен *«өнім құнының шамасы»* арасын ашу үшін оғаш шектеулерді келтіреді.

Біздің сабаз *«өнім құнының жоғарылығы»* дегенді басқа емес өнімнің жұмыс уақытына қатысы деп түсінеді. Егер *сол бір жұмыс* уақыты ішінде көп өнім мөлшері өндірілетін болса, *өнімнің құны*, яғни осы мөлшердің әрбір жеке бөлігінің құны төмен; қарама-қарсы жағдайда істің жайы керісінше болмақ. Егер бір жұмыс күні бастапқыда 100 қадақ, ал кейін 200 қадақ жіп беретін болса, онда екінші жағдайда жіптің құны біріншіден екі есе аз болар еді. Бірінші жағдайда бір қадақ жіптің құны жұмыс күнінің  $\frac{1}{100}$  -іне, екінші жағдайда жұмыс күнінің  $\frac{1}{200}$  -іне тең болар еді. *Өнім құнының жоғары немесе төмен* болғанына қарамастан, яғни өнімде еңбектің аз не көп болғанына қарамастан, жұмысшы өнімнің сол бір мөлшерін алатын болғандықтан, жалақы мен пайда бір-біріне кері қатынаста болады және еңбек өнімділігіне байланысты жалақы жиынтық өнімнің неғұрлым елеулі немесе неғұрлым кем бөлігін құрайды. Родбертус мұны мынадай шатасқан қағидаларда білдіреді:

«...Егер жұмысшыны асырап-сақтау үшін қажетті жалақы өнімнің белгілі бір нақты мөлшері болатын болса, ол өнім құны жоғары болғанда көп құн, ал өнім құны төмен болғанда аз ғана құн болуға тиіс; сондықтан бөлікке түсетін өнімнің құны бірдей деп ұйғарылатындықтан, жалақы өнім-

нің құны жоғары болғанда оның едәуір бөлігін, ал өнімнің құны төмен болғанда оның шағын бөлігін сіңіріп алып, осының нәтижесінде рента үшін өнім құнының едәуір үлесін, немесе тиісінше болмашы үлесін қалдыруға тиіс. Бірақ егер өнімнің құны оған жұмсалған еңбек мөлшеріне тең деген ереже күшінде қалатын болса, өнім құнының жоғарылығын тағы да сол еңбек өнімділігінің өзі ғана немесе өнім массасының оны өндіруге жұмсалған еңбек мөлшеріне қатынасы анықтайды... Егер еңбектің сол бір мөлшері өнімді көбірек өндірсе, басқаша айтқанда, егер өнімділік артатын болса, онда өнімнің сол бір мөлшеріндегі еңбек азырақ болады; және, мұның керісінше, егер еңбектің сол бір мөлшері өнімді азырақ өндірсе, басқаша айтқанда, өнімділік кемісе, онда өнімнің нақ сол бір мөлшерінде еңбек көп болады. Бірақ еңбек мөлшері өнімнің құнын анықтайды, ал өнімнің белгілі бір мөлшерінің относителді құны өнім құнының жоғарылығын анықтайды... Демек, жалпы алғанда еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, жалпы алғанда рента соғұрлым жоғары болуға тиіс» (119—120-беттер) [Орысша аудармасы, 309—310-беттер].

Алайда мұның өзі жұмысшы өндіретін өнім — дәстүрлі түрде болсын не қажеттіліктен болсын — тіршілік заттары ретінде жұмысшылардың тұтынуына енетін өнімдер категориясына жататын жағдайда ғана дұрыс. Егер жұмысшы өндіретін өнім өнімдердің осы категориясына жатпайтын болса, онда жұмысшы еңбегі өнімділігінің жалпы алғанда қосымша құнның шамасы сияқты жалақы мен пайданың относителді биіктігі үшін мүлдем қатысы жоқ. Жұмысшының үлесіне жалақы түрінде [онда] бүкіл өнім құнының сол бір ғана бөлігі келеді, осы құн бөлігі онда білінетін өнім санының немесе өнім мөлшерінің аз не көп болуы бәрібір. Еңбек өнімділігінде қандай өзгерістер болса да, бұл орайда өнім құнын бөлуде ешқандай өзгеріс болмайды.

## [6] РОДБЕРТУСТЫҢ ЕКІНШІ ҚАҒИДАСЫ]

«II) Егер өнімнің белгілі бір құнында жалпы алғанда рентаның жоғарылығы берілген болса, онда жер рентасының жоғарылығы да, тиісінше капиталға келетін пайданың жоғарылығы бір-бірі жөнінде, сондай-ақ шикізат өндіру мен өнеркәсіп бұйымдарын өндіруде тиісінше еңбек өнімділігі жөнінде де кері қатынаста болады. Жер рентасы неғұрлым жоғары не төмен болса, капиталға келетін пайда солғұрлым төмен не жоғары болады және керісінше; шикізат немесе өнеркәсіп бұйымдарын өндіруде еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары не төмен болса, жер рентасы мен капиталға келетін пайда соғұрлым төмен не жоғары болады және демек, капиталға келетін пайда мен жер рентасының орындарын ауыстырсақ, — капиталға келетін пайда немесе жер рентасы соғұрлым жоғары не төмен болады» (116-бет) [Орысша аудармасы, 307-бет].

Әуелде біз (I пунктте) Рикардоның жалақы мен пайда бір-біріне кері қатынаста болады деген қағидасын көрдік.

Енді біз Рикардоның екінші қағидасын — Родбертус басқаша өрген немесе анығын айтқанда шатастырған — пайда мен рента бір-біріне-бірі кері қатынаста болады деген қағидасын көріп отырмыз.

Егер берілген қосымша құн капиталист пен жер меншіктенушінің арасында бөлінетін болса, біреуінің үлесі неғұрлым кем болса, екіншісінің үлесі соғұрлым артық және *vice versa* \* болатыны айдан анық. Бірақ Родбертус мырза бұған өз жанынан да оны-мұны қосқан, сондықтан осы оны-мұныны неғұрлым мұқият айқындау керек.

Ең алдымен Родбертус мырза *жалпы алғанда қосымша құн* {«еңбек өнімінің жалпы алғанда рента түрінде бөлінуге тиісті құны»}, яғни капиталистер сығып алған жиынтық *қосымша құн* «шикі өнімнің құнына өнеркәсіп өнімі құнының қосылуынан тұрады» деген қағиданы ашылған бір жаңалықтай етіп қарастырады (120-бет) [Орысша аудармасы, 310-бет].

Әуелі Родбертус мырза егіншілікте [476] «материалдың құнының жоқтығы жөніндегі өз «жаңалығын» бізге тағы да қайталайды. Бұл жолы ол мынадай сөз тасқыны түрінде беріледі:

«Рентаның өнеркәсіп өніміне келетін және капиталға келетін пайданың ставкасын анықтайтын бөлігі пайда ретінде осы өнімді дайындауға шын мәнінде жұмсалған капиталға ғана емес, сонымен бірге фабриканттың кәсіпкерлік қорында *материалдың құны* ретінде көрінетін шикі өнімнің бүкіл құнына да шағылып есептеледі; бірақ материалдың мұндай құны рентаның шикі өнімге келетін және одан *шикізат өндіруде жұмсалған капиталға келетін*, өнеркәсіпте берілген *пайда ставкасына сәйкес есептелген пайда*» (әрине! пайданың осы ставкасына сәйкес) «шығарып тасталатын бөлігі үшін *болмайды*, ал қалғаны жер рентасын құрайды» (121-бет) [Орысша аудармасы, 311-бет].

Біз: жоқ, болмай қоймайды деп қайталаймыз!

Мұны Родбертус мырза *дәлелдеген жоқ* және өз ойының барысында дәлелдей де алмайды, — *жер рентасы бар* дейік, демек, шикі өнімнің қосымша құнының белгілі бір бөлігі жер меншіктенушіге тиеді деп алайық.

Одан әрі былай дейік,

«өнімнің берілген құны тұсында жалпы алғанда рентаның жоғарылығы да» (*қосымша құн нормасы*) «берілген болсын» (121-бет) [Орысша аудармасы, 310-бет].

Мұның мәнісі, мәселен, құны 100 ф. ст. товарда оның белгілі бір бөлігі, айтайық жартысы, яғни 50 ф. стерлингті ақысы төленбеген еңбек дейік; осы жартысы, демек, қосымша құнның барлық бөлімшелері — рента, пайда және т. б. өтелетін қорды құрайды. Мұндай жағдайда осы 50 ф. стерлингті бөліскенде бөліске қатысушылардың біреуі неғұрлым аз алса, екіншісінің соғұрлым көп алатыны және *vice versa*, немесе пайда мен жер рентасының бір-біріне кері қатынаста болатыны айдан анық. Енді мынадай сұрақ туады: қосымша құнның осы екі бөлікке бөлінуін анықтайтын не?

Қалай болғанда да кәсіпкердің (ол село қожайыны не фабри-

\* — керісінше. Ред.

кант болса да) табысы оның өндірілген өнімді сатудан алған қосымша құнына (бұл қосымша құнды ол өзінің өндіріс саласындағы жұмысшылардан сығып алады) тең болады деген және жер рентасы (өнеркәсіпшіге сатылған құлама суға қатысты жағдайдағы секілді ол өнеркәсіп өнімінен тікелей алынбайтын жерде; соңғының сондай-ақ тұрғын үйлерден және т. б. алынатын рентаға да қатысы бар, өйткені үйлер шикі өнім емес қой) шикі өнімдерде болатын және арендаушы жер меншікшісіне төлейтін үстеме пайданан (қосымша құнның пайданың жалпы нормасына еңбейтін бөлігінен) ғана туындайды деген дұрыс болып қала берді.

Егер шикі өнімнің құны артса [не төмендесе], шикі материалды қолданатын өнеркәсіп салаларында пайда нормасы шикі өнімнің құнына кері қатынаста артатын не төмендейтін болады деген әбден дұрыс. Егер мақтаның құны екі есе артса, онда сол жалақы мен қосымша құнның берілген нормасы тұсында пайда нормасы, менің бұдан бұрын бір нақты мысалда<sup>22</sup> көрсеткенімдей, төмендейтін болады. Бірақ нақ осының өзі егіншілікте де болады. Егер егін нашар шықса, ал өндіріс сол бұрынғы мөлшерде жалғастырылуға тиіс болса (бұл арада біз товарлар өздерінің құндарына сатылады деп аламыз), онда жиынтық өнімнің немесе оның құнының неғұрлым едәуір бөлігі жерге қайтарылуға тиіс болар еді және жалақыны шығарып тастағаннан кейін — жалақы өзгермеген күйі қалатын жағдайда — өнімнің неғұрлым кемірек бөлігі арендаушының қосымша құны болар еді; демек, оны мен жер меншікшісінің арасында бөлінетін құнның азырақ мөлшері қалатын болады. Өнімнің бір өлшемінің бұрынғыдан неғұрлым жоғары құны болатын болса да, дегенмен өнімнің қалған бөлігі ғана емес, сонымен бірге құнның қалатын үлесі де аз болар еді. [Арта түскен] сұранымның салдарынан өнім өзінің құнынан жоғары сатылғанда, осының өзінде енді өнімнің аз мөлшерінің оның бұрынғы көп мөлшерінен гөрі неғұрлым жоғары бағасы болатындай болып жоғары сатылғанда, жағдай бұдан басқаша болады. Алайда мұның өзі өнімдер өзінің құнына сатылады деген өзіміз қабылдаған ұйғарымға қайшы келеді.

Бұған қарама-қарсы жағдай болды деп алайық. Мақтаның түсімі екі есе артты, сөйтіп оның, мәселен, тыңайтқыш пен тұқым түрінде тікелей жерге қайтарылатын бөлігі бұрынғыдан аз тұратын болады. Бұл жағдайда құнның жалақыны шығарып тастағаннан кейін мақта өсірушіде қалатын бөлігі өзінің бұрынғы мөлшерінен артық болады. Пайда нормасы мақта-мата өнеркәсібінде артатыны сияқты мақта шаруашылығында да артар еді. Әрине, бір кез шытта болатын құнның шикі өнімге келетін бөлігі бұрынғысынан енді аз болар еді, ал осы шикізатты өңдеудің құнына келетін бөлігі бұрынғысынан артық болар еді деген дұрыс. Шыттың бір кезіндегі мақтаның құны 1 шиллингке тең болса, шыттың бір



кезі 2 шиллинг тұрады деп ұйғарайық. Егер енді мақтаның бағасы 1 шиллингтен 6 пенске дейін төмендесе (ал мұның өзі мақтаның құны оның бағасына тең болуы мақта шаруашылығы өнімдірек болғандықтан ғана мүмкін болады деп ұйғарған кезде), шытың бір кезінің құны 18 пенске тең болады. Ол  $\frac{1}{4}$ -ге, яғни 25 процентке төмендеді. Бірақ, мақта өсіруші бұрын 100 қадақты 1 шиллингтен сатып келген жерде, енді ол 200 қадақты 6 пенстен сатуға тиіс болады. Бұрын бүкіл мақтаның құны 100 шиллингке тең болатын; ол қазір де 100 шиллингке тең. Бұрын мақта өнім құнының неғұрлым едәуір бөлігін құраса да, мақта өндіруші қадағы 1 шиллинг болатын баға кезінде өзіне 100 шиллинг келтіретін өз мақтасына бұрын 50 кез ғана шыт алатын; енді ол (тіпті егер осымен бір мезгілде мақта шаруашылығында қосымша құн нормасы төмендесе де) мақтаның қадағын 6 пенстен сатқанда өзінің 100 шиллингiне  $66\frac{2}{3}$  кез шыт алады.

Егер товарлар өз құнына сатылады деп ұйғарсақ, өнім өндіруге қатысушы өндірушілердің табысы өнімнің жиынтық құнында олардың өнімдері құнның қандай құрамдас бөліктерін [477] құрайтынына қажетті тәуелділікте болады деген дұрыс емес.

Бір салада жиынтық өнімнің құны 300 ф. ст., екіншісінде 900 ф. ст., үшіншісінде 1 800 ф. ст. екен деп ұйғарайық; бұл орайда машиналарды да қоса түрлі өнеркәсіп товарлары алынады.

Бүкіл өнімнің құны шикі өнімнің құны мен өнеркәсіп өнімінің құны арасында бөлінетін пропорция қосымша құнның — Родбертустың айтуында рентаның — пайда мен жер рентасына бөлінетін пропорциясын анықтайды деген дұрыс болса, онда мұның өзі шикі материал мен өнеркәсіп өнімі әр түрлі пропорцияларда қатысатын әр түрлі өндіріс салаларының өнімдері үшін де дұрыс болуға тиіс болар еді.

Егер 900 ф. ст. құннан өнеркәсіп өніміне 300 ф. ст. және шикі өнімге 600 ф. ст. келетін болса; егер 1 ф. ст. 1 жұмыс күніне тең болса; бұдан әрі, егер қосымша құн нормасы беріліп, ол 12 сағаттық қалыпты жұмыс күнінде 10 сағатқа 2 сағат болса, — онда 300 ф. стерлингте [өнеркәсіп өнімінде] 300 жұмыс күні, ал 600 ф. стерлингте [шикі өнімде] екі есе артық ( $2 \times 300$ ) болады. Қосымша құнның қосындысы бірінші өнімде 600 сағатқа, екіншісінде 1 200 сағатқа тең. Мұның мәнісі мынау ғана — және одан артық ештеңе емес — қосымша құнның берілген нормасы тұсында қосымша құнның шамасы жұмысшылардың санына, яғни бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылардың санына тәуелді деген сөз. Одан әрі егіншілік өнімдерінің құнына енетін қосымша құннан бір бөлігі жер рентасы ретінде жер меншікшісіне тиеді деп ұйғарылғандықтан (бірақ бұл дәлелденбеген), онда одан әрі бұдан шығуға тиіс болатыны, шын мәнінде, жер рентасының шамасы «өнеркәсіп өнімімен» салыстырғанда егіншілік өнімінің құны қандай пропорцияда артса, сондай пропорцияда артады.

Жоғарыда келтірілген мысалда егіншілік өнімінің өнеркәсіп өніміне қатынасы 2:1 яки 600:300 қатынасындай. Енді бұл қатынас 300:600 қатынасына тең деп ұйғарайық. Жер рентасы егіншілік өніміндегі қосымша құнға тәуелді болатындықтан, егер бірінші жағдайда қосымша құн 1 200 сағатқа, ал екінші жағдайда 600 сағатқа ғана тең болса, онда осы қосымша құнның белгілі бір бөлігі болып табылатындықтан, жер рентасы бірінші жағдайда екіншідегіден артық болуға тиіс екені айқын. Басқаша сөзбен айтқанда: егіншілік өнімі бүкіл өнімнің құнында құнның неғұрлым көп бөлігі болса, бүкіл өнімнің қосымша құнының егіншілік өніміне келетін үлесі соғұрлым көп болады, өйткені өнім құнының әрбір бөлігінде қосымша құнның белгілі бір үлесі болады; сондықтан бүкіл өнімнің қосымша құнының егіншілік өніміне келетін үлесі неғұрлым көп болса, жер рентасы соғұрлым көп болады, өйткені жер рентасында егіншілік өнімінің қосымша құнының белгілі бір пропорциялы бөлігі бейнеленген.

Айтайық, жер рентасы егіншілікте өндірілген қосымша құнның  $\frac{1}{10}$  -іне тең болсын; сонда, егер егіншілік өнімінің құны 600 ф. ст. болса (900 ф. ст. жиынтық құнынан), жер рентасы 120 сағатқа тең, ал егер ол 300 ф. ст. болса, 60 сағатқа ғана тең болады. Сөйтіп, жер рентасының шамасы, шын мәнінде егіншілік өнімі құнының шамасымен бірге, ал олай болса өнеркәсіп өнімімен салыстырғандағы егіншілік өнімі құнының относителді шамасымен де бірге өзгерер еді. Бірақ жер рентасы мен пайданың «жоғарылығының», яғни олардың нормасының бұған мүлдем ешқандай қатынасы болмас еді. Бірінші жағдайда өнімнің құны 900 ф. стерлингке тең болып, оның 300 ф. стерлингті өнеркәсіп өнімі және 600 ф. стерлингті егіншілік өнімі болады. Бұл қосындыдан 600 сағат қосымша құн өнеркәсіп өніміне және 1 200 сағат егіншілік өніміне келеді. Барлығы 1 800 сағат. Бұдан жер рентасына 120 сағат, пайдаға 1 680 сағат келеді. Екінші жағдайда өнімнің құны 900 ф. стерлингке тең; оның 600 ф. ст.— өнеркәсіп өнімі және 300 ф. ст.— егіншілік өнімі. Демек, өнеркәсіпке қосымша құн 1 200 сағат, ал егіншілікке 600 сағат келеді. Барлығы 1 800 сағат. Бұл қосындыдан жер рентасына 60 сағат келеді; ал пайдаға өнеркәсіпте 1 200 сағат және егіншілікте 540 сағат, барлығы 1 740 сағат келеді. Екінші жағдайда өнеркәсіп өнімі (құны жөнінен) егіншілік өнімінен екі есе көп, бірінші жағдайда керісінше. Екінші жағдайда жер рентасы 60 сағатқа, біріншісінде — 120 сағатқа тең; ол әншейін егіншілік өнімінің құны қандай пропорцияда артса, сондай пропорцияда артты. Егіншілік өнімнің құны неше есе артса, жер рентасының шамасы да сонша есе артты. Жиынтық қосымша құнға (1 800 сағатқа тең) қатысы жөнінен жер рентасы бірінші жағдайда  $\frac{1}{15}$ , ал екіншіде  $\frac{1}{30}$  болады.

Егер бұл арада құнның егіншілік өніміне келетін бөлігінің шамасымен бірге жер рентасының шамасы да, ал оның осы шамасымен бірге, сондай-ақ оның жиынтық қосымша құндағы пропорциялы үлесі де артса; егер, демек, жер рентасына тиетін қосымша құнның үлесі оның пайдаға тиетін үлесімен салыстырғанда да артатын болса, — онда мұның болатын себебі мынадан ғана: Родбертус жер рентасы егіншілік өнімінің қосымша құнынан өз үлесін белгілі бір пропорция түрінде алады-мыс деп ұйғарады. Бұл факт берілген немесе ұйғарылған екен, ол, әрине, солай болып шығуға тиіс те. Бірақ өздігінен алғанда мұның өзі Родбертус мырза бізге «материалдың құнына» қатысты қайта тартып отырған және мен жоғарыда 476-бетте, оның ең басында келтірген мылжыңынан әсте де келіп шықпайды\*.

Ал жер рентасының жоғарылығына келсек, онда ол жер рентасы содан өз үлесін алатын өнімдегі [бар қосымша құнға] қатынасы жөнінен артпайды да, өйткені бұл қатынас бұрынғысынша  $\frac{1}{10}$  болады. Жер рентасының шамасы осы өнім артатындықтан басырып артады, өйткені жер рентасы «жоғарылығы» өспегеннің өзінде оның шамасы қайткенмен де артатындықтан, [жиынтық] пайданың мөлшерімен немесе бүкіл жиынтық өнімнің құнында [478] осы пайда құрайтын үлеспен салыстырғанда рентаның «жоғарылығы» да артады. Енді рентаны жиынтық өнім құнының неғұрлым едәуір бөлігі келтіреді деп, қосымша құнның неғұрлым едәуір бөлігі рентаға айнала алатын болды деп ұйғарылғандықтан, қосымша құнның рентаға айналған бөлігі, әрине, көбейді. Мұның бәрінің «материалдың құнына» мүлдем ешқандай қатынасы жоқ. Ал Родбертустың:

«көп рента» сонымен бірге «неғұрлым жоғары» да болып шығады, «өйткені осы көбейген жер рентасы соған шағылып есептелетін жер алаңы, немесе моргендердің саны, — өзгермеген күйінде қалды, демек, енді әрбір моргенге құнның көбірек сомасы келетін болды» (122-бет) [Орысша аудармасы, 312-бет], —

деп пайымдауы қисынсыз. Мұның мәнісі — рентаның «жоғарылығын» мәселенің өзінің қиыншылығын орағытып өтетін «масштабтың» көмегімен өлшеу деген сөз.

Бізге жоғарыда келтірілген мысалдың түрін біршама өзгерту керек болар еді — өйткені біз рента дегеннің не екенін әлі білмейміз ғой. Егер біз егіншілік өнімі үшін өнеркәсіп өніміндегі секілді пайда нормасын жер рентасына арналған  $\frac{1}{10}$ -ді ғана қосып қалдыратын болсақ, онда істің жайы басқаша болар еді де, [проблеманы шешу үшін] анығында ненің қажет екені айқынырақ болар еді, өйткені сол белгілі бір пайда нормасының бар екендігі алғы шарт болып отыр ғой.

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 69—70 беттер. Ред.

	Өнеркәсіп өнімі	Егіншілік өнімі	[Қосымша құн және оның бөлінуі]
I	600 ф. ст. [7 200 сағат]	300 ф. ст. [3 600 сағат]	1 200 сағат қосымша құн өнеркәсіпке, 600 сағат егіншілікке тиеді, 60 сағат жер рентасына келеді. Барлығы 1 860 сағат, оның 1 800 сағаты пайда болып табылады.
II	300 ф. ст. [3 600 сағат]	600 ф. ст. [7 200 сағат]	600 сағат қосымша құн өнеркәсіпке, 1 200 сағат егіншілікке тиеді, 120 сағат жер рентасына келеді. Барлығы 1 920 сағат, оның 1 800 сағаты пайда болып табылады.

Жер рентасы II жағдайда I дегіден екі есе артық, өйткені өзі бит секілді болып жабысқан [жиынтық] өнім құнының бөлігі — атап айтқанда, егіншілік өнімі, — бұл арада өнеркәсіп өнімімен салыстырғанда көп. Пайда массасы екі жағдайдың екеуінде де сол 1 800 сағат қалпында қалады. [Жер рентасы] бірінші жағдайда жиынтық қосымша құнның  $\frac{1}{31}$ -і, екіншіде  $\frac{1}{16}$ -і болады.

Егер Родбертус «материалдың құнын» қайткен күнде де тек өнеркәсіптің есебіне ғана жатқызығы келсе, онда ол ең алдымен тұрақты капиталдың машиналардан және т. б. тұратын бөлігін тек қана егіншілікке аударуға тиіс болар еді. Капиталдың бұл бөлігі егіншілікке енгенде оған өнеркәсіп жеткізіп берген өнім, «шикі өнімді» өсіріп шығаруға арналған өндіріс құралы болып қызмет ететін «өнеркәсіп өнімі» болып өнеді.

Өнеркәсіпті алсақ, онда машиналар құнының «шикі материалдан» тұратын бөлігі өнеркәсіпке «шикізат» немесе «материалдың құны» деген атаумен *енгізіліп* қойылған, өйткені бұл арада әңгіме екі фирма арасында есеп айырысу туралы болып отыр. Бұл бөлік, демек, екі рет жазуға келмейді. Өнеркәсіпте қолданылатын *машиналар құнының* енді бір бөлігі қосылған бұрынғы және қазіргі «өнеркәсіп еңбегінен» тұрады, ал бұл соңғысы жалақы мен пайда болып (ақысы төленген еңбек және ақысы төленбеген еңбек) бөлінеді. Сөйтіп капиталдың мұнда авансыланған бөлігі (оның машиналардың шикі материалында болатын бөлігінен басқасы) [солай болып көріне алатынындай] жалақыдан ғана тұрады, демек авансыланған капиталдың сомасын ғана емес, осы авансыланған капиталға шағылуға тиісті қосымша құн массасын да арттырады, — олай болса пайданы арттырады.

(Осы тектес есептесуде жіберілетін қате әр уақытта мына [бір жайды түсінбеуде]: мәселен, машинаның өзінде, оның құнында болатын машиналардың немесе аспаптардың тозуын түптеп келгенде *еңбекке* — ол мейлі шикі материалдағы еңбек бол-

сын немесе шикі материалды машинаға айналдырған және т. б. еңбек болсын бәрібір — сайылуы мүмкін болғанымен, сонда да бұл *өткендегі еңбек* енді қайтып пайдаға да, жалақыға да ешқашан кірмейді, — ұдайы өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты өзгермегендіктен — өндірілген өндіріс шарты болып қана қызмет етеді; осы өндіріс шартының еңбек процесіндегі тұтыну құны қандай болса да, ол құн құрау процесінде тұрақты капиталдың құны ретінде ғана көрінеді. Мұның өзі өте маңызды және тұрақты капитал мен табысты айырбастау туралы мәселені зерттегенде-ақ мөң оны анықтағанмын \*. Бірақ, бұған қоса, оны капиталдың қорлануы туралы бөлімде тағы да неғұрлым мұқият дамыту керек.)

Ал, мұның керісінше, егіншілікті, яғни шикізат өндірудің әншейін өзін, немесе өндірістің бастапқы саласы деп аталатынды алсақ, онда «*өндірістің бастапқы саласы*» фирмасы мен «*өңдеуші өнеркәсіп*» фирмасы арасындағы өзара есеп айырысуда капитал құнының егіншілікке енетін, машиналар, құрал-жабдықтар және т. б. болып табылатын бөлігі, тұрақты капиталдың бөлігі болып табылатын осы бөлік, егіншілік капиталына кіргенімен, оның өндіретін қосымша құнын арттырмайтын статья ретінде қарастырылмайынша, басқадай қарастыруға әсте келмейді. Егер егіншілік еңбегі, машиналарды және т. б. қолданудың нәтижесінде өнімдірек болатын болса, онда оның өнімділігінің артуы осы машиналардың және т. б. бағасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым аз болады. Машиналардың құны емес, олардың тұтыну құны — егіншілік еңбегінің де, сондай-ақ басқа да еңбек атаулының бәрінің өнімділігін арттыратын міне осы. Бұған қоса, нақ осылай өнеркәсіп еңбегінің өнімділігі ең алдымен шикізат пен оның қасиеттерінің болуына байланысты деуге болар еді. Бірақ мұнда да өнеркәсіп үшін өндірістің шарты болып табылатын шикізаттың құны емес, оның тағы да сол тұтыну құны. Құн одан гөрі қайта оның теріс жағын білдіреді. Демек, Родбертус мырзаның өнеркәсіп капиталына қатысты «материалдың құны» туралы айтқанының нақ өзінің [егіншілікте қолданылатын] машиналарға [479] және т. б. *mutatis mutandis* \*\* қатысы бар:

«Мәселен, бидай немесе мақта секілді ерекше өнімге жұмсалған еңбекке машиналар ретінде соқаның немесе джиннің \*\*\* үлесіне келетін еңбек шығыны (сондай-ақ су ағызатын арыққа немесе атқора салуға келетін еңбек шығындары) кіре алмайды. «Мұның керісінше, машинаның құны немесе машиналық құн шикі өнімге келетін рента бөлігін иесі пайда ретінде соған шағатын капитал сомасының құрамында қайткенде де болады» (салыстырыңыз: Родбертуста 97-бетте) [Орысша аудармасы, 298-бет]<sup>23</sup>.

Басқа сөзбен айтқанда: бидай мен мақтаның құнының тозған соқаның немесе джиннің құны болып табылатын бөлігі жер жырт-

\* — Қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 213—220-беттер. *Ред.*

\*\* — тиісті өзгерістермен. *Ред.*

\*\*\* — мақта тазалайтын машина. *Ред.*

қан немесе мақтаның талшығын оның тұқымынан тазартқан еңбектің нәтижесі емес, соқаны немесе джинді жасаған еңбектің нәтижесі. Құнның бұл құрамдас бөлігі егіншілікте өндірілмесе де, егіншілік өніміне кіреді. Ол үшін егіншілік аралық саты ғана, өйткені құнның осы бөлігі арқылы егіншілік тозған соқалар мен джиндердің есесіне машина жасаушыдан олардың жаңаларын сатып алады.

Егіншілікте қолданылатын бұл машиналар, құралдар, құрылыстар мен басқа да өнеркәсіп өнімдері екі бөліктен: 1) осы өнеркәсіп өнімдеріне арналған шикізаттан [және 2) шикізатқа жұмсалған еңбектен] тұрады.

Бұл шикізат егіншілік өнімі болғанымен, әйтсе де ол егіншілік өнімінің жалақыға да, пайдаға да ешқашан кірмейтін бөлігі болып табылады. Тіпті егер егіншілікте ешқандай капиталистер болмаса да, сонда да егінші оз өнімінің бұл бөлігін жалақы ретінде өз есебіне бұрынғыдай жаза алмас еді. Шын мәнінде ол мұны фабрикант оған машина жасап беруі үшін машина фабрикантына *тегін* беруге тиіс болар еді және мұның үстіне, осы шикізатқа қосылған еңбек үшін (=жалақы+пайда) төлеуге тиіс болар еді. Шынында мұның өзі осылай болады да. Машина жасаушы шикізат сатып алады, бірақ село қожайыны машинаны сатып алған кезде сол шикізатты қайта сатып алуына тура келеді. Демек, мұның өзі село қожайыны машина жасаушыға ештеңе сатпай, шикізатты машина түріне келтіретіндей машина жасаушыға қарызға бергенімен бірдей. Сөйтіп *егіншілікте* қолданылатын машиналар құнының шикізатқа сайылатын бөлігі — ол егіншілік еңбегінің өнімі және осы еңбек жасаған құнның бір бөлігі болып табылғанымен — қалайда өндірушіге емес, өндіріске тиесілі, осы себептен де өндірушіде ол тұқым секілді оның шығындарының қатарында болады. Машиналарға жұмсалған өнеркәсіп еңбегі болып табылатын енді бір бөлігі — «өнеркәсіп өнімі»; шикізат өндіріс құралы болып өңдеуші өнеркәсіпке қалай еңсе, ол нақ солай егіншілікке өндіріс құралы болып енеді.

Сонымен, «шикізат өндірісі» фирмасы «өңдеуші өнеркәсіп» фирмасына фабриканттың капиталының сомасына жеке статья болып кіретін «материал құнын» жеткізіп береді деген дұрыс болса, онда төмендегінің дұрыстығы да одан кем емес: «өңдеуші өнеркәсіп» фирмасы «шикізат өндірісі» фирмасына фермердің капиталының сомасына түгелдей кіретін (*шикізаттан тұратын бөлігін қоса*) машиналардың құнын жеткізіп береді, дегенмен «құнның бұл құрамдас бөлігі» фермерге қосымша құн келтірмейді. Нақ осы себепті, ағылшындардың осылай атайтынындай *high agriculture* \* мұнда қосымша құн нормасы жоғары болса да, қарадүрсін егіншіліктегіден пайда нормасы неғұрлым төмен *болып шығады*.

\* — жетілдірілген егіншілікте, интенсивті егіншілікте. *Ред.*

Осымен бір мезгілде Родбертус мырза *капиталдың жұмсалыу* мәні үшін өнім құнының тұрақты капиталға жұмсалатын бөлігі *in natura* есесі өтеліп, товар ретінде, ақшадай құн ретінде ғана есепке алына ма не ол шын мәнінде алынып, сатып алу мен сату процесінен өтті ме мұны бәрібір екендігінің ғажап бір дәлелін осы арада ала алар еді. Егер, мәселен, шикізат өндіруші машина жасаушыға одан сатып алатын машинасында болатын темірді, мысты, ағашты және т. б. бергенде, машина жасаушы оған машинаны сатқанда қосылған еңбек пен өз машинасының тозуын сұрайтын болып тегін берсе, онда сатып алынатын машина село қожайынына қазір қаншаға түсіп тұрса, нақ сондай сомаға түсер еді және *құнның* нақ сол *құрамдас* бөлігі оның өндірісінде тұрақты капитал, жұмсалған шығын болар еді,— мұның өзі шаруа өзінің егін өнімін түгел сатып, оның құнының тұқымға (шикі материал) келетін бөлігіне — айтайық, соншалық пайдалы болып шығатын тұқым сортын ауыстыру үшін, сөйтіп сол бір сортты ылғи өсіре беріп жерін құнарсыздандырып алмау үшін — сырттан тұқым ала ма, не болмаса ол өзінің өнімінен құнның осы құрамдас бөлігі болатын үлесті тікелей алып қалып, оны жерге қайтара ма, мұның мүлдем бәрібір болатыны секілді.

Бірақ Родбертус мырза өз есебін құрастыру үшін тұрақты капиталдың машиналардан тұратын бөлігін теріс сипаттайды.

Родбертус мырзаның екінші қағидасын талдаған кезде қарастырылуға тиісті екінші пункт мынада:

Родбертус мырзада *табыс* солардан тұратын өнеркәсіп және егіншілік өнімдері туралы сөз болады, ал мұның өзі *жиынтық жылдық өнім* солардан тұратын өнеркәсіп және егіншілік өнімдерінен мүлдем басқа деген сөз. Жылдық жиынтық өнімге қатысты бұл өнімнен егіншілік капиталының машиналардан және т. б. [480] тұратын бүкіл бөлігі, сондай-ақ егіншілік өнімінің егіншілік өндіріске тікелей қайтарылатын бөлігі алынып тасталғаннан кейін,— осы екі бөлік те алынғаннан кейін *қосымша құнның* фермер мен өнеркәсіпші арасында бөлінуі (ал олай болса, фермерге тиетін қосымша құнның фермер мен жер меншікшісі арасында бөлінуі) өнеркәсіп пен егіншіліктің өнімдердің жиынтық құнындағы үлестерінің *шамасымен* анықталуға тиіс деп айту тіпті дұрыс болатын болса; осының бәрі тіпті дұрыс болғанның өзінде осының өзі *табыстың қоғамдық қорын* құрайтын өнімдер туралы сөз болғанда дұрыс бола ма деген сұрақтың өзі әлі үлкен сұрақ. Табыс (бұл арада оның, өз кезегінде *жаңа* капиталға айналатын бөлігі шығарып тасталады) жеке-дара тұтынуға енетін өнімдерден тұрады, нақ осы арадан келіп бұл ортақ қазаннан өнеркәсіпшілер, фермерлер мен жер меншікшілері қаншадан үлес алады деген сұрау туады. Бұл бөліктердің әрқайсысы табысты құрайтын өнімдердің *құнында* өнеркәсіп пен шикізат өндірісі құрайтын үлестермен анықтала ма? Басқа сөзбен айтқанда, мұның өзі та-

бысты құрайтын бүкіл өнімнің құнының егіншілік еңбегі мен өнеркәсіп еңбегі арасында бөлінетін үлестерімен анықтала ма?

Табыс содан тұратын өнімдер массасы, менің ілгеріде көрсеткенімдей \* өндіріске еңбек құралдары (машиналар), көмекші материалдар, жартылай фабрикалар және осы соңғыларға арналған шикізат ретінде еніп, еңбектің жылдық өнімінің бір бөлігін құрайтын өнімдердің бәрін шығарып тастайды. Ол шикізат өндірісінде қолданылатын *тұрақты капиталды* ғана емес, сонымен бірге машина жасаушылардың *тұрақты капиталын* да, фермерлер мен [өнеркәсіп] капиталистерінің еңбек процесіне кіргенмен, құн құрау процесіне *енбейтін* бүкіл *тұрақты капиталын* да шығарып тастайды. Содан кейін ол *тұрақты капиталды* ғана емес, сонымен бірге өздерін өндірушілердің *табысы* болып табылатын және жұмсалған *тұрақты капиталдың* есесін толтыру үшін табыс ретінде тұтынылатын өнімді өндірушілердің капиталына енетін жөкелей тұтынуға *енбейтін* өнімдерді де шығарып тастайды.

Табыс ретінде тұтынылатын және іс жүзінде байлықтың өзінің *тұтыну құны* жөнінен де, сондай-ақ *айырбас құны* жөнінен де табыс болып табылатын бөлігін құрайтын *өнімдер массасы*,— осы өнімдер массасын, менің ілгеріде көрсеткенімдей \*\* *жаңадан қосылған* (жыл ішінде) *еңбектен* ғана тұрады деп қарастыруға болады, осы себепті де ол *тек* табысқа, яғни жалақы мен пайдаға сайылады (соңғысы өз кезегінде [капиталисте қалатын] *пайдаға, рентаға салықтарға* және т. б. бөлінеді), осының өзінде осы массаның бірде-бір бөлшегінде өндіріске кіретін шикізаттың да, өндіріске кіретін машиналардың немесе жалпы алғанда еңбек құралдарының тозуының да құны болмайды. Олай болса, егер біз (табыстың туынды формаларын мүлдем елемейміз, өйткені олар табыстың иесінің көрсетілген өнімдер массасындағы өз үлесін көрсетілген қызмет және т. б. үшін болсын не борышын т. б. төлеу үшін болсын беретінін ғана көрсетеді) осы табысты қарастырып, жалақы табыстың  $\frac{1}{3}$ -і, пайда  $\frac{1}{3}$ -і және рента  $\frac{1}{3}$ -і деп, ал өнім өзінің құны жөнінен 90 ф. стерлингке тең деп ұйғарсақ, онда табыстың түрлері өкілдерінің әрқайсысы жалпы массада 30 ф. стерлингтің өнімін ала алады.

Табысты құрайтын өнімдердің массасы *жаңадан қосылған* (жыл ішінде қосылған) еңбектен ғана тұратындықтан, істің мәнісі өте қарапайым болып көрінеді: егер егіншілік еңбегі өнімдердің осы массасына  $\frac{2}{3}$  мөлшерінде, ал өнеркәсіп еңбегі  $\frac{1}{3}$  мөлшерінде енетін болса, онда өнеркәсіпшілер мен село қожайындары берілген құнды осы қатынасқа сәйкес өзара бөлісетіндей болып көрінеді. Көрсетілген өнімдер массасы құнының үштен бірі өнеркәсіпшілердің үлесіне, үштен екісі село қожайындарының үлесіне

\* — Қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 213—220-беттер. *Ред.*

\*\* — Қараңыз: бұл да сонда, 204—213-беттер. *Ред.*



келер еді, сөйтіп өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында жүзеге асырылған қосымша құнның пропорциялы шамасы (екеуінде де қосымша құн нормасы бірдей деп ұйғарғанда) өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жиынтық өнімнің құнындағы үлестеріне сәйкес келер еді; ал жер рентасы болса, рента соған биттей болып жабысқан фермер табысының массасы қалай артса, соған сәйкес артар еді. Сонда да болса мәселені бұлай пайымдау дұрыс емес. Істің мәні мынада: құнның егіншілік еңбегінің [өнімдерінен] тұратын бір бөлігі негізгі капиталдың егіншілікте тозған бөлігінің есесін толтыратын негізгі капиталды өндіретін фабриканттардың табысын құрайды. Сөйтіп, табысты құрайтын өнімдер құнының құрамдас бөліктері ретіндегі егіншілік және өнеркәсіп еңбегі арасындағы арақатынас табысты құрайтын өнімдер массасы құнының немесе осы өнімдер массасының өзінің өнеркәсіпшілер мен фермерлер арасында бөлінетін пропорциясын әсте көрсетпейді, сондай-ақ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жиынтық өндіріске қатынасатын арақатынасты да көрсетпейді.

*Родбертус* одан әрі былай дейді:

«Бірақ айналып келгенде шикі өнім мен өнеркәсіп өнімі құндарының тиісінше жоғарылығын немесе олардың бүкіл өнімнің жалпы құнындағы құрайтын үлестерін де шикізат өндіру мен өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі ғана анықтайды. Шикізат өндірісінде еңбек өнімділігі неғұрлым төмен болса, шикі өнімнің құны соғұрлым жоғары болады және керісінше. Нақ осы секілді өнеркәсіп еңбегінің өнімділігі неғұрлым төмен болса, өнеркәсіп өнімінің құны да соғұрлым жоғары болады және керісінше. Осы себепті, егер бізге жалпы алғанда рентаның жоғарылығы берілген болса, онда, шикі өнімнің жоғары құны жер рентасының жоғары және капиталға келетін пайданың төмен болуына себепші болатындықтан, ал өнеркәсіп өнімінің құны жоғары болуы капиталға келетін пайданың жоғары және жер рентасының төмен болуына себепші болатындықтан, — жер рентасының биіктігі мен капиталға келетін пайданың биіктігі тек бір-біріне қатысты ғана емес, сонымен бірге тиісті еңбектің, яғни шикізат өндірудегі еңбек пен өнеркәсіптегі еңбектің өнімділігіне де кері қатынаста болуға тиіс» (123-бет) [Орысша аудармасы, 312—313-беттер].

Егер өндірістің *эр түрлі* екі саласындағы өнімділікті салыстыратын болсақ, мұны относителді мағынада ғана істеуге болады. Мұның мәнісі: бастама пункт ретінде, мәселен, кенеп пен матаның құндары — демек, олардағы бар жұмыс уақытының салыстырмалы мөлшерлері — 1-дің 3-ке қатынасындай болып келетін кез келген пункт алынады. Егер бұл қатынас өзгерсе, еңбектің осы әр қилы түрлерінің өнімділігі өзгерді деу дұрыс болады. Бірақ алтынның бір унциясын [481] өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты 3-ке тең, ал бір тонна темір өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты да 3-ке тең деген негізде темір өндірісіне қарағанда алтын өндірісінің «өнімділігі кем» деу дұрыс болмайды.

Екі товардың құндық арақатынасы біреуінің екіншісіне қарағанда жұмыс уақыты көп жұмсалып өндірілетінін көрсетеді; алайда осыны негізге алып өндірістің бір саласы екіншісінен

гөрі «өнімдірек» деуге болмайды. Мұның өзі тек жұмыс уақыты екі жағдайда да *сол бір* тұтыну құндарының өздерін өндіруге жұмсалғанда ғана дұрыс болар еді.

Демек, егер шикі өнімнің құны өнеркәсіп өнімінің құнына 3-тің 1-ге қатынасындай болса, бұдан өнеркәсіп егіншіліктен гөрі үш есе өнімдірек деген әсте келіп шықпайды. Егер осы қатынас өзгеріп, мәселен 4:1 немесе 3:2 не 2:1 және т. б. болған жағдайда ғана бұл екі саладағы относителді өнімділік өзгерді деуге болар еді. Демек, бұлай деп өнімділік артқан не төмендеген жағдайда ғана айтуға болады.

### [B] РОДБЕРТУСТЫҢ ҮШІНШІ ҚАҒИДАСЫ]

«III) *Капиталға келетін пайданың жоғарылығы жалпы алғанда тек қана өнім құнының жоғарылығымен және ішінара шикі өнім мен өнеркәсіп өнімі құнының жоғарылығымен, немесе жалпы алғанда еңбек пен ішінара шикізат өндіру мен өнеркәсіптегі еңбектің өнімділік дәрежесімен анықталады; жер рентасының жоғарылығы бұған қоса сондай-ақ өнім құнының шамасына да, яғни өнімділіктің осы дәрежесі тұсындағы өндірісте қолданылатын еңбектің мөлшеріне немесе өндіргіш күшіне тәуелді*» (116—117-беттер) [Орысша аудармасы, 307-бет].

Басқа сөзбен айтқанда: *пайда нормасы* тек қана *қосымша құн нормасына* тәуелді, ал соңғысы тек қана *еңбек өнімділігімен* анықталады, бұған керісінше, *жер рентасының нормасы* сонымен бірге еңбектің сол өнімділігі тұсындағы қолданылатын еңбектің *массасына* (жұмысшылардың санына) да тәуелді.

Бұл пайымдауда қанша сөз болса сонша дерлік қате де бар. Біріншіден, *пайда нормасы* әсте де жалғыз *қосымша құн нормасымен* анықталмайды, бұл туралы біз қазір айтамыз. Бірақ ең алдымен *қосымша құн нормасы* тек қана еңбек өнімділігіне байланысты болады-мыс деген дұрыс емес. Еңбектің *белгілі бір өнімділігі* тұсында *қосымша құн нормасы қосымша жұмыс уақытының ұзақтығына* тәуелді өзгеріп отырады. Демек, *қосымша құн нормасы* тек еңбек өнімділігіне ғана емес, сондай-ақ қолданылған еңбектің *мөлшеріне* де байланысты болады, өйткені бұл орайда *ақы төленген* еңбек мөлшері өспей-ақ, яғни капиталдың жалақыға жұмсалатын бөлегі көбеймей-ақ, *ақы төленбеген* еңбектің мөлшері (өнімділік өзгермеген жағдайдың өзінде) көбейе алады. Егер еңбек, ең болмағанда, жұмысшының өзін өзі қалпына келтіруіне қажет уақытты жұмыс күнінен шығарып тастағанның өзінде де, *қосымша жұмыс уақыты* қалатындай оншама өнімді болмаса, абсолютті *қосымша құнның* да, относителді *қосымша құнның* да (ал Родбертус Рикардоға еріп, тек соңғысын ғана біледі) болуы мүмкін емес. Бірақ *қосымша жұмыс уақыты* бар деп ұйғарылған екен, онда — *өнімділіктің белгілі бір минимумы тұсында* — *қосымша жұмыс уақыты ұзақтығының өзгеруімен* бірге *қосымша құн нормасы* өзгеріп отырады.

Олай болса, *біріншіден*, пайда нормасы немесе «капиталға келетін пайданың жоғарылығы»,— өйткені мұның қосымша құн нормасына әсері болады делінгендіктен,— капитал қанайтын еңбек өнімділігі арқылы ғана анықталады деген *дұрыс емес. Екіншіден*, белгілі бір еңбек өнімділігі тұсында жұмыс күні ұзақтығының өзгеруіне байланысты өзгертін, ал берілген нақтылы жұмыс күні тұсында *еңбек өнімділігіне* байланысты өзгертін қосымша құн нормасын *күні бұрын берілген* деп ұйғаралық. Онда *қосымша құнның* өзі әрбір жұмыс күнінен белгілі бір мөлшерде қосымша құн сығылып алынатын жұмысшылардың *санына* байланысты әр түрлі болады, басқаша айтқанда — жалақыға жұмсалатын өзгермелі капиталдың *шамасына* байланысты әр түрлі болады. Бірақ *пайда нормасы осы қосымша құнның* өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың қосындысына қатынасына байланысты болады. *Қосымша құн нормасы* белгілі болғанда *қосымша құнның шамасы*, әрине, өзгермелі капиталдың шамасына байланысты, бірақ *пайданың жоғарылығы*, яғни *пайда нормасы* осы қосымша құнның авансыланған капиталдың жиынтығына қатынасына тәуелді. Демек, бұл арада пайда нормасы, әрине, шикізаттың (егер өнеркәсіптің осы саласында шикізат қолданылатын болса) бағасы мен белгілі дәрежеде тиімді машинаның құны арқылы анықталады.

Сондықтан Родбертустың төмендегіше пайымдауы түп-тамырымен қате:

«*Өнім құнының артуы* нәтижесінде капиталға шаққандағы пайда жиынтығы арта түсетін пропорцияның нақ өзінде, олай болса, капиталдың пайда есептеліп шығарылатын жиынтық құны да арта түседі, сөйтіп пайда мен капитал арасындағы бұрынғы пропорция капиталға шаққандағы пайданың осылайша арта түсуінің салдарынан мүлде өзгермей қалады» (125-бет) [Орысша аудармасы, 314-бет].

Егер бұл пайымдау мынадай *тавтологияны*: *белгілі бір пайда нормасы* тұсында {ал пайда нормасының қосымша құн нормасынан да, қосымша құнның өзінен де айырмашылығы едәуір} *қолданылатын капиталдың шамасы*, атап айтқанда, пайда нормасының *тұрақты* деп жорамалданатындығы себепті *ескерілмейді* деген тавтологияны білдірген жағдайда ғана дұрыс болады. Ал жалпы алғанда пайда нормасы еңбек *өнімділігінің тұрақты* болып қала беретіндігіне қарамастан арта түсуі мүмкін немесе еңбек өнімділігінің арта түскеніне және оның үстіне әрбір салада арта түскеніне қарамастан *құлдырай* беруі мүмкін.

Ал содан соң тағы да жер рентасына қатысты қолапайсыз фокус пайда болады (125—126-беттер) [Орысша аудармасы, 314—315-беттер], жер рентасының қарапайым өсуі оның нормасынан асып түседі-міс, өйткені ол әрбір елде «өзгермейтін моргендер санына» шағып есептеледі (126-бет) [Орысша аудармасы, 315-бет]. Егер пайда массасы (пайда нормасы белгілі болғанда) өсе-

тін болса, пайда содан алынатын капитал *массасы* да ұлғаяды; ал егер жер рентасы өсетін болса, рентаның көлемі, «моргендер саны» сол күйінде өзгермей қалған кезде де, тек бір фактор — рентаның өзі ғана өзгереді-міс.

[482] «Сондықтан қоғамның экономикалық дамуы барысында барлық жерлерде пайда болатын себептің салдарынан, — өндірісте қолданылатын еңбектің артуы салдарынан, басқаша айтқанда, *халық санының артып, шикі өнім құнының онымен бір мезгілде көтерілмеуі салдарынан жер рентасының ұлғая түсуі мүмкін, өйткені жер рентасының көп мөлшердегі шикі өнімнен алынатын жағдайының нәтижесі де осындай болуға тиіс*» (127-бет) [Орысша аудармасы, 315—316-беттер].

*128-бетте* Родбертус мынандай таң қаларлық жаңалық ашады: шикі өнім бағасы өзінің қалыпты құнынан *төмен* құлдырауының салдарынан жер рентасы мүлдем жойылып кеткен жағдайдың өзінде де,

*«капиталға шаққандағы пайда әйтеуір бір кезде 100 процент құрай алуы (оның бер жағында товар нақ өз құны бойынша сатылатын жағдайдың өзінде) мүмкін болмас еді; «пайда қаншалықты жоғары болса да, ол әрқашан да едәуір аз болуға тиіс»* (128-бет) [Орысша аудармасы, 316-бет].

Ал бұл неліктен?

«Өйткені ол» (капиталға шаққандағы пайда) «тек қана өнім құнының бөлінуі нәтижесінде алынады. Сондықтан пайда әрқашан да осы өлшем бірлігінің *бөлшектелген* бөлегін ғана құрай алады» (127—128-беттер) [Орысша аудармасы, 316-бет].

Мұның өзі, Родбертус мырза, түп-түгелімен *Сіздің* есептеп шығару әдісіңізге байланысты.

Авансыланған тұрақты капитал 100-ге тең, авансыланған жа-лақы 50-ге тең, ал осы 50-ге қоса артылып қалған еңбек өнімі 150 құрайды дейік. Онда біз мынадай есепке ие болған болар едік:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Құн	Өндіріс шығыны	Пайда
100	50	150	300	150	150, яғни 100 процент

Осындай жағдайдың мүмкін болуы үшін бір-ақ нәрсе — жұмысшы жұмыс күнінің  $\frac{3}{4}$  бөлігінде өз қожайынына жұмыс істейді, яғни жұмысшының өзін өзі қалпына келтіруіне жұмыс күнінің төрттен бір бөлігі жеткілікті деп жорамалдау ғана талап өтіледі. Әрине, Родбертус мырза 300-ге тең өнім құнын тұтас бір нәрсе деп алса, егер ол ондағы өндіріс шығынынан артылып қалғанды бөліп көрсетпей, қайта: бұл өнім капиталист пен жұмысшылар арасында бөлінуге тиіс дейтін болса, — онда капиталистке тиетін үлес, егер ол тіпті бүкіл өнімнің  $\frac{999}{1000}$  бөлігіне тең болған

жағдайда да, шынында да, осы өнімнің тек бір бөлігі бола алады. Бірақ бұлай есептеу қате немесе, кем дегенде, барлық жағынан дерлік нәтижесіз болады. Қайсыбіреу 150 жұмсап, 300 алса, онда ол әдетте, өзі 150-ді 300-ге шағып есептемесе (оны 150-ге шағып есептеудің орнына), 50 процент пайда алдым деп айтпайды.

Жоғарыда келтірілген мысалда жұмысшы 12 сағат: өзі үшін 3 сағат, капиталист үшін 9 сағат жұмыс істеді делік. Одан соң, оны 15 сағат жұмыс істейді делік: демеқ, ол өзі үшін 3 сағат, ал капиталист үшін 12 сағат жұмыс істейді. Өндірістері бұрынғы [өндіріс құрал-жабдықтары мен нақты еңбек мөлшері арасындағы] арақатынасқа сәйкес тұрақты капиталға қосымша шығын 25 (шынына келгенде бұдан азырақ, өйткені машиналарға жұмсала-тын шығын еңбек мөлшері қандай қатынаста артатын болса, нақ сол қатынаста артпайды) қосылуға тиіс болар еді. Сонымен:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Құн	Өндіріс шығыны	Пайда
125	50	200	375	175	200, яғни 114 <sup>2</sup> / <sub>7</sub> процент

Бұдан кейін Родбертус тағы да бізге өзінің «жер рентасы шексіз» есе береді деген пайымдауларын ұсынады, өйткені ол, біріншіден, жер рентасы шамасының жай ғана арта түсуін оның жоғарылауы деп ұғады, яғни ол жер рентасының нақ сол нормасының өзі өнімдердің көп мөлшерімен төленетін ретте де оны жоғарылау дейді. Одан соң, мұның себебі — ол рентаны көлем ретінде «моргенге» шағып есептейді, — мұның өзі өзара мүлдем ортақтығы жоқ екі нәрсе.

\* \* \*

Келесі пункттерді мүлде қысқаша атап өтуге болады, өйткені олардың менің міндетіме ешқандай қатысы жоқ.

«Жер құны» дегеніміз «капиталдандырылған жер рентасы». Оның осы ақшалай көрінісі үшін үстем болып отырған проценттік ставканың жоғарылығының анықтаушы мәні болатындығы сондықтан, 4 проценттен капиталдандырғанда жер рентасы 25-ке көбейтілуге тиіс, өйткені 100 деп алғанда 4 процент —  $\frac{1}{25}$ ; 5 проценттен капиталдандырғанда — 20-ға көбейтіледі, өйткені 100-ден алғанда 5 процент =  $\frac{1}{20}$ . Жер құнында бұл 20 процент айырма құрар еді (131-бет). Тіпті ақшаның құны төмендеуі салдарынан жер рентасы, ал осы себепті жердің құны да номинал тұрғыдан артқан болар еді, өйткені бұл арада капитал жөнінде орын алатын нәрсе жоқ дейді. Қарыз проценті немесе пайда ақшаның көп мөлшерімен белгіленетін жағдайда, мұнымен бір мезгілде өзінің ақшалай көрінісі жағынан капитал да бірдей мөлшерде арта тү-

седі. Керісінше, ақшаның көп мөлшерімен белгіленген жер рента-сы «жер учаскесі мөргендерінің өзгермейтін мөлшеріне» бөлінуге тиіс дейді (132-бет).

Родбертус мырза Европаның экономикалық дамуы жөніндегі өзінің асқан данагөйлігін былайша қорытады:

1) «...Европалық ұлттардың жалпы еңбек өнімділігі — шикізат өндірісі мен өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі — артты... Осының салдарынан ұлттық өнімнің жалақыға жұмсалатын үлесі азайды да, рента ретінде қалатын үлесі көбейді... Демек, *жалпы алғанда рента артты*» (138—139-беттер) [Орысша аудармасы, 322—323-беттер].

2) «...Шикізат өндірісіне қарағанда, өнеркәсіпте өнімділік *көп дәрежеде* артты... Осының салдарынан қазіргі уақытта ұлттық өнім құнының шамасы тең болғанда рентаның шикі өнімге келетін үлесі өнеркәсіп өніміне келетін үлесінен көп болып отыр; демек, жалпы алғанда рентаның артқанына қарамастан, дегенмен де тек *жер рентасы* ғана артты, ал *капиталдан алынатын пайда, керісінше, төмендеп кетті*» (139-бет) [Орысша аудармасы, 323-бет].

Сонымен, бұл арада, дәл Рикардо сияқты, Родбертус мырза да жер рентасының артуы мен пайда нормасының төмендеуін бірінен бірін шығарып түсіндіреді; біреуінің төмендеуі екіншісінің артуымен бірдей, ал жер рентасының артуы *егіншіліктің* *относительді өнімсіздігінен* [483] деп түсіндіріледі. Рикардо бір жерде тіпті мәселе абсолютті өнімсіздік емес, қайта «относительді» өнімсіздік жөнінде болып отыр деп кесіп айтады\*. Бірақ та ол бұған қарама-қарсы пікір айтқанның өзінде де, бұл оның өзі ұсынып отырған принциптен туындамаған болар еді, өйткені Рикардо шын мәнінде көзқарасын қорғап отырған автор — *Андерсон* кез келген топырақ абсолютті түрде жақсара алады деп анықтап айтады.

Егер жалпы алғанда «қосымша құн» (пайда мен рента) артса, онда тұрақты капиталға қатынасы жөнінен бүкіл рента нормасының төмендеуі мүмкін екені былай тұрсын, ол міндетті түрде төмендейді, өйткені еңбек өнімділігі артты. Жұмысқа тартылған жұмысшылар санының көбейіп, олардың қаналу дәрежесінің артқанына қарамастан, жалпы жалақыға жұмсалған капитал — ол абсолютті түрде өскен болса да — дегенмен *относительді түрде* кеміді; өйткені жиынтық капиталдың барған сайын өсе түсетін бөлегі осы жұмысшылар іске қосатын [тұрақты] капитал болады, ол, өткендегі еңбектің авансыланған өнімі ретінде, өндіріске оның *алғы шарты* болып енеді. Сондықтан пайда мен жер рентасының жиынтығы (олардың абсолюттік шамасы) ғана емес, сонымен қатар еңбектің қаналу нормасы да артқанына қарамастан, қосып алғанда пайда мен жер рентасының нормасы кеміді. Мұны Родбертус мырза аңғара алмайды, өйткені ол үшін тұрақты капитал деген өнеркәсіп тудырған жаңалық, ол жөнінде егіншілікте ештеңе мәлім емес.

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 347—348-беттер. Ред.

Ал пайда мен жер рентасының *относительді* шамасына келетін болсақ, өңдеуші өнеркәсіпке қарағанда егіншіліктің өнімділігі біршама аз болады дегеннен *пайда нормасы* сондықтан да абсолютті түрде төмендеуге тиіс деген пікірге келуге әсте болмайды. Егер пайда нормасының жер рентасына қатынасы бұрын 2:3-ке тең, ал енді ол тек 1:3-ке тең болса, онда оның бұрын жер рентасының  $\frac{2}{3}$  бөлігі, ал енді —  $\frac{1}{3}$  бөлігі болғаны; басқаша айтқанда, егер бұрын пайда жиынтық қосымша құнның  $\frac{2}{5}$  бөлігі,  $(\frac{8}{20})$ , ал енді — тек  $\frac{1}{4}$  бөлігі  $(\frac{5}{20})$  болса, демек, онда оның  $\frac{3}{20}$  бөлікке, яғни 40 проценттен 25 процентке кемігені.

Бір қадақ мақтаның құны 2 шиллингке тең болды делік. Ол 1 шиллингке дейін төмендейді. Бұрын бір күн ішінде мақтадан 100 қадақ жіп иіріп шығаратын 100 жұмысшы енді 300 қадақ мақтадан жіп иіреді. 300 қадақ мақтаға жұмсалатын капитал бұрын 600 шиллинг болатын; енді ол не бары 300 шиллинг болып отыр. Сонан соң, екі жағдайда да машиналардың құны  $\frac{1}{10}$  бөлікке [бірінші жағдайда мақтаға жұмсалған соманың], яғни 60 шиллингке тең делік. Ақырында, 300 қадақ мақтадан жіп иіру үшін бұрын 300 жұмысшыға жалақы төленетін де, ол 300 шиллинг еді, ал енді жалақы 100 жұмысшыға төленеді де, 100 шиллинг болып отыр. Жұмысшылардың еңбек өнімділігі «артқандықтан» және оларға бұл арада өз еңбегінің өнімі төленеді деп ұйғаруға тиіс болғандығымыздан, онда қосымша құн бұрын жалақының 20 проценті еді, енді 40 проценті болып отыр делік.

Сонымен 300 қадақ жіптің құны мынадай болады:

I) бірінші жағдайда — шикізат 600, машиналар 60, жалақы 300, қосымша құн 60, жиыны — 1 020 шиллинг;

II) екінші жағдайда — шикізат 300, машиналар 60, жалақы 100, қосымша құн 40, жиыны — 500 шиллинг.

*Бірінші жағдайда өндіріс шығыны 960 шиллинг, пайда 60 шиллинг, пайда нормасы  $6\frac{1}{4}$  процент.*

*Екінші жағдайда өндіріс шығыны 460 шиллинг, пайда 40 шиллинг, пайда нормасы  $8\frac{16}{23}$  процент.*

Егер рента әрбір қадақ мақтаның, айтайық,  $\frac{1}{3}$ -і болса, онда бірінші жағдайда ол 200 шиллингке, немесе 10 ф. стерлингке, ал екінші жағдайда 100 шиллингке, немесе 5 ф. стерлингке тең болғаны. Бұл арада рента төмендеп отыр, өйткені шикі өнім 50 процентке арзандады. Бірақ бүкіл өнім 50 проценттен де көбірек арзандады. Жаңадан қосылған өнеркәсіптік еңбектің бірінші жағдайда шикізат құнына қатынасы — 360:600, немесе 6:10, немесе  $1:1\frac{2}{3}$ ; екінші жағдайда — 140:300, немесе  $1:2\frac{1}{7}$ . Егіншілік еңбегінің өнімділігіне қарағанда, өнеркәсіптік еңбек өнімділігінің өсу дәрежесі жоғары; солай болғанмен де, екінші жағдайға қа-

рағанда, бірінші жағдайда пайда нормасы төмен де, рента жоғары. Екі жағдайдың екеуінде де рента шикізаттың  $\frac{1}{3}$  бөлігі болады.

II жағдайда шикізат массасы екі есе өсіп, 600 қадақ мақтадан жіп иірілді дәлік; онда арақатынас мынадай болар еді:

II) 600 қадақ мақта (шикізат) — 600 шиллинг, 120 шиллинг — машиналар, 200 шиллинг — жалақы, 80 шиллинг — қосымша құн; жиыны 920 шиллинг — өндіріс шығысы. Пайда — 80 шиллинг, пайда нормасы —  $8\frac{1}{2}\%$  процент.

I жағдаймен салыстырғанда пайда нормасы артқан болар еді. Рента шамасы I жағдайда қандай болса, дәл сондай болар еді. 600 қадақ жіп бұрын 2 040 шиллинг тұрса, енді не бары 1 000 шиллинг тұрар еді.

[484] Егіншілік өнімінің біршама қымбат болуына қарап, ол рента түсіреді деуге әсте болмайды. Бірақ өуел бастан-ақ, процент сияқты, рента да егіншілік өнімі құнының әрбір бөлігіне қарай өсіп отырады деп ұйғарылған екен, — Родбертус осылай деп ұйғарады, өйткені оның жалған дәлелдемесі сандырақ, — онда бұлай деп санаудан, әрине, егіншілік өнімінің қымбаттай түсуімен бірге рента да арта береді деген пікір туады.

«...Халық санының өсуі салдарынан ұлттық өнім құнының жиынтығы да мейлінше көбейді... Сондықтан қазір ұлт ішінде жалақы көбірек, пайда көбірек, жер рентасы көбірек болып отыр... Жер рентасы жиынтығының осылайша көбеюінен келіп, оның үстінде жер рентасы дәрежесінің артуы да туып отыр, ал жалақы мен пайдаға қатынасы жағынан алғанда, олардың әрқайсысының жалпы жиынтығының көбеюі мұндай әсер ете алмады» (139-бет) [Орысша аудармасы, 323-бет].

## [8] РОДБЕРТУС БҰРМАЛАҒАН ЗАҢНЫҢ ШЫН МАҒЫНАСЫ

Енді Родбертус мырзадан оның барлық қисынсыздықтарын (оның көзқарастарындағы жоғарыда өзім егжей-тегжейлі сөз еткен, мысалы, қосымша құн нормасы («рентаның жоғарылығы») еңбек өнімділігі артқан жағдайда ғана көтеріле алады-мыс деген кемшіліктерін айтпағанның өзінде; ал әлгіндей деп айту, олай болса, абсолюттік қосымша құнды түсінбегендікті білдіреді және т. б.) алып тастайық.

Ал атап айтқанда алып тастайтынымыз:

егіншілікте сөздің өз мағынасында айтқанда (капиталистік егіншілікте) «материалдың құны» шығындар санатына мүлде қосылмайды-мыс деген [бірінші] қисынсыздық;

екінші қисынсыздықтың мәнісі мынада: егіншілік пен өнеркәсіпке кіретін тұрақты капиталдың екінші бөлегін (машиналар және т. т.) Родбертус «құнның құрамдас бөлігі» — оның өзі машиналар түрінде енетін және, олай болса, әрбір өндіріс саласында алынатын пайда соған шағылып есептелуге тиісті өндіріс саласындағы еңбектің нәтижесі болмайтын бөлегін, — нақ «матери-



алдың құны» сияқты,— «құнның құрамдас бөлігі» ретінде қарастырмайды; ал машиналар да, шикі материал да өндіріс құрал-жабдықтары екендігіне және еңбек процесіне дәл сондай болып өнетіндігіне қарамастан,— әлгі пайдаға дәл материал «құны» сияқты, машиналар құны да көк тиын қоспайды:

*үшінші* қисынсыздықтың мәнісі мынада: Родбертус егіншілікке кіретін «машиналар» және т. т. құрайтын бүкіл «құнның құрамдас бөлігін» — шығын ретінде — егіншіліктің есебіне енгізбейді, сөйтіп ол «құнның» осы «құрамдас бөлігінің» шикі материалға жатқызуға келмейтін үлесін егіншіліктің өнеркәсіпке қатынасы жөніндегі дебет ретінде қарастырмайды, ал мұндай дебет төлеу үшін егіншілік өнеркәсіпке шикі материалдың бір бөлегін тегін беруге тиіс, өнеркәсіп шығындарын тұтас бірдеңе деп қарайтын болсақ, демек, оған шикі материалдың әлгі бөлегі кірмейді;

*төртінші* қисынсыздығы — өнеркәсіптің барлық салаларына машиналар мен оларға қажетті қосымша материалдардан басқа, оның үстіне сондай-ақ «материалдың құны» да кіреді-міс, ал транспорт өнеркәсібінде де, өндіруші өнеркәсіпте де мұның өзі мүлдем болмайды;

*бесінші* қисынсыздықтың мәнісі мына жағдайды түсінбегендіктен: өңдеуші өнеркәсіптің көптеген салаларында (және олар тұтыну үшін дайын өнімдер беретіндіктен, олар жөнінде бұлай деуге көбірек право болуы себепті көбірек дәрежеде айтуға болады) оларға өзгермелі капиталдан басқа, «шикі материал» да кіргенімен, бірақ оның есесіне тұрақты капиталдың екінші бір құрамдас бөлігі мүлдем дерлік болмайды немесе ірі өнеркәсіп пен егіншіліктегіге қарағанда мардымсыз, әлдеқайда аз болады;

*алтыншы* қисынсыздықтың мәнісі мынада: ол товарлардың орташа бағасын олардың құнымен шатастырады.

Егер фермер мен Родбертус мырзаның өзі жасайтын *дұрыс емес есепке*, — өйткені жағдайда фермер өзі жасаған *шығындарды шын мәнінде* есепке ала бастауына қарай жер рентасы жойылуға тиісті болар еді, — сүйеніп, Родбертусқа жер рентасы жөніндегі өз түсіндірмесін тұжырымдауға мүмкіндік беретін әлгі қисынсыздықтардың бәрі алып тасталса, онда осы қисынсыздықтардың тасасында тығылып жатқан дән ретінде төмендегі пайымдау ғана қалады:

Шикі өнімдер өздерінің құны бойынша сатылған кезде, олардың құны өзге товарлардың *орташа бағасынан* қымбат, немесе олардың *өздерінің орташа бағасынан* қымбат тұрады, яғни ол орташа пайданы қосқандағы өндіріс шығынынан асып түседі, демек, *жер рентасын құрайтын қосымша пайда* береді. Одан әрі мұның өзі өзгермелі капиталдың (қосымша құн нормасы бірдей деп ұйғарылғанда) — тұрақты капиталмен салыстырғанда — өнеркәсіпке қатысты өндіріс салаларына қарағанда — орта есеппен — шикі өнімдер өндірісінде көбірек болатынын білдіреді (мұның өзі

егіншілікке қарағанда өнеркәсіптің кейбір салаларында өзгермелі капиталдың жоғары болуына кедергі жасамайды). Немесе, бұдан да гөрі жалпы формада алғанда: өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы орта есеппен алынған өнеркәсіп салаларына қарағанда жоғары болатын өнеркәсіптік өндіріс салалары қай разрядқа жатса, егіншілік те сол разрядқа жатады. Сондықтан егіншілікте жұмсалатын өндіріс шығындарына шағып есептеп шығарылатын қосымша құн өнеркәсіп салаларындағыдан гөрі — орта есеппен — егіншілікте жоғары болуға тиіс. Мұның өзі, өз кезегінде, егіншіліктегі *ерекше* пайда нормасының *орташа*, немесе *жалпы*, *пайда нормасынан* асып түсетінін көрсетеді. Ал айналып келгенде мұның өзі әрбір өндіріс саласындағы ерекше пайда нормасының — егер қосымша құн нормасы бірдей, ал қосымша құнның өзі берілген деп санағанда — жекелеген салалардағы өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасына тәуелді болатынын білдіреді.

Сонымен, біз бұл арада өндірістің ерекше саласына, мен *жалпы* формада дамытқан заңның қолданылуын ғана көре алар едік \*.

[485] Содан соң —

1) мынаны дәлелдеу керек болар еді: егіншілік ерекше өндіріс салаларының қатарына жатады, бұл өндіріс саласында *товарлардың құны* олардың *орта бағасынан* асып түседі және, олай болса, егер бұл салаларда пайда жалпы пайда нормасын теңгеруге берілмей, оны олардың өздері иемденетін болса, мұндағы пайда *орташа пайдадан* асып түседі, өндеше осы орташа пайда шегеріліп тасталғаннан кейін оларда мұның үстіне *қосымша пайда* қалады. Бұл қағида, сірә, орта есеппен алғанда, егіншілік үшін дұрыс болар, өйткені онда қол еңбегі әлі де біршама басым болады, ал буржуазиялық өндіріс әдісіне егіншілікке қарағанда, өнеркәсіпті шапшаңдықпен дамыту тән. Айтар болсақ, мұның өзі жойылуы мүмкін *тарихи* айырмашылық. Сондай-ақ мынадай құбылыстың себебі де осында жатыр: егіншілікке өнеркәсіп беретін өндіріс құрал-жабдықтардың құны жалпы алғанда кеми түсіп отыр, ал өнеркәсіпке егіншілік беретін шикі материалдың құны жалпы алғанда арта түсіп отыр; осының салдарынан өңдеуші өнеркәсіптің едәуір бөлігінде құны жөнінен алғанда тұрақты капитал егіншіліктегіден гөрі біршама көбірек. Өндіруші өнеркәсіпке көпшілік жағдайда мұның қатысы жоқ.

2) Родбертустың пайымдағанындай, егер егіншілік өнімі — жалпыға бірдей заңға сәйкес — орта есеппен өзінің құны бойынша сатылса, ол қосымша пайда, *alias* \*\* жер рентасын беруге тиіс деуге болмайды, — товарды осылайша оның *құны* бойынша, бірақ оның орташа бағасынан *қымбат* сату капиталистік өндірістің

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 62—69-беттер. *Ред.*

\*\* — басқаша айтқанда. *Ред.*

жалпы заңы болады деуге болмайды. *Керісінше*, шикізат өндірісінде — *ерекшелік түрінде* және *құны дәл сол сияқты өзінің орташа бағасынан қымбат* болатын өнеркәсіп өнімдері *разрядынан айрықша*, — құнның орта бағаға дейін төмен түспейтіні және осының салдарынан қосымша пайда, *alias* жер рентасын беретіні неліктен екендігін көрсету керек. Мұның өзі жай ғана *жерге меншіктің* болуымен түсіндіріледі. Теңгерілу тек капиталдың капиталға қарсы әрекет етуі жолымен ғана болады, өйткені капиталдың имманенттік заңдарын бір-біріне ықпал ететін капиталдар ғана жүзеге асыра алады. Олай болса жер рентасын *монополиядан* шығаратындардың пікірі дұрыс; капитал *монополиясының* бір өзі ғана капиталистке жұмысшыдан қосымша еңбекті сығып алуына мүмкіндік беретіні сияқты, жер меншігі монополиясы да жер меншікшісіне капиталистен қосымша еңбектің тұрақты *қосымша пайда* жасай алатын бөлігін сығып алуға мүмкіндік береді. Жер рентасын монополиядан шығаратындар монополия жер меншікшісіне *товардың бағасын оның құнынан жоғары* көтеруге мүмкіндік береді-міс деп ойлайтындығы тұрғысынан қателеседі. Керісінше, бұл арада монополияның әрекеті мынада: *товардың құнын оның орта бағасынан жоғары болатын деңгейде* ұстауда, — товарды оның құнынан *жоғары* сатуға емес, қайта нақ оның құны бойынша сатуға мүмкіндік беруде.

Егер Родбертустың көзқарастарын осындай өзгерістерге ұшыратар болсақ, онда біз мәселені дұрыс түсінуге жете аламыз. Онда *жер рентасының болуының* өзі түсінікті болады, ал Рикардо болса, тек *әр алуан жер ренталарының болатындығын* ғана түсіндіреді, сөйтіп *жер меншігін экономикалық* маңыз атаулыдан іс жүзінде жұрдай қылады. Одан әрі, мәселе осылай түсінілгенде, егіншілік өндірісінің өнімділігі барған сайын кеміп келеді-міс деген пікір түріндегі қондырма — айтар болсақ, Рикардоның өзінде тек әншейін алына салынған және оның ой барысына қажетсіз қондырма — жойылады, сөйтіп бұл пікірге қарама-қарсы егіншіліктегі өнімділіктің арта түсуі мойындалады. Мәселе мынада ғана: буржуазиялық негізде өнеркәсіпке қарағанда, егіншіліктің *өнімділігі біршама кемірек болады*, — басқа сөзбен айтқанда, еңбектің өндіргіш күштерін неғұрлым баяу дамытады. Рикардоның егіншіліктегі «басы артық қосымша құнды» топырақ құнарлылығының жоғары болуынан емес, топырақ құнарсыздығының жоғары болуынан шығаруы дұрыс.

**[9] ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА МЕН АБСОЛЮТТІК РЕНТА  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ.  
ЖЕР РЕНТАСЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ.  
СМИТ ПЕН РИКАРДОНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ  
ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ]**

*Жер ренталарының айырмашылығына* келетін болсақ, көлемі бірдей жер учаскелеріне бірдей мөлшерде капитал жұмсалғанда ол *топырақтың табиғи құнарлылығындағы*, әсіресе, ең алдымен, азықтың басты заты — астық алынатын өнімдер үшін құнарлы болуындағы *айырмашылықпен* түсіндіріледі; ал топырақ құнарлылығы бірдей жер учаскелері тең болған жағдайда ренталардың айырмашылығы капиталдың *бірдей мөлшерде жұмсалмауымен* түсіндіріледі. Бірінші, *табиғи айырмашылық* жер рентасының шамасындағы ғана емес, сонымен қатар оның жұмсалған капиталмен салыстырғандағы жоғарылығындағы немесе нормасындағы айырмашылыққа да себеп болады; екінші, *өнеркәсіптік айырмашылық* жер рентасының жұмсалған капитал шамасына пропорциялы *көбеюіне* ғана себеп болады. Сондай-ақ сол белгілі бір жер учаскесіне капитал келесі жұмсалған жағдайларда да нәтижеде айырмашылық болуы мүмкін. Құнарлылығы әр түрлі жер учаскелерінде *әр түрлі қосымша пайданың* немесе *әр түрлі жер рентасының* болуы дегеніміздің өзі де егіншілікті өнеркәсіптен ерекше ететін нәрсе емес. Егіншілікті өнеркәсіптен ерекше ететін нәрсе — бұл арада табиғатта берілген базисте (рас, бұл базис азды-көпті теңестірілген болуы мүмкін) болатын осы қосымша пайданың *есепке алынуы*, ал өнеркәсіпте — орта пайда бірдей болғанда — қосымша пайданың әрқашан да тек *өткінші сипаты* ғана болады және әрқашан да неғұрлым өнімді машиналарға көшу, еңбекті неғұрлым тиімді орайластыру жүзеге асырылғандықтан *ғана* туып отырады. Өнеркәсіпте орташа бағаны *төмендету* арқылы алынатын қосымша пайданы әрқашан да соңғы болып келетін *неғұрлым өнімді* капитал келтіреді. Ал егіншілікте қосымша пайда келтіретін себеп жақсы танаптардың құнарлылығын абсолютті түрде арттыру емес, қайта *құнарлылығы кем* жердің өңдеуге енгізілуіне байланысты, олардың құнарлылығын относителді түрде арттыру *бола алады* — және *өге жиі ретте солай болмай қоймайды*. Өнеркәсіпте неғұрлым жоғары *относителді* өнімділік, қосымша пайда (ол тез жойылады) *әрқашан да* бұрынғы капиталмен салыстырғанда, жаңадан жұмсалған капиталдың өнімділігін абсолютті түрде арттырудың нәтижесі болуға тиіс. Өнеркәсіпте ешбір капитал (біз бұл арада сұранымның қысқа уақытқа артуы туралы айтып отырған жоқпыз) өнеркәсіптің белгілі бір саласында өнімділігі кем капиталдың *жаңадан* іске қосылуымен байланысты болатындай *қосымша пайда* бере алмайды.

[486] Бірақ егіншілікте де (Рикардоның да осылай деп айтқанындай) неғұрлым құнарлы топырақ — не табиғатынан құнарлы топырақ, не бұрынғы техника тұсындағы ескі топыраққа қарағанда техниканың ең жаңа табыстарының арқасында құнарлылығы артқан топырақ, — неғұрлым кейінгі кезеңде өңделуі мүмкін, тіпті (мұның кен өнеркәсібінде және отарлық өнімдерді өндіруде орын алып жүргеніндей) ескі топырақтың бір бөлегінің өңдеуден алынып тасталуына немесе ескі топыраққа егіншілік өндірісінің басқа өнім беретін өзге түрінің енгізілуіне себеп болуы мүмкін.

Жер ренталарының (қосымша пайдалардың) айырмашылықтары азды-көпті есепке алынатын жағдай егіншілікті өнеркәсіптен ерекшелендіреді. Алайда рынок бағасын өндірістің орташа жағдайының белгілеуіне, сөйтіп өнімнің осы орта дәрежеден төмен тұрған бағасын осы өнімнің бағасынан жоғары, тіпті оның құнынан да жоғары көтеріп жіберуіне себеп болатын нәрсе әсте де топырақ емес, қайта бәсеке, капиталистік өндіріс; олай болса, бұл — табиғат заңы емес, қоғам заңы.

Бұл теорияға сәйкес, ең нашар жерден жер рентасын төлеудің де, мұндай жерден ешқандай рента төлемеудің де қажеттігі жоқ. Дәл сол сияқты, ешқандай жер рентасы алынбай, тек әдеттегі пайда алынатын жерде немесе тіпті осы әдеттегі пайданың өзі де түспейтін жерде, дегенмен де, аренда төленуі мүмкін, яғни жер меншікшісі бұл арада экономикалық тұрғыдан ешқандай жер рентасы болмаса да, жер рентасын алуы мүмкін.

Бірінші жағдайды алайық: жер рентасы (қосымша пайда) тек қана жақсы (неғұрлым құнарлы) топырақтан төленеді. Мұнда «өздігінен алғанда» жер рентасы болмайды. Мұндай жағдайларда қосымша пайда көп жағынан, өнеркәсіпте қосымша пайданың қалай есепке алынбайтындығы сияқты (мысалы, Солтүстік Америка Құрама Штаттарының батысында осылай)<sup>24</sup>, жер рентасы түрінде есепке алынбайды да. [486]

[486] Бір жағынан, қарамағында бар жердің біршама көпшілігі әлі де жеке меншікке айналдырылмаған жерде және, екінші жағынан, капиталистік өндірістің мардымсыз дамығанына қарамастан, — демек, тұрақты капиталға қатынасы жөнінен өзгермелі капитал көлемінің көп болғанына қарамастан, — егіншілік өнімдерінің құны олардың орташа бағасына тең болуы (ал кейде одан төмен де болуы) үшін топырақтың табиғи құнарлылығы жеткілікті дәрежеде жоғары жерде осылай болады. Егер өнім құны орта бағадан жоғары болса, онда бәсеке оны осы деңгейге дейін төмендетер еді. Керісінше, мысалы, Родбертустың айтқанындай, ол [жер рентасы болып табылатын] нәрсе, айтар болсақ, мемлекет әрбір акрдан алып отыратын доллар болмашы, номинал дерлік баға деу оғаштық \*. Дәл осыған сүйеніп, әрбір өнеркәсіп са-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 156—157-беттер. Ред.

ласынан мемлекеттің «кәсіби салық» алып отыратынына сілтеме жасауға [сөйтіп бұдан өнеркәсіп «кәсіби рента» әкеледі деген қорытынды жасауға] болар еді. *Бұл арада қарастырылып отырған жағдайда* Рикардоның [жер рентасы тек жақсы жерлерден ғана төленеді деген] заңы әрекет етеді. Жер рентасы бұл арада құнарлылығы біршама жоғары жерлер үшін ғана болады және соның өзінде ол көбінесе әлі есепке алынбай, өнеркәсіптегі үстеме пайда сияқты, өзгермелі жағдайда болып отыр. Жер рентасы *төленбейтін* топырақ оны өзінің құнарсыздығы салдарынан емес, қайта, керісінше, *өзінің құнарлылығы салдарынан төлемейді*. Топырақтың жақсы түрлерінен рента төленетін себебі — құнарлылығы біршама жоғары болғандықтан олар орташадан жоғары құнарлылығымен ерекше болады.

Бірақ *жерді меншіктену бар* елдерде дәл осындай жағдай, — атап айтқанда, өңдеуге соңғы болып түскен топырақ *жер рентасын төлемейтін* жағдай, — *қарама-қарсы* себептің әсерінен [яғни осы топырақтың біршама құнарсыздығы салдарынан] болуы мүмкін. Мұның өзі мынадай ретте: мысалы, астықтың құны сондайлық төмен дәрежеде (ал бұл төмен дәреженің *жер рентасының* төленуіне ешбір қатынасы болмас еді) — өңдеуге соңғы болып түскен топырақ үшін бұл құн не бары *орта бағаға* ғана тең боларлықтай дәрежеде болған ретте орын алар еді. Мұның өзі осы топырақтың құнарлылығының біршама аз болуының салдары болар еді, осының нәтижесінде рента беретін топырақта қанша еңбек жұмсалса, сондай мөлшерде еңбек жұмсалған жағдайда бұл арада, айтайық, *квартирлер* (жұмсалған капиталға келетін) *санының* аз болатыны соншалық, астық өнімдерін орта құнымен өткізген кезде, мысалы, бидайдың *орта бағасы* ғана алынар еді.

[487] Мысалы, *рента* беретін соңғы топырақ (ал *мейлінше* аз рента беретін топырақ *таза* рента болып, ал басқалары болса, дифференцияланған рента болып табылады) 100 ф. ст. капитал жұмсалғанда 120 ф. стерлингке тең өнім немесе әр квартирі  $\frac{1}{3}$  фунт стерлингтен 360 квартал бидай өндіреді делік. Мұндай жағдайда 3 квартал бидай 1 ф. ст. тұрады. 1 ф. ст. апталық еңбекке, 100 ф. ст. = 100 жұмыс аптасына, ал 120 ф. ст. = 120 жұмыс аптасына тең болсын. Демек, 1 квартал бидай апталық еңбектің  $\frac{1}{3}$  бөлігіне немесе 2 жұмыс күніне тең болады. Осы 2 күннің немесе 24 сағаттың (егер қалыпты жұмыс күні 12 сағатқа тең болса) бестен бір бөлігі, немесе  $4\frac{4}{5}$  сағаты, бір кварталде болатын қосымша құнға тең ақы төленбеген еңбек болсын. 1 квартал =  $\frac{1}{3}$  ф. ст. =  $6\frac{2}{3}$  шиллинг =  $6\frac{6}{9}$  шиллинг.

Егер орташа пайда 10 процентке тең болса, онда 360 кварталдің *орта бағасы* 110 ф. стерлингке тең, ал бір кварталдің *орта бағасы* =  $6\frac{1}{9}$  шиллинг болады. Сонымен, егер бидайдың бір квартирі өзінің құны бойынша сатылса, онда бүкіл өнімнің құны орта бағасынан 10 ф. ст. жоғары болар еді. Ал орташа пайда 10

процент болғандықтан, жер рентасы қосымша құнның жартысына, яғни 10 ф. стерлингке, немесе әр квартиері  $\frac{5}{9}$  шиллингке тең болар еді. Дәл сол 120 еңбек аптасы (затқа айналдырылған еңбек пе, әлде нақты еңбек пе — бәрібір, оның, алайда, 100-і ғана ақы төленген еңбек болып табылады) жұмсалғанда көп мөлшерде квартиер беретін неғұрлым жоғары топырақ разрядтары, әрбір квартиердің бағасы  $\frac{6}{9}$  шиллинг болғанда, неғұрлым жоғары рента берер еді. Ал өңделетін жердің ең құнарсызының өзі 100 ф. ст. капиталға 10 ф. ст. рента, немесе бидайдың әр квартиеріне  $\frac{5}{9}$  шиллинг рента берер еді.

120 еңбек аптасы жұмсалғанда тек 330 квартиер ғана беретін жаңа топырақ өңдеуге енгізілді делік. Егер 3 квартиердің құны 1 ф. ст. тең болса [бұрын солай болған], онда 330 квартиердің құны 110 ф. стерлингке тең болды. Бұрын бір квартиер тек 2 күнге ғана тең болса, ал енді ол 2 күн,  $\frac{2^2}{11}$  сағатқа тең болар еді. Бір квартиердің құны бұрын  $\frac{6^6}{9}$  шиллинг немесе 6 шиллинг 8 пенс болған еді, ал енді (ф. ст. 6 күнге тең болғандықтан) бір квартиердің құны 7 шиллинг 3 пенс  $\frac{1^1}{11}$  фартинг болады. Өз құны бойынша сатылған болуы үшін квартиер енді 7 пенс  $\frac{1^1}{11}$  фартинг қымбатқа сатылуға тиіс болар еді, құны бойынша өткізгенде ол да  $\frac{5}{9}$  шиллинг рента берер еді. Бұл арада жақсы топырақта өндірілген бидайдың құны ең жаман топырақта өндірілген бидайдың құнынан төмен болып шығады; егер осы ең құнарсыз топырақтан алынған өнімнің өзі ең жақын жердегі ең жақсы немесе рента беретін топырақтан алынған квартиердің бағасымен сатылатын болса, онда ол өзінің құнынан арзан, бірақ оның орта бағасы бойынша, яғни ең құнарсыз топырақтың өзі әдеттегі 10 процент пайда беретіндей бағамен сатылады. Демек, бұл топырақ өңделіп, капиталиске әдеттегі орта пайда бере алады.

Ең құнарсыз топырақ бұл арада екі жағдайда пайдадан басқа, тағы рента да берер еді.

*Біріншіден*, егер бір квартиер бидайдың құны  $\frac{6^6}{9}$  шиллингтен (квартиердің бағасы  $\frac{6^6}{9}$  шиллингтен, — яғни оның құнынан, — сұранымның жоғары болуы салдарынан артық бола алар еді, бірақ біз бұл жағдайды зерттеп отырған жоқпыз; бұрын өңделген жерлердің ең нашары үшін 10 ф. ст. рента берген квартиердің бағасы  $\frac{6^6}{9}$  шиллинг осы топырақта өсірілген, дифференцияланбаған жер рентасын беретін бидайдың құнына тең болған) артық болған жағдайда, яғни егер бұрын өңделген жерлердің ең нашары және басқа топырақтың бәрі — дәл осындай рента беруі үшін — өз өнімдерінің құны өздерінің орта бағасынан және өзге товарлардың орта бағасынан едәуір дәрежеде асып түсерліктей біршама құнарсыз болған жағдайда рента берер еді. Сонымен, ең нашар жаңа топырақ жер рентасын бермейтін жағдай оның құнарсыздығының емес, қайта өзге жер танаптарының *относительді*

құнарлылығының салдарынан болады. Топырақтың жаңа капитал жұмсалатын жаңа разрядына қатынасы жағынан алғанда, өңделетін жерлердің рента беретін ең құнарсызы *жалпы рента, дифференцияланбаған рента* болып табылады. Сондықтан рента беретін ең нашар топырақтан алынатын рента осы рентаны беретін топырақтың нақ *құнарлы* болуы себепті өзінің осы дәрежесінен жоғары болмайды.

Рента беретін соңғы топырақтан басқа тағы да үш разряд бар екен делік. II разряд (рента беретін соңғы топырақ — I разрядтан жоғары тұрады) рентаны  $\frac{1}{5}$  бөлігіне көбірек береді, өйткені бұл топырақ I разрядтан  $\frac{1}{5}$  құнарлырақ, III разряд II разрядқа қарағанда тағы да  $\frac{1}{5}$  көбірек береді, өйткені ол соңғысынан  $\frac{1}{5}$  құнарлырақ; IV разряд та сол сияқты, себебі ол III разрядтан  $\frac{1}{5}$  құнарлырақ. Рента I разрядта 10 ф. стерлингке тең болғандықтан, ол II разрядта  $10 + \text{бестен бір бөлігі} = 12$  ф. ст., III разрядта —  $12 + \text{бестен бір бөлігі} = 14\frac{2}{5}$  ф. ст., ал IV разрядта —  $14\frac{2}{5} + \text{бестен бір бөлігі} = 17\frac{7}{25}$  ф. ст. болады<sup>25</sup>.

Егер IV разрядтың құнарлылығы аз болса, III—I разрядтардың рентасы қосып алғанда көбірек [488] болар еді, сөйтіп IV разрядтың рентасы да абсолютті түрде көбірек болар еді (бірақ олардың арасындағы қатынас бұрынғы күйінде қалды ма?). Мұны екі түрлі түсінуге болады. *Егер I разряд неғұрлым құнарлы болса, онда II, III, IV разрядтардағы рента тиісінше аз болар еді.* Екінші жағынан, топырақтың жаңадан іске қосылған, рента бермейтін разрядының I разрядқа қатынасы қандай болса,— I разрядтың II разрядқа, II разрядтың III разрядқа және III разрядтың IV разрядқа қатынасы сондай болады. Топырақтың жаңа разрядының рента бермейтін себебі — I разряд бидайының құны жаңа топырақ өнімінің орта бағасынан артық болмайды. Бұл орта бағадан ол егер I разрядтың құнарлылығы азырақ болған жағдайда артық болар еді. Онда жаңа топырақ та рента берер еді. Бірақ I разряд жөнінде де мәселе осындай. Егер II разряд неғұрлым құнарлы болса, онда I разрядтағы топырақ рента бермес еді немесе рентаны азырақ берер еді; II разрядтың III разрядқа қатынасы, III разрядтың IV разрядқа қатынасы жөніндегі істің жайы да дәл осындай. Сонымен, сайып келгенде бұл арада кері дәйектілік кездесіп отыр: IV разрядтың абсолютті құнарлылығы III разрядтың рентасын белгілейді; егер IV разряд бұдан да гөрі құнарлы болса, III, II және I разрядтар рентаны аз берер еді немесе мүлдем рента бермес еді. Сонымен, I разряд беретін рента, дифференцияланбаған рента, IV разрядтың құнарлылығымен белгіленеді, бұл да мүлдем рента бермейтін жаңа топырақ I разрядтың құнарлылығымен белгіленетін жағдайдағы сияқты. Демек, бұл арада *Шторх заңы* әрекет етеді, оның мәнісі мынадай: *ең құнарлы* топырақтың рентасы жалпы рента беретін соңғы топырақтың рентасын белгілейді<sup>26</sup>, ал олай болса, сонымен



қатар дифференцияланбаған рента беретін топырақ пен мүлдем рента бермейтін топырақтың арасындағы айырмашылықты да белгілейді.

Олай болса, мына құбылыс: бұл арада бесінші разрядтың, өңдеуге жаңадан қосылған I топырақтың, *рента* (I разрядтан айрықша) *бермейтіндігі* оның өзінің құнарсыздығына байланысты емес, қайта оның I разрядпен салыстырғандағы *относительді* құнарсыздығына, яғни I' разрядпен салыстырғандағы I разрядтың *относительді* құнарлылығына байланысты болады.

[*Екіншіден.*] Топырақтың рента беретін I, II, III, IV разрядтарындағы әр кварталі (шындыққа мейлінше жанасымды болу мақсатымен квартал орнына *бушель* деуге болады)  $6\frac{6}{9}$  шиллинг немесе 6 шиллинг 8 пенс болатын өнім құны I' разрядтың *орта бағасына* тең және осы разрядтың өз құнынан *төмен* тұрады. Бірақ бұл арада толып жатқан аралық сатылардың болуы мүмкін. Егер топырақтың I' разряды 100 ф. ст. капитал шығынына *бушельдің* сол белгілі бір мөлшерін берсе, ол *бушельдер* оның 330 *бушель* болатын шын мәніндегі өнімі мен I разрядтың 360 *бушельге* тең өнімінің аралығындағы шекте болса,—мысалы, 333, 340, 350, *әрі кеткенде* (360—*x*) *бушель* болса,— онда 6 шиллинг 8 пенске тең *бушель* құны I' разрядтағы (бір *бушельдің*) *орта бағасынан* жоғары болар еді де, өңдеуге соңынан енгізілген бұл топырақ рента берер еді. Жалпы алғанда оның орташа пайда келтіретіндігі I разрядтың, демек, барлық I—IV разрядтардың да *относительді* құнарсыздығына байланысты болады. Оның *рента бермейтіндігі* I разрядтың *относительді* құнарлылығы мен оның өзінің *относительді* құнарсыздығына байланысты болады. Егер *бушельдің* құны 6 шиллинг 8 пенстен *артып кеткенде*, яғни I, II, III, IV разрядтардың топырақ құнарлылығы азырақ болғанда, өңдеуге соңғы болып түскен I' разряд топырағы рента бере алар еді, өйткені әлгіндей жағдайда *бидайдың* құны жоғары болар еді. Бірақ өңдеуге соңынан түскен топырақ мына жағдайда да: егер *бушельдің* құны 6 шиллинг 8 пенске тең болғанда, яғни I, II, III, IV разрядтар топырағының құнарлылығы *бұрынғы, бастапқы* күйінде қалып, бірақ I' разряд топырағының өзі құнарлырақ болып, 330 *бушельден* көбірек бергенде, *демек*, әр *бушельдің* құны 6 шиллинг 8 пенс осы топырақтан алынған *бушельдің орта бағасынан* артық болғанда, басқаша айтқанда, егер оның орта бағасы енді 6 шиллинг 8 пенстен *кем*, яғни I, II, III, IV разрядтардың топырағында өсірілген *бидайдың* құнынан *кем* болғанда, ол рента бере алар еді. Егер құн *орта бағадан* артық болса, онда орташа пайданың үстіне қосымша пайда алынады, демек, *рента* да мүмкін болады.

Сонымен, біз мынаны көріп отырмыз:

*Әр түрлі* өндіріс салаларын,—мысалы, өнеркәсіп пен егіншілікті,—салыстырғанда, құнның орта бағадан жоғары болуы фак-

тісі орта бағадан артық қосымша пайда, басы артық құн беретін өндіріс саласындағы *құнарсыздықтың* көп екенін дәлелдейді. Керісінше, сол *белгілі бір сала* шеңберінде бұл факт нақ сол өндіріс саласындағы өзге капиталдармен салыстырғанда, бұл капиталдың *мол өнімділігін* дәлелдейді. Жоғарыда келтірілген мысалда I разряд жер рентасын береді, жалпы алғанда, оның себебі — егіншілікте өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы өнеркәсіптегіге қарағанда көбірек, — яғни затқа айналдырылған еңбекке егіншілікте жаңа еңбекті көбірек қосуға тура келеді, — және оның бұлай болу себебі, жерге меншік болуының салдарынан, орта бағадан құнның осылайша артық болуын капиталдар бәсекесі теңестіре алмайды. Бірақ [атап айтқанда] I разрядтағы топырақтың жалпы алғанда жер рентасын беретін себебі тағы да мынадан: бушельдің 6 шиллинг 8 пенс құны осы топырақ өнімінің орта бағасынан *төмен* болмайды, яғни оның себебі — осы топырақ оның өз өнімінің құны әр бушель үшін 6 шиллинг 8 пенстен жоғары болатындай оншалықты құнарсыз емес, ал өнімнің *бағасын* анықтайтын *осы топырақтың өз өнімінің құны емес*, II, III, IV разрядтағы топырақта немесе, дәлірек айтқанда, II разрядтағы топырақта өсірілген бидайдың құны. Осы *рынок бағасы* енді осы топырақтың *өз өнімінің орта бағасына* ғана тең бола ма немесе ол осы орта бағадан артық бола ма, басқаша айтқанда, I разрядтағы топырақ өнімінің *құны оның орта бағасынан* артық бола ма, — мұның өзі осы топырақтың өз өнімділігіне байланысты.

Нақ сондықтан да Родбертустың егіншілікте орта пайда беретін капиталдың қандайы болса да *міндетті түрде* жер рентасын береді деген көзқарасы — қате көзқарас. Родбертуста бұл жалған қорытынды [489] оның теориясының жалған негізінен туындайды. Родбертус былай деп пайымдайды: егіншілікте капитал, айтайық, 10 ф. ст. береді, бірақ егіншілікте, өнеркәсіптегіден ерекше, *шикі материал енбейтін* болғандықтан, мұнда 10 ф. ст. аз сомаға есептеледі, — демек, 10 проценттен көп болып шығады. Бірақ мәселенің мәні мынада: бұл арада әңгіме шикі материалдың өндіріске бейне енбейтіндігінде емес (керісінше, шикі материал өз мағынасында алғанда егіншілікте өндіріске енеді; бірақ ол тіпті егіншілікте өндіріске *енбесе* де, бұл жағдайдың титтей де маңызы болмас еді, өйткені егіншілікте *машиналар* және т. б. біршама көбірек болар еді); егіншілік өнімдері құнының *орта бағадан* (олардың өз бағасынан және өзге товарлардың орта бағасынан) артық болуы бұған байланысты емес. Мұның себебі — өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға өнеркәсіптегі қайсы бір *ерекше өндіріс салаларында* емес, *орта есеппен* бүкіл өнеркәсіпте болатын қатынасынан гөрі оның неғұрлым жоғары болатындығы. Осы *жалпы айырмашылық* I разряд топырағындағы жер рентасының — абсолюттік, дифференцияланбаған, сондықтан

да мейлінше аз жер рентасының болуы мен көлемін өз шамасына қарай анықтап береді. Ал I' разряд топырағындағы, — өңдеуге жаңадан енгізіліп, жер рентасын мүлде бермейтін топырақтағы, — бидайдың бағасы осы топырақтың өз өнімінің құнымен емес, қайта I разрядтағы топырақ өнімінің құнымен, демек — I, II, III, IV разрядтар беретін бидайдың рыноктық орта бағасымен анықталады.

Егіншіліктің өз өнімін орта баға бойынша емес, қайта өнім құны орта бағадан артық болғанда, оның осы құны бойынша сатылуынан көрінетін егіншіліктің артықшылығы (жерге меншік болуынан туындайтын), — бұл артықшылық бір-бірімен қатынасы жағынан алғанда, әр түрлі жерде өсірілген өнімдерге, сол белгілі бір өндіріс саласының өз ішінде өндірілген, құны жөнінен әр түрлі өнімдерге әсте де қолданылмайды. Өнеркәсіп өнімдеріне қатынасы жөнінен алғанда, олар өз құны бойынша сатылуға ғана дәмелене алады. Нақ сол саланың өзге өнімдеріне қатынасы жөнінен алғанда, олар рыноктық баға арқылы белгіленеді; құнның — бұл арада ол рыноктық орта бағаға тең — жеткілікті дәрежеде жоғары не төмен болатын болмайтындығы I разряд топырағының құнарлылығына тәуелді, яғни I разряд топырағының осы құнарлылығы, егер I' разрядтың өнімдері осы құн бойынша сатылса, бидайдың құны мен орта бағасының арасындағы жалпы айырмашылықта оның үлесі болмашы, үлкен үлесі болуы үшін немесе мүлде ешқандай үлесі болмауы үшін жеткілікті дәрежеде жоғары не төмен бола ма, — соған тәуелді. Бірақ Родбертус мырза жалпы алғанда құн мен орта бағаның арасын ажыратып қарамайды, ол товарлардың өз құны бойынша сатылуы барлық товарлар үшін жалпыға бірдей болады-мыс деп санайды, — Родбертус мұның егіншілік өнімдерінің артықшылығы екенін түсінбейді, — сондықтан ол, әрине, ең нашар топырақтың өнімі де өзінің жеке құны бойынша сатылуы керек деп ойлауға тиіс. Алайда бұл өнім нақ сол тектес өнімдермен бәсекелескенде, бұл артықшылығынан айрылады.

Бірақ I' разряд өнімінің орта бағасы, I разряд өнімінің бір бұшәлі 6 шиллинг 8 пенс құнынан артық болып шығуы мүмкін. I' разряд топырағы жалпы алғанда өңдеуге түсуі үшін сұраным артуға тиіс (мұның өзі онша дұрыс болмаса да) деп алуға болады. Осының салдарынан I разряд топырағынан алынған бидайдың бағасы оның өз құнынан, яғни 6 шиллинг 8 пенстен артып кеткен болар еді және оның үстіне бұлай арту тұрақты болар еді. Мұндай жағдайда I' разряд топырағы өңдеуге енгізіледі. Егер ол өнім бағасы 6 шиллинг 8 пенс болған жағдайда орташа пайда бере алатын болса — оның өнімінің құны бұл бағадан артық болса да — және сұранымды қанағаттандыратын болса, онда бидайдың бағасы 6 шиллинг 8 пенске сайылады, өйткені сұраным енді қайтадан ұсынымға сәйкес келеді; сөйтіп, айналып келгенде I

разряд өз өнімін, II, III, IV, олай болса I' разряд та сияқты, 6 шиллинг 8 пенстен сатуға мәжбүр болады. Бірақ та I' разряд өнімінің *орта бағасы* 7 шиллинг 8 пенс болса,— бұл разряд баға осындай болғанда ғана (бағасы оның жеке құнынан едәуір төмен болғанда) әдеттегідей пайда берер еді,— онда, сұранымды басқаша қанағаттандыру мүмкін болмаған жағдайда, әр бушельдің құны 7 шиллинг 8 пенс мөлшерінде қалыптасып, ал әр бушельдің сұранымға сәйкес бағасы I разрядта оның [жеке] құнынан артық болып шығар еді. II, III, IV разрядтардағы бушельдің бағасы осының өзінде-ақ *олардың* жеке құнынан артық болып отыр. Ол бұдан да артық болар еді. Бірақ әр бушельдің бағасы еш жағдайда да осылайша 7 шиллинг 8 пенс болып қалыптасуына жол бермейтін шеттен астық әкелу мүмкін деп танылса, онда ортадан азырақ пайда табумен қанағаттанатын ұсақ фермерлер табылса, I' разряд топырағы өңдеуге түсер еді. Мұның өзі өнеркәсіптегі сияқты, егіншілікте де үнемі орын алып отырады. I' разряд топырағы орта пайда беретін жағдайдағы сияқты, бұл жағдайда да жер рентасы төлене алар еді, бірақ жер рентасы фермердің түсірген пайдасынан алу болар еді. Егер мұны да істеу мүмкін болмаса, онда жер меншікшісі жерді кедейлерге арендаға бере алады; олар — қолмен тоқитын тоқымашы сияқты — ең алдымен өз жалақысын қайткен күнде де алудың қамын ойлайды, ал артылып қалғанын көп немесе аз болса да, оны рента формасында жер меншікшісіне төлейді. Тіпті бұл артылып қалғаны, қолмен тоқитын тоқымашылардағы сияқты, тек еңбек өнімінен ғана емес, сонымен қатар *еңбек үшін төленетін ақйдан* да жай ғана алу болуы мүмкін. Осы жағдайдың бәрінде де жер рентасы төленуі мүмкін болар еді. Бір жағдайда ол капиталистің пайдасынан алынған болар еді. Екінші жағдайда жер меншікшісі жұмысшының әдетте капиталист иемденетін қосымша еңбегін иемденер еді. Ал соңғы жағдайда жер меншікшісі жұмысшының жалақысын қысқарту есебінен өмір сүрер еді, капиталистер де көбіне осылай істейді. Бірақ кең көлемде алғандағы *капиталистік өндіріс* өңдеуге ең соңғы енгізілген жер, кем дегенде, орташа пайда беретін жерде ғана, яғни I разряд өнімінің құны I' разрядка, кем дегенде, орта бағаны қамтамасыз ететіндей жерде ғана болуы мүмкін.

Бұл арада біз *құн мен орта бағаны* саралай білу мәселені қалайша ғажап шешетінін және Рикардо да, оның қарсыластары да дұрыс айтатынын көріп отырмаз.<sup>27</sup>

[XI—490] Егер I разряд — абсолюттік жер рентасын беретін топырақ — өңделетін топырақтың бірден-бір сорты болса, онда ол бидайдың әр бушелін оның өз құны бойынша, яғни 6 шиллинг 8 пенстен немесе  $6\frac{6}{9}$  шиллингтен сатып, оның бағасын  $6\frac{1}{9}$  шиллинг немесе 6 шиллинг  $1\frac{1}{3}$  пенс болатын орта бағадан төмендетпес еді. Егер сұраным күшейсе, егер елдегі бүкіл топырақ бір

ғана сортты болса және егер өңделетін топырақтың көлемі он есе өссе, онда, I разряд 100 ф. стерлингке 10 ф. ст. рента береді деп ұйғарғанда, *топырақтың бірден-бір разряды* ғана болса да, рента 100 ф. стерлингке дейін өсер еді. Алайда рента өзінің нормасы немесе жоғарылығы жағынан алғанда, *авансыланған капиталға* қатынасы жөнінен де, *өңделетін жер* көлеміне қатынасы жөнінен де артпас еді. Он есе көп акр жер өңделіп, он есе көп капитал авансыланар еді. Бұл арада біз, олай болса, *рентаның* жоғарылағанын емес, оның *жалпы сомасының*, рента массасының жай ғана көбейгенін көрер едік. Пайда нормасы кемімеген болар еді, өйткені егіншілік өнімдерінің құны мен бағасы баз баяғы қалпында қала берер еді. Әлбетте, он есе көп капитал он есе аз капиталдан гөрі он есе көп рента бере алады. Екінші жағынан, белгілі бір жер көлемінде дәл сондай нәтиже беретін капитал он есе көп қолданылған болса, жұмсалған капиталмен салыстырғанда, рента нормасы *дәл сол күйінде* қала берер еді; ол жер көлеміне қатынасы жөнінен артқан болар еді, бірақ ол да пайда нормасына ешқандай өзгеріс енгізбес еді.

Бірақ енді I разрядтағы өңделетін топырақ топырақтың сапасының өзгергендігінен емес, қайта тұрақты капитал көбірек, өзгермелі капитал азырақ, машиналар, жылқы, минерал тыңайтқыш және т. б. түріндегі капитал көбірек, ал жалақы түріндегі капитал азырақ жұмсалғандықтан неғұрлым өнімді болды деп ұйғарайық; онда бидайдың құны оның орта бағасына және өнеркәсіп өнімінің орта бағасына жақындар еді, өйткені тұрақты капиталмен салыстырғанда өзгермелі капиталдың үлесі азаяр еді. Бұл жағдайда рента төмендер еді де, пайда нормасы өзгермей қалар еді. Егер бұл арада өндіріс әдісінде өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы олардың өнеркәсіптегі орташа қатынасымен теңесетіндей өзгеріс болса, онда бидайдың құны оның орта бағасынан артық болмай қалар еді, ал сонымен бірге рента, қосымша пайда да болмас еді. I разряд енді рента төлемес еді де, жер меншігі дегеннің тек аты ғана болар еді (егер өндіріс әдісіндегі өзгеріске қоса-қабат жерге қосымша капитал жұмсалмаса, аренда мерзімі біткеннен кейін жер меншікшісі өзі авансыламаған капиталдан процент алар еді, мұның өзі жер меншікшілерінің баюының басты амалдарының бірі болып табылады және Ирландияда аренда правосының төңірегіндегі күрес те осы үшін болып жатыр). Егер I разрядтағы топырақтан басқа тағы да II, III, IV разрядтардағы топырақтар болып, осынау жаңа өндіріс әдісі оларда да қолданылса, онда I разрядпен салыстырғанда табиғи жағынан өзінің құнарлылығы артық болуының салдарынан және осы артық құнарлылығының шамасына қарай олар қалай дегенмен жер рентасын берер еді. Бұл жағдайда I разряд жер рентасын беруден қалып, ал II, III, IV разрядтардың беретін рентасы тиісінше азаяр еді, өйткені егіншіліктегі өнімділіктің жалпы ара-

қатынасы өнеркәсіпте орын алып отырған арақатынаспен теңгерілер еді. II, III, IV разрядтардың беретін рентасы Рикардоның заңына сәйкес болар еді; ол рента құнарлылығы шамалы топырақпен салыстырғанда неғұрлым құнарлы топырақтан алынатын қосымша пайдаға ғана тең болар еді және мынадай қосымша пайда ретінде *ғана болар еді* — дәл осындай қосымша пайда өнеркәсіпте де болады, бірақ оның айырмашылығы мынада ғана: өнеркәсіпте өсіпке алу үшін олардың табиғат бере алатындай негізі болмайды.

Егер жерге меншік мүлдем болмаған жағдайда да Рикардоның заңы дәл осылай үстемдік етер еді. Жерді меншіктену жойылып, капиталистік өндіріс сақталған жағдайда топырақ құнарлылығының айырмасынан туатын осы қосымша пайда жойылмас еді. Егер жерді мемлекет өзі иемденіп, капиталистік өндіріс өмір сүре берген жағдайда, II, III, IV разрядтардан рента мемлекетке төленер еді, бірақ рентаның өзі сақталып қалар еді. Егер жерге меншік *халық меншігіне* айналса, жалпы алғанда капиталистік өндірістің базисі, еңбек жағдайларын жұмысшыдан оқшауланған және оған қарама-қарсы күшке айналдыру басталатын негіз ғайып болар еді.

Кейініректе, жер рентасын қарастырғанда, дақыл неғұрлым интенсивті болғанда жер рентасы артқан жағдайдың өзінде ол авансыланған капиталға қатынасы жөнінен төмендейтін болғанымен жер рентасының құны мен массасы жағынан қалайша арта алатыны туралы мәселені талдау керек болады. Бұл, сірә, *авансыланған капитал массасының* көбейетіндігінен ғана мүмкін болса керек. Егер жер рентасы  $\frac{1}{5}$  болса, ал одан соң  $\frac{1}{10}$ -ге тең болса, онда  $20 \times \frac{1}{5} = 4$ , ал  $50 \times \frac{1}{10} = 5$ . Барлық мәселенің өзі де осыған келіп саяды. Ал егер егіншілік мәдениеті неғұрлым интенсивті болған жағдайда өндіріс элементтері арасындағы мынадай арақатынас — өнеркәсіпте орташа арақатынас болып табылатын арақатынас орнаса, — осы арақатынасқа тек *жақындай түсудің* орнына, — онда құнарлылығы мейлінше аз топырақтан мүлде рента алынбас еді, ал неғұрлым құнарлы топырақ үшін ол бар болғаны топырақтың дифференциалануына келіп саяр еді. *Абсолюттік рента* болмас еді.

Енді, сұранымның артуы салдарынан I разрядтан II разрядқа ауысу болды делік. I разряд абсолюттік рента төлейді, ал II разряд дифференциаланған рента төлер еді, бірақ бидайдың *бағасы* {I разряд үшін құн, II разряд үшін басы артық құн} сол күйінде қала берер еді. Дәл сол сияқты пайда нормасы да өзгермес еді. Мәселе осылайша IV разрядқа дейін жетер еді. Демек, егер де біз I, II, III, IV разрядтарда жұмсалған бүкіл капиталды қоссақ, онда рентаның *жоғарылығы* да, оның нормасы да артар еді. Бірақ II, III, IV разрядтардағы пайданың орташа нормасы I разрядтағы пайда нормасына тең болып қала берер еді, ал I разрядтағы

пайда нормасы өнеркәсіптегі пайда нормасына, жалпы пайда нормасына тең. Сөйтіп, [491] неғұрлым құнарлы топыраққа ауысқанда, пайда нормасы мен бидайдың бағасы өзгермей қала берсе де, рента өзінің массасы мен нормасы жөнінен өсе алады. Бұл арада рентаның жоғарылығы мен массасының көбеюін капитал өнімділігінің I разрядтағы азаюы емес, оның өнімділігінің, II, III IV разрядтардағы артуы туғызған болар еді. Алайда өнеркәсіпте міндетті түрде осылай болатыны сияқты, өнімділіктің артуы пайданың көбеюі мен товар бағасының да, жалақының да азаюын тудыра алмас еді.

Бірақ қарама-қарсы бағытта — IV разрядтан III, II, I разрядтарға қарай — ауысу болған жағдайда, бушельдің бағасы 6 шиллинг 8 пенс деңгейіне дейін көтеріліп, мұндай жағдайда I разрядтағы бидай оның үстіне 100 ф. стерлингке [жұмсалған капиталға] 10 ф. ст. рента берер еді. Ал атап айтқанда, IV разрядтағы бидайдан алынатын рента 100 фунт стерлингке [жұмсалған капиталға] шаққанда  $17\frac{7}{25}$  фунт стерлингке тең, алайда, оның  $7\frac{7}{25}$  ф. стерлингті I разрядтағы [барлық] өнім құнының үстінен алынған басы артық [рыноктық] баға [IV разрядта алынған бүкіл өнімнің] болып табылады. I разряд 100 ф. ст. капиталға (рента 10 ф. ст. және әр бушельдің құны 6 шиллинг 8 пенс болған жағдайда) 360 бушель бидай, II разряд — 432 бушель, III разряд —  $518\frac{2}{5}$  бушель, ал IV разряд  $622\frac{2}{25}$  бушель бидай берер еді. Бірақ әр бушельдің бағасы 6 шиллинг 8 пенс болғанда, IV разрядқа 100 ф. стерлингке  $7\frac{7}{25}$  ф. ст. қосымша рента берер еді. IV разряд 3 бушельді 1 ф. стерлингке немесе  $622\frac{2}{25}$  бушельді  $207\frac{9}{25}$  ф. стерлингке сатады. Бірақ оның өнімінің [жеке] құны, I разрядтағы сияқты, не бары 120 ф. ст. болады; бұл цифрдан артығы оның [рыноктық] бағасының оның [жеке] құнынан артығы болып табылады<sup>28</sup>. Егер IV разряд әр бушельді 3 шиллинг  $10\frac{8}{27}$  пенстен сатса, оны өз құны бойынша сатқан болар еді және осы бағаның өзінен ол 100 ф. стерлингке [жұмсалған капиталға] 10 ф. ст. рента алар еді. Егер де ендігі жерде IV разрядтан III разрядқа, III разрядтан II және II разрядтан I разрядқа ауысатын болса, онда бушельдің бағасы (ал сонымен бірге рента да) арта береді, сөйтіп сайып келгенде ол баға I разрядтағы 6 шиллинг 8 пенске жеткенше өсе береді, ал I разрядта бұл баға бұрын IV разрядта қандай жер рентасы алынған болса, дәл сондай рента береді. Ішінара тіршілік құралдары мен шикізат құны артатындықтан, бағаның [егіншілік өнімі бағасының] артуына орай пайда нормасы кеміген болар еді. IV разрядтан III разрядқа ауысу төмендегідей бола алар еді. Сұранымның көбеюіне байланысты IV разрядтағы баға оның өз құнынан артып кетеді, ал олай болса, бұл разряд тек рента ғана емес, сонымен қатар қосымша рента да береді. Осының нәтижесінде III разряд өңделіп, ол өз өнімін осы бағамен сатқанда, әдеттегі орта пайда болғанның өзін-

де ешқандай рента бермеуге тиіс. Егер IV разряд өнімі бағасының артуы салдарынан пайда нормасы емес, жалақы азайып кетсе, онда III разряд [бұрынғы] орта пайда бере береді. Бірақ III разряд тарапынан қосымша ұсыным болуының нәтижесінде жалақы қайтадан қалыпты дәрежесіне дейін жетіп көтерілуге тиіс; онда III разрядта пайда нормасы төмендейді — және т. т.

Демек, осылайша төмендей беретін қозғалыс жағдайында пайда нормасы *өзіміз ұйғарған алғы шарттар* болғанда төмендейді, атап айтқанда, — III разряд IV разрядтың бағасымен рента бере алмайтын жағдайда және ол, жалақы өз деңгейінен уақытша төмендегендіктен ғана бұрынғы пайда нормасын беріп, өңдеуде бола алады.

Мұндай алғы шарттар болғанда біз тағы да Рикардоның заңымен істес боламыз. Бірақ Рикардоның концепциясын қабылдағанның өзінде де, бұл заң болмай қоймайтын бірдеңені білдірмейді. Ол бар болғаны белгілі бір жағдайлар тоғысқанда *мүмкін* болып шығады. Ал іс жүзінде қозғалыстар қым-қиғаш.

\* \* \*

Жоғарыда айтылғаны арқылы рента теориясы шын мәнінде тамамдалды.

Родбертус мырза өзінің «материал құны» концепциясының салдарынан жер рентасын мәңгілік табиғатта ең көмінде, капиталистік өндірістің мәңгілік табиғатында болатын нәрсе деп ойлайды. Біздің түсінігімізде жер рентасы капиталға тән құрамдас бөліктер арасындағы арақатынастағы *тарихи айырмашылықтың*, — егіншіліктің дамуына байланысты ішінара білінбей кететін, тіпті мүлде жоғалып кетуі мүмкін айырмашылықтың, — салдары болып табылады. Рас, топырақтың табиғи құнарлылығында болатын айырмадан ғана туындайтын айырмашылық тіпті *абсолюттік* рента жойылғанның өзінде де қала береді. Бірақ — табиғи айырмашылықтардың теңгерілуі мүмкін екендігін мүлде ескермегенде — бұл *дифференциалдық рента* рынок бағасының реттелуіне байланысты, демек, бағамен және капиталистік өндіріспен бірге құриды. Тек мына жағдай ғана: *қоғамдық еңбектің құнарлылығы әр түрлі топырақты өңдейтіндігі*, оның үстіне, қолданылатын еңбек мөлшерінің айырмашылығына қарамастан, бұл еңбектің барлық топырақта да неғұрлым өнімді еңбекке айнала алатындығы өз күшінде қалар еді. Бірақ нашар топырақтан өнім алуға жұмсалатын еңбектің көп массасы буржуазиялық құрылыста болатын жағдайды, атап айтқанда, жақсы топырақ өнімінің өзіне де көп мөлшерде еңбек жұмсалуға тиіс екендігіне әсте себепші болмайтын болады. Керісінше, IV разряд топырағында сақталған еңбек III разряд топырағын жақсарту үшін, III разряд



топырағында сақталған еңбек ІІ разряд топырағын жақсарту үшін, ал ІІ разряд топырағында сақталған еңбек І разряд топырағын жақсарту үшін пайдаланылар еді; олай болса, қазір жер меншікшілері жалмап жатқан капиталдың бәрі ол кезде әр түрлі топыраққа жұмсалатын еңбекті теңестіруге және егіншілікте жұмсалатын жалпы еңбек мөлшерін азайтуға қызмет етер еді.

\* \* \*

[492] {Біздің жоғарыда көргеніміздей \*, А. Смит құн жөнінде және құнның құрамдас бөліктері ретінде пайданың, жалақының, т. б. арасындағы арақатынас жөнінде әуелі дұрыс көзқарас айтады, ал одан кейін қарама-қарсы жолға түсіп, жалақының, пайданың және жер рентасының бағасын белгілі бірдеңе деп ұйғарып, оларды дербес шамалар ретінде анықтауға және олардың қосындысынан *товар бағасын* шығаруға әрекет жасағанда, оның осы қарама-қарсы көзқарасқа көшуі, міне, мынаны білдіреді: Смит әуелі заттарды олардың *ішкі байланысы жағынан*, ал одан соң олардың *бәсекеде көрінетін өзге формасы жағынан* алып қарайды. Онда бұлайша қарастырудың екі әдісінің екеуі де аңғалдықпен тоғысып жатады, оның үстіне ол бұлардың арасындағы қайшылықты аңғармайды. Рикардо, керісінше, *заңдардың өзін* қарастыру үшін бәсеке формасынан, бәсекеден болатын сырт көріністен әдейі *абстракциялауға жүгінеді*. Оны, бір жағынан, абстракцияны онша ұзаққа апармайды, онша толық келтірмейді деп кінәлау керек, сондықтан да ол, мәселен, *товардың құнын* қарастырған кезде ең басынан бастап-ақ нақ сондай алуан түрлі нақты қатынастардың өктем ықпалынан аса алмайды; екінші жағынан, оның кінәсы мынада: ол көріну формасын жалпыға бірдей заңдардың *тікелей, тұп-тура* расталуы немесе көрінісі деп түсінеді; ол бұл форманың *дамуын* ешбір ашып көрсетпейді. Бұл сәттердің біріншісі жөнінен оның абстракциясы мүлде толық емес, ал екіншісі жөнінен ол — формальды, өзінен-өзі жалған абстракция.}

[10] РЕНТА НОРМАСЫ ЖӘНЕ ПАЙДА НОРМАСЫ.  
ТАРИХИ ДАМУДЫҢ ӘР ТҮРЛІ САТЫЛАРЫНДАҒЫ  
ЕГІНШІЛІКТІҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІҢ  
ӨНІМДІЛІГІ АРАСЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАС]

Енді Родбертуста әлі де талдау керек болатын нәрсеге қысқаша қайтып оралайық.

«Ұлттық өнім құнының көбеюінен болатын жалақының, капиталға шаққандағы пайданың және жер рентасының көбеюі ұлт ішінде жалақыны да, капиталға шаққандағы пайданы да *арттыра* алмайды, өйткені

\* Қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 39—55 және 62—67-беттер. Ред.

мол жалақы енді көп жұмысшылардың арасында бөлінеді, ал өсе түсіп отырған пайда дәл осындай пропорциямен көбейе түскен капиталға түседі; жер рентасына келетін болсақ, ол қалай болғанда да *артуға* тиіс, өйткені ол әрқашан да *көлемі жөнінен өзгермейтін* жер танаптарының үлесіне тиеді. Сонымен, мен дамытып отырған теория *жер құнының* едәуір *артуын* қанағаттандырарлықтай дәрежеде түсіндіре алады,— бұл жер әдеттегі проценттік мөлшер бойынша капиталдандырылған жер рентасынан басқа ештеңе де емес,— бұл ретте барлық ауыл шаруашылық және статистикалық фактілер сияқты, адам қоғамының жетілу қабілеттілігі туралы идеяға түп-тура қайшы келетін, ауыл шаруашылық еңбегінің өнімсіздігі артады деуге бармай-ақ түсіндіруге болады» (160—161-беттер) [Орысша аудармасы, 340—341-беттер].

Ең алдымен мынаны ескеру керек: Рикардо [Родбертустың бұл пайымдауы соған қарсы бағытталып отыр] «*жер құнының едәуір артуын*» түсіндіруге *еш жерде* де ұмтылмайды. Ол үшін бұл *ешқандай да проблема* емес. Одан соң Рикардоның өзі (Рикардоның көзқарастарын бұдан кейінгі талдауды қараңыз) астықтың немесе [жалпы] егіншілік өнімінің құны өзгермеген жағдайда, жер рентасының белгілі бір нормасы жағдайында, рента *көбейе* алады деп кесіп айтады\*. Бірақ түптеп келгенде бұл өзгеру де Рикардо үшін проблема болмайды. Ол үшін рента нормасы өзгермей қалған жағдайда рентаның жалпы сомасының көбеюі емес, қайта *рента нормасының*, яғни авансыланған егіншілік капиталына қатынасы жағынан алынғандағы рента нормасының артуы проблема болып табылады; ал осы себептен егіншілік өнімінің *бүкіл массасы* құнының артуы да емес, қайта егіншілік өнімдерінің нақ сол бір мөлшерінің құнының, мысалы, бір квартал бидайдың құнының артуы, артқанда, оның орта бағасының үстіне өнім құнының артылып қалатын бөлегінің, ал осының салдарынан пайда нормасының үстіне рентаның артылып қалатын бөлегінің де өсуімен бірге артуы проблема болып табылады. Бұл арада Родбертус мырза Рикардоның проблемасын (Родбертустың «материал құны» жөніндегі жалған концепциясын айтпағанның өзінде) лақтырып тастайды.

Әрине, авансыланған капиталға қатынасы жөнінен *рента нормасы* да, яғни егіншілік барған сайын *неғұрлым өнімді* болып келе жатса да, өнеркәсіп өнімімен салыстырғанда, егіншілік өнімінің относителді құны арта алады. Осының өзінде бұл екі себептен болуы мүмкін.

*Біріншіден*, I разрядтан II, III, IV разрядтарға, яғни барған сайын неғұрлым құнарлы топырақтарға ауысып отыратын, *жоғарыда келтірілген* мысалды алайық (алайда, оның бер жағында, неғұрлым құнарлы топырақтың беретін өнімінің мөлшері I разрядтың өңделуін тоқтатып тастау үшін немесе құн мен орта пайда арасындағы айырманы IV, III, II разрядтар тиісінше неғұр-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 326—327-беттер. Ред.

лым төмен рента беретіндей, ал I разряд мүлде рента бермейтіндей шамаға дейін азайту үшін онша көп болмайды). Егер барлық төрт разрядқа 100 ф. стерлингтен жұмсалып, I разряд — 10 ф. ст., II разряд — 20 ф. ст., III разряд — 30 ф. ст., IV разряд 40 ф. ст. рента беретін болса, онда I разрядта рента  $\frac{1}{10}$ , немесе авансыланған капиталдың 10 проценті, II разрядта —  $\frac{2}{10}$ , немесе 20%, III разрядта —  $\frac{3}{10}$ , немесе 30% және IV разрядта  $\frac{4}{10}$ , немесе 40% болады. Авансыланған 400 ф. ст. капиталға не бары 100 ф. ст. болады, мұның беретін рентасының орташа нормасы:  $\frac{100}{4}$ , яғни 25%. Егер егіншілікке жұмсалған барлық капиталды алсақ, онда рента енді 25% болады. Егер де I разрядтағы топырақ (ең құнарсыз топырақ) қана әрі қарай өңделе берсе, онда рента 400 ф. стерлингке 40 ф. ст., яғни бұрынғыша 10% болып, 25 процентке дейін артпаған болар еді. Бірақ бірінші жағдайда (егер I разрядта жұмсалған 100 фунт стерлингке 330 бушельден келетін болса) әр бушелі 6 шиллинг 8 пенс болатын 1320 бушель ғана өндірілген болар еді: екінші жағдайда [барлық төрт разрядтың топырағы өңделген кезде] дәл сондай бағамен 1500 бушель өндіріледі. Екі жағдайдың екеуінде де баз баяғы капиталдың өзі авансыланған <sup>29</sup>.

Алайда бұл арада рентаның жоғарылығы артқан сияқты болып қана көрініп отыр <sup>30</sup>. Шынына келгенде, біз өнімге қатынасы жөніндегі капитал шығынын шегеріп тастасақ, онда I разрядта 330 бушель өндіру үшін 100 ф. ст., ал 1320 бушель өндіру үшін 400 ф. ст. жұмсау қажет болып шығады. Ал енді 1.320 бушель өндіру үшін бар болғаны 100 + 90 + 80 + 70, яғни не бары 340 ф. ст. <sup>31</sup> қана жұмсау қажет. I разрядта 100 ф. ст. қанша өндірсе, II разрядта 90 ф. ст. сонша өндіреді, II разрядта 90 ф. ст. қанша өндірсе, III разрядта 80 ф. ст. сонша, ал III разрядта 80 ф. ст. қанша өндірсе, IV разрядта 70 ф. ст. сонша өндіреді. II, III, IV разрядтардағы жер рентасының нормасы I разрядпен салыстырғанда арта түсті.

Егер бүкіл қоғамды тұтас алып қарайтын болсақ, онда енді сол өнімді өндіру үшін, 400 ф. ст. капиталдың орнына 340 ф. ст., яғни [бұрынғы] капиталдың 85 проценті ғана жұмсалды.

[493] 1320 бушель бірінші жағдайдағыдан гөрі тек басқаша ғана бөлінер еді. Енді арендатор бұрын 100 ф. стерлингке қанша берген болса, [авансыланған капиталдың] 90 ф. стерлингке сонша беруге, бұрын 90 ф. стерлингке қанша берсе, 80 ф. стерлингке сонша және бұрын 80 ф. стерлингке қанша берсе, 70 ф. стерлингке сонша [рента] беруге тиіс. Бірақ оған бұрын 100 ф. ст. жұмсалғанда қанша өнім берсе, 90, 80, 70 ф. ст. капитал жұмсау нақ сонша өнім береді. Оның өнімді көбірек беретін себебі — нақ сондай өнім алу үшін көп капитал жұмсауға тиіс болғандығынан емес, қайта ол капиталды азырақ жұмсайтындығынан; оның ка-

питалы өнімділігінің азайғандығынан емес, қайта бұл капиталдың неғұрлым өнімді болғандығынан, ал арендатор болса, өзіне дәл сондай мөлшерде өнім өндіру үшін дәл бұрынғы капиталдың нақ өзі қажет болған жағдайдағыдай, өз өнімін бұрынғыша I разряд өнімінің бағасы бойынша сатады.

[Екіншіден.] Рента нормасының осы артуынан басқа, — өнеркәсіпте бұл арту есептеліп отырмаса да, өнеркәсіптің жекелеген салаларындағы үстеме пайданың әркелкі артуымен сәйкес келетін артуынан басқа, — егіншілік өнімінің құны сол күйінде қала беретіндігіне, яғни бұл арада еңбектің өнімділігі кемімейтіндігіне қарамастан, *рента нормасы* арта алатын тағы да бір екінші жағдайдың болуы ғана мүмкін. Мұндай жағдай не егіншіліктегі өнімділік бұрын қандай болса, *сол күйінде* қала беретін, бірақ өнеркәсіпте өнімділік арта түсетін, оның үстіне бұл арту пайда нормасының төмендеуінен көрінетін кезде болады; яғни өнеркәсіпте өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы кеміген кезде болады. Немесе мұның өзі егіншілікте де өнімділік артқан кезде, бірақ артқанда өнеркәсіптегі қатынас сияқты емес, азырақ қатынаста артқан кезде болады. Егер өнімділік егіншілікте 1:2 сияқты, ал өнеркәсіпте 1:4 сияқты артатын болса, онда мұның өзі *относительді түрде* егіншіліктегі өнімділік бұрынғы күйінде қалып, өнеркәсіпте екі есе артқандағының нақ өзі. Бұл жағдайда өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы жөнінен кемуі егіншілікке қарағанда, өнеркәсіпте екі есе тез болар еді.

Бұл екі жағдайдың екеуінде де өнеркәсіптегі пайда нормасы кеміп, соның *кемуі* салдарынан жер рентасының *нормасы* артар еді. Басқа жағдайларда пайда нормасы абсолютті түрде кемімейді (ол қайта *тұрақты* болып қалады), бірақ ол жер рентасына қатынасы жөнінен кемиді, кемігенде ол *өзінен-өзі* кемігендіктен емес, қайта жер рентасы авансыланған капиталға қатынасы жөнінен жер рентасының нормасы артқандықтан кемиді.

Рикардо бұл жағдайларды саралап айтпайды. Жоғарыда келтірілген жағдайларды (яғни пайда нормасы (ол тұрақты болса да) неғұрлым құнарлы топырақта жұмсалған капиталдың үлесіне тиетін дифференциалдық ренталарға бола *относительді түрде* кемитін кезде, — немесе өнеркәсіп өнімділігінің көбеюі салдарынан тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы жалпы арақатынас өзгеріп, *осы себепті* егіншілік өнімінің артылып қалған құны оның орта бағасынан көбейіп кететін кезде) есептегенде, өнеркәсіп өнімділігі артпай-ақ, пайда нормасы кемитін жағдайда ғана жер рентасының нормасы арта алады. Ал мұның өзі егіншілік өнімсіздігінің арта түсуінің нәтижесінде жалақы артқан немесе шикі материал құны өскен жағдайда ғана болуы мүмкін. Бұл жағдайда пайда нормасының кемуі мен жер рентасы жоғарылығының өсуі сол бір ғана себептің — егіншілік өнімділігінің, егіншілікте қолданылатын капиталдың кемуінің нәтижесі

болып табылады. Рикардо осылай түсінеді. Ақша құны өзгермеген жағдайда бұл онда шикі өнімдер бағасының артуынан байқалады. Егер, жоғарыда қарастырылғандай, бағаның артуы *относительді* болса, ақша бағасының ешқандай өзгерісі өнеркәсіп өнімдерімен салыстырғанда егіншілік өнімдерінің ақшалай бағасын абсолютті түрде арттыра алмайды. Ақшаның құны 50 процент төмендегенде 3 ф. ст. тұрған бір квартал бидай 6 ф. ст. тұратын болады, сонымен қатар 1 шиллинг тұрған бір қадақ жіп те 2 шиллинг тұратын болады. Сонымен, өнеркәсіп өнімдерімен салыстырғанда егіншілік өнімдерінің ақшалай бағасының *абсолютті түрде* артуын ешқашан да ақша құнының өзгеруінен деп түсіндіруге келмейді.

Жалпы алғанда капитализмге дейінгі, қарапайым өндіріс әдісі тұсында өнеркәсіптен гөрі егіншіліктің *өнімдірек* болатынын мойындау керек, өйткені мұнда табиғат адамның жұмысына машина және организм ретінде қатысады, ал өнеркәсіпте табиғат күштерінің орнына әлі де түгел дерлік адам күші қолданылады (мысалы, қолөнер өнеркәсібінде және т. б.). Капиталистік өндіріс қаулап дамыған кезеңде, егіншілікпен салыстырғанда, өнеркәсіпте өнімділік өте тез дамиды, солай бола тұрса да өнеркәсіптің дамуы егіншілікте өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арақатынасында елеулі өзгеріс *болуын да қажет етеді*; яғни көптеген адамдардың жерден қуылуын қажет етеді. Бұдан әрі қарай бірдей қарқында болмағанымен, өнімділік өнеркәсіпте де, егіншілікте де өседі. Бірақ өнеркәсіп дамуының белгілі бір сатысында бұл сәйкессіздік кеми бастауға тиіс, яғни егіншіліктің өнімділігі, өнеркәсіптің өнімділігіне қарағанда, біршама тез өсуге тиіс. Бұған жататындар: 1) Жалқау-фермердің орнына өнеркәсіпшінің, ауыл шаруашылық капиталисінің келуі, егіншілердің таза жалдама жұмысшыларға айналдырылуы, егіншіліктің кең көлемде, яғни шоғырландырылған капиталдың көмегімен жүргізілуі. 2) Әсіресе мына төмендегілер: шынына келгенде ірі өнеркәсіптің ғылыми негізі XVIII ғасырда белгілі бір деңгейде өзінің тамамдалуына жеткен механика болып табылады; тек XIX ғасырда, әсіресе оның неғұрлым кейінгі онжылдықтарында \* ғана өнеркәсіптен гөрі, тікелей егіншілік үшін көбірек дәрежеде өзіндік ерекше негіз болып табылатын ғылымдар [494]— химия, геология және физиология өркендеп келеді.

Өндірістің *әр түрлі* екі саласындағы товарлар құнын қарапайым салыстыру негізінде олардағы өнімділіктің аз не көптігі туралы сөз ету қиынсыз. Егер 1800 жылы бір қадақ мақта 2 шиллинг, ал бір қадақ жіп 4 шиллинг болса және 1830 жылы мақтаның құны 2 шиллингке немесе, айтайық 18 пенске тең, ал

\* — яғни 40-шы және 50-ші жылдарда. Ред.

жіптің құны 3 шиллингке немесе 1 шиллинг 8 пенске тең болса, онда осы екі саланың қайсысында өнімділіктің артқан қатынасын салыстыруға болар еді. Бірақ мұның мүмкін болатын себебі — 1 800 жылғы шама бастапқы пункт деп алынады. Ал мынадай пікір айту кенеп әзірлеу осы кенепке суретші салған картинадан гөрі арзанға түсетін болғандықтан, суретші еңбегінің кенеп әзірлеуге жұмсалған еңбектен гөрі өнімділігі азырақ болады деген пікір айту қандай қисынсыз болса, — мақтаның қадағы 2 шиллинг, ал жіптің қадағы 3 шиллинг тұратындығына сүйеніп, яғни мақта өндіретін еңбек жіп иірушінің [жаңадан қосылған] еңбегінен екі есе көп екендігіне сүйеніп, еңбектің бір түрі екіншісінен екі есе өнімді болады деген қорытынды жасау да нақ сондай қисынсыз болар еді.

Мұнда мынау ғана дұрыс (егер бұл ретте «өнімді еңбек» деген ұғымды сондай-ақ оның капиталистік мағынасында, яғни қосымша құн өндіретін еңбек мағынасында да алып, сонымен бірге өнімнің относительді массасын ескергенде):

Егер орта есеппен, мақта-мата өнеркәсібінде 100 ф. стерлингке түсетін 100 жұмысшыға кәсіп тауып беріп, өндіріс жағдайларына сәйкес шикізатқа, машиналарға және т. б. {соңғыларының құны осындай болғанда}. 500 ф. ст. жұмсау қажет болса және егер, екінші жағынан, бидай өндірісінде ол да 100 фунт стерлингке түсетін 100 жұмысшыға кәсіп тауып беріп, шикізат пен машиналарға 150 ф. ст. жұмсау қажет болса, — онда бірінші жағдайда өзгермелі капитал 600 ф. стерлингке тең жиынтық капиталдың  $\frac{1}{6}$  бөлігі және тұрақты капиталдың  $\frac{1}{5}$  бөлігі болар еді; екінші жағдайда өзгермелі капитал 250 ф. стерлингке тең жиынтық капиталдың  $\frac{2}{5}$  бөлігі және тұрақты капиталдың  $\frac{2}{3}$  бөлігі болар еді. Сонымен, мақта-мата өнеркәсібіне жұмсалған әрбір 100 ф. стерлингтің ішінде тек  $16\frac{2}{3}$  ф. ст. өзгермелі капитал ғана бола алады және міндетті түрде оның ішінде  $83\frac{1}{3}$  ф. ст. тұрақты капитал болады; ал екінші жағдайда — 40 ф. ст. — өзгермелі капитал да, 60 ф. ст. — тұрақты капитал. Бірінші жағдайда өзгермелі капитал жиынтық капиталдың  $\frac{1}{6}$  бөлігі, яғни  $16\frac{2}{3}$  проценті, екінші жағдайда — 40 проценті болады. Бағалардың тарихы жөніндегі қазіргі еңбектердің қандай бейшаралық жағдайда болып отырғаны айқын. Теория оларға нақ нені зерттеу керек екенін көрсетіп бермейінше, олар бейшара болмай тұра да алмайды. Қосымша құн нормасы белгілі, мысалы, 20 процентке тең болғанда, қосымша құн бірінші жағдайда  $3\frac{1}{3}$  ф. ст. (олай болса, пайда  $3\frac{1}{3}$  процентке теңелер еді), ал екінші жағдайда 8 ф. ст. (олай болса, пайда 8 процентке теңелер еді) болар еді. Мақта-мата өнеркәсібіндегі еңбек астық өндірісіндегі сияқты онша өнімді болмас еді, бірақ ол нақ сол неғұрлым өнімді болатындықтан осылай болар еді (яғни бұл еңбек қосымша құн өндіру мағынасында алғанда онша өнімді болмас еді, өйткені ол өнім өндіру мағынасында алғанда не-

ғұрлым өнімді болар еді). Жол-жөнекей ескерте кетелік, мына жағдайда: егер тұрақты капитал (бұл машиналарға және т. б. байланысты), айтайық, 10 000 ф. ст. мөлшерінде, ал жалақы 2 000 ф. ст. мөлшерінде жұмсалып, жиынтық капитал 12 000 ф. ст. құраған жағдайда ғана мәселен мақта-мата өнеркәсібінде [жиынтық капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы] арақатынастың  $1:1\frac{1}{6}$  болуы мүмкін екені айқын. Егер 6 000 ф. ст. қана жұмсалып, осының өзінде жалақы 1 000 ф. ст. болса, онда машиналардың өнімділігі аз және т. с. болар еді. 100 ф. стерлингпен іс жүргізу мүлде мүмкін болмас еді. Екінші жағынан, мүмкін, 23 000 ф. ст. жұмсалғанда, машиналар тиімділігінің артатындығы соншалық, басқа жақтарында сондай бір үнемге және т. т. қол жететіндігі соншалық,  $19\ 166\frac{2}{3}$  ф. стерлингтің бәрі түгелдей тұрақты капиталға келмеуі мүмкін, ал көп мөлшердегі шикізат пен нақ сондай еңбек массасының машиналарды және т. б. (құны жөнінен) *азырақ* керек етуі, оның үстіне олардан 1 000 ф. ст. үнемделетін болуы мүмкін. Демек, онда өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы қайтадан өседі, бірақ капитал абсолютті түрде көбейгендіктен ғана өседі. Мұның өзі пайда нормасының кемуіне кедергі жасайтын факторлардың бірі. Әрқайсысы 12 000 ф. стерлингтен тұратын екі капитал 23 000 ф. ст. бір капитал қандай мөлшерде товар өндірсен, нақ сондай мөлшерде товар өндіреді, бірақ бұл орайда, біріншіден, товарлар қымбатырақ болар еді, өйткені оларға 1 000 ф. ст. көп жұмсалды, ал екіншіден, пайда нормасы азырақ болар еді, өйткені 23 000 ф. ст. капиталда өзгермелі капиталдың үлесі жиынтық капиталдың  $1/6$  бөлігіне қарағанда көп болады, демек, ол әрқайсысы 12 000 ф. ст. екі капиталдың жиынтығындағы үлестен көп болады. [494]

[494] (Бір жағынан, өнеркәсіптің прогресіне байланысты машиналар тиімдірек және арзанырақ болады, ендеше, егіншіліктегі тұрақты капиталдың бұл бөлегі — егер мұнда машиналар нақ бұрынғы кездегі *сияқты мөлшерде* қолданылатын болса, сол жағдайда — кемиді; алайда машиналардың саны олардың арзандауынан гөрі тез көбейеді, өйткені егіншілікте бұл элемент әлі де нашар дамыған. Екінші жағынан, егіншілік өнімділігінің артуына байланысты шикізаттың бағасы кемиді — бұған мақта мысал бола алады, — ендеше, құн құралуы процесінің құрамдас бөлігі ретінде шикізат өзі еңбек процесінің құрамдас бөлігі ретінде қалай көбейетін болса, нақ сондай пропорцияда көбеймейді.)<sup>32</sup>

\* \* \*

[494] *Петтидің* өзі-ақ былай деген еді: өз кезінде лендлордтар егіншіліктегі жақсартулардың нәтижесінде егіншілік өнімдерінің бағасы мен жер рентасы (оның жоғарылығы жөнінен) кемитін болғандықтан, бұл жақсартулардан қорқатын; дәл сол себептен олар *жер көлемін көбейтуден* және бұрын пайдаланылмаған жер-

лерді өңдеуден де қорыққан, бұл да жер көлемін көбейтумен бірдей болатын. (Голландияда жер көлемінің бұлайша көбеюін сөздің одан да бетер тура мағынасында түсіну керек.) Петти былай дейді:

«Лендлордтар батпақтардың құрғатылуына, ормандардың тазартылуына, қауымдық жерлерді егістікке айналдыру үшін олардың қоршалуына, эспарцет пен жоғышқа егуге — бұлар ішіп-жем заттары бағасының төмендеуіне әкеліп соғады деп күнкілеп, шағым айтады» («Political Arithmetick», London, 1699, 230-бет) [Орысша аудармасы: *Петти, Вильям*. Экономикалық және статистикалық еңбектер. Москва. 1940, 186-бет]. «Бүкіл Англиядан, Уэльстен және Шотландияның жазық бөлігінен алынатын рента жылына шамамен 9 млн. ф. ст. болады» (бұл да сонда, 231-бет) [Орысша аудармасы, 187-бет].

Петти лендлордтардың бұл көзқарастарына қарсы күреседі, ал Давенант рентаның массасы немесе рентаның жалпы сомасы бұл орайда көбейе түскенде, *рентаның жоғарылығы* азая түсуі мүмкін деген пікірді одан әрі дамытады [495]. Давенант былай дейді:

«Кейбір жерлерде және кейбір графтықтарда ренталардың кемуі мүмкін, ал дегенмен де тұтас алғанда ұлттың жері» (ол бұл арада жердің құнын айтып отыр) «барлық уақытта жақсара алады; мысалы, парктер мен ормандар тазартылып, қауымдық жерлер қоршалса, батпақтар құрғатылып, көптеген жер танаптары өңдеу және тыңайтқыштар арқылы жақсартылса, онда бұл, әрине, бұдан бұрын да толық мөлшерде жақсартылған, ал енді бұдан әрі жақсартуға келмейтін жердің құнын кемітуге тиіс; бірақ осының нәтижесінде кейбір жеке адамдардың ренталық табысы кемісе де, дегенмен осымен бір мезгілде осындай жақсартулардың арқасында корольдіктің жалпы рентасы артады» (*D'Avenant. Discourses on the Publick Revenues etc., Part II. London, 1698, 26—27-беттер*). «1666 және 1688 жылдар арасындағы уақыт ішінде жекеше ренталар кеміді, бірақ осы уақыттың ішінде корольдіктегі рентаның жалпы сомасының артуы оның алдындағы жылдарға қарағанда біршама көп болды, өйткені осы уақыт ішінде топырақ едәуір жақсартылды және бұрынғы қай уақыттан болса да, неғұрлым жаппай сипатта болды» (бұл да сонда, 28-бет).

Сондай-ақ бұл арада біз ағылшынның әсте де рентаның корольдіктегі *жалпы жер көлеміне* (немесе Родбертус мырзада айтылатынындай, жалпы акрға) қатынасын емес, үнемі рентаның капиталға қатынасын рентаның жоғарылығы деп түсінетінін де көріп отырмыз.



[ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ]

**РИКАРДОНЫҢ ЖЕР РЕНТАСЫ  
ЗАҢЫ ДЕЙТІННІҢ АШЫЛУ ТАРИХЫ  
ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР.**

**[РОДБЕРТУС ТУРАЛЫ ҚОСЫМША ЕСКЕРТПЕЛЕР]  
(ШЕГІНІС)**

**[1) АНДЕРСОННЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА ЗАҢЫН АШУЫ.  
АНДЕРСОННЫҢ ПЛАГИАТОРЫ — МАЛЬТУСТЫҢ  
ЖЕР МЕНШІКШІЛЕРІНІҢ МҮДДЕСІН КӨЗДЕП,  
АНДЕРСОННЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫН БҰРМАЛАУЫ]**

*Андерсон* практик-арендатор болған еді. Оның рентаның табиғаты *жол-жөнекей* қаралатын тұңғыш шығармасы 1777 жылы<sup>33</sup>, сэр Джемс Стюарт жұртшылықтың едәуір бөлігіне әлі де ең беделді экономист болып отырған кезде жарық көрді, бірақ барша жұрттың назары сонымен бірге одан бір жыл бұрын шыққан «Wealth of Nations»-қа аударылды<sup>34</sup>. Керісінше, сол кезде даулы болып жүрген тікелей практикалық бір мәселе жөнінде жазылған шотланд арендаторының шығармасы,— автор рента туралы *ex professo* \* айтпай, оның табиғатын сөз арасында ғана түсіндірген шығарма,— назар аудара алмады. Андерсон бұл шығармасында рентаны *ex professo* қарастырмай, тек өзге мәселелермен байланысты қарастырады. Оның өзі үш томдық очерктер жинағы түрінде шығарған өз очерктерінің біреуінде немесе екеуінде өзінің осы теориясын ол тағы да *жол-жөнекей* сөз етеді; ал оның очерктер жинағы мынадай тақырыппен шыққан болатын: «Essays relating to Agriculture and Rural Affairs», 3 vols., Edinburgh, 1775—1796. Мұның өзі 1799—1802 жылдары басылып шыққан мына кітапқа да қатысты: «Recreations in Agriculture, Natural-History, Arts» etc., London. (Британ музейінен қарау керек<sup>35</sup>.) Мұның бәрі — тікелей арендаторлар мен ауыл шаруашылығы жөніндегі мамандарға арналған шығармалар. Егер Андерсон өзі ашқан жаңалықтың маңыздылығын түсініп, оны жұртшылыққа «Inquiry into the Nature of Rent»\*\* ретінде жеке ұсынған болса, немесе жерлесі Мак-Куллохтың өзгелердің идеяларын ойдағыдай кәсіп ете білгеніндей, мұның да өз идеяларын

\* — арнайы. Ред.

\*\* — «Жер рентасының табиғаты туралы зерттеу». Ред.

ойдағыдай кәсіп ете алатындай шамалы болса да талантты болғанда, мәселе басқаша болар еді.

Оның теориясының репродукциялары 1815 жылы бірден-ақ рентаның табиғаты туралы жекелеген *теориялық* зерттеулер түрінде шықты, мұны Уэст пен Мальтустың тиісті шығармалары тақырыптарының өзі-ақ көрсетеді:

Мальтус — «Inquiry into the Nature and Progress of Rent».

Уэст — «Essay on the Application of Capital to Land».

Мальтус, одан әрі, Андерсонның рента теориясын өзінің халық санының артуы заңын бірінші рет бір мезгілде саяси-экономикалық жағынан да, нақтылы (табиғи-тарихи) жағынан да негіздеу үшін пайдаланды, ал оның өзінің алдындағы жазушылардан алған геометриялық және арифметикалық прогрессиялар жөніндегі қисынсыздықтары нағыз таңғажайып гипотеза болатын. Мальтус мырза өзіне берілген мүмкіндікке бірден «жармаса кетті». Ал *Рикардо* рента туралы бұл ілімді, алғы сөзде оның өзі айтқандай<sup>36</sup>, жалпы саяси экономия жүйесіндегі аса маңызды буындардың біріне айналдырды және оған, — мәселенің практикалық жағы туралы айтпағанның өзінде, — мүлде жаңа теориялық маңыз берді.

Рикардонның Андерсонды білмегені даусыз, өйткені ол өзінің саяси экономиясына алғы сөзде Уэст пен Мальтусты рента теориясының негізін салушылар деп атайды. Заңды баяндағандағы бірегей мәнеріне қарағанда, — Туктің Стюартты білмегені сияқты, — Уэст те, сірә, Андерсонды білмеген болса керек. Мальтус мырзаға келгенде мәселенің жөні басқаша. Оның шығармаларын Андерсонның еңбектерімен егжей-тегжейлі салыстырып шыққанда, Мальтустың Андерсонды білетіндігі және оны пайдаланып отырғандығы көрініп тұрады. Жалпы алғанда Мальтус кәнігі *плагиат* болған. [496] Творчестволық еркін ойдың адамы ретінде Мальтус Таунсендтің өмір сүргенін де *жасырып, оның еш жерде* атын атамаса да, Таунсенд шығармасын өңдемей, қайта құлдық ұрған плагиатор ретінде көшіріп алып, қайталап айтатынына көз жеткізу үшін Мальтустың халық санының артуы туралы шығармасының<sup>37</sup> *бірінші басылуын* мәртебелі Таунсендтің мен бұдан бұрынырақта цитат келтірген шығармасымен<sup>38</sup> салыстырып шығудың өзі-ақ жеткілікті.

Андерсонның көзқарастарын Мальтустың қандай әдіспен пайдаланғанының өзі де ғажап. Андерсон шетке астық шығаруды көтермелейтін шетке шығару сыйлығын және сырттан астық әкелуді азайтатын, астық әкелуге салынатын баж салығын қорғады, — мұны істегенде ол әсте де лендлордтардың мүдделерін көздеп істеген жоқ, қайта мұндай заң «астықтың орта бағасын кемітеді» және егіншіліктің өндіргіш күштерін бірқалыпты дамытуды қамтамасыз етеді деген болжамға сүйеніп істеді. Андерсонның осы практикалық қорытындысын Мальтустың қабылдаған

себебі: Мальтус — англикан мемлекеттік шіркеуінің нағыз мүшесі ретінде — өзі ренталарын, синекурларын, ысырашқорлығын, қатыгездігін және т. т. *экономикалық жағынан* ақтаған жер аристократиясының кәнігі сикофанты \* болды. Мальтус өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін қорғағанда бұл мүдделер жер меншігінің, аристократияның мүдделеріне қандай мөлшерде сай келсе, тек сондай мөлшерде ғана қорғайды, яғни ол мүдделерді халық бұқарасына *қарсы*, пролетариатқа *қарсы* болып қорғайды; бірақ жер аристократиясы мен өнеркәсіп буржуазиясының мүдделері алшақтап, біріне бірі дұшпан ретінде қарсы тұратын жерде Мальтус буржуазияға қарсы аристократия жағына шығады. Оның «*өнімсіз қызметкерлерді*», шамадан тыс тұтынуды және т. б. қорғайтындығы осыдан.

Керісінше, Андерсон рента төлейтін жер мен рента төлемейтін жердің арасындағы айырмашылықты, немесе рента беретін топырақпен не көп рента беретін топырақпен салыстырғанда рента *бермейтін* немесе *аз* рента беретін топырақтың *относительді* құнарсыздығынан әр түрлі рента төлейтін жерлердің арасындағы айырмашылықты түсіндірді. Бірақ ол былай деп кесіп айтты: *әр түрлі* топырақ сорттарының *относительді* құнарлылығының бұл деңгейінің, демек, топырақтың жақсы сорттарымен салыстырғанда нашар сорттарының *относительді* құнарсыздығының да егіншіліктің *абсолютті* өнімділігімен ортақ мүлдем ештеңесі жоқ. *Керісінше*, ол үнемі арта алатын және халық санының өсуімен бірге арта түсуге тиіс болатын нәрсе *барлық* топырақ сорттарының *абсолютті* құнарлылығы ғана емес деп көрсетті, сонымен қатар ол бұдан да әрі ілгері басып, әр түрлі топырақ сорттарының *құнарлылығындағы әркелкілік* барған сайын *теңгеріле* алады деп пайымдады. Ол Англиядағы егіншілік дамуының қазіргі дәрежесі оның даму *мүмкіндігі* туралы ешқандай да түсінік бере алмайды деді. Осыған байланысты ол: бір елде астық бағасының жоғары, ал рентаның төмен болуы мүмкін, екінші бір елде астық бағасының төмен, ал рентаның жоғары болуы мүмкін деді; мұның өзі де оның негізгі қағидасынан туындайтын, өйткені екі елдің екеуінде де рентаның жоғарылығы мен оның болуының өзі құнарлы топырақ пен құнарсыз топырақтың арасындағы *айырмашылық арқылы* анықталады, бірақ бұл елдердің ешқайсысында да ренталар *абсолютті* құнарлылық арқылы анықталмайды; бұл елдердің әрқайсысында *рента*лар ондағы топырақ сорттары құнарлылығының дәрежесіндегі айырмашылық арқылы ғана анықталады, бірақ олардың ешқайсысында да ренталар осы топырақ сорттарының орташа құнарлылығы арқылы анықталмайды. Осыдан келіп ол егіншіліктің *абсолютті* өнімділігінің рента-

---

\* — жағымпазы, малайы. *Ред.*

мен ортақ мүлдем ештеңесі болмайды деген қорытынды жасады. Сондықтан ол кейіннен, біздің төменіректе көретініміздей», өзін Мальтустың халық санының артуы теориясының батыл жауы деп жариялады және оның өзінің рента теориясының талайына осы сұмдық ойдан шығарушылыққа негіз болу жазылған деп ойлаған да жоқ. Андерсон 1700 жылдан 1750 жылға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 1750 жылдан 1801 жылға дейінгі кезеңде Англияда астық бағасының артуын әсте де барған сайын құнарлылығы кем топырақ сортының өңдеуге енгізілгендігінен деп емес, осы екі кезең ішінде егіншілікке заңның ықпал етуінен деп түсіндірді.

Ал Мальтус не істейді?

Ол өзінің «бос сөз» ретінде сақтап қалған геометриялық және арифметикалық прогрессия жөніндегі орындалмас қиялының (ол да ұрланып алынған) орнына өзінің халық санының артуы теориясын дәлелдеу үшін Андерсонның теориясын пайдаланды. Андерсон теориясының практикалық қорытындылары лендлордтардың мүдделеріне сай келетін болғандықтан Мальтус оларды сақтап қалды,— осы фактінің бір өзі-ақ бұл теорияның буржуазиялық қоғамның саяси экономиясы системасымен байланысын, Андерсонның өзі сияқты, Мальтустың да соншалықты аз түсінгенін дәлелдейді;— ол бұл теорияны пролетариатқа қарсы бұрып, тіпті оның авторының қарсы дәлелдерінің байыбына барып та жатпады. Бұл теориядан туған, ілгері басқан теориялық және практикалық мына қадамды: теориялық жағынан — товар құнын және т. б. белгілеп, жер мөншігінің табиғатын анықтайтын қадамды, практикалық жағынан *буржуазиялық өндіріс негізінде* жерге жеке меншіктің қажеттігіне қарсы және, неғұрлым тікелей, осы жер мөншігінің өсуіне жәрдемдескен астық заңдары сияқты, мемлекеттің барлық шараларына қарсы қадамды жасау Рикардоның үлесіне тиді. Мальтус жасаған бірден-бір практикалық қорытынды мынадай: ол лендлордтар 1815 жылы талап еткен қамқоршы баж салықтарын қорғады,— мұның өзі аристократтарға сикофанттық қызмет көрсету болатын,— және байлықты өндірушілердің қайыршылығын жаңадан *ақтап*, еңбекті қанаушыларды жаңадан дәріштеп шықты. Бұл жағынан ол кәсіпкер-капиталистерге сикофанттық қызмет көрсеткендік болды.

Мальтусқа ойдың *мейлінше пасықтығы* тән, пасықтық болғанда, жұрттың жоқшылық көруін күнәкарлығы үшін жазасын тарту деп түсінетін және жалпы алғанда «жердегі қасіретті өмір» деп қақсайтын, бірақ, сонымен қатар, өзі алатын шіркеу кірістерін ескере отырып және маңдайға жазылғандық туралы догманы пайдаланып, осы қасіретті өмір сүруді үстем таптарға

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 145—146-беттер. Ред.

«рахат етіп» көрсетуді өзіне өте тиімді деп табатын поп қана істей алатын пасықтық тән. Осы ой пасықтығы оның ғылыммен айналысқанынан да көрінеді. *Біріншіден*, оның ұятсыздықпен және кәсіп ретінде қолданатын *плагиаторлығынан* көрінеді. *Екіншіден*, оның ғылыми алғы шарттардан жасайтын *жалтақсыз батыл* емес, қайта *жалтақтауға толы* қорытындыларынан көрінеді.

**[2] ӨНДІРГІШ КҮШТЕРДІ ДАМУТУДЫ ТАЛАП ЕТУ —  
РИКАРДОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ БАҒАЛАУДАҒЫ  
НЕГІЗГІ ПРИНЦИПІ. МАЛЬТУСТА ҮСТЕМ ТАПТАРДЫҢ  
МЕЙЛІНШЕ РЕАКЦИЯШЫЛ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ДӘРІШТЕЛУІ.  
МАЛЬТУСТЫҢ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ АРТУЫ ТЕОРИЯСЫН  
ДАРВИННІҢ ІС ЖҮЗІНДЕ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУЫ]**

Рикардо капиталистік өндіріс әдісін жалпы өндіріс үшін ең тиімді, байлық жасау үшін ең тиімді әдіс деп қарастырады және Рикардоның мұнысы өз дәуірі үшін әбден дұрыс та. Ол *өндіріс үшін өндіруді* қалайды, мұнысы да *дұрыс*. Рикардоның күйрек қарсыластарының істегеніндей, бұған өндірістің өзі мақсат болып табылмайды деп көрсетумен қарсы шығудың өзі өндіріс үшін өндіру адамзаттың өндіргіш күштерін дамытудан, яғни *өзіндік мақсат ретінде адам табиғатының байлығын дамытудан* басқа ештеңе емес екендігін ұмыту деген сөз. Егер, Сисмондидің істегеніндей, бұл мақсатқа жекелеген индивидтердің игілігі қарама-қарсы қойылса, онда мұның өзі бүкіл адамзат дамуы жекелеген индивидтердің игілігін қамтамасыз етуге бола *кідіргілуге* тиіс, демек, мысал үшін айтқанда, соғыс қалай дегенмен де жекелеген адамдардың қырылуына әкеп соғатын болғандықтан, ешқандай соғыс жүргізуге болмайды деп пайымдағандық болады. (Осы антагонизмді *көмескілейтін*, оны теріске шығаратын экономистерге қарсы шыққанда ғана Сисмонди дұрыс істейді.) Мәселеге осы тұрғыдан келгенде мына нәрсе: «адам» тегі қабілетінің осы дамуының, ол әуел баста адамзат индивидтері көпшілігінің және тіпті тұтас бір адамзат таптарының есебінен жасалса да, түптеп келгенде осы антагонизмді күйретіп, әрбір жекелеген индивидтің дамуымен сәйкес келетіндігі, олай болса, жекеліктің неғұрлым жоғары дамуының индивидтер бұл процестің барысында құрбан етілетін тарихи процесс арқылы ғана болатыны түсініксіз болып қала береді. Біз мұндай ғибратты пайымдаулардың нәтижесіз екендігі туралы айтып та отырған жоқпыз, өйткені жануарлар мен өсімдіктер дүниесіндегі сияқты, адамдар дүниесінде бір тіршілік тегінің мүдделері әрқашан да индивидтер мүдделері есебінен өзіне жол салып отырады, ал мұның бұлай болатын себебі — тіршілік тегінің мүдделері *ерекше инди-*

видтердің мүдделерімен сәйкес келеді, ерекше индивидтердің күші де, олардың артықшылығы да, міне, осында.

Демек, Рикардоның турашылдығы оның позициясы үшін ғылыми адал ғана емес, сонымен қатар ғылыми міндетті де болды. Бірақ осы себептен де Рикардоға өндіргіш күштердің одан әрі дамуы жер меншігін немесе жұмысшыларды өлімші етсін-етпесін мүлде бәрібір. Бұл прогресс өнеркәсіп буржуазиясы капиталының құнын жойып жіберсе, Рикардо мұны да құптайды. Егер еңбектің өндіргіш күшінің дамуы нақты бар негізгі капиталдың құнын жарым-жартылай жойып жіберсе, мұның несі бар?— дейді Рикардо,— оның есесіне адам еңбегінің өнімділігі екі есе артар еді ғой. Сонымен, бұл арадағы — ғылыми адалдық. Егер Рикардоның көзқарасы тұтас алғанда өнеркәсіп буржуазиясының мүдделеріне сәйкес келсе де, оның себебі тек қана мынадан: өнеркәсіп буржуазиясының мүдделері өндіріс мүдделерімен немесе адам еңбегінің өнімділігін дамыту мүдделерімен сәйкес келеді,— және өзі қандай мөлшерде сәйкес келсе, тек сондай мөлшерде ғана сәйкес келеді. Буржуазия бұл дамумен қайшылыққа келетін жерде Рикардо, басқа бір жағдайларда пролетариат пен аристократияға қарсы болатыны сияқты, буржуазияға соншалықты аяусыз қарсы шығады.

Ал Мальтус ше! Бұл жексұрын ғылымның қазірдің өзінде қолы жеткен (және әрбір ретте өзі ұрлап алған) алғы шарттарынан аристократия үшін буржуазияға қарсы және олардың екеуі үшін пролетариатқа қарсы «ұнамды» (пайдалы) болатын қорытындылар ғана шығарады. Сондықтан да ол өндіріске бола өндіруді емес, қазіргі бар құрылысты қолдайтын немесе нығайтатын және үстем таптардың пайдасына қызмет ететін шамадағы ғана өндірісті тілейді.

Түпнұсқа еңбектер негізінде жасалған плагиаттың табысқа жетуінің ең бір айта қаларлық әдеби мысалдарының бірі болып табылатын оның алғашқы шығармасының<sup>39</sup> өзінде-ақ практикалық мақсат — сол кездегі ағылшын үкіметі мен жер иеленуші аристократияның мүдделерін қорғап, француз революциясы мен оның Англиядағы жақтаушыларының қайта құруды көздеген талаптарының утопиялылығын «экономикалық жағынан» дәлелдеуді көздеді. Қысқасы, мұның өзі өмір сүріп отырған құрылысты қорғап, тарихи дамуға қарсы жазылған панегирикалық памфлет болды; оның бер жағында бұл революциялық Францияға қарсы соғысты да ақтау болған еді.

Оның 1815 жылғы қамқоршы баж салықтары мен жер рента-сы туралы шығармалары<sup>40</sup> өндірушілердің жоқшылық көруінің бұрынғы дәріптелуін ішінара растауға тиісті еді, сонымен қатар бірінші кезекте — «оқымысты», «либералдық» және «прогресшіл» капиталға қарсы реакциялық жер меншігін қорғауға, әсіресе сол кезде өнеркәсіп буржуазиясына қарсы аристократия мүдделері

үшін жобаланып жатқан ағылшын заңының<sup>41</sup> кері басқан қадамын ақтауға тиіс еді. Ақырында, [498] оның Рикардоға қарсы бағытталған «Principles of Political Economy»-ында шынына келгенде «өнеркәсіп капиталының» және оның өнімділігін дамытатын заңдардың абсолюттік талаптарын жер иеленуші аристократияның, «мемлекеттік шіркеудің» (Мальтустың өзі де соған жататын еді), үкіметтік пенсия алушылар мен салықтарды жалмаушылардың сол кезде болған мүдделері тұрғысынан алғанда «тиімді» әрі «қажет» боларлықтай «шектерге» әкеліп саю мақсаты көзделді. Бірақ ғылымды ғылымның өзінен (ғылым қаншалықты қателессе де) емес, одан *сыртқары* алынған көзқарасқа, ғылымға *жат*, оған *шет* мүдделердің талабынан туған көзқарасқа бейімдемекші болған адамды, — мұндай адамды мен «*пасық*» деп атаймын.

Рикардоның тарапынан оның пролетарларды машиналарға, жүк артатын малға немесе товарға теңеуінде еш пасықтық жоқ, өйткені (оның көзқарасы тұрғысынан) олардың машина не жүк артатын мал болғандығы ғана немесе олар буржуазиялық өндірісте шынында да тек қана товар болғандығы ғана «өндіріске» жағдай жасайды. Бұл — стоицизм, бұл — объективті нәрсе, бұл — ғылыми нәрсе. Рикардоның ғылымына мұның *кесірі* болмайтындықтан, Рикардо әрқашан да филантроп, ал өзінің *практикалық өмірінде* ол сондай болды да.

Поп Мальтустың мәселесі мүлде басқаша. Ол [ол да] өндіріске бола жұмысшыларды жүк артатын мал жағдайына дейін жеткізеді, тіпті оларды аштан өлуге және некелеспеуге де душар етеді. [Алайда] өндіріс талаптарының өзі лендлордқа оның алатын «рентасын» қысқартуға келгенде, ол талаптар мемлекеттік шіркеудің «десятинасына» немесе «салықтарды жалмаушылардың» мүдделеріне қауіп төндіргенде, немесе сол сияқты, өнеркәсіп буржуазиясының өндіріс прогрессіне кедергі жасауды көздейтін бөлегі буржуазияның осы прогрестің өкілі болып табылатын бөлегіне құрбан етілуіне келгенде, — қысқасы, аристократияның қайсыбір мүддесі буржуазияның мүдделеріне қарама-қайшы келгенде немесе буржуазияның кертартпа және тоқырап қалған топтарының қайсыбір мүддесі прогресшіл буржуазияның мүдделеріне қарама-қайшы келгенде, — осы жағдайлардың бәрінде «поп» Мальтус ерекше мүддесін өндіріске бола құрбан етпейді, қайта қазіргі қоғамдағы үстем таптардың немесе таптық топтардың ерекше мүдделеріне өндіріс талаптарын құрбан етуге барынша күш салады. Осы мақсат үшін ол ғылым саласындағы өз қорытындыларын *бұрмалайды*. Мальтустың кәсіп ретінде қолданған арсыз плагиаторлығын айтпағанның өзінде, оның *ғылым жөніндегі пасықтығы*, оның ғылымға қарсы жасаған күнәсы, міне, осында. Мальтустың ғылыми мәселелер жөніндегі қорытындылары жалпы алғанда үстем таптарға және әсіресе осы үстем таптардың реак-

цияшыл элементтеріне «жалтақтап» жасалған; ал мұның мәнісі — Мальтус ғылымды осы таптар мүдделерінің ыңғайына қарай *бұр-малайды* деген сөз. Керісінше, мәселе езілген таптарға келгенде, оның қорытындылары *сұмдық-батыл, мейірімсіз* болады. Ол *мейірімсіз* ғана емес, сонымен қатар өзінің мейірімсіздігін *бадырайта көрсетеді*, онысын арсыздықпен мақтан тұтады және «қағажу қалғандарға» қарсы бағытталғандықтан, өз қорытындыларын *шырқау шегіне дейін жеткізеді*, тіпті оның өз көзқарасынша ғылыми жағынан әлі өйтіп-бүйтіп ақталуы мүмкін шамадан да *асырып жібереді* \*.

Ағылшын жұмысшы табының Мальтусқа, — Коббеттің (рас, Коббет — Англияның үстіміздегі ғасырдағы аса ірі *саяси* жазушысы; алайда оған Лейпциг профессорлығының білімі <sup>42</sup> жетпеді, сөйтіп ол «ғылыми тілдің» ашық жауы болды) оны *дәрекі* атағанындай, «*дүмше попқа*» деген өшпенділігі, — Мальтусқа, міне, осы өшпенділігі, демек, әбден орынды; халық бұл арада өзіне *ғылым адамы* емес, қайта өзінің жаулары сатып алған үстем таптардың адвокаты, олардың арсыз сикофанты қарсы болып отырғанын тапжылтпас түйсікпен сезе білген.

Қайсыбір идеяны тұңғыш рет ашқан адам, шын ниетімен адасса да, оны ақырына дейін апара алады: ал оны ақырына дейін апаратын плагиатор одан әрқашан да «пайдалы іс» шығарады.

Мальтустың халық санының артуы туралы шығармасында — бірінші басылымында — бірде-бір ғылыми *жаңа сөз* жоқ; бұл шығарманы капуцийлік беймаза уағыз, Таунсөндтің, Стюарттың, Уоллестің, Эрбердің және т. б. пайымдауларының Абрагам а Санта Клара <sup>43</sup> стилінде жазылған нұсқасы деп қана қарау керек. Ал ол шынында да өзінің *көпшілікке арналған* формада болуымен ғана әсер туғызуға үміт артқан екен, онда *халық* \*\* өшпенділігінің оған қарсы әрекет етуі де әбден өте орынды.

Буржуазиялық саяси экономия алдында жалбақтайтын, мүдделер үйлесімділігін уағыздаушы бейшаралармен салыстырғанда, Мальтустың сіңірген бірден-бір еңбегі, атап айтқанда, оның дисгармонияларды мейлінше баса көрсетуінде, бұларды ол, рас, *әсте де ашқан жоқ*, бірақ бұларды ол қайткен күнде де мардымсыған поптың арсыздығымен есепке алады, боямалап және бадырайтып көрсетеді.

\* \* \*

[499] *Чарлз Дарвин* өзінің мына кітабының кіріспесінде: «On the Origin of Species by means of Natural Selection, or the Preser-

\* [499] Рикардо (жоғарыдан қараңыз) өзінің теориясы оны, мысалы, жалақының өз минимумынан артық есуі товарлардың *құнын* арттырмайды деген қорытындыға келтіргенде, ол мұны тура айтады. Ал Мальтустың жалақы деңгейінің төмен болуын қорғағандағы мақсаты — бұдан буржуазияның баюын көздейді. [499].

\*\* Сөз ойнақылығы: «poruläg» «көпшілік», сондай-ақ «халық» дегенді де білдіреді. *Ред.*



vation of Favoured Races in the Struggle for Life» (5th thousand), London, 1860 [4—5-беттер] былай дейді:

«Келесі бөлімде бүкіл әлемнің органикалық тіршілік иелері арасындағы *тіршілік үшін күрес* қарастырылады; бұл күрес олардың жоғары геометриялық прогрессиямен көбеюге қабілеттілігінен сөзсіз туындайды. Бұл — *Мальтустың* бүкіл жан-жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қолданған ілімі».

*Дарвин* өзінің тамаша шығармасында жан-жануарлар мен өсімдіктер әлеміндегі «геометриялық» прогрессияны ашып, *Мальтустың* теориясын *төңкеріп тастағанын* білген жоқ. *Мальтустың* теориясы нақ мынаған негізделген болатын: ол адамдардың көбеюі жөніндегі Уоллестің геометриялық прогрессиясына жануарлар мен өсімдіктердің қиялдағы *«арифметикалық»* прогрессиясын қарсы қойды. *Дарвиннің* шығармасында, мысалы, түрлердің құрып-бітуі туралы сөз болатын жерлерінде, *Мальтус* теориясын табиғи-тарихи жағынан егжей-тегжейлі (*Дарвиннің* негізгі принципі жөнінде айтпағанның өзінде) теріске шығарушылық та бар. Ал *Мальтустың* теориясы *Андерсонның* рента теориясына сүйенетін болғандықтан, оны *Андерсонның өзі-ақ* теріске шығарған еді <sup>44</sup>. [499]

### 3) ЖЕР РЕНТАСЫНА КӨЗҚАРАСТАР ТАРИХЫН РОШЕРДІҢ БҰРМАЛАУЫ.

РИКАРДОНЫҢ ҒЫЛЫМИ АДАЛДЫҒЫНА МЫСАЛДАР.  
ЖЕРГЕ КАПИТАЛ ЖҰМСАҒАНДАҒЫ РЕНТА ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫҢ  
БАСҚА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНҒАНДАҒЫ РЕНТА.  
БӘСЕКЕНІҢ ЕКІ ЖАҚТЫ ӘСЕРІ]

[499] *Андерсонның* рента теориясын жол-жөнекей дамытатын бірінші шығармасының *практикалық жағынан* рента туралы емес, қайта протекционизм туралы баяндайтын полемикалық шығарма сипаты болды. Ол 1777 жылы шықты және оның бас тақырыбының өзі-ақ оның, біріншіден, практикалық мақсатты көздейтінін және, екіншіден, өнеркәсіпшілер мен жер меншікшілерінің мүдделері қарама-қарсы болатын мәселе жөнінде сол кезде тікелей әзірленіп жатқан заң актісі ескерілетінін көрсетеді: «An Inquiry into the Nature of the Corn Laws; with a view to the new Corn-Bill proposed for Scotland», Edinburgh, 1777.

1773 жылғы заң (Англияда; бұл жөнінде каталогтан *Мак-Куллохты* <sup>45</sup> қарау керек) Шотландияда (Британ музейінен қарау керек) 1777 жылы енгізілуге тиісті (тиісті сияқты) еді.

«1773 жылғы заңды қабылдағанда»,— дейді *Андерсон*,— «біздің өнеркәсіпшілер үшін астықтың бағасын арзандату, оны шетелден әкелуді көтермелеу арқылы біздің өз халқымыздың неғұрлым арзан тамақтануын қамтамасыз ету ниеті *ашық көзделген* болатын» («A Calm Investigation of

the Circumstances that have led to the Present Scarcity of Grain in Britain», London, 1801, 50-бет).

Сонымен, Андерсонның шығармасы өнеркәсіпшілердің мүдделеріне қарсы лендлордтарды (протекционизм) қоса алғанда, селолық қожайындардың мүдделерін қорғаған полемикалық шығарма болды. Андерсон өз еңбегін белгілі бір партияның мүдделерін «ашық» қорғайтын шығарма ретінде жариялады. Мұнда рента теориясы сөз арасында ғана қозғалады. Ал оның жоғарыда көрсетілген *мүдделер күресі* үнемі, азды-көпті дәрежеде, қозғалатын неғұрлым кейінгі шығармаларында да рента теориясы тағы да бірер рет, тек жол-жөнекей ғана айтылады, бірақ еш жерде де ғылыми мүдде көздемейді немесе, ең болмағанда, *дербес* баяндалатын нәрсе болудап да дәмеленбейді. Осыдан кейін *Вильгельм Фукидид Рошердің*<sup>46</sup> томендегі ескертпесінің дұрыс-бұрыстығы туралы пікір айтуға болады, ол, сірә, Андерсонның шығармаларып *білмейтін* болса керек:

«Қайран қаларлық жай, 1777 жылы ескерілмей қалған *дерлік* ілімді 1815 жылы және одан кейінгі жылдарда кенеттен біреулер мейліпше ден қойып қорғап, екінші біреулер дау айта бастады, өйткені бұл ілім сол кездің ішінде ақшалы адамдар мен жер меншікшілерінің арасында соншалықты шиеленісіп кеткен антагонизмге қатысты ілім еді» («Die Grundlagen der Nationalökonomie» 3-te Auflage 1858, 297—298-беттер).

Бұл сөйлемде қанша сөз болса, сонша бұрмалау бар. *Біріншіден*, Андерсон өз көзқарасын «ілім» ретінде ұсынған жоқ, Уэст, Мальтус және Рикардо солай істеген болатын. *Екіншіден*, бұл көзқарас ескерусіз «*дерлік*» емес, қайта «*мүлде*» ескерусіз қалды. *Үшіншіден*, ол бірінші рет мынадай шығармада: өнеркәсіпшілер мен лендлордтар мүдделерінің 1777 жылға қарай едәуір өріс алған қарама-қарсылығының төңірегінде *ғана әдейі* айналсоқтап жүрген, мүдделердің осы практикалық күресі ғана «қозғалған», бірақ саяси экономияның жалпы [500] теориясы мүлде «қозғалмаған» шығармада жол-жөнекей айтылды. *Төртіншіден*, бұл теорияны қайта жаңғыртушылардың бірі — Мальтус оны 1815 жылы, Андерсон қалай істесе, нақ солай, астық заңдарының мүдделерін көздеп уағыздады. *Сол бір* ілімнің өзін оның авторы мен Мальтус жер меншігін *қорғауға*, ал Давид Рикардо оған *қарсы* бағыттады. Сонымен, ең әрі кеткенде: бұл теорияға ден қоюшылардың біреулері жер меншігінің мүдделерін *қорғаған* болса, өзгелері *нақ осы* мүдделерге *қарсы күресті* деуге болар еді, бірақ жер меншігін қорғаушылар 1815 жылы бұл теорияға қарсы күресті деп (өйткені Мальтус бұл теорияны *Рикардоға дейін* қорғаған еді) немесе оны жер меншігінің дұшпандары *қорғады* деп айтуға болмайды (өйткені Давид Рикардоның Мальтусқа қарсы шығып, бұл теорияны «қорғауына» тура келген жоқ, себебі оның өзі Мальтусты осы теория авторларының бірі және өзінің ізаша-

ры деп қарастырды; Рикардоның тек бұл теориядан Мальтус шығарған практикалық қорытындыларға ғана «дау айтуына» тура келді). *Бесіншіден*, «ақшалы адамдар» мен «жер меншікшілері» арасындағы, Вильгельм Фукидид Рошер «қозғайтын» антагонизмнің осы кезге дейін Андерсонның рента теориясына да, оны қайта жаңғыртуға да, оны қорғауға да, оған қарсы күресуге де мүлде ешқандай қатынасы болған жоқ. Джон Стюарт Милльдің кітабынан («Essays on some Unsettled Questions of Political Economy», London, 1844, 109—110-беттер) Вильгельм Фукидид мынаны біле алар еді: 1) «ақшалы тап» дегенде ағылшын қарызға ақша беретін адамдарды айтады; 2) қарызға ақша беретін бұл адамдар жалпы алғанда не проценттер алып өмір сүреді, не банкирлер, биржа маклерлері және т. б. сияқты, *қарыз беруді кәсіп еткен адамдар* болып табылады. Дәл сол Милльдің ескертіп айтқанындай, бұл адамдардың бәрі, «ақшалы тап» ретінде, «өндіруші тапқа» (Милль «өнеркәсіп капиталистерін» солай деп түсінеді, ал жұмысшыларды жайына қалдырады) қарама-қарсы тұрады немесе, ең болмағанда, одан ерекше болады. Демек, Вильгельм Фукидид «өндіруші таптың», яғни өнеркәсіпшілердің, өнеркәсіп капиталистерінің мүдделері мен ақшалы тап мүдделерінің мейлінше әр түрлі екі нәрсе екенін және бұл таптардың әр түрлі таптар екенін көруге тиіс болатын. Және одан әрі, Вильгельм Фукидид өнеркәсіп капиталистері мен лендлордтардың арасындағы күрестің, олай болса, әсте де «ақшалы адамдар» мен «жер меншікшілерінің» арасындағы күрес болмағанын көруге тиіс еді. Егер Вильгельм Фукидид 1815 жылғы астық заңдарының тарихын және сол заңдар төңірегінде жүргізілген күресті білген болса, ол Коббеттің еңбектерінің өзінен-ақ помещиктер (жер меншікшілері) мен қарыз берушілердің (ақшалы адамдардың) өнеркәсіп капиталистеріне бірігіп қарсы шыққанын білер еді. Бірақ Коббет «дөрекі». Ақырында, Вильгельм Фукидид 1815 жылдан 1847 жылға дейінгі кезеңнің тарихынан ақшалы адамдардың көпшілігінің және ішінара саудагерлердің де (мысалы, Ливерпульде) астық заңдары айналасында болған күресте өнеркәсіп капиталистеріне қарсы жер меншікшілерінің *одақтастарының* арасында болғанын білуге тиіс болатын. [500]

[502] (Рошер мырзаны, ең көп дегенде, мына жағдай: *сол бір* «ілімнің» өзінің 1777 жылы «жер меншікшілерін» *қорғауға* қызмет еткені, ал 1815 жылы оларға *қарсы* қолданылған қару болып, тек *сонда* ғана өзіне бірінші рет назар аудартқаны қайран қалдыра алар еді<sup>47</sup>.) [502]

[500] Егер мен Вильгельм Фукидидтің тарихи-әдеби анықтамаларында орын алған тарихты осылайша дөрекі түрде бұрмалаулардың бәрін соншалықты егжей-тегжейлі баяндап бергім келсе, маған оның «Grundlagen»-і сияқты соншалық көлемді еңбек жазуға тура келер еді, ал ондай еңбек, шынына келгенде, «оның өзі

жазылған қағазға да татымас еді». Бірақ қайдағы бір Вильгельм Фукидидтің оқымыстылық топастығы, өз кезегінде, ғылымның басқа салаларындағы зерттеушілерге қандай зиянды ықпал жасай алатыны *А. Бастиан* мырзаның мысалынан көрінеді; ол өзінің «*Der Mensch in der Geschichte*» деген шығармасында, 1860, I том, 374-бет, ескерту, бір «психологиялық» қағиданы дәлелдеу үшін Вильгельм Фукидидтен жоғарыда көрсетілген үзіндіні келтіреді. Ал Бастиан туралы: «*materiam superabat opus*»\* деуге болмайды. Дұрысын айтқанда, «opus»\*\* бұл арада өзінің шикі материалын игере алмайды. Оның үстіне, мен «білетін» азын-аулақ ғылымдарға келетін болсақ, онда мен «барлық» ғылымдарды білетін *Бастиан* мырзаның «бесаспап оқымысты» үшін жалпы алғанда сөзсіз қажетті Вильгельм Фукидид сияқты беделділерге өте жиі жүгінетінін аңғардым.

[501] Мені Вильгельм Фукидид жөнінде «рақымсыз» болды деп кінәламас деп сенемін. Осынау жаттампаз педант ғылымның өзіне қандай «рақымсыздық» көрсетеді десеңізші! Рикардоның «жартылай ақиқаттары» туралы оның қандай тоқмейілсіген кешірімділік сыңайымен айтуға батылы барса<sup>48</sup>, мен де қалай болғанда да, дәл сондай правомен оның өзінде «ақиқаттың мүлде жоқ» екендігі туралы айта аламын. Оның үстіне Вильгельм Фукидидтің өзі пәннің әдебиетін көрсеткенде әсте де «адал» емес. Кімде-кім «құрметті» болмаса, ол адамды Вильгельм Фукидид тарихи жағынан да бар деп білмейді; мысалы, ол жер рентасының теоретигі ретінде Родбертусты бар деп білмейді, өйткені Родбертус «коммунист». Оның үстіне, Вильгельм Фукидид «құрметті жазушылар» жөнінде де дәл айтпайды. Мысалы, Мак-Куллох үшін Бейли бар және ол тіпті оны дәуірді туғызған адам ретінде бағалайды. Вильгельм Фукидид үшін Бейли жоқ. Германияда саяси экономия ғылымын [502] дамытып, тарату үшін Родбертус сияқты адамдар барлық зерттеушілердің (бірақ жаттампаз педанттар мен тұрпайыландырушылардың емес) жарияланып тұруына жол ашық болатын және кәсіби оқымыстылардың надандығын — ғылымның өз саласында да, оның тарихы саласында да — әшкерелеп отыруды өзінің алдына басты мақсат етіп қоятын журнал ашуға тиісті болар еді. [502].

[501] Андерсон өзінің рента теориясының саяси экономия жүйесіне қатысы қандай екендігі туралы мәселені зерттеудің қандайынан болса да аулақ болған еді және бұл онша қайран қалдыра қоймайды: оның бірінші кітабы *А. Смиттің «Wealth of Nations»*-ынан соң бір жылдан кейін, яғни жалпы алғанда «саяси экономия жүйесі» енді ғана қалыптасып жатқан уақытта шықты, өйткені Стюарттың жүйесі де одан не бары бірнеше жыл ғана бұрын пайда болған еді. Бірақ өзі қарастырған арнаулы пән шең-

\* — «шеберлік материалдан асып түсті» (Овидий, «Метаморфозалар»). Ред.

\*\* — автордың «шеберлігі». Ред.

берінде Андерсонның қолында болған материалға келетін болсақ, бұл материал Рикардоның қолында болған материалдан сөзсіз ауқымдырақ болды. Юмның теориясын қайта жаңғыртқан ақша теориясында Рикардоның негізінен алғанда 1797 жылдан 1809 жылға дейінгі кезең ішіндегі оқиғаларды ғана көз алдында ұстап отырғаны сияқты, оның Андерсон теориясын тірілткен рента туралы ілімінде де оның көз алдында 1800 жылдан 1815 жылға дейінгі астық бағасын қымбаттатудың экономикалық құбылыстары ғана тұрды.

\* \* \*

Рикардоға сипаттама беру үшін оның төмендегі айтқандары өте-мөте ерекше:

«Егер қайсыбір жеке таптың пайдалары туралы пікірлер елдің байлығы мен халқының өсуін кідіртуге әкеліп соратын болса, мен қатты өкінер едім» (*Ricardo. An Essay on the Influence of a Low Price of Corn on the Profits of Stock etc. 2nd edition. London, 1815, 49-бет*) [Орысша аудармасы: *Рикардо, Давид. Шығармалар, III том. Москва, 1955, 40-бет*].

Астық еркін әкелінгенде «жер өңдеуден алынып қалады» (бұл да сонда, 46-бет) [Орысша аудармасы, III том, 39-бет]. Демек, жер меншігі өндірістің дамуына құрбан етіледі.

Бірақ астық дәл солай еркін әкелінгенде мына жай орын алар еді:

«Капиталдың кейбір мөлшері жойылатынын теріске шығаруға болмайды. Бірақ капиталды иелену немесе оны сақтау деген не — мақсат па әлде амал ма? Амал екені күмәнсыз. Біздің мұқтаж болып отырғанымыз — товарлардың молшылығы (жалпы алғанда байлық), «ал егер біз өз капиталымыздың бір бөлегін құрбан етіп өзіміздің зейнетімізге, өзіміздің бақытымызға қажетті заттардың жылдық өндірілуін» (*die jährliche Produktion*) «арттыра алатын болсақ, онда біздің өз капиталымыздың бір бөлегінен айырылғанымызға қынжылмауымыз керек болар еді» («*On Protection to Agriculture*». 4th edition. London, 1822, 60-бет) [Орысша аудармасы, III том, 74-бет].

Рикардоның «біздің капитал» деп атап отырғаны біздің немесе оның өзінің капиталы емес, жерге капиталистер жұмсаған капитал. Бірақ бұл біз дегені кім? — Ол қайсыбір орта ретіндегі ұлт. «Біздің» байлықты арттыру дегені қоғамдық байлықты арттыру, бұл байлықта кімнің үлесі бар екендігіне қарамастан нақ мақсат болып табылатын қоғамдық байлық!

«20 000 ф. ст. капиталы болып, ол өзіне жыл сайын 2 000 ф. ст. пайда түсіретін адамға өз капиталы 100 адамға жұмыс тауып бере ме, әлде 1 000 адамға жұмыс тауып бере ме, өндірілген товар 10 000 ф. стерлингке сатыла ма, әлде 20 000 ф. стерлингке сатыла ма — мүлде бәрібір, оған тек осы жағдайлардың бәрінде өзі алатын пайда 2 000 ф. стерлингтен кемінесе болғаны. Тұтас бір ұлттың нақтылы мүддесі де дәл осындай емес пе? Егер тек оның нақтылы таза табысы, оның рентасы мен пайдасы өзгермейтін болса, онда бұл ұлтта 10 миллион тұрғын бар ма, әлде 12 миллион тұрғын

бар ма — мұнда тұрған мүлде ештеңе жоқ» («Principles of Political Economy», 3rd edition, 416-бет [Орысша аудармасы: Рикардо, Давид. Шығармалар, I том, Москва, 1955, 285-бет].

Бұл арада «пролетариат» байлыққа құрбан етіліп отыр. Мынадай шамада құрбан етіліп отыр: байлықтың болуына пролетариат қандай немқұрайды қарайтын болса, пролетариаттың болуына байлық та сондай немқұрайды қарайды. Жеке өзін алғанда бұқара — адам бұқарасы — бұл арада «түкке тұрғысыз» делінеді.

Бұл үш мысал [502] Рикардоның ғылыми әділдігін көрсетеді.

\* \* \*

{*Жер (табиғат)* және т. б. дегеніміз өзіне егіншілікте қолданылатын капитал жұмсалатын элемент. Сондықтан мұнда жер рентасы осы элементте жасалатын еңбек өнімі *құнының* осы өнімнің орта *бағасынан* артығына тең. Егер жекелеген индивидтің жеке меншігіндегі қайсыбір табиғат элементі (немесе зат) өзі (физикалық) негізі болып табылмайтын қандай болса да өзге бір өндіріске кіретін болса, онда жер рентасы — егер ол осы элементтің өндіріске жай енуінің нәтижесінде ғана пайда болса, — осы өнім *құнының* орта бағадан артығында бола алмайды, қайта осы өнімнің *өзінің орта бағасынан жалпы* орта бағасының артығында ғана болады. Мысалы, құлама су фабриканттың бу машинасын алмастырып, оған көмірді үнемдеуге мүмкіндік бере алады. Осы құлама су күшін пайдаланған фабрикант барлық уақытта жіпті оның [жеке] *орта бағасынан* қымбатырақ сатып, қосымша пайда алады делік. Егер құлама су жер меншікшісінің иелігінде болса, бұл қосымша пайда рента түрінде жер меншікшісіне тиеді, сондықтан Гопкинс мырза өзінің «рента» туралы баяндаған кітабында Ланкаширдегі құлама сулардың рента ғана беріп қоймай, сонымен қатар өздерінің табиғи құлау күшіне қарай, тіпті *дифференциалдық рента* да беретінін ескертеді<sup>49</sup>. Бұл арада рента өнімнің *рыноктық орта бағасының* оның *жеке орта бағасынан* артығы, одан басқа ештеңе де емес.} [502]

\* \* \*

[502] {Бәсекеде теңгерілудің екі жақты қозғалысын ажыратып қарау керек. Бір өндіріс саласының өз *ішіндегі* капиталдар осы сала *ішінде* өндірілген товарлардың бағасын, бұл товарлардың [жеке] *құны* осы *рыноктық бағаға* қандай қатынаста болса да, сол бір рыноктық бағаның өзіне теңгерілді. Егер *әр түрлі* өндіріс салаларының арасында теңгерілу болмаған болса, *рыноктық орта баға* товардың [рыноктық] *құнына теңелуге* тиіс болар еді. Осы *әр түрлі* салалар арасында бәсеке [рыноктық] құндарды *орта бағаға* теңгереді, себебі — капиталдардың бір-біріне ететін әсері тежелмейді, үшінші бір күш — жер меншігі және т. т. арқылы бұзылмайды.}

**[4) РОДБЕРТУСТЫҢ ӨНІМ ҚЫМБАТТАҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ  
ҚҰН МЕН ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ АРАСЫНДАҒЫ  
АРАҚАТЫНАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАТЕСІ]**

Родбертустың егер бір товар екінші бір товардан *қымбатырақ* болса (демек, егер екіншісіне қарағанда, біріншісінде жұмыс уақыты затқа көбірек айналдырылса), оның өзінде — *қосымша құн нормасы* бірдей болғанда немесе *әр түрлі салаларда жұмысшылар бірдей қаналғанда* — *ақы төленбеген жұмыс уақыты, қосымша жұмыс уақыты* көп болуға тиіс деген көзқарасы — мүлде қате көзқарас.

Егер *мөлшері бірдей* еңбек жұмсалып, құнарсыз топырақтан (немесе егін шықпай қалған жылда) 1 квартал, ал құнарлы топырақтан (немесе егін бітік болған жылда) 3 квартал бидай алынса; егер мөлшері бірдей еңбек жұмсалып, алтыны өте көп жерден 1 унция, ал алтыны онша көп емес немесе қоры таусылып біткен жерден тек  $\frac{1}{3}$  унция алтын алынса; егер 1 қадақ жүн өндіру үшін де, 3 қадақ жүннен жіп иіру үшін де мөлшері бірдей жұмыс уақыты қажет болса, — онда, ең алдымен, 1 квартал бидай мен 3 квартал бидайдың, 1 унция алтын мен  $\frac{1}{3}$  унция алтынның, 1 қадақ жүн мен жүннен иірілген 3 қадақ жіптің (ондағы жүн құнын шығарып тастағанда) құны шамасы жағынан тең. Оларда жұмыс уақытының мөлшері бірдей болады — демек [қосымша құн нормасының теңдігі туралы] жорамалға сәйкес, қосымша жұмыс уақытының да *мөлшері бірдей* болады. Әрине, [құнарсыз топырақта өсірілген бидайдың] бір кварталіндегі қосымша еңбек мөлшері [құнарлы топырақта өсірілген бидайдың бір кварталіндегіге қарағанда] көбірек, бірақ оның есесіне біз бірінші жағдайда 1 квартал ғана бидай алып отырмыз, ал екінші жағдайда 3 квартал алынып отыр немесе бірінші жағдайда біз 1 қадақ жүн алып отырсақ, ал екінші жағдайда 3 қадақ жіп (материал құнын шегеріп тастағанда) алынып отыр. Демек, екі жағдайдың екеуінде де [қосымша құн] *массасы* тең. Егер бір товардың өлшем бірлігі екінші товардың өлшем бірлігімен салыстырылса, *қосымша құнның пропорциялы шамалары* да тең. Ұйғарым бойынша, [жақсы топырақта өсірілген бидайдың] 3 кварталіне немесе 3 қадақ жіпке қанша еңбек жұмсалса, [құнарсыз топырақта өсірілген бидайдың] 1 кварталіне немесе 1 қадақ жүнге дәл сонша еңбек жұмсалады. Сондықтан жалақыға жұмсалған капиталдың қосымша құнға қатынасы екі жағдайдың екеуінде де бірдей болады. 1 қадақ жіпке қарағанда, 1 қадақ жүнге жұмыс уақыты үш есе көп жұмсаллады. Егер қосымша құн үш есе көп болса, ол жалақыға жұмсалған үш есе көп капиталдан алынып отыр. Сонымен, қатынас *сол бір күйінде* қала береді.

Ал Родбертус бұл арада мүлде теріс есептеуді қолданып отыр, оның *жалақыға* жұмсалған капиталды [503] осы жалақы үшін

атқарылған еңбек затқа айналатын товарлардың көп немесе аз мөлшерімен салыстыруы мүлде қате. Бірақ, Родбертустың *ойлағанындай, жалақы* (немесе *қосымша құн нормасы*) белгілі болса, мұның өзі мүлде теріс есептеу. *Еңбектің* белгілі бір *мөлшері*, мысалы 12 сағат, *x* немесе  $3x$  товардан көріне алады. Бір жағдайда  $1x$  товарда, екінші жағдайда  $3x$  товарда қанша еңбек пен қосымша еңбек болса, сонша еңбек пен қосымша еңбек болар еді; бірақ бұл жағдайлардың *бірде-біреуінде* бір жұмыс күнінен артық жұмсалмас еді және олардың бірде-біреуінде қосымша құн нормасы, мысалы,  $\frac{1}{5}$  бөліктен көп болмас еді. Екінші жағдайда  $3x$ -тен  $\frac{1}{5}$  бөліктің  $3x$ -ке қатынасы қандай болса, бірінші жағдайда бір  $x$ -тен  $\frac{1}{5}$  бөліктің  $x$ -ке қатынасы сондай болар еді, ал егер біз үш  $x$ -тің *әрқайсысын*  $x'$ ,  $x''$ ,  $x'''$  деп атасақ, онда  $x'$ ,  $x''$ ,  $x'''$  -тің *әрқайсысында*  $\frac{4}{5}$  ақы төленген және  $\frac{1}{5}$  ақы төленбеген еңбек болар еді. Екінші жағынан, егер *мол өнімділік* кезінде қанша товар өндірілсе, өнімділік аз болған жағдайда *сонша товар* өндірілуге тиісті болса, онда товарға жұмсалған еңбек көп болады, ендеше, қосымша еңбек те көп болады деген әбден дұрыс. Бірақ онда соған сәйкес капитал да көп жұмсалады,  $3x$  өндіру үшін капиталды (жалақыға)  $1x$  өндіргендегіден гөрі үш есе көп жұмсау керек.

Әрине, өнеркәсіп өзіне егіншілік беріп отырған шикізаттан артық өңдей алмайды, — демек, мысалы, қанша қадақ жүн өндірілсе, одан артық жіп иіре алмайды, бұған күмән жоқ. Сондықтан, егер жүн иірудің өнімділігі үш есе артса, онда — жүн өндіру жағдайы *өзгермей* қала береді деп ұйғарылғанда, — жүн өндірісіндегі еңбекке бұрынғыдан үш есе көп уақыт жұмсауға, осы үш есе өскен мөлшердегі жүнді өңдеуге жіп иірушінің *бұрынғы жұмыс* уақыты ғана қажет болғанда, жүн өндірісіне үш есе көп капитал жұмсауға тура келеді. Бірақ [қосымша құн] *нормасы* сол күйінде қалады. Жіп иірушінің сол белгілі бір мөлшердегі еңбегі дәл бұрынғысындай құн жасар еді және онда дәл сондай қосымша құн болар еді. Жүн өндіретін еңбекте үш есе көп қосымша құн болар еді, бірақ осыған сәйкес жүнге жұмсалған бүкіл еңбек те немесе жалақыға авансыланған капитал да үш есе *көбейер еді*. Сөйтіп, үш есе көп қосымша құн үш есе көп капиталға шағып есептелініп шығарылар еді. Демек, *осыған сүйеніп*, жіп иіру өндірісінде қосымша құн нормасы жүн өндірісінен гөрі төмен тұр деуге болмайды. Жалақыға жұмсалған капитал бірінші саладағыға қарағанда соңғы салада үш есе көп деуге ғана болар еді (өйткені бұл арада жіп иіру мен жүн өндірудегі өзгерістер олардағы тұрақты капиталдың қайсыбір өзгеруінен тумайды деп ұйғарылады).

Бұл арада мынаны саралау қажет. Мөлшері бірдей еңбекпен бірге тұрақты капитал егін бітік болған жылға қарағанда, егін шығымсыз болған жылы, құнарлы топыраққа қарағанда, құнарсыз топырақта, металы көп рудникке қарағанда, металы аз руд-



никте өнімді азырақ береді. Демек, алғашқы өнім қымбатырақ болады, яғни бұл арада өнімнің нақ сол мөлшерінде еңбек те көбірек, қосымша еңбек те көбірек болады; оның есесіне екінші жағдайда осы өнімдердің мөлшері көбірек болады. Одан әрі: өнімнің әрбір өлшеміндегі ақы төленген еңбек пен ақы төленбеген еңбектің арасындағы қатынасқа екі категорияның екеуінде де бұл ешбір әсер етпейді, өйткені өнімнің бір өлшемінде ақы төленбеген еңбек азырақ болса, ұйғарымға сәйкес, онда нақ осындай пропорцияда ақы төленген еңбек те азырақ болады. Өйткені бұл арада капиталдың етене құрамдас бөліктері арасындағы — өзгермелі капитал мен тұрақты капитал арасындағы — арақатынас ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ деп жорамалданып отыр. *Өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың бірдей мөлшердегі қосындысы* әр түрлі жағдайларда *әр түрлі, көп немесе аз, мөлшерде өнім береді* деп жорамалданып отыр.

Родбертус мырза, сірә, осы заттарды үнемі шатастырып, өнімнің жай ғана қымбаттауынан — мұның өзі өзінен-өзі түсінікті деп — *көп қосымша құн* туралы қорытынды жасайтын болса керек. Қосымша құн *нормасына* келетін болсақ, жасалып та қойған ұйғарымға сәйкес, мұндай қорытынды дұрыс емес, ал оның жиынтығына келетін болсақ, бұл мына ретте ғана: бір жағдайда капитал екінші жағдайдағыдан көбірек авансыланған ретте, яғни бұрын неғұрлым арзан өнім қанша өндірілсе, неғұрлым қымбат өнім нақ сонша өндірілетін ретте немесе неғұрлым арзан өнім мөлшерінің (жіп иіру жөнінде жоғарыда келтірілген мысалдағы сияқты) артуы неғұрлым қымбат өнім мөлшерін тиісінше арттыруды қажет еткен ретте ғана дұрыс.

### 5) РИКАРДОНЫҢ АБСОЛЮТТІК РЕНТАНЫ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУЫ — ОНЫҢ ҚҰН ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ҚАТЕЛЕРІНІҢ САЛДАРЫ

[504] *Рента нормасы* сол бір күйінде қалса да немесе тіпті азайса да, рента, демек, жердің құны да арта алады, олай болса, егіншіліктің өнімділігі де арта алады, — Рикардо мұны кейде ұмытып қалады, алайда ол мұны біледі. Қалай дегенмен де мұны Андерсон біледі және Петти мен Давенант та білген. Мәселе мұнда емес.

Рикардо өзі *теорияға бола теріске шығаратын абсолюттік рента туралы мәселені* жайына қалдырады, өйткені *егер* товарлардың құны жұмыс уақытымен белгіленетін болса, *товарлардың орта бағасы олардың құндарына тең болуға тиісті*—міс деген қате алғы шартқа сүйенеді (сондықтан ол топырақтың неғұрлым құнарлы сорттарының бәсекесі құнарлылығы кемірек жерлерді олар бұрын рента беріп келген жағдайдың өзінде де ығыстырып шығаруға тиіс деген, практикаға қарама-қайшы келетін қорытынды да жасайды). Егер товарлардың құны мен олардың орта бағасы

бірдей болса, абсолюттік жер рентасы,— яғни өңделудегі ең құнарсыз жерден немесе *бастапқыда* өңделген жерден алынатын рента,— осы екі жағдайдың екеуінде де мүмкін болмас еді. Товардың *орта бағасы* деген не? Оны өндіруге жұмсалған жиынтық капитал (тұрақты капитал қосу өзгермелі капитал) мен, айтайық, 10 процент құрайтын орта пайдада болатын жұмыс уақыты. Демек, қайсыбір элементте әрекет ететін капитал — оның өзі табиғаттың *ерекше* элементі, мысалы, жер болғандықтан ғана,— *орта бағадан гөрі неғұрлым жоғары құн* өндірген болса, онда бұл товардың құны оның құнынан *асып түсер еді*, сөйтіп бұл *артылып қалған құн* — құн ұғымына қайшы келер еді, бұл ұғым бойынша құн жұмыс уақытының белгілі бір мөлшеріне тең болады. Табиғат элементі,— қоғамдық жұмыс уақытынан ерекше айырмашылығы бар бірдеңе,— құн *жасаған болып* шығар еді. Бірақ бұлай болуы мүмкін емес. Демек, жерге әншейін жер ретінде жұмсалған капитал *ешқандай рента* бере алмайды. Ең нашар топырақ деген *тек қана* топырақ\*. Егер *ең жақсы* топырақ рента беретін болса, онда мұның өзі мынапы ғана дәлелдейді: егіншілікте *қоғамдық қажетті* еңбек пен *жеке-дара қажетті* еңбектің арасындағы айырма, бұл арада оның табиғат берген базисі болатындықтан, есепке алынады, ал өнеркәсіпте бұл айырма үнемі жойылып отырады.

Сонда, *абсолюттік жер рентасының* бар болуға правосы жоқ, ал *дифференциалдық жер рентасы* ғана бар бола алатын болып шығады. Өйткені абсолюттік рента бар деп ойлау — *еңбектің* (тұрақты капиталға сіңірілген затқа айналдырылған еңбек пен жалақыға сатып алынған еңбектің) сол *белгілі бір мөлшері* бұл еңбектің қандай элементке жұмсалатынына немесе оның қандай материалды өңдейтініне қарай *әр түрлі құн* жасайды деп ойлағандық болар еді. Бірақ өндіріс салаларының әрқайсысында өнімде сол бір жұмыс уақытының өзі материалға айналатын болса да, *құнның осы айырмашылығы* болады деп ойлау — *құнды белгілейтін жұмыс уақыты емес*, одан өзіндік ерекшелігі бар бірдеңе деп ойлағандық болады. *Құн шамаларының* бұл айырмашылығы құн ұғымын жояр еді, оның субстанциясы қоғамдық жұмыс уақытынан құралады, олай болса, құнда тек сандық айырмашылық қана болуы мүмкін және осы сандық айырмашылық жұмсалған қоғамдық жұмыс уақытының мөлшеріндегі айырмашылыққа ғана тең болуы мүмкін деген қағиданың тас-талқанын шығарар еді.

Сонымен, бұл тұрғыдан алғанда, *құн* категориясын — құн шамасын жұмыс уақытының әр түрлі шамасы арқылы анықтауды ғана емес, сонымен қатар құн субстанциясын қоғамдық еңбек арқылы анықтауды да — сақтап қалу үшін *абсолюттік жер рента-*

\* Сөз ойнақылығы: «der schlechteste Boden» — «ең нашар топырақ», «Boden schlechthin» — «тек қана топырақ», «жалпы топырақ». Ред.

сын теріске шығару қажет болады. Ал абсолюттік жер рентасының екі түрлі жолмен теріске шығарылуы мүмкін.

*Біріншіден. Ең нашар топырақ рента бере алмайды дейді. Топырақтың ең жақсы сорттары жөнінен алғанда рента былай түсіндіріледі: неғұрлым құнарлы топырақта өндірілетін өнімдердің де, құнарлылығы кем топырақта өндірілетін өнімдердің де рыноктық бағасы бірдей. Ал ең нашар топырақ деген тек қана топырақ. Ол өз разрядының шеңберінде дифференцияланған топырақ емес. Оның өнеркәсіпке жұмсалған капиталдан айырмашылығы — капитал жұмсаудың ерекше саласы екендігінде ғана. Егер ол рента беретін болса, онда рента мынадан шыққан болар еді: әр түрлі өндіріс салаларына жұмсалған еңбектің сол белгілі бір мөлшері әр түрлі құннан көрінер еді де, құнды еңбек мөлшері өздігінен белгілемес еді, сөйтіп бірдей мөлшерде еңбек жұмсалған өнімдер [құны жағынан] бір-біріне тең болмас еді.*

[505] Немесе [екіншіден] бастапқыда өңделген жер жер рентасын бөре алмайды дейді. Өйткені бастапқыда өңделген жер деген не? «Бастапқыда» өңделген топырақ ең жақсы да, ең нашар да топырақ емес. Бұл — тек қана топырақ, дифференцияланбаған топырақ. Екіншілікке капиталды бастапқыда жұмсаудың оны өнеркәсіпке жұмсаудан айырмашылығы осы капиталдар жұмсалған салалар жөнінде ғана болуы мүмкін. Бірақ бірдей мөлшерде еңбек бірдей құннан көрінетін болғандықтан былай деуге мүлде ешқандай дәлел жоқ: жерге жұмсалған капитал, егер осы салаға жұмсалған нақ сондай мөлшердегі еңбек көп құн өндірмейтін болса ғана, пайданың үстіне тағы рента да береді, ендеше осы құшның өнеркәсіпте өндірілетін құннан артығы рентаға тең қосымша пайда құрайды. Бірақ мұның өзі жердің өзі құн жасайды дегендік болар еді, яғни құн деген ұғымның өзін жойғандық болар еді.

Демек, бастапқыда өңделген жер бастапқыда ешқандай рента бере алмайды; әйтпесе бүкіл құн теориясы тас-талқан етілген болып шығар еді. Одан әрі, мұнымен (Андерсоннан көріп отырғанымыздай, бұл әсте міндетті болмаса да) мынадай түсінік оң-оңай ұштасып кетеді: адамдар бастапқыда өзінің өңдеуі үшін, әрине, ең нашар жерді емес, ең жақсы жерді таңдап алады, — демек, бастапқыда рента бермеген жер кейіннен рента бере бастайды, өйткені адамдар барған сайын топырақтың нашар сорттарына көшуге мәжбүр болады, сөйтіп цивилизацияның дамуына, халық санының өсуіне байланысты осылай құлдырап тамұққа түскенде, барған сайын нашар топыраққа көшкенде рента бастапқыда өңделген ең құнарлы топырақта, одан соң, бір сатыдан бір сатыға ауысып, сапасы жағынан келесі топырақта пайда болуға тиіс, ал бұл орайда әрқашан да тек қана топырақ — капитал жұмсаудың ерекше саласы — болып табылатын ең нашар топырақ ешқашан

ешқандай рента бермейді. Бұл қағидалардың бәрі логикалық жағынан бір-бірімен азды-көпті байланысты.

Егер, керісінше, орта баға мен құн бірдей болмай, товардың орта бағасы оның құнына тең болуы мүмкін екендігі, сондай-ақ одан көп немесе аз болуы мүмкін екендігі белгілі болса, онда мәселе жайына қалады, проблеманың өзі жайына қалады, ал сонымен бірге оны шешу үшін ұсынылатын *гипотезалар* да жайына қалады. Қалатыны төмендегі мәселе ғана: егіншілікте *товардың құны* (немесе, қалай болғанда да, оның *бағасы*) оның *құнынан* емес, қайта оның *орта бағасынан артық болатыны* неліктен? Бірақ бұл мәселенің ендігі жерде құн теориясының негізіне, құнның өзін белгілеуге ешбір қатысы жоқ.

Товарлардың «*относительді құндарының*» оларды өндіруге кіретін негізгі капитал мен жалақыға жұмсалатын капиталдың арасындағы әр түрлі арақатынасқа байланысты түріп өзгертіп отыратынын Рикардо, әрине, біледі. {Алайда, бұл екі капитал қарама-қарсы болмайды: бір-біріне қарама-қарсы болатын — негізгі капитал мен айналым капиталы; ал соңғысы тек жалақыны ғана емес, сонымен қатар шикізат пен қосалқы материалдарды да қамтиды. Мысалы, тігіншілік істегі жалақыға жұмсалатын капитал мен шикі материалға жұмсалатын капиталдың арасында қандай арақатынас болса, кен өнеркәсібі мен балық аулаудағы жалақыға жұмсалатын капитал мен негізгі капиталдың арасында да нақ сондай арақатынас бола алар еді.} Бірақ Рикардо сонымен қатар бұл *относительді құндарды* бәсеке теңгеретінін де біледі. Оның үстіне: көрсетілген модификацияларды ол капиталды осылайша әр түрлі жұмсағанда *сол бір орта пайданың* өзі келіп шығуы үшін ғана енгізіп отыр. Мұның мәнісі — оның өзі айтатын *относительді құндар орта бағалардан* басқа ештеңе де емес деген сөз. *Құн мен орта баға* әр түрлі болады деген пікір оның тіпті ойына да келмейді. Ол негізгі пункт ретінде олардың *бірдейлігін* ғана алады. Бірақ капиталдың етене құрамдас бөліктерінің арақатынасы әр түрлі болғанда мұндай бірдейлік *болмайтындықтан*, ол оны түсіндірілмеген, бәсекеден туған факт деп есептейді. Сондықтан: егіншілік өнімдері құнының орта [506] бағаға теңделмейтіндігі неліктен?— деген сұрақ оның ойына да оралмайды. Керісінше, ол *бұлар теңеледі* деп ойлайды да, проблеманы нақ осы тұрғыдан қояды.

Вильгельм Фукидид \* сияқты сырбаздардың Рикардоның жер рентасы теориясын жанын сала жақтайтыны неліктен екендігін мүлдем түсініп болмайды. *Олардың* көзқарасы тұрғысынан алғанда, Фукидидтің кешірімділікпен айтатынындай, Рикардоның «жартылай ақиқаттары» өзінің *бүкіл* бағалылығынан айырылады.

Рикардо үшін проблема құнды жұмыс уақыты белгілейтіндіктен ғана бар болады. Ал әлгі сырбаздарда мәселенің жайы басқа-

\* — Рошер. Ред.

ша. Рошердің айтуынша, табиғаттың өзінде құн болады. Бұл жөнінде бұдан әрі қараңыз<sup>50</sup>. Мұның мәнісі — Рошер құн дегеннің не өкенін мүлде білмейді деген сөз. Сонда оның: *жердің құны* өуел бастан-ақ өндіріс шығынына еніп, рента құрайды деп ойлауына, — рентаны түсіндіру үшін жер құнын, яғни рентаны алғы шарт етуіне не кедергі жасай алады?

Бұл сырбаздарда «өндіріс шығыны» туралы сөздер мүлде еш-тоңоңи де білдірмейді. Біз мұны Сәйден көреміз. Ол товар құнын өндіріс шығындары — капитал, жер, еңбек арқылы анықтайды. Ал бұл шығындарды ол сұраным мен ұсыным арқылы анықтайды. Мұның мәнісі — бұл арада, тегінде, ешқандай да құнды анықтау жоқ деген сөз. Жер «өндіргіш қызмет» көрсететін болғандықтан, — Сәйдің еңбек немесе капитал көрсететін қызметтердің бағасын анықтайтыны сияқты, — бұл көрсетілген «қызметтің» бағасын да сұраным мен ұсыным арқылы анықтамайтын несі бар? Ал «жердің қызметі» белгілі бір сатушылар тобының иелігінде болғандықтан, олардың товарында неліктен рыноктық құн болмайды және, олай болса, жер рентасы неліктен баға элементі ретінде бар болмасқа?

Рикардоның теориясын осыншалықты жанын сала «құлшынып жақтауға» Вильгельм Фукидидтің титтей де дәлелі болмағанын көріп отырмыз.

## (6) РИКАРДОНЫҢ АСТЫҚ БАҒАСЫНЫҢ ҮНЕМИ АРТУЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАСЫ.

### 1641 ЖЫЛДАН 1859 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ АСТЫҚТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ОРТА БАҒАЛАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ]

Егер абсолюттік жер рентасын жайына қалдырсақ, онда Рикардода төмендегі мәселе қалады:

Халық саны және сонымен бірге егіншілік өнімдеріне сұраным өсіп, соның нәтижесінде, осындай реттерде өнеркәсіпте болатыны сияқты, бұл өнімдердің бағасы да артады. Бірақ өнеркәсіпте сұраным өзінің әсерін тигізіп, товарлар ұсынымын көбейтсе-ақ болғаны, бағаның бұлайша артуы тоқталады. Енді өнім өзінің бұрынғы құнына дейін төмендейді немесе тіпті одан да құлдырап көтеді. Бірақ егіншілікте бұл *үстеме өнім* рынокқа бұрынғы бағасы бойынша да және неғұрлым төмен баға бойынша да шығарылмайды. *Ол қымбатырақ тұрады*, сөйтіп мұнда рыноктық бағалардың үнемі артуы, сонымен қатар рентаның артуы да осыдан туып отырады. Мұны мына жағдаймен: топырақтың құнарлылығы барған сайын кеми беретін сорттарын қолдануға тура келетіндігімен, сол бір өнімнің өзін өндіру үшін еңбекті барған сайын көп жұмсау талап етілетіндігімен, егіншілік өнімділігінің барған сайын өсіп отыратын дәрежеде құлдырайтындығымен болмаса, немен түсіндіруге болады? Ақшаның құнсыздануының ықпалын

былай қойғанда, 1797 жылдан 1815 жылға дейін Англияда халық санының тез өсуімен бірге егіншілік өнімдері бағасының артқаны неліктен? Сонан соң бұл бағалардың қайтадан құлдыраған фактісі ештеңені де дәлелдемейді. Шетелдік рыноктардан әкелінуіне тыйым салынған жағдайдың өзі де ештеңені дәлелдемейді. Нақ керісінше. Мұның өзі жер рентасы заңының *өзінің таза күйінде* көріне алуы үшін *тиісті* жағдайларды ғана жасады. Өйткені ел ішінде *барған сайын құнарлылығы кем топырақтың* өңделуіне көшуге нақ осы шетелден әкелуге тыйым салу мәжбүр етті. Мұны рентаның *абсолюттік көбеюінен* деп түсіндіруге болмайды, өйткені рентаның жалпы сомасы ғана емес, сонымен қатар рента нормасы да өсті. Бір квартал бидайдың бағасы қымбаттады және т. т. Сондай-ақ мұны *ақшаның құнсызданғанынан* деп те түсіндіруге болмайды, өйткені мұндай құнсыздану — өнеркәсіпте өнімділік жоғары дәрежеде дамып отырғанда — өнеркәсіп өнімдері бағасының құлдырап кеткені және, демек, егіншілік өнімдері бағасының *относительді* қымбаттап кеткені неліктен екендігін ғана түсіндіре алар еді. Осы *относительді қымбаттауға* қоса егіншілік өнімдері бағасының барлық уақытта неліктен абсолютті түрде артып отырғанына ақшаның құнсыздануы себепші бола алмас еді.

Мұны пайда нормасы құлдырауының салдарынан деп санаудың да мүмкіндігі соншалықты аз. Пайда нормасының құлдырауы *ешқашан да бағаның өзгеруіне себеп* бола алмас еді, тек құнның немесе *бағаның* лендлордтар, өнеркәсіпшілер және жұмысшылар арасында бөлінуіндегі өзгеріске ғана себеп бола алады.

*Ақшаның құнсыздануына* келетін болсақ, былай екен делік: бұрынғы 1 ф. ст. енді 2 ф. стерлингке тең. Бұрын 2 ф. ст. тұрған бір квартал бидай енді 4 ф. ст. тұрады. Айталық, өнеркәсіп өнімі 10 есе арзандады, бұрын оның құны 20 шиллинг болса, енді 2 шиллинг екен делік. Бірақ енді бұл 2 шиллинг 4 шиллингке тең. Ақшаның құнсыздануы — нақ егіннің шықпай қалуы да сияқты — бұл арада, әрине, өзінің әсерін тигізе алар еді.

[507] Бірақ, мұның бәрін қоя тұрып, *егіншіліктің ол кездегі жағдайында* (бидай жөнінен) *құнарсыз* жер өңдеуге енгізілді деп алуға болады. Кейіннен бұл жер құнарлы жерге айналды, өйткені, ең жақсы барометр — бидайдың бағасы көрсетіп отырғандай, дифференциалдық ренталар — өзінің нормасы жағынан — төмендеді.

1800 және 1801 жылдар мен 1811 және 1812 жылдардағы ең қымбат бағалардың алғашқылары — егін шықпай қалған жылдарға, екіншілері — ақша барынша құнсызданған жылдарға келеді. Дәл сол сияқты 1817 және 1818 жылдар да ақша құнсызданған жылдар болды. Бірақ егер бұл жылдарды есепке алмасақ, белгілі бір кезең ішінде орта баға қала береді деп ойлау керек (кейіннен қарау керек).

Әр түрлі кезеңдердегі бидайдың және т. б. бағасын салыстырғанда, сонымен қатар өндірілген өнім массаларын бір кварталдың бағасымен салғастыру қажет, өйткені өндірілген астықтың үстеме мөлшерінің бағаға әсері нақ осы жолмен байқалады.

## Бидайдың жылдық орта бағалары

## I

	Жылдық орта баға	Жоғары баға	Төмен баға
1641—1649.....	60 ш. $5\frac{2}{3}$ п.	75 ш. 6 п. (1645)	42 ш. 8 п. (1646)
1650—1659.....	45 ш. $8\frac{9}{10}$ п.	68 ш. 1 п. (1650)	23 ш. 1 п. (1651)
1660—1669.....	44 ш. 9 п.	65 ш. 9 п. (1662)	32 ш. 0 п. (1666 және 1667)
1670—1679.....	44 ш. $8\frac{9}{10}$ п.	61 ш. 0 п. (1674)	33 ш. 0 п. (1676)
1680—1689.....	35 ш. $7\frac{8}{10}$ п.	41 ш. 5 п. (1681)	22 ш. 4 п. (1687)
1690—1699.....	50 ш. $4\frac{1}{10}$ п.	63 ш. 1 п. (1695)	30 ш. 2 п. (1691)

Сонымен, 1650 жылдан 1699 жылға дейінгі 50 жыл ішінде жылдық орта баға 44 шиллинг  $2\frac{1}{5}$  пенс болады.

1641 жылдан 1649 жылға дейінгі кезең (9 жыл) ішінде ең жоғары жылдық орта баға — 75 шиллинг 6 пенс — 1645 жылға — революция жылына келеді, одан соң 71 шиллинг 1 пенс — 1649 жылға, 65 шиллинг 5 пенс — 1647 жылға, ал ең төмен баға — 42 шиллинг 8 пенс 1646 жылға келеді.

## II

	Жылдық орта баға	Жоғары баға	Төмен баға
		(әрбір он жыл кезең ішінде)	
1700—1709.....	35 ш. $1\frac{1}{10}$ п.	69 ш. 9 п. (1709)	25 ш. 4 п. (1707)
1710—1719.....	43 ш. $6\frac{7}{10}$ п.	69 ш. 4 п. (1710)	31 ш. 1 п. (1719)
1720—1729.....	37 ш. $3\frac{7}{10}$ п.	48 ш. 5 п. (1728)	30 ш. 10 п. (1723)
1730—1739.....	31 ш. $5\frac{5}{10}$ п.	58 ш. 2 п. (1735)	23 ш. 8 п. (1732)
1740—1749.....	31 ш. $7\frac{9}{10}$ п.	45 ш. 1 п. (1740)	22 ш. 1 п. (1743 және 1744)

1700 жылдан 1749 жылға дейінгі 50 жыл ішіндегі жылдық орта баға — 35 шиллинг  $9\frac{29}{50}$  пенс.

[508]

## III

	Жылдық орта баға	Жоғары баға	Төмен баға
		(әрбір он жыл кезең ішінде)	
1750—1759.....	36 ш. $4\frac{5}{10}$ п.	53 ш. 4 п. (1757)	28 ш. 10 п. (1750)
1760—1769.....	40 ш. $4\frac{9}{10}$ п.	53 ш. 9 п. (1768)	26 ш. 9 п. (1761)
1770—1779.....	45 ш. $3\frac{2}{10}$ п.	52 ш. 8 п. (1774)	33 ш. 8 п. (1779)
1780—1789.....	46 ш. $9\frac{2}{10}$ п.	52 ш. 8 п. (1783)	35 ш. 8 п. (1780)
1790—1799.....	57 ш. $6\frac{5}{10}$ п.	78 ш. 7 п. (1796)	43 ш. 0 п. (1792)

1750 жылдан 1799 жылға дейінгі 50 жыл ішіндегі жылдық орта баға — 45 шиллинг  $3^{13}/_{50}$  пенс.

## IV

	Жылдық орта баға	Жоғары баға		Төмен баға	
		(әрбір он жыл кезең ішінде)			
1800—1809.....	84 ш. $8^5/_{10}$ п.	119 ш. 6 п. (1801)	58 ш. 10 п. (1803)	113 ш. 10 п. (1800)	
1810—1819.....	91 ш. $4^8/_{10}$ п.	126 ш. 6 п. (1812)	65 ш. 7 п. (1815)	109 ш. 9 п. (1813)	74 ш. 4 п. (1814)
		106 ш. 5 п. (1810)	74 ш. 6 п. (1819)	68 ш. 6 п. (1825)	44 ш. 7 п. (1822)
1820—1829.....	58 ш. $9^7/_{10}$ п.	66 ш. 4 п. (1831)	39 ш. 4 п. (1835)	69 ш. 5 п. (1847)	40 ш. 4 п. (1850)
1830—1839.....	56 ш. $8^5/_{10}$ п.	74 ш. 9 п. (1855)			
1840—1849.....	55 ш. $11^4/_{10}$ п.				
1850—1859.....	53 ш. $4^7/_{10}$ п.				

1800 жылдан 1849 жылға дейінгі 50 жыл ішіндегі жылдық орта баға — 69 шиллинг  $6^9/_{50}$  пенс.

1800 жылдан 1859 жылға дейінгі 60 жыл ішіндегі жылдық орта баға — 66 шиллинг  $9^{14}/_{15}$  пенс.

Сөйтіп, біз жылдық орта бағалардың мынадай екенін көреміз:

Кезең	шилл.	пенс
1641—1649.....	60	$5^2/_{3}$
1650—1699.....	44	$2^1/_{5}$
1700—1749.....	35	$9^{29}/_{50}$
1750—1799.....	45	$3^{13}/_{50}$
1800—1849.....	69	$6^9/_{50}$
1850—1859.....	53	$4^7/_{10}$

\* \* \*

Тіпті Уэст былай дейді:

«Егіншіліктің жағдайы жақсарғанда сапасы екінші дәрежелі немесе үшінші дәрежелі жерде ескі система тұсындағы сапасы ең жақсы жердегі сияқты, соншалық шамалы шығын арқылы-ақ өндіріс жүргізуге болады» (Sir Edw. West. Price of Corn and Wages of Labour. London, 1826, 98-бет).

**(7) ГОПКИНСТІҢ АБСОЛЮТТІК РЕНТА  
МЕН ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТАНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ  
АЙЫРМАШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ БОЛЖАМЫ;  
ЖЕР РЕНТАСЫН ЖЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІКТІҢ  
БОЛУЫНАН ДЕП ТҮСІНДІРУ]**

Гопкинс абсолюттік рента мен дифференциалдық рентаның арасындағы айырмашылықты дұрыс аңғарып отыр:

«Бәсеке принципі сол бір елдің өзінде пайданың екі нормасының болуын мүмкін етпейді; бірақ бұл арқылы алайда «жалпы орта рента емес, относительді жер ренталары анықталады» (Th. Hopkins. On Rent of Land, and its Influence on Subsistence and Population. London. 1828, 30-бет).



509

1. 1641-1649 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 2. 1641-1649 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 3. 1641-1649 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 4. 1641-1649 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 5. 1641-1649 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.

I

1641 - 49	24	$5 \frac{2}{5}$
1650 - 59	45	$8 \frac{9}{10}$
1660 - 69	44	9
1670 - 79	44	$8 \frac{9}{10}$
1680 - 89	35	$7 \frac{8}{10}$
1690 - 99	50	$1 \frac{1}{2}$

1650-1659 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 1660-1669 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 1670-1679 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 1680-1689 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.  
 1690-1699 жылдары бидайдың орташа бағаларының өзгерісін тексеру.

1650-59	644.00	232.00
1660-69	652.50	232.00
1670-79	622.00	232.00
1680-89	412.50	222.00
1690-99	632.00	302.00

II

1700 - 1709	33	$3 \frac{2}{5}$
1710 - 1719	43	$6 \frac{9}{10}$
1720 - 1729	37	$13 \frac{7}{10}$
1730 - 1739	34	$15 \frac{1}{10}$
1740 - 1749	30	$7 \frac{9}{10}$

1750-59	352.00	232.00
1760-69	252.00	252.00
1770-79	322.00	222.00
1780-89	302.00	222.00

III

(waz)

К. Маркстің «Қосымша құн теориялары» қолжазбасының 1641—1749 жылдар ішіндегі бидайдың жылдық орташа бағаларының кестесі келтірілген бір беті



[508a] Гопкинс өндіргіш еңбек пен өндіргіш емес еңбектің арасын немесе, оның өзі айтқанындай, бастапқы еңбек пен екінші еңбектің арасын былайша саралайды:

«Егер барлық қызметкерлер нақ алмас қырнаушылардың немесе опера өншілерінің пайдаланылатынындай мақсатта пайдаланылса, онда көп ұзамай-ақ олардың өмір сүруіне қажетті *байлық* жойылып кетер еді, өйткені өндірілген байлықтың бірде-бір бөлегі капиталға айналмас еді. Егер жұмысшылардың дені осы сияқты еңбекпен шұғылданатын болса, жалақы томен деңгейде қалар еді, өйткені өндірілген нәрсенің біршама мардымсыз бөлегі ғана капитал ретінде пайдаланылар еді; бірақ егер бұл сияқты еңбекпен азын-аулақ қызметкерлер ғана айналысып, демек, жұрттың бәрі дерлік диқан, етікші, тоқымашы және т. т. болса, капитал көп өндірілер еді және соған сәйкес жалақы да жоғары бола *алар* еді» (бұл да сонда, 84—85-беттер). «Лендлордтар немесе рантье үшін жұмыс істейтіндер мен жалақы түрінде олардың табыстарының бір бөлегін алатындардың бәрін де, яғни *істеген жұмысы* тек лендлордтар мен рантьеге зейнет беретін заттар өндіруге ғана келіп *саятын* адамдардың бәрін де алмас қырнаушылармен және өншілермен бір қатарға қою керек; бұл қызметкерлер лендлордтар рента-сының бір бөлегін немесе рантье табысының бір бөлегін өз еңбегіне айырбастап алады. Бұлардың бәрі — өндіргіш қызметкерлер, бірақ олардың барлық еңбегі жер рентасы және ақша капиталы формасында болатын байлықты лендлордпен рантьелерді көбірек сүйіндіретін әлде нендей басқа бір формаға айналдыруға бағытталған; сондықтан бұл қызметкерлер *екінші* өндірушілер болып табылады. Басқа қызметкерлердің бәрі — *алғаш* өндірушілер» (бұл да сонда, 85-бет).

Алмас пен ән — бұл арада олардың екеуі де затқа айналдырылған еңбек ретінде қарастырылып отыр, — барлық товарлар сияқты, *ақшаға*, ал *ақша ретінде* — капиталға айналуы мүмкін. Бірақ ақшаның бұлайша капиталға айналуында екі нәрсені ажырата білу қажет. Барлық товарлар ақшаға, ал ақша ретінде капиталға айналуы мүмкін, айналатын себебі — олар ақша формасын алғанда, олардың тұтыну құны және осы соңғысының ерекше натуралды формасы өтеледі. Олар — қоғамдық формадағы затқа айналған еңбек, бұл формада сол еңбектің өзі кез келген нақтылы еңбекке айырбастала алады, демек, нақтылы еңбектің кез келген формасына айнала алады. Керісінше, товарлар, еңбек өнімдері нақ осы өнімдер ретінде өндіргіш капиталға оның элементтері болып қайтадан ене алатын-алмайтындығы мынаған: бұл товарларға өздерінің тұтыну құнының табиғатының — объективтік еңбек жағдайлары (өндіріс құралы және материал) ретінде ме, әлде субъективтік еңбек жағдайлары (жұмысшылар өміріне қажетті құралдар) ретінде ме, — демек, тұрақты капитал мен өзгермелі капитал элементтері ретінде қайтадан өндіріс процесіне енуіне мүмкіндік беретін-бермейтіндігіне байланысты.

«1821 жылғы санаққа сәйкес, Ирландияда, шамамен шығарылған есеп бойынша, лендлордтар, мемлекет және десятина алушылар алған бүкіл таза өнім  $20\frac{3}{4}$  миллион ф. ст. құрайды, ал бүкіл жалақы — 14 114 000 ф. ст. қана (Гопкинс, бұл да сонда, 94-бет).

«Италияда егіншілер жалпы алғанда өнімнің жартысын, тіпті жарты-

сынан да көбірегін жер меншікшісіне рента ретінде төлейді және мұның өзі егіншілік мәдениеті төмен, олардың негізгі капиталы мейлінше болмашы болып отырғанда осылай. Халықтың көпшілігі екінші өндірушілер мен жер меншікшілерінен құралған, ал алғаш өндірушілер, әдетте, кедей және кемсітілген тап болып табылады» (101—102-беттер).

«XIV Людовик тұсында [оның мұрагерлері XV Людовик пен XVI Людовик тұсында да] Францияда да нақ осындай болды. [Артур] Юнгтің айтуынша ренталардың, десятиналар мен салықтардың жиыны 140 905 304 ф. ст. құраған. Бұл орайда егіншіліктің жағдайы мүшкіл болған. Ол кезде Францияның халқы 26 363 074 адам еді. Егер еңбекші халық тіпті алты миллион семья болса,— мұның асыра көрсетілгені айқын,— соның өзінде де әрбір еңбекші семья жер меншікшілеріне, шіркеуге және үкіметке жыл сайын, тікелей немесе жанама түрде орта есеппен 23 ф. стерлингке жуық таза байлық түсіруге тиіс болар еді. Юнгтің деректері бойынша,— егер өзге де әр алуан пікірлерді ескеретін болсақ,— еңбекші семьяға жыл сайын 42 ф. ст. 10 шиллинг өнім келеді, оның бер жағында бұл сомадан ол 23 ф. стерлингті басқа адамдарға береді, ал 19 ф. ст. 10 шиллинг оның өзі күнін көруі үшін қалады» (бұл да сонда, 102—104-беттер).

### *Халық санының капиталға тәуелділігі:*

«Мальтус мырза мен оның ізбасарларының қатесін жұмысшы халықтың азаюы тиісінше капиталдың азаюына әкеліп соқпайды деген болжамнан іздестіру керек» (бұл да сонда, 118-бет). «Мальтус мырза [жұмысшыларға деген] сұранымның жалақы болатын құралдардың мөлшерімен шектелетінін және бұл құралдардың өзінен-өзі пайда болмай, әрқашан да *еңбек арқылы алдын ала жасалатынын* ұмытады» (бұл да сонда, 122-бет).

Мұның өзі — *капиталдың қорлануына* дұрыс көзқарас. Бірақ [Гопкинс мұны көрмейді] қолданылған еңбек массасы бірдей мөлшерде көбеймесе де, еңбек арқылы жасалатын құралдар көбейе алады,— демек, қосымша өнімнің немесе қосымша еңбектің мөлшері көбейе алады.

«Таза байлықты жұмысшы табы үшін *игілікті* бірдеңе деп бейнелеуге осылайша мейлінше құптар болудың өзі таңданарлық нәрсе, өйткені ол жұмыс береді-міс. Оның бер жағында, [509] оның таза болғандығынан емес, қайта оның *байлық*, яғни *еңбек арқылы жасалған* дүние болғандығынан жұмыс бере алатындығы әбден айқын. Ал екінші жағынан, сөйте тұра жұмысшы халықтың қосымша мөлшері жұмысшы табы үшін *зиянды* деп бейнеленеді, ал бұл жұмысшылар болса өздерінің тұтынатынынан үш есе көп өндіреді» (бұл да сонда, 126-бет).

«Егер ең жақсы машиналарды қолдану арқылы барлық алғашқы өнімді 200-ден 250-ге немесе 300-ге дейін көбейту мүмкін болып, ал таза байлық пен пайданың үлесіне бұрынғысынша тек қана 140 тиетін болғанда, алғаш өндірушілер үшін жалақы қоры ретінде 60-тың орнына 110 немесе 160 қалары анық» (бұл да сонда, 128-бет).

«Жұмысшылардың жағдайы не олардың өндіргіш күштеріне нұқсан келтірілуінің салдарынан, не олардан өздері өндірген нәрсені алып қоюдың салдарынан нашарлайды» (129-бет).

«Жоқ, дейді Мальтус мырза, сіздердің жоқшылық көрулеріңізге әсте де *өздеріңіз көтеріп отырған ауыртпалық* себеп болып отырған жоқ, қайта ол түгелдей мына жағдайдан: осы ауыртпалықты *көтеретін адамдардың тым көп* екендігінен туып отыр» (бұл да сонда, 134-бет).

«*Бастапқы материалдар* [жер, су, минералдар] барлық товарлардың айырбас құнын өндіріс шығыны анықтайды деген жалпы принципке енгізілмеген; алайда осы материалдар *меншікшілерінің* [осы бастапқы материалдарды пайдаланудың нәтижесінде алынатын] өнімге деген талап-

тілегі құнға жер рентасының енуіне әкеліп соғады» (*Th. Hopkins. Economical Enquiries relative to the Laws which Regulate Rent, Profit, Wages, and the Value of Money. London, 1822, 11-бет*).

«Жер рентасы немесе [жерді] пайдаланғаны үшін салынатын салық, әлбетте, [жерге] меншіктен немесе жеке меншік правосының орнауынан шығады» (бұл да сонда, 13-бет).

«Мынадай қасиеттері: біріншіден, белгілі бір дәрежеде сирек кездесетін, екіншіден, өндірістің ұлы ісінде еңбекке жәрдемдесе алатын қасиеттері бар нәрсенің бәрі рента бере алады» (бұл да сонда, 14-бет). «Әрине, жердің оған жұмсалыуы мүмкін еңбекпен және капиталмен салыстырғанда мол болатыны соншалық» {жердің мол болуы немесе аз болуы, әлбетте, относителді, ол қолдануға болатын еңбек пен капиталдың мөлшеріне қатынасы бойынша анықталады} «жердің аз болмайтындығынан,— жер рентасы түрінде салық салу мүмкін болмас еді деген жағдайды ойламау керек» (24-бет).

«Кейбір елдерде жер меншікшісі 50% сығып ала алады, ал басқа бір елдерде 10% те сығып ала алмайды. Шығыстың құнарлы жерлерінде адам өзінің жерге сіңірген еңбегі өнімінің  $\frac{1}{3}$  бөлігімен тіршілік етеді; керісінше, Швейцария мен Норвегияның кейбір аудандарында 10% алу елде адам қалдырмас еді... Сығып алуға болатын рента үшін төлеушілердің шектеулі мүмкіндіктерінен басқа» (31-бет) және «сапасы нашар жер бар жерлерде нашар топырақтың жақсы топырақпен бәсекесінен басқа табиғи шекаралардың ешқандайын көріп отырған жоқпыз» (33—34-беттер).

«Англияда бос жатқан жерлер көп, олардың табиғи құнарлылығы қазіргі өңделіп отырған жерлердің едәуір бөлегі өңдеуге берілмес бұрын оның құнарлылығы қандай болса, нақ сондай; солай бола тұрса да осындай бос жатқан жерлерді өңделген жерге айналдыру үшін қажет болатын шығындардың көптігі соншалық, ол жерді жақсартуға жұмсалған ақшаға келетін әдеттегі проценттерді төлей алмайды, ал топырақтың табиғи құнарлылығы үшін рента төлеуге енді жалпы ештеңе қалмайды. Және де мұның өзі білгірлікпен қолданылған капиталдың көмегін пайдаланатын және арзан өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз етілетін еңбекті дереу қолданудың барлық артықшылықтарына қарамастан және оған қоса жақын маңнан өтетін жақсы жолдардың және т. т. болғанына қарамастан осылай болады. Қазіргі жер меншікшілерін бүкіл жинақталған еңбектің иелері деп қарауға болады, ол еңбек ғасырлар бойы жерді оның өнімділігінің қазіргі жағдайына жеткізу үшін жұмсалып келді» (бұл да сонда, 35-бет).

Әсіресе, өнеркәсіптің дамуы нәтижесінде 1780—1815 жылдары болғанындай, халық саны кенеттен едәуір өсіп кеткен кезде және осының нәтижесінде бұрын өңделмеген едәуір мөлшердегі жерлер кенеттен өңдеуге енгізілген кезде жер рентасы үшін соңғы жағдайдың өте зор маңызы болады. Ескі жер қаншалықты құнарлы болса, жаңадан өңделген жер соншалықты құнарлы болуы мүмкін және ескі жерде ғасырлар бойындағы мәдениет жинақталғанға дейін ол қандай болса, тіпті одан да құнарлырақ болуы мүмкін. Бірақ жаңа жер өз өнімін онша қымбат емес баға бойынша сату үшін ол жерден оның құнарлылығының, біріншіден, өңделген [510] топырақтың табиғи құнарлылығымен, екіншіден, оның жасанды, мәдениет туғызған, ал енді табиғи болып алған құнарлылығының жиынтығына тең болуы талап етіледі. Сонымен ескі топырақтың өзін өңдегенге дейін болғанынан гөрі жаңадан өңделген топырақ анағұрлым құнарлы болуға тиіс.

Бірақ былай деп айтылуы мүмкін:

Өңделген топырақтың құнарлылығы ең алдымен оның табиғи құнарлылығына байланысты. Ендеше, жаңадан өңделген топырақта табиғат берген және табиғи факторлар себепші болған осы құнарлылықтың бар-жоғы ол топырақтың табиғи қасиеттеріне байланысты болады. Екі жағдайдың екеуінде де бұл құнарлылық түкке тұрмайды. Өңделген жер құнарлылығының екінші бөлегі болса, ол мәдениеттің, капитал жұмсаудың арқасында бар болып отырған жасанды өнім. Бірақ өнімділіктің бұл бөлегі өндіріс шығындарының нәтижесінде болды; өндіріс шығындары жерге жұмсалған негізгі капиталға процент түрінде төленеді. Жер рентасының бұл бөлегі — жерге қосылған негізгі капиталға төленетін жай процент қана. Сондықтан ол өңдеуге әлдеқашан-ақ енгізілген жердің өнімін өндіру шығынына енеді. Демек, жаңадан өңделетін жерге дәл сондай капитал жұмсалса болғаны, ол да құнарлылықтың осы екінші бөлегіне ие болады екен; әлдеқашан-ақ өңдеуге енгізілген жер жөнінде болатыны сияқты, осы құнарлылықты жасауға жұмсалған капиталға келетін проценттер де өнімнің бағасына енеді. Ал мұндай жағдайда, — анағұрлым құнарлы болмаса да, — жаңа жердің өнім бағасын арттырмай-ақ өңдеуге енгізіле алмағандығы неліктеп? Егер табиғи құнарлылық бірдей болса, айырмашылық капиталдың жұмсалуына ғана байланысты болады, сондықтан екі жағдайдың екеуінде де осы капиталға келетін процент бірдей мөлшерде өндіріс шығынына кіреді.

Алайда, мұның өзі — қате пайымдау. Өңделмеген жерді егістік үшін тазалау және т. т. жөніндегі *шығындардың* бір бөлегі бұдан әріде өтелмейді, оның себебі — мұндай жолмен жасалған құнарлылық, *Рикардоның* да ескерткені сияқты, жердің *табиғи сапасымен* ішінара астасып кеткен (мысалы, ағаш түбірлерін қопару жөніндегі, мелиорациялау, құрғату, жоспарлау, әлдепеше рет қайталанған химиялық процестердің нәтижесінде топырақтың құрамын химиялық жолмен өзгерту және т. т. жөніндегі шығындар). Сонымен, — өңдеуге енгізіліп те қойған жердің ең соңғысы өз өнімін қандай бағамен сатса, өз өнімін дәл сондай бағамен сата алатын болуы үшін, — жаңадан өңделетін топырақ жеткілікті дәрежеде құнарлы болуға тиіс, өйткені бұл баға ол топырақ үшін бұрын өңделмеген жерді егістікке арнап тазалау жөніндегі шығындардың жаңадан өңделетін топырақтың өндіріс шығынына кіретін, бірақ бұрын игерілген топырақтың *шығындарына* кіруін тоқтатып, мұнда топырақтың табиғи құнарлылығымен сідісіп кеткен бөлегін өтеуге тиіс.

«Тиімді орналасқан құлама су бізге елестетуге келетін ерекше қасиеті бар табиғаттың сыйының жеке меншікке айналдырылғаны үшін төленетін рентаның мысалын көрсетеді. Мұны шағын құлама сулар үшін, әсіресе су өте жоғарыдан құлайтын болса, едәуір рента төленетін өнеркәсіпті аудан-

дардағылар жақсы түсінеді. Мұндай құлама сулардан алынатын күш үлкен бу машиналары беретін күшке тең; сондықтан тіпті көп рента төлеген жағдайдың өзінде мұндай құлама суларды пайдалану, бу машиналарын салып, пайдалануға көп ақша жұмсағанда қаншалықты тиімді болса, соншалықты тиімді. Құлама сулардың бірі үлкен, бірі кіші болады. Өнеркәсіп орындарының орналасқан жеріне жақын болуы да неғұрлым жоғары рента беретін артықшылық болып табылады. Йорк және Ланкастер графтықтарында ең кішкене құлама су үшін төленетін рента мен ең үлкен құлама су үшін төленетін рента арасындағы айырмашылық мейлінше құнарсыз жердің 50 акры үшін төленетін рента мен әдеттегі егістік ретінде пайдаланылатын мейлінше құнарлы жердің 50 акры үшін төленетін жердің арасындағы айырмашылықтан гөрі, сірә, анағұрлым үлкен болар» (*Гопкинс*, бұл да сонда, 37—38-беттер).

**[8] ӨНДЕУГЕ ТҮСПЕГЕН ЖЕРЛЕРДІ ЕГІСТІК ҮШІН  
ТАЗАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫНДАР.  
АСТЫҚ БАҒАСЫ АРТҚАН КЕЗЕҢДЕР  
МЕН ОНЫҢ КЕМІГЕН КЕЗЕҢДЕРІ (1641—1859 жж.)]**

Егер біз астықтың жоғарыда келтірілген жылдық орта бағаларын салыстырсақ \* және, біріншіден, ақшаның құнсыздануына (1809—1813 жж.), екіншіден, мәселен, 1800 және 1801 жылдар сияқты өгіннің шығымы өте-өте нашар болған жылдарға байланыстыларын алып тастасақ, белгілі бір кезеңде немесе сол кезең ішінде өңдеуге жаңадан қанша жер енгізілгендігінің маңызы қандай зор екенін көреміз. Өңделген жерлерде бағаның артуы бұл арада *жалықтың* көбейгендігін және, соның салдарынан, астық бағасының [құннан] артық болғанын көрсетеді; екінші жағынан, сұранымның нақ осы өсуі өңдеуге жаңа жерлердің енгізілуін туғызады. Егер өңделетін жер массасы *относительді түрде* өте көбейіп кетсе, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда арта түсетін баға, *неғұрлым жоғары баға* мынаны ғана: *өңдеуге түспеген жерді егістікке арнап тазарту жөніндегі шығындардың* едәуір бөлегі өндірілген тағамдық заттардың қосымша мөлшерінің бағасына кіретінін ғана дәлелдейді. Егер астықтың бағасы артпаса, өндірістің ұлғаюы орын алмас еді. *Бұлайша ұлғаюдың* нәтижесі — бағаның құлдырауы кейіннен ғана көріне алады, өйткені жуырда жұмсалған капитал арқылы өндірілген тағамдық заттардың бағасына өндіріс шығындарының немесе бағаның жерге бұрын капитал жұмсағанда және өңделген топырақтың бұрынғы бөлектерінде әлдеқашан-ақ өтелген элементтері кіреді. Егер еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде, өңдеуге жаңа топырақты енгізу жөніндегі шығындар өзінің бұрынғы уақытта болғанымен салыстырғанда едәуір дәрежеде құлдырамаған болса, айырмашылық тіпті бұдан да үлкен болар еді.

[511] Жаңа жерді өзгерту, ол бұрынғы жерден гөрі неғұрлым құнарлы бола ма, құнарлылығы бірдей бола ма, әлде құнарсыздау бола ма бәрібір, капитал мен еңбек орта есеппен қазірдің

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 135—136-беттер. *Ред.*

өзінде өңделіп отырған жерге қандай жағдайда жұмсалса, *нақ сондай жағдайда жерді* капитал мен еңбек жұмсауға *жарамды ететін* жағдайға жеткізу (ал бұл жағдай егіншілік мәдениетін игерудің жалпы, қазірдің өзінде өңделіп отырған жерде үстемдік ететін нормасы арқылы анықталады), — осы игеруді өңдеуге ұшырамаған жерді өңделген жерге айналдыру жөніндегі шығындар өтеуге тиіс. Өндіріс шығындарындағы бұл айырманың орнын өңдеуге жаңадан енгізілген жер толтыруға тиіс. Егер жоғарыда көрсетілген айырма өңдеуге жаңадан енгізілген жер өнімінің бағасына кірмесе, онда бұл нәтиженің екі жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. *Не* өңдеуге жаңадан енгізілген жердің өнімі *өзінің шын құны бойынша* сатылмайды. Оның бағасы өзінің құнынан кем болады, мұның өзі шынында да жердің рента бермейтін едәуір бөлегінде болады, өйткені оның өнімінің бағасы *оның өз құны арқылы* емес, қайта неғұрлым құнарлы топырақта өндірілген өнімнің құны арқылы анықталады. *Не* өңдеуге жаңадан енгізілген жердің *құнарлылығы соншалық*, одан алынған өнімді оның өзінің, өз құнына имманентті, онда затқа айналдырылған еңбек мөлшеріне сәйкес сатқанда ол бұрын өңделген жердің өніміне қарағанда неғұрлым төмен бағамен сатылатындай болуға тиіс.

Егер әлдеқашаннан бері өңделіп келген топырақтан алынған өнімнің құны арқылы реттеліп отыратын *рыноктық баға* мен өңдеуге жаңадан енгізілген топырақтан алынған өнімнің *ішкі құнының* арасындағы айырма, *мәселен, 5% болса* және, егер, екінші жағынан, осы өнімнің өндіріс шығынына кіретін және жаңа топырақтың өнімділік қабілетін бұрынғы топыраққа дағдылы болып табылатын өнімділік қабілетінің дәрежесіне дейін көтеру үшін жұмсалған капиталға есептеліп шығарылатын *процент* мөлшері де 5 процентке тең болса, — онда жаңадан өңделген жер *рыноктық баға* бұрынғыдай болып тұрғанда әдеттегі жалақыны, пайданы, жер рентасын төлей аларлықтай өнім берер еді. Егер жаңа жердің құнарлылығы ескі жердің құнарлылығынан 4 проценттен астам болғанда, жұмсалған капиталға тек 4% төлеуге тура келсе, онда *рыноктық баға*, — жаңа жерді «өңдеуге жарамды» жағдайға жеткізу үшін жұмсалған капиталға төрт проценттік ставка бойынша берілетінін шығарып тастағаннан кейін, — артық қосымша берер еді немесе өнім құнарлылығы кемірек топырақтан алынатын өнімнің *құны арқылы реттелетін рыноктық бағадан* арзан сатыла алар еді. Осының салдарынан өнімнің *рыноктық бағасымен* бірге барлық ренталар да төмендер еді.

Абсолюттік рента дегеніміз құпның шикі өнімнің *орта бағасынан* артығы. *Дифференциалдық рента* дегеніміз неғұрлым құнарлы топырақта өндірілген өнімнің *рыноктық бағасының* осы неғұрлым құнарлы топырақтың өз өнімінің *құнынан* артығы.

Сондықтан, белгілі бір уақыт аралығында көбейе түскен ха-



лық талап ететін қосымша тағамдық заттардың относителді едәуір бөлегі өңдеуге бірінші рет өнгізілген топырақта өндірілсе және сонымен бір мезгілде *шикі өнімнің бағасы* артатын болса немесе өзгермей қалатын болса, онда мұның өзі де елде топырақ құнарлылығының кемігенін дәлелдемейді. Мұның өзі құнарлылықтың өндіріс шығынының жаңа элементін өтерліктей дәрежеге дейін жетіп артпағанын ғана дәлелдейді, ал бұл жаңа элемент өңделмеген жерді дамудың белгілі бір сатысында бұрынғы жерлер өңделіп отырған дағдылы өндіріс жағдайларының дәрежесіне дейін көтеру үшін жұмсалған капиталға берілетін процент болып табылады.

Сонымен тіпті *өзгермеген немесе артып кеткен баға*,— егер жаңадан өңделген топырақтың относителді мөлшері әр кезеңде әр түрлі болса,— жаңа топырақтың құнарсыз екенін немесе оның *өнімді азырақ* беретінін дәлелдемейді, қайта мынаны ғана дәлелдейді: оның өнімінің құнына бұрын игерілген топырақта өтеліп те қойған шығын элементі кіреді және бұрынғы топырақты *бастапқы, табиғи құнарлылығы* жағдайынан оның қазіргі жағдайына жеткізу үшін қажет болған шығындармен салыстырғанда өңдеуге түспеген жерді егістікке арнап тазарту жөніндегі шығындар өндірістің жаңа жағдайында едәуір төмендеп кетсе де, шығынның әлгі жаңа элементі күшінде қала береді. Демек, [512] әр түрлі кезеңдерде [қауымдық жерлерді] қоршаудың [және оны егістікке арнап тазартудың] *относителді үлесін* анықтау керек болар еді<sup>51</sup>.

Ал жалпы алғанда жоғарыда келтірілген кесте (507—508-беттер) бізге мынаны көрсетеді:

Егер *онжылдық кезеңдерді* қарастыратын болсақ, онда 1641—1649 жылдардағы кезең 1860 жылға дейінгі басқа онжылдық кезеңнің қайсысынан да жоғары болып шығады, бұған 1800—1809 және 1810—1819 жылдардағы онжылдық кезеңдер кірмейді.

Егер *елужылдық кезеңдерді* қарастыратын болсақ, 1650—1699 жылдардағы кезең 1700—1749 жылдардағы кезеңнен жоғары, ал 1750—1799 жылдардағы кезең 1700—1749 жылдардағы кезеңнен жоғары және 1800—1849 жылдардағы (немесе 1800—1859 жылдардағы) кезеңнен төмен болып шығады.

1810—1859 жылдардағы кезең ішінде баға үнемі құлдырап отырады, ал 1750—1799 жылдардағы кезеңде, бұл елу жылдықтағы орта баға төмен болса да, баға жоғары көтеріліп отырған; 1810—1859 жылдар ішінде бұл қалай төмендеп отырса, дәл сондай үнемі жоғары көтеріліп отырған.

Шынында да, 1641—1649 жылдардағы кезеңмен салыстырғанда онжылдықтар ішіндегі орта бағалар жалпы алғанда тоқтаусыз төмендей береді де, бұл төмендеу XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы соңғы екі онжылдық ішінде өзінің *ең шеткі шегіне* (ең төменгі шегіне) жетеді.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап баға жоғары көтеріледі, ол XVII ғасырдың екінші жартысындағы орта бағадан төмен және, шамамен алғанда, бірсыпыра артығымен қоса, 1700—1749 жылдардағы 35 шиллинг  $9^{29}/_{50}$  пенс болатын орта бағамен (XVIII ғасырдың бірінші жартысының бағасымен) сәйкес келетін бағадан (1750—1759 жылдардағы 36 шиллинг  $4^5/_{10}$  пенс) басталады. Осылайша жоғары көтеріле қозғалу 1800—1809 және 1810—1819 жылдардағы онжылдық екі кезең ішінде де үнемі жалғаса береді. Осы кезеңдердің соңғысында ол өзінің ең жоғары шегіне жетеді. Осы уақыттан бастап тағы да үнемі төмен құлдырау бағытымен жүреді. Егер біз 1750—1819 жылдардағы жоғарылау кезеңі үшін орта бағаны алатын болсақ, оның орта бағасы (кварттері үшін 57 шиллингтен біраз көбірек) [шамамен алғанда] 1820 жылы басталатын құлдырау кезеңінің бастапқы пунктіне тең (атап айтқанда, 1820—1829 жылдардағы онжылдық кезең үшін 58 шиллингтен біраз көбірек),—XVIII ғасырдың екінші жартысы үшін бастапқы пункті [шамамен алғанда] оның бірінші жартысының орта бағасына қалай тең болса, дәл сол сияқты.

Жекелеген жағдайлардың — егіннің шықпай қалуы, ақшаның құнсыздануы және т. б. — орташа цифрға қандай күшті әсер ете алатынын кез келген арифметикалық мысал көрсетеді. Мысалы,  $30 + 20 + 5 + 5 + 5 = 65$ , орта есеппен — 13, ал бұл арада соңғы үш санның үшеуі де не бары бестіктер болса да солай. Керісінше,  $12 + 11 + 10 + 9 + 8 = 50$ , орта есеппен = 10, ал егер бірінші қатардағы ерекше болып тұрған 30 және 20 сандарын сызып тастасақ, екінші қатардағы кез келген үш жылдың орта есебі жоғары болар еді.

Егер жаңа жерлерді егістікке арнап тазарту үшін дәйекті түрде қолданылған және, ерекше статья ретінде, белгілі бір кезең ішінде өндіріс шығынына өнетін капиталға төленетін дифференциалдық шығындарды шығарып тастасақ, 1820—1859 жылдардағы бағалар бұрынғыларының бәрінен де төмен болып шығуы мүмкін. Ал мұның өзі рентаны жерге жұмсалған негізгі капиталға келетін процент деп түсіндіретін кешцелердің көз алдарынан кетпеген ғой деп те ішінара ойлауға болады.

**[9] АНДЕРСОН МАЛЬТУСҚА ҚАРСЫ.  
АНДЕРСОННЫҢ ТҮСІНІГІНДЕГІ ЖЕР РЕНТАСЫ.  
АНДЕРСОННЫҢ ЕГІНШІЛІК ӨНІМДІЛІГІНІҢ АРТА  
ТҮСУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ  
РЕНТАҒА ӘСЕРІ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАСЫ]**

*Андерсон «A Calm Investigation of the Circumstances that have led to the Present Scarcity of Grain in Britain»-да (London, 1801) былай дейді:*

«1700 жылдан 1750 жылға дейін біз әр кварталер бидай бағасының 2 ф. ст. 18 шиллинг 1 пенстен 1 ф. ст. 12 шиллинг 6 пенске дейін үнемі төмендеп отырғанын көреміз; 1750 жылдан 1800 жылға дейін — әр кварталердің бағасы 1 ф. ст. 12 шиллинг 6 пенстен 5 ф. ст. 10 шиллингке дейін үнемі артып отырғанын көреміз» (11-бет).

Демек, Андерсонның Уэсттен, Мальтустан, Рикардодан айырмашылығы — ол астық бағасы шкаласының көтерілуі жөніндегі сыңаржақ құбылысты емес (1750—1813 жылдар ішіндегі), қайта керісінше, екіжақты құбылысты: тұтас бір ғасырды көз алдында ұстап отырған; оның бірінші жартысы астық бағасының үнемі төмендеп отыратын шкаласын, ал екінші жартысы үнемі көтеріліп отыратын шкаласын көрсетеді. Оның үстіне Андерсон үзілді-кесілді түрде былай деп ескертеді:

«XVIII ғасырдың бірінші жартысында да, екінші жартысында да халық саны бірдей өсіп отырды» (бұл да сонда, 12-бет).

Андерсон — халық санының артуы теориясының үзілді-кесілді жауы<sup>52</sup>, сондықтан ол жердің жақсарып отыратын әрқашан болатын өскекең қабілетін барынша айқын атап көрсетеді:

«Жерді химиялық жолмен әсер етіп, өңдеу арқылы барған сайын жақсарта түсуге болады» (бұл да сонда, 38-бет)<sup>53</sup>.

[513] «Шаруашылықтың ұтымды жүйесі тұсында топырақтың өнімділігі уақыттың шексіз кезеңі ішінде жылдан-жылға арта алады, сөйтіп, ақырында, біз қазір көз алдымызға елестете алуымыз екіталай болатын деңгейге жеткенше арта береді» (35—36-беттер).

«Бұл арал асырай алатын халықпен салыстырғанда қазіргі халықтың саны сондай болмашы, ал халық саны азды-көпті шын қауіп туғыза алатынынан әлі өте қашық жатыр деп сеніммен айтуға болады» (37-бет).

«Егер адамдар табиғат экономикасын бүлдіруге қандай болса да моральдық ықпал жасауға жол бермесе болғаны, халық саны артатын жерлердің бәрінде халық санымен бірге елдің өндірісі де сөзсіз өсіп отырады» (41-бет).

«Халық санының артуы теориясы» «аса қауіпті соқыр сенім» болып табылады (54-бет). Андерсон «егіншілік өнімділігінің» халық санының өсуімен бірге артып, оның азаюымен бірге төмендейтінін тарихи мысалдар арқылы дәлелдеуге тырысады (55, 56, 60, 61 және келесі беттер).

*Рентаны* дұрыс түсіпгенде ең алдымен, әлбетте, мынадай пікір тууға тиіс еді: рента топырақтан емес, қайта *егіншілік өнімінен*, яғни еңбектен, *еңбек өнімінің*, мысалы бидайдың — *бағасынан* туады, — жердің өзінен емес, егіншілік өнімінің *құнынан*, жерге сіңірілген еңбектен туады, — ал мұны Андерсон дұрыс атап көрсетеді:

«Жер өнімінің бағасын жерден алынатын рента анықтамайды, қайта жер рентасын осы өнімнің бағасы анықтайды, дегенмен бұл өнімнің бағасы көбінесе жер рентасы өте төмен деңгейде тұрған елдерде бәрінен де жоғары болады».

{Олай болса, рептаньң егіншіліктің абсолютті өнімділігіне ешбір қатысы жоқ.}

«Муның өзі түсіндіруді керек ететін парадокс болып көрінеді.

Әрбір елде топырақтың әр түрлі сорттары болады, олар өздерінің құнарлылық деңгейі жағынан бір-бірінен едәуір ерекше болады. Біз оларды *A, B, C, D, E, F* және т. б. әріптермен белгіленетін әр түрлі разрядтарға бөлеміз. *A* разряды мейлінше құнарлы топырақты қамтиды, ал одан кейінгі әріптердің бәрі топырақтың әр түрлі разрядтарын белгілейді, олардың әрқайсысы бірінші разрядтан өзінің қашық тұруына қарай құнарлылығы жөнінен төмендей береді. Ал құнарлылығы мейлінше кем топырақты өңдеуге жұмсалатын шығын, неғұрлым құнарлы топырақты өңдеуге жұмсалатын шығын сияқты сондай үлкен болады, немесе одан да асып түседі, сондықтан да бұдан қажетті түрде мынадай қорытынды шығады: егер астықтың сол бір мөлшерінің өзі, ол қандай егістік жерден алынса да бәрібір сол бір бағамен сатыла алатын болса,— онда өзге топырақтарды өңдеуден түсетін пайдаға қарағанда, ең құнарлы топырақты өңдеуден түсетін пайда анағұрлым жоғары болуға тиіс»

{әңгіме [өнім] бағасының шығындардан немесе авансыланған капиталдың бағасынан артығы жайында болып отыр},

«және бұл пайда құнарлылықтың кемуіне қарай кеми береді, сондықтан түптеп келгенде топырақтың кейбір төменгі разрядтарында жерді өңдеуге жұмсалған шығындар бүкіл өнімнің құнымен теңелетін болып шығуға тиіс» (45—48-беттер).

Соңғы топырақ ешқандай рента бермейді (цитат Мак-Куллохтың мына кітабынан келтірілген: «The Literature of Political Economy», London, 1845,— Мак-Куллох бұл арада цитатты мынадан келтіріп отыр: «An Inquiry into the Nature of the Corn Laws» немесе мынадан келтіріп отыр: «Recreations in Agriculture, Natural-History, Arts» etc., London, 1799—1802. Бұл Британ музейінен<sup>54</sup> тексерілсін).

Бұл арада Андерсонның «бүкіл өнімнің құны» деп отырғаны оның түсінуінше, сірә, басқа ештеңе емес, өнімнің жақсы немесе нашар топырақта өскеніне қарамастан, өнім сатылатын рыноктық баға болса керек. Бұл «баға» (құн) топырақтың неғұрлым құнарлы сорттары үшін шығыннан азды-көпті артық бірдеңе береді. Соңғы өнім мұндай артық ештеңе бермейді. Бұл өнім үшін орта баға, яғни орта пайданы қоса өндіріс шығындары арқылы анықталатын баға өнімнің рыноктық бағасына сәйкес келеді,— демек, бұл арада, Андерсонның пікірінше, бір өзі ғана рента құрай алатын ешқандай үстеме пайда болмайды. Андерсонның айтуында, рента өнімнің рыноктық бағасының оның орта бағасынан артығына тең. (Құн теориясы Андерсонды әлі мүлдем толғандырмайды.) Сонымен, топырақтың ерекше құнарсыздығы салдарынан осы топырақ өнімінің орта бағасы өнімнің рыноктық бағасымен сәйкес келсе, онда бұл артығы жайына қалады, яғни рента құрау үшін қор болмай шығады. Андерсон өңдеуге соңғы енгізілген топырақ ешқандай рента бере алмайды демейді.

Ол тек қана былай дейді: шығындар (өндіріс шығыны плюс орта пайда) соншалық көп болып, өнімнің рыноктық бағасы мен оның орта бағасының арасында айырма болмаған жағдайда сонымен қатар рента да болмайды, ал егер шкала бойынша барған сайын төмендей берсе, мұның өзі болмай қоймайды. Андерсон түп-тура былай дейді: мұндай рента құраудың алғы шарты — өндіріс жағдайлары бірдей қолайлы болмағанда өндірілген өнімдердің тең мөлшері үшін белгілі бір *бірдей рыноктық баға* болып табылады. Топырақтың біршама нашар сорттарына қарағанда ең жақсы сорттарынан алынатын үстеме пайда немесе пайданың артығы, «егер астықтың сол бір мөлшерінің өзі, ол қандай егістік жерден алынса да *бәрібір, сол бір бағамен* сатыла алса», — демек, егер жалпы рыноктық баға көзделсе, — қажетті түрде болады.

[514] Андерсон әсте де *құнарлылықтың әр түрлі дәрежесі* жай әншейін табиғат өнімі болып табылады деп санамайды, — жоғарыда келтірілген үзіндіге қарағанда осылай болып көрінуі мүмкін, — керісінше, оның пікірінше.

«топырақтың шексіз-шетсіз әр алуан» болуы ішінара мынадан: «бұл топырақтар өзі ұшыраған әр түрлі өңдеу әдістері арқылы, тыңайтқыштар арқылы өзінің бастапқы жағдайынан мүлде басқа жағдайға келтірілген» және т. т. («An Inquiry into the Causes that have hitherto retarded the Advancement of Agriculture in Europe», Edinburgh, 1779, 5-бет).

Бір жағынан, қоғамдық еңбек өнімділігінің дамуы жаңа жерлерді егістікке арнап тазартуды неғұрлым оңайлата түседі; алайда, екінші жағынан, жерді өңдеу топырақтар арасындағы айырмашылықты ұлғайтады, өйткені, егер біз *A* топырақтың құнарлылығынан енді бұл топырақ үшін, расында, табиғи болып отырған, ал бұрынырақта оған жасанды жолмен берілген құнарлылық үлесін шығарып тастасақ, өңделген *A* топырақ пен өңделмеген *B* топырақтың құнарлылығы бастапқыда бірдей болуы әбден мүмкін. Сөйтіп, топырақты өңдеудің өзі өңделген жер мен өңделмеген жердің арасындағы табиғи құнарлылықтағы айырмашылықты ұлғайтады.

Андерсон былай деп тиянақтап айтады: өнімнің орта бағасы мен рыноктық бағасы сәйкес келетін топырақ *ешқандай* рента төлей алмайды:

«Екі егістік танапты алайық, олардың өнімділігі шамамен жоғарыда келтірілген мысалға сәйкес болсын, атап айтқанда: бір танаптан шығынды өтейтін 12 бушель, ал екіншісінен 20 бушель алынады; егер олар *мелиорациялауға дереу* ешқандай шығын жұмсауды қажет етпесе, онда екінші танап үшін арендатор жер рентасын тіпті, мысалы, 6 бушельден де көбірек төлей алады, ал бірінші танап үшін ол ешқандай рента төлей алмайды. Егер 12 бушель тек өңдеу шығындарын өтеуге ғана жететін болса, онда тек 12 бушель ғана беретін өңделген жер үшін ешқандай рента төлене алмайды» («Essays relating to Agriculture and Rural Affairs», Edinburgh and London, 1775—1796, III том, 107—109-беттер).

Осыдан кейін іле-шала ол былай деп жалғастырады:

«Алайда арендатор өнімнің көбі *тікелей* өзі жасаған капитал шығынының *нәтижесінде* және өзінің күш-жігер жұмсауының арқасында алынған жағдайда рента ретінде өнімнің шамамен дәл сондай үлесін төлей алады деп күтуге болмайды. Бірақ егер белгілі бір уақыт ішінде жердің құнарлылығы үнемі сол жоғары деңгейінде қала берсе, онда арендатор топырақтың құнарлылығын бастапқыда өз күшімен арттырса да, ол жоғарыда көрсетілген мөлшерде рента төлеуге әзір тұрады» (бұл да сонда, 109—110-беттер).

Сонымен, ең жақсы өңделген жердің өнімі әр акрдан, мысалы, 20 бушельге тең болсын; оның 12 бушелі, ұйғарымымызға сәйкес, шығындарға (авансыланған капитал плюс орта пайда) төленеді. Мұндай жағдайда 8 бушель рента ретінде төлене алады. Әр бушель 5 шиллинг тұрады деп есептелік. Онда 8 бушель немесе 1 квартал 40 шиллинг немесе 2 ф. ст. тұрады, ал 20 бушель ( $2\frac{1}{2}$  квартал) 5 ф. ст. тұрады. Бұл 5 ф. стерлингтен, шығын ретінде, 12 бушель немесе 60 шиллинг, яғни 3 ф. ст. кетеді. Сонда рента төлеуге 2 ф. ст. немесе 8 бушель қалады. Шығын болып табылатын 3 ф. стерлингтеп,— пайда нормасы 10 процентке тең болғанда,— шығынның үлесіне  $54\frac{6}{11}$  шиллинг, ал пайданың үлесіне  $5\frac{5}{11}$  шиллинг тиеді ( $54\frac{6}{11} : 5\frac{5}{11} = 100 : 10$ ). Енді арендатор өңделмеген,— құнарлылығы 20 бушель беретін жердің бастапқы құнарлылығына тең,— жерде оны егіншілік мәдениетінің орта дәрежесіне сәйкес келетіндей жағдайға жеткізу үшін алуан түрлі жақсартулар жасауға тиіс деп ұйғарайық. Мұның өзі арендаторға  $54\frac{6}{11}$  шиллинг шығыннан басқа,— немесе, егер біз шығындарға сондай-ақ пайданы да қоссақ, 60 шиллингтен басқа,— тағы да қосымша  $36\frac{4}{11}$  шиллинг шығынға түссін; оған берілетін 10%  $3\frac{7}{11}$  шиллинг болады, сөйтіп арендатор барлық уақытта әр бушелін 5 шиллингтен 20 бушель сатып отыратын болса, ол тек 10 жылдан кейін ғана,— оның капиталы қайтадан қалпына келтірілгеннен кейін ғана,— рента төлеуді бастай алады. Осы кезеңнен бастап топырақтың жасанды жолмен жасалған құнарлылығы бастапқы құнарлылық деп есептелініп, оның тиімділігі лендлордтың қолына түсер еді.

Жаңадан өңделген топырақ бұрын игерілген топырақтың ең жақсысы бастапқыда қандай болса, сондай құнарлы болғанымен де, дегенмен жаңадан өңделген топырақтан алынатын өнімнің рыноктық бағасы мен орта бағасы енді сәйкес келеді, өйткені соңғыға жасанды жолмен жасалған құнарлылығы мен табиғи құнарлылығы белгілі бір дәрежеде сәйкес келетін ең жақсы топырақ үшін өтеліп те қойған шығын статьясы кіреді. Ал жаңадан өңделген топырақ құнарлылығының капитал жұмсау арқылы жасанды жолмен жасалған бөлегі топырақтың табиғи құнарлылығынан әлі де мейлінше өзгеше болады. Игеріліп те қойған топырақтың ең жақсысы сияқты, жаңадан өңделген топырақ та бас-

тапқыда дәл сондай құнарлы болғанымен, демек, *ешқандай рента төлей алмас* еді. Алайда он жыл өткен соң оның жалпы рента төлей алатыны былай тұрсын, ол тіпті топырақтың бұрынырақ *өңделген* ең жақсы разряды қанша төлесе, сонша рента төлей алар еді.

Сонымен, Андерсон бұл арада өз көзқарасымен мынадай екі құбылысты да қамтып отыр:

1) лендлорд алатын дифференциалдық рента ішінара арендатордың топыраққа жасанды жолмен берген құнарлылығының нәтижесі болып табылады;

2) осы жасанды жолмен жасалған құнарлылық белгілі бір мерзім өткеннен кейін сол топырақтың әуел бастағы өнімділігі ретінде көріне бастайды, өйткені топырақтың өзі өзгерді, ал осы өзгерісті жүзеге асыруға көмектескен процесс ғайып болып, байқалмай кетті.

[515] Егер мен бүгін мақта жіп иіру кәсібін ашып, бұған 100 000 ф. ст. жұмсам, онда менде өзімнің ізашарым бұдан он жыл бұрын ашқан жіп иіру орнына қарағанда неғұрлым өнімді орын болады. Мен қазіргі кезде машина жасауда, жалпы құрылыс ісінде және т. т. болып отырған өнімділік пен бұдан он жыл бұрын болған өнімділіктің арасындағы айырманы төлемеймін. Керісінше, бұл айырма менің өнімділігі нақ осындай фабрика үшін *аз сома* төлеуіме немесе өнімділігі жоғары фабрика үшін *нақ сондай соманың өзін* ғана төлеуіме мүмкіндік береді. Екіншілікте істің жайы басқаша. Топырақ құнарлылығының бастапқы дәрежелерінің арасындағы айырмашылық топырақтың табиғи құнарлылығы дейтін белегіне ұлғая түседі, ал бұл табиғи құнарлылық дейтінді шынына келгенде бір кездерде адамдар жасаған еді, енді ол жердің өзімен етене қосылып кетті және оны жердің бастапқы құнарлылығынан айыру мүмкін де емес. Табиғи құнарлылығы бірдей, өңделмеген топырақты құнарлылықтың осы *жоғарылатылған* дәрежесіне дейін көтеру үшін қажет болатын шығындар — ендігі жерде, қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерінің дамуы нәтижесінде өңделген топырақтың бастапқы құнарлылығын оның қазіргі, енді бастапқы болып көрініп отырған құнарлылығының деңгейіне көтеру үшін қажет болған шығындар емес; бірақ дегенмен де осы бірдей дәрежеге жету үшін қазір де аздықөпті шығындар жасау қажет. Сондықтан жаңа өнімнің орта бағасы бұрынғы өнімнің орта бағасынан артық болып шығады, ал рыноктық баға мен орта бағаның арасындағы айырма кемиді, тіпті мүлдем болмай қалуы да мүмкін. Бірақ жоғарыда келтірілген жағдайда жаңадан өңделген топырақтың құнарлылығы соншалық, 40 шиллинг қосымша шығын (пайданы қоса) жұмсалғаннан кейін ол 20 бушель емес, 28 бушель береді екен делік. Бұл жағдайда арендатор рентаны 8 бушель немесе 2 ф. ст. мөлшерінде төлей алар еді. Ал бұл неліктен? Себебі, жаңадан өңделген

топырақ ескісіне қарағанда 8 бушель көбірек береді, ендеше ол рыноктық баға бірдей болғанда, орта бағаның неғұрлым жоғары екеніне қарамастан, нақ ескі топырақтың беретініндей артық түсім береді. Жаңадан өңделген топырақтың құнарлылығына ешқандай қосымша шығын жұмсалмаған болса, оның құнарлылығы ескі топырақтың құнарлылығынан екі есе артық болар еді<sup>55</sup>. Қосымша шығын болатынын ескере келіп, ескі топырақтың құнарлылығы қандай болса, жаңа топырақтың құнарлылығы да дәл сондай деуге болады.

**[10] РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫН  
РОДБЕРТУСТЫҢ СЫНАУЫНЫҢ НЕГІЗСІЗДІГІ.  
РОДБЕРТУСТЫҢ КАПИТАЛИСТІК ЕГІНШІЛІК  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТҮСІНБЕУ]**

*Енді Родбертусқа біржола және соңғы рет қайтып оралайық.*

«Ол» (Родбертустың рента теориясы) «жалақының, рентаның барлық құбылыстарын және т. т. еңбек өнімі бөлінісінен шығарып... түсіндіреді; егер қосымша екі алғы шарт: еңбек өнімділігі жеткілікті болса және жер мен капиталға меншік болса, әлгіндей бөлініс болмай қоймайды. Мұның өзі мұндай бөліністің экономикалық мүмкіндігіне еңбек өнімділігінің жеткілікті болуы ғана себепші болатынын дәлелдейді, өйткені осы өнімділіктің арқасында өнім құнының зор нақтылы мазмұнға ие болатыны сонша — онымен өздері жұмыс істемейтін өзге адамдар да тіршілік ете алады; сондай-ақ ол мынаны да дәлелдейді: мұндай бөліністің праволық шындығына жер мен капиталға меншіктің болуы ғана себептеседі, сөйтіп жұмысшыларды өз өнімін жер мен капиталдың жұмыс істемейтін иелерімен бөлісуге, бөліскенде нақ олардың өздері, жұмысшылар, бұл өнімнен өздерінің тіршілік етуіне қанша қажет болса, сонша ғана алатындай қатынаста бөлісуге мәжбүр етеді» (Родбертус, цитат алынған шығарма, 156—157-беттер) [Орысша аудармасы, 337—338-беттер].

А. Смит мәселені екіжақты баяндап береді. [Бірінші баяндау:] *Еңбек өнімінің бөлінісі*, бұл орайда ол өнім белгілі өнім ретінде қарастырылады және әңгіме шын мәніне келгенде *тұтыну құнындағы үлес* жайында болады. Родбертус мырза да нақ осындай көзқарас ұстайды. Бұл көзқарас Рикардода да кездеседі және мұны оған мына себептен де көбірек кінә етіп тағу керек: ол *құнды жұмыс уақытымен анықтау* туралы жалпылама сөздермен шектелмейді, қайта бұл анықтаманы шынға балап қабылдайды. Көрсетілген көзқарасты, *mutatis mutandis* \*, қызметкерлер және объективті еңбек жағдайларын иеленетін адамдар әр түрлі таптарды құрайтын өндіріс әдістерінің бәріне азды-көпті қолдануға болады.

Керісінше, өзінің екінші баяндауында Смит капиталистік өндіріс әдісіне тән нәрсені байқайды. Сондықтан тек сол ғана теориялық тұрғыдан жемісті формула болып табылады. Ал атап айтқанда, Смит мұнда пайда мен рентаны *қосымша еңбектен* туатын нәрселер деп қарастырады, бұл қосымша еңбекті жұмысшы-

\* — тиісті өзгерістермен. *Ред.*



лар еңбек затына жұмысшының өзі өзінің жалақысын ұдайы өндіріп қана отыратын еңбегінің бөлегіне үстемелеп қосады. Өндіріс тек қана айырбас құнына келіп тірелетін жерде бұл көзқарас бірден-бір дұрыс көзқарас болып табылады. Мұнда даму процесін түсінудің негізі қаланған, ал бірінші баяндауда жұмыс уақыты өзгермейді деп жорамалданады.

Рикардоның сыңаржақтылығы сонымен қатар төмендегіден де туады: жалпы алғанда ол әр түрлі экономикалық категориялар немесе қатынастар *құн теориясына қайшы келмейді* деп дәлелдегісі келеді, оның орнына ол, керісінше, осы негізден олардың бүкіл қайшылық болып көрінгендерімен қоса *дамуын* қадағалауы немесе осы негіздің өз дамуын ашып көрсетуі керек еді.

[516] «Өзіңізге \* мәлім болып отырғанындай, А. Смиттің заманынан бастап-ақ барлық экономистер өнім құнының жалақыға, жер рентасына және капиталдың пайдасына бөлініп кететінін мойындап жүр; демек, әр түрлі таптардың табыстары және, әсіресе, рентаның бөліктері өнімнің бөлінісіне негізделген деген идея жаңалық емес» (не айтатыны бар, жаңалық емес). «Бірақ экономистердің бәрі табан астында-ақ дұрыс жолдан таяды. Бәрі де, — тіпті Рикардо мектебін де қоса алғанда, — ең алдымен мына қатөге ұрынады: *бүкіл өнімді, әбден дайын болған игілікті, бүкіл ұлттық өнімді* тұтас бір нәрсе, жұмысшылардың, жер иелері мен капиталистердің өз үлестері бар нәрсе деп қарастырмайды: олар *шикі өнімнің бөлінісін үш қатысушы* өз үлестерін алатын ерекше бөлініс деп, ал өнеркәсіп өнімінің бөлінісін *екі* қатысушы ғана өз үлестерін алатын тағы бір ерекше бөлініс деп қарастырады. Сонымен, бұл системалар енді шикі өнімнің өзін бір бөлек және өнеркәсіп өнімінің өзін бір бөлек алады да, олардың әрқайсысын жеке-жеке табыс құрайтын әлдебір ерекше игілік деп қарастырады» (162-бет) [Орысша аудармасы, 342-бет].

Ең алдымен, «*бүкіл өнім құнын жалақыға, жер рентасына және капиталдың пайдасына*» ыдыратып жіберуі және осылайша бұл да құнның бір бөлігін құрайтын тұрақты капиталды ұмытуы арқылы А. Смиттің өзі Рикардоны, сондай-ақ Родбертус мырзаны қоса, ең кейінгі экономистердің *бәрін*, шынында да, «*дұрыс жолдан*» тайдырды. Осы [еңбектің жиынтық өнімі мен жаңадан қосылған еңбек өнімінің арасын] ажыратудың болмауы мәселені ғылыми баяндау атаулының бәрін тұп-тура мүмкін етпей тастады, бұл менің осы проблемаға жасаған талдауымда дәлелденеді \*\*. Бұл жөнінен физиократтар ақиқатқа бір табан жақын болды. Олар «бастапқы және жыл сайынғы аванстарды» жылдық өнім құнының бір бөлігі немесе жылдық өнімнің өзінің бір бөлігі, бұл бөліктер ұлт үшін де, жекелеген адам үшін де қайтадан жалақыға, пайдаға немесе рентаға ыдырап кетпейді деп бөліп көрсетті. Физиократтардың түсінуінше, селолық қожайындар өнімсіз тапқа олардың аванстарын шикізат түрінде өтейді (бұл шикізатты машинаға айналдыру «өнімсіздердің» өз үлесіне тиеді), ал екін-

\* — фон Кирхманға. Ред.

\*\* Қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 67—120-беттер. Ред.

ші жағынан, село қожайындары өз аванстарының бір бөлегін (тұқым, асыл тұқымды және жұмыс малы, тыңайтқыштар және т. т.) өздеріне өздері өз өнімдерінен өтейді, ал екінші бөлегін (машиналар және т. т.) олар «өнімсіздерден» оны шикізатқа айырбастап алып өтейді.

Екіншіден, Родбертус мырза *құн бөлінісі* мен *өнім бөлінісін* бірдей деп санағанында қателеседі. «*Табыс құрайтын игіліктің*» өнім *құнының* бұл бөлінісіне тікелей ешбір қатынасы жоқ. Экономистер де құнның, мысалға алсақ, жіп иірушілерге тиетін және белгілі бір мөлшердегі алтыннан көрінетін бөлегінің алуан түрлі — егіншілік немесе өнеркәсіп — өнімдерінде *нақтыланатынын*, Родбертустың білгеніндей, жақсы біледі. Мұның өзі *алдын ала осылай ұйғарылады*, өйткені бұл өндірушілер өздері тікелей тұтынатын өнімді емес, *товар* өндіреді. Бөліске түсетін құн, яғни құнның жалпы алғанда табысқа саятып құрамдас бөлігі өзге өндіріс салаларына тәуелсіз, — әрбір өндіріс саласы, еңбек бөлінісінің нәтижесінде, өзге салаларды қажет ете тұрса да, — әрбір жеке саланың ішінде жасалады, сондықтан Родбертус құнның осы таза күйінде жасалуын қарастырудың орнына: құнның осы құрамдас бөліктері өз иелерін ұлттың жиынтық өнімінде болатын қандай үлесімен қамтамасыз етеді? — деген сұрақ қойып, мәселені о бастан-ақ шатастырған кезінде, ол бір адым кейін шегініп, шатасушылық туғызады. Родбертустың *өнім құнын* бөлуге айналып кетеді. Ол осы шатасушылықты басқа экономистерге тықпалайды, сондықтан ол ұсынып отырған түзетулерді енгізу қажет болады, ал мұның өзі өнеркәсіп өнімдері мен шикі өнімдерді en bloc \* алып қарастыруды талап етеді, яғни құнның жасалуына ортақ ештеңесі жоқ және, олай болса, бұл орайда құнның қалай жасалатынын түсіндіру міндеті қойылса, дұрыс болмайтын қарастыру әдісін талап етеді.

Өнеркәсіп өнімінің *құнында*, оның өзі табысқа сайылатындықтан және өнеркәсіпші, құрылыс салуға алынған жер үшін болса да, құлама су және т. т. үшін болса да, — жер рентасын төлемейтіндіктен тек *капиталист пен жалдама жұмысшының* ғана үлесі болады. *Егіншілік өнімінің құнында* көбінесе үш адамның үлесі болады. Мұны Родбертус мырза да мойындайды. Оның бұл құбылысқа беретін түсіндірмесі фактінің өзінде ештеңені де өзгертпейді. Ал егер өзге экономистер, әсіресе Рикардо, *екі бөлікке* — капиталист пен жалдама жұмысшының арасында — бөлуге сүйеніп, жер рентасын алушыны, ерекше түрдегі ұра ретінде, тек кейінірек енгізетін болса, мұның өзі капиталистік өндірістің мәніне әбден сай келеді. Затқа айналдырылған еңбек пен нақты еңбек — капиталистік өндіріс, міне, осы екі [517] факторды қарама-қарсы қоюға негізделеді. Капиталист пен жалдама жұмысшы — өндіріс

\* — бірге, тұтас. *Ред.*

функцияларын бірден-бір жүргізушілер және оның агенттері болып табылады, ал бұл агенттердің арасындағы өзара қатынас пен қарама-қарсылық капиталистік өндіріс әдісінің мәнінен туып отырады.

Капиталист, өз кезегінде, өзі иемденген қосымша еңбектің немесе қосымша құнның бір бөлегін жұмыс істемейтін үшінші бір адамдармен бөлісуге мәжбүр болатын жағдай екінші сатыда ғана пайда болады. Дәл сол сияқты, — өнім құнының жалақы ретінде төленетін бөлегі және құнның тұрақты капиталға тең бөлегі шегеріліп тасталғаннан кейін, *бүкіл қосымша құнның жұмысшының қолынан тұп-тура капиталистің қолына* көшуі де өндіріс фактісі болып табылады. Жұмысшыға қатынасы жөнінен алғанда капиталист, — бүкіл қосымша құнның *тікелей* иесі, кейіннен ол қарызға ақша берген капиталиспен, жер меншікшісімен және т. б. қосымша құнды қалай бөліссе де бәрібір. Егер жер рентасын алушы жойылып, оның орнын мемлекет басса, өндіріс, Джемс Милльдің ескерткеніндей<sup>56</sup>, сондықтан да үздіксіз жалғаса алар еді. Ол — жердің жеке меншікшісі — әсте де капиталистік өндіріс әдісі үшін қажетті өндіріс агенті емес, дегенмен капиталистік өндіріс әдісі үшін жердің біреудің меншігі болғаны қажет — тек жұмысшының меншігінде болмаса болғаны; олай болса, мысалы, мемлекеттің меншігі болғаны қажет. Тікелей өндіріске қатысатын, демек, өндірілген құнды (ендеше, осы құн нақтыландырылатын өнімді де) бөлісуге тікелей қатысушылар да болып табылатын таптардың, — міне, бұл таптардың сайып келгенде *капиталистер мен жалдама жұмысшылар* болатындығы және мұнда тек *post festum*\*, капиталистік өндіріс әдісінен *өсіп шықпай*, өзіне *мұраға қалған* табиғат күштері меншіктену қатынастары нәтижесінде пайда болатын *жер меншікшісінің болмайтындығы*, — феодалдық, көне және т. с. өндіріс әдістерінен өзгеше, — *капиталистік өндіріс әдісінің* өз мәнінен туады. Бұлайша [өндіріске тікелей қатысушыларды екі тапқа] әкеліп саю Рикардоның және басқалардың әсте де қатесі болып табылмайды, қайта, керісінше, ол капиталистік өндіріс әдісінің дәлме-дәл теориялық бейнесі болып табылады, оны *differentia specifica*\*\* бейнелейді. Мұны түсіну үшін Родбертус мырза әлі де мейлінше ескі пруссиялық үлгідегі «помещик». Капиталист егіншілікті иеленіп, барлық жерде, көбінесе Англияда орын алып отырғандай, *жер меншікшісін* өндіріс процесіне тікелей қатысудың қандайынан болса да *шеттетіп*, — нақ өнеркәсіптегі сияқты, — егіншіліктің басшысына айналған кезде ғана мұның бәрі түсінікті болып, өзінен өзі айқын көрінеді. Сонымен, Родбертус мырзаның бұл арада «дұрыс жолдан таю» деп санап отырған нәрсесі — оның өзі түсінбеген дұ-

\* — мейрамнан кейін, яғни оқиға өтіп кеткеннен кейін; кешігіп. *Ред.*

\*\* — өзіндік ерекшелігін. *Ред.*

рыс жол ғана; мәселенің бәрі мынада: Родбертус капитализмге дейінгі өндіріс әдісінен туатын көзқарастардың шырмауынан әлі де болса шыға алмай отыр.

«Ол да» (Рикардо) «*дайын* өнімді бөліске қатысушылар арасында бөлмейді, қайта өзге экономистер сияқты, екі өнімнің екеуін де — ауыл шаруашылық өнімін де, өнеркәсіп өнімін де — ерекше бірдене, бөлуге жататын өнім деп қарастырады» (цитат алынған шығарма, 167-бет) [Орысша аудармасы, 346-бет].

Родбертус мырза, бұл арада Рикардо өнімді емес, өнімнің құнын қарастырып отыр және мұнысы әбден дұрыс. Сіздің «дайын» өніміңіз бен оны бөлудің бұл құнды бөлумен ешбір ортақтығы жоқ.

«Капиталды меншіктену ол үшін» (Рикардо үшін) «белгілі бірдеңе және оның үстіне тағы да жер меншігінен гөрі бұрыннан белгілі бірдеңе... Сонымен, ол негіздерден бастамайды, қайта өнімді бөлу фактісінен бастайды, сондықтан оның теориясы өнімді бөлу қатынасын анықтайтын және оның түрін өзгертетін себептерді қарастырумен шектеледі... Өнімнің тек қана жалақыға және капиталға келетін пайдаға бөлінуін ол бастапқы нәрсе және бастапқы бірдеп-бір нәрсе деп қарастырады» (167-бет) [Орысша аудармасы, 346-бет].

Мұны Сіз, Родбертус мырза, тағы да түсінбей отырсыз. Капиталистік өндіріс тұрғысынан алғанда *капиталды меншіктену* шынында да «бастапқы» нәрсе ретінде көрінеді, өйткені мұның өзі меншіктің капиталистік өндіріске негіз болып табылатын және осы өндіріс системасында өндірістің агенті, оның функцияларын атқарушы ретінде көрінетін түрі, жер меншігі қатынасында бұл болмайды. Соңғы меншік бұл арада жасанды бірдеңе болып шығады, өйткені қазіргі жер меншігі, іс жүзінде *феодалдық* болғандықтан, өзіне капиталдың ықпал жасауынан түрін өзгертті; демек, оған қазіргі жер меншігі ретінде тәп болып отырған формада ол жасанды нәрсе, капиталистік өндіріс әдісінің нәтижесі болып табылады. Осы фактінің қандай екенін және оның қазіргі қоғамда қалай көрінетінін Рикардоның сонымен қатар *тарихи* жағынан бастапқы бірдеңе деп қарастыратын жағдайы (ал Родбертус мырза, Сіз болсаңыз осы замандағы форманы зерттеудің орнына, помещик естеліктерінің шырмауынан шыға алмай отырсыз) буржуазиялық экономистер буржуазиялық қоғамның барлық экономикалық заңдарын, өздеріне «табиғат заңдары» сияқты, сондықтан да тарихи *rigus* \* сияқты болып көрінетін заңдарды қарастырғанда ұрынатын адасу көріністерінің бірі болып табылады.

[518] Бірақ әңгіме өнім құны туралы емес, өнімнің өзі туралы болатын жерде Рикардо бүкіл «дайын» өнімнің бөлінуін айтып отыр, — мұны Родбертус мырза оның алғы сөзінің алғашқы сөйлемінің өзінен-ақ көре алатын еді:

\* — бастапқы, алдыңғы. *Ред.*

«Жердің өнімі,— оның бетінен еңбекті, машиналар мен капиталды қосып жұмсау жолымен алынатындардың бәрі,— қоғамның үш табының, атап айтқанда, жер меншікшісінің, жерді өңдеуге қажетті қор немесе капитал иесінің және жерді еңбегімен өңдейтін жұмысшылардың арасында бөлінеді» («Principles of Political Economy», алғы сөз, 3-басылуы, Лондон, 1821) [Орысша аудармасы, I том, 30-бет].

Осыдан кейін Рикардо тікелей былай деп жалғастырады:

«Бірақ қоғам дамуының әр түрлі сатыларында жердің бүкіл өнімінің бұл таптардың әрқайсысына рента, пайда және жалақы деген атпен тиетін үлестері мейлінше әр түрлі болады» (бұл да сонда).

Бұл арада өнеркәсіп өнімінің немесе шикі өнімнің бөлінуі емес, «бүкіл өнімнің» бөлінуі айтылып отыр. Бірақ «бүкіл өнімнің» бұл үлестері, егер бұл «бүкіл өнім» белгілі деп ұйғарылса, әрбір өндіріс саласының ішінде бөліске қатысушылардың әрқайсысының өз өнімінің «құнында» болатын үлестерімен ғана анықталады. Бұл «құн» «бүкіл өнімнің» тиісінше белгілі бір үлесіне айналуға қабілетті және онда бейнелене алады. Бұл арада Рикардо, А. Смиттің айтқанына еріп, «бүкіл өнімнің» бір бөлігі капитал түрінде әлгі үш таптың біреуіне немесе бірнешеуіне «тиетін» болғандықтан, рентаға, пайдаға және жалақыға бөлініп кететін «бүкіл өнім» емес екендігін ұмытқанда ғана қателеседі.

«Бәлкім, Сіздің: *бастапқыда* капиталға келетін пайда теңдігі заңының жер рентасы жойылып кетпей тұрғанда, шикі өнімдердің бағасын төмендетуге тиіс екендігі, ал содан соң, бағаның артуы салдарынан, бұл жер рентасының неғұрлым құнарлы топырақ пен құнарлылығы кемірек топырақтың арасындағы шығымдылықтың айырмашылығынан қайтадан пайда болуға тиіс екендігі сияқты,— дәл сол сияқты *қазіргі уақытта* капиталға келетін әдеттегі пайданың үстінен жер рентасын алудың тиімділігі капиталистерді жаңа жерлерді егістікке арнап тазартуға және ескі жерлерді жақсартуға капитал жұмсауға итермелеуге тиіс, мұның өзі рыноктарды осылайша толтырып жіберу бағаны қайтадан төмендетіп жібермей тұрғанда, төмендеткенде капиталды мейлінше тиімсіз түрде жұмсағанда жер рентасының жойылып кететініндей дәрежеде төмендетпей тұрғанда сол кезге дейін итермелеуге тиіс,— деп пайымдағыңыз келетін болар. *Басқа сөздермен айтқанда, мұның өзі капиталға келетін пайда теңдігінің заңы шикі өнімге арналған басқа бір заңды,— өнімнің құны шығындалған еңбек арқылы анықталады дейтін заңды жояды деп дәлелдеумен бірдей болар еді*, ал нақ Рикардо өз еңбегінің бірінші тарауында бірінші заңды екінші заңға дәлел ретінде пайдаланады» (Родбертус, цитат алынған шығарма, 174-бет) [Орысша аудармасы, 351—352-беттер].

Әрине, Родбертус мырза, «*капиталға келетін пайда теңдігінің*» заңы өнім «*құны*» «жұмсалған еңбекпен» анықталады дейтін заңды жоймайды; бірақ ол Рикардоның өнімдердің *орта бағасы* олардың «*құнына*» тең деген алғы шартын шынында да жояды. Алайда айналып келгенде мәселе «шикі өнімнің» құны орта бағаға де-

йін төмендейтіндігінде емес. Бұған нақ *жерісінше*: «шикі өнім» — жер меншігі болуының салдарынан — оның құнының орта бағаға дейін *төмендемейтін* артықшылығымен ерекше. Егер оның құны шынында да товарлардың орта бағасымен бір деңгейге дейін төмендесе, — ал мұның өзі онда Сіз «материалдың құны» деп атайтын нәрсенің бар екендігіне қарамастан болуы ықтимал болар еді, — онда жер рентасы жойылар еді. Топырақтың енді ешқандай жер рентасын бермеуі мүмкін сорттарының мұндай жағдайға душар болатын себебі — шикі өнімдердің *рыноктық бағасы* топырақтың осы сорттары өнімдерінің өзінің *орта бағасына* тең болады, сөйтіп олар — топырақтың неғұрлым құнарлы сорттарының бәсекесі салдарынан — өз өнімін *оның «құны»* бойынша сату артықшылығынан *айрылады*.

«Жалпы алғанда жұрт егіншілікке көшкен *кезге дейін* де пайда алатын және өз капиталын пайда теңдігінің заңына сәйкес жұмсайтын капиталистердің болуы мүмкін бе?» (Қандай ақымақтық!) «...Мен былай дер едім: егер қазіргі уақытта цивилизациялы елдерден жаңа, қаймағы бұзылмаған елге экспедиция жібермекші болып жатса, оның үстіне экспедицияға қатысушылардың неғұрлым байлары қазірдің өзінде ескіріп қалған мәдениеттің застары мен құралдары — капиталмен жабдықталған, ал неғұрлым кедейлері неғұрлым байларға қызмет еткені үшін олардан жоғары жалақы алу үмітімен қосылатын болса, — онда бұл жағдайда капиталистер жұмысшыларға төленген ақыны шығарып тастағаннан кейін ауысып қалғанын өзінің пайдасы деп санайды, өйткені олардың метрополиядан өздерімен бірге әкелгендері баяғыдан бері бар нәрселер мен ұғымдар» (174—175-беттер) [Орысша аудармасы, 352-бет].

Нақ солай, Родбертус мырза! Рикардоның бүкіл концепциясының капиталистік өндіріс әдісі үстем болып табылады деген алғы шартта ғана мағынасы болады. Рикардо бұл *алғы шартты* қандай формада білдіреді, ол бұл орайда тарих саласында *hysteron proteron* \* жасай ма, жоқ па, — істің мәні үшін мұның бәрібір. Мұндай алғы шарт жасау қажет; ендеше, Сіздің істейтініңіздей, бұл арада капиталистік бухгалтерияны білмейтін, сондықтан да тұқымды және т. т. авансыланған капиталға қоспайтын шаруалар шаруашылығын енгізуге болмайды! «Мағынасыздыққа» Рикардо емес, капиталистер мен жұмысшылар «топырақ өңделгенге *дейін*» болады деген көзқарасты Рикардо айтқан дейтін Родбертус кінәлы (176--бет) [Орысша аудармасы, 353-бет].

«Қоғамда капитал пайда болған... кезде, капитал белгілі болып, оған пайда төлене бастаған кезде, Рикардоның көзқарасынша, тек сол кезде ғана, топырақ өңделе бастаған» (178-бет) [Орысша аудармасы, 354-бет].

Қандай сандырақ! Капиталист арендатор ретінде егінші мен жер меншікшісінің арасына қыстырылған кезде ғана, — мұның

\* — келесіні және ең кейінгіні (*hysteron*) бастапқы және мұның алдындағы (*proteron*) деп қабылдағанда болатын қате; шын мәніндегі дәйектілікті бұрмалау. *Ред.*

өзі бұрынғы меншікшінің алаяқтық жолмен капиталистік арендаторға айналуы арқылы бола ма, әлде өнеркәсіпшінің өз капиталын өнеркәсіпке емес, егіншілікке жұмсауы арқылы бола ма,— тек сол кезде ғана, әрине, жалпы «топырақты өңдеу» емес, оны «капиталистік жолмен» өңдеу, формасы мен мазмұны жағынан егіншіліктің бұрынғы формаларынан өте-мөте ерекше болатын өңдеу басталады.

«Әрбір елде жердің көпшілік бөлегі ол өңделместен көп бұрын-ақ,— қалай дегенмен, өнеркәсіпте капиталға келетін пайда мөлшері қалыптаспастан көп бұрын жеке меншікке айналды» (179-бет) [Орысша аудармасы, 355-бет].

Бұл мәселеде Рикардоның концепциясын түсінуі үшін Родбертустың помераниялық помещик емес, ағылшын болуы және қауымдық жерлер мен бос алаңдардың қоршалу тарихын білуі керек еді. Родбертус мырза Американы мысалға келтіреді. Онда мемлекет жерді:

«жекелеген учаскелер етіп, қоныстанушыларға, рас, болмашы бағаға сатады, алайда, бұл баға қалай дегенмен де енді жер рентасы болуға тиіс» (179—180-беттер) [Орысша аудармасы, 356-бет].

Әсте олай емес. Айтайық, жалпыға бірдей кәсіп салығының *кәсіп рентасын* немесе тегі қайсыбір салықтың қандай болса да «рента» құрай алмайтыны сияқты, бұл баға да жер рентасын құрамайды.

«Рентаның артуының *b* пунктінде келтірілген себебі» {халық саны өсуінің немесе қолданылған еңбек мөлшерінің көбеюінің салдарынан}, «менің пікірімше, жер рентасының капиталға келетін пайдадан артықшылығы болып табылады. Бұл себеп капиталға келетін пайданы *ешқашан да* арттыра алмайды. Рас, *өнімділік бірдей* болып, бірақ өндіргіш күш [саны жағынан] өскен жағдайда (халық саны өскен жағдайда) бүкіл ұлттық өнім құнының артуы нәтижесінде ұлт капиталға пайданы *көбірек* алады, бірақ капиталға келетін осы *арта түскен* пайда әрқашан да дәл осындай *пропорцияда арта түскен* капиталға келеді; демек, пайда мөлшері бұрынғы деңгейінде қалады» (184—185-беттер) [Орысша аудармасы, 359—360-беттер].

Бұл дұрыс емес. Ақысы төленбеген, қосымша еңбектің мөлшері, мәселен, қосымша жұмыс уақыты 2 сағаттың орнына 3, 4, 5 сағат болғанда артады. Осы *ақы төленбеген*, қосымша еңбек массасының көбеюіне байланысты авансыланған капиталдың массасы [нақ сол пропорцияда] артпайды, мұның себебі, біріншіден, қосымша еңбектің осы жаңа артығына ақы *төленбейді*, яғни ешқандай капитал шығынын туғызбайды; мұның себебі, екіншіден, негізгі капитал шығындары мұнда оны пайдаланудың артатынындай пропорцияда өспейді. Ұршықтардың және т. т. саны көбеймейді. Әрине, ұршықтар тезірек тозады, алайда бұл оларды пайдаланудың *көбеюіне* пропорциялы болмайды. Демек, өнімді-

лік бірдей болғанда мұнда пайда көбейеді, өйткені қосымша құн ғана емес, сонымен қатар *қосымша құн нормасы* да өсіп отыр. Екіншілікте табиғи жағдайлардың әсерінен бұл мүмкін емес. Екінші жағынан, жұмсалған капиталдың көбеюіне байланысты *өнімділік* тез өзгереді. Жұмсалған капитал абсолютті түрде көп болса да, өндіріс жағдайларындағы үнемнің нәтижесінде, — тіпті еңбек бөлінісі туралы және машиналар туралы айтпағанның өзінде, — ол относителді түрде онша көп болмайды. Сонымен, тіпті қосымша құн (*оның нормасы* ғана емес) сол күйінде қалған күнде де, *пайда нормасы* арта алар еді.

[520] Родбертустың төмендегі пайымдауы мүлде теріс және помераниялық-помещиктік пайымдау болып табылады:

«Мүмкін, осы отыз жыл ішінде» (1800 жылдан 1830 жылға дейін) «парцелланудың немесе тіпті *жаңа жерлерді жыртудың* арқасында *көптеген жаңа иеліктер* пайда болған шығар және көбейе түскен жер рентасы, осылайша, көбірек иеленушілер арасында бөлінетін болған шығар, бірақ *1830 жылы ол 1800 жылғыдан көп моргендерге бөлінген жоқ; жаңадан бөлінген немесе өңдеуге жаңадан енгізілген осы жаңа жер учаскелерінің бүкіл көлемі бұрын ертеден келе жатқан жер учаскелеріне енді, сөйтіп, 1830 жылғы көп рента сияқты, 1800 жылғы аз жер рентасы да солардың арасында бөлінді және дәл сол сияқты жалпы ағылшын жер рентасының жоғарылығына өз ықпалын жасады*» (186-бет).

Аса қадірлі помераниялық! Өзіңіздің пруссиялық қатынастарды Англияға мұншалық сенімділікпен оқтын-оқтын көшірудің керегі не? Егер, мұның іс жүзінде болғанындай (мұны тексеру керек), 1800 жылдан 1830 жылға дейін 3 миллионнан 4 миллион акрға дейін жер «қоршалған» болса<sup>57</sup>, онда ағылшын рентаны 1830 жылға дейін де, 1800 жылы да осы 4 миллион акрға бөлінді деп ешбір есептемейді. Бұл 4 миллион акр, керісінше, ешқандай рента бермеген және ешкімнің иелігінде болмаған, өңделмеген немесе қауымдық жер болатын.

Кәрі сияқты (бірақ басқа сарында) Родбертус та Рикардоға «ең құнарлы» топырақ көбінесе, физикалық және басқа себептерге байланысты, бірінші кезекте өңделмеді деп дәлелдеуге тырысағын болса, мұның Рикардоға ешқандай қатынасы жоқ. «Ең құнарлы» топырақ дегеніміз белгілі бір өндіріс жағдайларында әрқашан да «мейлінше құнарлы» топырақ.

Родбертустың Рикардоға қарсы қоятын пікірлерінің барынша едәуір бөлегі Родбертустың «помераниялық» және «ағылшын» өндірістік қатынастарын аңғалдықпен бірдей деп санайтындығынан туады. Рикардо капиталистік арендатор жер меншікшісінен бөлініп шығатын — оның, Англиядағы сияқты, дамыған түрде бар жеріндегі — капиталистік өндірісті айтады. Ал Родбертус болса капиталистік өндіріс әдісіне өздігінен алғанда жат болатын қатынастарды және капиталистік өндіріс әдісі өзіне тек қана қондырма болып табылатын қатынастарды алады. Мысалы, Род-



бертус мырзаның шаруашылық комплекстеріндегі шаруашылық орталықтарының жағдайы туралы айтатындары Померанияға әбден сай келеді, бірақ Англияға сай келмейді; Англияда XVI ғасырдың соңғы үштен бірінде барған сайын неғұрлым күшіне енген капиталистік өндіріс әдісі бар жағдайдың бәрін өзіне сіңістіріп жіберді және әр түрлі кезеңдерде капиталды «мейлінше өнімді» жұмсауды қамтамасыз ету үшін тарих жасаған алғы шарттарды — деревняларды, құрылыстарды және адамдарды — бірінен кейін бірін, түп негізіне дейін тазартты.

Сондай-ақ Родбертустың «капиталдың жұмсалуды» туралы айтатыны да дұрыс емес:

«Рикардо жер рентасын топырақтың *бастапқы, табиғи және бұзылмайтын күшін* пайдаланғаны үшін жер иесіне төленетін сомамен шектейді. Осынысы арқылы ол өңдеуге енгізіліп қойған жер учаскелерінде капиталдың есебіне жатқызылуға тиісті нәрселердің бәрін жер рентасынан шығарып тастайды. Алайда жер учаскесінен алынған табыстан Рикардоның капиталдың үлесіне түгелдей *елдегі дағдылы процент болып табылатыннан* артық мөлшерді жатқызуға хақысы жоқ екендігі айқын. Өйткені, олай болмаған жағдайда, ол елдің экономикалық дамуында пайданың әр түрлі екі мөлшері — оперкөсіпте үстем болып отырған пайдаға қарағанда көбірек пайда түсіретін ауыл шаруашылық мөлшері және оперкөсіпте болатын мөлшері бар деуге тиіс еді, алайда, бұлай деу оның нақ пайда мөлшерінің теңдігіне негізделген бүкіл системасын тас-талқан етер еді» (215—216-беттер) [Орысша аудармасы, 371—372-беттер].

Түптеп келгенде бұл да өзінің жер меншігін неғұрлым табысты ету үшін қарызға капитал алып, сондықтан да қарыз берушіге, теориялық және практикалық пікірлермен, тек «елдегі дағдылы процентті» ғана төлегісі келетін помераниялық помещиктің түсінігі. Алайда Англияда мәселе басқаша. Онда топырақты жақсартуға кететін капиталды арендатор, капиталистік фермер шығарады. Арендатор өзі тікелей өндіріске енгізетін капиталдың дәл өзі сияқты, әлгі капиталдың да *елдегі дағдылы пайданы* беруін талап етеді. Ол помещик «елдегі дағдылы» процентпен төлеуге тиіс болатын капиталды помещикке қарызға бермейді. Оның өзі қарызға капитал алуы немесе өзінің жеке меншік қосымша капиталын ол капиталы өзіне «елдегі дағдылы» пайда нормасын, оперкөсіп капиталисі алатын және елдегі дағдылы процентпен кем дегенде екі есе асып түсетін пайданы беруі үшін қолдануы мүмкін.

Бұған қоса Рикардо Андерсонның білгенін де біледі. Ол былай тұрсын: Рикардо топырақтың осылайша капиталдың арқасында жасалған өндіргіш күші кейін оның «табиғи» өндіргіш күшімен қосылып кетеді, сондықтан рентаны арттырады [521] деп тиянақтап айтады. Родбертус бұл жөнінде ештеңе білмейді де, сондықтан аузына келгенді сандырақтайды.

Мен қазіргі жер меншігіне әбден дұрыс анықтама берген де болатынымын:

«Рикардо айтатын мағынада алғанда, рента — буржуазиялық жағдайдағы жер меншігі, яғни буржуазиялық өндіріс жағдайларына бағынған феодалдық меншік» («Misere de la Philosophie», Paris, 1847, 156-бет)<sup>58</sup>

Соның өзінде-ақ мен дұрыс ескертпе жасағанмын:

«Буржуазиялық өндірісті рентадың болуының қажетті шарты ретінде ұйғара отырып, Рикардо солай бола тұрса да рента туралы өз ұғымын барлық уақыттардағы және барлық халықтардың жер меншігіне қолданады. Мұның өзі буржуазиялық өндіріс қатынастарын мәңгілік категория деп ұсынатын барлық экономистерге ортақ адасу» (бұл да сонда, 160-бет)<sup>59</sup>.

Сондай-ақ мен басқа да барлық капиталдар сияқты, «жер-капитал» да көбейе алады деп дұрыс ескертпе жасағанмын:

«Басқа да барлық өндіріс құралдарының мөлшері сияқты, жер-капитал мөлшері де *көбейе* алады. Прудон мырзаның сөздерін қолданғанда, біз оның материясына ештеңе қоспаймыз, бірақ *өндіріс құралы болатын жер мөлшерін арттырамыз*. Қазірдің өзінде-ақ өндіріс құрал-жабдықтарына айналған жер учаскелеріне жаңадан капитал жұмсаудың бір өзі арқылы ғана адамдар жер-материяны, яғни жер кеңістігін арттырмай-ақ, жер-капиталды көбейтеді» (бұл да сонда, 165-бет)<sup>60</sup>.

Өнеркәсіп пен егіншілік арасындағы мен сол кезде атап көрсеткен айырмашылық әлі де дұрыс болып қала береді:

«Ең алдымен, өнеркәсіп өндірісіндегі сияқты, мұнда *өнімділігі бірдей дәрежедегі өндіріс құралдарының мөлшерін*, яғни құнарлылығы бірдей дәрежедегі жер мөлшерін *қалағанынша көбейтуге* болмайды. Содан соң халық санының бірте-бірте өсуі мұнда сапасы неғұрлым нашар жерлерді пайдалануға немесе бұрынғы учаскелерге, бастапқы жұмсалған капиталға қарағанда, тиісінше өнімділігі аз жаңа капитал жұмсауға әкеліп соғады» (бұл да сонда, 157-бет)<sup>61</sup>.

*Родбертус* былай дейді:

«Бірақ мен тағы да басқа бір жағдайға: ауыл шаруашылығының нашар машиналарынан, рас, әлдеқайда біртіндеп, бірақ оның есесіне әлдеқайда жиі жақсы машиналар жасайтын жағдайға назар аударуға тиістімін<sup>62</sup>. Бұл — жер учаскесін *үздіксіз баптау*, ұтымды түрде жүргізілетін болса ғана, осының өзі-ақ жерді ең аз мөлшерде болса да төтенше капитал жұмсамай-ақ жақсартады». (222-бет) [Орысша аудармасы, 376-бет].

Мұны Андерсон айтып кеткен болатын. Баптау жерді жақсартады.

[Одан әрі Родбертус былай дейді:]

«Сіз мынаны дәлелдеуге тиіс едіңіз: егіншілікпен айналысқан еңбекші халық біраз уақыт өткеннен кейін тамақ өнімдерін өндіруге қарағанда немесе ең болмағанда елдің халқының қалған бөлігіне қарағанда артық пропорцияда көбейді. Тек осының өзінен ғана мынадай бұлжымас қорытынды жасауға болар еді: ауыл шаруашылық өндірісінің артуына байланысты оған еңбекті барған сайын көбірек жұмсауға тура келді. Бірақ нақ осы жөнінде Сізге статистика қарсы шығып отыр» (274-бет) [Орысша аудармасы, 416—417-беттер]. «Иә, Сіз тіпті барлық жерде мынадай жағдайдың үстем болып отырғанына көз жеткізе аласыз: елдің халқы неғұрлым тығыз бола түскен сайын адамдар егіншілікпен соғұрлым аз пропорцияда шұғылданады... Мұндай құбылыс белгілі бір елдің халқы көбейген жағдайда да байқалады; халықтың егіншілікпен *шұғылданбайтын* бөлегі барлық жерде дерлік көп пропорцияда өсіп отыратын болады» (275-бет) [Орысша аудармасы, 417-бет].

Бірақ мұның бұлай болатын себебі мынадан: бір жағынан, көптеген егістік жер мал үшін, қой үшін жайылымға айналады, екіншіден, өндіріс көлемі ұлғайған жағдайда — ірі егіншілік тұсында — еңбек неғұрлым өнімді бола түседі. *Сондай-ақ бұл мынадан* — ал нақ осы жағдайды Родбертус мырза мүлдем байқамайды — *егіншілікпен шұғылданбайтын халықтың* едәуір бөлегі егіншілікке тұрақты капитал жеткізіп беріп (ал бұл тұрақты капитал егіншілік мәдениетінің прогресімен бірге өсіп отырады) — мәселен, минералдық тыңайтқыштар, шетелдік тұқым, сан алуан машиналар жеткізіп, егіншілікке қызмет ету жөніндегі еңбекті атқарады.

Родбертус мырзаның сөзімен айтқанда,

«қазіргі уақытта» (Померанияда) «селолық қожайын өзінің меншікті шаруашылығында жұмыс көлігі үшін өндірілетін жемшөпті капитал деп қарамайды» (78-бет) [Орысша аудармасы, 282-бет].

[522] «Капитал өзін жеке алғанда немесе, халық шаруашылық мағынада алғанда, өндірісті одан әрі дамытуға пайдаланылатын өнім... Бірақ өзі келтіруге тиісті айрықша «пайда» жөнінде, — басқаша айтқанда, *қазіргі кәсіпкерлердің* капиталды қандай мағынада түсінетіндігі тұрғысынан алғанда, — капитал капитал болуы үшін сөзсіз «шығын» түрінде жұмсалуды тиіс» (77-бет) [Орысша аудармасы, 281-бет].

Алайда «шығынның» бұл ұғымы, Родбертус жорамалдағандай, өнімнің товар ретінде басқалардан сатып алынуын талап етпейді. Егер өнімнің белгілі бір бөлегі товар ретінде *сатылудың* орнына, жаңадан өндіріске енетін болса, онда ол оған *товар* ретінде енеді. Ол ең алдымен «ақша» ретінде бағаланады және бұл соншалықты айқын ұғынылады, өйткені осы «шығындардың» бәрі, соның ішінде егіншілікте болатын «шығындар» да, осымен бір мезгілде рыноктағы «товар» ретінде — мал, жемшөп, тыңайтқыштар, тұқымдық астық, жалпы тұқым атаулының бәрі — бой көрсетеді. Бірақ «Померанияда», сірә, бұлардың бәрін «шығын» деген рубрикаға жатқызбайтын болса керек.

«Еңбектің осы әр түрінің айрықша нәтижелерінің құны» (өнеркәсіпте және шикізат өндірісінде) «әлі олардың иесіне тиетін табыстың өзі емес, тек осы табысты есептеп шығару үшін өлшем ғана болып табылады. Белгілі бір адамдар алатын осы табыстың өзі тек бірлескен еңбекпен — ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік еңбекпен — жасалатын қоғамдық табыстың *бір бөлегі* болып табылады және оның бөліктері де, демек, осы бірлескен еңбекпен ғана жасалады» (36-бет) [Орысша аудармасы, 249-бет].

Ал бұдан маған не қажет? Бұл *құнның* жүзеге асуы оның тек тұтыну құнында жүзеге асуы ғана болады. Бірақ әңгіме мүлдем бұл туралы болып отырған жоқ. Оның үстіне, *қажетті жалақы* деген ұғымның өзінде жұмысшыны асырауға қажетті тіршілік заттарында — ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өнімдерінде қанша құн болса, соның өзі бар.

Осымен бұл бітті.

[О Н Ы Н Ш Ы Т А Р А У]  
**РИКАРДО МЕН АДАМ СМИТТЕГІ ШЫҒЫН**  
**БАҒАСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ** <sup>63</sup>  
**(ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ)**

**[А. РИКАРДОДАҒЫ ШЫҒЫН БАҒАСЫНЫҢ**  
**ТЕОРИЯСЫ]**

**[1) ФИЗИОКРАТТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ КҮЙРЕУІ ЖӘНЕ ЖЕР**  
**РЕНТАСЫ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ОДАН ӘРІ ДАМУЫ]**

«Жерден алынатын өнімнің *бағасын* жерден алынатын рента белгілемейді, осы өнімнің *бағасы* жер рентасын белгілейді»\* деген Андерсонның қағидасы (сондай-ақ бұл ішінара А. Смитте де кездеседі) арқылы физиократтардың ілімі мүлдем теріске шығарылды. Сөйтіп рентаның шығатын қайнар көзі егіншілік өнімінің өзі де емес, жер де емес, сол өнімнің *бағасы* деп танылды. Осы арқылы рента дегеніміз егіншіліктің ерекше өнімділігінің нәтижесі болып табылады, ал мұның өзі, өз кезегінде, топыраққа тән оның айрықша құнарлылығының нәтижесі болып табыладымыс деген көзқарас жоққа шығарылды. Өйткені, егер *еңбектің сол бір мөлшері* айрықша өнімді салаға жұмсалған болса және сондықтан еңбектің өзі де ерекше өнімді болып келетін болса, онда ол еңбек *өнімінің* біршама көп массасында ғана көрінген болар еді де, сондықтан өнім өлшемінің бағасы біршама төмен болар еді, бірақ мұның өзі бұған қарама-қарсы нәтижеде мүлдем көріне алмаған болар еді, яғни осы еңбектің өнімінің *бағасы* еңбектің осындай мөлшері заттанған басқа өнімдердің бағасынан *жоғары* болатындай және осының салдарынан оның *бағасы* басқа товарлардан өзгеше пайда мен жалақыдан басқа, *оның үстіне рента* да беретіндей нәтижеде көріне алмаған болар еді. (Рентаны қарастырған кезде А. Смит физиократтық көзқарасқа ішінара қайта оралып отырады, өзі осы көзқарасты рента қосымша еңбектің бір бөлегі деген өзінің алғашқы баяндауымен бұрын теріске шығарғаннан немесе, ең кем дегенде, қабылдамай тастағаннан кейін барып қайта оралады.)

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 148-бет. Ред.

Физиократтық көзқарасты осылай теріске шығаруды Бьюкенен мынандай сөздермен тұжырымдайды:

«Егіншілік өнім береді және одан келіп шығатын рента береді, өйткені жерді өңдеу процесіне адам еңбегімен бірге табиғат та қатысады деген көзқарас,— міне, бұл көзқарас әншейін қиял ғана болып табылады. Жер рентасы өнімнен келіп шықпайды, осы өнім сатылған бағадан келіп шығады; ал бұл бағаны егіншілік өнімі оны өндіруге табиғаттың көмектескендігінен алмайды, оның себебі — бұл — тұтынуды ұсыныммен сәйкестендіретін баға»<sup>64</sup>.

Физиократтардың бұл көзқарасы теріске шығарылғанда, — алайда бұл көзқарас өзінің неғұрлым терең мағынасында әбден орынды болатын, өйткені физиократтар рентаны қосымша құнның бірден-бір формасы деп, ал капиталистер мен жұмысшыларды, бірге алғанда, жерді меншіктенушінің жалдамалы қызметкерлері ғана деп қарады, — тек мынадай көзқарастар ғана мүмкін болып қалды:

[523] [Біріншіден:] *Рента* егіншілік өнімдерінің *монополиялық бағасынан* пайда болады, ал монополиялық баға жерді меншіктенушілердің жерге *монополиясы* болғандығынан пайда болады деген көзқарас \*. Бұл көзқарас бойынша егіншілік өнімінің бағасы әрқашан да оның құнынан *артық болады*. Бұл арада бағаға үстеме бар, сөйтіп товарлар құнының заңы жерді меншіктену *монополиясы* арқылы бұзылады.

Рента егіншілік өнімдерінің *монополиялық бағасынан* пайда болады, оның себебі, осы көзқарас бойынша, өнімді ұсыну сұраным дәрежесінен әрқашан *төмен* тұрады, немесе сұраным ұсыным дәрежесінен әрқашан *жоғары* тұрады. Бірақ ұсыным сұраным *дәрежесіне* дейін неге көтерілмейді? *Қосымша* ұсыным бұл арақатынасты неліктен теңестірмейді, сөйтіп, осы теорияға сәйкес, рента *атаулыны* неге жоймайды? Мұны түсіндіру үшін Мальтус, бір жағынан, мынадай фикцияға — егіншілік өнімдері өзі үшін тұтынушыларды тікелей жасап алады-мыс (бұл туралы кейін, оның Рикардомен айтысын талдағанда айтылады) деген фикцияға, ал екінші жағынан — Андерсонның теориясына жүгінеді [Мальтус бұл теориядан мынадай қорытынды жасайды:] *қосымша ұсыным* еңбектің көбірек мөлшерімен келетін болғандықтан, өгіншіліктің өнімділігі томендеп кетеді. Сонымен, бұл көзқарас — ол қарапайым фикцияға негізделмейтін шамада — Рикардоның теориясына үйлеседі. Мұнда да *баға құннан асып түседі*, үстеме орын алады.

[Екіншіден:] *Рикардоның теориясы: абсолюттік жер рентасы деген жоқ, тек дифференциалдық рента ғана бар*. Мұнда да рента әкелетін егіншілік өнімдерінің *бағасы* олардың дара құнынан асып түседі, ал егер жалпы алғанда рента бар болатын болса,

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 28-бет. *Ред.*

онда ол *егіншілік өнімдерінің бағасының олардың құнынан артық болуы* арқасында бар болады. Бірақ бұл арада құннан бағаның осы артық болуы құнның жалпы теориясына қайшы келмейді (фактінің өзі өз күшінде қалатын болса да), өйткені өндірістің әрбір сферасының ішінде оған қатысты товарлардың *құны* товардың дара өзінің құнымен белгіленбейді, *оның* осы сферадағы өндірістің *жалпы жағдайлары* кезінде болатын *құнымен* белгіленеді. Сондай-ақ мұнда да өнімдердің рента келтіретін бағасы *монополиялық баға* болып табылады, бірақ мұның өзі өндірістің барлық салаларында кездесетін және тек осы салада ғана ескерілетін, сондықтан үстеме пайдадан өзгеше рента формасына ие болатын монополия. Сондай-ақ мұнда да *ұсынымнан сұранымның* осы артық болуы, немесе былай десе де болады, қосымша сұраным, алғашқы ұсынымда болған *баға* бойынша сұранымның ұсынымнан артуы салдарынан баға өскенге дейін болып келген қосымша ұсыныммен қанағаттандырылуы мүмкін емес. Сондай-ақ мұнда да *рента* (дифференциалдық рента) *құннан бағаның артық болуы* салдарынан, ең жақсы жерден алынған өнімдердің бағасы олардың құнынан *жоғары* болып шығуы салдарынан *пайда болады*, қосымша ұсынымның өзі де осыдан келіп шығады.

[Үшіншіден:] *Рента — жерге жұмсалған капиталдың проценті ғана* \*. Бұл көзқарастың Рикардоның көзқарасымен ортақтығы мынада: бұл көзқарас *абсолюттік жер рентасын* жоққа шығарады. Бұл көзқарас *дифференциалдық рентаны* мынадай жағдайларда: бірдей капиталдар жұмсалған жер учаскелері әр түрлі шамадағы рента келтірген жағдайда мойындауға мәжбүр болады. Сондықтан да бұл көзқарас іс жүзінде Рикардоның мынадай көзқарасына келіп саяды: белгілі бір жер *рента* келтірмейді, ал сөздің *өз мағынасында* рента алынатын жерде, мұның өзі дифференциалдық рента болады. Бірақ бұл көзқарас *ешқандай* капитал жұмсалмаған жерден алынатын рентаны, құлама судан, рудниктерден және т. с. алынатын рентаны түсіндіруге мүлдем қабілетсіз. Іс жүзінде бұл көзқарас Рикардоның шабуылынан рентаны — процент деген атпен — капиталистік позиция тұрғысынан сақтап қалу әрекетінен басқа еш нәрсе де емес.

*Ақырында* [төртіншіден:] Рикардо былай деп ұйғарады: рента әкелмейтін жерде өнімнің бағасы оның құнына тең, өйткені ол *орташа бағаға*, яғни авансыланған капитал мен орташа пайданы қосқандағыға тең болады. Демек, Рикардо товардың құны товардың орташа бағасына тең деп қателесіп отыр. Егер бұл қате ұйғарымды қабылдамайтын болсақ, онда абсолюттік рента мүмкін болып шығады, өйткені егіншілік өнімдерінің *құны*, басқа да барлық товарлардың үлкен бір тобының құны сияқты, олардың орташа бағасынан *артық* болып шығады, бірақ жерді

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 28, 142—143 және 147-беттер. *Ред.*

меншіктенудің болуы салдарынан, ол атап көрсетілген басқа товарларда болатынындай, орташа баға болып теңгерілмейді. Сонымен, бұл соңғы көзқарас монополия теориясымен бірге жерді меншіктенудің, сол қалпында алғанда, рентаға тікелей қатысы бар деп мойындайды; ол Рикардомен бірге дифференциалдық рентаны мойындайды; ақырында, ол абсолюттік рентаның болуы құн заңын әсте де бұзбайды деп санайды.

## [2] РИКАРДО ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ РЕТІНДЕ ҚҰНДЫ ЖҰМЫС УАҚЫТЫМЕН БЕЛГІЛЕУ.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЖЕТТІ САТЫСЫ РЕТІНДЕ РИКАРДОНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ.

#### РИКАРДО КІТАБЫНЫҢ ТЕРІС АРХИТЕКТЕНИКАСЫ]

Рикардо товарлардың относителді құны (немесе айырбас құны) *«еңбек мөлшерімен»* белгіленеді деген қағиданы негізге алады. (Бұдан былай біз «құн» деген сөзді Рикардоның әр түрлі мағынада қолданатынына зер саламыз. Бейлидің Рикардоның теориясын сынауы осыған негізделген және, сонымен бірге, Рикардоның құнды пайымдаудағы *кемшіліктері* осында болып отыр.) Рикардо құнды белгілейтін «еңбектің» сипатын одан әрі зерттемейді. Егер екі товар эквивалент болса, немесе *белгілі бір пропорцияда* эквивалент болса, немесе бұл да сондай, бұларға жұмсалған *«еңбектің» мөлшеріне* [524] қарай олар *өздерінің шамасы жағынан бірдей болмаса*, онда, сонымен қатар, өздерінің *субстанциясы* жағынан — өйткені олар айырбас құн болып табылады — олар бірдей. Олардың субстанциясы еңбек болып табылады. Сондықтан олар «құнның» мәні. Олардың көлемі өздерінде осы субстанцияның көптігіне немесе аздығына қарай әр түрлі болады. Ал форма — айырбас құн жасаушы ретіндегі, немесе айырбас құндарында белгіленетін еңбектің айрықша анықтама-сы — осы еңбектің *сипаты Рикардода зерттелмейді*. Сондықтан Рикардо *осы еңбектің ақшамен байланысын* түсінбейді, яғни бұл еңбектің өзінің сөзсіз *ақша* түрінде көрінуге тиіс екендігін түсінбейді. Сондықтан ол товардың айырбас құнын жұмыс уақытымен белгілегенде мұның өзі товарлар өзінің дамуында сөзсіз ақшаға айналуға дейін жетуге тиіс болатындығымен байланысты екендігін мүлдем түсінбейді. Оның ақша теориясының қателігі осыдан. Онда әуел бастан-ақ әңгіме тек *құнның шамасы* туралы ғана болады, яғни товарлар құнының шамалары бір-біріне осы товарларды өндіруге қажетті еңбектің мөлшерлерінің қатынасындай қатынаста болатындығы туралы болады. Рикардо осыны негізге алады. Ол өзінің негізгі бастама пункті ретінде А. Смитті анық көрсетеді (I бөлім, 1-тарау)<sup>65</sup>.

Рикардоның әдісі мынадай: Рикардо товар құнының көлемін

жұмыс уақытымен белгілеуді негізге алады да, содан кейін басқа экономикалық қатынастар (басқа экономикалық категориялар) құнның осы анықтамасына *қайшы келе ме, жоқ па*, немесе қандай дәрежеде оның түрін өзгертеді — осыны *зерттейді*. Мұндай әдістің тарихи заңдылығы, саяси экономия тарихында оның ғылыми қажеттілігі де, сондай-ақ, сонымен бірге, оның ғылыми тұрғыдан жеткіліксіздігі де, — тек баяндау (формасы жағынан) тәсілінде көрінетін ғылыми шалалығы ғана емес, сондай-ақ қате қорытындыларға соқтыратын шалалығы бірден қарағанда-ақ айқын, өйткені бұл әдіс қажетті аралық буындардан секіріп өтеді де, экономикалық категориялардың бір-бірімен ұқсастығын *тікелей* тұрғыдан дәлелдеуге тырысады.

Тарихи тұрғыдан зерттеудің бұл тәсілі заңды да қажетті болды. А. Смитте саяси экономия біршама тұтас болып дамыды, оның қамтитын саласы белгілі дәрежеде тиянақты қалыпқа ие болғандықтан да оны Сэй мектеп оқулығында жадағай жүйелілікпен баяндай алды. Смит пен Рикардо аралығындағы кезеңде тек жекелеген мәселелер бойынша ғана — өнімді және өнімсіз еңбек туралы, ақша туралы, халықтың өсуі теориясы туралы, жерді меншіктену туралы және салықтар туралы зерттеулер пайда болды. Смиттің өзі барынша аңғалдықпен үнемі қарама-қарсылықта ілгерілеп отырады. Бір жағынан, ол экономикалық категориялардың ішкі байланысын, немесе буржуазиялық экономикалық системаның жасырын құрылымын зерттейді. Екінші жағынан, ол осыған мынадай байланысты: бәсеке құбылыстарында демек, ғылымнан мақұрым шет байқаушыға, сондай-ақ буржуазиялық өндіріс процесіне іс жүзінде қамтылған және іс жүзінде оған мүдделі адамға сырттай айқын болып көрінетін байланысты қатар қояды. Түсінудің осы екі тәсілі — біріншісі буржуазиялық системаның ішкі байланысына, былайша айтқанда, оның физиологиясына енеді, ал екіншісі тіршілік процесінде сырттай көзге түсетінді сол күйінде тек сипаттап қана береді, каталогқа түсіреді, әңгімелейді және ұғымдарды жүйелеп, оларға анықтама беріп отырады, — міне, түсінудің осы екі тәсілі А. Смитте тек бір бірімен тып-тыныш үйлесіп қана қоймайды, сонымен бірге олар бір-бірімен ұштасып жатады және үнемі бір-біріне қарама-қарсы шығып отырады. Мұның өзінің Смитте (ақша туралы жекелеген арнайы зерттеулерді айтпағанда) ақтауы бар, өйткені оның міндеті шынында да екі жақты болды. Бір жағынан, бұл буржуазиялық қоғамның ішкі физиологиясына еруге әрекеттенгендік болатын; екінші жағынан, Смит мынаған: ішінара — бұл қоғамның сырттан қарағанда көрінетін өмірлік формаларын тұңғыш рет сипаттап беруге, оның сырттан қарағанда көрінетін байланыстарын бейнелеуге тырысты, ал ішінара — оның үстіне бұл құбылыстарға ат қоюға және сәйкес келетін пайымдық ұғымдар табуға, яғни ішінара — оларды тұңғыш рет тілде және



ойлау процесінде бейнелеп беруге тырысты. Ол белгілі бір жұмысқа қандай дәрежеде көңіл бөліп келсе, екінші бір жұмысқа да сондай дәрежеде көңіл бөліп отырды, ал бұлардың екеуі де әрқайсысы бір-бірінен тәуелсіз болып жатқандықтан, бұл арада түсінудің мүлдем қарама-қарсы тәсілі пайда болады: бір көзқарас ішкі байланысты біршама дұрыс бейнелейді, ал екінші көзқарас, — нақ сондай заңды және түсінудің бірінші тәсілімен ешқандай іштей өзара қарым-қатынасы жоқ, онымен ешқандай іштей байланысы жоқ болып отырған көзқарас, — *сырттай көрінетін* байланысты білдіреді.

Смиттің ізбасарлары, өздерінің көзқарастары ойлаудың неғұрлым ескі, енді жеңіліп болған тәсілдері тұрғысынан Смитке қарсы бағытталған реакция болып табылмайтын шамада өздерінің арнаулы зерттеулері мен пайымдауларында ешқандай кедергісіз ілгері баса алады және әрдайым А. Смитті өздерінің көзқарастарының негізі деп қарай алады, бұл арада олардың Смиттің шығармаларының эзотерикалық немесе экзотерикалық бөліміне қосылатындығының немесе әрдайым дерлік орын алып отыратынындай, бұларды бір-бірімен шатастыратындығының бәрі бір. Алайда, олардың арасынан келіп Рикардо шығады да, ғылымға «Тоқта!» деп айқайлайды. Буржуазиялық системаның физиологиясы үшін — оның ішкі табиғи байланысын және оның өмірлік процесін түсіну үшін — негіз, бастама пункт *құнды жұмыс уақытымен* анықтау болып табылады. Рикардо осыны негізге алады және одан соң ғылымды бұрынғы кертартпалықты тастауға және өзіне мына тұрғыда: өзі дамытып және ұсынып отырған басқа категориялар, — өндіріс пен айырбас қатынастары, — осы негізге, осы бастама пунктке қаншалықты сай келеді немесе қарама-қарсы келеді деген тұрғыда есеп беруге мәжбүр етеді; жалпы алғанда, процестің көрінісінің сыртқы формасын, ал олай болса осы көріністердің өзін де бейнелейтін, баяндайтын ғылымның буржуазиялық қоғамның ішкі байланысы, шын мәніндегі физиологиясы негізделетін және ғылымның бастама пунктін құрайтын негізге қаншалық сай келеді деген тұрғыда есеп беруге мәжбүр етеді; жалпы алғанда системаның көзге көрінетін қозғалысы мен оның шын мәніндегі қозғалысының арасындағы осы қарама-қарсылықтың жайы қандай деген тұрғыдан есеп беруге мәжбүр етеді. Рикардоның ғылым үшін ұлы [525] тарихи маңызы да нақ осында, міне, сондықтан да Рикардо табан тірер негізінен айырған пасық Сэй өзінің ызасын мынадай сөздермен ақтарады:

«Оның» (ғылымның) «шеңберін кеңейтуді сылтауратып, оны тұңғыыққа итеріп жіберді»<sup>66</sup>.

Рикардоның ғылымға сіңірген бұл еңбегі мен мына бір жай тығыз байланысты: ол таптардың экономикалық қарама-қарсылығын — оны ішкі байланыстардың көрсететініндей етіп — ашып

көрсетеді және тұжырымдан береді, — сөйтіп осының нәтижесінде саяси экономияда дамудың тарихи күресінің және тарихи процесінің негізгі түп тамыры айқындалып, ашып көрсетіледі. Сондықтан да Кэри — кейінірек тиісті жерлерін қарау керек — Рикардоны коммунизмнің әкесі деп жамандайды:

«Рикардо мырзаның системасы — бұл талас-тартыстар системасы... Оның өн бойында *таптар мен ұлттар арасында дұшпандық* туғызу тенденциясы бар... Оның кітабы — аграрлық реформалар, соғыстар мен тонаушылықтар арқылы өкіметке ұмтылған демагог үшін шын мәніндегі басшылық» (*П. Carey. The Past, the Present, and the Future. Philadelphia, 1848, 74—75-беттер*).

Сонымен, егер Рикардоның зерттеу тәсілінің, бір жағынан, ғылыми тұрғыдан заңдылығы мен ұлы тарихи құндылығы айқын болып отырса, екінші жағынан, оның ғылыми тұрғыдан шалалығы да айқын, бұл бұдан былай егжей-тегжейлі көрсетіледі.

Оның шығармасының өте-мөте ғажап және жаңсақ болмай да қоймайтын архитектуралық да осыдан. Бүкіл шығарма (үшінші басылуында) 32 тараудан тұрады. Олардың ішінде 14 тарау *салықтар* туралы баяндайды, демек, оларда теориялық принциптердің <sup>67</sup> қолданылуы ғана бар. 20-тарау — «Құн және байлық олардың ерекше қасиеттері» — тұтыну құны мен айырбас құнының арасындағы айырмашылықты зерттеуден басқа ештеңе де емес; демек, ол 1 тарауға — «Құн туралы» — толықтыру болып табылады. 24-тарау — «А. Смиттің жер рентасы туралы ілімі», сондай-ақ 28-тарау — «Алтынның, астықтың және еңбектің салыстырмалы құны туралы» т. т. және 32-тарау — «Мальтус мырзаның рентаға көзқарасы» — Рикардоның жер рентасы туралы теориясына толықтыру ғана және ішінара осы теорияны қорғау, яғни рента туралы баяндайтын 2 және 3-тарауларға қосымша ғана болып табылады. «Сұраным мен ұсынымның бағаға ықпалы туралы» 30-тарау — тек «Табиғи және рыноктық баға туралы» 4-тарауға қосымша ғана. 19-тарау да — «Сауда барысындағы төтенше өзгерістер туралы» — осы тарауға екінші қосымша болып табылады. 31-тарау — «Машиналар туралы» — 5 және 6-тарауларға: «Жалақы туралы» және «Пайда туралы» — жай ғана қосымша. 7-тарау — «Сыртқы сауда туралы» — және 25-тарау — «Отарлық сауда туралы» — салықтар туралы тараулар сияқты, өзінен бұрынғы тарауларда ұсынылған принциптерді қолдану ғана болып табылады. 21-тарау — «Қорланудың пайда мен процентке ықпалы» — жер рентасы, пайда және жалақы туралы тарауларға қосымша болып табылады. 26-тарау «Жалпы және таза табыс туралы» — жалақы, пайда және рента туралы тарауларға қосымша болып табылады. Ақырында, 27-тарау — «Ақша айналысы және банкілер туралы» — кітапта мүлдем оқшау тұр және өзі Рикардоның неғұрлым ертедегі шығармаларында ақша тура-

лы айтқан көзқарастарының одан әрі дамытыла түсуі, оның ішінара түрін өзгертуі ғана болып табылады.

Сонымен, Рикардоның теориясы оның кітабының тек қана алғашқы алты тарауында ғана баяндалады. Кітаптың архитектуроникасының дұрыс еместігі туралы айтқанда, мен нақ осы бөлімді айтып отырмын. Кітаптың қалған бөлімі (ақша туралы бөлімнен басқасы) практикалық нұсқаулардан, түсіндірулер мен толықтырулардан тұрады, бұлар өздерінің мазмұнының сипаты жағынан бейберекет шашыранды орналастырылған және қандайда бір архитектуроникасы бар деуге әсте келмейді. Ал теориялық бөлімнің (алғашқы алты тараудың) дұрыс емес архитектуроникасына келетін болсақ, бұл кездейсоқ емес, қайта Рикардоның зерттеу тәсілінің өзінен және оның өзінің зерттеуінде алдына қойған белгілі бір міндетінен шартты түрде келіп шығады. Бұл архитектуроника зерттеудің осы тәсілінің өзінің ғылыми тұрғыдан шалалығын білдіреді.

Бірінші тарау «құн туралы» баяндайды. Бұл тарау өз ретімен жеті бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімде атап айтқанда мынау зерттеледі: *жалақы* товарлардың құнын оған жұмсалған жұмыс уақытымен анықтауға *қайшы келе ме?* Үшінші бөлімде товардың құнына менің тұрақты капитал деп атайтынымның өнуі құнның анықтамасына қайшы келмейді және жалақының артуы немесе төмендеуі товардың құнына ешқандай әсер етпейді деген дәлелденеді. Төртінші бөлімде машиналарды және басқа да негізгі және ұзақ мерзім бойы болатын капиталды қолдану — өндірістің әр түрлі сферасында ол жиынтық капиталға түрліше пропорцияда енетін болғандықтан, — айырбас құндарын жұмыс уақытымен анықтауды қандай мөлшерде өзгертетіндігі зерттеледі. Бесінші бөлімде егер өндірістің әр түрлі сфераларында ұзақтық мерзімі бірдей емес және айналыс уақыты түрліше капитал қолданылатын болса, жалақының артуы немесе төмендеуі құнды жұмыс уақытымен анықтаудың түрін қандай мөлшерде өзгертетіндігі зерттеледі. Сонымен, біз мынаны көреміз: бұл бірінші тарауда тек қана *товарлар* ғана бар деп ұйғарылмайды, — ал құнның өзін қарастырып отырғанда бұдан арғы ешқандай алғы шарттар болмауға тиіс қой, — сонымен бірге бұған қоса жалақы, капитал, пайда туралы, оның үстіне, тіпті, пайданың жалпы нормасы, айналым процесінен туындайтын капиталдың сол қалпында көрінетін әр түрлі формалары, сондай-ақ «табиғи және рыноктық бағаның» арасындағы айырмашылық та күні бұрын бар нәрселер деп ұғынылады; ал «табиғи және рыноктық бағаның» айырмашылығы келесі екі тарауда («Рента туралы» және «Рудниктерден алынатын рента туралы») тіпті шешуші роль атқарады.

Бұл 2-тарау («Рента туралы»), [526] — 3-тарау («Рудниктерден алынатын рента туралы») 2-тарауға тек толықтыру ғана болып табылады, — Рикардоның зерттеу барысына толық сай келе

отырып, тағы да мынадай сұрақпен басталады: товарлардың құнын жұмыс уақытымен анықтауға жерді меншіктену мен жер рентасы қайшы келе ме?

«Алайда енді мынаны қарастыру қалып отыр»,— деп бастайды Рикардо 2-тарауды («Рента туралы»),— «жерді меншікке айналдыру және осының салдарынан рентадың пайда болуы товарларды өндіруге қажетті еңбектің мөлшеріне қарамастан товарлардың относителді құнында қайсыбір өзгеріс туғыза ма» («Principles of Political Economy», 3rd edition, London, 1821, 53-бет) [Орысша аудармасы, I том, 65-бет].

Рикардо бұл зерттеуін орындап шығу үшін en passant\* «рыноктық баға» мен «шынайы бағаның» (құнның ақшалай көрінісін) арасындағы арақатынасты ғана енгізіп қоймайды, сонымен қатар бүкіл капиталистік өндірісті және жалақы мен пайданың арасындағы арақатынас туралы өзінің бүкіл концепциясын өзінен-өзі болуға тиісті бар нәрсе деп қарайды. Сондықтан да 4-тарауда («Табиғи және рыноктық баға туралы»), 5-тарауда («Жалақы туралы») және 6-тарауда («Пайда туралы») айтылатындардың бәрі алғашқы екі тарауда («Құн туралы» және «Рента туралы»), сондай-ақ 2-тарауға қосымша болып табылатын 3-тарауда еске алынып қана қоймай, сонымен бірге егжей-тегжейлі дамытылып та қойған болып шықты. Кейінгі үш тарауда олар жалпы алғанда теориялық жағынан жаңа бір нәрселер беретін болғандықтан әр жерде ғана бұл олқылықтар толықтырылады, көпшілік бөлігі заңды түрде 1-және 2-тарауларда өзінің лайықты орнын алуға тиісті болған неғұрлым дәл анықтамалар енгізіледі.

Сонымен, Рикардоның бүкіл шығармасының мазмұны оның алғашқы екі тарауында. Ол тарауларда дамытылған буржуазиялық өндірістік қатынастар, демек, сондай-ақ саяси экономияның дамытылған категориялары олардың принципімен, құнның анықтамасымен, көзбе-көз беттестіріледі және олар бұл принципке қаншалықты дәрежеде тікелей сай келеді дегенді анықтау үшін, немесе олар товардың құндық қатынасына енгізетін сырт қарағандағы ауытқулардың жайы қалай дегенді анықтау үшін тергеуге алынады. Рикардоның кітабының осы екі тарауында бұған дейінгі саяси экономия жөніндегі оның барлық сыны бар, А. Смитке тән және оның бүкіл шығармасының өн бойына өзек болған экзотерикалық және экзотерикалық талдау тәсілдері арасындағы қарама қайшылықтан үзілді-кесілді қол үзу бар және осы сының арқасында сонымен бірге бірсыпыра мүлдем жаңа әрі таңданарлық нәтижелер береді. Осы алғашқы екі тараудан тамаша теориялық қанағат алуға болатыны да осыдан, өйткені бұл тарауларда кең таралған әрі тұйыққа апарып тірейтін ескі ұғымдар қысқаша әрі ықшамды түрде сыналады және бүкіл буржуазиялық экономикалық системаны бір негізгі заңға бағынған сис-

\* — жол-жөнөкей. Ред.

тема ретінде бейнелейді, бытыраңқы да әр алуан құбылыстардан ең мәндісін бөліп алып, жинақтап көрсетеді. Алайда бұл екі тараудың бірегейлігіне, негізгі көзқарасының тұтастығына, баяндаудың қарапайымдылығына, жинақтылығына, тереңдігіне, жаңалығына және барлық жағын қамтитын ықшамдылығына теориялық тұрғыдан қанағаттану сезіміміз кітапты әрі қарай оқыған сайын сөзсіз жойыла береді. Кей жерлерде мұнда да жеке-мәнері тұтас алғанда зеріктіріп қажытады. Баяндаудың бұдан былайғы барысы ой-пікірдің одан әрі дамуы болып шықпайды. Баяндау белгілі бір принциптерді әр текті, сыртқы белгілеріне қарай алынған материалға бірсарындылықпен формалды түрде қолдану болып шықпаған немесе осы принциптерді айтыс тұрғысынан қорғау болып шықпаған жерде, ол тек не қайталау, не толықтыру болып отырады; кітаптың соңғы бөлімдерінде жақсы дегенде анда-санда қайсыбір таңданарлық қорытынды жасалады.

Біз Рикардоны сынағанмызда оның өзі саралай алмаған нәрселерді саралауға тиіспіз. [Біріншіден,] оның *қосымша құн теориясын*, — бұл теория, Рикардода, әрине, бар, бірақ ол *қосымша құнды* оның ерекше формаларынан: пайдадан, рентадан, проценттен бөліп көрсетпейді. Екіншіден, *оның пайда туралы теориясын*. Біз талдауды Рикардоның пайда туралы баяндауынан бастаймыз, мұның орны бұл бөлімде емес, *III бөлімге* <sup>68</sup> тарихи қосымшада болса да, осыдан бастаймыз.

### (3) РИКАРДОДАҒЫ АБСОЛЮТТИ ЖӘНЕ ОТНОСИТЕЛЬДІ ҚҰН ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕГІ ШАТАСУШЫЛЫҚ. ОНЫҢ ҚҰННЫҢ ФОРМАСЫН ТҮСІНБЕУШІЛІГІ

Рикардоның «құнның» [әр түрлі] анықтамаларын бір-бірімен бейберекет шатастыра беретіндігі туралы алдын-ала тағы бірнеше ескертпе айтайық. Бейлидің Рикардоға қарсы айтысы осыған негізделген. Бірақ бұл біз үшін де маңызды.

Рикардо әуелі құнды *«айырбас құны»* деп атайды және А. Смитпен бірге оны *«басқа игіліктерді сатып алу қабілеттілігі»* деп анықтайды («Principles», 1-бет) [Орысша аудармасы, I том, 33-бет]. Бұл — айырбас құнының ең алдымен *құбылыста* сол қалпында *көрінетін* түрі. Бірақ содан кейін ол құнға шын мәнінде былай анықтама беруге көшеді:

«Товарлардың қазіргі уақытта бар немесе бұрын болып өткен *относительді құны* товарлардың еңбекпен өндірілген салыстырма саны арқылы белгіленеді» (бұл да сонда, 9-бет) [Орысша аудармасы, I том, 38-бет].

Бұл арада «относительді құн» деп аталып отырған жұмыс уақытымен белгіленетін айырбас құнынан басқа еш нәрсе емес. Бірақ, *относительді құнның* сондай-ақ басқа да мәні болуы мүмкін, атап айтқанда — мән бір товардың айырбас құнын басқа бір

товардың тұтыну құнында, мәселен, қанттың айырбас құнын кофенің тұтыну құнында деп белгілеуім мүмкін.

«Екі товардың *относительді құны* өзгеріп отырады, сондықтан біздің *өзгеріс* олардың қайсысында болғанын білгіміз келеді» (бұл да сонда, 9-бет) [Орысша аудармасы, I том, 38-бет].

Қандай өзгеріс? Бұл «относительді құнды» Рикардо бұдан былай «*салыстырмалы құн*» деп те атайды (бұл да сонда, 448 және келесі беттер) [Орысша аудармасы, I том, 306 және келесі беттер]. Біздің қай товарда «өзгеріс» болғанын білгіміз келеді, яғни біздің жоғарыда относительді құн деп аталған «құнның» өзгергенін анықтағымыз келеді. Мәселен, 1 қадақ қант = 2 қадақ кофе. Кейінірек 1 қадақ қант = 4 қадақ кофе. Біздің білгіміз келіп отырған «өзгеріс» мынада болып отыр: қант үшін немесе кофе үшін «*қажетті жұмыс уақыты*» өзгере ме, жоқ па, қант бұрынғыға қарағанда қазір екі есе көп жұмыс уақытына тең тұра ма, жоқ па, әлде кофе бұрынғыға қарағанда екі есе аз жұмыс уақытына тең бе және осы товарларды өндіру үшін тиісінше қажетті жұмыс уақытындағы осы «өзгерістердің» қайсысы олардың *айырбастық арақатынасындағы* осы өзгерісті туғызды. Сонымен, қанттың немесе кофенің осы «относительді, немесе салыстырмалы құны», — олардың айырбасқа түсетін арақатынасы, — бірінші мағынадағы относительді құннан өзгеше болады. Қанттың относительді құны оның бірінші мағынасында алғанда қанттың белгілі бір жұмыс уақыты бойында [527] өндіріле алатын мөлшерімен белгіленеді. Екінші жағдайда қанттың [және кофенің] относительді құны олардың бір-біріне айырбасталғандағы арақатынасын білдіреді, ал бұл арақатынастағы өзгерістер, «относительді құнның» кофе үшін немесе қант үшін бірінші мағынада өзгеруінен болуы мүмкін. Бұлардың «относительді құны» бірінші мағынада өзгеріске ұшыраса да, олардың бір-біріне айырбасталғандағы арақатынасы *сол қалпында* қала алады. Қант пен кофені өндіруге қажетті жұмыс уақыты екі есе көбейген немесе тең жартысына азайған болса да, 1 қадақ қант бұрынғыша 2 қадақ кофеге тең бола беруі мүмкін. Олардың *салыстырмалы құнындағы* өзгерістер, яғни қанттың айырбас құны кофемен белгіленген немесе көрісінше болған жағдайда, олардың *относительді құндары* бірінші мағынада, яғни еңбектің шамасымен белгіленетін құндар *бірдей емес мөлшерде өзгергенде ғана*, демек, олардың *арақатынасында* өзгеріс болған жағдайда ғана байқалады. Абсолютті өзгерістер, егер олар бастапқы арақатынасты өзгертпейтін болса, яғни, олар өздерінің шамасы жағынан бірдей болса және сол белгілі бір бағытта болып отырса, бұл товарлардың салыстырмалы құндарында, сондай-ақ олардың *ақшалай бағаларында* да ешқандай өзгеріс туғызбайды, өйткені ақшаның құны өзгерген күнде де олардың екеуі үшін де бірдей дәрежеде өзгереді. Сондықтан мен осы екі

товардың әрқайсысының құнын, екі құнды да үшінші бір товардың тұтыну құнында деп ұғынып, олардың екіншісінің тұтыну құнымен немесе олардың ақшалай бағасымен белгілеймін бе,— бұл *относительді*, немесе *салыстырмалы* құндар, немесе бағалар, бәрібір сол қалпында қалады, сондықтан олардың өзгеруін олардың бірінші мағынадағы *относительді құндарының* өзгерісінен ажырата білу керек, яғни олар тек қана бұлардың *өздерін* өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының, яғни *бұлардың өздерінде затқа айналған* еңбек мөлшерінің өзгеруін ғана бейнелейді. Бұл соңғы *относительді құн*, демек, екінші мағынадағы *относительді құндармен* салыстырғанда, белгілі бір товардың айырбас құнын екінші товардың тұтыну құнымен немесе ақшалай нақты бейнелеу мағынасында алғанда, *«абсолютті құн»* болып көрінеді. Сондықтан да Рикардода «*относительді құнды*» бірінші мағынада бейнелеу үшін *«абсолютті құн»* деген атау кездесіп отырады.

Егер жоғарыда келтірілген мысалда 1 қадақ қант бұрынғысынша, алдында көрсетілгендей жұмыс уақытының мөлшерімен өлшенетін болса, онда оның «*относительді құны*» бірінші мағынада өзгермеген болады. Ал егер кофе еңбектің екі есе аз мөлшері тұратын болса, онда кофеде бейнеленген қанттың құны өзгерген деген сөз, өйткені бірінші мағынада кофеңің «*относительді құны*» өзгерді. Сонымен, қант пен кофеңің *относительді құндары* олардың «*абсолютті құндарынан*» өзгеше болып шығады және бұл айырмашылықтың көрінетін себебі — мәселен, қанттың салыстырма құны да абсолютті құндары *өзгеріссіз* қалған товарлармен салыстырғанда өзгермеген болып шығады.

«Мен оқушының назарын аударғым келіп отырған зерттеу *товарлардың абсолютті құнының емес, относительді құнының өзгерулерінің* ықпалына қатысты» (бұл да сонда, 15-бет) [Орысша аудармасы, I том, 41-бет].

Рикардо бұл «абсолютті» құнды басқа жағдайларда сондай-ақ «*нақты құн*» немесе әншейін «*құн*» деп атайды (мәселен, 16-бетте) [Орысша аудармасы, I том, 42-бет].

Бейлидің Рикардоға қарсы айтысын мына кітаптан қараңыз: «*A Critical Dissertation on the Nature, Measures, and Causes of Value; chiefly in reference to the Writings of Mr. Ricardo and his Followers. By the Author of Essays on the Formation and Publication of Opinions*», London, 1825 (нақ сол авторды қараңыз: «*A Letter to a Political Economist; occasioned by an article in the Westminster Review*» etc., London, 1826). Бейлидің бүкіл айтысы ішінара Рикардоның құн деген ұғымды анықтаудағы әр түрлі пайымдауларының төңірегінде айналсоқтаумен болады, ал Рикардода бұлар дамытылмаған, тек нақты кездесіп отырады және бір-бірімен араласып келеді, ал Бейли болса, бұлардан «*қарама-қайшылықтарды*» ғана табады. Екіншіден, айтыс *салыстырмалы*

құннан (немесе екінші мағынадағы относителді құннан) өзгеше «абсолютті құнға», немесе «нақты құнға» қарсы бағытталған.

«Құнды екі заттың арасындағы қатынас ретінде қараудың орнына»,— дейді Бейли аталған шығармаларының алғашқысында,— «олар» (Рикардо және оның ізбасарлары) «оған еңбектің белгілі бір мөлшерімен өндірілген оң нәтиже ретінде қарайды» (аталған шығарма, 30-бет). Олар «құнды ішкі және абсолютті бір нәрсе» деп қарайды (бұл да сонда, 8-бет).

Соңғы кінәлау Рикардода проблеманы пайымдаудың кемшіліктерінен туған, өйткені Рикардо құнды формасы жағынан,— форма болғанда еңбектің құнның субстанциясы ретінде көрінетін формасы жағынан,— зерттемейді, тек құнның шамаларын ғана зерттейді, яғни осы жалпыға бірдей абстрактылы және осы формасында қоғамдық еңбектің қайсыбір *мөлшерлерін*, товарлардың құндарының шамаларындағы айырмашылықты туғызатын осы мөлшерлерін зерттейді. Бұлай болмаған жағдайда Бейли барлық товарлар, олар айырбас құндары болып табылатындықтан, қоғамдық еңбектің, қоғамдық жұмыс уақытының *относительді* бейнеленулерінің нақ өзі болатындығынан құн ұғымының относителдігі есте жойылмайтынын көрер еді, сондықтан Бейлиге құндардың относителдігі есте де товарлардың бір-біріне айырбасталатын арақатынасында ғана емес, сонымен бірге барлық айырбас құндарының өзінің субстанциясы ретінде осы қоғамдық еңбекке қатынасында екендігі айқын болар еді.

Қайта, керісінше, біздің бұдан әріде көретініміздей, Рикардоны одан да гөрі ол осы «шынайы құнды» немесе абсолютті құнды» өте-мөте жиі ұмытып кетеді де, тек «относительді құнды», немесе «салыстырмалы құнды» әңгімелейді деп жазғыру керек.

[528] Сонымен:

#### [4] РИКАРДОДА ПАЙДАНЫҢ, ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ, ОРТАША БАҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ т. б. БАЯНДАЛУЫ

[а) РИКАРДОДА ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛДЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛМЕН  
ЖӘНЕ ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛДЫҢ  
АЙНАЛМАЛЫ КАПИТАЛМЕН АРАЛАСТЫРЫЛУЫ.  
«ОТНОСИТЕЛЬДІ ҚҰНДАРДЫҢ» ӨЗГЕРУІ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ  
ТЕРІС ҚОЙЫЛУЫ]

Рикардо 1-тараудың III бөлімінде мынадай пікірді дамытады: егер біз товардың құны жұмыс уақытымен белгіленеді дейтін болсақ, онда мұның өзі еңбектің соңғы процесінде тікелей нақ осы товарды өндіруге жұмсалған еңбекке де қатысты болады, сон-



дай-ақ бұл осы товарды өндіру үшін қажетті шикі материалға және еңбек құралдарына жұмсалған жұмыс уақытына да қатысты болады; демек, мұның өзі жаңадан қосылған, жалақымен өтелген, сатып алынған еңбектегі бар жұмыс уақытына ғана қатысты болып қоймайды, сонымен бірге товардың мен тұрақты капитал деп атайтын бөлігіндегі жұмыс уақытына да қатысты болады. Рикардоның бұл мәселені баяндаудағы кемшіліктері 1-тараудың III бөлімінің тақырыбынан-ақ көрінеді. Онда былай делінген:

«Товардың құнына товарды өндіруге тікелей жұмсалған еңбек қана әсер етіп қоймайды, сондай-ақ осы еңбекке жағдай жасаған жабдықтарға, аспаптарға және үй-жайларға жұмсалған еңбек те әсер етеді» (16-бет) [Орысша аудармасы, I том, 42-бет].

Бұл арада шикі материал қалып қойған, ал оның бер жағында, шикі материалға жұмсалған еңбек, еңбек құралдарына — «жабдықтарға, аспаптарға және үй-жайларға» жұмсалған еңбек сияқты, «товар өндіруге тікелей жұмсалған еңбектен» нақ сондай өзгеше болады. Бірақ Рикардоның басында әлден-ақ келесі бөлім тұрады. III бөлімде ол қолданылған еңбек құралдары әр түрлі товарларды өндіруге *құнның бірдей құрамды бөліктері* түрінде енеді деп ұйғарады. Ал келесі бөлімде негізгі капиталдың өндіріске *әр түрлі пропорцияда* енетіндігінен туатын өзгешелік қарастырылады. Сондықтан Рикардо *тұрақты капитал* деген ұғымға келмейді де; тұрақты капиталдың бір бөлегі негізгі капиталдан, ал екінші бөлегі — шикізаттар мен қосымша материалдар — айналмалы капиталдан тұрады, нақ сол сияқты *айналмалы* капитал өзіне өзгермелі капиталды ғана қамтып қоймайды, сонымен қатар шикізаттарды және басқаларды, сондай-ақ *жалпы тұтынуға* <sup>69</sup> жататын (тек жұмысшылардың тұтынуына жататын ғана емес) барлық тіршілік құралдарын қамтиды.

Тұрақты капиталдың товарға енетін пропорциясы товарлардың *құнына*, товардағы еңбектің относителді шамасына ықпал жасамайды, қайта бірдей мөлшерде жұмыс уақыты сіңірілген товарлардағы *қосымша құнның* немесе *қосымша еңбектің* әр түрлі мөлшеріне тікелей ықпал жасайды. Бұл әр түрлі пропорция сондықтан да құннан өзгеше болатын *орташа бағаға* алып келеді.

1-тараудың IV және V бөлімдері жөнінде ең алдымен мынаны ескертіп өту керек: аса маңызды және *қосымша құнды тікелей өндіруге* ықпал жасайтын пропорциядағы айырмашылықпен, тұрақты және өзгермелі капитал өндірістің әр түрлі салаларында капиталдың бірдей массасының құрамдас бөліктерін құрайтын осы пропорциядағы айырмашылықпен шұғылданудың орнына Рикардо тек капитал формасындағы және бірдей көлемдегі капиталдардың құрамындағы белгілі бір формаға келетін пропорциялық үлестердегі айырмашылықтармен ғана шұғылданады, — мұ-

ның өзі капиталдың айналыс процесінен туатын формалардың айырмашылықтары: негізгі және айналмалы капитал, азды-көпті шамада негізгі (яғни пайдаланылу ұзақтығы әр түрлі келетін негізгі капитал) капитал және капиталдың айналыс немесе айналым шапшаңдығы. Оның бәр жағында Рикардо өзінің зерттеуін мынадай тәсілмен жүргізеді: әр мақсатқа жұмсалған шамасы бірдей капитал үшін немесе тең мөлшерде капитал қолданылатын өндірістің әр түрлі салалары үшін жалпы пайда нормасын немесе бірдей шамадағы орташа пайданы күні бұрын белгіленген нәрсе деп пайымдайды, немесе бұл да сондай, ол пайда өндірістің әр түрлі салаларында қолданылатын капиталдардың көлеміне пропорциялы болады деп пайымдайды. Пайданың осы жалпы нормасын алдын ала белгіленген нәрсе деп пайымдаудың орнына, Рикардо, керісінше, жалпы пайда нормасының болуы құнды жұмыс уақытымен анықтауға жалпы алғанда қандай дәрежеде сай келетінін зерттеуге тиіс еді, сонда ол осы анықтамаға сай келудің орнына, мұның prima facie \* оған қайшы келетінін, демек, оның болуының өзін әлі толып жатқан аралық буындардың көмегі арқылы анықтап алу [entwickeln] керек екендігін көрген болар еді, — ал оны шығарып алу құн заңына жәй жатқыза салудан әлдеқайда өзгеше. Ондай жағдайда Рикардо пайданың табиғаты туралы жалпы мүлдем басқаша пікірде болған болар еді және пайданы тікелей қосымша құнмен бір нәрсе деп санамас еді.

Рикардо күн ілгері осындай ұйғарым жасап алып, содан кейін өзіне мынадай сұрақ қояды: егер негізгі және айналмалы капиталдар өндіріске әр түрлі пропорцияда енетін болса, жалақының артуы немесе төмендеуі «относительді құндарға» қалай әсер етеді? Немесе, дұрысырақ айтқанда, ол мәселені нақ осы тұрғыдан қарап отырмын деп ойлайды. Іс жүзінде ол мәселені мүлдем басқаша тұрғыдан қарап отыр. Ол мәселені мынадай тұрғыдан қарап отыр: ол өзінен жалақының артуы немесе төмендеуі тиісінше айналым уақыты әр түрлі және капиталдың әр түрлі формалары әр түрлі пропорцияда болып келетін капиталдардан алынатын пайдаға қалай әсер етеді деп сұрайды. Сөйтіп, бұл арада ол, әрине мына жайды анықтайды: негізгі капиталдың және т. б. көп не аз енуіне байланысты жалақының артуы немесе төмендеуі, бұл арада капиталдардың өзгермелі капиталдан, яғни жалақыға тікелей жұмсалатын капиталдан тұратын бөлігінің көп не аз болуына қарай, капиталдарға барынша әр түрлі әсер етуге тиіс. Демек, пайданы өндірістің әр түрлі [529] салаларында қайтадан теңгеріп алу үшін, басқаша сөзбен айтқанда, жалпы пайда нормасын қалпына келтіру үшін, товарлардың бағасы — олардың құнынан өзгеше — түрліше реттеліп отыруға тиіс. Демек, — деп қорытады ол одан әрі, — жалақының артуы немесе төмендеуі жағдайында

\* — тосыннан қарағанда. Ред.

аталған айырмашылықтар «относительді құндарға» әсер етеді. Мұның керісінше ол былай деуге тиіс еді: бұл айырмашылықтардың құндарға өзінен-өзі ешқандай қатысы болмаса да, олар әр түрлі салалардағы пайдаларға өзінің әр қилы әсер етуі арқасында құндардың өздерінен өзгеше келетін орташа бағалар жасайды, немесе, біздің былай деп айтатынымыздай, *шығындардың бағасын* жасайды, ал шығындардың бағасы товарлардың тікелей құнымен белгіленбейді, қайта осы товарларға жұмсалған капиталға орташа пайданы қосқандағы шамамен белгіленеді. Демек, Рикардо былай деп айтуға тиіс еді: *шығындардың* бұл орташа бағасы товарлардың құндарынан өзгеше болады. Мұның орнына ол бұлар *ұқсас* деп тұжырымдайды және осы *қате* алғы шарт негізінде жер рентасын қарастыруға көшеді.

Өзі зерттеп отырған үш жағдай ғана «относительді құндарда» товарлардағы жұмыс уақытынан тәуелсіз болып жататын «өзгерістерге», демек, іс жүзінде шығын бағасы мен товарлардың құндары арасындағы айырмашылықтарға өзін тұңғыш рет кезіктіріп отыр деп ұйғарғанда, Рикардо нақ осылай адасады. *Жалпы пайда нормасы* бар деп ұйғарып, яғни капиталдардың табиғи құрамдас бөліктерінің арасындағы әр түрлі арақатынастарға қарамастан капиталдар өздерінің *шамасына* пропорциялы түрде пайда келтіреді деп ұйғарып, Рикардо ілгеріде-ақ бұл *айырмашылықты бар* деп алған болатын, ал оның бержағында капиталдар келтіретін қосымша құн түгелдей ақысы төленбеген жұмыс уақытының мөлшерімен белгіленеді, капиталдар бұл жұмыс уақытын өзіне сіңіреді және, қазіргі жалақы тұсында ақысы төленбеген жұмыс уақытының мөлшері капиталдың абсолютті көлеміне емес, бүтіндей капиталдың жалақыға жұмсалған бөлегінің мөлшеріне байланысты болады.

Іс жүзінде Рикардодан біз мынаны көреміз: товарлардың құнынан *өзгеше болатын* шығындардың бағасы бар деп ұйғарып, — ал *жалпы пайда нормасы* бар делінгендіктен, бұл айырмашылық өзінен-өзі ұйғарылып отыр, — Рикардо осы шығын бағалары (олар енді түрлендіру үшін «относительді құндар» деп аталады) олар өздері бір-бірі жөнінде өзара жалақының артуы немесе төмендеуі нәтижесінде және капиталдың табиғи құрамдас бөліктері арасындағы әр түрлі арақатынастар болған жағдайда қалай модификацияланатынын зерттейді. Рикардо іске неғұрлым терең бойлап зерттегенде, *жалпы пайда нормасы* болуының бір өзі-ақ — капиталдың табиғи құрамдас бөліктерінің әр түрлі болуы жағдайында, олар алдымен, тікелей өндіріс процесінде өзгермелі және тұрақты капиталдың арасындағы айырмашылық ретінде көрінеді, ал содан кейін айналыс процесінде туатын айырмашылықтардың арқасында барған сайын неғұрлым көбейе түседі, — тіпті *жалақы өзгеріссіз қалады* деп ұйғарғанның өзінде *құндардан* өзгеше *шығындар бағасының* шығуына себеп болатынын тапқан

болар еді. Басқаша сөзбен айтқанда, Рикардо *жалпы пайда нормасы* болуының бір өзі-ақ жалақының артуына немесе төмендеуіне *мүлдем тәуелсіз* айырмашылықтың шығуына себептесетінін және форманың жаңа анықтамасын тапқан болар еді. Сондай-ақ Рикардо бұл айырмашылықты түсінудің жалақының артуынан немесе төмендеуінен болып отыратын товарлардың *шығын бағаларындағы* өзгерістерге өзінің талдау жасағандағысынай гөрі, тұтас алғанда теория үшін анағұрлым маңызды және шешуші мәні бар екендігін көрген болар еді. Ол қанағат тұтатын қорытынды,— ал осы қорытындымен қанағат тұтатыны оның зерттеуінің бүкіл сипатына сай келеді,— мынадай: егер товарлардың *шығындар бағасындағы* (немесе, оның өзі айтатындай, «относительді құндарындағы») *өзгерістерді* ескеріп, есепке алып отырса,— бұл өзгерістер түрліше салаға жұмсалған капиталдардың табиғи құрылымының әр түрлілігі жағдайында жалақының өзгерістерінен, оның артуынан немесе төмендеуінен келіп туады,— сонда заң дұрыс болып қала береді: бұл арада товарлардың «относительді құндарын» жұмыс уақытымен белгілеу заңына *қарама-қарсылық* жоқ, өйткені товардың шығын бағаларындағы барлық басқа өткінші өзгерістерден де бетер өзгерістерді осы товарларды өндіру үшін тиісінше қажетті жұмыс уақыты мөлшерінің өзгеруімен ғана түсіндіруге болады.

Мұның керісінше, Рикардоның негізгі және айналмалы капиталдардың арасындағы айырмашылықтарды капиталдың айналым уақытындағы айырмашылықтармен салыстыруын және осы айырмашылықтардың бәрін айналыс уақытының әр түрлілігінен — демек, іс жүзінде *капиталдың айналыс уақытынан*, немесе *капиталдың ұдайы өндірілу уақытынан* келіп шығаруын оның сіңірген үлкен еңбегі деп қарау керек.

Біз әуелі осы айырмашылықтардың өзін Рикардо оларды ең алдымен IV бөлімде (1-тарау) қалай бейнелесе, сол күйінде қарастырамыз, ал бұдан кейін барып олардың оның өзінің бейнеленуінде «относительді құндарда» өзгеріс туғыза отырып әрекет ететін тәсілді қарастыратын боламыз.

1) «Қоғам қандай жағдайда болса да, әр түрлі салаларда қолданылатын өндіріс құралдары, аспаптар, үй-жайлар мен машиналар *пайдаланылу ұзақтығы жөнінен әр түрлі дәрежеде* болуы және *өздерін өндіру үшін еңбектің түрліше мөлшерін* керек етуі мүмкін» (цитат алынған шығарма, 25-бет) [Орысша аудармасы, I том, 49-бет].

«Оларды өндіру үшін керекті еңбектің түрліше мөлшеріне» келетін болсақ, бұл мынаны көрсетуі мүмкін,— және, сірә, бұл арада Рикардо тек осыны ғана айтып отыр,— пайдаланылу ұзақтығы аз құрал-жабдықтар ішінара өзін жөндеу үшін, ішінара өзін ұдайы өндіріп отыру үшін еңбектің (қайталанып отыратын тікелей еңбектің) *көбірек мөлшерін* талап етеді немесе бұл сон-

дай-ақ мынаны көрсетуі мүмкін: *пайдаланылу ұзақтығы бірдей дәрежедегі* машиналар және т. с. белгілі бір шамада қымбат болуы мүмкін, белгілі бір шамадағы еңбек мөлшерінің өнімі болуы мүмкін. Өзгермелі және тұрақты капитал арасындағы арақатынасты түсіну үшін маңызды болып табылатын бұл соңғы көзқарастың Рикардо қарастырып отырған мәселеге ешқандай қатысы жоқ, ал сондықтан ол мұны еш жерде дербес көзқарас ретінде қабылдамайды да.

[530] 2) «Сондай-ақ еңбекті ұстауға арналған капитал» (өзгермелі капитал), «және құрал-жабдықтарға, машиналар мен үй-жайларға жұмсалған капитал» (негізгі капитал) «өзара әр түрлі қарым-қатынастарда ұштары біріге алады». Сонымен, біз «негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығы дәрежесіндегі айырмашылықты және капиталдың екі түрінің ұштасып бірігуіндегі арақатынастардың әр түрлілігін көріп отырмыз» (25-бет) [Орысша аудармасы, I том, 49-бет].

Тұрақты капиталдың шикі материал ретінде болатын бөлегіне Рикардоның неліктен назар аудармайтындығы бірден-ақ көрініп тұр. Шикі материалдың өзі айналмалы капиталға жатады. Егер жалақы артатын болса, мұның өзі капиталдың машиналардан тұратын және *алмастыруды* талап етпейтін, бұрынғыша қызмет ете беретін бөлегіне деген *шығынды арттырмайды*, бірақ бұл капиталдың *шикі материалдан* тұратын бөлегіне деген шығындарды арттырады, өйткені шикі материал үнемі толықтырылып, демек үнемі ұдайы өндіріліп отыруға тиіс.

«Жұмысшылар тұтынатын азық-түлік пен киім-кешек, ол жұмыс істейтін үй-жай, оның еңбек етуіне қажетті құрал-жабдықтар — бұлардың бәрі *өткінші сипатта* болады. Бірақ осы әр түрлі капиталдардың бәрі қызмет ететін уақыттың ұзақтығында үлкен айырмашылық болады... Капиталдың жойылуының шапшаңдығына қарай және оның *жаңғыртуды* қаншалықты *жиі* талап ететіндігіне немесе тұтынылуының баяулығына қарай ол не айналмалы капиталға, не негізгі капиталға қосылады» (26-бет) [Орысша аудармасы, I том, 49-бет].

Сонымен, бұл арада негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырмашылық *ұдайы өндірілу уақытындағы* (бұл уақыт айналыс уақытына дәл келеді) айырмашылыққа келіп саяды.

3) «Мынаны да атап оту керек: *айналмалы капиталдың айналып келуі* немесе *өзінің иесіне қайтып оралу уақытының барынша әр түрлі болуы мүмкін. Фермердің себу үшін сатып алған бидайы\** наубайшының нан пісіру үшін сатып алған бидайымен салыстырғанда негізгі капитал болып табылады. Бұлардың біріншісі бидайды жерге себеді де, оны ерте дегенде жыл өтпей қайта ала алмайды; ал екіншісі оны ұн етіп тартады да, одан нан пісіріп, өзінің сатып алушыларына сата алады, сөйтіп бір аптадан кейін оның капиталы осы істі қайта жалғастыру не басқа жаңа істі бастау үшін босап шығады» (26—27-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 50-бет].

\* Родбертус мырза Англияда тұқымның «сатып алынатындығына» осы арада көз жеткізе алады.

Әр түрлі айналмалы капиталдардың айналыс уақытындағы осы айырмашылықтың болатыны неліктен? Оның себебі бүкіл осы уақыт бойына еңбек процесі жалғаспағанымен нақ сол бір капиталдың өзі бір жағдайда өндіріс саласына өзінің дәл мағынасында неғұрлым ұзақ уақыт болады. Шарап өндірісінде жағдай осылай, мұнда шарап әбден жетілуі үшін ұрада ұзақ сақталады, тері илеген жағдайда, оны бояғанда және т. с. белгілі бір химиялық процестер жөнінде осылай болады.

«Сөйтіп, шаруашылықтың екі саласында бірдей мөлшерде капитал қолданылуы мүмкін; бірақ бұл капитал негізгі және айналмалы капитал болып мейлінше әр түрлі сипатта бөлінеді» (27-бет) [Орысша аудармасы, I том, 50-бет].

4) «Одан соң, екі фабрикант шамалары бірдей негізгі және айналмалы капиталды қолдана алады; бірақ олардың негізгі капиталдарының пайдаланылу ұзақтығы» (демек, олардың ұдайы өндірілу уақыты да) «мейлінше әр түрлі болуы мүмкін. Біреуде құны 10 000 ф. ст. тұратын бу машиналары болса, екінші біреуде құны сондай кемелер болуы мүмкін» (27—28-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 50-бет].

«Капиталдардың... пайдаланылу ұзақтығының әр түрлі дәрежелері, немесе, бұл да сондай, ...белгілі бір товарлар тобының рынокқа барып түскенге дейін өтуге тиісті уақытындағы айырмашылықтар» (30-бет) [Орысша аудармасы, I том, 51-бет].

5) «Өндірілуіне еңбек бірдей мөлшерде жұмсалған товарлар рынокқа бірдей уақыт аралығында түсе алмайтын болған жағдайда олардың бір-бірінен айырбас құны бойынша өзгеше болатындығын айтып жату қажет бола қояр ма екен» (34-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

Сонымен, біз мынаны көреміз: 1) негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арақатынасындағы айырмашылық; 2) өндіріс процесі одан әрі жалғасқанымен еңбек процесінде үзіліс болуы салдарынан айналмалы капиталдың айналысындағы айырмашылық; 3) негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығындағы айырмашылық; 4) товар өзінің дәл мағынасында айналыс процесіне енгенге дейін жалпы алғанда қанша уақыт еңбек процесінде (өндіріс уақыты мен жұмыс уақытының арасындағы айырмашылыққа қарамастан жұмыс уақытындағы үзілісті есепке алмағанда <sup>70</sup>) болатындығындағы айырмашылық. Соңғы жағдайды Рикардо былай бейнелейді:

«Айтайық, мен қайсыбір товарды өндіру үшін жыл бойына 20 жұмысшы жалдаймын, оларға 1 000 ф. ст. жұмсаймын, ал жыл өткеннен кейін келесі жыл бойына тағы да 20 жұмысшы жалдаймын, оларға сол товарды біржола өндетіп алу үшін немесе неғұрлым жақсы өңдеу үшін тағы да 1 000 ф. ст. жұмсаймын — сөйтіп екінші жылдың аяғында товарды рынокқа жеткіземін. Егер пайда 10 процент болатын болса, менің товарым 2 310 ф. стерлингке сатылуға тиіс, өйткені мен алғашқы жылда 1 000 ф. ст. капитал жұмсадым, ал келесі жылда 2 100 ф. ст. капитал жұмсадым. Екінші бір адам да нақ сондай шамада еңбек жұмсайды, бірақ ол оны түгелдей алғашқы жылда жұмсайды; ол 40 жұмысшы жалдайды да, оларға 2 000 ф. ст. жұмсайды, сөйтіп бірінші жылдың аяғында өзінің товарын 10 процент пайдамен, яғни 2 200 ф. стерлингке сатады. Сонымен, бұл ара-

да бізде екі товар болып отыр, оларға еңбек барынша бірдей шамада жұмсалған, ал ол товарлардың біреуі 2310 ф. стерлингке, екіншісі 2200 ф. стерлингке сатылады» (34-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

[531] Бірақ бұл айырмашылық — негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығы дәрежесінде ме немесе айналмалы капиталдың айналыс уақытында ма, немесе капиталдың осы екі түрінің өзара ұштасып бірігетін арақатынастарында ма немесе, ақырында, еңбек бірдей шамада жұмсалған әр түрлі товарлардың [рынокқа барып түсуі үшін] керек уақытында ма, — осы айырмашылық бұл товарлардың *относительді құндарында* қалай өзгеріс туғыза алады? Рикардо әуелі бұл мынаның салдарынан болады дейді:

«бұл айырмашылық... және арақатынастардың әр түрлілігі» және т. с. «товарларды өндіру үшін қажетті көп немесе аз еңбек мөлшерінің үстіне товарлардың *относительді құндарының өзгеруінің басқа бір себебін енгізеді: бұл себеп еңбектің құнының артуы немесе төмендеуі болып табылады»* (25—26-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 49-бет].

Ал бұл қалай дәлелденеді?

«Жалақының артуы осыншалық әр түрлі жағдайларда өндірілетін *товарларға әркелкі ықпал жасамай қоймауға тиіс»* (27-бет) [Орысша аудармасы, I том, 50-бет].

атап айтқанда — шаруашылықтың *әр түрлі* салаларында *бірдей мөлшердегі* капиталдарды қолданған жағдайда — бір капитал көбіне-көп негізгі капиталдан және болмашы бөлегі ғана «еңбекті ұстауға жұмсалатын» капиталдан ғана болып, ал екінші бір капиталда жағдай бұған нақ керісінше болып отырған жағдайда осылай болуға тиіс. Ең алдымен, «товарларға» ықпал жасайтындығы туралы айту қисынсыз. Рикардо олардың *құнын* айтып отыр. Бірақ осы жағдайлар тарапынан құндарға, қандай шамада ықпал жасалып отыр? Ешқандай шамада ықпал жасалып отырған жоқ! Ықпал жасалып отырған нәрсе — екі жағдайдың екеуінде де — пайда. Мәселен, өзгермелі капитал түрінде өз капиталының  $\frac{1}{5}$ -ін ғана жұмсаған адам, жалақы бірдей болған жағдайда және қосымша еңбек нормасы бірдей болған жағдайда, 100-ге — егер қосымша құн нормасы 20 процентке тең болса, — тек 4 олшем ғана қосымша құн өндіреді; ал өзгермелі капитал түрінде өзінің капиталының  $\frac{4}{5}$  -ін жұмсаған екінші бір адам 16 олшем қосымша құн өндіреді. Өйткені бірінші жағдайда жалақыға жұмсалған капитал  $\frac{100}{5}$  -ке тең, яғни 20, ал жиырмадан  $\frac{1}{5}$  (немесе 20 процент) 4 болады. Ал екінші жағдайда жалақыға жұмсалған капитал  $\frac{4}{5} \times 100$ -ге тең, яғни 80. Ал сексеннен  $\frac{1}{5}$  (немесе 20 процент) 16 болады. Бірінші жағдайда пайда 4-ке,

екінші жағдайда 16-ға тең болар еді. Екі капитал үшін де орташа пайда  $\frac{16+4}{2}$ , немесе  $\frac{20}{2}$  яғни 10 процент болар еді. Міне, бұл —

Рикардо айтып отырған жағдайдың өзі. Сонымен, екі кәсіпкердің екеуі де шығындар бағасы бойынша сататын болса, — ал Рикардо нақ осылай *ұйғарып* отыр, — онда олардың әрқайсысы өз товарын 110-ға сатқан болар еді. Айтайық, енді жалақы мәселен, өзінің бұрынғы сомасынан 20 процент артады дейік. Бұрын кәсіпкерге бір жұмысшы 1 ф. стерлингке түсетін еді, енді ол 1 ф. ст. 4 шиллингке, немесе 24 шиллингке түсетін болды. Осы екі кәсіпкердің біріншісі тұрақты капитал түрінде бұрынғыша 80 ф. ст. жұмсауға тиіс (өйткені Рикардо бұл арада еңбек материалын есепке алмай отырғандықтан, біз де солай істей аламыз), ал ол жалдап отырған 20 жұмысшыға жалақы төлеуге 20 ф. стерлингтің үстіне тағы да 80 шиллинг жұмсайды, яғни 4 ф. ст. көп жұмсайды. Сөйтіп, оның капиталы енді 104 ф. стерлингке тең болуға тиіс. Ал оның үлесіне 110 ф. стерлингтен 6 ф. ст. қана пайда тиеді, өйткені жұмысшылар ол үшін көп қосымша құн өндірудің орнына аз қосымша құн өндіреді. 6 ф. ст. 104-ке шаққанда  $5\frac{10}{13}$  процент болады. Мұның керісінше, 80 жұмысшы жалдаған екінші кәсіпкер 320 шиллинг төлеуге, яғни 16 ф. ст. көп төлеуге тиіс болар еді. Демек, оған 116 ф. ст. жұмсауға тура келген болар еді. Ал егер ол өзінің товарын 110-ға сатуға мәжбүр болса, ол пайданың орнына 6 ф. ст. зиян шөккен болар еді. Бірақ бұл жағдай тек мына себептен ғана — егер орташа пайда осы кәсіпкердің еңбекке жұмсаған шығыны мен оның өз кәсіпорнында өндірген қосымша құнның арасындағы қатынастарды өзгерткендіктен барып қана болуы мүмкін.

Сонымен, 100 ф. стерлингтен жалақыға 80 ф. ст. жұмсайтын бір кәсіпкердің 100 ф. стерлингтен жалақыға тек 20 ф. ст. жұмсайтын екінші кәсіпкерден пайданы төрт есе көп алмауы үшін қандай өзгерістер болуы керектігі туралы маңызды мәселені зерттеудің орнына, Рикардо осы елеулі айырмашылық теңелгеннен кейін, — демек, пайданың қазіргі бар нормасы тұсында, — пайданың осы нормасының, мәселен, жалақының артуы салдарынан болатын өзгерісі атаулының бәрі 100 ф. ст. капиталына жұмысшыларды аз жалдаған кәсіпкерден гөрі 100 ф. ст. капиталына жұмысшыларды көп жалдаған кәсіпкерге әлдеқайда көп әсер ететіні қалайша болады деген және сондықтан — пайда нормасы бірдей болған жағдайда — пайданың нормасы бұдан былай да бірдей болып қала беруі үшін товарлардың бағасы, немес *шығындардың бағасы*, бір кәсіпкерде артып шығуға, ал екіншісінде — төмендеп кетуге тиіс екендігі қалайша болады деген қосалқы мәселені зерттейді.

Рикардо ұсынып отырған бірінші мысалдың «еңбектің құны-



ның артуына» мүлдем, ешқандай қатысы жоқ, әйтсе де ол «относительді құндардағы» өзгерістердің бәрі нақ осы себептен болуға тиіс деп бізге алдын ала хабарлаған болатын. Бұл мысал мынандай:

«Айтайық, екі адам екі машина жасап шығару үшін жыл бойына жүз жұмысшыдан жалдайды екен, ал үшінші бір адам астық өндіру үшін сондай мөлшерде жұмысшы жалдайды екен дейік; жылдың аяғында машиналардың әрқайсысының құны астықтың құнындай болады, өйткені осы үш товардың әрқайсысын өндіру үшін жұмсалған еңбек мөлшері бірдей. Енді былай дейік: бір машинаның иесі өзінің машинасын келесі жылы жүз жұмысшының көмегімен шұға өндіру үшін пайдаланады, екіншісі де өзінің машинасын жүз жұмысшының көмегімен шыт тоқу үшін пайдаланады, ал фермер болса, ол бұрынғыша 100 жұмысшы жалдап, астық өндірумен шұғылдана береді. Екінші жылы олардың бәрі де бірдей еңбек мөлшерін жұмсайтын болады».

{Яғни, олар жалақыға бірдей капитал жұмсайды, бірақ пайдаланылатын еңбек мөлшері әсте де бірдей болмайды},

«бірақ шұға фабрикантының өзінің машинасын қосқандағы өнімі [532] мен шыт фабрикантының да өзінің машинасын қосқандағы өнімі екі жүз жұмысшының жылдық еңбегінің нәтижесі, немесе, дұрысырақ айтқанда, жүз жұмысшының екі жыл бойындағы еңбегінің нәтижесі болады, ал астық болса, ол жүз жұмысшының бір жыл бойындағы еңбегінің нәтижесі болады; демек, егер астықтың құны 500 ф. ст. болса, онда шұға фабрикантының машинасы мен шұғасының құны екеуін қосқанда 1000 ф. ст. болуға тиіс; *нақ сол сияқты шыт фабрикантының машинасы мен шытының құны да астықтың құнынан екі есе артық болуға тиіс*. Бірақ олардың құны астықтың құнынан екі еседен астам артық болады, өйткені шұға фабриканты мен шыт фабрикантының капиталдарынан алынатын пайдалары бірінші жылы олардың капиталдарына қосылып кетті, ал фермер болса, өзінің пайдасын өзінің жеке басының қажеттері мен рақатына пайдаланды. Сонымен, олардың капиталдарының пайдаланылу ұзақтығы дәрежесінің әр түрлі болуы нәтижесінде немесе, бұл да сондай, белгілі бір товарлар тобының рынокқа барып түскенге дейінгі өтетін уақытындағы айырмашылықтың нәтижесінде бұл товарлардың құндары оларға жұмсалған еңбек мөлшеріне әбден дәл пропорцияда болып шықпайды. Осы алып отырған жағдайда құндардың қатынасы 2:1 болмайды, қайта товарлардың ішінен неғұрлым қымбат товардың рынокқа барып түсуіне дейінгі өтетін неғұрлым ұзақ уақыттың есесі толтырылатындай біршама көбірек болады. Айтайық, әрбір жұмысшыға еңбегі үшін жылына 50 ф. ст. төленеді немесе 5000 ф. ст. капитал жұмсалды, ал пайда 10 процент болады дейік; сонда машиналардың әрқайсысының құны, сондай-ақ астықтың құны да, бірінші жылдың аяғында 5 500 ф. ст. болады. Екінші жылдың барысында фабриканттар да, фермер де еңбекті ұстау үшін әрқайсысы тағы да 5 000 ф. ст. жұмсайды, сондықтан олар өздерінің өнімдерін тағы да 5 500 ф. стерлингке сатады. Бірақ фермермен тең жағдайда болып қала беру үшін машиналарды пайдаланатын екі фабриканттың екеуі де еңбекке фермермен бірдей жұмсаған 5 000 ф. ст. капиталдың есесіне тек 5 500 ф. ст. алумен шектеліп қалмауға тиіс, оның үстіне олар машинаға жұмсаған 5 500 ф. стерлингке пайда ретінде тағы да қосымша сома 550 ф. ст. алуға тиіс, және, демек, олардың өнімдері 6 050 ф. стерлингке сатылуға тиіс» (өйткені пайданың бірдей жылдық 10 процент нормасы қажеттілік әрі заң деп ұйғарылады).

{Сонымен, орташа пайданың нәтижесінде — Рикардо күні бұрын бар деп ұйғарып отырған жалпы пайда нормасы нәтижесін-

де, — товарлардың құнынан өзгеше болатын орташа бағалар немесе шығын бағалары пайда болады.}

Демек, бұл арада біз өз товарларын өндіру үшін жыл бойына еңбек мөлшерін әбден бірдей жұмсайтын капиталистерді көріп отырмыз, бірақ соған қарамастан олардың өндіретін товарлары өздерінің құны жағынан өзгеше болып келеді, өйткені олардың әрқайсысының жұмсайтын негізгі капиталының, немесе жинақталған еңбектің мөлшері бірдей емес.

{Осының салдарынан емес, қайта осы оңбағандардың бәрінің жабысқақ идеяға \* еліккендігінің салдарынан — олардың әрқайсымыз «еңбекке көрсеткен қолдауымыздың» нәтижесінде бірдей олжа алуға тиіспіз, немесе олардың товарлары құны қандай болғанына қарамастан орташа баға бойынша сатылуға тиіс, сөйтіп әрқайсымызға пайданың бірдей нормасы келуге тиіс деп өзеуреуінің салдарынан болып отыр.}

«Шұға мен шыттың құны бірдей, өйткені олар — еңбектің бірдей мөлшері мен негізгі капиталдың бірдей мөлшерінің өнімдері; бірақ астықтың құны» {шығындардың бағасы деу керек} «бұл товарлармен бірдей емес, себебі — мәселе негізгі капиталға қатысты болғандықтан, астық басқаша жағдайларда өндіріледі» (29—31-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 51—52-беттер].

Рикардоның бұл сияқты мейлінше ебедейсіз және шым-шытырық шатасқан мысалы барынша қарапайым нәрсені суреттеу үшін келтірілген — ал оның орнына былай деп айтса болып жатыр: тең мөлшердегі капиталдар, олардың табиғи бөлшектері арасындағы арақатынас қандай екендігіне қарамастан немесе олардың айналыс уақыты қандай болғанына қарамастан, тең мөлшерде пайда келтіреді, ал егер товарлар өздерінің құны бойынша сатылса, мұның өзі мүмкін емес және т. т., сондықтан товарлардың бұл құндарынан өзгеше келетін шығындардың бағасы бар. Оның бер жағында мұның өзі жалпы пайда нормасы деген ұғымның өзінде-ақ бар.

Бұл күрделі мысалды талдап көрейік те, оны әсте «күрделі» емес шын мөлшеріне келтірейік: бұл орайда соңынан бастаймыз және бірден, мәселені неғұрлым айқын түсіну үшін, мынаны атап көрсетейік: Рикардоның «ұйғарымдары» бойынша, фермер мен мақта-мата өндіруші сабазға шикі материалдың ешқандай құны жоқ; сондай-ақ, фермер еңбек құралдарына ешқандай капитал шығармайды; ақырында, мақта-мата өндіретін төбет ит жұмсаған негізгі капиталдың бірде-бір бөлегі тозудың есесін өтеу ретінде оның өніміне кірмейді. Бұл ұйғарымдардың бәрі қисынсыз болса да, олардың мысалға келтіруге өздігінен ешқандай кедергісі жоқ.

Осы ұйғарымдардың бәрінде де, Рикардоның келтіріп отырған мысалын, егер соңынан бастасақ, мынадай: фермер жалақыға

\* Сөз ойнақылығы: «fixed capital» — «негізгі капитал», «fixed idea» — «жабысқақ идея». Ред.

5 000 ф. ст. жұмсайды; мақта-мата өндіретін сұрқия жалақыға 5 000 және машиналарға 5 500 жұмсайды. Демек, біріншісі 5 000 ф. ст., ал екіншісі 10 500, яғни [533] біріншіге қарағанда екі есе көп жұмсайды. Егер олардың екеуі де 10 процент пайда алуға тиіс болса, онда фермер өзінің товарын 5 500 ф. стерлингке, ал мақта-мата өндіретін сабаз 6 050 ф. стерлингке сатуға тиіс (өйткені машинаға жұмсалған 5 500-дің бірде-бір үлесі машинаның тозуын өтеу ретінде өнімнің құнының құрамды бөлегіне енбейді). Рикардоның бұдан товарлардың шығындарының бағасы товарлардың құнынан *өзгеше* болады, өйткені шығындардың бағалары товарларға енген аванстардың құнына пайданың нақ сол бір жылдық процентін қосқандағымен белгіленеді және бұл айырмашылық товарларды жұмсалған капиталға нақ сол бір пайда нормасын келтіретін бағамен сату фактісінен болады, *шығындардың бағалары мен құндардың* арасындағы айырмашылық, қысқасын айтқанда, жалпы пайда нормасымен барабар дегеннен басқа нені анықтағанын мүлдем түсініп болмайды. Рикардо осы араға енгізіп отырған негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырмашылықтың өзі де бұл мысалда тек таза жалтару ғана болып отыр. Өйткені, егер, мәселен, фермерге тұқым және т. с. керек болмай отырғанның өзінде де, шыт фабриканты қолданатын қосымша 5 500 ф. ст. шикі материалға енген жағдайда да нәтижесі нақ осындай болып шығар еді ғой.

Бұл мысал да нақ сол сияқты Рикардоның

«олардың» (шыт фабриканты мен фермердің) «өндіретін товарлары өздерінің құны жағынан өзгеше болып келеді, өйткені олардың әрқайсысының жұмсайтын негізгі капиталының, немесе жинақталған еңбектің, *мөлшері бірдей емес*» (31-бет) [Орысша аудармасы, I том, 52-бет].

деп пайымдауына қарамастан, мұны ешбір жағдайда да көрсете алмайды.

Өйткені, Рикардоның ұйғарымына сәйкес, мақта-мата фабрикантында негізгі капитал 5 500 ф. стерлингке тең ал фермерде ол нольге тең; біреуі негізгі капиталды қолданады, ал екіншісі қолданбайды. Демек, олар оны әсте «бірдей емес мөлшерде» қолданбайды, нақ сол сияқты, біреуі ет жейтін, ал екіншісі ет жемейтін екі адам туралы да олардың екеуі де «бірдей емес мөлшерде» ет жейді деп айтуға болмайды. Мұның керісінше мынау дұрыс (осы арада бұл «немесе» деген сөзсымақтың көмегімен жасырын түрде мүлдем қате енгізілген) болып шығады: шыт фабриканты мен фермер «жинақталған еңбекті», яғни затқа айналған еңбекті «бірдей емес мөлшерде» қолданады, атап айтқанда біреуі 10 500 ф. ст. ал екіншісі тек 5 000 ф. ст. жұмсайды. Бірақ олардың «жинақталған еңбекті бірдей емес мөлшерде» қолдануы тек мына жағдайды ғана көрсетеді: олар өздерінің кәсіпорындарына «капиталды бірдей емес мөлшерде» жұмсайды да, пайданың көлемі олардың қолданған капиталдарының мөлшеріндегі осы айырмашылыққа тәуел-

ді болады, өйткені *пайданың нормасы белгілі бір* шамада болады деп ұйғарылады, және, ақырында, капиталдың мөлшеріне пропорциялы болып келетін пайданың көлеміндегі бұл айырмашылық товар шығындарының тиісті бағаларында бейнеленіп, солардан көрінеді.

Рикардо келтіріп отырған суреттеменің ебедейсіздігі қайдан шығып отыр?

«Демек, бұл арада біз өз товарларын өндіру үшін *жыл бойына еңбек мөлшерін* әбден *бірдей* жұмсайтын капиталистерді көріп отырмыз, бірақ соған қарамастан олардың өндіретін товарлары өздерінің құны жағынан өзгеше болып келеді» (30—31-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 52-бет].

Бұл былай деген сөз: олардың қолданатыны жалпы еңбектің — тікелей жұмсалған еңбек пен жинақталған еңбекті бірге қосып алғандағы — бірдей мөлшері емес, қайта өзгермелі, жалақыға жұмсалатын, капиталдың бірдей мөлшерін, нақты еңбектің бірдей мөлшерін қолданады. Ал ақша жинақталған еңбекке, яғни машиналар және т. с. түрінде болатын товарларға тек товар айырбасы заңына сәйкес айырбасталатын болғандықтан, *қосымша құн* тек қолданылған нақты еңбектің бір бөлігін ақысын төлемей иемденуден ғана пайда болатындықтан, мынау айқын (өйткені, ұйғарым бойынша, машиналардың бірде-бір бөлшегі тозу ретінде товарға еңбейді): екі капиталистің екеуі де пайда мен қосымша құн бара-бар болғанда ғана белгілі бір тең пайда ала алады. Мақта-мата фабриканты екі есе көп капитал жұмсағанымен, фермер сияқты, өзінің товарын 5 500 ф. стерлингке сатуға тиіс болар еді. Ал тіпті егер машиналар тұтасымен товардың құнына енген күннің өзінде де, шыт фабриканты өзінің товарын тек 11 000 ф. стерлингке сата алар еді, яғни ол 5 процент те пайда ала алмаған болар еді, ал фермер 10 процент пайда алар еді. Бірақ егер фермердің алатын 10 процент пайдасы шын мәнінде, оның товарындағы ақысы өтелмеген еңбек деп ұйғаратын болсақ, осындай *тең емес* пайда тұсында да фермер мен фабрикант өздерінің товарларын олардың *құны* бойынша сатқан болар еді. Демек, егер олар өздерінің товарларын бірдей пайдамен сататын болса, онда мынадай екі жағдайдың біреуі қажет болады: не фабрикант өзінің товарларына өз дегенімен 5 процент қосады, онда фабрикант пен фермердің товарлары, бірге қосып алғанда, олардың құнынан *асырып* сатылады; не фермер алатын шын мәніндегі қосымша құн шамамен 15 процент болады да, олардың екеуі де өздерінің товарларына 10 процент орташа пайда алады. Бұл соңғы жағдайда, тиісті товардың шығындарының бағасы әрбір ретте оның құнынан жоғары немесе төмен болғанның өзінде де, товарлардың *жиынтығы олардың құны бойынша сатылады*, ал пайдалардың теңгерілуінің өзі товарларға енген қосымша құнның жиынтығымен белгіленеді. Осында, Рикардоның жоғарыда келтірілген сөйлемінде, егер тиісінше оның түрін өзгер-

тіп алса, мынадай дұрыс пікір бар: өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы арақатынастағы айырмашылық сөзсіз мынаған әкеліп саяды: жұмсалған капиталдың мөлшері бірдей болған жағдайда құны әр түрлі болатын және осы себептен әр түрлі пайда келтіретін товарлар өндірілуге тиіс; осының салдарынан бұл пайдалардың теңесуі товарлардың құнынан *өзгеше келетін шығындар бағаларын туғызуға* тиіс. «Демек, бұл арада біз өз товарларын өндіру үшін жыл бойына» (тікелей, нақты) «еңбек мөлшерін әбден бірдей жұмсайтын капиталистерді көріп отырмыз, бірақ соған қарамастан олардың өндіретін товарлары өздерінің құны жағынан өзгеше болып келеді» (яғни олардың құнынан өзгеше болып келетін шығын бағасы болады) «өйткені олардың әрқайсысы жұмсайтын... жинақталған еңбектің мөлшері бірдей емес». Алайда бұл болжам Рикардодан айтылмай қалады. Бұл болжам тек ол келтіріп отырған суреттеменің кібірткілігі мен көрінеу қателігін ғана көрсетеді, ал бұл суреттеменің «капиталистердің жұмсайтын негізгі капиталының мөлшері бірдей еместігіне» осы кезге дейін ешқандай қатысы болған жоқ.

Енді біз талдауымызды одан әрі жалғастырайық. Фабрикант бірінші жылы машина жасайды, бұл үшін 100 жұмысшы жалдайды; фермер нақ осы мезгілде астық өндіреді, ол да 100 жұмысшы жалдайды; екінші жылы фермер машинаны іске қосып, оның көмегімен шыт тоқиды, ол үшін тағы да 100 жұмысшы жалдайды. Фермер, мұның керісінше, тағы да астық өндіру үшін 100 жұмысшы жалдайды. Айтайық, дейді Рикардо, жыл сайын астықтың құны 500 ф. ст. болсын. Айталық ақысы өтелмеген еңбек ақысы өтелген еңбектің 25 процентін құрайды, яғни ақысы өтелген еңбектің 400 өлшеміне ақысы өтелмеген еңбектің 100 өлшемі келеді делік. Сонда машинаның құны да бірінші жылдың аяғында 500 ф. ст. болар еді, одан 400 ф. ст. ақысы өтелген еңбекке тең болар еді де, ал 100 ф. ст. ақысы өтелмеген еңбек болар еді. Екінші жылдың аяғында [534] бүкіл машина толық тозып бітті де, оның құны шытқа өнді делік. Рикардо іс жүзінде осылай деп ұйғарып та отыр, өйткені екінші жылдың аяғында ол «астықтың құнымен» тек шыттың құнын ғана салыстырып қоймайды, сонымен қатар «шыт пен машинаның құнын да» салыстырады.

Тамаша-ақ! Мұндай жағдайда шыттың құны екінші жылдың аяғында 1 000 ф. стерлингке тең болуға тиіс, сонда атап айтқанда 500 ф. ст. машинаның құны болады да, 500 еңбекпен жаңадан қосылған құн болады. Мұның керісінше, астықтың құны 500 ф. ст. болады, сонда атап айтқанда 400 ф. ст. жалақы болады да, 100 ф. ст. ақысы өтелмеген еңбек болады. Осыған дейін бұл жағдайда *құн заңына қайшы келетіндей* еш нәрсе жоқ. Мақта-мата фабриканты да, астық фабриканты сияқты, алаңсыз 25 процент пайда ала береді; бірақ біріншісінің товары 1 000 ф. стерлингке тең, ал

екіншісінің товары 500 ф. стерлингке тең, өйткені біріншісінің товарында 200 жұмысшының еңбегі бар да, екіншісінің товарында жыл сайын тек 100 жұмысшының еңбегі бар. Одан соң: шыт фабриканты бірінші жылы машинаны жасаудың нәтижесінде алған 100 ф. ст. пайда (қосымша құн), ал ол машина оны жасаған жұмысшылардың жұмыс уақытының  $\frac{1}{5}$ -бөлігінің ақысын өтеместен сорып алған болатын, — осы 100 ф. ст. фабрикант үшін тек екінші жылда ғана жүзеге асады, өйткені ол шыттың құнында машинаның құнын тек енді ғана жүзеге асыра алады. Бірақ нақ осы арада келіп мынадай кілтпан шығады. Шыт фабриканты өзінің товарын 1 000 ф. стерлингтен артық ақша сомасына, яғни өзінің товарында болғанынан гөрі неғұрлым жоғары құнға сатады, ал оның бер жағында фермер астығын 500 ф. стерлингке, яғни, ұйғарымға сәйкес, астықтың құны бойынша сатады. Сонымен, егер айырбас тек осы екі адамның арасында ғана болуға тиіс болса, яғни, егер фабрикант фермерден астық айырбастап алса, ал фермер фабриканттан шыт айырбастап алса, онда фермер пайданы 25 процент кем алып өзінің товарын оның құнынан төменге сатып, ал фабрикант шытты оның құнынан артық сатқандағыдай болып шығар еді. Бұл арада Рикардо өзінің мысалына ешбір қажетсіз енгізіп отырған екі капиталисті (шұға фабриканты мен шыт фабрикантын) алып тастап, бұл мысалдың түрін тек бір ғана шыт фабриканты жөнінде әңгіме болатындай етіп өзгертіп алайық. Біз қарастырып отырған суреттемеге бұл қосарлас есептің әзірге ешбір пайдасы жоқ. Сонымен:

*«Бірақ олардың» (мақта-мата товарларының) «құны астықтың құнынан екі еседен астам артық болады, өйткені... шыт фабрикантының капиталынан алатын пайдасы бірінші жылы оның капиталына қосылып кетті, ал фермер болса, өзінің пайдасын өзінің жеке басының қажеттері мен рақатына пайдаланды».*

(Бұл соңғы буржуазиялық рухта боямалайтын сөздер бұл жерде теориялық тұрғыдан ешбір мағынасыз сөздер. Моральдық пікірлердің қарастырылып отырған мәселеге ешбір қатысы жоқ.)

*«Сонымен, олардың капиталдарының пайдаланылу ұзақтығы дәрежесінің әр түрлі болуы нәтижесінде, немесе, бұл да сондай, белгілі бір товарлар тобының рынокқа барып түскенге дейінгі өтетін уақытындағы айырмашылықтың нәтижесінде бұл товарлардың құндары оларға жұмсалған еңбек мөлшеріне әбден дәл пропорцияда болып шықпайды. Осы алып отырған жағдайда құндардың қатынасы 2:1 емес, қайта товарлардың ішінен неғұрлым қымбат товардың рынокқа барып түсуіне дейінгі өтетін неғұрлым ұзақ уақыттың есесі толтырылатындай біршама көбірек болады» (30-бет) [Орысша аудармасы, I том, 51-бет].*

Егер фабрикант товарды оның құны бойынша сататын болса, ол оны 1 000 ф. стерлингке, астықтан екі есе қымбатқа, сатқан болар еді, өйткені оның товарында екі есе көп еңбек бар: машиналар түрінде 500 ф. ст. жинақталған еңбек (бұл 500 ф. стерлингтен ол

100 ф. стерлингті өтеген жоқ) және шыт өндіруге жұмсалған еңбек түрінде 500 ф. ст. фабрикант оның да 100 ф. стерлингін тағы да өтеген жоқ. Бірақ ол былайша есептейді. Бірінші жылы мен 400 ф. ст. жұмсадым және осының арқасында жұмысшыларды қанау арқылы 500 ф. ст. тұратын машина жасадым. Демек, мен 25 процент пайда алдым. Екінші жылы мен 900 ф. ст. жұмсаймын, атап айтқанда аталған машина түрінде 500 және тағы да еңбек түрінде 400 жұмсаймын. Тағы да 25 процент пайда алу үшін мен шытты 1 125 ф. стерлингке, яғни оның құнынан 125 ф. ст. жоғары сатуға тиіспін. Өйткені бұл 125 ф. ст. шытқа енген ешқандай еңбек емес, бірінші жылы жинақталған да, екінші жылы жаңадан қосылған да еңбек емес. Шытқа енген еңбектің жалпы сомасы тек 1 000 ф. ст. болады. Айтайық, екінші жағынан олардың екеуі де бірімен бірі товарларымен алмасады, немесе капиталистердің жартысы мақта-мата фабрикантының болған жағдайында, екінші жартысы фермердің жағдайында болып отыр дейік. Капиталистердің бірінші жартысы оларға төленуге тиісті деген 125 ф. стерлингті қайдан алады? Қандай қордан алады? Тегінде, олар мұны тек капиталистердің екінші жартысынан ғана алатын болса керек. Бірақ, онда капиталистердің бұл екінші жартысы 25 процент пайданы алмайтыны айқын болады. Сонымен капиталистердің бірінші жартысы *пайданың орташа нормасы* деген сылтаумен капиталистердің екінші жартысын алдап соғып отырған болар еді, ал шындығына келетін болсақ, пайданың нормасы фабрикант үшін 25 процент те, ал фермер үшін 25 проценттен аз болуға тиіс еді. Демек, істің мәні басқаша болуға тиіс.

Суреттемені неғұрлым дұрыс және неғұрлым көрнекі ету үшін, фермер екінші жылы 900 ф. ст. жұмсайды деп ұйғарайық. Сонда ол пайда нормасы 25 процент болғанда *бірінші жылы* өзі жұмсаған 400 ф. стерлингке 100 ф. ст. пайда алады, *екінші жылы* — 225, ал барлығы 325 ф. ст. пайда алады. Мұның керісінше, фабрикант бірінші жылы 400 ф. стерлингке 25 процент, ал екінші жылы 900 ф. стерлингке тек 100 ф. ст. алады, (өйткені, машинаға жұмсалған 500 ф. ст. қосымша құн бермейді, қосымша құнды жалақыға жұмсалған 400 ф. ст. қана береді), мұның өзі  $11\frac{1}{9}$  процент қана болады. Немесе фермер мейлі тағы да 400 ф. ст. жұмсасын; сонда ол бірінші жылда да, екінші жылда да 25 процент алады; барлығы екі жылды қосқанда жұмсаған 800 ф. стерлингке 200 ф. ст., яғни тағы да 25 процент алады. Мұның керісінше, фабрикант бірінші жылы 25 процент, екінші жылы —  $11\frac{1}{9}$  процент, екі жылда жұмсаған 1 300 ф. стерлингке 200 ф. ст., яғни  $15\frac{5}{13}$  процент алады. Сөйтіп, пайдаларды теңгерген жағдайда фабрикант  $20\frac{5}{26}$  процент алған болар еді, фермер де сондай мөлшерде алар еді<sup>71</sup>. Мұның өзі орташа пайда болар еді. Бұл арада [екінші жылы] фермердің товары үшін шығын бағасы 500 ф. стерлингтен аз болар еді, ал фабриканттың товары үшін 1 000 ф. стерлингтен көп болар еді.

[535] Қалай болған жағдайда да фабрикант бұл арада бірінші жылы 400 ф. ст., екінші жылы 900 ф. ст. жұмсайды, ал оның бер жағында фермер әрбір ретте тек 400 ф. ст. жұмсайды. Егер фабрикант мақта-мата товарларын өндірудің орнына үй тұрғызыған болса (яғни, егер ол құрылысшы болса), онда бірінші жылдың аяғында 500 ф. ст. салынып бітпеген үйге жұмсалған болып шығар еді де, үйді салып бітіру үшін оған еңбек үшін тағы да 400 ф. ст. жұмсау керек болар еді. Капиталы бір жылда айналып келген фермер 100 ф. ст. пайданың біраз бөлігін капиталға айналдыра алады, мәселен, 50 ф. стерлингті тағы да еңбекке жұмсай алады, ал фабрикант осындай жағдайда мұны істей алмайды. Сондықтан екі жағдайдың екеуінде де пайда нормасы *сол бір мөлшерде* болу үшін біреуінің товары өзінің құнынан *жоғары*, ал екіншісінің товары өзінің құнынан *төмен* сатылуы керек. Ал бәсеке құнды шығын бағасына теңестіруге ұмтылатындықтан, мұның өзі іс жүзінде осылай болып шығады.

Бірақ Рикардо относителді құндардағы өзгерістер бұл арада «капиталдардың пайдаланылу ұзақтығы дәрежесінің әр түрлі болуы нәтижесінде», немесе «белгілі бір товарлар тобының рынокқа барып түскенге дейінгі өтетін уақытындағы айырмашылықтың нәтижесінде» болады дегенде, қателесіп отыр. Мұның керісінше, нақ алдын-ала ұйғарылған *жалпы пайда нормасы* құндардың айналыс процесінен туатын айырмашылығына қарамастан, бұл құндардан *өзгеше болып келетін*, тек жұмыс уақытымен белгіленетін бірдей *шығын бағаларын* қалыптастырады.

Рикардоның суреттемесі екі мысалға бөлінеді. Олардың соңғысында капиталдың *пайдаланылу ұзақтығы*, немесе оның негізгі капитал ретіндегі сипаты ешқандай роль атқармайды. Әңгіме тек әр түрлі мөлшердегі капиталдар туралы болып отыр: алайда, бұларда жалақыға капиталдың бірдей сомасы, бірдей өзгермелі капитал жұмсалады, ал оларда қосымша құн мен құн әр түрлі болмай қоймайтын болса да пайда бірдей болуға тиіс.

Бірінші мысалға капиталдың *пайдаланылу ұзақтығы* тағы да кірмейді. Әңгіме *неғұрлым ұзақ мерзімді еңбек процесі* туралы — товардың айналысқа енгенге дейінгі, оның *даяр болып шыққанға* дейінгі, өндіріс сферасында неғұрлым ұзақ мерзім бойы болатындығы туралы болып отыр. Бұл арада Рикардоды фабрикант та екінші жылы, фермерге қарағанда, көп капитал жұмсайды, алайда екі жыл бойына ол өзгермелі капиталды фермермен бірдей жұмсайды. Бірақ фермер өзінің товарының еңбек процесінде неғұрлым аз уақыт болатындығы нәтижесінде, товарының ақшаға неғұрлым тез айналатындығы нәтижесінде, екінші жылы өзгермелі капиталды көбірек қолдана алады. Бұған қоса пайданың табыс түрінде тұтынылатын бөлігі фермерде бірінші жылдың аяғында тұтынуға келеді, ал фабрикантта — тек екінші жылдың аяғында ғана жұмсалады. Демек, фабрикант өзінің тұтынуына қосымша капитал



шығаруға, оны өзіне *авансқа беруге* тиіс болады. Әйтсе де мұның өзі бұл арада жыл ішінде айналыста болатын капиталдардың өздерінің пайдаларын қандай мөлшерде жаңа капиталға айналдыра алатынына, демек, екінші жағдайдың есесін өтеуге мүмкіндік болу үшін, пайдаларды *теңестіру* үшін алынған пайдалардың шын мөлшеріне түгелдей байланысты болады. Еш нәрсе жоқ жерде теңестіретін де еш нәрсе болмайды. Бұл арада капиталдар тағы да құн өндіреді, демек, қосымша құн өндіреді, демек өзінің мөлшеріне пропорциялы емес пайда да өндіреді деген сөз. Ал осы пропорциялылық болу үшін құннан өзгеше келетін *шығын бағасы* болуға тиіс.

Рикардо бұларға қоса үшінші суреттеме келтіреді, бірақ ол бірінші суреттеменің бірінші мысалына *дәл* келеді және онда ешқандай жаңа сөз айтылмайды.

«Айтайық, мен қайсыбір товарды өндіру үшін жыл ішінде 20 жұмысшы жалдаймын, оларға 1 000 ф. ст. жұмсаймын, ал жыл өткеннен кейін келесі жыл бойына тағы да 20 жұмысшы жалдаймын, оларға сол товарды біржола өңдеп бітіру үшін немесе неғұрлым жақсы өңдеу үшін тағы да 1 000 ф. ст. жұмсаймын — сөйтіп екінші жылдың аяғында товарды рынокқа жеткіземін дейін. Егер пайда 10 процент болатын болса, менің товарым 2 310 ф. стерлингке сатылуға тиіс, *өйткені* мен алғашқы жылда 1 000 ф. ст. капитал жұмсадым, ал келесі жылы 2 100 ф. ст. капитал жұмсадым. Екінші бір адам да нақ сондай еңбек мөлшерін жұмсайды, бірақ ол оны тұтасымен алғашқы жылы жұмсайды; ол 40 жұмысшы жалдайды да, оларға 2 000 ф. ст. жұмсайды, сөйтіп бірінші жылдың аяғында өзінің товарын 10 процент *пайдамен*, яғни 2 200 ф. стерлингке сатады. Сонымен, біз бұл арада екі товарды көріп отырмыз, оларға еңбек мөлшері әбден бірдей көлемде жұмсалған, ал товарлардың біреуі 2 310 ф. стерлингке, екіншісі 2 200 ф. стерлингке сатылады. Бұл жағдай *көрінісі жағынан* алдыңғыдан өзгеше болып көрінеді, бірақ *істің мәні жөнінен* онымен бірдей» (34—35-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет]

Ол откендегімен тек «істің мәні жөнінен» ғана емес, сонымен бірге «көрінісі жөнінен» де бірдей, мұндағы бар айырмашылық мынада ғана: мұның алдындағы жағдайда товар «машина» деп аталғанды, ал бұл арада жай «товар» деп аталып отыр. Бірінші мысалда фабрикант бірінші жылы 400 ф. ст. және екінші жылы 900 ф. ст. жұмсаған болатын, ал бұл жолы бірінші жылы 1 000 және екінші жылы 2 100 ф. ст. жұмсалып отыр. Фермер бұрынғы мысалда бірінші жылы 400 ф. ст. және екінші жылы да 400 ф. ст. жұмсаған болатын. Бұл жолы екінші кәсіпкер бірінші жылы 2 000 ф. ст. жұмсайды да, ал екінші жылы еш нәрсе шығармайды. Бүкіл айырмашылық міне осында. Бірақ «*fabula docet*»\* екі жағдайда да мынаған қатысты: кәсіпкерлердің біреуі екінші жылы бірінші жылдың бүкіл өнімін (қосымша құнды қоса) және сонымен бірге қосымша сома жұмсайды.

Бұл мысалдардың ебедейсіздігі мынаны көрсетеді: Рикардо

\* «сөйбе-сөз алғанда: «мысалдың үйретері»; басқаша мағынада: бір нәрседен (үлгі пайдаланып) қорытынды шығару, «мысалдың моралы». *Ред.*

өзіне айқын емес қиыншылықтарға қарсы күреседі және ол қиыншылықтарды ешбір шамада да жеңе алмайды. Ебедейсіздік мынада болып отыр. Бірінші суреттеменің бірінші мысалы капиталдың *пайдаланылу ұзақтығын* енгізуге тиіс; бірақ ол сияқты еш нәрсе шықпайды; Рикардо бұлай істеуге өзі үшін *мүмкіндік* қалдырмады, өйткені ол товардың құнына тозу ретінде, негізгі капиталдың болмашы бөлегін болса да енгізбейді, яғни *негізгі капиталдың айналысының өзіндік ерекше тәсілі* көрінетін сәттің өзін қалдырып кетеді. Рикардо еңбек процесінің ұзақтығы кемірек болатын жерден гөрі еңбек процесі неғұрлым ұзақ болатын жерде осының салдарынан көбірек капитал қолданылатынын ғана көрсетеді. Үшінші мысал бұдан өзгеше бір суреттеме беру керек еді, бірақ шын мәнісінде нақ соның өзін суреттеп береді. Ал бірінші [536] суреттеменің *екінші мысалы* негізгі капиталдың әр түрлі пропорцияда болуы салдарынан қандай айырмашылықтар пайда болатынын көрсетуге тиіс еді. Мұның орнына ол мөлшерлері *тең емес*, бұған қарамастан екі жағдайда да жалақыға капиталдың бірдей сомасы жұмсалатын екі капиталды жұмсағанда қандай айырмашылық болатынын ғана көрсетеді. Оның бер жағында бұл арада мақтасы мен жібі жоқ фабрикант туралы, тұқымы мен құрал-саймандарсыз әрекет ететін фермер туралы сөз болады! Бұл суреттеменің ішкі мәнінің айқын еместігінен оның мүлдем негізсіздігі, тіпті қисынсыздығы туындамай қоймайды.

(6) РИКАРДОДА ШЫҒЫН БАҒАСЫНЫҢ ҚҰНМЕН  
ШАТАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰН ТЕОРИЯСЫНДА  
ОСЫДАН КЕЛІП ТУАТЫН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ.  
РИКАРДОНЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІЛУ  
ЖӘНЕ ҚҰННЫҢ ШЫҒЫН БАҒАСЫНА  
АЙНАЛУ ПРОЦЕСІН ТҮСІНБЕУШІЛІГІ]

Ең соңында келіп Рикардо жоғарыда талданған барлық суреттемелердің моралын былай тұжырымдайды:

«Екі жағдайда да құндағы айырмашылық мынадан болады: *пайдалар* капитал ретінде жинақтала береді және ол *пайданы іске жарату мүмкін болмаған сол бір уақыттың әділетті түрде*» (осы арада мәселе бейне бір әділеттілік туралы болып отырғандай) «есесінің өтелуі ғана болып табылады» (35-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

Мұның өзі былай деген сөз, одан басқа еш нәрсе емес: *айналыстың белгілі бір кезеңінде, мәселен, бір жылда*, капитал айналыс процесін былай қойғанның өзінде айналыс жасайтын өзіне тән уақытының қандай болғанына қарамастан және *шамалары бірдей капиталдар* өздерінің табиғи құрамдас бөліктерінің арақатынастарына сәйкес өндірістің әр түрлі салаларында өндіруге тиіс қосымша құндардың әр түрлі болатынына да мүлдем қарамастан 10 процент пайда келтіруге тиіс.

Рикардо өзінің суреттемелерінен мынадай қорытынды жасауға тиіс болар еді:

[*Біріншіден,*] тең мөлшерлі капиталдар *құндары* әрқелкі товарлар өндіреді және сондықтан әрқелкі қосымша құн немесе *пайда* келтіреді, өйткені құн жұмыс уақытымен белгіленеді, ал капитал іске қосатын жұмыс уақытының массасы капиталдың абсолютті мөлшеріне емес, өзгермелі капиталдың — жалақыға жұмсалатын капиталдың мөлшеріне байланысты болады. *Екіншіден,* егер тіпті тең мөлшерлі капиталдар бірдей құндар өндіреді деп ұйғарсақ (бірақ көпшілік жағдайларда айналыс саласындағы әрқелкілік өндіріс саласындағы әрқелкілікпен ұштасып жатады), онда осының өзінде олардың *айналыс процесіне* байланысты осы капиталдардың ақысы *өтелмеген еңбектің бірдей мөлшерін иемденіп, оны ақшаға айналдыра алатын уақыт* кезеңі әр түрлі болады. Демек, мұның өзі *тең мөлшерлі* капиталдардың белгілі бір *уақыт аралығында* өндірістің әр түрлі салаларында келтіруге тиісті құндарында, қосымша құндарында және пайдаларында екінші айырмашылық туғызады.

Сондықтан, егер *пайдалар* өзінің проценттік қатынасы жағынан капиталға — мәселен, бір жылда — тең болуға тиіс десек, осының нәтижесінде тең мөлшерлі капиталдар бірдей уақыт аралығында бірдей пайда келтіруге тиіс, онда товарлардың *бағалары* олардың *құндарынан* сөзсіз өзгеше болады. Барлық товарларды бірге қосып алғандағы осы *шығын бағасы өздерінің* қосындысында *олардың құнына* тең болады. Дәл сол сияқты жиынтық пайда бәрін бірге алғанда осы капиталдардың, мәселен, бір жыл ішінде келтіретін жиынтық қосымша құнына тең болады. Егер біз құнның анықтамасын негіз ретінде алмаған болсақ, *орташа пайда*, демек сондай-ақ шығын бағасы да қиялдағы, ешбір тірегі жоқ бір нәрсе ғана болып шығар еді. Өндірістің әр түрлі салаларында қосымша құндардың теңгерілуі бұл жиынтық қосымша құнның абсолюттік көлемінде еш нәрсені өзгертпейді, оның өндірістің әр түрлі салалары бойынша *бөлінуін* ғана өзгертеді. Бірақ осы *қосымша құнның өзінің анықтамасы* құнды жұмыс уақыты арқылы белгілеуден ғана туады. Мұндай белгілеу болмаған жағдайда орташа пайда дегеніміз *жоқтан бардың* арасындағы бірдеңе, таза қиял болып табылады. Сондықтан ол 1 000 процент те, 10 процент те болып шыға алар еді.

Рикардоның барлық суреттемелері оған тек *жалпы пайда нормасы* деген алғы шартты жасырын жолмен енгізу үшін ғана қызмет етеді. Бұл әрекет 1-тарауда («Құн туралы») кездеседі, алайда Рикардо жалақыны қарастыруға бейне тек 5-тарауда ғана, ал пайданы қарастыруға тек 6-тарауда ғана кіріседі. Товарлардың «*құнын*» анықтаудың бір өзінен ғана оларға енген қосымша құн, пайда, ал одан кейін тіпті *жалпы пайда нормасы* да қандай жолмен туындайтыны, — бұл Рикардо үшін қараңғы түнек болып қала бе-

реді. Жоғарыда келтірілген суреттемелерінде оның шын мәнінде көрсететіні жалғыз-ақ товарлардың *бағасының*, олар жалпы пайда нормасымен белгіленетін болғандықтан, товарлардың *құнынан* мүлдем өзгеше болатыны ғана. Ал бұл айырмашылыққа ол *пайда нормасын* алдын-ала заң ретінде ұйғарғандықтан келіп отыр. Біз мынаны көріп отырмыз: егер Рикардоны абстрактылыққа тым көбірек бой ұрды деп кінәлайтын болса, онда оны қарама-қарсы тұрғыдан, атап айтқанда, абстракциялау күші жеткіліксіз деп, товарлардың құнын қарастырған кезде пайданы, — оның көз алдында бәсеке саласынан туып отырған фактіні, — ескерусіз қалдыруға қабілеті жетпеген деп кінәлау әділетті болар еді.

Ал Рикардо құнның анықтамасының өзінен шығын бағасының құннан өзгешелігін өрбітудің орнына, жұмыс уақытына байланысы жоқ ықпалдар «құндардың» өзін белгілейді (бұл арада оған «абсолютті», немесе «нақты құн», немесе тек «құн» деген ұғымды қолданса орынды болар еді), кейде олардың заңын бұзады деп отырғандықтан, оның қарсыластары — Мальтус сияқтылар — осыған жармасады да, оның бүкіл құн теориясына [537] шабуыл жасайды. Осының өзінде Мальтус капиталдың табиғи құрамдас бөліктері мен әр түрлі салалардағы капиталдардың айналым уақыттарындағы айырмашылықтар өндіріс прогресімен бірге дамып отырады, сондықтан да А. Смиттің көзқарасына тұрақтау керек еді, ал бұл көзқарас бойынша құнды жұмыс уақытымен анықтау барған сайын енді «цивилизациялы» заманға сай келмей бара жатыр деп әділетті ескертпе жасайды. (Сондай-ақ *Торренсті* қараңыз.) Екінші жағынан, Рикардоның шәкірттері бұл құбылыстарды негізгі принципке барабар келтіру үшін ең нағыз бейшаралық схоластикалық ойдан шығарушылыққа бой ұрды ([*Джемс*] *Милльді* және бейшара мылжың *Мак-Куллохты* қараңыз)<sup>72</sup>.

Ол *өзінің суреттемелерінен туындайтын қорытындымен*, — атап айтқанда жалақының артуынан немесе төмендеуінен *мүлдем тәуелсіз*, жалақыны өзгермейді деп ұйғарған жағдайда, товарлардың шығын бағасы, егер шығын бағасы пайданың сол белгілі бір процентімен белгіленетін болса, олардың құндарынан өзгеше болуға тиіс деген қорытындымен тоқтап қалмай, — Рикардо осы бөлімде құндары теңескен *шығын* бағаларына жалақының артуынан немесе төмендеуінен болатын ықпалды қарастыруға көшеді.

Істің мәні өз-өзінен алып қарағанда мейлінше қарапайым.

Фермер пайда 10 процент жағдайында 5 000 ф. ст. жұмсайды; оның товарының ақшалай бағасы 5 500 ф. ст. Егер жалақының артуы және осы арқылы пайданың төмендеуі нәтижесінде пайда 1 процент, 10 проценттен 9 процентке дейін, төмендейтін болса, онда фермер өзінің товарын бұрынғыша 5 500 ф. стерлингке сатады (өйткені ол өзінің бүкіл капиталын жалақыға жұмсады деп ұйғарылып отыр). Бірақ осы 5 500 ф. стерлингтен оның пайдасы енді 500 болмай, тек қана  $454^{14/109}$  болар еді. Фабриканттың капита-

лы машиналарға жұмсалған 5 500 ф. ст. пен еңбекке шығарған 5 000 ф. стерлингтен тұрады. Осы соңғы 5 000 ф. ст. бұрынғыша 5 500 ф. стерлингте бейнеленген, бірақ ол енді 5 000 ф. ст. емес,  $5\,045^{95/109}$  ф. ст. жұмсайды және осы сомадан фермер сияқты тек қана  $454^{14/109}$  ф. ст. пайда алады. Ал 5 500 ф. ст. негізгі капиталға енді ол 10 процент немесе 550 ф. ст. қоса алмайды, тек қана 9 процент, немесе 495 ф. ст. қоса алады. Демек, ол өзінің товарын 6 050 ф. стерлингтің орнына 5 995 ф. стерлингке сатады; сонымен жалақының артуы нәтижесінде фермердің товарының ақшалай бағасы бұрынғы қалпында қалды да, фабриканттың товарының ақшалай бағасы төмендеп кетті; демек, фермердің товарының құны фабриканттың товарының құнымен салыстырғанда артып шықты. Барлық гәп мынада болып отыр: егер фабрикант өзінің товарын бұрынғы құны бойынша сата берген болса, ол орташадан жоғары пайда алған болар еді, өйткені жалақының артуы капиталдың тек жалақыға жұмсалатын бөлегіне ғана қатысты болады. Бұл суреттемеде 10 проценттік орташа пайдамен реттелетін және *товарлардың құнынан өзгеше* болып келетін шығын бағасы алдын-ала *ұйғарылып* қойылған болатын. Мәселе Рикардода мынаған сайып отыр: пайданың артуы немесе төмендеуі бүкіл жұмсалатын капиталда негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы әр түрлі арақатынасқа байланысты шығын бағасына қалай әрекет етеді. Түбегейлі мәселеге, *құндардың шығын бағаларына айналуына*, бұл суреттеменің (Рикардода 31—32-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 52—53-беттер] ешқандай қатынасы жоқ. Бұл суреттеме жаман емес, өйткені Рикардо бұл арада жалпы алғанда мынаны көрсетеді: капиталдардың құрылымы бірдей болған жағдайларда жалақының артуы товарлардың құнына ықпал жасамастан — тұрпайы көзқарасқа қарама-қарсы — тек пайданың төмендеуіне соқтырған болар еді, ал капиталдың құрылымы бірдей болмаған жағдайда, тұрпайы көзқарастың солай деп ұйғаратынындай, *барлық товарлардың бағасын* арттыруға соқтырмай, тек кейбір товарлардың бағасының төмендеуіне ғана соқтырады. Рикардоның мысалында товардың бағасының төмендеуі пайда нормасының төмендеуі салдарынан, немесе [Рикардо үшін] бәрі бір, жалақының артуы нәтижесінде орын алып отыр. Фабрикантқа қатысты жағдайда товардың *шығын бағасының* едәуір бөлегі оның негізгі капиталға қосып отырған орташа пайдасымен белгіленеді. Демек, егер пайданың осы нормасы жалақының артуы немесе төмендеуі салдарынан төмендейтін, не артатын болса, онда бұл товарлардың бағасы тиісінше төмендейді (бағаның негізгі капиталға келетін пайдадан болатын бөлігіне сәйкес) немесе артады. Мұның өзі «айналмалы капиталдың *неғұрлым ұзақ* кезеңдерден кейін *қайта* айналып келетіні» үшін де нақ сондай болады және мұның керісінше» (*Мак-Куллох*) [«The Principles of Political Economy», Edinburgh, 1825, 300-бет]. Егер өзгермелі капиталды аз мөлшерде қолданатын

капиталистер товардың бағасына өзінің негізгі капиталын пайданың бұрынғы нормасы бойынша қоса беретін болса, онда олардың пайда нормасы артқан болар еді, артқанда да капиталдары көбіне өзгермелі капиталдан тұратын капиталистерге қарағанда, олар негізгі капиталды қаншалық көп қолданса, соншалық артқан болар еді. Бәсеке мұны теңестірген болар еді.

«Товарларды өндіруге жұмсалған капиталдың пайдалану ұзақтығы бірдей болмаған жағдайда, жалақының ауытқуының товардың құнына ықпалын бірінші зерттеген Рикардо болды»,— дейді мылжың Мак. «Рикардо жалақының артуы барлық товарлардың бағасын арттыра алмайтындығын көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар ол сондай-ақ мынаны анықтады: көптеген жағдайларда жалақының артуы қажетті түрде бағаның төмендеуіне, ал жалақының төмендеуі бағаның артуына әкеліп соқтырмай қоймайды». (*MacCulloch. The Principles of Political Economy. Edinburgh, 1825, 298—299-беттер*).

Рикардо өзінің қағидасын былай дәлелдейді: біріншіден, *жалпы пайда нормасымен реттеліп отыратын шығын бағасы* бар деп ұйғарады.

Екіншіден, *«пайда төмендемейінше, еңбек құнының артуы мүмкін емес»* деп көрсетеді (31-бет) [Орысша аудармасы, I том, 52-бет].

Сонымен, 1-тараудың (*«Құн туралы»*) өзінде-ақ 5 және 6-тарауларда (*«Жалақы туралы»* және *«Пайда туралы»*) *«Құн туралы»* тараудан шығарылуға тиісті заңдар бар деп ұйғарылады. Жол-жөнекей ескерте кетейік: [538] Рикардо *«пайда төмендемейінше еңбек құнының артуы мүмкін емес»* болғандықтан, еңбек құны төмендемейінше, пайданың артуы да мүмкін емес деп мүлдем қате қорытынды жасайды. Бірінші заң қосымша құнға жатады. Алайда пайда дегеніміз қосымша құнның бүкіл авансыланған капиталға қатынасы болғандықтан, онда егер тұрақты капиталдың құны төмендейтін болса, пайда еңбектің сол қазіргі бар құны тұсында да көбейе алады. Рикардо жалпы алғанда қосымша құн мен пайданы шатастырады. Пайда мен пайда нормасы жөніндегі оның дұрыс емес заңдары да осыдан шығады.

Соңғы суреттеменің жалпы моралы мынадай:

«Товарлардың относительді құнында еңбектің құнының артуынан немесе төмендеуінен» (немесе мұның өзі де сондай пайда нормасының төмендеуінен немесе артуынан) «болатын өзгерістің дәрежесі бүкіл жұмсалған капиталдағы негізгі капиталдың үлесі қандай екендігіне байланысты болады. Өте қымбат машиналармен немесе өте қымбат тұратын үйлерде өндірілетін немесе рынокқа барып түскенге дейін ұзақ уақыт талап ететін барлық товарлардың относительді құны төмендейді, ал негізінен еңбекпен өндірілетін немесе рынокқа тез барып түсетін барлық товарлардың относительді құны артады» (32-бет) [Орысша аудармасы, I том, 52—53-беттер].

Рикардо осы зерттеуінде өзі соған ғана ден қойып отырған мәселеге тағы да қайта оралады. Ол товарлардың шығыны бағасын-

дағы жалақының артуынан немесе төмендеуінен болатын мұндай өзгерістер нақ осы шығын бағаларында товарлардың құндарындағы өзгерістерден {Рикардо бұл ақиқатты осындай адекватты терминдермен баяндаудан аулақ}, яғни товарларды өндіру үшін пайдаланылатын еңбек санындағы өзгерістерден болатын өзгерістермен салыстырғанда онша мардымды емес дейді. Сондықтан жалпы және тұтас алғанда оны «елемеуге» болады-мыс, сонда құн заңы сонымен бірге практикалық тұрғыдан да дұрыс болып қала береді дейді. (Рикардо шығын бағасының өзі жұмыс уақытымен белгіленетін құндар болмайынша, түсіндіруге келмейді деп қосуға тиіс еді). Оның зерттеуінің шын мәніндегі барысы осындай. Шынында да айқын жай мынадай: товарлардың құнының шығын бағасына айналуына қарамастан, біз шығын бағасы бар деп ұйғарған екенбіз {ал бұл шығын бағасын рыноктық бағадан ажырата білу керек; олар товарлардың әр түрлі салалардағы орташа рыноктық бағасы болып табылады. Рыноктық бағаның өзі орташа бір шама болып табылады, өйткені өндірістің белгілі бір саласындағы товарлардың бағасы осы саладағы өндірістің орташа жағдайларында өндірілген товарлардың бағасымен белгіленеді. Мұның өзі Рикардоның рентаны қарастырған кезде солай деп ойлайтынындай, әсте де ең нашар жағдайда болмайды. Өйткені орташа сұраным, тіпті астық жөнінде де, белгілі бір бағаға тәуелді болады. Демек, рынокқа түсетін товарлардың белгілі бір мөлшері осы бағадан жоғары сатылмайды. Өйтпесе сұраным төмендеп кетер еді. Сондықтан товарларын орташа жағдайда емес, орташадан төмен жағдайда өндіретіндер көбіне өздерінің товарларын олардың құнынан ғана төмен емес, тіпті шығын бағаларынан да төмен бағаға сатуға мәжбүр болады}, — товарлардың құнының шығын бағасына айналуына қарамастан бұл шығын бағасының осындай өзгеруі атаулының бәрі — пайда нормасындағы көптеген жылдар бойына қалыптаса алатын қайсыбір тұрақты төмендеудің немесе артудың, үнемі өзгерудің нәтижесі болып табылмайтын осындай өзгеруі атаулының бәрі, — осы товарлардың құндарының өзгеруінен, оларды өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты мөлшерінің өзгеруінен ғана, тек содан ғана болып отырады.

«Алайда оқушы мынаны ескеруге тиіс: товарлардың өзгеруінің» (яғни шығын бағасының өзгеруі, немесе, Рикардоның солай деп ұйғарып отырғанындай, товарлардың относителді құндарының өзгеруінің) бұл себебі «біршама әлсіз әрекет жасайды... Товарлардың құнының өзгеруінің басқа бір маңызды себебіне қатысты, атап айтқанда — товарларды өндіру үшін қажетті еңбек мөлшерінің артуына немесе азаюына қатысты істің жағдайы басқаша... Пайданың тұрақты нормасында болатын азды-көпті елеулі өзгеріс өзінің әрекетін тек бірқатар жылдар ішінде жүзеге асыратын себептердің нәтижесі болып табылады, ал оның бер жағында товарларды өндіру үшін қажетті еңбек мөлшеріндегі өзгерістер күнбе-күн болып жатады. Машиналарды, құрал-саймандарды, үйлерді жақсартудың әрқайсысы, шикізаттарды өндірудегі немесе өсірудегі әрбір жетілдірулер еңбекті үнемдейді және өндірген кезде осы жетілдірулер қолданылатын товарларды неғұр-

лым оңай жасап шығаруға мүмкіндік береді, осының нәтижесінде товардың құны өзгереді. Сонымен, товарлардың құнындағы өзгерістердің себептерін зерттеген кезде еңбек құнының артуының немесе азаюының әрекетін мүлдем ескерусіз қалдыру дұрыс болмас еді, бірақ сондай-ақ оған соншалықты көп маңыз беру де дұрыс болмас еді» (32—33-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 53-бет].

Сондықтан да ол, Рикардо, еңбек құнында болатын өзгерістерді елемейтін болады.

1-тараудың («Құн туралы») бүкіл осы IV бөлімнің шатастырылғаны соншалық Рикардо кіріспе абзацында капиталдың құрылымының әр түрлі болуынан жалақының артуының немесе төмендеуінің товарлардың құнында туғызатын өзгерістерінің ықпалын қарастырмақ ниеті туралы мәлімдей тұрса да, ол мұны іс жүзінде тек жол-жөнекей ғана суреттейді, ал бұған керісінше, IV бөлімнің денін мыналарды көрсететін суреттемелермен толтырады: бұл суреттемелер жалақының артуынан немесе төмендеуінен мүлдем тәуелсіз — оның өзі солай деп ұйғарған тұрақты жалақы жағдайында — жалпы пайда нормасы [539] бар деп ойлау товардың құнынан өзгеше болып келетін шығын бағасына әкелуге тиіс, осының өзінде тағы да тіпті негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы арақатынастағы айырмашылықтарына қарамастан осыған әкелуге тиіс екенін көрсетеді. Бұл туралы ол бөлімнің аяғында тағы да ұмытып кетеді.

IV бөлімдегі зерттеуін ол мынадай сөздермен бастайды:

«Негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығы дәрежесіндегі бұл айырмашылық пен капиталдың екі түрінің ұштасып біріге алатын арақатынастарының бұл әр қилылығы товарлардың относительді құндарының өзгеруінің оларды өндіру үшін қажетті еңбек мөлшерінің аз не көп болуының үстіне басқа бір себепін туғызайды: бұл себеп еңбек құнының артуы немесе азаюы болып табылады» (25—26-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 49-бет].

Ал шындығында ол өзінің суреттемелерімен ең алдымен мынаны көрсетеді: тек жалпы пайда нормасы ғана капитал түрлерінің (атап айтқанда — өзгермелі капитал мен тұрақты капитал және т. т.) әр түрлі ұштасып келуінің товарлардың бағаларын олардың құндарынан өзгеше ететіндей ықпал жасауына мүмкіндік береді, сөйтіп осы ықпалдың нәтижесінде демек, бұл өзгерістердің себебі осы арада тұрақты деп ұйғарылып отырған еңбектің құны емес, нақ сол жалпы пайда нормасы болады. Содан кейін, тек екінші кезекте ғана, ол құннан — жалпы пайда нормасының салдарынан — өзгеше болып келетін шығын бағасын бар деп ұйғарым жасайды, сөйтіп еңбек құнындағы өзгерістердің оған қалай ықпал жасайтынын зерттейді. Бірінші, басты мәселені ол зерттемейді, оны мүлдем ұмыт қалдырады, сөйтіп бұл бөлімді өзі неден бастаған болса, сонымен аяқтайды:



«Бұл бөлімде көрсетілген нәрсе мынау: еңбек мөлшерінде ешқандай өзгеріс болмаған жағдайда еңбек құнының артуының бір өзі өндірілуі үшін негізгі капитал жұмсалған товарлардың айырбас құнын төмендетеді, сондай-ақ негізгі капиталдың үлесі неғұрлым көп болған сайын бұл төмендеу соғұрлым көбейе түседі» (35-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

Ал келесі V бөлімде (1-тараудың) ол сол бағытын жалғастыра береді, яғни ол тек мынаны ғана зерттейді: өндірістің әр түрлі екі саласындағы тең мөлшерлі екі капиталда негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы арақатынас әр түрлі болған жағдайда емес, «негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығы бірдей еместігі» немесе «капиталдардың өздерінің меншікшілеріне қайтып оралу шапшаңдығы бірдей еместігі» нақты бар болып отырған жағдайда еңбек құнының, немесе жалақының, өзгеруі салдарынан товарлардың шығын бағалары қандай өзгерістерге ұшырайтынын зерттейді. Жалпы пайда нормасы салдарынан құндар мен шығын бағаларының арасындағы айырмашылықтар туралы IV бөлімнің өзінде-ақ кездесетін дұрыс болжам бұл арада енді көрінбой қалады. Тек шығын бағаларының өзінің өзгеруі туралы екінші кезектегі мәселе ғана қарастырылады. Сондықтан бұл бөлім онда коздейсоқ сөз болатын капиталдардың айналыс процесінен туындайтын формасының айырмашылықтары туралы мәселеден басқасы теориялық тұрғыдан ден қоюға келмейді деуге болады.

«Негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығы неғұрлым қысқа болса, ол өзінің сипаты жағынан айналмалы капиталға соғұрлым жақындай түседі. Ол тұтынылатын болады және фабриканттың капиталының сақталуы үшін оның құны неғұрлым қысқа мерзімде ұдайы өндіріліп отырады» (36-бет) [Орысша аудармасы, I том, 55-бет].

Сонымен, капиталдың пайдаланылу ұзақтығының аздығын да және жалпы алғанда негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырмашылықты Рикардо ұдайы өндірілу уақытындағы айырмашылыққа әкеліп саяды. Бұл, дау жоқ, — өте-мөте маңызды анықтама, бірақ әсте де жалғыз анықтама емес. Негізгі капитал еңбек процесіне тұтас енеді, ал құн жасау процесіне тек біртіндеп және болшек-бөлшек болып енеді. Негізгі капитал мен айналмалы капиталдың айналыс формасындағы екінші бір негізгі айырмашылық осында. Одан соң: негізгі капитал айналыс процесіне қажеттігіне қарай өзінің айырбас құнымен ғана енеді, ал оның тұтыну құны еңбек процесінде тұтынылады да, одан ешқайда өтпейді. Айналыс формасының тағы бір маңызды айырмашылығы осында. Айналыс формасының осы екі айырмашылығының сондай-ақ айналыс уақытына да қатысы бар, бірақ олар айналыс уақытының дәрежесімен [капиталдардың пайдаланылу ұзақтығымен] және айырмашылығымен әсте де бірдей емес.

Пайдаланылу ұзақтығы кемірек капитал үнемі жұмсалып отыратын еңбекті көп мөлшерде талап етеді, ол мұны

«өзінің әуел бастағы тиімділігін сақтау үшін талап етеді, бірақ бұған пайдаланылған еңбекті дайындалған товарға шын мәнінде жұмсалған еңбек деп қарауға болады, сондықтан осы еңбекке пропорциялы құн сол товарға өтуге тиіс» (36—37-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 55-бет]. «Егер машинаның тозуы көп болып, оны ақаусыз қалпында ұстау үшін жыл ішінде елу жұмысшының еңбегі қажет болса, онда мен өзімнің товарларым үшін қосымша баға талап еткен болар едім, талап еткенде басқа товарларды өндіру үшін елу жұмысшы жалдайтып және машиналарды мүлдем қолданбайтын кез келген өзге бір фабрикант өзінің товарлары үшін қанша алатын болса, соған тең мөлшерде қосымша баға талап еткен болар едім. Бірақ жалақының артуы тез тозатын машинаның көмегімен өндірілетін товарлар мен баяу тозатын машинаның көмегімен өндірілетін товарларға бірдей әсер етпеген болар еді. Тез тозатын машинаның көмегімен өндірілген товарға еңбектің көбірек мөлшері үздіксіз қосылып отыра еді»

{өзі алғы шарт ретінде алып отырған жалпы пайда нормасымен Рикардо мұнымен бірге товарға сондай-ақ қосымша еңбектің де біршама көп мөлшері үздіксіз қосылып отыратынын ескермейді},

«ал баяу тозатын машинаның көмегімен өндірілген товарға еңбек өте аз мөлшерде ауысқан болар еді».

{ал осы себепті егер товарлар өздерінің құны бойынша айыр-басталатын болса, онда қосымша еңбек те өте аз, яғни [қосымша] құн да анағұрлым аз енген болар еді}.

«Сондықтан жалақының артуының бәрі, не мұның өзі де сондай, [540] пайданың төмендеуінің бәрі пайдаланылу ұзақтығы көбірек болатын капиталдың көмегімен өндірілетін товарлардың относителді құнын төмендетеді, сондай-ақ неғұрлым тез тозатын капиталдың көмегімен өндірілетін товарлардың құнын тиісінше арттырады. Жалақының төмендеуі тура қарама-қарсы әрекет жасаған болар еді» (37—38-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 55—56-беттер].

Басқаша сөзбен айтқанда: пайдаланылу ұзақтығы азырақ негізгі капитал жұмсайтын фабрикант пайдаланылу ұзақтығы көбірек капитал жұмсайтын фабрикантқа қарағанда тиісінше негізгі капиталды азырақ жұмсайды да, жалақыға жұмсалатын капиталды тиісінше көбірек жұмсайды. Бұл жағдай, демек, мұның алдындағы жағдайға сәйкес келеді, онда әңгіме біреуі екіншісіне қарағанда негізгі капиталды относителді, пропорциялы тұрғыдан көбірек қолданатын капиталдарға жалақының өзгеруі қалай әрекет жасайтындығы туралы болған еді. Бұл арада ешқандай жаңалық жоқ.

Рикардоның бұған қоса *машиналар* туралы (38—40-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 56—57-беттер] айтқандарын талдауды 31-тарауды («*Машиналар туралы*»)\* қарастырғанға дейін кейінге қалдыра тұру керек.

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 575—577-беттер. *Ред.*

Бір ғажабы Рикардо V бөлімнің қорытынды бөлігінде мәселеге дұрыс көзқараспен қарауға жақындайды, — тіпті сәйкес келетін *сөзді* табуға дейін жақындайды, — сөйтеді де, сол бойда дұрыс жолдан шығып, дұрыс көзқарасқа осы жақындаудың ізінше, мұны біз қазір оның өзінің сөздерімен суреттеп береміз, еңбек құнының өзгеруінің шығын бағасына ықпалы туралы өзін билеп алған идеяға тағы да қайтып оралады — сөйтіп өзінің зерттеуін осы қосалқы мәселе жөніндегі қорытындылармен аяқтайды.

Жаңағы жерде былай делінеді:

«Сонымен, біз мынаны көреміз: қоғамдық дамудың көптеген машиналар, немесе пайдаланылуы ұзақ капитал әлі қолданылмаған ертедегі сатыларында *тең мөлшерлі капиталдар* өндірген товарлардың *құндары* шамамен *тең* болады және олардың бір-біріне қатысты жоғарылап не төмендеуі осы товарларды өндіру үшін қажетті еңбектің көп немесе аздығына байланысты ғана болады»

{сойлемнің соңғы бөлегі нашар тұжырымдалған; және оның үстіне ол құнға қатысты емес, *товарларға* қатысты, сондықтан олардың *бағасын* ғана айтып отырмаса ешқандай мағынасы жоқ; *шын мәнінде құндар* жұмыс уақытына пропорциялы түрде төмендейді деп айту құндар қандай мөлшерде көтерілсе немесе төмендесе, олар сондай мөлшерде көтеріледі немесе төмендейді деп пайымдаумен барабар болып шығады};

«бірақ осы қымбат және ұзақ пайдаланылатын құралдар енгізілгеннен кейін *тең мөлшерлі капиталдар жұмсалып өндірілген товарлардың құны тең болмай шығады*, олардың құн жағынан бір-біріне қатысты жоғарылап не төмендеуі бұрынғысынша енді оларды өндіру үшін керекті еңбектің көп немесе аз талап етілуіне байланысты болғанымен, олар сонымен бірге тағы да екінші бір, *расында онша көп емес, өзгеріске ұшырайды*, ол өзгеріс жалақы мен пайданың артуынан немесе төмендеуінен болады. Мәселен, 5 000 ф. стерлингке сатылатын товарлар мөлшері жағынан 10 000 ф. стерлингке сатылатын басқа товарларды өндіруге жұмсалған капиталмен бірдей капиталдың өнімі болуы мүмкін десек, онда *оларды өндіруден түскен пайда бірдей болады*; бірақ егер *пайда нормасының* артуымен немесе төмендеуімен бірге *товарлардың бағасы* өзгермеген болса, бұл *пайдалар тең болмаған болар еді*» (40—41-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 57—58-беттер].

Іс жүзінде Рикардо бұл арада мынаны айтып отыр:

*Тең мөлшерлі капиталдар* олардың табиғи құрамдас бөліктерінің арасындағы арақатынас *бірдей болса*, егер олардың жалақыға және еңбек жағдайларына жұмсаған үлестері бірдей болса, *құны тең* товарлар өндіреді. Сонда бұлар өндірген товарларға еңбек мөлшері бірдей енеді, демек, құндар да {егер айналыс процесі енгізуі мүмкін айырмашылықты өз алдына қалдырған жағдайда} *тең* болады. Мұның керісінше, мөлшері жағынан бірдей капиталдар, егер олардың табиғи құрылымы әр түрлі болса, әсіресе — олардың негізгі капитал ретінде болатын бөлегі жалақыға жұмсалатын бөлегіне мейлінше әр түрлі қатынаста

болса, онда *мүлде тең емес құны бар* товарлар өндіреді. Біріншіден, товарға құнның құрамды бөлігі ретінде негізгі капиталдың бір бөлегі ғана енеді, демек, соның нәтижесінде товарды өндіру кезінде негізгі капитал көп қолданылды ма, әлде аз қолданылды ма — тіпті тек осының өзіне байланысты *құнның мөлшерлері* барынша әр түрлі болуға тиіс. Екіншіден, жалақыға жұмсалатын бөлік, — капиталдың тең мөлшерлі массасына 100 деп санағанда, — [негізгі капитал көп болған жағдайда] анағұрлым аз болады, олай болса товарға енген бүкіл [жаңадан қосылған] еңбек те, демек, қосымша құнды жасайтын қосымша еңбек те {ұзақтығы бірдей берілген жұмыс күні жағдайында}, анағұрлым аз болады деген сөз. Сондықтан, егер осы тең мөлшерлі капиталдар, бұл капиталдар өздерінде *тең емес қосымша құндар*, ал осы себепті тең емес пайдалар да *болып отырған, құндары тең емес* товарлар өндіреді, — егер осындай капиталдар, мөлшері жағынан бірдей болғандықтан, тең пайда келтіруге тиіс болса, онда *товарлардың бағасы* (бұл бағалар белгілі шығындарға келетін жалпы пайда нормасымен белгіленетіндіктен) *товарлардың құндарынан* сөзсіз мейлінше өзгеше болуға тиіс. Бұдан келіп құндар өзінің табиғатын өзгертті деген қорытынды шықпайды, қайта *шығын бағасы құннан* өзгеше болады деген қорытынды шығады. Рикардоның бұл қорытындыға келмегені тіпті таңданарлық, өйткені ол жалпы пайда нормасымен белгіленетін шығын бағасы бар деп ұйғарғанның өзінде пайда нормасы [541] өндірістің әр түрлі салаларында сол қалпында қалуы үшін пайда нормасының (немесе жалақы нормасының) өзгеруі осы шығын бағаларында сөзсіз өзгеріс туғызуға тиіс екендігін көріп отыр ғой. Демек, тең емес құндардың жалпы пайда нормасының орнығуынан туындайтын өзгерісі қаншалық күштірек болуға тиіс, өйткені *пайданың бұл жалпы нормасы* жалпы алғанда тең мөлшерлі капиталдар өндірген әр түрлі товарларда болатын қосымша құнның әр түрлі мөлшерлерінің теңесуінің нақ өзі ғой.

Рикардо шығын мен құнның арасындағы, товарлардың шығын бағалары мен құндарының арасындағы айырмашылықты дамытпағанның және түсінбегеннің өзінде, қалай болғанда да бұл айырмашылықты әлгіндей тұрғыда оның өзі іс жүзінде атап көрсеткеннен кейін — осыдан кейін ол өзінің пайымдауларын мынадай сөйлеммен аяқтайды:

«Мальтус мырза, сіре, менің теориямның құрамдас бөлігі қайсыбір заттың *шығыны* мен *құнын* бірдей деп санау деп ұйғарса керек. Егер ол шығын дегенді *пайданы қоса «өндіріс шығыны»* деп ойлайтын болса, *бұл дұрыс»* (46-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, I том, 61-бет] (демек — шығындар плюс — жалпы пайда нормасымен белгіленетін пайда).

Рикардо өзі теріске шығарған осы шығын бағасы мен құнды қателесіп шатастыруымен барып, осыдан кейін рентаны қарастыруға көшеді.

Рикардоның 1-тараудың VI бөлімінде еңбек құнының өзгерулерінің алтынның шығын бағасына ықпалына қатысты айтқандары, атап айтқанда:

«Алтынға капиталдың екі түрлі тегінің товарлардың көпшілігін өндіру үшін алынған орташа арақатынасқа бөрінен де жақын арақатынасы жағдайында өндірілген товар деп қарауға болмас па еді? Біз бұл арақатынасты бір жағдайда негізгі капитал аз қолданылатын, ал екінші жағдайда еңбек аз қолданылатын екі шеткеріліктің екеуінен де бірдей шалғай арақатынас деп қарай алмаймыз ба, сонда ол әлгіндей екі арақатынастың арасында ортаңғы орында болмай ма?» (44-бет) [Орысша аудармасы, I том, 60-бет],—

деген Рикардоның бұл сөздері бұдан да гөрі құндарының әр түрлі табиғи құрамдас бөліктерінің арасындағы арақатынасы орташа болып келетін, осының өзінде олардың айналыс уақыты мен қайта еселену уақыты да орташа болып келетін товарларға қатысты. Бұл товарлар үшін шығын бағасы мен құны сәйкес келді, өйткені оларда орташа пайда бұлардың шын мәніндегі қосымша құнымен сәйкес келеді, бірақ мұның өзі тек осыларда ғана болады.

1-тараудың IV және V бөлімдерінде еңбек құнының өзгерулерінің «относительді құндарға» ықпалын,— құндарды пайданың орташа нормасынан туындайтын шығын бағасына айналдыру туралы мәселемен салыстырғанда осы (теориялық тұрғыдан) екінші дәрежелі мәселені — зерттеу қаншалықты қанағаттанғысыз болып табылса, Рикардоның осыдан шығаратын қорытындысы соншалықты маңызды болып саналады, бұл қорытындысы арқылы ол жалақының артуы пайданың төмендеуіне соқтырудың орнына, товарлардың бағасын арттырады-мыс деген негізгі қателердің бірін, А. Смиттің заманынан бері қарай үнемі ілесіп жүрген қателердің бірін жоққа шығарады. Рас, мұның өзі *құндар* деген ұғымның өзінде-ақ бар және оларды шығын бағасына айналдырумен түрі ешбір өзгермейді, өйткені соңғының жалпы алғанда төк *жиынтық капитал өндірген қосымша құнды* әр түрлі салалар арасында немесе өндірістің әр түрлі салаларындағы әр түрлі капиталдар арасында *бөлуге* ғана қатысы бар. Бірақ, дегенмен Рикардоның бұл мәселені атап көрсетуінің және істің жайы тіпті керісінше болып отырғандығын көрсетуінің маңызды мәні болды. Сондықтан ол 1-тараудың VI бөлімінде былай деп әділін айтады:

«Бұл тақырыпты жайына қалдырудан бұрын мынаны ескертіп өткен орынды болады: Адам Смит және, менің білуімше, одан былайғы жазушылар бәрі бірі қалмастан, еңбек бағасының артуы міндетті түрде барлық товарлардың бағасын арттыруы тиіс деп пайымдады».

{Мұның өзі Смиттің екінші анықтамасына сәйкес келеді, бұл анықтама бойынша құн нақты осы товар үшін сатып алуға болатын еңбек мөлшеріне тең болады.}

«Мен мұндай пікір үшін ешқандай негіз жоқ екендігін, *делдалдық роль атқаратын, өзінде баға белгіленген*» (бұл арада «относительді құн» құнды ақшаға шаққандағыға теңгеріліп алынады) «товармен салыстырғанда негізгі капитал аз мөлшерде жұмсалып өндірілген товарлардың ғана бағасы артатынын және егер жалақы артқан жағдайда, негізгі капитал көп мөлшерде жұмсалып өндірілетін товарлардың бәрінің бағасы міндетті түрде төмендеп кететінін дәлелдедім гоі деп ойлаймын. Мұның керісінше, егер жалақы төмендеп кетсе, онда делдалдық роль атқаратын, өзінде баға белгіленген товарға қарағанда, негізгі капитал аз мөлшерде жұмсалып өндірілетін товарлардың ғана бағасы төмендейді; ал негізгі капитал көбірек мөлшерде жұмсалып өндірілетін товарлардың бәрінің бағасы міндетті түрде артады» (45-бет) [Орысша аудармасы, I том, 60—61-беттер].

*Ақшаллы* бағаларға қатысы жөнінде мұның өзі *дұрыс болмай* шығады. Егер алтынның құны қандай себептермен болса да не артып, не төмендеген жағдайда, онда ол өзімен бағаланатын барлық товарлар жөнінде бірдей [артады немесе] төмендейді. Сондықтан алтын өзінің құбылмалылығына қарамастан товарлар арасындағы біршама тұрақты делдал ретінде көрінеді. Ал мұның өзі осылай болса, онда негізгі капитал мен айналмалы капиталдың товарлармен салыстырғанда алтын өндіруде болатын қайсыбір біршама ұштасып бірігуі қандай да болмасын айырмашылықты қалайша туғызуы мүмкін екендігін мүлдем түсініп болмайды. Бірақ осы арада келіп Рикардоның: ақша айналыс құралы ретінде қызмет ететін болғандықтан ол товар ретінде товарға айырбасталады деген *қате ұйғарымы* келіп шығады. Товарлар ақша оларды айналысқа келтіргенге дейін ақшаға бағаланып қойылған. Айтайық, алтынның орнына бидай делдалдық қызмет атқарады дейік. Егер, мәселен, жалақының артуы нәтижесінде бидай — өзгермелі капитал өзінің тұрақты капиталмен арақатынасында бұл арақатынастың орташа деңгейінен артық мөлшерде енген товар ретінде — өзінің өндіріс бағасына [Produktionspreis] қарағанда артқан болса, онда барлық товарлар нөғұрлым жоғары «относительді құны» бар бидаймен бағаланған болар еді. Негізгі капитал көбірек енген товарлар бұрынғыға қарағанда бидайдың аз мөлшеріне шағылып, осының өзінде де бұл олардың бидайға қарағандағы өзіне тән бағасы төмендегендіктен емес, қайта бағаның жалпы төмендегендігінен болар еді. Бидай сияқты, нақ сондай мөлшерде [нақты] еңбек — жинақталған еңбекке қарама-қарсы — енген товар [542] бидайға қарағанда өзінің бағасы төмендеп кеткен товармен салыстырғанда өзінің бағасының артқандығын бидайдың көп мөлшеріне шағылуымен білдірген болар еді. Егер бидайдың бағасын арттырған себептер, мәселен, тігулі киімнің бағасын арттыратын болса, онда тігулі киім бидайдың бұрынғыдан көп мөлшеріне шағылманымен бағасы бидаймен салыстырғанда төмендеп кеткен товарлар, мәселен шыт бидайдың аз мөлшеріне шағылатын болады. Шыт пен тігулі киім өздерінің бағаларының айырмашылығын өздерінің делдалы ретінде бидайда көрсеткен болар еді.

Бірақ Рикардоның айтып отырғаны басқа. Ол мынаны айтып отыр: жалақының артуы нәтижесінде бидайдың бағасы шытқа қатысты артқан болар еді де, тігулі киім жөнінде олай болмас еді; демек, тігулі киім бидайға оның бұрынғы бағасы бойынша айырбасталар еді де, шыт бидайға оның артқан бағасы бойынша айырбасталар еді. Англияда жалақы бағасының өзгеруі, мәселен, жалақы артпаған Калифорнияда алтынның шығын бағасын өзгертеді деген ұйғарым өзінен-өзі шектен асқан қисынсыздық болады. *Құндардың жұмыс уақытымен теңестірілуі*, ал одан да бетер *шығын бағасының* жалпы пайда нормасымен теңестірілуі әр түрлі елдер арасында мұндай тікелей формада болмақ емес. Бірақ тіпті бидайды, отандық өнімді алайық. Бидайдың бір кварталінің бағасы, айтайық, 40 шиллингтен 50 шиллингке дейін, яғни 25 процент артты дейік. Егер тігулі киімнің бағасы да 25 процент артқан болса, ол бұрынғыша 1 квартал бидай тұратын болады. Егер шыттың бағасы 25 процент төмендеген болса, онда бұрын 1 квартал бидайға түсетін шыттың сондай мөлшері енді тек 6 бушель бидайға келетін болады<sup>73</sup>. Міне осы бидайға шағу шыттың бағасы мен тігулі киімнің бағасының арақатынасын дәл көрсетеді, өйткені олар *сол бір* өлшеммен, 1 квартал бидаймен өлшеніп отыр.

Оның үстіне Рикардоның көзқарасы одан бетер қисынсыз. *Құндардың* өлшемі болып, сондықтан да ақша болып қызмет атқаратын товардың *бағасы* жалпы алғанда жоқ нәрсе; өйткені бұлай болмаған жағдайда менің ақшаның қызметін атқаратын товардан басқа, ақша болып саналатын екінші бір товарым — құнның қосарлас өлшемі — болуға тиіс. Ақшаның относительді құны барлық товарлардың сансыз көп бағаларында көрсетілген; өйткені товардың айырбас құны ақшаға шағылған осы бағалардың әрқайсысында ақшаның айырбас құны осы товардың тұтыну құнына шағылған. Сондықтан ақша *бағасының* [*des Preises*] артуы немесе төмендеуі туралы айтуға келмейді. Мен былай деп айта аламын: бидайдағы ақшаның бағасы немесе оның тігулі киімдегі бағасы сол қалпында қалды; ал ақшаның шыттағы бағасы артты, мұның өзі шыттың ақшалай бағасы төмендеді дегенмен бірдей. Бірақ мен ақшаның *бағасы* артты немесе төмендеді деп айта алмаймын. Алайда Рикардо ақшаның бағасы, мәселен шытта артты, немесе шыттың ақшалай бағасы төмендеді, мұның өзі ақшаның шытқа қатысты относительді құны артқандықтан, ал тігулі киім жөнінде немесе бидай жөнінде ақша сол құнын сақтап қалғандықтан болып отыр деп, шын мәнінде солай деп ойлайды. Сонымен бұл екі құн *бірдей емес* өлшеммен өлшенеді.

Бұл VI бөлім (*«Құнның өзгермейтін өлшемі туралы»*) *«құндардың өлшемі»* туралы баяндайды, бірақ онда маңызды еш нәрсе жоқ. Құнның, оның имманенттік өлшемі — жұмыс уақытының, — және товар құнының *сыртқы* өлшемінің қажеттілігі арасындағы

байланыс мүлдем түсінілмеген, ол туралы мәселе қойылмаған да.

VI бөлімнің бастамасының өзі-ақ проблеманы үстірт баяндаушылықты аңғартады:

«Егер товарлар өзінің *относительді* құнында өзгерген болса, онда олардың қайсысының шын мәніндегі құны төмендегенін немесе артқандығын анықтау үшін құрал тауып алған *жөн болар еді*, ал бұған оларды бірінен соң бірін қайсыбір өзгермейтін, басқа товарлар душар болатын ауытқулардың бірде-біреуіне ұшырамайтын стандартты бір өлшеммен салыстыру арқылы қол жеткізуге болар еді». Бірақ «өзі осындай ауытқуларға ұшырамайтын мұндай бірде-бір товар жоқ..., яғни өзін өндіру үшін еңбекті бірде көп, бірде аз талап етпейтін мұндай бірде-бір товар жоқ» (41—42-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 58-бет].

Бірақ тіпті сондай товар болғанның өзінде де, жалақының артуының немесе төмендеуінің ықпалы және негізгі капитал мен айналмалы капиталдың әр түрлі ұштасып келуінің, негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығы әр түрлі дәрежеде болуының, товардың рынокқа барып түскенге дейінгі өтуге тиісті уақыт аралықтарының бірдей болмауының және т. т. ықпалы оған

«қалған барлық заттардың құнының өзгеруін соның көмегімен біз дәл анықтай алатындай құнның жетілген өлшемі болуға» ішінара кедергі жасаған болар еді. Ондай товар «өзі қандай жағдайда өндірілген болса, нақ дәл сондай жағдайда өндірілген барлық заттар үшін құнның жетілген өлшемі болған болар еді, бірақ ол ешқандай басқа заттар үшін ондай өлшем бола алмаған болар еді» (43-бет) [Орысша аудармасы, I том, 59-бет].

Басқаша айтқанда, «қалған заттардың» осы екі тобының біріншісіндегілердің бағалары өзгерген жағдайда біз (егер ақшаның құны артпаған немесе төмендемеген болса) өзгеріс «олардың құндарындағы», яғни оларды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытындағы арту мен азаюдан болады деп айта алар едік. Ал басқа заттар жөнінде олардың ақшалай бағасының «өзгеруі» *басқа себептерден* және т. т. болатын-болмайтынын біз біле алмаған болар едік. Бұл барынша сәтсіз пайымдауларға кейінірек (ақша теориясын кейінде қайта қараған кезде) оралу керек болады.

*1-тарау, VII бөлім.* Бұл бөлімде «*относительді*» жалақы, пайда және рента туралы маңызды ілімнен басқа, бұған кейін қайта оралу керек \*, тек мынадай қағида бар: ақшаның құны төмендеген немесе артқан жағдайда жалақының, пайданың және рентаның тиісінше артуы немесе төмендеуі олардың арасындағы арақатынаста ештеңе өзгертпейді, олардың ақшалай көрінісін ғана өзгерттеді. Егер сол бір товардың құны фунт стерлингтің екі есе мөлшерімен белгіленсе, онда бұл құнның пайдаға, жалақыға не рентаға айналатын бөлегі де екі есе артады. Бірақ осы үш бөліктің өз арасындағы арақатынас пен олар белгілейтін шын мәніндегі құндар сол өз қалпында қала береді. Нақ сол сияқты, өгер пайда

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 438—443-беттер. *Ред.*



ф. стерлингтің екі есе көп мөлшерін құрайтын болса, онда 100 ф. ст. өнді 200 ф. ст. болып шығады ғой; демек, пайда мен капитал арасындағы арақатынас та, пайда нормасы да өзгеріссіз қалады. Монеталық көріністің өзгерісі пайдаға, жалақыға және рентаға әсер ететіні сияқты пайда мен капиталға бір мезгілде әсер етеді. Мұның рентаға да қатысы бар, өйткені ол акрға шағып есептелмейді, жерді өңдеуге және т. т. жұмсалған капиталға шағып есептеледі. Қысқасын айтқанда, бұл жағдайда өзгеріс товарларда және т. т. болмайды:

«Осы себепті жалақының артуы, әрине, товарлардың бағасының артуымен сөзсіз ұштасатын болады; бірақ мұндай жағдайларда еңбектің құны мен барлық товарлардың құны бір-біріне қатысы жөнінен өзгермегенін, тек бір ғана ақшаның құны өзгергенін анықтауға болады» (47-бет) [Орысша аудармасы, I том, 61—62-беттер].

## [5] ОРТАША БАҒАЛАР, НЕМЕСЕ ШЫҒЫН БАҒАЛАРЫ, ЖӘНЕ РЫНОКТЫҚ БАҒАЛАР

[a] КІРІСПЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

ЖЕКЕ-ДАРА ҚҰН МЕН РЫНОКТЫҚ ҚҰН;  
РЫНОКТЫҚ ҚҰН МЕН РЫНОКТЫҚ БАҒА]

[543] Дифференциалдық рента теориясын дамыту үшін Рикардо 2-тарауда (*«Рента туралы»*) мынадай қағида ұсынады:

*«Барлық товарлардың айырбас құны, мейлі ол өнеркәсіп бұйымдары, рудниктердің өнімі немесе ауыл шаруашылығының өнімі болса да, ерекше тиімді жағдаймен пайдаланатындардың ғана қолы жететін неғұрлым қолайлы жағдайда оларды өндіруге жеткілікті еңбектің ең аз мөлшерімен еш уақытта белгіленбейді: керісінше, ол мұндай артықшылықтары жоқ, өндірісті ең қолайсыз жағдайларда жалғастырып жатқандар оларды өндіруге қажетті түрде жұмсайтын еңбектің ең көп мөлшерімен белгіленеді; ал ең қолайсыз жағдай деп өнімнің қажет мөлшері өндірілуі үшін өндірісті жалғастыру қажет болған жағдайлардың ішіндегі ең қолайсызын түсіну керек»* (60—61-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 69-бет].

Соңғы ескертпе онша дұрыс емес. «Өнімнің қажетті мөлшері» қайсыбір өзгермейтін шама емес. Белгілі бір бағалардың шегінде талап өтілетін өнімнің белгілі бір мөлшері деу керек еді. Егер баға осы шектен асып артатын болса, онда сұраныммен бірге «қажетті мөлшер» де төмендейтін болады.

Жоғарыда келтірілген қағиданы жалпы түрінде былай деп айтуға болады: өндірістің қайсыбір айрықша саласының өнімі болып табылатын товардың құны өндірістің осы саласының өз ішіндегі әрбір жеке капиталист немесе кәсіпкер үшін қажет болатын айрықша жұмыс уақытымен белгіленбейді, өндірістің осы саласындағы товарлардың бүкіл массасын, жалпы жиынтығын өндіру үшін қажет болатын еңбекпен белгіленеді. Өндірістің осы бір айрықша саласында, мәселен мақта-мата өнеркәсібінде

байланыс мүлдем түсінілмеген, ол туралы мәселе қойылмаған да.

VI бөлімнің бастамасының өзі-ақ проблеманы үстірт баяндаушылықты аңғартады:

«Егер товарлар өзінің относительді құнында өзгерген болса, онда олардың қайсысының шын мәніндегі құны төмендегенін немесе артқандығын анықтау үшін құрал тауып алған *жөн болар еді*, ал бұған оларды бірінен соң бірін қайсыбір өзгермейтін, басқа товарлар душар болатын ауытқулардың бірде-біреуіне ұшырамайтын стандартты бір өлшеммен салыстыру арқылы қол жеткізуге болар еді». Бірақ «өзі осындай ауытқуларға ұшырамайтын мұндай бірде-бір товар жоқ..., яғни өзін өндіру үшін еңбекті бірде көп, бірде аз талап етпейтін мұндай бірде-бір товар жоқ» (41—42-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 58-бет].

Бірақ тіпті сондай товар болғанның өзінде де, жалақының артуының немесе төмендеуінің ықпалы және негізгі капитал мен айналмалы капиталдың әр түрлі ұштасып келуінің, негізгі капиталдың пайдаланылу ұзақтығы әр түрлі дәрежеде болуының, товардың рынокқа барып түскенге дейінгі өтуге тиісті уақыт аралықтарының бірдей болмауының және т. т. ықпалы оған

«қалған барлық заттардың құнының өзгеруін соның көмегімен біз дәл анықтай алатындай құнның жетілген өлшемі болуға» ішінара кедергі жасаған болар еді. Ондай товар «өзі қандай жағдайда өндірілген болса, нақ дәл сондай жағдайда өндірілген барлық заттар үшін құнның жетілген өлшемі болған болар еді, бірақ ол ешқандай басқа заттар үшін ондай өлшем бола алмаған болар еді» (43-бет) [Орысша аудармасы, I том, 59-бет].

Басқаша айтқанда, «қалған заттардың» осы екі тобының біріншісіндегілердің бағалары өзгерген жағдайда біз (егер ақшаның құны артпаған немесе төмендемеген болса) өзгеріс «олардың құндарындағы», яғни оларды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытындағы арту мен азаюдан болады деп айта алар едік. Ал басқа заттар жөнінде олардың ақшалай бағасының «өзгеруі» *басқа себептерден* және т. т. болатын-болмайтынын біз біле алмаған болар едік. Бұл барынша сәтсіз пайымдауларға кейінірек (ақша теориясын кейінде қайта қараған кезде) оралу керек болады.

*1-тарау, VII бөлім.* Бұл бөлімде «*относительді*» жалақы, пайда және рента туралы маңызды ілімнен басқа, бұған кейін қайта оралу керек \*, тек мынадай қағида бар: ақшаның құны төмендеген немесе артқан жағдайда жалақының, пайданың және рентаның тиісінше артуы немесе төмендеуі олардың арасындағы арақатынаста ештеңе өзгертпейді, олардың ақшалай көрінісін ғана өзгерттеді. Егер сол бір товардың құны фунт стерлингтің екі есе мөлшерімен белгіленсе, онда бұл құнның пайдаға, жалақыға не рентаға айналатын бөлегі де екі есе артады. Бірақ осы үш бөліктің өз арасындағы арақатынас пен олар белгілейтін шын мәніндегі құндар сол өз қалпында қала береді. Нақ сол сияқты, өгер пайда

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 438—443-беттер. *Ред.*

ф. стерлингтің екі есе көп мөлшерін құрайтын болса, онда 100 ф. ст. енді 200 ф. ст. болып шығады ғой; демек, пайда мен капитал арасындағы арақатынас та, пайда нормасы да өзгеріссіз қалады. Монеталық көріністің өзгерісі пайдаға, жалақыға және рентаға әсер ететіні сияқты пайда мен капиталға бір мезгілде әсер етеді. Мұның рентаға да қатысы бар, өйткені ол акрға шағып есептелмейді, жерді өңдеуге және т. т. жұмсалған капиталға шағып есептеледі. Қысқасын айтқанда, бұл жағдайда өзгеріс товарларда және т. т. болмайды:

«Осы себепті жалақының артуы, әрине, товарлардың бағасының артуымен сөзсіз ұштасатын болады; бірақ мұндай жағдайларда еңбектің құны мен барлық товарлардың құны бір-біріне қатысы жөнінен өзгермегенін, тек бір ғана ақшаның құны өзгергенін анықтауға болады» (47-бет) [Орысша аудармасы, I том, 61—62-беттер].

### [5] ОРТАША БАҒАЛАР, НЕМЕСЕ ШЫҒЫН БАҒАЛАРЫ, ЖӘНЕ РЫНОҚТЫҚ БАҒАЛАР

#### [a) КІРІСПЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

#### ЖЕКЕ-ДАРА ҚҰН МЕН РЫНОҚТЫҚ ҚҰН; РЫНОҚТЫҚ ҚҰН МЕН РЫНОҚТЫҚ БАҒА]

[543] Дифференциалдық рента теориясын дамыту үшін Рикардо 2-тарауда (*«Рента туралы»*) мынадай қағида ұсынады:

*«Барлық товарлардың айырбас құны, мейлі ол өнеркәсіп бұйымдары, рудниктердің өнімі немесе ауыл шаруашылығының өнімі болса да, ерекше тиімді жағдаймен пайдаланатындардың ғана қолы жететін неғұрлым қолайлы жағдайда оларды өндіруге жеткілікті еңбектің ең аз мөлшерімен еш уақытта белгіленбейді: керісінше, ол мұндай артықшылықтары жоқ, өндірісті ең қолайсыз жағдайларда жалғастырып жатқандар оларды өндіруге қажетті түрде жұмсайтын еңбектің ең көп мөлшерімен белгіленеді; ал ең қолайсыз жағдай деп өнімнің қажет мөлшері өндірілуі үшін өндірісті жалғастыру қажет болған жағдайлардың ішіндегі ең қолайсызын түсіну керек»* (60—61-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 69-бет].

Соңғы ескертпе онша дұрыс емес. «Өнімнің қажетті мөлшері» қайсыбір өзгермейтін шама емес. Белгілі бір бағалардың шегінде талап өтілетін өнімнің белгілі бір мөлшері деу керек еді. Егер баға осы шектен асып артатын болса, онда сұраныммен бірге «қажетті мөлшер» де төмендейтін болады.

Жоғарыда келтірілген қағиданы жалпы түрінде былай деп айтуға болады: өндірістің қайсыбір айрықша саласының өнімі болып табылатын товардың құны өндірістің осы саласының өз ішіндегі әрбір жеке капиталист немесе кәсіпкер үшін қажет болатын айрықша жұмыс уақытымен белгіленбейді, өндірістің осы саласындағы товарлардың бүкіл массасын, жалпы жиынтығын өндіру үшін қажет болатын еңбекпен белгіленеді. Өндірістің осы бір айрықша саласында, мәселен мақта-мата өнеркәсібінде

өндірістің жалпы жағдайлары мен еңбектің жалпы өнімділігі дегеніміз, бұл — осы саладағы, мақта-мата өнеркәсібіндегі, өндірістің орташа жағдайлары мен еңбектің орташа өнімділігі. Демек, мәселен, бір кез шыттың құнын белгілейтін еңбек мөлшері шытқа енген, оны өндіру үшін осы бір фабриканттың жұмсаған еңбек мөлшері емес, мұның өзі рынокқа келетін барлық мақта-мата фабриканттарының бір кез шыт өндіру үшін жұмсаған еңбегінің орташа мөлшері. Ал жекелеген капиталистер товар өндіретін, мәселен, мақта-мата өнеркәсібіндегі айрықша жағдайлар қажетті түрде үш топқа сараланады. Біреулері *орташа* жағдайларда өндіреді: мұның мәнісі олар товар өндіретін өндірістің жеке-дара жағдайлары осы саладағы өндірістің *жалпы* жағдайларына сай келеді деген сөз. Орташа арақатынас олардың шын мәніндегі арақатынасы болып табылады. Олардың еңбек өнімділігі орташа деңгейде болады. Олардың товарларының *жеке-дара* құны осы товарлардың *жалпы* құнына сәйкес келеді. Егер олар, мәселен, шыттың кезін 2 шиллингтен, яғни оның орташа құны бойынша сатса, олар оны өздері өндірген бір кез шытты *in natura* \* білдіретін құн бойынша сатып отыр. Кәсіпкерлердің екінші тобы орташадан гөрі *жақсы* жағдайда өндіреді. Олардың товарларының *жеке-дара* құны осы тектес товарлардың жалпы құнынан *төмен* болады. Ал егер олар өздерінің товарларын осы жалпы құн бойынша сататын болса, онда олар товарларын жеке-дара құнынан *асырып* сатқаны. Ақырында, кәсіпкерлердің үшінші тобы орташадан *төмен* өндіріс жағдайларында өндіреді.

Жоғарыда айтылғандай, өндірістің осы бір айырықша саласындағы «өнімнің қажетті мөлшері» қайсыбір өзгермейтін шама емес. Егер товарлардың құны орташа құнның белгілі бір шегінен асып кетсе, онда «өнімнің қажетті мөлшері» төмендейді немесе осы мөлшер тек осы баға бойынша ғана талап етіледі — немесе, ең болмағанда, белгілі бір бағалардың шегінде талап етіледі. Сондықтан ең қолайлы жағдайлары бар кәсіпкерлер тобының өздерінің товарларын олардың жеке-дара құнынан әрқашан да *асырып* сататыны сияқты, кәсіпкерлердің соңғы тобы өздерінің товарларын олардың жеке-дара құнынан *төмен* сатуға мәжбүр болатын жағдай да болуы мүмкін. Нақ осы топтардың <sup>74</sup> қайсысының орташа құнды біржола тағайындауы бұл топтардың санына немесе олардың көлемінің пропорциялық арақатынасына байланысты болады. Егер ортаңғы топ сан жағынан едәуір басым болса, онда орташа құнды да сол тағайындайды. Егер бұл топ сан жағынан аз болып, ал *орташадан төмен жағдайда* өндіретін топ сан жағынан көп және қалғандарынан басым болса, онда бұл саладағы өнімнің жалпы құнын да осы топ тағайындайды, дегенмен бұл арқылы істің тағдырын нақ осы топтың ішіндегі мұнда не-

\* — заттай түрінде, өзінің заттай формасында. *Ред.*

ғұрлым қолайсыз жағдайларда болатын жеке бір капиталист шешеді деген әсте айтылмайды және мұның өзі тіпті де ақылға сыйымсыз (*Корбетті қараңыз*)<sup>75</sup>.

Бірақ мұны жайына қалдырайық. Жалпы нәтиже мынадай: осы тектес өнімдердің *жалпы* құны әрбір жекелеген товардың жеке-дара құнына қандай қатынаста болса да, олардың барлығына *бірдей* болады. Осы тектес товарларға *ортақ* бұл құн олардың *рыноктық құны* болып табылады, олар осы құнмен рынокқа түседі. Жалпы алғанда ақшамен белгіленген құнның баға болатыны сияқты, ақшамен белгіленген бұл рыноктық құн *рыноктық баға* болып табылады. Шын мәніндегі рыноктық баға бұл рыноктық құннан бірде жоғары, бірде төмен болады да, кездейсоқ қана оған сәйкес келеді. Бірақ белгілі бір кезеңнің ішінде ауытқулар теңгеріледі де, осы себепті шын мәніндегі орташа рыноктық бағалар *рыноктық құнды* көрсететін *рыноктық бағаның* өзі болып табылады деп айтуға болады. Белгілі бір сәтте шын мәніндегі рыноктық баға өзінің көлемі жағынан, *сан жағынан*, осы рыноктық құнға сай келе ме немесе келмей ме, қалай болған жағдайда да рыноктық бағаның рыноктық құнмен мынадай ортақ бір *сапалық* анықтамасы болады: өндірістің белгілі бір саласының рынокқа түскен барлық товарларының (олардың сапасы, әрине, бірдей деп алынады) бағасы *бірдей* болады, немесе осы саладағы товарлардың *ортақ* құнының іс жүзіндегі өкілдері болып табылады.

[544] Сондықтан Рикардоның рента теориясына байланысты ұсынған, жоғарыда келтірілген қағидасын оның шәкірттері мынадай мағынада тұжырымдады: белгілі бір рыноктың өзінде *екі түрлі рыноктық баға* бір мезгілде болуы мүмкін емес, немесе рынокқа бір мезгілде келіп түскен *бір* тектес өнімдердің бағасы *бірдей* болады, немесе, — бұл арада біз осы бағаның кездейсоқтығын елемеуімізге болатындықтан, — *бірдей рыноктық құны* болады.

Сонымен, бәсеке, — ішінара капиталистердің өз арасындағы, ішінара товарларды сатып алушылар мен капиталистердің арасындағы және сатып алушылардың өздерінің арасындағы бәсеке — бұл арада мынаған әкеліп соқтырады: өндірістің қайсыбір айрықша саласындағы әрбір жеке товардың құны *жекелеген товарлардың жеке-дара құнымен емес*, басқаша сөзбен айтқанда — жекелеген товардың оның *айрықша* өндірушілеріне және сатушыларына түскен жұмыс уақытымен емес, *қоғамдық өндірістің осы айрықша саласындағы товарлардың жиынтық массасы* талап ететін *қоғамдық жұмыс уақытының жиынтық массасымен белгіленеді*.

Бірақ бұдан өзінен-өзі мынадай қорытынды шығады: бірінші топқа жататын, өндірістің орташа жағдайларына қарағанда неғұрлым қолайлы өндірістік жағдайдағы капиталистер барлық жағдайларда да біршама артық пайда алады, яғни олардың пайдасы осы саладағы пайданың жалпы нормасынан *асып түседі*.

Демек, бәсеке *рыноктық құнды*, немесе *рыноктық бағаны* белгілегенде өндірістің жекелеген саласының *ішіндегі пайдаларды теңестіру* жолымен белгілемейді. (Бұл зерттеу үшін рыноктық құн мен рыноктық бағаның арасындағы айырмашылықтың маңызы жоқ, өйткені өндіріс жағдайларындағы айырмашылық пен осыдан туындайтын пайданың әр түрлі нормалары, рыноктық бағаның рыноктық құнға қатынасы қандай болғанына қарамастан, *сол бір* саладағы жекелеген капиталистер үшін өз күшінде қала береді.) *Мұның керісінше*: бәсеке бұл арада *әр түрлі жеке-дара құндарды бірдей тең, айырмашылығы жоқ құнға* нақ мынадай жолмен теңестіреді: бәсеке *жеке-дара пайдалардың*, жекелеген капиталистердің пайдаларының *арасындағы* айырмашылықтарға және бұл пайдалардың осы саладағы *пайданың орташа нормасынан ауытқуларына* жол береді. Ол тіпті бұл ауытқуларды өндірістік жағдайлардың қолайлылығы бірдей емес жағдайларда — демек өңбек өнімділігі бірдей емес жағдайда — өндірілген, және демек, *жұмыс уақытының жеке-дара, тең емес мөлшерлері* болып табылатын товарлар үшін *белгілі бір бірдей рыноктық құн* тағайындау жолымен жасайды. Неғұрлым қолайлы жағдайларда өндірілген товарда қолайлылығы кемірек жағдайларда өндірілген товардағыға қарағанда жұмыс уақыты аз мөлшерде *болады*, алайда ол шын мәнінде өзінде жоқ жұмыс уақыты бар товар сияқты баға бойынша сатылады, нақ сондай құны болады.

[б) РИКАРДОДА ӨНДІРІСТІҢ БЕЛГІЛІ БІР САЛАСЫНЫҢ  
ІШІНДЕ РЫНОКТЫҚ ҚҰННЫҢ ҚҰРАЛУ ПРОЦЕСІ  
МЕН ӨНДІРІСТІҢ ӘР ТҮРЛІ САЛАЛАРЫНДА  
ШЫҒЫН БАҒАСЫНЫҢ ҚҰРАЛУ ПРОЦЕСІНІҢ ШАТАСТЫРЫЛУЫ]

Рикардоға өзінің рента теориясын құру үшін, сонымен бірге, бәсекенің *сол белгілі бір* әрекетін ғана емес, оның нақ *қарама-қарсы* әрекеттерін білдіруі тиіс екі қағида қажет. Бірінші қағида былай дейді: белгілі бір саланың өнімдері *сол белгілі бір рыноктық құн* бойынша сатылады, олай болса, бәсеке *пайданың әр түрлі нормаларын*, яғни пайданың жалпы нормасынан ауытқуларды қалай да туындатпай қоймайды. Екінші қағида былай дейді: капиталдың көз келген шығындары үшін *пайданың нормасы бірдей* болуға тиіс, немесе бәсеке *жалпы пайда нормасын* жасайды. Бірінші заңның *өндірістің сол белгілі бір саласына* жұмсалған әр түрлі дербес капиталдар үшін күші бар. Екінші заңның *өндірістің әр түрлі салаларына* жұмсалғандықтан капиталдар үшін күші бар. Бәсеке өзінің бірінші әрекеті арқылы рыноктық құн жасайды, яғни өндірістің сол белгілі бір саласының товарлары үшін *белгілі бір құн* жасайды, дегенмен бұл *теңбе-тең құн пайдалардың әр қилы* болуын туындатуға тиіс; демек, бәсеке өзінің бірін-

ші әрекеті арқылы пайданың бірдей емес нормаларының болуына қарамастан, немесе былай деп айтқан жақсы, пайданың бірдей емес нормаларының болуы арқасында сол белгілі бір құнды жасайды. Бәсеке өзінің екінші әрекеті арқылы (әйтсе де оның жүзеге асырылуы да басқаша; бұл — капиталды бір саладан екінші салаға көшіріп отыратын әр түрлі салалардағы капиталистердің бәсекесі, ал жоғарыда көрсетілген бәсеке, ол сатып алушылар арасында болмайтын болғандықтан, сол белгілі бір саладағы капиталдардың арасында болады) шығын бағасын, яғни өндірістің әр түрлі салаларында пайданың сол белгілі бір нормасын жасайды, дегенмен пайданың бұл теңбе-тең нормасы құндардың тең еместігіне қарама-қарсы келеді, демек, құндардан өзгеше болып келетін бағалар арқылы ғана жасалуы мүмкін.

Рикардоның өзіне оның жер рентасы теориясы үшін осының екеуі де — пайда нормасы бірдей болмағандағы тең құн немесе баға және құндар бірдей болмағандағы бірдей пайда нормасы, — керек болғандықтан, барынша таңданарлық жай мынадай: ол осы екі ұшты анықтаманы аңғармайды және тіпті рыноктық баға туралы ex professo \* айтатын бөлімде де, 4-тарауда («Табиғи және рыноктық баға туралы»), ол рыноктық баға, немесе рыноктық құн туралы мүлдем айтпайды, дегенмен, жоғарыда келтірілген тұста \*\* дифференциалдық рентаны рента болып қорытылатын қосымша пайда ретінде түсіндіру үшін рыноктық құнды негіз етіп алады. [545] Мұның керісінше, 4-тарауда ол өндірістің әр түрлі салаларындағы бағаларды шығын бағаларына, немесе орташа бағаларға келтіру туралы, яғни өндірістің әр түрлі салаларындағы өзара қарым-қатынаста болатын рыноктық құндар туралы жазады, бірақ әрбір айырықша салада рыноктық құнның құралу процесі туралы айтпайды, ал бұл процесс болмаған жағдайда жалпы алғанда ешқандай рыноктық құндар болмайды ғой.

Өндірістің әрбір айырықша саласындағы рыноктық құндар, демек, әрбір айырықша саладағы рыноктық бағалар да (егер рыноктық баға «табиғи бағаға» сай келетін болса, яғни құнды ақшаға шағып қана көрсететін болса), барынша әр түрлі пайда нормаларын берген болар еді, өйткені тең мөлшерлі капиталдар өндірістің әр түрлі салаларында (айналыс процесінің әр түрлілігінен туатын айырмашылықтарға мүлдем назар аудармай) тұрақты капитал мен өзгермелі капиталды барынша әркөлкі пропорцияда қолданады, сондықтан да мейлінше бірдей емес қосымша құндар, демек, пайда келтіреді. Сондықтан нәтижесінде әр түрлі салаларда пайданың бірдей нормасы қалыптасатын және тең мөлшерлі капиталдар бірдей орташа пайда келтіретін әр түрлі рыноктық құндардың осылай теңгерілуі тек мынадай жолмен ғана: рынок-

\* — әдейі. Ред.

\*\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 209-бет. Ред.

тық құндардың шын мәніндегі құндардан өзгеше болатын шығын бағасына айналуы жолымен ғана мүмкін болады \*.

Өндірістің сол белгілі бір саласында бәсекенің жүзеге асыратыны — сол салада өндірілген товардың құнын ондағы қажетті орташа жұмыс уақытымен болгілеу; демек рыноктық құнды тағайындау. Өндірістің әр түрлі салалары арасында болатын бәсекенің жүзеге асыратыны — әр түрлі рыноктық құндарды шығын бағасы болып табылатын, шын мәніндегі рыноктық құндардан өзгеше болып келетін рыноктық бағалар етіп теңестіру жолымен әр түрлі салаларда пайданың сол белгілі бір жалпы нормасын тағайындау. Сонымен, бәсеке осы екінші жағдайда товарлардың бағасын олардың құнына сәйкестендіруге әсте ұмтылмайды, қайта керісінше олардың құндарын бұлардан өзгеше болатын шығын бағаларына келтіруге, олардың құндары мен шығын бағаларының арасындағы айырмашылықтарды жоюға ұмтылады.

Рикардо 4-тарауда тек осы соңғы қозғалысты ғана қарастырады; осының өзінде бұл қандай таңданарлық болса да, ол мұны товарлардың бағаларын — бәсеке жолымен — олардың құндарына келтіру, «рыноктық бағаны» (құннан өзгеше болатын бағаны) «табиғи бағаға» (ақшалай белгіленген құнға) келтіру деп қарайды. Бұл қателік, оның бер жағында 1-тараудың («Құн туралы») өзінде-ақ жасалған шығын бағасы мен құнды қателесіп теңестіруден болған \*\*, ал мұның өзі өз кезегінде, мынадан келіп шыққан: Рикардо өзіне тек «құнды» ғана дамыта түсу керек болған жерде, яғни ол тек әлі «товар» жөнінде ғана айтып отырған жерде оған әкеліп жалпы пайда нормасын және неғұрлым дамыған капиталистік өндірістік қатынастардан туындайтын барлық алғы шарттарды әкеліп қосқан болатын.

Сондықтан да Рикардоның 4-тараудағы ой-пікір түюінің бүкіл барысы да өте-мөте үстірт болып келеді. Ол товарлар бағасының сұраным мен ұсынымның арақатынасы өзгеруінің салдарынан болатын «кездейсоқ және уақытша өзгерулерін» (80-бет) негізге алады.

«Бағаның артуына немесе төмендеуіне байланысты пайда оның жалпы деңгейінен жоғары көтеріледі немесе төмен түседі, сөйтіп капитал осындай өзгеріс туған, өзінің жұмсалатын жекелеген саласына қарай ауысуға итермеленеді немесе оған бұл саладан кету қажеттігі туралы ескерту жасалады» (80-бет) [Орысша аудармасы, I том, 81-бет].

Осы араның өзінде-ақ өндірістің әр түрлі салалары арасында, «капитал жұмсалатын жекелеген салалар» арасында «пайданың жалпы деңгейі» бар деп ұйғарылып отыр. Ал бұл екі арада әуелі капитал жұмсалатын сол белгілі бір салада бағалардың жалпы

\* Қосымша құн нормасы өндірістің әр түрлі салаларында (мәселен, жұмыс уақыты ұзақтығының бірдей болмауы салдарынан) теңелмеуі мүмкін. Қосымша құн нормасының теңгерілуі қосымша құнның өздері теңгерілетін болғандықтан қажетті болып табылмайды.

\*\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 204—205-беттер. Ред.



деңгейі мен капитал жұмсалатын әр түрлі салалар арасында пайданың жалпы деңгейі қалай қалыптасатынын қарастырып алу керек еді. Сонда Рикардо соңғы операцияның өзі-ақ капиталдың үздіксіз қозғалыста болуын көздейтінін, немесе бәсекенің белгілеуімен бүкіл қоғамдық капиталдың өзі жұмсалатын әр түрлі салалар арасында бөлінуін көздейтінін көрген болар еді. Әр түрлі салаларда рыноктық құндар немесе орташа рыноктық бағалар, пайданың сол белгілі бір орташа нормасын келтіретін шығын бағаларына сайылады деп ұйғарылған екен {алайда мұның өзі жерді меншіктенушілік араласпайтын өндіріс салаларында ғана орын алады; ал бұл араласушылық орын алып отырған салаларда осы салалардың ішіндегі бәсеке бағаның құнға және құнды рыноктық құнға келтіре алады, бірақ рыноктық құнды шығын бағасына дейін төмендете алмайды}, — осылай деп ұйғарылған екен, онда өндірістің қайсыбір айырықша салаларында болып отыратын рыноктық бағаның шығын бағасынан азды-көпті үнемі болып тұратын — жоғары немесе төмен — ауытқулары қоғамдық капиталдың жаңадан ауысуы мен жаңадан бөлінуін туғызып отырады. Бірінші ауысу құндардан өзгеше болып келетін шығын бағаларын тағайындау үшін болады; екіншісі шын мәніндегі рыноктық бағаларды шығын бағаларымен теңестіру үшін жасалады, себебі — рыноктық бағалар шығын бағаларынан жоғары көтеріліп немесе төмен түсіп отырады. Бірінші ауысу құндардың шығын бағаларына айналуы болып табылады. Екіншісі әр түрлі салалардағы шын мәніндегі, [546] кездейсоқ рыноктық бағалардың енді «табиғи баға» ретінде көрініп отырған шығын бағаларының төңірегінде айналуы болып табылады, дегенмен шығын бағасы құннан өзгеше және оның өзі тек қоғамдық әрекеттің нәтижесі ғана.

Рикардо нақ осы соңғы, неғұрлым үстірт қозғалысты қарастырады және оны кейде ұғынбай басқа қозғалыспен шатастырады. Бұл қозғалыстардың екеуі де, әрине, «белгілі бір принциптен», атап айтқанда мынадай принциптен туындайды:

«әрбір кісінің өзінің капиталын қайда орналастырамын десе де еркі бар... Ол, әрине, өзінің капиталын неғұрлым тиімді орналастырудың жолын іздейді; егер өзінің капиталын басқа бір іске жұмсап, 15 процент пайда ала алатын болса, онда оның 10 процент пайдаға қанағаттанбайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Барлық капиталистердің неғұрлым пайдалы іс үшін пайдасы аз істі тастап кетуге деген осы тынымсыз ұмтылуы барлығында пайда нормаларын теңестіруге деген немесе оларды, мүдделі жақтардың пікірі бойынша, бірінің алдында бірінің шын мәніндегі немесе солай болып көрінетін артықшылықтарын теңестіретін пропорцияларда тұрақтандыруға деген күшті тенденция туғызады» (81-бет) [Орысша аудармасы, I том, 81-бет].

Бұл тенденция мынаған әкеліп жеткізеді: қоғамдық жұмыс уақытының жиынтық массасы, қоғамдық қажеттілікке сәйкес, өндірістің әр түрлі салалары арасында бөлінеді. Сонымен бірге әр

түрлі салалардағы құндар осының арқасында шығын бағаларына айналады, ал екінші жағынан жекелеген салаларда шын мәніндегі бағалардың шығын бағаларынан ауытқушылықтары теңестіріледі.

Осының бәрі өзінің бастамасын А. Смиттен алады. Рикардоның өзі былай дейді:

«Капиталдың өзі жұмсалған салада өндірілген товардар өздерінің бағалары арқылы оларды өндіру және рынокқа жеткізу жөніндегі барлық шығындарды, әдеттегі пайданы, қоса есептегенде, өтемеген жағдайда» (демек, шығын бағаларын өтемеген жағдайда), «оның сол саладан кету тенденциясын д-р Смиттің жасағанындай етіп бірде-бір жазушы қанағаттанарлық етіп және тиянақтап көрсете алмады» (342-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, 1 том, 240-бет].

Рикардоның сіңірген еңбегі, ал оның қателігі жалпы алғанда бұл арада ол А. Смит жөнінде *сыни тұрғыдан* қарамағандығынан болып отыр, мынада: капиталдың бір саладан екінші салаға көшуін, немесе былай деген жақсы: осы ауысудың тәсілінің өзін ол дәлірек анықтайды. Бірақ оның бұған шамасы келуінің бір ғана себебі: Смиттің заманына қарағанда оның заманында кредит системасының неғұрлым ілгері дамығандығы болатын. Рикардо былай дейді:

«Бұл өзгерістің жүзеге асатын жолдарын қадағалау, бәлкім өте қиын болар; бөрінен де гөрі оның былайша жүзеге асуы ықтимал: белгілі бір фабрикант өзінің ісін мүлдем өзгертіп жібермейді, тек өзінің кәсіпорнына жұмсалған капиталдың мөлшерін ғана азайтады. Бай елдердің бәрінде ақшалы адамдар табы \* дейтінді құрайтын адамдардың белгілі бір саны болады; бұл адамдар ешқандай өнеркәсіптік немесе сауда қызметімен айналыспайды, өздерінің ақшаларының процентімен өмір сүреді, олар ақшаларын вексельдердің есебіне немесе қоғамның неғұрлым іскер бөлегіне қарызға беруге пайдаланады. Банкирлер де осы тектес операциялар үшін көптеген капитал қолданады. Осындай тәсілмен қолданылған капитал көп мөлшерде айналмалы капитал құрайды, ал айналмалы капиталды аздықопті дәрежеде елдегі өнеркәсіп пен сауданың барлық салалары пайдаланады. Қандай бай фабрикант болса да, өзінің ісін тек өзінің меншікті қаржылары мүмкіндік беретін мөлшермен шектеп қалатын фабрикант, сірә, болмаса керек: ол осы айналмалы капиталдың белгілі бір бөлегін үнемі пайдаланып отырады, ал айналмалы капитал оның товарларына деген сұранымның интенсификациясына байланысты көбейіп немесе азайып отырады. Жібекке деген сұраным артып, шұғаға сұраным азайған кезде, шұға фабриканты өзінің капиталымен жібек өнеркәсібіне өтіп кетпейді, ол өзінің жұмысшыларының біразын жұмыстан шығарады да, банкирлер мен ақшалы адамдардан қарыз алуды тоқтатады; ал оның бер жағында жібек фабрикантында мұның керісінше болады: ол енді қарызға көп ақша алады, сөйтіп капитал осындай тәсілмен бір саладан екінші салаға ауысады да, фабрикант үшін өзінің дағдылы ісін тоқтату қажеттігін туғызбайды. Егер біз үлкен қалалардың рыноктарына зер салатын болсақ, талғамның талабына немесе халық санының өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын сұранымның барлық жағдайларында олардың отандық және шетелдік

\* Бұл арада Рошер «ақшалы адамдар табы» деп ағылшындардың кімдерді түсінетінін тағы да көре алған болар еді. «Ақшалы адамдар табы» бұл арада «қоғамның іскер бөлігіне» тура қарама-қарсы қойылады<sup>6</sup>.

товарлармен қажетті мөлшерде қалай үнемі жабдықталып отыратынын және ұсынымның тым көп болуынан рыноктың товарларға толып кетуі немесе сұраныммен салыстырғанда ұсынымның жеткіліксіздігі салдарынан шектен асқан қымбатшылықтың пайда болуы өте сирек кездесетінін көреміз; сондықтан біз *өнеркәсіп пен сауданың барлық салалары арасында капиталдың бөлінуін қажетті мөлшерде реттеп отыратын принциптің* әдетте жұрттың ойлайтынынан гөрі неғұрлым пәрменді принцип болып табылатынын мойындауға тиіспіз» (81—82-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 81—82-беттер].

Сонымен, *кредит* дегеніміз бүкіл капиталистер табының капиталын өндірістің әрбір саласының билігіне осы саладағы капиталистердің меншікті капиталының сомасына сәйкес емес, олардың өндірісінің қажетсінуіне сәйкес беріп отыратын фактордың өзі болып табылады,— ал бәсекеде жеке бір капитал басқа капитал жөнінде дербес әрекет жасайды. Бұл кредит капиталистік өндірістің әрі нәтижесі, әрі шарты болып табылады, сондықтан мұның өзі бізге *капиталдар бәсекесінен кредит ретіндегі капиталға* өтуге тамаша жағдай жасайды.

[B] «ТАБИҒИ БАҒАНЫҢ» РИКАРДОДАҒЫ  
ӘР ТҮРЛІ ЕКІ АНЫҚТАМАСЫ.

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ  
БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫН БАҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУЛЕРІ]

Рикардо 4-тараудың басында өзінің *«табиғи баға»* деп товарлардың *«құнын»*, яғни олардың относителді жұмыс уақытымен белгіленетін бағасын, ал *«рыноктық баға»* деп *«құнмен»* теңестіретін осы *«табиғи бағадан»* кездейсоқ және уақытша ауытқушылықтарды түсінетіндігін айтады. [547] Бірақ тараудың бұдан былайғы өн бойында — және осының өзінде тіпті әбден тиянақтап айтылған түрде — ол *«табиғи баға»* деп мүлдем басқа нәрсені, атап айтқанда құннан өзгеше болып келетін *шығын бағасын* түсінеді. Сондықтан, бәсекенің құнды шығын бағасына қалай айналдыратынын және, демек, құннан үнемі қалай ауытқушылық жасап отыратынын көрсетудің орнына, Рикардо бәсекенің өндірістің бір-бірімен өзара әрекет жасап отыратын әр түрлі салаларында болатын рыноктық бағаларды шығын бағаларына келтіретінін А. Смиттің пікірі бойынша баяндайды.

Мәселен, 4-тараудың басында былай делінеді:

«Егер біз *еңбекті* товарлардың құндарының негізі деп, ал оларды өндіру үшін қажетті *еңбектің салыстырма мөлшерін* бір-біріне айырбасталып берілуге тиісті товарлардың тиісті мөлшерін белгілейтін өлшем деп алатын болсақ, бұдан біз товарлардың *нақты*, немесе *рыноктық бағасының* олардың осы *бастапқы және табиғи бағасынан кездейсоқ және уақытша ауытқуларын* теріске шығарамыз деген ұғым әлі тумайды» (80-бет) [Орысша аудармасы, I том, 81-бет].

Демек, бұл арада «табиғи баға» «құнмен» теңестіріледі, ал рыноктық баға іс жүзіндегі бағаның құннан ауытқушылығынан басқа еш нәрсе емес екендігін білдіреді.

Мұның керісінше:

«Былай деп ұйғарайық: барлық товарлар өзінің табиғи бағасы бойынша сатылады және, *демек, барлық салаларда капиталға келетін пайда нормалары әбден бірдей* немесе өзара айырмашылығы бар; бұл айырмашылық, мүдделі жақтардың пікірі бойынша, олардың өшінде бар немесе олар бас тартатын қайсыбір нақты немесе болжамдағы тиімділікпен қаншалық теңгеріліп отырса, соншалық қана» (83-бет) [Орысша аудармасы, I том, 83-бет].

Демек, бұл арада «табиғи баға» шығын бағасымен теңестіріледі, яғни әр түрлі салаларда капиталдар өндірген товарлардың тең құндарында барынша тең емес қосымша құндар болатынына, демек тең емес пайдалар болатынына қарамастан пайданың товарға жұмсалған шығындарға қатынасы бірдей болатын бағамен теңестіріледі. Бірдей пайда келтіру үшін баға, демек, товардың құнынан өзгеше болуға тиіс. Екінші жағынан, тең мөлшерлі капиталдар товарға негізгі капиталдың көп немесе аз бөлегі енуіне байланысты *мейлінше тең емес құны бар товарлар* өндіреді. Бірақ бұл туралы капиталдардың айналысын қарастырғанда айтылатын болады.

Міне сондықтан Рикардо бәсекенің теңестіру әрекеті деп тек іс жүзіндегі бағаның, немесе іс жүзіндегі рыноктық бағаның, *шығын бағасының*, немесе құннан өзгеше болатын «табиғи бағаның» төңірегінде ауытқуын ғана, — әр түрлі салалардағы рыноктық бағаларды жалпы шығын бағасына келтіруді, яғни атап айтқанда өндірістің белгілі бір саласындағы шын мәніндегі құннан өзгеше болып келетін бағаларға келтіруді түсінеді:

«Сонымен, әрбір капиталистің өзінің қорларын пайдасы неғұрлым кем істен алып, оларды неғұрлым пайдалы іске орналастыруға ұмтылуы товарлардың *рыноктық бағасына* олардың *табиғи бағасынан* ұзақ уақыт бойына не көп жоғары не көп төмен болып қалуына мүмкіндік бермейді. Нақ осы бәсеке товарлардың *айырбас құндарын* {сондай-ақ *әр түрлі нақты құндарды* да} былай реттейді: товарларды өндіруге қажетті еңбек үшін жалақы берілгеннен кейін, сондай-ақ қолданылатын капитал өзінің бастапқы тиімділігін қалпына келтіруге қажетті барлық басқа да шығындар өтелгеннен кейін *құнның қалғаны*, немесе *артылып қалған құн*, әрбір салада жұмсалған *капиталдың құнына* пропорциялы болып шығады» (84-бет) [Орысша аудармасы, I том, 83-бет].

Бұл әбден дұрыс. Бәсеке әр түрлі салалардағы бағаларды реттегенде былайша реттейді: *құнның қалғаны*, немесе *артылып қалған құн*, яғни пайда товардың шын мәніндегі құнына емес, шығындарды алып тастағаннан кейінгі товардағы шын мәніндегі артылып қалған құнға емес, *жұмсалған капиталдың құнына* сай келетін болады. Бұл реттеуді жүзеге асыру үшін бір товардың

бағасы оның тиісті шын мәніндегі құнынан жоғары көтерілуге тиіс те, екінші бір товардың құны — төмен түсуге тиіс. Бәсеке өндірістің әр түрлі салаларындағы рыноктық бағаларды товарлар құнының төңірегінде емес, товарлардың шығын бағаларының төңірегінде, яғни товарларға енген шығындар мен жалпы пайда нормасын қосқандағы шаманың төңірегінде айналуды мәжбүр етеді.

Рикардо былай деп жалғастырады:

«Халық байлығы» деген 7-тарауда бұл мәселеге қатыстылардың бәрі тамаша зерттелген» (84-бет) [Орысша аудармасы, I том, 84-бет].

Шынында да солай. Смиттің дәстүріне сын тұрғысынан қарамай сенушілік Рикардоны бұл арада жолдан адастырады.

Рикардо тарауды, әдеттегіше, бұдан былайғы зерттеуде рыноктық бағалардың шығын бағаларынан кездейсоқ ауытқуларын «мүлдем қарастырмай қалдырып отырамын» деп мәлімдеумен қорытындылайды (85-бет) [Орысша аудармасы, I том, 84-бет], бірақ ол рыноктық бағалар шығын бағаларына сай келетіндіктен рыноктық бағалардың товарлардың шын мәніндегі құндарынан үнемі ауытқып отыратындығына мүлдем көңіл бөлмегендігін және құнды шығын бағасымен ауыстырғанын назарынан тыс қалдырады.

*30-тарау «Сұраным мен ұсынымның бағаларға ықпалы туралы»* деп аталады.

Бұл арада Рикардо мына қағиданы: азды-көпті ұзақ мерзім бойына қолданылатын баға *сұраным мен ұсыным* бойынша емес, шығын бағасы бойынша белгіленеді, — демек, товарлардың құнымен белгіленгенде бұл құн шығын бағасын анықтайтындықтан ғана белгіленеді деген қағиданы қорғайды. Егер товарлардың бағалары олардың бәрі де 10 процент пайда келтіретіндей болып реттелген деп ұйғарсақ, онда олардың тұрақты өзгеруі атаулының бәрі осы товарлардың құндарындағы өзгеріспен, оларды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытымен белгіленетін болады. Бұл құнның пайданың жалпы нормасын одан әрі белгілейтіні сияқты, оның өзгерістері де шығын бағаларының өзгерістерін одан әрі белгілей береді, бірақ мұнымен, әрине, *осы шығын бағалары мен құндардың арасындағы айырмашылық жойылмайды*. Тек осы айырмашылықтың шегінен шығатыны ғана жойылады, өйткені құн мен іс жүзіндегі бағаның арасындағы айырмашылық [548] *шығын бағалары мен құндардың арасындағы пайданың жалпы нормасы тудырған айырмашылықтан көп болмауға тиіс*. Товарлардың құндарының өзгерулерімен бірге олардың шығын бағалары да өзгереді. «*Жаңа табиғи баға*» (460-бет) [Орысша аудармасы, I том, 314-бет] жасалады. Егер, мәселен, жұмысшы бұрынғы 10 қалпақ тігетін уақыттың ішінде енді 20 қалпақ тігіп шығара алатын болса және егер жалақы қалпақ тігуге жұмсалған шығынның жартысын құрайтын

болса, онда 20 қалпақ үшін жұмсалған шығын, өндіріс шығындары, ол шығындар жалақыдан тұратын болғандықтан, тең жартысына азайды. Өйткені бұрын 10 қалпақ тігу үшін қанша жалақы төленсе, енді 20 қалпақ тігу үшін сонша жалақы төленеді. Демек, енді әрбір қалпаққа жалақыға бұрын жұмсалған шығынның тек жартысы ғана енген. Егер қалпақ фабриканты өзінің қалпақтарын бұрынғы баға бойынша сататын болса, онда оларды шығын бағасынан асырып сатқан болар еді. Егер пайда бұрын 10 процентке тең болған болса (қалпақтардың белгілі бір санын тігуге қажетті шығын шикізат және т. т. үшін бастапқыда 50 және еңбекке жұмсалған шығын 50 болды деп ұйғарған жағдайда), енді пайда  $[46\frac{2}{3}$  процентке тең болар еді, өйткені сонша қалпақ тігу үшін өндіріс шығындары] енді шикізатқа және т. т. 50 және жалақыға 25 болар еді. Сонымен, егер товар бұрынғы бағасына сатылатын болса, онда пайда енді  $35\frac{5}{75}$ , немесе  $46\frac{2}{3}$  процент болады. Демек, жаңа «табиғи баға» құнның төмендеуіне байланысты баға тек 10 процент қана пайда беретіндей болып кемиді. Құнның, немесе товар өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының азаюы мынадан байқалады: товардың *нақ сол мөлшеріне* жұмыс уақыты аз жұмсалады, демек, *өтелген жұмыс уақыты да* аз жұмсалады, жалақы аз жұмсалады. демек мұнымен бірге товардың *әрбір өлшем бірлігін* өндіргені үшін пропорциялы түрде төленетін жалақының сомасы да азаяды (*абсолютті шамасы тұрғысынан* ол азаяды; мұның өзі *жалақының нормасын* төмендетуді көздемейді).

Мұндай азаю құнның өзгерісі қалпақ өндірісінің өзінде болған жағдайда орын алады. Егер өзгеріс шикізат өндіруде немесе еңбек құралдарын жасауда орын алған болса, онда бұл салаларда мұның өзі өнімнің белгілі бір мөлшерін өндіру үшін қажетті жалақыға жұмсалатын шығынды қысқарту түрінде де нақ солай көрінер еді, ал қалпақ фабриканты үшін мұның өзі оның тұрақты капиталының өзіне аз шамаға түсетіндігінен көрінген болар еді.

*Шығын бағалары*, немесе «*табиғи бағалар*» (бұлардың «жаратылыспен», табиғатпен ортақ мүлдем ештеңесі жоқ), товарлардың *құндарының* өзгеруі — бұл арада азаюы — салдарынан екі түрлі болып өзгеруі мүмкін:

*Біріншіден*, товардың белгілі бір мөлшеріне жұмсалған ақысы өтелгені де, өтелмегені де бар — еңбектің бүкіл абсолюттік массасының азаюы нәтижесінде товардың осы мөлшерін өндіру үшін жұмсалатын жалақы азайғанда;

*Екіншіден*, еңбек өнімділігінің артуы немесе кемуі салдарынан (мұның екеуінің де орын алуы мүмкін: біріншісі тұрақты капиталмен салыстырғанда өзгермелі капитал азайғанда; екіншісі тіршілікке қажетті заттардың қымбаттауы салдарынан жалақы артқан жағдайда) қосымша құнның товардың құнына қатынасы немесе товарға енген [жаңадан қосылған] еңбек жасаған құнға қатынасы өзгергенде; демек, пайда нормасы артқанда немесе азайғанда;

[жаңадан қосылған] еңбектің бүкіл массасы ақысы өтелген және өтелмеген еңбек болып бөлінетін арақатынас өзгергенде.

Бұл соңғы жағдай өндіріс бағасында, немесе шығын бағасында өзгеріс туғызғанда, оларға еңбек құнындағы өзгерістер қандай шамада ықпал жасай алса, сондай шамада ғана өзгеріс туғыза алады. Бірінші жағдайда еңбек құны сол қалпында қалады. Ал соңғы жағдайда өзгертін товарлардың құны емес, тек [қажетті] еңбек пен қосымша еңбектің арасындағы бөліну ғана өзгереді. Алайда бұл жағдайда қалай дегенмен де [еңбек] өнімділігі өзгерген болар еді, демек, товардың *әрбір өлшем бірлігінің құны* да өзгереді. Сол бір капиталдың өзі бір жағдайда бұрынғыға қарағанда товарды көп өндіретін болады, ал екінші бір жағдайда аз өндіретін болады. Капитал енген товарлар массасының *құны сол баяғы қалпында* болар еді, бірақ *товардың бір өлшемінің құны* бұрынғыдан өзгеше болар еді. Жалақының құны товарлардың құнын белгілемесе де, товарлардың құны (жұмысшылардың тұтынуына енген товарлардың) жалақының құнын белгілейді.

Әр түрлі салалардағы товарлардың шығын бағалары берілген екен, олар товарлардың құндарының өзгеруіне байланысты біріне-бірі қатысты не артады, не төмендейді. Егер еңбек өнімділігі артатын болса, яғни *белгілі бір товарды* өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты азаятын болса, демек, оның *құны төмендейтін болса* — еңбек өнімділігіндегі бұл өзгеріс соңғы сатыда жұмсалған еңбекте бола ма немесе осы товарды өндіру үшін қажетті тұрақты капиталға енген еңбекте бола ма, оның бәрібір,— онда бұл товардың шығын бағасы да тиісінше төмендеуге тиіс. *Оған жұмсалған еңбектің абсолютті массасы* азайды, демек осы товарға енген ақысы өтелген еңбектің массасы да азаяды, тіпті жалақының нормасы бұрынғы қалпында қалғанның өзінде де оған жұмсалған жалақының массасы азаяды. Егер товар өзінің бұрынғы шығын бағасы бойынша сатылған болса, онда ол пайданың жалпы нормасынан гөрі неғұрлым жоғары пайда келтірген болар еді, өйткені бұл пайда бұрын неғұрлым көп шығынға 10 процент болып келетін. Демек, енді азайған шығынға пайда 10 проценттен көп болған болар еді. Мұның керісінше, еңбек өнімділігі азайған кезде, товарлардың шын мәніндегі құны артып шығады. Егер пайданың нормасы белгілі болса, немесе, мұның өзі бәрібір, егер шығын бағасы белгілі болса, онда бұл бағалардың относителді артуы немесе төмендеуі товарлардың шын мәніндегі құндарының артуына немесе төмендеуіне, оның өзгеруіне байланысты болады. Осы өзгерістің салдарынан ескі бағалардың орнына жаңа шығын бағалары келеді, немесе Смитті қайталап Рикардоның айтқанындай, «жаңа табиғи бағалар» шығады.

Қазір ғана цитат келтірілген 30-тарауда Рикардо тіпті аталуы бойынша да «табиғи бағаны», яғни шығын бағасын «табиғи құнмен», яғни жұмыс уақытымен белгіленетін құнмен теңестіреді:

«Олардың бағасының» (монополияланған товарлардың бағасының) «олардың *табиғи құнымен* ешқандай қажетті байланысы жоқ; бірақ бәсекеңің өркетіне бағынышты товарлардың *бағасы*... түптеп келгенде... *олардың өндіріс шығындарына*... тәуелді болады» (465-бет) [Орысша аудармасы, I том, 317-бет].

Демек, бұл арада шығын бағалары, немесе «табиғи бағалар» «*табиғи құнмен*», яғни «*құнмен*» тікелей [549] бір деп саналады.

Рикардодан соң Сэйдің өзі сияқты кейінгі кездегі көптеген сабаздардың құнды жұмыс уақытымен анықтау туралы ешқандай түсінігі болмай тұрып, ол ол ма, тіпті бұл анықтаманы тура теріске шығарумен қатар сонымен бір мезгілде «өндіріс шығындарын» қорғай отырып, «өндіріс шығындарын» бағаның ең соңғы реттеушісі ретінде неліктен қабылдағандарын осы шатасқандықпен түсіндіруге болады.

Рикардоның бүкіл осы қателігі және осыдан шығарып оның жер рентасын және т. т. теріс пайымдауы, сондай-ақ *пайда нормасы* және т. т. жөніндегі теріс заңдар мынадан туындайды; Рикардо *қосымша құнды пайдадан* ажыратпайды және жалпы алғанда, қалған басқа саяси-экономдар сияқты, *форманың анықтамаларына* дәрекі әрі түсінбей қарайды. Оның Смиттің шырмауына қалай түсіп қалғаны ілгерідегі баяндаудан көрінетін болады. [549]

\* \* \*

[XII—636] (Жоғарыда айтылғанға тағы мына ескертпені қосу керек:

Рикардо *құн мен табиғи бағаның* арасын саралағанда табиғи бағаның өзі құнның ақшалай көрінісі болып табылады, демек, товардың өзінің құнында өзгеріс болмаған жағдайда асыл металдардың құнында өзгеріс болуының нәтижесінде өзгеріске ұшырай алады дегеннен басқа ешқандай айырмашылықты білмейді. Бірақ табиғи бағаның бұл тәрізді өзгеруінің тек құнның ақшаға шағылған бағасына ғана, көрінісіне ғана қатысы бар. Мәселен, Рикардо былай дейді:

«Ол» (сыртқы сауда) «қайсыбір елдерде товарлардың өндірілуі мүмкін болатын *табиғи құнның* өзгеруі арқылы емес, *табиғи бағаның* өзгеруі арқылы ғана реттеле алады, ал табиғи бағаның бұл өзгерісі асыл металдардың бөлінуіндегі өзгерістерден туындайды» (цитат алынған шығарма, 409-бет) [Орысша аудармасы, I том, 281-бет]. [XII—636]



## [Б. СМИТТЕГІ ШЫҒЫН БАҒАЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ]

### [1] ШЫҒЫН БАҒАЛАРЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ СМИТТЕГІ ҚАТЕ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ.

#### СМИТТИҢ ҚҰН МЕН ШЫҒЫН БАҒАЛАРЫН БІР ДЕП САНАУЫН ҰСТАП ҚАЛҒАН РИКАРДОНЫҢ ДӘЙЕКСІЗДІГІ]

[XI—549] А. Смит жөнінде ең алдымен мынаны ескерту қажет, өйткені оның пікірі бойынша да

«әрқашан да бағалары тек *екі* бөлікке, жалақыға және капиталдан алынатын пайдаға ғана бөлінетін бір товарлар болады» (I кітап, 6-тарау, I том, [1802 жылғы французша басылуы], 103-бет) [Орысша аудармасы: А. Смит. Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. М.—Л., 1935, I том, 48-бет].

Смит пен Рикардонның арасындағы бұл мәселе жөніндегі айырмашылықты, демек, бұл арада мүлдем елеусіз қалдыруға болады.

Бастапқыда Смит айырбас құны еңбектің белгілі бір мөлшеріне саяды және айырбас құнында болатын құн, шикізатты және т. т. шығарып тастағаннан кейін, еңбектің жұмысшыға ақысы өтелетін бөлегіне және ақысы өтелмейтін бөлегіне сараланады, осының өзінде еңбектің ақысы өтелмейтін бұл бөлегі пайдаға және рентаға ажыратылады (ал пайда, өз кезегімен, пайдаға және процентке ажыратылуы мүмкін) деген көзқарасты дамытқаннан кейін,— осыдан кейін ол кенеттен шұғыл бұрылады да, айырбас құнды жалақыға, пайдаға және рентаға ажыратудың орнына, оларды, керісінше, айырбас құнын жасайтын факторлар деп жариялайды, оларды дербес айырбас құндары ретінде өнімнің айырбас құнын жасауға мәжбүр етеді, товардың айырбас құнын жалақының, пайда мен рентадың одан дербес және тәуелсіз анықталатын құндарынан қалыптастырады. Құн олардың көзі болудың орнына, олар құнның көзіне айналады.

«Жалақы, пайда және рента табыс атаулының, нақ сондай-ақ айырбас құн атаулының бастапқы үш көзі болып табылады» (бұл да сонда, 105-бет) [Орысша аудармасы, I том, 49-бет].

Смит өзі зерттеп отырған нәрсесінің ішкі байланысын бейнелеп бергеннен кейін ол кенеттен тағы да құбылыстың көрінісінің билігіне, заттардың байланысының, бұл байланыстың бәсекедегі көрінісінің билігіне түседі, ал бәсекеде бәрі де әрқашан өңі айналдырылған, басынан төңкеріліп қойылған түрінде көрінеді.

Смит нақ осы жалған бастама пунктті негізге алып «товарлардың табиғи бағасы» мен олардың «рыноктық бағасының» арасындағы айырмашылықты белгілейді. Рикардо мұны Смиттен қабылдап алады, бірақ бұл орайды ол мынаны ұмыт қалдырады: Смиттің айтатын «табиғи бағасы», Смиттің алғы шарттарына сәйкес,

бәсекеден туындайтын шығын бағасынан басқа еш нәрсе емес және бұл шығын бағасы Смиттің өзінде товардың «құнымен» барабар делінетіні мынадан ғана: Смит өзінің неғұрлым терең көзқарасын ұмытады да, товарлардың айырбас құны жалақының, пайданың және рентаның дербес белгіленетін құндарын қосу жолымен құралады-мыс деген сырттай көріністен алынған қате көзқараста қалып қояды. Рикардо барлық жерде осы көзқарасқа қарсы күресетін болғанымен, А. Смиттегі орын алған, сол көзқарасқа негізделген айырбас құнды шығын бағасымен, немесе «табиғи бағамен», шатастыруды немесе бір деп санауды қабылдап алады. Бұл шатастыруды Смитте ақтауға болады, өйткені оның «табиғи баға» туралы бүкіл зерттеуі оның құн жөніндегі екінші, қате көзқарасына негізделеді. Ал Рикардода оны еш нәрсемен ақтауға болмайды, өйткені ол Смиттің бұл қате көзқарасын еш жерде қабылдамайды, қайта керісінше, ex professo оны дәйексіздік ретінде теріске шығарады. Бірақ Смит оны «табиғи құнның» көмегімен тағы да қармаққа түсіріп алды.

Смит товардың құнын одан тәуелсіз және дербес белгіленетін жалақының, пайданың және рентаның құндарынан қосып шығарғаннан кейін ол өзіне: бұл қарапайым құндар қалай анықталмақ деген сұрақ қояды. Осыдан келіп Смит бұл арада құбылыс өзін бәсекеде қалай көрсетсе, оны сол түрінде қарастырып, негізге алады.

*I кітаптың 7-тарауы «Товарлардың табиғи бағасы және олардың рыноктық бағасы туралы» деп аталады.*

«Әрбір қоғамда немесе әрбір жергілікті жерде жалақы — пайда — рента үшін әдеттегі, немесе орташа, норма болады». Бұл «орташа норма, жалпы алғанда, қашан және қай жерде үстемдік етіп отырған болса, сол уақыт пен сол жер үшін оны жалақының, пайданың және рентаның табиғи нормасы деп атауға келеді». «Егер қайсыбір товардың бағасы нақ сол рентаның, жалақының және пайданың табиғи нормаларына сәйкес соларды өтеуге жеткілікті болса, онда бұл товар өзінің табиғи бағасы (*natural price*) бойынша сатылады» (110—111-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 52-бет].

Бұл табиғи баға онда товардың шығын бағасы болады, ал шығын бағасы товардың құнымен бір деп саналады, өйткені товардың құны жалақының, пайданың және рентаның құндарынан құралады деп ұйғарылды ғой.)

«Товар [550] мұндай жағдайда құны қандай болса, нақ соған сатылады» (онда товар өзінің құны бойынша сатылады), «немесе» (немесе!) «оны рынокқа жеткізген адамға ол шын мәнінде қаншаға түссе, соншаға сатылады» (бұл товарды рынокқа жеткізген адамға оның құны бойынша немесе оның шығын бағасы бойынша сатылады), «өйткені, дағдылы сөздерді қолданып, товардың өндіріс шығындары туралы айтқанда, оған өзі өндірген товарды сатқан адамның пайдасы енгізілмейді, бірақ соған қарамастан егер бұл адам өзінің товарын ол тұрған жердегі дағдылы пайданы бермейтін баға бойынша сатқан болса, ол өз ісінде, сөзсіз, зиян шеккен болар еді, өйткені ол бұл пайданы өзінің капиталын қайсыбір басқа

тәсілдермен қолданып ала алған болар еді» (111-бет) [Орысша аудармасы, I том, 52-бет].

Бұл арада біздің алдымызда «табиғи бағаның» пайда болуының бүкіл тарихы көрініп отыр, оның үстіне ол әбден сәйкес келетін сөздермен баяндалған және әбден сай келетін логиканың көмегімен құрылған. Смиттің айтуы бойынша, товардың құны жалақының, пайданың және рентаның бағаларынан құралатын болғандықтан, ал бұлардың ақиқат құны, өз кезегінде, нақ осындай жолмен құралатын болғандықтан, бұлар өздерінің *табиғи* деңгейінде тұрған жағдайларда *товардың* құны оның *шығын бағасымен* теңдес келетіні, ал шығын бағасы товардың *«табиғи бағасымен»* теңдес келетіні айқын. Пайданың деңгейі, яғни пайданың нормасы, сондай-ақ жалақының нормасы бұрыннан *белгілі шама* деп ұйғарылады. Шығын бағасын *қалыптастыру* үшін олар, шын мәнінде, берілген. Олар оған *алғы шарттар* болып қызмет етеді. Сондықтан олар жекелеген капиталиске де белгіленіп қойылған болып көрінеді. Капиталист олардың қалай, қайда және неліктен пайда болатынына мүлдем көңіл бөлмейді. Смит бұл арада өзінің товарының шығын бағасын белгілейтін жекелеген капиталистің, капиталистік өндірістің агентінің тұрғысынан келеді. Мынадай мөлшерде жалақыға және т. т. жұмсалады, мынадай мөлшерде жалпы пайда нормасын құрайтын болады. *Ergo* \*... Бұл капиталиске товардың *шығын бағасы* сол арқылы белгіленетін операция осылай болып көрінеді, немесе, товардың *құны* осылай белгіленетін болып *көрінеді*, өйткені ол сондай-ақ мынаны да біледі: рыноктық баға осы шығын бағасынан біресе жоғары, біресе төмен болады, сондықтан шығын бағасы капиталиске товардың ең жақсы бағасы, товардың бағасының ауытқуынан өзгеше болатын абсолютті бағасы, қысқасын айтқанда — оның *құны* болып көрінеді, — өйткені капиталистің мұндай нәрселер туралы ойлауға жалпы алғанда уақыты болады. Сөйтіп, бәсекенің қалың ортасына бойлап енеді де, Смит дереу өзінің пайымдауларын осы салаға бой ұрған капиталистің өзіндік ерекше логикасына сәйкес олай да, бұлай да құра бастайды. Ол мынадай қарсылық айтады: күнделікті өмірде сатушы алатын *пайданы шығын* деп атамайды (және ол оның жұмсаған шығындарынан қажетті түрде артып шығады); ал сен пайданы шығын бағасына неліктен қосасың? Осы сұрақ қойылып отырған терең ойлы капиталиспен бірге Смит былай деп жауап береді:

*Жалпы алғанда пайда* шығын бағасына еруге тиіс, өйткені мен тіпті егер шығын бағасына пайда 10 проценттің орнына *бар болғаны* 9 процент болып енсе де, алданып қалған болар едім<sup>77</sup>.

Смиттің, бір жағынан, мәселеге капиталистік өндіріс агентінің көзімен қарап, ол нәрсені осы агент қалай қабылдап, ол жөнінде

\* — Демек (белгілі бір нақты алғы шарттардан жасалатын қорытынды әдетте осы сөзбен басталады). *Ред.*

қалай ойласа, нақ солай бейнелеп беруі, оның практикалық қызметін олар қалай белгілеп және олардың іс жүзінде қалай болатындығын бейнелеп беруі жөніндегі, сонымен қатар Смиттің, екінші жағынан, кейбір жерлерде құбылыстардың неғұрлым терең байланыстарын қалай ашып көрсетудегі аңқаулығы, — осы аңқаулық оның кітабына көп қызғылықты сипат береді.

Сондай-ақ бұл арада Смиттің — осы мәселе жөніндегі көптеген ішкі күдіктеріне қарамастан — товардың құнын неліктен тек рентаға, пайдаға, жалақыға ажырататынын және тұрақты капиталды, оны, әрине, «жекелеген» әрбір капиталисте бар деп тани тұрса да, неліктен қалыс қалдыратынын көруге болады. Өйткені, бұған қарама-қарсы болған жағдайда товардың құны жалақыдан, пайдадан, рентадан және товар құнының жалақыдан, пайдадан, рентадан тұрмайтын бөлегінен құралады деп айтуға тура келетін еді. Сөйтіп құнды жалақыдан, пайдадан және рентадан тәуелсіз белгілеу қажет болған болар еді.

Егер товардың бағасы орташа жалақыға және т. т. жұмсалған шығындарды өтеудің үстіне тағы да орташа пайда және — шығындардың ішіне жер рентасы да енетін жағдайларда — сондай-ақ орташа рента әкелетін болса, онда товар өзінің «табиғи бағасы» бойынша, немесе шығын бағасы бойынша сатылады және оның бер жағында товардың шығын бағасы оның құнына тең болады, өйткені оның құны, Смиттің айтуы бойынша, жалақының, пайданың және рентаның табиғи құндарының жиынтығынан басқа еш нәрсе емес.

[551] Бәсеке жөніндегі көзқарасты енді мақұлдап алғаннан кейін және пайда нормасын және т. т. алдын ала белгілі нәрсе деп ұйғарғаннан кейін, Смит қалған жағдайларда «табиғи бағаны», немесе шығын бағасын, ал атап айтқанда рыноктық бағадан өзгеше осы шығын бағасын дұрыс дамытады.

«Ол» (товар) «рынокқа келіп түсуі үшін» «табиғи баға», немесе рентаның, пайданың және жалақының толық құны өтелетін болуға тиіс».

Товардың осы шығын бағасы оның «іс жүзіндегі», немесе «рыноктық бағасынан» өзгеше болып келеді (112-бет) [Орысша аудармасы, I том, 53-бет]. Рыноктық баға сұраным мен ұсынымға тәуелді болады.

Товардың өндіріс шығындары, немесе оның шығын бағасы, «рентаның, жалақының және пайданың толық құнының» нақ өзі болып табылады, осы товар рынокқа барып түсу үшін олар төленген болуға тиіс». Егер сұраным мен ұсыным бір-бірімен сәйкес болып отырса, онда «рыноктық баға» «табиғи бағаға» тең болады.

«Егер рынокқа келіп түскен товар мөлшері шын мәніндегі сұранымды қанағаттандыру үшін дәл жеткілікті және осының шегінен шықпайтын болса, онда рыноктық баға, әрине, табиғи бағаға... дәлме-дәл сәйкес болады» (114-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет]. «Сонымен, табиғи баға дегеніміз барлық товарлардың бағалары үнемі соған ойысып отыратын,

былайша айтқанда, орталық нүкте болады. Әр түрлі кездейсоқ жағдайлар ол бағаларды кейде біраз уақыт табиғи бағадан жоғары ұстауы мүмкін, ал кейде оларды табиғи бағадан біршама төмен түсіруі мүмкін» (116-бет) [Орысша аудармасы, I том, 55-бет].

Осыдан келіп кейін Смит былай деп қорытады:

«тұтас алғанда жыл ішінде белгілі бір товар рынокқа келіп түсуі үшін қолданылатын өндірістік қызметтің бүкіл жиынтығы» қоғамның қажетсінулеріне, немесе «шын мәніндегі сұранымға» сәйкес келетін болады» (117-бет) [Орысша аудармасы, I том, 55-бет].

Рикардоның жиынтық капиталдың өндірістің әр түрлі салалары арасында бөлінуі деп қарайтыны бұл арада әлі «*белгілі бір нақты товар*» өндіру үшін қажетті «өндірістік қызмет» деген неғұрлым аңғал формасында көрінеді. Сол *белгілі бір* товарды сатушылардың бағаны рыноктық бағаға теңестіруі және *әр түрлі* товарлардың рыноктық бағаларын шығын бағасына теңестіруі бұл арада бір-бірімен қалай болса солай араласып жатады.

Смит бұл арада товарлардың шын мәніндегі құндарының аутқуының «табиғи бағаларға», немесе шығын бағасына ықпалы туралы мәселені бұл арада мүлдем үстірт қана қозғап өтеді.

Ал атап айтқанда ол былай дейді:

Егіншілікте «еңбектің белгілі бір мөлшері әр түрлі жылдарда товардың барынша әр түрлі мөлшерін өндіреді, ал өндірістің басқа салаларында ол әрқашан товардың белгілі бір мөлшерін немесе белгілі бір мөлшері дерлігін өндіреді. Жұмысшылардың белгілі бір саны егіншілікте әр түрлі жылдарда астықтың, шараптың, өсімдік майының, құлмақтың және т. т. барынша әр түрлі мөлшерін өндіреді. Бірақ жіп иірушілер мен тоқымашылардың белгілі бір саны жыл сайын кенеп пен шұғаның белгілі бір мөлшерін немесе белгілі бір мөлшері дерлігін өндіретін болады... *Еңбектің бірдей мөлшерлерінің өнімі әрқашан бірдей болып немесе бірдей дерлік болып қалатын*» (яғни әзірге өндіріс жағдайы сол баяғы қалпында қалып отырған) «өндірістің басқа салаларында» (егіншілікте емес) «бұл өнім шын мәніндегі сұраныммен неғұрлым дәл сәйкестенуі мүмкін» (117—118-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 55-бет].

Смит бұл арада «еңбектің бірдей мөлшерлерінің» өнімділігінің жай өзгерісі — демек, товарлардың шын мәніндегі құндарының өзгерісі — шығын бағасын өзгертетінін көреді. Ол бүкіл істі ұсыным мен сұраным арасындағы арақатынасқа әкеп сайып, мұны тағы да бұрмалап отыр. Ал оның өзінің пайымдауына сәйкес мәселені оның бұлайша баяндауы дұрыс емес. Өйткені егер егіншілікте «еңбектің бірдей мөлшерлері» ауа райының жағдайлары және т. т. салдарынан өнімнің әр түрлі массасын беретін болса, онда Смиттің өзі машиналардың, еңбек бөлінісінің және т. т. арқасында «еңбектің бірдей мөлшерлері» сондай-ақ өнеркәсіпте де және т. т. өнімнің барынша әр түрлі массасын беретінін көрсетті. Сонымен егіншілік пен өндірістің басқа салалары арасындағы айырмашылық *мұнда* емес. Бұл айырмашылық мынада болып отыр: бір жағдайда «өндіргіш күш» алдын ала белгіленген дәрежеде қолданылады, ал екінші жағдайда ол табиғаттың кездейсоқ жағдайларына тәуелді

болады. Бірақ нәтиже ретінде қалатыны мынадай: *товарлардың құны*, немесе еңбек өнімділігіне байланысты белгілі бір нақты товарларды өндіру үшін жұмсауға тура келетін еңбек мөлшері олардың шығын бағасын өзгертеді.

А. Смиттің төменде келтірілетін қағидасында капиталдардың өндірістің бір саласынан екінші саласына ауысуы әр түрлі салаларда шығын бағасын белгілейді деген пікірдің өзі бар. Бірақ Смитте бұл пікір Рикардодағыдай онша айқын көрінбеген. Өйткені егер [552] товардың бағасы оның *«табиғи бағасынан»* төмен түсетін болса, онда бұл Смиттің пайымдауына сәйкес, осы бағаның элементтерінің бірі табиғи деңгейден, немесе табиғи нормадан *төмен* түсіп кеткендіктен болады. Сондықтан [товардың бағасының бұлай төмендеуі] *тек бір ғана капиталдың* азаюы немесе олардың ауысуы арқылы емес, не еңбектің, не капиталдың, не жердің бір саладан екінші салаға өтуі арқылы жойылады. Бұл арада Смиттің көзқарасы Рикардоның көзқарасына қарағанда неғұрлым дәйектірек, бірақ қате.

«Бұл бағаның» (табиғи бағаның) «бөліктерінің қандайы болса да өзінің *табиғи* нормасынан төмен өтелетін болса, осының салдарынан өзінің мүдделеріне нұқсан келген адамдар көп ұзамай бұдан шеккен зияндарын байқаған болар еді де, *өндірістің осы саласынан жерді немесе еңбекті немесе капиталды* дереу алған болар еді, алғанда да осы товардың рынокқа келіп түсетін мөлшері көп ұзамай тек шын мәніндегі сұранымды қанағаттандыруға жетерліктей ғана болып шығатын мөлшерде алар еді. Демек, бұл товардың *рыноктық бағасы* көп ұзамай оның *табиғи бағасының* деңгейіне дейін көтерілген болар еді; ең болмағанда бұл толық бостандық үстем болып тұрған жерде осылай болады» (125-бет) [Орысша аудармасы, I том, 58-бет].

Бұл арада Смит пен Рикардоның арасында олардың *«табиғи бағаға»* келтіру дегенді қалай түсінетінінде елеулі айырмашылық бар. Смиттің түсінігі атап көрсетілген үш элемент товардың құнын дербес белгілейді деген өзінің қате ұйғарымына негізделеді, ал Рикардоның түсінігі (белгілі бір жалақы жағдайында) шығын бағасын бір ғана *пайданың орташа нормасы* белгілейді деген дұрыс ұйғарымға негізделеді.

## 2) СМИТТИҢ ЖАЛАҚЫНЫҢ, ПАЙДАНЫҢ ЖӘНЕ РЕНТАНЫҢ «ТАБИҒИ НОРМАСЫ» ТУРАЛЫ ТЕОРИЯСЫ]

«*Табиғи баға* өзін құрайтын әрбір бөліктің — жалақының, пайданың және рентадың — *табиғи нормасының* өзгеруіне байланысты өзі де өзгереді» (127-бет) [Орысша аудармасы, I том, 59-бет].

Сөйтіп Смит I кітаптың 8, 9, 10 және 11-тарауларында осы «бағаны құрайтын бөліктердің» — жалақының, пайданың, рентадың — «табиғи нормасын» және осы норманың өзгерісін анықтауға әрекеттенеді.

8-тарау «Жалақы туралы» деп аталады.

Жалақы туралы тараудың басында Смит бәсеке жөніндегі алдамшы көзқарасты қойып, пайда мен рентаға қосымша құнның формалары ретінде ғана қарап, ең алдымен қосымша құнның шынайы табиғатын талдайды.

Жалақыны талдап қарағанда Смит оның «табиғи нормасын», ал атап айтқанда — жұмыс күшінің өзінің құнын анықтау үшін берік бастапқы пунктке сүйенеді, ол: *қажетті жалақы*.

«Адамның әрқашан да өз еңбегімен күнелтуге мүмкіндігі болуға тиіс, сондықтан оның жалақысы ең кем дегенде өзінің күнелтуі үшін жеткілікті болуы керек. Жалақы көпшілік жағдайда бұл деңгейден тіпті біршама жоғары болуға тиіс, әйтпесе жұмысшы семьясын асырай алмас еді, сөйтіп бұл жұмысшылар нәсілі бірінші ұрпаққа-ақ құрып біткен болар еді» (136-бет) [Орысша аудармасы, I том, 63-бет].

Бірақ бұл қағида, екінші жағынан, Смитте бүкіл маңызынан айырылады, өйткені бұл арада ол өзіне: өмірлік қажетті заттардың құны немен белгіленеді деген сұрақты бір рет те қоймайды, яғни ол *товардың* құны жалпы алғанда немен белгіленетіні туралы мәселе қоймайды. Сөйтіп Смит өзінің негізгі көзқарасынан тайғандықтан, ол бұл арада былай деп айтуға мәжбүр: жалақының бағасы өмірлік қажетті заттардың бағасымен белгіленеді, ал өмірлік қажетті заттардың бағасы жалақының бағасымен белгіленеді. Ол күн ілгері жалақының құны белгілі деп ұйғарып, содан кейін оның ауытқулары бәсекеде қандай түрде көрінетін болса, сондай түрінде және осы ауытқуларға себеп болатын жағдайларды да дәл сипаттап береді. Мұның өзі [Смиттің көзқарастарының] экзотериялық бөліміне қатысты, сондықтан бұл арада бізге ешқандай қатысы жоқ.

{Смит әсіресе капиталдың «өсуінің» (*қорлануының*) [жалақыға] ықпалын сипаттайды, бірақ бізге капиталдың «өсуінің» немен белгіленетінін айтпайды. Ал бұл «өсу» тек екі жағдайда ғана шапшаң болуы мүмкін ғой: не жалақы нормасы біршама төмен болып, еңбек өнімділігі жоғары болған жағдайда (бұл жағдайда жалақының артуы оның деңгейінің бүкіл өткен уақыттың өн бойында төмен болғандығының салдары ғана болып табылады), не қорлану нормасы төмен болып [яғни пайда нормасы төмен болып], бірақ еңбек өнімділігі жоғары болған жағдайда. Бірінші жағдайда Смит, өзінің көзқарасы тұрғысынан алғанда, жалақы нормасын пайда нормасынан (яғни жалақы нормасынан) шығаруға, ал екінші жағдайда — пайданың массасынан шығаруға тиіс болар еді. Алайда, мұның өзі товардың құнын зерттеуді тағы да қажет еткен болар еді.}

Смит товардың құнын оны құрайтын элементтердің бірі ретінде еңбектің құнынан шығарғысы келеді. Ал жалақының жоғарғы шегін ол, екінші жағынан, мынадан шығарады:

«жалақы... тағамдық өнімдердің бағаларының ауытқуларынан өзгермейді» (149-бет) және «әр түрлі жергілікті жерлердегі жалақылар тағамдық өнімдердің бағасына қарағанда бір-бірінен көп өзгеше болады» (150-бет) [Орысша аудармасы, I том, 68-бет].

Іс жүзінде бүкіл бұл тарауда *жалақының минимумын, alias* \* жұмыс күшінің құнын анықтаудан басқа, іске қатысты еш нәрсе жоқ. Смит бұла арада байқамай өзінің неғұрлым терең көзқарасын тағы да ұсынады, ал содан кейін оны қайтадан өз жайында қалдырады, сөйтіп тіпті жоғарыда айтылған анықтама да оны еш нәрсеге жеткізбейді. Шынында да, өмірлік қажетті заттардың құны, ал демек жалпы алғанда товарлардың құны немен белгіленеді? Ішінара «еңбектің табиғи бағасымен» белгіленеді. Ал «еңбектің табиғи бағасы» немен белгіленеді. Өмірлік заттардың құнымен немесе жалпы алғанда товарлардың құнымен белгіленеді. Жол таппай шырғалаң шеңберді бейшаралықпен айнала беру. Бұдан басқа тарауда зерттеліп отырғанның өзі туралы, еңбектің табиғи бағасы туралы бір ауыз сөз айтылмайды, [553] тек жалақының «табиғи норманың» деңгейінен жоғарылап артуы туралы, ал атап айтқанда — капиталдың қорлануының тездігіне, оның қорлануының үдей түсуіне сәйкес жалақының артуы туралы зерттеу ғана бар. Содан кейін қоғамның бұл орын алып отырған әр түрлі жағдайлары зерттеледі, ал ақырында товардың құнының жалақымен белгіленуіне, ал жалақының өмірлік қажетті заттардың құнымен белгіленуіне Смит тура соққы береді, сөйтіп, бұл, сірә, Англияда жоқ болар деп дәлелдейді. Бұған — жалақы қазіргі бар халықтың тіршілігі үшін ғана емес, сондай-ақ оның өсіп-өнуі үшін де қажетті күш-қаржының мөлшерімен белгіленетін болғандықтан, — халық саны туралы мальтустік теорияға ұқсас бірдеңе де кіреді.

Ал атап айтқанда, А. Смит XVIII ғасырда, әсіресе Англияда, жалақының *артқандығын* дәлелдеуге әрекет жасағаннан кейін, ол мұны «қоғам үшін пайдалы деп немесе пайдасыз деп» қарау керек пе, жоқ па деген мәселе қояды (159-бет) [Орысша аудармасы, I том, 72-бет]. Осыған байланысты ол бұдан кейін жол-жөнекей өзінің неғұрлым терең көзқарасына қайтадап оралады, бұл көзқарас бойынша пайда мен рента дегеніміз жұмысшы еңбегінің *өнімінен* алынатын үлестер ғана болып табылатын. Жұмысшылар, дейді ол,

«біріншіден, қоғамның басым көпшілік бөлігін құрайды. Ал осы тұтастың үлкен бөлігінің тағдырын жақсартатын нәрсені қашанда осы тұтас үшін пайдалы емес деп қарауға бола ма екен? Егер қоғам мүшелерінің басым бөлігі кедей әрі бақытсыз болып қалып отырғанда, қоғамды, сөз жоқ, бақыты деуірлеп тұрған қоғам деп қарауға болмайды. Оның үстіне қарапайым әділеттіліктің өзі мынаны талап етеді: бүкіл ұлтты тамақтандырып, киіндіріп және тұрғын үймен қамтамасыз етіп отырғандардың өздерінің меншікті еңбегінің өнімінде тиісті үлесі болуға тиіс, бұл үлес

\* — басқаша айтқанда. *Ред.*



ең болмағанда олардың өздерінің қанағат етерлік тамағы, киімі және пәтері болуы үшін *жеткілікті* болуға тиіс» (159—160-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 72-бет].

Осыған байланысты Смит халықтың өсуі теориясына да тоқталады:

«Кедейліктің некелесуден жасқандырмай қоймайтыны ешбір күмәнсыз болса да, дегенмен ол қай кезде болсын некелесуге мүмкіндік қалдырмайды деуге болмайды; ол өсіп-өнуге бейне бір тіпті себептесетін сияқты... Жоғары топтың әйелдерінде соншалық жиі кездесетін құбылыс — бедеулік төмен топтағы әйелдерде мейлінше сирек кездеседі... Бірақ кедейлік балалардың тууына кедергі жасамағанмен, ол балаларды тәрбиелеуді өте мөте қиындатады. Нәзік өсімдік жарық дүниеге келгенмен мұндай ызғарлы топырақ пен қатал климатта ұзақ тұра алмайды, көп ұзамай солып, мерт болады... Жануарлардың қай түрі болса да тіршілігіне керекті заттардың бар мөлшеріне сәйкес табиғи өсіп-өнеді, сөйтіп жануарлардың бірде-бір түрі мұның шегінен асып өсіп-өне алмайды. Бірақ цивилизациялы қоғамдарда халықтың төменгі таптарында тіршілікке қажетті заттардың жеткіліксіз болуы адамзат ұрпағының одан әрі өсіп-өнуіне шек қоюы мүмкін... *Адамдарға деген сұраным*, кез келген барлық басқа товарларда болатын сияқты, *адамның өсіп-өнуін қажетті түрде* нақ сондай *реттеп отырады*; бұл сұраным адамның өсіп-өнуі тым баяу болып отырса, оны тездетеді, ал бұл өсіп-өну тым тездеп кетсе, оны тежейді...» (160—163-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 72—73-беттер].

Жалақы минимумының қоғамның әр түрлі жағдайымен байланысы мынадай:

«Күндікшілер мен алуан түрлі күтушілерге төленетін жалақы олардың, жалпы және тұтас алғанда, қоғам тарапынан бұлар жөнінде күшейіп не азайып отыратын, не болмаса өзгеріссіз осы қалпында қалатын сұранымға сәйкес *өсіп-өнуіне* жетерліктей болуы керек» (164-бет) [Орысша аудармасы, I том, 74-бет].

Смит одан әрі былай деп көрсетеді: құл ерікті жұмысшыға қарағанда «қымбатқа» түседі, өйткені жұмысшы *өзінің «тозуын» өзі алдын-ала қадағалап, көңіл бөліп отырады*, ал құлдың мұндай «тозуының» орнын толтыру қамы «онша ұқыпты емес қожайынға» немесе «салақ бақылаушыға» жүктеледі (163 және келесі беттер) [Орысша аудармасы, I том, 74-бет]. Ерікті жұмысшы «тозуының» орнын толтыруға арналған «қорды» үнемдеп жұмсайды, ал құлда ол бей-берекет басқарудың нәтижесінде ысырап болады:

«Құлдың күшінің ұзақ жылдар бойына қызмет етудің салдарынан болған *тозуының*, осылай деп айтсақ, орнын толтыруға және қалпына келтіруге арналған қор әдетте онша ұқыпты емес қожайынның немесе салақ бақылаушының басқаруында болады. Мұның керісінше, ерікті жұмысшыда сол мақсатқа қызмет ететін қорды жұмысшының өзі үнемдеп басқарады. Бірінші қорды басқаруда әдетте бай адамдардың шаруашылығында үстем болатын бей-берекеттіктің ықпалы болмай қоймайды; екінші қорды басқаруда кедейдің қатаң ұстамдылығы мен үнемшілдігі нақ сондай болмай қоймайды» (164-бет) [Орысша аудармасы, I том, 74-бет].

Жалақы минимумының, немесе «еңбектің табиғи бағасының» анықтамасына бұл бағаның құлға қарағанда ерікті жалдама жұмысшыда төмен болатындығы енеді. Бұл пікір Смитте байқалып қалады:

«Ерікті адамдардың еңбегі құлдың еңбегіне қарағанда түптеп келгенде арзанға түседі» (165-бет). «Егер еңбекке төленетін ақының мол болуы ұлттың байлықтың осуінің нәтижесі болса, ол сонымен бірге халықтың өсуінің себебі де болады. Еңбекке төленетін ақының молдығына қынжылу дегеніміз [554] — қоғамдық әл-ауқаттың молдығының әрі нәтижесі әрі себебі болатын нәрсеге наразы болу деген сөз» (165-бет) [Орысша аудармасы, I том, 74-бет].

Смит одан әрі жалақының жоғары болуын жақтап дәлел айтты:

Ол «халықтың осуін ынталандырып қана қоймайды», сонымен бірге «қарапайым халықтың еңбек сүйгіштігін де арттырады. Жалақы еңбек сүйгіштікті көтермелеу болып табылады, ал еңбек сүйгіштік, адамның басқа да барлық қасиеттері сияқты, өзін көтермелеуге сәйкес жетіле түседі. Тамақтың мол болуы жұмысшының дене күшін арттырады, ал өзінің жағдайын жақсартуға деген оны жігерлендіре түсетін үміт... оны өз күшін ақырына дейін сарқа жұмсауға ұмтылдырады. Сондықтан біз жалақы төмен деңгейде болған жерге қарағанда, жалақы жоғары болған жердің бәріде де жұмысшылардың жігерлілік, ынталылық әрі ширақ болатынын көреміз» (166-бет) [Орысша аудармасы, I том, 74—75-беттер].

Бірақ жалақының жоғары болуы жұмысшыларды шамадан артық еңбектенуге итермелейді, сөйтіп өзінің жұмыс күшін күні бүрын титықтатуға әкеліп соқтырады:

«Өнімнің әрбір данасы үшін жоғары ақы алатын жұмысшылар шамадан артық жұмыс істеуге өте ынталы келеді, сөйтіп аздаған жылдардың ішінде өзінің денсаулығы мен күш-қуатынан айырылады» (166—167-беттер). «Егер қожайындар парасаттылық пен адамгершілік өміріне әрдайым құлақ қойып отырса, онда олардың өзінің жұмысшыларының көпшілігінің ынталылығын қоздырудан гөрі тежеп отыруына көп дәлелі болар еді» (168-бет). Одан әрі Смит «әл-ауқаттың артуы жұмысшыларды жалқаулыққа итермелеуі мүмкін» деген пайымдауға қарсы шығады (169-бет) [Орысша аудармасы, I том, 75—76-беттер].

Содан кейін Смит жұмысшылар егін шықпай қалған жылдарға қарағанда егіннің шығымдылығы мол жылдары неғұрлым жалқау болады деген рас па дегенді зерттейді, сондай-ақ жалақы мен товарлардың бағасы арасында жалпы алғанда қандай арақатынас болатынын анықтайды. Бұл арада ол тағы да дәйексіздікке ұрынады.

«Еңбектің ақшалай бағасы қажетті түрде екі жағдаймен: еңбекке деген сұраныммен және қажет заттар мен өмірдің игілігіне арналған заттардың (қажетті және өмірдің игілігіне арналған белгілі бір мөлшерін) сатып алу үшін керекті ақшаның сомасымен белгіленеді» (75-бет) [Орысша аудармасы, I том, 78-бет].

Содан кейін Смит жалақы — еңбекке деген сұранымға байланысты — егіннің шығымды болған жылдары неліктен артатынын

және егіннің шықпай қалған жылдары неліктен төмендейтінін зерттейді. (176-және келесі беттер) [Орысша аудармасы, I том, 78—79-беттер]

Жақсы жылдар мен жаман жылдарда [жалақының артуы мен төмендеуінің] себептері өзара бірінің-бірі берекесін кетіреді.

Қымбатшылық жылдардағы тапшылықта еңбекке деген сұранымды азайта отырып, еңбектің бағасын төмендету тенденциясы болады, ал азық-түлік заттары бағасының жоғары болуында еңбектің бағасын арттыру тенденциясы болады. Мұның керісінше, арзаншылық жылдарындағы молшылықта еңбекке деген сұранымды арттыра отырып, еңбектің бағасын арттыру тенденциясы болады, аз азық-түлік заттарының арзаншылығы оны төмендетуге әкеп соқтырады. Азық-түлік заттары бағасының дағдылы ауытқулары жағдайында қарама-қарсы бұл екі себеп сірә, бірін-бірі теңестіріп отыратын болуы керек; азық-түлік заттарының бағасына қарағанда, жалақының барлық жерде бірдей неліктен орнықты және тұрақты болатындығын, тегінде, ішінара осымен түсіндіруге болатын сияқты» (177-бет) [Орысша аудармасы, I том, 79-бет].

Бүкіл осы бұлталақтаулардан кейін, қорытындысында Смит жалақы жөніндегі ол товарлардың құнының қайнар көзі деген көзқарасқа өзінің бастапқы, неғұрлым терең көзқарасын қайтадан қарама-қарсы қояды; оның бұл көзқарасы мынандай болатын: товарлардың құны еңбек мөлшерімен белгіленеді, ал егер жақсы жылдарда немесе капиталдың өсуі жағдайында жұмысшы товарларды *көп* алатын болса, онда ол товарларды да неғұрлым көп мөлшерде өндіретін болады, немесе мұндай жағдайда товардың бір өлшемінде еңбектің мөлшері аз болып шығады. Демек, товардың құны төмен болса, жұмысшы оны көп мөлшерде ала алады, сонымен, логикалық қорытынды мынадай: абсолютті жалақының артуына қарамастан пайда өсе түсуі мүмкін:

«Жалақының артуы қажетті түрде көптеген товарлардың бағасын арттырады, арттырғанда *олардың бағасының жалақыға саятын бөлегін көбейту арқылы арттырады*, сондықтан оның елдің ішінде және шетелде бұл товарлардың тұтынулуын қысқарту тенденциясы болады. Алайда жалақыны арттыруға бастайтын себептің өзінің, атап айтқанда капиталдың өсуінің, еңбектің өндіргіш күшін арттыру тенденциясы болады, сөйтіп еңбектің аз мөлшері өнімнің көп мөлшерін өндіре алады». ...Еңбек бөлінісі, машиналарды қолдану, өнертабыстар және т. т. ...«Барлық осы жетілдірулердің арқасында көптеген товарларды *бұрынғыға қарағанда еңбекті анағұрлым аз* қолданып өндіруге мүмкін болады; *сондықтан осы еңбектің бағасының артуы оның мөлшерін азайтумен мейлінше теңгерілетін болады*» (177—178-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 79-бет].

Еңбекке жақсы төленетін болады, бірақ товардың әрбір өлшеміне енген еңбек аз болады; демек, ақы төленуге тиіс еңбектің мөлшері аз болады. Сөйтіп Смит жалақы құнды құрайтын элементтердің бірі ретінде товардың құнын белгілейді деген өзінің қате теориясын тастайды, немесе, дұрысырақ айтқанда, Смит бұл арада осы қате теорияның күшін жояды, өзінің дұрыс теориясымен

оны теңестіреді, ал бұл теорияға сәйкес товардың құны оған енген еңбектің мөлшерімен белгіленеді.

[555] 9-тарау «*Капиталға келетін пайда туралы*» деп аталады.

Демек, бұл арада товарлардың «табиғи бағасын», немесе құнын, анықтайтын және заңдастыратын екінші элементтің «табиғи нормасы» белгіленуге тиіс. *Смиттің пайда нормасының төмендеу себебі туралы* айтып отырғаны (179, 189, 190, 193, 196, 197 және т. б. беттер) [Орысша аудармасы, I том, 80, 84, 85, 87-беттер] ілгеріде қарастыруды керек етеді\*.

Бұл арада Смит үлкен қиындыққа ұшырайды. Ол былай дейді: жалақының «орташа нормасын» анықтаудың өзі-ақ бұл — «жалақының әдеттегі деңгейі» (179-бет), жалақының іс жүзіндегі белгілі деңгейі дегенге ғана келіп саяды.

«Бірақ *тіпті осының өзінде капиталдан алынатын пайда жөнінде мұны жасау мүмкіндігі екіталай*» (179-бет). Кәсіпкердің ісінің сәтті немесе сәтсіз болуының үстіне «бұл пайда товарлардың бағасының әрбір өзгерісіне байланысты болады» (180-бет) [Орысша аудармасы, I том, 80-бет].

Оның бержағында, біз бұл товарлардың «табиғи бағасын» «құнды» құрайтын элементтердің бірі ретінде «пайданың табиғи нормасының» көмегі арқылы анықтауға тиіспіз де. Жеке бір саланың өзінде-ақ жекелеген капиталист үшін пайданың орташа нормасын белгілеу қиын болады.

«Көп байтақ корольдікте қазір бар шаруашылықтың сан алуан салаларының бәріндегі орташа пайданы анықтау бұдан да қиын болуға тиіс» (180-бет) [Орысша аудармасы, I том, 80-бет].

Бірақ «капиталға келетін орташа пайда» туралы «ақша *процентінің* дәрежесі бойынша» біршама түсінік алуымызға болады:

«Мынадай принципті белгілеуге болады: қайсыбір іске жұмсалған ақшадан көп пайда алуға болатын жерде ақшаны пайдаланғаны үшін де әдетте көп төленеді, ал тек аздаған ғана пайда алынатын жерде ақшаны пайдаланғаны үшін де әдетте аз төленеді» (180—181-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 80—81-беттер].

Смит процент нормасы пайда нормасын белгілейді деп айтпайды. Ол барынша тиянақтап бұған керісінше айтады. Бірақ әр түрлі дәуірлердегі және т. т. процент нормасы жөнінде бізде жазбалар бар, ал пайда нормасы үшін мұндай жазбалар жоқ. Сонымен, процент нормалары дегеніміз — пайда нормасының жайы туралы шамамен пікір айтуға болатын нышандар. Алайда, міндет пайданың берілген әр түрлі нормаларын салыстыруда емес, «*пайданың табиғи нормасын*» белгілеуде болды. Смит әр түрлі дәуірлердегі проценттік ставканың дәрежесін қосалқы зерттеу арқылы бұдан қашып құтылған болады, бірақ бұл зерттеудің оның өзінің алдына

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 457 және 482—492-беттер. *Ред.*

қойған проблемасына мүлдем қатысы жоқ. Ол Англиядағы әр түрлі дәуірлерді долбарлай сипаттап береді, одан кейін Англияны Шотландиямен, Франциямен, Голландиямен салыстырады, Америкадағы отарларды айтпағанда,

*«жоғары жалақы мен жоғары пайда дегендер екеуінің бірге қатар болуы бәлкім, тек қандай-бір жаңа отардың өзіндік ерекше жағдайларында болмаса, өте сирек кездесетін дүниелер деп топшылайды» (187-бет) [Орысша аудармасы, I том, 83-бет].*

Бұл арада А. Смит пайданың көп болуының себебін шамамен сол Рикардоның рухында түсіндіруге және мұнысын бірсыпыра дәрежеде сәттірек шығаруға әрекеттенеді:

*«Жаңа отарда біршама уақыт бойына — басқа елдердің көпшілігімен салыстырғанда — өзінің территориясының көлеміне қарағанда аз капитал болуға тиіс және өз капиталының мөлшеріне қарағанда халқының саны аз болуға тиіс. Колонистердің жері оны өңдеу үшін қажетті капиталға қарағанда көп болады; сондықтан олардың қолындағы бар капитал тек ең құнарлы және бәрінен де гөрі жақсы орналасқан жерді, атап айтқанда, теңіз жағалаулары мен кеме жүретін өзендердің бойындағы жерлерді өңдеуге ғана пайдаланылады. Оның бер жағында ондай жерлер тіпті оларда табиғи өсіп тұрған өсімдіктердің өнімінің құнына жетпейтін бағаға сатып алынады». (Сонымен, іс жүзінде ол тегінге түседі). «Ондай жерлерді сатып алуға және жақсартуға жұмсалған капитал өте жоғары пайда келтіруге тиіс, демек, ол капиталды пайдаланғаны үшін өте жоғары процент төлеуге мүмкіндік беруге тиіс. Осындай өте пайдалы кәсіпте мұндай капиталдың тез қорлануы плантаторға өзінің жұмысшыларының санын оларды жаңа қоныстан тауып ала алатынынан гөрі тез көбейтуге мүмкіндік береді; сондықтан да ол тауып алған адамдар өте жоғары ақы алатын болады. Отар ұлғайған сайын капиталдан алынатын пайда төмендей түседі. Ең құнарлы және бәрінен де гөрі жақсы орналасқан жерлер алынып қойғаннан кейін құнарлылығы жағынан да, орналасуы жағынан да онша қолайлы емес учаскелерді өңдеу тек аздаған ғана пайда келтіре алады, ал іске пайдаланған капитал үшін кем процент төлеу мүмкін болып шығады. Міне сондықтан да процент нормасы... біздің отарларымыздың көпшілік бөлегінде осы ғасырдың бойында едәуір төмендеп кетті» (187—189-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 83—84-беттер].*

Бұл, әрине басқа дәлелмен болса да, Рикардоның пайданың төмендеуін түсіндіруіндегі негіздердің бірі болып табылады. Смит тұтас алғанда бұл арада мұның бәрін капиталдардың бәсекесімен түсіндіреді, капиталдардың көбеюімен байланысты пайда азаяды да, капиталдардың азаюына байланысты пайда көбейеді, ал бұл орайда жалақы, мұның керісінше, бірінші ретте артады, екіншісінде төмендейді.

[556] «Қоғамның өндірістік мақсаттарға арналған капиталының немесе қорының азаюы жұмысшылардың жалақысын төмендете отырып, капиталдан алынатын пайданы және, демек, процент нормасын арттырады. Жалақы төмендегендіктен, қоғамның қарауында қалған капиталдың иелері өздерінің товарларын рынокқа бұрынғыға қарағанда аз шығындармен жеткізіп бере алады, ал рынокты товарлармен жабдықтау енді капиталдың аз мөлшерімен жүзеге асырылатын болғандықтан, капиталистер

өздерінің товарларын қымбатқа сата алады» (191—192-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 85-бет].

Одан әрі Смит пайда нормасының неғұрлым жоғары болу мүмкіндігі және неғұрлым төмен болуы мүмкіндігі туралы айтады.

«Пайданың ең жоғары нормасы — товарлардың көпшілік бөлегінің бағасынан жер рентасының үлесіне тиесілердің бәрін өз бойына жинап алады, сөйтіп товарды дайындау мен рынокқа тасып жеткізу үшін жұмсалған, қандай да бір жерде төленуге мүмкін болатын жалақының ең төмен нормасы бойынша еңбекке төлеу үшін қанша керек болса, тек сонша мөлшерді қалдырады, яғни жұмысшылардың тіршілігін сақтауға жеткілікті мөлшердегі ғана норма бойынша төлеу үшін қалдырады» (197—198-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 87—88-беттер].

«Әдеттегі пайданың ең аз нормасы капиталды орналастырудың кез келген жағдайында болатын кездейсоқ шығындарды өтеуге жеткілікті мөлшерден әрқашан да біршама көп болуға тиіс. Тек осы артық қалғаны ғана таза пайда болады» (196-бет) [Орысша аудармасы, I том, 87-бет].

Іс жүзінде Смит *«пайданың табиғи нормасы»* туралы өзінің көзқарасына өзі сипаттама береді:

«Ұлыбританияда проценттің екі еселенген мөлшері деп көпестердің әділетті, біршама қанағаттанарлық, мүмкін боларлық пайда деп атайтыны саналады; бұл сөздер, менің пікірімше, *үйреншікті және әдеттегі пайданы* ғана білдірді» (198-бет) [Орысша аудармасы, I том, 88-бет].

Шындығында да, Смит бұл *«үйреншікті және әдеттегі пайданы»* біршама қанағаттанарлық деп те, әділетті деп те атамағанымен, ол әйтсе де оны *«пайданың табиғи нормасы»* деп атайды: алайда ол бізге оның не екені, немесе пайданың бұл нормасы немен белгіленетіні туралы мүлдем дерлік еш нәрсе айтпайды, ал оның бер жағында біз нақ осы *«пайданың табиғи нормасы»* арқылы, Смит бойынша, товардың *«табиғи бағасын»* анықтауға тиіспіз де.

«Тез байып келе жатқан елдерде жалақының жоғары болуы көптеген товарлардың бағасында пайданың томоп нормасымен төңгерілуі мүмкін, сөйтіп мұның өзі бұл елдерге өздерінің товарларын, жалақы төмен, мұншалық тез байымаған көршілерінің істеп отырғанындай, арзанға сатуға мүмкіндік береді» (199-бет) [Орысша аудармасы, I том, 88-бет].

Бұл арада пайданың төмен болуы мен жалақының жоғары болуы бір-бірімен өзара әрекеттес екендігі ретінде бір-біріне қарама-қарсы қойылмайды, бұлардың екеуі де сол бір ғана себептің өзінен — капиталдың тез өсуінен немесе қорлануынан туындайды. Пайда да, жалақы да бағаға кіреді, оны *белгілейді*. Сондықтан егер біреуі жоғары болып, сонымен бір мезгілде екіншісі төмен болса, онда баға өзгеріссіз қала береді және т. т.

Смит бұл арада пайданы [бағаға] қосылатын үстеме деп түсінеді, өйткені тараудың аяғында былай дейді:

«Іс жүзінде бұйымның бағасын жалақының жоғары болуына қарағанда пайданың жоғары болуы анағұрлым көп шамада арттырады» (199-бет) [Орысша аудармасы, I том, 88-бет]. Мәселен, егер кенеп шығаруда жұмыс істейтін барлық жұмысшылардың жалақысы күніне 2 пенске артқан болса, онда мұның өзі «бір бөлек кенептің» бағасын оны дайындаған жұмысшылардың санына көбейтілген және «жұмысшылардың осы іспен шұғылданған уақыты бойындағы күндердің санына көбейтілген 2 пенстен көпке арттырмаған болар еді. Товар бағасының жалақыға келетін бөлегі товарды өндірудің әр түрлі сатыларының әрқайсысында жалақының артуы нәтижесінде жалақының осы артуына тек арифметикалық пропорцияда ғана көбейген болар еді. Бірақ егер осы жұмысшыларды жалдайтын әр түрлі барлық кәсіпкерлердің пайдасы 5 процент артқан болса, онда товар бағасының пайдаға келетін бөлегі пайда нормасының артуы нәтижесінде өндірістің бір сатысынан екінші сатысына пайда нормасының осы артуына *геометриялық пропорцияда* өскен болар еді... Жалақының артуы товардың бағасын арттырғанда қарапайым проценттердің борыштың сомасын арттырғаны сияқты арттырады. Пайданың артуы күрделі проценттер ретінде әрекет жасайды» (200—201-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 88—89-беттер].

Осы тараудың аяғында Смит бізге сондай-ақ товардың бағасы — немесе оның құны — жалақы мен пайданың құндарынан құралады деген өзінің бүкіл көзқарасын *қайдан* алғандығын айтады; атап айтқанда — «amis du commerce»\*, бәсекенің практик фанатиктерінен алғандығын айтады.

«Біздің көпестер мен өнеркәсіпшілер жалақының жоғары болуы біздің товарларымызды қымбаттатып, осының салдарынан бұл товарлардың ел ішінде де, сондай-ақ шетелде де өткізілуін қысқартатын зиянды әрекет жасайды деп үнемі шағым айтады; олар пайданың жоғары болуының зиянды әрекеті туралы еш нәрсе айтпайды; олар [557] өздерінің меншікті табыстарының зиянды әрекеттері жөнінде жұмған ауыздарын ашпайды. Олар тек басқалардың табыстарына ғана шағым айтады» (201-бет) [Орысша аудармасы, I том, 89-бет].

10-тарау «*Еңбек пен капитал жұмсалатын әр түрлі салалардағы жалақы мен пайда туралы*» деп аталады. Ол тек жекелеген нәрселерді ғана қамтиды, — демек өзі бәсеке туралы тарау болып табылады және өзінше өте жақсы шыққан. Тарау мүлдем экзотериялық сипатта болып келеді.

! {Өнімді және өнімсіз еңбек:

«Юридикалық мамандықтың лотереясы әбден әділетті болудан әлдеқайда қашық жатыр, сондықтан бұл сословие, басқа да ерікті және құрметті көптеген мамандықтар сияқты, ақшалай табыс жөнінен, сөз жоқ, жеткілікті ақы алмайды» (216—217-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 96-бет].

*Солдаттар* туралы да ол осылай дейді:

«Олардың жалақысы қарапайым күндікшінің жалақысынан аз, ал оның бер жағында әскери қызметті атқару кезінде олар әлдеқайда көп күш жұмсайды» (223-бет) [Орысша аудармасы, I том, 98-бет].

\* — «сауданың достарынан» (Фурьенің сөзі). Ред.

### Әскери флоттың матростары туралы:

«Олардың қызметі, басқа қызмет атаулының бәріне дерлік қарағанда, әлдеқайда көп шеберлік пен ептілікті талап ететіндігіне қарамастан және матростың бүкіл өмірі тіршілік рақатын көрмей, қауіп-қатердің үздіксіз тұтас тізбегі болатынына қарамастан, ...олардың жалақысы гаваньдағы қарапайым жұмысшының табысынан аспайды, ал бұлардың табысы теңізшілердің жалақы нормасын реттеп отырады» (224-бет) [Орысша аудармасы, I том, 99-бет].

### Кекесін түрде:

«Священникті немесе капелланды күндікшімен салыстыру, күмән жоқ, әдепсіздік болар еді. Бірақ соған қарамастан, священниктің немесе капелланның жалақысы табиғатында күндікшінің жалақысындай жалақы деп мойындауға әбден болады» (271-бет) [Орысша аудармасы, I том, 117-бет].

Ал «*әдебиетшілерге*» келетін болсақ, Смит тиянақтап айтып, олардың саны тым көп болғандықтан, оларға ақы тым аз төленеді деп санайды және кітап басып шығару ойлап табылғанға дейін «*студент пен қайыршы*» (276—277-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 119-бет] бір мағынаны білдіретін еді деп ескертеді және, сірә, Смит мұны белгілі бір мағынада әдебиетшілер жөнінде айта-тын сияқты.}

Бұл тарауда жіті аңғарғыштық пен маңызды ескертпелер то-лып жатыр.

«Белгілі бір қоғамда немесе белгілі бір жергілікті жерде капитал жұм-салағын әр түрлі салалардағы пайданың орташа және әдеттегі нормала-ры, еңбектің алуан түрлеріне ақшалай ақы төлеуге қарағанда, әлдеқайда бір деңгейлес болып келеді» (228-бет) [Орысша аудармасы, I том, 100—101-беттер].

«*Рыноктың ауқымдылығы неғұрлым ірі капиталдар жұмсауға жол бе-ре отырып, көзге көрінерлік пайданы азайта түседі; бірақ сонымен бірге товарларды неғұрлым алыс жерлерден тасып жеткізуді талап ете отырып, ол өнімнің өзіндік құнын арттырады. Пайданың бұл азаюы мен өзіндік құнның артуы көптеген жағдайларда сірә, бір-бірін шамамен теңестіріп отыратын болса керек*» (әңгіме астық, ет сияқты және т. б. товарлардың бағасы туралы болып отыр) (232-бет) [Орысша аудармасы, I том, 102-бет].

«Шағын қалаларда және деревняларда *рыноктың шектеулі болуы сал-дарынан сауданы капиталдың өсуіне сәйкес кеңейте беруге әрқашан мүм-кіндік бола бермейді. Сондықтан, мұндай жерлерде жекелеген адамның пайда нормасы өте жоғары болуы мүмкін бола тұрса да, пайданың жалпы сомасы, немесе массасы, еш уақытта да өте көп бола алмайды, демек оның жыл сайынғы қорлануы да көп болуы мүмкін емес. Мұның керісінше, үл-кен қалаларда кәсіпорынды капиталдың өсуіне сәйкес ұлғайтуға болады, ал үнемді және ісі ілгері басқан адамның кредиті оның капиталынан да гөрі тез өседі. Оның кәсіпорны кредиттің де, капиталдың да өсуіне сәйкес ұлғая түседі*» (233-бет) [Орысша аудармасы, I том, 102-бет].

Мәселен, XVI, XVII және басқа ғасырлардағы жалақының дең-гейі туралы *қате статистикалық* есептер жөнінде Смит: бұл тек,



мысалы, коттерлердің \* жалақылары ғана болды деп өте дұрыс ескертпе жасайды, олар өздерінің коттеждерінде немесе өздерінің қожайындарына (қожайындар оларға «шағын үй, кішкене огород, бір сиырды асырауға ғана қажетті жетерлік шабындық және бәлкім бір немесе екі ақр нашар егіндік жер» береді және оларға жұмыс бергенде жалақыны өте аз төлеп отырады) жұмыс істемеген күндерінде

«өздерінің бос уақытын оларды жалдағысы келген кез келген адамға беріп отырған, сөйтіп басқа жұмысшыларға қарағанда жалақыны аз алып жұмыс істеген» (241-бет). «Оның бер жағында, бұрынғы уақыттардағы еңбек пен азық-түліктің бағасы туралы мәліметтер жинаған және бұлардың екеуінің де бағаларының таңданарлықтай төмен болғандығын бейнелеуден өздеріне рақат табатын көптеген жазушылар, сірә, бұл жұмысшылардың *осы кездейсоқ қосалқы табыстарын толық табыс* ретінде қараған болса керек» (242-бет) [Орысша аудармасы, I том, 105—106-беттер].

### Жоғарыдағы Смит жасаған жалпы ескертпе дұрыс:

«Еңбекті және капиталды қолданудың алуан түрлерінде тиімді және тиімсіз жайлардың жалпы жиынтығындағы теңдік мұнымен шұғылданып жүрген адамдардың бірден-бір немесе басты жұмысы болып табылатын қызмет салаларында ғана болуы мүмкін» (240-бет) [Орысша аудармасы, I том, 105-бет].

Дегенмен, бұл пікірді Стюарттың өзі-ақ, әсіресе ауыл шаруашылығындағы «адамдар уақытты бағалай бастаған»<sup>78</sup> кезеңнен бергі жалақы жөнінде біршама тәуір дамытты.

[558] *Орта ғасырларда қалалық капиталдың қорлануы* жөнінде Смит осы тарауда бұл қорлану негізінен деревняны қанау арқылы (көпестердің де, қолөнершілердің де) болып отырды деп өте дұрыс ескертпе жасайды. (Бұған өсімқорлар да, сондай-ақ енді haute finance \*\* де қосылды; бір сөзбен айтқанда, ақшамен сауда жасаушылар.)

«Қаланың сауда-өнеркәсіптік халқының әрбір табы» (*целтық құрылымы бар қалалардың ішінде*) «осы регламентациялардың нәтижесінде, әрине, қалада басқа таптардың саудагерлері мен қолөнершілерінен сатып алған товарлары үшін мұндай регламентациялар болмаған жағдаймен салыстырғанда біршама қымбат төлеуге мәжбүр болып отырды. Бірақ мұның есесіне ол өзінің меншікті товарларын соншалық қымбат сатуға мүмкіндік алды, сөйтіп осының есебінен ұтылысы мен ұтысы бірдей шығып отырды. Қала ішінде жекелеген таптар арасында болып отыратын келісімдерден бұл регламентациялардың нәтижесінде олардың ешқайсысының да ештеңесі кеткен жоқ. Бірақ деревнямен арадағы келісімдерде олардың бәрі көп пайда алып отырды, ал нақ осы соңғы келісім сияқты келісімдерден қалалардың өмір сүріп, байып отырған саудалары құралды ғой. Қала атаулының бәрі өзінің бүкіл азық-түлігі мен өзінің өнеркәсібі үшін бүкіл шикізатты деревнядан алады. Оған ақыны негізінен екі

\* — батырақтар, олар өздері жұмыс істейтін жерге меншік иесінен немесе арендатор-фермерден деревнядан шағын үй (коттедж) және оның жанынан ұлта-рақтай жер алатын болған. *Ред.*

\*\* — финанс аристократиясы, ақшалы шонжарлар, банкирлер. *Ред.*

түрлі тәсілмен төлейді: біріншіден, осы шикізаттардың бір бөлегін өңделген түрінде деревняға қайтарып береді,— бұл жағдайда шикізаттың бағасы жұмысшылардың жалақысы мен олардың қожайындарының, немесе тікелей жалдаушылардың пайдаларының қосындысына артады; екіншіден, қала деревняға өнім жөнелтеді — шикізат түрінде болсын, өңделген түрінде болсын, бұл өнім басқа елдерден немесе сол елдің алыс жерлерінен әкелінген болсын, бәрібір; оның бер жағында бұл жағдайда осы товарлардың басталқы бағасы тағы да тасып жеткізушілердің немесе магрос-тардың жалақысы мен оларды жалдаған көпестердің пайдасының қосындысына артады. Сауданың бірінші саласынан түсетін ақша қаланың өзінің өнеркәсібінен алатын бүкіл пайдасы болып табылады. Екінші саладан түсетін ақша қалаға оның ішкі және сыртқы саудасы беретін бүкіл пайдасы болып табылады. Жұмысшылардың жалақысы және осы жұмысшыларды жалдаушылардың пайдалары екі саланың екеуінен бірдей түсетін бүкіл ақшаны құрайды. Сонымен, осы жалақыларды және осы пайдаларды олардың табиғи деңгейінен жоғары арттыруды мақсат еткен барлық регламентациялар мына бағытта — қалаға өзінің еңбегінің аз мөлшерінің көмегімен деревняның еңбектің көп мөлшерін жұмсап өндіретін өнімін сатып алуға мүмкіндік беру бағытында әрекет жасайды».

{Демек, Смит соңғы сөйлемде құнның дұрыс анықтамасына қайта оралады. Ол кітаптың 259-бетінде [Орысша аудармасы, I том, 113-бет]. Құн еңбек мөлшерімен белгіленеді. Мұны қосымша құн туралы Смиттің баяндауларын қарастырған кезде мысал ретінде келтіру керек. Егер қала мен деревня алмасатын товарлардың бағалары еңбектің бірдей шамалары болып табылатын болса, онда олардың бұл товарлардың құндарына тең болғаны. Демек, екі жақта да болып отырған пайда мен жалақы бұл құндарды белгілей алмайды,— мұның керісінше, бұл құндардың бөлінуі пайда мен жалақыны белгілейді. Сондықтан Смит былай деп табады: еңбектің аз мөлшерін деревня еңбегінің көп мөлшеріне айырбастайтын қала өзінің деревнямен қатынастарынан басы артық пайда және басы артық жалақы алады. Егер қала деревняға өзінің товарларын олардың құнынан асырып сатпаған жағдайда бұлай болмаған болар еді. Осы соңғы жағдайда «пайда мен жалақы олардың табиғи деңгейінен жоғары» көтерілмеген болар еді. Демек, егер пайда мен жалақы «өздерінің табиғи деңгейінде» тұрған болса, онда товарлардың құнын олар белгілемейді, қайта, мұның керісінше, олардың өздері товарлардың құнымен белгіленеді. Онда пайда мен жалақы товардың осы олардың өздері алдын-ала белгілеген құнының бөлінуінен ғана пайда болуы мүмкін; бірақ бұл құнды олар белгілей алмайды, пайда мен жалақыдан — оған өздері алдын-ала белгілеген — құнның шығуы мүмкін емес.}

«Бұл регламентациялар қаланың көпестері мен қолөнершілерін деревнядағы жер иелері, фермерлер және жұмысшылар жөнінде артықшылық жағдайға қояды, сөйтіп мұндай регламентациялар болмаған жағдайда қала мен деревня арасындағы саудада болуы мүмкін табиғи теңдікті бұзады. Белгілі бір қоғамның еңбегінің бүкіл жылдық өнімі жыл сайын халықтың осы әр түрлі екі бөлегі арасында бөлініп отырады. Осы» (қалалық) «регламентациялардың нәтижесінде қалалардың тұрғындары регламента-

циялар жоқ жағдайда алатынынан гөрі өнімнің едәуір көп бөлегін алады, ал деревнялардың тұрғындарының үлесіне өнімнің едәуір аз бөлегі қалады. Қаланың жыл сайынғы тасып әкелетін азық-түлік пен шикізат үшін нақты төлейтін бағасы дегеніміз — қаланың жыл сайын тасып шығаратын өнеркәсіп бұйымдары мен басқа товарлардың массасы. Өнеркәсіп бұйымдары мен басқа да товарлар неғұрлым қымбатқа сатылса, азық-түлік пен шикізаттар соғұрлым арзанға сатып алынады. Осының нәтижесінде қаланың кәсіпшілік қызметі неғұрлым тиімді болады, ал деревняның кәсіпшілік қызметінің тиімділігі кемірек болады» (258—260-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 112—113-беттер].

Сонымен, Смиттің өзінде мәселенің баяндалуына сәйкес, егер қаланың және деревняның товарлары оларға тиісінше енген еңбек мөлшеріне пропорциялы түрде сатылатын болса, онда олар өздерінің құндары бойынша сатылған болар еді, демек, олай болса, екі жақта да болатын пайда мен жалақы бұл құндарды белгілей алмас еді, қайта, мұның керісінше, олар товарлардың құндарымен белгіленген болар еді. Капиталдардың табиғи құрылымдарының әр түрлілігі салдарынан әр түрлі болатын пайдаларды теңестірудің бұл арада бізге қатысы жоқ; өйткені оның өзі пайдаларды әр түрлі етіп қана қоймайды, қайта мұның керісінше, пайдаларды бірдей нормаға келтіреді.

(559) «Қаланың тұрғындары, бір жерге жинақталғандықтан, оңай арасып, бір-бірімен келісімге келе алады. Сондықтан қалаларда болған тіпті болмашы кәсіпшіліктер де барлық жерде дерлік цехтарға ұйымдасты...» (261-бет) [Орысша аудармасы, I том, 113-бет]. «Бытыраңқы және бір-бірінен өте шалғай тұрып жатқан деревня тұрғындары одақтарға бұлай оңай біріге алмайды. Олардың еш уақытта да цехтар құрмағаны былай тұрсын, олардың арасында тіпті цехтың рухы да еш уақытта да үстем болып көрген емес. Егіншілік кәсібімен, деревняның осы негізгі кәсіпшілігімен, айналысу үшін үйренуші болуды енгізу еш уақытта да қажет деп танылған емес» (262-бет) [Орысша аудармасы, I том, 114-бет].

Осыған байланысты Смит «еңбек бөлінісінің» теріс жақтары туралы мәселеге келеді. Еңбек бөлінісіне бағындырылған мануфактура жұмысшысының еңбегіне қарағанда, шаруаның еңбегінің көп дәрежеде оймен атқарылатын сипаты бар:

«Ауа райының әрбір өзгерісіне және басқа да көптеген жағдайларға байланысты қалай да өзгеріп отыратын жұмыстарды атқару сол белгілі бір немесе белгілі бір дерлік операцияларды атқарудан гөрі әлдеқайда көп ақыл-айла мен ойлап-екшеуді талап етеді» (263-бет) [Орысша аудармасы, I том, 114-бет].

Еңбек бөлінісі еңбектің қоғамдық өндіргіш күшін, немесе қоғамдық еңбектің өндіргіш күшін дамытады, бірақ ол мұны жұмысшылардың жалпы өндіргіш қабілетінің есебінен істейді. Сондықтан қоғамдық өндіргіш күшті дамыту жұмысшыға оның еңбегінің артқан өндіргіш күші емес, қайта оған үстемдік ететін капиталдық өндіргіш күші ретінде қарсы тұрады. Егер қала жұмысшысы селолық жұмысшыға қарағанда неғұрлым дамыған болып келсе,

бұл тек мына жағдайға ғана байланысты: өзінің еңбегінің сипаты оны *қоғам* ортасында өмір сүруге мәжбүр етеді, ал егіншінің еңбегі оны тікелей *табиғатпен* қатынаста болуға мәжбүр етеді.

«Европада барлық жерде қалалық кәсіпшілік қызметтің селолық қызметтен артықшылық жағдайда болуын тек бір ғана цехтар мен олардың регламентацияларынан болған деуге келмейді. Ол сондай-ақ басқа да көптеген тәртіптерге негізделеді: шетелдік көпестер әкелетін барлық шетелдік өнеркәсіп бұйымдары мен барлық товарларға салынатын *жоғары баж салығы* осы мақсатқа қызмет етеді» (265-бет) [Орысша аудармасы, I том, 115-бет]. «Бұл тәртіптер оларды» (қалаларды) «шетелдіктердің бәсекесінен қорғайды» (бұл да сонда).

Мұның өзі енді жекелеген қалалар буржуазиясының ісі емес, қайта *corps de nation* \* ретінде ұлттық көлемде заң жүзінде билік жүргізетін немесе ең болмағанда бас штаттардың үшінші сословиесі ретінде немесе төменгі палата ретінде билік жүргізетін буржуазияның ісі болып табылады. Қалалық буржуазияға ғана тән, деревняға қарсы бағытталған, шаралар — бұл заставаларда жинап алынатын акциздер мен алымдар, жалпы алғанда — өзінің шығу тегі жөнінен қалалық жанама салықтар (*Хюльманды* қараңыз)<sup>79</sup>, ал төте салықтар — өзінің шығу тегі жөнінен селолық салықтар. Мәселен, акциз қаланың өзіне-өзі салатын жанама салығы болып көрінуі мүмкін. Деревня тұрғыны бұл салыққа аванс беруге мәжбүр болып отыр-мыс, бірақ мұны ол өнімнің бағасы ретінде өзіне қайтаруға мәжбүр етеді-міс. Алайда орта ғасырларда іс бұлай болған жоқ. Деревня тұрғыны еңбегінің өнімдеріне деген сұраным, — деревня тұрғыны жалпы алғанда оларды товарға және ақшаға айналдырып отырғандықтан, — көпшілік жағдайларда қалалық территорияның шекарасы бойынша күшпен шектеліп отырды, осыдан да деревняның өзінің өнімінің бағасын қалалық салықтың бүкіл сомасының мөлшеріне арттыруға мүмкіндігі болмады.

«Ұлыбританияда бұрынғы уақыттарда қаланың кәсіпшілік қызметі деревняның кәсіпшілік қызметімен салыстырғанда, сірә, қазіргіге қарағанда бұдан да көп артықшылықтарға ие болса керек. Қазіргі уақытта, сірә өткен ғасырдағыға» (он жетінші ғасыр) «және үстіміздегі» (он сегізінші ғасыр) «ғасырдың басында болғандағыға қарағанда, селолық жұмысшылардың жалақысы өнеркәсіпте еңбекке төленетін ақының мөлшеріне көбірек жақындай түскен, ал ауыл шаруашылығына қолданылатын капиталға келетін пайда сауда мен өнеркәсіпте қолданылатын капиталға келетін пайдаға көбірек жақындай түскен. Бұл өзгерісті қалалардың кәсіпшілік қызметі алып келген төтенше көтермелеудің қажетті, бірақ соншалықты кешігіп барып болған салдары деп қарауға болады. Қалаларда жинақталған капиталдың уақыт өте келе молайып кететіні соншалық, оны енді бұрынғы пайда келтіретіндей дәрежеде қалаларға тән кәсіпшіліктерде қолдану мүмкін болмай қалады. Қалалық кәсіпшіліктердің, жалпы алғанда барлық кәсіпшіліктер сияқты, өзінің шекарасы бар, сондықтан *капиталдардың өсуі бәсекені күшейте отырып*, пайданы төмендетпей қоймауға тиіс. Қалаларда пайданың төмендеуі капиталдың деревняға ойысуын ту-

\* — ұлттың басты бөлегі. *Ред.*

ғызады, ал мұнда ол егіншілік еңбегіне қосымша сұраным туғызады да, сөйтіп мұнысымен бұл еңбекке ақы төлеуді арттырады. Міне сонда капитал, егер осылай деп айтуға келетін болса, бүкіл елдің үстіне түгел жайылады, сөйтіп ауыл шаруашылығында өзіне орын тауып, ішінара деревняға қайтып оралады, ал ол бастапқыда қалаларда едәуір дәрежеде осы деревняның есебінен жинақталған болатын» (266—267-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 115—116-беттер].

11-тарауда Смит «жер рентасының табиғи нормасын» — товардың құнын құрайтын үшінші элементті анықтауға тырысады. Біз мұны Рикардоға тағы да қайтып оралғаннан кейін қарастырамыз.

Өткенде айтылғандардан мынау айқын болып отыр: егер А. Смит *товардың «табиғи бағасын»*, немесе оның *шығын бағасын*, товардың құнымен теңестіретін болса, онда ол мынадан кейін — ол құн жөніндегі өзінің дұрыс көзқарасын алдын-ала былай қалдырып, оны бәсеке құбылыстары әкеп таңатын және солардан туындайтын көзқараспен ауыстырғаннан кейін болып отыр. Бәсекеде құн емес, *шығын бағасы рыноктық бағаларды* реттеуші ретінде, былайша айтқанда, *имманенттік баға ретінде* — товарлардың құны ретінде көрінеді. Ал осы шығын бағасының өзі бәсекеде, өз кезегінде, алдын-ала берілген нәрсе ретінде, жалақының, пайданың және рентаның белгілі бір орташа нормасы бойынша анықталатын нәрсе ретінде көрінеді. Сондықтан да Смит жалақыны, пайда мен рентаны дербес, товардың құнынан тәуелсіз анықтауға тырысады, оларға, керісінше, «табиғи бағаның» элементтері деп қарайды. Смиттің [560] осы аберрациясын теріске шығаруды басты жұмысы етіп алған Рикардо соған қарамастан оның *қажетті*, бірақ оның, егер дәйекті болған жағдайда, *мүмкін емес* салдарын — *құндар мен шығын бағаларын теңестіруді* қабылдап алады.

## РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫ

### [1] АНДЕРСОН МЕН РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРЫ]

Бастысы Родбертустың теориясын қарастырғанда анықталды. Бұл арада тек кейбір толықтырулар ғана.

Әуелі тарихи жағдайды атап өтелік.

Рикардо ең алдымен белгілі бір дәрежеде өзінің көзі тірісінде куәсы болған кезенді, бидайдың бағасы үнемі жоғарылай берген 1770—1815 жылдардағы кезенді сөз етеді; ал Андерсонның сөз ететіні — XVIII ғасыр, ол осы ғасырдың аяғында жазды. Бұл ғасырдың басынан орта шеніне дейін бидайдың бағасы төмендей берді, ал ортасынан аяғына дейін жоғарылады. Сондықтан Андерсон өзінің ашқан заңын еш жерде егіншіліктің кеми беретін өнімділігімен, немесе азықтың қалыпты қымбаттай беруімен байланыстырмайды {Андерсонның айтуында бұл қымбаттау табиғи емес бірдеңе}. Ал Рикардо оларды бір-бірімен анық байланыстырады. Андерсон астық заңдарының жойылуы (ол кезде бұлар экспорттық сыйлықтар болатын) XVIII ғасырдың екінші жартысында бағаның көтерілуінің себебі болды деп жорамалдады. Рикардо астық заңдарының енгізілуі (1815 жылы) бағаның төмендеуіне жол бермеу мақсатын көздегенін және де белгілі бір дәрежеде бұл төмендеуге сөзсіз кедергі болуға тиістілігін білді. Осымен байланысты Рикардо былай деп атап көрсетті: өзімен-өзі болған жер рентасы заңы лажсыздан — *белгілі бір территория шегінде* — құнарлылығы кемірек жерлерді өңдеуге, демек, егіншілік өнімдерінің қымбаттауына, өнеркәсіптің және бұқара халықтың есебінен рентаның өсуіне әкеліп соқтыруға тиіс. Сондықтан Рикардоның айтқаны бұл арада практикалық және тарихи жағынан алғанда дұрыс еді. Андерсон, керісінше, астық заңдары — ол сонымен бірге сырттан әкелінетінге баж салығын салуды да жақтайды — *белгілі бір территория* шегінде егіншіліктің біркелкі дамытылуына қажетті

түрде жәрдемдесуге тиіс, егіншілік өзінің біркелкі дамуы үшін кепілдіктерді тілейді, демек, бұл дамудың ілгерілей беретін барысы өзінен-өзі, Андерсон ашқан жер рентасы заңы себепті, егіншілік өнімділігінің артуына, ал мұның нәтижесінде егіншілік өнімдерінің орташа бағаларының төмендеуіне қалайда жеткізуге тиіс деп есептеді.

Бірақ екеуі де континентте өте-мөте таң қаларлық секілді көрінетін көзқарасты негізге алады, ол көзқарас атап айтқанда мынау: 1) капиталды жерге қолданудың қандайына болсын кедергі келтіретіндей жер меншігі атымен жоқ; 2) егіншілер жақсы жерлерден нашар жерлерді өңдеуге көшуде (егер дамудың бұл барысында ғылым мен өнеркәсіптің араласуынан туатын үзілістерді есептемесек, Рикардода бұл алғы шарттың абсолютті мәні бар; Андерсонда — бұл алғы шарт — относителді, өйткені құнарсыз топырақ қайтадан құнарлы топыраққа айналады); 3) егіншілікке қолдануға жеткілікті, нақты бар капитал әруақытта болады.

1-ші және 2-ші пункттерге келсек, континент тұрғындарының ұғымы бойынша феодалдық жер меншігі неғұрлым керенау түрде сақталған елде экономистер — Андерсон да, Рикардо да — жерге меншіктің жоқтығы туралы жорамалды негізге алғандығы оларға қалайда мүлде таңданарлық болып көрінуге тиіс. Бұл жағдайдың себептері мынада:

*біріншіден*, жалпы жерлердің континенттік бөлінісімен ортақ мүлде ештеңесі жоқ ағылшынның «law of enclosures»\*-ының ерекшелігінде.

*екіншіден*, VII Генрихтің заманынан бастап капиталистік өндіріс дүниеде ешбір жерде дәстүрлі егіншілік тәртіптерін мұндай қаталдықпен құртқан емес, ол еш жерде өзі үшін адекватты жағдайлар жасаған емес, еш жерде бұл жағдайларды мұндай дәрежеде бағындырған емес. Бұл жағынан Англия — дүние жүзіндегі ең революцияшыл ел. Тарихи тұрғыдан мирас болып келген тәртіптердің бәрі егіншілікте капиталистік өндірістің жағдайларына қайшы келген немесе бұл жағдайларға сәйкес келмеген жерлерде аяусыз жойылды: селолық мекендердің қонысы өзгертіліп қана қойған жоқ, сонымен бірге ол қоныстардың өздері де құртылды; ауыл шаруашылық халқының тұрғын үйлері мен қоныстары құртылып қана қойған жоқ, сонымен бірге ондағы халық та қуылып жіберілді; шаруашылықтың ежелгі орталықтары жойылып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол шаруашылықтың өзі де жойылды. Немістерде, мысалы, экономикалық тәртіптер әр түрлі жер иеліктерінің дәстүрлі қатынастары, шаруашылық орталықтарының орналасуы, халық шоғырланған белгілі бір жерлер арқылы анықталады. Ағылшындарда егіншіліктің тарихи тәртіптерін XV ғасырдың аяғынан бастап капитал біртіндеп қа-

\* — «қауымдық жерлерді қоршау туралы заң». *Ред.*

лыптастырды. Құрама Корольдіктегі дағдылы «*clearing of estates*»\* деген техникалық сөз тіркесі континенттегі бірде-бір елде көздеспейді. Ал осы «*clearing of estates*» дегеннің мәні неде? Оның мәні мынада: қоныс тепкен халықпен мүлде санасқан жоқ — оны қуып шықты, — бұрын бар деревняларды да мүлде ескермеді — оларды жермеп-жексен етті, — шаруашылық құрылыстарды да мүлде аямады — оларды тас-талқан еткізді, — ауыл шаруашылығының нақты бар түрімен де санаспады — мысалы, егістік жерлерді малдың өрісіне айналдырып, оларды бірден-ақ өзгертті; — бір сөзбен айтқанда, өндірістің барлық жағдайларын олардың дәстүр бойынша сақталып келген қалпында қабылдаған жоқ, бұл жағдайларды олар әрбір ретінде капиталды мейлінше тиімді пайдаланудың талаптарына сәйкес келетіндей етіп тарихи тұрғыдан жасап отырды. Ендеше, демек, шынында жерге меншіктің жоқ болғаны; бұл меншік капиталға — фермерге — қожайындық етуге ерік береді, өйткені ол тек ақшалай табыс келтіруді ғана көздейді. Ата-бабасынан [angestammte] қалған жер иеліктерінен, шаруашылық орталықтарынан, ауыл шаруашылық коллегиясынан және т. б. өзге ештенені ойлай білмейтін қайсыбір помераниялық помещик\*\* сол себепті де егіншілік тәртіптерінің дамуына [561] Рикардоның «тарихи емес» көзқарасы жөнінде таңырқап қолын жаюы әбден мүмкін. Бірақ ол мұнысымен помераниялық және ағылшындық жағдайларды аңқаулығынан шатыстыратынын ғана көрсетеді. Екінші жағынан, бұл ретте ағылшындық жағдайларды негізге алатын Рикардоны помераниялық қатынастар шегінде пайымдайтын помераниялық помещиктей өресіз деуге әсте болмайды. Өйткені ағылшындық жағдайлар — жерге осы заманғы меншік, яғни жерді меншіктенудің капиталистік өндіріс өзгерткен түрі адекватты дамыған бірден-бір жағдайлар. Ағылшын теориясы бұл пунктте осы заманғы, яғни капиталистік өндіріс әдісі үшін классикалық теория болып табылады. Помераниялық теория болса, керісінше, дамыған жағдайларды тарихи жағынан неғұрлым төмен, әлі адекватты емес қатынастар формасы тұрғысынан талқылайды.

Ол ол ма, Рикардоның континенттік сыншыларының басым бөлігі тіпті жалпы алғанда капиталистік өндіріс әдісі адекватты формада да, адекватты емес формада да әлі мүлде жоқ қатынастарға да сүйенеді. Егер қайсыбір цех мастері А. Смит ұсынған заңдарды — еркін бәсеке бар деп білетін заңдарды тұтас және толығымен өзінің цехтық шаруашылығына қолданбақшы болса, бұл да дәл сондай.

Жақсы жерден нашар жерге ауысудың алғы шарты — мұның өзі еңбектің өндіргіш күші дамуының әрбір нақты сатысы үшін, біз оны Андерсоннан көретініміздей, относителді нәрсе, Рикар-

\* — «иеліктерді тазарту». Ред.

\*\* Родбертусқа түспалдау. Ред.



додағы сияқты абсолютті нәрсе емес, — ол тек Англия сияқты елде ғана тууы мүмкін еді, онда біршама өте шағын территорияда капитал ғасырлар бойына егіншіліктің барлық дәстүрлі жағдайларын өзіне толық бейімдеуге аяусыз тырысып, мейлінше қатал қожалық етіп, билігін жүргізді. Демек, бұл алғы шарт егіншіліктегі капиталистік өндіріс, континенттегі сияқты, кешеден бері ғана пайда болмаған жерде және бұл өндіріс енді ескі дәстүрмен күрес жүргізбейтін жерде ғана туа алды.

Ағылшындардағы екінші бір жағдай олардың *отарларынан* туған көзқарас еді. Смиттің өзінде-ақ — бұл отарларға турадан тура сілтеме жасаған — Рикардоның бүкіл көзқарасының негізі болғанын біз көрдік \*. Бұл отарларда — әсіресе олардың ішінен, дағдылы тамақ заттары емес, мысалы, саудаға қажетті темекі, мақта, қант және т. б. сияқты өнімдер ғана өндірілген отарларда, колонистер әуел бастан-ақ күнкөріс іздемей, коммерциялық кәсіпорындар салған жерлерде, — демек, *нақты орын тепкен жер* жағдайында жердің құнарлылығының — ал жердің нақты бір құнарлылығы жағдайында — *қай жерден орын тебудің* шешуші маңызы болды. Бұл арада колонистер, Германияда қоныс теуіп қалғанда оны өздерінің тұрғылықты жеріне айналдыруды көздеген германдықтардай емес, *буржуазиялық өндірістің* себептерін басшылыққа алып, әуел бастан-ақ өніммен емес, өнімді сатумен белгіленетін көзқарасқа сүйеніп, *товарлар* өндіруді көздеген адамдарша әрекет істеді. Рикардо мен басқа да ағылшын жазушыларының капиталистік өндіріс әдісі тұсында туған адамдардың отарлар жөніндегі бұл көзқарасын дүние жүзілік тарихтың бүкіл барысына қолдануының, олардың жалпы алғанда *капиталистік өндіріс әдісін* егіншілікпен салыстырғанда оның алдында болуға тиісті бірдеңе деп түсінудің, — ол колонистер үшін бұл өндіріс әдісі дәл сондай болған да еді, — міне бұл жағдайдың себебі мынада: аталған отарларда олар жалпы алғанда егіншіліктегі капиталистік өндірістің өз елдерінде қадам басқан сайын көзге ұрып тұратын үстемдігін көрді, тек неғұрлым көрнекі түрде, *дәстүрлі қатынастармен күрес жүргізілмейтін*, олай болса *күңгірттелмеген формадағы* үстемдігін көрді. Сондықтан, барлық басқа халықтардан өзгеше, отары мүлде жоқ елде өскен неміс профессоры немесе неміс помещигі мұндай көзқарасты «қате» деп білсе, бұл әбден түсінікті.

Ақырында, капиталдың өндірістің бір саласынан екінші саласына ұдайы ауысуының алғы шарты, *Рикардоның осы негізгі алғы шарты*, дамыған капиталистік өндіріс үстемдігінің алғы шарты болып табылады, басқа ештеңе де емес. Капиталистік өндіріс әлі орнықпаған жерде бұл алғы шарт та болмайды. Помераниялық помещикке, мысалы, Рикардо мен басқа да ағылшын

---

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 234—236-беттер. Ред.

жазушыларының егіншілікте *капиталдан тапшылық болуы* мүмкін деген ой тіпті қаперіне де кірмейтіндігі таңданарлық болып көрінеді. Ағылшын, әрине, капиталмен салыстырғанда жердің тапшылығына шағынуы мүмкін, бірақ ол жермен салыстырғанда капитал тапшы деп *ешқашан* шағынбайды. *Уэйкфилд, Чалмерс* және басқалары пайда нормасының төмендеуін осы жағдайлардың алғашқысымен түсіндіруге тырысады. Англияда *«барлық салада капитал әрқашан артылып жатады* (Қорбет мұны өзінен-өзі түсінікті факт ретінде атап көрсетеді), сондықтан айтылған жағдайлардың екіншісін ағылшын жазушыларының бірі де ауызға алмайды. Ал егер немістердегі жағдайды, мұндағы жер меншікшісінің қарызға ақша алғандағы қиындықтарын елестетсек, — өйткені егіншілікпен, одан мүлде тәуелсіз капиталистер табы емес, көбіне-көп оның өзі шұғылданады, онда мысалы, Родбертус мырзаның *«капиталдың запасы оны жұмсауға құштарлықпен сәйкес келіп жатады-мыс деген рикардолық жалғандыққа»* неліктен таң қалатындығы түсінікті болады (цитат алынған шығарма, 211-бет). Егер ағылшынға бірдеңе жетпей жататын болса, ол — нақ *«қаракет өрісі»*, капиталдың қолда бар запасын жұмсайтын жер. Бірақ Англияда капитал жұмсауға тиісті бірден-бір тапта — капиталистер табында *«жұмсалуды»* қажет-ақ *«капиталды аңсау»* деген жоқ.

[562] Бұл «капиталды аңсаудан» Померанияның лебі сөзіледі.

Ағылшын жазушылары Рикардоға қарсы пікір айтқанда, әрбір ерекше жағдайда жұмсауға қажет капитал қалаған мөлшерде болған жоқ деп емес, капиталдың егіншіліктен ауысуы ерекше техникалық және сол сияқты қиындықтарға кездеседі деген пікір айтты.

Рикардоны континенттік-сыни тұрғыдан жазғырудың бұл айтылған әдісі, демек, бұл «данагөйлер» негізге алған өндіріс жағдайлары дамуының сатысы неғұрлым төмен екендігін ғана дәлелдейді.

## (2) РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ОНЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫҢ БАҒАСЫН ТҮСІНДІРУІМЕН БАЙЛАНЫСЫ]

Енді мәселенің мәнісіне көшейік.

Проблеманы таза күйінде алып түсіну үшін ең алдымен біз *дифференциалдық рентаны* мүлде былай қоя тұруымыз керек, Рикардодан тек жалғыз осы рента ғана бар. Мен *дифференциалдық рента* деп рентаның *мөлшерлеріндегі айырманы* — *топырақтың әр түрлі разрядтарының құнарлылығындағы айырмадан* туатын көп немесе аз айырманы түсінемін. (Егер құнарлылық бірдей болса, онда дифференциалдық рента жұмсалған капиталдың әр

түрлі шамасынан тууы мүмкін. Мұндай жағдай біздің проблема үшін жоқ, оған қатысты емес.) Бұл дифференциалдық рента нақты бар рыноктық баға тұсында немесе, дұрысырағы, өнеркәсіптің әрбір саласындағы *рыноктық құнның* тұсында — мысалы, жіп иіру өнеркәсібінде — осы белгілі бір саладағы өндірістің орташа жағдайларынан өзінің өндіріс жағдайлары *жақсы болса*, сол капиталист алатын кәдімгі *үстеме пайдаға* сәйкес келеді. Өйткені өндірістің белгілі бір саласындағы товардың *құны* қайсыбір жеке товарға жұмсалған *еңбек мөлшерімен* анықталмайды, нақ сол саладағы *орташа* жағдайлар тұсында өндірілетін товарға жұмсалатын еңбек мөлшерімен анықталады. Бұл арада өнеркәсіп пен егіншілік арасындағы айырма мынада ғана: өнеркәсіпте үстеме пайда капиталистің өз қалтасына түседі, ал егіншілікте үстеме пайда жер меншікшісінің қалтасына түседі; одан соң ол айырма тағы да мынада: өнеркәсіпте үстеме пайда *өзгермелі болады*, тұрақты болмайды, оны біресе бір капиталист, біресе екінші капиталист сыпырып алып жатады, үнемі қайта жоғалып жатады, ал егіншілікте үстеме пайда *топырақтың әр түрлілігі* сияқты өзінің тұрақты (қалай дегенмен де, азды-көпті ұзақ уақыттағы) табиғи негізінде *белгіленеді*.

Сонымен, біз бұл дифференциалдық рентаны әзірге еске алмай тұра тұруға тиістіміз, бірақ мұның өзінде біз дифференциалдық рента құнарлы топырақтан құнарсыз топыраққа көшкенде де, сондай-ақ құнарсыз топырақтан құнарлы топыраққа көшкенде де бірдей мүмкін екенін атап өтуіміз керек. Екі жағдайдың екеуінде де жаңадан өңделетін жер қосымша сұранымды қанағаттандыру үшін қажет, бірақ ол осы қосымша сұранымды қанағаттандыруға ғана жетеді деп қана жорамалданады. Егер жаңадан өңделетін жақсы жер өнімді осы қосымша сұранымды қанағаттандыруға қажеттен *көп* берсе, онда құнарсыз жердің бір бөлігі немесе, қосымша сұранымның мөлшеріне байланысты, бүкіл құнарсыз жер өңдеуден шығарылып тасталар еді, ол жерде, ең кем дегенде, егіншілік рентасының базисін құрайтын *өнімді өсіру*, яғни Англияда — бидай, Индияда — күріш өсіру тоқтатылар еді. Сонымен, дифференциалдық рента үшін егіншіліктің *үнемі нашарлай беруі* шарт емес, ол сонымен бірге оның *үнемі жақсара беруінен* де пайда болады. Дифференциалдық рента тіпті топырақтың нашар түрлерін өңдеуге көшуді мүмкін деп есептеген жерлерде де мұндай *құлдырау бағытындағы көшу*, біріншіден, егіншіліктің өндіргіш күштерінің жақсаруынан туындауы мүмкін, өйткені тек неғұрлым жоғары өндіргіш күш қана нашар топырақты сұранымға сәйкес баға бойынша өңдеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, *нашар топырақ* жақсартылуы мүмкін, бірақ мұның өзінде айырмашылық едәуір дәрежеде кемітілсе де, бәрібір сақталып қалады, сол себепті мұның нәтижесінде өнімділік *относительді, салыстырмалы* түрде ғана кемиді, ал *абсолютті*

өнімділік өседі. Андерсонда, рикардолық заңның алғашқы авторында, мұның өзі тіпті алғы шарт болып табылады.

Бұдан соң, бұл арада тек *таза егіншілік рентасын*, яғни өсімдік түріндегі басты азық затын беретін жерден алынатын рента ны ескерген жөн. Басқа өнімдерді (мал шаруашылығы өнімдерін және т. б.) беретін жерден алынатын ренталар *жоғарыда көрсетілген рентамен* белгіленетінін, олай болса, олар *туынды* ренталар, рентаның заңын белгілемейтін, қайта оларды рента заңы белгілейтін ренталар екенін Смиттің өзі-ақ анықтап берген болатын; демек, егер олар өз алдына қарастырылса, онда олар рента заңын оның бастапқы таза күйінде түсіну үшін материал бермейді. Оларда бастапқы ештеңе жоқ.

Осы айтылғандардың бәрінен кейін мәселе мынаған келіп саяды: *абсолюттік рента*, яғни капиталдың өнеркәсіпке жұмсалмай, егіншілікке жұмсалуынан келіп туатын және *дифференциалдық рентадан*, немесе жақсы жерге жұмсалған капитал беретін *қосымша пайдалардан* мүлде тәуелсіз рента деген бар ма?

Рикардо *товарлардың құндары мен орташа бағалары бара-бар* болады-мыс деген *қате* алғы шартты бастапқы пункт етіп алғаннан кейін оның бұл сұраққа аса дәйектілікпен *теріс* жауап бергені айқын. Бір минутқа осы алғы шартты қабылдап көрейік. Егер [563] егіншілік өнімдерінің тұрақты бағасы орташа пайдадан тыс *тағы да рента* берсе, бұл орташа пайдадан ұдайы артық мөлшерде берсе, онда егіншілік өнімдерінің бағасы *олардың шығындары бағасынан асып кетеді*, өйткені бұл шығындар бағасы капитал шығындарына орташа пайданы қосқанға тең, нақ осыған тең деген пайымдау тавтология болып табылады. Егер егіншілік өнімдерінің бағалары олардың шығындары бағасынан *асып кетсе*, егер олар қажеттілікпен қосымша пайда беретін болса, онда олар — жоғарыда көрсетілген алғы шартқа ден қойсақ — олардың құнынан *асып түсер* еді. Онда былай деп жорамалданғаннан басқа ештеңе қалмас еді: егіншілік өнімдері үнемі өз құнынан *жоғары* сатылады, бұл, өз тарапынан, басқа өнімдердің бәрі өз құнынан *төмен* сатылуын талап етеді, немесе жалпы алғанда құн дегеннің өзі біздің теория жүзінде құн деп шын мағынасында ұғатынымыздан мүлде өзгеше бірдеңе болып саналады. *Еңбектің* (тікелей және жинақталған) *баз баяғы бір мөлшері* — айналыс процесінен туатын айырмашылықтары себепті әр түрлі капиталдар арасында болатын барлық теңестірулерді есептегенде, — өнеркәсіптегіге қарағанда егіншілікте *неғұрлым жоғары* құнды қалыптастырар еді. Олай болса, товардың құны оған жұмсалған еңбек мөлшерімен *анықталмас* еді. Бүйткенде саяси экономияның бүкіл негізі қиар еді. Демек, ешқандай абсолюттік ренталар жоқ деп Рикардо дұрыс қорытады. Тек дифференциалдық рента ғана болуы мүмкін; басқаша айтқанда, ең нашар топырақта өсірілген егіншілік өнімінің құны, басқа товардың қай-қайсы-

сының болсын құны сияқты, өнім шығындарының бағасына тең. Ең нашар топыраққа жұмсалған капитал, бұл — өнеркәсіпке жұмсалған капиталдан тек пайдаланылу әдісінде ғана айырма бар, капиталды пайдаланудың ерекше түрі ретінде айырмасы бар капитал. Демек, бұл арада құн заңының жалпы мәнділігі байқалады. *Дифференциалдық рента* (ал мұның өзі, Рикардоның пікірінше, бірден-бір рента) — құнарлы жерде — өндірістің *әрбір* сферасында *бірыңғай бара-бар рыноктық құнның* болуы себепті орташа жағдайлардан гөрі тәуір жағдайда жұмыс істейтін капиталдар әкелетін қосымша пайда, бұдан басқа ештеңе де емес. Бұл қосымша пайда тек егіншілікте ғана есепке алынады, бұл — оның *табиғи негізінің* арқасында болады; бұған қоса, бұл табиғи негіздің өкілі *жер меншікшісі* болғандықтан, көрсетілген қосымша пайда капиталистің қалтасына түспейді, жер меншікшісінің қалтасына түседі.

Рикардоның бұл пайымдауының бәрі оның *шығындар бағасы құнға* тең деген алғы шартымен бірге құлап түседі. Рикардоны абсолютті жер рентасының бар екенін терістеуге мәжбүр ететін *теориялық мүдде* енді қажет болмай қалады. Егер товардың құны оның шығындары бағасынан басқаша болса, егер барлық товарлар қажетті түрде үш категорияға бөлініп, осы себепті бір товарлардың шығындары бағасы олардың құнына тең түсіп, екінші товарлардың құны олардың шығындары бағасынан төмен, ал товарлардың үшінші тобының құны олардың шығындары бағасынан жоғары болса, — онда егіншілік өнімдері *бағасының* жер рентасын беретін жағдайы егіншілік өнімі құны өздерінің шығындары бағасынан жоғары болатын товарларға тиісті екенін ғана дәлелдер еді. Онда әлі шешілуге тиісті бір-ақ проблема қалар еді де, ол мынау болар еді: құны шығындарының бағасынан *асып түсетін* басқа да товарлардан өзгеше, егіншілік өнімдерінің құны капиталдардың бәсекесімен осы өнімдердің құнынан төмен болатын *шығындар бағасына* келіп саймайтындығы неліктен? Жауап осы сұрақтың өзінде. Мұның себебі, мынада: мұндай жағдай, жорамал бойынша, капиталдардың бәсекесі осы теңестіруді жүзеге асыра алады деп есептелгендіктен ғана орын алады, ал бұл, өз тарапынан, өндіріс жағдайларының бәрін не капиталдың өзінің жасайтындығынан, не табиғаттың қарапайым күштері ретінде бірдей дәрежеде оның қарамағында болатындығынан орын алады. Жер жөнінде бұлай болмайды, өйткені *жер меншігі* бар, сөйтіп капиталистік өндіріс өзінің қимылын капиталистік өндірістен тумаған, қайта оған *дейін* бар болған *жер меншігі* болуға тиіс деген *алғы шартпен* бастайды. Сөйтіп, бұл сұраққа жер меншігінің бар болу фактісінің өзімен-ақ жауап беріледі. Капиталдың бар бітіретіні егіншілікті капиталистік өндіріс жағдайларына бағындыру ғана. Бірақ ол егіншілік өнімінің мына бөлігін — капитал өзінің меншікті қызметі себепті емес, *жер меншігі*

жоқ болған жағдайда ғана өзіне иемдене алуы ықтимал бөлігін алу мүмкіндігін жер меншігінен тартып ала алмайды. Ал жер меншігі бар болған жағдайда капитал құнның шығындар бағасынан артылғанын жер меншікшісіне қалдыруға мәжбүр болады. Бірақ құп мен шығындар бағасының арасындағы бұл айырманың өзі капиталдың табиғи құрамдас бөліктері арасындағы арақатынастағы өзгешеліктен ғана туады. Осы табиғи құрылымға сәйкес, құны шығындар бағасынан артық болатын товарлардың бәрі бұл арқылы құны шығындар бағасына тең товарларға қарағанда өнімділігі біршама кемірек еңбекпен жасалғандығын, ал құны шығындар бағасынан төмен болатын товарларға қарағанда өнімділігі одан да кем еңбекпен жасалғандығын көрсетеді; өйткені олар тұрақты капиталға сіңген өткендегі еңбекпен салыстырғанда тікелей еңбекті көбірек талап етеді, белгілі бір капиталды қозғалысқа келтіру үшін еңбектің көбірек мөлшерінің жұмсалудың керек етеді. Бұл өзгешелік — тарихи нәрсе; демек, ол жойылуы мүмкін. Абсолютті жер рентасының болуы мүмкін екенін көрсететін дәлелдеменің өзі сонымен бірге бұл рентаның шындығы, оның бар екендігі тек тарихи факті ғана екенін, бұл факт егіншілік дамуының белгілі бір сатысына тән екенін, ал неғұрлым жоғары сатыда оның жойылуы мүмкін екенін көрсетеді.

Рикардо дифференциалдық рентаны егіншілік өнімділігінің абсолютті кемуімен түсіндіреді, бұл әсте дифференциалдық рентаның алғы шарты болып табылмайды және мұны алғы шарт ретінде Андерсон ұсынған жоқ. Рикардоның абсолютті жер рентасын терістейтін себебі, ол [564] өнеркәсіп пен егіншіліктегі капиталды табиғи құрылымы бірдей деп жорамалдайды; бұл арқылы ол өнеркәсіппен салыстырғанда егіншіліктегі еңбектің өндіргіш күшінің неғұрлым төмен дамығандығының тек тарихи факті ретінде орын алғанын теріске шығарады. Сондықтан Рикардо екі бірдей тарихи қатеге ұрынады. Бір жағынан, ол егіншілік пен өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін абсолютті бірдей деп таниды, олай болса олардың дамуының осы сатылары арасындағы тек тарихи сипаты ғана бар айырмашылықты теріске шығарады, ал екінші жағынан — егіншілік өнімділігінің абсолютті кемуін жорамалдап, мұны оның даму заңы деп жариялайды. Біріншісін ол нашар жердегі шығындар бағасын құнға теңестіру үшін істейді; екіншісін жақсы жерлердің өнімі сатылатын бағалар мен осы өнімдердің құны арасындағы нақты бар айырмашылықтарды түсіндіру үшін істейді. Бүкіл қателік тұтас алғанда шығындар бағасы мен құнды шатастырудан туады.

Олай болса, бұл арқылы Рикардоның теориясы алынып тасалады. Қалғаны жайында жоғарыда Родбертустың теориясын қарастырған кезде айтылған болатын.

### [3] РЕНТАНЫҢ РИКАРДОЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫНЫҢ ҚАНАҒАТТАНҒЫСЫЗДЫҒЫ]

Менің жоғарыда атап өткенімдей \*, Рикардо жер рентасы туралы тарауды «жердің меншікке айналуы мен осының нәтижесінде рентаның пайда болуы» [53-бет] құнды жұмыс уақытының белгілеуімен сәйкес келетін-келмейтіні зерттелуге тиіс деп көрсетуден бастайды [Орысша аудармасы, I том, 65-бет]. Сонан соң, ол былай деп жазады:

«Адам Смит... товарлардың айырбас құнын реттейтін бастапқы ереже,— атап айтқанда, оларды өндіруге жұмсалған еңбектің салыстырмалы мөлшері,— жердің меншікке айналуы және рента төленуі салдарынан жалпы өзгеруі мүмкін деп жорамалдағанда, оның бұл айтқаны дұрыс емес» (67-бет) [Орысша аудармасы, I том, 73-бет].

Рикардода рента теориясы құнның анықтамасымен тура және ұғынылып барып байланыстырылған, бұл оның теория жүзінде сіңірген еңбегі. Қалған жағынан бұл 2-ші тарау («Рента туралы») Уэсттің баяндағанынан, сірә, нашар. Онда көптеген күмәнді нәрселер бар, *restitutio in integrum* \*\* және проблемаға әділ қарамаушылық кездеседі.

Рикардо бұл арада *κατ' ἐξοχήν* \*\*\* рента деп әділетті түрде алып қарастыратын *нақ жер рентасы* жөнінен алғанда рента дегеніміз *өндірістің бір элементі саналатын жерге капитал жұмсауға, одан капиталистік тұрғыда өндіруге рұқсат берілгені үшін төленетін ақы болып табылады. Бұл арада жер — өндіріс элементі. Ал, мысалы, құрылыстар, сарқырамалар және т. б. үшін алынатын рента жөнінен істің мәні басқаша. Бұл арада пайдаланылғаны үшін рента төленетін табиғат күштері, өндіргіш күштер түрінде болсын немесе *conditio sine qua non* \*\*\*\* түрінде болсын бұл бәрібір, өндіріске оның шарты есебінде кіреді, бірақ олар өндірістің осы белгілі бір сферасының өзінің элементі болып саналмайды. Бұдан соң, рудниктер, тас көмір кен орындары және т. т. үшін төленетін рента жөнінен алғанда жер оның қойнауынан алынуға тиісті тұтыну құндарының резервуары болып шығады. Бұл арада жер үшін төлегенде, егіншіліктегі сияқты, ол өндіріс іске асырылуға тиісті элемент болғаны үшін төлемейді, сарқыраманы немесе құрылыс учаскесін пайдаланғандағы сияқты, оның өндіріс жағдайларының бірі ретінде өндіріс процесіне кіргені үшін төлемейді, өзінде өндірістік қарекет арқылы игерілуге тиісті тұтыну құндары бар резервуар іспеттес болғаны үшін төлейді.*

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 172-бет. *Ред.*

\*\* — қайсыбір тезисті сол дәлелденетін тезисті ақиқат деп алғанда ғана күшінде болатын дәлел арқылы дәлелдеуде кететін логикалық қате. *Ред.*

\*\*\* — көбінесе, сөздің ақиқат мағынасында. *Ред.*

\*\*\*\* — онсыз ештеңе істелмейтін жағдай; сөзсіз жағдай. *Ред.*

## Рикардоның анықтамасы мынадай:

«Рента — жерден алынатын өнімнің бір үлесі; ол топырақтың бастапқы және бұзылмас күштерін пайдаланғаны үшін жер меншікшісіне төленеді» (53-бет) [Орысша аудармасы, I том, 65-бет],

— қанағаттанғысыз анықтама. Біріншіден, топырақта «бұзылмас күштер» деген болмайды. (Бұл туралы осы бөлімнің соңында ескерту беру керек.) Екіншіден, оның сонымен қабат «бастапқы» күштері де жоқ, өйткені топырақ жалпы «бастапқы» дейтін бірдеңе емес, табиғи-тарихи процестің жемісі болып табылады. Бірақ мұны қоя тұралық. Бұл арада топырақтың «бастапқы» күштері деп, екінші жағынан, топыраққа адамның өндірістік қарекеті беретін күштер, табиғатта болып жататын процестер берген күштер сияқты, нақ солай оның бастапқы күштеріне айналатын болса да, оның адамның өндірістік қарекетінен тәуелсіз, өз күштерін айту керек. Қалғандары тұрғысынан алғанда табиғаттың заттарын «пайдаланғаны» үшін — әңгіме топырақтың «бастапқы күштерін», немесе сарқырамадан құлаған судың күшін, немесе құрылыс учаскесін, немесе судағы не жер қойнауындағы алынуға тиісті қазыналарды пайдалану туралы болып отыр ма, бұған мүлдем қарамастан — рента төленеді деген дұрыс.

Нақ *егіншілік рентасынан* өзгеше, А. Смит ну ормандарда дайындалатын ағаш үшін төленетін рента туралы, таскөмір кен орындары мен тас дайындалатын жерден алынатын рента туралы сөз етеді (Рикардо осылай деп көрсетеді). Рикардоның мұны серпіп тастау тәсілі біршама таң қаларлық.

Рикардо капиталға (53-бет), атап айтқанда

«топырақтың сапасын жақсартуға және өнімін сақтап, бүлінуден қорғау үшін қажетті құрылыстар салуға жұмсалған» (54-бет) [Орысша аудармасы, I том, 65-бет].

капиталға келетін процент пен пайданы жер рентасымен шатыстырмаған жөн дегеннен бастайды.

Бұдан Рикардо дереу жоғарыда келтірілген, А. Смит көрсеткен рента жағдайларына көшеді. Ну ормандар жөнінде Рикардо былай дейді:

«Алайда ол» (Смит) «рента деп атаған нәрсені төлеген адам оны сол кезде сол учаскеде өсіп тұрған бағалы товарды ескере отырып төлегені және ол адам, шынында, ағашты сату арқылы өз ақшасының орнын талтырып, оған қоса пайда тапқаны айқын емес пе? (54-бет) [Орысша аудармасы, I том, 66-бет].

Істің жайы тас дайындалатын орындар мен тас көмір кен орындары жөнінде де осындай:

«Кен орны немесе тас дайындалатын орын үшін [565] берілетін ақы бұлардан алынуы мүмкін көмірдің немесе тастың құны үшін төленеді және топырақтың бастапқы, бұзылмас күштерімен мұның ешқандай байланысы жоқ. Рента мен пайданы зерттеген кезде бұл айырманың үлкен маңызы



бар. Өйткені былай болып шығады: рентаың қозғалысын реттейтін заңдар пайданың қозғалысын реттейтін заңдардан мүлде өзгеше және бұл заңдардың баз баяғы бір бағытта әрекет жасауы сирек болады» (54—55-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 66-бет].

Бұл аса таң қаларлық логика. Рикардо жер меншікшісіне *«топырақтың бастапқы, бұзылмас күштерін»* пайдаланғаны үшін төленетін рента мен оның топырақты *жақсартуға* және т. т. жұмсаған капиталы үшін оған төленетін *процент пен пайданың* арасындағы айырманы көре білу керек дейді. Табиғи өсіп тұрған орманның меншікшісіне одан ағаш «алу» правосы үшін немесе тас дайындайтын орын мен тас көмір кен орнының иесіне олардан тас және көмір «алу» правосы үшін төленетін *«ақы» рента* емес екен, өйткені ол *«топырақтың бастапқы, бұзылмас күштерін пайдаланғаны»* үшін төленбейді екен. Ғажап! Алайда Рикардо бейне бұл *«ақы»* жерді жақсартуға жұмсалған капитал үшін төленетін пайда мен процентке барабар болатындай пайымдайды! Ал мұның өзі мүлдем дұрыс емес қой! *«Ну орманның»* иесі осынау ну орманның ағаш бере алуы үшін оған капитал жұмсап па екен? Немесе тас дайындайтын орындар мен тас көмір кен орындарының иесі оларда *«тас»* пен *«көмір»* болуы үшін бұларға *«капитал»* жұмсап па екен? Сонда ол алатын *«ақы»* қайдан пайда болады? Рикардоның өткізгісі келгендей, бұл ақы әсте капиталға келетін пайда немесе процент болып табылмайды. Олай болса, бұл — *«рента»*, басқа ештеңе де емес, Рикардоның рентаға берген анықтамасы мағынасында алғандағы рента болмаса да осылай. Бірақ бұл тек мынаны көрсетеді: оның рентаға берген анықтамасы *«ақы»* адамның ешқандай еңбегі сіңбеген *табиғат заттары* үшін ғана төленетін, мұның өзінде осы табиғат заттарының *меншікшісіне*, бұл жер егістік, орман, балығы бар тоған, сарқырама, құрылыс учаскесі және т. б. болса да бәрібір тек оның *«меншікші»*, *жер меншікшісі* болғаны үшін ғана төленетін форманы есепке алмайды. Бірақ, дейді Рикардо, ну орманнан ағаш кесу правосын алу үшін *ақша төлеуші* кісі *«сол кезде сол учаскеде өсіп тұрған бағалы товарды ескере отырып»* төлейді, ол адам, шынында, ағашты сату арқылы өз *ақшасының орнын толғырып, оған қоса пайда табады»*. Тоқта! Егер Рикардо бұл арада *«өсіп тұрған бағалы товар»* деп ну ормандағы ағашты айтып отырса, онда мұның өзі не бары *diva mei* \* *тұтыну* құны болып табылады деген сөз. Ал бұл тұтыну құны бұл арада *«бағалы»* деген сөзде берілген. Бірақ бұл әсте *«товар»* емес. Өйткені бұл үшін көрсетілген ағаштар сонымен бірге айырбас құны да, — яғни оларға жұмсалған белгілі бір еңбек мөлшерінің затқа айналуы болуға тиісті болар еді. Ағаштар ну орманның ішінен бөлініп, кесу, сыртқа шығару, тасу, бөренелерді ағаш материалдарына айналдыру арқылы ғана товарға айналады. Әлде, мүмкін, ол ағаштар тек оларды *сатудың* арқасын-

\* — потенциалды түрде, мүмкіндік болғанда. *Ред.*

да ғана товарға айналатын шығар? Онда тек *сату* актісінің бір өзімен-ақ жыртлатын жер де товарға айналмай ма!

Демек, біз былай да деп айтуға тиісті болар едік: *рента дегеніміз табиғат күштерінің немесе әншейін табиғат өнімдерінің меншікшісіне* осы күштерді пайдалану правосы үшін немесе осы өнімдерді (еңбек жұмсау арқылы) иемдену правосы үшін төленетін *баға*. Бастапқыда рента атаулының *көрінетін* формасы шындығында да осындай. Бірақ онда *құны жоқ заттардың бағасы* болатыны қалай және мұның өзі *құнның* жалпы теориясымен қалай үйлеспек деген мәселенің шешімін табу қалады. Кесетін ағашты өсіп тұрған жерден осы ағашты кесуге право алу үшін ақы төлейтін адамның «ақыны» *неңдей мақсатпен* төлейтіндігі туралы мәселенің шын мәніндегі мәселеге ешқандай қатынасы жоқ. Мәселе былай қойылып отыр: бұл адам қандай *қордан* төлейді? Рикардо: «*ағашты сатудан түскен қаржыдан төлейді*» дейді. Демек, ағаштың *бағасынан* төлейді. Және мұның өзінде оның бағасы, Рикардоның айтқанындай, ол кісі «шынында... өз ақшасының орнын толтырып, оған қоса *пайда табатындай*» болғаны. Сонымен, біз енді істің мәні неде екенін білдік. Ағаштың бағасы кем дегенде оны кесіп, сыртқа шығарып, тасып, рынокқа жеткізуге қажетті еңбек мөлшеріне лайықты ақша сомасына тең болуға тиіс. Ендеше, ол адамның «өз ақшасының орнын толтырғаннан» кейін келтірген пайдасы осы *құнға*, тек өнді кесілген ағашқа жұмсалған еңбек арқылы көрінетін айырбас құнына қосымша болып табыла ма? Егер Рикардо осылай десе, онда ол бұл *арқылы* оның өз теориясының дәрежесінен төмен құлдырап, ең долбар ұғымға келіп тірелер еді. Жоқ. Егер ол адам капиталист болатын деп жорамалдасақ, пайда «ағаш» өндіруде ол қолданған еңбектің өзі ақысын *төлемеген* бөлігі болып табылады, сөйтіп біз, егер ол мақта иіру фабрикасында еңбектің дәл сондай мөлшерін қозғалысқа келтірсе де, ол нақ сондай пайда келтірер еді дей алар едік. (Егер ол адам капиталист болмаса, онда бұл пайда оның жұмсаған еңбегінің өз жалақысын өтеуден артылған бөлігін құрайтын мөлшеріне тең болады, және мұның өзі егер капиталист бұл адамды жалдап алса, капиталистің пайдасы болар еді, бірақ енді бұл мөлшер жалданған адамның өз пайдасын құрайтын болады, өйткені ол адам өзінің жалдама жұмысшысы да, өзінің капиталисі де *сол бір ғана адам* болады). Бірақ бұл арада осы ағаш өнеркәсіпшісі «шынында... өз ақшасының орнын толтырып, оған қоса пайда табады» деген *қисынсыз сөздер* қолданылған. Мұның өзі бүкіл іске тым жадағай сипат береді және өзінің ағашын тасушы капиталисте оның өз пайдасының қайнар көзі жөнінде болуы мүмкін долбарлы түсінікке сәйкес келеді. Әуелі ол ну орманның иесіне ағаштардың тұтыну құны үшін төлейді, алайда бұл ағаштардың ешқандай «құны» (айырбас құны) жоқ және әзірге «әлі өсіп тұрғанда» олардың тіпті тұтыну құны да жоқ. Ол орман иесіне,

айталық, тоннасына 5 ф. стерлингтен төлейді екен делік. Ал бұдан кейін ол басқаларға бұл ағашты 6 ф. стерлингтен (оның басқа шығындарын есептемегенде) сатады, сөйтіп, шынында да, өзіне 5 ф. стерлингті 20 процент пайдамен қайтарады. «Ол, шынында өз ақшасының орнын толтырып, оған қоса пайда тапты». Егер орманның иесі не бары 2 ф. ст. (40 шилл.) «ақы» талап етсе, онда орман өнеркәсіпшісі ағаштың тоннасын 6 ф. стерлингтің орнына 2 ф. ст. 8 шиллингтен сатар еді. [566] Орман өнеркәсіпшісі, қашанда, пайданың баз баяғы процентін қосатындықтан, бұл арада, демек, рентаның жоғары немесе төмен екендігіне қарай, ағаштың бағасы да жоғары немесе төмен болар еді. Рента бағаға оның қалыптастырушы элементі болып өнер еді де, әсте бағаның нәтижесі болмас еді. «Рента» («ақы») жер иесіне жер «күштерін» пайдалану үшін төлене ме, немесе жердің «табиғи өнімдерін» «пайдалану» үшін төлене ме бәрібір, бұл экономикалық қатынасқа мүлде ешқандай өзгеріс енгізбейді, «табиғаттың берген бірдеңесі» үшін, бұған дейін адамның ешқандай еңбегі сіңбеген жердің күштері немесе өнімдері үшін ақы төленетіндігін тіпті де өзгертпейді. Сөйтіп бұл арқылы Рикардо өзінің «Рента туралы» тарауының екінші бетінде — кездескен қиындықты орағытып өту үшін — өзінің бүкіл теориясын төңкеріп тастайды. А. Смит, тегі, бұл арада анағұрлым көреген болған.

Тас дайындалатын орындар мен тас көмір кен орындары жөнінде де істің жайы осындай.

«Кен орны немесе тас дайындалатын орып үшін *берілетін* ақы бұлардан алынуы мүмкін көмірдің немесе тастың *құны* үшін төленеді және топырақтың *бастапқы*, бұзылмас *күштерімен* мұның ешқандай байланысы жоқ» (54—55-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 66-бет].

Ешқандай байланысы жоқ дөйді! Бірақ бұл ақы «жердің *бастапқы*, бұзылуы мүмкін *өнімдерімен*» аса елеулі байланыста ғой. Жоғарыда келтірілген «орнын толтырып, оған қоса пайда табады» деген сөздер сияқты, бұл арада «*құн*» деген сөз де қисынсыз.

Рикардо пайдалылықты, немесе жарамдылықты, немесе «тұтыну құнын» айтқысы келгенде *құн* деген сөзді ешқашан қолданбайды. Демек, ол «ақы» тас дайындайтын жерлер мен тас көмір кен орындарының меншікшісіне көмір мен тастың олар дайындалғанға дейін, яғни өзінің бастапқы күйінде болған кездегі «*құны*» үшін төленеді дегісі келмей ме екен? Егер бұлай болса, ол өзінің құн туралы бүкіл ілімін жоққа шығарады. Әлде, *құн* солай деп айтылуға тиістісіндей, бұл арада *болуы мүмкін* тұтыну құны, сондықтан мұның үстіне көмір мен тастың *алдағы болатын* айырбас құны деген сөз бе екен? Онда бұл олардың меншікшісіне *рента* көмір мен тас өндіру үшін «жердің бастапқы компоненттерін» пайдалануға рұқсат еткені үшін төленеді деген сөз. Жердің «күшін» бидай өндіру үшін пайдалануға рұқсат берілгендегі

сияқты, мұны да «рента» деп атауға неге болмайтыны мүлде түсініксіз. Әйтпесе, орманды мысалға келтіргенде анықталғанындай, біз тағы да бүкіл рента теориясын жоққа шығаруға келіп тірелмейміз бе. Теория дұрыс болғанда мәселе мүлде ешқандай қиындық туғызбайды. Ағаш, көмір, тас «өндіруге» {ұдайы өндіруге емес} жұмсалған еңбек (рас, бұл еңбек табиғаттың бұл өнімдерін жасамайды, бірақ олардың жермен бастапқы байланысын бұзып, бұл арқылы оларды тұтынуға жарамды ағаш, көмір, тас ретінде «өндіреді») пен капитал, тегінде, өндірістің капиталдың жалақыға жұмсалатын бөлігі тұрақты капиталға жұмсалатын бөлігінен көп болатын салаларына жатады; бұл арада тікелей еңбек нәтижесі өндіріс құралы қызметін атқаратын «өткендегі» еңбектен көп. Демек, егер товар бұл арада өз құны бойынша сатылса, онда құн оның *шығындар бағасынан*, яғни құралдардың тозуынан, жалақы мен орташа пайдадан асып кетеді. Демек, артылып қалғаны орман, тас дайындайтын жер немесе тас көмір кен орнының меншікшісіне рента ретінде төленуі мүмкін.

Бірақ Рикардоның осы ебедейсіз амал-айлаларының, «құн» деген сөзді қате қолдануының және т. б. себебі неде? Рентаға ол «топырақтың бастапқы және бұзылмас күштерін» пайдаланғаны үшін төлем деп анықтама беруге соншама жармаса беретіні несі? Жауабын, мүмкін, біз кейінірек алармыз. Қалай болғанда да, Рикардо егіншілік рентасының өзін бөлектеп алып, оның өзіне тән белгілерін атап көрсеткісі, сонымен бірге бұл бастапқы күштер дамудың әр түрлі сатыларына жетуі себепті ғана олар үшін ақы төленуі мүмкіндігін көрсету арқылы дифференциалды рента теориясы үшін негіз жасағысы келеді.

[О Н Е К І Н Ш І Т А Р А У]

## ТҮСІНДІРМЕЛЕРІМЕН ҚОСА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТАНЫҢ КЕСТЕЛЕРІ

### [1] РЕНТАНЫҢ МАССАСЫ МЕН НОРМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР]

Жоғарыда баяндалғандарға енді мынаны қосу керек:

Неғұрлым өнімдірек немесе тәуірірек орналасқан тас көмір кен орындары мен тас дайындайтын жерлер ашылған екен, жұмсалған еңбектің сол мөлшерінде бұрынғылардан өнімді көбірек беретін және мұның өзінде бүкіл сұраным қанағаттандырылатын *мөлшерде өнім* беретін болған екен делік. Онда көмірдің, тастың, ағаштың бағасы төмендер еді, өйткені олардың құны төмендер еді, сөйтіп мұның салдарынан ескі тас көмір кен орындары мен тас дайындайтын жерлерді жауып тастауға тура келер еді. Олар пайда да, жалақы да, рента да бермес еді. Солай бола тұрса да, *жаңа* кен орындары, бұрын ескілері бергені сияқты, *аз* болса да (өз нормасы бойынша) рента беруге тиісті болар еді. Еңбек өнімділігінің қандай да болсын арттырылуы тұрақты капиталға, бұл арада өндіріс құралдарына жұмсалған капиталға қатынасы жөнінен алғанда жалақыға жұмсалатын капиталды кемітеді емес пе. Бұл дұрыс па? Бұл ретте, еңбек өнімділігі *өндіріс әдісінің* өзінің өзгеруі нәтижесінде емес, тас көмір кен орнының немесе тас дайындайтын жердің табиғи өнімділігінің немесе олардың орналасуының өзгеруі нәтижесінде өзгергенде, бұл дұрыс па? Біз бұл арада бір-ақ нәрсені айта аламыз: бұл ретте сол баз баяғы *бір мөлшердегі* капитал тонналаған көмірді немесе тасты көбірек береді, демек, оның әрбір жеке тоннасына жұмсалған еңбек кем болады, бірақ барлық тонналарды қосып есептегенде оларда жаңа кен орындары немесе тас дайындайтын жерлер, ескі кен орындары немесе тас дайындайтын жерлер қанағаттандырған бұрынғы сұранымнан басқа, тағы да қосымша сұранымды қанағаттандырғанынан, атап айтқанда кен орындарының

және тас дайындайтын жерлердің ескілері мен жаңаларының өнімділігіндегі айырмашылықтан асып түсетін қосымша сұранымды қанағаттандырғанына тең немесе тіпті одан да көп еңбек жұмсалады. Алайда *қолданылатын* капиталдың *табиғи құрылымы* бұдан өзгермеген болар еді. Рас, бір тоннаның, әрбір жеке тоннаның, бағасында рента азырақ болар еді, бірақ бұл тек әрбір тоннада еңбек жалпы аз, демек жалақы азырақ, пайда азырақ болғандықтан ғана солай болар еді. *Рента нормасының* пайдаға *қатынасына*, алайда, бұл арқылы ештеңе келмес еді. Сонымен, біз [567] тек былай дей аламыз:

Егер сұраным сол күйі қалса, егер, демек, көмір мен тасты бұрын қанша өндірілсе, сонша мөлшерде өндіру керек болса, — онда жаңа, неғұрлым өнімдірек кен орындары мен тас дайындайтын жерлерде товарлардың сол баз баяғы массасын өндіру үшін қазір бұрын ескілерінде қолданылғанынан *аз капитал* қолданылады. Мұнымен бірге товарлардың бүкіл массасының жиынтық құны төмендейді; демек, рентаның, пайданың, жалақының және қолданылатын тұрақты капиталдың бүкіл сомасы кемиді. Бірақ пайда мен жалақының арасындағы немесе пайда мен жұмсалған капиталдың арасындағы арақатынастың өзгермейтіні сияқты, рента мен пайданың арасындағы арақатынас өзгермейді, өйткені қолданылатын капиталда ешқандай *табиғи* өзгеріс болған жоқ. Қолданылатын капиталдың *құрылымы* емес, демек, өндіріс әдісі емес, тек *шамасы* ғана өзгерді.

Егер *қосымша сұранымды*, бірақ кен орындарының және тас дайындайтын жерлердің жаңалары мен ескілерінің өнімділігіндегі айырмаға тең қосымша сұранымды қанағаттандыру керек болса, — онда бұрынғысынша сол *баз баяғы шамадағы капитал* қолданылады. Әрбір жеке тоннаның құны төмендейді. Бірақ тонналардың жиынтық санының құны бұрынғыдай болады. Егер әрбір жеке тоннаны алып қарастырсақ, ондағы бар құнмен бірге пайда мен рентаға айналатын құн бөліктерінің шамасы да кемиді. Бірақ *капиталдың* шамасы және мұнымен бірге оның өнімінің жиынтық құны да өзгеріссіз қалғандықтан, сондай-ақ оның *құрылымында* табиғи өзгерістер де болмағандықтан, осы себепті *рента мен пайданың абсолютті* массасы сол күйі қалды.

Егер *қосымша сұраным*, жұмсалатын қаржы бұрынғыша қалған жағдайда, кен орындарының және тас дайындайтын жерлердің жаңалары мен ескілерінің өнімділігіндегі айырма бұл сұранымды өтей алмайтындай өте көп болса, онда жаңа кен орындарында қосымша капитал қолдану қажет болады. Бұл жағдайда, — егер жұмсалған жиынтық капиталдың өсуімен бірге еңбек бөлінісінде, машиналарды қолдануда өзгерістер болмаса, егер, демек, капиталдың *табиғи құрылымында ешқандай* өзгерістер болмаса, — *рента мен табыстың массасы* өседі, өйткені жиынтық өнімнің құны, тонналардың жиынтық мөлшерінің құны өсті, әрбір же-

ке тоннаның құны төмендесе де, демек, бір тоннаның құнының рента мен пайдаға айналатын бөлігі де төмендесе де, ол өсті.

Бұл жағдайлардың бәрінде де рента нормасында *ешқандай өзгеріс* болмайды, өйткені қолданылатын капиталдың табиғи құрылымында өзгерістер (оның *шамасы қалай өзгерсе* де мейлі) болмайды. Бұған керісінше, егер өзгеріс капиталдың табиғи құрылымындағы өзгерістің салдарынан, машиналарға және т. б. жұмсалған капиталмен салыстырғанда жалақыға жұмсалған капиталдың азаюы салдарынан болса, — демек, өндіріс әдісінің өзі өзгертіндей болып өзгерсе, — онда *рента нормасы* төмендер еді, өйткені товардың құны мен шығындар бағасының арасындағы айырма кеміген болар еді. Жоғарыда қарастырылған үш жағдайдың үшеуінде де бұл айырма кемімейді. Өйткені егер товардың құны төмендесе, онда товардың бір өлшемі шығындарының бағасы да дәл солай төмендейді, демек товардың бір өлшеміне ақысы төленген және төленбеген еңбек аз жұмсалады.

Сонымен, жоғарыда баяндалғанға сәйкес, егер еңбек өнімділігінің артуы — немесе өндірілген товарлардың белгілі бір мөлшерінің құны төмендеуі — тек табиғи элементтер өнімділігінің өзгеруінен, топырақ құнарлылығының, кен орындарының, тас дайындалатын жерлердің және т. б. байлығы табиғи дәрежесінің айырмашылығынан ғана туатын болса, онда өзгерген жағдайда капитал аз мөлшерде жұмсалуды салдарынан рента массасы құлдырап кетуі мүмкін; қосымша сұраным болған ретте ол өзгеріссіз қалуы ықтимал; егер қосымша сұраным ескі, бұрын пайдаланылған және қазір пайдаланылудағы табиғи өндіріс факторлары өнімділігіндегі айырмадан асып кетсе, ол өсуі мүмкін. Бірақ рента нормасы қолданылатын капиталдың табиғи құрылымы өзгергенде ғана өсе алар еді.

Сөйтіп, нашар жерді өңдеу, тас дайындалатын жердің, шахтаның нашарын және т. с. пайдалану тоқтатылғанда *рента массасының* құлдырауы міндетті емес. Ол ол ма, нашар учаскелерді өңдеудің тоқтатылуы тек олардың табиғи өнімділігі кемдігінің нәтижесі ғана болған жағдайда *рента нормасы* тіпті өш уақытта төмендемейді.

Рикардо бұлай болғанда сұранымның белгілі бір жағдайында *рента массасының* құлдырауы мүмкіндігі, яғни оның *қолданылатын капитал шамасының* кемюіне, өзгеріссіз қалуына немесе өсуіне тәуелді болатыны жөніндегі дұрыс қағиданы мұндай алғы шарт жағдайында *капиталдың табиғи құрылымында ешқандай өзгеріс* болмайды, яғни *рентаның* [абсолютті] *нормасын* белгілейтін бірден-бір арақатынас — *құн мен шығындар бағасы арасындағы арақатынасқа* әсер ететіндей өзгеріс жасалған жоқ деп жорамалданғандықтан, бұл арада *рента нормасы* кемуге тиісті-міс деген мүлде қате қағидамен төзгісіз дәрежеде шатастырады.

[2) ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЖӘНЕ АБСОЛЮТТІК РЕНТАНЫҢ ӘР ҚИЛЫ ҮЙЛЕСУЛЕРІ. А, В, С, Д, Е КЕСТЕЛЕРІ]

Ал жоғарыда көрсетілген ретте *дифференциалдық рентаның жағдайы қандай?*

Тас көмір көп орындарының үш разряды I, II, III разрядтылары пайдаланылады екен, мұның өзінде I разряд абсолютті рента береді, II разряд I разрядқа қарағанда рентаны екі есе көп береді, ал III разряд II разрядқа қарағанда екі есе көп, немесе I разрядқа қарағанда төрт есе көп рента береді екен деп жорамалдайық. Бұлай болғанда I разряд  $P$  абсолютті рентасын, II разряд  $2P$  рентасын, III разряд  $4P$  рентасын береді. Енді I, II, III разрядтарға қарағанда анағұрлым өнімді жаңа IV разряд ашылады екен және ол көлемі жағынан I разрядқа жұмсалғанындай капитал жұмсалатындай үлкен екен делік. Бұл ретте, *сұраным өзгермеген жағдайда*, IV разрядқа бұрын I разрядқа жұмсалған капиталдың өзі жұмсалатын болады. Мұның нәтижесінде I разряд жабылды екен делік. Онда II разрядқа жұмсалған капиталдың да бір бөлігін алуға тура келер еді. I разрядтың және II разрядтың бір бөлігінің орнын толтыру үшін IV разрядтың өзі жеткілікті болар еді, бірақ осы екі жоғарғы разряд, III және IV разрядтар, II разрядтың бір бөлігі пайдалануға қалдырылмаса, бүкіл сұранымды қанағаттандыра алмас еді. Мұның бәріп пақты мысал арқылы көрсету үшін былай деп жорамалдайық: I разрядқа жұмсалғандай мөлшерде капиталы болған жағдайда IV разряд I разрядтың бергенін түгелдей және II разрядтың бергенінің жартысын бере алады. Демек, егер II разрядқа бұрынғы капиталдың жартысы, III разрядқа бұрынғы капитал, ал IV разрядқа жаңа капитал жұмсалса, рынок толық жабдықталған болар еді.

[568] Бұл ретте болған өзгерістер қандай болар еді немесе олар рентаның жалпы сомасына, I, II, III және IV разрядтардың ренталарына қалай әсер еткен болар еді?

IV разрядтан алынатын *абсолютті рента* өзінің массасы мен нормасы жөнінен бұрын I разрядтан алынғанымен әбден барабар болар еді; егер қашанда бұл әр түрлі разрядтарда *бірдей мөлшердегі капиталдар* қолданылды деп жорамалдауды негізге алсақ, шығында да, *абсолютті рента* бұрын да өзінің массасы мен нормасы жағынан I, II және III разрядтарда сол баз баяғыша бірдей болар еді. IV разряд өнімінің құны I разрядтың бұрынғы өнімінің құнына дәлме-дәл тең болар еді, өйткені бұл *шамасы бірдей және табиғи құрылымы бірдей* капиталдың өнімі болар еді. Сондықтан құн мен шығындар бағасының арасындағы айырма да, демек рента нормасы да баз баяғыша қалуға тиіс. Бұған қоса, рента массасы да баз баяғыша қалуға тиіс, өйткені — *рентаның мұндай нормасында* — бірдей шамадағы капиталдар қолданылған болар еді. Бірақ көмірдің бағасы [рыноктағы] IV разрядта өнді-



рілген көмірдің бағасымен [дара бағасымен] анықталмайтын болғандықтан, соңғысы қосымша рента, немесе оның *абсолютті рента*сынан біршама артық рента,— құн мен шығындар бағасының арасындағы айырмадан емес, ал IV разряд өнімінің *рыноктағы құны мен дара құны* арасындағы айырмадан туатын рентаны әкелер еді.

Біз I, II, III, IV разрядтарға жұмсалған капитал *шамасы*, демек рентаның мұндай нормасында рента массасы да сол баз *баяғыша қалғанда*, бұл разрядтарда абсолютті рента, немесе құн мен шығындар бағасының арасындағы айырма баз баяғыша болады дегенде, мұны былай деп түсіну керек: I разрядтағы көмірдің құны (дара құны) II разрядтағы көмірдің құнынан жоғары, ал II разрядтағы көмірдің құны III разрядтағы көмірдің құнынан жоғары, өйткені I разрядтағы көмірдің бір тоннасына жұмсалған еңбек II разрядтағы көмірдің бір тоннасына жұмсалғанынан көп, II разрядтағы көмірдің бір тоннасына жұмсалған еңбек III разрядтағы көмірдің бір тоннасына жұмсалғанынан көп. Бірақ капиталдың *табиғи құрылымы* үш жағдайдың бәрінде де бірдей күйде қалғандықтан, бұл айырма I, II, III разрядтар беретін *дара абсолютті рентаға* әсерін тигізбейді. Өйткені егер I разрядтағы бір тоннаның құны көп болса, оның шығындар бағасы да көп; ол II разрядтағымен салыстырғанда I разрядта, III разрядтағымен салыстырғанда II разрядта бір тоннаны өндіруге табиғи құрылымы бірдей капитал қаншалықты көбірек қолданылатынына сәйкес қана көп болады. Демек, олардың құндары арасындағы бұл айырма олардың *шығындар бағасы* арасындағы айырмаға, яғни I, II және III разрядтарда бір тонна көмірді өндіруге жұмсалған относителді капиталдар арасындағы айырмаға дәлме-дәл тең. Демек, үш разрядтағы құн шамалары арасындағы өзгешелік әр түрлі разрядтардағы *құн мен шығындар бағасы арасындағы айырмашылыққа* әсер етпейді; Егер құн көп болса, онда осыған сәйкес шығындар бағасы да көп; өйткені құн *капиталдың* немесе еңбектің шығыны қандай пропорцияда өссе, тек сондай пропорцияда ғана көбейеді; демек, құн мен шығындар бағасы арасындағы арақатынас сол қалпында қалады, олай болса, *абсолюттік рента* да өзгермейді.

Алайда бұдан әрі *дифференциалдық рентаның* жайы қалай екен, соны көрелік.

Біріншіден, бүкіл көмір өндірісінде — II, III және IV разрядтарда — енді капитал *азырақ* қолданылады. Өйткені IV разрядтағы капитал өзінің шамасы жағынан I разрядтағы капиталға тең, оның үстіне, II разрядта қолданылған капиталдың жартысы алынған; демек, II разрядтағы рента массасы, қалай болғанда да, жартысына кемиді. Күрделі қаржы жұмсауға келсек, тек II разрядта ғана өзгеріс болды, өйткені бұрын I разрядқа қанша капитал жұмсалса, IV разрядқа сонша капитал жұмсала-

ды. Бұдан соң, біз I, II және III разрядтарға шамалары бірдей капитал, мысалы, әрқайсысына 100 ф. стерлингтен, ал барлығы 300 ф. ст. жұмсалды деп жорамалдадық. Демек, енді II, III және IV разрядтарда не бары 250 ф. ст. қалды; басқаша айтқанда, капиталдың алтыдан бір бөлегі көмір өндіруден алынып қойылды.

Бірақ, одан кейін, көмірдің *рыноқтағы құны* төмендеді. Біз I разрядтың —  $P$ , II разрядтың —  $2P$  және III разрядтың —  $4P$  әкелетінін көрдік. Егер 100 ф. ст. жұмсалғанда өндірілген өнімнің құны I разрядта 120 ф. стерлингке тең, мұның 10-ы рента, 10-ы пайда деп есептесек, онда II разрядта рыноктық құн 130 ф. ст. (10-ы пайда, 20-сы рента) болады, ал III разрядта рыноктық құн 150 ф. ст. (10-ы пайда, 40-ы рента) болады. Егер I разрядта өнім 60 тонна (тонна = 2 ф. ст.) болса, II разрядта өнім 65 тоннаға, III разрядта — 75 тоннаға тең, ал жиынтық өнім  $60 + 65 + 75 = 200$  тоннаға тең. Ал енді IV разрядта 100 ф. ст. I разрядтың барлық өнімі және II разряд өнімінің жартысы қанша болса сонша, яғни  $60 + 32\frac{1}{2} = 92\frac{1}{2}$  тонна өндірілетін болса, онда бұл  $92\frac{1}{2}$  тонна бұрынғы рыноктық құн бойынша 185 ф. ст. тұрған болар еді, демек, 75 ф. ст. рента берер еді, өйткені пайда = 10 ф. ст.; демек, абсолютті рента = 10 ф. ст. болғандықтан, IV разрядта рента шамасы  $7\frac{1}{2}P$ -ға тең болар еді.

Бұрынғыдай, II, III, IV разрядтар баз баяғы 200 тонна көмірді береді, өйткені  $32\frac{1}{2} + 75 + 92\frac{1}{2} = 200$  тонна. Бірақ енді рыноктық құн мен дифференциалды рента жөніндегі істің жайы қалай?

Бұл сұраққа жауап беру үшін біздің II разрядта *абсолютті дара рента*ның шамасы қандай екеніне көз салуымыз қажет. Біз өндірістің бұл сферасындағы *құн мен шығындар бағасының* арасындағы абсолютті айырма 10 ф. стерлингке, яғни ең нашар шахтаның берген рентасына тең деп жорамалдаймыз; I разряд өзінің құны арқылы *рыноктық құнды* абсолютті түрде анықтай алатын ретті есепке алмасақ, мұндай жорамалдың қажеттігі де жоқ. [569] Егер бұл жағдай шынында да орын алған болса, онда I разрядтағы рента (I разрядтың көмірі оның өз құны бойынша сатылғанда) *өндірістің бұл саласында* оның I разрядтағы көмірдің] өзінің шығындар бағасынан және товарлар шығындарының жалпы бағасынан құнның жалпы алғанда артығы болғаны. Демек, егер ол өзінің 65 тоннасын 120 ф. стерлингке, яғни әр тоннасын  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингтен сатса, онда II разрядтың өз өнімдерін олардың өз құнына сатқаны. Ал оның бір тоннаны мұның орнына 2 ф. стерлингтен сатқан себебі — тек I разряд белгілеп берген рыноктық құнның оның [II разряд көмірінің] дара құнынан артық болғандығынан, оның [II разряд көмірінің] өз құнының емес, қайта оның *рыноктық құнының оның шығындар бағасынан* артық болғандығынан.

Одан әрі, II разряд енді, жорамал бойынша 65 тоннаның ор-

нына  $32\frac{1}{2}$  тонна сатады, өйткені ол шахтаға 100 ф. ст. капитал орнына, тек 50 ф. ст. капитал жұмсайды.

Демек, II разряд енді  $32\frac{1}{2}$  тоннаны 60 ф. стерлингке сатады. 50 ф. ст. [авансыланған капитал] жөнінен алғанда 10 ф. ст. 20 процент болады. 60 ф. стерлингтен 5 ф. ст. пайдаға және 5 ф. ст. рентаға келеді.

*Сонымен, бізде II разряд үшін былай болып шығады:* өнімнің бір тоннасының құны —  $1\frac{11}{13}$  ф. ст.; тонна саны  $32\frac{1}{2}$ ; жиынтық өнімнің құны — 60 ф. ст.; рента 5 ф. ст. Рента 20 ф. стерлингтен 5 ф. стерлингке дейін азайды. Ал егер бұрынғы мөлшердегі капитал әлі де болса қолданылса, рента тек 10 ф. стерлингке ғана төмендер еді. Демек, өз нормасы бойынша рента тек жартылап қана кеміді. Басқаша айтқанда, ол I разряд белгілеген рыноктық құн II разряд көмірінің өз құнынан қанша асып түссе соншаға, немесе II разряд көмірінің өз құны мен оның шығындар бағасы арасындағы айырмадан туатын артылып қалатын шамаға кеміді. Оның дифференциалды рентасы 10 ф. стерлингке тең еді; енді оның бүкіл рентасы 10 ф. стерлингке, яғни оның абсолютті рентасына тең. Сонымен, II разрядта рыноктық құнның (II разряд көмірінің) құнына дейін томендеуі нәтижесінде дифференциалды рента жойылып кетті, демек, осы дифференциалды рента арқасында екі есе өсіп дамып кеткен рента нормасы да жойылды. Ол 20-дан 10-ға дейін кеміді. Сөйтіп одан әрі рента 10-нан 5-ке дейін кеміді, өйткені *мұндай рента нормасында II разрядтағы шахталарға жұмсалған капитал жартылай азайды.*

*Рыноктық құн* енді тоннасы  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингке тең II разряд көмірінің құнымен анықталатын болғандықтан, III разряд өндіретін 75 тоннаның рыноктық құны енді  $138\frac{6}{13}$  ф. стерлингке тең болады; оның ішінен рента  $28\frac{6}{13}$  стерлингке тең. Бұрын рента 40 ф. ст. еді; демек, ол  $11\frac{7}{13}$  ф. стерлингке кеміді. Бұрын ол абсолютті рентадан 30 ф. ст. асса, енді не бары  $18\frac{6}{13}$  ф. ст. қана асады (өйткені  $18\frac{6}{13} + 10 = 28\frac{6}{13}$ ). Бұрын ол  $4P$ -ға тең еді, ал енді ол не бары  $2P + 8\frac{6}{13}$  ф. стерлингке тең. III разрядқа жұмсалған капиталдың шамасы өзгеріссіз қалғандықтан, рентаның бұл кему себебі — тек *дифференциалды рента нормасының* төмендеуінде ғана, яғни III разряд көмірінің рыноктық құнының оның дара құнынан артылатын мөлшерінің кемуінде. Бұрын III разрядта рентаның бүкіл сомасы *неғұрлым жоғары рыноктық құнның* шығындар бағасынан артылған мөлшеріне тең болатын; ал енді ол тек *неғұрлым төмен* рыноктық құнның шығындар бағасынан артылған мөлшеріне ғана тең<sup>80</sup>. Сөйтіп, бұл айырма III разрядтың абсолютті рентасына жуықтай түседі. III разряд 100 ф. ст. капитал болғанда 75 тонна көмір өндіреді, оның [дара] құны 120 ф. стерлингке тең; демек, 1 тоннасы  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. тұрады. Мұның орнына III разряд бұрынғы рыноктық баға ке-

әінде бір тоннасын 2 ф. стерлингтен, яғни  $\frac{2}{5}$  ф. ст. қымбатқа саты. 75 тоннаға бұл  $\frac{2}{5} \times 75$ , яғни 30 ф. ст. болды, — оның рента-сының жалпы сомасында дифференциалдық рента, шындығында да, осындай еді; өйткені оның рентасы 40 ф. ст. болатын (10-ы — абсолютті рента және 30-ы дифференциалдық рента). Енді III разряд бір тоннасын жаңа рыноктық құн бойынша не бары  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингтен сатады. III разряд көмірінің бір тоннасының бұл бағасы оның [дара] құнынан қанша артық?  $\frac{3}{5} = \frac{39}{65}$  және  $\frac{11}{13} = \frac{55}{65}$ . Демек, III разряд көмірдің әр тоннасын оның [дара] құнынан  $\frac{16}{65}$  ф. ст. қымбатқа сатады<sup>81</sup>. 75 тоннаға бұл  $18\frac{6}{13}$  ф. ст. болады, міне мұның өзі дифференциалдық рентадың нақ өзі; демек, дифференциалды рента, әрқашанда тонна санын тоннаның рыноктық құнының тоннаның [дара] құнынан артылатын мөлшеріне көбейткенге тең. Енді рентадың қалайша  $11\frac{7}{13}$  ф. стерлингке кемитіндігін есептеп шығару қалады. Рыноктық құнның III разряд көмірінің құнынан артылатын мөлшері тоннасына  $\frac{2}{5}$  ф. стерлингтен (ол 2 ф. стерлингтен сатылған кезде) тоннасына  $\frac{16}{65}$  ф. стерлингке (көмірдің тоннасы  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингтен сатылған кезде) дейін кеміді, демек  $\frac{26}{65}$ -дан  $\frac{16}{65}$  -ға дейін, яғни  $\frac{10}{65}$  ф. стерлингке азайды. 75 тоннаға бұл  $\frac{750}{65} = \frac{150}{13} = 11\frac{7}{13}$  болады, ал III разрядта рента кеміген сома дәл осындай.

[570] IV разрядта  $92\frac{1}{2}$  тонна бағасы  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингтен болғанда  $170\frac{10}{13}$  ф. ст. тұрады. Мұнда рента  $60\frac{10}{13}$  ф. ст., ал дифференциалды рента  $50\frac{10}{13}$  ф. ст. болады. Егер  $92\frac{1}{2}$  тонна өз құны бойынша, яғни 120 ф. стерлингке сатылса, онда 1 тоннасы  $1\frac{11}{37}$  ф. ст. тұрар еді. Мұның орнына ол  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингтен сатылады. Бірақ  $\frac{11}{13} = \frac{407}{481}$ , ал  $\frac{11}{37} = \frac{143}{481}$ . Бұл IV разряд көмірі рыноктық құнының оның өз құнынан артылып қалатын  $\frac{264}{481}$  ф. стерлингті береді.  $92\frac{1}{2}$  тоннаға мұның өзі артық-кемсіз  $50\frac{10}{13}$  ф. стерлингті, IV разрядтың дифференциалды рентасын құрайды.

Енді осы қарастырылған екі жағдайды А және В кестелері түрінде алып салғастырайық.

## А

Разряд	Капитал	Абсол. рента	Тонна саны	Тоннаның рыноктық құны	Тоннаның дара құны	Жиынтық өнімнің рыноктық құны	Диффер. рента
	ф. ст.	ф. ст.		ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.
I	100	10	60	2	2	120	0
II	100	10	65	2	$1\frac{11}{13}$	130	10
III	100	10	75	2	$1\frac{3}{5}$	150	30
Жиыны...	300	30	200			400	40

Тоннаның жалпы саны — 200. Бүкіл абсолютті рента — 30 ф. ст.  
Бүкіл дифференциалдық рента — 40 ф. ст. Жиынтық рента — 70 ф. ст.

## B

Разряд	Капитал	Абсол. рента	Тонна саны	Тоннаның рыноктық құны	Тоннаның дара құн	Жиынты өнімнің рыноктық құны	Диффер. рента
	ф. ст.	ф. ст.		ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.
II	50	5	32 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	1 <sup>1</sup> / <sub>13</sub>	60	0
III	100	10	75	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	1 <sup>3</sup> / <sub>5</sub>	138 <sup>6</sup> / <sub>13</sub>	18 <sup>6</sup> / <sub>13</sub>
IV	100	10	92 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	1 <sup>11</sup> / <sub>37</sub>	170 <sup>10</sup> / <sub>13</sub>	50 <sup>10</sup> / <sub>13</sub>
Жиыны...	250	25	200			369 <sup>3</sup> / <sub>13</sub>	69 <sup>3</sup> / <sub>13</sub>

Бүкіл капитал — 250 ф. ст. Абсолюттік рента — 25 ф. ст. Дифференциалдық рента — 69<sup>3</sup>/<sub>13</sub> ф. ст. Жиынтық рента — 94<sup>3</sup>/<sub>13</sub> ф. ст. 200 тоннаның жиынтық құны 400-ден 369<sup>3</sup>/<sub>13</sub> ф. стерлингке дейін кеміді.

Бұл екі кесте өте маңызды пайымдауларға себеп болады.

Біз ең алдымен мынаны көреміз: абсолюттік рента өзінің сомасы жағынан егіншілікке<sup>82</sup> жұмсалған капиталға сәйкес, I, II, III разрядтарға жұмсалған капиталдың жиынтық массаларына сәйкес өсіп немесе кеміп отырады. Бұл абсолютті рентаның нормасы жұмсалған капиталдардың шамасына мүлде тәуелді емес, өйткені ол топырақ категорияларындағы айырмаға мүлде тәуелсіз, қайта, мұның керісінше, құн мен шығындар бағасының арасындағы айырмадан туады, соның өзінде бұл айырманы топырақ белгілемейді, егіншілік капиталының табиғи құрылымы, өндіріс әдісі белгілеп береді. II разрядта абсолютті рента сомасының 10-нан 5-ке дейін кеміген себебі — капитал 100-ден 50-ге дейін азайды, капиталдың [571] жартысы алынып қойды.

Бұл екі кесте жөнінде одан әрі пікір айтпастан бұрын басқа да кестелерді келтірейік. Біз B кестесінде рыноктық құн тоннасына 1<sup>11</sup>/<sub>13</sub> ф. стерлингке дейін кемігенін көрдік. Бірақ құн мөлшері мұндай болғанда A кестесіндегі I разряд өнімінің рыноктан мүлде жоғалып кетуінің және B кестесіндегі II разрядтың бұрынғы капиталдың тек жартысын ғана қолдануға мәжбүр болуының қажеттігі әлі жоқ. I разрядта товардың жиынтық құны 120 ф. ст. болғанда рента 10 ф. стерлингке, немесе жиынтық құнның <sup>1</sup>/<sub>12</sub> бөлігіне тең болатындықтан, мұның өзі жеке тоннаның 2 ф. стерлингке тең құнына да қатысты болады. Бірақ <sup>2</sup>/<sub>12</sub> ф. ст. = <sup>1</sup>/<sub>6</sub> ф. ст. немесе 3<sup>1</sup>/<sub>3</sub> шиллингке тең (өйткені 3<sup>1</sup>/<sub>3</sub> шилл. × 60 = 120 ф. ст.). Демек, I разрядтағы бір тоннаның шығындар бағасы [2 ф. ст. — 3<sup>1</sup>/<sub>3</sub> шилл., яғни] 1 ф. ст. 16<sup>2</sup>/<sub>3</sub> шилл. [Жаңа] рыноктық құн 1<sup>11</sup>/<sub>13</sub> ф. ст. немесе 1 ф. ст. 16 <sup>12</sup>/<sub>13</sub> шилл. Бірақ 16<sup>2</sup>/<sub>3</sub> шилл.

16 шилл. 8 пенске, немесе  $16^{26/39}$  шиллингке тең. Мұнымен салыстырғанда  $16^{12/13}$  (немесе  $16^{36/39}$ ) шилл. одан  $10/39$  шиллинг көп. Мұның өзі жаңа рыноктық құн кезінде бір тоннаға алынатын рента болар еді, ал 60 тоннаға есептегенде бұл  $15^{5/13}$  шилл. болар еді. Демек, менің есебім бойынша 100 ф. ст. капиталға рента 1 процент те болмас еді. А кестесіндегі I разрядтың мүлде рента бермеуі үшін рыноктық құн *оның* [осы разрядтың] шығындар бағасы деңгейіне дейін, яғни 1 ф. ст.  $16^{2/3}$  шиллингке, немесе  $1^{5/6}$  ф. стерлингке (немесе  $1^{10/12}$  ф. ст.) дейін құлдырауға тиісті болар еді. Бұл ретте А кестесіндегі I разрядта рента жоғалып кетер еді. Бірақ ол бұрынғыша пайдаланылар еді де, 10 процент пайда келтіріп отырар еді. Бұл рыноктық құн  $1^{5/6}$  ф. стерлингтен одан әрі төмендегенде ғана тоқтатылар еді.

В кестесіндегі II разрядты алатын болсақ, В кестесінде капиталдың жартысы өндірістен алып қойылады деп жорамалданады. Бірақ  $1^{11/13}$  ф. ст. мөлшерінде орныққан рыноктық құн тағы да 10 процент рента беретін болғандықтан, ол бұл рентаны 100 ф. стерлингке де, 50 ф. стерлингке де бірдей мөлшерде береді. Демек, егер капиталдың жартысы алып қойылды деп жорамалдана, мұның өзі мұндай жағдайларда В кестесіндегі II разряд әлі де болса 10 процент абсолютті рента береді деп есептелгендіктен ғана солай жорамалданады. Шындығында, егер В кестесіндегі II разряд  $32^{1/2}$  тонна орнына одан әрі 65 тонна өндіре беретін болса, онда рынокта өнім тым көбейіп кетер еді де, рынокта IV разряд көмірі басым болған жағдайда, рыноктық құн В кестесіндегі II разрядқа капитал жұмсауды ол абсолютті рента беретіндей шамада кеміту қажет болатындай мөлшерде кемір еді. Оның бер-жағында, 100 ф. ст. мөлшеріндегі бүкіл капитал 9 процент рента бергенде рентаның жалпы сомасы 50 ф. ст. капиталдың 10 процент рента беретіндегісінен көп болатыны айқын. Демек, егер рыноктың жағдайына қарай сол кездегі сұранымды қанағаттандыру үшін II разрядта тек 50 ф. ст. капитал қолдану қажет болса, онда рента 5. ф. стерлингке дейін кемуге тиісті болар еді. Егер қосымша  $32^{1/2}$  тонна үзіліссіз өткізіліп тұруы мүмкін емес олай болса, оның рыноктан ығыстырылуы мүмкін ғой деп жорамалдасақ, шындығында рента одан да төмендеп кетер еді. Рыноктық құнның құлдырауы В кестесіндегі II разрядта рента жоғалып қана қоймай, сонымен бірге пайдаға да нұқсан келе бастайтындай деңгейге түсер еді. Онда капитал тиісті мөлшерге дейін, 50 ф. стерлингке дейін азайғанша, ұсынымды кеміту үшін капитал өндірістен алынар еді, сөйтіп онда  $1^{11/13}$  ф. ст. мөлшерінде рыноктық құн орнығар еді, В кестесіндегі II разрядта ол тағы да абсолютті рента берер еді, алайда оған бұрынғы жұмсалған капиталдың жартысы үшін ғана абсолютті рента берер еді. Сонымен, рынокта басымдылығы бар IV және III разрядтар бұл ретте де шешуші роль атқарар еді.

Алайда, егер әр тоннасына  $1^{11}/_{13}$  ф. ст. бағамен рынок не бары 200 тонна сіңіре алатын болса, бұдан рыноктық құн төмендегенде, демек, рынокқа қосымша  $32^{1}/_{2}$  тоннаның жасайтын қысымы нәтижесінде  $232^{1}/_{2}$  тоннаның рыноктық құны төмендегенде, рынок тағы да  $32^{1}/_{2}$  тоннаны сіңіре алмайды деген қорытынды эсте шықпайды. *B* кестесіндегі II разрядта бір тоннаның шығындар бағасы [110:65, яғни]  $1^{9}/_{13}$  ф. ст., немесе 1 ф. ст.  $13^{11}/_{13}$  шилл. болады, ал рыноктық құн —  $1^{11}/_{13}$  ф. ст., немесе 1 ф. ст.  $16^{12}/_{13}$  шилл. Ал егер рыноктық құн *A* кестесіндегі I разряд енді ешқандай рента бермейтіндей болып төмендесе, яғни егер ол *A* кестесіндегі I разрядтағы шығындар бағасы деңгейіне дейін, 1 ф. ст.  $16^{2}/_{3}$  шиллингке, не  $1^{5}/_{6}$  ф. стерлингке дейін, немесе  $1^{10}/_{12}$  ф. стерлингке дейін төмендейтін болса, онда *B* кестесіндегі II разряд өзінің бүкіл капиталын қолдануы үшін сұраным ендігі едәуір өсуге тиісті болар еді, өйткені *A* кестесіндегі I разрядта шахталарды одан әрі пайдалануға болар еді, өйткені ол дағдылы пайда келтірген болар еді. Рынок енді  $32^{1}/_{2}$  тонна емес, ал  $92^{1}/_{2}$  тонна көп, 200 тонна орнына  $292^{1}/_{2}$  тонна, демек, жартысына [дерлік] көп сіңіруге тиісті болар еді. Ал мұның өзі сұранымның әжептәуір көп өсуін көздейді. Ендеше, біз жорамалдаған өсу баяу болуы үшін рыноктық құн *A* кестесіндегі I разряд рыноктан ығыстырылып шығарылатындай деңгейде құлдырап кетуге тиіс. Басқаша айтқанда, рыноктық баға *A* кестесіндегі I разрядтың шығындар бағасынан да төмен құлдырауға, яғни, айталық  $1^{10}/_{12}$  ф. стерлингтен  $1^{9}/_{12}$  ф. стерлингке, немесе 1 ф. ст. 15 шиллингке дейін құлдырауға тиісті болар еді. Ол бұдан кейін де *B* кестесіндегі II разрядтағы шығындар бағасына әлі де болса едәуір артық болар еді.

Сонымен, *A* және *B* кестелеріне біз тағы үш кестені — *C*, *D* және *E* кестелерін қосамыз. *C* кестесі үшін біз сұраным *A* және *B* кестелеріндегі барлық разрядтар өндірісті жалғастыра бере алатындай, бірақ *B* кестесінің рыноктық құны бойынша жалғастыра беретіндей, мұның өзінде *A* кестесінің I разряды әлі рента беретіндей мөлшерде өседі деп жорамалдаймыз. *D* кестесі үшін біз *A* кестесіндегі I разряд, рента бермесе де, әлі де болса дағдылы пайда келтіруі үшін сұраным жеткілікті дәрежеде мол деп жорамалдаймыз. Ал *E* кестесі үшін біз бағаның төмендейтіні соншалық, *A* кестесіндегі I разряд рыноктап ығыстырылып шығарылды, [572] бірақ сонымен бірге бағаның төмендеуі *B* кестесіндегі II разрядтың қосымша  $32^{1}/_{2}$  тоннасын рыноктың сіңіріп әкетуіне әкеп соғады деп есептейміз.

*A* және *B* кестелерінде келтірілген жағдайлар болуы мүмкін. *A* кестесіндегі I разряд рента 10 ф. стерлингтен толық емес 16 шиллингке дейін кемігенде өз жерін бұлайша пайдалануды тоқтатып, басқаша пайдалану үшін оны арендаға беруі, бұл ретте ол неғұрлым жоғары жер рентасын беруі мүмкін. Бірақ бұл

ретте В кестесіндегі II разряд, егер жаңа рыноктық құн орныққан соң рынок ұлғаймаған болса, жоғарыда баяндалған процесс нәтижесінде өз капиталының жартысын алып қоюға мәжбүр болар еді.

## С

Разряд	Капитал	Абсол. рента	Тонна саны	Тоннаның рыноктық құны	Тоннаның дара құны	Жиынтық өнімнің рыноктық құны	Рента	Диффер. рента
	ф. ст.	ф. ст.		ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.
I	100	$10^{10/13}$	60	$1^{11/13}$	2	$110^{10/13}$	$10^{10/13}$	$-9^{3/13}$
II	100	10	65	$1^{11/13}$	$1^{11/13}$	120		0
III	100	10	75	$1^{11/13}$	$1^{3/5}$	$138^{6/13}$		$+18^{6/13}$
IV	100	10	$92^{1/2}$	$1^{11/13}$	$1^{11/37}$	$170^{10/13}$		$+50^{10/13}$
Жиыны	400	$30^{10/13}$	$292^{1/2}$			540		$69^{3/13}$

## Д

Разряд	Капитал	Абсол. рента	Тоннаның рыноктық құны	Шығындар бағасы	Тонна саны	Жиынтық өнімнің рыноктық құны	Дифферен. рента
	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.		ф. ст.	ф. ст.
I	100	0	$1^{5/6}$	$1^{5/6}$	60	110	0 (—)
II	100	$9^{1/6}$	$1^{5/6}$		65	$119^{1/6}$	—
III	100	10	$1^{5/6}$		75	$137^{1/2}$	(жасырылған)
IV	100	10	$1^{5/6}$		$92^{1/2}$	$169^{7/12}$	$+17^{1/2}$ $+49^{7/12}$
Жиыны...	400	$29^{1/6}$			$292^{1/2}$	$536^{1/4}$	$67^{1/12}$

## Е

Разряд	Капитал	Абсол. рента	Тоннаның рыноктық құны	Шығындар бағасы	Тонна саны	Жиынтық өнімнің рыноктық құны	Дифферен. рента
	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.	ф. ст.		ф. ст.	ф. ст.
II	100	$3^{3/4}$	$1^{3/4}$	$1^{9/13}$	65	$113^{3/4}$	— (жоқ)
III	100	10	$1^{3/4}$		75	$131^{1/4}$	$+11^{1/4}$
IV	100	10	$1^{3/4}$		$92^{1/2}$	$161^{7/8}$	$+41^{7/8}$
Жиыны...	300	$23^{3/4}$			$232^{1/2}$	$406^{7/8}$	$53^{1/8}$



[573] Енді *A, B, C, D* және *E* кестелерін бір жиынтық кесте ретінде алып салғастырып көрелік; бірақ мұны әуелбастан-ақ ісетілуге тиісті түрде алып көрелік: *Капитал, Жиынтық құн, Жиынтық өнім, Тоннаның рыноктағы құны, Дара құн, Дифференциалды құн*<sup>83</sup>, *Шығындар бағасы, Абсолюттік рента, Тоннамен алғанда абсолюттік рента, Дифференциалдық рента, Тоннамен алғанда дифференциалдық рента, Жиынтық рента*. Ал одан соң әрбір кестедегі барлық разрядтар бойынша жиыны<sup>84</sup>.

[272—273-беттердің арасындағы қосымша жапсырманы қараңыз.]

[575] *Кестеге түсіндірме*

100 капитал (тұрақты және өзгермелі капитал) жұмсалған, ол қозғалысқа келтірген еңбек бүкіл авансыланған капиталдың  $\frac{1}{5}$  бөлігіне тең қосымша еңбек (ақысы төленбеген еңбек) береді, немесе  $100\frac{1}{5}$ -ге тең қосымша құн береді деп жорамалданады. Демек, егер авансыланған капитал 100 ф. стерлингке тең болса, онда жиынтық өнімнің құны 120 ф. стерлингке тең болуға тиіс. Одан әрі орташа пайда 10 процентке тең деп жорамалданады; бұлай болғанда жоғарыда келтірілген мысалда — көмірдің — 110 ф. стерлинг жиынтық өнімнің шығындары бағасын құрайды. Қосымша құнның немесе қосымша еңбектің бұл нормасы жағдайында 100 ф. стерлинг, кені мол немесе аз шахталар пайдаланып жатқандығына қарамастан, 120 ф. ст. мөлшеріндегі құнға айналады; бір сөзбен айтқанда, еңбек өнімділігінің әр түрлілігі еңбектің әр түрлі табиғи жағдайларының немесе оның әр түрлі қоғамдық жағдайларының немесе әр түрлі технологиялық жағдайлардың нәтижесі бола ма, жоқ па — бұған қарамастан, товарлардың құны оларды өндіруге кеткен еңбек мөлшеріне тең деген қағидадан еш-төңені өзгерте алмайды.

Сонымен, 100 ф. ст. капиталмен өндірілген өнімнің құны 120 ф. стерлингке тең дегенде, мұның өзі өнімде 100 ф. ст. капиталдан материалдық нәтиже алуға жұмсалған жұмыс уақыты, оған қоса ақы төленбеген, бірақ капиталист иемденген, барлық жұмсалған жұмыс уақытының  $\frac{1}{6}$  бөлігіне тең жұмыс уақыты бар деген сөз, басқа ештеңе де емес. Өнімнің жиынтық құны, — 100 ф. ст. капитал шахталардың бір разрядында 60 тонна, екінші разрядында 65, немесе 75, немесе  $92\frac{1}{2}$  тонна өнім өндіре ме, жоқ па, бұған қарамастан — 120 ф. стерлингке тең. Бірақ өнімнің бір өлшемінің құны, — өнім осы реттегі сияқты тоннамен өлшене ме, әлде кварталмен, кезбен және т. б. өлшене ме бәрібір, — еңбек өнімділігіне қарай мүлдем әр түрлі болады. Егер біз өз кестемізді алып қарасақ (мұның капиталистік өндірістің нәтижесі болып табылатын басқа товар массасының қайсысына болса да қатысы бар), капиталдың жиынтық өнімі 60 тонна болғанда, бір тоннаның құны 2 ф. ст. болады; демек, 60 тонна 120 ф. ст. тұрады; басқаша айтқанда, бұл ақшада 120 ф. стерлингтің материалдық өнімін алу-

ға жұмсалған жұмыс уақыты бар. Егер жиынтық өнім 65 тонна болса, онда әрбір жеке тоннаның құны 1 ф. ст.  $16^{12/13}$  шиллингке, немесе  $1^{11/13}$  ф. стерлингке тең; егер ол 75 тонна болса, онда әрбір жеке тоннаның құны  $1^{3/5}$  ф. стерлингке, немесе 1 ф. ст. 12 шиллингке тең; ақырында, егер ол  $92^{1/2}$  тонна болса, онда бір тоннаның құны  $1^{11/37}$  ф. стерлингке, немесе 1 ф. ст.  $5^{35/37}$  шиллингке тең. 100 ф. ст. капиталмен өндірілген товарлардың немесе тонналардың жиынтық массасының құны әрқашан да баз баяғы бір 120 ф. стерлингке тең болғандықтан, онда әрқашан да 120 ф. стерлингтегі баз баяғы бір *еңбектің жиынтық мөлшері* болғандықтан, нақ осы себептен әрбір жеке тоннаның құны, *баз баяғы бір құн* 60, 65, 75 немесе  $92^{1/2}$  тоннамен бейнеленетіндігіне, яғни еңбек өнімділігіндегі айырмашылыққа қарай, әр түрлі болады. Еңбек өнімділігіндегі бұл айырмашылық нақ мынаған себепші болады: *баз баяғы бір еңбек мөлшері* біресе товарлардың аз жиынтық массасы, біресе көп жиынтық массасы арқылы көрінеді, демек, бұл жиынтық массасының *әрбір жеке бөлігіне* еңбектің біресе аз, біресе көп абсолютті мөлшері жұмсалады, яғни осыған сәйкес, оның құны біресе көп, біресе аз болады, 100 ф. ст. капитал кені молырақ немесе азырақ шахталарға жұмсалғанына байланысты, яғни еңбек өнімділігінің әр түрлілігіне байланысты болатын жекелеген тонналардың осы әр түрлі құны — кестеде әрбір жеке тоннаның *дара құны* болып тұлғаланады.

Сондықтан, егер еңбек өнімділігі артқан сайын товардың бір өлшемінің құны төмендей беретін болса, онда белгілі бір капиталмен, — мысалы 100 ф. стерлингпен, — өндірілген өнімнің *жиынтық құны* артады, өйткені осы жиынтық құн көрінетін товарлар массасы өседі деген ұғымнан бетер қате ұғым жоқ. Товардың бір өлшемінің құны тек мынадан ғана кемиді емес пе: *жиынтық құн* — жұмсалған еңбектің жиынтық мөлшері — тұтыну құндарының, өнімдердің көбірек массасы арқылы бейнеленеді, сондықтан да өнімнің бір өлшеміне жиынтық құнның (немесе жұмсалған еңбектің) аз мөлшердегі пропорциялы үлесі келеді, мұның өзінде тек мына шамада: өнімнің бір өлшемі қаншалықты аз мөлшердегі еңбекті сіңіретін немесе оған жиынтық құнның қаншалықты аз мөлшердегі үлесі келетін *шамада* кемиді.

Алғашқыда біз *жеке товарды* еңбектің белгілі бір мөлшерінің нәтижесі және тікелей өнімі ретінде алып қарастырдық. Енді, товар *капиталистік өндірістің өнімі* ретінде көрінетін кезде, істің мәні формальды түрде былайша өзгереді:

Тұтыну құндарының өндірілген массасында *жұмыс уақытының* қайсыбір *мөлшері* бар; ол осы массаны өндірген кезде пайдаланылған капиталдағы (тұрақты және өзгермелі капиталдағы) жұмыс уақытының мөлшеріне және бұған қоса капиталист иемденген, ақысы төленбеген жұмыс уақытына тең болады. Егер капиталдағы ақшамен бейнеленген жұмыс уақыты 100 ф. стерлинг-

[574] Дифференциалдық рента мен абсолюттік рентамын ұлғайтушы ер турал жағдайларын (абсолюттік рентамын нормалсы өзгермеген кезде) көрсететін жиынтық кесте

Резерв	Қағаз Ф. ст.	Толға саы	Жылдық өнімнің өлшем бірлігі Ф. ст.	Толғаның рыноқтық құмы	Толғаның желкелі құмы	Толғаның дифференциалы құмы	Толғаға негізін шығындардың сәлемі	Абсолюттік рента Ф. ст.	Дифференциал Ф. ст.	Толғаға пайданың шығарушы рента	Толғаға шығарушы рента Ф. ст.	Толғаға шығарушы рента Ф. ст.	Толғаға шығарушы рента Ф. ст.
А	I	100	60	2 ф. ст.=40 ш.	2 ф. ст.=40 ш.	0	$\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 40 <sup>1/2</sup> ш.	40	0	5	0	40	5
	II	100	65	2 ф. ст.=40 ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$\frac{1}{2}$ ф. ст.=8 ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	40	10	5	5	40	10
	III	100	75	2 ф. ст.=40 ш.	$\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 12 ш.	$\frac{1}{2}$ ф. ст.=8 ш.	$\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 8 <sup>1/2</sup> ш.	40	30	5	15	40	20
Жыны:		300	200	400			30	40	45	20	70	35	
В	II	50	32 <sup>1/2</sup>	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	0	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 13 <sup>1/3</sup> ш.	5	0	$2\frac{1}{2}$	0	5	$2\frac{1}{2}$
	III	100	438 <sup>1/3</sup>	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 12 ш.	0	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 9 <sup>1/6</sup> ш.	10	18 <sup>1/3</sup>	$5\frac{1}{2}$	10	28 <sup>1/3</sup>	15 <sup>1/3</sup>
	IV	100	92 <sup>1/2</sup>	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 5 <sup>1/2</sup> ш.	$3\frac{1}{2}$ ф. ст.=10 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 3 <sup>1/2</sup> ш.	10	60 <sup>1/3</sup>	$2\frac{1}{2}$	27 <sup>1/2</sup>	60 <sup>1/3</sup>	32 <sup>1/2</sup>
	Жыны:		250	200	369 <sup>1/3</sup>			25	69 <sup>1/3</sup>	13 <sup>1/2</sup>	37 <sup>1/2</sup>	94 <sup>1/3</sup>	54 <sup>1/3</sup>
С	I	100	60	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	2 ф. ст.=40 ш.	$-2\frac{1}{2}$ ф. ст.= $-3\frac{1}{2}$ ш.	$\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$10\frac{1}{2}$ ф. ст.=45 <sup>1/2</sup> ш.	0	$\frac{1}{2}$	0	$\frac{1}{2}$ ф. ст.	$\frac{1}{2}$
	II	100	65	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	0	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 13 <sup>1/3</sup> ш.	40	0	$5\frac{1}{2}$	0	40	$5\frac{1}{2}$
	III	100	75	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 12 ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 4 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 9 <sup>1/6</sup> ш.	40	0	$5\frac{1}{2}$	0	40	$5\frac{1}{2}$
	IV	100	92 <sup>1/2</sup>	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 5 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 10 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 3 <sup>1/2</sup> ш.	40	50 <sup>1/3</sup>	$5\frac{1}{2}$	27 <sup>1/2</sup>	60 <sup>1/3</sup>	32 <sup>1/2</sup>
Жыны:		400	292 <sup>1/2</sup>	540			30 <sup>1/2</sup>	69 <sup>1/3</sup>	16 <sup>1/2</sup>	37 <sup>1/2</sup>	100	54 <sup>1/2</sup>	
D	I	100	60	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	2 ф. ст.=40 ш.	$-1\frac{1}{2}$ ф. ст.= $-3\frac{1}{2}$ ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	0	0	0	0	0	0
	II	100	65	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$-1\frac{1}{2}$ ф. ст.= $-9\frac{1}{2}$ ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 13 <sup>1/3</sup> ш.	0	0	5	0	0	0
	III	100	75	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 12 ш.	$-1\frac{1}{2}$ ф. ст.= $-4\frac{1}{2}$ ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 9 <sup>1/6</sup> ш.	40	47 <sup>1/2</sup>	$5\frac{1}{2}$	27 <sup>1/2</sup>	60 <sup>1/3</sup>	15
	IV	100	92 <sup>1/2</sup>	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 5 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 10 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 3 <sup>1/2</sup> ш.	40	48 <sup>1/2</sup>	$5\frac{1}{2}$	27 <sup>1/2</sup>	60 <sup>1/3</sup>	32 <sup>1/2</sup>
Жыны:		400	292 <sup>1/2</sup>	540			29 <sup>1/2}</sup>	67 <sup>1/2</sup>	15 <sup>1/2</sup>	38 <sup>1/2</sup>	96 <sup>1/2</sup>	52 <sup>1/2</sup>	
E	II	100	413 <sup>1/2</sup>	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 15 ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 16 <sup>1/2</sup> ш.	$-1\frac{1}{2}$ ф. ст.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 13 <sup>1/3</sup> ш.	3 <sup>1/2</sup>	0	$2\frac{1}{2}$	0	3 <sup>1/2</sup>	$2\frac{1}{2}$
	III	100	75	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 15 ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 12 ш.	+3 ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 9 <sup>1/6</sup> ш.	40	41 <sup>1/2</sup>	$5\frac{1}{2}$	27 <sup>1/2</sup>	60 <sup>1/3</sup>	15
	IV	100	92 <sup>1/2</sup>	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 15 ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 5 <sup>1/2</sup> ш.	+8 <sup>1/2</sup> ш.	$4\frac{1}{2}$ ф. ст.=1 ф. ст. 3 <sup>1/2</sup> ш.	10	44 <sup>1/2</sup>	$5\frac{1}{2}$	27 <sup>1/2</sup>	60 <sup>1/3</sup>	32 <sup>1/2</sup>
	Жыны:		300	232 <sup>1/2</sup>	406 <sup>1/2</sup>			23 <sup>1/2}</sup>	53 <sup>1/2</sup>	13 <sup>1/2</sup>	38 <sup>1/2</sup>	76 <sup>1/2</sup>	43 <sup>1/2</sup>

ке тең болса, егер бұл 100 ф. ст. капиталда жалақыға жұмсалған 40 ф. ст. бар болса және егер қосымша жұмыс уақыты өзгермелі капиталдың 50 процентіне тең болса, яғни егер қосымша құн нормасы 50 процентке тең болса, онда 100 ф. ст. капиталмен өндірілген товарлардың жиынтық массасының құны 120 ф. стерлингке тең болады. Товарлардың айналыста болуы үшін олардың айырбас құны, осы шығарманың бірінші бөлімінде<sup>85</sup> біздің көргеніміздей, алдын ала бағаға айналуы керек, яғни ол ақшамен бейнеленуге тиіс. Демек, [576] егер жиынтық өнім дегеніміз бүкіл капитал сол арқылы бейнеленген қандай да болсын бір бөлінбейтін зат (мысалы, үй) болмаса, жорамал бойынша, бағасы 120 ф. стерлингке тең, яғни ақшаға шағылған жиынтық құнға тең қандай да болсын бірден-бір товар болмаса, онда капиталист товарларды рынокқа шығармастан бұрын, ең әуелі товардың бір өлшемінің бағасын есептеп шығарып алуға тиіс. Бұл арада баға құнның ақшалай көрінісі деген сөз.

Еңбек өнімділігінің әр түрлілігіне қарай 120 ф. ст. жиынтық құн өнімдердің көбірек немесе азырақ мөлшері арасында бөлінеді және, демек, өнімнің бір өлшемінің құны осыған сәйкес пропорцияда болуға тиіс — 120 ф. стерлингтің кемірек немесе көбірек сәйкес бөлігіне тең болуы керек. Бұл арадағы есеп оп-оңай. Егер бүкіл өнім, мысалы, 60 тонна көмір болса, онда бұл 60 тонна 120 ф. стерлингке тең, ал 1 тоннасы  $120/60$ -ға, яғни 2 ф. стерлингке тең; егер өнім 65 тонна болса, онда бір тоннаның құны  $120/65$ -ға, яғни  $(1^{11}/_{13}$  ф. стерлингке, немесе 1 ф. ст.  $16^{12}/_{13}$  шиллингке тең (1 ф. ст. 16 шилл.  $11^{1}/_{13}$  пенс); егер өнім 75 тонна болса, онда бір тоннаның құны  $120/75$ -қа, яғни 1 ф. ст. 12 шиллингке тең; егер өнім  $92^{1}/_{2}$  тонна болса, онда бір тоннаның құны  $1^{11}/_{37}$  ф. стерлингке, немесе 1 ф. ст.  $5^{35}/_{37}$  шиллингке тең болады. Сонымен, товардың бір өлшемінің құны (бағасы) өнімнің жиынтық құнын өнімнің жиынтық мөлшеріне бөлгендегі нәтижеге тең болып шығады; өнімнің жиынтық мөлшері тұтыну құндары ретінде, оларға сәйкес өлшемдермен: тоннамен (мысалы, жоғарыда келтірілген жағдайдағыдай) немесе кварталмен, кезбен және т. т. өлшенеді.

Сонымен, егер товардың бір өлшемінің бағасы 100 ф. ст. капиталмен өндірілген товар массасының жиынтық құнын товарлардың жиынтық мөлшеріне бөлгенге тең болса, онда жиынтық құн жеке товардың бағасын сол товарлардың жиынтық мөлшеріне көбейткенге, немесе бір өлшемге балап алынған белгілі бір товар бағасын осы өлшеммен өлшенген бүкіл товар массасына көбейткенге тең болады. Одан әрі, жиынтық құн өндіріске жұмсалған капитал құнына қосымша құнды қосқанға тең; жұмсалған капиталдағы жұмыс уақытына капитал иемденген қосымша жұмыс уақытын, немесе ақы төленбеген жұмыс уақытын қосқанға тең. Демек, товар массасының әрбір жеке бөлігіндегі қосымша құн,

осы бөліктегі құн қандай пропорцияда болса, сондай пропорцияда болады. 120 ф. стерлингтің 60, 65, 75 немесе  $92\frac{1}{2}$  тоннаға бөлінетініне қарай, оларға сонымен бірге 20 ф. ст. қосымша құн да бөлінеді. Егер тонна саны 60-қа тең болса, демек, бір тоннаның құны  $\frac{120}{60}$ -ға, яғни 2 ф. стерлингке немесе 40 шиллингке тең болса, онда бұл 40 шиллингтің, немесе 2 ф. стерлингтің  $\frac{1}{6}$  бөлігі, яғни  $6\frac{2}{3}$  шиллингті бір тоннаға келетін қосымша құнның үлесі болып табылады. 2 ф. ст. тұратын бір тоннаның қосымша құнның относителді үлесі 120 ф. ст. тұратын 60 тоннадағы қосымша құнмен бірдей. Қосымша құнның құнға қатынасы бүкіл товар массасының жиынтық құнында қандай болса, товардың бір өлшемінің бағасында да сондай болып қалады. Жоғарыда келтірілген жағдайда әрбір жеке тоннада жиынтық қосымша құннан  $\frac{20}{60} = \frac{2}{6} = \frac{1}{3}$  ф. ст. немесе жоғарыда көрсетілгеніндей 40 шиллингтің  $\frac{1}{6}$  бөлігі болады. Сондықтан 60-қа көбейтілген бір тоннаның қосымша құны капиталмен өндірілген жиынтық қосымша құнға тең. Егер құнның өнімнің бір өлшеміне келетін бөлігі, жиынтық құнның пропорциялы бөлігі, өндірілген өнімнің мөлшері көбеюі, яғни еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде кемитін болса, онда қосымша құнның өнімнің әрбір өлшеміне келетін бөлігі де, жиынтық қосымша құнның өнімнің бір өлшемінде болатын бөлігі де азаяды. Алайда мұның қосымша құнның, жаңа жасалған құнның жұмсалған, тек қайта өндірілген құнға қатынасына әсері тимейді. Рас, біз мына жағдайды көргенбіз:\* еңбек өнімділігі өнімнің жиынтық құнына әсер етпегенмен, егер өнім жұмысшының тұтынуына кірсе, демек, егер қалыпты жалақы кемитін болса, немесе, жеке товарлардың немесе, дәл солай, товарлардың нақ сол мөлшерінің бағасының төмендеуі нәтижесінде, дәл солай, жұмыс күшінің құны кемитін болса, ол қосымша құнды арттыра алады. Еңбектің көбірек өнімділігі относителді қосымша құн жасайтын болғандықтан, ол өнімнің жиынтық құнын емес, жиынтық құнның қосымша құн, яғни ақысы төленбеген еңбек болып табылатын бөлігін арттырады. Сонымен, егер еңбек өнімділігі жоғары болғанда өнімнің бір өлшеміне құнның кемірек үлесі тиетін болса, — өйткені құн көрінетін товарлардың жиынтық массасы өсті, — демек, егер өнімнің бір өлшемінің бағасы төмендесе, онда дегенмен, жоғарыда айтылған жағдайларда, бұл бағаның қосымша құн көрінетін бөлігі өседі, яғни қосымша құнның қайта өндірілген құнға {бұл арада, пайда туралы әлі әңгіме болмай отырғанда, шындығында әлі де болса ең әуелі өзгермелі капиталға қатынас туралы айту керек} қатынасы өседі. Алайда мұның бұлай болатыны тек мынадан ғана: еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде өнімнің жиынтық құнында қосымша құн өсті. Баз баяғы себеп — еңбек өнімділігінің артуы, — осы се-

\* Қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 184—187-беттер. Ред.

бептен еңбектің белгілі бір мөлшері өнімдердің көбірек массасында көрінеді, демек, осы массаның қайсы бөлігінің болсын құны немесе товардың бір өлшемінің бағасы төмендейді,— міне осы себептің өзі жұмыс күшінің құнын кемітеді, сондықтан барып *жиынтық өнім құнындағы*, ал олай болса, товардың бір өлшемінің бағасындағы да қосымша, немесе ақы төленбеген еңбекті көбейтеді. Сондықтан, *товардың бір өлшемінің бағасы* төмендесе де, оның құны да төмендегендіктен ондағы *еңбектің жиынтық мөлшері* де кемісе, дегенмен, бұл құнның қосымша құннан тұратын пропорциялы құрамдас бөлігі өседі; басқаша айтқанда, товардың бір өлшеміндегі еңбектің кемірек [577] жиынтық мөлшерінде, еңбек өнімділігі кемірек болған, сол себепті товардың бір өлшемінің бағасы жоғары болған, ал товардың бір өлшеміндегі еңбектің жиынтық мөлшері көбірек болған ертерек уақыттағыға қарағанда, *ақысы төленбеген еңбек мөлшері* көбірек болады. Бұл ретте бір тоннадағы еңбек азырақ болып, сондықтан ол арзанырақ болып шықса да, ондағы қосымша құн көбірек болады, сол себепті ол қосымша құнды көбірек береді.

Бәсеке жағдайында бәрі жалған, өңі айналдырылған күйде көрінетіндіктен, жеке капиталист былайша пайымдайды: 1) товардың бір өлшеміне шаққанда көлтіретін менің пайдам азайып кетті, бұл товардың бір өлшемі бағасы кемуінің салдары, бірақ товар массасының *өсуі нәтижесінде* көбірек пайда алып жүрмін (бұл арада мұның өзі оған қоса пайда массасының өсуімен шатастырылады, қолданылатын капиталдың көбеюі нәтижесінде тіпті пайда нормасы неғұрлым төмен болған күнде де пайда массасы өседі); 2) товардың бір өлшемінің бағасын өзім белгілеп, көбейту арқылы өнімнің жиынтық құнын анықтаймын, бастапқы процесс бөлу, ал көбейту тек екінші кезекте орын алатын нәрсе, көбейту осы бөлудің алғы шарты ретінде негіз етіп алынады. Тұрпайы экономист іс жүзінде тек мынамен ғана шөктеледі: бәсекеге белшесінен батқан капиталистердің оғаш түсініктерін ол бейне бір неғұрлым теориялық тілге түсіргенсиді, сөйтіп өзінің тұжырымдарымен осы түсініктердің дұрыстығын дәлелдеуге тырысады.

Енді өзіміздің кестемізге оралайық.

100 ф. ст. капиталмен жасалған өнімнің, немесе оның жасаған товар массасының *жиынтық құны* 120 ф. стерлингке тең; еңбек өнімділігі дәрежесінің әр түрлілігіне қарай товар массасы көп немесе аз болуы мүмкін. Егер, біздің жорамалдағанымыздай, орташа пайда 10 процент болса, бұл жиынтық өнімнің *шығындар бағасы*, оның шамасы қандай екеніне қарамастан, 110 ф. стерлингке тең. Жиынтық өнімнің шамасы қандай екеніне қарамастан, оның құнының *шығындар бағасынан* артылатыны 10 ф. ст., яғни жиынтық құнның  $\frac{1}{12}$  бөлігіне, немесе жұмсалған капиталдың  $\frac{1}{10}$  бөлігіне тең болады. *Құнның жиынтық өнімнің шығындар*

бағасынан артылған мөлшері, осы 10 ф. ст. рентаны құрайды. Ол, төгі, еңбек өнімділігіндегі айырмаға мүлде тәуелді емес; еңбек өнімділігі көмір кен орындарының табиғи өнімділігінің, топырақ құнарлылығының әр түрлі дәрежесінің нәтижесі,— қысқасы, 100 ф. ст. капитал жұмсалған табиғат элементі өнімділігінің нәтижесі болып табылады,— өйткені табиғи фактор өнімділігінің бірдей болмауынан туындайтын еңбек өнімділігінің бұл әр түрлі дәрежесі жиыштық өнімнің құны 120 ф. ст., ал шығындар бағасы 110 ф. ст., демек, құнның шығындар бағасынан 10 ф. ст. артық болуына кедергі жасамайды. *Капиталдар бәсекесінің* бар істей алатыны: көмір өндірісінде, өндірістің осынау ерекше саласында, капиталистің 100 ф. ст. капиталмен өндіретін товарларының *шығындар бағасы* 110 ф. стерлингке тең болуына жету ғана. Бірақ бәсеке бұл капиталисті өз өнімін, бұл өнім 120 ф. ст. тұрса да, оны 110 ф. стерлингке сатуға мәжбүр ете алмайды,— өндірістің басқа салаларындағы бұл зорлықты істей алмайды. Өйткені бұл арада жер меншікшісі келіп араласып, 10 ф. стерлингке қол салады. Бұл рентаны мен сол себепті *абсолюттік рента* деп атаймын. Көмір кен орындарының өнімділігі және соның салдарынан еңбек өнімділігі де қалай өзгерсе де, бұл рентаның кестеде ұдайы *баз баяғы күйінде* қалатындығы сондықтан. Бірақ, кен орындарының өнімділігі әр түрлі дәрежеде болғанда және осының арқасында еңбек өнімділігі де әр түрлі болып келгенде, ол *баз баяғы бір тонна мөлшерінде* бейнеленбейді. Өйткені еңбек өнімділігінің әр түрлі болуына қарай 10 ф. стерлингтегі еңбек көлемі тұтыну құндарының көп немесе аз мөлшерінде, тонналардың көп немесе аз санында бейнеленеді. Өнімділік дәрежесі әр түрлі болғанда, бұл *абсолюттік рента* әрқашан тұтас немесе [тек кейде] ішінара төлене ме, жоқ па, бұл кестені одан әрі талдаған кезде анықталады.

Бірақ бұдан әрі рынокқа өнімділігі біркелкі емес шахталарда өндірілген көмір түседі; мен бұл шахталарды өнімділігі ең азынан бастап I, II, III, IV цифрларымен белгілеген болатынмын. Мысалы: бірінші разряд, мұнда 100 ф. ст. капиталдың өнімі 60 тонна; екінші разрядтағы өнім 65 тонна; т. т. Сонымен, көлемі бірдей, өндірістің баз баяғы бір саласындағы табиғи құрылымы бірдей 100 ф. стерлинг капиталдың — бұл арада өнімділігі бірдей болмай шығады, өйткені шахтаның өнімділігі, топырақтың құнарлылығы дәрежесіне, қысқасы — табиғи факторға қарай, еңбек өнімділігінің дәрежесі әр түрлі болмақ. Бірақ бәсеке *дара құны* әр түрлі бұл өнімдер үшін *бірыңғай рыноктық құн* белгілейді. Бұл рыноктық құнның өзі өнімділігі ең кем разряд өнімінің *дара құнынан еш уақытта* көп болмайды. Егер ол көп болса, мұның өзі *рыноктық бағаның рыноктық құннан* асып кеткенін ғана дәлелдер еді. Бірақ рыноктық құн шынайы құнды бейнелеуге тиіс. Жеке разрядтардың өнімдерін алатын болсақ, онда, әрине, олардың [дара] құны рыноктық құннан жоғары немесе төмен болуы

мүмкін. Егер ол рыноктық құннан жоғары болса, онда рыноктық құн мен олардың шығындар бағасы арасындағы айырма олардың дара құны мен олардың шығындар бағасы арасындағы айырмадан аз болады. Бірақ абсолюттік рента олардың дара [578] құны мен олардың шығындар бағасы арасындағы айырмаға тең болғандықтан, мұндай жағдайларда өндірілетін өнімдердің рыноктық құны бұл ретте абсолюттік рентаны толығымен бере алмайды. Ал егер рыноктық құн олардың шығындар бағасына дейін төмендесе, онда ол бұл разряд өнімдерінен рентаны мүлде бермес еді. Бұл өнімдерді өндірушілер ешқандай рента төлей алмас еді, өйткені [жиынтық] рента [рыноктық] құн мен шығындар бағасы арасындағы айырма ғана, ал олар үшін, жөкелеп алғанда, мұндай рыноктық құн кезінде бұл айырма қажет болмай қалар еді. Бұл ретте олардың рыноктық құны мен дара құны арасындағы айырма теріс мәнді болмақ, яғни рыноктық құнның олардың дара құнынан айырмасы теріс мәнді шамада болады. Рыноктық құн мен дара құн арасындағы айырманы мен жалпы алғанда дифференциалды құн деп атаймын. Көрсетілген жағдайлардағы товарлар үшін мен дифференциалды құнның алдынан алу таңбасын қойдым.

Керісінше, егер көмір кен орындарының қайсыбір разряды (жер разряды) өнімдерінің дара құны рыноктық құннан төмен тұрса, онда бұл рыноктық құн олардың дара құнынан жоғары болғаны деген сөз. Бұл өнімдерді өндіру сферасындағы үстем құн немесе рыноктық құн, демек, олардың дара құнынан біршама артылып қалады. Егер, мысалы, бір тоннаның рыноктық құны 2 ф. стерлингке тең болса, онда дара құны 1 ф. ст. 12 шиллингке тең ол тоннаның дифференциалды құны 8 шилл. болады. Бір тоннаның дара құны 1 ф. ст. 12 шиллингке тең разрядта 100 ф. ст. капитал 75 тонна өндіретіндіктен, бұл 75 тонна үшін жиынтық дифференциалды құн 8 шилл.  $\times$  75 яғни 30 ф. ст. болады. Жердің біршама көбірек құнарлылығынан немесе шахтаның біршама көбірек өнімділігінен туған, бұл разрядтың жиынтық өнімі рыноктық құнының оның дара құнымен салыстырғанда бұл артылып қалғаны дифференциалдық рентаны құрайды, өйткені капитал үшін шығындар бағасы бұрынғысынша өзгеріссіз қалады. Бұл дифференциалдық рента, рыноктық құнның дара құннан көп немесе аз артылуына қарай, көп немесе аз болып келеді; бұл артылып қалған айырма, өз тарапынан, рыноктық құнға өнімі шешуші дәрежеде әсерін тигізетін, өнімділігі кемірек разрядпен салыстырғанда, сол өнім өндірілген кен орны немесе жер разрядының біршама көбірек немесе азырақ өнімділігіне қарай көбірек немесе азырақ болады.

Ақырында, әр түрлі разряд өнімдерінің дара шығындар бағасы әр түрлі болатынын атап өту қажет. Мысалы, 100 ф. ст. капитал 75 тонна беретін разряд үшін товардың бір өлшемінің шы-



ғындар бағасы 1 ф. ст.  $9\frac{1}{3}$  шилл. болар еді, өйткені жиынтық құн 120 ф. стерлингке, ал жиынтық шығындар бағасы 110 ф. стерлингке тең, егер бұл разрядта рыноктық құн әр тоннаның дара құнына тең болатын болса, яғни 1 ф. ст. 12 шилл. болса, онда 120 ф. стерлингке сатылған 75 тонна 10 ф. ст. рента берер еді, ал 110 ф. ст. олардың шығындар бағасын көрсеткен болар еді.

Бірақ жеке тоннапың дара шығындар бағасы, әлбетте, 100 ф. ст. капитал бейнеленген тонна санына қарай, немесе әр түрлі разрядтардағы өнімдердің бір өлшемдерінің дара құнына қарай әр түрлі болады. Мысалы, егер 100 ф. ст. капитал 60 тонна өндіретін болса, онда бір тоннаның құны 2 ф. стерлингке, ал оның шығындар бағасы 1 ф. ст.  $16\frac{2}{3}$  шиллингке тең; 55 тонна 110 ф. стерлингке, немесе жиынтық өнімнің шығындар бағасына тең болар еді. Ал егер 100 ф. ст. капитал 75 тонна өндіретін болса, онда бір тоннаның құны 1 ф. ст. 12 шиллингке, ал оның шығындар бағасы 1 ф. ст.  $9\frac{1}{3}$  шиллингке тең болар еді, сөйтіп  $68\frac{3}{4}$  тонна жиынтық өнімнен 110 ф. ст. тұрар еді, яғни шығындар бағасының орнын толтырар еді. Дара құн қандай пропорцияда әр түрлі болса, дара шығындар бағасы да, яғни әр түрлі разрядтардағы әрбір жеке тоннаның шығындар бағасы сондай пропорцияда әр түрлі болады.

Бес кестенің бәрі мынаны көрсетеді: абсолюттік рента әрқашанда товардың [дара] құны оның өз шығындар бағасынан артылғанына тең; ал дифференциалдық рента товардың рыноктық құнының оның дара құнынан артылғанына тең; абсолюттік рентаға қоса тағы да дифференциалдық рента болған жағдайда, жиынтық рента рыноктық құнның дара құннан артылған мөлшеріне дара құнның шығындар бағасынан артылғанын қосқанға, немесе рыноктық құнның дара шығындар бағасынан артылғанына тең.

Бұл арада менің құндар мен шығындар бағалары туралы теорияның көрнекі мысалы ретінде рентаның жалпы заңын дамыту жөнінде ғана сөз болып отырғандықтан [579], ал жер рентасын егжей-тегжейлі пайымдаумен жер меншігін ex professo \* қарастырған кезде шұғылданатын болғандықтан,— мен істі қиындататын мына жайттарды былай қоя тұрдым: шахталардың немесе әр түрлі жерлердің қай өңірде орналасуының ықпалы; баз баяғы бір шахтада немесе баз баяғы бір жерде қолданылатын капитал көлемі өнімділігінің әр түрлі дәрежесі; өндірістің баз баяғы бір сферасының түрлі бөлмшелерінде, мысалы егіншіліктің әр түрлі салаларында алынатын ренталар арасындағы арақатынас; өндірістің әр түрлі, бірақ бірінен біріне айналдырылатын сфераларында, мысалы, жерді үйлер салу және т. т. үшін пайдалану мақсатымен егіншіліктен алу сияқты сфераларда алынатын ренталар арасындағы арақатынас. Мұның барлығы бұған қатысты емес.

\* — арнайы. Ред.

## [3] КЕСТЕЛЕРГЕ ТАЛДАУ]

Енді кестелерді қарастыруға көшелік. Рентаның жалпы заңы оған мәлім болмаған соң, Рикардо сонымен бірге дифференциалдық рентадың мәнін де бір жақты ғана түсініп, сол себепті күштеп, абстракциялаудың көмегімен құбылыстардың сан алуан көптеген түрлерін тек жалғыз ғана жағдайға әкеп сайғысы келіп отырғанда, бұл кестелер комбинациялардың мейлінше әр түрлілігін жалпы заңның қалай түсіндіретіндігін көрсетеді. Кестелердің өздері жалпы алғанда мүмкін комбинациялардың бәрін бірдей көрсетпеуге тиіс, тек олардың аса маңыздыларын, әсіресе біздің арнаулы мақсатымыз үшін аса мәнділерін ғана көрсетуі керек.

## [a] А КЕСТЕСІНЕ [ӘР ТҮРЛІ РАЗРЯДТАРДАҒЫ ДАРА ҚҰН МЕН РЫНОКТЫҚ ҚҰН АРАСЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАСТАР]

А кестесінде бір тонна көмірдің рыноктық құны I разрядтағы бір тоннаның дара құны арқылы анықталады; бұл разрядта шахталардың өнімділігі неғұрлым кемірек, демек, онда еңбек өнімділігі де бәрінен төмен, олай болса, жұмсалған 100 ф. ст. капиталмен алынатын өнімдер массасы да мейлінше аз, сондықтан бұл разрядта өнімнің бір өлшемінің бағасы (оның құны арқылы анықталатын баға) неғұрлым жоғары болады.

Рынок, артық-кемсіз, 200 тоннаны сіңіре алады деп жорамалданады.

*Рыноктық құн* I разрядтағы бір тоннаның құнынан жоғары бола алмайды, яғни өндірістің ең қолайсыз жағдайында өндірілетін товар құнынан жоғары бола алмайды. II және III разрядтардың әр тоннасының оның *дара құнынан* жоғары сатуының себебі мынада: өндірістің *дәл осы* сферасында (саласында) өндірілетін басқа товарларға қарағанда мұнда өндіріс жағдайлары қолайлырақ; демек, мұның өзі құн заңын бұзбайды. Керісінше, егер рыноктық құн I разрядтағы бір тоннаның құнынан асатын болса, мұның өзі I разряд өнімінің, рыноктық құнға *ешқандай* байланыссыз-ақ, өз құнынан жоғары сатылатындығынан ғана болар еді. Жалпы алғанда рыноктық құн мен [дара] құнның арасындағы айырмашылық, өнімдердің өз құнынан абсолютті түрде жоғары сатылатындығынан емес, өндірістің бүкіл сферасы өнімінің құны жеке өнімнің құнынан өзгеше бола алатындығынан ғана, яғни жиынтық өнімді — бұл ретте 200 тоннаны, — өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты сол тонналардың бір бөлігі өндірілетін (бұл ретте II және III разрядтарда өндірілетін тонналар жайында сөз болып отыр) жұмыс уақытынан өзгеше бола алатындығынан орын алады; қысқасы, ол алынған *жиынтық өнім* еңбектің әр қилы дәрежедегі өнімділігінің жемісі болып табылатындығынан орын алады. Сондықтан өнімнің рыноктық құны мен оның

дара құны арасындағы айырмашылық *өнімділік дәрежесінің* әр түрлілігімен ғана байланысты болуы мүмкін; мұндай болғанда белгілі бір мөлшердегі еңбек жиынтық өнімнің әр түрлі үлесін жасайды. Бұл айырмашылық еш уақытта құн жалпы өндірістің нақ сол сферасында қолданылатын еңбек мөлшеріне *тәуелсіз* анықталады деген ұғымды есте білдірмейді. Егер бір тоннаның рыноктық құны 2 ф. стерлингтен асса, онда мұның өзі I разряд, II және III разрядтармен өзінің арақатынасына қарамастан, өз өнімін жалпы алғанда оның өз құнынан *жоғары* сататындығынан ғана мүмкін болар еді. Бұл ретте рыноктағы істің жайына байланысты, яғни сұраным мен ұсынымның арақатынасы себепті, *рыноктық баға рыноктық құннан* асып кетер еді. Бірақ бұл арада әңгіме етіліп отырған және, жорамал бойынша, рыноктық бағамен тең рыноктық құн *өзінен өзі жоғары* бола алмайды.

Бұл қарастырылып отырған ретте рыноктық құн I разряд өнімінің құнына *тең* болады; I разряд оның үстіне рыноктағы барлық өнімнің  $\frac{3}{10}$  бөлігін береді, өйткені II және III разрядтар сұранымды толық өтеу үшін қанша өнім қажет болса сонша ғана, яғни I разряд өнімімен өтелетін сұранымнан тыс қосымша сұранымды өтеу үшін қанша өнім қажет болса сонша ғана өнім береді. Сондықтан II және III разрядтардың өз өнімін 2 ф. стерлингтен арзан сатуға ешқандай негіздері жоқ, өйткені барлық өнім 2 ф. стерлингтен сатылып кетуі мүмкін. Олар өз өнімін 2 ф. стерлингтен *қымбатқа* да [580] сата алмайды, өйткені I разряд тоннасын 2 ф. стерлингтен сатады.

Бұл заң бойынша *рыноктық құн ең нашар өндіріс жағдайларында* өндірілген, бірақ қажетті ұсынымның бір бөлігі болып табылатын өнімнің дара *құнынан жоғары* болуы мүмкін емес, міне осы заңды Рикардо рыноктық құн осы өнімнің құнынан *төмендеуі* мүмкін емес, яғни әрқашанда сол арқылы белгіленуге тиіс деген мағынада түсіндіреді. Біз мұның қаншалықты қате өкөнін кейінірек көреміз.

I разрядта бір тоннаның рыноктық құны мен бір тоннаның дара құны сәйкес келетіндіктен, оның беретін *рентасы* өнім құнының оның шығындар бағасынан артылған абсолютті мөлшеріне, 10 ф. ст. мөлшеріндегі *абсолюттік рентаға* тең. II разряд 10 ф. ст. дифференциалдық рента, ал III разряд 30 ф. ст. дифференциалдық рента береді, өйткені I разряд белгілеп беретін рыноктық құн олардың өнімдерінің *дара құнынан*, ал осы себепті дара құнның шығындар бағасынан артылған мөлшері болып табылатын 10 ф. ст. абсолютті рентадан да II разрядқа — 10 ф. ст., III разрядқа — 30 ф. ст. артылтады. Сондықтан II разряд 20 ф. ст. жиынтық рента, ал III разряд 40 ф. ст. жиынтық рента әкеледі; өйткені рыноктық құн олардың шығындар бағасынан 20 ф. ст., тиісінше 40 ф. ст. артылтады.

Біз шахталардың өнімділігі кемірек I разрядынан өнімділігі

молырақ II разрядына, II разрядтан өнімділігі одан гөрі көбірек III разрядқа көшу болып жатады деп жорамалдаймыз. II және III разрядтар I разрядтан гөрі өнімдірек, бірақ олар барлық сұранымның  $\frac{7}{10}$  бөлігін ғана қанағаттандырады, сол себепті, жаңа ғана түсіндірілгеніндей, оның құны тиісінше тек 1 ф. ст.  $16^{12/13}$  шилл. және 1 ф. ст. 12 шилл. тұрса да, өз өнімін 2 ф. стерлингтен сата алады. Сұранымды қанағаттандыру үшін керек өнімнің белгілі бір мөлшері әкелінгенде және бұған қоса осы сұранымның түрліше үлесін өтейтін еңбек өнімділігінің градациясы нақты бар болғанда, онда бұл орайда өтудің бір бағытта немесе екінші бағытта болып жататындығына қарамастан, екі реттің екеуінде де неғұрлым өнімдірек разрядтардың рыноктық құны олардың дара құнынан жоғары көтерілетіндігі айқын: бір ретінде мына себептен: олар өнімділігі төмен разряд белгілеп беретін рыноктық құнға тап болады, ал олардың тарапынан жасалатын қосымша ұсыным I разряд белгілейтін рыноктық құнды өзгертуге қандай да сылтау табу үшін жеткілікті дәрежеде мол болмайды; екінші ретінде мына себептен: әуел баста олар белгілеп берген, яғни III немесе II разрядтар белгілеген рыноктық құнды енді I разряд белгілейді, бұл разряд рынок талап ететін қосымша ұсынымды әкеледі және оны ендігі жерде рыноктық құнды белгілейтін неғұрлым жоғары құн бойынша ғана әкеле алады.

[6] РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЕГІНШІЛІК  
ӨНІМДІЛІГІНІҢ ҚҰЛДЫРАУЫ  
КОНЦЕПЦИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ.

АБСОЛЮТТИҚ РЕНТА НОРМАСЫНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ  
МЕН ПАЙДА НОРМАСЫ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ АРАҚАТЫНАСЫ]

Рикардо А кестесінде келтірілген жағдайда мысалы, былай дер еді: Бастапқы пункт — III разряд; қосымша ұсынымды әуелі II разряд әкеледі; ақырында, рынок керек ететін соңғы қосымша ұсынымды I разряд әкеледі; сөйтіп I разряд қосымша 60 тонна, әр тоннасын 2 ф. стерлингтен, не бары 120 ф. стерлингке әкелетіндіктен, ал бұл ұсынымды рынок талап етеді, сондықтан әуелде 1 ф. ст. 12 шилл. ал одан кейін 1 ф. ст.  $16^{12/13}$  шилл. болған әр тоннаның рыноктық құны енді 2 ф. стерлингке дейін көтеріледі. Бірақ сонымен бірге, мұның керісінше, әр тоннасын 2 ф. стерлингтен 60 тонна сұранымды қанағаттандыратын I разряд бастапқы пункт деп алынып, ал одан соң қосымша ұсынымды II разряд әкелгенде, II разрядтың өнімі, оның дара құны не бары 1 ф. ст.  $16^{12/13}$  шилл. тұрса да, 2 ф. ст. мөлшеріндегі рыноктық құн бойынша сатылған ретте де мұның өзі дұрыс болады; өйткені рынокқа керекті 125 тонна, бұрынғысынша, I разряд өзінің 60 тоннасын әр тоннасының құны 2 ф. стерлингтен жеткізіп берген жағдайда ғана әкелінуі мүмкін. Егер жаңадан 75 тонна қо-

сымша ұсыным қажет болып, ал III разряд тек 75 тонна әкеліп, осы қосымша ұсынымды ғана қанағаттандырған, сол себепті бұрынғысынша 2 ф. стерлингтен I разрядтың 60 тоннасы тағы да қажет болған ретте де солай болып шығады. Егер I разряд 200 тонна мөлшеріндегі бүкіл сұранымды қанағаттандыратын болса, онда ол 100 ф. стерлингке сатылар еді. Ол енді де сол бағамен сатылуда, өйткені II және III разрядтар өздерінің өнімдерін 140 тонна көлеміндегі қосымша сұранымды қанағаттандыра алатындай бағамен сатпайды, [XII—581] ал оны өнімнің не бары  $\frac{3}{10}$  бөлігін әкелетін I разряд қанағаттандыра алатын бағамен сатады. Рынокқа қажетті өнімнің 200 тоннаға тең бүкіл массасы бұл арада әр тоннасына 2 ф. стерлингтен сатылады, өйткені бұл мөлшердің  $\frac{3}{10}$  бөлігі, сұранымды өтеу үшін қажетті өнімнің қосымша үлестерін өндіру қай тәртіппен жүргеніне: III разрядтан басталып, II разряд арқылы I разрядқа қарай немесе I разрядтан басталып, II разряд арқылы III разрядқа қарай жүргеніне қарамастан, әр тоннасына 2 ф. стерлингтен ғана өндірілуі мүмкін.

Рикардо былай дейді: Егер бастапқы нүкте III және II разрядтардың өнімдері болса, онда ол өнімдердің рыноктық құны I разряд өнімінің құнына дейін (Рикардодан — шығындар бағасына дейін) көтерілуге тиіс, өйткені I разряд әкелетін  $\frac{3}{10}$  бөлік сұранымды қанағаттандыру үшін қажет; басқаша айтқанда, бұл арада әңгіме осы массаның ерекше бөліктерінің дара құны туралы болып отырған жоқ, бүкіл өнімнің қажетті массасы жайында болып отыр. Бірақ бастапқы нүкте I разряд болып, II және III разрядтар тек қосымша ұсыным әкелген, ал I разряд әкелетін  $\frac{3}{10}$  бөлік бұрынғысынша бәрібір қажет саналатын ретте де дәл солай дұрыс болады; сонымен, егер I разряд рыноктық құнды құлдырау бағытында белгілесе, ол дәл осы себептен рыноктық құнды өрлеу бағытында да белгілөп береді. Демек, А кестесі бізге Рикардоның дифференциалды рента неғұрлым өнімдірек шахтадан немесе топырақтан өнімділігі кемірегіне көшуге байланыстымыс, яғни ол еңбек өнімділігінің кемуіне байланысты-мыс деген көзқарасының қате екендігін көрсетеді. Дифференциалды рента кері қозғалыспен де, олай болса еңбектің өскелең өнімділігімен де дәл солайша сәйкес келеді. Бұл екі қозғалыстың қай ретте қайсысы орын алады, — дифференциалды рентаның мәніне де, оның бар болу фактісіне де мұның ешқандай қатысы жоқ, бұл тарихи мәселе болып табылады. Шын өмірде өрлеу және құлдырау бағыттары бір-бірімен тоғысып жатады, қосымша сұраным бірде өнімділігі неғұрлым жоғары енді бірде неғұрлым кемірек жерлер, көмір кен орындары разрядтарына және сол сияқты табиғи факторларға көшу арқылы қанағаттандырылып жатады. Мұның өзінде әрқашан былай деп жорамалданады: басқа разрядтан өзгеше, жаңа разрядтың табиғи жағдайларында жүзеге асырылатын ұсыным, — оның өнімділігі неғұрлым жоғары немесе

неғұрлым төмен бола ма, мұның бәрібір, — не бары қосымша сұранымға тең болады, яғни *сұраным мен ұсыным арасындағы арасалмақта* ешқандай өзгеріс туғызбайды, демек, *рыноктық құнның өзіндегі өзгерісті* ұсыным азырақ шығындармен жүзеге асырылуы мүмкін кезде туғызбайды, оны тек көбірек шығындармен жүзеге асыруға мүмкін болғанда ғана туғызды.

Сонымен, *A кестесі* бізге Рикардоның бұл негізгі алғы шартының жалғандығын әуел бастан-ақ ашып көрсетеді; Андерсонның мысалынан көрініп отырғанындай, бұл алғы шарт абсолютті рента туралы мәселе жөнінде қате концепция ұстанғанның өзінде де қажет емес еді.

Егер III разрядтан II разрядқа және II разрядтан I разрядқа көшу орын алса, — яғни құлдырау бағытына, барған сайын өнімділігі неғұрлым кем өндіріс жағдайларына ауысса, — онда алғашта III разряд, ал оған 100 ф. ст. капитал жұмсалған, өз товарларын олардың өз құны бойынша, 120 ф. стерлингке сатады. Бұл тоннасына 1 ф. ст. 12 шилл. болады, өйткені III разряд 75 тонна өндіреді. Егер 65 тонна қосымша сұранымды қанағаттандыру қажеттігі туса, онда 100 ф. ст. капитал қолданатын II разряд та өз өнімін оның өз құны бойынша, 120 ф. стерлингке сатады. Бұл тоннасына 1 ф. ст.  $16\frac{2}{13}$  шилл. болады. Ақырында, егер тек I разряд қана беруі мүмкін 60 тонна қосымша ұсыным қажет болып шықса, онда I разряд та өз өнімін 120 ф. стерлингке тең оның өз құнына, яғни тоннасын 2 ф. стерлингтен сатады. Істің жайы бұлай болғанда II разрядтың өнімдері рынокқа әкелінген сәттен бастап III разряд  $18\frac{6}{13}$  ф. ст. дифференциалды рента бере бастар еді, ал бұдан бұрын ол тек 10 ф. ст. абсолютті рента беретін-ді. I разряд көрінісімен-ақ II разряд 10 ф. ст. дифференциалды рента бере бастар еді, ал III разрядтың дифференциалды рентасы 30 ф. стерлингке дейін өскен болар еді.

Егер Рикардо, III разрядтан I разрядқа қарай төмендей келіп I разрядтан рента таба алмаса, онда мұның өзі III разрядты қарастырған кезде оның ешқандай абсолюттік рента жоқ деген пікірге сүйенгендігінен.

Әрине өрлеу және құлдырау бағыттары арасында белгілі бір айырмашылық бар. Егер I разрядтан III разрядқа көшу орын алса, сөйтіп II және III разрядтар тек қосымша ұсыным ғана әкелетін болса, онда рыноктық құн I разряд өнімінің дара құнына, яғни 2 ф. стерлингке тең болып қала береді. Және егер орташа пайда, осы арада жорамалданғанындай, 10 процент болса, онда оның есебіне көмірдің бағасы (тиісінше, бидайдың бағасы; барлық жерде көмірдің бір тоннасын бидайдың кварталімен алмастыруға болады және т. т.) енгізілген деп қабылдауға болады, өйткені көмір тіршілік құралы ретінде жұмысшының тұтынуына да, сондай-ақ өдәуір үлесі қосалқы материал ретінде тұрақты капиталға да кіреді. Демек, егер I разряд өнімдірек болса, немесе

егер көмірдің бір тоннасының құны 2 ф. стерлингтен төменірек болса, қосымша құн нормасы жоғарырақ болар еді, сонымен қабат қосымша құнның өзі де көбірек болар еді, олай болса, *пайда нормасы* да 10 проценттен жоғары болар еді деп дәл солайша есептеуге болады. Бірақ бастапқы нүкте ретінде III разряд алынған кезде бір тонна көмірдің құны нақ солай 2 ф. стерлингтен төмен еді. Көмірдің бір тоннасының ол кезде не бары 1 ф. ст. 12 шиллингке тең [рыноктық] құны II разрядтың өнімі рынокта пайда болысымен-ақ [582] 1 ф. ст. 16<sup>12</sup>/<sub>13</sub> шиллингке дейін, ақырында, I разрядтың өнімі пайда болғанда 2 ф. стерлингке дейін көтерілді. Демек, қалған жағдайлардың бәрін: қосымша еңбектің ұзақтығын, ондірістің басқа жағдайларын және т. т. тұрақты әрі өзгермейтін жағдайлар деп ұйғара отырып,— былай деп алуға болады: III разряд қана пайдаланылып жатқан кезде пайда нормасы жоғары болды (*қосымша құн нормасы* жоғары еді, өйткені жалақы элементтерінің бірі арзанырақ болатын; қосымша құн нормасының неғұрлым жоғары болуы нәтижесінде-ақ қосымша құн массасы, ендеше пайда нормасы да жоғары болды; бірақ бұдан тысқары, қосымша құнның түрі осылайша өзгерген кезде пайда нормасының жоғары болуы тағы да мынадан — тұрақты капиталға кететін шығындар элементтерінің бірі арзанырақ еді), рынокта II разряд өнімі пайда болғанда пайда нормасы төмендеп кетті және, ақырында, I разряд өнімі пайда болған кезде ең төмен дәрежеге дейін, 10 процентке дейін төмендеді. Сонымен, бұл ретте былай деп жорамалданған жөн еді: III разряд қана пайдаланылып жатқан кезде пайда нормасы (бастапқы деректер ретінде алынған нәрсенің бәрін есептемегенде), мысалы, 12 процентке тең болды, сонан соң II разряд бой көрсеткен кезде ол 11 процентке дейін төмендеді және ақырында, рынокта I разряд көрінгенде 10 процентке дейін азайды. Бұл ретте III разрядта абсолютті рента 8 ф. ст. болар еді, өйткені шығындар бағасы 112 ф. ст. болар еді: рынокқа II разрядтың өнімі келіп түскен соң ол 9 ф. ст. болар еді, өйткені шығындар бағасы енді 111 ф. ст. болар еді, ақырында, шығындар бағасы 110 ф. стерлингке дейін төмендейтіндіктен, ол 10 ф. стерлингке дейін көтерілер еді. Демек, бұл арада *абсолютті рента* нормасының өзінде өзгеріс болар еді, мұның өзінде ол өзгеріс *пайда нормасының* өзгерісіне кері қатынаста болар еді. Рента нормасы үдемелі түрде өсер еді, *өйткені* пайда нормасы үдемелі түрде кемір еді. Ал пайда нормасы шахталарда, егіншілікте, т. б. еңбек өнімділігінің төмендеуі салдарынан және осыған сәйкес тіршілік құралдары мен қосалқы материалдардың барған сайын қымбаттауы салдарынан төмендей берер еді.

[в)] ТІРШІЛІК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ШИКІЗАТ ҚҰНЫ  
(ДЕМЕК, МАШИНАЛАР ҚҰНЫ ДА)  
ӨЗГЕРУІНІҢ КАПИТАЛДЫҢ ТАБИҒИ ҚҰРЫЛЫМЫНА  
ТИГІЗЕТІН ЫҚПАЛЫН ҚАРАСТЫРУ

Жоғарыда айтылған ретте *рента нормасының* көтерілген *себебі* — *пайда нормасы төмендеді*. Бұл арада пайда нормасы капиталдың табиғи құрылымында өзгеріс болғандықтан төмендеді ме екен? Егер капиталдың орташа құрылымы  $80c + 20v$  болса, бұл құрылым сол қалпында қалды ма екен? Қалыпты жұмыс күні өзгерген жоқ деп жорамалданады. Әйтпесе тіршілік құралдары қымбаттауының тигізетін ықпалы тоқтап қалуы мүмкін. Бұл арада екі нәрсені саралаған жөн. Біріншіден, тіршілік құралдарының қымбаттауы, ол қосымша еңбек пен қосымша құнның кемуіне бастайды. Екіншіден, тұрақты капиталдың қымбаттауы: айталық, қосалқы материалдың, мысалы көмірдің құны көтерілуі мүмкін; егер әңгіме бидай жөнінде болса, онда тұрақты капиталдың басқа құрамдас бөлігінің құны өсуі мүмкін, тұқымның немесе, бидайдың қымбаттауы салдарынан, қайсыбір басқа шикі өнімнің (шикі материалдың) шығындар бағасы артуы ықтимал. Ақырында, егер қымбаттаған өнім темір, мыс және т. т. болса, онда өнеркәсіптің кейбір салалары үшін қажетті шикізаттың және өнеркәсіптің барлық салалары үшін (түрлі ыдыстарды қоса есептегенде) жабдық жасалатын шикізаттың да құны өседі.

Бір жағынан, капиталдың табиғи құрылымында өзгеріс болған жоқ деп жорамалданады; яғни өндіріс әдісінде қолданылатын тұрақты капитал массасы жөнінен алғанда жұмсауға тура келетін жанды еңбек мөлшерін өсіретіндей немесе кемітетіндей өзгеріс болған жоқ деп жорамалданады. Бұрынғыша, баз баяғы машиналар және т. т. санының көмегімен баз баяғы шикізат массасын өңдеу үшін немесе — шикізат жоқ жерлерде, — сол баз баяғы машиналар, аспаптар және т. т. санын қозғалысқа келтіру үшін (қалыпты жұмыс күнінің шегі өзгермеген жағдайда) *сол баз баяғы жұмысшы саны* керек болады. Бірақ әңгіме капиталдың табиғи құрылымы туралы болған кезде ескерілуге тиісті бұл бірінші көзқарас екінші бір көзқараспен, атап айтқанда, капитал элементтері тұтыну *құндары* ретінде бұрын қанша болса, сонша мөлшерде қолданылса, да, осы элементтер құнының өзгерістерін қарастырумен толықтырылуға тиіс. Бұл арада, өз кезегінде, мына жағдайларды саралау керек.

*Біріншіден: құнның өзгеруі* екі элементке де — өзгермелі және тұрақты капиталға — *бірдей мөлшерде* қатысты. Практика жүзінде, сірә, *еш уақытта* бұлай болмайтын шығар. Бидай және т. т. сияқты егіншілік өнімдері құнының өсуі жалақы (қажетті) мен шикізатты (мысалы, тұқымды) қымбаттатады. Көмірдің қымбаттауы өнеркәсіп салаларының көпшілігінде қажетті жалақы мен



қосалқы материал құнын арттырады. Алайда бірінші жағдайда жалақының артуы өндірістің барлық салаларында, ал шикізаттың қымбаттауы — тек кейбір салаларында ғана орын алады. Көмірге келетін болсақ, ол өндіріске енгенінен гөрі жалақыға азырақ үлеспен енеді. Демек, *жиынтық капиталда* көмір мен бидай құнының өзгеруі капиталдың екі элементіне *бірдей мөлшерде* қатысты болуы неғайбыл. Өйтседе, мұндай жағдай орын алуы ықтимал деп есептеп көрелік.

80  $c$  + 20  $v$  капиталымен өндірілген өнімнің құны 120-ға тең делік. *Жиынтық капитал* үшін өнімнің құны өнімнің шығындар бағасымен сәйкес келеді. Құн мен шығындар бағасы арасындағы айырмашылық нақ жиынтық капитал үшін теңестірілген. Жорамал бойынша капиталдың құрамдас бөліктерінің екеуіне де *пропорциялы түрде бірдей мөлшерде* кіретін көмір сияқты заттың құнының артуы екі элемент үшін де шығындарды  $\frac{1}{10}$  бөлігіндей арттырады екен деп есептелік. Бұл ретте бұрын [шамамен] 70  $c$ -ке қанша товар сатып алу мүмкін болса, 80  $c$ -ке сонша ғана товар сатып алуға болады, бұрын 18  $v$ -мен [шамамен] қанша жұмысшыға ақы төленсе 20  $v$ -мен сонша ғана жұмысшыға ақы төлеуге болады. Немесе, бұрынғы көлемде өндірісті одан әрі жүргізу үшін енді [шамамен] 90  $c$  және 22  $v$  жұмсауға тура келеді. Бұрынғыдай, өнім құны 120, бірақ ендігі жерде шығын — 112 (90 — тұрақты капитал, 22 өзгермелі капитал). Демек, пайда 8-ге тең, ал мұның өзі 112-ге есептегенде  $\frac{1}{14}$ -ге, яғни  $\frac{7}{7}$  процентке тең. Демек, 100-ге тең капитал жұмсалып өндірілген өнімнің құны енді  $107\frac{1}{7}$ -ге тең болады.

Енді осы жаңа капиталға  $c$  пен  $v$  қандай арақатынаспен өнеді? Бұрын  $v$  мен  $c$ -тің арақатынасы 20:80 еді, яғни 1:4 еді, енді — 22:90, немесе 11:45.  $\frac{1}{4} = \frac{45}{180}$ ;  $\frac{11}{45} = \frac{44}{180}$ . Сөйтіп, тұрақты капиталға қатысты алғанда, өзгермелі капитал [583]  $\frac{1}{180}$  бөлігіндей азайды. Демек, жорамал бойынша, көмірдің және т. т. қымбаттауы капиталдың екі бөлігінің екеуіне де *пропорциялы түрде бірдей мөлшерде* ықпал етеді деп есептеу үшін біз  $88 c + 22 v$  деп алуға тиістіміз. Өйткені өнім құны 120-ға тең; жұмсалғаны  $88 + 22 = 110$ . Пайда ретінде қалатыны — 10.  $22:88 = 20:80$ .  $c$ -тің  $v$ -ға қатынасы, бұрынғы капиталда қандай болса, сол қалпы қалды. Арақатынас, бұрынғыдай  $v:c = 1:4$ . Бірақ 10 мөлшеріндегі пайда 110-ға есептегенде  $\frac{1}{11}$ , яғни  $9\frac{1}{11}$  процент болып шығады. Демек, егер өндіріс бұрынғы көлемде одан әрі жүргізілуі керек болса, онда 110 мөлшерінде капитал жұмсалуды қажет, ал бұрын 100 мөлшерінде жұмсау керек еді, өнім құны, бұрынғысындай, 120-ға тең<sup>86</sup>. Ал 100 өлшем бірлігіндегі капитал үшін өнім құны  $109\frac{1}{11}$  болғанда табиғи құрылым  $80 c + 20 v$  болар еді.

[*Екіншіден:*] егер жоғарыда келтірілген мысалда 80  $c$  мөлшерлі құн өзгеріссіз қалып,  $v$  мөлшерлі құн ғана өзгерсе, сол себепті бізде 20  $v$ -ның орнына 22  $v$  болатын болса, онда бұрынғы 20:80,

немесе 10:40 арақатынасы енді 22:80, немесе 11:40 арақатынасына айналар еді. Ендеше, егер мұндай өзгеріс болса, онда капитал  $80c + 22v$ , ал өнім құны 120 болар еді; демек, шығын 102, ал пайда 18, яғни  $17^{33}/_{51}$  процент.  $22:18 = 21^{29}/_{51} : 17^{33}/_{51}$ . Егер  $22v$  құны 80 мөлшерлі тұрақты капиталды қозғалысқа келтіру үшін жалақыға жұмсалуға тиісті капиталды құрайтын болса, онда құн  $78^{22}/_{51}$ -ге тең тұрақты капиталды қозғалысқа келтіру үшін  $21^{29}/_{51}$  қажет. Мұндай арақатынаста 100 өлшем бірлігіндегі капиталдан  $78^{22}/_{51}$ -сі ғана машиналар мен шикізаттың үлесіне тиер еді, ал  $21^{29}/_{51}$ -ы жалақыға кетер еді, ал бұрын 80-ні шикізатқа және т. т., 20-сы ғана жалақыға жұмсалатын. Өнімнің құны енді  $117^{33}/_{51}$ -ге тең, ал капитал құрылымы  $78^{22}/_{51}c + 21^{29}/_{51}v$  болады. Бірақ  $21^{29}/_{51} + 17^{33}/_{51} + 39^{11}/_{51}$ . Капиталдың бұрынғы құрылымы кезінде барлық қосылған еңбек 40-қа тең еді; енді ол  $39^{11}/_{51}$ -ге тең, немесе бұрынғысынан  $40/_{51}$  кем; бұл өзгерістің себебі мынада: *енді*, тұрақты капиталдың құны өзгермегенмен, тұрақты капиталды азырақ қолдануға тура келеді, олай болса, 100 өлшем бірлігіндегі капиталмен, бұрынғыға қарағанда біршама азырақ еңбекті, қымбатырақ төленетін болса да, қозғалысқа келтіруге болады.

Сонымен, шығындардың қайсыбір элементіндегі өзгеріс — бұл арада қымбаттау, құнның артуы — тек жалақының (қажетті) өзгеруін ғана туғызса, онда мынадай жағдайлар орын алады: біріншіден, қосымша құн нормасы төмендейді; екіншіден, нақты сол капитал тұсында тұрақты капитал азырақ, шикізат пен машиналар азырақ қолданылуы мүмкін. Өзгермелі капиталмен салыстырғанда, капиталдың тұрақты бөлігінің абсолютті массасы кемиді, мұның өзі басқа жағдайлар өзгеріссіз қалғанда әрқашан пайда нормасының артуын (егер тұрақты капиталдың құны өзгеріссіз қалса) туғызуға тиіс. Тұрақты капиталдың құны өзгеріссіз қалғанмен, оның массасы азаяды. Бірақ қосымша құн нормасы және қосымша құнның өзі кемиді, өйткені қосымша құн нормасы кеміген кезде жұмыс істейтін жұмысшылар саны көбеймейді. Қосымша құн нормасы — қосымша еңбек нормасы — тұрақты және өзгермелі капитал арасындағы қатынас нормасынан гөрі көбірек мөлшерде төмендейді. Енді сол *баз баяғы тұрақты капитал массасын* қозғалысқа келтіру үшін *дәл сондай жұмысшы санын* пайдалану, бұрынғыдай, яғни еңбектің дәл сондай абсолютті мөлшерін қолдану қажет болады. Бірақ еңбектің бұл абсолютті мөлшерінен көбірегі қажетті еңбектің, азырағы қосымша еңбектің үлесіне келеді. Демек, *еңбектің дәл сондай мөлшеріне* қымбатырақ төленуге тиіс. Сондықтан *дәл сол* капиталдың өзі — мысалы, 100 — тұрақты капиталға азырақ жұмсайды, өйткені кемірек тұрақты капиталды қозғалысқа келтіру үшін оған өзгермелі капиталға көбірек жұмсауға тура келеді. Қосымша құн нормасының төмендеуі бұл арада белгілі бір капитал қолданатын еңбектің абсолютті мөлшерінің өсуімен, немесе ол пайдаланатын жұмыс-

шылар санының көбеюімен байланысты емес. Демек, қосымша құнның өзі бұл арада қосымша құн нормасының төмендеуіне қарай өсе алмайды.

Сонымен, егер капиталдың құрамдас бөліктері олардың материалдық жағынан, тұтыну құны ретінде алып қарастырылатындықтан капиталдың табиғи құрылымы өзгеріссіз қалатын болса; демек, егер капитал құрылымындағы өзгеріс сол капитал жұмсалған өндіріс сферасы ішіндегі *өндіріс әдісінің* өзгеруімен байланысты болмай, тек *жұмыс күші құнының* артуымен, сондықтан қажетті жалақының артуымен байланысты болса (ал мұның өзі қосымша еңбектің азаюына, немесе қосымша құн нормасының төмендеуіне барабар, өйткені бұл төмендеуді нақ сол шамада капитал, мысалы, 100 өлшем бірлігіндегі капитал қолданатын жұмысшылар санының көбеюі бұл ретте тұтас та, ішінара да тоқтата алмайды), онда пайда нормасының төмендеуі тек қосымша құнның өзінің төмендеуінен ғана деп білу керек. Онда капиталдың табиғи құрылымындағы өзгеріс нақ осы себептің өзінен туады. Бұл өзгеріс — өндіріс әдісі өзгермегенде, тікелей және қорланған еңбектің қолданылатын массалары арасында арақатынас өзгеріссіз қалғанда — тікелей және қорланған еңбектің *қолданылатын массаларының құны (пропорциялы құны)* өзгеруі себепті ғана туады. Дәл сол капитал, [584] өзі қолданатын тұрақты капиталдың кемірек мөлшеріне пропорциялы түрде, тікелей еңбекті азырақ қолданады, бірақ ол еңбектің осы азырақ мөлшеріне қымбатырақ төлейді. Сондықтан ол тұрақты капиталдың кемірек мөлшерін ғана қолдана алады, өйткені тұрақты капиталдың осы кемірек мөлшерін қозғалысқа келтіретін еңбектің азырақ мөлшері жиынтық капиталдың неғұрлым ірі үлесін сіңіреді. Капиталист тұрақты капиталдың 78 өлшем бірлігін қозғалысқа келтіру үшін енді, айталық, 22 өлшем бірлігі өзгермелі капитал жұмсауға тиіс, ал бұрынғырақ 80 с-ті қозғалысқа келтіру үшін не бары 20 *v* жұмсаса да жеткілікті болатын.

Демек, өндірілуі жер меншігіне байланысты өнімнің қымбаттауы жалақыға ғана қатысты болатын жағдай міне осындай. Бұл өнім арзандағанда қарама-қарсы нәтиже шығар еді.

Бірақ жоғарыда [*«біріншіден»* деген рубрикада] ұйғарылған жағдайды алайық. Екіншілік өнімінің қымбаттауы тұрақты және өзгермелі капиталға *пропорциялы түрде бірдей шамада* ықпал жасайтын болсын. Демек, мұнда, ұйғарымға сәйкес, *капиталдың табиғи құрылымында* ешқандай өзгеріс болмайды. Біріншіден, *өндіріс әдісінде өзгеріс жоқ*. Тікелей еңбектің сол абсолютті мөлшері, бұрынғысынша, *жинақталған еңбектің сондай* мөлшерін іске қосады. Еңбектің бұл массалары арасындағы арақатынас бұрынғысынша қалады. Екіншіден, *жинақталған және тікелей еңбектің құндық арақатынасында өзгеріс жоқ*. Егер олардың бірінің

құны жоғарыласа немесе төмендесе, онда бұған *пропорциялы* түрде екіншісінің де құнында тиісті өзгеріс болады, демек, олардың арасындағы арақатынас өзгеріссіз қалады. Алайда бізде бұрынғы бары  $80c + 20v$  болатын. *Өнімнің құны* = 120. Біздегі ендігі бары  $88c + 22v$ . *Өнімнің құны* = 120. Бұл 110-ға 10, немесе  $9\frac{1}{11}$  процент пайда береді. Демек,  $80c + 20v$  капиталға өнімнің құны  $109\frac{1}{11}$  болады.

Біздегі бұрынғы бары:

Турақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Пайда нормасы	Қосымша құн нормасы
80	20	20	20%	100%

Біздегі ендігі бары:

Турақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Пайда нормасы	Қосымша құн нормасы
80	20	$9\frac{1}{11}$	$9\frac{1}{11}\%$	$45\frac{5}{11}\%$

80 *c* мұнда шикізаттың, т. б. аз мөлшерін көрсетеді; 20 *v* — тиісінше еңбектің аз абсолютті мөлшерін көрсетеді. Шикізат т. б. қымбаттай түсті; сондықтан 80-ге сатып алынған шикізаттың, т. б. мөлшері азайды; демек, *өндіріс әдісі өзгеріссіз* қалғандықтан ол тікелей еңбектің аз санын қажет етеді. Алайда тікелей еңбектің бұл аз саны бұрын оның көп саны қанша тұрса, сонша тұрады, және ол шикізат, т. б. қандай мөлшерде болса, дәл сондай мөлшерде қымбаттады, демек, сондай мөлшерде азайды да. Олай болса, егер қосымша құн өзгеріссіз қалса, онда пайда нормасы да, шикізат, т. б. қанша қымбаттаса, өзгермелі капиталдың құнының тұрақты капиталдың құнына қатынасы қандай мөлшерде өзгерген болса, сонша мөлшерде азайған болар еді. Бірақ қосымша құнның нормасы бұрынғы күйінде қалған жоқ, ол өзгермелі капитал құнының қалай өсуіне сәйкес өзгерді.

[Басқа бір] мысал алайық.

Бір қадақ мақтаның құны 1 шиллингтен 2 шиллингке дейін көтерілді. 80 ф. стерлингке {мұнда машиналар, т. б. 0-ге тең дейік} бұрын 1 600 қадақ мақта сатып алуға болатын еді. Енді 80 ф. стерлингке тек 800 қадақ мақта ғана сатып алуға болады. 1 600 қадақ мақтадан жіп піру үшін бұрын жалақыға 20 ф. ст. жұмсау қажет еді, бұл 20 жұмысшыға сәйкес келеді делік. 800 қадақты өңдеу үшін 10 жұмысшы ғана қажет, өйткені өндіріс әдісі *өзгеріссіз* қалды. Бұрын 10 жұмысшы 10 ф. ст. тұрған болар еді, қазір олар 20 ф. ст. тұрады, бұрын 40 ф. ст. тұратын, қазір 80 ф. ст. тұратын дәл 800 қадақ мақта сияқты. Бұрын пайда 20 процент болатын делік. Сөйтіп мынадай жорамал жасалып отыр:

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн
I	80 ф. ст.=1600 қадақ мақтаға	20 ф. ст.=20 жұмысшыға	20 ф. ст.
II	80 ф. ст.=800 қадақ мақтаға	20 ф. ст.=10 жұмысшыға	10 ф. ст.

	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	1 қадақ жіптің бағасы
I	100%	20%	1600 қадақ жіп	1 шиллинг 6 пенс
II	50%	10%	800 қадақ жіп	2 шиллинг 9 пенс

Шын мәнінде де, егер 20 жұмысшы өндіретін қосымша құн 20 ф. стерлингке тең болса, онда 10 жұмысшы өндіретін қосымша құн 10 ф. стерлингке тең болады; алайда оны өндіру үшін бұрынғыдай 20 ф. ст. төлеу қажет, ал бұрынғы жағдайға сәйкес тек 10 ф. ст. төленген болар еді. Өнімнің құны [585] бір қадақ жіптің құны бұл арада қайткенде де жоғарылауы қажет, өйткені өнімде жинақталған еңбек те (бір қадақ жіпке кеткен мақтада) нақтылы еңбек те көбірек.

Егер тек мақтаның ғана құны артып, жалақы өзгеріссіз қалса, онда 800 қадақ мақтаны жіп қылып иіру үшін бұрынғысынша 10 жұмысшы ғана қажет болар еді. Алайда бұл 10 жұмысшы 10 ф. ст. қана тұрар еді. Демек, қосымша құн нормасы бұрынғысынша 100 процент болар еді. 800 қадақ мақтадан жіп иіру үшін 10 жұмысшы қажет болып, оларға 10 ф. ст. капитал жұмсалады. Демек, капиталдың жиынтық жұмсалуы 90 ф. стерлингке тең. Бұл жағдайда қашанда 80 қадақ мақтаға 1 жұмысшыдан келеді деп жобаланар еді. Сондықтан 800 қадаққа — 10 жұмысшы, 1600 қадаққа — 20 жұмысшы. Демек енді барлық 100 ф. ст. капитал неше қадақ мақтаны жіпке айналдыра алар еді?  $88\frac{8}{9}$  ф. стерлингке мақта сатып алуға, ал  $11\frac{1}{9}$  ф. стерлингті жалақыға жұмсауға болар еді.

Арақатынас былай болар еді:

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн
III	$88\frac{8}{9}$ ф. ст.= $888\frac{8}{9}$ қадақ мақтаға	$11\frac{1}{9}$ ф. ст.= $11\frac{1}{9}$ жұмысшыға	$11\frac{1}{9}$ ф. ст.

	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	Бір қадақ жіптің бағасы
III	100%	$11\frac{1}{9}\%$	$888\frac{8}{9}$ қадақ жіп	2 шилл. 6 пенс

Бұл жағдайда өзгермелі капиталдың құнында өзгеріс болмайды және қосымша құн нормасы, демек, өзгеріссіз қалады.

I жағдайда өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы 20:80 немесе 1:4 қатынасындай. III жағдайда ол тұрақты капиталға  $11\frac{1}{9}:88\frac{8}{9}$  немесе 1:8 қатынасындай, демек өзгермелі капитал мұнда салыстырмалы түрде екі есе азайды, өйткені тұрақты капиталдың құны екі есе көбейді. Жұмысшылардың сол саны мақтаның сол мөлшерінен жіп иіреді, бірақ 100 ф. ст. капитал енді тек  $11\frac{1}{9}$  жұмысшыны ұстай алады, сонда қалған  $88\frac{8}{9}$  ф. стерлингке 1 жағдайдағы 1600 қадақ мақтаның орнына  $888\frac{8}{9}$  қадақ қана мақта сатып алуға болады. Қосымша құн нормасы сол күйінде қалды. Алайда тұрақты капиталдың құнының өзгеруі салдарынан 100 ф. ст. капиталға жұмысшылардың бұрынғы санын ұстауға болмайды; өзгермелі және тұрақты капитал арасындағы арақатынас өзгерді. Осының нәтижесінде қосымша құнның массасы, ал онымен бірге пайда да азаяды, өйткені бұл қосымша құн бұрынғысындай капиталдың сол мөлшердегі жұмсалынуына есептелінеді. Бірінші жағдайда өзгермелі капитал (20 ф. стерлингке тең) тұрақты капиталдың (20:80)  $\frac{1}{4}$ -ін және жиынтық капиталдың  $\frac{1}{5}$ -ін құраған еді. Енді ол ( $11\frac{1}{9}$  ф. ст.) тұрақты капиталдың ( $11\frac{1}{9}:88\frac{8}{9}$ ) не бары  $\frac{1}{8}$  және 100 ф. ст. жиынтық капиталдың  $\frac{1}{9}$  бөлігін құрайды. Бірақ  $100\frac{1}{5}$  ф. стерлингке немесе 20 ф. стерлингке 100 процент 20 ф. ст. құрайды, ал  $100\frac{1}{9}$  ф. стерлингке немесе  $11\frac{1}{9}$  ф. стерлингке 100 процент  $11\frac{1}{9}$  ф. ст. қана құрайды. Жалақы өзгермеген немесе өзгермелі капиталдың құны өзгермеген жағдайда өзгермелі капиталдың абсолютті көлемі мұнда азаяды, өйткені тұрақты капиталдың құны артты. Сондықтан өзгермелі капиталдың проценттік үлесі, ал сонымен бірге қосымша құнның өзі де, оның абсолютті көлемі де, сондықтан пайда нормасы да азаяды.

Өзгермелі капиталдың құны өзгермейтін және өндіріс әдісі өзгермейтін (демек, қолданылатын еңбек массасының, шикізаттың және машиналардың арасындағы бұрынғы қатынас сақталатын жағдайда) тұрақты капитал құнының өзгеруі [бұл жерде — өсуі] капиталдың құрылымында мынадай өзгеріс: тұрақты капиталдың құны өзгермеген, ал еңбекке жұмсалған капиталмен салыстырғанда құны өзгермеген [тұрақты] капиталдың көбірек массасы (демек, оның құнының көбірек сомасы) қолданылған кезде болатындай өзгеріс тудырады. Мұның болмай қоймайтын салдары — пайданың төмендеуі. (Тұрақты капиталдың құны төмендегенде керісінше жағдай болады.)

Керісінше, өзгермелі капитал құнының өзгеруі (қазіргі жағдайда — өсуі) тұрақты капиталға қатысты өзгермелі капиталды көбейтеді, демек, өзгермелі капиталдың проценттік үлесін, немесе жиынтық капиталдағы оның құрайтын пропорциялы үлесін ұлғайтады. Сөйте тұра мұнда пайда нормасы көбеймейді, қайта

азаяды. Мұның өзі *өндіріс әдісі сол күйінде* қалғандықтан осылай болады. Сол мөлшердегі шикізат, машина, т. б. массасын өнімге айналдыру үшін нақты еңбектің бұрынғысынша мөлшері қолданылады. Мұнда жоғарыдағы келтірілген жағдайдағы сияқты, сол 100 ф. ст. капиталмен тікелей және қорланған еңбектің кемірек массасын ғана іске қосуға болады [586], бірақ тікелей еңбектің осы азайған мөлшері қымбатырақ тұрады. Қажетті жалақы жоғарылады. Тікелей еңбектің осы азайған мөлшерінің неғұрлым ірі бөлігі қажетті еңбектің есесін қайтарады, демек, оның жаңағыдан кемірек бөлігі қосымша еңбекті құрайды. Қосымша құн нормасы төмендеді, сонымен қатар жұмысшылар саны немесе сол капиталдың қарамағындағы еңбектің жиынтық мөлшері де азайды. Тұрақты капиталдың массасына пропорциялы түрде қолданылатын *еңбек массасы* азайса да, өзгермелі капитал тұрақты капиталға қатысты, ал осы себептен жиынтық капиталға қатысты да көбейді. Сондықтан да қосымша құн, ал онымен бірге пайда нормасы да төмендейді. Бұдан бұрынғы жағдайда пайда нормасының төмендеген себебі *қосымша құнның нормасы өзгермеген жағдайда* өзгермелі капитал тұрақты капиталға қарағанда, демек, жиынтық капиталға қарағанда да *азайды*; басқаша айтқанда *қосымша құнның нормасы өзгермеген жағдайда* жұмысшылар саны азайып, оның көбейткіші төмендеп кеткендіктен қосымша құн кеміді. Бұл жолы пайда нормасының құлдыраған себебі тұрақты капиталға қарағанда, демек, жиынтық капиталға қарағанда да өзгермелі капитал *артады*, бірақ өзгермелі капиталдың бұл артуы жұмсалатын еңбек (*нақ сол* капитал қолданатын еңбек) мөлшерінің азаюымен қатар болады; басқаша айтқанда бұл жерде қосымша құнның құлдырайтын себебі оның *нормасының төмендеуі* жұмсалатын еңбек мөлшерінің кемуіне байланысты. Тұрақты капиталға қарағанда *ақысы төленген* еңбек көбейді, бірақ қолданылатын еңбектің жиынтық мөлшері азайды.

Демек, құндағы бұл өзгерістер әрқашан қосымша құнның өзіне ықпал жасайды, екі жағдайда да қосымша құнның абсолюттік массасы азаяды, өйткені оның екі факторының бірі азаяды, немесе осы екі фактор да бір уақытта азаяды; бір жағдайда оның азаю себебі — қосымша құнның сол бұрынғы нормасы тұсында жұмысшылар саны азаяды; екіншісінде ол капиталдың 100 өлшеміне шаққандағы қосымша құнның нормасы мен жұмысшылар саны азайғандықтан кемиді.

Ақыры біз екіншілік өнімінің құнындағы өзгеріс капиталдың екі бөлігінде де *бірдей пропорциялы мөлшерде* ықпал жасайтын және, демек, *құнның бұл өзгеруі* капиталдың табиғи құрылымының өзгеруімен қатарласпайтын II жағдайға келдік.

Бұл жағдайда (584-бетті қараңыз)\* I қадақ жіптің құны

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 289—290-беттер. Ред.

1 шиллинг 6 пенстен 2 шиллинг 9 пенске дейін көтеріледі, өйткені ол енді бұрынғыдан көбірек жұмыс уақытының өнімі болып табылады. Енді бір қадақ жіпте бұрын қанша болса, сонша тікелей еңбек болса да (алайда мұнда ақысы төленген еңбек көбірек те, ақысы төленбеген еңбек азырақ), бірақ онда жинақталған еңбек енді бұрынғыдан көбірек. Мақта құнының 1 шиллингтен 2 шиллингке дейін өзгеруі 1 қадақ жіптің құнына енді 1 шиллингтің орнына 2 шиллингтің кіруіне әкеліп соғады.

Алайда 584-беттегі II мысал дұрыс құрылмаған.

Бізге болғаны:

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн
I	80 ф. ст. = 1 600 қадақ мақтаға	20 ф. ст. = 20 жұмысшыға	20 ф. ст.

	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	Бір қадақ жіптің бағасы
I	100%	20%	1 600 қадақ жіп	1 шиллинг 6 пенс

20 жұмысшының еңбегі 40 ф. стерлингпен белгіленеді. Бұл соманың жартысы бұл жерде — ақысы төленбеген еңбек, сондықтан қосымша құн 20 ф. ст. болады. Осы арақатынасқа сәйкес 10 жұмысшы 20 ф. ст. өндіреді, оның 10 ф. стерлингін жалақыны, 10 ф. ст. қосымша құнды құрайды.

Демек, егер жұмыс күшінің құны шикізат құны сияқты дәл сол пропорцияда артқан болса, яғни екі есе артқан болса, онда ол бұрын 20 жұмысшы үшін 20 ф. стерлингке тең болғаны сияқты 10 жұмысшы үшін 20 ф. стерлингке тең болар еді. Бұл жағдайда ешқандай қосымша еңбек болмас еді. Өйткені 20 жұмысшы келтіретін құн ақшаға шаққанда 40 ф. ст. болса, онда 10 жұмысшы келтіретін құн ақшаға шаққанда 20 ф. стерлингке [яғни III жағдайда көрсетілген бүкіл өзгермелі капиталдың құнына] тең болар еді. Бұл мүмкін емес. Бұлай болғанда капиталистік өндірістің базисі жоғалып кетер еді.

Алайда, болжам бойынша, тұрақты капитал мен өзгермелі капитал құнының өзгеруі *бірдей* (пропорциялы) болуға тиіс болғандықтан, бізге бұл жағдайды басқаша көрсетуге тура келеді. Сонымен егер мақтаның құны  $\frac{1}{3}$ -ге көтерілді деп ұйғарсақ, онда енді 80 ф. стерлингке 1 200 қадақ мақта сатып алуға болады, ал бұрын бұл ақшаға 1 600 қадақ сатып алуға болатын еді. Бұрын 1 ф. ст. 20 қадақ мақтаға тең еді, немесе 1 қадақ мақта  $\frac{1}{20}$  ф. стерлингке, яғни 1 шиллингке тең еді. Енді 1 ф. ст. 15 қадақ мақтаға тең, немесе 1 қадақ мақта  $\frac{1}{15}$  ф. стерлингке, яғни  $\frac{1}{2}$  шил-



лингке немесе 1 шиллинг 4 пенске тең. Бұрын 1 жұмысшы 1 ф. стерлингке түсетін еді, енді ол  $1\frac{1}{3}$  ф. стерлингке, яғни 1 ф. ст.  $6\frac{2}{3}$  шиллингке, немесе 1 ф. ст. 6 шилл. 8 пенске түседі, 15 жұмысшыға бұл 20 ф. ст. ( $15$  ф. ст. +  $15\frac{1}{3}$  ф. ст.) болып шығады. [587] 20 жұмысшы 40 ф. ст. құн өндіретіндіктен, 15 жұмысшы 30 ф. ст. құн өндіреді. Бұл құнның 20 ф. стерлингін енді олардың жалақысы болады, ал 10 ф. ст. қосымша құнды, немесе ақы төленбеген еңбекті құрайды.

Демек, біздегі бары:

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн
IV	80 ф. ст. = 1 200 қадақ мақтаға	20 ф. ст. = 15 жұмысшыға	10 ф. ст.

	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	Бір қадақ жіптің бағасы
IV	50%	10%	1 200 қадақ жіп	1 шилл. 10 пенс

Бұл 1 шилл. 10 пенстің 1 шилл. 4 пенсі мақтаға, ал 6 пенсі еңбекке келеді.

Мақта  $\frac{1}{3}$ -ге қымбаттағандықтан өнім де қымбаттады. Бірақ өнім  $\frac{1}{3}$ -ге қымбаттаған жоқ. Бұрын, I жағдайда ол 18 пенс тұратын; демек, ол  $\frac{1}{3}$ -ге қымбаттаса, енді  $18+6$ , яғни 24 пенс тұрар еді. Сөйте тұра ол 22 пенс қана тұрады. Бұрын 1 600 қадақ жіпте 40 ф. ст. еңбек бар еді, демек, 1 қадақ жіпте  $1\frac{1}{40}$  ф. ст.,  $\frac{20}{40}$  немесе  $\frac{1}{2}$  шилл., яғни 6 пенс еңбек бар еді. Енді 1 200 қадақ жіпте 30 ф. ст. еңбек бар; демек, 1 қадақ жіпке келетін еңбек те  $\frac{1}{40}$  ф. ст., яғни  $\frac{1}{2}$  шилл., немесе 6 пенс болады. Еңбек шикізат сияқты шамада қымбаттаса да, 1 қадақ жіптегі тікелей еңбектің мөлшері бұрынғы күйінше қалды; алайда бұл мөлшерде енді ақысы төленген еңбек көбірек те, ақысы төленбеген еңбек азырақ. Сондықтан жалақы құнының мұндай өзгеруі бір қадақ жіптің, өнімнің құнында еш өзгеріс жасамайды. Мұнда еңбекке бұрынғысынша тек 6 пенс қана келеді, ал мақтаға бұрынғы 1 шиллингтің орнына енді 1 шилл. 4 пенс келеді. Демек, жалпы алғанда, егер товар өз құны бойынша сатылатын болса, жалақы құнының өзгеруі өнімнің бағасына еш өзгеріс енгізе алмайды. Бірақ бұрын 6 пенстің 3 пенсі жалақыға кететін де, қосымша құнға да 3 пенс келетін. Енді 6 пенстің 4 пенсі жалақыға, 2 пенсі қосымша құнға кетеді. Шынында да 1 қадақ жіптің 3 пенс жалақысы 1 600 қадақ жіп үшін  $3 \times 1\ 600$  пенс, яғни 20 ф. ст. болады, ал 1 қадаққа 4 пенс 1 200 қадақ жіп үшін  $4 \times 1\ 200$  пенс, яғни 20 ф. ст. болады. Бірақ 15 пенске қатысты 3 пенс (1 шилл. мақта плюс 3 пенс жа-

лақы) бірінші жағдайда пайданың  $\frac{1}{5}$  -ін, яғни 20 процент пайда құрайды. Керісінше, 20 пенске қатысты 2 пенс (16 пенс мақта плюс 4 пенс жалақы) пайданың  $\frac{1}{10}$  -ін, немесе 10 процентін құрайды.

Егер жоғарыда келтірілген мысалда мақтаның бағасы бұрынғыша қалса, онда біз мынаған ие болар едік. 1 жұмысшы өндіріс әдісі барлық мысалдарда *сол күйінде* қалатындықтан — 80 қадақ мақтадан жіп иіреді, ал 1 қадақ мақта тағы да 1 шиллингке тең.

Капитал енді былайша бөлінеді <sup>87</sup>:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн
73 $\frac{1}{3}$ ф. ст. = 1 466 $\frac{2}{3}$ қадақ мақтаға	26 $\frac{2}{3}$ ф. ст. (20 жұмысшы)	13 $\frac{1}{3}$ ф. ст.

Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	1 қадақ жіптің бағасы
50%	13 $\frac{1}{3}$ %	1 466 $\frac{2}{3}$ қадақ жіп	1 $\frac{6}{11}$ шилл.

Бұл есеп мүмкін емес; өйткені егер бір жұмысшы 80 қадақ мақтадан жіп иірсе, онда 20 жұмысшы 1 466 қадақ емес 1 600 қадақ мақта иіреді, *өйткені өндіріс әдісі өзгермейді* деп ұйғарылған. Жұмысшыға әр түрлі ақы төленуі бұл фактіде еш нәрсені өзгерте алмайды. Демек, мысалды басқаша құру керек:

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	Бір қадақ жіптің бағасы
II	75 ф. ст. = = 1 500 қадақ мақта- ға	25 ф. ст. (18 $\frac{3}{4}$ жұмыс- шы)	12 $\frac{1}{2}$ ф. ст.	50%	12 $\frac{1}{2}$ %	1 500 қадақ жіп	1 шилл. 6 пенс

Бұл 6 пенстің жалақыға 4 пенсі келеді де, 2 пенсі пайдаға келеді. 16 пенске қатысты 2 пенс [1 шилл. мақта плюс 4 пенс жалақы]  $\frac{1}{3}$ , яғни 12 $\frac{1}{2}$ % құрайды.

Егер ақырында, өзгермелі капиталдың құны өзгермей (1 жұмысшы = 1 ф. ст.), тұрақты капиталдың құны өзгерген болса, сөйтіп 1 қадақ мақта 1 шиллингтің орнына 1 шилл. 4 пенс, немесе 16 пенс тұратын болса, онда біз мынадай нәтижеге жетер едік:

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Қосым. құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	Бір қадақ жіптің бағасы
III	84 <sup>4</sup> / <sub>19</sub> ф. ст. = = 1 263 <sup>3</sup> / <sub>19</sub> қадақ мақтаға	15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub> ф. ст. (= 15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub> жұмысшыға)	15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub>	100%	15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub> %	1263 <sup>3</sup> / <sub>19</sub> қадақ жіп	1 шилл. 10 пенс

[588] Пайда 3 пенске тең. Бұл 19 пенске қатысты [16 пенс мақта плюс 3 пенс жалақы] дәлме-дәл 15<sup>15</sup>/<sub>19</sub>% болады.

Енді құнда өзгеріс әлі болмаған I ден бастап барлық төрт жағдайды да салыстырайық.

	Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Өнім	Бір қадақ жіптің бағасы	Пайда
I	80 ф. ст. = 1 600 қадақ мақтаға	20 ф. ст. = 20 жұмысшыға	20 ф. ст.	100%	20%	1 600 қадақ жіп	1 ш. 6 п.	3 п.
II	75 ф. ст. = 1 500 қадақ мақтаға	25 ф. ст. = 18 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> жұмысшыға	12 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> ф. ст.	50%	12 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> %	1 500 қадақ жіп	1 ш. 6 п.	2 п.
III	84 <sup>4</sup> / <sub>19</sub> ф. ст. = 1 263 <sup>3</sup> / <sub>19</sub> қадақ мақтаға	15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub> ф. ст. = 15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub> жұмысшыға	15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub> ф. ст.	100%	15 <sup>15</sup> / <sub>19</sub> %	1 263 <sup>3</sup> / <sub>19</sub> қадақ жіп	1 ш. 10 п.	3 п.
IV	80 ф. ст. = 1 200 қадақ мақтаға	20 ф. ст. = 15 жұмысшыға	10 ф. ст.	50%	10%	1 200 қадақ жіп	1 ш. 10 п.	2 п.

III және IV жағдайда өнімнің бағасының өзгеру себебі тұрақты капиталдың құны өзгерді. Керісінше өзгермелі капитал құнының өзгеруі өнімнің бағасына ешқандай өзгеріс енгізген жоқ, өйткені тікелей еңбектің абсолюттік мөлшері өзгеріссіз қалады, тек қана қажетті және қосымша еңбекке әр түрлі болып бөлінеді.

Ал, IV жағдайда, құнның өзгеруі тұрақты капитал мен өзгермелі капиталға *пропорциялы бірдей шамада* ықпал жасаған, екеуі де өз құндары бойынша  $\frac{1}{3}$ -ге көбейген жағдайда істің жайы қалай болмақ?

Егер тек жалақы ғана жоғарылаған болса (II жағдай), онда пайда 20 проценттен 12<sup>1</sup>/<sub>2</sub> процентке, яғни 7<sup>1</sup>/<sub>2</sub> өлшемге төмендер еді. Егер құн жағынан тұрақты капитал ғана артқан болса (III

жағдай) онда пайда  $20$  проценттен  $15^{5/19}$  процентке, яғни  $4^{4/19}$  өлшемге төмендер еді. Біз қарастырып отырған IV жағдайда жалақы да, тұрақты капиталдың құны да бірдей шамада артқандықтан, пайда  $20$  проценттен  $10$  процентке дейін, яғни  $10$  өлшем кеміп отыр. Бірақ кемігенде II және III жағдайдағы айырманың сомасын құрайтын  $7^{1/2} + 4^{4/19}$ -ке, яғни  $11^{27/38}$ -ге кемімейтіні неліктен? Нәтижесінде пайда (IV жағдай)  $10$  процентке дейін емес,  $8^{11/38}$  процентке дейін төмендеуге тиіс болған осы  $1^{27/38}$  жөнінде өзімізге есеп беруіміз керек. Пайданың көлемі қосымша құнның сомасымен анықталады, ал бұл сома, қосымша еңбектің берілген нормасы жағдайында, жұмысшылардың *санымен* анықталады. I жағдайда  $20$  жұмысшы бар және олардың жұмыс уақытының жартысының ақысы төленбеген. II жағдайда жиынтық еңбектің  $1/3$ -і ғана ақысы төленбеген еңбек; осыдан келіп қосымша құн нормасы төмендеген; бұған қоса I жағдайдағыға қарағанда жұмысшылар  $1^{1/4}$ -ге аз пайдаланылған, демек жұмысшылар *санының* азаюы да, немесе жиынтық еңбектің азаюы да болған. III жағдайда қосымша құн нормасы сол қалпы, I жағдайдағыдай, жұмыс күнінің жартысының ақысы төленбеген, бірақ тұрақты капиталдың құнының артуы себепті жұмысшылар саны  $20$ -дан  $15^{15/19}$ -ке, немесе  $4^{4/19}$ -ке азаяды. IV жағдайда жұмысшылар саны (қосымша құн нормасы да II жағдайдағы деңгейге дейін, атап айтқанда  $1/3$  жұмыс күніне тағы да төмендегеннен кейін)  $5$  адамға, атап айтқанда  $20$ -дан  $15$  адамға дейін азайды. I жағдаймен салыстырғанда IV жағдайда жұмысшылар саны  $5$  адамға кеміді, II мен салыстырғанда  $3^{3/4}$ , III мен салыстырғанда  $15/19$ -ке азайды; бірақ ол I мен салыстырғанда  $1^{1/4} + 4^{4/19}$ -ке, яғни  $5^{35/76}$ -ке кеміген жоқ. Әйтпесе IV жағдайда жұмысқа қосылған жұмысшылар саны  $14^{41/76}$ -ге тең болар еді.

Осы айтылғандардың барлығынан мынадай қорытындылар шығады:

Тұрақты немесе өзгермелі капиталға кіретін *товарлардың құнындағы өзгерістер* — *өндіріс әдісі өзгермеген* жағдайда немесе *капиталдың заттық құрылымы өзгермеген* жағдайда (яғни қолданылып отырған тікелей еңбек пен қорланған еңбектің арасындағы арақатынас өзгермеген жағдайда) — егер олар IV (мысалы, мақта жұмысшылар тұтынатын бидайдың дәрежесінде қымбаттайтын) жағдайдағыдай өзгермелі және тұрақты капиталға *пропорциялы бірдей мөлшерде* әсер етсе — капиталдың табиғи құрылымының өзгеруіне әкеліп *соқпайды*. Бұл жерде пайда нормасы төмендейтін (тұрақты капитал мен өзгермелі капитал құнының артуы жағдайында) себебі біріншіден, жалақының көбеюі нәтижесінде қосымша құн нормасы төмендейді, және екіншіден, жұмысшылар *саны* азаяды.

Құнның өзгеруі тек қана тұрақты капиталды немесе тек қана өзгермелі капиталды қамтитын болса, ол капиталдың табиғи құ-

рылымының өзгеруі ретінде әрекет етеді және өндіріс әдісі өзгермеген қалпында қалса да, капиталдың құрамдас бөліктерінің *құндық арақатынасында* сол тектес өзгеріс тудырады.

Егер құнның өзгеруі тек қана өзгермелі капиталды қамтитын болса, онда ол тұрақты капиталға [589] және жиынтық капиталға қатысты артады. Алайда бұл жағдайда тек қосымша құн нормасы ғана емес, жұмысшылар саны да азаяды. Міне, осы себептен де бұл жағдайда (II жағдайда) тұрақты капитал да (мұның құны өзгермей қалған) аз жұмсалады.

Егер құнның өзгеруі тек қана тұрақты капиталды қамтитын болса, онда өзгермелі капитал тұрақты капитал мен жиынтық капиталға қатысты азаяды. Қосымша құн нормасы сол күйінде қалса да, қосымша құнның массасы азаяды, өйткені жұмысқа қосылған жұмысшылар *саны* азаяды (III жағдай).

Ақырында, құнның өзгеруі тұрақты капиталды да, өзгермелі капиталды да қамтығанымен бірақ *бірдей емес* дәрежеде қамтуы мүмкін. Бұл жағдай жоғарыда келтірілгендерге сайылуы керек. Мәселен, құнның өзгеруі тұрақты капитал мен өзгермелі капиталға біріншісінің құны 10 процент, екіншісінің құны — 5 процент артатындай ықпал жасады дөлік. Онда екеуі де 5 процент, бірі 5+5-ке, екіншісі 5 процент қымбаттағандықтан, IV жағдайдағыдай болар еді. Бірақ тұрақты капитал мұның үстіне тағы да 5 процентке өзгертіндіктен III жағдайдағыдай болар еді.

Жоғарыда біз құн артады деп қана ұйғардық. Ол төмендеген жағдайда қарама-қарсы нәтиже болады. Мысалы, IV жағдайдан I-ге өткенде құнның пропорциялы түрде төмендеп, капиталдың екі құрамдас бөлігін де *бірдей* қамтитын жағдайы қарастырылды. Капиталдың бір ғана құрамдас бөлігінің құнының төмендеуі қандай нәтиже беретінін мысалмен түсіндіру үшін тиісінше II және III жағдайлардың өңін айналдыру қажет болар еді. [589]

\* \* \*

[600] Капиталдың табиғи құрылымына құнның [шикізаттың, машиналардың, тіршілік құралдарының] өзгеруінің жасайтын ықпалы туралы жоғарыда айтылғандарға мен тағы мынадай ескерту қосамын: *өндірістің түрлі салаларына* жұмсалған капиталдардың басқа тұрғыдан заттық құрылымы бірдей болған жағдайда, олардың табиғи құрылымындағы айырмашылық, демек, осы капиталдар қолданатын машиналардың немесе материалдардың *құны* неғұрлым жоғары болуынан туындауы мүмкін. [600] Мысалы, егер мақта-мата, жібек, кенеп және жүн мата өнеркәсібінде капиталдың заттық құрылымы мүлде бірдей болғанның өзінде олар пайдаланатын материалдардың құнының әр түрлі болуының өзі ғана тиісті капиталдардың табиғи құрылымының әркелкі болуына себеп болар еді. [600]

(г) РЫНОҚТЫҚ ҚҰННЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ  
ЖИЫНТЫҚ РЕНТАНЫҢ ӨЗГЕРУІ]

[589] *A* кестесіне қайта оралайық. Біздің көргеніміздей \* 10 процент пайда нормасы пайданың азаюы нәтижесінде пайда болды деген болжам (бастапқыда, тек қана III разряд өңделгенде пайда нормасы жоғары болып тұрды, сонан соң II разряд пайда болғанда тек III разряд қана өңделгендегіден азайды, бірақ әлі де 10 проценттен көп болды) — бұл болжам белгілі бір жағдайларда, атап айтқанда мынадай жағдайда дұрыс болып шығуы мүмкін: егер біздің алдымызда шынында да дамудың төмендеу бағыты болса, бірақ ол тіпті де рентаның айырмашылығынан қажетті түрде, тек қана жалғыз дифференциалдық ренталар болғандықтан туындамайтын жағдайда; көтерілу бағытында ренталардың бұл айырмашылығы, керісінше, пайда нормасының әрқашан өзгеріссіз қалуын талап етеді.

*B* кестесі. Мұнда, жоғарыда түсіндірілгеніндей \*\*, III және IV разрядтардың бәсекесі II разрядты өз капиталының жартысын қолданудан алуға мәжбүр етеді. Төмендейтін бағытта мұның өзі керісінше, қосымша ұсыным тек  $32\frac{1}{2}$  тонна мөлшерінде қажет болып, сондықтан да II разрядқа тек қана 50 ф. ст. капитал жұмсау керек болатындай түрде көрінер еді.

Алайда бұл кестедегі бәрінен гөрі назар аудартатыны мынау: бұрын 300 ф. ст. капитал жұмсалған еді, енді тек 250 ф. ст., яғни  $\frac{1}{6}$  шамада аз жұмсалып отыр; өнімнің мөлшері болса бұрынғыша қалды — 200 тонна. Демек, өңбек өнімділігі артты, ал товардың бір өлшемінің құны төмендеді. Дәл солай товардың жиынтық құны да 400 ф. стерлингтен  $369\frac{3}{13}$  ф. стерлингке дейін төмендеді. *A*-дағымен салыстырғанда бір тоннаның рыноктық құны 2 ф. стерлингтен 1 ф. ст.  $16\frac{12}{13}$  шиллингке төмендеді, өйткені жаңа рыноктық құн II разрядтың өнімінің жеке құнымен анықталады, бұрынғысындай I разрядтың өнімінің неғұрлым жоғары жеке құнымен анықталмайды. Осы жағдайлардың бәріне қарамастан — іске қосылған капиталдың азаюы, өнім массасының өзгермеген жағдайында өнімнің жиынтық құнының кемуі, рыноктық құнның құлдырауы, неғұрлым өнімді разрядтарды пайдалану, — *B*-дағы рента *A*-дағымен салыстырғанда абсолюттік көрінісінде  $24\frac{3}{13}$  ф. стерлингке жоғарылады (70 ф. стерлингтің орнына  $94\frac{3}{13}$  ф. ст.). Егер біз жеке разрядтардың рентаның жиынтық сомасын көбейтуге қандай мөлшерде қатысатынына қарайтын болсақ, онда біз II разрядта абсолюттік рентаның өз нормасы жөнінде бұрынғыша қалғанын көреміз, өйткені 5 ф. ст. 50 ф. стерлингтің 10 проценті болады, алайда рентаның массасы жартылай азайды, 10 ф. стер-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 283—284-беттер. Ред.

\*\* Бұл да сонда, 262 және келесі беттер. Ред.

лингтен 5 ф. стерлингке дейін азайды, өйткені күрделі қаржы II B-да жартылай, 100 ф. стерлингтен 50 ф. стерлингке дейін қысқарды. Рентаның жалпы сомасының көбеюі орнына II B разрядында ол 5 ф. стерлингке азаяды. Әрі қарай II B үшін дифференциалдық рента мүлде болмай қалады, өйткені енді рыноктық құн II разрядтың өнімінің жеке құнына теңеледі. Бұл рентаның жалпы сомасын екінші рет 10 ф. стерлингке азайтады. Сөйтіп, жалпы қорытындыда II разряд үшін рентаның азаюы 15 ф. ст. болады.

III разрядта абсолюттік рентаның сомасы бұрынғыша қалды, бірақ өнімнің рыноктық құнының төмендеуі салдарынан оның сондай-ақ дифференциалдық құны да азайды, осының нәтижесінде дифференциалдық рента да азайды. Ол 30 ф. ст. болған еді. Енді ол тек  $18^6/13$  ф. ст. қана болды, яғни  $11^7/13$  ф. ст. азайды. Демек, II және III разрядтарды қоса алғанда рента  $26^7/13$  ф. ст. құлдырады. Сөйтіп, рентаның жалпы сомасының тосыннан қарағанда солай болып көрінетіндей,  $24^3/13$  ф. ст. емес, қайта  $50^{10}/13$  ф. ст.,  $[24^3/13 + 26^7/13]$  көбеюіне қатысты есеп беру қалады. Бірақ, әрі қарай A-дағымен салыстырғанда B үшін I разрядтың өзінің болмай қалуымен бірге I A абсолюттік рента да болмай қалды. Демек мұның өзі рентаның жалпы сомасының одан әрі 10 ф. ст. азаюы болады. Сөйтіп, жалпы қорытындыда  $60^{10}/13$  ф. стерлингке қатысты есеп беру керек. Әйтсе де жаңа IV B разрядының рентасының жалпы сомасы дәл осындай. Демек, B-да рентаның жалпы сомасының көбеюі тек қана IV B разрядының рентасымен түсіндіруге болады. IV B разрядының абсолюттік рентасы, басқа разрядтардың бәріндегідей, 10 ф. стерлингке тең. Ал  $50^{10}/13$  ф. ст. мөлшеріндегі дифференциалдық рента [590] IV разрядтың өнімінің дифференциалдық құны бір тоннаға  $10^{470}/481$  шиллинг болып,  $92^{1/2}$ -ге көбейтілуге тиісті болғандықтан шығып отыр, өйткені бұл разрядта осынша тонна өндіріледі. II және III разрядтағы өнімділік өзгермей қалды; өнімі бәрінен аз разряд мүлдем болмайды, сөйте тұра рентаның жалпы сомасы ұлғаяды, өйткені IV разрядтың бір өзінің ғана дифференциалдық рентасы бұл разрядтың біршама мол, өнімді болуы себепті. A-дағы жиынтық дифференциалдық рентадан көп. Дифференциалдық рента пайдаланылатын разрядтардың абсолюттік өнімділігіне,  $1/2$  II, III, IV разрядтардың I, II, III-ге қарағанда өнімдірек болуына тәуелді емес; сөйте тұра  $1/2$  II, III, IV үшін дифференциалдық рента A-дағы I, II, III үшін болатыннан көп. Бұлай болатын себебі беріліп отырған өнімнің ең көп бөлігі  $92^{1/2}$  тонна — дифференциалдық құны A кестесіндегі қай разрядтағыдан болмасын көп болған разрядтан алынады. Егер қайсыбір разряд үшін дифференциалдық құн берілген болса, онда оның дифференциалдық рентасының абсолюттік сомасы, әрине, осы разрядтың өнімінің мөлшеріне тәуелді болады. Бірақ осы мөлшердің өзі дифференциалдық құнды есептегенде және оның құралу проце-

сін қарастырғанда есепке алынып қойылған. IV разряд 100 ф. ст. капитал жұмсалғанда  $92\frac{1}{2}$ -тонна — аз да емес, көп те емес — өндіретіндіктен, оның *B* кестесіндегі дифференциалдық құны, мұнда тоннаның рыноктық құны 1 ф. ст.  $16\frac{12}{13}$  шиллингке тең болатыны себепті, тоннасына  $10\frac{470}{481}$  шиллинг болады.

*A* кестесіндегі рентаның барлық сомасы 300 ф. ст. капиталға 70 ф. ст., яғни  $23\frac{1}{3}$  процент болады. Керісінше, *B* кестесінде, егер  $\frac{3}{13}$ -ті алып тастасақ, ол 250-ге 94, яғни  $37\frac{3}{5}$  процент болады.

*C* кестесі. Мұнда IV разряд қосылғаннан кейін және рыноктық құнды II разряд белгілей бастағаннан кейін, сұраным *B* кестесіндегідей өзгеріссіз қалмайды, баға төмендеген сайын сұраным арта түседі, сондықтан IV разряд әкелетін  $92\frac{1}{2}$  тонна барлық қосымша мөлшерді рынок сіңіріп алады деп ұйғарылған. Баға тоннасына 2 ф. ст. болғанда 200 тонна ғана сіңірілер еді; баға  $4\frac{11}{13}$  ф. ст. болғанда сұраным  $292\frac{1}{2}$  тоннаға дейін артады. Рыноктың шегі баға тоннасына  $1\frac{11}{13}$  ф. ст. болғанда міндетті түрде тоннаның бағасы 2 ф. ст. болғандағыдай күйінде қалады деп болжау қате болар еді. Керісінше, баға төмендеген сайын рынок әр уақытта да белгілі бір шамада ұлғаяды — тіпті жалпыға бірдей тіршілік құралы бидай туралы сөз болған күнде де ұлғаяды.

*C* кестесі жөнінде *бәрінен бұрын* атап өткіміз келген сол жалғыз ғана пункт осындай.

*D* кестесі. Мұнда  $292\frac{1}{2}$  тоннаны рынок тек мына жағдайда: рыноктық құн I разрядтағы бір тонна үшін *шығындар бағасын* құрайтын  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингке дейін құлдырағанда ғана сіңіре алады деп ұйғарылған, демек, мұның өзі бұл разряд ешқандай рента келтірмейтін, тек қана әдеттегі 10 процент пайда беретін жағдай. Рикардо қалыпты деп білетін жағдайы осы, сондықтан да оған көбірек тоқталу қажет.

Мұнда, бұрынғы кестелердегідей, алдымен өрлеу бағыты алынады; нақ осы процесті біз кейінірек құлдырау бағытында қарастырамыз.

Егер II, III және IV разрядтар тек қана 140 тонна \* қосымша ұсыным әкелетін болса, яғни рынок тоннасын 2 ф. стерлингтен сіңіретін қосымша ұсыным ғана беретін болса, онда I разряд рыноктық құнды белгілеп беретін болар еді.

Алайда істің жайы олай емес. Рынокта IV разряд өндірген тағы да  $92\frac{1}{2}$  тонна артық өнім бар. Егер бұл мөлшер рыноктың қажетсінуінен мүлдем артық жалпы алғанда басы артық өнім болса, онда I разряд рыноктан біржола ығыстырылған болып шығар еді, ал II разряд, *B* кестесінде орын алғандай, өз капиталының жартысын кері алуға тиіс болар еді. Онда рыноктық құнды *B* кестесіндегідей II разряд белгілейтін болар еді. Алайда бізде енді рыноктық құн одан әрі төмендеген жағдайда рынок осы  $92\frac{1}{2}$  тоннаны сіңіре алады деп болжанған. Бұл процесс қалай өтеді?

\* I разряд өндіретін 60 тонна ұсынымға қосымша. *Ред*



IV, III және  $\frac{1}{2}$  II разрядтар рынокта әбден үстем. Мұның мәнісі егер рынок абсолютті түрде тек 200 тоннаны ғана сіңіре алатын болса, бұл разрядтар рыноктан I разрядты ығыстырып шығарған болар еді деген сөз.

Бірақ алдымен нақтылы жағдайды алайық. Рынокта бұрын 200 тонна ғана болса, қазір  $292\frac{1}{2}$  тонна бар. II разряд рынокта орнығу үшін және I разрядтың жеке құны 2 ф. стерлингке тең өнімдерін ығыстырып шығару үшін товарды өзінің жеке құны бойынша  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингтен сатар еді. Бірақ рыноктық құнның осындай жағдайында да  $292\frac{1}{2}$  тонна үшін орын жоқ болғандықтан, IV және III разрядтар рыноктық баға  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингке түскенше II ге қысым жасайды; осындай баға жағдайында IV, III, II және I разрядтар өз өнімдерін осы рыноктық [591] баға бойынша барлық өнімді сіңіретін рынокта өткізе алады. Бағаның осындай төмендеуі арқасында ұсыным мен сұраным теңеседі. Қосымша ұсыным рыноктың бұрынғы рыноктық құн кезіндегі сыйымдылығынан аса бастасымен-ақ әрбір разряд, әрине, басқа разрядтардың өнімін ығыстырып, рынокқа өзінің барлық өнімін өткізуге тырысады. Мұның өзі тек қана бағаны төмендету арқылы, атап айтқанда бағаны барлығы да өтетіндей деңгейге дейін төмендету арқылы болуы мүмкін. Егер бағаның бұл төмендеуі соншалық көп болып, I, II және т. б. разрядтарға товарды шығындар бағасынан <sup>88</sup> төмен сатуға тура келсе, онда олар, әрине, өндірістен өз капиталын кері алуға мәжбүр болады. Егер өнімді рыноктың жағдайымен сәйкестендіру үшін бағаның төмендеуі соншалық көп болмауы керек болса, онда барлық капитал бұдан былай да өндірістің осы саласында өнімнің осы жаңа рыноктық құнының жағдайында істей беруі мүмкін.

Бірақ, әрі қарай, осы жағдайларда өнімнің рыноктық құнын I және II разрядтар жерінің нашар учаскелері белгілемей, III және IV разрядтардың жақсы учаскелері белгілейтіні анық және, демек, жердің жақсы учаскелерінен алынатын рентаның, мұны Шторхтың <sup>89</sup> бұл жағдай үшін дұрыс түсінгеніндей, құнарлылығы азырақ учаскелердің рентасын белгілейтіні анық.

IV разряд басқа разрядтар көрсететін кез келген қарсылықты жеңіп, өзінің бүкіл өнімін рынокқа өткізе алатындай бағамен сатады. Бұл баға  $1\frac{5}{6}$  ф. ст. болады. Егер IV разряд неғұрлым жоғары бағамен сататын болса, онда рыноктың сыйымдылығы азайған болар еді де, өзара ығыстыру процесі қайта басталар еді.

I разряд рыноктық құнды тек мынадай ұйғарым кезінде ғана белгілейді: басқа, анағұрлым өнімді разрядтардың қосымша ұсынымы рынок осы, I разрядтың өнімі белгілейтін рыноктық құн бойынша сіңіре алатын қосымша ұсыным ғана болады деп ұйғарылады. Егер қосымша ұсыным бұл шектен асып кетсе, онда I разряд мүлде енжар роль атқарады да, өзінің рынокта алып отырған орнымен II, III, IV разрядтар тарапынан тиісті реакция

ғана тудырады, мұның өзі қашан барлық өндірілген өнімнің бәрін сіңіру үшін рынок жеткілікті түрде сыйымды болып шыққанға дейін баға төмендегенше осылай бола береді. Онда былай болып шығады: іс жүзінде IV разряд белгілейтін рыноктық құн жағдайында бұл разряд абсолюттік рентаның үстіне тағы да  $49 \frac{7}{12}$  ф. ст. мөлшерінде дифференциалдық рента төлейтін, III разряд абсолюттік рентадан тыс тағы да  $17 \frac{1}{2}$  ф. ст. мөлшерінде дифференциалдық рента төлейтін, ал II разряд ешқандай дифференциалдық рента төлемейтін, тек абсолюттік рентаның бір бөлегін, 10 ф. стерлингтің орнына  $9 \frac{1}{6}$  ф. ст. төлейтін, яғни абсолюттік рентаның бүкіл сомасын төлемейтін болады. Неліктен? Өйткені,  $1 \frac{5}{6}$  ф. ст. жаңа рыноктық құн II разряд өнімінің шығындар бағасынан асып түссе де, бұл өнімнің жеке құнынан қайтсе де төмен. Егер ол оның жеке құнына тең болса, онда II разряд жеке құн мен шығындар бағасының арасындағы айырмаға тең келетін 10 ф. ст. абсолюттік рента төлеген болар еді. Бірақ, жаңа рыноктық құн II разряд өнімінің жеке құнынан төмен болғандықтан — ол төлейтін іс жүзіндегі рента рыноктық құн мен шығындар бағасының арасындағы айырмаға тең, ал бұл айырма оның жеке бағасы мен шығындар бағасының арасындағы айырмадан аз, — ол өзінің абсолюттік рентасының бір бөлігін ғана, 10 ф. стерлингтің орнына  $9 \frac{1}{6}$  ф. ст. қана төлейді.

{*Іс жүзіндегі рента рыноктық құн мен [жеке] шығындар бағасының арасындағы айырмаға тең.*}

*Абсолюттік рента жеке құн мен шығындар бағасының арасындағы айырмаға тең.*

*Дифференциалдық рента рыноктық құн мен жеке құнның арасындағы айырмаға тең.*

*Нақты, немесе жиынтық рента абсолюттік рента мен дифференциалдық рентаны қосқанға тең; басқаша айтқанда, ол рыноктық құнның жеке құннан артық мөлшері мен жеке құнның шығын бағасынан артық мөлшерінің қосындысына тең, яғни ол рыноктық құн мен шығын бағасы арасындағы айырмаға тең.*

Демек, егер рыноктық құн жеке құнға тең болса, онда дифференциалдық рента нольге тең, ал жиынтық рента жеке құн мен шығын бағасы арасындағы айырмаға тең.

Егер рыноктық құн жеке құннан көп болса, онда *дифференциалдық рента рыноктық құнның жеке құннан артығына тең, ал жиынтық рента осы дифференциалдық рента мен абсолюттік рентаның қосындысына тең.*

Егер рыноктық құн жеке құннан аз, бірақ шығын бағасынан көп болса, онда дифференциалдық рента теріс мөлшер болып табылады; демек, жиынтық рента абсолюттік рентаға осы теріс дифференциалдық рентаны қосқанға тең, яғни жеке құнның рыноктық құннан артығын алып тастағандағыға тең.

Егер рыноктық құн шығын бағасына тең болса, онда рента жалпы алғанда нольге тең.

Осының бәрін теңдеу түрінде көрсету үшін абсолюттік рента-ны А. р. әріптерімен, дифференциалдық рентаны Д. р. әріптерімен, жиынтық рентаны Ж. р. әріптерімен, рыноктық құнды Р. қ. әріптерімен, жеке құнды Ж. қ. әріптерімен және шығын бағасын Ш. б. әріптерімен белгілейік. Онда біз мынадай теңдеу шығарамыз:

$$[592] 1) \text{ А. р.} = \text{Ж. қ.} - \text{ш. б.} = +y$$

$$2) \text{ Д. р.} = \text{Р. қ.} - \text{Ж. қ.} = x$$

$$3) \text{ Ж. р.} = \text{А. р.} + \text{Д. р.} = \text{Р. қ.} - \text{Ж. қ.} + \text{Ж. қ.} - \text{Ш. б.} = y - x = \text{Р. қ.} - \text{Ш. б.}$$

Егер  $\text{Р. қ.} > \text{Ж. қ.}$  болса, онда  $\text{Р. қ.} - \text{Ж. қ.} = +x$ . Олай болса  $\text{Д. р.}$  оң шама, және  $\text{Ж. р.} = y + x$ .

Демек, онда  $\text{Р. қ.} - \text{Ш. б.} = y + x$ . Немесе:  $\text{Р. қ.} - y - x = \text{Ш. б.}$   
Немесе:  $\text{Р. қ.} = y + x + \text{Ш. б.}$

Егер  $\text{Р. қ.} < \text{Ж. қ.}$  болса, онда  $\text{Р. қ.} - \text{Ж. қ.} = -x$ . Олай болса  $\text{Д. р.}$  теріс шама болып табылады, және  $\text{Ж. р.} = y - x$ .

Демек, онда  $\text{Р. қ.} - \text{Ш. б.} = y - x$ . Немесе:  $\text{Р. қ.} + x = \text{Ж. қ.}$ . Немесе:  $\text{Р. қ.} + x - y = \text{Ш. б.}$  Немесе:  $\text{Р. қ.} = y - x + \text{Ш. б.}$

Егер  $\text{Р. қ.} = \text{Ж. қ.}$  болса, онда  $\text{Д. р.} = 0$ ;  $x = 0$ ; өйткені  $\text{Р. қ.} - \text{Ж. қ.} = 0$ .

Демек, бұл жағдайда  $\text{Ж. р.} = \text{А. р.} + \text{Д. р.} = \text{А. р.} + 0 = \text{Р. қ.} - \text{Ж. қ.} + \text{Ж. қ.} - \text{Ш. б.} = 0 + \text{Ж. қ.} - \text{Ш. б.} = \text{Ж. қ.} - \text{Ш. б.} = \text{Р. қ.} - \text{Ш. б.} = +y$ .

Егер  $\text{Р. қ.} = \text{Ш. б.}$  болса, онда  $\text{Ж. р.}$  (немесе  $\text{Р. қ.} - \text{Ш. б.}$ ) = 0.

Жоғарыда [Д кестесінде] ұйғарылған жағдайларда I разряд ешқандай рента төлемейді. Неліктен? Өйткені, абсолюттік рента жеке құн мен шығын бағасы арасындағы айырмаға тең, ал дифференциалдық рента рыноктық құн мен жеке құнның арасындағы айырмаға тең: солай бола тұрса да рыноктық құн мұнда I разрядтың өнімінің шығын бағасына тең. I разрядтағы жеке құн тоннасына 2 ф. стерлингке тең; рыноктық құн  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингке тең. Демек, I разрядтағы дифференциалдық рента  $1\frac{5}{6}$  ф. ст. минус 2 ф. стерлингке тең, яғни ол  $-\frac{1}{6}$  ф. стерлингке тең. Ал I разрядта абсолюттік рента 2 ф. ст. минус  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингке тең, яғни ол оның жеке құны мен оның шығын бағасының ( $+\frac{1}{6}$  ф. ст.) арасындағы айырмаға тең. Олай болса, I разрядта нақты рента абсолюттік рента ( $+\frac{1}{6}$  ф. ст.) мен дифференциалдық рентаның ( $-\frac{1}{6}$  ф. ст.) қосындысына тең болса, онда ол нольге тең. Сөйтіп I разрядтың өнімі дифференциалдық рента да, абсолюттік рента да төлемейді, тек шығын бағасын ғана төлейді. Бұл өнімнің құны 2 ф. стерлингке тең, бірақ ол  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингтен, яғни өз құнынан  $\frac{1}{12}$ -ге, немесе  $8\frac{1}{3}$  процент төмен сатылады. I разряд қымбатырақ сата алмайды, өйткені рынокты белгілейтін ол емес, мұны оған қарсы IV, III, II разрядтар істейді. I разрядтың бар істей

алатыны — тоннасы  $1\frac{5}{6}$  ф. ст. баға бойынша қосымша ұсыным жеткізу.

I разрядтың рента төлемейтін фактісін рыноктық құн оның шығын бағасына тең болғандығынан деп түсіну керек.

Бірақ бұл факт төмендегінің салдары болып табылады:

*Біріншіден, I разрядтың біршама құнарсыздығынан.* Ол  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингтен қосымша 60 тонна беруі керек. 100 ф. ст. капиталға тек 60 тонна берудің орнына ол 64 тонна, II разрядтан 1 тонна кем берді делік. Ондай жағдайда бұл разрядқа 60 тонна жеткізу үшін  $93\frac{3}{4}$  ф. ст. капитал ғана жұмсаса да жеткілікті. Онда I разрядта тоннаның жеке құны  $1\frac{7}{8}$  ф. ст. немесе 1 ф. ст.  $17\frac{1}{2}$  шилл., ал оның шығын бағасы — 1 ф. ст.  $14\frac{3}{8}$  шилл. болар еді. Ал рыноктық құн  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингке немесе 1 ф. ст.  $16\frac{2}{3}$  шиллингке тең болғандықтан, рыноктық құн мен шығын бағасы арасындағы айырма  $2\frac{7}{24}$  шиллингке тең болар еді. Ал мұның өзі 60 тоннаға [593] 6 ф. ст.  $17\frac{1}{2}$  шиллинг рента құраған болар еді.

Сөйтіп, егер барлық жағдай өзгермей қалатын болса және I разряд оның қазіргі құнарлылығына қарағанда  $\frac{1}{15}$  (өйткені  $\frac{60}{15}=4$ ) өнімдірек болса, онда ол тағы да абсолюттік рентаның бір бөлігін төлер еді, өйткені рыноктық құн мен оның шығын бағасы арасында айырма болар еді, оның жеке құны мен оның шығын бағасының арасындағы айырмаға қарағанда аз болса да әйтеуір айырма болар еді. Демек, мұнда, ең жаман жер, біз ұйғарған жағдайдағыдан құнарлырақ болса, тағы да рента келтірген болар еді. Егер I разряд қазіргі барынан абсолютті түрде құнарлырақ болса, онда II, III, IV разрядтар мұнымен салыстырғанда *біршама құнарсыздау* болар еді. Ондағы жеке құн мен II, III, IV разрядтардың жеке құндарының арасындағы айырма азырақ болар еді. Сөйтіп, I разрядтың *ешқандай рента әкелмейтіндігі* оның өзінің анағұрлым құнарлы болмайтын жағдайымен және II, III, IV разрядтардың *біршама құнарсыздау* болмайтын жағдайымен бірдей мөлшерде байланысты болады.

*Бірақ екіншіден:* Айтайық I разрядтың өнімділігі 100 ф. ст. капиталға 60 тонна болсын. Егер II, III, IV разрядтар, әсіресе, рынокта жаңа бәсекелес ретінде пайда болатын IV разряд I разрядпен салыстырғанда біршама ғана емес, сонымен бірге *абсолютті* түрде де неғұрлым құнарсыз болса, онда I разряд мұнысы абсолюттік рентаның бір бөлігі болса да, рента әкелген болар еді. Шынында да рынок  $292\frac{1}{2}$  тоннаны  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингтен сіңіре алатындықтан, онда ол тоннаның аз санын, мысалы 280 тоннаны,  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингке қарағанда едәуір жоғары рыноктық құн бойынша сіңіре алар еді. Бірақ  $1\frac{5}{6}$  ф. стерлингтен, яғни I разрядтың шығын бағасынан асып түсетін кез келген рыноктық құн I разряд үшін рыноктық құннан I разрядтың өнімінің шығын бағасын алғандағы шамаға тең рента береді.

Демек, былай деп айтуға да болады: IV разрядтың абсолютті

құнарлылығы нәтижесінде I разряд рента бермейді; мұның себебі рынокта әзірге тек II және III разрядтар бәсекелес болып тұрған кезде ол рента беріп тұрды және ол, егер IV разряд 100 ф. ст. капитал жұмсап  $92\frac{1}{2}$  тонна емес, тек қана 80 тонна өндірген болса, онда IV разрядтың пайда болуына қарамастан, яғни қосымша ұсынымға қарамастан, бұрынғыдан аз болса да рента беруін жалғастырар еді.

*Үшіншіден:* Біз 100 ф. ст. капитал жұмсағанда абсолюттік рента 10 ф. ст., яғни капиталдың 10 проценті, немесе шығын бағасының  $\frac{1}{11}$  бөлігі болады деп болжадық, демек, егіншілікте 100 ф. ст. капиталмен өндірілген өнімінің құны 120 ф. стерлингке тең, оның 10 ф. стерлинггі пайда болып табылады деп болжадық.

Алайда егер біз «егіншілікте 100 ф. ст. капитал жұмсалды» десек және егер бір жұмыс күні 1 ф. стерлингке тең десек, онда егіншілікте 100 жұмыс күні жұмсалатын болғаны деп ойлауға болмайды. Жалпы алғанда, егер 100 ф. ст. капитал 100 жұмыс күніне тең болса, онда бұл капитал өндірістің қай саласына жұмсалса да, еш уақытта да [бұл капиталдың өнімі 100 жұмыс күніне саймайды]. Алтын ақшамен 1 ф. ст. он екі сағаттық жұмыс күніне тең дәлік және бұл қалыпты жұмыс күні болсын. Мұнда туатын бірінші сұрақ мынадай: еңбекті қанаудың нормасы қандай? Яғни 12 сағаттың қаншасын жұмысшы өзі үшін, өзінің жалақысын өтеу (эквивалент ретінде) үшін істейді және ол капиталиске неше сағат *тегін* жұмыс істейді? Демек, капиталист *ақы төлемей сататын* және сондықтан қосымша құнның қайнарын, капиталды ұлғайтудың қайнарын құрайтын жұмыс уақыты қаншалық көп? Егер бұл норма 50 процентке тең болса, онда жұмысшы 8 сағат өзі үшін істейді де, 4 сағат капиталиске *тегін* істейді. Өнім 12 сағатқа, немесе 1 ф. стерлингке (ұйғарым бойынша алтын ақшамен 1 ф. стерлингте 12 сағат жұмыс уақыты бар) тең. Бұл 1 ф. стерлингке тең 12 сағаттың 8 сағаты капиталистің жұмысшыға төлеген жалақысын өтейді, ал 4 сағаты оның, капиталистің, қосымша құнын құрайды. Сөйтіп,  $13\frac{1}{3}$  шилл. жалақыға  $6\frac{2}{3}$  шилл. қосымша құн келеді. Немесе капиталдың 1 ф. ст. шығынына 10 шиллинг мөлшерінде, ал 100 ф. стерлингке — 50 ф. ст. мөлшерінде қосымша құн келеді. Бұл жағдайда 100 ф. ст. капиталдың көмегімен өндірілген товардың құны 150 ф. стерлингке тең болар еді. Капиталистің пайдасы жалпы алғанда өнімдегі ақысы төленбеген еңбекті сатудан тұрады. Ақысы төленбегенді сатудан барып қалыпты пайда шығады.

[594] Екінші сұрақ болса мынадай: капиталдың *табиғи құрылымы* қандай? Капиталдың құнының машинадан, т. б. және шикізаттан құралатын бөлігі өнімде *әншейін қайта өндіріледі*, қайтадан пайда болады, өзгеріссіз қалады. Капиталдың бұл құрамдас бөлігін капиталист оның *құны* бойынша өтеуі тиіс. Демек, ол

өнімге берілген, күні бұрынғы құн ретінде енеді. Тек капиталист қолданатын еңбектің, ол *түгелдей* өнімнің құнына еңсе де және капиталист оны түгелдей сатып алса да, бар болғаны ішінара ғана ақы төлейді. Демек, еңбекті қанаудың жоғарыда келтірілген нормасы болады деп ұйғарғанда, қосымша құнның көлемі *бірдей* мөлшердегі капиталдар үшін олардың табиғи құрылымына байланысты болады. Егер  $a$  капиталдың құрылымы  $80c + 20v$  болса, онда өнімнің құны 110-ға тең, ал пайда (өнімдегі ақысы төленбеген еңбек 50 процент болса да) 10 процент болады. Егер  $b$  капиталдың құрылымы  $40c + 60v$  болса, онда өнімнің құны 130-ға тең, ал пайда, өнімдегі ақысы төленбеген еңбек тағы да 50 процент қана болса да, 30 процент болады. Егер  $c$  капиталдың құрылымы  $60c + 40v$  болса, онда өнімнің құны 120-ға тең, ал пайда, мұнда ақысы төленбеген еңбек 50 процент болса да, 20 процент болады. Сөйтіп біз 300-ге тең осы үш капитал үшін  $10 + 30 + 20 = 60$  жиынтық пайданы көреміз, 100-ге шаққанда мұның өзі орта есеппен 20 процент болады. Көрсетілген капиталдардың әрқайсысы бұл орташа пайдаға өзі өндірген товарын 120 ф. стерлингтен сатқан жағдайда ие болады. Құрылымы  $80c + 20v$  болатын  $a$  капиталы өз өнімін оның құнынан 10 ф. ст. қымбат сатады, құрылымы  $40c + 60v$  болатын  $b$  капиталы өз өнімін оның құнынан 10 ф. ст. төмен сатады, ал құрылымы  $60c + 40v$  болатын  $c$  капиталы өз өнімін оның құны бойынша сатады. Жалпы алғанда товарлар  $120 + 120 + 120 = 360$  ф. стерлингке тең өз құнына сатылады. Шынында да  $a + b + c$  өнімдерінің құны  $110 + 130 + 120 = 360$  ф. ст. Бірақ жеке капиталдардың өнімдерінің бір бөлігінің бағасы жоғары, бір бөлігі төмен, енді бір бөлігінің бағасы оның құнының *деңгейінде*, нәтижеде бұл капиталдардың әрқайсысы 20 процент пайда әкеледі. Осындай әдіспен түрі өзгертілген товарлардың құнын және олардың *шығын бағасының мәнін* бәсеке үнемі рыноктық бағалардың тарту орталығына айналдырады.

Егіншілікке жұмсалған 100 ф. ст. үшін капиталдың құрылымы  $60c + 40v$  (бұл, бәлкім  $v$  үшін әлі тым аз болуы мүмкін) болсын делік; онда өнімнің құны 120-ға тең. Бірақ мұндай құн өнеркәсіп өнімінің шығын бағасына тең [бұдан бұрынғы абзацта болжағанымыздай] болар еді. Сондықтан жоғарыда келтірілген мысал үшін 100 ф. ст. капиталмен өндірілген өнімнің орташа бағасы [120 емес] 110 ф. стерлингке тең делік. Біз енді былай дейміз: егер егіншілік өнімі өз құны бойынша сатылатын болса, онда оның құны шығын бағасынан 10 ф. ст. жоғары. Онда ол 10 процент рента береді және біз капиталистік өндіріс кезінде егіншілік өнімі басқа өнімдерден өзгеше өзінің *шығын бағасы* бойынша сатылмай, өзінің құны бойынша сатылатынын қалыпты жағдай деп есептейміз. Бұл — *жерді меншіктенудің* салдары. Егер орташа пайда 10 процентке тең болса, жиынтық капиталдың құрылымы  $80c + 20v$  болады. Біз егіншілік капиталының құрылымы

60  $c$  + 40  $v$  деп ұйғарамыз, яғни бұл капиталдың жалақыға — тікелей еңбекке — өндірістің басқа салаларында қолданылатын капиталдың жиынтық сомасындағыдан көп жұмсалатын құрылымын аламыз. Бұл осы саладағы еңбек өнімділігінің *относительді біршама төмен* дамығанын дәлелдейді. Рас, ауыл шаруашылығының кейбір салаларында, мысалы, мал шаруашылығында, капиталдың құрылымы 90  $c$  + 10  $v$  болуы мүмкін, яғни  $v:c$  қатынасы өнеркәсіптік жиынтық капиталдағыдан аз болуы мүмкін. Бірақ рента бұл сала белгілемейді, егіншіліктің өзі, атап айтқанда оның басты *тіршілік құралын*, мысалы бидай және т. с. өндіретін бөлігі белгілейді. Ауыл шаруашылығының басқа салаларында рента оған жұмсалған капиталдың құрылымымен емес [595], басты тіршілік құралын өндіруге қолданылатын капиталдың құрылымымен белгіленеді. Капиталистік өндірістің болуының өзі тіршілік құралдарының өң басты элементі малдан емес, өсімдіктен алынатын азық болуын көздейді. Ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларындағы ренталар арасындағы арақатынас қосалқы мәселе болып табылады, оған бұл жерде біз көңіл бөлмейміз және ол қарастырылмайды.

Сонымен, абсолюттік рента 10 процент болуы үшін жалпы орташа құрылым былай болады деп ұйғарамыз

егіншілік емес капиталдыкі  $80c + 20v$ ,  
егіншілік капиталыныкі...  $60c + 40v$ .

Енді I разряд ешқандай рента бермейтін  $D$  кестесіндегі ұйғарылған жағдайға егіншілік капиталының басқаша құрылымы, мысалы, 50  $c$  + 50  $v$  немесе 70  $c$  + 30  $v$  әсерін тигізер ме еді? — деген сұрақ туады. Бірінші жағдайда өнімнің құны 125 ф. стерлингке; екінші жағдайда — 115 ф. ст. тең болар еді. Бірінші жағдайда егіншілік капиталының құрылымы мен егіншілік емес капиталдың құрылымының арасындағы айырмашылықтан пайда болатын айырма 15 ф. ст., екіншіде — 5 ф. ст. болар еді. Басқаша айтқанда, егіншілік өнімі мен оның шығын бағасы арасындағы айырма бірінші жағдайда біз болжағаннан 50 процент жоғары, ал екіншіде — 50 процент төмен болар еді.

Егер бірінші жағдай орын алса, яғни егер 100 ф. ст. капитал өндірген өнімнің құны 125 ф. стерлингке тең болса, онда  $A$  кестесінде I разряд үшін бір тоннаның құны  $2^{1/12}$  ф. стерлингке тең болар еді. Және бұл  $A$  үшін рыноктық құн болар еді, өйткені мұнда рыноктық құнды I разряд белгілейді. Керісінше I  $A$  үшін шығын бағасы бұрынғыша  $1^{5/6}$  ф. ст. болар еді. Ал болжамға сәйкес  $292^{1/2}$  тонна [ $D$  кестесінде] тек қана  $1^{5/6}$  ф. стерлингтен сатылуы мүмкін болғандықтан, егіншілік капиталының табиғи құрылымының қарастырылып отырған өзгерісінің I  $D$  разрядының ешқандай рента бермейтін жағдайына ешбір ықпалы болмас еді; дәл осы сияқты, егер егіншілік капиталының құрылымы 70  $c$  + 30  $v$  болған жағдайда да, басқаша айтқанда, егер егіншілік

өнімінің құны мен оның шығын бағасының арасындағы айырма тек қана 5 ф. ст. болса, яғни біз болжағанның жартысы ғана болса да, бұл тұрғыда ешнәрсе өзгермеген болар еді. Сөйтіп, егер шығын бағасы, демек, егіншілік емес капиталдың орташа табиғи құрылымы да ( $80 c + 20 v$ ) өзгермейді деп болжанса, онда егіншілік капиталының құрылымының жоғары не төмен болғанының осы жағдай үшін [разряд I D үшін] ешқандай маңызы болмас еді; әйтсе де бұл айырмашылықтың A кестесі үшін маңызы болар еді және ол [барлық кестелерде] абсолюттік рентаны 50 процент өзгерткен болар еді.

Бірақ енді керісінше жағдай болды деп ұйғарайық: егіншілік капиталының құрылымы бұрынғыша  $60 c + 40 v$ , ал егіншілік емес капиталдың құрылымы өзгереді.  $80 c + 20 v$  орнына оның құрылымы  $70 c + 30 v$  немесе  $90 c + 10 v$  болады. Соңғы екі жағдайдың біріншісінде орташа пайда 15 ф. ст. болады, немесе бұрынғы келтірілген жағдайдан 50 процент жоғары; екінші жағдайда ол 5 ф. ст., немесе 50 процент төмен. Бірінші жағдайда абсолюттік рента 5 ф. ст. болар еді. Бұл, демек, I D үшін тағы да айырма бермес еді. Екінші жағдайда абсолюттік рента 15 ф. стерлингке теңелер еді. Бұл да I D жағдайына ешқандай өзгеріс енгізбеген болар еді. Демек, I D жағдайы үшін мұның бәрі бәрібір болар еді; сөйте тұра A, B, C, және E кестелері үшін өзінің маңыздылығын сақтап қалар еді, яғни жаңа разряд — мейлі өрлеу немесе құлдырау бағыты болса да — бұрынғы рыноктық құн бойынша тек қажетті қосымша ұсыным әкелген сайын абсолюттік және дифференциалдық рентаның абсолюттік мөлшерін белгілеу үшін өзінің маңызды мәнін сақтап қалар еді.

\* \* \*

Енді мынадай сұрақ туады:

Осы D жағдайы іс жүзінде мүмкін бе? Және, бәрінен бұрын, Рикардо болжағандай мұның өзі қалыпты жағдай ма? Бұл жағдай қалыпты болуы үшін екі шарт қажет:

Не егіншілік капиталының құрылымы  $80 c + 20 v$  болғанда, яғни егіншілік өнімінің құны егіншіліктен басқа өнімнің шығын бағасына тең болатындай егіншілік емес капиталдың орташа құрылымы қандай болса сондай болғанда. Әзірге бұл статистикалық тұрғыдан дұрыс емес. Егіншіліктегі еңбек өнімділігі біршама төмен деген болжам егіншілік еңбегі өнімділігінің үдемелі абсолюттік төмендеуі туралы Рикардоның болжамына қарағанда шындыққа қалай болғанда да көбірек жанасады.

[596] 1-тарауда («Құн туралы») Рикардо алтын және күміс рудниктерінде капиталдың орташа құрылымы болады деп болжайды (рас, ол мұнда тек негізгі және айналмалы капитал туралы ғана айтады, бірақ біз мұны «дұрыстаймыз»). Бұлай деп болжағанда бұл рудниктерде барлық уақытта тек қана дифферен-



циалдық рента бола алар еді де, абсолюттік рента еш уақытта да болмас еді. Ал бұл алғы шарттың өзі, өз кезегінде, неғұрлым өнімді рудниктер әкелетін қосымша ұсыным бұрынғы рыноктық құн бойынша қажетті қосымша ұсынымнан әрдайым көп болады деген басқа алғы шартқа негізделген. Бірақ неліктен керісінше жағдай нақ осылай орын алмайтыны тіпті де түсініксіз. Дифференциалдық рентаның болуының өзі-ақ *осы рыноктық құнды өзгертпей-ақ қосымша ұсынымның болуы мүмкін екенін дәлелдейді*. Өйткені IV немесе III немесе II разрядтар өз өнімдерін I разрядтың өнімінің рыноктық құны бойынша сатпаған болса, дифференциалдық рента, ол қалай белгіленсе де, бермеген болар еді, демек, бұл разрядтардың абсолюттік көлемінен *тәуелсіз* белгіленетін рыноктық құн бойынша сатпағанда дифференциалдық рента алынбас еді.

Не *Д жағдайы*, егер онда болжанған шарттар барлық уақытта бір қалыпты болса, яғни егер IV, III және II, әсіресе IV разрядтың бәсекесінің салдарынан I разряд барлық уақытта өзінің өнімін абсолюттік рентаның барлық сомасына оның құнынан *төмен* сатуға, оның шығын бағасы бойынша сатуға мәжбүр болса, әрқашанда бір қалыпты болуы керек еді. IV, III және II разрядтарда дифференциалдық рентаның өзінің бар болуы олар өз өнімдерін жеке *құнынан асып* түсетін рыноктық құн бойынша сатындығын дәлелдейді. Егер Рикардо бұл I разряд жөнінде орын алуы мүмкін емес десе, онда мұның себебі мынадан ғана: ол абсолюттік рента болуы мүмкін емес деп алдын ала болжайды, ал оның бұл ойы *құн мен шығын бағасы барабар деген* болжамды негізге алғанынан туып отыр.

*С жағдайын* алайық; онда  $292\frac{1}{2}$  тонна 1 ф. ст.  $16\frac{12}{13}$  шилл. рыноктық құн бойынша өтеді. Және Рикардо сияқты IV разрядты негізге алайық. Әзірге рынок тек  $92\frac{1}{2}$  тоннаны қажет етіп отырғанда IV разряд тоннасын 1 ф. ст.  $5\frac{35}{37}$  шиллингтен сатады, яғни ол 100 ф. ст. капиталмен өндірілген товарын 120 ф. ст. құны бойынша сатады, бұл 10 ф. ст. абсолюттік рента береді. Неліктен IV разряд өз товарын оның құнынан *төмен, шығын бағасы* бойынша сатуы керек? Әзірге рынокта тек IV разрядтың бір өзі ғана тұрғанда III, II, I разрядтар онымен бәсекелесе алмайды. Тіпті III разряд өнімінің *шығын бағасы* IV разрядқа 10 ф. ст. рента беретін құннан *асып түседі*, ал II және I разрядтардың шығын бағасы бұл құннан бұдан да көп шамада асып түседі. Сондықтан III, II және I разрядтар тіпті өз тонналарын ең болмаса шығын бағасы бойынша сатқан болса да, IV разрядпен бәсекелесе алмайды.

Бар болғаны бір ғана разряд, IV немесе I, немесе III, немесе II жақсы немесе жаман сортты жер ғана бар делік — мұның теория үшін ешқандай маңызы жоқ; ол *табиғаттың элементі* ретінде бар делік, яғни жалпы қолда бар және өндірістің бұл саласында

сiңiрiлетiн осы капитал мен еңбектiң массасына қатысты табиғат элементi ретiнде бар делiк; сондықтан жердiң бар сорты еңбек пен капиталдың қолда бар массасы үшiн ешқандай шек қоймайды, қайта бiршама шектелмеген қарекет өрiсi болып табылады; демек, дифференциалдық рента жоқ деп ұйғарамыз, өйткенi өңдеуде табиғи құнарлылығы әр түрлi жер жоқ. Сөйтiп, ешқандай дифференциалдық рента жоқ (немесе ол мұнда мүлдем мардымсыз). Әрi қарай ешқандай жер меншiгi жоқ деп ойлайық: онда абсолюттiк рентаның да жоқтығы анық. Демек, жалпы ешқандай рента жоқ (өйткенi, болжамға сәйкес, дифференциалдық рента да жоқ). Бұл — тавтология. Өйткенi абсолюттiк жер рентасының болуы жерге меншiктiң болуын көздеп қана қоймайды, сонымен бiрге мұның өзi жерге меншiк бар деп, яғни капиталистiк өндiрiстiң әрекетiнен туындаған, түрi өзгертiлген жер меншiгi бар деп болжаудың өзi. Бұл тавтология мәселенi шешу үшiн еш нәрсе бермейдi, өйткенi бiз абсолюттiк жер рентасының құралуын товар құнын орташа бағаға капиталистiк теңестiруге егiншiлiктегi жер меншiгiнiң көрсететiн нақ сол қарсылығымен түсiндiреміз. Егер бiз жер меншiгiнiң осы әрекетiн, осы қарсылығын, өзiне тән қарсылығын, капитал қолданылатын осы сферада капиталдардың бәсекесi ұшырап отыратын қарсылықты жоятын болсақ, онда бiз, әрине, жер рентасының болу алғы шартының өзiн жоямыз. Оның үстiне мұнда бiздiң алдымызда өзiне-өзi қайшы келетiн жорамал бар (мұны Уэйкфилд мырза отарлау теориясында<sup>90</sup> өте жақсы байқаған): бiр жағынан, дамыған капиталистiк өндiрiс, ал екiншi жағынан — жерге меншiктiң болмауы. Мұндай жағдайда жалдама жұмысшылар қайдан шығуы мүмкiн?

Осы жағдайға жақынырақ келетiн бiрдеңе отарларда орын алып отыр, тiптi жердi меншiктену заң жүзiнде бар болса да, — өйткенi үкiмет жер учаскелерiн тегiн үлестiредi, алғашында Англия теңiздiң арғы жағындағы елдердi отарлағанда осылай болды, — тiптi егер [597] Құрама Штаттардағы сияқты жердi сатып, бiрақ тым арзанға (акрын 1 доллар немесе осыған ұқсас) сатып үкiмет iс жүзiнде жердi меншiктенудi таңып отырғанда да осылай болып отыр.

Мұнда отарлардың екi түрiн саралау қажет.

Бiрiншiден, әңгiме өз мағынасындағы отарлар туралы, мысалы, Құрама Штаттардағы, Австралиядағы, т. с. с. отарлар туралы болып отыр. Мұнда егiншiлiкпен айналысатын отарлаушылардың негiзгi көпшiлiгi, мейлi олар өздерiмен бiрге метрополиядан азды-көптi капитал ала келсе де, капиталистiк тап болып табылмайды және олардың өндiрiсi капиталистiк өндiрiс болмайды. Бұлар — азды-көптi дәрежеде өздерi жұмыс iстейтiн және ең әуелi өздерiнiң жеке басының қамын қамтамасыз етуге тырысатын, өзiнiң күн көрiс құралдарын өндiретiн шаруалар. Сондықтан олардың басты өнiмi товарға айналмайды және сатуға арналмай-

ды. Өздері тұтынғаннан артылып қалған өнімін олар сатады, отарға сырттан әкелінетін өнеркәсіп товарларына айырбастайды т. с. с. Отарлаушылардың басқа бір, аз бөлігі теңіз жағасында, кеме жүзетін өзендердің бойында, т. с. с. жерлерде сауда қалаларын салады. Мұнда да әлі капиталистік өндіріс туралы сөз болуы мүмкін емес. Бірақ тіпті осы соңғысы біртіндеп дами бастағанда да, өз жерінде жұмыс істеп, оның иесі болып табылатын фермер үшін оның өзінің өнімін сатып, одан түскен ақша басты роль атқара бастағанда да, тіпті осылай болғанның өзінде де, әзірге жер капиталға және еңбекке алғашқы молшылығымен қарсы тұрғанда, әзірге ол, демек, іс жүзінде шексіз қарекет өрісі болып қала бергенде, сол уақытқа дейін отарлаудың сондай-ақ бірінші формасы да жалғаса береді; және осы себептен де өндіріс *еш уақытта да* рыноктың қажетіне сәйкес — қайсыбір белгілі рыноктық құнға сәйкес орайластырылмайды. Отарлаушылардың бірінші тегі өздері тікелей тұтынатынынан *артық өндіргенінің* бәрін рынокқа шығарады және кез келген баға бойынша сатады, әйтеуір ол жалақыдан көбірек берсе болғаны. Олар өз өнімдерін азды-көпті капиталистік әдіспен өндіретін фермерлердің бәсекелесі болып табылады және әлі де көп уақыт солай болып қала береді және соның нәтижесінде егіншілік өнімінің рыноктық бағасын үнемі оның құнынан төмен деңгейде ұстап тұрады. Сондықтан жердің нашар сортын өңдейтін фермер, егер ол орташа пайда түсірсе, ол өз фермасын сатқан күнде, егер ол оған жұмсалған капиталын қайтарып алса, өте көп жағдайда бұлай бола да бермейді, — әбден риза болады. Мұнда, демек, екі елеулі жағдай бірлесіп әрекет етеді: біріншіден, капиталистік өндіріс егіншілікте әлі үстем болмайды; екіншіден, жер меншігі, заң жүзінде бар болса да, шындығында өзін әлі де әр жерде бір көрсетеді; бұл шын мағынасында әлі жерді иемдену ғана. Басқаша айтқанда, жер меншігі заң жүзінде бар болса да, ол әлі — жердің еңбек пен капиталға *алғашқы қауымдық қатынасының* салдарынан — капиталға қарсылық көрсетуге қабілетсіз, егіншілікті, өндірістің егіншілік емес салаларына қарағанда, *капиталдың жұмсалуына* өзінше қарсылық көрсете алатын қарекет өрісіне айналдыра алмайды.

Әуел бастан-ақ саудаға, дүние жүзілік рынок үшін өндіруге бағытталған отарлардың екінші түрінде — плантацияларда — капиталистік өндіріс тек формальды түрде ғана болады, өйткені негрлердің құлдығы еркін жалдама еңбекке, яғни капиталистік өндірістің негізінің өзіне жол бермейді. Бірақ бұл жерде біз өз шаруашылығын негрлердің құлдық еңбегіне құратын *капиталистерді* көреміз. Олар енгізіп отырған өндіріс әдісі құлдықтан туған жоқ, қайта оған енгізіліп отыр. Бұл жағдайда капиталист пен жер меншікшісі — бір адам. Және жердің *табиғаттың элементі* ретіндегі болмысы оның капитал мен еңбекке қатынасында капи-

талдың жұмсалыуына, демек, капиталдардың бәсекесіне де ешқандай қарсылық көрсетпейді. Мұнда жер меншікшілерінен өзгеше арендаторлар табы да тумайды. Осындай жағдай әзірге сақталып тұрғанда шығын бағасының рыноктық құнды реттеуіне еш нәрсе бөгет болмайды.

Осы алғы шарттардың бәрі бұл жағдайда *абсолюттік жер рентасы* болатын алғы шарттарға ешбір ұқсамайды, атап айтқанда бір жағында дамыған капиталистік өндіріспен, екінші жағында — тек қана заң жүзінде болып қоймай, іс жүзінде де капиталға қарсылық көрсететін, осы қарекет өрісін капиталдың басып кіруінен қорғайтын және капиталға белгілі бір шарт бойынша ғана орын беретін жер меншігімен ешбір ортақ белгісі жоқ.

Бұл алғы шарттар бар болған жағдайда абсолюттік жер рентасы тіпті, егер тек IV немесе III, немесе II, немесе I разряд қана өңделетін жағдайдың өзінде де болады. Капитал жер рентасын төлегенде ғана, яғни егіншілік өнімін оның құны бойынша сатқанда ғана жердің жалғыз бір ғана разрядынан жаңа орынды сонда ғана тартып ала алады. Сондықтан осы көрсетілген алғы шарттар болғанда ғана егіншілікке жұмсалған (яғни қайсыбір табиғи элементтің өзіне, өндірістің бастапқы саласына) капитал мен егіншілік емес өндіріске жұмсалған капиталды салыстырып, саралауға болады.

Ал келесі сұрақ мынадай:

Бастама негіз I разряд болған жағдайда, егер II, III, IV разрядтар бұрынғы рыноктық құн тұсында мүмкін болатындай ғана қосымша ұсыным әкелсе, онда олар өз өнімдерін I разряд белгілейтін рыноктық құн бойынша сатады; олар, демек, абсолюттік рентадан басқа олардың относителді құнарлылығына сәйкес тағы да дифференциалдық рента да беретін болады. Керісінше, бастама негіз етіп IV разрядты алса, онда, тегінде, [598] оған қайсыбір келіспеушіліктер айтылуы мүмкін.

Біз II разряд егер ол өз өнімін оның құны бойынша, яғни  $1^{11}/_{13}$  ф. стерлингтен, немесе 1 ф. ст.  $16^{12}/_{13}$  шиллингтен сатса, абсолюттік рента алатынын [B және C кестелерінде] көрдік.

D кестесінде III разрядтағы, келесі ең жақын разрядтағы (құлдырау бағыты бойынша) шығын бағасы 10 ф. ст. мөлшерінде рента беретін IV разряд өнімінің құнына қарағанда жоғары. Сондықтан бұл жерде — тіпті егер III разряд өз өнімін оның шығын бағасы бойынша сатқан болса да — бәсеке туралы, немесе неғұрлым төмен бағадағы ұсыным туралы сөз болуы мүмкін емес. Бірақ егер IV разряд енді барлық сұранымды қанағаттандыра алмаса, егер рынок  $92 \frac{1}{2}$  тоннадан көп талап етсе, онда өнімнің бағасы жоғарылайды. Жоғарыда келтірілген мысалда өз өнімін тым болмағанда оның шығын бағасы бойынша сататын III раз-

ряд бәсекелес ретінде көріне алғаннан бұрын өнім бағасы  $3 \frac{43}{111}$  шиллинг жоғарылауға тиіс болған еді. Ол осындай бәсекелес ретінде көріне ме деген сұрақ туады. Бұл жағдайды біз қазір басқаша түрде көрсетіп көрелік. IV разряд өнімнің бағасы 1 ф. ст. 12 шиллингке дейін, яғни III разряд өнімнің жеке құнына дейін көтерілуі үшін сұранымның міндетті түрде 75 тоннаға ұлғаюы қажет болмаған болар еді; және үстемдік етуші егіншілік өнімі үшін мұның міндеттілігі бәрінен гөрі аз, ал оның ұсынымының жеткіліксіз болуы бағаны арттырғанда ұсынымның *арифметикалық* тұрғыдан кейін қалуына сәйкес келетіннен гөрі анағұрлым көбірек арттырады. Бірақ егер IV разряд өнімнің бағасы 1 ф. ст. 12 шиллингке дейін жоғарылаған болса, онда III разрядтың өнімі оның жеке құнына тең осы рыноктық құн жағдайында абсолюттік рента, ал IV разряд дифференциалдық рента берер еді. Жалпы алғанда, егер қосымша сұраным болса, онда III разряд өз өнімін оның жеке құны бойынша сата алады, өйткені онда рыноктық құнды нақ осы разрядтың өзі белгілейді және мұндай жағдайда *жер меншікшісін* рентадан бас тартуға мәжбүр ете алатындай ешқандай негіз болмас еді.

Бірақ IV разряд өнімінің рыноктық бағасы тек 1 ф. ст.  $9\frac{1}{3}$  шиллингке дейін, яғни III разряд өнімінің *шығын* бағасына дейін ғана көтеріледі деп ұйғарайық. Немесе — бұл жағдайды одан да гөрі айқынырақ ету үшін — III разряд өнімнің шығын бағасы тек 1 ф. ст. 5 шиллинг қана болсын, яғни ол IV разряд өнімінің *шығын бағасынан* тек  $1\frac{8}{37}$  шиллинг қана жоғары болсын. Ол осы соңғысынан жоғары болуға тиіс, өйткені III разрядтың жерінің құнарлылығы IV разрядтың жерінің құнарлылығынан төменірек. Енді III разряд өңдеуге енгізілуі мүмкін бе және өз өнімін III разряд өнімінің шығын бағасынан жоғары, атап айтқанда 1 ф. ст.  $5\frac{35}{37}$  шиллингтен сатып жатқан IV разрядпен бәсекелесуді бастай ала ма? Мұның өзі бұл жерде қосымша сұраным бола ма, жоқ па — соған байланысты. Егер қосымша сұраным болса, онда IV разряд өнімінің рыноктық бағасы оның құнынан жоғары, яғни 1 ф. ст.  $5\frac{35}{37}$  шиллингтен жоғары көтеріледі. Сонда III разряд барлық жағдайда да өз өнімін оның шығын бағасынан *жоғары*, оның абсолюттік рентасының барлық сомасын алуға болатындай жоғары болмаса да, сата бастар еді.

Немесе қосымша сұраным *болмайды*. Мұнда тағы да екі жағдайдың болуы мүмкін. III разрядтың жерін өңдеуші фермер сонымен бірге осы жердің *иесі* де болған жағдайда ғана III разрядтың жері бәсекеге түсе алар еді: мұндай фермерге, капиталист сияқты, жер меншігі ешқандай тосқауыл қоймас еді, қарсылық көрсетпес еді, өйткені ол жерді капиталист ретінде емес, жер меншікшісі ретінде пайдаланады. Оның бәсекесі IV разрядты өз өнімін бұрынғы бағасынан төмен, яғни 1 ф. ст.  $5\frac{35}{37}$  шиллингтен

төмен, тіпті III разрядтың өнімінің 1 ф. ст. 5 шилл. құрайтын шығын бағасынан да төмен сатуға мәжбүр өтер еді. Сөйтіп III разряд таяныш-тірегінен айрылған болар еді. Және IV разрядтың қашан да III разрядты тірегінен аударуға шамасы келетін болар еді: бұл үшін оған бағаны өзінің шығын бағасына дейін төмендетсе жетіп жатыр, өйткені оның шығын бағасы III разрядтікінен төмен. Бірақ егер рынокта III разряд өнімдерінің пайда болуынан туындаған *бағаның төмендеуі* салдарынан рыноктың сыйымдылығы ұлғайса, онда не болар еді? Не рынок соншалықты, IV разряд жаңа 75 тоннаның пайда болуына қарамай, бұрынғысындай өзінің  $92\frac{1}{2}$  тоннасын өткізгендей кеңейген болар еді,

не болмаса рынок ондай дәрежеде ұлғаймас еді де, IV және III разрядтар өнімінің бір бөлігі артық болып қалар еді. Бұл жағдайда IV разряд, рынокта үстемдік құра отырып, III разрядтағы капитал қажетті шеңберге енгізілгенше, яғни IV разрядтың барлық өнімі сіңірілуі үшін дәлме-дәл жеткілікті капитал ғана III разрядқа жұмсалғанша, бағаны кеміте берер еді. Бірақ 1 ф. ст. 5 шиллинг баға бойынша барлық өнімді сатуға болар еді және III разряд осы өнімнің бір бөлігін осы баға бойынша сататындықтан, IV разряд одан қымбатырақ сата алмас еді. Алайда, мұның өзі қосымша сұранымнан тумағандықтан, рыноктың сыйымдылығын ұлғайтуға апаратын осындай уақытша артық өндірудің бірден-бір мүмкін болатын жағдайы болар еді. Және бұл жағдай III разрядта капиталист пен жер меншікшісі бір адам болған кезде ғана мүмкін болады, — демек, тағы да жер меншігі капиталға қарсы тұратын күш ретінде болмайды, өйткені капиталистің өзі жер меншікшісі болып табылады, сондықтан жер меншікшісінің мүддесін капиталистің мүддесі үшін құрбандыққа шалады деп ұйғарылғанда ғана мүмкін болады. Егер III разрядта жер меншігі капиталға жер меншігі ретінде қарсы тұрса, онда жер меншікшісі өз ақрларын, ол үшін рента алмай, өңдеуге беруіне ешқандай негіз жоқ, яғни ол IV разряд өнімінің бағасы тым болмаса III разрядтың өнімінің шығын бағасынан *жоғары* көтерілгенше өз жерін өңдеуге беруіне ешқандай негіз жоқ. Егер бұл жоғарылау мардымсыз ғана [599] болса, онда капиталистік өндірісі бар кез келген елде III разрядтың жері капиталдың әрекет жасау сферасынан алынып тасталады; бұл жерлер басқа ешқандай формада рента бере алмайтын жерлер болған жағдай ғана бұған жатпайды. Бірақ олар еш уақытта да рента бере бастамас бұрын, IV разрядтың өнімінің бағасы III разрядтың өнімінің шығын бағасынан *жоғары* көтерілместен бұрын, демек, IV разряд өзінің бұрынғы рентасынан басқа тағы да дифференциалдық рента бере бастағанша өңдеуге түспейді. Сұраным одан әрі көбейген жағдайда III разрядтың өнімінің бағасы оның құнының деңгейіне дейін көтерілер еді, өйткені II разрядтың

өнімінің шығын бағасы III разрядтың өнімінің жеке құнынан асып түседі. II разрядтың жері III разрядтың өнімінің бағасы 1 ф. ст. 13<sup>11</sup>/<sub>13</sub> шиллингтен асқан бойда, яғни ол II разряд үшін қандай да бір рента беретін болған бойда өңделе бастар еді.

Бірақ міне *D* кестесінде I разряд *ешқандай* рента *бермейді* деп ұйғарылған. Алайда бұл разрядтың рента бермейтін себебі мынадан ғана: ол ұйғарымға сәйкес, бұрыннан өңдеуге түскен жер болғандықтан, IV разрядтың пайда болуынан туған рыноктық құнның өзгеруі салдарынан өз өнімін оның құнынан төмен, оның шығын бағасы бойынша сатуға мәжбүр болған-ды. Мұндай жерді ауыл шаруашылығына пайдалану жер меншікшісі өзі фермер болғанда ғана демек, бұл *жеке жағдайда* жер меншігінің капиталға қатысты *ғайып* болатында ғана одан әрі жалғаса береді; немесе жерді пайдаланатын фермер пайданың 10 проценттен аз болуын қанағат тұтатын ұсақ капиталист болғанда, немесе өз жалақысынан аздап көбірек түсім алғысы келетін, немесе тек жалақысын ғана және өзінің 10 ф. стерлингке тең немесе азырақ (мысалы, 9 ф. ст.) қосымша еңбегін капиталистке емес, жер меншікшісіне беретін жұмысшы болғанда ғана одан әрі жалғасады. Соңғы екі жағдайда да жер меншікшісіне аренда ақысы төленсе де, бірақ, экономикалық тілмен айтқанда, бұл — рента емес, ал біздегі әңгіме тек қана рента туралы болып отыр. Бір жағдайда фермер тек ауыл шаруашылығы жұмысшысы, ал екіншісінде — ауыл шаруашылық жұмысшысы мен капиталистің арасында тұрған бірдеңе.

Капиталист өз капиталып өндірістің қайсыбір саласынан кері алып алатыны сияқты жер меншікшісі өз жерінің акрларын рыноктан олай оңай *ала алмайды* деген тұжырымнан оғаш еш нәрсе жоқ. Бұл көзқарасты жақсылап теріске шығаратын жайлар мыналар: Еуропаның, мысалы, Англия сияқты, ең дамыған елдерінде, өңдеусіз қалып жатқан құнарлы жердің көп мөлшері; егіншіліктен алынып, темір жол немесе үй салуға беріліп жатқан, немесе осы мақсатқа деп сақталып отырған жерлер; мысалы, таулы Шотландиядағы сияқты жер меншікшісі мылтық атуға машықтануға немесе аң аулауға арнап қойған жерлер, т. с. с. Ағылшын жұмысшыларының өңделмей жатқан жерлерді өз қолына алу үшін жүргізіп келе жатқан нәтижесіз күресі де мұны жақсылап теріске шығарады.

Мынаны атап өту қажет: барлық жағдайларда, не рыноктық құн осы разрядтың өнімінің жеке құнынан төмен болуы нәтижесінде (II *D*-да орын алғанындай), немесе жақсы жердің бәсеке-сінің салдарынан капиталдың қайсыбір бөлігін нашар жерден кері алу нәтижесінде (II *B*-да орын алғанындай), сондай-ақ рента мүлдем болмай қалған жағдайда (I *D*-да орын алғанындай) абсолюттік рентаның сомасы өзінің қалыпты мөлшерінен төмен түсіп кеткен барлық осындай жағдайларда былай болуы тиіс:

1) рента мүлдем болмайтын жерде жер меншікшісі мен капиталист — *екеуі де бір* адам, яғни мұнда жер меншігі капиталға жасайтын қарсылық және жер меншігі тарапынан капиталдың қарекет өрісін шектеу жеке масштабта және ерекшелік ретінде жоғалады. Бұл жерде біз отарлардағы жағдайды тек жеке масштабта көріп отырмыз: жер меншігі деген алғы шарт енді болмай қалады;

2) неғұрлым құнарлы жерлердің бәсекесі немесе сондай-ақ құнарлылығы кемірек жерлердің бәсекесі (құлдырау бағыты бойынша) артық өндіруді туғызады және рыноктың сыйымдылығын күштеп ұлғайтады, бағаны күштеп төмендету арқылы қосымша сұраным тудырады. Бірақ бұл жерде біз Рикардо олай болады деп ойламайтын жағдайды толық көріп отырмыз, өйткені өз пайымдауларында ол әрқашан тек қажетті қосымша сұраным ғана қанағаттандырылады деген алғы шартқа сүйенеді;

3) *B*, *C* және *D* кестелерінде II және I разрядтар мүлде рента бермейді немесе абсолюттік рентаның барлық сомасын бермейді, өйткені неғұрлым құнарлы жерлердің бәсекесі оларды өз өнімін оның құнынан төмен сатуға мәжбүр етеді [немесе, II *B* жағдайындағы сияқты капиталдың бір бөлігін өндірістен кері алуға мәжбүр етеді]. Рикардо, керісінше, олар өнімді *оның құны* бойынша сатады және рыноктық құнды қашан да *ең нашар жер* белгілейді деп болжайды; ал ол қалыпты деп есептейтін нақ I *D* жағдайында бұған тура қарама-қарсы болып отыр. Бұдан басқа оның пайымдаулары әрқашан өндірістің құлдырау бағыты болады деген алғы шартқа негізделген.

Екіншілік емес капиталдың орташа құрылымы  $80\ c + 20\ v$ , ал қосымша құнның нормасы 50 процентке тең болса, онда *абсолюттік жер рентасы* болмас еді, егер екіншілік капиталының құрылымы  $90\ c + 10\ v$ -ға тең болса, яғни ол өнеркәсіп капиталының құрылымынан жоғары тұрса, бұл [600] капиталистік өндіріс үшін тарихи тұрғыдан дұрыс емес; егер екіншілік капиталының құрылымы  $80\ c + 20\ v$  болса, осы уақытқа дейін бұлай болып көрген емес, онда абсолюттік рента тағы да *болмайды*; егер екіншілік капиталының құрылымы өнеркәсіп капиталының құрылымынан төмен болса, мысалы егер ол  $60\ c + 40\ v$  болса, онда *абсолюттік жер рентасы* алынатын болады.

Егер осы теорияға сүйенетін болсақ, онда әр түрлі разрядтардың құнарлылығына байланысты *олардың* рынокқа қатынасында, яғни белгілі бір разрядтың рынокта үстемдік етуіне байланысты мынадай жағдайлар болуы мүмкін:

A) Соңғы разряд абсолюттік рента төлейді. Оның рыноктық құнды белгілейтін себебі барлық разрядтар *осы рыноктық құн бойынша тек қажетті ұсыным ғана береді*;

B) Рыноктық құнды соңғы разряд белгілейді; ол абсолюттік рентаны, оның бүкіл нормасын төлейді, бірақ оның бұрынғы бар-



лық сомасын төлемейді, өйткені III және IV разрядтардың бәсекесі оны өндірістен капиталдың бір бөлігін кері алуға мәжбүр етеді;

С) *Бұрынғы рыноктық құн бойынша* I, II, III және IV разрядтар әкелетін *артық* ұсыным рыноктық құнды құлдыратпай қоймайды, ал жоғары разрядтар реттеп отыратын төмендеген рыноктық құн рыноктың сыйымдылығын ұлғайтады. I разряд абсолюттік рентаның бір бөлігін ғана, II разряд тек абсолюттік рентаны ғана төлейді.

Д) Жақсы разрядтардың *рыноктық құнды* нақ сол реттеуі, немесе жақсы разрядтардың артық ұсыным арқылы нашар разрядтарға үстемдік етуі I разрядта рентаны түгелдей жояды, ал II разрядта оны абсолюттік рентаның деңгейінен төмен түсіреді; және ақырында,

Е) Жақсы разрядтар, рыноктық құнды I разряд өнімінің шығын бағасынан төмендете отырып, I разрядты рыноктан ығыстырып шығарады. Енді рыноктық құнды II разряд белгілейді, өйткені *осы жаңа рыноктық құн* тұсында барлық үш разряд тек қажетті ұсыным ғана береді. [600]

[600] Енді Рикардоға қайта оралайық.

\* \* \*

Біз егіншілік капиталының құрылымы туралы айтқанда бұған жердің құны немесе оның бағасы кірмейтіндігі өзінен-өзі түсінікті. Соңғысы капиталдандырылған жер рентасынан басқа еш нәрсе де емес.

## [ОН ҮШІНШІ ТАРАУ]

## РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫ [СОҢЫ]

(1) РИКАРДОНЫҢ ЖЕРГЕ МЕНШІКТІҢ БОЛМАУЫ  
ЖӨНІНДЕГІ АЛҒЫ ШАРТЫ.ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫ МЕН ОРНАЛАСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ  
ЖАҢА ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНЕ АУЫСУ]

*Рикардоға, 2 тарауға («Рента туралы»)* оралайық. Алдымен біз одан сол баяғы «отарлау теориясын» көздестіреміз, бұл Смиттің өзінде-ақ бар \*. Бұл жерде бүкіл осы ой жүйесінің тек логикалық байланысын ғана қысқаша атап өтсек те жеткілікті.

«Бай әрі құнарлы жері мол елді алғаш қоныстанғанда нақтылы бар халықты асырау үшін ол жердің болмашы ғана үлесін өңдеу керек болатын немесе осы халықта бар капиталмен шын мәнінде өңдеуге болатын кезде — рента болмайды. Өйткені, әлі меншіктенілмеген көп жер бар болса, сондықтан да оны (өйткені ол меншікке айналдырылған жоқ, мұны Рикардо кейін мүлде ұмытып кетеді) өңдегісі келген әркім-ақ иемдене алатын болса, ешкім де жерді пайдаланғаны үшін ақы төлеп жатпайды ғой» (55-бет) [Орысша аудармасы, I том, 66-бет].

{Демек, мұнда жер меншігі жоқ деп болжанады. Процестің бұлай баяндалуы осы заманғы халықтардың отарлары үшін *шамамен* дұрыс болса да, бірақ, ол біріншіден, дамыған капиталистік өндіріске қолдануға келмейді, ал екіншіден, мұны көне Европаның дамуының *тарихи* жолы деп ойлау қате болар еді.}

«Ұсыным мен сұранымның жалпы заңдарына сәйкес *мұндай жер үшін де рента төленуі мүмкін емес*; мұның себебі сол жоғарыда көрсетілген себеп: *шексіз* жатқан ауаны, суды немесе табиғаттың басқа бір сыйын пайдаланғаны үшін еш нәрсе төленбейді... Табиғаттың осы [601] күштерін пайдаланғаны үшін ешқандай ақы алынбайды, өйткені олар сарқылмайды және оларды кез келген адам пайдалана алады... Егер барлық жердің қасиеттері *бірдей* болса, егер ол шексіз және *сапасы жөнінде біркелкі* болса, онда тек жер ерекше қолайлы орналасқан жағдайды есептемегенде» (Рикардо оған былай деп қосуы керек еді — ол меншік иесінің қарамағында болған жағдайды есептемегенде) «оны пайдаланғаны үшін ақы алуға болмас еді» (өйткені оны жалпы алғанда *жеке меншікке айналдыруға бол-*

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 235—236 және 247—248 беттер. *Ред.*

мақ еді). «Демек, жерді пайдаланғаны үшін рента барлық уақытта да мына сөбептен ғана төленеді: жердің шамасы шексіз емес, оның сапасы да бірдей емес, халық санының көбеюіне сәйкес сапасы нашар жер немесе неғұрлым қолайсыз орналасқан жер өңдеуге түседі. Қоғамның дамуымен бірге құнарлылығы жағынан екінші разрядтағы жер өңдеуге түскен кезде сапасы жақсы жерде ізінше рента пайда болады және бұл рентаның көлемі жердің осы екі учаскесінің сапасындағы айырмаға байланысты болады» (56—57-беттер) [Орысша аудармасы, 1 том, 66—67-беттер].

Біз дәл осыған тоқталуымыз керек. Мұндағы логикалық байланыс мынадай:

Егер жер, — және мұны елдің алғашқы қоныстануы туралы (Смиттің отарлау теориясы) айта келіп, Рикардо осылай деп ойлайды, — егер бай әрі құнарлы жер халықтың нақтылы саны мен капиталға қатысты табиғаттың кез келген элементі сияқты іс жүзінде шексіз мөлшерде бар болатын болса; егер әрі қарай, бұл жердің «көп мөлшері» әлі меншікке айналмаған болса, және сондықтан, ол әлі «меншікке айналдырылмағандықтан, оны өңдегісі келген әрбір адам өңдей алатындықтан», — онда бұл жағдайда, әрине, жерді пайдаланғаны үшін еш нәрсе төлемейді және ешқандай рента болмайды. Егер жер тек қана капитал мен халық санына қатысты ғана емес, іс жүзінде де, шексіз элемент болса, яғни ауа мен су сияқты, «шексіз» болса, шексіз мөлшерде нақтылы бар болса, онда бір адамның жерді иемденуі жерді басқа бір адамның иемденуін ешбір жоққа шығара алмас еді. Онда жерге ешқандай жеке меншік болмас еді (тек жеке меншік қана емес, «қоғамдық» та, мемлекеттік те меншік болмас еді). Бұл жағдайда, оның үстіне егер барлық жердің сапасы бірдей болса, жер үшін ешқандай рента алынуы мүмкін болмас еді. Ең әрі дегенде «ерекше қолайлы орналасқан» жердің иесіне рента төленер еді.

Демек, егер, Рикардо жорамалдаған шарт бойынша — атап айтқанда жер «меншікке айналмаған» және «сондықтан» бос жатқан жерді «кім өңдегісі келсе, сол өңдей алады» деген шарт бойынша, рента төленетін болса, онда мұның мүмкін болатын себебі мынау ғана: «жер көлемі жағынан шексіз емес, сапасы жағынан бірдей емес», яғни жердің әр түрлі сорттары болғандықтан және жердің сол бір сортының өзі «шектеулі көлемде» болғандықтан. Біз онда, Рикардоның алғы шарттары тұсында, тек дифференциалдық рента ғана төленуі мүмкін дейміз. Алайда осы шектеуді есте ұстаудың орнына Рикардо жерді пайдаланғаны үшін еш уақытта да абсолюттік рента төленбейді, тек қана дифференциалдық рента төленеді деген қорытындыға бірден секіріп түседі, ал мұның өзі оның жерге меншіктің болмауы туралы алғы шартына тәуелсіз.

Мәселенің барлық түйіні мынада: егер жер капиталға қатысты табиғаттың кез келген элементі сияқты бар болатын болса, онда капитал ауыл шаруашылығы саласында өндірістің кез келген

басқа саласындағыдай, дәл сондай әрекет етер еді. Онда ешқандай жер меншігі және ешқандай рента болмас еді. Ең көп дегенде, егер жердің бір бөлігі екіншісінен құнарлырақ болса, өнеркәсіптегі сияқты артық пайда түсер еді. Екіншілікте ол топырақтың құнарлылық дәрежесінің айырмашылығы болып табылатын табиғи негіздің арқасында дифференциалдық рента түрінде белгіленеді.

Керісінше, егер жер 1) шектеулі, 2) меншіктеніп алынған болса; егер капитал өзінің пайда болу шарты түрінде жер меншігіне тап болса — капиталистік өндіріс дамып отырған елдерде жағдай нақ осындай; ал осы шарт бұрын нақтылы жоқ болған елдерде (көне Европада ол нақты бар болды) капиталистік өндіріс өзі үшін мұндай шартты өзі жасайды (Құрама Штаттар мысал бола алады), — онда жер әуел бастан-ақ капиталдың қарапайым қол жеткізе алатын қарекет өрісі болмайды. Сондықтан да дифференциалдық рентадан тәуелсіз жер рентасы болады. Бірақ онда жердің бір разрядынан екіншісіне ауысу да, мейлі ол өрлеу бағыты бойынша (I, II, III, IV) немесе төмендеу бағыты бойынша (IV, III, II, I) болсын, Рикардоның алғы шартындағыдан өзгеше жүзеге асады. Өйткені капиталды қолдану I разрядта да, II, III, IV разрядтарда да жер меншігінің қарсылығына тап болады, және IV разрядтан III-ге т. с. с. кері ауысқанда солай болады. IV разрядтан III-ге т. т. ауысқанда IV разряд өнімі бағасының III разрядтағы капитал орташа пайдамен қолданылатындай мөлшерде көтерілуі жеткіліксіз: ол III разрядтың жерлерінде рента төленетіндей дәрежеге көтерілуі тиіс. Егер I разрядтан II-ге т. с. с. ауысу болса, онда I разряд үшін рента берген баға II разряд үшін тек қана сол рентаны беріп қоймай, одан басқа тағы да дифференциалдық рента беретіні өзінен-өзі түсінікті. Жер меншігі болмайтындығы туралы өзінің болжамымен Рикардо, әрине, жер меншігінің болуынан туындайтын және онымен тығыз байланысты заңның болатынын жойған жоқ.

Өзінің алғы шарты тұсында дифференциалдық рента қалай пайда бола алатынын көрсетіп, Рикардо былай жалғастырады:

«Сапасы жөнінен үшінші сортағы жер өңдеуге түскен кезде екінші сорттың жерінде сол сәтте рента пайда болады, және бұл рента бұрынғысынша, олардың өндіргіш күштеріндегі айырмашылықпен белгіленеді. Онымен бір мезгілде бірінші сорттың жерінен алынатын рента жоғарылайды, өйткені ол капитал мен еңбектің сондай мөлшерде жұмсалып өндірілетін өнімдегі бүкіл айырма қандай болса екінші сортағы жердің рентасынан сонша жоғары болуы тиіс. Елді азық-түліктің қажетті мөлшерін өндіре алатын болу үшін [602] сапасы нашар жерді өңдеуге мәжбүр ететін халық саны әрі қарай өскен сайын»

(бірақ бұл халық санының әрі қарай әрбір өсуі елді сапасы нашар жерді өңдеуге мәжбүр етеді дегенді есте білдірмейді),

«...неғұрлым құнарлы жерлерден алынатын рента жоғарылайтын болады» (57-бет) [Орысша аудармасы, I том, 67-бет].

Бұл — әбден дұрыс.

Сонан соң Рикардо мысалға көшеді. Алайда бұл мысал, — кейін айтылуға тиістіні қоя тұрғанда, — *құлдырау бағытын* көздейді. Бірақ бұл — *көздеуден* артық еш нәрсе емес. Мұны білдірмей өткізіп жіберу үшін Рикардо

*«әлі меншіктелінбеген, бай әрі құнарлы жері мол елді алғаш қоныстану»* туралы айтады (55-бет) [Орысша аудармасы, I том, 66-бет].

Алайда, егер онда отарлаушылардың санына қатысты «әлі меншіктелінбеген жұтаң әрі құнарсыз жер мол» болған күнде де дәл осылай болар еді. *Ешқандай рента* төленбеуінің алғы шарты жердің байлығы немесе құнарлығы емес, жердің өсеңсіз көп болуы, меншікке айналдырылмауы және сапасы жағынан бір келкі болуы, ал *бұл* сапаның оның құнарлығы дәрежесіне қатысты қандай болса да бәрібір. Сондықтан да Рикардо өзінің *алғы шартын* әрі қарай баяндауда былай деп тұжырымдайды:

*«Егер барлық жердің қасиеттері бірдей болса, егер ол шексіз мөлшерде және сапасы жағынан біртекті болса, онда оны пайдаланғаны үшін ақы алуға болмас еді»* (56-бет) [Орысша аудармасы, I том, 67-бет].

Рикардо егер жер *«бай әрі құнарлы болса»* деп айтпайды және айта да алмайды, өйткені осы тектес шарттың бұл заңға *мүлде ешқандай қатысы* болмас еді. Егер жер бай әрі құнарлы болудың орнына жұтаң әрі құнарсыз болса, онда әрбір отарлаушыға бүкіл жердің көбірек үлесін өңдеуіне тура келер еді және осының нәтижесінде олар халық саны артқан сайын, тіпті жерге меншік болмағанның өзінде, іс жүзінде жердің молшылығы, халық саны мен капиталға қатысты оның іс жүзіндегі шексіздігі таусылатын кезге жылдамырақ жақындар еді.

Отарлаушылардың, әрине, неғұрлым нашар жерді емес, неғұрлым құнарлы жерді, атап айтқанда — өздерінің қолындағы өңдеу құралдарымен өңдеуге келетін ең құнарлы жерді таңдап алатындығына рас, ешбір күмәндануға болмайды. Алайда бұл — олардың таңдап алуына шек қоятын бірден-бір шарт емес. Олар үшін бірінші кезекте шешуші маңыз алатыны — ол жердің орналасуы, теңіз жағасында, үлкен өзендердің бойында, т. б. орналасуы. Батыс Американың және басқалардың жері қандай құнарлы болса да, алайда қоныстанушылар, әрине, Жаңа Англияға, Пенсильванияға, Солтүстік Каролинаға, Виргинияға, т. б. қысқасын айтқанда — Атлант мұхитының шығыс жағалауына мекендеп қалды. Және олар өздеріне ең құнарлы жерді таңдаған болса, онда олар тек *осы аудандағы ең құнарлы жерді* таңдап алды. Бұл оларға кейінірек, халық санының өсуі, капиталдардың құралуы, қатынас құралдарының дамуы, қалалардың пайда бо-

луы осы неғұрлым шалғайдағы ауданда неғұрлым құнарлы жерге қолдарын еркін жеткізісімен Батыстағы неғұрлым құнарлы жерді өңдеуге көшуге бөгет болған жоқ. Олар ең құнарлы ауданды емес, бәрінен қолайлы орналасқан ауданды, ал осы соңғысының шекарасында, әрине, тұрған жерінің басқа жағдайлары бірдей болғанда — неғұрлым құнарлы болып табылатын жерді іздейді. Алайда бұл, әрине, неғұрлым құнарлы ауданнан құнарлылығы кемірек ауданға көшеді дегенді дәлелдемейді, сол бір ауданның өзінде — орналасуы бірдей болғанда — неғұрлым құнарлы жер құнарлылығы кемірек жерге қарағанда өңдеуге бұрынырақ түсетіні өзінен-өзі түсінікті.

Ал бұл өкі арада Рикардо, — «бай әрі құнарлы жердің молшылығы» деген тұжырымын: «қасиеттері бірдей, көлемі шектелмеген және сапасы біркелкі» деген жақсартылған тұжырыммен ауыстырғаннан кейін, — өзінің мысалына көшеді, сонан соң өзінің бастапқы қате алғы шартына кері секіріп түседі:

*«Неғұрлым құнарлы және неғұрлым қолайлы орналасқан жер өңдеуге алдымен түседі...»* (80-бет) [Орысша аудармасы, I том, 69-бет].

Рикардо бұл пайымдаудың орнықсыз және қате екенін сезеді, сондықтан да «неғұрлым құнарлы жер» деген сөздерге «және неғұрлым қолайлы орналасқан» деп тағы жаңа шарт қосады, бұл оның пайымдауының бастама пунктінде болмайтын. Бұл тұста ол, сірә: «неғұрлым қолайлы орналасқан ауданның ішіндегі неғұрлым құнарлы жер» деп айтуға тиісті еді, өйткені елдің бір бөлігін, жаңа қоныстанушылар үшін оларға метрополияден, өздерінің бұрынғы жерлестерімен және сыртқы дүниемен байланыста болуға мүмкіндік беретіндіктен, елдің осы олар үшін кездейсоқ ең қолайлы орналасқан бөлігін — отарлаушылар әлі зерттемеген және олар бірден зерттей де алмайтын бөлігін, бүкіл елдегі неғұрлым «құнарлы өңір» деп есептеуге дейін баратын қисынсыздыққа жетуі мүмкін емес қой.

Сөйтіп, төмендеу бағыты туралы, неғұрлым құнарлы ауданнан құнарлылығы кемірек ауданға көшу туралы болжам Рикардода мүлде төріс енгізілген. Тек мынаны ғана айтуға болады: өңдеуге бірінші түскен ауданда, өйткені ол неғұрлым қолайлы орналасқан осы ауданда, әзірге осы ауданның ішінде неғұрлым құнарлы жерден құнарлылығы кемірек жерге ауысқанша ешқандай рента төленбейді. Егер енді біріншіге қарағанда неғұрлым құнарлы басқа ауданға ауысса, онда ол, болжамға сәйкес, қолайсыздау орналасқан. Сондықтан бұл аудандағы жердің көбірек құнарлылығы оның қолайсыз орналасқандығымен неғұрлым теңестірілетін болуы мүмкін; ал мұндай жағдайда да I ауданның жері рента төлеуін жалғастыра береді. Алайда, «орналасқан жері» дегеннің өзі экономикалық дамумен бірге тарихи тұрғыдан өзгеріп отыратын жағдай болғандықтан және ол қатынас жолдарын салумен, жаңа

қалалардың пайда болуымен, халық санының өсуімен және т. с. с. бірге үздіксіз *жақсарып отыруға тиіс* болғандықтан, II ауданда өндірілген өнім рынокқа біртіндеп, керісінше I аудандағы рента-ны (дәл сондай өнімнен алынатын) азайтуға тиіс бағамен шығарыла бастайтыны және II аудан біртіндеп, оның орналасқан жерінің қолайсыздығы жойылған сайын, неғұрлым құнарлы жер ретінде көріне бастайтыны анық.

[603] Сондықтан анығы мынау:

Рикардоның өзі дифференциалдық рентадың пайда болуы үшін қажетті жағдайға дұрыс және жалпы тұжырым берген жерде («бүкіл жер... қасиеті бірдей... көлемі шектелмеген... сапасы жағынан біртекті болса»), — бұл тұжырым неғұрлым құнарлы жерден құнарлылығы кемірек жерге ауысу болатын жағдайды қамтымайды;

бұл тарихи жағынан да Құрама Штаттарды отарлау үшін дұрыс емес, А. Смитпен бірге Рикардо да осыны айтқан болатын (бұл пункттегі Кэридің дұрыс қарсы шығуы нақ осыдан туған);

Рикардо «орналасқан жері» («неғұрлым құнарлы және неғұрлым қолайлы орналасқан жер өңдеуге бірінші болып түседі») дегенді қосып, өз пікірін өзі қайтадан төңкеріп тастайды;

Рикардо өзінің ойша алынған болжамын дәлелдеуді қажет ететін нәрсе белгілі деп ұйғарылған мысалдың көмегімен дәлелдейді, атап айтқанда — жақсы жерден барған сайын нашарлай түсетін жерге ауысу арқылы дәлелдейді; ақыр аяғында

Рикардоның бұлай деп ұйғаратын {жалпы пайда нормасының төмендеу тенденциясын түсіндіру үшін пайдалану ниетімен екені күмәнсіз} себебі, ол *дифференциалдық рента*ны басқаша түсіндіре алмағандықтан, осылай деп отыр; дифференциалдық рента I ден II, III, IV ге, немесе IV ден III, II, I ге ауыса ма, оған мүлдем тәуелді емес.

**[2] РИКАРДОНЫҢ АСТЫҚТЫҢ БАҒАСЫНА РЕНТАНЫҢ  
ЫҚПАЛ ЖАСАУЫ МҮМКІН ЕМЕСТІГІ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАСЫ.  
АБСОЛЮТТІК РЕНТА ЕГІНШІЛІК ӨНІМІНІҢ  
БАҒАСЫ АРТУЫНЫҢ СЕБЕБІ РЕТІНДЕ]**

Рикардоның келтірген мысалында бірдей капитал жұмсағанда 100, 90, 80 квартал дән «таза өнім» беретін жердің үш сорты, №№ 1, 2, 3 ұйғарылған. № 1 өңдеуге бірінші болып түседі

«халықтың санымен салыстырғанда құнарлы жер мол және сондықтан тек № 1 сортты жерді ғана өңдеу қажет болған жаңа елде» (57-бет) [Орысша аудармасы, I том, 67—68-беттер].

Бұл жағдайда «бүкіл таза өнім «егіншіге» тиесілі және олавансыланған капиталға келетін пайданы құрайды» (57-бет); Мұнда {біз плантациялар туралы айтып отырғанымыз жоқ} еш-

қандай капиталистік өндіріс бар деп болжанбаса да осы «таза өнім» бірден капиталға келетін пайда деп қаралуы да бұл жерде түкке аспайды. Бірақ, «ескі елден» шыққан колонист өзінің «таза өніміне» өзі осылай қарайды делік. Егер енді халық саны № 2-шіні өңдеу қажет болатындай мөлшерде өссе, онда № 1 10 кварталер рента беретін болады. Бұл жерде, әрине, №№ 2 және 3 жерлер «меншікке айналдырылмаған» және халықтың саны мен капиталға қатысты іс жүзінде «шексіз көлемде» деп жорамалданады. Керісінше болған жағдайда істің мәні басқаша болып кетер еді. Сонымен, бұл жорамал бойынша № 1 жер 10 кварталер рента келтіретін болады.

«Өйткені, екіншісі бірі: не «егіншілік капиталына келетін пайданың екі нормасы болуға тиіс, немесе 10 кварталер (немесе 10 кварталердің құны) № 1 өнімінен басқа бір мақсат үшін алынып тасталуы тиіс. № 1 жерді кім өңдесе де, жердің меншікшісі ме әлде басқа бір адам ба, осы 10 кварталер бірдей рента құрайды,— өйткені № 2 жерді өңдеген адам рента ретінде 10 кварталер толғап, № 1 жерді өңдесе де не ешқандай рента төлемей № 2 жерді өңдеуін жалғастырса да өз капиталынан бірдей нәтиже алар еді» (58-бет) [Орысша аудармасы, I том, 68-бет].

Шынында да [жердің әр түрлі екі сорты болғанда] егіншілік капиталына келетін пайданың екі нормасы болар еді, яғни № 1 10 кварталер мөлшерінде үстеме пайда (бұл жағдайда ол рента түрінде тоғысуы мүмкін) болар еді. Бірақ өндірістің сол бір сферасында капиталдың бір түріне, демек, егіншілік капиталына да пайда нормасының екі емес, көптеген барынша әр түрлі нормалары келуі мүмкін ғана емес, тіпті сөзсіз,— бұл туралы Рикардоның өзі осы жерде екі беттен кейін былай дейді:

«Неғұрлым құнарлы, неғұрлым қолайлы орналасқан жер өңдеуге бірінші болып түседі, сондықтан оның өнімінің айырбас құны басқа барлық товарлардың айырбас құны сияқты нақ солай өнімді жасап шығаруға және оны рынокқа жеткізу үшін — өндіріс процесінің басынан аяғына дейінгі еңбектің әр түрлі формаларында қажетті еңбектің жиынтық мөлшерімен белгіленеді. Сапасы нашар жер өңдеуге түскенде шикі өнімнің айырбас құны жоғарылайды, өйткені оны өндіруге көбірек еңбек қажет болады. Барлық товарлардың айырбас құны, мейлі ол өнеркәсіп бұйымдары, рудниктердің өнімі немесе ауыл шаруашылығының өнімі болса да, ерекше тиімді жағдаймен пайдаланатындардың ғана қолы жететін неғұрлым қолайлы жағдайда оларды өндіруге жеткілікті еңбектің ең аз мөлшерімен еш уақытта белгіленбейді; керісінше, ол мұндай артықшылықтары жоқ, өндірісті ең қолайсыз жағдайларда жалғастырып жатқандар оларды өндіруге қажетті түрде жұмсайтын еңбектің ең көп мөлшерімен белгіленеді; ал ең қолайсыз жағдай деп өнімнің қажет мөлшері» (бұрынғы баға бойынша) «өндірілуі үшін өндірісті жалғастыру қажет болған жағдайлардың ішіндегі ең қолайсызын түсіну керек» (60—61-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 69-бет].

Демек, өндірістің әрбір ерекше саласында пайданың тек екі ғана емес, көп нормасы, яғни жалпы пайда нормасынан көптеген ауытқулар болады.



Бұл арада Рикардоның бір жердің өзінде капиталдың әр түрлі [бірінен соң бірі қолданылатын] үлестерінің тиімділігі туралы сөз болатын мысалының бұдан арғы вариантына тоқталып жатудың қажеті жоқ (58—59-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 68—69-беттер]. Тек мына екі қағиданы ғана атап өту керек:

1) «Рента әр уақытта да капитал мен еңбектің [604] бірдей екі молшерін жұмсап алынған өнімнің арасындағы айырма болып табылады» (59-бет) [Орысша аудармасы, I том, 68-бет];

бұл дифференциалдық рента ғана бар деген сөз (*жер меншігі жоқ* деген болжамға сәйкес).

2) «Шайданың екі нормасы болуы мүмкін емес» (59-бет) [Орысша аудармасы, I том, 68-бет].

«Рас, ең жақсы жерде сол өнім әлі де еңбек бұрынғыдай жұмсалып алына береді, бірақ оның құны, неғұрлым құнарсыз жерге жаңа еңбек пен капитал жұмсағандар өнімді азырақ алатындығы себепті, жоғарылайды. Сөйтіп, неғұрлым құнарсыз жермен салыстырғанда неғұрлым құнарлы жерлердің артықшылықтары әсте жоғалмай, тек егіншіден немесе тұтынушыдан жер меншікшісіне *ауысатын* ғана болса да, алайда, нашар жерлерді өңдеуге көбірек еңбек қажет болатындықтан және *тек осындай жерлерді өңдеу ғана шикі өнімнің бізге қажетті қосымша молшерін алуға мүмкіндік беретіндіктен*, бұл өнімнің салыстырмалы құны оның бұрынғы деңгейінен *үнемі жоғары болып тұрады және оның өндірілуіне мұндай қосымша еңбек молшерін қажет етпейтін қалпақтың, шұғаның, аяқ киімнің, т. т. с. көбірек санына айырбастауға мүмкіндік береді*» (62—63-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 70-бет].

«Сонымен, шикі өнімнің салыстырмалы құнының арту себебі *жер иесіне рента төленетіндігінде емес, оның соңғы шығарылған өнім үлесін өндіруге көбірек еңбек жұмсалатындығында. Астықтың құны* оны өндіруге жұмсалатын еңбектің мөлшерімен, еңбек болғанда рента төленбейтін санадағы жерде жұмсалған немесе капиталдың рента төленбейтін үлесімен жұмсалған еңбектің мөлшерімен *белгіленеді. Рента төленетіндіктен астық қымбат болмайды, астық қымбат болғандықтан барып рента төленеді; сондықтан егер тіпті жер меншікшілері өздерінің бүкіл рентасынан бас тартса да, астықтың бағасы ешбір төмендемес еді* деп *әділетті айтылған. Мұның өзі кейбір фермерлерге шонжарларша тұруға мүмкіндік берер еді, бірақ өңделетін жердің ең өнімсізінен шикі өнім алу үшін қажетті еңбектің мөлшерін кемітпес еді*» (63-бет) [Орысша аудармасы, I том, 70—71-беттер].

Мәселені менің жоғарыда осы зерттеуімнен кейін «астықтың құны сапасы рента төленбейтіндей жерде оны өндіруге жұмсалған еңбектің... мөлшерімен белгіленеді» дейтін қағиданың қате екенін егжей-тегжейлі анықтап жатудың қажеті жоқ. Мен жердің соңғы [сапасы бойынша] сорты рента төлей ме, немесе ешқандай рента төлемей ме, ол абсолюттік рентаны толық немесе оның бір бөлігін ғана төлей ме, немесе абсолюттік рентадан басқа ол тағы дифференциалдық рента (өрлеу бағыты бойынша) төлей ме — бұл бір жағынан дамудың бағытына, ол өрлеу немесе төмендеу бағыты бойынша өте ме, соған тәуелді болатынын және барлық жағдайларда да егіншілік капиталы құрылымының егін-

шілік емес капиталдың құрылымына қатысына тәуелді екенін көрсеттім. Менің одан әрі қарай көрсеткенім: егер капиталдардың құрылымындағы осы айырмашылықтың салдарынан абсолюттік рента бар деп болжағанның өзінде жоғарыда келтірілген жағдайлар рыноктың жағдайына тәуелді болады; бірақ Рикардода келтірілген нақ сол жағдай екі шарт болғанда ғана: не егер жерге меншік — заң жүзінде ме әлде іс жүзінде ме — болмайтын болғанда немесе егер жақсы жер тек рыноктық құн төмендегенде ғана өтімді бола алатындай қосымша ұсыным беретін болғанда — осы екі шарт болған кезде ғана (осының өзінде де алайда жер рента-сы болмаса да арендалық төлем төленуі мүмкін) орнауы мүмкін.

Бірақ жоғарыда келтірілген үзіндіде әлі бұдан басқа да қателік немесе біржақтылық аз емес. Шикі өнім тек қана Рикардода көрсетілген себеп бойынша емес, сондай-ақ егер ол осыған дейін оза құнынан төмен, мүмкін тіпті шығын бағасынан да төмен, сатылып келсе де, бұл жерде рынок құнынан басқа еш нәрсені де білдірмейтін, өзінің «салыстырмалы құнында» өсе алады; ал шикі өнімнің оза шығын бағасынан төмен сатылуы әрқашан да қоғамның бөлгілі бір жағдайында, шикі өнімді өндіру әлі де, негізінен, өгішінің күнкорісін қолдау үшін қызмет еткенде (сондай-ақ — орта ғасырларда болғаны сияқты қаланың өнімі өзіне монополиялық бағаны қамтамасыз еткен кезде) орын алады; екіншіден, мұның өзі шикі өнім шығын бағалары бойынша сатылатын басқа товарлардан өзгеше, өз құны бойынша сатылатын жағдай әлі де қалыптаспаған кезде де орын алуы мүмкін.

Ақырында дифференциалдық рентаға қатысты егер жер меншікшісі рентадан бас тартса және арендатор бұл соңғысын өз қалтасына салса, астықтың бағасы сол қалпында қалады деген дұрыс. Абсолюттік рентаға қатысты айтқанда бұл дұрыс емес. Бұл жерді меншіктену шикі өнімнің бағасын арттырмайды деу қате. Керісінше, бұл жағдайда бағаның жоғарылауы орын алады, өйткені жерді меншіктенудің килігуі шикі өнімнің оның шығын бағасынан асып түсетін өзінің құны бойынша сатылуына әкеп соғады. Бұрынғысынша, егіншілік емес орташа капитал  $80c + 20v$ -ға тең, ал қосымша құн 50 процент құрайды делік; онда пайда нормасы 10 процент болады, ал өнімнің құны 110 болады. Бұған керісінше, егіншілік [605] капиталы  $60c + 40v$ -ға тең болсын; онда өнімнің құны 120 болады. Шикі өнім осы құн бойынша сатылады. Егер жерді меншіктену заң жүзінде — немесе отарларда орын алып отырғанындай жердің относителді молшылығынан іс жүзінде — жоқ болса, онда егіншілік өнімі 115-тен сатылған болар еді. Атап айтқанда: бірінші және екінші капиталдан (200-ден) алынған жиынтық пайда 30-ға тең, демек орташа пайда 15-ке тең. Егіншіліктен басқаның өнімі 110-ның орнына 115-тен, ал егіншілік өнімі 120-ның орнына 115-тен сатылар еді. Демек, егіншілік өнімі егіншілік емес өніммен салыстырғанда өзінің относи-

тельді құнында  $\frac{1}{12}$ -ге төмендер еді; бірақ екі капитал үшін, жиынтық капитал үшін — бірге алғанда егіншілік және өнеркәсіптік капиталдар үшін — *орташа пайда* 50 процент, 10-нан 15-ке дейін [605] жоғарылар еді.

\* \* \*

[636] *Рикардо* өзінің рентаны қалай түсінетіні туралы былай дейді:

«Мен әрқашан оны шындығында еш уақытта да бағаны реттемейтін *ішінара монополияның* нәтижесі деп қарастырамын»

(демек, рента еш уақытта да *монополия* ретінде әрекет жасамайды, олай болса, монополияның *нәтижесі* де емес. Рикардо үшін рентаны арендатордың өзі емес, жердің жақсы сортының иесі қалтасына салатындығы ғана монополияның нәтижесі бола алар еді);

«керісінше, мен рентаны одан да гөрі бағаның нәтижесі деп қараймын. Мен мынадай пікірді ұстанамын: егер *жер меншікшілері кез келген рентадан бас тартатын болса*, онда егіншілікте өндірілетін товарлар арзандамас еді, өйткені бұл товарлардың бір бөлігі әрқашан *рента төленбейтін* жерден алынады немесе *қосымша өнім* ол жерде тек капиталға келетін пайданы өтеуге ғана жеткілікті болғандықтан рента төлене алмайтын жерден алынады» (*Ricardo Principles*, 332—333-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 233-бет].

Бұл жерде «қосымша өнім» [«surplus produce»] өнімнің жалақыға кететін бөлігінен асып түсетін шама болып көрінеді. Рикардоның пайымдауы тек мынадай жағдайда ғана дұрыс — атап айтқанда жердің белгілі бір разряды ешқандай рента төлемейді деген болжамда — егер осы рента төлемейтін жер немесе, дұрысырағы, оның өнімі рыноктық құнды реттейтін болса ғана дұрыс. Ал егер бұл жердің өнімі рыноктық құнды неғұрлым құнарлы жер реттейтіні себепті рента төлемесе, онда рентаның болмауы Рикардоның пайымдауының пайдасына қызмет ететін дәлел әсте де бола алмайды.

Шындығында, егер «жер меншікшілері» дифференциалдық рентадан «бас тартса», онда ол арендаторлардың қолына түсер еді. Керісінше, абсолюттік рентадан бас тарту егіншілік өнімдерінің бағасын төмендетер еді де, өнеркәсіп өнімдерінің бағасын осы процестің нәтижесінде орташа пайда қанша артқан болса, сонша көтерер еді. [636]

\* \* \*

[605] «Рентаның жоғарылауы *әрқашан* ел байлығының артуының және оның көбейген халқын азықпен жабдықтаудың қиындығының нәтижесі болып табылады» (65—66-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 72-бет].

Бұл пайымдаудың соңғы бөлігі дұрыс емес.

«Қай елде қолда бар жер неғұрлым құнарлы болса, шеттен әкелу неғұрлым шектеулі болса, егіншіліктегі жетілдірулердің арқасында өнімнің мөлшерін оның бір өлшеміне кететін еңбек шамасын ұлғайтпай көбейту мүмкін болса және, *демек, рента баяу өсетін болса*, сол елдерде байлық бәрінен тезірек артады» (66—67-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 72—73-беттер].

*Рентаның нормасы* өзгеріссіз қалған жағдайда да рентаның абсолюттік сомасы артуы мүмкін, ал халықтың көбеюімен бірге егіншілікке жұмсалған капитал ғана артады; абсолюттік рентаның сомасы I разряд рента бермеген жағдайда, II разрядтан абсолюттік рентаның бір бөлігі ғана төленгенімен, дифференциалдық рента жердің жақсы разрядтарының относителді жоғары құнарлылығы салдарынан едәуір артқан және т. с. жағдайда өсуі мүмкін (*кестені \* қараңыз*).

### [3] СМИТ ПЕН РИКАРДОНЫҢ ЕГІНШІЛІК ӨНІМІНІҢ «ТАБИҒИ БАҒАСЫ» КОНЦЕПЦИЯСЫ]

«Егер астықтың жоғары бағасы рентаның себебі емес, салдары болса, онда баға рентаның жоғарылауына немесе төмендеуіне пропорциялы түрде өзгерген болар еді және *рента бағаның негізгі құрамдас бөлігі болар еді*. Бірақ астықтың бағасының реттеушісі неғұрлым көп еңбек жұмсалып өндірілген астық болып табылады, сондықтан рента *оның бағасына негізгі құрамдас бөлігі* болып кірмейді және ешқандай дәрежеде кіре де алмайды... Шикі материал товарлардың көпшілігінің құрамына енеді, бірақ бұл шикі материалдың *құны*, астықтың құны сияқты, *жерге соңынан жұмсалғаны себепті ешқандай рента төлемейтін капиталдың үлесінің өнімділігімен реттеледі; нақ сондықтан да рента товарлар бағасының негізгі құрамдас бөлігі емес*» (67-бет) [Орысша аудармасы, I том, 73-бет].

Бұл жерде «*табиғи баға*» (өйткені мұнда әңгіме осы баға туралы болып отыр) мен *құнды* араластырып жіберудің салдарынан шатасу көп. Рикардо бұл шатасуды Смиттен алған. Соңғысында бұл біршама ақталған, өйткені Смит өзінің құнның дұрыс анықтамасынан бас тартады — сол бас тартқандықтан да ақталған. Рента да, пайда да, жалақы да товар *құнының негізгі құрамдас бөлігін* құрамайды. Керісінше: *товардың осы құны тұсында* осы құнның бөліктері бола алатын әр түрлі бөліктер не қорланған еңбек (тұрақты капитал), не жалақы, не пайда, не рента категориясына жатады. Керісінше «*табиғи баға*» немесе *шығын бағасы* тұрғысынан Смит оның *негізгі құрамдас бөліктерін күні бұрын берілген алғы шарттар* деп айта алады. Тек «*табиғи баға*» мен құнды араластыру нәтижесінде ғана ол мұны товардың құнына көшіреді.

Шикізат пен машиналардың құнынан басқа — қысқасын айтқанда, капиталиске өндірістің әрбір ерекше сферасында сырттан берілген шама болып көрінетін және әрбір капиталисте *белгілі*

бір бағамен өндіріске енетін тұрақты капиталдың бағасынан басқа — капиталист өз товарының бағасын белгілегенде тағы екі нәрсені ескеруі керек. [Біріншіден] ол мұның өзі де өзіне күні бұрын берілген (белгілі мөлшерде) болып көрінетін *жалақының бағасын* қосу керек. Товардың «табиғи бағасы» дегенде *рыноктық баға* айтылмайды, азды-көпті ұзақ кезеңнің ішіндегі орташа рыноктық баға немесе рыноктық бағаға кіндік болатын орталық нүкте айтылады. Демек, мұнда *жалақының бағасы* жалпы алғанда жұмыс күшінің құнымен берілген. *Пайда нормасына* [екіншіден]—«*пайданың табиғи нормасына*»— келсек, онда мұның өзі егіншілік емес өндірісте қолданылатын капиталдардың жиынтығы өндіретін товарлардың бүкіл жиынтығының *құнымен* берілген. Атап айтқанда, бұл — барлық товарлардың жиынтық құнының товарларға сіңірілген тұрақты капиталдың құны мен жалақы құнынан артығы. Осы жиынтық капитал жасайтын жиынтық қосымша құн пайданың абсолюттік массасын құрайды. Пайданың осы абсолюттік массасының бүкіл жұмсалынған капиталға қатынасы пайданың жалпы нормасын белгілейді. Сөйтіп, пайданың осы жалпы нормасы да — тек жеке капиталиске қатысты ғана емес, өндірістің әрбір ерекше сферасындағы капиталға да қатысты — сырттан берілген бірдеңе болып көрінеді. Өнімнің ішіне кіретін шикізатқа жұмсалған шығынның, т. с. бағасына [606], оған төленетін жалақының «табиғи бағасына» да, демек, осының нәтижесінде — оған осылай болып көрінетіні сияқты — негізгі құрамдас бөліктерді қосу арқылы, немесе оларды біріктіру арқылы товардың «табиғи бағасын» шығару үшін айталық, 10 процент болатын жалпы пайданы қосу керек. Товарларды сатқанда оның «табиғи бағасы» төлене ме, әлде бұдан көп, не аз төлене ме, бұл осы кездегі рыноктық бағаның деңгейіне байланысты. *Шығын бағасына, оның құннан айырмасы* болғандықтан жалақы мен пайда ғана кіреді, ал рента болса шикізаттың, машиналардың, т. с. шығын бағасына енген шамада ғана кіреді, демек, жалпы алғанда шикізаттың, машиналардың, қысқасы — тұрақты капиталдың бағасы күні бұрын берілген *тұтас бір дүние* сияқты көрінетін капиталистің көзқарасындағыдай рента болып кірмейді.

Рента негізгі құрамдас бөлік ретінде *шығын бағасына* кірмейді. Егер ерекше жағдайларда егіншілік өнімі өзінің шығын бағасы бойынша сатылса, онда *ешқандай рента болмайды*. Онда капитал үшін *экономикалық* жағынан атап айтқанда, ол мына жағдайда: шығын бағасы бойынша сататын жердің разрядының өнімі осы сфераның өнімінің рыноктық құнын реттейтін [Рикардоның теориясы тұрғысынан] болса (*Д* кестесіндегі I разрядта жағдай басқаша<sup>91)</sup>), жер меншігі жоқ.

Немесе (абсолюттік) *рента бар болады*. Мұндай жағдайда егіншілік өнімі өзінің *шығын бағасынан жоғары* сатылады. Ол *шығын бағасынан* асып түсетін өзінің *құны* бойынша сатылады. Ал өнім-

нің рыноктық құнына рента кіреді, немесе, дұрысырағы оның бір бөлігін құрайды. Алайда, өнеркәсіпшіге пайда қалай көрінсе, арендаторға рента да дәл солай күні бұрын берілген нәрсе болып көрінеді. Бұл рента егіншілік өнімінің құнының бұл өнімнің шығын бағасынан артығы түрінде берілген. Бірақ арендатор да тура капиталист сияқты есеп жасайды: біріншіден — тұрақты капиталға жұмсалған шығын, екіншіден — жалақы, үшіншіден — орташа пайда, ақырында — рента, бұл да оған күні бұрын берілген болып көрінеді. *Ол үшін*, мысалы, бидайдың «табиғи бағасының» өзі де осы. Бұл оған төлене ме, ол тағы да әрбір белгілі кезеңдегі рыноктың жағдайына тәуелді.

Егер — істің шын мәніндегі жайына сәйкес — шығын бағасы мен құнның арасындағы айырмашылықты көзден таса қылмасақ, онда рентаның ешқашан шығын бағасына негізгі бөлік ретінде кірмейтіні және біз товардың құнынан бөлек шығын бағасы туралы айтсақ қана негізгі бөлік туралы сөз болуы мүмкін екендігі анық. (Дифференциалдық рента, үстеме пайда сияқты, еш уақытта да [жеке] шығын бағасына кірмейді, өйткені ол әр уақытта да шығынның рыноктық бағасының<sup>92</sup> шығынның жеке бағасынан артығы ғана, немесе рыноктық құнның жеке құннан артығы ғана болып табылады.)

Демек, Рикардоның рента еш уақытта шығын бағасына кірмейді деп А. Смитке қарама-қарсы пайымдауы негізінен дұрыс. Бірақ, екінші жағынан, оның пікірі дұрыс емес, өйткені мұны шығын бағасы мен құнның арасын саралау арқылы емес, А. Смитпен бірге оларды теңдестіру жолымен дәлелдейді; рента да, пайда да, жалақы да құнның негізгі бөліктерін құрамайды ғой, алайда құн жалақыға, пайдаға және рентаға бөлшектелуі мүмкін және осының өзінде егер осы үшеуі де бар болса осы барлық үш бөлікке де бірдей правода бөлшектелуі мүмкін. Рикардоның пайымдауы мынадай: рента егіншілік өнімінің «табиғи бағасының» негізгі бөлігін құрамайды, өйткені ең нашар жердің өнімінің бағасы, осы өнімнің шығын бағасына тең және осы өнімнің құнына барабар бағасы, егіншілік өнімінің рыноктық құнын белгілейді; демек, рента құнның ешқандай бөлігін құрамайды, өйткені ол «табиғи бағаның» ешқандай бөлігін құрамайды, ал бұл «табиғи баға» құнға тең. Бірақ дәл осы дұрыс емес. Ең нашар жерде өсірілген өнімнің бағасы оның шығын бағасына тең болғанда не мына жағдайда: осы өнім өз құнынан төмен сатылғанда тең болады, яғни, Рикардо айтқандай, әсте де өз құны бойынша сатылатындықтан тең болмайды; не мына жағдайда, егіншілік өнімі ерекшелік түрінде құн мен шығын бағасы барабар болатын товарлар тегіне, товарлардың осындай разрядына жататындай жағдайда тең болады. Бұл — берілген капитал, мысалы 100 ақшалай өлшем капитал жұмсағанда өндірістің қайсыбір ерекше сферасында жасалатын қосымша құн жиынтық капиталдың дәл сондай тиісті бөлігіне

(мысалы, 100 ақшалай өлшемге) орта есеппен келетін қосымша құнға көздейсоқ үйлесетін жердегі жағдай. Демек, Рикардоның шатасатыны да осы жер.

А. Смитке келетін болсақ, ол шығын бағасы мен құнды барабар дейтіндіктен, осы қате алғы шартқа сәйкес оның рента, сондай-ақ пайда мен жалақы да, «табиғи бағаның негізгі бөліктерін құрайды» деп айтуға хақысы бар. Керісінше, оның тарапынан дәйексіздік болып табылатыны сол, әрі қарай баяндауда ол осыған қарамастан рента жалақы мен пайда сияқты жолмен «табиғи бағаға» кірмейді деп тұжырымдайды. Оның бұл дәйексіздікке ұрынатын себебі: қадағалау мен дұрыс талдау оны егіншілік емес өнімнің «табиғи бағасы» мен егіншілік өнімнің рыноктық құнын анықтауда қайсыбір айырма барлығын қалай дегенмен мойындауға келтіреді. Бірақ бұл туралы біз Смиттің рента теориясы туралы сөз болғанда толығырақ айтармыз.

#### **[4] РИКАРДОНЫҢ ЕГІНШІЛІКТЕГІ ЖАҚСARTУЛАРҒА КӨЗҚАРАСЫ. ОНЫҢ ЕГІНШІЛІК КАПИТАЛЫНЫҢ ТАБИҒИ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫН ТҮСІНБЕУ]**

[607] «Баз баяғы бір мөлшердегі шығын жұмсалғанда өнімнің аз мөлшері алынатын жағдайда жерге жұмсау қажет болатын қосымша капиталдың әрбір үлесі сайын рентаның жоғарылайтынын біз көрдік».

(Алайда баз баяғы шығын жұмсалғанда қосымша капиталдың әрбір үлесі өнімнің кем мөлшерін бере бермейді.)

«Нақ сол принциптерден шығатын жай мынадай: капиталдың бұрынғы мөлшерін жерге жұмсауды қажетсіз ететін, сондықтан капиталдың соңғы жұмсалған үлесін неғұрлым өнімді ететін қоғам өміріндегі барлық жағдайлар рентаны төмендететін болады» (68-бет) [Орысша аудармасы, I том, 73-бет].

Яғни олар абсолюттік рентаны төмендететін болады, алайда дифференциалдық ренташы төмендетуі міндетті емес. В кестесін қараңыз.)

Халықтың азаюымен бірге «елдің капиталының азаюы», алайда сондай-ақ егіншілік еңбегінің өндiргiш күштерiнiң неғұрлым жоғары дамуы да сондай жағдайлар болуы мүмкiн:

«Алайда нақ осындай нәтижелер мынадай жағдайда да: елдің байлығы мен халқының көбеюі егіншіліктегі көрінеу жетілдірулермен: дәл сондай нәтиже беретін — неғұрлым жұтаң жерлерді өңдеу қажеттігін азайтатын немесе неғұрлым құнарлы алқаптарды өңдеуге капиталдың бұрынғы мөлшерін жұмсау қажеттігін азайтатын жетілдірулермен қатар болса, елдің байлығы мен халқы көбейген жағдайда да болуы мүмкін» (68—69-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 74-бет].

(Неғұрлым жұтаң жерлердің сапасын арттырып, оларды неғұрлым бай жерлерге айналдырып жіберетін нәтижесі бар жетіл-

дірулерді Рикардо бұл жерде таңданарлық түрде ұмытып кетеді — бұл Андерсондағы басым көзқарас.)

Рикардоның мына қағидасы тіпті дұрыс емес:

«Егер халық көбеймесе, онда астықтың қосымша мөлшеріне сұраным болуы мүмкін емес» (69-бет) [Орысша аудармасы, I том, 74-бет].

Астықтың бағасы төмендеген сайын басқа шикі өнімдерге: овошқа, етке және басқаларына қосымша сұраным пайда болатынын және астықтан арақ жасауға болатынын және басқаларын айтпағанның өзінде — Рикардо бұл жерде барлық халық қанша керек етсе, сонша астық тұтынады деген болжамға сүйенеді. Бұл дұрыс емес.

{«1848, 1849, 1850 жылдары біздің тұтынуымыздың орасан зор ұлғаюы бұған дейін бізде *тамаққа жарымаушылық* болғанын және ұсынымның жетіспеуі салдарынан баға жоғары деңгейде тұрақтап тұрғанын көрсетеді» (*Newman, F. W. Lectures on Political Economy. London, 1851, 158-бет*).

Сол Ньюмен былай дейді:

«Рента бағаны жоғарылата алмайды дейтін Рикардоның дәлелі, рента ны талап ету мүмкіндігіне не болу шындығында еш уақытта да *ұсынымды азайта* алмайды дейтін ұйғарымға негізделген. Алайда азайта алмайтыны неліктен? Егер рента талап етпесе сол сағатта өңдеуге алынатын ұлан-ғайыр жер кеңістігі бар; ол жерлерді әдейі өңделмеген қалпы қалдырып отырған себебі мынадай: не жер иелері оларды аң аулайтын жер ретінде тиімді түрде арендаға бере алады, немесе бұл жерлерді өңдеуге рұқсат беріп, одан ала алатын аты ғана бар мардымсыз рентадан гөрі олардың романтикалық тағы күйінде жатқанын артық көреді» (159-бет).}

Жер меншікшісі өз жерін астық өндіруден алып тастаған жағдайда ол үшін рента ала алмайды деу жалпы дұрыс емес қой: ол өз жерін жайылымға немесе құрылыс учаскесіне немесе таулы Шотландияның кейбір аудандарында орын алып отырғанындай, аң аулау үшін қолдан өсірілген орманға айналдырып рента ала алады.

Рикардо егіншіліктегі жақсартулардың екі түрін саралайды. Жақсартудың *бір* түрі

«жердің өндіргіш күштерін молайтады... Мысалы, неғұрлым ұтымды ауыспалы егіс немесе тыңайтқыштарды жақсы таңдау сияқты. Бұл жақсартулар жердің аз көлемінен бұрынғыдай мөлшерде өнім алуға мүмкіндік берері сөзсіз» (70-бет) [Орысша аудармасы, I том, 74—75-беттер].

Бұл жағдайда, Рикардоның пікірінше, рента *төмендеуі тиіс*.

«Егер, мысалы, капиталдың бірінен соң бірі жұмсалатын үлестері 100, 90, 80, 70 квартал берсе, онда мен осы төрт үлесті жұмсап болғанша менің рентам 60 квартал құрайтын болады немесе мыналардың арасындағы айырманы құрайды.



$$\left. \begin{array}{l} 70 \text{ және } 100 = 30 \\ 70 \text{ және } 90 = 20 \\ 70 \text{ және } 80 = 10 \\ \hline 60 \end{array} \right\} , \text{ ал өнім } \left\{ \begin{array}{l} 100 \\ 90 \\ 80 \\ 70 \\ \hline 340 \text{ кварталер болады;} \end{array} \right.$$

және мән бұл үлестерді жұмсағанша, тіпті егер капиталдың әрбір үлесінің өнімі кварталердің *бірдей* санына артса да, *рента бұрынғы қалпында* қалады».

(Егер өнім кварталердің *бірдей емес* санына көбейсе, онда рента, артқан *құнарлылыққа қарамастан*, өсуі мүмкін болар еді.)

«Егер өнім 100, 90, 80, 70-тің орнына 125, 115, 105, 95 кварталерге көбейсе, онда рента бұрынғысынша 60 кварталерге немесе мыналардың арасындағы айырмаға теңелер еді

$$[608] \quad \left. \begin{array}{l} 95 \text{ және } 125 = 30 \\ 95 \text{ және } 115 = 20 \\ 95 \text{ және } 105 = 10 \\ \hline 60 \end{array} \right\} \text{ ал өнім 440 кварталерге } \left\{ \begin{array}{l} 125 \\ 115 \\ 105 \\ 95 \\ \hline 440. \end{array} \right.$$

дейін көбейген болар еді:

Алайда *сұраным артпай* өнімнің осындай артуы жағдайында, осынша капиталды жерге жұмсауға ынта болмас еді; капиталдың бір үлесі алынып қалар еді және демек, оның соңғы үлесі 95 емес, 105 кварталер берер еді және рента 30 кварталерге дейін немесе мыналардың арасындағы айырмаға дейін төмендер еді

$$\left. \begin{array}{l} 105 \text{ және } 125 = 20 \\ 105 \text{ және } 115 = 10 \\ \hline 30 \end{array} \right\} , \text{ ал халықтың мұқта- } \left\{ \begin{array}{l} 125 \\ 115 \\ 105 \\ \hline 345 \end{array} \right.$$

жы үшін өнім әлі де жеткілікті болар еді, өйткені ол 345 кварталер болар еді:

(71—72-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 75—76-беттер.]

Баға төмендеген жағдайда *халық көбеймесе де* сұраным көбеюі мүмкін екенін айтпағанның өзінде (Рикардоның өзі келтірген мысалында сұраным 5 кварталерге көбейген деп алады),— Рикардоның құнарлылығы кемірек жерлерге үнемі ауысу туралы алғы шартты негізге алуының себебінің өзі де, халық саны жыл сайын өседі, яғни халықтың астық тұтынатын, нанмен қоректенетін бөлегі өседі және бұл бөлегі барлық халықты тұтас алғандағыдан тезірек өседі, өйткені нан халықтың көбі үшін басты тамақ болып табылады деген себеп қой. Сондықтан [егіншіліктегі] капиталдың өнімділігінің артуымен бірге сұраным артпайды, демек, рента бұл жағдайда төмендейді деп ұйғару есте де *міндетті* емес. Егер егіншіліктің жақсаруы жердің әр түрлі разрядтарының құнарлылық дәрежесіндегі айырмаға біркелкі әсер етпесе рента көбеюі мүмкін.

Құнарлылықтың артуы — сұраным өзгермеген жағдайда — рыноктан ең нашар жерді ығыстырып қана қоймай, тіпті капиталдың неғұрлым құнарлы жерге жұмсалған (*B* кестесі) бөлігін де астық өндіруден алып тастауға мәжбүр ете алатыны ендігі жерде күмән туғызбайды (*B* және *E* кестелері). Бұл жағдайда егер жердің әр түрлі разрядтарында өнімнің артуы *бірдей* болса, *астық рентасы төмендейді*.

Бұдан соң Рикардо *егіншіліктегі жақсартулардың* екінші түріне көшеді:

«Бірақ *ақшалай жер рентасын* төмендетсе де, *астық рентасын* төмендетпей-ақ өнімнің относителді құнын төмендете алатын жақсартулар да болады. Мұндай жақсартулар жердің өндіргіш күштерін көбейтпейді, бірақ бізге оның өнімін *еңбекті аз жұмсап* алуға мүмкіндік береді. Олар жерді *өңдеудің әдістерінің* өзінен гөрі *жерге жұмсалатын капиталдың* неден құралатынына бағытталған. *Егіншілік құралдарын*, мысалы соқа мен молотылқаны *жетілдіру*, ауыл шаруашылығында аттарды пайдалануда болатын үнем және мал дәрігерлік шеберлікті жақсы білу осындай сипатқа жатады. Осының арқасында жерге *аз капитал* жұмсалады, немесе мұның да мәні сол — *еңбек аз кетеді*; алайда өнімнің сол мөлшерін алу үшін *аз жерді емес, оның да сол мөлшерін өңдеу қажет*. Соған қарамастан бұл тектес жақсартулар *астық рентасында* көрініс бере ме, жоқ па, мұның өзі — капиталдың әр түрлі үлестерін қолданған жағдайда алынатын өнім ұлғая ма, өзгеріссіз қала ма, әлде айырмасы азая ма, осыған байланысты».

{Мұны Рикардо *жердің табиғи құнарлылығы* жағдайында да мойындауға тиіс еді. Жердің жаңа разрядтарына ауысу дифференциалдық рентаны азайта ма, оны өзгеріссіз қалдыра ма, әлде жоғарылата ма, бұл осы құнарлылығы әр түрлі жерге жұмсалатын капиталдың өнімі арта ма, өзгеріссіз қала ма, немесе айырмасы азая ма, міне осыған байланысты.}

«Егер жерге әрқайсысы *бірдей нәтиже* беретін капиталдың төрт үлесі — 50, 60, 70, 80 — жұмсалса және егер мұндай капиталдың құрамындағы қайсыбір жақсару маған әр үлестен 5-тен алуға мүмкіндік берсе, сөйтіп олар тек 45, 55, 65 және 75 болатын болса, онда астық рентасында ешқандай өзгеріс болмайды. Бірақ егер осы жақсарулар маған капиталдың неғұрлым өнімсіз жұмсалатын үлесінде ғана барлық үнемді жасауға мүмкіндік беретіндей болса, онда астық рентасы сол сәтте төмендейді, өйткені неғұрлым өнімді және [609] өнімділігі неғұрлым аз капиталдардың арасындағы айырма азаяды, ал нақ *осы айырма рентаны құрайды*» (73—74-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 76-бет].

Бұл *дифференциалдық рента* үшін дұрыс, ал Рикардода барының өзі де осы ғана.

Керісінше, шын мәселені Рикардо мүлде қозғамайды. Бұл мәселені пешкенде жеке бір кварталдың құны төмендейтіндігі туралы сөз болып отырған жоқ, сондай-ақ бұрынғысынша *жердің сол мөлшерін*, сол разрядтардағы жерлердің сол мөлшерін өңдеу қажет пе — сөз бұл туралы да емес, сөз егіншілікте қолданлатын тікелей еңбектің мөлшерінің *азаяуы, көбеюі* немесе *бұрынғы мөлшерін сақтауы тұрақты капиталдың* — болжамға сәйкес енді

аз еңбек кететін осы капиталдың — арзандауымен байланысты ма, осы туралы. Қысқасы, капиталда табиғи өзгеріс болатын-болмайтыны туралы.

А кестесінде (574-бет, XI дәптер)\* берілген өзіміздің мысалымызды алайық және тонна көмірдің орнына квартал бидайды қоялық.

Мұнда егіншілік емес капиталдың құрылымы =  $80c + 20v$ , егіншілік капиталының құрылымы =  $60c + 40v$  және екі жағдайда да қосымша құнның нормасы = 50 процент деп берілген. Сондықтан егіншілік капиталынан алынатын [абсолюттік] рента, немесе оның өнімі құнының оның шығын бағасынан артығы 10 ф. ст. болады. Сөйтіп, бізде төмендегідей болар еді:

Разряд	Капитал ф. ст.	Астықтың кварталтері	Жиынтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Кварталдың рыноктық құны ф. ст.	Кварталдың жеке құны	Кварталдың дифференциалдық құны
I	100	60	120	2	2 ф. ст. = 40 ш.	0
II	100	65	130	2	$1^{11}/_{13}$ ф. ст. = 1 ф. ст. $16^{12}/_{13}$ ш.	$2/_{13}$ ф. ст. = $3^{7}/_{13}$ ш.
III	100	75	150	2	$1^{3}/_{5}$ ф. ст. = 1 ф. ст. 12 ш.	$2/_{5}$ ф. ст. = = 8 ш.
Жиыны	300	200	400			

	Кварталға кететін шығын бағасы	Абсолюттік рента ф. ст.	Дифференц. рента ф. ст.	Абсол. рента кварталтермен алғанда	Дифференц. рента кварталтермен алғанда	Рента-ның жалпы сомасы ф. ст.	Рента-ның жалпы сомасы кварталтермен алғанда
I	$1^{5}/_{6}$ ф. ст. = 1 ф. ст. $16^{2}/_{3}$ ш.	10	0	5	0	10	5
II	$1^{9}/_{13}$ ф. ст. = 1 ф. ст. $13^{11}/_{13}$ ш.	10	10	5	5	20	10
III	$1^{7}/_{15}$ ф. ст. = 1 ф. ст. $9^{1}/_{3}$ ш.	10	30	5	15	40	20
Жиыны		30	40	15	20	70	35

Проблеманы таза күйінде зерттеу үшін барлық үш разрядта да тұрақты [егіншілік капиталының бір бөлігінің] капиталдың (100 ф. ст.) арзандауы I, II, III разрядтарда қолданылатын ка-

питалдың көлеміне бірдей ықпал жасайды деп болжауымыз керек; өйткені бірдей емес ықпал тек дифференциалдық рентаны ғана қамтиды және біз ден қойған мәселеге ешқандай қатысы жоқ. Сонымен жақсартулардың арқасында бұрын 100 ф. ст. тұрған капиталдың сол массасы енді тек қана 90 ф. ст. тұрады, яғни оның құны  $\frac{1}{10}$  немесе 10 процент кеміді делік. Онда бұл жақсарулар егіншілік капиталының құрылымында қалай көрінді? деген сұрақ туады.

Егер жалақыға жұмсалатын капитал [мен тұрақты капиталдың] арасындағы арақатынас бұрынғысынша қалса және егер  $100\text{ ф. ст. } 60c + 40v$  болып бөлінсе, онда  $90\text{ ф. ст. } 54c + 36v$  болып бөлінеді және бұл жағдайда I разрядтың жерінде өндірілген 60 кварталдың құны 108 ф. ст. болады. Егер арзандаудың нәтижесінде бұрын 60 ф. ст. тұрған тұрақты капитал енді бар-жоғы 54 ф. ст. тұрса, ал  $v$  (немесе жалақыға жұмсалатын капитал) 36 орнына бар болғаны  $32\frac{2}{5}$  ф. ст. (тағы  $\frac{1}{10}$ -ге азаю) тұрса, онда 100 ф. ст. стерлингтің орнына  $86\frac{2}{5}$  жұмсалған болар еді. Бұл капиталдың құрылымы  $54c + 32\frac{2}{5}v$  болар еді, ал 100-ге шағып есептегенде құрылым  $62\frac{1}{2}c + 37\frac{1}{2}v$  болар еді. Осы шарттар бойынша 60 кварталдың құны 1 разрядта  $102\frac{3}{5}$  ф. ст. болар еді. Ақырында тұрақты капиталдың құны азайса да, жалақыға жұмсалатын капитал өзінің абсолюттік мөлшері бойынша өзгеріссіз қалды, демек тұрақты капиталға қатысты өсті, сөйтіп  $90\text{ ф. ст. } 54c + 36v$  болып бөлінеді, ал оның құрылымы 100-ге шаққанда  $55\frac{5}{9}c + 44\frac{4}{9}v$  болады дейік.

Енді барлық осы үш жағдайда астық және ақша рентасының жайы қалай болатынын көрейік.  $B$  жағдайында екеуінің де құны азайса да,  $c$  пен  $v$  арақатынасы өзгеріссіз қалады.  $C$  жағдайында [610]  $c$ -тің құны азаяды, бірақ относителді тұрғыдан одан да көбірек дәрежеде  $v$ -ның құны төмендейді.  $D$  жағдайында тек  $c$ -тің құны азаяды, ал  $v$ -ның құны өзгеріссіз қалады.

Алдымен біз мұның алдындағы бетте бейнеленген [A әршімен] бастапқы кестені қайталаймыз \* [ал сонан соң жоғарыда көрсетілген жағдайлардағы егіншілік капиталының табиғи құрамдас бөліктерінің құнындағы болған өзгерістерді көрсететін  $B$ ,  $C$  және  $D$  кестелерін онымен салыстырамыз]\*\*.

\* \* \*

[611] Келтірілген [338—339-беттердегі құрама] кестеден біз мынаны көреміз:

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 336-бет. *Ред.*

\*\* Бұдан әрі қарай қолжазбада бірінші астына бірі орналастырылған  $A$ ,  $B$ ,  $C$ ,  $D$  кестелері келеді, олар осы басылымның екінші бөлімінде 338—339-беттерде басылған.  $S$  және  $D$  кестелерінде кейбір графалар қолжазбада толтырылмаған күйі қалған. Олардағы жетпей тұрған цифрларды редакция қойды. Қолжазбада жоқ соңғы графаның тақырыбын («Капиталдың құрылымы және абсолюттік рентаның нормасы») осы графаның мазмұны негізінде редакция қойған. *Ред.*

Разряд	Капитал ф. ст.	Астық кварталері	Жылжитық өнім- нің рыноктық құны ф. ст.	Квартердің рыноктық құны	Квартердің жеке құны	Квартердің дифференц. құны	Квартерге кететін шы- ғын бағасы
<b>А</b>							
I	100	60	120	2 ф. ст. = =40 ш.	2 ф. ст. = =40 ш.	0	$1\frac{5}{6}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 $\frac{2}{3}$ ш.
II	100	65	130	2 ф. ст. = =40 ш.	$1\frac{11}{13}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 $\frac{12}{13}$ ш.	$\frac{2}{13}$ ф. ст. = = $3\frac{1}{13}$ ш.	$1\frac{9}{13}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 13 $\frac{11}{13}$ ш.
III	100	75	150	2 ф. ст. = =40 ш.	$1\frac{3}{5}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 12 ш.	$\frac{2}{5}$ ф. ст. = =8 ш.	$1\frac{7}{15}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 9 $\frac{1}{3}$ ш.
Жиыны	300	200	400				
<b>В</b>							
I	90	60	108	$1\frac{4}{5}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 ш.	$1\frac{4}{5}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 ш.	0	$1\frac{39}{60}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 13 ш.
II	90	65	117	$1\frac{4}{5}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 ш.	$1\frac{43}{65}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 13 $\frac{3}{13}$ ш.	$\frac{9}{65}$ ф. ст. = = $2\frac{10}{13}$ ш.	$1\frac{34}{65}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 10 $\frac{6}{13}$ ш.
III	90	75	135	$1\frac{4}{5}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 ш.	$1\frac{11}{25}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 8 $\frac{4}{5}$ ш.	$\frac{9}{25}$ ф. ст. = = $7\frac{1}{5}$ ш.	$1\frac{18}{25}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 6 $\frac{2}{5}$ ш.
Жиыны	270	200	360				
<b>С</b>							
I	$86\frac{2}{5}$	60	$102\frac{3}{5}$	$1\frac{71}{100}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 14 $\frac{1}{5}$ ш.	$1\frac{71}{100}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 14 $\frac{1}{5}$ ш.	0	$1\frac{73}{125}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 11 $\frac{17}{25}$ ш.
II	$86\frac{2}{5}$	65	$111\frac{3}{20}$	$1\frac{71}{100}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 14 $\frac{1}{5}$ ш.	$1\frac{188}{325}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 11 $\frac{37}{65}$ ш.	$\frac{171}{1300}$ ф. ст. = = $2\frac{41}{65}$ ш.	$1\frac{751}{6125}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 9 $\frac{79}{325}$ ш.
III	$86\frac{2}{5}$	75	$128\frac{1}{4}$	$1\frac{71}{100}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 14 $\frac{1}{5}$ ш.	$1\frac{148}{125}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 7 $\frac{9}{25}$ ш.	$\frac{171}{500}$ ф. ст. = = $6\frac{21}{25}$ ш.	$1\frac{167}{625}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 5 $\frac{43}{125}$ ш.
Жиыны	$259\frac{1}{5}$	200	342				
<b>Д</b>							
I	90	60	110	$1\frac{5}{6}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 $\frac{2}{3}$ ш.	$1\frac{5}{6}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 $\frac{2}{3}$ ш.	0	$1\frac{13}{20}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 13 ш.
II	90	65	$119\frac{1}{6}$	$1\frac{5}{6}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 $\frac{2}{3}$ ш.	$1\frac{9}{13}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 13 $\frac{11}{13}$ ш.	$\frac{11}{78}$ ф. ст. = = $2\frac{32}{39}$ ш.	$1\frac{34}{65}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 10 $\frac{6}{13}$ ш.
III	90	75	$137\frac{1}{2}$	$1\frac{5}{6}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 16 $\frac{2}{3}$ ш.	$1\frac{7}{15}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 9 $\frac{1}{3}$ ш.	$\frac{11}{30}$ ф. ст. = = $7\frac{1}{3}$ ш.	$1\frac{8}{25}$ ф. ст. = = 1 ф. ст. 6 $\frac{2}{5}$ ш.
Жиыны	270	200	$366\frac{2}{3}$				

Абсол. рента ф. ст.	Диффер рента ф. ст.	Абсол. рента кварталермен алғанда	Диффер рента кварталермен алғанда	Рентаның жалпы сомасы ф. ст.	Рентаның жалпы сомасы кварталермен алғанда	[Капиталдың құрылымы және абсолюттік рентаның нормасы]
10	0	5	0	10	5	100 ф. ст. есебімен алғандағы егіншілік капиталы үшін $60c + 40v$
10	10	5	5	20	10	100 ф. ст. есебімен алғанда өнеркәсіп капиталы үшін $80c + 20v$
10	30	5	15	40	20	Абсолюттік рента — 10 процент
30	40	15	20	70	35	
9	0	5	0	9	5	90 ф. ст. есебімен алғандағы егіншілік капиталы үшін $54c + 36v$
9	9	5	5	18	10	100 ф. ст. есебімен алғанда егіншілік капиталы үшін $60c + 40v$
9	27	5	15	36	20	Абсолюттік рента — 10 процент
27	36	15	20	63	35	
$7^{14}/_{25}$	0	$4^8/_{19}$	0	$7^{14}/_{25}$	$4^8/_{19}$	$86^{2}/_5$ ф. ст. есебімен алғандағы егіншілік капиталы үшін $54c + 32^{2}/_5v$
$7^{14}/_{25}$	$8^{11}/_{20}$	$4^8/_{19}$	5	$16^{11}/_{100}$	$9^8/_{19}$	100 ф. ст. есебімен алғандағы егіншілік капиталы үшін $62^{1}/_2c + 37^{1}/_2v$
$7^{14}/_{25}$	$25^{13}/_{20}$	$4^8/_{19}$	15	$33^{21}/_{100}$	$19^8/_{19}$	100 ф. ст. есебімен алғандағы капитал өнімінің құны — $118^3/4$ ф. ст. Демек, абсолюттік рента — $8^3/4$ процент
$22^{17}/_{25}$	$34^1/5$	$13^5/_{19}$	20	$56^{22}/_{25}$	$33^5/_{19}$	
11	0	6	0	11	6	90 ф. ст. есебімен алғандағы егіншілік капиталы үшін $50c + 40v$
11	$9^1/6$	6	5	$20^1/6$	11	100 ф. ст. есебімен алғандағы егіншілік капиталы үшін $55^5/9c + 44^1/3v$
11	$27^1/2$	6	15	$38^1/2$	21	100 ф. ст. есебімен алғанда капиталдағы өнімнің құны — $122^2/9$ ф. ст. Абсолюттік рента — $12^2/9$
33	$36^2/3$	18	20	$69^2/3$	38	

*Бастапқыда*, *A* жағдайында, [егіншілік капиталының табиғи құрамдас бөліктерінің] арақатынасы  $60c + 40v$  болды; әр разрядқа жұмсалған капитал 100 ф. ст. болатын. Ақшаға айналдырғанда рента 70 ф. стерлингке тең келді, ал астыққа айналдырылған рента 35 квартерге тең болды.

*B* жағдайында тұрақты капитал арзандады да, әрбір разрядқа тек 90 ф. ст. жұмсалды, бірақ осыған сәйкес өзгермелі капитал да арзандады, сөйтіп *арақатынас* сол күйінде қалады. Бұнда *ақша рентасы* төмендейді, астық рентасы сол қалпында қалады; *абсолюттік рента*<sup>93</sup> сол күйі қалады. Ақша рентасы жұмсалған капитал азайғандықтан кемиді. Астық рентасының сол қалпында қалатын себебі ақша аз жұмсалған жағдайда ақшаның әрбір өлшемін астықтың, оны разрядтарға бұрынғыша бөлгенде, көбірек мөлшері өндіріледі.

*C* жағдайында біз тұрақты капиталдың арзандағанын көреміз; бірақ одан да көбірек дәрежеде *v* азаяды, сондықтан тұрақты капитал относителді қымбаттайды. *Абсолюттік рента* төмендейді. Астық рентасы да, ақша рентасы да төмендейді. Ақша рентасының төмендейтін себебі капитал жалпы алғанда едәуір азайды, ал астық рентасының төмендейтін себебі разрядтар арасындағы айырмашылық өзгеріссіз қалса да, абсолюттік рента төмендегендіктен, сөйтіп барлығы [барлық разрядтардың астық ренталары] бірдей төмендейді.

Ал *D* кестесінде мүлде қарама-қарсы жағдай орын алған. Өзгермелі капитал сол қалпында қалғанда, тек қана тұрақты капитал төмендейді. *Рикардоның алғы шарты осындай болатын*. Бұл жағдайда, капиталдың азаюы салдарынан өзінің абсолюттік көлемі жағынан ақша рентасы мүлде мардымсыз төмендейді (тек  $\frac{1}{3}$  ф. ст.), бірақ жұмсалған капиталға қарағанда едәуір ұлғаяды. Көрісінше, астық рентасы өзінің абсолюттік көлемі бойынша артады. Неліктен? Өйткені абсолюттік рента 10-нан  $12\frac{2}{9}$  процентке дейін көбейді, ал мұның өзі *v*-ның *c*-ке қарағанда артуының нәтижесінде болды.

Сөйтіп, біз мынаны көреміз:

	Капитал	Абсолюттік рентаың нормасы	Абсолюттік рента ф. ст.	Диффер. рента ф. ст.	Абсолюттік рента кварт. есебімен	Диффер. рента квартер есебімен алғанда	Рентаың жалпы сомасы ф. ст.	Рент. жалпы сомасы квартер есебімен алғанда
A	$60c + 40v$	10%	30	40	15	20	70	35
B	$54c + 36v$ ( $60c + 40v$ )	10%	27	36	15	20	63	35
C	$54c + 32\frac{2}{5}v$ ( $62\frac{1}{2}c + 37\frac{1}{2}v$ )	$8\frac{3}{4}\%$	$22\frac{17}{25}$	$34\frac{1}{5}$	$13\frac{5}{19}$	20	$56\frac{22}{25}$	$33\frac{5}{19}$
D	$50c + 40v$ ( $55\frac{5}{9}c + 44\frac{4}{9}v$ )	$12\frac{2}{9}\%$	33	$36\frac{2}{3}$	18	20	$69\frac{2}{3}$	38

\* \* \*

Рикардо былай деп жалғастырады:

«Сол бұрынғы немесе жаңа жерге жұмсалатын капиталдың жүйелі үлестерінен алынатын өнімдегі айырманы азайтатынның барлығының рентаы төмендету тенденциясы болады, ал осы айырманы ұлғайтатынның барлығы қажетті түрде кері әсер етеді және оны жоғарылату тенденциясы болады» (74-бет) [Орысша аудармасы, I том, 77-бет].

Бұл айырма капитал егіншіліктен алынып тасталғанда да, нашар жер неғұрлым құнарлы болғанда да немесе тіпті құнарлылығы азырақ жер рыноктан ығыстырылғанда да ұлғаюы мүмкін.

{*Жер иесі және капиталист*. 1862 жылғы 15 июльдегі «Morning Star»<sup>94</sup> газеті, — мақта тапшылығы және Америкадағы Азамат соғысы салдарынан мүшкіл халде қалып отырған Ланкаширдің мақта-мата өнеркәсібі жұмысшыларын және т. б. қолдау (өз еркімен немесе мәжбүр ету арқылы) кімнің міндеті екендігі туралы мәселеге арналған бас мақаласында — былай деп жазады:

«Бұл адамдардың өздері, ең бастысы, өз еңбегімен жасаған меншіктің есебінен қолдау жасалынуға заңды правосы бар... Біреулер мақта-мата өнеркәсібі арқасында мол дәулетке ие болғандар ең алдымен мол көмек көрсетуге міндетті дегенді айтады. Бұның дұрыс екендігінде ешқандай күмән жоқ... Олардың саудамен және өнеркәсіппен айналысатын бөлігі солай жасап та отыр... Бірақ ол мақта-мата өнеркәсібінен байыған жалғыз тап болып табыла ма? Әрине, жоқ. Ланкашир мен Солтүстік Чеширдің жер меншікшілері осындай жолмен жасалған байлықтан зор үлес алды. Және бұл меншік иелерінде ерекше артықшылық болды, олар осы байлықты жасаған өнеркәсіпке ешқандай — өз қолдарымен де, өз ақыл-ойымен де — көмек көрсетпей-ақ, байлықтан өз үлестерін алды... Қазіргі кезде осындай ауыр күйзеліске ұшырап отырған осы үлкен өнеркәсіпті жасау үшін фабрикант өзінің капиталын берді, өзінің іскерлігін, өзінің мызғымас қырағылығын [612] жұмсады; фабрика жұмысшысы өзінің шеберлігін, өзінің уақытын, өзінің дене еңбегін жұмсады; ал Ланкаширдің жер меншікшілері не берді? Тіпті еш нәрсе де, сөздің дәл мағынасында еш нәрсе берген жоқ; сөйте тұра олар кез келген басқа таптан гөрі осының барлығынан қомақты пайда тапты... Осы ірі лендлордтардың тек осы бір ғана себепке байланысты жылдық табысының ұлғаюы орасан болғаны ешбір күмәндануға жатпайды: олардың табысы, тегінде, үш еседен кем артқан жоқ».

Капиталист жұмысшылардың тікелей қанаушысы болып табылады, ол қосымша еңбекті тек тұп-тура иемденіп қана қоймайды, оны өмірге тікелей көлтіреді. Бірақ өнеркәсіпші капиталист үшін мұның өзі тек қана өндіріс арқылы, өндіріс процесінде ғана болатындықтан, оның өзі де осы өндірістің міндеттерін атқарушы, оның басшысы болып табылады. Керісінше, ленлорд жер меншігінде (абсолюттік рента үшін) және жер разрядтарының табиғи айырмасында (дифференциалдық рента) осы қосымша еңбектің немесе қосымша құнның, бұл қосымша құнды жасау ісіне, осы қосымша еңбекке басшылық ету ісіне ешбір қатыспаса да, оның



бір бөлігін қалтасына салуға мүмкіндік беретін артықшылыққа ие. Сондықтан, қақтығыстар туған жағдайда капиталист жер меншікшісіне әншейін қажетсіз және зиянды сүйел ретінде, капиталистік өндірістің ішіп-жеуді ғана білетін арамтамақ паразиті деп, оның, капиталистің денесіне ұялаған бит деп қана қарайды.}

3-ші тарау *«Рудниктерден түсетін рента туралы»* деп аталады. Бұл арада тағы да былай делінеді:

«Бұл рента» (рудниктерден түсетін рента) «жерден түсетін рента сияқты олардың өнімінің құны жоғары болуының әсте де себебі емес, қайта салдары болып табылады» (76-бет) [Орысша аудармасы, I том, 78-бет].

Абсолюттік рентаға келсек, ол *«жоғары құнның»* салдары да, себебі де емес — ол құнның шығын бағасынан артық болуының салдары болып табылады. Бұл артқан бөліктің рудниктің немесе жердің өнімі үшін төлену жағдайы және осы арқылы абсолюттік рентаның пайда болуы — бұл *артқан бөліктің* салдары емес, — өйткені бұл сияқты артқан бөлік өндірістің бірсыпыра салаларында бар, — ол бұл салалар өнімінің бағасына кірмейді, — қайта *жерді меншіктенудің* салдары болып табылады.

*Дифференциалдық рентаға* қатысты мынаны айтуға болады: егер «жоғары құн» деп өнімнің рыноктық құнының жердің немесе рудниктің біршама неғұрлым жоғары өнімді разрядтарында болатын оның шын мәніндегі, немесе жекелей құнынан артқан бөлігін түсінетін болсақ, онда ол *«жоғары құнның»* салдары болып табылады.

Ең жұтаң жер немесе ең жұтаң рудник өнімінің бағасын реттейтін «айырбас құны» деп Рикардо тек *шығын бағасын* ғана түсінеді, ал шығын бағасы деп шығын мен әдеттегі пайданың қосындысын түсінеді, сөйтіп ол бұл шығын бағасын шын мәніндегі құнмен бір нәрсе деп қате санайды, — бұл оның баяндауының мына төмендегі тұсынан да айқын көрінеді:

«Ең жұтаң рудниктен алынып, өңделіп жатқан металдың оны өңдеп, рынокқа жеткізумен шұғылданып жатқан барлық адамдарды киіммен, тамақпен және басқа өмірлік қажеттермен жабдықтауға жұмсалған шығындардың бәрін өтеп қана қоймай, *сонымен бірге* кәсіпорынды жұмыс істету үшін қажетті капитал жұмсаған адамға *әдеттегі орташа пайда беретіндей*, ең кем дегенде осындай айырбас құны болуға тиіс. Рента төлемейтін ең жұтаң рудникке жұмсалған капиталға келетін түсім басқа неғұрлым өнімді рудниктердің бәрінің рентасын тәртіптеп отыратын болады. *Бұл рудник жұмсалған капиталға әдеттегі пайда береді деп есептеледі. Басқа рудниктердің бәрінің бұдан артық өндіретіндерінің бәрі олардың иелеріне қалайда рента ретінде төленеді*» (76—77-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 78-бет].

Сонымен, бұл жерде тура былай делінген: рента дегеніміз *егіншілік өнімі бағасының («айырбас құны») бұл жерде бағамен бір нәрсе*) оның шығын бағасынан, яғни авансыланған капиталдың құны мен оған келетін әдеттегі (орташа) пайданың қосын-

дысынан артығы. Демек, егіншілік өнімінің құны оның шығын бағасынан жоғары болса, онда ол жердің айырмашылығынан ешқандай тәуелсіз рента төлей алады және онда ең жұтаң жер мен ең жұтаң рудник те ең бай жер мен рудник сияқты сондай абсолюттік рента төлей алады. Егер егіншілік өнімінің құны оның шығын бағасынан артпайтын болса, онда рента рыноктық құнның біршама неғұрлым құнарлы жерден және т. б. алынатын өнімнің шын мәніндегі құнынан артқан бөлігінен пайда бола алар еді.

*«Егер бірдей мөлшерде негізгі капитал жұмсап, бірдей мөлшердегі еңбектің көмегімен рента төлемейтін рудниктен әрдайым бірдей мөлшерде алтын шығарылатын болса... онда» (шығарылатын алтынның) «мөлшері оған деген сұраныммен бірге көбейер еді, бірақ оның құны өзгермей қала берер еді» (79-бет) [Орысша аудармасы, I том, 79—80-беттер].*

Алтын мен рудниктер үшін күші бар нәрсенің астық пен жер үшін де сондай күші бар. Демек, егер әрдайым разрядтары бірдей жер пайдаланылса және егер оларға еңбек бірдей шығындалғанда әрдайым бірдей өнім беріп отырса, [613] онда *сұраныммен* бірге олардың мөлшері артқанмен, бір қадақ алтынның немесе бір квартал бидайдың құны өзгермеген күйінде қалар еді. Демек, өнімнің бағасында ешқандай өзгеріс болмағанмен, *олардың рентасы* (рентаның нормасы емес, сомасы) *өсер еді*. Капитал көбірек қолданылар еді, алайда оның өнімділігі барлық уақытта бір күйде болар еді. Мұның өзі — өнім бағасының өсуінен мүлде тәуелсіз, ал сондықтан да әр түрлі жерлер мен рудниктердің өнімдері төлейтін ренталарда тиісінше өзгеріс болмайтын рентаның абсолюттік сомасының өсуінің маңызды себептерінің бірі.

#### 15) СМИТТИҢ РЕНТАҒА КӨЗҚАРАСЫН ЖӘНЕ МАЛЬТУСТЫҢ КЕЙБІР ҚАҒИДАЛАРЫН РИКАРДОНЫҢ СЫНАУЫ

Рикардо кітабының 24-тарауы *«Адам Смиттің жер рентасы туралы ілімі»* деп аталады.

Рикардо мен А. Смит арасындағы айырмашылықты түсіну үшін бұл тарау өте маңызды. Бұл айырмашылықты (А. Смит жөніндегі айырмашылықты) неғұрлым тереңірек анықтау үшін Смиттің ілімін біз Рикардоның ілімінен соң *ex professo* \* қарастыратын болғандықтан кейінге қалдыра тұрамыз.

Рикардо А. Смит айтқан мына бір жерден, Рикардоның пікірі бойынша, Смит егіншілік өнімінің бағасы рента беретін және оның рента бермейтін кезін дұрыс анықтаған жерден цитат алудан бастайды. Бірақ сонан соң Смит, Рикардоның көрсеткеніндей, жерден алынатын кейбір өнімдер, мәселен тағамдық заттар, әрқашан рента беруге тиіс деп тағы да тұжырымдайды.

\* — арнайы. Ред.

Осыған байланысты Рикардо мынадай ескертпе жасайды, ал мұның өзі ол үшін, Рикардо үшін маңызды:

«Мәдениеті онша жетілмеген елден бастап ең цивилизациялы елге дейінгілердің қай-қайсысында болмасын өзіне жұмсалған капиталды өтеу үшін және құны сол елдегі орташа және әдеттегі пайданы төлеу үшін жеткілікті мөлшерден асып түсуге тиіс өнім бере алмайтын, сапасы нашар жер әлі де бар ғой деп топшылаймын. Америкада істің жайы осындай екенін біздің бәріміз білеміз, солай бола тұрса да рентаны реттейтін принциптер Европадағыға қарағанда Америкада өзгеше деп ешкім де айта алмайды» (389—390-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 269-бет].

Бұл принциптердің тым едәуір «өзгеше» екені күмәнсыз. *Жер меншігі жоқ жерде* — іс жүзінде немесе заң жүзінде, — абсолюттік жер рентасы болуы мүмкін емес. Жер меншігінің дәлме-дәл көрінісі дифференциалдық рента емес, қайта абсолюттік рента болып табылады. Жерді меншіктену бар жерде және ол жоқ жерде *баз баяғы бір ғана* принциптер жер рентасын реттеп отырады деу — *жерді меншіктенудің экономикалық формасы* жерді меншіктенудің болуына да немесе болмауына да тәуелді емес деп тұжырымдау деген сөз.

«Өзіне жұмсалған капиталды өтеу үшін... және әдеттегі пайданы төлеу үшін құны жеткілікті мөлшерден асып түсуге тиіс өнім бере алмайтын, сапасы нашар жер әлі де бар» екендігі одан әрі нені білдіруге тиіс? Егер еңбектің дәл сол мөлшері 4 квартал өндіретін болса, онда өнімнің құны, бір кварталдың құны бір жағдайда екінші жағдайға қарағанда екі есе артық болғанымен, 2 квартал өндірілген кездегіден артық болмайды. Өнімнің рента беретін-бермейтіні, демек, бұл тұрғыда осы өнімнің «құнының» шамасына мүлде тәуелді болмайды. Өнім өзінің құны оның шығын бағасынан жоғары болғанда ғана рента бере алады, ал шығын бағасы басқа барлық өнімдердің шығын бағасымен реттеледі немесе, басқа сөзбен айтқанда, 100 ақша өлшемі мөлшеріндегі капитал орта есеппен өндірістің әрбір саласында пемденетін ақысы төленбеген еңбектің мөлшерімен реттеледі. Бірақ өнімнің құны оның шығын бағасынан асып түсе ме, мұның өзі әсте де оның құнының абсолютті мөлшеріне тәуелді емес, қайта егіншілік емес өндірісте қолданылатын капиталдың орташа құрылымымен салыстырғанда оны өндіру кезіндегі қолданылатын капиталдың құрылымына тәуелді болады.

«Тіпті Англиядағы егіншілік дамудың жоғары сатысына жеткені сонша, рента бермейтін жер жоқ деген рас болғанның өзінде, онда бұрын мұндай жерлердің болуға тиіс екендігі де рас болады. Айтса да мұндай жерлер бар ма жоқ па деген мәселенің бұл ретте ешқандай маңызы жоқ; өйткені егер Великобританияда жерге жұмсалатын қайсыбір капитал болып, ол жұмсалған ма мен капиталдан түсетін әдеттегі пайданың орнын толтырып қана қоятын болса, ол ескі жерде жұмсала ма, әлде жаңа жерде жұмсала ма мұның мүлдем бәрі бір. Жер учаскесін 7 немесе 14 жылға арендалай отырып, фермер оған 10 000 ф. ст. капитал жұмсамақшы

болады, өйткені ол өзінен астық пен шикізаттың қолданылып жүрген бағасы тұсында жұмсалуға тиіс капиталдың орнын толтыруға, рента төлеп, әдеттегі пайда нормасын алуға мүмкіндігі бар екенін біледі. Бірақ соңғы бір мың ф. ст. оған капиталдан түсетін әдеттегі пайданы беретіндей өнімділікпен қолдана алмаса, ол 11 000 ф. ст. жұмсамайды. *Қосымша капиталды жұмсау қажет пе немесе жоқ па, деп есептей келіп, ол шикі өнімнің бағасы өзінің шығындарының орнын пайдамен толтыру үшін жеткілікті болатын-болмайтынына ғана көңіл бөледі, өйткені ол өзі қосымша рента төлеуіне тура келмейтінін біледі. Тіпті аренда мерзімі біткеннен кейін де оның рентасы артпайтын болады; өйткені егер жер меншікшісі фермер 1 000 ф. ст. қосымша капитал жұмсағандығына сүйеніп, рентаны арттырғысы келсе, онда фермер бұл капиталды алып қояр еді; өйткені, болжамға сәйкес, фермер бұл капиталды жұмсай отырып, әдеттегі орта пайданы ғана алады, ал ол мұндай пайданы капиталын қандай болса да басқаша пайдаланған жағдайда да алуы мүмкін. Сондықтан фермер шикі өнімнің бағасы арттырылмайынша, немесе, мұның мәні де соған саяды, пайданың әдеттегі жалпы нормасы төмендемейінше, ол үшін рента төлеуге келісе алмайды» (390—391-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 269—270-беттер].*

Бұл арада Рикардо ең нашар жердің де рента бере алатынын мойындайды. Мұны ол қалай түсіндіреді? Қосымша сұраным салдарынан [614] қажет болып шығатын, қосымша ұсыным жасау үшін ең нашар жерде қолданылған капиталдың екінші мөлшері астық бағасы артқанда ғана шығын бағасының орнын толтыруға мүмкіндік береді. Демек, капиталдың бірінші мөлшері енді шығынның осы бағасына қосымша, яғни рента беретін болады. Олай болса, мәселе былай болып отыр: екінші мөлшерді қолданғанға дейін-ақ бірінші мөлшер ең нашар жерде рента береді, өйткені рыноктық құн шығын бағасынан артық болады. Демек, мәселе мынада ғана: рыноктық құн соған қоса ең нашар жер өнімінің құнынан да асып түсуге тиіс пе немесе, керісінше, біз бұл арада өнімнің құны оның шығынының бағасынан асып түсетін және бағаның артуы бұл өнімді оның құны бойынша сатуды ғана мүмкін ететін жағдайға душар болып отырған жоқ па екенбіз.

Одан әрі: неге баға шығын бағасына, яғни авансыланған капитал мен орташа пайданың қосындысына тең болып шығатын деңгейде болуға тиіс? Бұл капиталдардың өндірістің түрлі салаларындағы бәсекесінің нәтижесінде, капиталды өндірістің бір саласынан екіншісіне ауыстыру нәтижесінде, демек капиталдың капиталға әсер етуі нәтижесінде болады. Бірақ капитал жер меншігін өнімді өзінің құны бойынша емес, одан төмен — шығын бағасы бойынша сатуға мәжбүр еткенде қандай ықпал арқылы мәжбүр етеді? Егер капиталды егіншіліктен алып қою егіншілік өнімдеріне сұранымының төмендеуімен қатар жүрмесе, оны алып қою мұндай тиімді болмас еді. Капиталды алып қою онда бұған керісінше нәтижеге әкеп соғар еді, егіншілік өнімдерінің рыноктық бағасын олардың құнынан асыра көтеріп жіберер еді. Жаңа капиталды егіншілікке ауыстыру да бұл жөнінен дәл осы сияқты ештеңе істей алмайды. Өйткені нақ сол капиталдардың өзара бә-

секесінің өзі жер меншікшісіне жеке капиталистен оның «орта пайдамен» қанағаттануын және өзіне құнның бұл пайданы келтіріп отырған бағадан артығын төлеуін талап етуіне мүмкіндік береді.

Бірақ былайша сұрақ қоюға болар еді: егер жерді меншіктену өнімді оның құны бойынша, оған жұмсалған шығын бағасынан *қымбат* сатуға билік беретін болса, онда оның өнімді дәл сол сияқты өзінің құнынан *қымбат*, яғни кез келген монополиялық баға бойынша сатуға билік бермейтіні неліктен? Астықпен сыртқа сауда жасамайтын шағын аралда, басқа өнімнің бәрі сияқты, астық, тағамдық заттар сөзсіз монополиялық баға бойынша, яғни сұранымының, яғни *төлем қабілеті бар сұранымның* жайымен шектелетін баға бойынша сатыла алар еді, ал бұл төлем қабілеті бар сұранымының ұсынылып отырған өнім бағасының деңгейіне байланысты тым алуан түрлі мөлшері мен диапазоны болады.

Жер меншігі мұндай ерекше жағдайларды жайына қалдырып — мұндай бірдеңе жөнінде Европа елдерінде сөз болуы да мүмкін емес; тіпті Англияда құнарлы жердің едәуір бөлігі басқа жердің құнын арттыру үшін егіншіліктен, жалпы алғанда рыноктан *әдейі* алынып тасталған, — капиталдардың бәсекесі *товарлар құнын* анықтаудың түрін өзгертетіндіктен ғана, капиталдардың ықпалына, олардың бәсекесіне әсер етіп, оларды әрекетсіз қалдыра алады. Құнның шығын бағасына айналуы капиталистік өндіріс дамуының салдары мен нәтижесі ғана болып табылады. Бастапқыда товарлар өз құны бойынша (орта есеппен) сатылады. Бұдан ауытқу егіншілікте жер меншігінің болуына кедергі келтіреді.

Фермер жерді 7 немесе 14 жылға арендаалаған кезде, дейді Рикардо, ол мысалы, 10 000 ф. ст. капитал жұмсағанда, *астықтың құны* (рыноктағы орташа құн) өзі шығарған шығынның орнын толтырып, оған қоса орта пайда және арендалық шартта белгіленген рента алуына мүмкіндік береді деп үміттенеді. Сөйтіп, ол жерді «арендалайтындықтан», ол үшін *түпкі пункт [Prius]* рыноктағы орташа құн, яғни өнім құны болып табылады, ал пайда мен рента — құн соларға бөлшектенгенімен, олар құнды құрамайтын бөлшектер ғана. *Бұл рыноктық баға* өнімнің алғы шарт ретінде алынған құны теория үшін және өндірістің ішкі байланысы үшін қандай болса, капиталист үшін сондай болып табылады. Ал Рикардо бұдан қандай қорытынды жасайды. Егер фермер 1 000 ф. ст. қосатын болса, онда оны бір мәселе: *рыноктық баға осындай* болғанда бұл қаржы оған әдеттегі пайданы келтіре ме деген мәселе толғандырады. Демек, — байқауымызша, Рикардоның ойы осыған саяды, — *шығын бағасы* айқындаушы роль атқарады, ал бұл шығын бағасына реттеуші элемент болып кіретін *рента* емес, нақ *пайданың* өзі.

Біріншіден, пайда да шығын бағасына негіздеуші элемент

ретінде кірмейді. Өйткені фермер, болжамға сәйкес, *рыноктық бағаны* бастапқы пункт [Prius] ретінде қарайды да, қосымша мың ф. ст. осы берілген рыноктық баға кезінде өзіне әдеттегі пайданы бере алатын-алмайтынын есептейді. Демек, бұл пайда сол бағаның себебі емес, нәтижесі болып табылады. Бірақ, деп пайымдайды одан әрі Рикардо, 1 000 ф. стерлингтің жұмсалудың өзі баға әдеттегі пайданы бере ме, бермей ме деген есеп арқылы анықталады ғой. Демек, 1 000 ф. стерлингті жұмсау үшін, өндіріс бағасы [Produktionspreis] үшін пайда анықтаушы кезең болып табылады.

Одан әрі: егер капиталист 1 000 ф. ст. әдеттегі пайданы бермейді деп тапса, онда ол, дейді Рикардо, мұны жұмсамаған болар еді. Тағамдық заттардың қосымша мөлшері өндірілмес еді. Егер ол қосымша сұранымды қанағаттандыру үшін қажет болса, онда сұраным бағаны, яғни рыноктық бағаны пайда беретін деңгейге дейін көтеруге тиіс болар еді. Демек, пайда — рентадан айырмашылығы — бұған негіздеуші элемент ретінде кіреді, бірақ ол өнім *құнын* жасайтын жолмен кірмейді, қайта, егер өнімнің бағасы шығарылған шығыннан тыс пайданың әдеттегі нормасын да төлейтіндей болып жоғарылап кетпесе, өнімнің өзі [615] жасалмайтын жолмен кіреді. Керісінше, бұл ретте бағаның рента төлейтіндей болып жоғарылап кетуінің қажеттігі жоқ. Демек, бұл арада рента мен пайда арасында елеулі айырмашылық бар және де белгілі бір мағынада айтқанда, пайда дегеніміз бағаның негіздеуші элементі, ал рента мұндай элемент емес. (А. Смиттің бүгіп қалған пікірі де, бәлкім, осындай болар).

Бұл ретте мұнысы дұрыс.

Бірақ неге олай?

Олай болатын себебі, бұл ретте жер меншігі капиталға жер меншігі ретінде қарсы тұра алмайды, демек, бұрын ойлағанымыздай, бұл арада рента, абсолюттік рента құралатын кездегі комбинацияның нақ өзі орын алып отырған жоқ. 1 000 ф. ст. мөлшеріндегі капиталдың екінші мөлшерімен өндірілген, *рыноктық құн өзгермегенде*, демек, баға өзгеріссіз қалады деп ұйғарғанда ғана орын алатын қосымша сұраным болып отырғанда өндірілген қосымша астық өз құнынан *арзан*, шығын бағасы бойынша сатылуға тиіс. Сөйтіп, бір мың ф. стерлингтің бұл қосымша өнімі нақ мынадай жағдайда: рыноктағы құнды *белгілемейтін* және өзінің қосымша ұсынымын сол бұрын қолданылып келген рыноктық құн бойынша, яғни *осы жаңа өндіріске тәуелсіз анықталатын* баға бойынша ғана бере алатын жаңа, құнарлылығы кемірек жер өңдеуге түскен жағдайда болады. Мұндай жағдайларда бұл қосымша жердің тек қана біршама құнарлылығына тәуелді нәрсе оның рента беретін-бермейтіндігі болады және мұның өзі оның рыноктық бағасын *белгілемейтіндігі* себепті болады. Ескі жердегі қосымша 1 000 ф. стерлингке қатысты мәселе де дәл осылай

болып шығады. Дәл осы арадан келіп Рикардо мынадай қарама-қарсы қорытынды: қосымша жер немесе капиталдың қосымша мөлшері *рыноктағы құнды анықтайды*, өйткені олардың өнімінің бағасы *сол жерлерге тәуелсіз қалыптасқан* белгілі бір *рыноктық құн* кезінде рента бермейді, тек қана пайда береді, осы өнімнің құнын емес, шығын бағасының ғана орнын толтырады деген қорытынды жасайды! Мұның өзі *contradictio in adjecto* \* емей немене?

Алайда рента бермесе де, *бұл жерде* өнім бәрібір өндіріледі! Әрине! Фермер *арендалаған* жерде, *ол үшін*, капиталист үшін, жер меншігі дербес, қарсылық көрсететін элемент ретінде арендалық шарт бойынша іс жүзінде өзі жер меншікшісі болып табылатын уақыттың бүкіл өн бойында жоқ болып есептеледі. Демек, енді капитал кедергі кездестірмей осы элементтің ішінде қозғалып отырады, ал капитал үшін өнімнің шығын бағасы да жеткілікті. Дәл осылайша және арендалау мерзімі бітісімен фермер, әлбетте, өз *құны* бойынша сатылатындай, демек, рента бере алатындай өнімді капиталды жерге қандай мөлшерде жұмсағанда алуға болатынына орайластырып рентаны реттеп отыратын болады. Белгілі бір *рыноктық құн* жағдайында шығын бағасынан артпайтындай етіп капитал жұмсау рентаның мөлшерін анықтаған кезде есепке алынбайды; мұның өзі нақ мынадай жағдайдағы сияқты: жердің біршама құнарсыздығы себепті осы жерден алынған өнімнің *рыноктық бағасы* оның шығын бағасын ғана төлейтіндей жерден рента капиталмен төленбейтіні немесе шартта көрсетілмейтіні сияқты.

Іс жүзінде жағдай тіпті де Рикардоның айтқанындай емес. Егер арендатордың бос капиталы болса немесе оны 14 жылға жасалған арендалық шарттың алғашқы жылдарында өндіріп алса, онда ол мұндай жағдайда *әдеттегі пайданы* талап етпейді. Егер ол қосымша капиталды қарызға алған жағдайда ғана осылай болар еді. Расында, бос капиталмен ол не істемек? Жаңадан жер арендалай ма? Екіншілік өндірісінде жерді мол капитал жұмсап неғұрлым экстенсивті өңдеуге қарағанда, капиталды неғұрлым интенсивті түрде жұмсауға мүмкіндік әлдеқайда көп. Немесе, егер ескі жермен тікелей іргелес, арендаға берілетін жер болмаса, онда — арендатордың бөлек орналасқан екі фермасы болғанда оның басқару мен бақылау жөніндегі қарекеті, өңдеу өнеркәсібіндегі алты фабрикасы болатын фабриканттың осындай қарекетіне қарағанда жүгірісі әлдеқайда көп қарекет болар еді. Немесе арендаторға ақшасын процент алып отыру үшін банкирге беруіне, мемлекеттік қағазға, темір жол акцияларына және т. т. салуына тура келе ме? Онда ол ең басынан-ақ әдеттегі пайданың кем дегенде жартысынан немесе үштен бірінен бас тартқан болып шығады.

\* — сөзбе сөз алғанда: «эпитеттегі қайшылық» немесе «анықтауыштағы қайшылық», яғни «деңгелек квадрат», «ағаш темір», «реттемейтін реттегіш» деген ұғымдардағы сияқты абсурд қайшылық. *Ред.*

Демек, егер ол бұл ақшаны қосымша капитал түрінде ескі фермаға жұмсай алатын болса, одан орташа пайдадан аз болса да, мысалы орташа пайда 12 процент болғанда 10 процент алса, онда ол проценттік ставка 5 процентке тең болғанның өзінде әлі де 100 процент пайда табады. Демек, ескі фермаға [616] қосымша 1 000 ф. ст. жұмсау ол үшін әлі де пайдалы операция болады.

Сондықтан Рикардоның қосымша капитал [дәл сол жерге] жұмсауды жаңа жерге қосымша капитал қолданумен бірдей деуі мүлде қате болып табылады. Бірінші жағдайда тіпті капиталистік өндіріс кезінде де онімнің ең болмағанда кәдімгі пайда беруінің қажеттігі жоқ. Ол әдеттегі нормадан мынадай шамада ғана: фермер өзінің бос капиталын өндіріске қолдануына, оны ақша капиталы ретінде қолдануына байланысты ой ойлап, тәуекелге баруды жөн көргенінің мағынасы болатындай шамада ғана көбірек процент келтіруге тиіс.

Ал енді бұл пайымдаудан Рикардо жасаған қорытынды, ілгеріде көрсетілгеніндей, мүлдем оғаш:

«Егер Адам Смит өзінің зерек ақылымен осы фактіге көңіл аударған болса, ол рента жер өнімдері бағасының негіздеуші құрамдас бөліктерінің бірін құрайды демес еді; өйткені баға барлық жерде капиталдың ешқандай рента төленбейтін ең соңғы бөлігінен түскен қаржымен реттеледі» (391-бет) [Орысша аудармасы, I том, 270-бет].

Рикардода беріліп отырған иллюстрация керісінше екенін, капиталдың осы соңғы бөлігін жерге жұмсауды рыноктық баға, осы жұмсалуға тәуелсіз болатын, ол өндірілгенге дейін қолданылып келген, сондықтан да капиталдың осы соңғы бөлігі арқылы рента емес, тек қана пайда келтіретін рыноктық баға реттеп отыратынын дәлелдейді. Пайданың капиталистік өндіріс үшін бірден-бір реттеуші болып табылатыны әбден дұрыс. Сондықтан да егер өндірісті тек қана капитал реттеп отыратын болса, онда абсолютті рентаның болмайтыны да дұрыс. Өндіріс жағдайы жер меншікшісіне өндірісті тек қана капиталмен реттеуге шек қоюға билік берген жерде ғана абсолютті рента пайда болады.

Екіншіден, Рикардо (391 және одан кейінгі беттер) [Орысша аудармасы, I том, 270—272-беттер] А. Смитті ол [тек қана] тас көмір шахталары үшін рентаның дұрыс принципін дамытады деп кінәлайды. Рикардо тіпті былай дейді:

«Рентаның бүкіл принципі мұнда тамаша әрі айқын түсіндірілген, бірақ әрбір сөзді тас көмір шахталарына қалай қолдануға болса, жерге де сондай негізде қолдануға болады; алайда Смит «жер бетіндегі жер иеліктері жөнінде мәселе басқаша болып отыр» дейді» (392-бет) [Орысша аудармасы, I том, 271-бет].

А. Смит белгілі бір жағдайларда жер меншікшісінің капиталға барынша қарсылық жасауға, жерді меншіктенудің күшін бай-



қатуға, сөйтіп абсолютті рента талап етуге билігінің бар екенін, ал енді бір жағдайларда оның мұндай билігінің жоқ екенін, бірақ нақ тағамдық заттар өндірудің өзі рента заңын белгілейтінін, ал капиталды жерге басқа жағдайларда жұмсағанда рента егіншілік рентасымен анықталатынын сезеді.

«Жер бетіндегі жер иеліктерінде» (дейді А. Смит) «олардың өнімінің құны мен олар келтіретін рентаның мөлшері олардың *относительді* құнарлылығына емес, *абсолюттік* құнарлылығына пропорциялы болады» (392-бет) [Орысша аудармасы, I том, 271-бет].

Смитке қарсы шыққанда Рикардо, мұның өзі жалпы алғанда ол үшін қаншалықты мүмкін болса, рентаның шын мәніндегі принципіне жақындай түседі. Ол былай дейді:

«Бірақ рента бермейтін бірде-бір жер учаскесі жоқ деп есептелік. Мұндай жағдайда ең нашар жерден алынған рентаның көлемі өнім құнының шығындалған капиталдан және капиталдан алынған кәдімгі пайдадан артығына пропорциялы болар еді. Дәл сол принцип сапасы неғұрлым жақсы жерден немесе жақсырақ орналасқан жерден алынатын рентаны анықтайтын болады, міне сондықтан да бұл жерлерден алынған рента, олардың артықшылықтары себепті, сапасы ең нашар жерден алынған рентадан жоғары болар еді. Үшінші, одан да жоғары сапалы және тағы басқа да ең жақсы жерлер туралы дәл осыны айтуға болады. Осыдан кейін *рудниктердің относительді өнімділігі* олардың өнімінің рудниктерден алынған рента түрінде төленетін бөлігін анықтайтыны сияқты, *жердің нақ относительді құнарлылығы* да өнімнің жер рентасы түрінде төленетін бөлігін анықтайтыны айқын емес пе?» (392—393-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 271-бет].

Бұл арада Рикардо рентаның дұрыс принципін айтып отыр. Егер ең нашар жер рента төлесе, егер, демек, рента жерлердің табиғи құнарлылығының айырмашылығына тәуелсіз төленсе және абсолютті рента болса, онда бұл рента «өнім құнының шығындалған капиталдан және капиталдан алынған кәдімгі пайдадан артығына», яғни өнімнің құнының оның шығын бағасынан артығына тең болуға тиіс. Рикардо мұндай артығының болуы мүмкін емес деп жорамалдайды, өйткені ол өзінің төл принципіне қайшы келе отырып, Смиттің құн өнім шығын бағасына тең деген догмасын [617] қатә түсінеді.

Басқа жерлерінде Рикардо қайтадан адаса бастайды.

Дифференциалдық рента, әрине, «относительді құнарлылықпен» анықталар еді. Бірақ абсолюттік рентаның «табиғи құнарлылықпен» ортақ ештеңесі де болмас еді.

Ал екінші жағынан, Смиттің айтқаны мына тұрғыдан дұрыс болып шығар еді: ең нашар жерден төленетін *іс жүзіндегі рента* басқа жерлердің абсолютті құнарлылығына және ең нашар жердің относительді құнарлылығына немесе ең нашар жердің абсолютті құнарлылығына және жердің басқа разрядтарының относительді құнарлылығына тәуелді болуы мүмкін.

Мәселе мынада: ең нашар жерден төленетін рентаның іс жү-

зіндегі көлемі, Рикардоның айтқанындай, оның өз өнімі құнының оның шығын бағасынан артығына емес, *рыноктық құнның* өнім шығыны бағасынан артығына тәуелді болады. Бірақ бұл ба-рынша алуан түрлі нәрселер. Егер *ең нашар жердің өнімі* рынок-тық бағаны *өзі анықтаса*, онда рыноктық құн оның шын құнына тең болады, демек, оның рыноктық құнының оның шығын ба-ғасынан артығы оның өзінің жеке (оның шын) құнының оның шығын бағасынан артығына тең болады. Ал егер рыноктық баға-ны ең нашар жердің өніміне тәуелсіз басқа разрядтағы жерлер анықтайтын болса, онда мәселе басқаша. Рикардо төмендеу ба-ғыты туралы ұйғарымға сүйенеді. Ол ең нашар жер өңдеуге *соң-ғы кезекте түседі*, сөйтіп ол қосымша сұраным ең нашар және өңдеуге соңғы кезекте түсетін жерден алынатын өнімнің құны бойынша қосымша ұсынымды қажет еткен кезде ғана өңделеді (ұйғарымдағы ретте) деп ойлайды. Бұл жағдайда ең нашар жер-дің өнімінің құны рыноктық құнды реттейді. Өрлеу бағыты кезін-де мұның өзі (тіпті Рикардоның көзқарасы тұрғысынан) таңдау-лы разрядтағы жерлердің қосымша ұсынымы бұрынғы рынок-тық құн бойынша қосымша сұранымға теңелген жағдайда ғана болады. Егер қосымша ұсыным бұдан артық болса, онда Рикардо әрдайым ескірген жер *өңдеуден* алынып тасталуға тиіс, деп са-найды, ал шынында бұдан шығатын қорытынды мынадай ғана: ескірген жер бұрынғыға қарағанда *неғұрлым төмен рента* беретін болады немесе мүлде рента бермейтін болады. Төмендеу бағыты кезінде де солай болады. Егер қосымша ұсыным *бұрынғы рынок-тық* құн бойынша ғана жасалатындай болса, онда нашар жердің рента беретін-бермейтіні — және қандай мөлшерде беретіні — немесе рентаны мүлде бермеуі осы рыноктық құнның жаңа, нашар жердің өнімінің шығын бағасынан қаншалықты артық бо-латынына тәуелді болады. Екі жағдайда да (яғни өрлеу бағыты кезінде де, төмендеу бағыты кезінде де) оның рентасы относитель-ді емес, *абсолютті* құнарлылығымен анықталады. Жердің ең жақ-сы разрядтарынан алынатын өнімнің қысымымен анықталатын рыноктық құнның жердің өзінің нақты, жеке құнынан қаншалық-ты *асып түсетіндігі* жаңа жердің абсолютті құнарлылығына бай-ланысты болады.

А. Смит бұл арада жер мен рудниктер арасындағы айырмашы-лықты дұрыс көрсетеді, өйткені соңғылары жөнінде ол нашар разрядтарға көшу *ешқашан* болмайды, әрдайым *ең жақсы* разряд-тарға көшіп отырады, сөйтіп олар қажетті қосымша ұсынымға қарағанда әрдайым артық келтіріп отырады деп санайды. Ең на-шар жерден алынатын рента онда оның абсолютті құнарлылығы-на тәуелді болады.

А. Смит *меншіктенушілердің өздері ғана кенін алатын шахталар* бо-лады, өйткені бұл шахталар жұмсалған капиталға келетін әдеттегі пайда-мен бірге өнім өндіру жөніндегі шығынды ғана өтейді деп мәлімдегеннен

кейін, біз оның пікірі бойынша, дәл осы шахталар барлық шахталардағы өнімнің бағасын реттейді деп күтуге хақылы едік. Егер ескі шахталар қажет болып отырған көмірдің бүкіл мөлшерін бере алмаса, онда көмірдің бағасы қымбаттай береді және меншікті жаңа, неғұрлым өнімді аз шахта тауып, одан өнім шығара отырып, капиталдан әдеттегі пайда алғанға дейін қымбаттай беретін болады... Сөйтіп, көмірдің бағасын арқашан өнімділігі аз шахталар реттеп отырағын болып шығады. Алайда А. Смит басқаша пікірде. Ол былай деп санайды: «неғұрлым өнімді көмір шахталары басқа барлық көрші шахталар көмірінің бағасын реттейді. Екеуі де: шахтаны меншіктенуші де, көмір өндірумен айналысатын кәсіпкер де, егер өздерінің барлық көршілеріне қарағанда көмірді неғұрлым арзан бағамен сататын болса, біріншісі мол рента, ал екіншісі мол пайда алдық деп ойлайды. Көршілері көп кешікпей-ақ өзінің көмірін нақ сол бағамен сата бастауға мәжбүр болады, бұлай істеу оларға оңайға түспесе де, мұның өзі олардың рентасы мен пайдасын әрдайым кемітіп отырса да, ал кейде оларды рентадан да, пайдадан да құр алақан қалдыратын болса да солай істейді. Осының салдарынан кейбір шахталар мүлдем жабылып қалады, ал басқалары рента келтіруден қалады да, олардан тек меншіктенушілер ғана өнім өндіре алатын болады». Егер көмірге деген сұраным [617a] азайса, немесе жаңа әдістер қолданудың арқасында оның мөлшері көбейсе, онда оның бағасы төмендеуге тиіс, сөйтіп кейбір шахталардан өнім өндіру тоқтатылуға тиіс. Бірақ қайткен күнде де көмірдің бағасы рента ауыртпалығынсыз өнім өндіріліп жатқан шахтаға оның шығыны мен пайдасын өтеу үшін жеткілікті болуға тиіс. Демек, бағаны өнімділігі мейлінше аз шахталар реттеп отырады. Адам Смиттің өзі де мұны басқа жерде атап көрсетеді, өйткені ол былай дейді: «Көмір белгілі бір ұзақ уақыт бойы сатылуға тиісті ең төмен баға дегеніміз, басқа товарлардың бәрі үшін бірдей болатыны сияқты, әдеттегі пайдасымен қоса алғанда, товарды өндіруге және оны рынокқа жеткізуге жұмсалатын капиталдың орнын толтыру үшін жеткілікті болатын баға ғана. Жер меншіктенуші рента ала алмайтын, одан өзі не өнім өндіретін, немесе жауып тастайтын тас көмір шахтасындағы көмірдің бағасы, әдетте, шамамен алғанда осы бағаның деңгейінде болуға тиіс» (393—395-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 271—272-беттер].

А. Смит мына тұрғыдан қателесіп отыр: ол рыноктағы ерекше жағдайды, мұның тұсында рынокта неғұрлым өнімді шахта (немесе жер) үстем болатын осындай жағдайды жалпыға ортақ жай деп жариялайды. Бірақ егер осындай жағдай болады деп ұйғарсақ, онда ол (жалпы алғанда) дұрыс пайымдайды, ал Рикардо қате пайымдайды. Смиттің жорамалдауынша, сұраным осындай болып отырғанда және ең жақсы шахтаның өнімділігі относителді мол болып отырған жағдайда соңғысы өзінің бүкіл өнімін рынокқа ол өз өнімін бәсекелестерінен гөрі арзанырақ сатқан кезде ғана, оның өнімінің бағасы бұрынғы рыноктық құннан төмен болғанда ғана өткізіп жібере алады. Осының нәтижесінде ең нашар шахталар үшін де өнімнің бағасы құлдырап кетеді. Рыноктық баға құлдырайды. Бағаның бұлайша құлдырауы барлық жағдайларда ең нашар шахталардағы рентаны төмендетеді және тіпті оның мүлдем болмай қалуына әкеп соғуы мүмкін. Өйткені рента рыноктық құнның өнімнің шығын бағасынан артығына тең болады, ал мұның өзі бұл рыноктық құнның белгілі бір разрядтағы жердің (немесе шахтаның) өнімінің жеке құнына тең бе немесе

жоқ па, бұған тәуелді болмайды. Пайда, Смит мұны байқамайды, тек мына жағдайда ғана осының нәтижесінде егер капиталдың бір бөлігін кері алу және өндіріс көлемін қысқарту қажет болған жағдайда ғана азаюы мүмкін. Егер осындай жағдайларда ең жақсы шахталардың өнімімен реттелетін рыноктық баға ең нашар шахтаның өнімі үшін шығын бағасынан артық ештеңе бермейтіндей болып төмендеп кетсе, онда ең нашар шахтадан меншіктенушінің өзі ғана өнім өндіре алады. Рыноктық баға осындай болғанда бірде-бір капиталист оған рента төлемейді. Оның жерді меншіктенуі мұндай жағдайда оған капиталға билік жүргізуге мүмкіндік бермейді, бірақ ол басқа капиталистердің жерге капитал жұмсау кезінде кездестіретін қарсылығын жояды. Ол үшін жер меншігі *болмайды*, өйткені оның өзі жер меншікшісі болып табылады. Демек, өндірістің кез келген басқа салалары сияқты, ол өзінің жерін көмір шығару үшін пайдалана алады, яғни егер өзі белгілемейтін, керісінше, *күн илгері* белгіленген өнімнің рыноктық бағасы оған орта пайда түсіріп, оның *шығын бағасын* өтейтін жағдайда пайдалана алады.

Рикардо болса осыдан келіп Смит өзіне-өзі қарсы шығып отыр деп қорытады! Жаңа шахталардың меншікшілері оларды қандай дәрежеде өздерін іске қоса алатынын, яғни жер меншігі іс жүзінде жойылып кеткен жағдайда оны өңдей алатынын, бұрынғы рыноктық баға анықтайды, бұрынғы рыноктық баға тұсында олар кәсіпкерге *шығын бағасын* қамтамасыз етеді дегенге сүйеніп, ол бұл шығын бағасы рыноктық бағаны анықтайды деп тұжырымдайды! Бірақ бұл арада ол төмендеу бағасына қайтадан жүгінеді де, былай деп мәлімдейді: өнімнің рыноктық бағасы ең жақсы шахталар өнімінің құнына жоғары көтерілген жағдайда ғана өнімі неғұрлым аз шахтадан өнім өндірілуі мүмкін; ал шынында оның шығын бағасынан *асып түсуі* немесе тіпті бар болғаны оны шахталарды меншіктенушілердің өздері пайдаланатын ең нашар шахталар үшін өтеуі ғана қажет болады.

Оған қоса, егер Рикардо «жаңа әдістерді қолданудың арқасында мөлшері» (шығарылатын көмірдің) «ұлғаятын болса, *оның бағасы құлдырап кетуге тиіс*, сөйтіп *кейбір шахталардан өнім өндіру тоқтатылуға тиіс*» болса, онда мұның өзі бағаның құлдырау дәрежесіне және сұрапымның жайына тәуелді болады ғой деп ойлайды. Баға бұлайша құлдыраған кезде рынок бүкіл өнімді сіңіре алатындай болса, нашар шахталардың әлі де болса рента беруі үшін мынадай шарт керек: рыноктық баға құлдырап кеткенде неғұрлым жұтаң шахталардың шығын бағасынан рыноктық құнның кейбір артық шамасы әлі де сақталып қалуы керек; ал егер рыноктық баға не бары осы шығын бағасының ғана орнын толтырып қойса, яғни онымен сәйкес келсе, онда неғұрлым жұтаң шахталардан олардың меншіктенушілері өнім өндіре беретін болады. Бірақ екі жағдайда да ең нашар шахтаның шығын

бағасы рыноктық бағаны реттейді деу сөлекеттік. Әрине, ең нашар шахтаның шығын бағасы оның өнімінің бағасы мен рыноктағы реттеуші бағаның арасындағы арақатынасты анықтайды, *сондықтан* бұл шахтадан өнім өндіріле ме немесе өндірілмей ме [618] деген мәселені де шешеді. Бірақ *белгілі бір рыноктық баға* тұсында белгілі бір дәрежеде өнімді жер — немесе шахта — пайдаланылуы мүмкін бе деген мәселе, рыноктық бағаны осы жердің немесе осы шахта өнімінің шығын бағасы реттей ме деген жағдаймен еш ортақтығы жоқ және әсте үйлеспейді. Егер *өсе түсіп отырған рыноктық құн* кезінде қосымша ұсыным қажет немесе мүмкін болса, онда рыноктық құнды ең нашар жер реттеген болар еді, бірақ онда ол абсолюттік рента берген болар еді. Мұның өзі Смитте ұйғарылып отырған жағдайға *қарама-қарсы* келетін жағдайдың дәл өзі.

Үшіншіден Рикардо (395—396-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 272—273-беттер] Смитті, соңғысының шикі өнімнің арзан болуы, мысалы жалақының төмендеуі мен өндіріс шығынының азаюын туғызатын нанды картоппен алмастыру жер меншікшісіне өнімнің көбірек үлесінің — сондай-ақ көп мөлшерінің де — тиюіне әкеп соғады деген пікірі жөнінде кінәлайды. Рикардо бұл пікірге қарсылық білдіреді:

«Қосымша таза өнімнің бірде-бір бөлігі рентаны арттырмас еді; барлық қосымша қалай да түгелдей пайданы ұлғайтуға кетер еді... Сапасы бірдей жерлер өңделіп жатқанда және олардың относителді құнарлылығында немесе басқа да артықшылықтарында ешқандай өзгеріс бола қоймағанда, *рента өзінің жалпы өнімге бұрынғы қатынасын әрдайым сақтап қалатын болады*» (396-бет) [Орысша аудармасы, I том, 273-бет].

Мұның теріс екені сөзсіз. Жер рентасының үлесі, сондықтан оның *относительді* шамасы да құлдырап кетеді. Негізгі тағамдық зат ретінде енгізілген картоп жұмыс күшінің құнын төмендетіп жіберер еді, қажетті жұмыс уақыты қысқарар еді, қосымша жұмыс уақыты, сондықтан қосымша құн *нормасы да* артар еді; демек, басқа жағдайлар бірдей болғанда, капиталдың құрылымы өзгерер еді, қолданылатын нақты еңбек *массасы* бұрынғы күйінде қалса да, капиталдың өзгермелі бөлігінің құны тұрақты бөлігінің құнына қатынасы жөнінен азайып кетер еді. Сондықтан *пайда нормасы* артар еді. Бұл жағдайда біз абсолюттік рентаның құлдырауы мен дифференциалдық рентаның относителді түрде құлдырауып көрер едік (610-бет, *С* кестесін қараңыз \*). Бұл себеп егіншілік капиталға да, егіншілік емес капиталға да бірдей ықпал жасар еді. Пайданың жалпы нормасы артып, *сондықтан* рента да құлдырап кетер еді.

28-тарауда («*Бай және кедей елдердегі алтынның*», *астықтың және еңбектің салыстырмалы құны туралы*») Рикардо былай деп жазады:

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 338—339-беттер. Ред.

«Д-р Смиттің бүкіл еңбегінің он бойын көктей өтетін қатесі оның астықтың құны тұрақты болады және, барлық басқа заттардың құны артқанымен, астықтың құны жөнінен ешқашан да бұлай бола алмайды деген жорамалында жатыр. Оның пікірі бойынша, астықтың құнының әрдайым бірдей болатын себебі, ол әрқашан адамдардың сол белгілі бір санын қоректендіре алады. Дәл осы сияқты, шұғада да әрқашан бір-ақ құн болады, өйткені одан әрқашанда сюртуктердің белгілі бір мөлшерін тігуге болады деуге болар еді. Заттың тамақ немесе киім бола алуының құнға қандай қатысы болмақ?» (449—450-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 307-бет].

«...Д-р Смит... товарлардың рыноктық бағасын сайып келгенде олардың табиғи бағасы реттейді деген теорияны соншалықты шебер қорғады» (451-бет) [Орысша аудармасы, I том, 308-бет].

«...Егер алтынның құнын астықпен бейнелесе, онда әр түрлі екі елде алтынның мейлінше әр түрлі құны болар еді. Мен бұл құнның бай елдерде төмен және кедей елдерде жоғары болатынын көрсетуге тырыстым. Адам Смит басқа пікірді ұстанады: ол алтынның астықпен бейнеленген құны бай елдерде бәрінен де жоғары деп ойлайды» (454-бет) [Орысша аудармасы, I том, 310-бет].

\* \* \*

**32-тарауда («Мальтус мырзаның рентаға көзқарастары») Рикардо былай деп жазады:**

«Рента деген құнның туындысы, бірақ байлықтың туындысы емес»<sup>95</sup> (485—486-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 330-бет].

«Астық бағасының жоғарылығы туралы айтқанда. Мальтус мырза, анығында, бұл арқылы кварталдің немесе бушельдің бағасын емес, одан да гөрі жалақы сияқты, пайданы да «өндіріс шығыны» деген терминге әрдайым қоса отырып, бүкіл өнім сатылатын бағаның осы өнімді өндіру шығынынан артығын айтып отыр. Егер өндіріс шығыны екі жағдайда бірдей болса ғана кварталі 3 ф. ст. 10 шиллинг тұратын 150 квартал астық жер меншікшісіне кварталі 4 ф. стерлингтен келетін 100 кварталге қарағанда көп рента келтірер еді» (487-бет) [Орысша аудармасы, I том, 330-бет]. «Бұл жердің қасиеті қандай болса да, жоғары рента өнімнің жоғары бағасына тәуелді болады; ал жоғары баға қойылған екен, онда жоғары рента өнімнің тапшылығына емес, оның молдығына пропорциялы болады» (492-бет) [Орысша аудармасы, I том, 334-бет].

Рента дегеніміз астық бағасы жоғарылығының нәтижесі болса, онда рентаның жойылуы бағаның төмен болуының нәтижесі. Шетелдің астығы рента беріп отырған, іште өндірілген астықпен ешқашан бәсекеге түсе алмайды. Бағаның құлдырауы жер меншікшісін оның бүкіл рентасы жойылғанша әрқашан соққылайды да отырады; егер баға одан әрі құлдырай берсе, онда ол жұмсалған капиталға тіпті әдеттегі пайда түсіруден де қалады; бұл жағдайда қандай болса да басқаша қолдануды іздестіру үшін капитал жерді жайына қалдырады, сойтіп бұрын осы жерде өндірілген астық сол уақытта, бірақ одан бұрын емес импорттық астықпен ығыстырылады. Рентаның жойылуы өзімен бірге құнды, атап айтқанда ақшаға шаққандағы құнды да құртады, бірақ оның есесіне бұл байлық жағынан ұтыс болып шығады. Шикі материалдардың және басқа өнімдердің қосып алғандағы мөлшері артады, бірақ оларды өндіру анағұрлым оңай болғандықтан, олардың мөлшерінің көбеюімен қатар, құны да төмендейтін болады» (519-бет) [Орысша аудармасы, I том, 351-бет].

(ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ)

## А. СМИТТИҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫ

(1) СМИТТЕ РЕНТА ПРОБЛЕМАСЫНЫҢ  
ҚОЙЫЛУЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

[619] Біз бұл арада тағамның негізгі өсімдік затынан алынатын рента, сөздің тура мағынасымен айтқанда, қалған барлық ауыл шаруашылық ренталарын (мал шаруашылығында, орман шаруашылығында, техникалық өсімдіктер өсіруде) қалайша анықтайды деген мәселені Смиттің қызықты өтіп баяндауына тоқталмаймыз, өйткені өндірістің бұл салаларын біріне-бірін өзара айналдыруға болады. Смит ерекшелік ретінде тағамның негізгі өсімдік заты ретінде күріш қолданылатын жерде күріш дақылды бөліп көрсетеді, өйткені күріш өсетін батпақты шабындыққа, бидай себілетін алқапқа және т. т. айналдыруға келмейді, сондай-ақ керісінше де болмайды.

Смиттің *рентаны «жерді пайдаланғаны үшін төлепегін баға»* деп анықтауы дұрыс ([французша 1802 ж. басылымы] I том, 299-бет) [Орысша аудармасы, I том, 130-бет], бұл арада табиғаттың кез келген күшін, демек, суды және тағы басқаларын да жер деп түсіну керек.

Родбертустың<sup>96</sup> таңданарлық түсінігіне қарама-қарсы, Смит кіріспесінде-ақ [11-ші тарауға] егіншілік капиталының құрамдас бөліктерін: «тұқым» (шикізат) «әперетін капиталды», «еңбекке ақы төлейтін, малды және басқа да егіншілік құралдарын сатып, алып, сақтайтын капиталды» тізіп келтіреді (бұл да сонда [Орысша аудармасы, I том, 130-бет]).

Ал «жерді пайдаланғаны үшін төленетін баға» дегеннің өзі не?

«Өнімнен немесе өнімнің бағасынан оның осы бөлігінен» {авансыланған капиталдың «және, оның үстіне әдеттегі пайданың» орнын толтыратын бөлігінен} тыс қалатынның бәрін бұл қалдық қандай болса да, мен-

шікші өзінің жері үшін рента ретінде өзінде ұстауға тырысады» (бұл да сонда, 300-бет) [Орысша аудармасы, I том, 130-бет].

«Бұл артығын әрқашан да табиғи жер рентасы деп қарауға болады» (300-бет) [Орысша аудармасы, I том, 130-бет].

Рентаны жерге жұмсалған капиталдың процентімен шатастыруға Смит қарсылық білдіреді:

«Меншікші тіпті жақсартылмаған жер үшін де рента талап етеді» (300—301-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 130-бет],

тіпті бұл рентаның екінші формасының\*, деп қосады ол, мынадай ерекшелігі болады, жерді жақсарту үшін пайдаланылған капитал проценті меншікші емес, арендатор жұмсаған капиталдың проценті болып табылады.

«Ол» (меншікші) «кейде жалпы алғанда адамның қолымен жақсартылуы мүмкін еместің өзі үшін де рента талап етеді» (301-бет) [Орысша аудармасы, I том, 131-бет].

Смит былай деп мейлінше айқын атап көрсетеді: «рентаны» жер меншігі, меншіктенуші ретінде жер меншікшісі «талап етеді». Осылайша рентаны жерді меншіктенудің қарапайым салдары ретінде қарастыра отырып, Смит рентаны монополиялық баға деп біледі, мұның өзі әбден дұрыс, өйткені жерді меншіктенудің араласуы нәтижесінде ғана өнім өзінің шығын бағасына қарағанда артық бағамен, өзінің құны бойынша сатылады.

«Жерді пайдаланғаны үшін төленетін баға ретінде қарастырылып отырған жер рентасы, әлбетте, монополиялық баға болып табылады» (302-бет) [Орысша аудармасы, I том, 131-бет].

Бұл шынында да жерді меншіктену монополиясы ғана төлеуге мәжбүр ететін және, осы жағынан монополиялық баға бола отырып, өнеркәсіп өнімдерінің бағасынан ерекше болатын баға.

Капитал тұрғысынан алып қарағанда — ал капитал өндірісте үстемдік етеді — шығын бағасы өнімнің авансыланған шығыннан басқа, сондай-ақ орташа пайданы да өтеуін ғана талап етеді. Мұндай жағдайда өнім, — бұл жерден алынған немесе қандай болмасын басқа өнім болса да бәрі бір, —

«рынокқа түсуі» мүмкін. «Егер әдеттегі баға жеткілікті бағадан асып түссе, онда оның артығы, әлбетте, жер рентасына кетеді. Егер ол не бары жеткілікті баға ғана болып табылса, онда товар рынокқа түсуі мүмкін, бірақ жер меншікшісіне рента бере алмайды. Баға жеткілікті бағадан жоғары бола ма, жоқ па? Бұл сұранымға байланысты» (I том, 302—303-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 131-бет].

Мынадай сұраққа көшейік: Смиттің пікірі бойынша, рента бағаға жалақы мен пайдаға қарағанда өзгеше жолмен кіретіні неліктен? Әуелде Смит құнды жалақыға, пайда мен рентаға (егер

\* — жақсартылған жер үшін рента. Ред.



тұрақты капиталды жайына қалдырса) дұрыс бөлген. Бірақ ол ізінше-ақ қарама-қарсы жолға түсіп кетеді — ол құн мен «табиғи бағаны» (яғни товарлардың бәсеке анықтайтын орта бағасын немесе олардың шығын бағасын) теңдестіреді де, соңғысын жалақыдан, пайда мен рентадан құрайды.

«Бұл үш бөлік, сірә, тікелей немесе сайып келгенде бүкіл бағаны құрайтын болар» (I том, 101-бет) (I кітап, 6-тарау) [Орысша аудармасы, I том, 47-бет].

«Солай бола тұрса да неғұрлым дамыған қоғамдарда, аз мөлшерде болса да, бағасы екі бөлікке: жалақыға және капиталдан алынатын пайдаға ғана бөлінетін товарлар және, одан да аз мөлшерде болса да, бағасы тек қана жалақыдан тұратын товарлар әрқашан да кездесіп отырады. Теңізден ауланған балық бағасының бір бөлігі, мысалы, балықшылардың еңбегіне, ал екінші бөлігі балық аулау кәсіпшілігіне жұмсалған капиталдан алынған пайдаға төленеді. Рентаның бұл бағаның бөлігі [620] болуы сирек... Шотландияның кейбір жерлерінде теңіз жағалауынан халық арасында шотланд малта тастары деген атпен белгілі шұбар тастарды жинауды көсіп ететін кедейлер тұрады. Бұл тастар үшін оларға тас қырнаушы төлейтін баға тұтасымен кедейлердің еңбегі үшін төленетін ақйдан тұрады; оған рента да, пайда да кірмейді. Бірақ кез келген товардың бүкіл бағасы сайып келгенде әрқашан да осы бөліктердің қайсы біреуіне немесе бүкіл үш бөлігіне бөлінеді» (I том, 103—104-беттер) (I кітап, 6-тарау) [Орысша аудармасы, I том, 48—49-беттер].

Келтіріліп отырған жерлерде (және жалпы алғанда «товарлар бағасының құрамдас бөліктері» туралы баяндайтын осы 6-шы тарауда) құнның жалақыға, және т. т. бөлінуі және бағаның жалақыдан, т. т. құралуды бытыстырылып жіберілген. (7-ші тарауда ғана «табиғи баға» және «рыноктық баға» туралы тұңғыш рет баяндалады.)

Бірінші кітаптың 1-ші, 2-ші және 3-ші тарауларында «еңбек бөлінісі» туралы, 4-ші тарауында ақша туралы баяндалады. Бұл тараулардағы сияқты, одан кейінгі тарауларда да құнға жолжонскей анықтама берілген. 5-ші тарауда товарлардың шын бағасы және олардың номиналды бағасы туралы, құнның бағаға айналуы туралы баяндалады. 6-шы тарау — «товарлар бағасының құрамдас бөліктері туралы». 7-ші тарау — табиғи баға мен рыноктық баға туралы. Соған соң 8-ші тарау — жалақы туралы. 9-шы тарау — капиталдан алынған пайда туралы. 10-шы тарау — жалақы және түрлі салаларда еңбек пен капитал жұмсаудан алынған пайда туралы. Ақырында 11-ші тарау — жер рентасы туралы.

Біз бұл арада ең алдымен мынаған назар аударғымыз келеді: әлгінде ғана келтірілген қағидаларға сәйкес, бағасы жалақының бір өзінен ғана тұратын товарлар, сондай-ақ бағасы жалақы мен пайдадан ғана тұратын басқа да товарлар және, ақырында, үшінші, бағасы жалақыдан, пайда мен рентадан тұратын товарлар болады. Сондықтан:

«Кез келген товардың бүкіл бағасы әрдайым... осы бөліктердің қайсы біреуіне немесе бүкіл үш бөлігіне бөлінеді».

Осыған сәйкес, демек, пайда мен жалақыға қарағанда рента бағаға басқаша кіреді деп айтуға негіз болмас еді; бірақ рента мен пайда жалақыға қарағанда бағаға өзгеше жолмен кіреді деп айту керек болар еді, өйткені жалақы әрдайым кіреді, ал рента мен пайда әрдайым кіре бермейді. *Бұл айырмашылық қайдан шығады?*

Одан әрі, Смит мына мәселені зерттеуге тиіс еді: *жалақы ғана кіретін азын-аулақ товарлардың өз құны бойынша сатылуы мүмкін бе? Немесе, шотланд жұмыр тастарын жинайтын әлгі кедейлер тас қырнаушылардың жалдама жұмысшылары болып табылмай ма, олар бұл кедейлерге әкелген товары үшін кәдімгі жалақыны ғана төлейді, яғни оларға тосыннан қарағанда түгелдей өздеріне тиесілі болып көрінетін бүкіл жұмыс күніне басқа салалардағы жұмысшы қанша алса, сонша ғана төлейді, ал бұл салаларда жұмыс күнінің бір бөлігі пайда құрайды ғой және бұл пайда оған емес, капиталистке түспей ме? Смит мұны не растауы керек еді, немесе, керісінше, бұл ретте пайда тек қана сыртқы көрінісі бойынша жалақыдан айырмашылығы жоқ бір нәрсе болып көрінеді деп мәлімдеуі керек еді. Ол өзі былай дейді:*

«Кірістің бұл әр алуан үш түрі әр түрлі адамдардың қолында болғанда оларды бір-бірінен оңай ажыратуға болады; ал олар бір адамның ғана қолында болғанда, оларды кейде бір-бірімен шатастырады, ең болмағанда ауызекі тілде шатастырады» (I том, 106-бет) (I кітап, 6-тарау) [Орысша аудармасы, I том, 50-бет].

Соның өзінде Смитте мәселенің жайы мынадай болып шығады:

Егер тәуелсіз қызметкер (жоғарыда әңгіме болған шотланд кедейлері сияқты) еңбекті ғана (бұл орайда капиталға мұқтаж болмай-ақ) пайдаланса, жалпы алғанда өзінің еңбегін ғана және табиғат берген элементтерді ғана пайдаланса,— онда баға өзінің бөлінуі кезінде бір ғана жалақыға келіп саяды. Егер қызметкер шағын капиталды да қолданса, онда ол бір өзі әрі жалақы алатын әрі пайда алатын адам болып шығады. Егер, ақырында, ол өз еңбегін, өз капиталын және өзінің жер меншігін пайдаланса, онда үшеуі бірдей — жер меншікшісі, арендатор және жұмысшы бір адам болып шығады.

{Смиттің мәселені қоюшының бүкіл қисынсыздығы I кітаптың 6-шы тарауындағы мынадай қорытынды сөйлемдерінен аңғарылады:

«Цивилизациялы елде бүкіл айырбас құны тек қана еңбектен шығатын» (бұл арада еңбек пен жалақы теңгеріліп отыр) «товарлар тек өте аз кездеседі және товарлардың басым көпшілік бөлігінің айырбас құнына елеулі түрде рента мен пайда кіреді, сондықтан бұл елдегі еңбектің жылдығы өнімі» (бұл арада олай болса, «бұл өнімнің бүкіл құны тек қана еңбектен пайда болмаса» да товарлар қалай болғанда да еңбек өніміне теселді) «бұл өнімді өсіру, өңдеу және рынокқа жеткізу үшін жұмсауға

қажет болған еңбекке қарағанда әлдеқайда артық еңбек мөлшерін сатып алуға әрі өз қарауына алуға әрдайым жеткілікті болады» (сонда, I том, 108—109-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 50—51-беттер].

Сонда еңбек өнімі осы өнімнің құнына теңелмейтін болып шығады. Одан да гөрі (Смиттің ойын осылайша түсінуге болады), бұл құн пайда мен рентадың қосылуы арқылы *арттырылған*. Сондықтан еңбек өнімі өз қарауына еңбектің мол мөлшерін ала алады, сатып ала алады, яғни ол еңбек түрінде өнімге сіңірілген еңбек мөлшерін құрайтын құнға қарағанда көп құнды сатып ала алады. Егер ол былай тұжырымдалған болса, бұл қағида дұрыс болар еді:

[621] *Смит былай дейді:*

*Оның өз көзқарасы тұрғысынан былай деу керек еді:*

«Цивилизациялы елде бүкіл айырбас құны тек қана еңбектен шығатын товарлар тек өте аз кездеседі және товарлардың басым көпшілік бөлігінің айырбас құнына едәуір үлес болып рента мен пайда кіреді, сондықтан бұл елдегі еңбектің жылдық өнімі бұл өнімді өсіру, өңдеу және рынокқа жеткізу үшін жұмсауға қажет болған еңбекке қарағанда әлдеқайда артық еңбек мөлшерін сатып алуға әрі өз қарауына алуға әрдайым жеткілікті болады».

«Цивилизациялы елде бүкіл айырбас құны, оны бөлген кезде, тек қана жалақыға келіп тірелетін товарлар тек өте аз кездеседі және товарлардың басым көпшілік бөлігінде олардың құнының едәуір үлесі рента мен пайдадан тұрады, сондықтан бұл елдегі еңбектің жылдық өнімі бұл өнімді өсіру, өңдеу және рынокқа жеткізу кезінде төлеуге қажет болатын (демек, тұтынуға да) еңбек мөлшеріне қарағанда әлдеқайда артық еңбек мөлшерін сатып алуға және өз қарауына алуға әрдайым жеткілікті болады».

(Смит бұл арада құн туралы өзінің екінші түсінігіне қайта оралады; соңғысы жөнінде ол осы тарауда-ақ былай дейді:

«Мынаны есте ұстау керек: бағаның әр түрлі құрамдас бөліктерінің бәрінің шын құны әрқайсысы сатып ала алатын немесе өз қарауына ала алатын еңбектің мөлшерімен өлшенеді. Еңбек» (осы мағынада алғанда) «бағаның еңбекке келіп саятын бөлігінің ғана құнын өлшеп қоймайды» (жалақыға деу керек), «сонымен бірге оның рентаға келіп саятын бөлігін де, пайдаға келіп саятын бөлігін де өлшейді» (I том, I кітап, 6-тарау, 100-бет) [Орысша аудармасы, I том, 47-бет].

6-шы тарауда «құнның жалақыға, пайда мен рентаға бөлінуі» әлі басымырақ айтылған. Табиғи баға мен рыноктық баға туралы баяндайтын 7-ші тарауда ғана бағаның осы негізгі элементтерден құралатындығы туралы көзқарас басым болып шығады).

Сөйтіп: еңбектің жылдық өнімінің айырбас құны осы өнімді өндіруде қолданылған еңбекке төленетін жалақыдан ғана емес, сондай-ақ пайда мен рентадан тұрады. Бірақ бұл еңбекке *билік ету*, немесе оны сатып алу құнның жалақыға келіп саятын бөлігі арқылы ғана жүзеге асырылады. Сонымен, егер пайда мен рентадың бір бөлігі еңбекті өз қарауына алу үшін немесе сатып алу

үшін қолданылса, яғни егер бұл бөлік жалақыға айналдырылса, еңбектің анағұрлым көп массасын іске қосуға болар еді. Сонда, демек, былай болып шығады: еңбектің жылдық өнімінің айыр-бас құны ақы төленген еңбекке (жалақыға) және ақы төленбеген еңбекке (пайда мен рентаға) бөлінеді. Егер енді құнның ақы төленбеген еңбекке келіп саятын бөлігінің қайсыбір мөлшерін жалақыға айналдырса, онда еңбекті жаңадан сатып алу үшін бұл құнның жалақыдан тұратын бөлігі ғана арналатын реттегіге қарағанда, еңбектің көп мөлшерін сатып алуға болады.}

Енді өз пәнімізге оралайық.

«Материалдар сатып алуға және өз өнімін рынокқа шығара алатын кезге дейін тіршілік етуге жететін шағын капиталы бар тәуелсіз қызметкер өз қожайынының қол астында жұмыс істейтін күндікшінің жалақысын да, қожайын күндікшінің еңбегінен алатын пайданы да қатарынан алады. Соған қарамастан бұл қызметкердің табысының жиынтығы пайда деп аталады, сөйтіп жалақы бұл арада пайдамен шатастырылады. Өз бақшасын өз қолымен өңдейтін бағбан әр түрлі үш адамның — жер меншікшісінің, арендатордың және жұмысшының ісін атқарады. Сондықтан оның бауынан алынған өнім оған біріншісінің рентасын, екіншісінің пайдасын және үшіншісінің жалақысын өтеуге тиіс. Соған қарамастан осының барлығы әдетте оның еңбегінің өнімі ретінде қаралады. Рента сияқты, пайда да бұл арада жалақымен шатастырылады» (I том, I кітап, 6-тарау, 108-бет) [Орысша аудармасы, I том, 50-бет].

Смитте бұл арада, шынында да, барлық түсініктер шатастырылған. «Осының барлығы» «оның еңбегінің өнімі» емес пе екен? Еңбекті өзінің объективті жағдайынан айыра отырып, жұмысшы, капиталист және жер меншікшісі әр басқа үш адам ретінде біріне-бірі қарсы тұратын капиталистік өндірістің қатынастары бұл арада, керісінше, осы бағбанның басына көшпей ме, ал оның еңбегінің өнімі немесе, дұрысын айтқанда, бұл өнімнің құнының бір бөлігі оның еңбегіне төленетін ақы қызметін атқаратын жалақы ретінде, бір бөлігі қолданылған капиталдан алынатын пайда ретінде және бір бөлігі жердің немесе, дұрысын айтқанда, жер меншікшісінің үлесіне тиетін рента ретінде қарастырылады емес пе? Капиталистік өндіріс шеңберінде аталған элементтер (іс жүзінде) бірінен-бірі ажырамаған мұндай еңбек қатынастары үшін де оларды бірінен-бірі ажыраған деп ойлау, сөйтіп бұл бағбанды *in una persona* \* болып біріккен өз қарауындағы күндікші [622] және өз жер меншікшісі деп қарау әбден дұрыс. Бірақ бұл арада Смитте тұрпайы түсініктің сыналап кіріп кететіні айқын, оның пікірінше, жалақы еңбектен, ал пайда мен рента — жұмысшының еңбегіне тәуелсіз — өзгөнің еңбегін емес, байлықтың өзін иемдену келіп шығатын дербес кездер сияқты капитал мен жерден пайда болады-мыс. Смитте мейлінше терең көзқарастар мейлінше қисынсыз түсініктермен осылайша таңданарлықтай астасып жатады, ал мұндай түсініктер бәсекенің жекелеген құбылыстарына абстрак-

\* --- бір адам. *Ред.*

циялау жолымен жармаса кететін тұрпайы ұғынушылықтан туындайды.

Смит әуелі құнды жалақыға, пайда мен рентаға бөлгеннен кейін, ол, сонан соң, керісінше, құннан тәуелсіз анықталатын жалақыдан, пайда мен рентадан құн құрастырады. Осылайша пайда мен рентаның шығуы жөніндегі өзінің дұрыс тұжырымдарын ұмытып, Смит енді былай деуі мүмкін:

«Жалақы, пайда мен рента кез келген айырбас құны сияқты, кез келген кірістің де бастапқы үш қайнар көзі болып табылады» (1 том, 105-бет) (1 кітап, 6-тарау) [Орысша аудармасы, 1 том, 49-бет].

Өзінің дәлелдеуіне сәйкес ол былай деуге тиіс еді:

«Товардың құны осы товарда болатын еңбектен (еңбек мөлшерінен) ғана шығады. Бұл құн жалақыға, пайда мен рентаға бөлінеді. Жалақы, пайда мен рента жалдама жұмысшы, капиталист пен жер меншікшісі жұмысшының еңбегімен жасалған құннан өз үлестерін алатын алғашқы формалар болып табылады. Бұл мағынада алғанда жалақы, пайда мен рента қандай табыстың болса да алғашқы үш қайнар көзі болып саналады, осы қайнар көзі дейтіндердің ешқайсысы да құн жасауға қатыспайтын болса да солай».

Келтіріліп отырған жерлерден біз «товарлар бағасының құрамдас бөліктері» туралы баяндайтын 6-шы тарауда Смиттің өндіріске еңбек (тікелей еңбек) қана кіргенде, бағаны жалақыға әкеп саятынын, тәуелсіз қызметкерлердің орнына капиталистке жұмыс істейтін күндікші болғанда (яғни капитал бар болғанда) оны жалақы мен пайдаға жіктейтінін және, ақырында — капитал мен еңбектен басқа өндіріске «жер» кіргенде жалақыға, пайда мен рентаға жіктейтінін көреміз; алайда соның өзінде жер меншікке айналады деп алдын ала айтылады, яғни жұмысшымен және капиталиспен бірге жер меншікшісі де бар деп ұғынылады (дөгенмен Смит осы ерекше үш тұлғаның бәрі — немесе олардың екеуі — бір адам болып шығуы мүмкін деп ескертеді).

Ал табиғи баға мен рыноктық баға туралы баяндайтын 7-ші тарауда рента, нақ жалақы мен пайда сияқты, табиғи бағаның (өндіріске жер қатысқан ретте) негізгі бөлігі ретінде көрсетілген.

Мына тұстар осының дәлелі болып табылады (1 кітап, 7-тарау):

«Товардың бағасы өздерінің табиғи нормалары бойынша жер рента-сы н да, жалақыны да, товарды өндіруге, оны өңдеуге және рынокқа жеткізуге пайдаланылған капиталдан алынған пайданы да төлеуге қажеттісінен артық та, кем де емес болғанда, мұндайда бұл товар оның табиғи бағасы деп атауға болатын баға бойынша сатылады. Товар онда қанша тұрса, дәл соншаға сатылады» (1 том, 111-бет) [Орысша аудармасы, 1 том, 52-бет]. (Бұл арада сонымен бірге «табиғи баға» товардың құнымен теңдес деп жарияланып отыр).

«Әрбір жеке товардың *рыноктық бағасы* белгілі бір кезде бұл товардың рыноктағы бар мөлшерінің және оның *табиғи бағасын* немесе *рентаның толық құнын*, *товардың рынокқа түсуі үшін төлеуге тиіс* пайда мен жалақыны төлеуге әзір тұрғандар тарапынан сол товарға деген сұранымның арасындағы арақатынаспен анықталады» (I том, 112-бет) [Орысша аудармасы, I том, 53-бет].

«Егер рынокқа түскен қайсыбір товардың мөлшері оған деген нақты сұранымнан *артта қалса*, онда бұл товардың рынокқа түсуі үшін қажетті *рентаның толық құнын*, жалақы мен пайданы төлеуге әзір тұрғандардың барлығы бұл товардың өздеріне қажет мөлшерін алуы мүмкін емес... Мұндайда рыноктық бағаның табиғи бағадан аз не көп шамада асып түсуі мынаған байланысты: бұл товардың *тапшылығының* шамасы, не бәсекелестердің *байлығы*, немесе олардың құлықтары өздерінің арасындағы бәсекені қаншалық күшейтетініне байланысты болады» (I том, 113-бет) [Орысша аудармасы, I том, 53-бет].

«Егер рынокқа түскен товардың мөлшері оған деген нақты сұранымнан асып кетсе, онда оның рынокқа түсуі үшін қажетті рентаның, жалақы мен пайданың толық құнын төлеуге әзір тұрғандарға бұл мөлшердің бәрі бірдей сатылмауы мүмкін... Онда рыноктық бағаның *табиғи бағадан* аз не көп шамада құлдырауы қолда бар артық товардың сатушылар арасындағы бәсекені қаншалықты күшейтетініне байланысты немесе өз товарын қолдан дереу өткізудің олар үшін қаншалықты маңызды екендігіне байланысты болады» (I том, 114-бет) [Орысша аудармасы, I том, 53—54-беттер].

«Егер рынокқа түскен мөлшері нақты сұранымды қанағаттандыруға дәлме-дәл жеткілікті болса, онда *рыноктық баға*, әрине, *табиғи бағаға*... дәлме-дәл сәйкес келетін болады... Түрлі сатушылар арасындағы бәсеке оларды бұл бағаны қабылдауға мәжбүр етеді, бірақ ол сатушыларды неғұрлым төмен бағаны қабылдауға мәжбүр етпейді» (I том, 114—115-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

[623] Смиттің айтуынша, жер меншікшісі рыноктың жағдайы салдарынан оның рентасы өзінің табиғи нормасынан төмен түссе немесе жоғары көтерілсе, *өз жерін* өндірістен шығарып алады немесе бір товар (мысалы, бидай) өндіруден *екіншісін* өндіруге (мысалы, жайылым шаруашылығына) ауысады [немесе, керісінше, өз товарын өндіруді ұлғайтады].

«Егер бұл» (рынокқа түскен) «мөлшері біршама уақыт бойы нақты сұранымнан артық болып тұрса, онда товар бағасының қайсыбір құрамдас бөлігі өзінің *табиғи нормасынан* төмен төлеуі тиіс. *Егер рента осындай жағдайда болса*, онда жер меншікшілерінің мүдделері оларды *бұл өндірістен өз жерінің бір бөлігін дереу алып қоюға* итермелейді» (I том, 115-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

«Егер, керісінше, рынокқа түскен товардың мөлшері біршама уақыт бойы *«нақты сұранымнан артта қалса*, онда товар бағасының қайсыбір құрамдас бөлігі өзінің *табиғи нормасынан* жоғары көтерілмей қоймайды. *Егер рента осындай жағдайда болса*, онда барлық қалған жер меншікшілерінің мүдделері, әлбетте, бұл товарды өндіру үшін оларды көбірек жер көлемін пайдалануға итермелейді» (I том, 116-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

«Товардың *рыноктық бағасының* кездейсоқ және уақытша ауытқулары негізінен оның бағасының жалақы мен пайдаға келіп саятын бөліктеріне әсер етеді. Бағаның рентаға келіп саятын бөлігінен бұл азырақ дәрежеде байқалады» (I том, 118—119-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 55-бет].

«*Монополиялық баға* барлық жағдайларда әйтеуір алынуы мүмкін ең жоғары баға болып табылады. Керісінше, *табиғи баға*, немесе еркін бәсеке-

нің нәтижесінде белгіленетін баға, рас, кез келген кезеңде емес, бірақ бір-шама ұзақ уақыт ішінде келісуге болатын, ең төмен баға болып табылады» (I том, 124-бет) [Орысша аудармасы, I том, 58-бет].

«Жеке бір товардың *рыноктық бағасы* ұзақ уақыт бойы *табиғи бағадан* жоғары қалпында тұра алатын болғанымен, бәрі бір ол ұзақ уақыт бойы соңғысынан төмен тұрады деп айту қиын. Бұл бағаның қай бөлігі болмасын өзінің *табиғи нормасынан төмен төленсе де*, мүдделеріне мұның өзі әсер еткен адамдар өздері тартқан зиянды көп кешікпей байқар еді де, өндірістің сол саласынан сонша жерді немесе еңбекті, немесе капиталды *дереу айырып алар еді*, сөйтіп бұл товарлардың рынокқа түсетін мөлшері көп кешікпей нақты сұранымды қанағаттандыру үшін ғана жеткілікті болып шығар еді. Демек, бұл товардың *рыноктық бағасы* көп кешікпей өзінің *табиғи бағасының* деңгейіне дейін көтеріледі; ең болмағанда мұның өзі толық еркіндік үстемдік ететін жерде болады» (I том, 125-бет) [Орысша аудармасы, I том, 58-бет].

7-ші тарауда мәселені осылайша баяндаудан кейін, «*Жер рентасы туралы*» 11-ші тарауда (I кітап) Смиттің меншікке айналған жер өндіріске кіргенде рента бағаға әрдайым ене бермейді деп тұжырымдағанда нені негізге алатынын түсіну қиын; рентаның бағаға қандай әдіспен енетіндігі мен оған пайда мен жалақының қандай әдіспен енетіндігі арасындағы айырмашылықты Смиттің қалай жасай алатынын,— оның 6-шы және 7-ші тарауларда рентаны, нақ сол сияқты пайда мен жалақыны, «*табиғи бағаның*» негізгі бөлігі түрінде көрсеткенінен кейін,— түсіну өте қиын. Бірақ 11-тарауға (I кітаптың) оралайық.

Біз 6-шы және 7-ші тарауларда рентаның капиталист (арендатор) авансылаған шығын мен орта пайда төленгеннен кейін өнім бағасынан ауысып қалатын артығы деп анықталатынын көрдік.

11-ші тарауда Смит бәрін түгелдей астан-кестен етеді. Рента өнді *табиғи бағаға* енбейді. Немесе, дұрысын айтқанда, А. Смит бұл арада, әдеттегідей, *табиғи бағадан айырмашылығы бар әдеттегі бағаға* жүгінеді, бірақ біз 7-ші тарауда әдеттегі баға аздықөпті ұзақ уақыт бойы *табиғи бағадан* еш уақытта *төмен* болып тұрмайды және ұзақ уақыт бойы *табиғи бағаның* қайсыбір негізгі бөлігін оның *табиғи нормасынан* төмен еш уақытта төлей алмайды, ал өнді мұның өзі рента жөнінде айтылып отырғанда оны мүлде төлемей қала алмайды дегенді есіткенбіз. Сондай-ақ өнім рентаны төлемей тұрған кезде *өз құнынан төмен* сатыла ма, немесе ол рентаны төлеп тұрған кезде *өз құнынан жоғары* сатыла ма, Смит бұл туралы да бізге ештеңе айтпайды.

Бұрын товардың *табиғи бағасын анықтайтын мыналар еді:*

«*товар рынокқа түсуі үшін төленуге тиіс рентаның, пайда мен жалақының толық құны*» (I том, 112-бет) [Орысша аудармасы, I том, 53-бет].

Енді біз мынаны естиміз:

«Әдетте рынокқа жердің мынадай өнімдері ғана: өздерінің әдеттегі бағасы оларды рынокқа түсіру үшін қолданылған капиталға әдеттегі пайда келтіре отырып, ол капиталдың орнын толтыруға жеткілікті болатын өнімдері ғана түсе алады» (302—303-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 131-бет].

Демек, *әдеттегі баға* дегеніміз табиғи баға емес және товардың рынокқа түсуі үшін оның *табиғи бағасын* төлеудің қажеті жоқ.

[624] Бұрын біз *әдеттегі баға* (7-ші тарауда *рыноктық баға* делінген) *бүкіл рентаны* (рентаның және т. т. толық құнын) төлеу үшін жеткіліксіз болғанда, *рыноктық баға табиғи бағаның* деңгейіне дейін көтерілмейінше және *бүкіл рентаны* төлемейінше, жер өндірістен алынып қояды дегенді естігенбіз. Енді, керісінше, біз мынаны естіп отырмыз:

«Егер *әдеттегі баға жеткілікті болатын бағадан асып тұрса* (капиталдың орнын толтыру және осы капиталдан алынатын өдеттегі пайданы төлеу үшін), «онда оның *артығы*, әлбетте, жер рентасына кетеді. Егер ол не бары жеткілікті ғана болса, онда *товардың рынокқа түсуі әбден мүмкін*, бірақ ол жер меншікшісіне рента бере алмайды. Баға жеткілікті бағадан жоғары бола ма немесе болмай ма? Бұл сұранымға байланысты болады» (I том, 303-бет) (I кітап, 11-тарау) [Орысша аудармасы, I том, 131-бет].

*Табиғи бағаның* негізгі бөлігінен рента кенеттен *жеткілікті бағаның* артығына айналады, ал бұл артығының болу-болмауы сұранымның жағдайына байланысты. Бірақ *жеткілікті баға* дегеніміз товардың рынокқа түсуі үшін, демек, оның өндірілуі үшін қажетті баға, яғни бұл — товардың *өндірілу бағасы* [*Produktionsspreis*]. Өйткені товардың жалпы өндірілуі, товар ретінде рынокта пайда болуы үшін қажет болатын, товарды ұсынудың қажетті шарты болып табылатын баға, әрине, оны *өндіру бағасы*, немесе *шығын бағасы* болып табылады. Бұл оның бар болуының *sine qua non* \*. Екінші жағынан, жердің кейбір өнімдеріне деген сұраным әрдайым қалайда мынадай болып шығады: олардың *әдеттегі бағасы* өндіріс бағасынан артық шама береді, демек, рента береді. Жердің басқа өнімдері жөніндегі сұраным осындай болуы да, басқаша болуы да мүмкін.

«Жер өнімдерінің кейбір бөлігіне деген сұраным әрдайым қалай да мынадай болады: олар өздерінің рынокқа түсуі үшін жеткілікті бағадан асып түсетін баға бойынша сатылады. Жердің басқа да мынадай өнімдері болады: оларға деген сұраным бұл өнімдер үшін *жеткілікті бағадан асып түсетіндей баға* беруі мүмкін, бірақ олар үшін мұндай баға бермейтін болуы да мүмкін. Алғашқылары жер меншікшісіне әрдайым рента беруге тиіс, соңғылары түрлі жағдайларға байланысты кейде рента береді, ал кейде бермейді» (I том, 303-бет) [Орысша аудармасы, I том, 131-бет].

Сөйтіп, *табиғи бағаның* орнына біз бұл арада *жеткілікті бағаны* көріп отырмыз. *Әдеттегі баға* осы *жеткілікті бағадан* айналып келгенде тағы да ерекше болады. *Әдеттегі баға рентаны қамти-*

\* — қажетті, міндетті шарты. *Ред.*



тын болса, жеткілікті бағадан асып кетеді. Әдеттегі баға өзіне рента қамтымаса, жеткілікті бағаға тең болады. Ал жеткілікті бағаға тіпті оның рента қамтымауы тән болады. Егер әдеттегі баға капиталдың орнып ғана толтырып, орта пайданы өтемесе, жеткілікті бағадан төмен болып қалады. Демек, жеткілікті баға іс жүзінде өндіріс бағасы немесе шығын бағасы болып табылады, ол Рикардо абстракциялау жолымен А. Смиттің ілімінен алған және капиталистік өндіріс тұрғысынан алғанда қолданылатын түрде болады, яғни бұл — капиталист авансылаған шығынның үстіне орта пайданы төлейтін баға; бұл капитал жұмсалатын әр түрлі сфераларда капиталистер арасындағы бәсеке тудыратын орта баға. Бәсекенің жекелеген құбылыстарын нақ абстракциялау Смитті мынадай пікірге әкеледі: Смит табиғи бағаны баяндағанда көрісінше, азды-көпті ұзақ кезең үшін табиғи бағаның негізгі бөліктері — рента, пайда, жалақыны өтейтін сол әдеттегі баға ғана табиғи баға деп жарияланғанымен, ол өзі ұсынып отырған табиғи бағаға жеткілікті бағаны қарама-қарсы қояды. Товарлар өндіруді капиталист басқаратындықтан, капиталистік өндіріс үшін жеткілікті, капитал тұрғысынан алып қарағанда жеткілікті баға жеткілікті баға болып табылады, ал капитал үшін жеткілікті бұл бағаға рента қосылмайды, керісінше, одан шығарылып тасталады.

Екінші жағынан: алайда, бұл жеткілікті баға жердің кейбір өнімдері үшін жеткіліксіз болып шығады екен. Бұл соңғылары үшін әдеттегі баға «жеткілікті бағаға» қарағанда қайсыбір артығы болатындай, сөйтіп жер меншікшісіне рента беретіндей соншалықты жоғары болуға тиіс. Жердің басқа өнімдерінде мұның өзі жағдайға байланысты болады-мыс. Мына қайшылық: жеткілікті баға жеткіліксіз болып шығады, өнімнің рынокқа түсуі үшін жеткілікті баға өнімнің сонда түсуі үшін жеткіліксіз болып шығады деген қайшылық Смитті қымсындырмайды.

Смит 5-ші, 6-шы және 7-ші тарауларда өзі дамытқан нәрселерге бір минут та бұрылып қарамағанымен, ол осы «жеткілікті баға арқылы» (алайда, мұнда қайшылық жоқ, өзі күтпеген жерден келіп тірелген әйтеуір бір жаңалық бар деп қарай отырып) өзінің «табиғи баға» туралы бүкіл ілімін төңкеріп тастағанын қалай дегенмен ұғынады.

«Ендеше былай деген жөн» (осындай өте аңғал формада Смит бір тұжырымнан тікелей қарама-қарсы тұжырымға ауысады) «жалақы мен пайдаға қарағанда рента товарлар бағасының құрамына өзгеше жағдайда кіреді. Жалақы мен пайданың жоғары немесе төмен деңгейде болуы товарлар бағасының [625] жоғары немесе төмен болуының себебі болып табылады; ал рента ның жоғары немесе төмен деңгейде болуы осы бағаның нәтижесі болып табылады. Товардың рынокқа түсуі үшін жоғары немесе төмен жалақы мен пайда төлеу қажеттігінің себебінен жеке бір товардың бағасы жоғары немесе төмен болады. Бірақ товар жоғары немесе төмен рента ретінде төленуі мүмкін артық баға

әкеледі немесе товардың бағасы жоғары не төмен болуына қарай, бұл бағаның осы жалақылар мен пайдаларды төлеу үшін жеткілікті бағадан едәуір көп, немесе болмашы асып түсуіне, немесе мүлдем асып түспеуіне қарай, рента төлеу үшін товар артық ештеңе әкелмейді» (I том, 303—304-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 131—132-беттер].

Ең алдымен қорытынды сөйлемге көңіл аударайық. *Жеткілікті баға, жалақы мен пайданы ғана өтейтін шығын бағасы рента ны болдырмайтын* болып шығады. Егер өнім *жеткілікті бағадан едәуір асып түсетін* баға бойынша сатылса, онда ол жоғары рента төлейді. Егер ол жеткілікті бағадан шамалы ғана асатын баға бойынша сатылса, онда ол азғана рентаны төлейді. Егер өнім *нақ сол жеткілікті баға бойынша* сатылса, ол ешқандай да рента әпермейді. Егер өнімнің нақты бағасы пайда мен жалақыны өтейтін өзінің *жеткілікті бағасымен* сәйкес келсе, онда ол ешқандай рента төлемейді. Рента әрдайым жеткілікті бағадан артық шама болып табылады. Жеткілікті баға өзінің табиғаты бойынша рентаны жоққа шығарады. Бұл — *Рикардоның теориясы*. Рикардо *жеткілікті баға, шығын бағасы идеясын* А. Смитпен алады; ол жеткілікті баға мен табиғи баға арасындағы айырмашылық бар дейтін А. Смиттің тұжырымының дәйексіздігінен қашып, жеткілікті баға идеясын дәйекті түрде жүргізеді. Смиттің бүкіл аталған дәйексіздікке жол бере отырып, дәйексіз болып қала беретіндігі соншалық, жердің кейбір өнімдері үшін олардың *жеткілікті бағасынан асып түсетін* баға болуын талап етеді. Бірақ бұл дәйексіздіктің өзі қалай болғанда да қайсыбір *неғұрлым дұрыс* «байқаулардың»\* нәтижесі болып табылады.

Алайда келтіріліп отырған үзіндінің басталуы өзінің аңғалдығымен шынында да қайран қалдырады. 7-ші тарауда Смит рента, пайда мен жалақы *табиғи бағаның құрамына* бірдей мөлшерде кіреді деп дәлелдеген болатын, — *құнды* рентаға, пайда мен жалақыға *жіктегеннен кейін барып* ол құнды рентаның, пайда мен жалақының табиғи бағасының қосындысына өрескел түрде айналдырып жібереді. Енді ол рента *«товарлар бағасының құрамына»* пайда мен жалақыға қарағанда *өзгеше* болып кіреді дейді. Бірақ рента *баға құрамына басқаша* әдіспен кіргенде бұл әдістің мәні неде? Баға құрамына рентаның *тіпті де кірмейтіндігінде*. Бұл арада біз «жеткілікті баға» дегенді нағыз түсіндіруді алғаш рет көріп отырмыз. *Товарлар бағасының* қымбат немесе арзан, жоғары немесе төмен болуының себебі жалақы мен пайданың — осы соңғыларының табиғи нормасының — жоғары немесе төмен болуынан. Егер осы жоғары немесе төмен пайда мен жалақы төленбесе товар рынокқа түспейді, өндірілмейді. Олар товардың *өндірілу*

\* Сөз ойнақылығы: «observation» «байқау» дегенді де, «ескерту» дегенді де білдіреді: осы арқылы Маркс Смитте талқыланатын түс содан басталатын мына сөздерді түспалдайды. «Демек, былай деп ескерткен жөн» («Il faut donc observer»). Ред.

бағасын, оған жұмсалған шығын бағасын құрайды; демек, олар шынында да оның құнының пемесе бағасының негізгі элементтері болып табылады. Керісінше, рента шығын бағасына, өндіріс бағасына кірмейді. Рента товардың айырбас құнының негізгі элементі емес. Ол товардың әдеттегі бағасы оның жеткілікті бағасынан асып түскенде ғана төленеді. Пайда мен жалақы бағаның негізгі элементтері ретінде бағаның себебі болып табылады; рента керісінше, бағаның нәтижесі ғана, оның салдары ғана болып табылады. Ендеше, рентаның пайда мен жалақыдан айырмашылығы — ол элемент ретінде бағаның құрамына кірмейді. Мұның өзі, Смитше айтқанда, рента пайда мен жалақыға қарағанда бағаның құрамына өзгеше жолмен кіретінін білдіреді. Смит, сірә, «табиғи баға» туралы өзінің бүкіл ілімін төңкеріп тастағанын мүлде аңғармайды. Өйткені онда «табиғи баға» нені білдіретін еді? Ол рыноктағы баға соған ойысатып нүктені, егер өнім біршама ұзақ уақыт бойы рынокқа түсіп тұруы, өндірілуі тиіс болғанда одан төмен бағамен сатыла алмайтын «жеткілікті бағаны» білдіреді.

Сонымен, рента енді «табиғи бағадан» артық шама ретінде қаралады, ал бұрын ол «табиғи бағаның» негізгі элементі ретінде қаралып келген еді; енді ол бағаның салдары деп жарияланды, бұрын ол оның себебі деп жарияланған еді.

Керісінше, жердің белгілі бір өнімдері үшін рыноктың жағдайы әрдайым былайша болады: олардың әдеттегі бағасы жеткілікті бағасынан асып түсуге тиіс, басқаша сөзбен айтқанда, былай болады: жер меншігі егер капиталист ешқандай да қарсы әрекет жасайтын ықпал кездестірмесе, ол үшін жеткілікті болуға тиіс деңгейден бағаны қымбаттата түсетін билікке ие болады деген Смиттің тұжырымында ешқандай қайшылық жоқ.

[626] Смит осылайша 5-ші, 6-шы және 7-ші тарауларда айтқандарының бәрін 11-ші тарауда төңкеріп тастағаннан кейін, ол жайбарақат қана былай деп жалғастырады: енді мен іске жақынырақ келіп кірісемін де, 1) әрдайым рента беретін жер өнімдерін, 2) рентаны кейде беріп, кейде бермейтін жер өнімдерін, ең соңында, 3) қоғам дамуының түрлі кезеңдерінде өнімдердің осы екі түрінің относителді құнында олардың біріне-бірінің қатынасындағы сияқты, олардың өнеркәсіп товарларына қатынасындағы сияқты өзгерістерді қарастырамын дейді.

## [2) ЕГІНШІЛІК ӨНІМІНЕ ДЕГЕН СҰРАНЫМНЫҢ ЕРЕКШЕ

### СИПАТЫ ТУРАЛЫ СМИТТІҢ ҚАҒИДАСЫ.

#### СМИТТІҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ФИЗИОКРАТИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТІ

*Бірінші бөлім: рента төлеу үшін әрдайым артық шама беретін өнімдер туралы.*

Смит халық санының өсуі теориясынан бастайды. Тамақ заттары әрдайым өзіне деген сұраным туғызады-мыс. Тамақ затта-

рының мөлшері өсе түскенде, тамақ заттарын тұтынушы адамдардың саны да өседі. Бұл товарларды ұсыну, демек, оларға деген сұранымды *тудырады*.

«Бүкіл басқа тіршілік иелері сияқты адамдар да *нақты бар тіршілік құралдарына сәйкес табиғи түрде көбейетіндіктен, тамақ заттарына көп немесе аз сұраным әрқашан болып тұрады*. Тамақ заттары өз қарамағына еңбектің мол немесе шағын мөлшерін әрдайым сатып алуы немесе алуы мүмкін және оларды алу үшін бірдеңе істеуге әзір кез келген біреу әрдайым табылады» (I том, 305-бет) (I кітап, 11-тарау) [Орысша аудармасы, I том, 132-бет].

«Міне сондықтан» {неліктен} «еңбектің белгілі бір түріне оны ұстау үшін қай уақыттағыдап да болсын қолайлы жағдай жасалса да, бұл тамақ заттарын рынокқа түсіруге қатысатын *бүкіл еңбекті ұстау үшін* керек болатын мөлшерге қарағанда *жер мүмкін болатын барлық жағдайларда да тамақ заттарын артық мөлшерде өндіреді*. Бұл тамақ заттарының *артығы* дәл осылайша *осы еңбекті қозғалысқа келтіретін капиталды пайдамен өтеу үшін* жеткілікті болатын мөлшерінен әрдайым асып түседі. Сондықтан бұл арада жер меншікшісіне рента төлеу үшін қандай да бір қалдық әрқашан да болып отырады» (сонда, 305—306-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 132-бет].

Мұның өзі тіпті *физиократиялық* тұрғыдан естіледі әрі мұнда осы ерекше товардың «бағасы» «жеткілікті бағадан» артық шаманы, яғни рентаны неге береді деген сұраққа дәлел де жоқ, түсіндіру де жоқ.

Мысал ретінде Смит сол сәтте-ақ *жайылымдар* мен *бос жатқан жерлерді келтіреді*. Сонан соң *дифференциалдық рента* туралы сөйлем келеді:

«Рента жердің өнімі қандай болса да, оның құнарлылығына байланысты және жердің құнарлылығы қандай болса да оның орналасқан жеріне байланысты өзгеріп отырады» (I том, 306-бет) [Орысша аудармасы, I том, 133-бет].

Бұл арада біз рента меп пайданың Смитте өнімнің *жұмысшыны in natura* \* қоректендіретін бөлігі шығарылып тасталғаннан кейін қалатын қарапайым *артық өнім* ретінде айтылатынын көреміз. (Бұл — нағыз физиократиялық көзқарас, ол шынына келгенде егіншілік үстем болған кезде адам тек қана дерлік егіншілік өнімдерімен тіршілік етеді және өнеркәсіптің, мануфактураның өзі табиғаттың *жергілікті өнімдерін* өңдеу үшін қолданылатын деревнядағы қосалқы еңбек ретінде көрінеді дегенге негізделеді.)

«Осы соңғы өнім \*\* еңбектің мол мөлшерін ұстауды қамтамасыз етуге тиіс, әрі, демек, *арендатордың пайдасы да, жер меншікшісінің рентасы да өзінен алынатын артық өнім тиісінше кемуге тиіс*» (I том, 307-бет) [Орысша аудармасы, I том, 133-бет].

\* — заттай, зат формасында. *Ред.*

\*\* — яғни рыноктан неғұрлым шалғайдағы учаскенің өнімі. *Ред.*

Сондықтан да бидай өсіру жайылым шаруашылығына қарағанда мол пайда беруге тиіс екен:

*«Бидай себілген, онша құнарлы емес егістік көлемі нақ сондай ең жақсы жайылымға қарағанда, адам үшін тамақ заттарын әлдеқайда мол мөлшерде өндіреді».*

(Олай болса бұл арада әңгіме баға туралы емес, қайта адамға арналған тамақ заттарының заттай формасындағы абсолютті массасы туралы болып отыр.

*«Егістікті өңдеу еңбектің көбірек мөлшерін талап еткенімен, алайда тұқым және бүкіл осы еңбекті ұстау жөніндегі шығын өтелгеннен кейін қалатын артық өнім анағұрлым көп болмақ».*

(Бидайға еңбек көп мөлшерде жұмсалатын болса да, алайда қоректік заттардың бидай себілген танап беретін — еңбектің өтелуінен тыс — артық шамасы мал өсіруге арналған жайылым беретін артық шамадан асып түседі. Және бұл артық шаманың құны да артық болатын себебі бидайға еңбек көп мөлшерде жұмсалатындығынан емес, қайта бидайдың осы артық шамасында қоректік заттардың көбірек болатындығынан.)

*«Сондықтан, егер біз бір қадақ ет бір қадақ наннан ешқашан да қымбат болған емес деп жорамалдасақ, онда бұл көбірек» (бидай үшін) «артық шама» [өйткені қандай болсын жер көлемі қадақтағанда етке қарағанда бидайды көп береді] «барлық жерде де көбірек құнды білдірер еді» [өйткені 1 қадақ астық 1 қадақ етке (құны бойынша) тең және дәл осы жер көлемінен жұмысшыларды қоректендіргеннен кейін қадақтағанда еттен гөрі астық көбірек қалады деп ұйғарылған] «сондықтан арендатордың пайдасы үшін де, жер меншікшісінің рента үшін де мейлінше мол қор құралар еді» (I том, 308—309-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 133—134-беттер].*

Табиғи бағаның орнына жеткілікті бағаны қойып және жеткілікті бағаның артық бөлігін рента деп санап, Смит содан соң бұл арада әңгіме жалпы алғанда баға туралы болып отырғанын ұмытып кетеді, сөйтіп рентаны егіншіліктен түсетін тамақ заттарының мөлшері мен егінші тұтыпатын тамақ заттары мөлшерінің арасындағы арақатынастан шығарады.

Іс жүзінде, — егер осы физиократиялық түсіндіру әдісін былай қоя тұрса, — Смит ең басты тамақ заты болып табылатын ауыл шаруашылық өнімінің бағасы пайдадан басқа рента да береді деп жорамалдайды. Ол одан әрі осыған сүйене отырып пайымдайды. Егіншілік мәдениетінің дамуына байланысты табиғи жайылымдардың көлемі мал шаруашылығы үшін, үй жануарларының етіне деген сұранымды қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болады. Бұл мақсат үшін өңделген жерді пайдалануға тура келеді. [627] Демек, еттің бағасы ол мал шаруашылығында қолданылған еңбекті төлейтін деңгейге ғана емес, сондай-ақ мынадай деңгейге де артуға тиіс:

«Бұл жер егістік ретінде пайдаланылып, арендатор мен жер меншікшісіне пайда мен рента әкелетін болуы керек. Мүлде өңделмейтін бос жерлерде өсірілген малдың — егер ол дәл сол рынокқа жеткізілсе, — тамаша өңделген жерде өсірілген мал сияқты, өзінің салмағы мен сапасына сәйкес бағасы болады. Мұндай бос жатқан жерлерді меншіктенушілер осыны пайдаланады да, сол жерлерде өсірілген малдың бағасына сәйкес өз жерлерінен алынатын рентаны арттырады».

(Бұл арада Смиттің дифференциалдық рентаны жеке құнан, рыноктағы құнның артығынан шығаруы дұрыс. Бірақ рыноктағы құн бұл ретте жақсы жерден нашар жерге көшу себебінен емес, құнарлылығы кемірек жерден неғұрлым құнарлы жерге көшу себебінен артады.)

«Сонымен, жер өңдеудегі прогреске байланысты табиғи жайылымдардан алынатын рента мен пайда белгілі бір дәрежеде өңделетін жерден алынатын рента мен пайда арқылы анықталады, ал осы соңғылары, өз кезегінде, астықты алқаптардан алынатын рента мен пайда арқылы анықталады» (I том, 310—311-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 134—135-беттер].

«Жергілікті артықшылықтар болмайтын жерлердің бәрінде... халық үшін негізгі тамақ заты болып саналатын астықпен немесе кез келген басқа өсімдік өнімімен келтірілетін рента мен пайда осы өнімді өсіруге жарамды, бірақ жайылым ретінде пайдаланылатын жерден алынатын рента мен пайданы табиғи түрде анықтауға тиіс.

Екпе шабындықтарды пайдалану, турнепс, сәбіз, капуста, т. т. өсіру және белгілі бір жер көлемінде табиғи жайылымдарда мүмкін болатынына қарағанда көбірек малды азықтандыру үшін қолданылатын барлық басқа амалдар, — міне осының бәрі, сірә, егіншілік дамыған елдерде табиғи түрде орын алған ет бағасының, нан бағасымен салыстырғанда, жоғары деңгейін біршама кемітуге жағдай жасайтын болса керек. Мұндай нәтижеге, сірә, бүкіл осы амалдар арқылы қол жетсе керек» және т. т. (315-бет) [Орысша аудармасы, I том, 136-бет].

*Мал шаруашылығындағы рента мен егіншіліктегі рентаның арасындағы арақатынасты* көрсетілген әдіспен анықтай отырып, Смит былай деп жалғастырады:

«Барлық ірі елдерде өңделетін жерлердің көбі адамдар үшін тамақ заттарын немесе малға арналған жемшөп өндіруге бөлінеді. Бұл жерлерден алынған рента мен пайда басқа барлық өңделетін жерлерден алынатын рента мен пайданы анықтайды. Егер қайсыбір жекелеген өнім оларды аз берсе, онда бұл өнім өсірілетін жер көп кешікпей астық өсіруге арналар еді немесе шабындық ретінде пайдаланылар еді, ал егер өнім рента мен пайданы көбірек берсе, онда астық өгілетін немесе шабындық ретінде пайдаланылатын жердің қайсыбір бөлігі көп кешікпей осы өнімді өсіруге берілер еді» (I том, 318-бет) [Орысша аудармасы, I том, 137-бет].

Одан әрі Смит жүзім шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы және т. б. туралы айтады.

«Жерді соларға арнап жарамды күйге келтіру үшін неғұрлым елеулі бастапқы шығынды, немесе жер өңдеу жөніндегі жыл сайын неғұрлым елеулі шығынды жұмсауды талап ететін бұл өндірістерде рента мен пайда астық пен шабындық шөбінен алынатын рента мен пайдадан екінші бірінде сдәуір асып түссе де, — алайда олар осы авансылардың немесе төтенше шығындардың орнын ғана толтыратын жағдайлардың бәрінде де олар шы-

нына келгенде егіншіліктің әдеттегі осы екі өнімінен алынатын рентадармен және пайдалармен анықталады» (I том, 323—324-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 140-бет].

Бұдан кейін Смит отарларда қапт құрағы мөн темекі өсіру туралы еске салады [сонан соң былай дейді:]

«Сонымен, адамдар үшін тамақ затын өндіретін өңделген жерлерден алынатын рента өңделетін басқа жерлердің көпшілігінен алынатын рента анықтайды» (I том, 331-бет) [Орысша аудармасы, I том, 143-бет]. «Еуропада бидай жердің негізгі өнімі болып табылады, ол адамның тікелей тағамы ретінде пайдаланылады. Сондықтан, ерекше кейбір жағдайларды есепке алмасақ, бидай өсірілетін жерлерден алынатын рента Еуропадағы басқа барлық өңделетін жерлерден алынатын рента анықтайды» (I том, 331—332-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 143-бет].

Осының ізінше Смит өзі қандай түрде айтса, сондай түрдегі физиократиялық теорияға, атап айтқанда — тамақ заттары өз тұтынушыларын өздері жасайды деген қағидаға қайтып оралады. Егер бидай дақылы ең дағдылы жерде, оны дәл солайша өңдегенде тамақ заттарын әлдеқайда мол мөлшерде беретін басқа дақылмен ауыстырылса,

«онда жер меншікшісінің рентасы немесе еңбекке ақы төлегеннен кейін және әдеттегі пайдамен арендатор капиталының орнын толтырғаннан кейін өзінде қалған тамақ заттарының артығы қалайда едәуір көп болады. Бұл елде еңбекке төленетін әдеттегі шығындар қандай болса да, тамақ заттарының осы мол артығы әрдайым еңбектің көбірек мөлшерін ұстауға мүмкіндік береді, демек, жер меншікшісіне өз қарамағына еңбектің көп мөлшерін сатып алуына немесе алуына мүмкіндік береді» (I том, 332-бет) [Орысша аудармасы, I том, 143—144-беттер].

*Мысал* ретінде Смит күрішті келтіреді.

«Каролинада, басқа да ағылшын отарларындағы сияқты, плантаторлар, әдетте, бір мезгілде әрі фермер, әрі жер меншікшісі де болып табылады, сөйтіп онда осының салдарынан рента пайдамен қосылып кетеді» (I том, 333-бет) [Орысша аудармасы, I том, 144-бет].

[628] Алайда күріш танабы

«астық өсіру үшін де, жайылым үшін де, жүзім шаруашылығы үшін де, адамға пайдалы қандай да болсын басқа өсімдікті өсіру үшін де жарамсыз, ал осындай әр түрлі дақылдар өсіруге жарамды жердің бәрі күріш дақылын өсіруге жарамды. Сондықтан күріш негізгі тағам болып табылатын елдердің өзінде де күріш өсірілетін жерлерден алынатын рента күріш дақылы үшін пайдаланылуы мүмкін емес басқа да өңделетін жерлерден алынатын рента анықтай алмайды» (I том, 334-бет) [Орысша аудармасы, I том, 144-бет].

*Екінші мысал* — картоп (Смиттің бұл көзқарасын Рикардоның сынауы жоғарыда келтірілген\*). Егер нанның орнына негізгі тамақ заты картоп болса,

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 354-бет. *Ред.*

«онда осының нәтижесінде өңделетін жердің дәл осы көлемі адамдардың әлдеқайда мол мөлшерін тамақтандырады еді; ал жұмысшылар, әдетте, картоппен тамақтанатындықтан, капиталдың орнын толтырғаннан кейін және картоп өсірумен шұғылданатын барлық жұмысшыны тамақтандырағаннан кейін әлдеқайда мол артық өнім қалар еді. Жер меншікшісіне де бұл артық өнімнің неғұрлым сдәуір үлесі тиер еді. Халықтың саны көбейіп, рента қазіргі деңгейінен әлдеқайда жоғары көтерілер еді» (I том, 335-бет) [Орысша аудармасы, I том, 145-бет].

Содан соң бидай наны, сұлы наны туралы және картоп туралы одан әрі аздаған ескертпелермен 11-ші тараудың бірінші бөлімі аяқталады.

Біз *әрдайым рента беретін* жер өнімдері туралы баяндайтын бұл бірінші бөлімді былайша қорытындылауға болатынын көреміз: негізгі өсімдік өнімінен алынатын рента күні бұрын белгілі деп *жорамалдағанда*, бұл арада оның мал шаруашылығындағы, жүзім шаруашылығындағы, бау-бақша шаруашылығындағы және т. т. рента қалай реттейтіні түсіндіріледі. Рентаның жоғарылығын — егер тағы да рента бар деп *жорамалдасақ* — жердің құнарлылығы мен оның орналасқан жері анықтайды деген жалпы сөйлемнен басқа бұл арада рентаның өзінің табиғаты туралы *ештеңе де айтылмаған*. Алайда мұның өзі ренталардың айырмашылығына ғана, олардың көлемінің айырмашылығына қатысты. Бірақ бұл арада қаралып отырған өнімнің *әрдайым рента беретіні* неліктен? Оның *әдеттегі бағасы* оның *жеткілікті бағасынан* *әрдайым асып түсетіні* неліктен? Смит бұл арада бағаны жадынан шығарып алады да, қайтадан физиократизмге салынады. Бірақ бұл арада оның барлық жерінде мынадай ой жатыр: егіншілік өніміне деген *сұранымның* әрқашан жоғары болатын себебі — бұл өнім өзіне деген сұранымды өзі туғызып, өз тұтынушыларын өзі жасайды. Бірақ тіпті осы жорамалдың өзінде-ақ сұранымның ұсынымнан асып кетуге тиіс болатыны әрі осы себепті бағаны жеткілікті бағадан *асыруға* тиіс болатыны неліктеп екені түсініксіз болып қалады. Алайда бұл арада пайда мен жалақы сияқты, рента да қосып алатын, әрі ұсыным мен сұраным біріне-бірі сәйкес келетін ретте төленетін *табиғи баға* туралы еске алу байқаусызда қайтадан ойға оралады:

«Егер рынокқа түскен молшер нақты сұраымды қанағаттандыруға дәлме-дәл жеткілікті болса, онда *рыноктық баға*, әрине, *табиғи бағаға*... дәлме-дәл сәйкес келетін болады» (I том, 114-бет) [Орысша аудармасы, I том, 54-бет].

Алайда, бір тән сипат, 11-ші тараудың бірінші бөлімінде Смит бұл көзқарасты еш жерде айтпайды. Өйткені 11-ші тараудың ең басында ол рента бағаның негізгі бөлігі ретінде оған кірмейді деген болатын. Қайшылық тым айқын болатын.



[3] ЖЕРДІҢ АЛУАН ТҮРЛІ ӨНІМДЕРІН ҰСЫНУ  
МЕН ОЛАРҒА ДЕГЕН СҰРАНЫМ АРАСЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАСТЫ  
СМИТТИҢ БАЯНДАУЫ.  
РЕНТА ТЕОРИЯСЫНА ДЕГЕН СМИТТИҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫ]

*Екінші бөлім: кейде рента беретін, ал кейде оны бермейтін өнімдер туралы.*

Осы бөлімде ғана рентаның жалпы табиғаты зерттеледі.

«Адамның тағамы, сірә, жер меншікшісіне қандай да болсын рентаны әрқашан және қажетті түрде беретін жердің бірден-бір өнімі болып табылады» (неге «әрқашан» және «қажетті түрде» болатыны көрсетілмеген). «Өнімдердің басқа түрлері, жағдайға байланысты, кейде рента беруі, ал кейде оны бермеуі де мүмкін» (I том, 337-бет) [Орысша аудармасы, I том, 146-бет].

«Тамақ заттарынан кейін адамның неғұрлым елеулі екі қажеті киім мен тұрғын үй болып табылады» (I том, 338-бет) [Орысша аудармасы, I том, 146-бет]. «Өзінің алғашқы және өңделмеген күйінде» жер «өзі асырай алатынынан» адамдардың көп мөлшеріне киім мен тұрғын үй үшін материалдар береді. «Бұл материалдардың» жер асырай алатын адамдардың санымен салыстырғанда, яғни халықпен салыстырғанда осындай көп болуы нәтижесінде бұл материалдардың «бағасы» аз болады немесе тіпті ешқандай да «бағасы» болмайды. Бұл «материалдардың» едәуір бөлігі пайдаланылмаған пайдасыз күйінде қалады, «ал олардың пайдаланатындарының бағасы бұларды тұтынуға жарамды ету үшін қажетті еңбек пен шығынның баламасы ретінде ғана қаралады». Бірақ бұл баға «жер меншікшісіне ешқандай рента» келтірмейді. Жер өңделген қалпына келгенде «ол асырай алатын» адамдардың саны, яғни халықтың саны осы жерден алынатын материалдардың массасынан, ең болмағанда, «бұл адамдар алғысы келетін әрі солар үшін төлеуге әзір материалдардың» массасынан асып кетеді. Бұл материалдардың біршама «тапшылығы» пайда болады, «ал мұның өзі олардың құнын арттырмай қоймайды». «Алуға болатын мөлшерге қарағанда олардың мол мөлшеріне деген сұраным жиі болып тұрады». Осыдан келіп бұларға «рынокқа түсуі үшін қажетті шығыннан» асып түсетін баға төленеді; сонымен, олардың бағасы жер меншікшісіне рента төлеу үшін әрдайым қайсыбір артық баға бере алады» (I том, 338—339-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 146-бет].

[629] Сөйтіп, Смит рентаны бұл арада жеткілікті баға бойынша алынуы мүмкін товар ұсынымынан асып түсетін сұраным арқылы түсіндіреді.

Алғашқыда «ең ірі жануарлардың» терілері мен былғары киімдік материал болды. Негізінен малдың еті мен сүтін тамақ қылып, аң аулайтын және мал бағатын халықтарда «әрбір адам өзіне тамақ табумен бірге киім үшін материал да табады, оның үстіне өзі киіп жүре алатынынан мол мөлшерде табады». Сыртқы сауда болмаса, олардың көбі керексіз нәрсе ретінде лақтырылып тасталар еді. Сыртқы сауда бұл артық материалдарға сұраным тудыра отырып, олардың бағасын «оларды рынокқа жеткізу жөніндегі шығыннан жоғары көтереді. Бұл баға, демек, жер меншікшісіне қайсыбір рента өнереді... Ағылшын жүні Фландрияға өткізілуінің арқасында бұл жүн алынған жерден алынатын рентаны біраз көтеріп жіберді» (I том, 339—340-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 146—147-беттер].

Сыртқы сауда бұл ретте ауыл шаруашылығының қосалқы өнімінің бағасын қымбаттатып жіберетіні соншалық, ол өндірілетін жер бірсыпыра рента беретін жағдайда болып шығады.

*«Құрылыс материалдары* киімге арналған материалдар тасымалданып үлкен қашықтыққа әрдайым тасымалдана бермейді және оның сыртқы сауда жасайтын затқа айналуы онша оңай емес. Егер оларды өндіретін елде бұлар *артық* өндірілетін болса, онда тіпті дүние жүзілік сауданың қазіргі жағдайында да *жер меншікшісі* үшін оның *ешқандай да құнының* болмауы жиі көзделеді». Мәселен тас қазу Лондонға жақын жерде рента бере алады, бірақ Шотландия мен Уэльстің көптеген жерлерінде ол рента бермейді. Құрылыс ағашына байланысты мәселе де осындай. Соңғысы «халқы жиі орналасқан әрі цивилизациялы елде» рента береді, бірақ «Солтүстік Американың көптеген аймақтарында» өндірілген жерінде шіріп жатыр. Бұдан құтылса меншікші өзін бақытты санар еді. «Егер құрылыс материалдары осындай мөлшерде болса, онда олардың іске жаратылатын бөлігінің құны бұл материалдарды іске жарату үшін қажет болатын еңбек пен шығынға ғана сәйкес келеді. Бұлар жер меншікшісіне ешқандай рента бермейді, ол әдетте бұл жөнінде еңбек өткісі келетін кез келген адамның оның пайдалануына рұқсат етеді. Алайда неғұрлым бай халықтар осы сияқты материалдарға *сұраным* білдіргенде, кейде жер меншікшісі олардан рента алуы мүмкін» (I том, 340—341-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 147-бет].

Белгілі бір елдің халқының сапы «сол елдің өнімі *киім мен тұрғын үйді қамтамасыз ете алатын* адамдардың санына емес, *сол елдің өнімі асырай алатын* адамдардың санына сәйкес болады. Тамақ өнімдерінің тапшылығы болмаған кезде, киім мен тұрғын үйге қажетті материалдарды табу қиын емес. Бірақ соңғылары қолда жиі болып тұрғанымен, тамақ заттарын тауып алуда елеулі қиыншылықтардың болуы мүмкін. Кейбір жерлерде, тіпті Ағылшын корольдігінде де бұл жерлерде үй деп аталатынды салу үшін бір адамның бір жұмыс күні жеткілікті... Жабайы және тағы халықтар өздеріне қажетті киім мен үйді тауып алуы үшін жылдық еңбектің  $\frac{1}{100}$  бөлігі жеткілікті. Жылдық еңбектің қалған  $\frac{99}{100}$  бөлігі оларға керекті тамақ табу үшін қажет болады. Ал егер жерді өңдеу мен жақсартудың арқасында *бір семьяның еңбегі екі семья үшін азық бере алатын болса*, онда қоғамның бір жартысының еңбегі бүкіл қоғамды асырауға жеткілікті болады. Онда екінші жартысы адамдардың басқадай қажеттері мен әуестіктерін қанағаттандыра алады. Бұл қажеттер мен әуестіктердің негізгі объектілері *киім, тұрғын үй, жиһаздар* және *үй мүлкі* деп аталатындар болып табылады». Тамаққа деген қажетсіну шектелулі. Жоғарыда аталған қажетсінулердің шегі жоқ. Тамақ заттары артығымен бар адамдар «бұл артығын айырбастап жіберуге әрқашан дайын тұрады». «*Өзіне бір тілім нан табу үшін кедейлер*» байлардың бұл «әуестіктерін» қанағаттандырумен шұғылданады және оның үстіне бұл жөнінен бірімен-бірі бақталас болады. Жұмысшылар сапы тамақ заттары мөлшерінің артуына байланысты көбейеді, яғни егіншіліктің дамуына сәйкес көбейеді. Олардың «кәсібі» «тым алысқа сілтейтін еңбек бөлінісін» жүргізуге мүмкіндік береді; сондықтан да жұмысшылардың санына қарағанда, олар өңдейтін шикізаттың мөлшері әлдеқайда тез көбейетін болады. «Осының салдарынан адамзаттың өнертапқыштығы тұрғын үйін, киімін, үй мүлкі, үйіндегі жиһаздарын жетілдіру немесе әшекейлеу үшін пайдалана алатын материалдардың алуан түріне сұраным пайда болады; жер қойнауында жатқан минералдарға және басқа да қазындыларға, қымбат металдарға және асыл тастарға деген сұраным күшейеді.

Сонымен, *тамақ заттары рентаның* алғашқы көзі болып қана табылмайды, сонымен қатар егер бұдан былай жердің басқа қайсыбір өнімі рента әкелетін болса, онда *құнның* бұлайша қосылуы арқылы ол топырақ-

ты өңдеу мен жақсарту арқасында қол жететін *тамақ заттарын өндірудегі еңбектің өндіргіш күштерінің арттырылуы* арқасында болады» (I том, 342—345-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 147—149-беттер].

Смиттің бұл арада айтып отырғаны — физиократия негізге алатын, табиғат берген негіз жөніндегі дұрыс көзқарас, атап айтқанда қосымша құнның жасалуының қайсысы болса да (рентаны қоса алғанда) егіншіліктің относительно өнімділігіне негізделеді деген көзқарас. Қосымша құнның бірінші нақты формасы — ауыл шаруашылық өнімдерінің (тағамдық заттардың) артығы; ал қосымша еңбектің бірінші нақты формасы бір адам еңбегінің екі адам үшін тағамдық заттар өндіруге жететіндігінен көрінеді. Қалғандарының бәрінде де қосымша құнның осы ерекше формасы — рентаны — капиталистік өндірісті қажет ететін формасын талдауға мұның ешқандай да қатысы жоқ.

Смит былай деп жалғастырады:

«Жердің басқа өнімдері» (тағамдық заттардан басқасы), «одан әрі рента әкелетіндері, оны әрдайым бере бермейді. *Тіпті жері өте жақсы өңделген елдерде оларға деген сұраным бұл өнімдердің бағасы оларды өндіруге және рынокқа жеткізуге шығындалған еңбекті өтеу үшін қажет болатын бағадан асып түсерліктей және, бұл ретте қолданылған капиталдың орнын дағдылы пайдамен өтерліктей әрдайым жеткілікті түрде жоғары бола бермейді.* [630] *Бұл үшін сұраным жеткілікті түрде жоғары бола ма немесе болмай ма, ол түрлі жағдайларға байланысты*» (I том, 345-бет) [Орысша аудармасы, I том, 149-бет].

Демек, бұл арада біз тағы да мынаған душар боламыз: жер өнімдеріне деген *сұраным рентаны қоспайтын*, қайта *жалақы мен пайданы ғана* қосатын *жеткілікті баға* бойынша олардың ұсынымынан асып түсетінінен келіп рента шығады. Жер өнімдерін жеткілікті баға бойынша [рента бұл арада болмайды] *ұсынудың жоғары болатындығы* сонша, жер *меншігі* капиталдарды немесе еңбекті теңестіруге ешқандай да кедергі көрсете алмауынан басқа ештеңе де емес, епдене жер меншігі тіпті егер ол заң жүзінде бар болса да, іс жүзінде бұл арада бар болып отырған жоқ немесе іс жүзінде дәл осылайша әрекет ете алмайды, бұл осыдан басқа непі білдіруі мүмкін? Смиттің қатесі мынада: ол жер меншігі өз өнімін жеткілікті бағадан *асып түсетін* баға бойынша сата отырып, оларды өз құны бойынша сататынын түсінбейді. Рикардомен салыстырғанда Смиттегі жақсы нәрсе сол, ол жер меншігі өзінің экономикалық мәнін аша ала ма немесе аша алмай ма, тек қана осы жағдайларға байланысты екенін түсінеді. Оның талдауының бұл бөлігін сондықтан да жолма-жол қарап шығу керек. Смит көмір кен орындарынан бастайды, одан соң орманға ауысады, сонан кейін көмір кен орындарына қайтып оралады және т. т. Сондықтан ол *орман* туралы әңгімелейтін жерден бастайық:

Егіншіліктің жағдайына байланысты *ағаштың бағасы* малдың бағасы сияқты себептер бойынша өзгеріп отырады. Егіншілік әлі де жетілмеген

жағдайда болғанда ағашты кесіп алатындарға бергісі келіп тұратын меншікші үшін кедергі болып табылатын барлық жерде орман көп болады. Екіншілік прогресі ішінара жыртылатын жерлердің ұлғайтылуы нәтижесінде, ішінара жас ағашты жеп қоятын немесе тамырын таптап кететін мал санының өсуі нәтижесінде орманның біртіндеп жойылуымен қатар жүреді. «Бұл жануарлардың саны тұтасымен адам еңбегінің нәтижесі болып табылатын астықтың мөлшері сияқты дәрежеде ұлғаймағанымен, алайда олардың қобекюіне адамның қамқорлығы мен жанашырлығы жәрдемін тигізеді». Осылайша, орман сирей береді, мұның өзі оның бағасын арттырады. Сондықтан орман соншалықты жоғары рента бере алады, сөйтіп жыртылатын жер (немесе жыртуға жарамды жер) орман өсіруге қалдырылады. Великобританиядағы істің жайы осындай. Ормандардан алынатын рента ұзақ уақыт бойы жыртылған жерден немесе шабындықтардан алынатын рентадан ешқашан да асып кете алмайды. Бірақ ол мұндай деңгейге жетуі де мүмкін (I том, 347—349-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 150-бет].

Демек, ормандардан алынатын рента өзінің табиғаты бойынша шабындықтардан алынатын рентамен іс жүзінде тең. Ағаш тағамдық зат болмаса да, оның рентасы сол категорияға жатады. Экономикалық категория өнімнің тұтыну құнымен анықталмайды; бұл арада ол аталған жер жыртылған жерге айнала ала ма немесе жоқ па және керісінше бола ма, міне, сол арқылы анықталады.

*Көмір кен орындары.* Көмір кен орындарының өнімділігі немесе өнімсіздігі жалпы алғанда, Смиттің дұрыс атап көрсететініндей, еңбектің бірдей мөлшерін шығындаған кезде түрлі кен орындарынан көп немесе аз минерал алуға болатындығына байланысты. Кен орындары өнімділігінің төмен болуы олардың қолайлы орналасуына кеселін тигізуі мүмкін, сондықтан мұндай кен орындарын пайдалану мүлде мүмкін болмай қалады. Екінші жағынан, қолайсыз орналасуы кен орындары өнімділігінің жоғары болуына кеселін тигізуі мүмкін, сондықтан мұндай кен орындары, табиғи өнімділігіне қарамастан, пайдалануға жарамсыз болып шығуы мүмкін. Жақсы жол да, кеме қатынасы да жоқ жерде көбінесе осылай болады (I том, 346—347-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 149—150-беттер].

Өнімі тек жеткілікті бағаны ғана өтеуге жететін кен орындары болады. Олар сондықтан да кәсіпкерге пайда көлтіреді, бірақ ешқандай да жер рентасын әпермейді. Осының салдарынан жер меншікшісі оларды өзі пайдалануға мәжбүр болады. Ол осындай жолмен «өзі қолданған капиталға әдеттегі пайда» алады. Шотландияда мұндай көмір кен орындары көп. Оларды қандай да болсын өзгеше тәсілмен пайдалану мүмкін болмас еді:

*«Жер меншікшісі рента төлемейінше, оларды пайдалануға басқа ешкімге де рұқсат етпес еді, ал рента төлеуге ешкімнің де шамасы келмес еді»* (I том, 346-бет) [Орысша аудармасы, I том, 149-бет].

Смит бұл арада жер меншікке айналған жерде рента төленбейтін жағдайды дұрыс анықтаған. Мұның өзі жер меншікшісі

мен капиталист бір адам болған жерде болады. Бұрын Смит бізге мұндай жағдай отарларда болады деген еді. Арендатор бұл арада жерді өңдей алмайды, өйткені ол рента төлей алмайды. Бірақ өзіне жер ешқандай рента бермесе де, жер меншікшісі оны пайда түсіре отырып өңдей алады. Мәселен, Батыс Американың отарларында істің жайы осындай, өйткені мұнда жаңа жерді отаршан да немденуге болады. Дәл осындай жер қарсы әрекет ететін элемент болмайды, сондықтан өз жерін өзі-өңдейтін жер меншікшілерінің бәсекесі бұл арада шын мәнінде де қызметкерлер арасындағы немесе капиталистер арасындағы бәсеке болып табылады. Тас көмір кен орындарына немесе жалпы рудниктерге келетін болсақ, онда болжанып отырған ретте іс басқаша болып шығады. Өздері ұсынатын товарларды нақ осы құн бойынша жеткізетін рудниктер анықтайтын рыноктық құн өнімді аз беретін немесе нашар орналасқан рудниктер үшін аз рента береді немесе мүлде ешқандай рента бермейді, тек қана шығынның бағасын өтейді. Бұл рудниктерді бұл арада жер меншіктену арқылы келтірілетін кедергі болмайтын әрі жер меншігі жасайтын және жерді еркін пайдалануға жол бермейтін кедергі жоқ адамдар ғана, яғни жер меншікшісі мен капиталист бір адам болғанда ғана пайдалана алады; бұл рудниктер капиталға қарсы тұратын дербес элемент ретіндегі жер меншігі іс жүзінде жойылған жағдайда ғана пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайдың отарларда орын алатын жағдайлардан айырмашылығы мына тұрғыда: онда жер меншікшісі ешкімнің жаңа жерді пайдалануына тыйым сала алмайды. Ал бұл арада ол мұны істей алады. Рудникті ол өзінің ғана пайдалануына мүмкіндік береді. Мұның өзі жер меншікшісіне рента алуға мүмкіндік бермейді, бірақ оның басқа адамдарды жолатпау арқылы, өз руднигіне өзі капиталын жұмсаудан пайда алуына мүмкіндік береді.

Бұл арада Смиттің ең өнімді шахтадан алынатын рентаны реттеу туралы не айтқанын мен Рикардо туралы және оның Смитке қарсы айтысы туралы жоғарыда айтқанда қарастырдым \*. Бұл арада тек қана мына жерін атап өткен жөн:

«Азды-көпті ұзақ уақыт бойы көмір сатылуы мүмкін ең төменгі баға» (Смит бұрын жеткілікті баға дейтін) «дегеніміз, барлық басқа товарлар үшін де солай болатыны сияқты, әдеттегі пайдамен бірге, товарды өндіруге және оны рынокқа жеткізуге шығындалатын капиталдың орнын толтыру үшін ғана жеткілікті болатын баға» (I том, 350-бет) [Орысша аудармасы, I том, 151-бет].

Біз жеткілікті баға табиғи бағаның орнын алғанын көріп отырмыз. Рикардо оларды теңдестіріп жібереді, онысы әбден орынды да.

[631] Смит былай деген пікір айтады;

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 351—353-беттер. Ред.

көмір кен орындарынан алынатын рента егіншілік өнімдерінен алынатын рентадан әлдеқайда аз болады: ауыл шаруашылығында рента әдетте жалпы өнімнің  $\frac{1}{3}$  бөлігіне жетеді, ал көмір кен орындары үшін  $\frac{1}{5}$  бөлігінің өзі өте жоғары рента,  $\frac{1}{10}$  бөлігі әдеттегі рента болып табылады. *Металл рудалары шығатын орындар* ең кем дегенде орналасқан жеріне байланысты болады, өйткені олардың өнімдері тасымалдауға қолайлы; олардың дүние жүзілік рынокқа шығуы неғұрлым оңай. Сондықтан олардың құны орналасқан жеріне қарағанда өнімділігіне көбірек байланысты болады, ал көмір кен орындары болса, бұған нақ керісінше. Өте шалғайдағы (бірінен-бірі) металл рудасы шығатын орындардың өнімдері өзара бәсекеге түседі. «Сондықтан *ең өнімді деген рудниктерден* алынатын тіпті қымбат емес және — одан да көбірек дәрежеде — қымбат металдардың бағасы жер шарындағы көз көлген басқа рудниктен өндірілетін дәл сондай металдардың бағасына әсер етуге тиіс» (I том, 351—352-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 151—152-беттер].

«Сонымен, кез келген рудниктен өндірілген кез келген металдың бағасы белгілі бір мөлшерде сол кезде жер шарындағы пайдаланылып отырған ең өнімді рудниктерден алынатын сондай металдың бағасымен реттелетін болғандықтан, рудниктердің едәуір көпшілігінде бұл баға пайдалану жөніндегі шығындарды өтеу үшін қажет болатынынан асып кете қоймайды, сөйтін жер меншікшісіне өте жоғары рента беруі сирек болады. Сондықтан рудниктердің көпшілігі үшін металдар бағасының шағын бөлігі ғана рента құрайды, ал асыл металдар болса, рента олардың бағасының одан да анағұрлым аз бөлігін құрайды. Еңбек пен пайда бұл бағаның көпшілік бөлігін құрайды» (I том, 353—354-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 152-бет].

Смит бұл арада *C\** кестесінде келтірілген жағдайды дұрыс түсіндіреді.

Асыл металдар туралы айтқанда, Смит жеткілікті баға туралы өз анықтамасын тағы да қайталайды, *рента* туралы баяндағанда, ол оны табиғи бағаның орнына қояды. Оның егіншілік емес өндіріс туралы айтқан жерінде, оған мұның қажеті жоқ, өйткені бұл арада, оның бастапқы анықтамасына сәйкес, жеткілікті баға мен табиғи баға біріне-бірі сәйкес келеді; бұл авансыланған капитал мен орта пайданы өтейтін бағаның нақ өзі.

«Азды-көпті уақыт ішінде қымбат металдар сатылатын ең төменгі баға... барлық басқа товарлардың ең төменгі әдеттегі бағасын анықтайтын ережелер арқылы реттеледі. Бұл бағаны қымбат металдардың рудниктен рынокқа түсуі үшін әдетте шығындалуы тиіс капитал анықтайды, яғни оны әдетте осы жұмыс кезінде тұтынылатын тағамдық заттар, киім-кешек пен тұрғын үй анықтайды. Баға ең болмағанда әдеттегі пайдамен қоса бұл капиталды өтеу үшін жеткілікті болуы қажет» (I том, 359-бет) [Орысша аудармасы, I том, 155-бет].

*Асыл тастар* жөнінде Смит былай деп ескертеді:

«*Асыл тастарға деген сұраным* олардың әдемілігінен ғана болады. Олар тек қана әсемдік үшін қажет болады және олардың әдемілігі бұл тастардың сирек кездесуі салдарынан немесе бұл тастарды рудниктерден өндіруге байланысты қиындықтар мен шығындар салдарынан одан да жоғары бағаланады. Сондықтан жалақы мен пайда көпшілік жағдайларда да

\* 272—273-беттердің арасындағы жапсырманы қараңыз. Ред.

олардың бүкіл дерлік — тым жоғары — бағасын құрайды. Рента бұл бағаның құрамына өте шағын үлес ретінде ғана кіреді, ал көп ретте оған тіпті де кірмейді және ең өнімді рудниктер ғана азды-көпті елеулі рента бере алады» (I том, 361-бет) [Орысша аудармасы, I том, 156-бет].

Бұл арада дифференциалдық рента ғана болуы мүмкін:

«Өйткені қымбат металдар мен асыл тастардың бағасы олардың бүкіл дүние жүзінде ең өнімді рудниктегі бағасы бойынша реттелсе, онда бұдан шығатыны: бұл рудниктердің қайсысы болса да жер меншікшісіне бере алатын рента рудниктің *абсолютті* өнімділігіне емес, қайта оның *относительді* өнімділігі деп атауға болатын мәнімен сай болады, яғни оның өзіне ұқсас басқа рудниктерден артықшылығына сай болады. Егер Потоси рудниктері Европадағы рудниктерден қандай мөлшерде асып түсетін болса, Потоси рудниктерінен сондай мөлшерде асып түсетін жаңа рудниктер ашылса, онда осының салдарынан күміс құнының төмендеп кететіні соншалық, тіпті Потоси рудниктерінен өнім өндіруге еңбек шығындаудың қажеті болмас еді» (I том, 362-бет) [Орысша аудармасы, I том, 156-бет].

Асыл металдар мен қымбат тастар азырақ өндірілетін рудниктердің өнімдері рыноктағы құнды *әрдайым* ең өнімді рудниктің анықтайтыны және уақыт өткен сайын неғұрлым өнімді жаңа рудниктердің ашылуы себепті ешқандай да рента әкелмейді, сондықтан қозғалыс үнемі өрлеу бағытында болады. Өнімі кемірек рудниктердің өнімдері, демек, олардың құнынан *төмен*, не бары шығынының бағасы бойынша ғана сатылады.

«Егер өнімнің құны негізінен алғанда оның сирек кездесетіндігіне байланысты болса, оның мол болуы өнімнің құнын қайткен күнде де төмендетеді» (I том, 363-бет) [Орысша аудармасы, I том, 156-бет].

Осының ізінше-ақ Смит қайтадан азды-көпті қате қорытындылар жасайды.

«Жер бетіндегі жер иеліктері жөніндегі істің жайы басқаша. Олардың өнімнің құны мен олар әкелетін рентаның мөлшері олардың *относительді* емес, *абсолютті* құнарлылығына пропорциялы болады. Тағамдық заттардың белгілі бір мөлшерін немесе киім-кешектік яки тұрғын үй салатын материалдар өндіретін жер адамдардың белгілі бір мөлшерін әрдайым асырай алады, киіндіріп әрі тұрғын үймен жабдықтай алады; сондықтан *жер меншікшісінің бұл өнімдегі үлесі қандай болса да бәрі бір*» (жер меншікшісі өнімнен үлес ала ма, алса, қандай мөлшерде алады, міне, мәселе осында), «бұл үлес [632] оның қарауына бұл адамдардың еңбегінің және олардың еңбегі өзіне бере алатын сол товарлардың тиісті мөлшерін әрқашан бере алады» (I том, 363—364-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 157-бет].

«Ең құнарсыз жердің құны ең құнарлы жермен көрші болудан кемімейді. Керісінше, оның құны әдетте осыған байланысты арта түседі. Құнарлы жер асырайтын адамдардың көп мөлшері *құнарсыз жердің бірқатар өнімдері үшін рынок ашады*; бұл өнімдер үшін осы құнарсыз жерлердің өз өнімдері асырай алатын адамдарда рынок ешқашан да табылмас еді».

(Алайда мұның өзі осы құнарсыз жерлер көрші орналасқан құнарлы жерлер өндіретін *өнімнен басқа өнімді* өндіргенде ғана

болады; құнарсыз жерлердің өнімі неғұрлым құнарлы жерлердің өнімімен *бәсекеге түспегенде* ғана болады. Осы оқиғаға қатысты Смиттің айтқаны дұрыс, мұның, расында, тамақтық өнімдер өндіретін құнарлы жердің арқасында жер өнімдерінің алуан түрлерінен алынатын рентаның жалпы мөлшері өсуі мүмкін болатынын түсіну үшін маңызы зор.)

«Тағамдық заттар беретін жердің құнарлылығын арттыруға жеткізетіндердің барлығы жақсартылған жерлердің ғана құнын арттырып қоймайды» {осының барлығы бұл құнды кемітуі, тіпті оны жоққа шығаруы мүмкін}, «оның үстіне жерлердің өніміне деген жаңа сұранымды» (немесе, *дұрысырақ айтқанда*, жаңа өнімдерге деген сұранымды) «туғыза отырып, көптеген басқа да жерлердің құнын арттыруға да нақ сондай шамада жәрдемдеседі» (I том, 364-бет) [Орысша аудармасы, I том, 157-бет].

Осының барлығының ішінен Смитте түсіндірілмей қалатыны — абсолюттік рента, мұны ол тамақтық өнімдер өндіретін жер үшін болуы мүмкін деп біледі. Абсолюттік рента басқа жерлерде де, мысалы рудниктерде де болмауы мүмкін екенін Смит әділ ескерте кетеді, өйткені соңғылары соншалықты біршама шектелмеген мөлшерде (сұраныммен салыстырғанда) әрдайым болады, сөйтіп жер меншігі бұл арада капиталға ешқандай да көдергі жасай алмайды; ол тіпті заң жүзінде болса да, экономикалық тұрғыдан алғанда жоқ.

*641-беттегі үйлерден алынатын рента туралы айтылғанды қараңыз.*)<sup>97</sup> [632]

\* \* \*

[641] (*632-бетті қараңыз.*) *Үйлерден алынатын рента туралы* А. Смит былай дейді:

«Үйлерден алынатын рентаның осы біршама шағын пайданы алу үшін *жеткілікті бөлігін*» (осы үйді салған үй иесі алатын) «*шегергеннен кейін* қалатын бөлігінің бәрі әлбетте жердің құрылыс салынған учаскелерінен алынатын рентаға келеді; жер меншікшісі мен үй меншікшісі — екі басқа адам болғанда, бұл бөлігі көптеген жағдайларда толығымен біріншісіне төленеді. Бос жерді қалауынша таңдап алуға мүмкіндік бар, үлкен қалалардан едәуір қашық жатқан селолық жерлерде орналасқан үйлер мейлінше болмашы жер рентасын береді — мұның өзі, егер бұл жер егіншілік үшін пайдаланылатын болса, сол үй тұрған жер беретін рентадан аспайды» (V кітап, 2-тарау) [Орысша аудармасы, II том, 354—355-беттер].

Үйлерден алынатын жер рентасы жағдайында үйлердің *орналасқан жерінің* дифференциалдық рента үшін — егіншіліктегі рента жағдайында — жердің құнарлылығы (және орналасқан жері) қандай болса, дәл сондай шешуші маңызы болады.

А. Смит физиократтармен бірге егіншілік пен жер меншікшісіне ерекше құрмет көрсете отырып, олар салық салу үшін неғұрлым лайықты объект деп, физиократиялық түсінікті жақтайды. Ол былай дейді:



«Жердің құрылыс салынған учаскелерінен алынатын рента да, әдеттегі жер рентасы да жер меншікшісі көпшілік жағдайда өзінің тарапынан ешқандай да қам жасап, күш-жігер жұмсамай-ақ пайдаланатын кіріс түрі болып табылады. Егер бұл кірістің бір бөлігі одан мемлекеттің шығындарын өтеу үшін алынып қойылатын болса, онда бұдан еңбектің ешбір түріне ешқандай да нұқсан келмейді. Жердің және қоғам еңбегінің жылдық өнімі, халықтың негізгі бұқарасының нақты байлығы мен кірісі, мұндай салықты енгізгеннен кейін, өзгеріссіз қалуы мүмкін. Міне, сондықтан да жердің құрылыс салынған учаскелерінен алынатын рента мен әдеттегі жер рентасы кірістің оған ерекше салық салғаннан түгі де кетпейтін бір түрі болып табылады» (V кітап, 2-тарау)<sup>98</sup> [Орысша аудармасы, II том, 358-бет].

Бұған қарсы Рикардо (230-бет)<sup>99</sup> мейлінше тоғышарлық қарсылық айтады. [641]

#### 4) ЖЕР ӨНІМДЕРІНЕ БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУШЕ СМИТ ЖАСАҒАН ТАЛДАУ

[632] *Үшінші бөлім: әрдайым рента беретін өнімдер мен кейде рента беретін, ал кейде оны бермейтін өнімдер құндарының арақатынасындағы өзгерістер туралы* (11-тарау, I кітап, II том).

«Табиғи тұрғыдан құнарлы болғанымен, жерінің дені мүлдем өңделмеген елде мал, құс, сан алуан жабайы аңдар еңбек барынша аз жұмсалып алынуы мүмкін; сондықтан оларға еңбектің өте аз мөлшері ғана сатып алынуы, немесе алынуы мүмкін» (II том, 25-бет) [Орысша аудармасы, I том, 167-бет].

Құнды еңбек мөлшерімен өлшеудің Смитте «еңбектің бағасымен» немесе белгілі бір товар билік ете алатын еңбектің мөлшерімен қандай *ғажап* шатастырылғандығы жоғарыда келтірілген цитаттан, сонымен қатар әсіресе төменде келтіріліп отырған үзіндіден көрінеді; бұл үзінді де кей жерлерде Смиттің астықты құнның өлшемі деген пікірлерге қалай келгенін көрсетеді.

«Қоғамның кез келген жағдайы кезінде, оның цивилизациясының дамуының кез келген сатысында *астық әрдайым адам еңбегінің өнімі болып табылады*. Бірақ еңбектің кез келген саласы өнімінің орташа мөлшері орташа тұтынуға әрқашан да азды-көпті дәрежеде дәл сай келеді, орташа ұсыным орташа сұранымға сай келеді. Оның үстіне, *цивилизацияның түрлі сатысында* дәл сол жерде және дәл сол климатта астықтың бірдей мөлшерін өсіру үшін орта есеппен еңбектің *бірдей дерлік мөлшері әрдайым қажет болады* немесе мұның өзі де соған саяды, *еңбектің бірдей дерлік мөлшері қажет болады*. Өйткені егіншілік мәдениеті артқан кезде еңбектің өндіргіш күштерінің үздіксіз артуы егіншіліктегі *негізгі күш-құрал* болып табылатын *малдың бағасының үздіксіз өсуі* арқылы азды-көпті теңесіп отырады. Осылардың барлығына байланысты *қоғамның кез келген мүмкін болатын жағдайында*, цивилизацияның кез келген сатысында *астықтың бірдей мөлшері жердің кез келген басқа шикі өнімінің біркелкі мөлшеріне қарағанда, еңбектің біркелкі мөлшерінің неғұрлым сенімді көрінісі немесе баламасы* болатынына кәміл сене аламыз. Сондықтан астық... қоғамның байлығы мен цивилизациясы дамуының алуан түрлі сатыларының бәрінде де қандай болса да басқа товарға немесе товарлардың қандай болса

да басқа тобына қарағанда құнның неғұрлым дәл өлшемі болып табылады... Оның үстіне, *астық* немесе жалпы алғанда халықтың әдеттегі немесе ұнататын тамағы болып табылатын өсімдік қандай болса да цивилизациялы елде жұмысшының *тіршілік ету құралының негізгі бөлігі* болып саналады... Сондықтан еңбектің ақпалай бағасы еттің немесе жерден алынатын қайсы-бір басқа шикі өнімнің бағасына қарағанда жұмысшының *тіршілік ету құралы* болып табылатын астықтың орта бағасына анағұрлым көп байланысты болады. Осының нәтижесінде алтын мен күмістің шын құны немесе олар өздерінің қарауына сатып ала алатын немесе ала алатын еңбектің шын мөлшері олардың қолында болатын еттің немесе жерден алынатын басқа өнімнің мөлшеріне қарағанда олар сатып ала алатын немесе көрінісі бола алатын астықтың мөлшеріне анағұрлым көбірек байланысты болады» (II том, 26--28-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 167—168-беттер].

Алтын мен күмістің құнын салыстырғанда Смит «жеткілікті баға» жөніндегі өз көзқарасын тағы да дамытады және [633] бұл бағада *рента болмайды дегенді* тиянақтап айтады:

«Товарды *қымбат* не *арзан* дегенде оның әдеттегі бағасы көп не аз сома құрайтынына байланысты ғана емес, сонымен бірге осы әдеттегі бағаның қандай болса да ұзақ мерзім ішінде товар рынокқа түсетін ең төмен бағадан көп не аз шамада асып түсетініне байланысты осыған қарап айтуға болады. *Бұл ең төмен баға товардың рынокқа түсуі үшін қажетті капиталдың есесін бірқалыпты пайдамен өтеуі дәлме-дәл жететіндей баға болып табылады. Бұл - жер меншікшісіне ештеңе де бермейтін баға, құрамдас бөлігіне рента кірмейтін және жалақы мен пайдаға ғана бөлінетін баға*» (II том, 81-бет) [Орысша аудармасы, I том, 189-бет].

«Бриллианттардың және басқа да қымбат тастардың бағасы, өздері рынокқа түсетін ең төмен бағаға сірә, алтынның бағасынан гөрі көбірек шамада жақындайтын болар» (II том, 83-бет) [Орысша аудармасы, I том, 190-бет].

Смиттің айтуына, шикі өнімдердің үш тобы болады (II том, 89-бет) [Орысша аудармасы, I том, 192-бет]. *Біріншісі* — көбеюі адамның еңбегіне байланысты емес дерлік — немесе тіпті де байланысты емес — өнімдерден құралады; *екіншісі* — мөлшері сұранымға сәйкес көбеюі мүмкін өнімдерден тұрады; *үшіншісі* топқа мөлшерін арттыруға адамның еңбегі «шектеулі немесе үздік-создық қана әсер ететін» өнімдер жатады.

*Бірінші топ*: балық, сирек кездесетін құстар, сап алуан жабайы құстар, барлық дерлік жабайы құстар, әсіресе жыл құстары және т. т. Бұл өнімдерге деген сұраным байлық пен сән-салтанаттың өсуімен бірге мықтан артады.

«Бұл товарлардың мөлшері өзгермей немесе өзгеріссіз дерлік болып қалатындықтан, соның өзінде сатып алушылар арасындағы бәске үнемі арта беретін болғандықтан, олардың бағасы қалағанынша қымбаттай береді» (II том, 91-бет) [Орысша аудармасы, I том, 193-бет].

*Екінші топ*: «Ол пайдалы өсімдіктер мен жануарлардан тұрады, бұлар өңделмейтін жерлерде табиғаттың күшімен көбейетіндігі соншалық, олардың құны шамалы ғана болады немесе мүлде құны болмайды және бұлар егіншілік мәдениетінің таралуына қарай орнын басқа, неғұрлым пайдалы өнімдерге беруге мәжбүр болады. Ұзақ уақыт бойы, цивилизацияның прогресімен бірге, бұл топ өнімдерінің мөлшері үздіксіз кеміп келеді, ал мұ-

нымен бірге оларға деген сұраным үздіксіз арта түсуде. Сонымен, олардың шын құны, оларға сатып алынатын немесе алуға болатын еңбектің шын мөлшері түптің түбінде адам еңбегі арқылы ең құнарлы және бәрінен жақсы өңделген жерден алынған кез келген басқа өнім сияқты, оларды соншалықты пайдалы өнімдерге айналдыратын биік деңгейге жеткенше өсе береді. Егер бұл өнімдердің құны мұндай деңгейге жетсе, онда ол одан әрі арта алмайды. Олай болмаса, көп кешікпей-ақ бұл өнімнің мөлшерін арттыру үшін жер мен еңбектің көп мөлшері қолданыла бастар еді» (II том, 94—95-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 194-бет]. Мысалы, мал жөнінде істің жайы осындай.

«Шикі өнімдердің осы екінші тобын құрайтын алуан түрлі товарлардың ішінен тегінде, мал цивилизацияның дамуына байланысты бағасы ең алдымен осылайша қымбаттайтын товар болатын болар» (II том, 96—97-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 195-бет]. «Егер үй малы алғашқылардың бірі болып осындай бағаға» {яғни, малға арналған азық өндіру мақсатымен өңделген жерді ақтайтын бағаға} «жетсе, онда *жабайы аң-құс*, бәлкім, бұл бағаға соңғылардың бірі болып жетер еді. Англиядағы ірі аң-құстың бағасы қаншалықты тым жоғары болып көрінсе де, бұл баға осы аң-құс өсірілетін аң аулау наркіп ұстауға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін әлі де жеткіліксіз, мұның өзі осы тектес аң-құсты өсіретіндердің бәріне жақсы мәлім» (II том, 104-бет) [Орысша аудармасы, I том, 198-бет].

«Әрбір фермада астық пен жемшөптің қалдықтарымен біраз *үй құсын* асырауға болады. Үй құстары кәдеге жарамай босқа қалатын нәрсені жейтін болғандықтан, оларды неден болсын пайда табу үшін өсіреді; үй құстарын өсіруге фермердің ештеңесі шыға қоймайтындықтан оған мұны онша қымбат сатпаудың өзі де пайдалы». Орын алып отырған ұсыным жеткілікті болып тұрған кезде, үй малының еті сияқты, үй құсы да арзан. Байлықтың өсе түсуіне байланысты, сұраным да арта түседі, ал осының нәтижесінде үй құсының бағасы «үй құсын бордақылау үшін жерді арнайы өңдеу пайдалы» болғанға дейін сыыр етінің немесе қой етінің бағасынан да *қымбаттап* кетеді». *Францияда* және т. б. осылай болып отыр (II том, 105—106-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 199-бет].

Құс сияқты, *шошқаны* да «ең әуелі бәрінен пайда алу үшін өсіреді». Ол қалдықтармен қоректенеді. Бірақ түштеп келгенде оның бағасы қымбаттап кететіндігі соншалық, шошқа бордақылау үшін жерді арнайы өңдеу қажет болады (II том, 108—109-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 200-бет].

*Сүт*, сүт фермасы (II том, 110 және келесі беттер) [Орысша аудармасы, I том, 200 және келесі беттер]. (Май, ірімшік; бұл да сонда.)

Бұл шикі өнімдер бағасының біртіндеп өсуі, Смиттің пікірі бойынша, олар біртіндеп *адам еңбегінің өніміне* айпалатындығын ғана дәлелдейді, ал бұрын олар түгелдей дерлік *табиғат өнімдері* болатын. Олардың табиғат өнімдерінен еңбек өнімдеріне айналуының өзі-ақ мәдениет дамуының нәтижесі болып табылады, оның өзі табиғаттың дарқан күшімен жасалатын өнімдердің алатын орнын барған сайын шектей береді. Екінші жағынан, жоғарыда аталған өнімдердің едәуір бөлігі өндіріс жағдайлары кемірек дамыған кезде *өз құнынан төмен* сатылатын еді. Олар қосалқы өнімнен ауыл шаруашылығының қайсыбір саласының дербес өніміне айналысымен-ақ, өзінің құны бойынша сатыла бастайды (бағаның өсуі осыдан келіп шығады).

«Қайсыбір елдің жері адамның еңбегі арқылы онда өсіріледі деп көзделіп отырған кез келген өнімнің бағасы жерді осы үшін өңдеу мен жақ-

сарту жөніндегі шығынды өтеу үшін жеткілікті деңгейге жеткенге дейін өшқашан да толық өңделіп, жақсартылуы мүмкін емес болса керек. Мұның мүмкін болуы үшін әрбір жеке өнімнің бағасы, біріншіден, астық өсірілетін жақсы жерден алынатын рентаны төлеу үшін жеткілікті болуға тиіс, өйткені өңделетін басқа жерлердің көпшілігінен алынатын рентаны нақ осы жер анықтайды; екіншіден, арендатордың еңбегі мен шығынын астық өсірілетін жақсы жерде әдеттегідей өтелетінінен кем болмайтындай етіп өтеуге, басқаша айтқанда, *арендатор жұмсаған капиталды әдеттегі пайдамен өтеу үшін жеткілікті болуға тиіс*. Әрбір жекелеген өнім бағасының осылайша артуынан бұрын [634] осы өнімді өсіруге арналған жердің жақсартылуға және өңделуге тиіс екені анық.. Енді шикі өнімдердің бұл әр алуан түрлері бұрынғыға қарағанда, күмістің көбірек мөлшеріне ғана емес, сонымен қатар еңбек пен тіршілік құралдарының көбірек мөлшеріне де тең болады. *Бұл өнімдердің рынокқа түсуі үшін еңбек пен тіршілік құралдарының көбірек мөлшерін жұмсауға тура келеді, сондықтан да олар рынокқа түскен соң еңбек пен тіршілік құралдарының көбірек мөлшері болып табылады, не м е с е осы көбірек мөлшердің өзіне тең болады*» (II том, 113—115-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 202—203-беттер].

Бұл арада біз тағы да мынаны көреміз: өзі сатып ала алатын еңбек мөлшері арқылы анықталатын құн ұғымын Смит белгілі бір товарды өндіру үшін қажет болатын еңбек мөлшерімен анықталатын құнмен қалай шатастырса, дәл сондай шамада ғана қолданады.

*Үшінші топ.* Бұл топ, Смиттің анықтауы бойынша, мынадай шикі өнімдерден тұрады:

«олардың мөлшерін арттыруға адамның еңбегі шектеулі немесе үздік-создық қана әсер етеді (II том, 115-бет) [Орысша аудармасы, I том, 203-бет].

*Жүн мен терінің* мөлшері қолда бар ірі қара мен уақ малдың санымен шектеледі. Бірақ мал сататын рынок жоқ көздің өзінде-ақ әлгі өте ерте алынатын қосалқы өнімдерді өткізетін кең рынок болады. Мал еті сатылатын рынок ерқашан дерлік белгілі бір елдің шеңберімен шектеледі. Ал жүн мен илеңбеген тері тіпті цивилизацияның алғашқы сатысында-ақ көптеген реттерде сыртқы рынокқа ие болады. Олар тасымалдауға өте қолайлы әрі көптеген өнеркәсіп бұйымдары үшін шикізат болып табылады. Сондықтан өнеркәсібі тұрғысынан алып қарағанда неғұрлым дамыған елдер отандық өнеркәсіп бұл өнімдерге мұқтаж болмай тұрғанда-ақ олар үшін рынок қызметін атқара алады.

«Мәдениеті төмен және сондықтан да халқы өте аз елдерде жүн мен терінің бағасы байлығының молдығы және халқының санының неғұрлым көптігінің арқасында етке деген сұраным көп болып тұрған елдердегіге қарағанда, малдың бүкіл бағасының анағұрлым көп бөлігін құрайды». Майға қатысты да осылай деуге болады. Өнеркәсіптің дамуына және халықтың көбеюіне байланысты малдың жүні мен терісіне қарағанда, оның етінің бағасы арта түседі. Өйткені елдегі өнеркәсіп пен халықтың өсуіне байланысты етке арналған рынок кедейеді, ал аталған қосалқы өнімдерге арналған рынок елдің шегінен әлдеқашан шығып кеткен. Бірақ отандық өнеркәсіптің дамуына байланысты жүннің және т. т. бағасы дегенмен де біраз арта

түседі (II том, 115—119-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 203—205-беттер].

*Балық* (II том, 129—130-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 208—209-беттер]. Егер балыққа деген сұраным өсе түссе, онда оны қанағаттандыру үшін еңбектің көп мөлшері қажет болар еді. «Онда балықты неғұрлым шалғай жерлерден іздестіруге тура келеді, неғұрлым көлемі зор кемелерді пайдалануға, алуан түрлі неғұрлым қымбат жабдықты пайдалануға тура келеді». Балыққа деген сұраным «оның бұрынғы жағдайы кезіндегідей рынокты балықпен жабдықтау үшін қажет болған» еңбектің шығынынан асып түсетін «еңбек жұмсалмайынша қанағаттандырылуы мүмкін емес». «Сондықтан бұл товардың *нақты бағасы* цивилизацияның дамуына байланысты табиғи түрде арта түсуге тиіс» (II том, 130-бет) [Орысша аудармасы, I том, 209-бет].

Демек, Смит бұл арада *нақты бағаны* товар өндіру үшін қажет болатын еңбектің мөлшерімен анықтайды.

Смиттің айтуынша, *өсімдік өнімдерінің* (астықтың және т. т.) *нақты бағасы* цивилизацияның дамуына байланысты міндетті түрде *құлдырайды*:

«Егер егіншіліктің жақсаруының кең таралуы астықтың бағасымен салыстырғанда *малдан алынатын қандай тамақтың болса да бағасын қымбаттап қоймайтын* болса, онда, екінші жағынан, ол менің топшылауымша, *өсімдіктен алынатын қандай тамақтың болса да бағасын арзандағуы қажет* болады. Ол малдан алынатын тамақтың бағасын мынадай себеппен арттырады: малдан алынатын тамақ заттарын беретін жердің едәуір бөлігі енді, ол астық өндіруге жарамды болғаннан кейін, жер меншікшісі мен арендаторға астық өсіруге арналған жер ретінде әдеттегі рента мен пайда береді. Оның *өсімдіктен алынатын тамақтың бағасын төмендететін* себебі, ол *жердің құнарлылығын арттыра отырып*, сонымен бірге тамақтың бұл түрінің молшылығын арттыра түседі. Егіншіліктің жақсаруы сондай-ақ өсімдіктен алынатын тамақтың көптеген жаңа түрлерін енгізеді, бұлар аз жерді қажет етеді және астыққа қарағанда еңбекті де көп қажет етпейді, сондықтан да ол астыққа қарағанда рынокқа әлдеқайда арзан бағамен түседі. Картоп пен жүгері осындай... Оның үстіне, егіншілік дамуының деңгейі төмен болғанда өсімдіктен алынатын тамақтың көптеген түрін өсіру огород өсіру шегінен аспайды және күректің ғана көмегімен жүзеге асырылады; ал егіншілік мәдениетінің дамуына байланысты оларды ашық танапта сеуіп, соқаның көмегімен өңдей бастайды. Шалқан, сәбіз, капуста және т. т. осындай» (11-тарау, II том, 145—146-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 214—215-беттер].

Смит *өнеркәсіп товарларының бағасы*, мынадай жерлердің бәрінде әдетте, төмендеп кеткенін көріп отыр, мұндай жерлерде

*«шикізаттың нақты бағасы қымбаттамайды немесе онша көп қымбаттамайды»* (II том, 149-бет) [Орысша аудармасы, I том, 216-бет].

Екінші жағынан, Смиттің пайымдауынша, еңбектің нақты бағасы, яғни жалақы өндірістің дамуына байланысты арта түсті. Демек, товарлардың бағаларының, оның пікірі бойынша, жалақы «табиғи бағаның негізгі бөлігін» және тіпті «жеткілікті бағаны», немесе, басқа сөзбен айтқанда, «товарлар рынокқа түсетін ең төмен баға» болып табылса да, оның пікірі бойынша, жалақы-

ның немесе еңбек бағасының артуы салдарынан көтерілуі міндетті емес. Смит мұны қалай түсіндіреді? Пайданың құлдырауымен бе? Жоқ (ол цивилизацияның дамуына байланысты жалпы пайда нормасы төмендейді десе де). Рентаның құлдырауымен бе? Бұл да олай емес. Ол былай дейді:

«Неғұрлым жетілдірілген машиналар, [635] жұмыста өсе түскен шеберлік және еңбектің неғұрлым үйлесімді бөлшектенуі мен бөлінуі (мұның барлығы елдің дамуының табиғи нәтижесі болып табылады) қайсыбір зат өндіру үшін еңбектің әлдеқайда аз мөлшерінің талап етілуіне әкеп соғады; қоғамның гүлденген жағдайының нәтижесінде еңбектің нақты бағасы едәуір артуға тиіс болса да, дегенмен әрбір затты өндіру үшін қажет болатын еңбек мөлшерінің күрт кеміп кетуі, әдетте, бұл еңбектің бағасында болуы мүмкін кез келген өсімнің орнын артығымен толтырады» (II том, 148-бет) [Орысша аудармасы, I том, 215—216-беттер].

Сөйтіп, товарлардың құны мынадай себеппен төмендеп кетеді: товарларды өндіруге қажет болатын еңбектің мөлшері кеміп кетеді, төмендегенде де еңбектің нақты бағасының артуына қарамастан төмендейді. Егер бұл арада еңбектің нақты бағасы дегенде оның құны айтылып отырған болса, онда бұл орайда товарлар құнының төмендеуі нәтижесінде олардың бағасы кеміп кетсе, пайда міндетті түрде құлдырап кетеді. Егер бұлай дегенде жұмысшы алатын тіршілік құралдарының жиынтығы деп айтылатын болса, онда Смиттің қағидасы тіпті пайда артқан кезде де дұрыс.

Смит шын мәнінде талдау жасаған жерлердің бәрінде де ол құнның дұрыс анықтамасын қолданады; мұны ол *жүн маталар XVI ғасырда [XVIII ғасырға қарағанда] неге қымбат болған* деген мәселені зерттейтін тараудың соңғы жағынан да көруге болады:

«Бұл заттарды әзірлеу үшін еңбектің әлдеқайда көп мөлшері талап етілетін болды, сондықтан рынокқа жеткізілген бұл заттар еңбектің көбірек мөлшерінің бағасы бойынша сатылуға немесе айырбасқа түсуге тиіс болды» (II том, 156-бет) [Орысша аудармасы, I том, 218—219-беттер].

Бұл арадағы қате тек *баға* деген сөзде ғана.

#### [5] СМИТТИҢ РЕНТАНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛІ ҚОҒАМДЫҚ ТАПТАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ БАҒА БЕРУІ]

*Тараудың қорытындысы.* А. Смит өзінің рента туралы тарауын мынадай ескертпемен аяқтайды:

«қоғам жағдайының қандай да болсын жақсаруында нақты жер рентасын тікелей немесе жанама түрде арттыру тенденциясы болады». «Өңделетін жерді ұлғайту әрі жақсарту бұған тікелей алып келеді. Жер меншікшісінің өнімдегі үлесі бұл өнім мөлшерінің артуына байланысты қалай

да артады» (II том, 157—158-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 219-бет]. «Қымбаттауы бастапқыда егіншілікті жақсартулардың кеңінен тарауының салдары болып табылатын, ал сонан соң оларды одан әрі дамытудың себебіне айналатын шикі өнімдердің нақты бағасының» артуы — мысалы, малдың бағасының артуы — біріншіден, жер меншікшісінің үлесінің нақты құны, ал екіншіден, сондай-ақ осы үлестің салыстырмалы мөлшерін де арттырады; өйткені «мұндай өнімнің нақты бағасы артқаннан кейін, оны өндіру үшін еңбек бұрынғыға қарағанда артық талап етілмейді. Демек, өнімнің бұрынғыға қарағандағы аз үлесі бұл еңбекті қозғалысқа келтіретін капиталдың орнын әдеттегі пайдамен толтыру үшін жеткілікті болып шығады. Бұдан кейін қалған өнімнің жер меншікшісінің үлесі болып табылатын бөлігі осы себепті бұрынғыға қарағанда бүкіл өнімнің көбірек бөлігін құрайтын болады» (II том, 158—159-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 219—220-беттер].

Рикардо неғұрлым құнарлы егістіктерден алынатын астықтың қымбаттауы кезінде рента үлесінің артуын дәл осындай әдіспен түсіндіреді. Бірақ бұл қымбаттау егіншіліктің жақсаруынан болмайды, сондықтан да Рикардо Смит жасап отырған тұжырымға қарама-қарсы тұжырымға келеді.

Смит сонан соң өнеркәсіптегі еңбектің өндіргіш күшінің қандай да болсын дамуы жер меншікшісіне табыс келтіретінін көрсетеді:

«Бірінші топтағы \* өнімдердің нақты бағасын төмендететіндердің бәрі екінші топтағы \*\* өнімдердің нақты бағасын арттырады». Одан әрі, қоғамның нақты байлығы артқан сайын халық та көбейіп отырады, халықтың көбеюіне байланысты ауыл шаруашылық өнімдеріне де сұраным өсе түседі, ал осы арқылы ауыл шаруашылығына жұмсалған капитал да өседі, ал өнім артқан сайын рента да өсе түседі». Керісінше, қоғам байлығының өсуін тежейтін қарама-қарсы жағдайлардың барлығы рентаның құлдырап кетуіне, ал осы себепті жер меншікшісінің нақты байлығының кемуіне де әкеп соғады (II том, 159—160-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 220-бет].

Осыдан келіп Смит лендлордтардың (жер меншікшілерінің) мүддесі «бүкіл қоғамның мүддесімен» әрдайым үйлесіп жатады деген қорытынды жасайды. Смиттің айтуынша, бүкіл қоғамның мүддесімен *жұмысшылардың* мүддесі де үйлесіп жатады (II том, 161—162-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 221-бет]. Бірақ Смиттің адалдығы соншалық, бұл арада саралап, анықтап береді:

«Жер меншікшілері табы оларға» (жұмысшыларға) «қарағанда қоғамның гүлденіп көркеюінен, тегінде, көбірек ұтып шығады, бірақ қоғамның құлдырауынан бірде-бір тап жұмысшы табының шеккеніндей зардап шекпейді» (II том, 162-бет) [Орысша аудармасы, I том, 221-бет].

Керісінше, капиталистердің (өнеркәсіпшілердің және саудагерлердің) мүдделері

\* — өнеркәсіп өнімдері. Ред.

\*\* — ауыл шаруашылығы өнімдері. Ред.

«бүкіл қоғамның мүддесімен» (II том, 163-бет) [Орысша аудармасы, I том, 222-бет] сай келмейді. «Сауданың немесе өнеркәсіптің қайсыбір саласында өз капиталын қолданатындардың және мүдделері қайсыбір тұрғыдан алып қарағанда да қоғамның мүдделерінен *әрдайым ерекше* және тіпті оларға *қарама-қарсы* болады» (II том, 164—165-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 222-бет]. «...[Мұның өзі] мүдделері [636] қоғамның мүдделерімен еш уақытта дәлме-дәл сай келмейтін адамдардың — әдетте қоғамды алдауға және тіпті оны езуге мүдделі болатын және сондықтан да оны жиі алдап келген және өзін келген адамдардың табы» (II том, 165-бет) [Орысша аудармасы, I том, 222-бет]<sup>100</sup>. [636]



[ОН БЕСІНШІ ТАРАУ]

## РИКАРДОНЫҢ ҚОСЫМША ҚҰН ТЕОРИЯСЫ

[А. РИКАРДОНЫҢ ҚОСЫМША ҚҰН ТУРАЛЫ  
ТҮСІНІКТЕРІНІҢ ОНЫҢ ПАЙДА МЕН РЕНТА  
ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ][1) ҚОСЫМША ҚҰН ЗАҢДАРЫНЫҢ РИКАРДОДА ПАЙДА  
ЗАҢДАРЫМЕН ШАТАСТЫРЫЛУЫ]

[636] Рикардо *қосымша құнды* оның ерекше формалары — пайда (процент) мен рентадан еш жерде оқшау және жеке алып қарастырмайды. Сондықтан да оның капиталдың табиғи құрылымы туралы сондай іргелі маңызы бар пайымдаулары капиталдың табиғи құрылымындағы айырмашылықтармен, әрі бұл айырмашылықтардың айналым процесінен туындайтын (негізгі капитал және айналмалы капитал) түріндегідей А. Смитпен ауысқан (дәлірек айтқанда — физиократтардан ауысқан) айырмашылықтармен шектеледі, — соның өзінде Рикардо еш жерде өндіріс процесінің өз ішіндегі капиталдың табиғи құрылымындағы айырмашылықтарға жапаспайды, немесе бұл айырмашылықтарды ол тіпті білмейді де. Осыдан келіп ол *құн мен шығын бағасын* шатастырады, рентаның қате теориясына, пайда нормасының артуы мен төмендеуінің себебі және т. т. жөнінде қате заңдарға ұрынады.

Авансылапқан капитал жалақыға тікелей жұмсалған капиталмен тең болғандықтан ғана пайда мен қосымша құн тең болады. (Рентадың бұл арада қатысы жоқ, өйткені капиталист кейін қосымша құнның қандай үлестерін өзінің сыбайластарына беруіне тура келсе де, ол оны әуелде толығымен иемденеді. Өйткені Рикардоның өзінде де рента пайданың оқшау, бөлініп шыққан бөлігі ретінде келтірілгеніндей.) Сондықтан Рикардо өзінің пайда мен жалақы туралы пайымдауларында капиталдың жалақыға жұмсалмайтын тұрақты бөлігінен ауытқиды. Ол істі бүкіл капитал тікелей жалақыға жұмсалады-мыс деген тұрғыдан қарастырады. Демек, ол өзінің қарастыратын нәрсесі етіп *пайданы емес, қосымша құнды* алып *отырғандықан да, осы себепті* Рикардодағы қосымша құн теориясы туралы айтуға болады. Бірақ, екінші

жағынан, ол пайданың өзін қарастырып отырмын деп ойлайды, сондықтан шынында да оның айтуында барлық жерде қосымша құнның емес, пайданың алғы шартынан туатын көзқарас көрініп отырады. Қосымша құн заңын дұрыс баяндайтын жерде Рикардо оларды тікелей пайда заңы деп тұжырымдауы арқылы бұрмалайды. Екінші жағынан, ол пайда заңдары тікелей, аралық буындарсыз-ақ, қосымша құн заңдары деп көрсеткісі келеді.

Біз Рикардоның қосымша құн теориясы туралы айтқанда, онда біз, демек, оның пайда теориясы туралы айтатын боламыз, өйткені ол пайданы қосымша құнмен шатастырады, яғни пайданы өзгермелі капиталға, капиталдың жалақыға жұмсалатын бөлігіне қатысы жөнінен ғана қарастырады. Рикардоның қосымша құннан өзгеше пайда туралы айтатынын біз кейінірек талдаймыз.

Қосымша құнды өзгермелі капиталға, тікелей жалақыға жұмсалатын капиталға қатысы жөнінен ғана қарастыруға болатын жағдайдың, — ал қосымша құнды білмейінше, пайданың ешқандай да теориясы мүмкін емес, — бұл жағдайдың істің мәнінің өзіне сай келетіндігі соншалық, Рикардо бүкіл капиталды өзгермелі капитал деп қарастырады да, тұрақты капиталды ол кей жерлерде авансыланатын шығын формасында ауызға алынса да, тұрақты капиталдан *ауытқиды*.

[637] Рикардо (26-тарау — *«Жалпы және таза кіріс туралы»*) осы

*«пайдалар қолданылатын еңбектің мөлшеріне емес, капиталға пропорциялы болатын сауда мен өнеркәсіп салалары туралы айтады»* (цитат алынған шығарма, 418-бет) [Орысша аудармасы, I том, 286-бет].

Рикардоның орта пайда туралы (оның рента туралы теориясы осыған негізделеді) бүкіл ілімі пайдалар «қолданылатын еңбектің мөлшеріне емес, капиталға пропорциялы» болады деген тұжырымға саймағанда неменеге саяды? Егер олар «қолданылатын еңбектің мөлшеріне пропорциялы» болса, онда тең капиталдар тіпті де *тең емес* пайдалар берер еді, өйткені олардың пайдасы өздерінің саласында өндірілетін қосымша құнға теңелер еді, ал соңғысы жалпы алғандағы капиталдың мөлшеріне емес, өзгермелі капиталдың мөлшеріне немесе «қолданылатын еңбектің мөлшеріне» тәуелді болады. Сонымен, капиталдың қайсыбір ерекше қолдануына ғана, *өндірістің ерекше салаларына* ғана, ерекшелік ретінде, мынадай жағдай: олардағы пайдалар қолданылған еңбектің мөлшеріне емес, жұмсалған капиталдың мөлшеріне пропорциялы болатын жағдай тән болады-мыс деп қалайша тұжырымдауға болады? Қосымша құнның белгілі бір нормасы кезінде белгілі бір капиталға келетін қосымша құнның массасы әрдайым капиталдың абсолютті мөлшеріне емес, қолданылатын еңбектің мөлшеріне тәуелді болуға тиіс. Екінші жағынан, пайданың белгілі бір орташа нормасы кезінде пайданың массасы әрдайым қолданы-

латын еңбектің мөлшеріне емес, қолданылатын капиталдың мөлшеріне тәуелді болуға тиіс.

Рикардо мынадай салалар туралы тиянақтап айтады:

«су транспорты, шалғайдағы елдермен жүргізілетін сыртқы сауда және қымбат тұратын машина жабдықтары талап етілетін салалар» (418-бет) [Орысша аудармасы, I том, 286-бет].

Мұның мәнісі: ол біршама көп тұрақты капитал мен біршама аз өзгермелі капитал қолданылатын салалар туралы айтып отыр. Бұлар сонымен бірге басқаларымен салыстырғанда авансыланған капиталдың *жалпы массасы* көп болатын салалар, басқаша айтқанда — *ірі капиталдардың* көмегімен ғана іс жүргізуге болатын салалар. Пайданың белгілі бір нормасы кезінде пайданың массасы жалпы алғанда авансыланған капиталдардың *мөлшеріне* тәуелді болады. Бірақ мұның өзі шағын капиталдар қолданылатын салалармен салыстырғанда, көбірек капитал мен қыруар тұрақты капитал (бірі екіншісімен әрқашан байланысты) қолданылатын салалардың әсте де ерекше бөлгісі болып табылмайды, қайта көлемдері бірдей капиталдар көлемдері бірдей пайда келтіреді және, демек, аз капиталға қарағанда көп капитал көбірек пайда келтіреді деген қағиданың бір белгісі ғана болып табылады. Мұның «қолданылатын еңбектің мөлшеріне» ешқандай да қатысы жоқ. Бірақ жалпы алғанда пайда нормасы көп пе немесе аз ба, — бұл шынында да бүкіл капиталистер табының капиталы арқылы қолданылатын еңбектің жиынтық мөлшеріне, қолданылатын *ақысы төленбеген* еңбектің салыстырмалы мөлшеріне және, ақырында, еңбекке жұмсалған капитал мен өндіріс шарты ретінде не бары ұдайы өндірілетін капиталдың арақатынасына тәуелді болады.

А. Смиттің сыртқы саудадағы пайданың неғұрлым жоғары нормасы, «көйде жекелеген көпестер сыртқы саудадан алатын мол пайда елдегі жалпы пайда нормасын арттырады» деген көзқарасына қарсы Рикардо өзі дау айтады. Рикардо былай дейді:

«Пайдалардың теңдігі пайдалардың жалпы арттырылуы арқылы қалыптасады деп тұжырымдап жүр; мен болсам ерекше қолайлы жағдайларда болатын салалардың пайдасы жалпы деңгейге дейін тез түседі деген пікірді ұстанамын» (7-ші тарау — «*Сыртқы сауда туралы*», 132—133-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 113-бет].

Рикардонның *теңестіруге қарамастан* төтенше пайдалар (егер олар рыноктағы бағаның құннан жоғары көтерілуімен алынбаса) жалпы пайда нормасын арттырмайды деген көзқарасы қаншалықты дұрыс; одан әрі, оның сыртқы сауда мен рынокты ұлғайту пайданың нормасын арттыра алмайды деген көзқарасы қаншалықты дұрыс, мұны біз кейінірек көреміз\*. Ал егер оның көзқа-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 455—457 және 492—493-беттер. Ред.

расының дұрыстығын мойындасақ, егер жалпы алғанда «пайдалардың теңдігін» мойындасақ, онда ол қалайша «пайдалар капиталға *пропорциялы* болатын» салалар мен пайдалар «қолданылатын еңбектің мөлшеріне пропорциялы болатын» басқа салалардың арасындағы айырмашылықты қалайша ажырата алады?

Жоғарыда цитат келтірілген «*Жалпы және таза кіріс туралы*» 26-тарауда Рикардо былай дейді:

«Менің ойымша, рентаның табиғатының өзінен-ақ кез келген жердегі өңдеуге ең соңғы кезекте келіп түскенінен басқа жердегі егіншілікте қолданылған кез келген бір капитал өнеркәсіп пен саудада қолданылған тең мөлшерлі капиталға қарағанда, еңбектің көбірек мөлшерін қозғалысқа келтіреді» (419-бет) [Орысша аудармасы, I том, 286-бет].

Бұл сөйлем түгелдей мағынасыз. Біріншіден, өңдеуге соңғы кезекте түскен жерде — Рикардоның пікірі бойынша — жердің басқа учаскелерінің бәріне қарағанда еңбектің көбірек мөлшері қолданылады ғой. Оның пікірі бойынша, басқа учаскерлерде рента нақ осы себепті пайда болады. Сонда мұндай жағдайда белгілі бір капитал, өңдеуге соңғы кезекте түскен жерден *басқа* барлық жерлерде, өнеркәсіптегі және саудадағыға қарағанда еңбектің көбірек мөлшерін қозғалысқа келтіре алатыны қалайша мүмкін болмақ? Жақсы жерлер өнімінің өзінің *жекелей* құнынап *асып түсетін*, сол жерлерді өңдеуге жұмсалған капиталға қолданылған еңбектің мөлшерінен туындайтын *рыноктық құны* болатын жағдай,— бұл жағдай сол капиталдың «өнеркәсіпте және саудада қолданылған тең мөлшерлі капиталға қарағанда еңбектің көбірек мөлшерін қозғалысқа келтіретінімен» қалайша теңбе-тең болмақшы? Бірақ, әрине, егер Рикардо былай десе: жерлердің құнарлылығындағы айырмашылықтардан басқа — рента жалпы алғанда капиталдың тұрақты бөлігіне қатынасы жөнінен егіншілік емес өндірістегі орташа капиталмен салыстырғанда егіншілік капиталы еңбектің көбірек мөлшерін қозғалысқа келтіруі арқылы пайда болады десе дұрыс болар еді.

[638] *Белгілі бір қосымша құн болғанда* пайданы арттырып немесе төмендетіп жіберетін, жалпы алғанда оған әсер ететін себептердің болатынын Рикардо ескермейді. Рикардо қосымша құнды пайдамен теңестіретіндіктен, ол пайда нормасының артуы мен құлдырауы қосымша құн нормасын арттыратын немесе құлдырататын жағдайларға ғана байланысты болады деп дәлелдегісі келгенде оның пікірі дәйекті болып шығады. Оған әрі ол, егер қосымша құнның белгілі бір массасы кезінде *пайданың* массасына әсер етпегенімен *пайда нормасына әсер* ететін жағдайларды елемесек, онда пайда нормасы әсте де *қосымша құн нормасына* емес, *қосымша құн массасына* тәуелді болатынын ескермейді. Егер қосымша құнның, қосымша еңбектің нормасы берілген болса, қосымша құнның массасы капиталдың табиғи құрылымы-

на, яғни белгілі бір құн капиталға, мысалы 100 ф. стерлингке жалдап алынатын жұмысшылардың санына тәуелді болады. Капиталдың белгілі бір табиғи құрылымы кезіндегі қосымша құнның массасы қосымша құнның нормасына тәуелді болады. Демек, ол екі фактормен: бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылардың санымен және қосымша құн нормасымен анықталады. Егер капитал ұлғаятып болса, одан оның табиғи құрылымы қандай болса да, — капиталдың ұлғайтылуына қарамастан, оның табиғи құрылымы өзгеріссіз қалады деп жорамалдаған кезде, — қосымша құнның массасы арта түседі. Бірақ бұл, құны белгілі бір шамадағы, мысалы 100 олшем капитал үшін қосымша құн массасының өзгеріссіз қалатынында ештеңені де өзгертпейді. Егер мұндай жағдайда ол 10-ға тең болса, онда 1 000 үшін ол 100 болады, бірақ бұдан пропорция өзгермейді.

{Рикардо былай деп жазады:

*«Шаруашылықтың бір саласының өзінде пайданың екі нормасы болуы мүмкін емес; сондықтан, егер өнімнің құны капиталға қатысты әр түрлі болса, онда пайда емес, жер рентасы әр түрлі болады» (212—213-беттер) (12-ші тарау — «Жерге салынатын салық»)* [Орысша аудармасы, I том, 159-бет].

Бұл «шаруашылықтың бір саласының өзіндегі» пайданың қалыпты деңгейіне ғана қатысты болады. Жалпы алғанда бұл бұрын цитатқа келтірілген \* мына қағидаға тікелей қайшы келеді:

*«Барлық товарлардың айырбас құны, мейлі ол оперкәсіп бұйымдары, рудниктердің өнімі немесе ауыл шаруашылығының өнімі болса да, ерекше тиімді жағдаймен пайдаланатындардың ғана қолы жететін неғұрлым қолайлы жағдайда оларды өндіруге жеткілікті еңбектің ең аз мөлшерімен еш уақытта белгіленбейді; керісінше, ол мұндай артықшылықтары жоқ, өндірісті ең қолайсыз жағдайларда жалғастырып жатқандар оларды өндіруге қажетті түрде жұмсайтын еңбектің ең көп мөлшерімен белгіленеді; ал ең қолайсыз жағдай деп өнімнің қажет мөлшері өндірілуі үшін өндірісті жалғастыру қажет болған жағдайлардың ішіндегі ең қолайсызын түсіну керек» (2-тарау — «Рента туралы» (60—61-беттер)* [Орысша аудармасы, I том, 69-бет].

12-ші тарауда — *«Жерге салынатын салық»* — Рикардо, айтар болсақ, Сэйге қарсы мынадай қарсылық білдіреді, — бұл арада да біз ағылшынның экономикалық айырмашылықтарды әрқашан да қалай сергек қабылдайтынын, ал континенттің тұрғыны оларды үнемі қалай ұмытып кететінін көріп отырмыз:

*«Сэй мырзаның болжамына сәйкес, [өзі келтірген мысалда] «жер меншікшісі өзінің еңбек сүйгіштігінің, ұқыптылығының және шеберлігінің арқасында жылдық кірісін 5 000 франк арттырады». Бірақ жер меншікшісі өз қарауындағы жерде, егер ол жерде оның өзі шаруашылық жүргізбесе, өзінің еңбек сүйгіштігін, ұқыптылығы мен шеберлігін қолдануына мүмкіндігі болмайды ғой; ал егер жер меншікшісі өзінің шаруашылығын өзі жүр-*

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 209 және 325-беттер. *Ред.*

іссе, онда ол жақсартуды жер меншікшісі ретінде емес, капиталист пен фермер ретінде жүргізер еді. Ол өз фермасының өнімін осы фермада қолданылатын капиталдың мөлшерін алдын ала арттырмастан-ақ қандай да болсын ерекше шеберлігі арқылы осыншалықты деңгейге дейін арттырады деп ойлауға келмейді» {демек, «шеберлік» жөніндегі мәселе де осындай, өйткені мұның өзі қалай болғанда да бос мылжын}» (209-бет) [Орысша аудармасы, I том, 157-бет].

13-ші тарауда — «Алтынға салынатын салықтар» (Рикардоның ақша теориясы үшін бұл тарау маңызды) — Рикардо *рыноқтағы бағаға және табиғи бағаға* қатысты кейбір толықтырулар жасайды немесе оларды анықтай түседі. Олар мынаған келіп саяды: бағаның екеуінің тез немесе баяу тежелуі шаруашылықтың сол саласында ұсынымның тез немесе баяу арттырылуына немесе кемітілуіне жол берілетін-берілмейтіндігіне тәуелді болады, ал мұның өзі, өз кезегінде, капиталдардың қарастырылып отырған салаға *тез немесе баяу келуін* немесе одан *кетуін* білдіреді. Рикардоның жер рентасы туралы пайымдаулары жөнінде жан-жақтан (Сисмонди және басқалары) мынадай кінәлар — ол көбірек негізгі капиталды және т. б. қолданатын арендатор үшін *капиталдың алынып қойылуынан* болатын қиыншылықтарды аңғармай қалады деген кінәлар тағылды. (1815—1830 жылдардағы Англия тарихы мұны *барынша* дәлелдейді). Бұлайша кінәлау қаншалық әділ болғанымен, оның теорияға *ешқандай* да қатысы жоқ, оған мүлде маңайламайды, өйткені бұл арада әңгіме экономикалық заңның үлкен немесе кіші дәрежесі туралы, неғұрлым тез немесе неғұрлым баяу ықпалы туралы ғана болып отыр. Алайда, жаңа жерге жаңа капитал жұмсауға қатысты қарама-қарсы кінәлауға келгенде, мәселе мүлде басқаша. Рикардо соңғысы жер меншікшісінің араласуыңызсыз-ақ болуы мүмкін, капитал бұл арада өзінің қозғалысы [639] кедергіге кездеспейтін ортада әрекет етеді деп ойлайды. Бұл, алайда, *түп-тамырымен қате*. Бұл алғы шартты дәлелдеу үшін, ол капиталистік өндіріс пен жер меншігі дамыған жерде орын алатынын дәлелдеу үшін Рикардо әрдайым жер меншігі — не іс жүзінде, не заң жүзінде — *болмайтын* және ең болмағанда егіншіліктің өзінде капиталистік өндіріс *әлі де дамымаған* жағдайларды ойға алады.

Рикардоның қазір ғана еске алынған рыноқтағы және табиғи бағалар жөніндегі қағидаларына келетін болсақ, онда ол былай болып шығады:

«Товарларға салынатын салықтың немесе оларды өндірудегі арта түсіп отырған қиындықтардың салдарынан түптеп келгенде олардың бағасы әрқашан арта түседі; бірақ рыноқтағы баға табиғи бағамен сәйкес келгенше қанша уақыт өтетіні қалайда сол товардың табиғатына және оның мөлшерін қаншалық оңай кемітуге болатынына байланысты. Егер салық салынған товардың мөлшерін кемітуге болмайтын болса, егер басқа салаларға орналастыру үшін, мысалы, фермердің немесе қалпақ шығаратын фабриканттың капиталын алып қоюға болмайтын болса, онда олардың

пайдасының салық салынғаннан жалпы деңгейден төмен құлдырауының ешқандай зардабы болмас еді. Егер олардың товарына деген сұраным өспейтін болса болғаны, фермер мен қалпақ шығаратын фабрикант астық пен қалпақтың рыноктағы бағасын бұл товарлардың өсе түсіп отырған табиғи бағасының дәрежесіне дейін арттыра алмас еді. Олардың өз кесібіні тастап кетіп, капиталдарын неғұрлым қолайлы жағдайлардағы салаларға көшірмекші болып қорқытуына жүзеге асыруға келмейтін, әншейін қорқыту ғана деп қарауға болар еді; сондықтан товардың мұндай түрінің бағасын өндірісті қысқарту жолымен арттыруға болмас еді. Алайда іс жүзінде *кез келген товарды мөлшері жөнінен кемітуге болады және капиталды біркелкі жылдамдықпен болмаса да, пайдасы аз салалардан неғұрлым пайдалы салаларға орналастыруға болады*. Белгілі бір товардың ұсынымы өндіруші үшін зиянсыз шектеуге неғұрлым оңай келетін болса, оны өндірудің қиындығы салынатын салықтың салдарынан немесе қандай да болсын басқа себеппен өсе түскеннен кейін оның бағасы соғұрлым тез артады» (214—215-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 160-бет].

«Барлық товарлардың рыноктағы және табиғи бағасының арасындағы сәйкестіктің белгіленуі белгілі бір товардың ұсынымын қайткенде оңай арттыру немесе кемітуге мүмкін екеніне байланысты болады. Біз, басқа да көптеген заттар сияқты, алтынды, үйлерді және еңбекті алған жағдайда бұл нәтижеге, белгілі жағдайлар болғанда, қысқа мерзімде жетуіміз мүмкін емес. Бірақ, мысалы, қалпақ, аяқкиім, астық және киім сияқты жыл сайын тұтынылатын және жаңадан өндірілетін товарларға келгенде істің жайы басқаша. Мұндай товарлардың ұсынымы, қажет болған жағдайда, кемітілуі мүмкін, сондықтан оларды өндіруге жұмсалған шығынның өсе түсуіне сәйкес оның қысқартылуы үшін ұзақ мерзім қажет болмайды» (220—221-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 164-бет].

## [2) ПАЙДА НОРМАСЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ӘР ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРЫ]

Сол 13-ші тарауда — «*Алтынға салынатын салықтар*» — Рикардо былай дейді:

«*Рента байлықтың жасаған туындысы емес, оның тек орын ауыстыруы ғана*» (221-бет) [Орысша аудармасы, I том, 165-бет].

Ал пайданы байлық жасай ма және ол бұдан да гөрі қосымша еңбектің жұмысшыдан капиталиске ауысуы болып табылмай ма? Жалақыға келетін болсақ, ол да іс жүзінде байлықтың жасағаны емес, бірақ ол байлықтың орын ауыстыруы да емес. Ол осы өнімді өндірушілер еңбегі өнімінің бір бөлігін иемдену болып табылады.

Нақ сол тарауда Рикардо былай дейді:

«*Жер бетінен алынатын шикі өнімдерге салынатын салық тұтынушыға түседі... сөйтіп, рентаны тіпті де қозғамайды. Егер бұл салық еңбекті ұстауға кететін қорды кеміте отырып, жалақыны төмендетсе, халықтың санын қысқартса және астыққа деген сұранымды кемітсе, осы ретте ғана рентаның өзгеріске ұшырауы мүмкін*» (221-бет) [Орысша аудармасы, I том, 164-бет].

Рикардоның «жер бетінен алынатын шикі өнімдерге салынатын салық» жер меншікшісіне де, арендаторға да түспейді, қайта тұтынушыға түседі деп тұжырымдауы дұрыс па, — бұл арада біз оған ден қоймаймыз. Бірақ мен былай деймін: егер оныкі дұрыс

болса, мұндай салық *рентаны көтеруі* мүмкін, ал Рикардо болса бұл салық тіршілік құралдарын және т. т. қымбаттата отырып, капиталды, халықтың санын және астыққа деген сұранымды кеміткеннен басқа жағдайда оны қозғамайды, — деп ойлайды. Мәселе мынада: Рикардоның түсінуінше, шикі өнімнің қымбаттауы жұмысшылар тұтынатын *тіршілік құралдарын* қымбаттататындықтан ғана *пайда нормасына* әсер етеді-міс. Бұл арада дұрысы сол, *шикі өнімдердің* қымбаттауы *қосымша құн нормасына*, осы себептен *қосымша құнның* өзіне де, демек, *осының салдарынан* пайда нормасына да осы жолмен ғана әсер етуі мүмкін. Бірақ осындай *қосымша құн* кезінде «жер бетінен алынатын шикі өнімдердің» қымбаттауы өзгермелі капиталмен салыстырғанда, тұрақты капиталдың құнын *арттырар еді*, тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қатынасын *арттырар еді*, сондықтан да *пайда нормасын* төмендетер еді, демек, *рентаны* арттырар еді. Рикардо мынадай көзқарасқа сүйенеді: [640] *шикі өнімнің* қымбаттауы немесе арзандауы жалақыға әсер етпейтін болғандықтан, ол пайдаға да әсер етпейді; өйткені, — деп пайымдайды ол {біз кейінірек қайта оралатын бір жерінен басқа \*}, — авансыланған капиталдың құны түсіп кете ме немесе арта ма, бұған қарамастан пайда нормасы бұрынғысынша қала береді. Сонымен, егер авансыланған капитал құны жөнінен осетін болса, онда өнім де құны жөнінен өседі, сондай-ақ қосымша өнімді, яғни пайданы құрайтын өнімнің бөлігі де өседі. Авансыланған капиталдың құны құлдыраған жағдайда көрісінше болады. Мұның өзі шикізаттың қымбаттауы салдарынан ба, салынған салықтың немесе басқа да себептердің салдарынан ба, өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың құны *бірдей пропорцияда* өзгерген ретте ғана дұрыс болады. Бұл ретте пайда нормасы бұрынғысынша қалады, өйткені капиталдың табиғи құрылымында ешқандай да өзгеріс болған жоқ. Тіпті бұл ретте де уақытша сипаттағы өзгерулер кезінде, атап айтқанда — шикі өнім қымбаттаса да немесе арзандаса да, жалақы өзгеріссіз қалады деген *болжамға* келу қажет болады (сонымен, жалақы осы, өзгеріссіз құн болғанда, оның тұтыну құны арта ма немесе құлдырап кете ме, бұған тәуелді болмай, өзгеріссіз күйінде қалады).

Мынадай жағдайлар болуы мүмкін.

Ең алдымен, басты-басты екі айырмашылық.

А) *Өндіріс әдісінің өзгеруі* салдарынан, қолданылатын тұрақты және өзгермелі капитал массаларының арасындағы *арақатынас* өзгереді. Бұл ретте егер жалақы өзінің құны жөнінен тұрақты деп жорамалданса, қосымша құн нормасы бұрынғы күйінде қалады. Бірақ сол бір капиталмен қолданылатын жұмысшылар саны өзгерген кезде, яғни өзгермелі капиталдың мөлшері өзгергенде, қосымша құнның өзі өзгеріске ұшырайды. Егер өндіріс

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 450—451-беттер. *Ред.*



әдісіндегі өзгерістер нәтижесінде тұрақты капиталдың мөлшері салыстырмалы тұрғыда құлдырап кететін болса, онда қосымша құн өседі, демек, пайда нормасы да өсе түседі. Керісінше болған ретте нәтижесі де керісінше болады.

Бұл арада өзгермелі және тұрақты капиталдың *pro tanto*\* мысалы 100 [заттай] өлшеміне [келетін] құн әрқашан *сол қалпында* қалады деп болжанады.

Бұл ретте ондіріс әдісіндегі өзгерістің тұрақты капиталға да, өзгермелі капиталға да бірдей мөлшерде әсер етуі мүмкін емес, яғни тұрақты капитал мен өзгермелі капитал — [оларға кіретін товарлардың] құнының өзгеруіне — мысалы, бірдей мөлшерде артуға не кемуге тиіс болуы мүмкін емес. Өйткені тұрақты және өзгермелі капиталдың кемітілу және арттырылу қажеттігі бұл арада әрдайым еңбек өнімділігінің өзгеруіне байланысты болады. Өндіріс әдісіндегі өзгеріс тұрақты және өзгермелі капиталға бірдей емес, *түрліше* әсер етеді, мұның өзі көп немесе аз капитал — *капиталдың осы табиғи құрылымы* негізінде — қолданылуы тиіс пе, бұған ешқандай байланысты болмайды.

*B) Өндіріс әдісі өзгеріссіз қалады. Тұрақты және өзгермелі капиталдың салыстырмалы массалары өзгермеген жағдайда олардың арасындағы арақатынастағы өзгеріс* (өйткені бұлардың қайсысы болса да жиынтық капиталдың бұрынғыдай үлесін құрайды) тұрақты немесе өзгермелі капиталға кіретін товарлар *құнының өзгеруі* нәтижесінде болады.

Бұл арада мынадай жағдайлар болуы мүмкін:

[1] Тұрақты капиталдың құны өзгермейді; өзгермелі капиталдың құны артады немесе құлдырап кетеді. Мұның өзі әрдайым қосымша құннан, ал осының нәтижесінде пайда нормасынан да көрінер еді.

[2] Өзгермелі капиталдың құны өзгермейді; тұрақты капиталдың құны артады немесе құлдырап кетеді. Онда бірінші жағдайда пайда нормасы құлдырап кетер еді де, екіншісінде — арта түсер еді.

[3] Егер тұрақты капиталдың құны мен өзгермелі капиталдың құны бір мезгілде құлдырап кетсе, бірақ мұның өзі бірдей пропорцияда болмаса, онда біреуінің құны екіншісінің құшына қарағанда әрдайым не артады, не құлдырап кетеді.

[4] Тұрақты капиталдың құны мен өзгермелі капиталдың құны — екеуінің құны артқан жағдайда да, олар құлдырап кеткен жағдайда да — *бірдей* пропорцияда өзгереді. Егер екі құн да артса, онда пайда нормасы құлдырайды, бірақ ол тұрақты капитал құнының артуы себепті емес, қайта өзгермелі капитал құнының *артуы* себепті болады және осының салдарынан қосымша құн құлдырайды (өйткені өзгермелі капитал, бұрынғыдай, немесе, бәлкім, жұмысшылардың тіпті кемірек мөлшерін қозғалысқа кел-

\* — соншалықты мөлшерде, тиісінше. *Ред.*

тірсе де, өзгермелі капиталдың құны ғана арта түседі ғой). Егер капиталдың табиғи екі құрамдас бөлігінің де құны құлдырап кететін болса, онда пайда нормасы артады, бірақ тұрақты капитал құнының құлдырауы себепті емес, қайта өзгермелі капиталдың (құны жөнінен) құлдырауы, демек, қосымша құн өсуі себепті артады.

*С) Өндіріс әдісіндегі өзгеріс және тұрақты немесе өзгермелі капиталды құрайтын элементтердің құнындағы өзгеріс.*

Бұл арада егер, мысалы, тұрақты капиталдың құны не құлдырап кетсе, не өзгеріссіз қалатын болса (демек, әрбір 100 [заттай] олшемге де *pro tanto* құлдырап кетсе), немесе, егер тұрақты капиталдың массасы құлдырап кетсе, ал оның құны не өзгеріссіз қалатын болса (демек, *pro tanto* артса), немесе — [мысалы] оның массасы сол пропорцияда өсетін болса, бір өзгеріс екіншісін болдырмауы мүмкін. Бұл соңғы ретте капиталдың табиғи құрылымында ешқандай да өзгеріс болмас еді. Пайда нормасы өзгеріссіз қалар еді. Бірақ, екіншілік капиталын қоспағанда тұрақты капиталдың массасы өзгермелі капиталға қатынасы жөнінен алғанда кемуі үшін, оның құны *осе түсін* отырған кезде мұндай жағдай еш жерде де болуы мүмкін емес.

Мұндай бір өзгерістің екіншісін болдырмайтын әрекеті өзгермелі капитал үшін (нақты жалақы өзгермеген жағдайда) мүмкін емес.

Демек, жоғарыда аталған бір жағдайды қоспағанда өзгермелі капиталға қатынасы жөнінен алғанда, тұрақты капиталдың құны мен массасы бір мезгілде құлдырауы немесе артып кетуі ғана мүмкін; демек, тұрақты капиталдың құны өзгермелі капиталға қатынасы жөнінен алғанда сөзсіз артады немесе құлдырап кетеді. Бұл жағдай қаралғанды. Егер олар, бір мезгілде болса да, [641] бірақ түрлі пропорцияда құлдырап кететін немесе артатын болса, онда бұл — алғы шартқа сәйкес — әрқашан да тұрақты капиталдың құны өзгермелі капиталға қатынасы жөнінен алғанда артады немесе құлдырап кетеді дегенге келіп саяды.

Мұның өзі сондай-ақ басқа бір жағдайды да қамтиды. Өйткені егер тұрақты капиталдың массасы артатын болса, онда өзгермелі капиталдың массасы салыстырмалы түрде кемиді және бұған кепірінше болады. Құн жөнінен де мәселе дәл осылайша болып шығады. [641]

### [3] ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰНЫНДАҒЫ БІРІНЕ-БІРІ ҚАРАМА-ҚАРСЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНА ЫҚПАЛЫ]

[642] *С жағдайы жөнінде (640-бет)* мыналарды да айта кету қажет болады:

*Массасы жөнінен емес, құны жөнінен* жалақы артып, ал тұрақты капитал төмендеп кететін жағдай да болуы мүмкін. Егер

артып кету мен төмендеп кету екі басында да біріне-бірі сәйкес келсе, онда пайда нормасы өзгеріссіз қала алар еді. Егер, мысалы, тұрақты капитал 60 ф. стерлингке, жалақы 40 ф. стерлингке және қосымша құн нормасы 50 процентке тең болса, онда өнім 120 ф. стерлингке, ал пайда нормасы 20 процентке тең болады. Егер тұрақты капитал өзінің массасы ешқандай өзгеріссіз сақталып қалғанда, 40 ф. стерлингке дейін төмендейтін болса және егер жалақы 60 ф. стерлингке дейін артып, ал қосымша құн 50 проценттен  $33\frac{1}{3}$  процентке дейін төмендеп кетсе, онда өнім бұрынғысынша 120 ф. стерлингке тең, ал пайда нормасы 20 процентке тең болар еді. Бұл дұрыс емес.

Алғы шартқа сәйкес, еңбектің [нақты] қолданылған мөлшері арқылы жасалған жалпы құн 60 ф. стерлингке тең. Сондықтан егер жалақы 60 ф. стерлингке дейін артатын болса, онда қосымша құн, демек, пайда нормасы да, польго тең болар еді. Егер жалақы мұншалықты елеулі түрде артпаған болса, онда оның әрбір артуы қосымша құнды құлдыратып жіберер еді. Егер жалақы 50 ф. стерлингке дейін артатын болса, онда қосымша құн 10 ф. стерлингке тең болар еді; егер ол 45 ф. стерлингке дейін артатын болса, онда қосымша құн 15 ф. стерлингке тең болар еді және т. т. Демек, барлық жағдайлар кезінде қосымша құн мен пайда нормасы бірдей дәрежеде құлдырайды. Өйткені қосымша құн мен пайда нормасы бұл арада өзгеріссіз қалатын жиынтық капиталға шағылып есептеледі. Тең мөлшерлі капиталдар тұсында (бұл арада жиынтық капитал айтылып отыр) пайда нормасы қосымша құн нормасының артуына және құлдырап кетуіне емес, қосымша құнның абсолютті массасының артуына және құлдырап кетуіне байланысты қалайда артуға және құлдырап кетуге тиіс.

Егер жоғарыда келтірілген мысалда [тұрақты капитал зығыр болғанда және егер] бұл зығырдың бағасының құлдырағаны соншалықты, жұмысшылар саны сол күйінде қалғанда иірілген жіпке айналатын оның массасы 40 ф. стерлингке сатылып алынуы мүмкін болса, онда біз мыналарды көрер едік:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Авансыланған капитал	Пайда нормасы
40	50	10	100	90	11 $\frac{1}{9}$ процент

Бұл арада пайда нормасы 20 проценттен төмен түсіп кетер еді.

Егер тұрақты капиталдың құны 30 ф. стерлингке дейін төмендеп кетсе, онда біз мыналарды көрер едік:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Авансыланған капитал	Пайда нормасы
30	50	10	90	80	12 $\frac{1}{2}$ процент

Тұрақты капиталдың құны 20 ғ. стерлингке дейін төмендеп кетсе, біз мыналарды көрер едік:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Авансыланған капитал	Пайда нормасы
20	50	10	80	70	14 <sup>2</sup> / <sub>7</sub> процент

Өзіміз айтып отырған алғы шарт болғанда тұрақты капитал құнының құлдырауы өзгермелі капитал құнының артуын әрдайым ішінара ғана болдырмайды. Бұл алғы шарт тұсында тұрақты капитал құнының құлдырауы өзгермелі капитал құнының артуын толық болдырмай тастай алмайды, өйткені пайда нормасы 20 процентке тең болуы үшін 10 ғ. ст. қосымша құн барлық авансыланған капиталдың  $\frac{1}{5}$  бөлігін құрауға тиіс болар еді. Бірақ бұл ретте, өзгермелі капитал 50 ғ. стерлингке тең болғанда, мұның өзі егер тұрақты капитал 0-ге тең болса ғана мүмкін болар еді. Егер біз өзгермелі капитал 45 ғ. стерлингке дейін ғана артады деп санасақ, онда қосымша құн 15 ғ. ст. болады. Ал егер бұл ретте тұрақты капитал 30 ғ. стерлингке дейін құлдырап кетеді деп есептесек, онда біз мыналарды көрер едік:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Авансыланған капитал	Пайда нормасы
30	45	15	90	75	20 процент

Бұл ретте, демек, қозғалыстың екеуі де бірін-бірі мүлде болдырмай еді.

[643] Одан әрі, мынадай жағдайды алып қаралық:

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Авансыланған капитал	Пайда нормасы
20	45	15	80	65	23 <sup>1</sup> / <sub>13</sub> процент

Демек, бұл ретте, тіпті қосымша құн құлдырап кеткен кезде \* пайда нормасы тұрақты капитал құнының едәуір көп құлдырауы себепті арта түсер еді. Дәл сол 100 ғ. ст. капиталмен, жалақының арта түскеніне және қосымша құн нормасының құлдырағанына қарамастан, жұмысшыларды көбірек пайдалануға болар еді. Қосымша құн нормасының құлдырап кетуіне қарамастан, қосымша құнның өзі, ал сондықтан пайда да өсе түсер еді, өйткені жұмысшылар саны өсе түсер еді. Өйткені жоғарыда келтірілген  $20c + 45v$  бізге 100 ғ. ст. капитал жұмсалған кезде мынадай арақатынас береді:

\* —  $60c + 40v + 20m$  болатын бастапқы жағдаймен салыстырғанда. *Ред.*

Тұрақты капитал	Өзгермелі капитал	Қосымша құн	Өнімнің құны	Авансыланған капитал	Пайда нормасы
30 <sup>10</sup> / <sub>13</sub>	69 <sup>3</sup> / <sub>13</sub>	23 <sup>1</sup> / <sub>13</sub>	123 <sup>1</sup> / <sub>13</sub>	100	23 <sup>1</sup> / <sub>13</sub> процент

Қосымша құн нормасы мен жұмысшылардың сапы арасындағы арақатынастың бұл арада маңызы өте зор. Бұл арақатынасты Рикардо ешбір жерде қарастырмайды. [643]

\* \* \*

[641] Бір капиталдың *табиғи құрылымының* ішіндегі өзгеріс ретінде жоғарыда қарастырғанмыз *әр түрлі капиталдар* арасындағы, өндірістің түрлі салаларындағы капиталдар арасындағы *табиғи құрылымының* айырмашылығы ретінде де қолданылатыны өзінен-өзі түсінікті.

*Біріншіден:* бір капиталдың табиғи құрылымындағы өзгерістің орнына бізде *түрлі* капиталдардың *табиғи құрылымындағы* айырмашылықтар болады.

*Екіншіден:* бір капиталдың екі бөлігіндегі құнның өзгеруінен болған табиғи құрылымының өзгеруінің [орнына] бізде *капиталдар қолданатын шикізат пен машиналардың құнына* қатысты әр түрлі капиталдар арасындағы дәл осындай айырмашылық болады. Өзгермелі капитал үшін мұның күші болмайды, өйткені өндірістің түрлі салаларында жалақы тең болады деп есептеледі. Түрлі салалардағы түрліше жұмыс күндерінің *құнындағы* айырмашылықтың бұған ешқандай да қатысы жоқ. Егер зергердің еңбегі қара жұмысшының еңбегінен қымбат болса, онда зергердің қосымша жұмыс уақыты да қара жұмысшының қосымша жұмыс уақытына қарағанда осындай пропорцияда қымбат болады<sup>101</sup>. [641]

#### (4) РИКАРДОНЫҢ ПАЙДА ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ШЫҒЫН БАҒАСЫНЫҢ ҚҰНМЕН ШАТАСТЫРЫЛУЫ]

[641] 15-ші тарауда — «Пайдаға салынатын салық» — Рикардо былай дейді:

«Жалпы сән-салтанат заттары деп аталатын товарларға салынатын салықтар осы товарларды тұтынушыларға ғана түседі... Ал қажетті заттарға салынатын салықтар тұтынушылар тұтынатын заттардың мөлшеріне қарағанда анағұрлым жоғары пропорцияда тұтынушыларға түседі». Мысалы, астыққа салынған салық [фабрикантқа ол астықты қандай мөлшерде тұтынатынына ғана емес, астықтың қымбаттауы жалақыны қаншалық арттырса, соншалық мөлшерде түседі]. «Мұның өзі капиталға келетін пайда нормасын өзгертеді. Жалақыны арттыратының барлығы капиталға келетін пайданы кемітеді; сондықтан жұмысшылар тұтынатын товарларға салынатын кез келген салықтың пайда нормасын төмендету тенденциясы болады» (231-бет) [Орысша аудармасы, I том, 172-бет].

Тұтынушыларға салынған салық сопымен қатар, егер салықтың объектісі дара тұтынуға ғана емес, өндірістік тұтынуға да кіретін болса, немесе егер ол соңғысына ғана кіретін болса, өндірушілерге де салынатын салық болып табылады. Бірақ мұндай ретте бұл жұмысшылар тұтыпатын қажетті заттарға ғана қатысты болмайды. Бұл капиталистер өндірістік тұрғыдан тұтынатын барлық материалдарға қатысты. Мұндай әрбір салықтың пайда нормасын кемітетін себебі ол өзгермелі капиталға қатынасы жөнінен алғанда тұрақты капиталдың құнын арттырады.

Мысалы, зығырға немесе жүнге салылуға тиіс болатын салықты алып қаралық. [642] Онда зығырдың бағасы арта түседі. Осының нәтижесінде зығыр иіруші 100 капиталмен бұрынғыдай мөлшердегі зығырды жіп иіру үшін сатып ала алмайды. Өндіріс әдісі өзгермегендіктен, зығыр иірушіге бұрынғы мөлшердегі зығырды жіп қылып иіру үшін бұрынғыдай жұмысшы саны қажет болады. Бірақ жалақыға жұмсалатын капиталға қатынасы жөнінен алғанда, бұрынғыға қарағанда, енді зығырдың құны артық. Демек, пайда нормасы құлдырайды. Зығырдап иірілген жіптің бағасының артуы бұл орайда оған пайдалы болмайды. Бұл бағаның абсолютті жоғары болуы жалпы алғанда зығыр иіруші үшін бәрібір. Бүкіл мәселе онім бағасының аясыланған капиталдың бағасынан артық болуында. Егер зығыр иіруші бүкіл өнімнің бағасын зығырдың бағасы көтерілген мөлшерде ғана арттырып қоймай, сонымен қатар иірілген жіптің дәл сол мөлшері оған бұрынғыдай мөлшердегі пайда келтіретіндей шамада көтергісі келсе, онда жіп иіруге арналған шикізаттың бағасы артуының нәтижесінде-ақ азайған сұраным пайданы арттыруға бола онім бағасының жасанды жолмен арттырылуы салдарынан бұрынғыдан да көп төмендеп кетер еді. Орта есеппен, пайда нормасының берілгендігіне қарамастан, мұндай жағдайда бағаға бұл үстемені қосудың реті келмейді<sup>102</sup>. [642]

[643] Дәл сол 15-ші тарауда — «Пайдаға салынатын салықтар» — Рикардо былай дейді:

«Бұл еңбектің мұның алдындағы бөлімдерінің бірінде біз капиталдың негізгі және айналмалы, немесе, дәлірек айтқанда, ұзақ пайдаланылатын және өтпелі капиталға бөлінуінің товарлардың бағасына өтетін әсерін қарастырған едік. Біз екі фабриканың бірдей мөлшерде капитал қолдана алатынын және одан бірдей мөлшерде пайда ала алатынын, бірақ олар өздерінің товарларын өздері қолданған капиталдар тез немесе баяу тұтыныла ма және ұдайы өндіріле ме — соған байланысты мейлінше түрлі мөлшердегі ақша сомасына сататынын көрсеттік. Олардың біреуі өз товарларын 4 000 ф. стерлингке, ал екіншісі — 10 000 ф. стерлингке сатуы мүмкін, бірақ олардың әрқайсысы 10 000 ф. ст. капитал қолданады да, 20 процент пайда, яғни 2 000 ф. ст. алады. Біреуінің капиталы, мысалы, қайта өндірілуге тиісті. 2 000 ф. ст. айналмалы капиталдан және 8 000 ф. ст. негізгі капиталдан — үйлер мен машиналардан тұруы мүмкін; керісінше, екіншісінің капиталы 8 000 ф. ст. айналмалы капиталдан және не бары 2 000 негізгі капиталдан — машиналар мен үйлерден тұруы мүмкін. Егер енді бұл

капиталистердің әрқайсысына кірісінің 10 процентін құрайтын немесе 200 ф. ст. салық салынатын болса, онда біреуі *пайданың жалпы нормасын* алу үшін өз товарларының бағасын 10 000 ф. стерлингтен 10 200 ф. стерлингке дейін көтеруге тиіс болар еді; екіншісі де өз товарларының бағасын 4 000 ф. стерлингтен 4 200 ф. стерлингке дейін көтеруге тиіс болар еді. Салық салынғанға дейін бұл фабриканттардың біреуі сатқан товарлар екіншісінің товарына қарағанда  $2\frac{1}{2}$  есе қымбат тұрған; салық салынғаннан кейін олар 2, 42 есе қымбат болады. Бір тектес товарлар бағасы жөнінен 2 процент, ал екінші тектес товарлар 5 процент артты. Демек, кіріске салынатын салық, егер ақша өзінің бұрынғы құнын сақтайтын болса, товарлардың салыстырмалы бағасы мен құнын өзгертер еді» (234—235-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 174-бет].

Осы соңғы «мен» — «бағасы мен құнын» дегендерде қате бар. Бағалардың бұлай өзгеруі мынаны ғана дәлелдер еді — капиталдың негізгі капитал және айналмалы капитал болып тең бөлінбеуі кезіндегі сияқты — *жалпы пайда нормасы* орнатылуы үшін оның өзі анықтайтын, реттейтін бағалар немесе шығышның бағалары товарлардың *құнынан* едәуір өзгеше болуға тиіс, ал бұл аса маңызды көзқарас Рикардо үшін мүлдем жоқ.

Дәл сол тарауда Рикардо былай дейді:

«Егер елде салық болмаса және бұл орайда ақша құны жөнінен төмендеп кетер болса, онда әрбір рынокта оның мол болуы» {бұл арада Рикардоның ақша құнының түсіп кетуінен ақша әрбір рынокта мол болуға тиіс деген түсінігі кісі күлерліктей} [644] «әрбір товарға бірдей әсер етер еді. Егер ет өзінің бағасы жөнінен 20 процент артатын болса, онда нан, сыра, аяқкиім, еңбек және *кез келген басқа товар* да бағасы жөнінен 20 процент артар еді. Өндірістің барлық салаларындағы пайданың бірдей нормасын қамтамасыз ету үшін мұның осылай болуы қажет. Бірақ бұл товарлардың қайсы біреуіне салық салынған кезде мәселе басқаша болады; егер бұл ретте барлық товарларға қойылған бағалар ақша құнының түсіп кетуіне пропорциялы түрде артатын болса, онда *пайда бірдей болып шықпас еді*; салық салынған товарлар үшін *пайдалар жалпы деңгейден жоғары көтерілер еді*, сөйтіп, *пайдалардың тепе-теңдігі қалпына келмейінше*, капитал бір саладан екіншісіне ауысар еді, ал мұның өзі салыстырмалы бағалар өзгергеннен кейін ғана болуы мүмкін» (236—237-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 175-бет].

Ал пайдалардың бұл тепе-теңдігі жалпы алғанда товарлардың салыстырмалы *құндары*, *нақты құндары* өзгеріске ұшырайтын және бір-біріне бейімделетін, бейімделгенде өздерінің нақты құнына емес, олар келтіруге тиіс орташа пайдаға сай келетіндей болып бейімделетін жолмен белгіленеді.

#### [5] ӨЗДЕРІНІҢ АРАҚАТЫНАСЫ ЖӨНІНЕН АЛҒАНДАҒЫ ЖАЛПЫ ПАЙДА НОРМАСЫ МЕН АБСОЛЮТТІК РЕНТАНЫҢ НОРМАСЫ. ЖАЛАҚЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУІНІҢ ШЫҒЫН БАҒАСЫНА ӘСЕРІ

17-ші тарауда — «*Шикі өнімдерден басқа товарларға салынатын салық*» — Рикардо былай дейді:

«Бьюкенен мырза астық пен шикі өнімдер монополиялық бағамен сатылады, өйткені олар рента береді деп ойлайды. Ол рента беретін бар-

лық товар монополиялық бағамен сатылуға тиіс деген жорамалға сүйенеді; осыдан келіп ол шикі өнімдерге салынатын салықтардың барлығы тұтынушыға емес, жер меншікшісіне түседі деген қорытынды жасайды. «Әрқашан да рента беретін астықтың бағасына,— дейді Бьюкенен,— оны өндіруге шыққан шығындар ешқандай да әсер етпейтіндіктен, бұл шығындар рента есебінен өтелуге тиіс; олар артатын болса немесе түсіп кетсе, сонымен, мұның салдары бағаның артатындығы немесе төмендейтіндігі емес, рентаның артатындығы немесе төмендейтіндігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ауыл шаруашылық жұмысшыларына, жылқыға немесе егіншілік құралдарына салынатын барлық салық, шынына келгенде жерге салынатын салық болып табылады, олардың салмағы аренданың бүкіл мерзімі бойында фермерге, ал содан соң, аренда шартып жаңғыртқан кезде,— жер меншікшісіне түседі. Нақ осылайша фермердің өндіріс шығындарын қысқартуына мүмкіндік беретіп жетілдірілген ауыл шаруашылық құралдарының барлығы,— мысалы, молотилкалар мен орақ машиналары, сондай-ақ фермердің рынокпен қарым-қатынасын жеңілдететін жақсы жолдар, каналдар мен көпірлер сияқты нәрселердің бәрі,— міне солардың бәрі астық өндірудің шын шығындарын кемітсе де, оның рыноктағы бағасын кемітпейді. Демек, осындай жетілдірулер арқылы сақталатын нәрсенің барлығы жер меншікшісіне оның рентасының бір бөлігі ретінде тиеді».

Анығында (дейді Рикардо), «егер біз Бьюкенен мырза өзінің дәлелдеріне негіз етіп алатын негізді, атап айтқанда, астықтың бағасы әрдайым рента беретіндігін дұрыс деп танысақ, онда, әрине, оның қорғап отырған қорытындыларының бәрі осыдан шығады» (292—293-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 208—209-беттер].

Мұның өзі әсте де анық емес. Бьюкенен өзінің дәлелдерін кез келген астық рента береді дегенге негіздемейді, қайта рента беретін кез келген астық монополиялық баға бойынша сатылады дегенге және монополиялық баға, оны А. Смит, сондай-ақ Рикардо да түсінетін мағыпада, «тұтынушылар товарды сатып алуға келісетін ең жоғары бағаны» білдіреді дегенге негіздейді<sup>103</sup>.

Бірақ дұрыс емесінің өзі де нақ осы. Рента беретін астық (дифференциалдық рентаны жайына қалдырғанда) Бьюкенен айтып отырған мағынадағы монополиялық баға бойынша сатылмайды. Астық өзіне жұмсалған шығынның бағасынан жоғары, өзінің құны бойынша сатылатындықтан ғана монополиялық баға бойынша сатылады. Оның бағасы оны өндіруге жұмсалған шығынмен емес, ондағы затқа айналған еңбектің мөлшерімен анықталады, ал рента дегеніміз шығып бағасының құнның бағасынан артығы болып табылады, демек, шығып бағасымен анықталады: құнға қатынасы жөнінен алғанда шығынның бағасы неғұрлым аз болса, рента соғұрлым көп болады және құнға қатынасы жөнінен алғанда шығынның бағасы неғұрлым артық болса, соғұрлым аз болады. Жақсартулардың бәрі астықтың құнын төмендетеді, өйткені олар оны өндіру үшін қажет болатын еңбектің мөлшерін кемітеді. Бірақ олар рентаның құлдырап кетуіне әкеп соға ма, мұның өзі әр түрлі жағдайларға байланысты. Егер астық арзандаса және осының салдарынан жалақы төмендеп кетсе, онда қосымша құн нормасы артады. Бұл ретте бұдан әрі арендатордың тұқымға, мал азығына және т. т. жұмсаған шығыны азая берер еді. Осы-



ған байланысты өндірістің басқа да барлық егіншілік емес салаларында, ал осы себепті егіншілікте *де* пайда нормасы артып кетер еді. Өндірістің егіншілік емес салаларындағы тікелей және қорланған еңбектің салыстырмалы массалары өзгеріссіз қалар еді; жұмысшылар саны (тұрақты капиталға қатынасы жөнінен алғанда) бұрынғы күйінде қалар еді, бірақ өзгермелі капитал құны төмендеп кетер еді де, демек, қосымша құн [645] артар еді, демек, пайда нормасы да арта түсер еді. *Осының салдарынан* қосымша құн мен пайда нормасы егіншілікте де арта түсер еді. Рента бұл арада құлдырап кетеді, өйткені пайда нормасы артады. *Астық арзандайды, бірақ оның шығынының бағасы өседі. Сондықтан оның құны мен шығын бағасының арасындағы айырмашылық кемиді.*

Біздің ұйғарымымызға сәйкес, егіншілік емес орташа капитал үшін арақатынас  $= 80 c + 20 v$ , қосымша құн нормасы  $= 50\%$ ; сондықтан қосымша құн  $= 10$ , ал пайда нормасы  $= 10\%$ . Демек, орташа құрылымды 100 капиталдың өнімінің құны 110-ға тең болады.

Енді астық бағаларының төмендеуі салдарынан жалақы  $1/4$ -ге құлдырап кетті деп жорамалдайық; онда 80 ф. ст. тұрақты капиталмен, яғни шикізат пен машиналардың нақ сондай мөлшерімен жұмыс істейтін *жұмысшылардың нақ сондай* саны не бары 15 ф. ст. қана болар еді. Ал товарлардың бұрынғы мөлшерінің құны  $80 c + 15v + 15m$  болады, өйткені осы жұмысшылар атқаратын еңбектің мөлшері, ұйғарымға сәйкес, 30 ф. стерлингке тең. Демек, товарлардың дәл сондай мөлшерінің құны бұрынғысынан 110 ф. стерлингке тең болады. Бірақ жұмсалған капитал енді 95 ф. ст. қана болады, ал 95 ф. стерлингке жұмсалған 15 ф. ст.  $15^{15}/19\%$  болады. Капиталдың бұрынғы массасын жұмсаған кезде немесе 100 ф. ст. капиталға шаққанда  $84^{4}/19 c + 15^{15}/19 v$  арақатынас келіп шығар еді. Ал пайда  $15^{15}/19$  ф. стерлингке тең болар еді. Өнімінің құны  $= 115^{15}/19$  ф. ст. Бірақ, біздің ұйғарымымызға сәйкес, егіншілік капиталы  $= 60 c + 40 v$ , ал оның өнімінің құны 120 ф. стерлингке тең. Шығынның бағасы 110 ф. ст. болып тұрған кезде, рента 10 ф. стерлингке тең болған. Енді рента не бары  $4^{4}/19$  ф. стерлингке ғана тең болар еді, өйткені  $115^{15}/19$  ф. ст.  $+ 4^{4}/19$  ф. ст.  $= 120$  ф. ст.

Бұл арадан біз мынаны көреміз: құрылымы орташа 100 ф. ст. капитал бұрынғы 110 ф. стерлингтің орнына шығынының бағасы  $115^{15}/19$  ф. ст. болатын товар өндірді. Осының салдарынан товардың [бір өлшемінің] орташа бағасы артар ма еді?

Товардың құны бұрынғы күйінде қалар еді, өйткені шикізат пен машиналардың нақ сол мөлшерін өнімге айналдыру үшін еңбектің нақ сол мөлшері қажет болады. Алайда 100 ф. ст. сол капиталдың өзі еңбектің көбірек мөлшерін қозғалысқа келтірді де, бұрынғы 80 ф. стерлингтің орнына енді  $84^{4}/19$  ф. ст. тұрақты ка-

питалды өнімге айпалдырды. Бірақ еңбектің дәл сол [жаңадан қосылған] массасындағы ақы төленбеген еңбек бұрынғыға қарағанда көбірек үлес құрайды. Осыдан келіп 100 ф. ст. капиталмен өндірілген бүкіл товар массасының пайдасы мен *жиынтық құны* артып отыр. Товардың бір олшемінің құны сол қалпында қалды, бірақ 100 ф. ст. капиталдың көмегімен товардың *құны дәл сондай* өлшемдерінің көбірек молшері өндірілді. Бірақ өндірістің түрлі салаларындағы шығын бағасының жайы қалай болар еді?

Егіншілік емес капитал мынадай капиталдардан тұрады деп есептелік:

1) $80c + 20v$ 2) $60c + 40v$ 3) $85c + 15v$ 4) $95c + 5v$	Олар шығынның сол бір бағасы бойынша сата алуы үшін	өнімнің бағасы мынадай болуға тиіс: 110 (құны = 110) 110 (құны = 120) 110 (құны = $107\frac{1}{2}$ ) 110 (құны = $102\frac{1}{2}$ )	Шығын бағасы мен құн арасындағы айырмашылық  0 - 10 + $2\frac{1}{2}$ + $7\frac{1}{2}$
Сонымен, орташа құрылымды капитал = $80c + 20v$			

2) жағдай үшін айырмашылық = -10, 3) және 4) жағдайларды қоса алғанда = +10. Бүкіл 400 капитал үшін бұл айырмашылық  $0 - 10 + 10 = 0$  болады. Егер 400 капиталдың өнімі 440-қа сатылса, онда бұл капиталмен өндірілген товарлар *өздерінің құны* бойынша сатылады. Бұл 10 процент пайда құрайды. Бірақ 2) жағдайда товарлар өздерінің құнынан 10 ф. ст. арзан сатылар еді, 3) жағдайда олар өздерінің құнынан  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. қымбат, ал 4) жағдайда өздерінің құнынан  $7\frac{1}{2}$  ф. ст. қымбат сатылар еді. Тек 1) жағдайда ғана товар 100 ф. ст. капитал мен 10 ф. ст. пайданы қосқанға тең болатын өз шығынының бағасы бойынша сатылғанда, ол өзінің құны бойынша сатылады.

[646] Бірақ жалақының  $\frac{1}{4}$ -ге төмендеуі салдарынан қандай арақатынас қалыптасар еді?

1) *жағдайдағы капитал үшін.*  $80c + 20v$  орнына бізде  $84\frac{4}{19}c + 15\frac{15}{19}v$ , пайда —  $15\frac{15}{19}$ , өнімнің құны —  $115\frac{15}{19}$  болады.

2) *жағдайдағы капитал үшін.* Жалақыға бар болғаны 30 ф. ст. жұмсалады, өйткені 40-тың төрттен бірі = 10, ал  $40 - 10 = 30$ . Өнімнің құны:  $60c + 30v + 30$ -ға тең қосымша құн (өйткені, қолданылған еңбекпен жасалған құн бұл арада 60 ф. стерлингке тең). Бұл — 90 ф. ст. капиталға келетіні. Жалақы  $33\frac{1}{3}$  процент

болады. 100 капитал үшін арақатынас  $66\frac{2}{3}c + 33\frac{1}{3}v$  болады; өнімнің құны =  $133\frac{1}{3}$ . Пайда нормасы =  $33\frac{1}{3}$  процент.

3) жағдайдағы капитал үшін. Жалақыға бар болғаны  $11\frac{1}{4}$  ф. ст. жұмсалады, өйткені 15-тің төрттен бірі =  $3\frac{3}{4}$ , ал  $15 - 3\frac{3}{4} = 11\frac{1}{4}$ . Өнімнің құны:  $85c + 11\frac{1}{4}v + 11\frac{1}{4}v$ -ге тең қосымша құн (қолданылған еңбекпен жасалған құн бұл арада  $22\frac{1}{2}$ -ге тең). Бұл —  $96\frac{1}{4}$  ф. ст. капиталға келетіні. Жалақы  $11\frac{53}{77}\%$  болады. 100 капитал үшін арақатынас  $88\frac{24}{77}c + 11\frac{53}{77}v$  бөлып шығады, пайда нормасы =  $11\frac{53}{77}\%$ , ал өнімнің құны =  $111\frac{53}{77}$ .

4) жағдайдағы капитал үшін. Жалақыға бар болғаны  $3\frac{3}{4}$  ф. ст. жұмсалады, өйткені 5-тің  $\frac{1}{4}$  бөлігі =  $1\frac{1}{4}$ , ал  $5 - 1\frac{1}{4} = 3\frac{3}{4}$ . Өнімнің құны:  $95c + 3\frac{3}{4}v + 3\frac{3}{4}v$ -ке тең қосымша құн (өйткені жиынтық [жаңадап қосылған] еңбекпен жасалған құн бұл арада  $7\frac{1}{2}$ -ге тең). Бұл —  $98\frac{3}{4}$  ф. ст. капиталға келетіні. Жалақы  $3\frac{63}{79}\%$  болады. 100 капитал үшін арақатынас  $96\frac{16}{79}c - 3\frac{65}{79}v$  болады. Пайда нормасы =  $3\frac{63}{79}\%$ . Өнімнің құны —  $103\frac{63}{79}$ .

Сөйтіп, біз мынапы көрер едік:

	Пайда нормасы	Олар шығынның сол бір бағасы бойынша сата алуы үшін	өнімнің бағасы мынадай болуға тиіс:	Шығын бағасы мен құпның арасындағы айырмашылық
1) $84\frac{4}{19}c + 15\frac{15}{19}v$	$15\frac{15}{19}$		116 (құны = $115\frac{15}{19}$ )	+ $\frac{4}{19}$
2) $66\frac{2}{3}c + 33\frac{1}{3}v$	$33\frac{1}{3}$		116 (құны = $133\frac{1}{3}$ )	- $17\frac{1}{3}$
3) $88\frac{24}{77}c + 11\frac{53}{77}v$	$11\frac{53}{77}$		116 (құны = $111\frac{53}{77}$ )	+ $4\frac{2}{77}$
4) $96\frac{16}{79}c + 3\frac{63}{79}v$	$3\frac{63}{79}$		116 (құны = $103\frac{63}{79}$ )	+ $12\frac{5}{79}$

Барлығы... 400 | 64 (егер бөлшегін алып тастаса)

Пайда  $16\%$  болады, дәлірек айтқанда —  $16\frac{1}{7}$  проценттен біраз артық. Ессi онша дәл емес, өйткені біз орташа пайданы есептеген кезде бөлшегін алып тастадық және бұл бөлшекті одан арғы есептеуге өнгізбедік, соның нәтижесінде 2) жағдай үшін кері айырмасы біршама артық болып шықты, ал 1), 3) және 4) жағдайлар үшін [оң айырмашылық] біршама кем болды. Алайда, біз есептеудегі бұл дәлсіздіктер болмаса, оң және теріс айырмашылықтар бірін-бірі өзара жоятынын көреміз. Бірақ біз сондай-ақ, бір жағынан, товарларды сатудың 2) жағдайда олардың құнынан төмен, ал [екінші жағынан] 3) жағдайда және әсіресе 4) жағдайда олардың құнынан жоғары сатудың едәуір өсе түскенін көреміз. Рас, өнімнің бір өлшемі үшін бұл жоғарылау немесе төмендеу кестеде келтірілген цифрлар бойынша солай болып көрінетіндей, онша үлкен емес, өйткені барлық төрт категорияда да еңбектің көбірек [бұрынғыға қарағанда] мөлшері қолданылады, ал

сондықтан да тұрақты капиталдың (шикізат пен машиналардың) көбірек мөлшері де өнімге айналады; сөйтіп аталған жоғарылау мен төмендеу товардың көбірек массасына бөлініп кетер еді. Алайда олар қайткен күнде де едәуір болар еді.

Сонымен, жалақының төмендеуі 1) және 3) жағдайлар үшін шығынның бағасын [құныммен салыстырғанда] арттыратын және 4) жағдай үшін тіпті едәуір арттыратын болып шықты. Мұның өзі Рикардоның айналмалы капитал мен негізгі капитал арасындағы айырмашылықты қарастырған кезде шығарған заңның өзі<sup>104</sup>, бірақ ол осы заң жөнінде бұл заңның құн заңымен сыйысатындығын және жиыштық капитал үшін өнімдердің құны [ол өндірістің жекелеген салаларының арасында қалай бөлінсе де] сол күйінде қала беретіндігін әсте де дәлелдемеді — және дәлелдей алмайтын еді.

[647] Егер біз бұған қоса айналыс процесінен туындайтын капиталдың табиғи құрылымындағы айырмашылықтарды да ескеретін болсақ, есептеп шығару мен теңестіру әлдеқайда күрделірек болады. Шынына келгенде, өз есептеуімізде біз аванысылауға бүкіл *тұрақты капитал* өнімге кіреді, яғни ол негізгі капиталдың мысалы, бүкіл жыл бойында (ойткені біз жыл ішіндегі пайданы есептеп шығаруға тиіспіз), *тозуын* ғана қамтиды деп алған болатынбыз. Егер біз бұлай деп алмаған болсақ, онда өнімдер массасының құны мейлінше әр түрлі болып шығар еді, ал біздің ұйғарымымызда олар тек өзгермелі капиталмен бірге өзгереді. Екіншіден, қосымша құнның нормасы сол күйінде болып, бірақ айналыс уақыты түрліше болғанда, аванысылауға капиталға қатынасы жөнінеп алғанда *өндірілген қосымша құн массасында* едәуір айырмашылық болар еді. Бұл ретте, өзгермелі капиталда айырмашылықтар болмағанда, қосымша құндардың массалары біріне-бірі тең шамалы капиталдармен өндірілетін түрліше құндардың массалары сияқты қатынаста болар еді. Пайда нормасы тұрақты капиталдың біршама көбірек үлесі негізгі капиталдан тұратын жерде әлдеқайда төмен деңгейде және капиталдың біршама көбірек үлесі айналмалы капиталдан тұратын жерде анағұрлым жоғары болар еді; ал өзгермелі капитал тұрақты капиталмен салыстырғанда мейлінше жоғары болатын және сонымен қатар негізгі капиталдың үлесі біршама азырақ жерде ең жоғары деңгейде тұрар еді. Егер тұрақты капиталдың айналмалы бөлігі мен негізгі бөлігінің арасындағы арақатынас әр түрлі капиталдарда *бірдей* болса, онда өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы айырмашылық қана шешуші айырмашылық болар еді. Егер өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы бірдей болса, онда негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырмашылық, тұрақты капиталдың өз ішіндегі осы айырмашылық қана шешуші айырмашылық болар еді.

Арендатордың пайда нормасы, біздің көргеніміздей, егер ас-

тықтың арзандауы салдарынан егіншілік емес капиталдың жалпы пайда нормасы өсетін болса, барлық жағдайда да арта түсер еді. Оның пайда нормасы тікелей арта түсер ме еді, бұл әлі шешілмеген мәселе және бұл, тегінде, енгізілген жақсартулардың сипатына байланысты болады. Егер енгізілген жақсартулар, жалақыға жұмсалған капитал машиналарға және т. т. жұмсалатын капиталмен салыстырғанда едәуір төмендеп кететіндей тұрғыдағы жақсартулар болса, онда арендатордың пайда нормасының тікелей артуының қажеттігі болмайды. Егер олар, мысалы, жұмысшылар арендаторға  $\frac{1}{4}$ -не кем қажет болатындай түрде болса, онда оның жалақыға бұрынғы 40 ф. стерлингтің орнына енді 30 ф. ст. жұмсауына тура келер еді. Демек, оның капиталы енді  $60c + 30v$ , немесе 100-ге шаққанда —  $66\frac{2}{3}c + 33\frac{1}{3}v$  болады. Сөйтін 40 өлшеммен төленетін еңбек 20 қосымша құн беретіндіктен, онда 30 өлшеммен төленетін еңбек 15 қосымша құн, ал  $33\frac{1}{3}$  қосымша өлшеммен төленетін еңбек  $16\frac{2}{3}$  қосымша құн береді. Сонымен, егіншілік капиталының табиғи құрылымы егіншілік емес капиталдың құрылымына жақындай бастар еді. Ал жоғарыда келтірілген ретте, жалақының төрттен бір шамаға бір мезгілде құлдырап кетуі кезінде ол тіпті егіншілік емес капитал құрылымының *жеке бір жағдайына* айнала алар еді<sup>105</sup>. Мәселе осындай болғанда рента (абсолюттік рента) жоғалып кетер еді.

Бьюкенен туралы жоғарыда келтірілген ескертпеден кейін Рикардо былай деп жалғастырады:

«Елдегі жердің барлығы бірдей және, соның өзінде, соншалықты интенсивті түрде өңделмей тұрғанда онда *жерге жұмсалатын капиталдың* ешқандай да рента келтірмейтін *осындай бөлігінің* әрдайым болатынын және» (!) «капиталдың дәл осы бөлігі (оның өнімі, өнеркәсіптегі сияқты, пайда мен жалақыға бөлінеді) *астықтың бағасын реттейтінін* мен жеткілікті түрде айқып көрсеттім ғой деп сенемін. Ал астықтың рента бермейтін бағасына оны өндіруге жұмсалған шығындар әсер ететіндіктен, бұл шығындар рента есебінен өтеле алмайды. Сондықтан бұл шығындардың *осының салдары неғұрлым төмен рента емес, неғұрлым жоғары баға болады*» (цитат алынған шығарма, 293-бет) [Орысша аудармасы, I том, 209-бет].

Абсолюттік рента егіншілік өнімі құнының оны өндіру бағасынан [Produktionspreis] артығына тең болғандықтан, астық және т. б. өндіру үшін қажет болатын еңбектің *жиынтық мөлшерін* кемітетіннің бәрі рентаны да кемітетіні анық, өйткені құнды, демек, құнның өндіру бағасынан артығын да кемітеді. Өндіру бағасы ақы төленген шығындардан құралатын болғандықтан, оның құлдырап кетуі құнның құлдырауымен тепе-тең болады және онымен қатар жүреді. Бірақ өндіру бағасы (немесе «шығындар») авансыланған капитал мен орташа пайданың қосындысына теңелетін болғандықтан, мәселе бұған нақ керісінше болып шығады. Өнімнің рыноктағы құны құлдырайды, бірақ астықтың рыноктағы ба-

ғасының құлдырауы салдарынан жалпы пайда нормасы да артқан кезде оның өндіру бағасына тең бөлігі артады. Демек, бұл арада рентаның құлдыран кететін себебі мынадан: «шығындар» осы мағынада алғанда артады, ал Рикардо өндіріс шығындары туралы айтқанда, әдетте оларды осылайша түсінеді. Өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталдың өсуін туғызатын егіншіліктегі жақсартулар тіпті мына жағдайда да: егер жұмсалған [нақты және затқа айналған] еңбектің жиынтық мөлшері болмашы ғана кеміген жағдайда немесе егер ол соншалықты болмашы ғана кеміп, бұл жалақыға ешқандай өсер етпеген (қосымша құнға ешқандай тікелей өсер етпеген) жағдайда да рентаны едәуір төмендетіп жіберер еді. Егер осы жақсартулардың нәтижесінде  $60c + 40v$  капитал  $66\frac{2}{3}c + 33\frac{1}{3}v$ -ға айналса (бұл, мысалы, эмиграция, соғыс, жаңа рыноктар ашу, өндірістің егіншілік емес салаларының гүлденуі себепті жалақышың артуы нәтижесінде немесе шетел астығының бәсекесі нәтижесінде болуы мүмкін: бұл жағдайларда арендатор тұрақты капиталды көбірек және өзгермелі капиталды азырақ пайдалану үшін қаражат іздестіруге мәжбүр болып шығар еді; нақ осы жағдайлар жақсартуларды енгізгеннен кейін де әрекет жасай берер еді, сойтіп жақсартуға қарамастан, жалақы төмендеп кетпес еді),— [648] онда егіншілік өнімінің құны 120-дан  $116\frac{2}{3}$ -ге дейін, яғни  $3\frac{1}{3}$ -ге төмендеп кетер еді. Пайда нормасы бұрынғысынша 10 процентке тең болып қалар еді. Рента 10-нан  $6\frac{2}{3}$ -ге дейін төмендеп кетер еді және соның өзінде рентаның бұлайша құлдырап кетуі жалақының қандай да болсын төмендеп кетуіне ақ болар еді.

Өнеркәсіптің одап арғы прогресі нәтижесінде жалпы пайда нормасының құлдырауы себепті абсолюттік рента артуы мүмкін. Пайда нормасы төмендеуі мүмкін, себебі егіншілік өнімінің құны өсе түсуі, демек, оның құны мен оның шығынының бағасы арасындағы айырмашылықтың өсе түсуі рентаның артуын туғызады. (Сонымен бірге жалақы артып отырғандықтан да, бұл арада пайда нормасы құлдырап кетеді.)

Егіншілік өнімінің құны құлдырап, ал жалпы пайда нормасы артуы нәтижесінде абсолюттік рентаның құлдырап кетуі мүмкін. Абсолюттік рента мына себептен де: егіншілік өнімінің құны капиталдың табиғи құрылымындағы тоңкерістің салдарынан құлдырап, бірақ пайда нормасы бұл ретте артпаған кезде де төмендеуі мүмкін. *Егіншілік өнімінің құны мен оның шығынының бағасы* біріне-бірі тең болған жағдайда абсолюттік рента мүлде жоғалып кетуі мүмкін, мұндайда егіншілік емес капиталда қандай орташа құрылым болса, егіншілік капиталында да сондай құрылым болар еді.

Рикардоның қағидасы егер ол мынадай тұрғыда білдірілген болса ғана дұрыс болар еді: егіншілік өнімінің құны оның шығынының бағасына теңелсе, онда ешқандай да абсолюттік рента

болмайды. Бірақ Рикардодa бұл қағида қате, өйткені ол былай дейді: абсолюттік рента деген жоқ, *өйткені құн мен шығынның бағасы* — өнеркәсіпте де, егіншілікте де \* — жалпы алғанда барабар. Шындығында мәселе нақ керісінше болып отыр: егіншілік егер ондағы құн мен шығынның бағасы барабар болса, онда ол өндірістің ерекше бір түрі болар еді.

Ешқандай рента төлемейтін жердің болмайтындығы мүмкін екендігін мойныдай отырып, Рикардо тіпті бұл ретте де ол үшін жерге жұмсалатын капиталдың ең болмағанда ешқандай да рента төлемейтін үлестерінің болатын жағдайы тиянақты тіреу қызметін атқарады деп ойлайды. Бірінші жағдай да, екіншісі сияқты, теория үшін бәрі бір. Нақты мәселе мынаған тіреледі: мұндай жерлердің немесе мұндай капиталдардың өнімдері рыноктағы құнды реттей ме? Немесе, керісінше, олар өздерінің өнімдерін олардың құнынан *төмен* сатуға мәжбүр болмай ма, өйткені олардың үстеме ұсынымы рыноктағы осы құннан *жоғары* емес, олардан тыс реттелетін рыноктағы құн *бойынша* ғана сатылуы мүмкін ғой? Капиталдың одан арғы үлестері жөнінен алғанда, мәселе оңай, өйткені бұл арада *қосымша үлес* жұмсағанда фермер үшін *жер меншігі болмайды* және оны, капиталист ретінде, шығынның бағасы ғана қызықтырады; тіпті ол өзі қосымша капиталдың иесі болған ретте де ол үшін бұл капиталды қарызға бергеннен гөрі, демек, пайда емес, оның тек процентін ғана алудан гөрі өзі арендап отырған жерге тіпті ортадан *төмен* пайдамен беру пайдалы. Жер учаскелеріне келетін болсақ, онда рента төлемейтін жерлер рента төлейтін иеліктегі осындай жерлердің құрамдас бөлігін құрайды; осы соңғыларынан оларды бөліп алуға болмайды, оларды жөкелей бірде-бір капиталистік фермерге беруге болмаса да, солармен бірге арендаға беріледі (бірақ кедей-арендаторға, сондай-ақ ұсақ капиталистке беруге әбден болады). Бұл ұлтарақтай жерлер де арендаторға «жер меншігі» ретінде қарсы тұра алмайды. Немесе меншікші оларды өзі оңдеуге мәжбүр болады. Фермер олар үшін рента төлей алмайды, ал жер меншікшісі осындай тәсілмен, өз тарапынан қандай да болсын шығынсыз өзінің жерін өңделген жерге айналдырғысы келетін жағдайда болмаса, басқа жағдайда оларды арендаға *тегін* бере алмайды.

Егер қайсыбір елде егіншілік капиталының құрылымы егіншілік емес капиталдың орташа құрылымына тең болса, мұның өзі егіншілік өркендеген немесе өнеркәсіп баяу дамыған жағдайда болады, мәселе басқаша болар еді. Бұл ретте егіншілік өнімінің құны оның шығынының бағасына тең болар еді. Онда дифферен-

---

\* [663] (Рикардоның құн мен өндіріс шығынын біле тұра теңестіретінін мына бір тұс көрсетеді: «Мальтус мырза, сіре, менің теориямның құрамдас бөлігі белгілі бір заттың шығыны мен құнын теңестіру болып табылады деп ойлайтын болса керек. Егер ол шығын деп пайданы қоса «өндіріс шығындарын» айтатын болса, бұл дұрыс» (цитат алынған шығарма, 46-бет) [Орысша аудармасы, I том, 61-бет]. [663]

циалдық рента ғана төлене алар еді. Дифференциалдық рента бермейтін жер учаскелері тек қана жер рентасын [өзін ғана] берер алар еді, онда қандай да болсын рентаны төлеуге мүлде мүмкіндік болмас еді. Өйткені, арендатор бұл жерлердің өнімін құны бойынша сатқанда, олар тек оның шығынының бағасын ғана өтейді. Демек, *арендатор* ошқандай рента төлемейді. Онда бұл жерді меншікшінің өзінің оңдеуіне тура келеді немесе аренда ақысы деген атпен пайданың немесе тіпті өз арендаторының жалалқысының бір бөлігін өзіне алып қояды. Бұл жағдайдың бір елде болуы мүмкін екендігі басқа бір елде осыған қарама-қарсы жағдайдың болуына кедергі жасамас еді. Бірақ өнеркәсіп — демек, капиталистік өндіріс — нашар дамыған жерде, ол жерде капиталистік арендаторлар болмайды, өйткені олардың бар болуының алғы шарты ауыл шаруашылығындағы капиталистік өндіріс болып табылады. Онда біз жерді меншіктену экономикалық тұрғыдап алғанда тек қана жер рентасы ретінде болатын экономикалық ұйымдастыруға қарағанда мүлдем өзгеше қатынастарды кездестіретін боламыз.

Дәл сол 17-ші тарауда Рикардо былай дейді:

«Шыкі өнімдердің монополиялық бағасы болмайды, өйткені арпа мен бидайдың рыноктағы бағасын, шұға мен кенептің рыноктағы бағасы сияқты, оларды *өндіру шығындары* реттеп отырады. Бірден-бір айырмашылық мынада: астықтың бағасын егіншілікте қолданылатын *капиталдың бір бөлігі*, атап айтқанда, ешқандай да рента төлемейтін бөлігі реттейді, ал *өнеркәсіп товарларын өндіруде қолданылған капиталдың әрбір бөлігі бірдей нәтиже береді; ал бұл бөліктердің бірде-біреуі де рента төлемейтін болғандықтан, олардың әрқайсысы бірдей мөлшерде бағаны реттеуші болып табылады*» (цитат алынған шығарма, 290—291-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 207-бет].

Өнеркәсіпте қолданылған капиталдың әрбір бөлігі бірдей нәтиже береді және бұл бөліктердің бірде-біреуі де рента (алайда, мұның өзі өнеркәсіпте үстеме пайда деп аталады) әпермейді деген бұл пікір тек қана қате емес, сонымен қатар, біздің бұрын көргеніміздей\*, оны Рикардоның өзі [650]<sup>106</sup> теріске шығарған.

Енді біз Рикардоның қосымша құн теориясын қарастыруға таядық.

## ІБ. РИКАРДОДАҒЫ ҚОСЫМША ҚҰН ПРОБЛЕМАСЫ

### 1) ЕҢБЕКТИҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТИҢ ҚҰНЫ. [ЕҢБЕКТИ КАПИТАЛҒА АЙЫРБАСТАУ ПРОБЛЕМАСЫНЫҢ РИКАРДОДА ҚОЙЫЛҒАНЫНДАЙ БОЛЫП ШЕШІЛМЕЙТІНДІГІ]

*1-ші тарау — «Құн туралы» — Рикардода бірден I бөліммен ашылады, оның тақырыбы:*

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 209, 325 және 393—394-беттер. Ред.



«Товардың құны, немесе ол айырбасталатын кез келген басқа товардың мөлшері *сол еңбекке* төленетін ақынның молдығына немесе аздығына емес, оны өндіру үшін қажет болатын *еңбектің* салыстырмалы мөлшеріне тәуелді болады» [Орысша аудармасы, I том, 33-бет].

Рикардоның бүкіл зерттеуіне негіз болған әдіске сәйкес, ол өзінің кітабын товарлардың құнын жұмыс уақытымен анықтау *жалақыға* немесе осы жұмыс уақыты үшін, яғни еңбектің осы мөлшері үшін төленетін түрлі ақыға қайшы келмейді деген қағидадан бастайды. Рикардо басталған жерінен-ақ А. Смитті сынға алады, ал Смитте товарлардың құнын оларды өндіру үшін қажет болатын *еңбектің тиісті мөлшерімен* анықтау *еңбек құнымен* (немесе еңбек үшін төленетін ақымен) шатастырылады.

А және В екі товарда болатын еңбектің тиісті мөлшеріне А және В товарларын өндіретін жұмысшылардың өз еңбегінің өнімінен көп немесе аз алатындығы мүлде әсер етпейтіндігі айқын. А және В товарларының құны А және В товарлары иелерінің *еңбекке жұмсаған шығыны* емес, қайта оларды өндіруге жұмсалған *еңбек мөлшері* арқылы анықталады. Еңбектің мөлшері мен еңбектің құны — екеуі екі түрлі нәрсе. А және В товарларында тиісінше болатын еңбек мөлшері А және В товарларында болатын еңбектің қандай бөлігіне А және В товарларының иелері ақы төледі ме немесе тіпті *олардың өздері орындады* ма — бұған ешқандай байланысты болмайды. А және В товарлары өздеріндегі *ақысы төленген* еңбекке пропорциялы түрде емес, оларда болатын еңбектің *ақысы төленген* еңбектің де, ақы төленбеген еңбектің де — жиынтық мөлшеріне пропорциялы түрде айырбасталады.

«Айырбас құнының шын көзін сондай дұрыс анықтаған және барлық заттардың құны оларды өндіруге көп немесе аз еңбек жұмсалды ма, осыған қарай көп немесе аз болады деген көзқарасты дәйектілік үшін ұстануға тиіс болған Адам Смит, соған қарамастан құнның басқа бір стандартты өлшемін ұсынып, заттар *осы стандартты өлшемнің көп немесе аз мөлшеріне айырбасталатынына* сәйкес көп немесе аз тұрады дейді... *Бұлар бейне мәні бір екі ұғым сияқты және еңбегі екі есе өнімді болатын және сондықтан да товардың екі есе артық мөлшерін өндіре алатын адам одан бұрынғыға қарағанда оған* (яғни еңбегіне) «екі есе артық алуы қажет сияқты». «Егер бұл шынында да дұрыс болса, *егер жұмысшы алған ақы оның өндіргеніне әрдайым пропорциялы болатын болса, онда қандай да болмасын товарды дайындауға жұмсалған еңбектің мөлшері мен осы товарға сатып алуға болатын еңбектің мөлшері тең болар еді* және олардың кез келгені басқа заттардың құнындағы өзгерістерді дәлме-дәл өлшер еді. *Бірақ олар тең емес*» (5-бет) [Орысша аудармасы, I том, 35-бет].

А. Смит «бұлар мәні бір екі ұғым» деп ешбір жерде тұжырымдамайды. Керісінше, ол былай дейді: капиталистік өндірісте жұмысшының жалақысы өзі өндірген өнімге *тең келмейді*, демек, товар соған түсетін еңбектің мөлшері мен жұмысшы бұл еңбек арқылы сатып ала алатын товардың мөлшері әр түрлі екі нәрсені білдіреді, — *нақ осы себепті* товарларда болатын еңбектің салыс-

тырмалы мөлшері олардың құнын анықтаудан қалады; товарлардың құны одан да гөрі товарлардың белгілі бір массасы арқылы өзім сатып ала алатын, өз иелігіме ала алатын еңбектің құны, оның мөлшері арқылы анықталады. Сондықтан құндардың өлшемі — еңбектің салыстырмалы мөлшерінің орнына — Смиттің айтуынша, *еңбектің құны* болады. Рикардо екі товарда болатын *еңбектің салыстырмалы мөлшеріне* осы еңбекпен өндірілген өнімнің қандай үлесінің жұмысшылардың өзіне тиетіні ешқандай да әсер етпейді, бұл еңбекке ақы қалай төленетініне тәуелді болмайды деп, демек, егер *еңбектің салыстырмалы мөлшері* жалақы (өнімнің өз құнынан айырмашылығы бар жалақы) келіп шыққанға *дейінгі* товарлық құндардың өлшемі болса, онда еңбектің осы относителді мөлшері жалақы келіп шыққаннан *кейін* де неге құнның осындай өлшемі болып қалмайтынына ешқандай негіз жоқ деп А. Смитке дұрыс жауап қайтарады. Олардың мәні бірдей болып тұрған кезде екі ұғымды А. Смит қолдана алатын еді, бірақ мұның өзі бұл екі ұғымның мәні бірдей болудан қалған кезде дұрысының орнына қате ұғымды қолдану үшін негіз болып табылмайды деп Рикардо дұрыс атап көрсетеді.

Алайда Рикардо бұл арқылы А. Смиттің қайшылығының ішкі негізін құрайтын проблеманы есте меніп берген жоқ. *Еңбектің құны* мен *еңбектің мөлшері*, біз *затқа айналған еңбекті* айтып отырғандықтан, «мәні бірдей ұғымдар» болып қала береді. [651]. Біз *затқа айналған еңбек пен жанды еңбек* арасындағы айырбасқа көшкен бойдан-ақ, олар мұндай болудан қалады.

Екі товар өздерінде *затқа айналған еңбекке* сәйкес айырбасталады. Затқа айналған еңбектің тоң мөлшерлері бірімен-бірі айырбасталады. Жұмыс уақыты олардың құнының «стандартты өлшемі» болып табылады, бірақ нақ сондықтан да олар «сол стандартты өлшемнің көп немесе аз мөлшеріне айырбастала ма, соған сәйкес артық немесе кем тұрады». Егер А товарында бір жұмыс күні болса, онда бұл товар сондай бір жұмыс күні бар басқа товардың кез келген мөлшеріне айырбасталады; товар басқа товарлардағы затқа айналған еңбектің көп не аз мөлшеріне қандай арақатынаста айырбасталса, осыған байланысты ол «артық не кем тұрады», өйткені бұл айырбас қатынасы товардың өзінде болатын, еңбектің осы салыстырмалы мөлшерімен барабара еңбектің салыстырмалы мөлшерінің көрінісі болып табылады.

Бірақ жалдама еңбек дегеніміз *товар* ғой. Ол тіпті *товарлар* ретінде *өнімдердің* өндірілуінің негізі болып табылады. Енді келіп жалдама еңбекке *құн заңы* қолданылмайтын болып шығады. Демек, бұл заң жалпы алғанда капиталистік өндіріске үстемдік етпейді екен. Бұл арада қайшылық бар. А. Смит үшін бұл бір проблема. Біз кейінірек неғұрлым кеңейтілген түрінде Мальтус-тан кездестіретін екінші проблема мынада: товарды *капиталистік тұрғыдан пайдалану* товардағы еңбектің пропорциясы арқылы

емес, товарда оның өзінде болатын еңбек мөлшеріне қарағанда, бөтеннің еңбегінің көбірек мөлшеріне үстемдік әперетін *бөтеннің еңбегін* пайдалану арқылы анықталады. Шын мәніне келгенде бұл — капиталистік өндіріс пайда болған уақыттан бері товарлардың құны олардағы еңбек арқылы анықталмайды, товарлар билік ететін жапды еңбекпен анықталады-мыс, — демек, *еңбектің құнымен* анықталады-мыс дейтін Смиттің пікірі үшін екінші құпия дәлел.

Рикардо капиталистік өндірісте істің жайы осылай болып отыр ғой деп жауап бере салады. Ол проблеманы шеше алмағанымен ғана қоймай, тіпті оның А. Смитте бар екенін де аңғармайды. Өз зерттеулерінің бүкіл сипатына сәйкес ол еңбектің өзгеріп отыратын құны — қысқасын айтқанда, жалақы — еңбектің өзінен өзгеше *товарлардың* құны олардағы еңбектің салыстырмалы мөлшері арқылы анықталатындығы туралы қағидағы *жоққа шығармайды* дегенді дәлелдеумен шектеледі. «*Олар тең емес*», атап айтқанда — «қайсыбір товарды дайындауға жұмсалған еңбектің мөлшері мен осы товарға сатып алуға болатын еңбектің мөлшері тең емес». Рикардо осы фактіні атап айтумен қанағаттанады. Бірақ товар-еңбектің басқа товарлардан айырмашылығы неде? Бірінші жағдайда бұл — *жанды еңбек*, ал екіншісінде — *затқа айналған еңбек*. Демек, бұл — еңбектің әр түрлі екі формасы ғана. Егер бұл арадағы айырмашылық формалды ғана болса, онда олардың біреуі үшін қолданылмайтын заңның екіншісіне қолданылатыны неліктен? Рикардо бұл сұрауға жауап бермейді, ол тіпті оны қоймайды да.

Ол былай дегенде де мұнысының ешқандай көмегі болмайды:

«Еңбектің құны әлде... өзгермей ме? Оған, барлық басқа да заттарға» (товарларға деу керек еді) «қоғамның жағдайында болатын әрбір өзгеріске орай үнемі өзгеріп отыратын ұсыным мен сұраным арасындағы арақатынас қапа емес, сонымен қатар *жалақы* соларға жұмсалатын тамақтың және басқа да қажетті заттардың бағасының өзгеруі де әсер етеді ғой» (7-бет) [Орысша аудармасы, I том, 36-бет].

Басқа товарлардың бағасы сияқты, еңбектің бағасының да сұраным мен ұсынымның өзгеруімен бірге өзгеріп отыратындығы, бұл Рикардоның өзінің пікірі бойынша, еңбектің *құны* туралы сөз болған жерде ештеңені де дәлелдемейді, — бұл да сұраным мен ұсынымның өзгеруімен бірге басқа да товарлар бағасының осылай өзгеруінің бұл товарлардың құны жөнінен алғанда ештеңе дәлелдемейтіні сияқты. Алайда «жалақыға» — ал мұның өзі еңбектің құны үшін басқаша айтылуы ғана, — «осы жалақы соларға жұмсалатын тамақтың және басқа қажетті заттардың бағасының өзгеруінің» ықпал жасайтын фактісі де еңбектің құны басқа товарлардың құнына қарағанда неге басқаша жолмен анықталады (немесе анықталатын сияқты болып көрінеді) дегеннің де басын ашып бермейді. Өйткені осы соңғыларына да оларды өндіруге

кіретін, олар соған айырбасталатын басқа товарлардың бағасының өзгеруі әсер етеді. Ал жалақының тамаққа және қажетті заттарға жұмсалуды еңбектің құнының тамаққа және қажетті заттарға айырбасталуынан басқа ештеңені де білдірмейді ғой. Мәселен нақ мынада болып отыр: *еңбек және ол соларға айырбасталатын товарлар құн заңына сәйкес, еңбектің салыстырмалы мөлшерлері бойынша айырбасталмайтыны неліктен?*

Осылайша қойылып отырған сұрақ шын мәнінде шешілмейтін сұрақ, — *ойткені құн заңы алғы шарт деп мойындалады,* — және оның шешілмейтін себебі — бұл арада *еңбектің* өзі *товарға* қарама-қарсы қойылып отыр, тікелей еңбектің белгілі бір мөлшерінің өзі затқа айналған еңбектің белгілі бір мөлшеріне қарама-қарсы қойылып отыр.

Мәселені Рикардоша баяндаудың бұл әлсіз жағы, біздің кейінірек көретініміздей, Рикардо мектебінің ыдырауына себепші болып, қисынсыз болжамдарға әкеп соқты.

[652] *Уэйкфилдтің* былай деуі дұрыс:

«Егер *еңбекті* *товар* деп, ал *капиталды*, еңбектің өнімін, басқа *товар* деп және егер *осы екі товардың құны еңбектің бірдей мөлшерімен реттеледі* деп қарастырсақ, онда еңбектің сол мөлшері қандай жағдайда болса да еңбектің сол мөлшері арқылы өндірілген капиталдың сондай мөлшеріне айырбасталар еді; *өткендегі еңбек әрқашан да қазіргі еңбектің дәл сондай мөлшеріне айырбасталар еді.* Бірақ басқа *товарларға* қатынасы жөнінен алғанда еңбектің құны — ең болмағанда, жалақы бөлініске [өнімнің капиталист пен жұмысшының арасындағы бөлінуіне] тәуелді болғандықтан, — *еңбектің бірдей мөлшерімен емес, ұсыным мен сұраным арасындағы арақатынаспен анықталады*» (*С. Г. Уэйкфилд*, оның өзі басып шығарған А. Смиттің «Халықтар байлығы» деген еңбегінің I томындағы 230-бетке ескерту, Лондон, 1835).

Бұл да Бейлидің тілге тиек ететін пікірлерінің бірі; оның пайымдаулары кейініректе қаралуы керек. Сәйде де осындай, ол бұл арада кенеттен ұсыным мен сұраным шешуші рөлге ие болатынына байланысты қатты қуанады<sup>107</sup>.

\* \* \*

[652]1) *жағдай жөнінде.* Мынаны да атап өту керек. Рикардо да I-ші тараудың III бөлімінің тақырыбы мынадай:

«Товарлардың құнына белгілі бір *товарларға тікелей қолданылған еңбек* қана емес, сонымен қатар сол еңбекке жағдай жасаған құралға, аспаптарға және үйлерге жұмсалған *еңбек* те әсер етеді» [Орысша аудармасы, I том, 42-бет].

Демек, *товардың құны* *товарды өндіру үшін қажет болатын затқа айналған (өткендегі) еңбектің мөлшерімен* де, *товарды өндіру үшін қажет болатын жанды (енді жұмсалатын) еңбектің мөлшерімен* де бірдей шамада анықталады. Басқаша айтқанда:

еңбектің белгілі бір мөлшеріне *формалды* айырмашылық, еңбектің затқа айналған немесе жаңды, бұрынғы немесе қазіргі (тікелей) еңбек болуы — бұл айырмашылық әсте әсер етпейді. Егер товарлардың құнын анықтағанда бұл айырмашылықтың маңызы болмаса, онда өткендегі еңбек (капитал) жанды еңбекке айырбасталғанда ол неге социальдықты шешуші маңыз алады? Егер, *өздігінен алғанда* бұл айырмашылықтың, — мұның өзі товарға қатысты алғанда байқалып отырғанындай, — құнды анықтауда маңызы болмаса, оның бұл арада құп заңын жойып жіберуге тиіс болатыны неліктен? Бұл сұрауға Рикардо жауап бермейді, ол тіпті оны қоймайды да. [652]

## 2) ЖҰМЫС КҮНІНІҢ ҚҰНЫ. ЕҢБЕКТІҢ ҚҰНЫ.

### [РИКАРДОДАҒЫ ЕҢБЕК ПЕН ЖҰМЫС КҮНІНІҢ ШАТАСТЫРЫЛУЫ. «ЕҢБЕКТІҢ ТАБИҒИ БАҒАСЫНЫҢ» КОНЦЕПЦИЯСЫ]

Қосымша құнды анықтау үшін, Рикардо физиократтар, А. Смит және басқалар сияқты, ең алдымен *жұмыс күшінің құнын* немесе, Смиттен және оның ізашарларынан кейін өзі айттып отырғанындай, *еңбектің құнын* анықтап алуға тиіс. [652]

[652] Еңбектің құны немесе *табиғи бағасы* қалай анықталады? *Рикардоның* пікірі бойынша, *табиғи баға құнның ақшалай көрінісінен* басқа ештеңе де емес қой.

«Еңбектің сатылып алынатын әрі сатылатын және мөлшері ұлғайтылуы немесе кемітілуі» (яғни басқа барлық товарлар сияқты) «мүмкін барлық басқа заттар сияқты өзінің табиғи және рыноктағы бағасы болады. *Еңбектің табиғи бағасы* дегеніміз жұмысшыларда, орта есеппен, тіршілік ету және өз ұрпағын олардың санын ұлғайтпай немесе кемітпей-ақ жалғастыру мүмкіндігі болуы үшін қажетті баға» (өндірістің орташа өсуі үшін қажет болатын ұлғайту нормасымен деу керек еді). «Жұмысшылардың санын кемітпеу үшін жұмысшының өзі өзі және өзінің семьясын асырау қабілеті... *тамақтың, қажет заттардың және жұмысшы мен оның семьясын асырауға қажет болатын жағдайлардың* бағасына тәуелді болады. Тамақтың және басқа да қажетті заттардың бағасының артуына байланысты еңбектің табиғи бағасы да қалайда артады; олардың бағасының төмендеуіне байланысты еңбектің табиғи бағасы да төмендейді» (86-бет) [Орысша аудармасы, I том, 85-бет].

«Тіпті тамақтан және қажетті заттардан көрінетін еңбектің табиғи бағасы мүлде өзгермейді және тұрақты деп ойлауға болмайды. Мұның өзі сол бір елдің өзінде уақыт өткен сайын өзгеріп отырады және әр түрлі елдерде өте едәуір айырмашылығы болады. Ол халықтың әдет-ғұрпына едәуір дәрежеде байланысты болады» (91-бет) [Орысша аудармасы, I том, 88-бет].

Сөйтіп, *еңбектің құны* сол қоғамда жұмысшыларды асырау және олардың тұқымын жалғастыру үшін дәстүр бойынша *қажет* болып табылатын *тіршілік құралдары* арқылы анықталады.

Неге бұлай? Қандай заңның әсерінен еңбектің құны нақ осылайша анықталады?

Рикардода бұл сұраққа іс жүзіне келгенде мынадай пікірден басқа ешқандай жауап берілмейді, ол былай дейді: ұсыным мен сұраным заңы еңбектің орташа бағасын жұмысшыны асырау үшін қажет болатын (белгілі бір қоғамда дүниелік немесе әлеуметтік тұрғыдан қажет болатын) тіршілік құралдарына әкеп саяды. [653] Бұл арада, өзінің бүкіл системасының негізгі тармақтарының бірінде, Сэйдің табалай атап көрсететініндей, Рикардо *құнды сұраным мен ұсыным* арқылы анықтайды (Констансионның аудармасын қараңыз)<sup>108</sup>.

Рикардо *еңбек* туралы емес, *жұмыс күші* туралы айтуға тиіс еді. Сонда *капитал* да еңбектің жұмысшыға оқшауланған дербес күш ретінде қарсы тұратын заттай жағдайы ретінде көрсетілер еді, сөйтіп капитал бірден-ақ *белгілі бір қоғамдық қатынас* болып көрінер еді. Ал Рикардо үшін капитал «тікелей еңбектен» өзгеше «қорланған еңбек» қана болып табылады және еңбек процесіндегі әшейін бір заттық бірдеңе, әшейін бір элемент ретінде ғана алынады, ал бұдан еңбек пен капиталдың, жалақы мен пайданың қатынасын шығару өсте мүмкін емес.

«*Капитал* дегеніміз ел байлығының өндірісте қолданылатын және еңбекті қимылға келтіру үшін қажет болатын тамақтап, киімнен, құрал-саймандардан, шикізаттан, машиналардан және т. т. тұратын бөлігі» (89-бет) [Орысша аудармасы, I том, 86-бет]. «*Капиталдың азырақ мөлшері дегеніміз еңбектің азырақ мөлшерінің дәл өзі*» (73-бет) [Орысша аудармасы, I том, 76-бет]. «*Еңбек пен капитал, яғни қорланған еңбек*» (499-бет) [Орысша аудармасы, I том, 338-бет].

Рикардо бұл арада [еңбектің құны туралы мәселеде] жасаған секірісті *Бейли* дұрыс аңғарған;

«Рикардо мырза тосыннан қарағанда құн өндірісте қолданылған еңбектің мөлшеріне тәуелді болады деген өз ілімін төңкеріп тастау қаупін төндіретін қиындықты әжептәуір ептілікпен орағытып өтеді. Егер бұл принципті бұлжытпай қолданатын болса, онда одан *еңбектің құны оны өндіру процесінде қолданылған еңбектің мөлшеріне* тәуелді болады деген пікір шығады,— мұның өзі, әрине, қисынсыз. Сондықтан Рикардо мырза еңбектің құнын жалақыны өндіру үшін қажет болатын еңбектің мөлшеріне ептілікпен айла-шарғы жасап тәуелді етіп қояды немесе, оның өз сөзімен айтқанда, ол *еңбектің құнын жалақыны өндіру үшін қажет болатын еңбектің мөлшерімен анықтау керек* деп тұжырымдайды; ал мұның өзін ол жұмысшылар алатын ақпаны немесе товарды өндіру үшін қажет болатын еңбектің мөлшері деп түсінеді. Мұның өзі, егер біз шұғаның құнын оны өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшерімен емес, осы шұға айырбасталатын күмісті өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшерімен анықтау керек дейтін болсақ, соның дәл өзі» («A Critical Dissertation on the Nature, Measures, and Causes of Value», etc., London, 1825, 50—51-беттер).

Бұлайша қарсылық білдіру, егер Рикардоның *сөзін* алсақ, дұрыс. Рикардо *номиналды* және *нақты жалақыны* саралайды. Но-

миналды жалақы дегеніміз ақшаға шағылған жалақы, ақшалай жалақы:

«Номиналды жалақы» дегеніміз «жұмысшыға жыл ішінде төленетін ф. стерлингтердің мөлшері», ал «нақты жалақы» дегеніміз «осы ф. стерлингтерді өндіру үшін қажет болатын жұмыс күнінің саны» (Рикардо, цитат алынған шығарма, 152-бет) [Орысша аудармасы, I том, 123-бет].

Жалақы жұмысшылар тұтынатын қажетті заттарға тең, ал осы жалақының («нақты жалақының») құны осы қажетті заттардың құнына тең болатындықтан, әрине, осы соңғыларының құны да «нақты жалақыға» тең, осы жалақының билігі жүретін еңбекке тең болады. Егер қажетті заттардың құны өзгерсе, онда «нақты жалақының» құны да өзгереді. Жұмысшылар тұтынатын қажетті заттар тек қана астықтан тұрады және оған қажетті тіршілік құралдары айына 1 квартал астық болады деп есептелік. Онда оның жалақысының құны [айына] 1 квартал астықтың құнына тең; егер квартал астықтың құны жоғарыласа немесе түсіп кетсе, онда айлық еңбектің құны да жоғарылайды немесе түсіп кетеді. Бірақ бір квартал астықтың құны қалай жоғарыласа да немесе қалай түсіп кетсе де (бір квартал астықта қаншалықты көп немесе аз еңбек болса да), ол әрқашан айлық еңбектің құнына тең болады.

Бұл арадан біз А. Смит капитал, демек жалдамалы еңбек те пайда болысымен-ақ, өнімнің құны енді оған жұмсалған еңбектің мөлшерімен емес, сол өнімнің билігі жүретін еңбектің мөлшерімен реттелетін болады деп неге айтқанының жасырын негізін көріп отырмыз. Жұмыс уақытымен анықталатын астықтың (басқа қажетті заттардың да) құны өзгереді; бірақ еңбектің табиғи бағасы төленіп тұрғанда бір квартал астықтың билігі жүретін еңбектің мөлшері өзгермей қала береді. Демек, *астықпен салыстырғанда еңбектің тұрақты относителді құны* болады. Сондықтан да Смитте еңбектің құны мен астықтың құны (бұл арада астық жалпы тамақ орнына айтылады; Дикон Юмнан қараңыз<sup>109</sup>) құнның стандартты өлшемі болып табылады, өйткені астықтың белгілі бір мөлшері, егер ол еңбектің табиғи бағасын төлесе, бір квартал астықтың өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшеріне тәуелді болмай-ақ еңбектің белгілі бір мөлшеріне билігі жүреді. Еңбектің сол бір мөлшерінің өзі сол бір ғана тұтыну құнына әрқашан билік етеді немесе, дұрысын айтқанда, баз баяғы бір тұтыну құны еңбектің баз баяғы бір мөлшеріне әрқашан билік ететін болады.

Осы жолмен Рикардоның өзі еңбектің құнын, оның табиғи бағасын анықтайды. Рикардо былай дейді: бір квартал астық еңбектің сол бір ғана мөлшеріне әрқашан билік етсе де [654], немесе еңбектің баз баяғы бір мөлшері осы бір квартал астыққа әрқашан билік ететін болса да, бір квартал астықтың мейлінше әртүрлі құны болады. Иә, дейді А. Смит, жұмыс уақытымен анық-

талатын бір квартал астықтың құны қалай өзгерсе де, жұмысшы осы бір квартал астықты сатып алу үшін еңбектің баз баяғы бір мөлшерін әрқашан төлеуге (құрбан етуге) тиіс. Демек, астықтың құны өзгереді, бірақ еңбектің құны өзгермейді, өйткені еңбектің 1 айы = 1 квартал астыққа тең. Біз астықты өндіру үшін қажет болатын еңбекті қарастырып отырғандықтан да, астықтың құны өзгереді. Егер біз осы бір квартал астық айырбасталатын, ол қозғалысқа келтіретін еңбек мөлшерін қарастыратын болсақ, онда оның құны өзгермейді. Нақ сондықтан да бір квартал астық айырбасталатын еңбектің мөлшері *құнның стандартты өлшемінің* қызметін атқарады. Ал басқа товарлар құндарының астыққа қатынасы қандай болса, еңбекке қатынасы да сондай. Астықтың белгілі бір мөлшері еңбектің белгілі бір мөлшеріне билік етеді. Қандай болсын басқа товардың белгілі бір мөлшері астықтың белгілі бір мөлшеріне билік етеді. Демек, қандай болсын басқа товар — немесе, дұрысырақ айтқанда, қандай болсын басқа товардың құны — өзі билік ететін еңбектің белгілі бір мөлшерінен көрінеді, өйткені бұл товардың құны сол товар билік ететін астықтың мөлшерінен көрініс табады, ал астықтың бұл мөлшері астық өз билігіне алатын еңбектің мөлшерінен көрінеді.

Ал басқа товарлардың астыққа (қажетті заттарға) құндық қатынасы немен анықталады? Осы товарлар билік ететін еңбек мөлшерімен анықталады. Ал олар билік ететін еңбектің мөлшері немен анықталады? Осы еңбек билік ететін астықтың мөлшерімен анықталады. Бұл арада Смит шырғалаң шеңберге түспей қоймайды. (Алайда, жол-жөнекей ескерте кетелік, құнның бұл өлшемін ол өзі бұған нақты талдау жасайтын жерде ешқашан да қолданбайды.) Оның үстіне, Рикардода да жиі-жиі осылай болатынындай, Смит бұл арада еңбекті, құнның осы *имманенттік* өлшемін *сыртқы өлшеммен*, құнның анықталуын талап ететін *ақшамен* шатастырады; Рикардоның айтатыны сияқты, ол да еңбек дегеніміз

«товарлардың құнының негізі» дейді, осының өзінде «товарларды өндіру үшін қажетті еңбектің салыстырмалы мөлшері» дегеніміз «бір-біріне айырбасқа берілуге тиіс товарлардың тиісті мөлшерлерін анықтайтын өлшем» дейді (*Рикардо*, цитат алынған шығарма, 80-бет) [Орысша аудармасы, I том, 81-бет],—

Еңбектің белгілі бір мөлшері тұтыну құндарының белгілі бір мөлшеріне айырбасталына алатын жағдайдан *еңбектің* осы *белгілі бір мөлшері* құнның өлшемі болып қызмет етеді, әрқашанда *сол белгілі бір құны* болады деп қорытынды жасап, А. Смит қателеседі, ал шындығында тұтыну құндарының сол белгілі бір мөлшері барынша әр қилы айырбас құндары болуы мүмкін. Бірақ Рикардо екі рет қателеседі, өйткені ол, біріншіден, Смитті қатеге ұрындырған проблеманы түсінбейді және екіншіден, ол



товарлардың құны заңын мүлдем ұмытады да, ұсыным мен сұраным заңын қолданып, *еңбектің құнын* анықтағанда оны *жұмыс күшін* өндіруге жұмсалатын еңбек мөлшерімен анықталмайды [*force of labour*], жұмысшының қолына тиетін жалақыны өндіруге жұмсалатын еңбек мөлшерімен анықтайды, яғни ол шын мәнінде былай дейді: еңбектің құны ол үшін төленетін ақшаның құнымен анықталады! Ал бұл соңғы немен анықталады екен? Еңбек үшін төленетін ақшаның массасы немен анықталады? Еңбектің белгілі бір мөлшері өз ырқында болатын немесе белгілі бір еңбек мөлшерінің ырқында болатын тұтыну құндарының мөлшерімен анықталады. Осының нәтижесінде Рикардо өзі сол үшін А. Смитті жазғырған *нақ сол* дәйексіздікке барып ұрынады.

Сонымен бірге, жоғарыда көргеніміздей мұның өзі оның *товар мен капитал* арасындағы, товар айырбасы заңына сәйкес товарды товарға айырбастау мен капиталды товарға айырбастау арасындағы өзіне тән айырмашылықты көруге кедергі жасайды.

Жоғарыда келтірілген мысал мынадай болатын: 1 квартал астық 1 айғы еңбекке тең. Бір айды еңбек 30 жұмыс күніне тең екен дейік. (Жұмыс күні — 12 сағат.) Бұл орайда 1 квартал астықтың құны 30 жұмыс күнінен кем. Егер 1 квартал астық 30 жұмыс күнінің өнімі болса, онда еңбектің құны оның өніміне тең болар еді. Олай болса, ешқандай қосымша құн да, ал осы себептен ешқандай пайда да болмас еді. Ешқандай капитал болмаған болар еді. Демек, шын мәнінде 1 квартал бидайдың құны егер ол 30 жұмыс күнінің төлемі болып қызмет ететін болса, 30 жұмыс күнінен әрқашан кем. Қосымша құн астықтың 1 кварталінің құны 30 күннен қаншалық кем болатындығына байланысты. Мысалы, 1 квартал астық 25 жұмыс күнінің өнімі болсын. Онда қосымша құн 5 жұмыс күніне, жиынтық жұмыс уақытының  $\frac{1}{6}$ -іне тең. Егер 1 квартал (8 бушель) 25 жұмыс күніне тең болса, онда 30 жұмыс күні 1 квартал  $1\frac{3}{5}$  бушельге тең. Сонымен, 30 жұмыс күнінің *құны* (яғни 30 жұмыс күні үшін төленетін жалақы) 30 жұмыс күнін қамтитын өнімнің құнынан әрқашан кем. Демек, астықтың құны оның ырқында болатын, оған айырбасталатын еңбекпен [655] емес, оған сіңірілген еңбекпен анықталады. Керісінше, *30 жұмыс күнінің құны* [яғни 30 жұмыс күні үшін төленетін жалақы] 1 квартал астықтың құны қандай болса да, әрқашан сол 1 квартал астықпен анықталады.

### 3) ҚОСЫМША ҚҰН. [РИКАРДОДА ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНЕ ЖАСАЛҒАН ТАЛДАУДЫҢ ЖОҚТЫҒЫ. ЖҰМЫС КҮНІНЕ ТҰРАҚТЫ ШАМА ДЕП ҚАРАЙТЫН РИКАРДОЛЫҚ КӨЗҚАРАС]

Егер еңбек пен жұмыс күнін шатастыруын елемесек, онда Рикардо қалғанының бәрінде орташа жалақыны, немесе еңбектің

құнын дұрыс анықтайды. Атап айтқанда, дейді Рикардо, ол жұмысшылардың алатын ақшасымен де, тіршілік құралдарымен де анықталмайды, *осы тіршілік құралдарын өндіруге кететін жұмыс уақытымен, жұмысшының қолына тиетін тіршілік құралдарындағы заттанған еңбектің мөлшерімен* анықталады. Мұны Рикардо *шын мәніндегі* жалақы деп атайды. (Қараңыз: төменде.)

Бұл анықтама онда мұның үстіне қажеттілікпен келіп шығады. Еңбектің құны осы еңбек құны соларға жұмсалуға тиіс болатын *қажетті тіршілік құралдарының құнымен* анықталатын болғандықтан, ал басқа товарлардың барлығы сияқты *қажетті тіршілік құралдарының құны оларды өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшерімен* анықталатын болғандықтан, бұдан өзінен-өзі келіп шығатыны: *еңбектің құны қажетті тіршілік құралдарының құнына тең, осы қажетті тіршілік құралдарын өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшеріне тең* болады.

Бірақ бұл формула қаншалық дұрыс болғанымен (егер бұл арада еңбек пен капитал бірі-бірімен тікелей салғастырылатынын елемесек), дегенмен ол жеткіліксіз. Әрбір жұмысшы өз жалмақысының өтеуіне өзінің өмірін сақтау үшін қызмет ететін өнімдердің тікелей өзін болмағанымен {ол өзі өсте тұтыпбайтын өнімдерді өндіруі мүмкін, тіпті ол қажетті тіршілік құралдарын өндірген күннің өзінде, еңбек бөлінісінің нәтижесінде ол бұлардың бір ғана түрін, мәселен, астықты бидай түрінде ғана өндіріп, оған бір ғана форма береді (мәселен, піскен нан емес, бидай күйіндегі астық)}, бір өнімдерді *ұдайы өндіреді*,— демек бұл процестің үздіксіздігін еске алатын болсақ,— *өндіргенде* оның тіршілік құралдарының құнындай құны бар товар *өндіреді*, немесе өз тіршілік құралдарының құнын *өндіреді*. Ал мұның өзі — егер жұмысшының күнделікті орташа тұтынуын алып қарасақ — оның мәні, демек, мынадай болады: жұмысшының бір күн ішінде тұтынатын қажетті тіршілік құралдарына сіңірген жұмыс уақыты *оның жұмыс уақытының* бір бөлігі болып табылады. Күннің бір бөлігінде ол өзінің қажетті тіршілік құралдарының *құнын* ұдайы өндіру үшін жұмыс істейді; жұмыс күнінің бұл бөлігі ішінде өндірілген товардың құны жұмысшының бір күн ішінде тұтынатын тіршілік құралдарының құнындай болады, немесе бұл заттарға қанша жұмыс уақыты сіңірілсе, әлгі товарға *сонша* жұмыс уақыты сіңіріледі. *Жұмысшының жұмыс күнінің қандай бөлігі* оның тіршілік құралдарының *құнын*, яғни олардың эквивалентін ұдайы өндіруге немесе өндіруге арналатыны *осы қажетті тіршілік құралдарының құнына* (демек, оның өзі жұмыс істейтін өндірістің сол бір жеке саласындағы өнімділікке емес, қоғамдық еңбек өнімділігіне) байланысты болады.

Рикардо, әрине, күнделікті қажетті тіршілік құралдарына сіңірілген жұмыс уақыты жұмысшы осы қажетті тіршілік құралдарының құнын ұдайы өндіру үшін күнделікті жұмыс істеуге

мәжбүр болатын жұмыс уақытына тең деп ойлайды. Бірақ мәселені оның баяндауында әрбір жұмысшының *жұмыс күнінің* қайсыбір бөлігі оның өз жұмыс күшінің құнын ұдайы өндіруге тікелей арналған бөлік ретінде көрсетілмегендіктен, Рикардо осы арқылы бұл мәселенің зерттелуін қиындатады және мұндағы бар қатынасты түсінуді көмескілейді. Осыдан барып шатасу үстіне шатасушылық шығады. *Қосымша құнның шығу тегі* түсініксіз болады, осы себепті Рикардодан кейінгі кезеңдегі экономистер Рикардо қосымша құнның табиғатын ұқпады, оны дамытпады деп жазғырды. Олардың қосымша құнды түсіндірмек болған схоластикалық әрекеттері де ішінара осыдан келіп шығады. Бірақ мұндай күйінде қосымша құнның шығуы мен табиғатына айқын тұжырымдама берілмейтін болғандықтан, қосымша еңбек пен қажетті еңбектің қосындысы — қысқасы, *жиынтық жұмыс күні* — белгіленген бір шама деп қаралады, қосымша құнның көлеміндегі айырмашылық естен шығарылады, капиталдың өнімділігі, оның бір жағынан, абсолютті қосымша құн өндіру мағынасында *қосымша еңбекке мәжбүр етушілігі*, ал одан кейін қажетті жұмыс уақытын қысқартуға капиталға іштей тән ұмтылушылық түсініксіз болып қалады, демек, капиталдың *тарихи* заңдылығы анықталмайды. Керісінше, А. Смиттің өзі-ақ дұрыс формула берді. Құнды еңбекке саю қаншалық маңызды болса, қосымша құнды қосымша еңбекке саю, осының өзінде әбден тиянақты сөздермен саю соншалық маңызды болған еді.

Рикардо капиталистік өндірістің нақты бар фактісін негізге алады. Еңбектің құны осы еңбекпен жасалатын өнімнің құнынан кем. Сондықтан өнімнің құны осы өнімді өндіретін еңбектің құнынан артық, немесе жалақының құнынан артық. Өнім құнының жалақының құнынан артығы қосымша құн құрайды. (Рикардо қателесіп, *пайда* туралы айтады, бірақ бұрын да атап айтылғанындай, ол бұл арада пайданы қосымша құнмен теңестіреді де, шын мәнінде осы соңғысы туралы айтады). Рикардо үшін өнім құнының жалақы құнынан артық болуы факт болып табылады. Бұл фактінің қалай келіп шығатыны түсініксіз болып қалады. Тұтас күйінде алынған жұмыс күні жұмыс күнінің жалақыны өндіру үшін керек болатын бөлігінен *асып түседі*. Неліктен? Рикардода бұл анықталмаған күйінде қалады. Сондықтан, *жиынтық жұмыс күнінің көлемі* Рикардода *белгіленген* деп қате топшыланады. ал осыдан келіп тікелей қате қорытындылар шығады. Осының нәтижесінде қосымша құнның артуын немесе кемуін Рикардо қажетті тіршілік құралдарын өндіретін қоғамдық еңбектің өнімділігінің артуымен немесе кемуімен *ғана* түсіндіре алады. Басқаша айтқанда, Рикардо относителді қосымша құнды ғана біледі.

[656] Жұмысшының бүкіл күні өзінің тіршілік құралдарын (яғни, құны жөнінен оның өз тіршілік құралдарына тең товарларды) өндіруге кететін болса, онда ешқандай қосымша құн мүмкін

болмас еді, демек, капиталистік өндіріс пен жалдама еңбек мүмкін болмас еді. Капиталистік өндірістің өмір сүруі үшін қоғамдық еңбектің өнімділігі жиынтық жұмыс күнінің жалақының есесін толтыру үшін қажетті жұмыс уақытынан артық болатындай, яғни белгілі бір мөлшердегі *қосымша еңбек* болатындай жеткілікті дамыған болуға тиіс. Бірақ егер белгілі бір жұмыс уақыты тұсында (жұмыс күнінің белгілі бір мөлшері тұсында) еңбек өнімділігі барынша әр түрлі бола алатын болса, онда, екінші жағынан, еңбектің белгілі бір өнімділігі тұсында жұмыс уақытының, жұмыс күні мөлшерінің барынша әр қилы бола алатыны да соншалықты анық. Одан әрі, егер қосымша еңбектің бола алуы үшін еңбек өнімділігі дамуының белгілі бір дәрежесі болуы қажет болса, онда осы *қосымша еңбектің* болу *мүмкіндігінің* бір өзі ғана (яғни, еңбек өнімділігінің осы қажетті минимумының болуы) оның *шындықта болуын* әлі жасай алмайды. Бұл үшін алдымен жұмысшыны жоғарыда көрсетілген шектен артық жұмыс істеуге *мәжбүр ету* қажет, ал жұмысшыны бұған капитал мәжбүр етеді. Мұның бәрі Рикардодан жоқ, ал оның бер жағында қалыпты жұмыс күнін белгілеу жолындағы бүкіл күрес нақ осыдан келіп шығады да.

Еңбектің қоғамдық өнімділігінің төмен сатысында — демек, оның қосымша еңбек біршама аз болатын сатысында, — басқаның еңбегімен тіршілік ететін тап жұмыс істейтіндердің санымен салыстырғанда жалпы алғанда аз болады. Бұл тап еңбек өнімділігінің артуына қарай, демек, относителді қосымша құнның да артуына қарай едәуір (салыстырмалы түрде) көбейе алады.

Одан әрі, *еңбектің құны* бір елде әр түрлі кезеңдерде және белгілі бір кезеңде әр түрлі елдерде қатты өзгереді деп топшыланады. Алайда капиталистік өндірістің отаны біртоға өңірлер болып табылады. Еңбектің *қоғамдық* өндіргіш күші өте нашар дамыған болуы мүмкін, солай бола тұрса да нақ сол қажетті тіршілік құралдарын өндіруде мұның өзі, бір жағынан, табиғи факторлардың (мәселен, топырақтың) құнарлылығымен, ал, екінші жағынан, тұрғындардың қажетсінулерінің (климат т. с. себебінен) өте-мөте төмен деңгейде болуымен есесі толуы мүмкін; мұның екеуі де, мәселен, Индияда бар. Қоғамның мешеу, қарадүрсін күйінде жалақы минимумы, әлеуметтік қажетсінулердің әлі дамымағандығы себепті өте болмашы (тұтыну құндарына қатысты сан жағынан) болуы мүмкін, осыған қарамастан бұл минимум көп еңбекпен келеді. Бірақ оны өндіру үшін қажетті еңбек бар болғаны орташа шамада болған күннің өзінде де, қалай дегенмен өндірілген қосымша құн жалақыға (қажетті жұмыс уақытына) қатысты алғанда жоғары болғанмен, яғни қосымша құнның жоғары нормасы тұсында да жоғары болғанмен, тұтыну құндары арқылы білдірілгенде жалақының өзі секілді соншалықты мардымсыз (салыстырмалы түрде) болар еді.

Қажетті жұмыс уақыты = 10 сағат, қосымша еңбек = 2 сағат,

бүкіл жұмыс күні = 12 сағат болсын. Егер қажетті жұмыс уақыты 12 сағатқа, қосымша еңбек  $2\frac{2}{5}$  сағатқа тең, ал бүкіл жұмыс күні  $14\frac{2}{5}$  сағат болса, онда өндірілген құндар барынша әр түрлі болар еді. Бірінші жағдайда өндірілген құндар 12 сағатқа, екінші жағдайда  $14\frac{2}{5}$  сағатқа тең. Қосымша құндардың абсолютті шамалары да дәл осындай әр қилы болар еді. Бір жағдайда қосымша құн 2 сағатқа, екіншісінде  $2\frac{2}{5}$  сағатқа тең. Осыған қарамастан *қосымша құн* немесе *қосымша еңбек нормасы* сол бір қалпы ғана болар еді, өйткені  $2:10 = 2\frac{2}{5}:12$ . Егер екінші жағдайда жұмсалған өзгермелі капитал көп болған болса, онда оның иемденетін қосымша құны да, немесе қосымша еңбегі де көп болар еді. Егер соңғы жағдайда қосымша еңбек  $\frac{2}{5}$  емес,  $\frac{5}{5}$  сағатқа артса, сөйтіп ол 3 сағатқа, ал жиынтық жұмыс күні 15 сағатқа тең болса, онда *қосымша құн нормасы қажетті жұмыс уақытының* — немесе жалақы минимумының осетіп болғанына қарамастан артар еді (өйткені  $2:10 = \frac{1}{5}$ , ал  $3:12 = \frac{1}{4}$ ). Егер астықтың т. б. қымбаттауы салдарынан жалақы минимумы 10 сағаттан 12 сағатқа дейін артса, жоғарыдағы екі жағдайдың екеуі де бір мезгілде бола алар еді. Сонымен осы жағдайдың өзінде де қосымша құн нормасы өзгеріссіз қала алатынымен ғана қоймай, сонымен қоса ол, ал онымен бірге қосымша құн жиынтығы да арта алар еді.

Бірақ қажетті жалақы бұрынғыдай 10 сағатқа, қосымша еңбек 2 сағатқа тең, басқа жағдайлардың бәрі бұрынғыдай болып қала береді деп ұйғарайық (бұл арада, демек, өндіріс шығындарының тұрақты капиталға кемуі мүлдем есепке алынбайды). Егер жұмысшы енді  $2\frac{2}{5}$  сағат артық жұмыс істеп, оның 2 сағатын өзі иемденіп, ал  $\frac{2}{5}$  сағаты қосымша еңбек болса, онда бұл жағдайда жалақы да, қосымша құн да бірдей артады, бірақ біріншісі қажетті жалақыдан гөрі, немесе қажетті жұмыс уақытынан гөрі артық шама болатын болады.

Егер қайсыбір *берілген* шаманы алып, оны екі бөлікке бөлсек, олардың біреуінің артуы екіншісі кеміген жағдайда ғана және керісінше ғана бола алады. Бірақ өскелең (ауыспалы) шамаларда істің жайы әсте олай емес. Жұмыс уақыты (әзірше қалыпты жұмыс күні жеңіп алынбай тұрғанда) нақ осындай өскелең шама болып табылады. Мұндай шамаларда екі бөлігі де бірдей немесе әркелкі өсе алады. Біреуінің артуы екіншісінің кемуімен шарттас емес және керісінше. Мұның өзі жалақы мен қосымша құн өздерінің *айырбас құны* жөнінен бір мезгілде өсе алатын, ал белгілі бір шарттарда тіпті *бірдей мөлшерде өсе алатын* бірден-бір жағдайдың нақ өзі. Олардың тұтыну құнына келсек, онда бұл өзінен-өзі түсінікті; еңбектің құны, айтайық, кемісе де, ол арта алады. [657] Англияда астықтың бағасы мен номиналды жалақы едәуір артқан 1797—1815 жылдар аралығындағы кезеңде — нақ осы кезеңде сонымен қатар осы уақытта тежеусіз даму фазасын басынан кешірген өнеркәсіптің басты-басты салаларында жұмыс

уақытының ұзақтығы көп артты, сондықтан мен пайда нормасының құлдырауы тежеген (қосымша құн нормасының құлдырауын тежегендіктен) осы болды деп ойлаймын. Бірақ мұндай реттерде қалыпты жұмыс күні барлық жағдайлардың тұсында ұзарады және осыған сәйкес жұмысшы өмірінің қалыпты кезеңі, ал олай болса, оның жұмыс күшінің сақталуының қалыпты ұзақтығы да қысқарады. Жұмыс күшінің ұзартылуы үнемі болған кезде мұның өзі басталмай қоймайды. Егер ол жалақының уақытша қымбаттауының ессін толтыруға бағытталып (әйелдердің және балалардың еңбегі туралы сөз болатын жағдайдан басқасында), тек уақытша сипатта ғана болса, онда жұмыс күшінің ұзартылуы олардың өзінің сипаты жөнінен мүмкін болатын кәсіпорындарда пайда нормасының құлдырауын тоқтата тұрғаннан басқа ешқандай зардабы болмауы да мүмкін. (Бұл бәрінен де гөрі ауыл шаруашылығында аз болады.)

Рикардо мұны мүлдем есепке алған жоқ, өйткені ол қосымша құнның шығу тегін де, абсолютті қосымша құнды да зерттемейді, сондықтан да жұмыс күнін бөрілген бір шама деп қарастырады. Демек, *оның* қосымша құн мен жалақы (ол қателесіп: пайда мен жалақы дейді), — егер оларды айырбас құны жағынан қарастырсақ, бір-біріне *кері* қатынаста ғана арта немесе кеми алады деген заңы жоғарыда көрсетілген жағдай үшін *дұрыс емес*.

Бастапқы пункт ретінде қажетті жұмыс уақыты өзгеріссіз қалады, сондай-ақ қосымша еңбек те өзгермейді деп ұйғарайық. Демек, бізде  $10 + 2$ ; жұмыс күні = 12 сағат, қосымша құн = 2 сағат; қосымша құн нормасы =  $\frac{1}{5}$ .

Енді қажетті жұмыс уақыты сол күйінде қалып, ал қосымша еңбек 2 сағаттан 4 сағатқа дейін артсын. Онда жұмыс күні  $10 + 4$ , яғни 14 сағат болады; қосымша құн = 4 сағат; қосымша құн нормасы =  $4:10 = \frac{4}{10} = \frac{2}{5}$ .

Екі жағдайдың екеуінде де қажетті жұмыс уақыты бір; бірақ қосымша құн бір жағдайда екіншісіндегіден екі есе көп, ал жұмыс күні екінші жағдайда біріншісіндегіден алтыдан бір бөлікке артық. Одан әрі, жалақы сол бір қалыпта болса да, өздеріне жұмсалған еңбек молшеріне сәйкес өндірілген құндар барынша әр түрлі болар еді; бірінші жағдайда өндірілген құндар 12 сағатқа, екінші жағдайда  $12 + \frac{12}{6} = 14$  сағатқа тең. Сөйтіп, екі товардағы сіңірілген *жалақы* (құны жөнінен, қажетті жұмыс уақыты жөнінен) *бірдей* деп ұйғарғанда қосымша құндар бір-біріне осы товарларға сіңірілген еңбек молшерлері сияқты қатынаста болады деу *дұрыс емес*. Мұның өзі *қалыпты жұмыс күні* өзгеріссіз қалған жағдайда ғана *дұрыс*.

Одан әрі, еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде қажетті жалақы 10 сағаттан 9 сағатқа дейін қысқарды (ол өзі жұмсалатын тұтыну құндарында білдірілгендіктен, өзгермеген

күйі қалса да) және қосымша еңбек уақыты да 2 сағаттан  $1\frac{4}{5}$  ( $\frac{9}{5}$ ) сағатқа дейін қысқарды деп ұйғарайық. Бұл жағдайда  $10:9=2:1\frac{4}{5}$ . Демек, қосымша еңбек уақыты қажетті уақыт сияқты пропорцияда кемір еді. Қосымша құн нормасы екі жағдайдың екеуінде де сол бір қалпы болар еді: өйткені  $2=\frac{10}{5}$  және  $1\frac{4}{5}=\frac{9}{5}$  болғандықтан,  $1\frac{4}{5}:9=2:10$ . Қосымша құнға сатып алуға болатын тұтыну құндарының мөлшері де, ұйғарымға сәйкес, өзгермеген күйі қалар еді. (Бірақ мұның өзі қажетті тіршілік құралдары болып табылатын тұтыну құндарына ғана қатысты болар еді.) Жұмыс күні 12 сағаттан 10 сағатқа дейін кемір еді. Екінші жағдайда ондірілген күндер жиынтығы біріншідегіден гөрі аз болар еді. Ал осы тең емес еңбек мөлшерлеріне қарамастан, қосымша құн нормасы екі жағдайдың екеуінде де бір болар еді.

Қосымша құнды қарастырғанда біз қосымша құн мен қосымша құн нормасын сараладық. Бір жұмыс күні үшін қарастырылатын қосымша құн ол бейнеленетін сағаттардың абсолютті санына: екі, үш және т. б. сағатқа тең болады. Қосымша құн нормасы осы сағаттар санының қажетті жұмыс уақытын құрайтын сағаттар санына қатынасына тең. Бұл саралаудың өте маңызды болатын себебінің өзі сол, ол жұмыс күнінің әр түрлі ұзақтығын көрсетеді. Егер қосымша құн 2 сағатқа тең болса, ол қажетті жұмыс уақыты 10 сағат болғанда бестен бір бөлік, қажетті жұмыс уақыты 12 сағат болғанда, алтыдан бір бөлік болады. Бір жағдайда жұмыс күні 12 сағат, екінші жағдайда 14 сағат болады. Бірінші жағдайда қосымша құн нормасы көбірек және бұл орайда жұмысшы бір күн бойында азырақ сағат уақыт жұмыс істейді. Екінші жағдайда қосымша құн нормасы кемірек, жұмыс күнінің құны көбірек, бұл орайда жұмысшы бір күн ішінде көбірек сағат уақыт жұмыс істейді. Бұл арада біз қосымша құн өзгермеген жағдайда (бірақ жұмыс күні бірдей болмағанда) қосымша құн нормасы әр түрлі болуы мүмкін екенін көреміз. Ал бұрынырақта келтірілген жағдайда ( $10:2$  және  $9:1\frac{4}{5}$ ) біз қосымша құн нормасы өзгермеген жағдайда (бірақ жұмыс күні бірдей болмағанда) қосымша құнның өзі әр түрлі болуы мүмкін (бір жағдайда — 2, екіншісінде —  $1\frac{4}{5}$ ) екенін көрген едік.

Жоғарыда (2-тарау) мен белгілі бір жұмыс күні тұсында (оның белгілі бір ұзақтығында), сондай-ақ белгілі бір қажетті жұмыс уақыты тұсында, — демек, белгілі бір қосымша құн нормасында, — қосымша құн массасының сол капитал бір мезгілде

жұмысқа қосқан жұмысшылардың санына тәуелді болатынын көрсеттім<sup>110</sup>. Бұл қағида тавтология болған еді. Өйткені, егер 1 жұмыс күні маған 2 сағат қосымша еңбек беретін болса, онда 12 жұмыс күні маған 24 сағат — немесе 2 күн — қосымша еңбек береді. Алайда бұл қағида пайданы анықтау кезінде барынша маңызды мән алады, ал пайда қосымша құнның авансыланған капиталға қатынасына тең, демек, қосымша құнның абсолюттік шамасына тәуелді болады. Мұның маңызды мән алатын себебі мөлшерлері бірдей, бірақ табиғи құрылымы әр түрлі капиталдар жұмысшылардың әр түрлі санын қолданады және, демек, әркелкі қосымша құн, демек, әркелкі пайда өндіруге тиіс. Егер қосымша құн нормасының артуы немесе құлдырауы жұмыс істейтін жұмысшылар санының кері қозғалысымен реттеліп отыратын болса, құлдыраған қосымша құн нормасы кезінде пайда артуы мүмкін, ал арта түсетін қосымша құн нормасы кезінде пайда құлдырауы немесе өзгермеген күйі қалуы мүмкін. Бұл арада біз қосымша құнның артуы мен құлдырауы заңдарын [658] пайданың артуы мен құлдырауы заңдарымен теңдестірудің барынша дұрыс емес екенін әуел бастап-ақ көреміз. Егер қосымша құнның қарапайым заңын ғана қарастырсақ, белгілі бір қосымша құн нормасы тұсында (және белгілі бір жұмыс күні кезінде) қосымша құнның абсолюті массасы қолданылатын капиталдың массасына тәуелді деген қағида тавтология болып көрінеді, — өйткені капиталдың осы массасының артуы мен бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылар санының артуы, болжамға сәйкес барабар немесе сол бір ғана фактінің көріністері ғана болып табылады. Бірақ, егер қолданылатын жиынтық капиталдың массасы мен қолданылатын жұмысшылар санының массасы бірдей шамадағы капиталдар үшін барынша әр түрлі болатын жердегі пайданы қарастыруға көшетін болсақ, онда көрсетілген заңның маңыздылығы түсінікті болады.

Рикардо белгілі бір құны бар *товарларды*, яғни еңбектің белгілі бір мөлшері болып табылатын товарларды қарастыруды негізге алады. Ал мұндай бастапқы пункт кезінде абсолютті қосымша құн мен относителді қосымша құн әрдайым сәйкес келеді. (Қалай болғанда да, оның қарастыру әдісінің бір жақты болуының себебі осы және оның бүкіл зерттеу әдісіне — бастапқы негіз ретінде товарлардың *құнын*, товарларға сіңірілген жұмыс уақытымен белгіленген құнын алу, содан соң барып оған жалақының, пайданың және т. б. қандай дәрежеде ықпалы болатынын зерттеу әдісіне сәйкес келеді). Солай болғанымен, бұл жалған көрініс, өйткені мұнда әңгіме қарапайым товар туралы емес, капиталистік өндіріс туралы, капиталдың өнімі ретіндегі товарлар туралы болып отыр.

Капитал жұмысшылардың белгілі бір массасын, мәселен, 20 адамды қолданады дейік және жалақы 20 ф. ст. болсын. Ықшам-



дылық үшін біз негізгі капиталды 0-ге тең деп аламыз, яғни оны мүлдем есепке алмаймыз. Егер күніне 12 сағаттан жұмыс істесе бұл 20 жұмысшы 80 ф. стерлингтің мақтасын иіреді дейік. Егер мақтаның қадағы 1 шилл. болса, 20 қадақ мақта 1 ф. ст. тұрады, ал 80 ф. ст. 1 600 қадақ мақтаға тең. Егер 20 жұмысшы 12 сағатта 1 600 қадақ мақта өндесе, 1 сағат ішінде олар  $1\frac{600}{12}$  қадақ —  $133\frac{1}{3}$  қадақ мақта өңдейді. Сонымен, егер қажетті жұмыс уақыты 10 сағатқа тең болса, онда қосымша жұмыс уақыты 2 сағат болады және  $266\frac{2}{3}$  қадақ жіп береді. 1 600 қадақ жіптің құны 104 ф. ст. болады; өйткені, егер 10 жұмыс сағаты = 20 ф. ст. болса, 1 жұмыс сағаты = 2 ф. ст., ал 2 жұмыс сағаты = 4 ф. ст., демек 12 жұмыс сағаты = 24 ф. ст. (80 ф. ст. [шикізаттың құны] + 24 ф. ст. [жаңадан қосылған еңбек жасаған күн] = 104 ф. ст.).

Бірақ, егер жұмысшылардың қосымша еңбегінің уақыты 4 сағатқа тең деп ұйғарсақ, онда олардың өнімі 8 ф. ст. болады (мен жұмысшылар жасайтын қосымша құнды айтып отырмын; шын мәнінде олардың өнімі 28 ф. стерлингке тең<sup>111</sup>). Жиынтық өнімнің құны  $121\frac{1}{3}$  ф. ст. болады<sup>112</sup>, ал бұл  $121\frac{1}{3}$  ф. ст. 1 866 $\frac{2}{3}$  қадақ жіпке тең. Өндіріс жағдайы өзгермегендіктен, 1 қадақ жіптің құны бұрынғысындай болар еді; онда соншалық жұмыс уақыты болар еді. Ұйғарымға сәйкес қажетті жалақы да (оның құны, ондағы бар жұмыс уақыты) өзгермеген күйі қалар еді.

Бұл  $1\frac{866\frac{2}{3}}{3}$  қадақ жіп бірінші немесе екінші жағдайда өндіріле ме, яғни екі сағат қосымша еңбекте не төрт сағат қосымша еңбекте өндірілсе де, екі жағдайдың екеуінде де олардың құны бір болар еді. Атап айтқанда бұрынғы 1 600 қадақ мақтаның үстіне иірілген жіпке айналдырылатын  $266\frac{2}{3}$  қадақ мақта  $13\frac{1}{3}$  ф. ст. тұрады. Егер оларды 1 600 қадақ мақта үшін төленген 80 ф. стерлингке қосса, онда бұл  $93\frac{1}{3}$  ф. ст. болады және екі жағдайда да 20 адамның 4 қосымша жұмыс сағаты 8 ф. стерлингке тең. Бүкіл [жаңадан қосылған] еңбек үшін бұл 28 ф. ст. болады. Демек,  $1\frac{866\frac{2}{3}}{3}$  қадақ жіптің құны  $121\frac{1}{3}$  ф. ст. тең. Екі жағдайдың екеуінде де жалақы бір. Жіптің қадағы екі жағдайда да  $1\frac{3}{10}$  шилл. тұрады. 1 қадақ мақтаның құны 1 шилл. болғандықтан, 1 қадақ жіпке сіңірілген жаңадан қосылған еңбек үшін екі жағдайда да  $\frac{3}{10}$  шилл. немесе  $3\frac{3}{5}$  пенс (не  $\frac{18}{5}$  пенс) қалады.

Осыған қарамастан ұйғарылған жағдайда әрбір қадақ жіптегі құн мен қосымша құнның арасындағы арақатынас барынша әр қилы болар еді. Бірінші жағдайда қажетті еңбек = 20 ф. ст., ал қосымша еңбек = 4 ф. ст. немесе біріншісі = 10 сағат, ал екіншісі = 2 сағат болғандықтан, қосымша еңбектің қажетті еңбекке катыпасы 2:10 не 1:5 қатынасындай. (Нақ осы сияқты 4 ф. ст.: 20 ф. ст. =  $\frac{4}{20}$  =  $\frac{1}{5}$  .) 1 қадақ жіптегі [заттанған]  $3\frac{3}{5}$  пенсте

[жаңадан қосылған еңбек] демек, бұл жағдайда  $\frac{1}{5}$  өтелмеген еңбек =  $\frac{18}{25}$  пенс, немесе  $\frac{78}{25}$  фартинг, яғни  $2\frac{22}{25}$  фартинг ақысы өтелмеген еңбек бар. Екінші жағдайға келсек, қажетті еңбек 20 ф. ст. (10 жұмыс сағаты) болады, қосымша еңбек = 8 ф. ст. (4 жұмыс сағаты). Қосымша еңбек қажетті еңбекке  $8:20 = \frac{8}{20} = \frac{4}{10} = \frac{2}{5}$  қатынаста болар еді. Сөйтіп 1 қадақ жіптегі [заттанған]  $3\frac{3}{5}$  пенсте [жаңадан қосылған еңбек] ақысы төленбеген еңбек осы соманың  $\frac{2}{5}$ -сі, яғни  $5\frac{19}{25}$  фартинг, немесе 1 пенс 1 фартинг болады. Бір қадақ жіптің екі жағдайдың екеуінде де құны бірдей болса да және екі жағдайда да оған бірдей жалақы төленсе де, осы бір қадақ жіптегі қосымша құн, — [659] бір жағдайда екіншідегіден екі есе артық. Өнімнің белгілі бір бөлігі ретіндегі товардың бір өлшемінде еңбектің құны мен қосымша құн арасындағы арақатынас бүкіл өнімдегі сияқты болуға тиіс екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Бір жағдайда [ $1866\frac{2}{3}$  қадақ мақта 12 сағат жұмыс күні тұсында иірілгенде] мақтаға авансыланған капитал  $93\frac{1}{3}$  ф. ст.; ал жалақыға авансыланған капитал қанша? Мұнда 1600 қадақ мақтаны иіргенде жұмсалған жалақы 20 ф. ст.; олай болса қосымша  $266\frac{2}{3}$  қадақ мақтаны иіруде ол  $3\frac{1}{3}$  ф. ст. болады. Демек, жалақыға барлығы  $23\frac{1}{3}$  ф. ст. жұмсалатын болады. Жиынтық шығын болса =  $93\frac{1}{3}$  ф. ст. [тұрақты] капитал +  $23\frac{1}{3}$  ф. ст. =  $116\frac{2}{3}$  ф. ст. Өнім =  $121\frac{1}{3}$  ф. ст.  $3\frac{1}{3}$  ф. ст. [тұрақты] капиталды қосымша жұмсау бұл арада бар болғаны  $13\frac{1}{3}$  шилл. (немесе  $\frac{2}{3}$  ф. ст.) қосымша құн береді ( $20$  ф. ст.:  $4$  ф. ст. =  $3\frac{1}{3}$  ф. ст.:  $\frac{2}{3}$  ф. ст.).

Керісінше, басқа жағдайда [сол  $1866\frac{2}{3}$  қадақ мақта 14 сағаттық жұмыс күнінде иірілгенде] авансыланған капитал не бары  $93\frac{1}{3}$  ф. ст. +  $20$  ф. ст. =  $113\frac{1}{3}$  ф. ст. қана болар еді де,  $4$  ф. ст. қосымша құнға тағы  $4$  ф. ст. қосылар еді. Екі жағдайда да бірдей мөлшерде жіп иірілді, екі мөлшердің екеуінің де құны бірдей,

яғни олар еңбектің бірдей жиынтық мөлшерлері болып табылады; бірақ еңбектің бұл бірдей жиынтық мөлшерлерін жалақы сол бір қалпы болғанмен, шамалары әрқелкі капиталдар қозғалысқа келтірген; мұның керісінше, жұмыс күндері шамалары жөнінен тең емес, *осы себепті* ақысы төленбеген еңбектің мөлшері де әрқелкі. Егер жіптің жеке бір қадағын қарастырсақ, онда оған жұмсалған жалақы мөлшері, немесе оған сіңірілген *ақысы төленген* еңбектің мөлшері бірдей емес. Сол бір жалақының өзі бұл арада товарлардың көбірек массасына бөлінгенде еңбек бір жағдайда екіншісіндегіден өнімдірек болатындықтан емес, іске қосылатын ақысы төленбеген қосымша еңбектің жиынтық массасы бір жағдайда екіншісіндегіден артық болғандықтан солай бөлінеді. Сондықтан екі жағдайдың екеуінде де барлығы бірдей мөлшерде жіп иірілсе де және ол жиынтық еңбектің (ақысы төленген және төленбеген еңбектің) бірдей мөлшерін білдірсе де, *ақысы төленген еңбектің сол бір* мөлшері арқылы бір жағдайда бірнеше қадақ жіп артық өндіріледі. Егер, мұның керісінше, еңбек өнімділігі екінші жағдайда артқан болса, онда барлық жағдайда (қосымша құнының өзгермелі капиталға қатынасы қалай қалыптасса да) жіптің бір қадағының құны төмендер еді.

Демек, мұндай жағдайда жіптің бір қадағының 1 шилл.  $3\frac{3}{5}$  пенс болатын құны берілгендіктен, одан әрі,  $3\frac{3}{5}$  пенс болатын қосылған еңбектің құны берілгендіктен және жалақы ұйғарымға сәйкес *сол бұрынғы қалпында* болғандықтан, яғни *қажетті жұмыс уақыты* өзгермей қалатындықтан, онда осы себепті қосымша құн сол қалпында болуға тиіс, өкі капитал да басқа жағдайлар бірдей болғанда жіпті бірдей өндіретін деп пайымдау қате болар еді. Егер әңгіме жіптің бір қадағы туралы болса, онда бұл дұрыс болар еді, бірақ мұнда әңгіме  $1\ 866\frac{2}{3}$  қадақ жіп өндіретін капитал туралы болып отыр. Ал осы капиталдың бір қадақтан алатын пайдасы (яғни қосымша құнының өзі) қаншалық мол екенін білу үшін біз жұмыс күнінің қапдай шамада өкенін, немесе бұл капитал ақысы төленбеген еңбектің қандай мөлшерін (белгілі бір өнімділік тұсында) қозғалысқа келтіретінін білуге тиіспіз. Бірақ мұны товардың бір өлшемі жөнінде көруге болмайды.

Сонымен, Рикардо мен *относительді қосымша құн* деп атаған нәрсені ғана зерттейді. Ол *жұмыс күнінің шамасы берілген* деген алғы шартты (Смит пен одан бұрынғылар да тегінде соны негізге алған болу керек) негізге алады. (Смитте, ең әрі дегенде еңбектің *әр түрлі* салаларындағы жұмыс күнінің шамасындағы еңбектің барынша интенсивтілігімен, оның қиындығымен, жиренішті сипатымен т. с. с. жоққа сайылатын немесе есесі жойылатын айырмашылықтар айтылады). Осы алғы шартты негізге алып, Рикардо *относительді қосымша құнды жалпы алғанда* дұрыс баяндайды. Бірақ оның зерттеуінің негізгі пункттері туралы

айтпас бұрын біз Рикардоның концепциясын сипаттайтын тағы бірнеше цитат келтірейік.

«Бір миллион адамның өнеркәсіптегі еңбегі әрдайым *сол бір құнның* өзін өндіреді, бірақ ол әр кезде бірдей сол бір байлықтың өзін өндіре бермейді» (цитат алынған шығарма, 320-бет) [Орысша аудармасы, I том, 226-бет].

Мұның мәнісі, олардың бір күндік еңбегінің өнімі әрдайым бір миллион жұмыс күнінің өнімі болады, онда *сол бір* жұмыс уақыты болады деген сөз, ал мұның өзі дұрыс емес, немесе барлық жерде бірдей, еңбектің әр түрлі салаларында әр түрлі қиындық дәрежелері және т. б. ескерілген *сол бір* қалыпты жұмыс күні орнаған жағдайда ғана дұрыс бола алар еді.

Алайда сол уақыттың өзінде де бұл қағида осында айтылғанындай жалпылама формасында дұрыс емес. Қалыпты жұмыс күні 12 сағатқа тең деп ұйғарайық. Бір адамның еңбегінің жылдық өнімі ақшаға шаққанда 50 ф. стерлингке тең деп және ақшаның құны өзгермейді деп ұйғарайық. Бұл жағдайда 1 миллион адамның еңбегінің өнімі әрдайым бір жылда 50 миллион ф. ст. болады. Қажетті еңбек 6 сағатқа тең деп ұйғарайық. Сонда осы 1 миллион адамға жұмсалатын капитал бір жылда 25 миллион ф. ст. болады. Қосымша құн да 25 миллион ф. стерлингке тең. Жұмысшылар 25, 30 немесе 40 миллион ала ма, бұған қарамастан, өнім әрдайым 50 миллионға тең болар еді. Бірақ қосымша құн бірінші жағдайда 25 миллионға, екіншіде — 20 миллионға, ал үшінші жағдайда 10 миллионға тең болар еді. Егер авансыланған капитал тек бір ғана *өзгермелі* капиталдан, яғни осы бір миллион адамның *жалақысына* жұмсалатын капиталдан ғана тұрса, онда Рикардоның айтқаны дұрыс болар еді. Демек, оның айтқаны тек *бір* жағдайда ғана, атап айтқанда: егер бүкіл капитал өзгермелі капиталға тең болса дұрыс болар еді, — осы алғы шарт Рикардоның бүкіл зерттеуінде, [660] А. Смит бүкіл қоғамның капиталы туралы айтатындықтан, оның да бүкіл зерттеуінде бар; бірақ капиталистік өндіріс жағдайында мұндай жағдай оның қайсыбір жеке саласында да болмайды, ал оның бержағында тұтас алғанда бүкіл қоғамдық өндірісте де болмайды.

*Тұрақты капиталдың* құн құрау процесіне кірмей, еңбек процесіне кіретін *бөлігі* өнімге (*өнімнің құнына*) кірмейді, ал осы себепті әңгіме *жылдық өнімнің құны* туралы болып отырған бұл жерде бізді мүлдем қызықтырмайды, тұрақты капиталдың бұл бөлігін пайданың жалпы нормасын анықтауда ескеру қаншалықты маңызды болғанымен, қызықтырмайды. Тұрақты капиталдың жылдық өнімге кіретін бөлігі жөнінде істің жайы басқаша. Тұрақты капиталдың бұл бөлігінің бір бөлігі — немесе өндірістің бір саласында тұрақты капитал ретінде әрекет ететін нәрсе — басқа бір салада өндірістің *сол бір* жылдық кезеңінің бойында

еңбектің тікелей өнімі ретінде *көрінетінін* көрдік; демек, жыл сайын жұмсалатын капиталдың едәуір бөлігі, жеке бір капиталистің немесе өндірістің айрықша бір саласының тұрғысынан тұрақты капитал ретінде *көрінетін* бөлігінің бүкіл қоғамның немесе бүкіл капиталистер табының көзқарасы тұрғысынан *өзгермелі капиталға* саятынын көрдік. Демек, бұл бөлік айтылған 50 миллионда, бұл 50 миллионның өзгермелі капиталды құрайтын немесе жалақыға жұмсалатын бөлігінде болады.

Бірақ *тұрақты капиталдың* өнеркәсіп пен егіншілікте тұтынылған тұрақты капиталдың есесін толтыру үшін тұтынылатын бөлігі, тұрақты капитал өндіретін — бастапқы формасында шикізат, негізгі капитал және көмекші материалдар өндіретін өндіріс салаларында іске қосылған тұрақты капиталдың тұтынылған бөлігі жөнінде істің жайы басқаша. Тұрақты капиталдың бұл бөлігінің құны қайта пайда болып, өнімде ұдайы өндіріледі. Және оның бүкіл өнімнің құнына қандай пропорцияларда кіретіні түгелдей және толығымен осы құнның нақты бар шамасына (еңбек өнімділігі өзгермейді деп ұйғарылады; алайда ол қалай өзгерсе де, бұл құнның әр кезде белгілі бір *тиянақты* шамасы болады) байланысты. (Орташа алғанда, егер ауыл шаруашылығындағы кейбір ерекшеліктерді былай қалдырсақ, өндірістің алғы шарты болып табылатын бұл тұрақты капиталдың шамасына, әрине, өнімдердің массасы да, яғни бір миллион адам өндірген *байлықтың*, Рикардоның байлықты *құннан* ажырататын мағынасындағы байлықтың, массасы да тәуелді болады.) Бір миллион адамның жаңа, бір жылдық еңбегі болмайынша өнім құнының бұл бөлігі болмас еді. Екінші жағынан, бір миллион адамның еңбегі, олардың жылдық еңбегіне тәуелсіз бар осы тұрақты капитал болмайынша, өнімнің сол массасын бермес еді. Көрсетілген тұрақты капитал өндірістің шарты ретінде еңбек процесіне кіреді, бірақ бүкіл жылдық өнім құнының осы бөлігін ұдайы өндіру үшін бір сағат та артық еңбек жұмсалмайды. Сөйтіп, құн ретінде бұл бөлік жылдық еңбектің нәтижесі емес, дегенмен осы жылдық еңбек *болмайынша* оның құны өнімде ұдайы өндіріле алмас еді.

Тұрақты капиталдың өнімге кіретін бөлігі 25 миллионға тең деп ұйғарайық. Онда бір миллион адам өнімінің құны 75 миллионға тең болады. Егер тұрақты капиталдың өнімге кіретін бөлігі 10 миллионға тең болса, онда бұл өнімнің құны 60 миллионға ғана тең болар еді және т. б. Ал капиталистік даму процесінде тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қатынасы өсе беретіндіктен, бір миллион адамның жылдық өнімінің құнында осы бір миллион адамның жылдық өндірістік қызметіне фактор ретінде қатысатын өткендегі еңбектің артуына пропорциялы түрде үнемі өсу тенденциясы болады. Осының өзінен-ақ Рикардоның қорланудың мәнін де, пайданың табиғатын да түсіне алмағаны көрінеді.

Тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қатынасының ар-

туымен бірге еңбектің өнімділігі де артады, адамдар өндірген, қоғамдық еңбек соның көмегімен әрекет ететін өндіргіш күштер өседі. Рас, еңбек өнімділігінің осы өсуінің нәтижесінде нақты бар тұрақты капиталдың бір бөлігі әр уақытта құнсыздана береді, өйткені оның құны енді бастапқыдағыдай жұмыс уақытымен анықталмайды, оны ұдайы өндіруге жұмсалуға тиісті жұмыс уақытымен анықталады, ал бұл жұмыс уақыты еңбек өнімділігі артқан сайын үнемі кеми береді. Осы себептен тұрақты капиталдың құны оның массасына пропорциялы емес тұрғыда артқанымен, ол қалай да артады, өйткені тұрақты капиталдың массасы оның құнының құлдырауынан гөрі шапшаң өседі. Алайда Рикардоның қорлану жөніндегі көзқарастарына біз кейінірек ораламыз.

Қалай болғанда да, берілген жұмыс күні тұсында бір миллион адамның жылдық еңбегінің бүкіл өнімінің құны өнімге кіретін тұрақты капиталдың массасындағы айырмашылықтарға байланысты барынша әр түрлі болып шығатыны және еңбек өнімділігінің артуына қарамастан, бұл құн тұрақты капитал жиынтық капиталдың едәуір үлесі болған жерде көбірек болатыны, ол жиынтық капиталдың біршама шағын үлесі болатын қоғамдық жағдайлар тұсындағыдан көбірек болатыны осы арада-ақ анық. Қоғамдық еңбек өнімділігінің прогресімен — шын мәнінде солай болатынындай — тұрақты капиталдың өсуімен бірге болатын прогресімен қатар осы себепті бүкіл жылдық өнімнің бірден-бірге көп бөлігі капиталдың өз үлесіне келетін болады, демек, капиталистік меншік (капиталистердің кірісі туралы айтпағанның өзінде) әр уақытта артатын болады, ал құнның жеке бір жұмысшының және тіпті бүкіл жұмысшы табының [жаңадап қосылған еңбегі] жасайтын бөлігінің үлесі оған капитал ретінде қарсы тұратын олардың өткендегі еңбегінің өніміне қатынасы жағынан барған сайын кеми беретін [661] болады. Сондықтан жұмыс күші мен еңбектің капиталда дараланып дербес форма алған объективті шарттарының арасындағы жаттық пен қарама-қарсылық үнемі артады. (Біз бұл арада өзгермелі капитал туралы, жылдық өнімнің жұмысшы табын ұдайы өндіру үшін керек болатын бөлігі туралы айтып отырғанымыз жоқ; бірақ жұмысшы табының тіршілік етуінің бұл құралдарының өзі де оған капитал ретінде қарсы тұрады).

Рикардоның жұмыс күні *берілген, шектеулі, тіркелген шама* деген көзқарасы оның кітабының басқа жерлерінде де айтылады, мысалы:

«Олардың» (жалақы және капиталға келетін пайда) *«бірге алғанда әр кезде сол бір ғана құны болады»* (цитат алыпған шығарма, 499-бет, 32-таурау: «Мальтус мырзаның рентаға көзқарасы») [Орысша аудармасы, I том, 338-бет].

Мұның мәнісі басқаша айтқанда мынау ғана: өнімі жалақы мен капиталға келетін пайдадың арасында бөлінетін жұмыс уақыты (жұмыс күні) әрдайым *сол бір нәрсе тұрақты* шама болып табылады.

«Жалақының және пайдадың, бірге алғанда *сол бір ғана құны* болады» (491-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, I том, 332-бет].

Бұл арада мұндағы пайда дегеннің орнына қосымша құн деп оқу керектігін қайталап жатуымның қажеті жоқ.

«Жалақының және пайдадың, бірге алғанда *әрқашанда* сол бір ғана құны болады» (490—491-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 332-бет].

«Жалақы ол сюртук, қалпақ, ақша арқылы, не астық арқылы белгіленсе де, *номиналдық құны* бойынша емес, *шын мәніндегі құны* бойынша, яғни *оны өндіруде тұтынылған еңбек пен капиталдың мөлшері* бойынша бағалануы тиіс» (1-тарау: «Құн туралы», 50-бет) [Орысша аудармасы, I том, 63-бет].

Жұмысшының алатын тіршілік құралдарының (ол өзінің жалақысына сатып алатын),— астықтың, киімнің және т. б. құны оларды өндіруге қажет болатын жиынтық жұмыс уақытымен; оларды өндіру үшін қажетті тікелей еңбектің, сондай-ақ заттанған еңбектің мөлшерімен белгіленеді. Бірақ Рикардо мәселені шатастырғанда оны таза түрінде тұжырымдамағандықтан және былай демегендіктен шатастырады: «оның (жалақының) *шын мәніндегі құны*, яғни жұмыс күнінің оның (жұмысшының) өзіне қажетті тіршілік құралдарының құнын ұдайы өндіру үшін, оған жалақы түрінде төленген немесе оның еңбегіне айырбасталған қажетті тіршілік құралдарының эквивалентін ұдайы өндіру үшін талап етілетін бөлегі». «Шын мәніндегі жалақыны» орташа уақытпен, орташа болғанда соның ішінде жұмысшы өзінің жалақысын өндіру немесе ұдайы өндіру үшін өз еңбегін күнбе-күн жұмсауға тиіс болатын орташа уақытпен анықтау керек болар еді. [Ал Рикардо мынадай тұжырымдама береді:]

«Жұмысшы өз еңбегі үшін шын мәнінде жоғары бағаны мына жағдайда ғана: ол өзінің жалақысына еңбектің артық мөлшерінің өнімін сатып ала алатын болғанда ғана алады» (322-бет) [Орысша аудармасы, I том, 227-бет, ескерту].

#### 4) ОТНОСИТЕЛЬДІ ҚОСЫМША ҚҰН.

[ОТНОСИТЕЛЬДІ ЖАЛАҚЫҒА ЖАСАЛҒАН ТАЛДАУ —  
РИКАРДОНЫҢ ҒЫЛЫМҒА СІЦІРГЕН ЕҢБЕГІ]

Относительді қосымша құн — бұл іс жүзінде қосымша құнның Рикардо *пайда* деген атпен зерттейтін бірден-бір формасы.

Товарды өндіру үшін қажет және соған сіңген еңбектің мөлшері товардың құнын белгілейді, осы себепті бұл құн *берілген, белгілі бір шама* болып табылады. Бұл шама жалдама жұмысшы

мен капиталистің арасында бөлінеді. (Рикардо Смит секілді бұл арада тұрақты капиталды ескермейді.) Біреуінің үлесі екіншісінің үлесінің артып не кемуіне қарай арта не кемі алатыны айқын. Товардың құны жұмысшылардың еңбегі арқасында пайда болатындықтан, барлық жағдайда да алғы шарт осы еңбектің өзі болып табылады, ал еңбек жұмысшы өмір сүріп, өзінің тіршілігін сақтамайынша, демек, қажетті жалақы (жұмыс күшінің құнымен теңдестірілетін жалақы минимумы) алмайынша болуы мүмкін емес. Сойтпін, жалақы мен қосымша құн — Рикардоның ойынша товардың құны немесе өнімнің өзі бөлінетін осы екі категория, — бір-біріне кері қатынаста болып қана қоймайды, сонымен бірге бастапқы, анықтаушы жайт жалақының қозғалысы болып шығады. Жалақының артуы немесе төмендеуі пайда (қосымша құн) жағында кері қозғалыс туғызады. Жалақының артуы не кемуі пайданың (қосымша құнның) кемуінен не артуынан болмайды, қайта керісінше жалақы артып не кемігендіктен барып, қосымша құн (пайда) артады немесе кемиді. Жұмысшы табы өз еңбегімен жасаған жылдық өнімнен өз үлесін алғаннан кейін қалатын *қосымша өнім* (анығын айтқанда *қосымша құн* деу керек еді) капиталистер табы соның есебінен өмір сүретін субстанцияны құрайды.

Товарлардың құны оларға сіңірілген еңбектің мөлшерімен анықталатындықтан, ал жалақы мен қосымша құн (пайда) өндірушілердің екі табының товардың құнын өзара бөліскенде алатын *үлесін*, бөлісу пропорциясын ғана білдіретіндіктен, мынадай жай айқып: жалақының артуы не кемуі қосымша құн нормасын (Рикардода — пайда нормасын) белгілейтін болса да, ол товардың құнына немесе оның (товар құнының ақшалай көрінісі болатын) бағасына ықпал жасамайды. Бүтіннің бөліске қатысушы екеудің арасында бөлінетін пропорциясы бұл бүтіннің өзін көбейтпейді де, азайтпайды да. Демек, *жалақының артуы товарлардың бағасын бейне арттырады* деген — бұл жалған түсінік; ол тек пайданың (қосымша құнның деу керек еді) төмендеуіне ғана әкеліп соғады. Рикардо келтірген, жалақының артуы бір товарлардың айырбас құндарын бейне арттырады, енді біреулерінің айырбас құндарын бейше кемітеді деген сөзінше жағдайлардың өздері де егер *құндар* туралы айтсақ шындыққа сәйкеспейді, тек *шығындардың бағасы* үшін ғана дұрыс.

[662] Қосымша құнның (пайданың) нормасы относителді жоғары жалақымен белгіленетін болса, онда бұл соңғы немен анықталады? Егер бәсекеңі еске алмасақ, жалақы қажетті тіршілік құралдарының бағасымен анықталады. Ал бұл баға өз кезегінде топырақ неғұрлым құнарлы болса, соғұрлым жоғары болатын еңбек өнімділігіне тәуелді (бұл орайда Рикардо капиталистік өндірісті ұйғарады). Әрбір «жетілдіру» товарлардың, тіршілік құралдарының бағасын кемітеді. Сөйтпін, жалақы немесе «еңбектің



құны» еңбектің өндіргіш күшінің дамуына кері қатынаста артып не төмендейді, өйткені еңбек жұмысшы табының әдеттегі тұтынуына енетін қажетті тіршілік құралдарын өндіреді. Демек, қосымша құн (пайда) нормасы еңбектің өндіргіш күшінің дамуына тура қатынаста төмендейді немесе артады, өйткені осы даму жалақыны арттырып не төмендетіп отырады.

Пайда (қосымша құн) нормасы жалақы артпайынша кеми алмайды және жалақы кемімейінше арта алмайды.

Жалақының құнын жұмысшы алатын тіршілік құралдарының мөлшеріне қарай емес, осы тіршілік құралдарының қапша еңбек мөлшеріне түсетіндігіне қарай (шын мәнінде жұмыс күнінің жұмысшы өзі иемденетін үлесіне қарай), жұмысшының жиынтық өнімнен, немесе дұрысырағы, осы өнімнің жиынтық құнынан алатын *пропорциялы үлесіне* қарай бағалау керек. Жұмысшының тұтыну құндарымен (товарлардың не ақшаның белгілі бір мөлшерімен) бағаланатын жалақысы (еңбек өнімділігі артқанда) артуы мүмкін, соған қарамастан, құны жөнінен кемуі және керісінше болуы мүмкін. Рикардоның сіңірген үлкен еңбегінің бірі относительді, немесе пропорциялы жалақыға талдау жасап, оны категория ретінде белгілеуі болып табылады. Рикардоға дейін жалақы әркезде салыстырмалы емес тұрғыдан қарастырылды да, осы есептен жұмысшы мал ретінде қаралды. Ал мұнда ол өзінің қоғамдық қатынасында қаралады. Таптардың бір-бірі жөніндегі жағдайына жалақының абсолютті шамасынан гөрі относительді жалақы көбірек дәрежеде себепші болады.

Жоғарыда тұжырымдалған қағидаларды дәлелдеу үшін енді Рикардодан цитаттар келтіреміз.

«Аңшының бір күндік еңбегінің өнімі, бұғының құны балықшының бір күндік еңбегінің өнімі — балықтың құнына дәлме-дәл тең болады. Өнімнің мөлшері қандай болса да, немесе әдеттегі жалақы не пайда жоғары не төмен болса да, балық пен аңның салыстырмалы құны түгелдей осылардың әрқайсысындағы еңбектің мөлшерімен реттелетін болады. Егер... балықшы... жылдық еңбегі 100 ф. ст. тұратын және бір күнде де өздерінің еңбегімен жиырма қызыл балық аулайтын он адамды жалдаса; егер... аңшы да жылдық еңбегі 100 ф. ст. тұратын және бір күнде оған он бұғы аулап беретін он адамды жалдаса, онда бұғының табиғи бағасы өнімді өндіретін адамдарға тиетін бүкіл өнімнің үлесі қапшалық көп не аз болса да, екі қызыл балық болар еді. Жалақы ретінде төленетін үлестің пайда туралы мәселе үшін зор маңызы бар; өйткені жалақының төмен не жоғары болуына дәлме-дәл сәйкес пайданың жоғары не төмен болатыны әуел бастан-ақ айқыш. Бірақ, балық пен аңның относительді құнына бұл ешқандай дәрежеде ықпал ете алмас еді, өйткені жалақы осы екі кәсіптің екеуінде де қатарынан жоғары не төмен болады» (1-тарау: «Құн туралы», 20—21-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 45—46-беттер].

Біз Рикардоның товардың бүкіл құнын өндірісте жұмыс істейтін адамдардың еңбегінен шығаратынын көреміз. Олардың өз еңбегі немесе осы еңбектің өнімі, не осы өнімнің құны еңбек пен капиталдың арасында бөлінетіннің өзі осы.

«Жалақыдағы өзгерістердің ешқайсысы да бұл товарлардың относительді құнында өзгеріс туғызбас еді. Өйткені егер біз жалақы артты деп ұйғарсақ, осы еңбек үшін неғұрлым жоғары баға төленгенімен, бұл салалардың бірде-бірінде еңбектің көбірек мөлшері керек болмайды... Жалақы жиырма процент артуы мүмкін, ал пайда осының салдарынан бұл товарлардың относительді құнында сөл де болсын өзгеріс туғызбай артық немесе кем дәрежеде төмендеуі мүмкін» (бұл да сонда, 23-бет) [Орысша аудармасы, I том, 47—48-беттер].

«Пайда төмендемейінше, еңбектің құны артуы мүмкін емес. Егер астық фермер мен жұмысшының арасында бөлінуге тиісті болса, онда жұмысшыға тиетін үлес неғұрлым артық болса, фермерге соғұрлым аз қалады. Дәл сол сияқты шұға не мақта-мата товарлары жұмысшы мен оны жалдаушы арасында бөлінетін болса, онда біріншісінің үлесі неғұрлым көп болса, соңғысына соғұрлым аз қалады» (бұл да сонда, 31-бет) [Орысша аудармасы, I том, 52-бет].

[663] «Адам Смит және одан кейінгі жазушылардың, менің білуімше, бәрі де еңбектің бағасының артуы міндетті түрде барлық товарлардың бағасының артуына әкеліп соғар еді, деп пайымдады. Мұндай пікір үшін ешқандай негіз жоғын көрсете алдым ғой деп сенемін» (бұл да сонда, 45-бет) [Орысша аудармасы, I том, 60-бет].

«Жұмысшының неғұрлым мол ақы алуы себепті немесе жалақы соған жұмсалатын қажетті заттарды өндіруде қиыншылықтар болуы себепті жалақының артуы кейбір жағдайларды айтпағанда бағаны арттырмайды, бірақ пайдаға оны төмендету бағытында үлкен ықпал жасайды». Жалақының артуы «ақшаның құнындағы өзгерістердің» салдарынан болғанда істің жайы басқаша. «Бір жағдайда» {атап айтқанда, атап айтқанда жағдайлардың соңғысында} «жұмысшыларды ұстауға елдің жылдық еңбегінің неғұрлым елеулі бөлігі жұмсалмайды; енді бір жағдайда — жұмсалады» (бұл да сонда, 48-бет) [Орысша аудармасы, I том, 62-бет].

[663] «Тамақтың және өзге де қажет заттардың бағасының артуына орай еңбектің табиғи бағасы да артады; олардың бағасының төмендеуіне орай еңбектің табиғи бағасы да төмендейді» (цитат алынған шығарма, 86-бет) [Орысша аудармасы, I том, 85-бет].

«Нақты бар халықтың қажетсінулері қанағаттандырылғаннан кейін қалған қосымша өнім өндірістің оңайлығына пропорциялы болмай қоймауға тиіс, яғни өндірісте жұмыс істейтін адамдар саны неғұрлым аз болса, ол соғұрлым көп» (93-бет) [Орысша аудармасы, I том, 89-бет].

«Бағаны реттейтін разрядтағы жерді өңдейтін фермер де, өнеркәсіп товарларын өндіретін өнеркәсіпші де рентаны төлеуге өз өнімінің бірде-бір бөлігін шығындамайды. Олардың товарларының бүкіл құны екі бөлікке ғана бөлінеді: бірі капиталға келетін пайданы, енді бірі жалақыны құрайды» (107-бет) [Орысша аудармасы, I том, 98-бет].

«Жұмысшы сұраным білдіре қоймайтын жібек, барқыт, мебель және басқа товарлардың бағасы оларға еңбекті көбірек жұмсауға тура келетіндіктен арты дейік. Мұның пайдаға ықпалы болмай ма? Әрине, болмайды, өйткені пайдаға жалақының артуынан басқа ештеңе ықпал жасай алмайды; жібек пен барқытты жұмысшылар тұтынбайды, сондықтан олардың бағасы артуы жалақыны арттыра алмайды» (118-бет) [Орысша аудармасы, I том, 105-бет].

«Егер он жұмысшының белгілі бір сападағы жердегі еңбегі кварталінің құны 4 ф. стерлингтен 180 кварталер бидай, немесе барлығы 720 ф. ст. берсе (110-бет) [Орысша аудармасы, I том, 100-бет], ...онда барлық жағдайда сол бір 720 ф. ст. сома жалақы мен пайда арасында бөлінуге тиіс... Жалақы немесе пайда артса да, кемісе де, екеуі де нақ осы 720 ф. ст. сомадан алынуға тиіс. Бір жағынан, пайда осы 720 ф. стерлингтен қалған мөлшерін жұмысшыларды абсолютті қажеттілік заттарымен қамтамасыз етуге жетпейтіндей етіп, соншалық үлкен үлесін алып кететіндей соншалық биіктеп ешқашан көтеріле алмайды; екінші жағынан, жалақы бұл сомадан

пайда үшін ештеңе қалмайтындай соншалық биікке ешқашан көтеріле алмайды» (113-бет) [Орысша аудармасы, I том, 101—102-беттер].

«Пайда жоғары немесе төмен жалақыға, жалақы қажетті тіршілік құралдарының бағасына тәуелді, ал қажетті тіршілік құралдарының бағасы негізінен тамақтың бағасына тәуелді, өйткені басқа қажетті заттардың бәрінің мөлшерін шексіз дерлік молайтуға болады» (119-бет) [Орысша аудармасы, I том, 105-бет].

«Көбірек құн өндірілсе де» (жер нашарлаған кезде), «бірақ есесіне бұл құннан рентаны төлегеннен кейінгі қалғанының көбірек үлесін өндірушілер тұтынады» {Рикардо бұл арада жұмысшылар мен өндірушілерді бір адамдар деп санайды, «ал пайданың мөлшерін анықтайтының өзі де осы, тек осы ғана» (127-бет) [Орысша аудармасы, I том, 110-бет].

«Жетілдірулердің ең мәнді қасиеті — бұрын товарды өндіру үшін керек болған еңбектің мөлшерін азайту, ал мұндай азаю товардың бағасы, не оның отнотительді құны кемімейінше болмақ емес» (70-бет) [Орысша аудармасы, I том, 74—75-беттер].

«Қалпақ тігуге кететін шығынды кемітіңіздер, сонда оған деген сұраным екі, үш немесе төрт рет артса да, қалпақтың бағасы түптеп келгенде олардың жаңа табиғи бағасының деңгейіне дейін төмендейді. Тіршілік үшін қажетті тамақ пен киімнің табиғи бағасын кеміту арқылы адамдар үшін қажетті күн көріс құралдарын өндіру шығынын кемітіңіздер, сонда жұмысшыларға деген сұраным [664] барынша артуы мүмкін екендігіне қарамастан, жалақы да түптеп келгенде төмендейді» (460-бет) [Орысша аудармасы, I том, 314-бет].

«Жалақының үлесіне неғұрлым аз келсе, пайданың үлесіне соғұрлым көп келеді және керісінше» (500-бет) [Орысша аудармасы, I том, 338-бет].

«Бұл шығарманың бір міндеті қажеттілік заттарының шын мәніндегі құнының әрбір кемуімен бірге жалақының кеміп, капиталға келетін пайданың артатынын, — басқаша айтқанда, бұл жағдайда белгілі бір жылдық құнның әрқайсысында неғұрлым кемірек үлес жұмысшы табына тиіп, өз қорларымен осы тапқа кәсіп беріп, оны қолданатындарға неғұрлым көп үлесі тиетінін көрсету болды».

{Ауызекі тілге түгелдей кірген осы соңғы сөйлемде ғана Рикардо капиталдың табиғатын танымаса да, не дегенмен айтып береді. Жұмысшы табы, жұмысшылардың өздері қорланған еңбекті қолданбайды, қайта «қорлар», «қорланған еңбек», «осы тапты қолданады», нағыз, тікелей еңбекті қолданады}.

«Қайсыбір фабрикада өндірілген товарлардың құны 1000 ф. ст. деп және ол қожайын мен оның жұмысшылары арасында бөлінеді» {бұл сөзде тағы да капиталдың табиғаты бейнеленген: капиталист — қожайын, жұмысшылар — оның жұмысшылары} «бөлінгенде жұмысшылар 800 ф. ст., ал қожайын 200 ф. ст. алатын болып бөлінеді деп ұйғарайық. Егер бұл товарлардың құны 900 ф. стерлингке дейін төмендесе және қажет заттардың бағасын төмендету нәтижесінде жалақыдан 100 ф. ст. үнемделсе, онда қожайынның таза кірісі сәл де болсын кемімес еді» (511—512-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 345—346-беттер].

«Егер жұмысшылардың аяқкиімі мен киімі машиналардың жетілдірілуі арқасында оларды өндіру үшін қазір керек болуынан еңбекті төрт есе аз жұмсап өндіру мүмкін болса, онда олардың бағасы 75 процент төмендеуі ықтимал болар еді; бірақ бұдан жұмысшы осының арқасында біреудің орнына үнемі төрт кеудеше мен төрт пар аяқкиім тұтынуға мүмкіндігі болар еді деген әлі өсте де келіп шықпайды; бәсекенің және халықтың үдей көбеюге деген стимулының ықпалымен оның жалақысы көпке ұзамай өзі жұмсайтын қажеттілік заттарының жаңа құнына сәйкес келуі ықти-

мал болар еді. Егер мұндай жетілдірулер жұмысшы тұтынатын барлық заттарға тараса, онда біраз ғана жылдардан кейін тегінде былай болып шығар еді: бұл товарлардың айырбас құны басқа кез келген товарлармен салыстырғанда едәуір төмендесе де және енді олар барынша азайған еңбек мөлшерінің өнімі болса да, оның тұтыну мөлшері (егер жалпы артығын болса) болмашы ғана артар еді» (8-бет) [Орысша аудармасы, I том, 37-бет].

«Жалақы артқанда әр кезде пайда есебінен артады, ал ол кеміген кезде пайда әрқашан артады» (491-бет) [Орысша аудармасы, I том, 332-бет].

«Бүкіл осы шығарманың оң бойында мен пайда нормасының жалақы кемігендіктен барып қана арта алатынын және жалақының ұзақ уақыт кемуі жалақы соған жұмсалатын қажеттілік заттары бағасының төмендеуі нәтижесінде ғана мүмкін болатынын көрсетуге тырыстым. Сондықтан егер *сыртқы сауданы ұлғайтудың* немесе *машиналарды жетілдірудің* арқасында тамақ және жұмысшылар тұтынатын басқа да қажет заттар рынокқа неғұрлым төмен бағамен түсе алатын болса, пайда артады. Егер астықты өзіміз өсіріп, киімді және жұмысшылар тұтынатын басқа да қажетті заттарды өзіміз дайындаудың орнына біз жаңа рынок ашып, одан бұл товарларды неғұрлым арзан бағамен ала алсақ, онда жалақы төмендеп, пайда артады; бірақ сыртқы сауданы ұлғайтудың не машиналарды жетілдірудің нәтижесінде неғұрлым арзан бағамен алынатын товарларды тек байлар ғана тұтынатын болса, онда пайда нормасында ешқандай өзгеріс болмайды. Егер шарап, барқыт, жібек және басқа қымбат товарлардың бағасы 50 процент төмендесе, онда пайда нормасына бұл әсер етпейді, демек, пайда өзгеріссіз қалады.

Сөйтіп, сыртқы сауда кіріс соған жұмсалатын заттардың мөлшері мен түр-түрін көбейтетіндіктен және товарлардың молдығы мен арзандығы арқасында *капиталды* жинақтап, *қорландыруға* ынталандыратындықтан», {ал оңды-солды жұмсауға неге ынталандырмайды?}, сыртқы сауда ел үшін өте-мөте тиімді болғанымен, *сырттан әкелінетін товарлар жұмысшылардың жалақысы соған жұмсалатын товарлар разрядына жатпаса*, оның капиталға келетін пайданы арттыру тенденциясы әсте болмайды.

Сыртқы саудаға қатысты жасалған ескертулерді ішкі саудаға да бірдей қолдануға болады. Пайда нормасы *еңбекті жақсы болудың, машиналар ойлап шығарудың, жолдар мен қаналар тартудың* нәтижесінде немесе *товарларды дайындауда не оларды тасу кезінде жұмсалатын еңбекті қысқартудың басқа да әдістері* нәтижесінде *ешқашан артпайды*»

{әлгінде ғана Рикардо бұған қарама-қарсы пікір айтқан еді; ол, тегінде, жоғарыда айтылған жетілдірулердің арқасында еңбектің құны кемитін жағдайлардан басқада пайда нормасының ешқашан артпайтынын айтып отырған болу керек}

«Осы себептердің бәрі товарлардың бағасына ықпал жасайды және әрдайым тұтынушыға көп пайда келтіреді, өйткені олар тұтынушыларға еңбектің сол мөлшеріне айырбасқа өндірілуінде *жетілдірулер* қолданылатын товарды көп мөлшерде алуға мүмкіндік береді; бірақ бұл себептер пайдаға мүлдем ешқандай ықпал жасамайды. Екінші жағынан, жұмысшылардың жалақысының қандай да болсын [665] кемуі пайданы арттырады, бірақ товарлардың бағасына ешқандай ықпал жасамайды. Біреуі барлық таптар үшін тиімді, өйткені таптардың бәрі тұтынушылар»

{Рикардоның ұйғарымы бойынша, бұл товарлар, егер олар жалақы соларға жұмсалатын заттардың қатарына кірсе, жалақыны азайтатын болса, ал егер олар өзінің арзандауымен жалақыны кемітпейтін болса, онда жалақыға сатылып алынатын зат-

тардың қатарына кірмейтін де болса, бұл жұмысшы табы үшін қалайша тиімді болмақшы?);

«екіншісі өндірушілерге ғана тиімді. Олар көп пайда алады, бірақ барлық заттардың бағасы бұрынғы күйінде қалады»

{егер Рикардоның ұйғаруынша жұмысшылардың жалақысының пайданы арттыратын болып кемуі қажетті тіршілік құралдарының бағасы төмендегендіктен, нақ осы себептен болса, бұл алайда қалайша мүмкін болады, демек «барлық заттардың бағасы бұрынғы күйінде қалады» деп айтуға мүлдем болмайды}.

«Бірінші жағдайда олар бұрын қанша алса, сонша пайда алады, бірақ олардың пайдасы соған жұмсалатын барлық заттардың айырбас құны» {бұл тағы да дұрыс емес; қажетті тіршілік құралдарынан басқа заттардың бөрінің деу керек еді} «кемиді» (137—138-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 115—116-беттер].

Біз бүкіл осы үзіндінің барынша салдыр-салақ жазылғанын көріп отырмыз. Бірақ осы формалды кемшіліктерден басқа мұның бәрі относителді қосымша құн туралы бүкіл осы зерттеудегі сияқты «пайда нормасының» орнына «қосымша құн нормасы» деп оқыған жағдайда ғана дұрыс. Тіпті сән-салтанат бұйымдары үшін де көрсетілген жетілдірулер пайданың жалпы нормасын арттыра алады, өйткені басқа салалардың бөріндегідей, өндірістің бұл салаларында да пайда нормасы пайданың ерекше нормаларының бәрін пайданың орташа нормасына теңестіруге қатысады. Егер мұндай жағдайларда, айтылған ықпалдардың нәтижесінде өзгермелі капиталға қатысты тұрақты капиталдың құны томендесе не болмаса айналым уақытының ұзақтығы қысқарса (яғни айналыс процесінде өзгеріс болса), онда пайда нормасы артады. Одан әрі, сыртқы сауданың ықпалы бұл арада Рикардода мүлде бір жақты баяндалған. Капиталистік өндіріс үшін мәндісі өнімнің товар болып дамуы, ал мұның өзі рыноктың ұлғайтылуымен, дүние жүзілік рыноктың жасалуымен, демек, сыртқы саудамен барынша байланысты.

Бірақ егер мұны жайына қалдырсақ, Рикардо еңбектің бөлінісінен, машиналардың жақсартылуынан, транспорт құралдарының жетілдірілуінен немесе сыртқы саудадан болатын барлық жетілдірулер, қысқасын айтқанда, өнеркәсіпте немесе товарларды тасымалдауда қажетті жұмыс уақытын қысқартатын амалдардың бәрі қосымша құнды (демек, пайданы да) арттырады, олай болса капиталистер табын байытады, өйткені бұл «жетілдірулер» өздері төмендеткен шамада еңбектің құнын төмендетеді деген дұрыс қағида ұсынады.

Қорытындыда біз осы бөлімде Рикардоның относителді жалақының табиғатын зерттейтін тағы бірнеше тұсын келтіруге тиіспіз.

«Егер маған жұмысшыны бір аптаға жалдау керек болса және мен он шиллингтің орнына оған сегіз шиллинг төлесем, осының өзінде ақшаның құнында ешқандай өзгеріс болмаса, онда жұмысшы бұрын он шиллингке алғанынан гөрі енді тамақ пен басқа да қажет заттарды көбірек алуы мүмкін. Бірақ мұның өзі, А. Смит пен таяуда Мальтус мырза пайымдағандай, *оның жалақысының шын мәніндегі құнының артуы нәтижесінде емес, жұмысшы өз жалақысын жұмсайтын заттардың құнының төмендеуі нәтижесінде болады, ал мұның өзі мүлдем әр түрлі нәрселер. Соған қарамастан, мен жұны жалақының шын мәніндегі құнының төмендеуі деп атасам, маған ғылымның ақиқат принциптерімен үйлеспейтін жаңа әрі әдеттен тыс терминологияны қолданасың дейді*» (цитат алынған шығарма, 11—12-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 39-бет].

«Пайданың, рента мен жалақының нормасы туралы қайсыбір таптың алатын өнімінің абсолютті мөлшеріне қарай емес, осы өнімді өндіру үшін керек болатын еңбектің мөлшеріне қарап дұрыс пікір айтуға болады. Машиналардағы және егіншіліктегі жетілдірулердің арқасында бүкіл өнім екі есе өсуі мүмкін; бірақ егер жалақы, рента және пайда да екі есе артатын болса, онда бұл үшеуінің бәрінің арасындағы арақатынас бұрынғыша қалады да, олардың бірде-бірі туралы ол *относительді өзгерді* деп айтуға болмайды. Бірақ егер жалақы бұл өсуге толық шамада қатынаспаса, егер ол екі есе арту орнына жарты есесіндей ғана артса, онда мұндай жағдайда менің пікірімше, былай деу дұрыс болар еді: ...пайда артқан кезде жалақы кеміді; өйткені егер бізде өнімнің құнын өлшеу үшін бұл-жымайтын өлшем болса, онда біз жұмысшы табының үлесіне енді неғұрлым кемірек құнның... ал капиталистер табының үлесіне бұрынғыдан молырақ құнның тиетінін көрер едік» (49-бет) [Орысша аудармасы, I том, 62—63-беттер].

«Жалақының төмендеуі оның жұмысшыға бұрынғы жалақысынан гөрі көп мөлшерде арзан товарлар алып бере алатынына қарамастан, шын мәніндегі төмендеу болар еді» (51-бет) [Орысша аудармасы, I том, 63—64-беттер].

\* \* \*

Де Квинси Рикардоның дамытқан қайсыбір қағидаларын атап айтып, оларды басқа экономистердің көзқарастарына қарсы қояды:

«Рикардоға дейінгі экономистерде істің жайы былай болатын: олардан барлық товарлардың құны немен анықталады деп сұрағанда, ол негізінен жалақымен анықталады деген жауап берілетін; одан әрі жалақы немен анықталады деп сұрағанда, жалақы өзі соларға жұмсалатын товарлардың құнымен үйлесуге тиіс делінетін; шын мәнінде жауап жалақы товарлардың құнымен анықталады дегенге саятын» («Dialogues of Three Templars on Political Economy, chiefly in relation to the Principles of Mr. Ricardo», [666] «London Magazine», Vol. IX, 1824, стр. 560).

Нақ осы «Диалогтарда» құнды еңбектің мөлшерімен өлшеу заңы туралы және оны еңбектің құнымен өлшеу заңы туралы айтылады.

«Бұл екі формула сол бір ғана заңның әр түрлі екі көрінісі ғана болудан алыс екендігі соншалық, Рикардо мырзаның заңын (атап айтқанда, А құнының В құнына қатысы оларды өндірген еңбектің мөлшерінің қатынасындай болады деген қағида) теріс тұжырымдамада бәрінен гөрі бы-

лай деп білдірген жақсы болар еді: *A* құнының *B* құнына қатынасы оларды өндірген еңбек құндарының қатынасындай болмайды» (бұл да сонда, 348-бет).

(Егер *A* және *B* салаларындағы капиталдың табиғи құрылымы бірдей болса, онда шын мәнінде бұл капиталдар өнімдерінің құндары бір-біріне оларды өндірген еңбектің құндарындай қатынаста болады деуге болар еді. Өйткені бұл жағдайда *A* және *B* өнімдеріндегі қорланған еңбектің мөлшерлері бір-біріне олардағы тікелей еңбек мөлшерлерінің қатынасындай қатынаста болар еді. Ал *A* және *B*-дағы ақысы төленген еңбектің мөлшерлері екі капиталдың екеуі де қолданған тікелей еңбектің жиынтық мөлшерлерінің қатынасындай қатынаста болар еді. Екі капиталдың да құрылымы  $80c + 20v$ , ал қосымша құн нормасы 50 процент деп ұйғарайық. Егер бір капитал 500, екіншісі 300 болса, онда өнім бір жағдайда 550, екіншісінде 330 болар еді. Онда өнімдердің қатынасы жалақының  $5 \times 20$  (яғни 100) жалақыға  $3 \times 20$  (яғни 60) қатынасындай болар еді. Өйткені  $100 : 60 = 10 : 6 = 5 : 3$  *A* және *B* өнімдерінің құндарының бір-біріне қатынасы 550-дің 330-ға немесе 55-тің 33-ке, не  $\frac{55}{11}$ -тің  $\frac{33}{11}$ -ке қатынасындай болады (өйткені  $5 \times 11 = 55$  және  $3 \times 11 = 33$ ); демек 5-тің 3-ке қатынасындай. Бірақ тіпті осы жағдайдың өзінде де қарастырылып отырған өнімдердің шын мәніндегі құндары емес, арақатынасы ғана белгілі болар еді, өйткені 5:3 қатынасына құнның барынша әр түрлі мөлшерлері сәйкес келуі мүмкін).

«Егер өнімнің бағасы 10 шиллингке тең болса, онда жалақы мен пайда бірлесіп 10 шиллингтен аса алмайды. Алайда, істің жайы керісінше емес пе екеп, бағаны жалақы мен пайда бірлесіп анықтамай ма екен? Олай емес, бұл ескі күні откен ілім», *Th. De Quinsey. The Logic of Political Economy. Edinburgh and London, 1844, 204-бет*).

«Жаңа саяси экономия товар атаулының құны оны өндірген еңбектің относителді мөлшері арқылы, тек сол арқылы ғана анықталатынын көрсетті. Бағаның өзі анықталған екен, ол ipso facto \* жалақы да, пайда да өздерінің ерекше үлестерін содан алуға тиіс болатын қорды анықтайды» (бұл да сонда). «Жалақы мен пайда арасындағы бар арақатынасты бұза алатын өзгеріс атаулы жалақыдан шығуға тиіс» (бұл да сонда, 205-бет).

«Жер рентасы туралы ілімге Рикардоның енгізген жаңалығы оны рента құн заңын шын мәнінде жоя ма деген мәселеге әкеліп сайғаны болды» (бұл да сонда, 158-бет).

\* — осы арқылы. *Ред.*

[О Н А Л Т Ы Н Ш Ы Т А Р А У ]

## РИКАРДОНЫҢ ПАЙДА ТЕОРИЯСЫ

(1) РИКАРДОДАҒЫ ПАЙДА МЕН ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ  
АРАСЫН АЙЫРУДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

Қосымша құн заңдарының немесе, дәлірек айтқанда, қосымша құн нормасы заңдарының (жұмыс күні берілген деп ұйғарғанда) пайда заңдарымен, Рикардоның айтқанындай, тікелей және қарапайым үйлеспейтіні немесе оларға сондай тікелей және қарапайым қолдануға келмейтіні; Рикардоның қосымша құн мен пайданы қателесіп бір нәрсе деп санайтыны; бұлардың бүкіл капитал өзгермелі капиталдан құрылған немесе тікелей жалақыға жұмсалған жағдайда ғана солай болатыны; осы себептен де Рикардоның «пайда» деген атаумен қарастыратыны жалпы алғанда тек қосымша құн ғана болып табылатыны ілгеріде-ақ егжей-тегжейлі дәлелденді. Нақ осы сияқты, тек көрсетілген жағдайда ғана жиынтық өнім түгелдей жалақы мен қосымша құнға саяр еді. Жылдық өнімнің *жиынтық құны* кірістерге саяды деген Смиттің көзқарасына Рикардо көрінеу қосылады. Оның құн мен шығындардың бағасын шатастыратыны да осыдан.

Бұл арада қосымша құн нормасы бағынатын заңдарға пайда нормасының тікелей бағынбайтынын қайталаудың қажеті жоқ.

*Біріншіден*, біз пайда нормасының еңбек құнындағы қандайда бір өзгерістерге қарамастан, рентаның төмендеуі не көтерілуі салдарынан артып не төмендей алатынын көрдік.

*Екіншіден*, пайданың абсолют массасы қосымша құнның абсолют массасына тең болады. Алайда соңғысы қосымша құн нормасымен ғана емес, жұмыс істейтін жұмысшылардың санымен де анықталады. Сондықтан пайданың массасы егер қосымша құн нормасы төмендеп, бірақ осымен қатар жұмысшылардың саны артатын болса және керісінше болса да сол күйі қала алады.



Үшіншіден, белгілі бір қосымша құн тұсында пайда нормасы капиталдың табиғи құрылымына байланысты.

Төртіншіден, белгілі бір қосымша құн тұсында пайда нормасы капиталдың әр түрлі бөліктерінің құндық арақатынасына байланысты (осы арқылы әрбір 100 бірлікке келетін капиталдың табиғи құрылымы да белгілі деп ұйғарылады) болады, бұл бөліктер ішінара өндіріс шарттарын пайдаланған кезде күшті үнемдеу және т. с. арқылы, ішінара капиталдың басқа бөліктерін қозғаймай, қайсыбір бөлігіне әсер ете алатын құндағы өзгерістердің нәтижесінде әр түрлі тұрғыда өзгеруі мүмкін.

Ақырында, бұған қоса капиталдың құрылымындағы айналыс процесінен туындайтын айырмашылықтарды есепке алу керек болар еді.

[667] Рикардоның өзінде жанай айтылып қалатын кейбір пікірлер оны қосымша құн мен пайданың жігін айыруға жеткізуге тиіс еді. Осылай сараламаудың салдарынан, ол тегінде, кейде, — бұл 1-ші тарауға («Құн туралы») талдау жасағанда-ақ жол-жөнекей көрсетілгеніндей, — мәселен, ол негізгі капитал басым болатын капиталға келетін пайданың қалай анықталатыны туралы айтқанда және т. б.\* бейне пайда товардың құнына қосылатын әншейін үстеме ғана деген тұрпайы көзқарасқа құлдырайды. Оның эпигондарындағы үлкен оғаштықтар осыдан. Егер орта есеппен *мөлшерлері бірдей капиталдар бірдей пайда келтіреді* деген немесе пайда қолданылатын капиталдың шамасына тәуелді деген практикалық тұрғыдан дұрыс қағида — егер осы қағида көптеген аралық буындар арқылы құнға қатысты жалпы заңдармен байланыстырылмаса және т. б., қысқасын айтқанда, егер қосымша құн мен пайда бір нәрсе деп есептелсе, мұның өзі тек жиынтық капитал жөнінде ғана дұрыс, онда бұлардан тұрпайы көзқарас шықпай қоймайды. Осы себептен де Рикардо үшін *жалпы пайда нормасын* анықтаудың барлық жолдары жабық.

Товарлардың құнындағы капиталдың барлық бөліктеріне *бірдей* ықпал жасайтын өзгерістердің, — мәселен, ақшаның құнындағы өзгерістер осындай — пайда нормасында бейнеленбейтінін Рикардо түсінеді. Оның бұдан *пайда нормасында* товарлардың құнындағы капиталдың әр түрлі бөліктеріне *әркелкі шамада* ықпал жасайтын өзгерістер *бейнеленеді*, демек, еңбектің құны өзгермей қалғанда да пайда нормасының өзгеруі мүмкін және бұл өзгеру еңбектің құнындағы өзгерістерге қарама-қарсы бағытта да болуы мүмкін деген қорытынды жасауы керек еді. Бірақ Рикардо бәрінен бұрын бұл арада *қосымша өнімнің* немесе оның өзінде бұл да соны білдіретін *қосымша құнның* немесе ол осының бәрін пайда *sub specie \*\** қарастыратындықтан, тағы да соның өзін білдіретін *қосымша еңбектің* бір ғана өзгермелі капиталға қатысы жөнінен

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 185—186 беттер. *Ред.*

\*\* — көзқарасы тұрғысынан. *Ред.*

емес, *авансыланған бүкіл капиталға* қатысы жөнінен есептеліп отырғанына назар аударуға тиіс еді.

Ақша құнының өзгеруіне қатысты Рикардо былай дейді:

«Ақша құнының өзгеруі қалай зор болғанымен, ол *пайда нормасында* ешқандай өзгеріс тудырмайды. Фабриканттың товарларының бағасы 1 000 ф. стерлингтен 2 000 ф. ст. немесе 100 процент артты дейік. Онда ақшаның құнындағы өзгерістер өнім құнына жасайтындай ықпал ететін, *оның капиталы*, яғни оның машиналары, үйлері мен товарлар запастары өз бағасының 100 процентіне артатын болса, оның *пайда нормасы* сол күйінде қалады... Егер бөлгілі бір құны бар капиталының түсында фабрикант еңбекті үнемдеу арқылы өнімнің бір өлшемінің бұрынғы бағасы жартысындай төмендейтіндей етіп өнім мөлшерін екі есе арттыра алатын болса, онда *өнім мен оны өндірген капиталдың арасында бұрынғы арақатынас қалады, демек, пайда нормасы да сол күйі қалады*. Ал егер фабрикант сол капиталды қолдана отырып, өнім мөлшерін екі есе өсіргенде, осы кезде қайсыбір себеппен ақшаның құны жартысындай төмендесе, онда өнім бұрынғысынан екі есе артық ақша құнына сатылады, бірақ мұның есесіне оның өндірісінде қолданылған капиталдың да ақшалай құны бұрынғысынан екі есе артық болады; демек, бұл жағдайда да *өнімнің құны капиталдың құнына сол бұрынғысындай қатынаста болады*» (цитат алынған шығарма, 51—52-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 64-бет].

Егер Рикардо бұл арада *өнім* деп *қосымша өнімді* түсінсе, онда бұл дұрыс. Өйткені пайда нормасы қосымша өнімді (қосымша құнды) капиталға бөлгенге тең. Мәселен, егер қосымша өнім = 10, ал капитал = 100 болса, онда пайда нормасы =  $\frac{10}{100} = \frac{1}{10} = 10$  процент болады. Бірақ, егер Рикардо өнім деп тұтас алынған өнімді түсінсе, онда мәселе дәл баяндалмаған. Онда өнім құнының капиталдың құнына қатынасы дегенде Рикардоның айтып отырғаны товар құнының авансыланған капиталдың құнынан артығы екені анық. Қалай болғанда да *бұл арада* Рикардоның пайданы қосымша құнмен, ал пайда нормасын

$\frac{\text{қосымша құн}}{\text{еңбек құны}}$ , немесе

$\frac{\text{қосымша құн}}{\text{өзгермелі капитал}}$  қатынасына

тең болатын қосымша құн нормасымен бір пәрсе деп санамайтыны анық.

Рикардо былай дейді:

«Біз товарлар содан жасалған *шикізаттың* бағасы төмендеді деп ұйғардық; бұдан мұның өзі бұл товарлардың бағасы төмендегені деген қорытынды шығаруға болады. Бұл товарлардың бағасы шынында төмендейді, бірақ бұл төмендеу өндірушінің ақшалай кірісін қандай да болса азайтпайды. Егер ол өз товарын ақшаның аз мөлшеріне сататын болса, онда мұның өзі *товар содан жасалған материалдардың бірінің құны төмендегендіктен* ғана болады. Егер шұға фабриканты өз шұғасын 1 000 ф. ст. орнына 900 ф. стерлингке сатса, онда оның кірісі бұл шұға тоқылған жүннің құны 100 ф. ст. төмендеген жағдайда, бұдан кем болмайды» (цитат алынған шығарма, 32-тарау, 518-бет) [Орысша аудармасы, I том, 350-бет].

(Анығында, Рикардоның бұл арада айтып отырғаны — практикадағы қайсыбір жағдайда шикізаттың құны төмендеуінің ықпалы — бұл арада біздің пазарымызды аудармайды. Жүннің құнының кенеттен төмендеуі қоймаларында дайын товардың — жүн қымбат кезде өндіріліп, жүннің құны [668] төмендегеннен кейін сатылуға тиіс товардың көп қоры болған шұға фабриканттарының ақшалай кірістеріне күмән жоқ (зиян шектіріп) әсер етер еді.)

Егер, бұл арада Рикардоның ойлап отырғанындай, шұға фабриканттары сол бұрынғыдай еңбек массасын қозғалысқа келтіретін болса {ал капиталдың бұрын тек шикізатқа ғана жұмсағаннан босаған бөлігі енді шикізатқа қоса еңбекке жұмсала алатындықтан олар еңбектің көбірек мөлшерін қозғалысқа келтіре алар еді}, онда бұл фабриканттардың «ақшалай кірісі», егер оның абсолют шамасын айтсақ, «азаймайды», ал олардың пайда нормасы бұрынғымен салыстырғанда артады; өйткені, айтайық сол бұрынғы 10 процентті, яғни 100 ф. стерлингті енді 1 000 ф. стерлингке емес, 900 ф. стерлингке шағу керек болар еді. Бірінші жағдайда пайда нормасы 10 процент, екіншіде ол  $\frac{1}{9}$ -ге тең болар еді, бұл  $11\frac{1}{9}$  процент. Бірақ Рикардо мұның үстіне содан товар жасалатын шикізаттың бағасы жалпы төмендеді деп алып отырғандықтан, онда өндірістің қайсыбір жеке саласындағы пайда нормасы ғана емес, пайданың жалпы нормасы артады. Рикардо мұны түсінбейді, ал қарама-қарсы жағдай оған анық болып отырғанда бұл одан да бетер таңданарлық жай.

Ал, атап айтқанда 6-шы тарауда («Пайда туралы») Рикардо мына жағдайды: қажет заттардың қымбаттауы — нашар жерлердің өңдеуге енгізілуінен, демек, дифференциалдық рентаның артуынан болатын қымбаттауы салдарынан, біріншіден, жалақы артатын, ал екіншіден, жер бетінен алынатын барлық шикі өнімдердің бағасы артатын жағдайды қарастырады. (Соңғы ұйғарым әсте қажеттілік емес. Астық бағасының артатынына қарамастан мақтаның, жібектің, тіпті жүн мен кенептің бағасы оп-оңай төмендеуі мүмкін.)

Рикардо былай дейді: біріншіден, фермердің алатын қосымша құны (Рикардода пайда делінген) төмендейді, өйткені ол жалдайтын 10 жұмысшының еңбегі өнімінің құны бұрынғысынша 720 ф. ст. болады, ал 720 ф. ст. осы қордан ол енді неғұрлым едәуір үлесін жалақы ретінде беруге тиіс. Сөйтіп Рикардо былай деп жалғастырады;

«Бірақ пайда нормасы одан да көп төмендейді,, өйткені фермердің капиталы... едәуір дәрежеде шикі өнімдерден — мәселен, оның астығы мен шөп запасы, бастырылмаған бидай мен арпа, жылқы және сиыр малдары секілді өнімдерден тұрады, — өнім бағасының артуынан бұлардың барлығының бағасы артады. Оның абсолютті пайдасы 480 ф. стерлингтен 445 ф. ст. 15 шиллингке дейін төмендер еді; бірақ, егер мен әлгінде ғана көрсеткен

себептен оның капиталы 3 000-нан 3 200 ф. стерлингке дейін артса, онда оның пайдасының нормасы астықтың бағасы 5 ф. ст. 2 шилл. 10 пенс болғанда 14 проценттен төмен құлдырар еді. Егер фабрикант та өзінің кәсіпорнына 3 000 ф. ст. жұмса, онда жалақы артқандықтан, ол істі бұрынғы көлемінде жүргізетін мүмкіндігі болу үшін өз капиталын арттыруға мәжбүр болар еді. Егер бұрын оның товарлары 720 ф. стерлингке сатылса, олар бұдан былай да сол бағамен сатылатын болады, бірақ жұмысшылардың бұрын 240 ф. ст. болған жалақысы астықтың бағасы 5 ф. ст. 2 шилл. 10 пенс болғанда 274 ф. ст. 5 шиллингке дейін артар еді. Бірінші жағдайда фабрикантта 3 000. ф. стерлингке пайда ретінде 480 ф. ст. қалар еді, екінші жағдайда ол арттырылған капиталына 445 ф. ст. 15 шиллинг қана пайда алар еді де, осы себепті оның пайдасы фермердің өзгерген пайда нормасына сәйкес келер еді» (цитат алынған шығарма, 116—117-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 103-бет].

Демек, бұл арада Рикардо абсолютті пайда (яғни қосымша құн) мен пайда нормасын саралайды, сондай-ақ авансыланған капиталдың құны өзгеруі нәтижесінде пайда нормасының еңбек құны артқанда кемитін абсолютті пайдадан (қосымша құннан) көбірек төмендейтінін көрсетеді. Еңбектің құны өзгермей қалған жағдайда да бұл арада пайда нормасы төмендер еді, өйткені нақ осы абсолютті пайданың өзін көбірек капиталға шағуға тура келер еді. Қарама-қарсы жағдай - пайда нормасының артуы (қосымша құнның немесе абсолютті пайданың артуынан басқана) — осылайша оның жоғарыда цитат алынған мысалында, шикізаттың құны төмендеген түсті орын алар еді. Олай болса, пайда нормасының жоғарылауы мен төмендеуі абсолютті пайданың артуы мен төмендеуінен және жалақыға жұмсалатын капиталға шаққандағы оның нормасының жоғарылауы мен төмендеуінен басқа тағы да өзге жағдайлармен ашықталады екен.

Әлгінде ғана цитат алынған жерде Рикардо былай деп жалғастырады:

«Зергерлік бұйымдардың, темірден, күміс пен мыстан жасалатын заттардың бағасы көтерілмес еді, өйткені олардың құрамына жер бетінен алынатын шикі өнімдер кірмейді» (цитат алынған шығарма, 117-бет) [Орысша аудармасы, I том, 104-бет].

Бұл товарлардың бағасы артпайды, бірақ бұл салаларда пайда нормасы басқа салалардағы пайда нормасынан асар еді. Өйткені соңғыларда азайған (жалақының артуы себепті) қосымша құн бірден екі себептен: біріншіден, жалақыға жұмсалған шығын көбейгендіктен, ал, екіншіден, шикізатқа жұмсалған шығын көбейгендіктен құны жағынап бірден көбейген авансыланған капиталға келер еді. Ал екінші жағдайда [яғни зергерлік бұйымдарға және т. б. қатысты жағдайда] [669] азайған қосымша құн жалақының артуы нәтижесінде өзінің өзгермелі бөлігінде ғана көбейген авансыланған капиталға келер еді.

Бұл жерлерде Рикардо өзінің қосымша құн нормасы мен пайда нормасын қателесіп бір нәрсе деп санауға негізделген бүкіл пайда теориясын өзі төңкеріп тастайды.

«Пайда — егіншілікте де, өнеркәсіпте де — *шикі өнімдердің бағасы* артқан жағдайда, егер мұның өзі жалақының артуымен бірге болса, әр уақытта төмендейді» (113—114-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 102-бет].

Рикардоның өзінің айтқанынан келіп шығатыны: шикі өнімдердің бағасының артуы жалақының артуымен бірге болмаған күннің өзінде, *пайда нормасы* авансыланған капиталдың шикізаттан тұратын бөлігінің бағасы артуы салдарынан төмендер еді.

«Жұмысшы сұраным білдірмейтін жібек, барқыт, мебель және басқа товарлардың бағасы *оларға көп еңбек жұмсауға* тура келетіндіктен артты дейік. Мұның пайдаға ықпалы бола ма? Әрине, болмайды, өйткені *пайдаға жалақының артуынан басқа ештеңе ықпал ете алмайды*; жібек пен барқытты жұмысшылар тұтынбайды, сондықтан олардың бағасының артуы жалақыны арттыра алмайды» (цитат алынған шығарма, 118-бет) [Орысша аудармасы, I том, 105-бет].

Бұл ерекше салаларда еңбектің құны — жалақы — өзгермегенімен, *пайда нормасы*, әрине, құлдырар еді. Жібек, рояль, мебель т. с. с. фабриканттары қолданатын шикі материал қымбаттар еді; демек, өзгермеген қосымша құнның жұмсалған капиталға қатынасы кемір еді де, осы себептен пайда нормасы құлдырар еді. Ал *жалпы пайда нормасы* өнеркәсіптің барлық салаларындағы жекелеген пайда нормаларының ортасы ретінде келіп шығады. Не болмаса жоғарыда айтылған фабриканттар бұрынғыдай орташа пайда нормасын алу үшін өз товарларының бағасын арттырар еді. Бағаның мұндай номиналды артуы пайда нормасына тікелей әсер етпегенмен, пайданы жұмсауда көрінер еді.

Рикардо қажетті тіршілік құралдарының бағасы (ал онымен бірге жер рентасы да) артқандықтан, қосымша құн (абсолютті пайда) төмендейтін жоғарыда қаралған жағдайға тағы да бір рет оралады:

«Мен *пайда нормасының* өз есептеуімде ұйғарғанымнан да гөрі анағұрлым тезірек құлдырайтынын тағы да бір рет атап айтуға тиіспін; өйткені, егер *өнімнің құны* менің оны ұйғарылған жағдайларда қабылдағанымдай жоғары болса, онда *фермердің капиталының құны едәуір артады*, өйткені ол *міндетті түрде құндары артқан көптеген товарлардан тұрады*. Астықтың бағасы 4-тен 12 ф. стерлингке дейін артудан бұрын фермердің *капиталының* айырбас құны, тегінде, екі есе артып, 3 000-ның орнына 6 000 ф. ст. болар еді. Егер, демек, фермердің пайдасы 180 ф. ст. немесе оның *бастапқы капиталының* 6 проценті болса, онда енді оның шын мәніндегі нормасы 3 проценттен аспайды, өйткені 6 000 ф. стерлингтен 3 процент 180 ф. ст. береді, және тек осы жағдайда ғана *қалғасында 6 000 ф. стерлинг*і бар қайсыбір жаңа фермер ауыл шаруашылық кәсіпкері бола алар еді. Шаруашылықтың көптеген салалары нақ осы негізден азды-көпті дәрежеде біраз пайда алар еді. Сыра қайнатушы, шарап шығарушы, шұға фабриканты, кенеп фабриканты өздерінің *пайдасының азайғаны үшін өздерінде бар шикізат пен дайын товар запастарының құны артуынан ішінара пайда* алар еді. Бірақ металл бұйымдарының, зергерлік бұйымдардың және басқа да көптеген товарлардың фабриканттары, сондай-ақ капиталдары тек ақшадан ғана тұратындар қандай да болсын есе қайтымынсыз

пайда нормасының құлдырауына толық дәрежеде ұшырар еді» (цитат алынған шығарма, 123—124-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 108-бет].

Бұл арада Рикардоның байқамай айтқаны ғана, атап айтқанда оның пайда мен қосымша құнды бір нәрсе деген өз пікірін жоққа шығарғаны және еңбектің құнына қарамастан, пайданың нормасына тұрақты капиталдың құнындағы өзгерістің ықпал жасай алатынын атап айтқаны ғана маңызды. Басқалар жөнінде оның мысалдары ішінара ғана дұрыс. Фермердің, шұға фабрикантының және т. б. өздерінің қолында бар және рынокта тұрған товар запастарының бағасы артуынан ала алатын пайдасы олар бұл товарларды өткізген соң-ақ болмай қалар еді. Олардың капиталының құнының артуы да бұл капитал тұтынылып, оны қайта өндіру қажет болған бойда оларға қандай болмасын пайда келтіруден қалар еді. Сонда олардың бәрі Рикардоның өзі айтатын, 3 процент пайда алу үшін 6 000 ф. ст. капиталын авансылауға тиіс болатын жаңа фермердің жағдайында болып шығар еді. Мұның керісінше [XIII—670] зергер, металл бұйымдар фабриканты, ақшаны капиталист және т. б. өздерінің шығындары үшін оуелде ешқандай өсе алмаған болса да, 3 проценттен гөрі неғұрлым жоғары пайда нормасын жүзеге асырар еді, өйткені олардың тұрақты капиталы емес, жалақыға жұмсайтын капиталы ғана құн жағынан артар еді.

Бұл арада Рикардо айтып отырған, пайданың құлдырауы капитал құнының артуымен есесі қайтатын жағдайда тағы да бір маңыздысы: капиталистер жөнінде және жалпы алғанда жылдық еңбектің өнімін бөлу жөнінде — әңгіме кірісті болуге қатынасушылардың арасында өнімді бөлу туралы ғана емес, сонымен бірге осы өнімнің капитал мен кіріске бөлінуі туралы да болып отыр.

## [2] ЖАЛПЫ ПАЙДАНЫҢ НОРМАСЫНЫҢ «ОРТАША ПАЙДАНЫҢ» НЕМЕСЕ «ӘДЕТТЕГІ ПАЙДАНЫҢ» ҚҰРАЛУЫ

### [а] КҮН ІЛГЕРІ БЕРІЛГЕН ОРТАША ПАЙДА НОРМАСЫ РИКАРДОНЫҢ ПАЙДА ТЕОРИЯСЫНЫҢ БАСТАМА НЕГІЗІ РЕТІНДЕ]

Рикардоның теориялық көзқарастары бұл арада әсте айқын емес.

«Қайсыбір товардың оған деген жаңа сұраным талап ететіндей мол өндірілуі мүмкін емес болғандықтан, бұл товардың рыноктық бағасы оның табиғи немесе қажетті бағасынан асып түсе алатынын мен айтып та өттім. Алайда бұл уақытша құбылыс қана. Осы товарды өндіруге жұмсалған капиталға келген жоғары пайда, әлбетте, капиталды өндірістің осы саласына тартатын болады; ал қажетті қорлар жеткізіліп, товардың мөлшері тиісінше артқан бойда оның бағасы құлдырайды да, өндірістің бұл

саласында алынатын пайда оның жалпы деңгейімен сәйкес келеді. Жалпы пайда нормасының құлдырауы жекелеген салалардағы пайданың ішінара артуымен үйлеспейді деуге әсте келмейді. Пайдалардың нақ осы әркелкі болуының нәтижесінде капитал бір саладан екінші салаға ауысады. Сөйтіп, жалақының артуы және көбейген халықты қажет заттармен жабдықтаудың ескеңіз қиыншылығы салдарынан жалпы пайда құлдырап, бірте-бірте неғұрлым төмен деңгейде орныққан кезде фермердің пайдасы аз уақыт бойында бұрынғы деңгейінен жоғары болып тұруы мүмкін. Нақ осылай сыртқы және отарлық сауданың жеке бір саласы даму үшін біраз уақытқа ерекше серпін алуы мүмкін» (118—119-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 105-бет].

«Рыноктағы бағалардың ең алдымен сұраным мен ұсыным арасындағы арақатынасқа байланысты үнемі ауытқып отыратынын есте ұстау керек. Шұғаның ярды 40 шиллингтен беріліп, бұл орайда капиталға әдеттегі пайданы келтіріп тұрса да, ол сөнге айналуы нәтижесінде бағасы 60 немесе 80 шиллингке дейін арта алады. Шұға фабрикаптары біраз уақыт бойы ерекше пайда алып жүреді, бірақ сұраным мен ұсыным қайтадан тепе-теңдікке келгенге дейін өнеркәсіптің бұл саласына капитал да, әрине, ағылып келе береді, сонда барын шұғаның бағасы қайтадан 40 шиллингке дейін, оның табиғи немесе қажетті бағасына дейін төмендейді. Нақ осы тұрғыда астық та оған деген сұраным өскен сайын фермерге әдеттегіден көп пайда беретіндей болып бағасы соншалық көтеріліп отырады. Егер құнарлы жер мол болса, астық өндіруде капиталдың қажетті мөлшері қолданылғаннан кейін астықтың бағасы қайтадан өзінің бұрынғы деңгейіне түседі, сонда пайда да бұрынғы деңгейіне оралады. Бірақ егер басы артық құнарлы жер болмаса, егер астықтың осы қосымша мөлшерін өндіру үшін капитал мен еңбектің әдеттегіден көп мөлшері талап етілсе, онда астықтың бағасы өзінің бұрынғы деңгейіне түспейді. Оның табиғи бағасы артты да, фермер өне бойы неғұрлым жоғары пайда алудың орнына пайданың кеміген нормасын місе тұтуға мәжбүр болып шығады, ал пайда нормасының кемуі қажеттілік заттарының бағасы артуы себепті жалақының артуының болмай қоймайтын салдары болып табылады» (119—120-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 105—106-беттер].

Егер жұмыс күні берілсе (не өндірістің әр түрлі салаларында жұмыс күнінің ұзақтығында еңбектің әр қилы түрлерінің ерекшеліктерімен теңдестірілетіндей айырмашылықтар ғана болса), онда қосымша құнның, яғни қосымша еңбектің жалпы нормасы да берілген, өйткені жалақы орта есеппен сол бірдей қалпында болады. Рикардо мәселеге басына ұялаған осы оймен келеді де. Сөйтіп ол қосымша құнның осы жалпы нормасын жалпы пайда нормасымен шатастырады. Қосымша құнның жалпы нормасы сол бір қалпында болғанымен, товарлар өз құнына сатылса, пайда нормаларының өндірістің әр түрлі салаларында мүлдем әр түрлі болмай қоймайтынын мен ілгеріде көрсеттім.

Жалпы пайда нормасы мынадай жолмен пайда болады: өндірілген жиынтық қосымша құн қоғамның (капиталистер табының) жиынтық капиталына шағылады; сондықтан өндірістің әрбір жеке саласында әрбір капитал [671] табиғи құрылымы бір, капиталдың өзгермелі және тұрақты, айналмалы және негізгі болып бөлінуі мағынасында құрылымы бір жиынтық капиталдың тиісті бөлігі болып көрінеді. Осындай тиісті бөлік ретінде белгілі бір капитал өзінің шамасына сай пропорцияда капиталдың жалпы со-

масы өндірген қосымша құннан өз дивидендтерін алады. Осылайша бөлісілген қосымша құн, уақыттың белгілі бір аралығында, мәселен, бір жыл ішінде белгілі бір мөлшердегі капиталдың бөлігіне, мәселен, 100-ге келетін қосымша құн үлесі әрбір саладағы шығындардың бағасына енетін *орташа пайданы* немесе *жалпы пайда нормасын* құрайды. Егер бұл үлес 15-ке тең болса, онда әдеттегі пайда 15 процент, ал шығындардың бағасы = 115 болады. Егер, мәселен, авансаланған капиталдың бір бөлігі ғана тозу ретінде құн құрау процесіне енетін болса, шығындардың бағасы аз болуы мүмкін. Бірақ ол әрқашан тұтынылған капиталға 15-ті, яғни авансаланған капиталға келетін орташа пайдашы қосқанға тең. Егер осы бір жағдайда өнімге 100, ал енді бір жағдайда 50 ғана кірсе, онда бір жағдайда шығындардың бағасы  $100 + 15 = 115$ , ал екіншіде  $50 + 15 = 65$  болар еді; бұл орайда екі капитал да өз товарларын *шығындардың сол бір бағасына*, яғни олардың өкеуіне де сол бір пайда нормасын келтіретін бағамен сатар еді. *Жалпы пайда нормасының* шығуы, жүзеге асуы, орнығуы құндарды өздерінен *өзгеше шығындардың бағасына айналдыруды* қажет ететіні айқын. Рикардо, мұның көрініше, пайда нормасы мен қосымша құн нормасын шатастыратындықтан, құндар мен шығындардың бағаларын теңбе-тең деп үйгарады. Осы себепті оның жалпы пайда нормасының орнығу процесінің пайданың қайсыбір жалпы нормасы туралы сөз болудан бұрын-ақ товарлардың *бағасында* жалпыға бірдей өзгеріс туғызатыны туралы түк түсінігі жоқ. Ол осы пайда нормасын бастапқы бірдеңе деп қабылдайды, сондықтан да онда мұның өзі тіпті *құнның* анықтамасына да кіреді («Құн туралы» 1-тарауды қараңыз). *Жалпы пайда нормасы алғы шартын негізге ала отырып*, Рикардо бағалардағы өзі ерекшелік деп баяндайтын өзгерістерді, осы *жалпы пайда нормасын сақтау* үшін, оның одан әрі болуы үшін қажетті өзгерістерді ғана қарастырады. Оның жалпы пайда нормасын *жасау* үшін алдымен құндардың шығындардың бағасына айналуы болуға тиіс екендігі туралы, демек, жалпы пайда нормасын негіз деп алып, енді тікелей товарлардың *құндарымен* ешқандай ісі болмайтындығы туралы ешқандай түсінігі жоқ.

Жоғарыда келтірілген үзіндіде де тек смиттік түсінік ғана беріледі, бірақ соның өзі де бір жақты дамытылған, өйткені Рикардода *қосымша құнның жалпы нормасы* туралы оның айтылмай тұрған пікірі әр уақытта сезіліп тұрады. Оның түсінігінше, пайда нормасы жекелеген салаларда *орташа деңгейден жоғары* көтерілгенде, өндірістің жекелеген салаларында товарлардың рыноктық бағасы сұраным мен ұсынымның арасындағы арақатынастың салдарынан, кем өндірудің не артық өндірудің салдарынан табиғи бағасынан жоғарылағандықтан ғана көтеріледі. Сонда бәсеке, өндірістің бір саласына жаңа капиталдың ағылуы немесе ескі капиталды басқа саладан алу рыноктық бағаны табиғи баға-



мен теңестіреді де, өндірістің жеке бір саласының пайдасын жалпы деңгейге *әкеліп саяды*. Мұнда пайданың шын мәніндегі деңгейі *тұрақты* деп ұйғарылады, бұрыннан берілген бірдеңе деп алынады, сондықтан өндірістің жекелеген салаларының ұсыным мен сұраным арасындағы арақатынастың салдарынан осы деңгейден жоғарылап немесе төмендеп кеткен пайдаларын осы деңгейге *әкеліп сау* туралы ғана сөз болады. Бұл орайда Рикардо бағалары орташадан көп пайда келтіретін товарлар олардың құнынан жоғары сатылады, ал бағалары орташадан кем пайда келтіретін товарлар өз құндарынан төмен сатылады деген ұйғарымды тіпті өне бойы негізге алып отырады. Егер товарлардың *рыноктық құны* бәсеке арқылы олардың *құнымен* сәйкестендірілсе, онда пайданың орташа деңгейі орнығады.

*Деңгейдің* өзі, Рикардоның пікірінше, жалақы, яғни *относительді қосымша құнның нормасы* төмендеген не артқан (біршама орнықты) жағдайда ғана көтеріліп не төмендей алады, мұның өзі бағалардың өзгеруінсіз болады (дегенмен Рикардоның өзі бұл арада өндірістің әр түрлі салаларында бұлардағы айналмалы және негізгі капиталдың арасындағы арақатынасқа байланысты бағалардың айтарлықтай көп өзгеретінін мойындайды).

Бірақ *жалпы пайда нормасы* орныққан, демек, *шығындардың бағасы* да орныққан кездің өзінде, қалай дегенмен, өндірістің жекелеген салаларында оларда *жұмыс күні неғұрлым ұзақ болғандықтан*, яғни мұнда *абсолютті қосымша құн нормасы* артатындықтан пайда нормасының артуы мүмкін. Жұмысшылар бәсекесінің бұл айырмашылықтарды теңестіруге шамасы келмейтініне, бұған *мемлекеттің араласуы* дәлел болады. Мұнда, осындай жекелеген өндіріс салаларында пайда нормасы рыноктық бағаның «табиғи бағадан» асып кетуінсіз-ақ артады. Рас, капиталдардың бәсекесі бұл шамадан тыс пайданың осы жекелеген өндіріс салаларының капиталистеріне түгел тимеуіне әкеліп соғуы мүмкін, түптеп келгенде ол шын мәнінде осыған әкеп соғады да. Олар өз товарларының бағасын бұлардың «табиғи бағаларымен» салыстырғанда төмендетуге мәжбүр болады, немесе өндірістің басқа салалары *өз бағаларын* біраз арттырады (қалай болғанда да, іс жүзінде арттырмаса — мұндай арттыруды бұл товарлардың *құнының* төмендеуі болдырмай тастауы мүмкін — онда осының өзінде [672] мұны олардың өз өндіріс салаларында еңбектің өндіргіш күшінің талап еткеніндей соншалық қатты төмендетпейді). Пайданың жалпы деңгейі көтеріледі де, шығындардың бағасы өзгереді.

Одан әрі: егер қорланған еңбекке қарағанда нақты еңбек үйлесімсіз көп қолданылатын жаңа өндіріс саласы пайда болса, бұл салада, демек капиталдың құрылымы орташа пайданы анықтайтын орташа құрылымнан анағұрлым төмен болса, онда бұл жаңа салада сұраным мен ұсынымның арақатынасы оның өнімін *шы-*

ғындарының бағасынан жоғары, оның шын мәніндегі құнына ба-  
рынша жақын сатуға мүмкіндік береді. Егер бәсеке бұл айырмаларды теңестірсе, онда мұның өзі пайданың жалпы деңгейін арттыру арқылы ғана мүмкін болады, ал бұл арттыру капиталдың жалпы алғанда көп мөлшердегі ақысы төленбеген, қосымша еңбекті жүзеге асырып, қозғалысқа келтіретіндігінен туындайды. Ұсыным мен сұранымның арақатынасы жоғарыда көрсетілген жағдайда, Рикардоның ойлайтынындай, *товардың өз құнынан жоғары сатылуына емес, бар болғаны оның өз құнына жақындайтын және шығындарының бағасынан асып түсетін баға бойынша сатылуына* әкеліп соғады. Демек, теңестірудің нәтижесі пайданы бұрынғы деңгейге саю бола алмайды, *жаңа деңгейдің қалыптасуына алып келеді.*

[6] ОТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АЛҒАНДА СЫРТҚЫ  
САУДАНЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНА БЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ  
МӘСЕЛЕДЕГІ РИКАРДОНЫҢ ҚАТЕЛЕРІ

Мәселен, *отарлармен саудада*, құлдыңтың және жердің табиғи құнарлылығының нәтижесінде (немесе жерді меншіктенудің іс жүзінде не заң жүзінде дамымауы салдарынан) еңбектің құны метрополиядағыдан төмен жерде істің жайы нақ жоғарыда келтірілген жағдайдағы сияқты болады. Егер метрополияның капиталдары бұл жаңа салаға еркін ауыса алса, онда олар, рас, осы соңғыда алынатын айрықша мол пайданы төмендетеді, бірақ (А. Смиттің әбден дұрыс атап көрсеткеніндей) пайданың жалпы деңгейін көтереді.

Рикардо мұнда мына секілді сөзді үнемі қолданады: өндірістің ескі салаларындағы қолданылатын еңбектің мөлшері, сондай-ақ жалақы да өзгермей қалды-мыс. Бірақ мәселе мынада: жалпы пайда нормасы өндірістің қайсыбір саласындағы емес, капитал еркін ауыса алатын барлық салалардағы ақысы төленбеген еңбектің төленген еңбек пен авансыланған капиталға қатынасымен анықталады. Бұл арақатынас оннан тоғызында өзгерусіз қалуы мүмкін; бірақ ол оның бірінде өзгерсе, жалпы пайда нормасы оннан онының бәрінде өзгеруге тиіс. Белгілі бір шамадағы капитал қозғалысқа келтіретін ақысы төленбеген еңбектің массасы ескен жағдайдың бәрінде бәсеке мынаған ғана әкеліп соғуы мүмкін: шамалары бірдей капиталдар бірдей дивидендтер, осы ұлғайтылған қосымша еңбектен бірдей үлестер алатын болады; бірақ бәсеке жиынтық авансыланған капитал жөнінде ұлғайған қосымша еңбекке қарамастан, әрбір жеке капиталдың дивидендінің өзгермеген күйі қалуына, қосымша еңбектегі бұрынғы үлесіне сайылуына жеткізе алмайды. Рикардо осы соңғы пікірді мақұлдаған екен, онда қорланғандығы себепті капиталдар бәсекесінің арта түсуінің бір өзі ғана пайда нормасын төмендетеді деген

А. Смиттің көзқарасына дау айтуға оның ешқандай негізі жоқ. Өйткені бұл жерде оның өзі қосымша құн нормасы өскенімен де, пайда нормасының бір ғана бәсекенің нәтижесінде төмендейтінін мақұлдап отыр. Рикардоның бұл көзқарасы, әрине, оның екінші бір қате алғы шартымен, пайда нормасы (егер жалақының кемуін не артуын елемей қалдырсақ) бейне рыноктық бағаның табиғи бағадан уақытша ауытқуының нәтижесінде ғана көтеріліп не төмендей алады деген алғы шартымен байланысты. Шын мәнінде, табиғи баға деген не? Авансыланған капиталға орташа пайдапай қосқанға тең баға. Демек, мұның өзі тағы да орташа пайда относителді қосымша құнның жоғарылап не төмендеуінен басқаша ешқашан төмендей не жоғарылай алмайды деген алғы шартқа саяды.

Сондықтан да Смитке қарама-қарсы былай дегенде Рикардо қателеседі:

«Сыртқы сауданың бір саласынан екіншісіне, немесе ішкі саудадан сыртқы саудаға көшудің ешқайсысы да, меніңше, пайда нормасына ықпал жасай алмайды» (цитат алынған шығарма, 413-бет) [Орысша аудармасы, I том, 283-бет].

Рикардо пайда құнға ықпал жасамайды екен, онда пайда нормасы да шығындардың бағасына ықпал жасамайды деп ойлағанда да дәл солай қателеседі.

Егер сыртқы сауданың қайсыбір саласы ерекше қолайлы жағдайда болып шықса, онда пайданың жалпы деңгейінің орнығуы әрқашан мұнда алынатын пайданы арттыру арқылы емес, пайданың бұрынғы деңгейіне дейін төмендету арқылы болуға тиіс деп санағанда Рикардо қателеседі:

«Пайдалардың теңдігі пайдаларды жалпы арттыру арқылы орнайды деп мәлімдейді; мен болсам ерекше қолайлы жағдайда тұрған саланың пайдасы жалпы деңгейге дейін тез төмендейді деген пікірді ұстанамын» (132—133-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 113-бет].

Пайда нормасына деген өзінің түгелдей қате көзқарасының салдарынан Рикардо сыртқы сауданың жұмысшылардың азық-түлігінің бағасын тікелей төмендетпейтін жағдайдағы ықпалын мүлдем түсінбейді. Ол, мәселен, Англия үшін өнеркәсіпке қажетті неғұрлым арзан шикізат [673] алудың қандай орасан зор маңызы барын көрмейді және бұл жағдайда, менің бұрынырақта көрсеткенімдей<sup>113</sup>, баға [арзандаған шикізаттан жасалған бұйымдардың бағасы] төмендегенімен, пайда нормасының артатынын, ал қарама-қарсы жағдайда баға [қымбаттаған шикізаттан жасалған бұйымдардың бағасы] артқан кезде пайда нормасының төмендеуі мүмкін екенін, және мұның өзі екі жағдайдың екеуінде де жалақы өзгермей қалғанының өзінде де солай болатынын түсінбейді.

«Сонымен, пайда нормасы артқанда рыноктың ұлғаюы нәтижесінде артпайды» (136-бет) [Орысша аудармасы, I том, 115-бет].

Пайда нормасы товардың бір өлшемінің бағасына байланысты емес, белгілі бір капитал жүзеге асыра алатын қосымша еңбектің массасына байланысты. Рикардо басқа жағдайларда да *рыноктың* маңызды мәнін жете ескермейді, өйткені ақшаның мәнін түсінбейді.

\* \* \*

[673] (Жоғарыда айтылғанға толықтыру ретінде тағы мынаны атап айту қажет:

Рикардоның бұл қателіктердің бәрін жасайтын себебі, ол қосымша құн нормасы мен пайда нормасының тепе-теңдігі туралы өзінің алғы шартын күштеушілік абстракциялардың көмегімен өткізуге тырысады. Бұдан тұрпайы экономистер теориялық ақиқаттар істің шын мәніндегі жағдайына қарама-қайшы келетін абстракциялар болып табылады деген қорытынды шығарды. Олар Рикардоның, мұның керісінше, дұрыс абстракция жолымен айтарлықтай алысқа бара алмайтынын және нақ осының өзі оны қате абстракцияға әкеліп соғатынын көрмейді<sup>114</sup>). [673]

### [3] ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУ ЗАҢЫ

#### [a] РИКАРДОНЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ ЖӨНІНДЕГІ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ҚАТЕ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Пайда нормасының құлдырау заңы — Рикардоның система-сындағы аса маңызды пункттердің бірі.

Пайда нормасының құлдырау тенденциясы бар. Неліктен? А. Смит қорланудың өсуінің және онымен қатар болатын капиталдар бәсекесі өсуінің салдарынан дейді. Рикардо бәсеке өндірістің әр түрлі салаларында пайданы теңестіре алады (оның бұл арада дәйексіз екенін жоғарыда көрдік), бірақ ол жалпы пайда нормасын төмендете алмайды деп қарсылық айтады. Мұндай төмендеу, Рикардоның пікірінше, тек мынадай жағдайда ғана: егер капиталдың қорлануы нәтижесінде капиталдың ұлғаюы халықтың көбеюімен жылдам болатыны социалдық еңбекке деген сұраным еңбектің ұсынымынан *үнемі* асып түсіп отырса, ал осы себепті жамақты помпалды тұрғыдан, шын мәнінде және тұтыну құны тұрысынан *үнемі* артып отырса, — құны жөнінен, сонда-ақ тұтыну құны жөнінен артса, осындай жағдайда ғана мүмкін болар еді. Бірақ бұлай болмайды. Рикардо мұндай ертегілерге сенетін оптимист емес.

*Пайда нормасы мен қосымша құн нормасы* — Рикардода жұмыс күні өзгермейді деп ұйғарылатындықтан относителді қосымша құнның нормасы — Рикардо үшін теңбе-тең болғандықтан,

пайда нормасының үнемі құлдырауын немесе пайда нормасының құлдырау тенденциясын ол қосымша құн нормасының, яғни жұмыс күнінің жұмысшы өзі үшін емес, капиталист үшін жұмыс істейтін бөлігінің үнемі құлдырауын немесе құлдырау тенденциясын туғызатын себептерден деп қана түсіндіре алады. Бірақ бұл себептер қандай? Егер жұмыс күні берілген деп ұйғарсақ, онда оның жұмысшы капиталистке тегін жұмыс істейтін бөлігі жұмыс күнінің жұмысшы өзі үшін жұмыс істейтін бөлігі артқан жағдайда ғана төмендеп, азаюы мүмкін. Ал мұның өзі (еңбектің құны төленеді деп ұйғарғанда) жұмысшының жалақысы соған жұмсалатын қажет заттардың, тіршілік құралдарының құны артқан жағдайда ғана мүмкін болады. Бірақ өнеркәсіп товарларының құны еңбектің өндіргіш күштерінің дамуы нәтижесінде үнемі кемиді. Демек, пайда нормасының құлдырауын, Рикардоның пікірінше, тіршілік құралдарының басты құрамдас бөлігі — азық-түліктің құны үнемі артуымен ғана түсіндіруге келеді. Мұның өзі егіншіліктің өнімділігі үнемі азаюынан болады-мыс. Мұның өзі Рикардоның жер рентасына жасаған талдауында оның болуы мен өсуін осы арқылы түсіндірген алғы шартының нақ өзі. Сондықтан Рикардода пайда нормасының үздіксіз құлдырауы жер рентасы нормасының үздіксіз артуымен байланысты. Жер рентасын Рикардоның түсінуі қате екенін мен көрсетіп өттім. Демек, осының өзімен оның пайда нормасының құлдырауын түсіндірген негіздерінің бірі күйреді. Ал, екіншіден, оның пайда нормасының құлдырауына деген қозғарасы бейне қосымша құн нормасы мен пайда нормасы бір нәрсе, сондықтан пайда нормасының құлдырауы қосымша құн нормасының құлдырауымен бір болып шығады деген, шын мәнінде Рикардоның тұрғысынан ғана осылай деп түсіндіріле алатын қате алғы шартқа негізделген. Осы арқылы оның теориясы теріске шығарылды.

Пайда нормасы құлдырағанда — бұл орайда қосымша құн нормасы өзгермейтін не артатын болса да — өндіргіш күштердің дамуымен бірге өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы жөнінде кемуі себепті құлдырайды. Сөйтіп, пайда нормасы құлдырағанда еңбектің өнімділігі кемігендіктен емес, еңбек неғұрлым өнімді болатындықтан құлдырайды. Ол құлдырағанда жұмысшыны аз қанағандықтан емес, ол көбірек қаналатындықтан құлдырайды, ал жұмысшының көбірек қаналуы не абсолютті қосымша уақыттың өсуінің салдарынан, немесе — бұған мемлекет қарсы болса, — еңбектің относителді құнының кемуі — демек относителді қосымша уақыттың артуы капиталистік өндірістің мәнінің өзіне туындайтыны салдарынан болады.

Сонымен, Рикардоның теориясы қате екі алғы шартқа:

1) жер рентасының болуы және өсуі егіншілік өнімділігінің кемуінен туындайды деген қате алғы шартқа;

2) Рикардода относителді қосымша құн нормасымен теңдес-

тірілетін пайда нормасы жалақының артып не кемуіне кері қатынаста ғана арта не төмендей алады деген қате алғы шартқа негізделген.

[674] Енді мен ең алдымен Рикардоның әлгінде ғана баяндалған көзқарасты дамытатын тұстарын біріктіріп жинақтаймын.

#### 16) РИКАРДОНЫҢ ПАЙДАНЫ ӨСКЕЛЕҢ РЕНТАНЫҢ БІРТІНДЕП ЖҰТУЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАСЫН ТАЛДАУ]

Алдын ала Рикардоның жер рентасына деген өзінің көзқарасын шегізге алып, рента пайда нормасын біртіндеп жұтады деген көзқарасын дамытуы жөнінде тағы біраз ескертпелер жасайық.

Бұл мақсат үшін қажетті өзгерістер қосып, 574-бетте келтірілген кестелерді \* пайдаланамыз.

Бұл кестелерде қолданылатын капитал  $60c + 40v$ , қосымша құн нормасы 50 процент және демек, еңбек өнімділігі қандай болса да, өнімнің [жеке] құны 120 ф. ст. деп ұйғарылады. Бұдан 10 ф. ст. пайда, 10 ф. ст.— абсолюттік рента. 40 ф. ст. өзгермелі капитал 20 жұмысшыға келеді дейік (олардың, мәселен, бір апта ішіндегі, немесе еңгіме пайда нормасы туралы болып отырғандықтан, бір жыл ішіндегі десек жақсы болар, бір жыл ішіндегі еңбегі үшін; әйтсе де мұнда мұның бәрібір). Рыноктық құнды I жер анықтайтын A кестесіне сәйкес тонналар саны [көмірдің немесе квартал астықтың саны] 60-қа тең; демек, 60 тонна 120 ф. ст. тұрады, ал 1 тонна [немесе 1 квартал]  $\frac{120}{60}$ , яғни 2 ф. ст. тұрады. Жалақы 40 ф. ст., яғни ол 20 тонна [көмірге] не 20 квартал астыққа тең. Демек, 100 ф. ст. капитал жұмысқа қосқан жұмысшылардың саны үшін қажетті жалақы осындай. Егер енді 48 тонна өндіру үшін 110 ф. ст. капитал (тұрақты капитал 60 ф. ст. және ол жұмысқа қосатын 20 жұмысшыға келетін өзгермелі капитал,— яғни 60 ф. ст. тұрақты капитал және 50 ф. ст. өзгермелі капитал) қажет болатын жердің нашар сортына көшу қажет болып шықса, онда бұл жағдайда қосымша құн 10 ф. ст., ал тоннаның бағасы  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. болар еді. Егер біз 120 ф. ст. 40 тонна беретін жердің одап да нашар сортына көшсек, онда тоннаның бағасы  $\frac{120}{40}$ , яғни 3 ф. ст. болар еді. Мұнда, ең нашар жерде, қандай болмасын қосымша құн жоғалар еді. Осы жағдайлардың бәрінде 20 жұмысшының еңбегімен жаңадан жасалатын құп әрқашан 60 ф. стерлингке тең (3 ф. ст. қандай шамадағы болсын 1 жұмыс күшіне тең). Егер, демек, жалақы 40 ф. стерлингтен 60 ф. стерлингке артса, қосымша құн атаулы жоғалады. Бұл орайда әрқашан 1 квартал астық бір жұмысшының қажетті жалақысы болады деп ұйғарылады.

Жоғарыда көрсетілген екі жағдайда да [нашар жерге көшкен-

\* 272—273-беттердің арасындағы жапсырманы қараңыз. *Ред.*

дегі] тек 100 ф. ст. капитал жұмсалуға тиіс деп ұйғарайық. Осының нақ өзін былай да білдіруге болады: белгілі бір жағдайдың әрқайсысында қандай капитал жұмсалса да, 100 ф. ст. капитал үшін арақатынас қандай болады? Атап айтқанда, жұмысшылардың саны сол күйінде және тұрақты капиталдың сол шамасында 110 ф. ст. немесе 120 ф. ст. капитал жұмсалады деп ұйғарудың орнына, біз табиғи құрылым (құны жөнінен емес, қолданылатын еңбектің мөлшері мен тұрақты капиталдың мөлшері жөнінен) сол қалпы деп ұйғарып, 100 капиталға (осы 100 бірлікті капиталдың басқа да [құндық] құрылымдарымен салыстыруға мүмкін болу үшін) қандай мөлшерде тұрақты капитал және жұмысшылардың қандай саны келетінін есептеп шығарамыз.

110-ның 60-қа қатынасы 100-дің  $54\frac{6}{11}$ -ға қатынасындай және 110-ның 50-ге қатынасы 100-дің  $45\frac{5}{11}$ -ке қатынасындай. 20 адам тұрақты капиталдың 60 бірлігін қозғалысқа келтіреді;  $54\frac{6}{11}$  бірлікті қанша адам қозғалысқа келтіреді?

Істің жайы былай. 60 ф. ст. жұмыстағы жұмысшылардың белгілі бір саны жасайтын (айтайық, 20 жұмысшы) құн болып табылады. Бұл орайда жұмыстағы жұмысшылардың осы санына, егер тонна немесе квартал 2 ф. стерлингке тең болса, 40 ф. стерлингке тең 20 квартал немесе тонна төленеді. Егер тоннаның құны 3 ф. стерлингке дейін артса, қосымша құн жоғалады. Егер тоннаның құны  $2\frac{1}{2}$  ф. стерлингке дейін артса, онда абсолюттік рента құраған қосымша құнның жартысы жоғалады.

Бірінші жағдайда 120 ф. ст. ( $60c + 60v$ ) капитал жұмсалғанда, өнім = 120 ф. ст. = 40 тонна ( $40 \times 3$ ). Екінші жағдайда 110 ф. ст. ( $60c + 50v$ ) капитал жұмсалғанда өнім = 120 ф. ст. = 48 тонна ( $48 \times 2\frac{1}{2}$ ).

Бірінші жағдайда 100 ф. ст. ( $50c + 50v$ ) капитал жұмсалғанда өнім = 100 ф. ст. =  $33\frac{1}{3}$  тонна ( $3 \text{ ф. ст.} \times 33\frac{1}{3} = 100 \text{ ф. ст.}$ ). Бұл орайда, нашар жерге көшу ғана болып, ал капиталда ешқандай өзгеріс болмағандықтан, 50 ф. ст. тұрақты капитал бұрын 60 ф. ст. капитал қанша жұмысшыны пайдаланса, пропорциялы түрде сонша жұмысшыны пайдаланады. Демек, егер соңғыны 20 жұмысшы (тоннаның құны 2 ф. ст. болғанда 40 ф. ст. алған) қозғалысқа келтірсе, онда енді 50 ф. ст. капиталды тоннаның құны 3 ф. стерлингке дейін артқан көзден бері 50 ф. ст. алатын  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы қозғалысқа келтіреді. Бір адам бұрынғысынанша 1 тонна немесе 1 квартал = 3 ф. ст. алады, өйткені  $16\frac{2}{3} \times 3 = 50$ . Егер  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы жасаған құн = 50 ф. ст. болса, 20 жұмысшы жасаған құн = 60 ф. ст. Демек, 20 жұмысшының бір күндік еңбегі 60 ф. ст. құн жасайды деген алғы шарт күшінде қалады.

Енді екінші жағдайды алайық. 100 ф. ст. капитал жұмсалғанда өнім =  $109\frac{1}{11}$  ф. ст. =  $43\frac{7}{11}$  тонна ( $2\frac{1}{2} \times 43\frac{7}{11} = 109\frac{1}{11}$ ). Тұ-

рақты капитал =  $54 \frac{6}{11}$  ф. ст., ал өзгермелі капитал =  $45 \frac{5}{11}$  ф. ст.

Осы  $45 \frac{5}{11}$  ф. стерлингке қанша жұмысшы жалданған?  $18 \frac{2}{11}$  жұмысшы. [675] Бұл орайда, егер 20 жұмысшының бір күндік еңбегі жасаған құн = 60 ф. ст. болса, онда  $18 \frac{2}{11}$  жұмысшының бір күндік еңбегі жасаған күн =  $54 \frac{6}{11}$  ф. ст. осы себепті өнімнің құны =  $109 \frac{1}{11}$  ф. ст.

Сонымен біз, екі жағдайда да сол бір капитал [100 ф. ст.] бұрынғыдан кем болғанымен, алайда енді қымбатқа түсетін жұмысшылар санын пайдаланатынын көріп отырмыз. Олар соншалық уақыт жұмыс істейді, бірақ олардың беретін қосымша уақыты кеміді немесе мүлдем жоқ болды, өйткені олар сол бұрынғыдай еңбек жұмсағанымен, өнімді кем өндіреді (және бұл өнім олардың тұтынатын қажетті заттарынан тұрады); демек, олар бұрынғыдай мөлшердегі уақыт бойы жұмыс істесе де, олардың 1 топшаны не 1 кварталді өндіруге жұмсайтын уақыты артты.

Рикардо өзінің есептеулерінде ылғи капитал көбірек еңбекті қозғалысқа келтіреді, сондықтан көбірек капитал жұмсау, яғни бұрынғы 100 ф. ст. орнына 120 не 110 ф. ст. жұмсау қажет деп ұйғарады. Мұның өзі өнімнің сол бұрынғы мөлшері, яғни жоғарыда келтірілген жағдайларда I жағдайда (120 ф. ст. жұмсалғанда) 40 тонна емес, 60 тонна және II жағдайда (110 ф. ст. жұмсалғанда) 48 тонна өндірілуге тиіс деп ұйғарылғандықтан ғана дұрыс. Сондықтан, 100 ф. ст. жұмсалғанда бірінші жағдайда  $33 \frac{1}{3}$  тонна, ал екіншіде  $43 \frac{7}{11}$  тонна өндіріледі. Көрсетілген ұйғарымды негізге алып, Рикардо осы арқылы дұрыс көзқарасты лақтырып тастайды; ал дұрыс көзқарасы [еңбек өнімділігі төмендегенде] өнімнің

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	Жылтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның жекелей құны ф. ст.	Тоннаның диффер. құны ф. ст.	Тоннаға кеткен шығындардың құны ф. ст.	Абсолюттік рента ф. ст.	Диффер. рента ф. ст.	Абсол. рента тонна
A										
I	100	60	120	2	2	0	$1 \frac{5}{6}$	10	0	5
II	100	65	130	2	$1 \frac{11}{13}$	$\frac{2}{13}$	$1 \frac{9}{13}$	10	10	5
III	100	75	150	2	$1 \frac{3}{5}$	$\frac{2}{5}$	$1 \frac{7}{15}$	10	30	5
Жиыны	300	200	400					30	40	15



	Диффер. рента тонна	Рентаң жалпы сомасы ф. ст.	Рентаң жалпы сомасы тонналарда	Капиталдың құрылымы	Қосымша құн нормасы	Жұмысшылар саны	Жалақы ф. ст.	Жалақы тонналар- мен	Пайда нормасы
I	0	10	5	$60c + 40v$	50%	20	40	20	10%
II	5	20	10	$60c + 40v$	50%	20	40	20	10%
III	15	40	20	$60c + 40v$	50%	20	40	20	10%
<b>Жиыны</b>	20	70	35						

сол бір мөлшерін өндіру үшін көбірек жұмысшы қолдану қажет дегенде емес, жұмысшылардың сол берілген саны өнімді кем өндіреді, өз кезегінде бұл өнімнің бұрынғыдан гөрі неғұрлым едәуір үлесі жалақыны құрайды дегенде болып отыр.

Енді екі кестені: 574-беттегі А кестесін және жоғарыдағы ұйғарымдардан туындайтын жаңа кестені салғастырайық.

Енді осы кесте Рикардоның кему бағыты бойынша кері ретпен келтірілген болса, яғни біз III разрядтан бастаған болсақ және сонымен бірге өңдеуге бәрінен бұрын түскен неғұрлым құнарлы жер [әзірше ол өңделетін жердің бірден-бір разряды болып табылады] ешқандай рента келтірмейді деп қабылдасақ, онда бұл III разрядта біз әуелі 120 ф. ст. құн жасайтын 100 ф. ст. капиталды көрер едік, одан 60 ф. стерлингті тұрақты капиталға 60 ф. стерлингті жаңадан қосылған еңбекке келеді. Одан әрі, Рикардоға ілессек, онда былай деп ұйғару керек болар еді: пайда нормасы А кестесінде көрсетілгеннен жоғары болар еді, өйткені көмірдің тоннасының (не бидайдың кварталінің) бағасы төмендегенде былай болады: тоннасы 2 ф. ст. тұрған кезде 20 тонна = 40 ф. ст. алғаш 20 жұмысшы, енді ол  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. немесе 1 ф. ст. 12 шиллинг қана тұрған кезде не бары 32 ф. ст. (=20 тонна) ғана алады. Жұмысшылардың саны осындай болғанда жұмсалған капитал  $60c + 32v = 92$  ф. ст., бүкіл өнімнің құны 120 ф. ст. болар еді, өйткені 20 жұмысшының еңбегімен жасалған құн бұрынғысынша 60 ф. стерлингке тең. Мұндай арақатынаста [с мен v арасындағы] 100 ф. ст. капитал  $130\frac{10}{23}$  ф. ст. құн жасауға тиіс болған болар еді (өйткені  $92 : 120 = 100 : 130\frac{10}{23}$  немесе  $23 : 30 = 100 : 130\frac{10}{23}$ ), осының өзінде бұл 100 ф. ст. капиталдың құрылымы мынадай болар еді:  $65\frac{5}{23}c + 34\frac{18}{23}v$ . Демек, капитал  $65\frac{5}{23}c + 34\frac{18}{23}v$ -ға тең болар еді: өнімнің құны  $130\frac{10}{23}$  ф. ст.; жұмысшылар саны  $21\frac{17}{23}$  болар еді: қосымша құн нормасы  $87\frac{1}{2}$  процент болар еді.

1) Сонымен, бізде мынадай болар еді:

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	ЖИЫНТЫҚ ӨНІМНІҢ РЫНОКТЫҚ ҚҰНЫ ф. ст.	ТОННАНЫҢ РЫНОКТЫҚ ҚҰНЫ ф. ст.	ТОННАНЫҢ ЖЕКЕЛЕЙ ҚҰНЫ ф. ст.	ТОННАНЫҢ ЛИФФЕР. ҚҰНЫ ф. ст.	Рента	Пайда ф. ст.	Пайда нормасы	Капитал- дың құ- рылымы	Қосымша құн нормасы	Жұмысшылар саны
III	100	$81^{12/23}$	$130^{10/23}$	$1^3/5$	$1^3/6$	0	0	$30^{10/23}$	$30^{10/23} \%$	$65^5/23c + 34^{18/23}v$	$87^{1/2} \%$	$21^{17/23}$

Тонналарда берілген жалақы  $21^{17/23}$  тоннаға тең, ал пайда  $19^{1/46}$  тонна болады.

[676] Рикардоның алғы шарттарын негізге ала отырып, енді халықтың көбеюі нәтижесінде рыноктық бағаның жоғарылайтыны соншалық, тоннаның құны  $1^{11/13}$  ф. ст. болатын II разрядты өңдеуге тура келеді дейік.

Мұнда, Рикардоның солай деп ойлайтынындай,  $21^{17/23}$  жұмысшының әрқашан сол бір құнды, атап айтқанда  $65^5/23$  ф. ст. (жалақыны да, қосымша құнды да есептегенде) құнды өндіруі әсте де келіп шықпайды. Өйткені [өнімнің қымбаттауы нәтижесінде] капиталистердің III разрядта жалдай алатын, демек қанай алатын жұмысшылардың саны оның өз алғы шартына сәйкес азаяды, демек қосымша құнның жиынтық сомасы да азаяды.

Бұл орайда егіншілік капиталының [табиғи] құрылымы әр уақытта өзгермеген күйі қалады. 60 с-ті қозғалысқа келтіру үшін жалақы қандай болса да (берілген жұмыс күні тұсында) әрқашан 20 жұмысшы керек.

Бұл 20 жұмысшы 20 тонна алатын, ал бір тонна енді  $1^{11/13}$  ф. ст. тұратын болғандықтан, онда 20 жұмысшы  $20 \times 1^{11/13}$  ф. ст. =  $20$  ф. ст. +  $16^{12/13}$  ф. ст. =  $36 \frac{12}{13}$  ф. стерлингке түседі.

Бұл 20 жұмысшының еңбек өнімділігі қандай болса да, олардың өндірген құны 60 ф. стерлингке тең. Сөйтіп, аваныланған капитал  $96 \frac{12}{13}$  ф. ст., ал өнімнің құны 120 ф. стерлингке тең болады; демек, пайда  $23 \frac{1}{13}$  ф.ст. болады. Сондықтан,  $20 \frac{40}{63}$  жұмысшы жұмыс істегенде 100 капитал келтіретін пайда  $23 \frac{17}{24}$ , ал капиталдың құрылымы  $61 \frac{19}{21}c + 38 \frac{2}{21}v$  болады.

Егер өнімнің жиынтық құны [100 ф. ст. капитал жұмсалғанда] =  $123 \frac{17}{24}$  ф. ст., ал III разрядта тоннаның жекелей құны =

$1\frac{3}{5}$  ф. ст. болса, онда бұл разрядта енді өнім қанша тонна болады?— $77\frac{8}{21}$  тонна. Қосымша құн нормасы  $62\frac{1}{2}$  процент болады.

Бірақ, III разряд тоннаны  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингтен сатады. Бұл бір тоннаға  $4\frac{12}{13}$  шиллинг немесе  $\frac{16}{65}$  ф. ст. дифференциалдық құн береді, ал  $77\frac{8}{21}$  тоннаға шаққанда бұл  $77\frac{8}{21}$  тонна  $77\frac{8}{21} \times \frac{16}{65}$ , яғни  $19\frac{1}{21}$  ф. ст. болады.

Өнімді  $123\frac{17}{21}$  ф. стерлингке сатудың орнына III оны  $123\frac{17}{21}$  ф. ст. +  $19\frac{1}{21}$  ф. ст. =  $142\frac{6}{7}$  ф. стерлингке сатады. Нақ осы  $19\frac{1}{21}$  ф. ст. рента болып табылады да.

Сонымен, III разряд үшін бізде енді мынадай болар еді:

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	Жиынтық өнімнің шын мәніндегі құны ф. ст.	Жиынтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның жекелей құны ф. ст.	Тоннаның дифференциалдық құны ф. ст.
III	100	$77\frac{8}{21}$	$123\frac{17}{21}$	$142\frac{6}{7}$	$1\frac{11}{13}$	$1\frac{3}{5}$	$+\frac{16}{65}$

	Рента ф. ст.	Рента тоннамен	Пайда нормасы	Капиталдың құрылымы	Қосымша құн нормасы	Жұмысшылардың саны
III	$19\frac{1}{21}$	$10\frac{20}{63}$	$23\frac{17}{21}\%$	$61\frac{19}{21}c + 38\frac{2}{21}v$	$62\frac{1}{2}\%$	$20\frac{40}{63}$

Тоннамен алғанда жалақы =  $20\frac{40}{63}$ , ал пайда =  $12\frac{113}{126}$  тонна.

Енді II разрядқа көшеміз. Мұнда (Рикардоның алғы шартына сәйкес) рента мүлдем жоқ. Рыноктық құн мен жекелей құн сәйкес келеді. II разряд өндіретін тонна саны  $67\frac{4}{63}$  тонна болады.

Демек, II разряд үшін бізде мынадай болады:

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	Жиынтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның жекелей құны ф. ст.	Тоннаның диффер. құны ф. ст.	Рента	Пайда нормасы	Капиталдың құрылымы	Қосымша құнның нормасы	Жұмысшылардың саны
II	100	$67^4/_{63}$	$123^{17}/_{21}$	$1^{11}/_{13}$	$1^{11}/_{13}$	0	0	$23^{17}/_{21} \%$	$61^{19}/_{21}c + 38^2/_{21}v$	$62^{1/2} \%$	$20^{40}/_{63}$

Тоннаға шаққанда жалақы  $20^{40}/_{63}$  тоннаға тең, ал пайда =  $12^{113}/_{126}$  тонна.

[677] 2) Сонымен, II разряд пайда болатын және рента беретін екінші жағдай үшін бізде мынадай болады:

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	Жиынтық өнімнің шын мәніндегі құны ф. ст.	Жиынтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның жекелей құны ф. ст.	Тоннаның диффер. құны ф. ст.	Капиталдың құрылымы
III	100	$77^8/_{21}$	$123^{17}/_{21}$	$142^6/_{7}$	$1^{11}/_{13}$	$1^3/_{5}$	$+^{16}/_{65}$	$61^{19}/_{21}c + 38^2/_{21}v$
II	100	$67^4/_{63}$	$123^{17}/_{21}$	$123^{17}/_{21}$	$1^{11}/_{13}$	$1^{11}/_{13}$	0	$61^{19}/_{21}c + 38^2/_{21}v$

	Жұмысшылардың саны	Қосымша құнның нормасы	Пайда нормасы	Жалақы тоннаға шаққанда	Пайда тонна есебімен	Рента ф. ст.	Рента тонна есебімен
III	$20^{40}/_{63}$	$62^{1/2} \%$	$23^{17}/_{21} \%$	$20^{40}/_{63}$	$12^{113}/_{126}$	$19^{1/21}$	$10^{20}/_{63}$
II	$20^{40}/_{63}$	$62^{1/2} \%$	$23^{17}/_{21} \%$	$20^{40}/_{63}$	$12^{113}/_{126}$	0	0

Енді үшінші жағдайға көшейік те, Рикардомен бірге өнімнің *рыноктық құны* тоннасына 2 ф. стерлингке дейін артқандықтан, көмір кендерінің ең нашар сорты (I разряд) өндірілуге тиіс және өндірілуде деп ұйғарайық. 60 ф. ст. тұрақты капитал тұсында 20 жұмысшы керек болатын және бұлар енді 40 ф. стерлингке түсетін болғандықтан, біздегі капиталдың [құндық] құрылымы 574-беттегі *A* кестесіндегідей, атап айтқанда  $60c + 40v$  болады. 20 жұмысшы өндіретін күн әрқашан 60 ф. стерлингке тең. Демек, 100 ф. ст. капитал өндіретін өнімнің жиынтық [жекелей, шын мәніндегі] құны оның өнімділігі қандай болса да 120 ф. ст. болады. Мұнда пайда нормасы = 20%, қосымша құн = 50%. Пайда тоннаға шаққанда = 10 тонна. Енді біз рыноктық құнның осы өзгеруі және пайда нормасын анықтайтын I разрядтың пайда болуы салдарынан III және II разрядтарда қандай өзгерістер болатынын қарауға тиіспіз.

III ең құнарлы жерді оңдесе де, ол 100 ф. ст. капиталмен енді оған 40 ф. стерлингке түсетін 20 жұмысшыны ғана пайдалана алады, өйткені тұрақты капитал 60 ф. ст. болғанда 20 жұмысшы талап етіледі. Сондықтан 100 ф. ст. капитал пайдаланатын жұмысшылар саны 20-ға дейін кемиді. Ал оның өнімінің шын мәніндегі жиынтық құны енді 120 ф. ст. Бірақ III разряд өндіретін тоннаның жекелей құны  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. (немесе  $\frac{8}{5}$  ф. ст.) болғандықтан, ол неше тонна өндіреді? 75 тонна, өйткені 120-ны  $\frac{8}{5}$ -ге бөлгенде 75 болады. III разряд өндіретін тонна саны кемиді, өйткені сол капиталмен ол еңбекті *кем* қолдана алады, *артық* қолдана алмайды (Рикардода әр кезде қате тұрғыда осылай бейнеленеді, өйткені ол үнемі капиталдың жаңа [құндық] құрылымында *қанша нақты еңбектің* қолданылатынын емес, өнімнің сол бір мөлшерін өндіру үшін қанша еңбек талап етілетінін ғана есте ұстайды; ал бұл арадағы бірдеп-бір маңызды мәселенің өзі де осы). Бірақ бұл 75 тоннашы III разряд 150 ф. стерлингке сатады (олардың [шын мәніндегі] құны болып табылатын 120 ф. стерлингтің орнына), сөйтіп III разрядта рента 30 ф. стерлингке дейін артады.

II разрядқа келсек, мұнда да өнімнің [шын мәніндегі] құны 120 ф. ст. және т. б. және т. т. Бірақ тоннаның жекелей құны  $1\frac{11}{13}$  ф. ст. (немесе  $\frac{24}{13}$  ф. ст.) болғандықтан, бұл разряд 65 тонна өндіреді (өйткені 120-ны  $\frac{24}{13}$ -ке бөлгенде 65 шығады). Қысқасын айтқанда, бұл арада біз 574-бетте келтірілген *A* кестесін аламыз. Бірақ бұл арада бізге өз мақсатымыз үшін жаңа рубрикалар керек болғандықтан, біз бұл үшінші жағдай үшін жаңа кесте жасаймыз, бізде I разряд келіп шығады да, өнімнің рыноктық құны 2 ф. стерлингке дейін артады.

## 3) Үшінші жағдай:

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	Жиынтық өнімнің үшін мәніндегі құны ф. ст.	Жиынтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның жекелей құны ф. ст.	Тоннаның дифференциал құны ф. ст.	Капиталдың құрылымы
III	100	75	120	150	2	$1\frac{3}{5}$	$\frac{2}{5}$	$60c + 40v$
II	100	65	120	130	2	$1\frac{11}{13}$	$\frac{2}{13}$	$60c + 40v$
I	100	60	120	120	2	2	0	$60c + 40v$

	Жұмысшылардың саны	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Жалақы тонна есебімен	Пайда тонна есебімен	Рента ф. ст.	Рента тонна есебімен
III	20	50%	20%	20	10	30	15
II	20	50%	20%	20	10	10	5
I	20	50%	20%	20	10	0	0
Барлығы						40	20

[678] Сонымен, бұл үшінші жағдай 574-беттегі А кестесіне сәйкес келеді (бұл арада пайданың бір бөлігі ретінде көрінетін абсолютті рентаны есептемесек), тек бәрі керісінше ретпен болады.

Енді біз ұйғарған жаңа жағдайларға көшейік\*.

Ең алдымен әлі де пайда беретін разрядты алып, оны 1b деп атайық. 100 ф. ст. капиталда ол  $43\frac{7}{11}$  тонна ғана береді.

Тоннаның құны  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. дейін артты. Капиталдың құрылымы  $54\frac{6}{11}c + 45\frac{5}{11}v$ . Өнімнің құны  $109\frac{1}{11}$  ф. ст. болады.  $45\frac{5}{11}$  ф. ст. өзгермелі капитал  $18\frac{2}{11}$  жұмысшыға жалақы төлеуге кетеді. Ал 20 жұмысшының бір күндік еңбегімен жасалатын құн 60 ф. ст. болғандықтан,  $18\frac{2}{11}$  жұмысшы  $54\frac{6}{11}$  ф. ст. құн жасайды. Соңдықтан өнімнің құны  $= 109\frac{1}{11}$  ф. ст. Пайда нормасы  $= 9\frac{1}{11}\%$ . Пайда  $= 3\frac{7}{11}$  тонна. Қосымша құн нормасы  $= 20\%$ .

III, II, I разрядтағы капиталдың табиғи құрылымы I b разрядындағыдай болғандықтан және олар осы соңғының төлегеніндей жалақы төлеуге тиіс болғандықтан, 100 ф. ст. капитал тұсында олар да  $18\frac{2}{11}$  жұмысшыны ғана пайдалана алады, бұлар  $54\frac{6}{11}$  ф.

\* Қараңыз: осы басылмы, II бөлім, 460—462-беттер. Ред.

ст. қосымша құн өндіреді, демек, I b разрядтағыдай, — 20% мөлшерінде қосымша құн және  $9\frac{1}{11}$  процент пайда нормасын өндіреді. Мұнда 1 b разрядындағыдай өнімнің жиынтық [шынайы] құны  $109\frac{1}{11}$  ф. стерлингке тең болады.

Бірақ III разрядта тоннаның жекелей құны  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. (немесе  $\frac{8}{5}$  ф. ст.) болғандықтан, бұл разряд  $109\frac{1}{11} : \frac{8}{5}$ , яғни  $68\frac{2}{11}$  тонна (басқаша айтқанда мұнда  $109\frac{1}{11}$  ф. ст.  $68\frac{2}{11}$  тоннаға тең) өндіреді. Одан әрі, тоннапың рыноктық құны мен оның жекелей құны арасындағы айырма енді  $2\frac{1}{2}$  ф. стерлингтен  $1\frac{3}{5}$  ф. стерлингті алғанға немесе 2 ф. ст. 10 шиллингтен 1 ф. ст. 12 шиллингті алғанға тең, яғни 18 шиллингке тең. Ал  $68\frac{2}{11}$  тоннаға бұл  $68\frac{2}{11} \times 18$  шилл. =  $1\,227\frac{3}{11}$  шилл. =  $61\frac{4}{11}$  ф. ст. болады. Өз өнімін  $109\frac{1}{11}$  ф. стерлингке сатудың орнына III оны  $170\frac{5}{11}$  ф. стерлингке сатады. Осы артық шама III разрядтың рентаcы. Тоннаға шағылғанда бұл рента  $24\frac{6}{11}$  тоннаға тең.

II разрядта тоннаның жекелей құны  $1\frac{11}{13}$  ф. ст. (немесе  $\frac{24}{13}$  ф. ст.) болғандықтан, ол  $109\frac{1}{11} : \frac{24}{13}$ , яғни  $59\frac{1}{11}$  тонна өндіреді. II разрядта тоннаның рыноктық құны мен оның [жекелей] құны арасындағы айырма  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. минус  $1\frac{11}{13}$  ф. ст., яғни  $\frac{17}{26}$  ф. ст. болады.  $59\frac{1}{11}$  тоннаға бұл  $38\frac{7}{11}$  ф. ст. болады. Осының өзі рента. Жиынтық өнімнің рыноктық құны =  $147\frac{8}{11}$  ф. ст. Рента тоннаға шағылғанда  $15\frac{5}{11}$  тоннаға тең.

Ақыр соңында, I разрядта тоннаның жекелей құны 2 ф. ст. болғандықтан,  $109\frac{1}{11}$  ф. ст. мұнда  $54\frac{6}{11}$  тоннаға тең. Рыноктық құн мен жекелей құнның арасындағы айырма  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. минус 2 ф. ст., яғни  $\frac{1}{2}$  ф. ст. Ал  $54\frac{6}{11}$  тоннаға бұл  $27\frac{3}{11}$  ф. ст. болады. Демек, жиынтық өнімнің рыноктық құны =  $136\frac{4}{11}$  ф. ст. Ал тоннаға шаққандағы рентаның құны  $10\frac{30}{11}$  тоннаға тең.

Егер енді біз осының бәрін *төртінші жағдайға* арналған кестеге жинақтасақ былай болады:

[679] 4) Төртінші жағдай:

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	Жиынтық өнімнің шын мәніндегі құны ф. ст.	Жиынтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның жекелей құны ф. ст.	Тоннаның дифференциал құны ф. ст.
III	100	$68\frac{2}{11}$	$109\frac{2}{11}$	$170\frac{5}{11}$	$2\frac{1}{2}$	$13\frac{3}{5}$	$\frac{9}{10}$
II	100	$59\frac{1}{11}$	$109\frac{1}{11}$	$147\frac{8}{11}$	$2\frac{1}{2}$	$11\frac{11}{13}$	$17\frac{26}{26}$
I	100	$54\frac{8}{11}$	$109\frac{1}{11}$	$136\frac{4}{11}$	$2\frac{1}{2}$	2	$\frac{1}{2}$
Ib	100	$43\frac{7}{11}$	$109\frac{1}{11}$	$109\frac{1}{11}$	$2\frac{1}{2}$	$2\frac{1}{2}$	0

	Капиталдың құрылымы	Жұмысшылардың саны	Қосымша құн нормасы	Пайда нормасы	Жалақы тонна есебімен	Пайда тонна есебімен	Рента ф. ст.	Рента тонна есебімен
III	$54\frac{6}{11}c + 45\frac{5}{11}v$	$18\frac{2}{11}$	20%	$9\frac{1}{11}\%$	$18\frac{2}{11}$	$3\frac{7}{11}$	$61\frac{4}{11}$	$24\frac{6}{11}$
II	$54\frac{6}{11}c + 45\frac{5}{11}v$	$18\frac{2}{11}$	20%	$9\frac{1}{11}\%$	$18\frac{2}{11}$	$3\frac{7}{11}$	$38\frac{7}{11}$	$15\frac{5}{11}$
I	$54\frac{6}{11}c + 45\frac{5}{11}v$	$18\frac{2}{11}$	20%	$9\frac{1}{11}\%$	$18\frac{2}{11}$	$3\frac{7}{11}$	$27\frac{3}{11}$	$10\frac{0}{11}$
Ib	$54\frac{6}{11}c + 45\frac{5}{11}v$	$18\frac{2}{11}$	20%	$9\frac{1}{11}\%$	$18\frac{2}{11}$	$3\frac{7}{11}$	0	0

Ең соңында, соңғы жағдайды қарастырамыз, мұнда Рикардоның айтуынша *барлық пайда* жоғалады, қосымша құн мүлдем қалмайды.

Мұнда өнімнің құны тоннасына 3 ф. стерлингке дейін артады, сондықтан 20 жұмысшыны қолданғанда олардың 60 ф. ст. жалақысы өздері өндірген құнға тең. Капиталдың құрылымы  $50c + 50v$ . Мұндай жағдайда  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы қолданылады. Егер 20 жұмысшы 60 ф. ст. құн өндірсе,  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы 50 ф. ст. құн өндіреді. Демек, жалақыға бұл құн түгел кетеді. Бір жұмысшы бұрынғысынша бір тонна алады. Өнімнің құны = 100 ф. ст. Сөйтіп өндірілген тонна саны =  $33\frac{1}{3}$ . Мұның жартысы тұрақты капитал құнының ғана, ал екінші жартысы өзгермелі капитал құнының ғана есесін өтейді.

III разрядта тоннаның жекелей құны  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. (немесе  $\frac{8}{5}$  ф.



ст.) болғандықтан, ол неше тонна өндіреді?  $100$ -ді  $\frac{8}{5}$  -ге бөлсек, яғни  $62\frac{1}{2}$  тонна, олардың құны =  $100$  ф. ст. Тоннаның рыноктық құны мен оның жекелей құны арасындағы айырма  $3$  ф. ст. минус  $1\frac{3}{5}$  ф. ст., яғни  $1\frac{2}{5}$  ф. ст. болады.  $62\frac{1}{2}$  тоннаға бұл  $87\frac{1}{2}$  ф. ст. болады. Демек, жиынтық өнімнің рыноктық құны мұнда  $187\frac{1}{2}$  ф. ст. Ал тоннаға шағылған рента  $29\frac{1}{6}$  тоннаға тең.

II разрядта тоннаның жекелей құны  $1\frac{11}{13}$  ф. ст. Демек, тоннаның дифференциалдық құны  $3$  ф. ст. минус  $1\frac{11}{13}$  ф. ст., яғни  $1\frac{2}{13}$  ф. ст. Тоннаның жекелей құны мұнда  $1\frac{11}{13}$  ф. ст. немесе  $24\frac{1}{13}$  ф. ст. болғандықтан,  $100$  ф. ст. капитал  $100: \frac{24}{13}$  яғни  $54\frac{1}{6}$  тонна өндіреді. Тоннаның бұл санына көрсетілген айырма  $62\frac{1}{2}$  ф. ст. болады. Өнімнің рыноктық құны =  $162\frac{1}{2}$  ф. ст. Тоннаға шаққанда рента  $20\frac{5}{6}$  тоннаға тең.

I разрядта тоннаның жекелей құны =  $2$  ф. ст. Демек, тоннаның дифференциалдық құны  $3$  ф. ст. минус  $2$  ф. ст. яғни  $1$  ф. ст. Мұнда тоннаның жекелей құны  $2$  ф. ст. болғандықтан,  $100$  ф. ст. капитал  $50$  тонна өндіреді. Бұл [өнімнің рыноктық және жекелей құны арасындағы]  $50$  ф. ст. айырма береді. Өнімнің рыноктық құны =  $150$  ф. ст., ал рента тоннаға шаққанда =  $16\frac{2}{3}$  тонна.

Енді біз осы кезге дейін ешқандай рента бермеген I b разрядына көшеміз. Мұнда тоннаның жекелей құны =  $2$  ф. ст. Демек, тоннаның дифференциалдық құны  $3$  ф. ст. минус  $2\frac{1}{2}$  ф. ст., яғни  $\frac{1}{2}$  ф. ст. Ал тоннаның жекелей құны мұнда  $2\frac{1}{2}$  (немесе  $5/2$ ) ф. ст. болғандықтан,  $100$  ф. ст. капитал  $40$  тонна өндіреді. Тоннаның бұл санына дифференциалдық құн  $20$  ф. ст. болады, сондықтан жиынтық өнімнің рыноктық құны =  $120$  ф. ст., ал тоннаға шаққандағы рента =  $6\frac{2}{3}$  тонна.

Сонымен, Рикардоның айтуынша пайда жоғалатын бұл бесінші жағдайды енді біртұтас кесте ретінде көрсетеміз.

[680] 5) Бесінші жағдай:

Разряд	Капитал ф. ст.	Тонна саны	Жиынтық өнімнің пыйн мә- ніндегі құны ф. ст.	Жиынтық өнімнің рыноқтық құны ф. ст.	Тоннаның рыноқтық құны ф. ст.	Тоннаның жекелей құны ф. ст.	Тоннаның дифферен- циалдық құны ф. ст.
III	100	62 $\frac{1}{2}$	100	187 $\frac{1}{2}$	3	1 $\frac{3}{5}$	1 $\frac{2}{5}$
II	100	54 $\frac{1}{6}$	100	162 $\frac{1}{2}$	3	1 $\frac{11}{13}$	1 $\frac{2}{13}$
I	100	50	100	150	3	2	1
Ib	100	40	100	120	3	2 $\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$
Ia	100	33 $\frac{1}{3}$	100	100	3	3	0

	Капиталдың құрылымы	Жұмыс- шылар саны	Қосымша құн нор- масы	Пайда нормасы	Жалақы тоннаға шаққанда	Рента ф. ст.	Рента тоннаға шаққанда
III	50c + 50v	16 $\frac{2}{3}$	0	0	16 $\frac{2}{3}$	87 $\frac{1}{2}$	29 $\frac{1}{6}$
II	50c + 50v	16 $\frac{2}{3}$	0	0	16 $\frac{2}{3}$	62 $\frac{1}{2}$	20 $\frac{5}{6}$
I	50c + 50v	16 $\frac{2}{3}$	0	0	16 $\frac{2}{3}$	50	16 $\frac{2}{3}$
Ib	50c + 50v	16 $\frac{2}{3}$	0	0	16 $\frac{2}{3}$	20	6 $\frac{2}{3}$
Ia	50c + 50v	16 $\frac{2}{3}$	0	0	16 $\frac{2}{3}$	0	0

Келесі бетте мен бес жағдайдың бәрін бір құрама кестеде салғастырамын \*. [680]

(в) ПАЙДАНЫҢ БІР БӨЛІГІ МЕН КАПИТАЛДЫҢ  
БІР БӨЛІГІНІҢ РЕНТАҒА АЙНАЛУЫ.

ЕГІНШІЛІКТЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕҢБЕК МӨЛШЕРІНІҢ  
ӨЗГЕРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ РЕНТА ШАМАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

[683] Егер біз мұның алдындағы бетте келтірілген кестелерден \* ең алдымен *E* кестесін қарастырсақ, бұл арада соңғы Ia разрядында істің жайы айдан анық екенін көреміз. Жалақыға мұнда еңбектің [жаңадан қосылған] бүкіл өнімі және оның жасаған бүкіл құны кетеді. Ешқандай қосымша құн жоқ, сол себепті пайда да, рента да жоқ. Өнімнің құны авансыланған капиталдың құнына тең, сондықтан бұл арада өзіне меншікті капиталы бар қызметкерлер өздерінің жалақысы мен өз еңбек жағдайларын үнемі ұдайы өндіре алады, басқа ештеңе болмайды. Осы соңғы разряд туралы онда рента пайданы жұтады деуге көлмейді. Мұнда рента да, пайда да жоқ, ойткені ешқандай қосымша құн жоқ. Жалақы қосымша құнды, демек пайдапы да жұтып қояды.

\* 474—475-беттердегі кестені қараңыз. Ред.

Басқа төрт разрядқа келсек, мұнда prima facie \* істің жайы әсте айқын емес. Егер қосымша құн болмаса, рента қалай бар болуы мүмкін? Оның үстіне I b, I, II және III жерлерде еңбек өнімділігі әсте өзгерген жоқ. Демек, қосымша құнның жоқтығы тек сырт көзге ғана солай болып көрінуге тиіс.

Одан кейін басқа prima facie түсініксіздігі бұдан кем емес бір құбылыс байқалады. Тонна [көмір] немесе астықтың кварталі арқылы білдірілген рента III разряд үшін  $29\frac{1}{6}$  тонна (немесе квартал) болғанда III жер ғана өңделетін A кестесінде ешқандай рента жоқ. Бұған қоса онда жұмысшылар саны  $21\frac{17}{23}$  болды, ал енді E кестесінде ол не бары  $16\frac{2}{3}$ ; пайдаға келсек (онда бүкіл қосымша құнды жұтып алған) A кестесінде ол не бары  $19\frac{1}{46}$  тонна болды.

Нақ осы қарама-қайшылық II разрядта да байқалады, мұнда E кестесінде рента  $20\frac{5}{6}$  тонна (немесе квартал), ал B кестесінде бүкіл қосымша құнды жұтып алған пайда (осының өзінде жұмысшылар саны онда  $20\frac{40}{63}$  болса, енді  $16\frac{2}{3}$ -ге тең болып отыр) тек  $12\frac{113}{126}$  тонна (немесе квартал) ғана болған еді.

Нақ осындай қарама-қайшылық I разрядта да байқалады, мұнда E кестесінде рента  $16\frac{2}{3}$  тоннаға немесе кварталге тең, ал C кестесінде бүкіл қосымша құнды жұтып алған I разрядтағы пайда не бары 10 тоннаға тең (осының өзінде онда жұмыста 20 жұмысшы болса, енді  $16\frac{2}{3}$ ).

Ақырында нақ осы құбылыс I b разрядында да бар, мұнда рента E кестесінде  $6\frac{2}{3}$ -тонна (немесе квартал), ал I b разрядының пайдасы пайда бүкіл қосымша құнды жұтатын D кестесінде  $3\frac{7}{11}$  тоннаға немесе кварталге ғана тең (осының өзінде онда  $18\frac{2}{11}$  жұмысшы жұмыста болса, енді  $16\frac{2}{3}$ ).

Алайда мына бір жай анық: III, II, I, I b разрядтарындағы өнімдердің рыноктық құнының жекелей құнынан асып түсуі өнімдердің бөлінісін өзгертіп, оның бөлікке қатысушылардың бір тобынан екіншісіне көшуін туғыза алатып болса да, рыноктық құнның бұл артуы жалақының есесі өтелгеннен кейін қалған қосымша құн бейнеленген өнімнің өзіне әсте арттыра алмайды. Біздерде айтылған барлық разрядтардағы жерлердің өнімділігі, сондай-ақ капиталдың өнімділігі де өзгермеген күйі қалғандықтан, онда III—I b разрядтары қалайша неғұрлым құнарлырақ бола алады, яғни рынокты I a-дағы құнарлылығы кемірек жердің не өнімділігі кемірек шахтаның өнімдері түскендіктен ғана көбірек тонна немесе квартал санын қалайша бере алады?

Жұмбақ былайша шешіледі.

\* — тосыннан қарағанда. Ред.

Егер 20 жұмысшының бір күндік еңбегі 60 ф. ст. болса,  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы 50 ф. ст. өндіреді. Ал III разрядта  $1\frac{3}{5}$  ф. стерлингтегі (немесе  $\frac{8}{5}$  ф. сторлингтегі) жұмыс уақыты 1 тоннада не 1 кварталерде білдірілсе, 50 ф. ст.  $31\frac{1}{4}$  тоннада не кварталерде білдіріледі. Бұл мөлшерден  $16\frac{2}{3}$  тонна не кварталер жалақыға кетеді; демек, қосымша құн ретінде  $14\frac{7}{12}$  тонна қалады.

Одан әрі, тоннаның рыноктық құны  $1\frac{3}{5}$  ф. стерлингтен 3 ф. стерлингке дейін артқандықтан,  $62\frac{1}{2}$  тонна не кварталер болған өнімнен [50 ф. ст.] тұрақты капитал құнының есесін толтыруға  $16\frac{2}{3}$  тонна не кварталер алу жеткілікті. Ал енді III разряд өндірген тонна (не кварталер) рыноктық құнды өзі белгілеген және осының нәтижесінде соңғысы оның жекелей құнына тең болған жағдайда 50 ф. ст. тұрақты капиталдың есесін толтыру үшін  $31\frac{1}{4}$  тонна не кварталер керек болды. Тоннаның құны  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. болған кезде [тұрақты] капиталдың есесін толтыру үшін қажет болған өнім үлесті болып табылатын тонналардың не кварталерлердің осы мөлшерінен енді нақ сол мақсат үшін не бары  $16\frac{2}{3}$  тонна ғана керек болады. Осы арқылы  $31\frac{1}{4}$  тонна минус  $16\frac{2}{3}$  тонна, яғни  $14\frac{7}{12}$  тонна (не кварталер) босап шығып, рентаның [684] үлесіне тиеді.

Егер III разрядта 50 ф. ст. тұрақты капитал тұсында  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы өндіріп,  $14\frac{7}{12}$  тонна не кварталер болған қосымша құнды біз өнімнің тұрақты капиталдың есесін толтырудың орнына қосымша өнім формасында көрінетін және ол да  $14\frac{7}{12}$  тоннаға не кварталерге тең болатын бөлігімен қоссақ, онда жиыптық қосымша өнім  $28\frac{14}{12} = 29\frac{2}{12} = 29\frac{1}{6}$  тонна не кварталер болады. Бұл *E кестесіндегі* тоннаға [көмір] не астықтың кварталеріне шағылған, III разрядтағы рентаның нақ өзі. *E кестесінің* II, I, I b разрядтарындағы тоннаға [көмір] не астықтың кварталеріне шағылған рентаның шамасындағы тосыннан солай болып көрінетін қарамақайшылық нақ осылай шешіледі.

Сөйтіп, біз жердің таңдаулы разрядтарында, оларда өндірілген өнімдердің рыноктық және жекелей құнының арасындағы айырмашылықтың нәтижесінде пайда болатын дифференциалдық рентаның өзінің нақты түрінде, өнімдік рента, қосымша өнім ретінде, немесе — жоғарыда келтірілген мысалда — тонна [көмір] не астықтың кварталері арқылы білдірілген рента ретінде, — екі элементтен тұратынын және екі рет айналудан туындайтынын көреміз. [Біріншіден], жұмысшылардың қосымша еңбегі білдірілген қосымша өнім, қосымша құн пайда формасынан рента формасына айналады да, осы себепті капиталистке тимей, жер меншікшісінің қолына түседі. Екіншіден, өнімнің жердің жақсы сортының

## [681—682] Рикардоның айтуында рентаның қозғалысы

Разряд	Капита: ф. ст.	Тонна саны	Жиынтық өнімнің шын мә- ніндегі құны ф. ст.	Жиынтық өнімнің рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның рыноктық құны ф. ст.	Тоннаның жеке құн ф. ст.	Тоннаның дифферен- циалдық құны ф. ст.
--------	-------------------	---------------	--	--	--	--------------------------------	--

А. (Ең жақсы III разряд қана өңделеді) Рента жоқ. Ең құнарлы жер

III	100	81 <sup>12</sup> / <sub>23</sub>	130 <sup>10</sup> / <sub>23</sub>	130 <sup>10</sup> / <sub>23</sub>	1 <sup>3</sup> / <sub>5</sub>	1 <sup>3</sup> / <sub>5</sub>	0
-----	-----	----------------------------------	-----------------------------------	-----------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	---

В. Екінші разряд (II разряд) келіп шығады. III жерде (шахтада) рентаның

III	100	77 <sup>8</sup> / <sub>21</sub>	123 <sup>17</sup> / <sub>21</sub>	142 <sup>6</sup> / <sub>7</sub>	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	1 <sup>3</sup> / <sub>5</sub>	16 <sup>6</sup> / <sub>65</sub>
II	100	67 <sup>4</sup> / <sub>63</sub>	123 <sup>17</sup> / <sub>21</sub>	123 <sup>17</sup> / <sub>21</sub>	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	0

Жиыны	200	144 <sup>4</sup> / <sub>9</sub>	247 <sup>13</sup> / <sub>21</sub>	266 <sup>2</sup> / <sub>3</sub>	41 <sup>17</sup> / <sub>63</sub>		
-------	-----	---------------------------------	-----------------------------------	---------------------------------	----------------------------------	--	--

С. Үшінші разряд (I разряд) келіп шығады. II жерде (шахтада) рентаның

III	100	75	120	150	2	1 <sup>3</sup> / <sub>5</sub>	2 <sup>5</sup> / <sub>5</sub>
II	100	65	120	130	2	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	2 <sup>13</sup> / <sub>13</sub>
I	100	60	120	120	2	2	0

Жиыны	300	200	360	400			
-------	-----	-----	-----	-----	--	--	--

Д. Төртінші разряд (I b разряды) келіп шығады. I жерде (шахтада)

III	100	68 <sup>2</sup> / <sub>11</sub>	109 <sup>1</sup> / <sub>11</sub>	170 <sup>5</sup> / <sub>11</sub>	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>3</sup> / <sub>5</sub>	9 <sup>10</sup> / <sub>10</sub>
II	100	59 <sup>1</sup> / <sub>11</sub>	109 <sup>1</sup> / <sub>11</sub>	147 <sup>8</sup> / <sub>11</sub>	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	17 <sup>26</sup> / <sub>26</sub>
I	100	54 <sup>6</sup> / <sub>11</sub>	109 <sup>1</sup> / <sub>11</sub>	136 <sup>4</sup> / <sub>11</sub>	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	2	1 <sup>2</sup> / <sub>2</sub>
Ib	100	43 <sup>7</sup> / <sub>11</sub>	109 <sup>1</sup> / <sub>11</sub>	109 <sup>1</sup> / <sub>11</sub>	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	0

Жиыны	400	225 <sup>5</sup> / <sub>11</sub>	436 <sup>4</sup> / <sub>11</sub>	563 <sup>7</sup> / <sub>11</sub>			
-------	-----	----------------------------------	----------------------------------	----------------------------------	--	--	--

Е. Бесінші разряд (I a разряды) келіп шығады. Барлық разрядта қосымша

III	100	62 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	100	187 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	3	1 <sup>3</sup> / <sub>5</sub>	12 <sup>5</sup> / <sub>5</sub>
II	100	54 <sup>1</sup> / <sub>6</sub>	100	162 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	3	1 <sup>11</sup> / <sub>13</sub>	12 <sup>13</sup> / <sub>13</sub>
I	100	50	100	150	3	2	1
Ib	100	40	100	120	3	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>2</sup> / <sub>2</sub>
Ia	100	33 <sup>1</sup> / <sub>3</sub>	100	100	3	3	0

Жиыны	500	240	500	720			
-------	-----	-----	-----	-----	--	--	--

немесе жақсы шахтаның өнімі бұрын өзінің құнына сатылған кезде тұрақты капиталдың құнының есесін толтыру үшін қажет болған бөлігінен бір нәрселер енді өнімнің кез келген үлесінің рыноктық құны неғұрлым жоғары болған кезде босап, ол да қосымша өнім формасында көрінеді де, осы себепті капиталистке емес, жер меншікшісіне тиеді.

Қосымша өнімнің пайда орнына рентаға айналуы және өнімнің бұрын тұрақты капиталдың құнының есесін толтыруға арнал-

(қажетті түзетулермен қоса)

Капиталдың (құндық) құрылымы	Жұмысшылар саны	Қосымш (құн нормасы)	Пайда ф. ст.	Тоннамен есептегендегі пайда	Тоннаға шаққандағы жағдайы	Рента ф. ст.	Тоннаға шаққандағы рента
------------------------------	-----------------	----------------------	--------------	------------------------------	----------------------------	--------------	--------------------------

немесе шахта ғана пайдаланылады

$65^{5/23}c + 34^{18/23}v$	$21^{17/23}$	$87^{1/2}\%$	$30^{10/23}$	$19^{1/46}$	$21^{17/23}$	0	0
----------------------------	--------------	--------------	--------------	-------------	--------------	---	---

пайда болуы

$61^{19/21}c + 38^{2/21}v$	$20^{40/63}$	$62^{1/2}\%$	$23^{17/21}$	$12^{113/126}$	$20^{40/63}$	$19^{1/21}$	$10^{20/63}$
$61^{19/21}c + 38^{2/21}v$	$20^{40/63}$	$62^{1/2}\%$	$23^{17/21}$	$12^{113/126}$	$20^{40/63}$	0	0

	$41^{17/63}$		$47^{13/21}$	$25^{50/63}$	$41^{17/63}$	$19^{1/21}$	$10^{20/63}$
--	--------------	--	--------------	--------------	--------------	-------------	--------------

пайда болуы

$60c + 40v$	20	50%	20	10	20	30	15
$60c + 40v$	20	50%	20	10	20	10	5
$60c + 40v$	20	50%	20	10	20	0	0

	60		60	30	60	40	20
--	----	--	----	----	----	----	----

рентаның пайда болуы

$54^{6/11}c + 45^{5/11}v$	$18^{2/11}$	20%	$9^{1/11}$	$37^{1/11}$	$18^{2/11}$	$61^{4/11}$	$24^{6/11}$
$54^{6/11}c + 45^{5/11}v$	$18^{2/11}$	20%	$9^{1/11}$	$37^{1/11}$	$18^{2/11}$	$38^{7/11}$	$15^{5/11}$
$54^{6/11}c + 45^{5/11}v$	$18^{2/11}$	20%	$9^{1/11}$	$37^{1/11}$	$18^{2/11}$	$27^{3/11}$	$10^{10/11}$
$54^{6/11}c + 45^{5/11}v$	$18^{2/11}$	20%	$9^{1/11}$	$37^{1/11}$	$18^{2/11}$	0	0

	$72^{8/11}$		$36^{4/11}$	$14^{6/11}$	$72^{8/11}$	$127^{3/11}$	$50^{10/11}$
--	-------------	--	-------------	-------------	-------------	--------------	--------------

құн мен пайданың ғайып болуы

$50c + 50v$	$16^{2/3}$	0	0	0	$16^{2/3}$	$87^{1/2}$	$29^{1/6}$
$50c + 50v$	$16^{2/3}$	0	0	0	$16^{2/3}$	$62^{1/2}$	$20^{5/6}$
$50c + 50v$	$16^{2/3}$	0	0	0	$16^{2/3}$	50	$16^{2/3}$
$50c + 50v$	$16^{2/3}$	0	0	0	$16^{2/3}$	20	$6^{2/3}$
$50c + 50v$	$16^{2/3}$	0	0	0	$16^{2/3}$	0	0

	$83^{1/3}$		0	0	$83^{1/3}$	220	$73^{1/3}$
--	------------	--	---	---	------------	-----	------------

ған осыған сәйкес біраз бөлігінің қосымша өнімге, ал осы себепті рентаға айналуы — бұл екі процестің екеуі де дифференциалдық рента болып табылатындықтан, өнімдік рентаны құрайды. Соңғы жағдайды — өнімнің бір бөлігі капиталға айналуының орнына рентаға айналатынын — Рикардо және одан кейінгі экономистердің бәрі аңғармады. Олар қосымша өнімнің рентаға айналатынын ғана көреді, бірақ өнімнің бұрын пайданың емес, капиталдың үлесіне келген бөлігінің қайсыбір мөлшерінің қосымша өнімге айналуын көрмейді.

Осындай жолмен құралған қосымша өнімнің немесе диффе-

ренциалдық рентаның номиналдық құны ең нашар жерде немесе ең нашар шахтада өндірілген өнімнің құнымен анықталады (жасалған ұйғарымға сәйкес). Бірақ бұл рыноктық құн бұл өнімді жасамайды, тек оның басқаша бөлінуіне алып келеді.

Ал бұл екі элемент шамадан тыс жоғары пайданың қайсысында болса да болады; мәселен, олар жаңа машиналардың енгізілуі және т. б. нәтижесінде енді арзанырақ өндірілетін өнім оның өз құнынан асып түсетін рыноктық құнына сатылған жағдайда болады. Жұмысшылардың қосымша еңбегінің бір бөлігі пайда ретінде емес, шамадан тыс жоғары пайда болып табылатын қосымша өнім ретінде көрінеді. Өнім массасының фабрикатты өзінің неғұрлым төмен құнына сатқан кезде капиталистке оның тұрақты капиталының есесін толтыру үшін қажет болған бөлігі,— осы бөлік енді ештеңенің есесін толтыруға тиіс болмағандықтан босайды; ол қосымша өнімге айналады да, осы себепті пайданы аса молайтады. [684]

\* \* \*

[688] {Әйтсе де, біз капиталистік өндірістің даму барысында пайда нормасының құлдырау заңы туралы айтқанда пайда деп бұл арада қосымша құнның бүкіл сомасын түсінеміз; оны кейін қарызға ақша беретін капиталиспен (қарыз процентін алушымен) және жер меншікшісімен (рента алушымен) қалай бөлісуге тура келсе де, бірінші кезекте өндіріске жұмсалған капитал неленіп алады. Демек, мұнда пайда нормасы =  $\frac{\text{қосымша құн}}{\text{авансыланған капитал}}$ . Пайда нормасы, оның осы түсінілуінде, құлдырауы мүмкін, дегенмен, мысалы, өнеркәсіптік пайда қарыз проценті жөнінде артады, немесе керісінше болады; нақ осы сияқты өнеркәсіптік пайдаға қатысты рента артатын не керісінше болғанымен, пайда нормасы құлдырай алады. Егер пайда =  $P$ , өнеркәсіптік пайда =  $P^1$ , қарыз проценті =  $Z$  және рента =  $R$  болса, онда  $P = P^1 + Z + R$ . Сондықтан  $P$  өзінің абсолют шамасы жөнінде қандай болса да,  $P^1$ ,  $Z$  және  $R$  бір-біріне қатысты  $P$ -нің шамасына қарамастан,  $P$ -нің артып не төмендеуіне қарамастан өсіп не төмендей беруі мүмкін.  $P^1$ ,  $Z$  және  $R$ -дің бір-бірі жөнінде артуы  $P$ -нің әр түрлі адамдар арасында әр түрлі бөлінуін ғана білдіреді.  $P$ -нің әр түрлі адамдар арасында басқаша бөлінуіне, алайда  $P$ -нің өзінің артып не төмендеуіне әсте де теңбе-тең емес осы бөлінуіне әкеліп соғатын жағдайларды одап әрі қарастыру бұл жерге емес, капиталдардың бәсекесіне талдау жасауға қатысты. Бірақ, егер  $R$  мынадай шамаға: тек  $P^1$  мен  $Z$ -ке ғана бөлінетін болса,  $P$ -нің өзінде болмайтын шамаға жете алатын болса, онда мұның өзі, ілгеріде көрсетілгеніндей, *сырт көрініс* болып табылады және мына жағдайдан туындайды: өнімнің бір бөлігі оның [рыноктық] құны

артқан кезде, — қайтадан тұрақты капиталға айналудың орнына, — босап шығады да, рентаға айналады.} [688]

\* \* \*

[684] Проблеманың жоғарыда баяндалған бүкіл түсіндірілуінде қымбаттаған (рыноктық құны жоңішеп) өнім *naturaliter*\* тұрақты капиталдың құрамына кірмейді, жалақыға ғана, өзгермелі капиталға ғана кіреді деп ұйғарылады. Егер қымбаттаған өнім тұрақты капиталға кірсе, онда, Рикардоның пікірінше, осының нәтижесінде пайда нормасы одан да көп төмендеп, рента одан да күштірек артар еді. Мұның өзін зерттеу қажет.

Осы кезге дейін біз тұрақты капиталдың құны, яғни жоғарыда келтірілген жағдайда 50 ф. ст., өнімнің құнымен есесі толуға тиіс деп ұйғардық. Демек, егер 1 тонна не 1 квартал 3 ф. ст. тұрса, онда, әлбетте көрсетілген құнның есесін толтыру үшін тонна не квартал не бары  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. қана тұрған жағдайдағыдан аз тонна не квартал керек болады т. б. Бірақ енді көмір не астық немесе жердің басқа бір өнімі — егіншілік капиталы өндіретін өнім — тұрақты капиталдың құралуына *naturaliter*, мәселен, жартылай кіреді деп ұйғарайық. Бұл жағдайда көмірдің не астықтың бағасы қандай болса да, [685] белгілі бір шамадағы, яғни жұмысшылардың белгілі бір саны қозғалысқа келтіретін тұрақты капитал өзінің есесі толуы үшін жиынтық өнімнің *in natura* алынған белгілі бір үлесін керек ететіні анық; өйткені егіншілік капиталының қорланған еңбек пен нақты еңбек массаларының арақатынасында білдірілетін құрылымы ұйғарымға сәйкес *өзгермеген күйі* қалады.

Егер, мәселен, тұрақты капитал жартылай көмір не астықтан, ал енді бір жартысы басқа товарлардан тұрса, онда 50 ф. ст. тұрақты капиталдан 25 ф. ст. басқа товарлардан және 25 ф. ст. [көмірден не астықтан], яғни тонна [көмір]  $1\frac{3}{5}$  (немесе  $\frac{8}{5}$ ) ф. ст. тұрғанда  $15\frac{5}{8}$  тоннадан [көмір] не кварталден [астық] құралады. Сондықтан тоннаның [көмір] не кварталдің [астық] рыноктық құны қалай өзгерсе де,  $16\frac{2}{3}$  жұмысшыға әрқашан 25 ф. ст. тұрақты капитал [басқа товарларда] плюс  $15\frac{5}{8}$  квартал [астық] не тонна [көмір] талап етіледі; өйткені тұрақты капиталдың заттық құрамы өзгермей қалады, сондай-ақ осы капиталды қозғалысқа келтіру үшін талап етілетін жұмысшылардың тиісті саны да өзгермеген күйі қалады.

Егер енді тоннаның [көмір] не кварталдің [астық] [рыноктық] құны *E* кестесіндегідей 3 ф. стерлингке дейін артатын болса, онда  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы үшін 25 ф. ст. +  $15\frac{5}{8} \times 3$  ф. ст. = 25 ф. ст. + 45 ф. ст. +  $15\frac{5}{8}$  ф. ст. =  $71\frac{7}{8}$  ф. ст. тұрақты капитал керек болар еді. Ал

\* — заттай түрінде. *Ред.*



$16\frac{2}{3}$  жұмысшы бұл арада 50 ф. стерлингке түсетіндіктен, бұл жағдайда жиынтық капиталдың жұмсалу керек болатын мөлшері  $71\frac{7}{8}$  ф. ст. + 50 ф. ст. =  $121\frac{7}{8}$  ф. ст. болар еді.

Табиғи құрылымы бірдей болғанда егіншілік капиталы өзінің құндық арақатынастары бойынша өзгерер еді.

Бізде (жұмысшылардың  $16\frac{2}{3}$  саны үшін)  $71\frac{7}{8} c + 50 v$  келіп шығар еді. 100 ф. ст. капиталдың құрылымы  $58\frac{38}{39} c + 41\frac{1}{39} v$  болар еді. Жұмысшылардың саны  $13\frac{79}{117}$  ( $13\frac{2}{3}$ -ден  $\frac{1}{117}$  артық) болар еді.  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы  $15\frac{5}{8}$  квартал не тонна тұрақты капиталды қозғалысқа келтіретіндіктен,  $13\frac{79}{117}$  жұмысшы құны  $38\frac{6}{13}$  ф. ст.  $12\frac{32}{39}$  тоннаны не кварталді қозғалысқа келтіреді. Ал тұрақты капиталдың  $20\frac{20}{39}$  ф. стерлингке тең қалған бөлігі басқа товарлардан тұрар еді. Барлық жағдайда да өнімнен әр кезде  $12\frac{32}{39}$  тоннаны не кварталді алып тастау, тұрақты капиталдың олар іп nature кіретін бөлігінің есесін толтыру үшін алып тастау қажет болар еді. 20 жұмысшы өндіретін құн 60 ф. ст. болғандықтан,  $13\frac{79}{117}$  жұмысшы өндіретін құн  $41\frac{1}{39}$  ф. ст. болар еді. Бірақ *E кестесінде*  $13\frac{79}{117}$  жұмысшыға арналған жалақы да  $41\frac{1}{39}$  ф. ст. болар еді. Сөйтіп, мұнда ешқандай қосымша құн жоқ.

Тонналардың жиынтық саны [бұл жағдайда *E кестесінің* III разрядында  $51\frac{11}{39}$  тонна <sup>115</sup> болар еді, мұның]  $12\frac{32}{39}$  тоннасы жаңадан ұдайы өндіріледі [тұрақты капиталдың олар заттай формада кіретін бөлігінің есесін толтыру үшін],  $13\frac{79}{117}$  тоннасы жұмысшыларға жалақыға кетеді және  $6\frac{98}{117}$  тоннасы тұрақты капиталдың басқа бөлігіне келеді (тоннасына 3 ф. стерлингтен). Бірге алынғанда бұл үш шама  $33\frac{1}{3}$  тонна болады. Рентаның үлесіне, демек,  $17\frac{37}{39}$  тонна қалады.

Есептеулерді ықшамдау мақсатында Рикардо үшін неғұрлым қолайлы шеткері жағдайды алайық, яғни нақ өзгермелі капитал секілді тұрақты капитал да бір ғана егіншілік өнімінен тұрады деп, бұл өнімнің құны I а разряды рынокта үстем болғандықтан, квартал не тоннасы 3 ф. стерлингке дейін артады деп ұйғарайық.

Капиталдың технологиялық құрылымы бұрынғы қалпында қалады, яғни өзгермелі капиталмен білдірілген нақты еңбек, — яғни жұмысшылардың саны (өзгермейтін қалыпты жұмыс күні ұйғарылғандықтан) мен жұмысшылардың белгілі бір саны тұсында керек болатын және енді, біздің ұйғарымымызға сәйкес, көмір тонналарынан немесе астық кварталдерінен тұратын *еңбек құралдарының массасы* арасындағы *арақатынас* өзгермеген күйінде қалады.

Тоннаның бағасы 2 ф. стерлингке тең болған кезде капиталдың  $60 c + 40 v$  бастапқы құрылымы тұсында  $40 v$  20 жұмысшыны немесе 20 квартал не тоннаны білдіргендіктен,  $60 c$  30 тоннаны білдірді; ал бұл 20 жұмысшы III разрядта 75 тонна өндіргендіктен,  $13\frac{1}{3}$  жұмысшы (тоннаның бағасы 3 ф. ст. болғанда  $40 v$   $13\frac{1}{3}$  тоннаға не  $13\frac{1}{3}$  жұмысшыға сәйкес келеді) 50 тонна өнді-

реді және  $60/3$ , яғни 20 тонна не квартал тұрақты капиталды [686] қозғалысқа келтіреді.

Одан әрі, 20 жұмысшы 60 ф. ст. құн өндіретіндіктен,  $13\frac{1}{3}$  жұмысшы 40 ф. ст. құн өндіреді.

Капиталист 20 тонна [тұрақты капитал] үшін 60 ф. ст. және  $13\frac{1}{3}$  жұмысшы үшін 40 ф. ст. төлеуге тиіс болғандықтан, ал бұл жұмысшылар 40 ф. ст. құн ғана өндіретіндіктен, өнімнің құны = 100 ф. ст.; шығындар да 100 ф. ст. болады. Қосымша құн мен пайда = 0.

Бірақ III разрядтың өнімділігі өзгермей қалғандықтан,  $13\frac{1}{3}$  жұмысшы, айтылғанындай, 50 тонна не квартал өндіреді. Алайда тоннаға немесе кварталге шаққанда заттай шығын  $33\frac{1}{3}$  тонна ғана: 20 тонна тұрақты капиталға және  $13\frac{1}{3}$  тонна жалақыға. Демек, III разрядта өндірілген 50 тоннада  $16\frac{2}{3}$  тонна қосымша өнім бар, осының өзі рента құрайды.

Бірақ осы  $16\frac{2}{3}$  тоннаның өзі не?

Өнімнің құны = 100 ф. ст., ал өнімнің өзі = 50 тонна болғандықтан, мұнда өндірілген тоннаның құны шын мәнінде  $100/50$ , яғни 2 ф. ст. болар еді. Және in natura өнім заттай формада капиталдың есесін толтыруға қажет болатыннан гөрі артық мөлшерде алынып тұрған кезде, тоннаның жекедей құны өндірістің осындай [кеміген] көлемінің өзінде оның рыноктық құнынан кем болуға тиіс.

Арендатор 20 тонна [тұрақты капиталдың] есесін толтыру үшін 60 ф. ст. жұмсауға тиіс. Ол осы 20 тоннаның әрқайсысын 3 ф. стерлингтен есептейді, өйткені оның рыноктық құны осындай және тонна осы бағамен сатылады. Нақ осы сияқты ол  $13\frac{1}{3}$  жұмысшыға төлеу үшін немесе жұмысшыларға беретін тонналарының не кварталдерінің мөлшерін өтеу үшін 40 ф. ст. жұмсауға тиіс. Сөйтіп, жұмысшылар тек  $13\frac{1}{3}$  тонна ғана алады.

Бірақ, шындығында, егер III разрядты алатын болсақ, 20 тонна 40 ф. ст. қана, ал  $13\frac{1}{3}$  тонна  $26\frac{2}{3}$  ф. ст. қана тұрады. Ал  $13\frac{1}{3}$  жұмысшы 40 ф. ст. құн өндіреді, демек  $13\frac{1}{3}$  ф. ст. қосымша құн жасайды. Тоннасын 2 ф. стерлингтен есептегенде бұл  $6\frac{4}{6}$  (немесе  $6\frac{2}{3}$ ) тонна болады.

Ал III разрядта 20 тонна [тұрақты капитал] 40 ф. ст. қана тұратындықтан, 10 тоннаға тең 20 ф. ст. артық қалады.

Сөйтіп, рента құрайтын  $16\frac{2}{3}$  тонна қосымша құнның рента-тасына айналған  $6\frac{2}{3}$  тоннаға және капиталдың рента-тасына айналған 10 тоннаға бөлінеді. Бірақ тоннаның рыноктық құны 3 ф. стерлингке дейін артуы нәтижесінде 20 тонна [тұрақты капитал] арендаторға 60 ф. стерлингке, ал  $13\frac{1}{3}$  тонна [жалақы] 40 ф. стерлингке тұрады, ал рыноктық құнның арендатор өнімінің [жеке-лей] құнынан артығы болып табылатын  $16\frac{2}{3}$  тонна 50 ф. стерлингте тең рента ретінде көрінеді.

$13\frac{1}{3}$  жұмысшы II разрядта қанша тонна береді? 20 жұмысшы

мұнда 65 тонна, демек  $13\frac{1}{3}$  жұмысшы  $43\frac{1}{3}$  тонна береді. Өнімнің құны, жоғарыдағыдай, 100 ф. ст. Бірақ  $43\frac{1}{3}$  тоннадан капиталдың есесін толтыру үшін  $33\frac{1}{3}$  тонна қажет. Қосымша өнім немесе рента ретінде  $43\frac{1}{3} - 33\frac{1}{3} = 10$  тонна қалады.

Бұл 10 тонна рента былайша түсіндіріледі:

II разрядта өнімнің құны 100 ф. ст., өнім  $43\frac{1}{3}$  тонна, демек, тоннаның құны  $= 2\frac{4}{13}$  ф. ст. Демек,  $13\frac{1}{3}$  жұмысшы  $30\frac{10}{13}$  ф. стерлингке түседі, және [ $13\frac{1}{3}$  тоннаның рыноктық құныш төлейтін 40 ф. стерлингтен] қосымша құн ретінде  $9\frac{3}{13}$  ф. ст. қалады. Одан әрі 20 тонна тұрақты капитал  $46\frac{2}{13}$  ф. стерлингке түседі де, олардың [рыноктық құнын] төлейтін 60 ф. стерлингтен  $13\frac{11}{13}$  ф. ст. қалады. Қосымша құнмен бірге  $23\frac{1}{13}$  ф. ст. шығады, мұның өзі 10 тоннаның [тоннасын  $2\frac{4}{13}$  ф. стерлингтен есептегенде] [шып мәніндегі] құнына сәйкес келеді де.

Тұрақты капитал мен жалақының есесін толтыру үшін  $33\frac{1}{3}$  тонна не квартал шып мәнінде қажет, яғни бүкіл жиынтық өнім қажет болатын Ia разрядында ғана іс жүзінде қосымша құн да, қосымша өнім де, пайда да, рента да жоқ. Істің жайы басқадай болып тұрғанға дейін, өнім капиталдың in natura есесін толтыру үшін қажет болатыннан артық алынып тұрған кезде, сол кезге дейін пайда (қосымша құн) мен капиталдың рентаға айналуы болып отырады. Бұл арада осы айнарудың болатын себебі — бұрын құн неғұрлым төмен болып тұрған кезде өнімнің капиталдың есесін толтыруға тиіс болған қайсыбір үлесі енді босайтындықтан немесе өнімнің капитал мен қосымша құнға айналуға тиіс болған бөлігінің рентаның үлесіне тиетіндігінен.

Бірақ сонымен бірге біз мынаны көреміз: тұрақты капиталдың қымбаттауы, егер ол егіншілік өнімдері қымбаттауының салдары болса, рентаны өте-өте төмендетеді. Мәселен, III және II разрядтардың рентасы 50 тоннадан [E кестесінде], — тоннаның рыноктық құны 3 ф. ст. болғанда бұл 150 ф. ст. болады —  $26\frac{2}{3}$  тоннаға дейін, яғни жартысына жуық төмендейді. Мұндай төмендеу сөзсіз, [687] өйткені сол 100 ф. ст. капитал қолданатын жұмысшылар саны мұнда екі себептен азаяды: біріншіден, жалақы артқандықтан, яғни өзгермелі капиталдың құны артқандықтан; екіншіден, өндіріс құрал-жабдықтарының, тұрақты капиталдың құны артқандықтан азаяды. Жалақының артуының өзінің салдары мынадай болады: 100 ф. стерлингке еңбек кемірек келеді, олай болса (тұрақты капиталға кіретін товарлардың құны өзгермеген тұста) тұрақты капитал да тиісінше кем келеді, сондықтан да осы 100 ф. стерлингтің бәрі жинақталған күйінде қорланған еңбектің және нақты еңбектің аз мөлшері болады. Бірақ, бұған қоса тұрақты капиталға кіретін товарлардың құнының артуы, қорланған еңбек пен нақты еңбектің арасындағы технологиялық арақатынас өзгермей қалатындықтан, мынаған әкеліп соғады: сол ақшаға енді қорланған еңбектің аз мөлшері, ал осыдан келіп нақты еңбектің

де аз мөлшері қолданыла алады. Ал жердің өнімділігі бірдей болғанда және капиталдың технологиялық құрылымы белгілі болған жағдайда жиынтық өнімнің мөлшері қолданылатын еңбектің мөлшеріне байланысты болғандықтан, соңғының кемуімен бірге рента да кемуге тиіс.

Мұның өзі *пайда* жоғалған кезде барып байқалады. Пайда әлі бар болып тұрған кезде, *барлық* разрядтарда өнімнің абсолютті түрде азайғанына қарамастан рентаның артуы мүмкін, мұны 681-беттегі кесте көрсетеді \*. Жалпы алғанда, бір ғана рента болған жағдайда, өнімнің азаюымен, демек, қосымша өнімнің де азаюымен бірге рентаның өзі де кемуге тиіс екендігі айқын. Егер өзгермелі капиталдың өсуімен бірге тұрақты капиталдың құны да артқан болса, мұның өзі әуел бастан-ақ тезірек болар еді.

Бірақ мұның сыртында да 681-беттегі кесте дифференциалдық рентаның өсуі әр кезде, егіншіліктің өнімділігі кеміген жағдайда, *сондай-ақ жердің жақсы разрядтарында* да белгілі бір шамадағы, мәселен, 100 ф. ст. авансыланған капиталға келетін жиынтық өнім массасының кемуімен қатарлас болатынын көрсетеді. Рикардоның бұл туралы ешқандай түсінігі жоқ. Пайда нормасы азаяды, өйткені сол бір шамадағы, мәселен, 100 ф. ст. капитал еңбектің бірден-бірге *кем мөлшерін* қозғалысқа келтіреді және бұл еңбекке қымбатырақ төлейді, демек, басы артық өнімді барған сайын кем қорландырады. Бірақ белгілі бір өнімділік тұсында шын мәнінде алынған өнімнің мөлшері, қосымша құн секілді, капитал қолданатын жұмысшылардың санына тәуелді. Мұны Рикардо естен шығарады, нақ осылай ол мына бір жағдайды да, рентаның қосымша құнды рентаға айналдыру арқылы ғана емес, капиталды қосымша құнға айналдыру арқылы да құралатынын естен шығарады. Әлбетте, капиталдың қосымша құнға бұл айналуы сырт көрініс қана. Егер рыноктық құн III разрядтағы және т. б. өнімнің құнымен анықталса, онда қосымша өнімнің әрбір бөлшегінде қосымша құн, қосымша еңбек көрінген болар еді. Одан әрі Рикардо әр кезде сонша мөлшердегі өнімді өндіру үшін көбірек еңбекті қолдану қажеттігін ғана есте ұстайды, бірақ ол пайда нормасын, сондай-ақ өндірілген өнім массасын анықтау үшін шешуші болып табылатын нәрсені, ал атап айтқанда капиталдың сол бір мөлшерінде нақты еңбектің үздіксіз кеми беретін мөлшері қолданылатынын, бұл еңбекте [кему бағыты болды дегенде] қажетті еңбекке бірден-бірге көп бөлік, қосымша еңбекке бірден-бірге аз бөлік келетінін естен шығарады.

Осының бәрі мынадай қорытындыға келтіреді: Рикардо, рентаны бір ғана дифференциалдық рента деп қарастырғанның өзінде, бұл мәселеде өзінен бұрынғылармен салыстырғанда алға қарай сәл де болсын қадам басқан жоқ. Де Квинсидің атап көрсет-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 474—475-беттер. Ред.

кеніндей, оның бұл саладағы едәуір еңбегі атап айтқанда мәселені *ғылыми* тұрғыдан тұжырымдауы болып табылады. Бірақ мәселені шешуге келгенде Рикардо өзінен бұрынғылардың көзқарасын қабылдайды. Де Квинси былай дейді:

«Жер рентасы туралы ілімге Рикардоның қосқан жаңалығы оны рента құн заңын шын мәнінде жоя ма деген мәселеге әкеліп сайғаны болды» (*The De Quincey. The Logic of Political Economy. Edinburgh and London, 1844, 158-бет*).

Одан әрі, сол шығарманың 163-бетінде Де Квинси былай дейді:

«Рента — бұл жердің (не өндірістің басқа қайсыбір факторының) өнімінің жер меншікшісіне жердің *дифференцияланған күштерін*, сол бір рынокта көрінетін осы тәрізді факторлардың күштерімен салыстыру арқылы олшенетін күштерін *пайдаланғаны* үшін төлепетін бөлігі».

Одан әрі, 176-бетте Де Квинси былай деп жазады:

«Рикардоға қарсы № 1 жердің меншікшілері оны тегін бермейді деп дау айтады. Бірақ ол *кезеңде* {осы бір *мифологиялық* кезеңде!} «№ 1 ғана өңделген уақытта *жер меншікшілері табынан өзгеше арендаторлар мен жалдаушылардың ерекше табы* әлі құрыла алмайтын еді».

[688] Сөйтіп, Де Квинсидің айтуынша, «жер меншігінің» бұл заңы сөздің қазіргі мағынасында *ешқандай жер* меншігі болмайтын кезге дейін ғана күші болады.

Енді Рикардодан келтірілген цитаттарға көшеміз.

#### [Г) ЕГІНШІЛІК ӨНІМДЕРІНЕ БАҒАНЫҢ АРТУЫМЕН БІР МЕЗГІЛДЕ ПАЙДА

#### НОРМАСЫ АРТУЫНЫҢ ТАРИХИ ИЛЛЮСТРАЦИЯСЫ.

#### ЕГІНШІЛІКТЕ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ӨСУ МҮМКІНДІКТЕРІ]

(Алдымен *дифференциалдық рента* туралы мынадай тағы бір ескертпе: шындық болмыста орлейтін және төмендейтін бағыттар бірінің орнына бірі келіп, бірімен-бірі тоғысып, астасып отырады.

Бірақ мұның өзі, егер жеке бір қысқа кезеңдерде (мәселен, 1797 жыл мен 1813 жылдың аралығы секілді) төмендеу бағыты бойындағы қозғалыс едәуір басым болса, онда *осы себептен* пайда нормасы құлдырауға тиіс (пайда нормасы қосымша құн нормасымен анықталатын шамада) дегенді есте білдірмейді. Мұның керісінше, мен 1797—1813 жылдардағы кезеңде Англияда бидайдың және жалпы егіншілік өнімдерінің бағасы өте-мөте артқанына қарамастан, пайда нормасы ерекше артты деп ойлаймын. Айтылмыш кезеңде пайда нормасы артты деген пікірге қосылмайтын бірде-бір ағылшын статистигін мен білмеймін. Кейбір экономистер, мысалы Чалмерс, Блейк және басқалары өздерінің теория-

ларын дәлелдеу үшін осы фактіге сілтеме жасады. Мен алдын ала тағы да былай деп ескертуге тиіспін: бидайдың бағасының осы кезеңнің бойында артуын ақшаның құнсыздануынан болды деп түсіндіруге тырысу мүлдем қисынсыз. Осы кезеңдегі товар бағаларының тарихын зерттеген бірде-бір адам мұндай көзқарасқа қосыла алмайды. Мұның үстіне бағалар ақшаның қандай да бір құнсыздануынан көп бұрын өсе бастайды және олардың бұл өсуі едәуір биіктейді. Ол басталған кезден былай бағадан әншейін тиісінше шегеріп отыру керек болады. Егер астықтың бағасының артуына қарамастан, пайда нормасының артуы неліктен деп сұрасақ, мұны мына жағдайлардан деп түсіндіруге болады: жұмыс күнінің ұзаруынан, бұл жаңа машиналарды енгізудің тікелей салдары болып табылады; жұмысшылардың тұтынуына кіретін фабрикалық және отарлық товарлардың арзандауынан; жалақының (номиналдық жалақы артқанмен де) өзінің әдеттегі орташа деңгейінен төмен құлдырауынан {бұл факт қарастырылып отырған кезең үшін жалпы жұрт мойындаған факт; Рикардоның жер рентасы туралы теориясын жалпы алғанда қабылдайтын *Н. Дж. Стерлинг* («The Philosophy of Trade» etc., Edinburgh, 1846), осыған қарамастан астықтың үнемі (яғни көздейсоқ егін шықпай қалудан болмайтын) қымбаттауының тікелей салдары әр кезде орташа жалақының төмендеуі болады деп дәлелдеуге тырысады<sup>116</sup>}; ақырында, пайда нормасының артуы мынадан да болды: заемдар мен мемлекеттік шығындардың салдарынан капиталға сұраным олардың ұсынымнан да гөрі өте-мөте артты, ал мұның өзі товарлардың номиналдық бағасын арттырды, осының арқасында фабриканттар жер рентасын сыпырып алатындардан неғұнбау тиынақты кіріс алатын басқа адамдардан өнімнің рента ретінде төленген үлесінің бір бөлігін және т. б. қайта тартып алады. Бұл тәрізді операциялар біздің зерттейтін пәнімізге қатысты емес, мұнда біз негізгі қатынастарды қарастырамыз, демек, үш тапты ғана — жер меншікшілерін, капиталистер мен жұмысшыларды ғана аламыз. Алайда бұл операциялар — тиісті жағдайлар тұсында — практикада елеулі роль атқарады, мұны *Блейк* көрсетіп берді<sup>117</sup>.) [688]

\* \* \*

[689] {Брайтоннан *Халлетт* мырза 1862 жылғы көрмеде<sup>118</sup> «асыл тұқымдық бидай» көрсетті. «Халлетт мырза былай дейді: дөңді дақылдың масағы, бөйге аты секілді мұқият күтіп-баптауды керек етеді, сойтсе де оны табиғи сұрынталу теориясын ескерместен, әдетте, қалай болса солай өсіреді. Жақсы күтім бидайдың өзін не істейтінін көрсету үшін тамаша бір мысалдар келтіріледі. 1857 жылы Халлетт мырза ұзындығы  $4\frac{3}{8}$  дюйм және 47 дәні бар өте-мөте сапалы қызыл бидайдың бір масағын өккен. Халлетт мырза алған шағын өнімінен 1858 жылы қайтадан ұзындығы  $6\frac{1}{2}$  дюйм және 79 дәні бар ең жақсы бір масақты таңдап алған; мұны 1859 жылы ұзындығы  $7\frac{3}{4}$  дюйм және 91 дәні бар ең жақсы бір масақпен қайталаған. Келесі 1860 жыл агрономиялық-мәдениет жөнінен қолайсыз жыл болып.

бидайдың масақтары жақсырақ та, артық та болмаған; бірақ бір жылдан кейін 1861 жылы ең жақсы масақтың ұзындығы  $8\frac{3}{4}$  дюйм болып, бір сабақта 123 дән шыққан. Сөйтіп, бес жылда бидай масағының ұзындығы екі есе артып, дән саны үш есе дерлік көбейген. Бұл нәтижелерге Халлетт мырза бидай өсірудің «табиғи жүйесі» деп атаған жүйенің арқасында жетті, яғни әрбір дән толық дамуына жеткілікті орын болатындай бір-бірінен жан-жағынан 9 дюймдей қашықтықта егілген... Халлетт мырза егер «асыл тұқымды бидай» ексе және өсірудің «табиғи жүйесі» қолданса, Англияда астық өндіруді екі есе арттыруға болар еді дейді. Ол әрбір шаршы фут жерге бір ғана дәннен тиісті уақытында егілген жекелеген дәндерден орта есеппен 23 масақтан, әрбір масақта шамамен 36 дәні бар өсімдіктер алдым деп мәлімдейді. Осыған сәйкес бір акр жердің өнімі, дәлме-дәл есеп бойынша, 1 001 880 масақ болған, ал әдеттегі әдіспен егілген, тұқым жиырмадан астам есе артық себілген бір акр жер 934 120 бидай масағын яғни 67 760 масақ кем береді...»}

(д) РИКАРДОДА ПАЙДА НОРМАСЫ ҚҰЛДЫРАУЫНЫҢ  
БАЯНДАЛУЫ ЖӘНЕ МҰНЫҢ ОНЫҢ РЕНТА  
ТЕОРИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ]

[Пайда нормасының құлдырауы Рикардода былай дәлелденеді:]

«Қоғамның прогресімен бірге еңбектің табиғи бағасының әрқашан арту тенденциясы бар, өйткені еңбектің табиғи бағасын реттейтін басты товарлардың бірінің оны өндірудің өскелең қиындығы салдарынан қымбаттай түсу тенденциясы бар. Алайда егіншіліктегі жақсартулар және азық-түлік тасып әкелуге болатын жаңа рыноктардың ашылуы біраз уақыт бойы қажеттілік заттарының бағасы арту тенденциясына қарсы әрекет ете алатындықтан және тіпті олардың табиғи бағасын төмендете алатындықтан, нақ осы себептер еңбектің табиғи бағасына да тиісінше әсер ететін болады.

Шикі өнімдер мен еңбектен басқа товарлардың бәрінің табиғи бағасының байлық өсіп, халықтың көбеюіне орай төмендеу тенденциясы бар; өйткені, бір жағынан, өздері жасалатын шикізаттың табиғи бағасының артуы салдарынан бұл товарлардың шын мәніндегі құны артса да, бірақ бұл арту машиналардың жақсаруымен, еңбектің жақсы бөлінуі және бөлінісімен, өндірушілердің ғылымда және қолонерде өскелең кемелденуімен одан да гөрі теңестіріліп отырады» (цитат алынған шығарма, 86—87-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 85—86-бет].

«Халықтың көбеюіне орай қажетті заттардың бағасы үнемі артатын болады, өйткені оларды өндіру үшін еңбек көбірек керек болады... Сондықтан жұмысшылардың ақшалай жалақысы кемімейді, қайта артатын болады, бірақ артқанда жұмысшының бұл товарлардың бағасы артқанға дейін қанша сатып алса, сонша мөлшерде молшылық және қажеттілік заттарын сатып алуына мүмкіндігі болуға жетерліктей шамада артпайды... Жұмысшыға шын мәнінде нашар төленгеніне қарамастан, дегенмен оның жалақысының бұл өсуі фабриканттың пайдасын қалайда кемітер еді, өйткені соңғы өз товарларын онша жоғары емес бағамен сатар еді, ал оларды өндіру шығыны артар еді...

Сөйтіп, рентаны арттыратын себептің нақ өзі, атап айтқанда пропорциялы нақ сондай еңбек мөлшерінің көмегімен тамақ өнімдерін қосымша өндірудің өскелең қиыншылығы жалақыны да арттырады екен. Ал осы себептен, ақшаның құны өзгермеген кезде, рентаның да, жалақының да байлықтың артып, халықтың көбеюіне орай арту тенденциясы болады.

Бірақ рентаның өсуі мен жалақының өсуі арасында елеулі айырмашы-

лық бар. Рентаның ақшалай құнының артуы [690] оның өнімдегі үлесінің артуымен бірге болады: жер меншікшісінің ақшалай рентасы ғана емес, оның астықта бейнеленетін рентасы да молаяды... Жұмысшының тағдырына тиер бақыт кемірек: рас, ол ақшаға шаққанда неғұрлым көп жалақы алатын болады, бірақ астыққа шаққанда оның жалақысы кемиді; сондықтан оның қолында енді астықтың аз мөлшері болып қана қоймай, оның жалпы жағдайы да нашарлайды, өйткені оған жалақының рыноктық нормасын оның табиғи нормасынан жоғары ұстау қиындық болады» (цитат алынған шығарма, 96—98-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 91—92-беттер].

«Егер астық пен өнеркәсіп товарлары әр кезде сол бір бағаға сатылады деп ұйғарсақ, онда жалақының төмен не жоғары болуына тәуелді пайда жоғары не төмен болады. Бірақ астықты өндіру үшін бірден-бір көбірек еңбек керек болғандықтан, оның бағасы артты деп ұйғарайық; бұл себеп өндіру үшін қосымша мөлшерде еңбек керек болмайтын өнеркәсіп товарларының бағасын арттырмайды... Егер астықтың бағасының артуымен бірге жалақы артса,— ал бұл болмай қоймайды,— онда олардың [фабриканттардың] пайдасы кемімей қоймайды» (цитат алынған шығарма, 108-бет) [Орысша аудармасы, I том, 98-бет].

«Бірақ фермер жалақы ретінде қосымша сома төлеуге тиіс болса да, ең болмағанда бұрынғы пайда нормасын алатын болмай ма деп сұрауы мүмкін. Әрине, алмайды: өйткені оған өзінде жұмыс істейтін әрбір жұмысшыға неғұрлым жоғары жалақы төлеуге (фабриканттың осылай істеуіне тура келетіні сияқты) тура келіп қана қоймай, рента төлеуіне немесе сол мөлшерде өнім алу үшін жұмысшылардың қосымша санын қолдануына да тура келеді. Ал шикі өнімдер бағасының артуы осы рентаға не жұмысшылардың осы қосымша санына сәйкес келетін ғана болады да, ол фермерге жалақының артуының есесін толтырмайды» (цитат алынған шығарма, 108-бет) [Орысша аудармасы, I том, 99-бет].

«Біз қоғамдық дамудың ертеректегі сатыларында жер өнімінің құнындағы жер меншікшісінің үлесі де, жұмысшының үлесі де көп болмағанын және оның қоғам байлығының артуы мен азық-түлік өндірудің қиындығына пропорциялы тұрғыда артатынын көрсеттік» (109-бет) [Орысша аудармасы, I том, 99-бет].

Бұл — «қоғамдық дамудың ертеректегі сатылары» жөніндегі оғаш буржуазиялық қиял. Бұл ертеректегі сатыларда қызметкер не құл, не өз еңбегімен күнелтетін шаруа және т. б. болды. Бірінші жағдайда ол жермен бірге жер меншікшісіне тиесілі; екіншісінде — ол өзі үшін жер меншікшісі де. Екі жағдайда да жер меншікшісі мен село жұмысшысы арасында тұратын капиталист жоқ. Капиталистік өндірістің соңғы нәтижесі ғана болатын жайды — оған егіншіліктің бағынуын, осыдан келіп құлдардың не шаруалардың жалдама жұмысшыларға айналуын және жер меншікшісі мен жұмысшының арасына капиталистің қыстырылуын, — осының бәрін Рикардо «қоғамдық дамудың ертеректегі сатыларына» тән бір құбылыс ретінде түсінеді.

«Сонымен, пайданың құлдырайтын табиғи тенденциясы бар, өйткені қоғам мен байлықтың осуымен бірге азық-түлік заттарының керек болатын қосымша мөлшерін өндіру үшін еңбекті барған сайын көбірек жұмсауға тура келеді. Бағымызға қарай, пайданың осы тенденциясы, былайша айтқанда, осы беталысы қажеттілік заттарын өндіруде қолданылатын машиналарды жақсартулармен, сондай-ақ бұрын керек болғанынан гөрі аз еңбек мөлшерін жұмсауға және осы арқылы жұмысшы үшін бірінші қажеттілік



заттарының бағасын төмендетуге мүмкіндік беретін агрономиялық ғылым-дағы жаңалықтармен мезгіл-мезгіл тежеліп отырады» (цитат алынған шығарма, 120—121-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 106-бет].

Рикардоның келесі сөйлемі оның *пайда нормасы* деп қосымша құн нормасын түсінетінін тура көрсетеді:

«Көбірек құн өндірілгенімен де, оның есесіне осы құннан рентаны төлегеннен кейін қалатынның көбірек үлесін де өндірушілер тұтынады, ал пайданың мөлшерін анықтайтынның өзі де осы, тек қана осы» (цитат алынған шығарма, 127-бет) [Орысша аудармасы, I том, 110-бет].

Мұның мәнісі: егер рентаны былай қалдырсақ, пайда нормасы товар құнының осы товарды өндіру кезеңінде төленген еңбектің құнынан артығына немесе товар құнының өндірушілер тұтынатын бөлігінен артығына тең деген сөз. Бұл арада Рикардо өндірушілер деп жұмысшыларды ғана атайды<sup>119</sup>. Ол өндірілген құнды солардың өндіргені деп қабылдайды. Демек, бұл арада ол қосымша құнды жұмысшылардың өздері өндірген құнның олар капиталист үшін өндіретін бөлігі деп анықтайды\*.

Бірақ егер Рикардо қосымша құн нормасын пайда нормасымен теңестірсе және ол мұнымен бірге жұмыс күнінің ұзақтығы күні бұрын берілген деп ұйғарса,— ал ол осылай ұйғарады да,— онда пайда нормасының құлдырау тенденциясын қосымша құн нормасын құлдырататын себептермен ғана түсіндіруге болады. Қосымша құн нормасының құлдырауы — жұмыс күнінің берілген шамасында — жалақы нормасы барлық уақытта артқан жағдайда ғана мүмкін. Ал мұның өзі қажеттілік заттарының құны барлық уақытта артуы жағдайында бола алады, өз кезегінде бұл егіншіліктегі өндіріс жағдайлары үздіксіз нашарлағанда ғана, яғни Рикардоның жер рентасы теориясы дұрыс деп ұйғарғанда ғана мүмкін болады. Рикардо қосымша құн нормасы мен пайда нормасын теңестіретіндіктен [691] және қосымша құн нормасы жалақыға жұмсалатын өзгермелі капиталға қатысы жоюымен ғана есептелетіндіктен, Рикардо, А. Смит секілді, *бүкіл өнімнің құны* — рента алынғаннан кейін — жұмысшы мен капиталист арасында бөлінеді, яғни жалақы мен пайдаға бөлінеді деп ұйғарады. Басқаша айтқанда, Рикардо бүкіл авансыланған капитал бейне тек өзгермелі капиталдан ғана тұрады деген қате ұйғарым жасайды. Мәселен, жоғарыда цитат келтірілген тұстан кейін ол былай деп жалғастырады:

\* [691] Қосымша құнның шығуына қатысты Рикардо былай дейді: «Ақша формасында... капитал ешқандай пайда өндірмейді; оны айырбастауға болатын материалдар, машиналар мен азық-түлік формасында ол кіріс өндіреді» (цитат алынған шығарма, 267-бет) [Орысша аудармасы, I том, 193—194-беттер]. «Бағалы қағаздар иесінің капиталы [692] ешқашан өндіргіш болуы мүмкін емес — бұл шын мәнінде әсте де капитал емес. Егер бағалы қағаздардың иесі оларды сатып, оған алған капиталын өндіргіш етіп тұтынғысы келсе, оның бағалы қағаздарын сатып алушының капиталын қайсыбір өндіргіш тұтынуудан өнетіп қана осылай істей алар еді» (289-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, I том, 207-бет]. [692]

«Өңдеуге нашар жер түсетін немесе ескі жерде кем нәтижемен капитал мен еңбектің қосымша мөлшері жұмсалатын кезде жоғарыда көрсетілген салдар үнемі болады: өнімнің рента төленгеннен кейін қалатын және капиталдың меншікшілері мен жұмысшылардың арасында бөлінуге тиісті үлесінің неғұрлым едәуір бөлігі соңғыларға тиеді» (цитат алынған шығарма, 127—128-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 110-бет].

Осыдан кейін тікелей Рикардо былай деп жалғастырады:

«Әрбір жұмысшының өнімнің кем абсолютті мөлшерін алуы мүмкін және тіпті ықтимал; бірақ фермер ұстап қалатын бүкіл өнімге көбірек жұмысшы жұмыс істейтін болғандықтан, жалақы бүкіл өнімнің неғұрлым едәуір үлесінің құнын жұтатын болады, демек, пайданы төлеуге өнімнің неғұрлым кем үлесінің құны кетеді» (128-бет) [Орысша аудармасы, I том, 110-бет].

Ал біраз жоғарыда Рикардо былай деп жазады:

«Жер өнімінің жер меншікшісі мен жұмысшыға төлем төленгеннен кейін қалатын мөлшері қажетті түрде фермерге тиесілі және *оның капиталына келетін пайданы құрайды*» (110-бет) [Орысша аудармасы, I том, 99—100-беттер].

«*Пайда туралы*» бөлімнің (6-шы тарау) соңында Рикардо былай дейді: пайда нормасының құлдырауына оның жасаған талдауы тіпті *товарлардың бағасы* жұмысшылардың ақшалай жалақысының артуымен бірге артады деген ұйғарым — қате ұйғарым — жасалғанның өзінде дұрыс болып қала береді дейді:

«Жалақы туралы тарауда біз *товарлардың ақшалай бағасы жалақы артқан кезде артпайды* деп көрсетуге тырыстық... Бірақ тіпті істің жайы басқаша болса да, тіпті жоғары жалақы товарлық бағаларды үнемі арттыратын болса да, жоғары жалақы жалдама еңбекті қолданатындарға қалай да әсер етеді, мұның өзі оларды шын мәніндегі пайдасының бір бөлігінен айырады деген пайымдау қалай болғанда да дұрыс болып қала берер еді. Қалпақшы, шұлықшы және етікші әрқайсысы өз товарларының белгілі бір мөлшерін өндіргенде жалақыны 10 ф. ст. артық төледі деп және қалпақ, шұлық және башмақтардың бағасы бұлардың әрқайсысына осы 10 ф. стерлингтің есесін толтыруға жететіндей сомаға көтерілді деп ұйғарайық. Бұл орайда *олардың жағдайы товар бағаларының бұлай артуы болмаған кездегіден жақсы болмас еді*. Егер шұлықшы өз шұлықтарын 100-дің орнына 110 ф. стерлингке сатса, онда оның пайдасы бұрынғы ақша сомасына дәлме-дәл тең болар еді; бірақ осы бірдей ақша сомасына айырбасқа ол қалпақтар, башмақтар және басқа әр түрлі товарлардың оннан бірін кем алатын болғандықтан және *өз қаржыларының бұрынғы мөлшерінде*» (яғни сол капитал тұсында) «*ол жалақының артуы себепті азырақ жұмысшыларды қолдана алатын және бағаларының артуы себепті шикі материалдарды кем сатып ала алатындықтан, ол өзінің ақшалай пайдасының жалпы сомасы шын мәнінде кеміген, ал барлық өнеркәсіп товарларының бағалары өзгермей қалғандағыдан тәуір жағдайда болмас еді*» (129-бет) [Орысша аудармасы, I том, 111-бет].

Басқа жерлерінде өзінің дәлелдемесінде нашар жерде *өнімнің сол бір мөлшерін* өндіру үшін *жұмысшылардың көбірек санына* ақы төлеуге тура келетінін ғана әр кезде атап көрсетіп отырған

Рикардо, бұл арада, ақыр аяғында, пайда нормасы үшін шешуші маңызы бар жағдайды, атап айтқанда, капиталдың сол бір сомасында *жалақының артуы себепті жұмысшылар аз қолданылатынын* алға қояды. Басқасында оныкі онша дұрыс емес. Егер қалпақтардың және т. б. бағасы 10 процент артса, онда капиталистің жағдайы өзгермейді, бірақ жер меншікшісі бұл товарлардың бәрін сатып алғанда өз рентасынан көбірек сома беруге мәжбүр болар еді. Мәселен, оның рентасы 10 ғ. стерлингтен 20-ға дейін артар еді. Бірақ осы 20 ғ. стерлингке ол қалпақтардың және т. б. санын бұрын 10 ғ. стерлингке алғандағысынан пропорциялы түрде кем алады.

Рикардо былай деп әбден дұрыс айтады:

«Қоғамның прогресті жағдайында жердің таза өнімі оның жалпы өніміне қатысты үнемі кемиді» (198-бет) [Орысша аудармасы, I том, 150-бет].

Бұл қағидаңыз Рикардодан қоғамның прогресті жағдайында рента артпайды деген мәні бар. Шын мәніндегі себеп [жалпы өнімге қатысты таза өнімнің кему себебі] қоғамның прогресті жағдайында өзгермелі капитал тұрақты капиталға қатысты кеміп отырады. [691]

[692] Өндірістің прогресіне орай тұрақты капитал өзгермелі капиталға қатысты артатынын, мұны Рикардоның өзі де мойындайды, бірақ негізгі капиталдың айналмалы капиталға қатысты артуы формасында ғана мойындайды:

«Машиналарға көп капитал жұмсалған бай да қуатты елдерде сауда мен өнеркәсіптегі кенет өзгерістер *пропорциялы тұрғыдан алғанда негізгі капитал анағұрлым аз және айналмалы капиталы анағұрлым көп, демек, жұмыстың неғұрлым едәуір бөлігі адамның еңбегімен атқарылатын неғұрлым кедей елдердегіден көп апатқа ұшыратады. Өзі жұмсалған саладан айналмалы капиталды шығарып алу негізгі капиталды шығарып алудағыдай онша қиын емес. Өнеркәсіптің бір саласы үшін жасалған машиналар басқа салаға бейімдеуге көбіне мүлдем келмейді; керісінше, киім, тамақ және бір саладағы жұмысшының тұрғын үйі басқа салада да жұмысшының өмір тіршілігіне жарай алады*»

(демек, бұл арада айналмалы капитал дегенде жалақыға жұмсалатын өзгермелі капитал ғана түсініледі),

«немесе сол жұмысшының өзі сол тамақты, киім мен тұрғын үйді өзінің кәсібін өзгертсе де ала алады. Алайда бұл бай ұлттың көнуге тиіс болатын кеселі; сондықтан оған шағыну, егер бай көпес теңізде менің кемеме қауіп-қатердің бәрі төнеді, ал кедей көршімнің лашығына келетін мұндай қатер-қауіп жоқ деп назаланатын болса, нақ сондай парасатсыздық болар еді» (цитат алынған шығарма, 311-бет) [Орысша аудармасы, I том, 220-бет].

Рентаның артуының егіншілік өнімдері бағасының артуына мүлдем тәуелсіз осындай себебін Рикардоның өзі көрсетеді: -

«Жерге бекітілген капитал атаулы аренда мерзімі аяқталғаннан кейін арендаторға емес, *жер меншікшісіне* тиесілі бірдеңеге айналмай қоймайды.

Жерді қайтадан арендаға бергенде жер меншікшісінің осы капитал үшін ала алатын ақысының бәрі *рента формасын алады*; бірақ егер белгілі бір елдің өз ішінде осы жерде өсіруге болатыннан гөрі артық мөлшердегі астықты белгілі шамадағы капиталдың көмегімен шет елден алу мүмкін болса, ешкім де рента төлмеген болар еді» (цитат алынған шығарма, 315-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, I том, 223-бет].

Нақ соның өзі туралы Рикардо былай дейді:

«Осы шығарманың мұның алдындағы бөлімдерінің бірінде мен осы сөздің өз мағыласындағы рентамен жер меншікшісінің өз капиталын жұмсау арқылы арендаторға жасап берген қайсыбір тиімді жағдайлар үшін жер меншікшісіне осы атпен төленетін ақы арасындағы айырманы атап айттым. Бірақ мен осы капиталды жұмсаудың әр түрлі әдістерінен туындайтын айырманы жетерліктей айқын көрсетпеген болармын. Бұл капиталдың бір жолы ферманы жақсартуға жұмсалған бөлігі жермен ажырамастай бірігіп, оның өндіргіш күштерін арттыруға жеткізетіндіктен, *жер меншікшісіне жерді пайдаланғаны үшін төленетін ақыда рентаның сипаты толық болады және рентаның барлық заңдарына бағынады*. Жақсарту жер меншікшісінің не арендатордың есебінен жасалса да, ол екі жағдайда да жақсартылған жерден түсетін кіріс шамасы бірдей басқа кез келген капиталды жұмсағанда алынуы мүмкін *пайдаға* кем дегенде тең болатыны барынша ықтимал болмаса, әуел баста жасалмас еді. Бірақ бұл жақсарту жасалған екен, онда жақсартылған жерден *будан әрі* алынатын кірістің енді *толық рента сипаты болады да*, рента ұшырайтын барлық өзгерістерге бағынатын болады. Алайда бұл шығындардың қайсыбірі жерді шектеулі кезеңге ғана жақсартады да, оның өндіргіш күштерінің ұзақ уақыт артуына жеткізбейді: мәселен, олар үйлер салуға немесе басқа да өткінші сипаттағы жақсартуларға жұмсалса, онда оларды үнемі жаңғыртып отыру қажет, осы себепті олар жер меншікшісіне оның шын мәніндегі рентасына қайсыбір тұрақты қосымша бермейді» (306-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, I том, 216—217-беттер].

Рикардо былай дейді:

«Ел-елдің бәрінде және барлық уақыттарда *пайда* жұмысшыларды ешқандай рента бермейтін жерде не осындай капиталмен өндірілетін қажетті заттармен жабдықтау үшін қажет еңбектің мөлшеріне *тәуелді*» (128-бет) [Орысша аудармасы, I том, 110-бет].

Бұл көзқарасқа сәйкес, Рикардоның айтуында, рента төлемейтін жердегі, яғни ең нашар жердегі арендатордың пайдасы жалпы пайда нормасын реттеп отырар еді. Рикардоның пайымдау барысы мынадай: ең нашар жердің өнімі өз *құнына* сатылады да, ешқандай рента келтірмейді; демек, мұнда өнім құнының жұмысшы үшін эквивалент қана болып табылатын бөлігін алып тастағаннан кейін капиталистке қанша қосымша құн қалатыны айқын көрінеді; ал осы қосымша құнның өзі пайда. Бұл пайымдаудың негізіне шығындардың бағасы мен құн теңбе-тең деген, белгілі бір өнім *шығындардың* бағасына сатылатындықтан, ол *құны* бойынша сатылады деген алғы шарт алынған.

Бұл тарихи және теориялық жағынан дұрыс емес. Капиталистік өндіріс пен жер меншігі бар жерде ең нашар разрядтағы жердің не шахтаның рента бермеуі бұл жағдайда оның өнімі (оны

өздері реттемейтін) рыноктық құнына сатқан кезде *өзінің* [жеке-лей] құнынан төмен сатылуы себепті ғана болатынын мен көрсеттім \*. Өйткені өнімнің рыноктық құны бұл арада тек оның нақ сол шығындарының бағасын ғана жабады. Бірақ осы шығындардың бағасы немен реттеледі? *Егіншілік емес капиталдың* пайда нормасымен реттеледі, мұның анықтамасына, әрине, астықтың бағасы да кіреді, бірақ бұл соңғы туралы пайда нормасын жалғыз осы ғана анықтайды деуге әсте болмайды. Рикардоның пайымдауы құндар мен шығындардың бағалары теңбе-тең болған жағдайда ғана дұрыс болар еді. [693] Тарихи тұрғыдан да — капиталистік өндірістік егіншілікте өнеркәсіптегіден кейінірек пайда болатынына байланысты, — егіншіліктегі пайда өнеркәсіптегі пайдамен анықталады, керісінше емес. Рента емес, пайда келтіретін және өз өнімін шығындардың бағасы бойынша сататын ең пашар жерде пайданың орташа нормасы көрінеді, айқын көрінеді деген ғана дұрыс, бірақ орташа пайда сонымен *реттеледі* деген әсте дұрыс емес, мұның мәнісі мүлдем басқа бірдеңе болар еді.

*Пайда нормасы процент нормасы мен рента нормасы* артпайынша да төмендеуі мүмкін.

«Капиталға келетін пайдаға біз жасаған талдаудан, *егер жалақының артуы туғызатын қайсыбір тұрақты себеп жоқ болса, капиталдың ешқандай қорлануы пайданы\*\* үнемі кеміте алмайтыны* айқын көрінеді... Егер жұмысшылар тұтынатын қажеттілік заттарының мөлшерін әр уақытта бірдей оңай арттыруға болса, капиталдың қорлануы қандай мөлшерге жетсе де, *пайда нормасының немесе жалақының»* (қосымша құн нормасы мен еңбек құнының деу керек еді) *тұрақты өзгерулері* де болмаған болар еді. Алайда *Адам Смит пайданың құлдырауын қашанда капиталдың қорлануы мен осыдан пайда болатын бәсеке есебіне жатқызады*, бұл орайда қосымша капитал қолданатын жұмысшылардың қосымша саны үшін азық-түлік өндірудің оскелең қиыншылығына ешқашан назар аудармайды» (цитат алынған шығарма, 338—339-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 238-бет].

Мұның барлығы пайда қосымша құнға теңбе-тең болған жағдайда ғана дұрыс болар еді.

Сөйтіп, А. Смит капиталдың қорлануына орай капиталистердің арасында бәсекенің өсуі салдарынан пайда нормасы төмендейді дейді; Рикардо болса, пайда нормасы төмендегенде егіншілікте өндіріс жағдайларының нашарлай түсуі (қажетті заттардың қымбаттауы) салдарынан төмендейді дейді. Біз оның қосымша құн нормасы мен пайда нормасы теңбе-тең, яғни пайда нормасы жалақы нормасының артуы салдарынан ғана төмендеуі мүмкін (жұмыс күнін өзгермейді деп ұйғарғанда) жағдайда ғана дұрыс болатын көзқарасын бекерге шығардық. Смиттің көзқарасы оның құнды (құнды қате түсінген және оның өзі теріске шығар-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 304-бет. Ред.

\*\* *Пайда* дегенде Рикардо бұл арада әсте де түгелдей қосымша құнды емес, қосымша құнның капиталист өзіне алып алатын бөлігін түсінеді. Қосымша құн капиталдың қорлануы нәтижесінде төмендейді деген пайымдау қаншалық дұрыс болмаса, бұл пайда [нормасына] қатысты соншалық дұрыс.

ған ұғымда) жалақының, пайда мен рентаның қосындысы деп қарауға негіздеген. Оның пікірінше, капиталдардың қорлануы *қалай болса солай белгіленген*, өзі үшін ешқандай имманенттік өлшемі жоқ пайдаларды товарлардың бағасын кеміту арқылы төмендетуге мәжбүр етеді; бұл көзқарасқа сәйкес товарлардың бағасына қатысы жөнінен пайда таза номиналдық үстеме құрайды.

Смитке қарсы капиталдардың қорлануы товарлардың құнын анықтауға өзгеріс енгізбейді деген дәлел келтіргенде Рикардоныкі, әлбетте, теориялық тұрғыдан дұрыс; бірақ елде *артық өндіру* бейне мүмкін емес деп көрсетіп Смиттің айтқанын теріске шығаруға тырысқанда Рикардо қатты қателеседі. Рикардо капиталдың шамадан тыс көп болу мүмкіндігін бекерге шығарады; ал мұны мойындау одан кейінгі кезеңде ағылшын саяси экономиясында баршаның қабылдаған аксиомасы ретінде орнықты.

Біріншіден, Рикардо бір-біріне екі жақ — капиталист пен жұмысшылар ғана емес, сонымен қатар [өнеркәсіп] капиталисі, жұмысшы, жер мөншікшісі, ақшалы капиталист, мемлекеттен тіркелген кіріс алушылар және тағы басқа қарама-қарсы тұратын шындық болмыста — мұндай жағдайларда екеуіне де, өнеркәсіп капиталисіне де, жұмысшыға да соққы болып тиетін товар бағасының төмендеуі өзге таптар үшін тиімді болып шығатынын естен шығарып алады.

Екіншіден, Рикардо капиталистік өндірістің әсте де қалай болса солай белгіленетін көлемде жүргізілмейтінін, бірақ ол неғұрлым дамыған сайын тікелей сұраныммен ешқандай байланыста болмайтын, дүние жүзілік рыноктың үздіксіз ұлғаюына тәуелді болатын мөлшерде өндіруге барған сайын зор дәрежеде мәжбүр болатынын естен шығарады. Рикардо Сәйдің капиталист пайда үшін емес, қосымша құн үшін емес, тікелей тұтыну үшін, тұтыну құны үшін, — өзінің тұтынуы үшін өндіреді деген қисынсыз алғы шартын қолданады. Рикардо товардың ақшаға айналдырылуға тиіс екенін естен шығарады. Жұмысшылар тарапынан сұраным жеткіліксіз, өйткені пайданың болатын себебінің өзі де сонда, жұмысшылар білдіре алатын сұраным олардың өнімінің құнынан кем және бұл сұраным относителді неғұрлым аз болса, пайда соғұрлым көп болады. Нақ осы сияқты капиталистердің бір-біріне білдіретін сұранымдары да жеткіліксіз. Артық өндіру пайданың *үнемі* құлдырауын туғызбайды, бірақ ол *араға белгілі бір кезеңдер* салып үнемі қайталанып отырады. Артық өндірудің соңынан кем өндіру келеді және т. б. Артық өндірудің шығатыны халық бұқарасының қажетті тіршілік құралдарының орташа мөлшерінен артық тұтынатын мүмкіндігі ешқашан болмайды, демек, оның тұтынуы еңбек өнімділігінің артуына сәйкес артпайды. Әйтсе де бүкіл бұл бөлім *капиталдардың бәсекесіне* қатысты. Рикардоның бұл туралы айтқанының бәрі көк тиынға да татымайды. (Бұл —

«Қорланудың пайдаға және процентке ықпалы» деп аталған 21-тарау).

«Капиталдың қорлануы азық-түлік бағаларының төмен болуы тұсында пайда нормасының төмендеуімен қатар болатын бір жағдай ғана мүмкін, оның өзі де *өткінші сипатта*. Ал мұның өзі еңбекті асырап-сақтауға деген қор халықтың көбеюінен анағұрлым жедел молайғанда ғана болады; бұл жағдайда жалақы жоғары, ал пайда нормасы төмен болады» (343-бет) [Орысша аудармасы, I том, 241-бет].

*Сэйге* қарсы шыға отырып, Рикардо [сол «Қорланудың пайдаға және процентке ықпалы» деген тарауда] пайда мен процент арасындағы арақатынас жөнінде мысқылдап былай деп ескертеді:

«Сэй мырза процент нормасы пайда нормасына тәуелді деп ұйғарады, бірақ бұдан пайда нормасының процент нормасына тәуелдігі келіп шықпайды. Біріншісі себеп, екіншісі салдар болып табылады, сондықтан ешқандай жағдай да оларды орындарын ауыстыруға мәжбүр ете алмайды» (цитат алынған шығарма, 353-бет, *ескерту*) [Орысша аудармасы, I том, 247-бет]

Алайда пайданы төмендетуге әкеліп соғатын себептер, проценттің артуын туғызуы мүмкін және керісінше <sup>120</sup>.

\* \* \*

[«*Отарлық сауда туралы*» деген тарауда Рикардо былай деп жазады:]

«Сэй мырза *өндіріс шығындарының* бағаның негізін құрайтынын мойындайды, сөйте тұра ол өз кітабының әр түрлі бөлімдерінде бағалар сұраным мен ұсыным арасындағы арақатынаспен реттеледі деп пайымдайды» (цитат алынған шығарма, 411-бет) [Орысша аудармасы, I том, 281—282-беттер].

[Сұраным мен ұсынымның айқындаушы ролін теріске шығаратын] Рикардоның өзі бұдан [Сэйде өндіріс шығындары концепциясының сұраным мен ұсыным концепциясымен ұштасуынан] *өндіріс шығындарының* [Сэй айтқан мағынада] товар өндіру үшін жұмсалған еңбектің мөлшерінен барынша өзгеше екенін көруге тиіс болған еді. Мұның орнына ол былай деп жалғастырады:

«Қандай да болсын екі товардың относителді құнының шын мәніндегі және шешуші реттеушісі оларды өндірудің шығындары болып табылады» (бұл да сонда).

[Сол «*Отарлық сауда туралы*» деген тарауда Рикардо былай деп жазады:]

«Адам Смит товарлардың *бағасы*, немесе товарлармен салыстырғандағы алтын мен күмістің *құны* рынокқа алтын мен күмістің белгілі бір мөлшері келіп түсуі үшін қажетті *еңбектің мөлшері* мен рынокқа қайсыбір басқа товардың келіп түсуі үшін қажетті еңбектің мөлшері арасындағы арақатынасқа тәуелді дегенде {бағаны жалақы да, пайда да реттемейді}

деген кезқарасқа қосылмай ма екен»? Еңбектің бұл мөлшері пайданың не жалақының жоғары не төмен болуына байланысты өзгермейді. *Ал жоғары пайдалар товарлардың бағасын қалайша арттыра алады?»* (413—414-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 283-бет].

Келтірілген тұста А. Смит *баға* дегенде басқаны емес, товарлардың *құнының* ақшалай білдірілуін түсінеді. Товарлардың құны, сондай-ақ осы товарлар айырбасталатын алтын мен күмістің құны товарлардың бұл екі түрін {бір жағынан товарлардың, екінші жағынан алтын мен күмістің} өндіру үшін керек болатын еңбектің относителді мөлшерімен анықталатындығы,— бұл факт «жоғары пайдалар» товарлардың *шын мәніндегі* бағасын, яғни олардың шығындарының бағаларын «арттыра алатынына» эсте қайшы келмейді. Рас, Смиттің ойлайтынындай, кенеттен бәрін емес. Бірақ жоғары пайдалар, шын мәнінде, мынаған әкеліп соғады: товар массасының бір бөлігінің бағасы бұл товарлардың құнынан орташа пайданың төмен деңгейі тұсында болатыннан гөрі жоғары көтеріледі, ал товарлардың енді бір бөлігінің бағасы олардың құндарынан төмен пайда тұсындағыдан кем дәрежеде төмендейді<sup>121</sup>.



**ҚОРЛАНУДЫҢ РИКАРДОЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ.  
ОНЫ СЫНАУ.**

**ДАҒДАРЫСТАРДЫ КАПИТАЛДЫҢ  
НЕГІЗГІ ФОРМАСЫНАН ШЫҒАРУ**

**[1) ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛДЫ ЕСТЕН ШЫҒАРҒАН СМИТ  
ПЕН РИКАРДОНЫҢ ҚАТЕСІ.  
ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛДЫҢ ӘР ТҮРЛІ  
БӨЛІКТЕРІН ҰДАЙЫ ӨНДІРУ]**

Біз ең алдымен Рикардоның кітабының он бойында әр жерде бытырап жатқан қағидаларын топтастырып жинақтаймыз.

«...Елдің барлық өнімдері тұтынылады; бірақ болады-ау деп ойлауға келетін орасан зор айырмашылық мынада: бұл өнімдерді *олардың орнына басқа бір құн өндіретіндер тұтына ма, әлде мұндай құнды өндірмейтіндер тұтына ма*, міне осында. Біздер *кіріс жинақталып, капиталға қосылады* дегенде былай деп ойлаймыз: *кірістің капиталға қосылады делінген бөлігін өнім өндірмейтін емес, өнім өндіретін жұмысшылар тұтынады*». (Рикардо бұл жерде сол А. Смиттің айтқан айырмашылығын келтіріп отыр.) «*Капитал тұтынылмағандықтан барып көбейеді* деген топшылаудан бетер қате болуы мүмкін емес. Егер еңбектің бағасы соншалық көтеріліп, капиталдың көбейгеніне қарамастан, еңбекті бұрынғыдан көп қолдануға мүмкін болмайтындай болса, онда мен *капиталдың мұндай өсімі әлі де болса өнімсіз тұтынылған дер едім*» (163-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, I том, 129—130-беттер].

Демек, бұл арада бар мәселе өнімді жұмысшылар тұтына ма әлде басқалар тұтына ма дегенге ғана сайылып отыр. Адам Смиттегі және басқалардағы сияқты. Ал шын мәнінде мұнда сонымен қатар тұрақты капиталды құрайтын және еңбек құралы не еңбек материалы ретінде тұтынылатын, не болмаса осы тұтыну арқылы еңбек құралдары мен еңбек материалдарына айналатындай болып тұтынылатын товарлардың *өндірістік тұтынылуы* туралы әңгіме болуға тиіс. Капиталдың қорлануы дегеніңіз кірістің жалақыға айналуы-мыс, мұның өзі өзгермелі капиталдың қорлануына көліп саяды-мыс деген түсінік әуел бастан-ақ қате, яғни сыңаржақ түсінік болып табылады. Осылайша қорлану туралы бүкіл мәселе жалған баяндалады.

Басқаның бөрінен бұрын *тұрақты капиталдың ұдайы өндірілуін* ұғынып алу керек. Біз бұл арада *жылдық* ұдайы өндірісті

қарастырамыз, яғни жылды ұдайы өндіріс процесі үшін уақыт өлшемі ретінде аламыз.

Тұрақты капиталдың едәуір бөлігі — *негізгі капитал* — құн құраудың жылдық процесіне [түгелдей] кірмегенімен, ол жылдық еңбек процесіне енеді. Негізгі капитал [оның құн құрау процесіне кірмейтін бөлігі] тұтынылмайды. Олай болса, оның бұл бөлігі ұдайы өндірілмеуге де тиіс. Ол *сақталады*, ал оның тұтыну құнымен бірге оның айырбас құны да сақталады — жалпы алғанда өндіріс процесіне кіріп, нақты еңбекпен жанасымда қалатындықтан барып сақталады. Елде сол бір жылы капиталдың бұл бөлігі неғұрлым көп болса, оның келесі жылы таза формальдық ұдайы өндірілуі (сақталуы) соғұрлым біршама көп болады; мұның өзі өндіріс процесі жаңғыртылады, жалғасады, ең болмағанда бұрынғы көлемінде ғана болса да, қозғалыста сақталады деп ұйғарғанда осылай болады. Жөндеуді және негізгі капиталды сақтауға қажетті басқаларының бәрін біз оған әуел баста жұмсалған еңбек шығындарына қосамыз. Мұның жоғарыда көрсетілген мағынадағы сақталумен ортақ ештеңесі жоқ.

Тұрақты капиталдың екінші бөлігі товарлар өндіруде жылмажыл тұтынылады да, осы себепті ұдайы өндірілуге тиіс болады. Бұған негізгі капиталдың жылмажыл құн құрау процесіне енетін бөлігі түгелдей және тұрақты капиталдың айналмалы капиталдан тұратын бөлігі түгелдей, — шикізат пен көмекші материалдар жатады.

Тұрақты капиталдың осы екінші бөлігін алатын болсақ, онда оны одан әрі ажыратып саралау керек болады.

[695] Өндірістің бір саласында тұрақты капитал — еңбек құрал-жабдығы және еңбек материалы — ретінде *көрінетіннің* едәуір бөлігі өндірістің қайсыбір қатарлас саласында *осымен бір мезгілде* өнім болып табылады. Мысалы, жіп тоқымашының тұрақты капиталының бір бөлігін құрайды; ол, бәлкім, бұдан не бары бір күн бұрын қалыптасу процесінде болған иірушінің өнімі. Бұл арада *бір мезгілділік* туралы айтқанда, біз *сол бір жылдың* ішінде өндірілгенді айтамыз. Баз баяғы бір товарлардың өзі өздерінің әр түрлі фазаларында сол бір жылдың ішінде өндірістің әр түрлі салаларынан өтеді. Бір саладан олар өнім ретінде шығып, енді бір салаға тұрақты капитал құрайтын товар ретінде енеді. Тұрақты капитал ретінде де олардың бәрі сол бір жылдың ішінде тұтынылады: не негізгі капиталда осылай болатыны сияқты олардың товарға тек құны ғана кіретіндей болып тұтынылады, — не айналмалы капиталда болатыны сияқты олардың тұтыну құны да товарға енетіндей болып тұтынылады. Өндірістің бір саласында өндірілген товар осында тұрақты капитал ретінде тұтынылу үшін өндірістің басқа бір саласына енген уақытта, — сол бір товар енетін өндіріс салаларының осы *дәйектілігімен* қатар, бұл товардың әр түрлі элементтері, немесе оның әр түрлі фазалары

бір мезгілде, бір-бірімен қатар өндіріледі. Сол бір жылдың ішінде ол бір салада тұрақты капитал ретінде үздіксіз тұтынылады және басқа, қатарлас салада товар ретінде үздіксіз өндіріледі. Осындай жолмен жыл ішінде тұрақты капитал ретінде тұтынылатын нақ сол товарлар сол жылдың бойында нақ солай үздіксіз өндіріліп отырады. Машина *A* саласында тозады. Осымен бір мезгілде ол *B* саласында өндіріледі. Тіршілік құралдарын өндіретін өндіріс салаларында жыл ішінде тұтынылатын тұрақты капитал өндірістің басқа салаларында да өндіріледі, сондықтан *жыл ішінде* немесе *жылдың аяғында* ол *in natura* \* есесі қайта толып шығады. Мұның екеуі де — тіршілік құралдары да, тұрақты капиталдың осы бөлігі де — мәні жөнінен жаңа, жыл бойында әрекет еткен еңбектің өнімдері.

Тіршілік құралдары өндірілетін өндіріс салаларындағы өнім *құнының бір бөлігі*, атап айтқанда, *құнның* өндірістің осы салаларындағы тұрақты капиталдың есесін толтыратын бөлігі осы тұрақты капиталды *өндірушілер* үшін кірісті қалай құрайтынын мен жоғарыда көрсеттім \*\*.

Бірақ бұдан әрі, тұрақты капиталдың тағы бір бөлігі бар; ол тіршілік құралдарын ([жекелей] тұтынуға жарамды товарлар) өндіретін салаларда құрамдас бір бөлік болып енбей, *жылма-жыл тұтынылып отырады*. Демек, бұл бөліктің осы салаларда есесі тола алмайды. Біз тұрақты капиталдың — еңбек құралдарының, шикізаттың, көмекші материалдардың — бір бөлігін; тұрақты капиталдың өзін — машиналарды, шикізат пен көмекші материалдарды — құрау, өндіру процесінде өндірістік тұрғыда тұтынылатын бөлігін айтып отырмыз. Бұл бөлік, біздің жоғарыда көргеніміздей \*\*\*, не өндірістің осы салаларының тікелей өзінің өнімдерінен (мәселен тұқым, мал, ішінара, көмір секілді), не өндірістің әр түрлі салаларының тұрақты капитал құрайтын өнімдерін айырбастау [өндіріс құрал-жабдықтарын өндірушілер арасында] жолымен *in natura* есесі толтырылады. Бұл арада капиталды капиталға айырбастау орын алады.

Тұрақты капиталдың осы бөлігінің болуы және тұтынылуы нәтижесінде өнімдердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар жылдық өнімнің *құны* да артады. *Жылдық* өнім *құнының* тұтынылған тұрақты капиталдың осы бөлігінің құнына тең *бөлігі* жылдық өнімнен оның тұтынылған тұрақты капиталдың *in natura* есесін толықтыруға тиіс бөлігін *in natura* кері сатып алады немесе кері қайтарып алады. Мәселен, егістің құнының тұқымға қатысты бөлігі егіннің (сонымен бірге астықтың мөлшерінің де) құнының тұрақты капитал ретінде жерге, өндіріске қайтарылуға тиісті бөлігін анықтайды. Жыл бойында жаңадан қосылған еңбек

\* — заттай, заттық формада. *Ред.*

\*\* Қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 95—108 және 205—213-беттер. *Ред.*

\*\*\* Бұл да сонда, 108—120, 156—167 және 213—222-беттер. *Ред.*

болмаса, бұл бөлік қайта өндірілмеген болар еді; бірақ іс жүзінде оны өткен жылғы немесе [жалпы алғанда] өткендегі еңбек *өндiрген*, сондықтан — егер еңбек өнімділігі өзгермейтін болса — осы бөліктің жылдық өнімге қосатын *құны* биылғы еңбектің емес, өткен жылғы еңбектің нәтижесі. Белгілі бір елде қолданылатын тұрақты капитал *пропорциялы түрде* неғұрлым көп болса, тұрақты капиталдың осы тұрақты капиталды өндіруде тұтынылатын және өнімдердің көбірек жиынтығында көрініп қана қоймай, сонымен қатар өнімдердің осы жиынтығының құнын да арттыратын бөлігі де соғұрлым көп болады. Сонымен, бұл *құн* биылғы еңбектің, үстіміздегі жылғы еңбектің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар нақ осы сияқты былтырғы, өткендегі еңбектің де нәтижесі; дегенмен, осы жылдың тікелей еңбегі *болмаса*, өзі кіретін өнімнің шыға алмайтыны сияқты, ол да қайтадан келіп шыға алмас еді. Егер тұрақты капиталдың бұл бөлігі артса, онда жылдық өнімнің жиынтығы ғана артып қоймайды, жылдық еңбектің мөлшері өзгермеген күйі қалғанның өзінде, жылдық өнім жиынтығының *құны* да артады. Осы артудың өзі *капиталдың қорлану* формасы болып табылады, мұны түсініп алу өте маңызды. Ал мәселенің осы жағын түсінуден шалғайлыққа келгенде Рикардоның мына қағидасынан шалғай ештеңе болуы мүмкін емес:

«Бір миллион адамның өнеркәсіптегі еңбегі әрқашан сол бір құнның өзін өндіреді, бірақ ол сол бір байлықтың өзін әр кезде бірдей өндірмейді» (цитат алынған шығарма, 320-бет) [Орысша аудармасы, I том, 226-бет].

Жұмыс күні белгілі деп ұйғарғанда, бұл бір миллион адам еңбек өнімділігіне байланысты барынша әр қилы товарлар жиынтығын өндіріп қана қоймайды, сонымен бірге осы товарлар жиынтығының құны да оның тұрақты капитал көп не аз жұмсалып өндірілгеніне, демек, оған *былтырғы, өткендегі* еңбекпен жасалған құнның көп не аз қосылғанына қарай барынша әр қилы болады.

## [2] ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ҚҰНЫ

Біз бұл арада, тұрақты капиталдың ұдайы өндірілуі туралы сөз болған жердің бәрінде ықшамдау үшін әуелі еңбек өнімділігі, демек, өндіріс әдісі де өзгермей қалады деп аламыз. Өндірістің белгілі бір көлемі тұсында өнімнің белгілі бір мөлшері тұрақты капитал ретінде *in natura* есесі толуға тиіс болады. Өзгермейтін өнімділік тұсында осы мөлшердің құны да [696] өзгермеген күйі қалады. Егер еңбек өнімділігінде өзгерістер бола бастаса, осының арқасында өнімнің сол бір мөлшері қымбатырақ не арзанырақ, еңбек көбірек не азырақ жұмсалып қайта өндірілетін болса, онда тұрақты капиталдың құнында да өзгерістер бола бастайды, бұл өз-

герістер өнімнің тұрақты капиталдан артық мөлшерінің шамасына әсер етеді.

Мәселен, егіс үшін 3 ф. стерлингтен 20 квартал = 60 ф. ст. [бидай] керек болды дейік. Егер бір кварталді ұдайы өндіруге еңбек үштің біріндей азырақ жұмсалса, онда квартал не бары 2 ф. ст. тұратын болады. Өнімнен егіске жұмсалғаны ретінде бұрынғысынша 20 кварталді алып тастау қажет, бірақ, оның бүкіл өнімнің құнындағы құрайтын бөлігі енді не бары 40 ф. ст. қана болады. Тұқым ретінде жерге бұрынғысынша 20 квартал қайтарылуға тиіс болғанымен, сол тұрақты капиталдың есесін толтыру үшін онда жиынтық өнім құнының азырақ бөлігі және заттай алғанда оның азырақ бөлігі керек болады<sup>122</sup>.

Егер бір ұлтта жылма-жыл тұтынылатын тұрақты капитал 10 миллион ф. ст., ал енді бір ұлтта 1 миллион ғана болса және жыл ішінде бір миллион адамның қосқан еңбегі 100 миллион ф. ст. болса, онда өнімнің құны бірінші ұлтта 110, ал екінші ұлтта 101 миллион ғана болар еді. Бұл орайда товардың бір өлшемі I ұлтта II ұлттағыдан арзанырақ болуы мүмкін ғана емес, сонымен бірге күмәнсыз да, өйткені II ұлт [тікелей] еңбектің сол бір мөлшерін жұмсаған жағдайда товарлардың анағұрлым аз жиынтығын, 10 мен 1-дің арасындағы айырмашылыққа сәйкес келетіннен анағұрлым аз өндіре еді. Рас, I ұлтта II ұлтпен салыстырғанда өнім құнының неғұрлым едәуір бөлігі, олай болса жиынтық өнімнің де неғұрлым едәуір бөлігі капиталдың есесін толтыруға кетеді. Бірақ оның есесіне I ұлтта жиынтық өнім де анағұрлым көп.

Фабрика товарларына келсек, Англияда 1 миллион адамның мәселен, Россиядағыдан өнім мөлшерін анағұрлым көп өндіріп қана қоймай, құны да анағұрлым көп өнім өндіретіні, Англияда товардың бір өлшемі анағұрлым арзан болса да, осылай екендігі белгілі. Алайда егіншілікке келсек, онда капиталистік тұрғыдан дамыған ұлттар мен біршама дамымаған ұлттар арасында мұндай арақатынас жоқ секілді. Артта қалған ұлттың өнімі капиталистік тұрғыдан дамыған ұлттың өнімінен арзанырақ. Әңгіме *ақшалай баға* туралы болып отыр. Осыған қарамастан дамыған ұлттың өнімі артта қалған ұлттың өніміне қарағанда (жыл ішінде жұмсалған) еңбектің анағұрлым аз мөлшерінің өнімі секілді болып көрінеді. Англияда, мәселен, егіншілікпен халықтың үштен бірінен азырағы, ал Россияда бестен төрті шұғылдананы, — онда<sup>5/15</sup>, мұнда<sup>12/15</sup>. Бұл сандарды à la lettre \* түсінбеу керек. Мәселен, Англияда көптеген адамдар *шаруашылықтың егіншілік емес салаларында* — машина жасауда, саудада, транспортта және т. б. — ауыл шаруашылық өндірісінің элементтерін дайындаумен және жеткізіп берумен шұғылдананы, Россияда бұл жоқ. Сонымен, егіншілікпен шұғылданатын адамдардың салыстырмалы санын егін-

\* -- дәлме-дәл мағынада. Ред.

шілікпен тікелей шұғылданатын жеке адамдардың санымен анықтай салуға болмайды. Капиталистік өндіріс елдерінде бұл ауыл шаруашылық өндірісіне кемірек дамыған елдерде сол өндіріске тікелей бағынышты болатын көптеген осындай жеке адамдар *жанамалы түрде* қатысады. Сондықтан айырмашылық іс жүзіндегісінен көп болып көрінеді. Бірақ елдің цивилизациясының жалпы деңгейі үшін бұл айырмашылық өте маңызды, тіпті бұл айырмашылық егіншілікке қатысты өндірушілердің едәуір бөлігі оған тікелей қатыспай, деревня өмірінің идиотизмінен алынып, өнеркәсіп халқының қатарына қосылатындығында ғана болса да, өте маңызды.

Сонымен, ең алдымен осыны былай қалдыра тұрайық. Одан әрі мына бір жайды да былай қалдырайық: егіншілікпен шұғылданатын халықтардың көпшілігі өздерінің өнімін оның құнынан төмен сатуға мәжбүр, дамыған капиталистік өндірісі бар елдерде егіншілік өнімі баға жағынан өзінің құнына дейін көтеріледі. Қалай болғанда да, ағылшын егіншісінің өнімінің құнына тұрақты капиталдың құнының бір бөлігі, орыс егіншісінің өнімінің құнына кірмейтін бөлігі кіреді.

Құнның бұл бөлігі 10 адамның күндік еңбегіне тең дейік. Одан әрі, бұл тұрақты капиталды бір ағылшын жұмысшысы қозғалысқа келтіреді деп алайық. Мен егіншілік өнімі тұрақты капиталының бір бөлігін, бөлігі болғанда есесін толтыру — мәселен, егіншілік құралдарының есесін толтыру сияқты — [егіншілердің] жаңа еңбегін жұмсамай жүзеге асырылатын бөлігін айтып отырмын. Ағылшынның 1 жұмысшысының тұрақты капиталдың [10 жұмыс күніне тең] көмегімен өндірген өнімін өндіру үшін 5 орыс жұмысшысы керек болатын болса және егер орыс қолданатын тұрақты капитал 1 жұмыс күніне тең болса, онда ағылшынның өнімі  $10 + 1 = 11$  жұмыс күніне тең, ал орыстың өнімі  $1 + 5 = 6$  жұмыс күніне тең болады. Егер ағылшын жеріне қарағанда орыс жерінің құнарлылығы соншалық, ол тұрақты капиталды қолданбай-ақ немесе 10 есе кем тұрақты капиталдың көмегімен ағылшынның 10 есе артық капиталмен өндіргеніндей мөлшерде астық өндіретін болса, онда ағылшын және орыс астығының бірдей мөлшерінің *құндарының* қатынасы 11:6 қатынасындай болады. Егер орыс астығының кварталі 2 ф. стерлингтен сатылса, ағылшын астығы бір кварталі  $3\frac{2}{3}$  ф. ст. болып сатылар еді, өйткені  $2:3\frac{2}{3} = 6:11$ . Сонымен, ағылшын астығының ақшалай бағасы мен құны орыс астығының ақшалай бағасы мен құнынан анағұрлым артық болар еді, бірақ, осыған қарамастан, ағылшын астығы [тікелей] еңбектің аз мөлшері жұмсалып өндірілер еді, өйткені *өткендегі* еңбектің өнім жиынтығында, сондай-ақ оның құнында қайтадан көрінуі үшін жаңа еңбектің ешқандай қосымша шығындалуы керек болмайды. Ағылшын астығының неғұрлым жоғары бағасы мен құны, егер ағылшын тікелей еңбекті орыстан гөрі азырақ қолдана отырып, осының өзінде артық тұрақты капитал қолданса және егер осы тұрақты капи-

тал, — мұның өзі кезінде оған [белгілі бір шығындармен] келсе де, оған [жаңа еңбекті жұмсау мағынасында] *ешқандай* құны болмайды және төленуге тиіс, — еңбек өнімділігін арттырғанда осы арқылы орыс топырағының табиғи құнарлылығының есесін толтырмайтындай дәрежеде арттырса, сол жоғары күйінде әр кезде қала берер еді. Демек, егіншілік өнімінің ақшалай бағасы капиталистік өндіріс елдерінде, бұл өнім іс жүзінде еңбек кем мөлшерде жұмсалып өндірілгенімен, кемірек дамыған елдердегіден гөрі [697] неғұрлым жоғары деңгейде қала алады. Онда жиынтық еңбек — тікелей еңбек пен өткендегі еңбектің қосындысы — көбірек болады, бірақ бұл өнімде жаңадан көрінетін өткендегі еңбек *ешқандай* [жаңа] шығындарды талап етпейді. Егер бұған табиғи құнарлылықтағы айырмашылық кедергі болмаса, өнім арзанырақ болар еді. Жалақының [дамыған капиталистік елдердегі] неғұрлым жоғары ақшалай ставкаларының да себебі осы деуге болады.

Бұл кезге дейін біз бар капиталдың ұдайы өндірілуі туралы ғана айттық. Жұмысшы өзінің жалақысын қосымша өніммен немесе қосымша құнмен бірге қосып өтейді, ал бұл қосымша құн (рентаны қоса) капиталистің пайдасын құрайды. Ол жылдық өнімнің өзіне жалақы ретінде қайтадан қызмет ететін бөлегінің орнын толтырады. Капиталист өзінің жыл бойындағы пайдасын жеп қойды, бірақ жұмысшы өнімнің пайда ретінде қайтадан жеуге болатын бөлігін өндірді. Тұрақты капиталдың тіршілік құралдарын өндіруде тұтынылған бөлігі жыл бойында жаңа еңбекпен өндірілген тұрақты капиталмен есесі толтырылады. Тұрақты капиталдың осы жаңа бөлігін өндірушілер өздерінің кірісін (пайдасы мен жалақысын) тіршілік құралдарының бір бөлігінде, құны осы тіршілік құралдарын өндіруде тұтынылған тұрақты капиталдың құнына тең бөлігінде жүзеге асырады. Ақыр соңында тұрақты капиталды өндіруде, машиналарды, шикізат пен көмекші материалдарды өндіруде тұтынылған тұрақты капитал *in natura* немесе капиталды капиталға айырбастау арқылы — тұрақты капитал өндіретін өндірістің әр түрлі салаларының жиынтық өнімінен есесі толтырылып отырады.

### **[3] КАПИТАЛДЫҢ ҚОРЛАНУЫНЫҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАРЫ. НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫҢ АМОРТИЗАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОРЛАНУ ПРОЦЕСІНДЕГІ РОЛІ]**

Капиталды ұдайы өндіруден өзгеше оның *арттырылуындағы, қорлануындағы, кірістің* капиталға *айналдырылуындағы* істің жайы қандай?

Мәселені ықшамдау үшін былай деп аламыз: еңбек өнімділігі сол қалпында қалады, өндіріс әдісінде *ешқандай* өзгерістер болмайды, демек, товарлардың сол мөлшерін өндіру үшін еңбектің сол бір мөлшері керек болады, олай болса, капиталдың *артуы* сол мөл-

шердегі капиталды былтырғы өндіргендегі секілді мөлшердегі еңбекпен келеді.

Қосымша құнның бір бөлігі кіріс ретінде тұтынылудың орнына капиталға айналуға тиіс. Ол ішінара тұрақты капиталға, ішінара өзгермелі капиталға айналдырылуға тиіс. Ал оның капиталдың осы әр түрлі екі бөлігіне бөліну пропорциясы капиталдың белгілі табиғи құрылымына тәуелді болады,— өйткені екі бөлігінің де өндіріс әдісі мен құндық арақатынасы өзгермеген күйінде қалады. Өндіріс неғұрлым жоғары дамыған болса, қосымша құнның тұрақты капиталға айналатын бөлігі оның өзгермелі капиталға айналатын бөлігімен салыстырғанда соғұрлым артық болады.

Сонымен, ең алдымен қосымша құнның бір бөлігі (қосымша өнімнің тіршілік құралдарынан тұратын оған сәйкес келетін бөлігі де) өзгермелі капиталға айналуға тиіс, яғни оған жаңа еңбек сатылып алынуға тиіс. Бұл мына жағдайда ғана: жұмысшылардың саны көбейген немесе олардың жұмыс істейтін жұмыс уақыты ұзарған жағдайда ғана мүмкін болады. Соңғы жағдай, мәселен, жұмысшы халықтың бір бөлігі тек жартылай ғана, не үштен екісіне, немесе азды-көпті ұзақ кезеңдерде жұмыспен шұғылданған уақытта, жұмыс күнін абсолютті ұзарту жолымен де болады, алайда онда бұл төленуге тиіс болады. Бірақ мұны қорланудың тұрақты құралы деп санауға болмайды. Егер бұрын өндіргіш емес қызметкерлер өндіргіш қызметкерлерге айналса немесе өндіріс процесіне халықтың бұрын жұмыс істемеген бөліктері, мәселен, әйелдер мен балалар, пауперлер тартылса, жұмысшы халықтың көбеюі мүмкін. Соңғы пунктті біз бұл арада былай қалдырамыз. Ақыр соңында жұмысшы халық бүкіл халықтың көбеюімен бірге абсолютті көбеюінің нәтижесінде [жалданатын жұмысшылардың саны көбеюі мүмкін]. Қорлану халықтың осы абсолютті көбеюі жағдайында ғана тұрақты, үздіксіз процесс бола алады (дегенмен салыстырмалы түрде, қолданылатын капиталмен салыстырғанда халық азаятын болса да). *Халықтың көбеюі* тұрақты процесс ретінде қорлану үшін негіз ретінде көрінеді. Бірақ мұның өзі жұмысшы халықтың ұдайы еселеніп отыруын ғана емес, үздіксіз көбеюін де мүмкін ететіндей орташа жалақының болуын талап етеді. Төтенше жағдайларда капиталистік өндіріс жұмысшы халықтың бір бөлігін шамадан асырып жұмыс істеуге мәжбүр ету, ал енді бір бөлігін резервтегі армия ретінде қайыршылар немесе жартылай қайыршылар халінде *in petto* \* ұстау арқылы-ақ өзін қамтамасыз етіп отырады.

Ал қосымша құнның тұрақты капиталға айналуға тиіс болатын басқа бөлігіне қатысты істің жайы қандай? Ықпамдылық үшін біз сыртқы саудадан абстракцияланамыз да, оқшау алынған ұлтты қарастырамыз. Мысал алайық. Кенеп мата фабриканы өндір-

\* — дәлме-дәл мағынасында: «кеудеде», ауыспалы мағынасында «жасырын күйде», «құпияда», «запаста». Ред.



ген қосымша құн 10 000 ф. ст. болсын, мұның жартысын, яғни 5 000 ф. стерлингін ол капиталға айналдырғысы келді дейік. Бұл сомадан механикалық тоқыма өндірісіндегі капиталдың табиғи құрылымына сәйкес бестен бірі жалақыға жұмсалуға тиіс. Бұл арада біз капиталдың айналымынан абстракцияланамыз, ол айналымда фабрикантқа бес аптаға деп есептелген сома жеткілікті болуы мүмкін, бұл бес апта өткеннен кейін ол өз өнімін сатады да, осындай амалмен айналыс саласынан жалақы үшін қайтадан капитал алады. Біз былай деп ұйғарамыз: ол жалақыға деп (20 жұмысшы үшін) банкирде резервте 1 000 ф. ст. ұстауға және оны жалақы түрінде жыл бойында біртіндеп жұмсауға тиіс. Одан кейін 4000 ф. ст. тұрақты капиталға айналдырылуға тиіс. Біріншіден, фабрикант 20 жұмысшы бір жыл ішінде мата қылып тоқып шығара алатын мөлшерде жіп сатып алуға тиіс. (Біз капиталдың айналым бөлігінің айналысынан әр уақыт абстракцияланып отырамыз.) Одан әрі фабрикант өз фабрикасында тоқыма станоктарының санын көбейтуге тиіс, сондай-ақ, бәлкім, жаңа бу машинасын қосуға немесе ескі машинаның қуатын арттыруға тиіс т. т. болады. Бірақ мұның бәрін сатып алу үшін ол рынокта жіпті, тоқыма станоктарын және т. б. дайын күйінде табуға тиіс. Ол өзінің 4 000 ф. стерлингін жіпке, тоқыма станоктарына, көмірге және т. б. [698] айналдыруы, яғни осы заттардың бәрін сатып алуы керек. Бірақ бұларды сатып алуға болатындай болу үшін олардың нақты болуы керек. Ескі капиталдың ұдайы өндірілуі бұрынғыдай жағдайлар тұсында болды деп ұйғарғандығымыздан, иіруші тоқымашыларға өткен жылы керек болған мөлшерде жіп жеткізіп беру үшін өзінің бүкіл капиталын жұмсауға тиіс болды. Сонда ол үстеме сұранымды, ол үшін жіптің үстеме ұсынымы керек болатын осы үстеме сұранымды қалай қанағаттандыра алады?

Тоқыма станоктарын жеткізіп беретін машина жасау зауытының иесі, т. т. жөнінде де істің жайы нақ осылай. Ол тоқыма өнеркәсібіндегі станоктардың орташа тозуының есесін толтыруға жетерлік шамада ғана жаңа тоқыма станоктарын жасады. Бірақ капиталын қорландырмақ болып ынтыққан тоқыма фабрикасының иесі 3 000 ф. стерлингке деп жіпке, 1 000 ф. стерлингке деп тоқыма станоктарына, көмірге (көмір өнеркәсіпшісі жөнінде де істің жайы нақ осылай болғандықтан) және т. б. заказ береді. Немесе ол мына ақшамды маған жіп, станоктар мен көмір қылып беріндер деп жіп иіру фабрикасының иесіне 3 000 ф. ст., машина жасаушыға, көмір өнеркәсіпшісіне 1 000 ф. ст. және т. б. береді. Демек, өзінің қорландыруын, өзінің жаңа кенеп мата өндіруін бастай алуы үшін оған осы процестің аяқталуын күте тұруға тура келер еді. Бұл — бірінші үзіліс.

Бірақ өзінің алған 3 000 ф. стерлингiмен қоса жіп иіру фабрикасының иесі өз кезегінде 4 000 ф. стерлингiмен қоса тоқыма фабрикасының иесiндей жағдайда болып шығады, бұлардың ара-

сындағы бар айырма иіру фабрикасының иесі алған 3 000 ф. стерлингiнен табан астында өз пайдасын жырып алады. Ол қосымша шамада иіруші адамдар таба алады, бірақ оған зығыр, ұршық, көмір т. б. керек. Нақ осы сияқты көмір өнеркәсіпшісіне жаңа жұмысшылармен қоса жаңа машиналар немесе жабдықтар керек. Ал жаңа тоқыма станоктарын, ұршықтар т. б. жеткізіп беруге тиіс машина жасау заводының иесіне қосымша жұмысшылардан басқа тағы темір және т. б. қажет болады. Бірақ бәрінен гөрі зығыр өндірушіге қатысты мәселе қиын, өйткені ол қосымша мөлшерде зығырды тек алдағы жылы ғана жеткізіп бере алады т. т.

Демек, тоқыма фабрикасы иесінің өз пайдасының бір бөлігін жылма-жыл кінәратсыз және үзілістерсіз тұрақты капиталға айналдырып отыруға мүмкіндігі болу үшін — және қорлану үздіксіз процесс болу үшін, — оның рынокта жіптің, тоқыма станоктарының және т. б. қосымша мөлшерін дайын күйінде таба алуы қажет. Егер ол, сондай-ақ жіп иіру фабрикасының иесі, көмір өнеркәсіпшісі және т. б. рыноктан дайын күйінде зығыр, ұршық, машиналар табатын болса, онда оларға көбірек жұмысшы жалдау ғана керек болады.

Тұрақты капиталдың жылма-жыл тозған деп есепке алынып, тозу ретінде өнімнің құнына кіретін бөлігі іс жүзінде тұтынудан шығып қалмайды. Мәселен, 12 жыл бойына жұмыс істеп, 12 000 ф. ст. тұратын машинаны алайық; мұндай машинаның әр жыл сайын ескеріп отыру керек болатын орташа тозуы 1 000 ф. ст. Сонда он екі жылдың аяғына таман жыл сайын өнімге 1 000 ф. ст. кіріп отырғандықтап, 12 000 ф. ст., құнның есесі толады да, осы бағаға осындай жаңа машина сатып алуға болады, 12 жылдың бойында қажет болатын жөндеу мен ағымдағы жамап-жасқауларды машина өндірісінің шығындарына қосамыз және олардың біздің мәселемізге ешқандай қатысы жоқ. Бірақ шын мәнінде шындық болмыс мұндай орташа есептен өзгеше. Машинаның бірінші жылдағыдан гөрі екінші жылы жұмысты жақсы істеуі мүмкін. Солай болғанмен, 12 жыл өткеннен кейін оны пайдалануға келмейді. Мұндағы жағдай тіршілік етуінің орташа ұзақтығы 10 жыл үй малы жөніндегі жағдай сияқты: он жыл өткеннен кейін орнына осындай жаңа мал ұстауға тура келетін болғанымен, жылма-жыл оның орнын бірі құрып отырмайды. Әрине, сол белгілі бір жылдың ішінде машиналардың және т. б. белгілі бір саны шын мәнінде олардың орнына жаңа машиналар қойылуға тиіс болатындай жағдайға түсуі әрқашан болады. Демек, ескі машиналардың т. б. белгілі бір мөлшерін жылма-жыл шын мәнінде *in natura* жаңаларымен алмастыруға тура келеді. Машиналардың және т. б. жылма-жыл орташа өндірілуі осыған сәйкес келеді де. Оларды төлеуге деген құн олардың (машиналардың) ұдайы өндірілуі кезеңіне сәйкес товарларды сатудан түскен түсімнен алы-

нады. Бірақ мына бір факт күшінде қалады: жылдық өнім құнының (осы өнім үшін жылма-жыл төленетін құнның) едәуір бөлігі, мәселен, 12 жылдан кейін ескі машиналарды жаңаларымен ауыстыруға керек болғанымен, бірақ ол шын мәнінде жылма-жыл олардың он екіден бірі *in natura* ауыстырылатын болуы үшін әсте де талап етілмейді, мұның өзі іс жүзінде орындауға келмесе еді. Бұл қор айналыс саласына әр уақытта шығарылып отырғанымен, одан ізінше қайтып келе қоймайтын товар сатылғанға немесе ақысы төленгенге дейін ішінара жалақы төлеуге не шикізат сатып алуға пайдаланылуы мүмкін. Алайда бұл қордың пайдаланылуы әрбір белгілі жағдайда үзбей тұтас бір жылға созылуы мүмкін емес; өйткені жыл ішінде айналым жасап шығатын товарлар өзінің құнын толық жүзеге асыруға тиіс, яғни өздеріне сіңірілген жалақыны, шикізатты, машиналардың тозуы мен қосымша құнды өтеуге, жүзеге асыруға тиіс.

Сонымен, тұрақты капитал көп қолданылатын, демек, негізгі капитал да көп қолданылатын жерде өнім құнының негізгі капиталдың тозуының есесін толтыратын осы бөлігі *қорлану қоры* болып табылады; мұның өзін оны қолданғандар жаңа негізгі капиталды (немесе айналмалы капиталды) іске жұмсау үшін пайдалана алады, осының өзінде қорланудың осы бөлігі үшін қосымша құннан ештеңе бөлініп алынбайды. (*Мак-Куллохты* қараңыз.)<sup>123</sup> Мол негізгі капиталы жоқ өндіріс сатыларында және ұлттарда мұндай қорлану қоры болмайды. Бұл маңызды пункт. Бұл арада біз жақсартуларға, ұлғайтуға жұмсалатын тұрақты шығындарға арналған қорды көріп отырмыз.

#### [4] ӨНДІРІС САЛАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚОРЛАНУ ПРОЦЕСІНДЕГІ БАЙЛАНЫС.

##### ЕГІНШІЛІК ПЕН МАШИНА ЖАСАУДАҒЫ ҚОРЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ РЕТІНДЕ ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ БІР БӨЛІГІНІҢ ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛҒА ТІКЕЛЕЙ АЙНАЛУЫ]

Алайда бұл арада біз талқылағымыз келіп отырған мәселенің мәні мынада. Машина жасау ісіне жұмсалған бүкіл капитал машиналардың жылма-жылғы тозуының есесін толтыруға ғана жеткілікті болған жағдайдың өзінде, онда осы жағдайдың өзінде де ол жылма-жыл керек болатыннан гөрі анағұрлым көп машина өндіретін еді, өйткені тозу ішінара идеалдық тұрғыда ғана болады, ал ісі жүзінде *in natura* орнын толтыру бірқатар жылдар өткеннен кейін ғана болуға тиіс. Олай болса, көрсетілген тұрғыда қолданылған капитал жылма-жыл машиналар жиынтығын береді, ал бұларды жаңадан капитал жұмсау үшін пайдалануға болады және капиталды осы жаңадан жұмсаудың бастамасы болады. Мысалы, машина жасайтын заводтың иесі өз өндірісін осы жылы бастады дейік. Осы жылдың ішінде ол 12 000 ф. ст. машина жет-

кізіп берсін. Мұндай жағдайда келесі он бір жылдың әрқайсысының ішінде оған өзі өндіретін машиналардың қарапайым ұдайы өндірісі тұсында тек 1 000 ф. ст. машина жасау ғана қажет болар еді және осы жылдық өнімнің өзі де жылма-жыл тұтынылмас еді. Егер ол өзінің бүкіл капиталын қолданған жағдайда оның өнімінің бұдан да кем бөлігі тұтынылар еді. Оның капиталы қозғалыста болып, жылма-жыл бар болғаны өзінің қарапайым ұдайы өндірісін жүзеге асырып отыруы [699] үшін осы машиналарды қажет ететін салаларда өндірістің жаңа үздіксіз ұлғаюы қажет. (Егер оның өзі қор жинаса одан бетер қажет.)

Демек, егер өндірістің осы саласында оған жұмсалған капитал тек ұдайы өндіріліп отырған жағдайдың өзінде, өндірістің қалған салаларында тұрақты қорлану болуы қажет. Ал екінші жағынан алсақ, машина жасаудағы қарапайым ұдайы өндірістің бір өзінің нәтижесінде ғана өндірістің қалған салаларындағы тұрақты қорлану рынокта өз элементтерінің біреуін дайын түрінде нақ сондай үнемі тауып отырады. Осында, өндіріс салаларының бірінде қорлану үшін, басқа салаларда жаңадан, қосымша өндірістік тұрғыдан тұтыну үшін товарлардың тұрақты запасы нақты болады, тіпті осы саланың өзінде нақты бар капиталдың бар болғаны қарапайым ұдайы өндіріс болып жатқанның өзінде нақты болады.

Капиталист, мәселен, тоқыма фабрикасының иесі, капиталға айналдыратын 5 000 ф. ст. пайда немесе қосымша құн жөнінде екі түрлі жағдай болуы мүмкін: өз өндіріс саласының жағдайларына сәйкес осы 5 000 ф. стерлингті капиталға айналдыру үшін бұл 5 000 ф. стерлингтен алынған 1 000 ф. стерлингке сатып алынуға тиісті еңбекті ол рыноктан табады деп әрқашан ұйғаратын болсақ, әлгіндей екі жағдай болуы мүмкін. Бұл бөлік [капиталдандырылатын қосымша құнның] өзгермелі капиталға айналып, жалақыға жұмсалады. Бірақ бұл еңбекті қолдану үшін фабрикантқа жіп, қосымша машиналар мен қосымша көмекші материалдар керек. {Қосымша машиналар жұмыс күні ұзартылмаған жағдайда ғана қажет болады. Ал жұмыс күні ұзарған жағдайда машиналар тек тезірек тозады, олардың ұдайы өндіру уақыты қысқарады, бірақ сонымен бірге қосымша құн көбірек өндіріледі; машиналардың құны уақыттың неғұрлым қысқа аралығы бойында өндірілген товарлардың арасында бөлісуге тиіс болса да, бірақ оның ессіне товарлар анағұрлым көп өндіріледі; сондықтан, осы неғұрлым тез тозуға қарамастан, товардың бір өлшемінің құнына немесе бағасына машиналар құнының кемірек бөлігі кіреді. Бұл жағдайда машиналардың өзіне жаңа капиталды тікелей жұмсауға тура келмейді. Машиналардың құнының ессін біршама тезірек толтырып отыруға ғана тура келеді. Бірақ көмекші материалдар мұндай жағдайда қосымша капиталдың авансылануын талап етеді.} Тоқыма фабрикасының иесі өз өндірісінің бұл жағ-

дайларын не рынокта дайын күйінде тауып алады, — онда бұл товарларды сатып алудың басқа товарларды сатып алудан бар айырмашылығы мынада ғана болады: ол товарларды сатып алғанда *жекелей тұтыну үшін емес, өндірістік тұтыну үшін* сатып алады. Не ол бұларды рыноктан дайын күйінде таба алмайды, — онда оған бұл товарларға заказ беруіне (мәселен, конструкциясы жаңа машиналар жөнінде осылай болатыны секілді), рыноктан дайын күйінде таба алмаған жекелей тұтыну заттарына заказ беруге тура келетініндей, нақ солай заказ беруіне тура келеді. Егер шикізат (зығыр) заказ бойынша ғана өндірілуге тиіс болатын болса {өздеріне аванс беретін ағылшын көпестерінің заказы бойынша үнді райттарының \* индиго, джут және т. с. өндіретініне шамалас}, онда тоқыма фабрикасы иесінің өз кәсіпорнында биылғы жылы қор жинауы мүмкін болмас еді. Екінші жағынан, егер иіру фабрикасының иесі өзінің 5 000 ф. стерлингін капиталдаудырады, ал тоқыма фабрикасының иесі қор жинамайды деп ұйғаратын болсақ, онда жіпті сату мүмкін болмайды, — рынокта оны өндірудің барлық жағдайлары нақты бар болса да, мүмкін болмайды, сөйтіп, бұл 5 000 ф. ст., рас, жіпке айналады, бірақ капиталға айналмайды.

(Бұл арада бізге көп айтып жатудың қажеті жоқ *кредит* қорланған капиталдың өзі өндірілген салада емес, өзінің құнын арттыру мүмкіндігі бәрінен көп болған жерде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Алайда, әрбір капиталист өзінің қорланған капиталын мүмкіндігінше өзінің саласына жұмсағанды артық санайды. Егер ол өз капиталын басқа салаларға жұмсаса, онда ол ақша капиталисіне айналады да, пайданың орнына процент қана алады; немесе оған жалдаптыққа ден қоюға тура келер еді. Бірақ біз бұл арада орташа қорлану туралы айтып отырмыз, сондықтан қорланған капитал қайсыбір ерекше салада жұмсалады деп мысал ретінде ғана топшылаймыз.)

Екінші жағынан, егер зығыр өсіруші өзінің өндірісін ұлғайтса, яғни егер ол қор жинаса, ал иіру және тоқыма фабрикаларының иелері, машина жасау заводының иесі және т. б. қор жинамаса, — онда зығыр өсірушінің қоймасында зығыр басы артық болып шығар еді де, келесі жылы өз өндірісін, бәлкім қысқартқан болар еді.

{Бұл арада біз жекелей тұтынуды әзірше мүлдем есепке алмай, өндірушілердің өзара байланысын ғана қарастырамыз. Егер бұл байланыс бар болса, онда өндірушілер, біріншіден, бір-бірі жөнінде өздері біріне-бірі есесін толтыруға тиісті капиталдар үшін рынок құрайды; тіршілік құралдарының бір бөлігі үшін жаңадан жұмысқа алынған немесе жақсы жұмыстағы жұмысшылар рынок құрайды; ал қосымша құн келесі жылы көбейетін болғандық-

\* — шаруаларының. *Ред.*

тан, капиталистер өз кірісінің көбейген бөлігін тұтына алады, демек бұлар да бір-бірі үшін белгілі дәрежеге дейін рынок құрайды. Дегенмен сол бір жылғы өнімнің едәуір бөлегі өткізілмей қалуы мүмкін.}

Енді мәселені былайша тұжырымдау керек: *егер жаппай қорлану болады деп ұйғарсақ*, яғни салалардың бәрінде капиталдың азды-көпті қорлануы болып жатады деп ұйғарсақ, — ал мұның өзі капиталистік өндірістің шын мәнінде шарты болып табылады және қазына жинаушы ақша жинап алуға қалай құмартатын болса, капиталист болғандықтан капиталист бұған сондай құмарлықпен ұмтылады (бірақ мұның өзі капиталистік өндірістің ілгері басуы үшін де қажет), — онда осы жаппай қорланудың *шарттары* қандай, ол неменеге келіп саяды? Немесе, тоқыма фабрикасының иесін жалпы алғанда капиталистің өкілі деп қарауға келетін болса, оның 5 000 ф. ст. қосымша құнды кедергісіз қайтадан капиталға айналдыра алуы үшін және қорлану процесін жылмажыл үздіксіз жалғастыра алуы үшін қажетті *шарттар* қандай? 5 000 ф. стерлингті жинау деген осы ақшаны, құнның осы сомасын капиталға айналдыру дегеннің нақ өзі. *Капиталдың қорлануы үшін керекті шарттар*, демек, жалпы алғанда оның бастапқы өндірілуі үшін немесе ұдайы өндірілуі үшін қандай болса, нақ сондай шарттар.

Бірақ бұл шарттардың мәні мынада болатын: ақшаның бір бөлігіне еңбек, ал енді бір бөлігіне осы еңбек *өндірістік тұрғыдан тұтына* алатындай товарлар (шикізат, машиналар және т. б.) сатылып алынатын. {Мәселен, машиналар, шикізат, жартылай фабрикаттар және т. б. секілді кейбір товарлар тек өндірістік тұтынуға ғана жарайды. Ұйлер, жылқы, бидай, қара бидай (бұдан арақ не крахмал және басқалары жасалады) және т. б. өндірістік тұтынуға да, жекелей тұтынуға да жарайды.} Бұл товарларды сатып алуға болу үшін, олар товар ретінде [700] *рынокта* болуға тиіс — аяқталған өндіріс пен әлі басталмаған тұтыну арасындағы аралық сатыда, сатушылардың қолында, айналыс сатысында болуға тиіс — немесе олар заказ бойынша жеткізіліп берілетіндей (мәселен, жаңа фабрикаларды және т. б. салу кезіндегі сияқты заказ бойынша өндірілетіндей) мүмкіндік болуға тиіс. Капиталистік өндіріс тұсында жүзеге асырылған қоғамдық көлемдегі еңбек бөлінісінің нәтижесінде (еңбек пен капиталдың әр түрлі салалар арасында бөлінуі), бүкіл беткі қабатта *бір мезгілде* болып жатқан *қатарлас* өндірістің, ұдайы өндірістің нәтижесінде істің жайы осылай болды да — мұның өзі капиталдың өндірілуі мен ұдайы өндірілуі тұсында алғы шарт болып қызмет етті. Мұның өзі *рыноктың*, капиталдың өндірілуі мен ұдайы өндірілуінің шарты болған еді. Капитал неғұрлым көп болса, еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, жалпы алғанда капиталистік өндірістің көлемі неғұрлым ірі болса — *өндірістен тұтынуға* (жекелей және

өндірістік) *көшу сатысында, айналыста, рынокта болатын товарлардың жиынтығы да соғұрлым көбірек болады*, әрбір жеке капитал үшін оның рыноктан өз ұдайы өндірісінің барлық шарттарын дайын күйінде тауып алуына кепілдік соғұрлым көбірек болады. Мұның дұрыс бола түсетін тағы бір себебі, капиталистік өндірістің өзінің мәніне сәйкес, әрбір жеке капитал, біріншіден, жекелей сұранымнан (заказдар және т. б. жекелей қажетсінулер) емес, мүмкіндігінше көбірек еңбекті, ал осы себептен қосымша еңбекті де, жүзеге асыруға, белгілі бір капиталмен товарларды мүмкіндігінше көбірек беруге ұмтылудан туындайтын көлемде жұмыс істейді; екіншіден, әрбір жеке капитал рыноктан мүмкіндігінше көбірек орын алып, өзінің бәсекелестерін ығыстыруға, тайдыруға тырысады. *Капиталдардың бәсекесі.*

{Қатынас құралдары неғұрлым көбірек дамыса, рыноктағы запас соғұрлым көбірек қысқаруы мүмкін.

«Өндіру мен тұтыну біршама зор болған жерде онда, әрине, *біршама көп басы артық* өнім әрқашан аралық сатыда, рынокта, өндірушіден тұтынушыға беттеген жолда болады; заттардың сатылу шапшаңдығы, бұлай болмаған күнде өскелең өндірістің болуы мүмкін зардаптарын жоққа саятындай дәрежеде өспесе ғана осылай болады» («An Inquiry into those Principles, respecting the Nature of Demand and the Necessity of Consumption, lately advocated by Mr. Malthus» etc. London, 1821, 6—7-беттер).}

Сонымен, жаңа капиталдың қорлануы нақты бар капиталдың ұдайы өндірісі болатын шарттар тұсында ғана бола алады.

{Біз бұл арада өндірісте орналастыруға болатыннан көп капитал қорланып, мәселен, ол ақша түрінде тұтынылмай банкирлерде жататын жағдайға мүлдем тоқталмаймыз. Осыдан келіп шетелге заем беру және т. б., қысқасы, инвестицияланған капиталмен жалдаптық жасау шығады. Біз сондай-ақ өндірілген товардың бүкіл жиынтығын сату мүмкін емес жағдайды да, дағдарыстарды да және т. б. қарастырмаймыз. Бұл бәсеке туралы тарауға қатысты. Бұл арада біз капиталдың қозғалысының әр түрлі фазаларындағы капиталдың формаларын ғана зерттеуге тиіспіз, осының өзінде әрқашан товарлар өз құнына сатылады деп ұйғарылады.}

Тоқыма фабрикасының иесі, егер 1 000 ф. ст. сомаға келетін еңбекке қоса рыноктан жіпті және т. б. дайын күйінде тапса немесе заказ бойынша ала алатын болса, 5 000 ф. ст. қосымша құнды қайтадан капиталға айналдыра алады; бұл үшін, демек, оның тұрақты капиталына кіретін товарлардан тұратын, әсіресе өндіру үшін неғұрлым ұзақ уақыт керек болатын және мөлшерін шапшаң ұлғайтуға болмайтын немесе жалпы алғанда сол бір жылдың бойында арттыруға келмейтін товарлардан тұратын — шикізатқа, мәселен зығырға қатысты істің жайы осылай — *үстеме өнім* өндірілуге тиіс.

{Бұл арада өскелең көлемдегі жекелей және өндірістік тұты-

нуға арналған товарлардың запастарын дайын күйінде қоймаларында ұстап отыратын көпес капиталы сахнаға келіп шығады; бірақ бұл ортақтастыру формаларының бірі ғана, сондықтан бұл жерге емес, капиталдардың бәсекесін қарастыруға қатысты.}

Нақты бар капиталдың бір салада өндірілуі мен ұдайы өндірілуі басқа салаларда қатарлас өндіру мен ұдайы өндіруді көздейтіні сияқты, капиталдың бір салада қорлануы немесе үстеме капиталдың құралуы басқа салаларда үстеме өнімнің бір мезгілде немесе қатарлас өндірілуін көздейді. Сөйтіп, тұрақты капитал жеткізін беретін барлық салаларда өндірістің көлемі бір мезгілде (өндірістің жалшы осуінде әрбір ерекше салаға келетін, сұранымға қарай анықталатын орташа үлеске сәйкес) өсуге тиіс; ал тұрақты капиталды жекелей тұтыну үшін дайын өнім бермейтін салалардың барлығы жеткізіп береді. Бұл орайда машиналардың (құралдардың), шикізаттың, көмекші материалдардың арттырылуы бәрінен маңызды, өйткені олар кіретін өндірістің басқа салаларының бәрі — бұл салалар жартылай фабрикалар жасап берсе де не дайын өнімдер жасап берсе де, — осы шарттар бар болып тұрғанда не бары көбірек еңбекті іске қосуға тиіс.

Сөйтіп, қорлану болу үшін, тегінде, барлық салаларда тұрақты үстеме өндіріс қажет.

Мұны біршама егжей-тегжейлі анықтаңқырай түсуге тиіспіз.

Одан әрі екінші бір мәнді мәселе:

*Қосымша құнның*, немесе бұл жерде әңгіме пайда туралы болып отырғандықтан, *пайданың* (рентаны қоса; егер жер меншіктенуші капитал қорландырғысы, рентаны капиталға айналдырғысы келсе, онда қосымша құн әр кезде капиталистік кәсіпкердің қолына түседі; мұның өзі жұмысшы өзінің табысының бір бөлігін капиталға айналдырған жағдайдың өзінде де осылай болады) қайтадан капиталға айналдырылатын бір бөлігі соңғы жылдың ішінде жаңадан қосылған [701] еңбектен ғана тұрады. Мынадай сұрақ туады: осы жаңа капитал жалақыға түгелдей жұмсала ма, ол тек жаңа еңбекке ғана айырбастала ма?

Төмендегі жағдай оның пайдасына шығады. Құн атаулының бәрі әуел баста еңбектен пайда болады. Тұрақты капитал атаулының бәрі әуел баста өзгермелі капитал секілді, соншалық шамада еңбектің өнімі. Сондықтан біз, сірә, бұл арада тағы да капиталдың тікелей еңбектен пайда болатынының куәсы болып отырмыз.

Төмендегі жағдай оған қарсы шығады. Үстеме капиталдың құралуы ескі капиталдың ұдайы өндірілуінен гөрі өндірістің нашар жағдайларында болуға тиіс пе екен? Ол өндіріс әдісінің неғұрлым төмен сатысына оралуға тиіс пе екен? Бірақ, егер жаңа құн тікелей еңбекке ғана жұмсалса, бастапқыда еңбекке әуелі өз тұрақты капиталын жасап алуға тура келетіні сияқты, нақ осылай, демек негізгі капиталсыз және тағы басқаларсыз да әуе-



лі өзі осы капиталды өндіруге тиіс болған тікелей еңбекке ғана жұмсалса, істің жайы нақ осылай болар еді. Бұл нағыз қисынсыздық. Бірақ *Рикардонның және басқалардың алғы шарты* осындай. Бұған неғұрлым толығырақ тоқталу керек.

Бұл жерде бірінші болып туатын сұрақ мынадай:

Қосымша құнның бір бөлігі капиталға айналдырылғанда капиталист осы бөлікті немесе, дәлірек айтқанда, осы арқылы көрінген қосымша өнімді *сатудың* орнына оны керісінше капитал ретінде *тікелей* тұтынатын жолмен айналдырыла ала ма? Бұл сұраққа мақұлдап берілген жауаптың өзінде қосымша құнның капиталға айналдырылуға тиіс сомасының бәрі түгел өзгермелі капиталға айналмайды немесе жалақыға жұмсалмайды деген қорытынды болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің астық пен малдан тұратын бөлігін алсақ, бұл әуел бастан-ақ айқын. Фермер үшін егіннің қосымша өнім немесе қосымша құн болып табылатын бөлігінен түскен астық,— сондай-ақ малдың бір бөлігі,— сатуға түсудің орнына, сол сәтте-ақ тұқым немесе көлік малы ретінде қайтадан өндіріс шарты бола алады. Жердің өзінде өндірілген тыңайтқыштардың бір бөлігі жөнінде де істің жайы осылай, бұлар сонымен бірге товар ретінде саудада айналыста бола алады, яғни сатыла алады. Фермерге қосымша құн ретінде, пайда ретінде түсетін қосымша өнімнің осы [айналысқа түспейтін] бөлігін фермер сол сәтте-ақ өз өндіріс саласының ішінде қайтадан өндіріс шартына айналдыра алады, яғни *тікелей* капиталға айналдыра алады. Бұл бөлік жалақыға жұмсалмайды, өзгермелі капиталға айналмайды. Ол жекедей тұтынудан алынады, осының өзінде Смит пен Рикардонның айтатын мағынасында *өндіргіш тұрғыда* тұтынылмайды. Ол *өндірістік тұрғыда* тұтынылады, бірақ өндіргіш және өндіргіш емес қызметкерлерге арналған тіршілік құралдары ретінде емес, шикізат ретінде тұтынылады. Астық өндіргіш жұмысшылар үшін тіршілік құралы және т. б. болып қана емес, малдың жемі, арақ, крахмал және т. б. өндіру үшін шикізат та болады. Өз кезегінде мал (соғым және көлік малы) тіршілік құралы болып қана қоймай өнеркәсіптің көптеген салалары үшін шикізат, атап айтқанда: тері, былғары, май, сүйек, мүйіз т. б. және ішінара ауыл шаруашылығының өзі үшін, ішінара транспорт өнеркәсібі үшін көлік күшін береді.

*Ұдайы өндірілу уақыты* бір жылдың шеңберінен асып кететін (мәселен, мал өсірудің едәуір бөлегінде; орман шаруашылығында т. б.), бірақ өнімдері сонымен қатар үздіксіз ұдайы өндірілуге тиіс, яғни белгілі бір еңбек мөлшерін үздіксіз жұмсауды талап ететін өндіріс салаларының бәрінде,— бұл салаларда қорлану мен ұдайы өндіру үйлес келеді, өйткені, ақысы төленген ғана емес, ақысы төленбеген де еңбек болып табылатын *жаңадан қо-*

сылған еңбек өнім сату үшін дайын болған кезге дейін *in natura* қорлануға тиіс.

(Бұл арада еңгіме пайданың жалпы нормасына сәйкес [капиталға] жылма-жыл қосылып отыратын пайданың қорлануы туралы болып отырған жоқ; бұл *шын мәніндегі* қорлану емес, не бары есептеу әдісі ғана. Бұл жерде еңгіме бірнеше жыл ішінде қайталанатын еңбектің қорлануы туралы, демек ақысы өтелген еңбек қана емес, өтелмеген еңбек те *in natura* қорланып, ізінше қайтадан капиталға айналатын қорлану туралы болып отыр. Мұндай жағдайларда пайданың қорлануына келсек, онда ол, керісінше, бұл арада жаңадан қосылған еңбектің мөлшеріне [тікелей] тәуелді болмайды.)

*Техникалық өсімдіктер* жөнінде де істің жайы нақ осындай (мейлі ол шикізат берсін не көмекші материалдар берсін). Олардың тұқымы, сондай-ақ бұл өсімдіктердің қайтадан тыңайтқыш ретінде қолдануға келетін бөлігі, т. б. жиынтық өнімнің бір бөлігі болып табылады. Егер олар *сатуға түсіруге келмейтіндей болса*, онда бұл мына бір жайды әсте де өзгертпес еді: өндіріс шарты ретінде өндіріске қайта енетін болғандықтан, олар [жаңа өнімнің] жиынтық құнының бір бөлігін құрайды және осы бөлік ретінде [702] жаңа өндіріс үшін тұрақты капитал болады.

Осы арқылы бір негізгі мәселе — тегінде ауыл шаруашылығы өнімдері болып табылатындықтан шикізат пен тіршілік құралдарына (азық-түлік заттарына) қатысты мәселе шешілді де. Бұл арада, демек, қорлану ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріспен *тура* үйлес келеді, сондықтан қосымша өнімнің бір бөлігі, *жалалығына немесе басқа товарларға айырбастау арқылы өтпестен-ақ*, тікелей өз өндірісі саласында қайтадан өндіріс құралы болады.

Екінші бір негізгі мәселе — *машиналар*. Еңгіме товарлар өндіретін машиналар туралы емес, машина жасайтын машиналар, машина жасау өнеркәсібінің *тұрақты капиталы* туралы болып отыр. Егер бұл машиналар берілген болса, онда өндіруші өнеркәсіпте жұмсалатын және алуан түрлі ыдыстар мен машиналарға керекті шикізат (темір т. б.) жеткізіп беретін еңбек қана керек. Машина жасаушы машиналармен бірге шикізаттың өзін өңдеуге арналған машиналар да берілген. Бұл арада біз кезігетін қиыншылық алғы шарттардың шырғалаң шеңберіне түсіп кетпеуде. Атап айтқанда машиналарды көбірек жасау үшін көбірек материал (темір т. т., көмір т. т.) керек, ал осы қосымша материалдарды өндіру үшін көбірек машина керек. Біз машина жасайтын машиналарды шығаратын өнеркәсіпшілерді және машина жасайтын (машина жасайтын машиналардың көмегімен жасалатын) өнеркәсіпшілерді капиталистердің сол бір тобына жатады деп қабылдайтын-қабылдамайтынымыз, бұл мәселені әсте де өзгертпейді. Бір жай анық. Қосымша өнімнің бір бөлігі машина жасайтын машиналарда көрінеді (ең болмағанда қосымша өнімге осындай

форма беру машиналар фабрикантына байланысты). Бұл машина жасайтын машиналар міндетті түрде сатылуға тиісті емес, олар тұрақты капитал ретінде *in natura* қайтадан жаңа өндіріске кіре алады. Демек, бұл арада біз алдын ала өзгермелі капиталға айналу процесінен өтпей-ақ, тұрақты капитал ретінде жаңа өндіріске (қорлануға) тікелей (немесе өндірістің сол саласының өзіндегі айырбас арқылы) кіретін қосымша өнімнің екінші категориясын көріп отырмыз.

*Қосымша құнның* бір бөлігі тікелей тұрақты капиталға айналдыруға келе ме деген мәселе ең алдымен мына мәселеге келіп саяды: *қосымша өнімнің* қосымша құн бейнеленген бөлігі алдын ала алынбай тұрып, өндіріс шарты ретінде өз өндіріс саласына тікелей қайтадан кіре ала ма.

Жалшы заң мынадай:

Өнімнің бір бөлігі, ал олай болса, *қосымша өнімнің* де (яғни, қосымша құн бейнеленген тұтыну құшының) бір бөлігі ортақтастырылмайынша, өндіріс шарты ретінде, еңбек құралы немесе еңбек материалы ретінде осы өнім шыққан өндіріс саласына тікелей кіре алатын жерде, — онда өндірістің осы саласының ішіндегі қорлану мынадай форма ала алады және алуға тиіс: қосымша өнімнің бір бөлігі сатылмайды, мұның орнына өндіріс шарты ретінде ұдайы өндіріс процесіне тікелей (немесе өндірістің сол сферасындағы басқа салалардың нақ осылай қор жинайтын капиталистерімен айырбас жолымен) қайтадан қосылады, сондықтан мұнда қорлану мен ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс *тікелей* үйлеседі. Олар барлық жерде үйлеспей қоймайды, бірақ мұндай тікелей түрде үйлесуі міндетті емес.

Мұның көмекші материалдардың бір бөлігіне де қатысы бар. Мәселен, жыл ішінде өндірілген көмірге қатысы бар. Қосымша өнімнің бір бөлігі қайтадан көмір өндіру үшін пайдаланыла алады, демек, көмір өнеркәсіпшісі оны қайсыбір ортақтастырусыз, тікелей ұлғайтылған көлемдегі өндіріс үшін тұрақты капитал ретінде пайдалана алады.

Өнеркәсіпті округтерде фабриканттар үшін тұтас фабрикалар салатын машина жасаушылар кездеседі. [Олардың өнімінің]  $\frac{1}{10}$ -і қосымша өнім немесе ақысы төленбеген еңбек өкен дейік. Бұл  $\frac{1}{10}$  бөлік, яғни қосымша өнім бөгде біреулер үшін салынып, соларға сатылған фабрика үйлерінде көріне ме, немесе машина жасаушының өзі үшін салып, өзіне-өзі сатқан фабрика үйінде көріне ме, бұдан ештеңе өзгермейтіні анық. Мұндағы мәселе қосымша еңбек бейнеленген *қосымша құнның сипатында* ғана, осы тұтыну құны өндіріс шарты ретінде қосымша өнімді иемденген капиталистің [703] өндіріс саласына қайтадан кіре ала ма, міне осында ғана. Біз *тұтыну құны* категориясының *экономикалық формаларды анықтау үшін* қандай маңызды мәні бар екендігінің мысалын тағы да көріп отырмыз.

Сөйтіп, біз *капитал* ретінде *қорлану* үшін тікелей тұрақты капиталға айналдыруға болатын және айналдырылуға тиіс және онсыз капиталдың қандай да болмасын қорлануы жалпы алғанда болуы мүмкін емес қосымша өнімнің (демек, қосымша құнның да) едәуір бөлігін көріп отырмыз.

*Екіншіден*, біз капиталистік өндірістің даму дәрежесі, демек, еңбек өнімділігі де жоғары, олай болса тұрақты капитал да, әсіресе оның негізгі капиталдан тұратын бөлігі едәуір болған жерде, онда *барлық салалар үшін негізгі капиталдың қарапайым ұдайы өндірісінің* өзі — сондай-ақ негізгі капиталды өндіретін нақты бар капиталдың осымен қатарлас болып жататын ұдайы өндірісі — қорлану қорын құрайтынын, яғни ұлғайтылған көлемдегі өндіріс үшін машиналар, тұрақты капитал беретінін көрдік.

*Үшіншіден*, мына мәселе қалады:

*Қосымша өнімнің* бір бөлігі, мәселен, машиналарды, жұмыс аспаптарын және т. б. өндірушілер мен шикізат — темір, көмір, металл, ағаш және т. б. өндірушілер арасындағы (ортақтастырылған) айырбас жолымен, яғни тұрақты капиталдың әр түрлі құрамдас бөліктерін айырбастау жолымен қайтадан капиталға (тұрақты капиталға) айналдырыла ала ма? Мәселен, егер темір, көмір, ағаш және т. б. фабриканты машина жасаушыдан машиналар немесе аспаптар сатып алса, ал машина жасаушы осы шикізатты өндірушілерден металл, ағаш, көмір және т. б. сатып алса, онда мұндай жолмен олар өздерінің тұрақты капиталдарының өзара байланысты құрамдас бөліктерінің бір-біріне есесін толтырады немесе жаңа тұрақты капитал құрайды. Мұндағы мәселе мұның *қосымша өнімге* қаншалық дәрежеде қатысты екендігінде.

### (5) КАПИТАЛДАНДЫРЫЛАТЫН ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛҒА АЙНАЛУЫ

Жоғарыда \* біз *белгілі бір* капиталдың қарапайым ұдайы өндірілуі тұсында тұрақты капиталдың *тұрақты капиталды* ұдайы өндіру тұсында пайдаланылған бөлігінің *in natura* тікелей немесе тұрақты капиталды өндірушілер арасындағы айырбас арқылы есесі төленетінін көрдік; бұл кірісті кіріске немесе кірісті капиталға айырбастау емес, капиталды капиталға айырбастау. Одан әрі, тұтыну заттарын — жекелей тұтынуға кіретін заттарды өндіруде пайдаланылатын немесе өндірістік тұрғыда тұтынылатын тұрақты капитал *жаңадан қосылған* еңбектің нәтижесі болып табылатын демек кіріске (жалақыға және пайдаға) келіп саятын өнімдер секілді жаңа өнімдермен есесі толтырылады. Осыған сәйкес, тұтыну заттарын өндіретін салаларда өнімнің өз құнымен осы салаларда қолданылатын тұрақты капиталдың есесін толты-

\* Қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 108—120, 156—167 және 213—222-беттер. Ред.

ратын бір бөлігі тұрақты капитал өндірушілердің кірісі болып табылады, ал, керісінше, тұрақты капитал өндіретін салалардағы өнімнің бір бөлігі, жаңадан қосылған еңбек болып табылатын, осы себепті бұл тұрақты капиталды өндірушілердің кірісін құрайтын осы бөлігі, тіршілік құралдарын өндірушілер үшін ([тіршілік құралдарын өндіруде тұтынылған тұрақты] капиталдың есесін толтыруға қызмет ететін) тұрақты капитал болып табылады. Демек, мұның өзі тұрақты капитал өндірушілердің өзінің қосымша өнімін (яғни бұл орайда олардың өнімінің бұл өнімнің олардың тұрақты капиталына тең бөлігінен артығын) тіршілік құралдарына айырбастауын, оның құнын жекелей тұтынуын көздейді. Солай болғанымен бұл қосымша өнімде

1) жалақы (немесе жалақы үшін ұдайы өндірілген қор) болады; сондықтан бұл бөлік (капиталист тарапынан) жалақыға, яғни жекелей тұтынуға жұмсауға арналып қалдырылуға тиіс (ал егер жалақының минимумы көзделетін болса, онда жұмысшы да өзінің алған жалақысын тіршілік құралдарында ғана жүзеге асыра алады);

2) капиталистің пайдасы (рентаны қоса) болады. Бұл бөлік, егер ол жетерліктей мол болса, ішінара жекелей, ішінара өндірістік тұрғыда тұтыныла алады. Ал бұл соңғы жағдайда тұрақты капиталды өндірушілер арасында өнімдерді айырбастау болады; алайда бұл арада енді біздің көріп отырғанымыз өнімнің олардың өзара есесі толтырылуға тиіс тұрақты капиталы болып табылатын бөлігінің айырбасы емес, қосымша өнімнің бір бөлігі, кіріс (*жаңадан қосылған еңбек*), мұның өзі тікелей капиталға айпалады, осының арқасында тұрақты капиталдың жиынтығы артып, ұдайы өндіріс көлемі ұлғаяды.

Демек, бұл жағдайда да нақты бар қосымша өнімнің бір бөлігі, яғни жыл ішінде жаңадан қосылған еңбектің бір бөлігі, бұған дейін өзгермелі капиталға айналдырылмай-ақ тікелей тұрақты капиталға айналдырылады. Олай болса, қосымша өнімнің өндірістік тұрғыда тұтынылуы — немесе қорлану — бүкіл қосымша өнімді өндіргіш жұмысшылардың жалақысына жұмсаумен әсте де теңдес емес екендігі бұл арадан да көрінеді.

Мынадай жағдайды елестетуге болады: машина жасаушы өзінің товарын (оның бір бөлігін), мәселен, мата өндірушіге сатады; соңғысы оған ақша төлейді; машина жасаушы бұл ақшаға тіршілік құралдарын емес, темір, көмір және т. б. сатып алады. Алайда бүкіл процесті тұтас алып қарағанда айқын болатын жай: егер тұрақты капиталдың есесін толтыру үшін қызмет ететін элементтерді өндірушілер тіршілік құралдарын өндірушілерден олардың өндірген тіршілік құралдарын сатып алмаса, егер, демек, бұл айналыс процесі шын мәнінде тіршілік құралдары мен тұрақты капитал арасындағы айырбас болып табылмайтын болса, тіршілік құралдарын өндірушілер өздерінің тұрақты капиталы-

ның есесін толтыру үшін машина немесе шикізат сатып ала алмайды. Сатып алу және сату актілерінің бір-бірінен ажырауы салдарынан бұл сальдолау процестерінде өте елеулі ретсіздіктер мен қиыншылықтар тууы мүмкін екендігі түсінікті.

[704] Егер елде қорланған капитал ұстауға мүмкіндік беретін мөлшердегі машиналар сауып елдің өзі жасап шығара алмайтын болса, онда оларды шетелдеп сатып алады. Егер ол тіршілік құралдары (жалақыға арналған) мен шикізаттың қажетті мөлшерін өзі өндіре алмаса да, осындай жағдай болады. Бұл орайда, халықаралық сауданың келін шығуымен, мына бір жай айдан анық болады: елдің қосымша өнімінің бір бөлігі, — ол қорлапуға арналғандықтан — жалақыға емес, тікелей тұрақты капиталға айналдырылады. Бірақ онда шетелде осы мақсатпен авансыланатын ақша бейне түгелдей жалақыға жұмсалады-мыс деген түсінік қалыптасады. Сыртқы саудадан абстракцияланған күннің өзінде де мұның олай емес екенін және олай бола да алмайтынын көрдік.

Қосымша өнімнің тұрақты және өзгермелі капитал арасында қандай пропорцияда бөлінетіні, мұның өзі капиталдың орташа құрылымына тәуелді болады, сондықтан капиталистік өндіріс неғұрлым дамыған болса, тікелей жалақыға жұмсалатын бөлік *салыстырмалы түрде* соғұрлым аз болады. Қосымша өнім, жыл ішінде жаңадан қосылған еңбектің ғана өнімі болғандықтан, [қорлану кезінде] өзгермелі капиталға ғана айналады, тек жалақыға ғана жұмсалады деген көзқарас, — бұл көзқарас жалпы алғанда өнім еңбектің нәтижесі немесе материалдануы ғана болғандықтан, өнімнің құны кірістерге: жалақыға, пайда мен рентаға түгелдей сайылады деген қате түсінікке сәйкес келеді, — Смит пен Рикардо қателесіп осылай деп ойлаған болатын.

Тұрақты капиталдың едәуір бөлігі, атап айтқанда, негізгі капитал тіршілік құралдарын, шикізаты және т. б. өндіру процесіне тікелей енетіннен, не болмаса, мәселен, темір жолдар, тас жолдар, кеме жүзетін каналдар, телеграф желілері және т. б. секілді айналыс процесін қысқарту үшін, не, мәселен, пахтауыздар, қоймалар және т. б. секілді товарларды сақтау үшін және товар запастарын жасау үшін қызмет ететіндерден, немесе, ақыр соңында, мәселен, жер танаптарын тегістеу, су ағызатын каналдар қазу жұмыстары және басқалар секілді, ұзақ уақыт ұдайы өндіруден кейін барып қана жердің құнарлылығын арттыратын жайлардан құралуы мүмкін. Негізгі капиталдың осы түрлерінің біреуіне қосымша өнімнің неғұрлым көп немесе неғұрлым аз бөлігінің жұмсалатынына қарай мұның бәрінің тіршілік құралдарын ұдайы өндіруге және т. б. тікелей және жақын арада болатын ықпалы барынша әр түрлі болмақ.

**[6] ДАҒДАРЫСТАР ПРОБЛЕМАСЫ (КІРІСПЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР).  
ДАҒДАРЫСТАР ТҰСЫНДА КАПИТАЛДЫҢ ҚИРАТЫЛУЫ]**

Егер алғы шарт ретінде тұрақты капиталдың *үстеме өндірісі* берілген болса, яғни ескі капиталдың есесін толтыру үшін, ал олай болса тіршілік құралдарының бұрынғы мөлшерін өндіру үшін де қажет болғанынан артық өндіру берілген болса, онда машиналар, шикі материалдар т. т. [жекелей тұтыну заттарын өндіру үшін] пайдаланылатын салалардағы үстеме өндіріс немесе қорлану одан әрі ешқандай қиыншылық келтірмейді. Егер керекті үстеме еңбек нақты бар болса, онда көрсетілген салалардың капиталистері жаңадан капитал құрау үшін, өздерінің қосымша құн сіңірілген ақшаларын жаңа капиталға айналдыру үшін рыноктап қажетті құралдардың бәрін табады.

Бірақ бүкіл қорлану процесі ең алдымен мынадай *үстеме өндіріске*: бір жағынан, халықтың табиғи өсуіне сәйкес келетін, ал екінші жағынан *дағдарыстарда* сыртқа шығатын құбылыстар үшін имманенттік негіз құрайтын үстеме өндіріске келіп саяды. Бұл үстеме өндірістің өлшемі *капиталдың* өзі, өндіріс шарттарының нақты бар көлемі және капиталистердің баюға, өз капиталын көбейтуге барынша тырысуы болып табылады; халықтың дені, жұмысшы халық өзінің тұтынуын өте тар шеңберде ғана кеңейте алатын, ал екінші жағынан капитализм дамыған сайын еңбекке деген сұраным *абсолютті* өскенімен, *салыстырмалы тұрғыдан* кеміп отыратын болғандықтан, күн ілгері құлдыраған *тұтыну* әсте де ондай өлшем болмақ емес. Бұған тағы мына жайлар келіп қосылады: диспропорциялардың теңелулерінің бәрі *кездейсоқ* сипатта болады және капиталдың жекелеген салалардағы қолданылатын арақатынастары қайсыбір тұрақты процесс арқылы бірдейленгенімен, осы процестің тұрақтылығының өзі нақ осылай тұрақты диспропорциялардың болуын көздейді, бұларды оның үшемі, скінің бірінде күштеу арқылы бірдейлеп отыруына тура келеді.

Бұл арада біз капиталдың өз дамуының әр түрлі сатыларында өтетін формаларын ғана қарастыруға тиіспіз. Демек, бұл арада өз шеңберінде өндірістің шын мәніндегі процесі өтіп жататын нақты қатынастарға талдау жасалмайды. Әрқашанда товар өзінің құшына сатылады деп топшыланады. Кредит сияқты капиталдардың бәсекесі де қараудан тыс қалады. Қоғамның шын мәніндегі құрылымы да қаралмайды, ал қоғам әсте де төк жұмысшы табы мен өнеркәсіпші капиталистер табынан құралмайды, олай болса онда тұтынушылар мен өндірушілер теңдес емес: бірінші категория, тұтынушылар категориясы (бұлардың кірістері ішінара бастапқы емес, екінші, пайда мен жалақыдан туындайтын кірістер болып табылады) екіншіден [яғни өндірушілер категориясынан] едеуір кең, осы себепті оның өз кірісін жұмсау әдісі және бұл

кірісінің мөлшері істердің экономикалық тұрғыдағы барысында және әсіресе капиталдың айналыс және ұдайы өндірісі процесінде барынша көп өзгерістер туғызады. Алайда ақшаны қарастырыған кездің өзінде <sup>124</sup> ол жалпы алғанда товардың натуралдық формасынан басқаша форма болып табылатындықтан да және өзінің төлем құралы формасында да біз онда дағдарыстардың мүмкіндігі болатынын анық болсақ, онда мұның өзі капиталдың жалпы табығатын қарастырыған кезде, шын мәніндегі өндіріс процесінің барлық алғы шарттарын құрайтын одан ілгергі нақты қатынастарды анықтағанға дейін-ақ бұдан да гөрі анық аңғарылады.

[705] Давид Рикардо ұғып алған (анығын айтқанда, Джэмс Милльге тиісті) оңбаған Сәйдің көзқарасы (түкке тұрмайтын осы адам туралы айтқанда біз ол көзқарасқа ораламыз), бейне *артық өндіру* мүмкін емес, немесе, ең болмағанда, *рыноктың жаппайлық толуы* мүмкін емес дейтін көзқарас *өнімдер өнімдерге айырбасталады* <sup>125</sup> деген қағидаға — немесе Милльдің осылай деп ұққаны сияқты «сатушылар мен сатып алушылардың метафизикалық тепе-теңдігіне» <sup>126</sup> негізделген; осыдан келіп сұрапымды өндірістің өзі ғана анықтайды немесе сұрапым мен ұсыным барабар деген одан арғы қорытынды шығарылды. Нақ осы қағида, әсіресе Рикардоның сүйіп айтатынындай, капиталдың қандай болмасын сомасы кез келген елде өнімді қолданыла алады деген формада да кездеседі.

«Сәй мырза»,— дейді Рикардо 21-ші тарауда («Қорланудың пайда мөп процентке ықпалы»),— «сұраным өндіріспен ғана шектеулі болғандықтан, елде қолданылуы мүмкін емес капитал сомасының болмайтынын өте-мөте көз жеткізе көрсетіп берді. Әрбір кісі тұтыну не сату мақсатымен ғана өндіреді, ал сатқанда өзіне тікелей пайдалы болатын не болашақ өндірісте кәдеге жарайтын басқа қайсыбір товар сатып алу мақсатымен ғана сатады. Сонымен, өндіргенде ол не өз өнімдерінің тұтынушысы не басқа бір адамның өнімдерін сатып алушы және тұтынушы болмай қоймайды. Көздеген мақсатына жету үшін, атап айтқанда, басқа өнімдер сатып алу үшін ол ұзақ уақыт бойына қандай товарлар өндіру өзіне барынша тиімді болатыны жөнінде бейхабар жүреді деп ойлауға болмайды. Сондықтан, ол сұраным болмайтын товарды үнемі өндіре беретін болады» (бұл арада жалпы алғанда әңгіме мәңгілік өмір туралы болып отырған жоқ) «деп ойлау қисынсыз» (339—340-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 239-бет].

Барлық жерде дәйекті болуға тырысатын Рикардо бұл арада өзі бедел тұтатын Сәйдің өзін алдап кеткенін көреді. Жоғарыда келтірілген тұсқа ескертуінде ол былай дейді:

«Сәй мырзаның баяндаған принципімен оның: «Еркін капитал оның қолданылу мүмкіндігімен салыстырғанда неғұрлым көбірек артық болса, қарызға берілетін капиталға келетін процент нормасы соғұрлым көбірек құлдырауға тиіс» (*Сәй* [Traité d'économie politique. Seconde édition. Paris. 1814], II том, 108-бет) «деген пайымдауы әбден үйлесе ме? Егер белгілі бір елде капитал кез келген мөлшерде қолданыла алатын бола, онда қолданылу мүмкіндігімен салыстырғанда оның шамадан тыс көп болуы жайлы қалай айтуға болады?» (340-бет, ескерту) [Орысша аудармасы, I том, 239-бет].



Рикардо Сэйге сілтеме жасайтындықтан, біз бұдан әрі Сэйдің қозқарастарын қарастыруға келгенде осы дүмшенің өзінің қағидаларын сынаумен шұғылданамыз.

Бұл арада әзірше мынаны ғана айтайық:

Капиталды қорландыру кезіндегі сияқты оны ұдайы өндіру кезінде де мәселе капиталды құрайтын тұтыну құндарының *сол бұрынғы* жиынтығының есесін толтыруда ғана емес, оны бұрынғы немесе ұлғайтылған (қорлану кезінде) көлемде есесін толтыруда ғана емес, сонымен бірге әдеттегі пайда нормасымен (әдеттегі қосымша құнмен) қоса авансыланған капиталдың *құнының* есесін толтыруда. Олай болса, қайсыбір жағдайдың немесе жағдайлардың тоғысуының әсерінен товарлардың рыноктық бағалары (барлығының не көбінің болуы мүлдем бәрібір) олардың шығындарының бағаларынан едәуір төмен құлдырап кетсе, онда бір жағынан, капиталдың ұдайы өндірісі бұл қаншалық мүмкін болса, соншалық қысқарады. Бірақ қорлану бұдан да гөрі қиындай түседі. Ақша формасында (алтын немесе банк билеттері) қорланған қосымша құн зиянымен бірге ғана капиталға айналар еді. Сондықтан ол қазына не болмаса кредит ақша формасында банкіде құр босқа жатады, мұның өзі істің мәніне ешқандай өзгеріс енгізбейді. Нақ осындай қиыншылық қарама-қарсы себептердің әсерінен де, ұдайы өндірудің *нақты алғы шарттары* болмаған жағдайда да (мәселеп астықтың қымбаттауынан немесе тұрақты капиталдың *in natura* жеткілікті мөлшерінің қорланбағанынан) туар еді. Ұдайы өндіруде, ал осы себепті айналыс ағымында да кідіріс басталады. Сатып алу мен сату бір-біріне антагонистік тұрғыдан қарама-қарсы тұрады да, жұмсалмаған капитал құр бос жатқан ақша формасында көрінеді. Дәл осындай құбылыс мынадай жағдайда да болуы мүмкін (және бұл көбіне дағдарыстардың алдында болады): үстеме капиталдың өндірілуі өте тез болып, оның өндіргіні капиталға қайта айналуы соңғының барлық элементтеріне деген сұрапымды арттыратыны соншалық, шын мәніндегі өндіріс оған ілесе алмайды, осы себептен капиталды құрау процесіне енетін товарлардың бәрінің бағасы тез өседі. Бұл жағдайда пайда қаншалық өссе де, проценттік ставка өте-өте төмендейді де, проценттік ставканың бұл төмендеуі тәуекелі барынша көп жалдаптық әрекеттерге әкеліп соғады. Ұдайы өндірістегі кідіріс өзгермелі капиталдың кемуіне, жалақының төмендеуіне және қолданылатын еңбек жиынтығының азаюына әкеліп соғады. Бұл өз кезегінде бағаға жаңадан ықпал жасап, оның жаңадан төмендеуін туғызады.

Капиталистік өндіріс тұсында тұтыну құны туралы емес, айырбас құны туралы және әсіресе қосымша құнды арттыру туралы тікелей әңгіме болатынын ешқашан ұмытпау керек. Капиталистік өндірістің қозғаушы себебінің өзі де осы, сондықтан пайымдаулар арқылы капиталистік өндірістің қарама-қарсылықтарынан

құтылғысы келетін, оның негізін елемей, капиталистік өндірісті өндірушілердің тікелей тұтынуын қамтамасыз ету мақсатын көздейтін өндіріс деп көрсеткісі келетін концепция жамап болып көрінбейді.

Одан әрі: капиталдың айналыс процесі бір күн емес, керісінше капиталдың өзіне қайта келуіне [өндіріс сферасына] дейінгі аздық көпті ұзақ кезеңді қамтитындықтан; бұл кезең рыноктық бағалар [706] шығындардың бағасына теңесетін кезеңмен сәйкес келетін болғандықтан; бұл кезеңнің бойында *рынокта* ірі-ірі төңкерістер мен өзгерістер болатындықтан, еңбек өнімділігінде, ал осы себепті товарлардың *нақты құнында* да ірі-ірі өзгерістер болатындықтан, онда бастама пункттен — бастапқы берілген капиталдан — осындай кезеңдердің бірі аяқталғаннан кейін өзіне оралуына дейін ірі апаттар болуға тиіс екендігі және өнімдер өнімдерге айырбасталады деген болымсыз сөзбен әсте жойылмайтын дағдарыс элементтері қорланып, дамуға тиіс екендігі айдан анық болады. Бір кезеңдегі товарлардың *құнын* сол товарлардың неғұрлым кейінгі кезеңдегі құнымен салыстыру, Бейли мырза схоластикалық ойдан шығарылған пәрсе деп санайтын<sup>127</sup> осы салыстыру, бұған керісінше, капитал айналысы процесінің негізгі принципінің құрайды.

*Капиталдың* дағдарыстардан болатын *күйреуі* туралы сөз болғанда екі нәрсені айыра білу керек.

Ұдайы өндіріс процесінде қиыншылықтар болып, еңбек процесі қысқаратын, ал кей жерде мүлдем тоқталатын болғандықтан *шын мәніндегі* капитал құруға ұшырайды. Қолданылмайтын машиналар — капитал емес. Қаналмайтын еңбек жоғалған өндіріс деген сөз. Пайдаланылмай жататын шикізат капитал емес. Не пайдаланылмай тұрған, не аяқталмай қалған үйлер (сондай-ақ жаңадан жасалып жатқан машиналар), қоймаларда шіріп жатқан товарлар, — мұның бәрі капиталдың күйреуі болып табылады. Мұның бәрі ұдайы өндіру процесіндегі іркілісті білдіреді, өндірістің *нақты бар* шарттарының іс жүзінде өндіріс шарттары ретінде әрекет етпейтінін, өндіріс шарттары ретінде іске қосылмайтынын білдіреді. Бұл орайда олардың тұтыну құны мен айырбас құны құриды.

Ал, екіншіден, *капиталдың* дағдарыстардан болатын *күйреуі құндар жиынтығының* бағасыздануын білдіреді, мұның өзі бұлар капитал ретінде өзінің ұдайы өндірілу процесін сол көлемде қайта бастауға одан әріде кедергі болады. Бұл — товар бағаларының күйрей құлдырауы. Бұл орайда тұтыну құндары күйремейді. Біреудің айрылғанын екінші біреу олжаланады. Капиталдар ретінде әрекет ететін құндар жиынтықтары сол қолдарда тұрып өзін *капитал* ретінде жаңғырта алмайды. Ескі капиталистер банкротқа ұшырайды. Егер қайсыбір капиталистің сату арқылы өз капиталын ұдайы өндіретін товарларының құны 12 000 ф. ст. болса,

оның айтайық, 2 000 ф. стерлингi пайда болса және егер бұл товарлардың бағасы 6 000 ф. стерлингке дейін құлдыраса, онда бұл капиталист өзінің шарттық міндеттемелері де өтей алмайды, тіпті оның борыштары болмаған күнде қолында 6 000 ф. стерлингi болса істі бұрынғы көлемде қайта бастай алмайды, өйткені товарлардың бағасы олардың шығындарының бағасы деңгейіне дейін қайта көтеріледі. Бұл товарларды сатып алған адам оларды өз шығындары бағасының жартысына сатып алғандықтан, істің жаңадап жаңдануы кезінде барынша табысты болып, тіпті олжаға кенелетін болса да, 6 000 ф. ст. капитал сонымен құриды. Қоғамның номиналдық капиталының, яғни бар капиталдың *айырбас құнының* едәуір бөлігі біржола құриды, дегенмен нақ осы құру, ол тұтыну құндарын қозғамайтын болғандықтан, жаңа ұдайы өндіріске барынша жәрдемдесуі мүмкін. Мұның өзі сонымен қатар ақшалы адамдар өнеркәсіпшілер есебінен байып қалатын кезең. Таза фикциялы капиталдың — мемлекеттік проценттік қағаздардың, акциялардың және т. б. — құлдырауына келсек, — ол мемлекеттің және акционерлік қоғамдардың банкрот болуына әкеліп соқпаған, осындай қағаздары бар өнеркәсіп капиталистерінің кредитін күйретіп, осы арқылы жалпы ұдайы өндіріске бөгет жасамаған жағдайларда, — онда ол байлықтың бір қолдан екінші қолға көшірілуі ғана болып табылады және жалпы алғанда ұдайы өндіріске қолайлы әсер етеді, өйткені осы акцияларды немесе қағаздарды арзан бағамен қолдарына түсіріп алған әлдеқалай көтерілген адамдар көпшілік жағдайда олардың бұрынғы иелерінен гөрі неғұрлым ебін тапқыш болады.

### (7) БАСЫ АРТЫҚ КАПИТАЛДЫҢ БОЛАТЫНЫН МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП, ТОВАРЛАРДЫҢ АРТЫҚ ӨНДІРІЛУІН БЕКЕРГЕ ШЫҒАРУДЫҢ ҚИСЫНСЫЗДЫҒЫ]

Рикардо өз алдына талдап-шешкен өз қағидаларында әрдайым дәйекті. Сондықтан онда *артық өндірудің* (товарларды) мүмкін еместігі туралы қағида капиталдың шамадан тыс молдығының немесе басы артық болуының мүмкін еместігі туралы қағидамен барабар\*.

«Егер қажетті заттарға бағаның көтерілуі салдарынан жалақының өте-мөте елеулі арттырылуы болмаса, осының нәтижесінде капиталға келетін пайданың аз қалатыны соншалық, қор жинауға деген стимул жоғалатындай болмаса, елде капиталдың өндіргіш тұрғыдан қолдануға болмайтындай мөлшерде қорлануы мүмкін емес» (340-бет) [Орысша аудармасы, I том, 239-бет].

\* Бұл арада мынаны ажырату керек: Смит пайда нормасының құлдырауын капиталдың басы артық болуымен, капиталдың қорлануымен түсіндіргенде, онда әңгіме *перманенттік* әсер туралы болады, сондықтан бұл дұрыс емес; керісінше, капиталдың өткініші басы артық болуы, артық өндіру, дағдарыс бұл басқа бірдеңе. Перманентті дағдарыстар болмайды.

«Айтылғанның бәрінен келіп шығатыны: капитал қандай да бір пайда келтіріп тұрған кезде сұрапым үшін шек жоқ, капиталдың қолданылуы үшін шек жоқ және капитал қаншалық молшылық болса да, пайданың құлдырауы үшін жалақының арттырылуынан басқа жеткілікті себеп жоқ, ал бұған одан әрі былай деп қосуға болады: жалақының арттырылуының бірден-бір жеткілікті және тұрақты себебі жұмысшылардың өскелең саны үшін тамақ пен қажет заттарды табудың [707] өскелең қиыншылығы болып табылады» (347—348-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 244-бет].

Мұндай жағдайда Рикардо артық өндіруді бір формада (рыноктың товарлармен жалпылық толуы түрінде) бекерге шығаратын, сөйте тұра оны капиталдың артық өндірілуі, капиталдың шамадан тыс молдығы, капиталдың басы артық болуы формасында болады деумен ғана қоймай, мұны өз ілімдерінің мәнді пункті деп жариялайтын өзінен кейінгі экономистердің топастығы жөнінде не айтар еді?

Рикардодан кейінгі кезеңнің бірде-бір парасатты экономисі капиталдың шамадан тыс молдығын бекерге шығармайды. Керісінше, олардың бәрі дағдарыстарды капиталдың шамадан тыс молдығымен түсіндіреді де (дағдарыстарды кредит құбылыстарынан қорытып шығармағандықтан). Сөйтіп, олардың бәрі артық өндіруді бір формада мойындағанымен, оны басқа бір формада бекерге шығарады. Демек, артық өндірудің екі формасының бір-біріне қатынасы қандай, ол төріске шығарылатын форма ол мақұлданатын формаға қандай қатынаста? деген мәселе ғана қалады.

Рикардоның өзі сөздің өз мағынасында дағдарыстар туралы, дүние жүзілік рыноктың өндіріс процесінің өзінен шығатын жаппай дағдарыстары туралы ештеңе білген жоқ. 1800—1815 жылдардағы дағдарыстарды Рикардо егін шықпағандықтан астықтың қымбаттауынан, қағаз ақшаның құнсыздануынан, отарлық товарлардың құнсыздануынан және т. б. деп түсіндіре алатын, өйткені, континенттік блокаданың салдарынан рынок экономикалық емес, саяси себептерден күштеумен тарылған болатын. 1815 жылдан кейінгі дағдарыстарды да ол өзіне ішінара астықтың жетіспеушілігін туғызған егін шықпай қалған жылдан болды деп, өзінің теориясы бойынша соғыс және Англияның континенттен бөлініп қалуы кезінде астық бағасының тым өсуіне әкеліп соғуға тиісті себептер әрекет етуден қалғаннан кейін ішінара астық бағасының құлдырауынан болды деп, ішінара соғыстан бейбітшілікке көшуден және осыған байланысты «сауда барысында кенеттен болған өзгерістерден» болды деп түсіндіре алатын еді (Оның «Principles»-індегі «Сауданың барысында кенеттен болған өзгерістер туралы» деген 19-тарауын қараңыз).

Бөртіндегі тарихи құбылыстар, әсіресе дүние жүзілік рыноктың дағдарыстарының дұрыс деуге келетін мерзімділігі Рикардодан кейінгі экономистерге фактілерді бекерге шығаруға немесе кездейсоқ құбылыстар деп түсіндіруге мүмкіндік бермеді. Мұның

орнына олар, — бұдан кейін ізінше біздің өзіміз де капиталдың басы артық болуын топшылауға мәжбүр боламыз деп жариялау үшін мәселенің бәрі кредитте деп түсіндіретіндерді айтпай-ақ қойғанда, — *капиталдың шамадан тыс молдығы мен артық өндірудің* арасындағы керемет айырмашылықты ойлап шығарды. Артық өндіруге қарсы олар Рикардо мен Смиттің өздері сақтап жүрген сөздері мен дәлелдерін келтіреді, ал капиталдың шамадан тыс молдығынан олар қарама-қарсы жағдайда түсіндіруге келмейтін құбылыстарды шығаруға тырысады. Мәселен, Уилсон дағдарыстардың қайсыбірін негізгі капиталдың шамадан тыс молдығымен, ал басқаларын айналмалы капиталдың шамадан тыс молдығымен түсіндіреді. Капиталдың шамадан тыс молдығының өзін таңдаулы экономистер (мәселен, Фуллартон сияқты) мойындайды және оның барша жұрт қабылдаған соқыр сенім болғаны соншалық, бұл сөз ғалым мырза Рошердің компендиумында <sup>128</sup> өзінен-өзі түсінікті бірдеңе ретінде көрінеді.

Сонымен, капиталдың шамадан тыс молдығы деген не және оның артық өндіруден айырмасы неде? деген сұрау туады.

(Айтсақ та, әділдік, мәселен, Юр, Қорбет секілді және басқа экономистердің әңгіме ішкі рынок туралы болғандықтан, артық өндіруді *ірі өнеркәсіптің қалыпты жағдайы* деп жариялайтынын айта кетуді талап етеді. Олай болса, бұл артық өндіру белгілі бір жағдайларды ғана, сыртқы рынок та тарылған кезде ғана дағдарыстарға әкеліп соғатын болып шығады.)

Нақ сол экономистердің айтуына сәйкес капитал — бұл ақша немесе товарлар. Капиталды артық өндіру деген, демек ақшаны не товарларды артық өндіру. Соған қарамастан бұл екі құбылыстың өзара ортақ ештеңесі бейне жоқ болып көрінеді. Бұл экономистерде ақшаның артық өндірілуі туралы сөз де болмақшы емес, өйткені ақшаны олар товар деп қарайды, сондықтан бүкіл құбылыс товарлардың артық өндірілуіне әкеліп сайылады, ал бұл артық өндіруді олар бір атауда мойындайды, ал енді бір атауда теріске шығарады. Егер одан әріде негізгі капиталдың немесе айналмалы капиталдың артық өндірілуі болады делінетін болса, онда бұл пайымдаудың негізіне алынатыны: товарлар мұнда енді осы қарапайым анықтамасында емес, өздері капитал ретінде көрінетін анықтамасында қаралады. Бірақ осы арқылы, екінші жағынан, өз кезегінде былай деп мойындалады: капиталистік [708] өндірісте және оның құбылыстарында, — мәселен, артық өндіруде, — мәселе өнім *товар* ретінде көрінетін, товар анықтамасын алатын қарапайым қатынас туралы ғана емес, оның қоғамдық анықтамалары туралы, ол товардан гөрі *үлкенірек* бірдеңе болып, қарапайым товардан басқаша болып шығатын осы анықтамалар туралы болады.

Жалпы алғанда «*товарларды артық өндіру*» деген сөздің орнына «*капиталдың шамадан тыс молдығы*» деген сөзде біршама

дәрежеде бір ғана таза сөзбен жалтару немесе бір ғана ұятсыз тайыз ойлылық болып қана отырған жоқ деп табуға болады: бұл тайыз ойлылық сол бір құбылыстың өзін ол *a* деп аталғанда бар және қажет деп мойындайды, ал *b* деп аталса, оны теріске шығарады; сондықтан іс жүзінде мұнда құбылыстың өзіне қатысты емес, оның *атына* қатысты ғана күмәндану мен сенімсіздік бар; бұл ұятсыз тайыз ойлылық құбылысты түсіндірудің қиын міндетінен мынадай амалмен: осы құбылысты бір формада (бір атауымен), атап айтқанда бұл экономистердің соқыр сенімдеріне қайшы келген жағдайда теріске шығару және ешқандай ой болмайтын формада ғана мойындау арқылы жалтаруға тырысады. Егер мұның бәрін былай қалдырсақ, онда «*товарларды артық өндіру*» деген сөзден «*капиталдың шамадан тыс молдығы*» деген сөзге көшуде шын мәнінде қайсыбір *ілгері басқан қадам* бар. Бұл *ілгері басушылық* неде? Товар өндірушілердің бір-біріне қарапайым товар иеленушілер ретінде емес, капиталистер ретінде қарсы тұратынын мойындауда.

**[8] РИКАРДОДА ЖАППАЙ АРТЫҚ ӨНДІРУДІ БЕКЕРГЕ ШЫҒАРУ.  
ДАҒДАРЫСТЫҢ ТОВАР МЕН АҚШАНЫҢ ІШКІ  
ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫНДА БОЛАТЫН МҮМКІНДІГІ]**

**Рикардоның тағы бірнеше қағидасы мынадай:**

«Адам Смит бейне біз қайсыбір тұрғыда артық астық, жүн және металл бұйымдарын өндіруге мәжбүр боламыз» (бұл іс жүзінде осылай) «және бұл товарларды өндіретін капитал бейне өзіне басқаша қолданылу амалын таба алмас еді деп пайымдайды... деп ойлап қалуға болады. Сөйтсе де қайсыбір капиталды қолдану әдісі әр уақытта еркін таңдалатын іс, сондықтан да қайсыбір товардың *азды-көпті ұзақ уақыт бойында* басы артық болуы еш уақытта болмақ емес; өйткені, егер мұндай артық болу орын алса, товардың бағасы оның табиғи бағасынан төмендеп кетер еді де, капитал қайсыбір неғұрлым тиімдірек кәсіпке ауысар еді» (341—342-беттер, *ескерту*) [Орысша аудармасы, I том, 240-бет].

«*Өнімдер әрқашан өнімдерге немесе қызметтерге сағып алынады: ақша — оның көмегімен айырбас жүзеге асырылатын делдал ғана*»

(мұның ақша айналыс құралы ғана, ал айырбас құнының өзі өнімді өнімге айырбастаудың өткінші формасы ғана деген мағынасы бар, бұл дұрыс емес).

«Қайсыбір жеке товар артық мөлшерде өндірілуі мүмкін, осыдан келіп рынокта бұл товар оған жұмсалған капиталдың есесі қайтпайтындай басы артық болып шығуы мүмкін; бірақ барлық товарлар жөнінде бұлай болмақ емес» (341—342-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 240-бет].

«*Өндірістің артуы мен осыдан болатын сұранымның артуынан пайда азыа ма, жоқ па — бұл жалақының артуына ғана байланысты, ал соңғының артуы, қысқа мерзімдік артуын айтпағанда, өз кезегінде жұмысшыларға арналған тамақ пен қажет заттарды өндірудің оңайлығына байланысты*» (343-бет) [Орысша аудармасы, I том, 241-бет].

«Егер көпестер өз капиталдарын сыртқы саудаға не кеме қатынасына

қосса, онда олар мұны қажеттіліктің қысымымен емес, әрқашан өздерінің еркін қалауымен істейді; олар бұл салалардан алатын пайдасы ішкі саудадағыдан біршама көп болатындықтан, осылай істейді» (344-бет) [Орысша аудармасы, I том, 241-бет].

Дағдарыстарға келсек, онда бағалардың шын мәніндегі қозғалысын сипаттайтын авторлардың бәрі, немесе дағдарыстың белгілі бір кезеңдерінде жазатын практиктердің бәрі жалған теориялық мылжыңды әділіне көшіп елемей, рыноктың шамадан тыс толуы мүмкін емес және т. б. деген ілім абстрактылы теорияда дұрыс болғанымен, практикада қате деп мәлімдеумен қанағаттанды. Дағдарыстардың жүйелі түрде қайталану фактісінің өзі Сәйдің және басқаларының мылжыңдарын іс жүзінде өрлеу уақытында ғана қолданылып, дағдарыстар кезінде лақтырып тасталатын бос сөздер деңгейіне құлдыратты.

[709] Дүние жүзілік рыноктың дағдарыстарында буржуазиялық өндірістің қарама-қайшылықтары мен антагонизмдері сыртқа анталай шығады. Бірақ, күйреу болып соғатын антагонистік элементтердің не екенін зерттеудің орнына апологеттер күйреудің өзін бекерге шығарумен қанағаттанады да, оның заңды мерзімділігіне қарама-қарсы өндіріс оқулықтар бойынша бағытталамын болса, істің жайы дағдарысқа дейін еш уақытта жетпес еді деп қасарыса пайымдайды. Мұндағы апологетика бұдан әрі ең қарапайым экономикалық қатынастарды бұрмалауда және әсіресе қарама-қарсылыққа қарамастан бірлік бар деуде болып отыр.

Егер, мәселен, сатып алу мен сату, немесе товар метаморфозының қозғалысы екі процестің бірлігі немесе, дұрысырағы, бір процестің қарама-қарсы екі фаза арқылы өтуі болса, егер бұл қозғалыс, демек, мәнді тұрғыда екі фазаның бірлігі болса, онда мұның өзі соншалық мәнді тұрғыда бұл екі фазаның бөлінуі мен бір-біріне қарсы оқшаулануы, олардың бір-біріне қатысты дербес бірдеңге айналуы болып табылады. Ал олар қалай дегенмен бірімен-бірі іштей байланысты болса, онда іштей байланысты моменттерді оқшаулау күштеумен ғана, қирату процесі ретінде көріне алады. Олардың бірлігінің, әр түрлі моменттердің бірлігінің пәрменді күші нақ сол *дағдарыста* сыртқа шығады. Өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын моменттердің бірін-бірі жөнінде дербестік алуы, осы дербестік күштеп жойылады. Олай болса дағдарыс бір-бірі жөнінде дербес болған моменттердің бірлігін аңғартады. Бір-бірі жөнінде бейтарап болып көрінетін моменттердің осы ішкі бірлігі болмайынша дағдарыс та болмас еді. Жоқ, олай емес, дейді экономист-апологет. Бірлік орын алып отырғандықтан, дағдарыс орын ала *алмайды*. Ал мұның өзі өз кезегінде қарама-қарсы моменттердің бірлігі олардың қарама-қарсылығын болдырмайды деп пайымдаудан басқа ештеңені білдірмейді.

Капиталистік өндіріс жаппай дағдарыстарға апарып соғуы

мүмкін емес деп дәлелдеу үшін оның барлық шарттары мен оның қоғамдық формасының барлық анықтамалары, оның барлық принциптері мен *differentiae specificaе*\* бекерге шығарылады, бір сөзбен *капиталистік өндірістің* өзі бекерге шығарылады да, шын мәнінде, егер капиталистік өндіріс әдісі қоғамдық өндірістің өзіне тән тұрғыда дамыған, өзінше бір формасы болмай, капитализмнің ең ертеректегі бастамаларының алдында болатындай өндіріс әдісі болса, онда оған тән антагонизмдер, қарама-қайшылықтар, ал осы себепті олардың дағдарыстарда аңдыздап көрінуі де болмас еді деп дәлелденеді.

«Өнімдер»,— дейді Рикардо Сэйге ілесе,— әрқашан өнімдерге немесе қызметтерге сатып алынады; ақша — оның көмегімен айырбас жүзеге асырылатын делдал ғана» [Орысша аудармасы, I том, 240-бет].

Демек, мұнда, біріншіден айырбас құны мен тұтыну құны арасында қарама-қарсылық болатын *товар* әншейін өнімге (тұтыну құнына) айналдырылады, ал *товар* алмасу, демек, әншейін өнімдермен айырбас саудасына, тұтыну құндарымен айырбас саудасына ғана айналады. Бізді көрі қарай, капиталистік өндіріске дейін ғапа емес, тіпті қарапайым *товар* өндірісінің өзіне дейінгі болған жағдайға қарай кері шегіндіреді, сөйтіп капиталистік өндірістің өте күрделі құбылысынан — дүние жүзілік рыноктың дағдарысынан — капиталистік өндірістің бірінші шартын, атап айтқанда өнім *товар* болуға тиіс, сондықтан ақша ретінде көрініп, метаморфоз процесін жасауға тиіс деген шартты әншейін бекерге шығарумен құтылмақ болады. Жалдама еңбек туралы айтудың орнына, «қызметтер» туралы айтады, бұл жалдама еңбек пен оны тұтынуың өзіне тән анықтығы, атап айтқанда оның өзі айырбас талатын *товарлардың* құнын арттыратын, қосымша құн туғызатын қасиеті тағы да алынып тасталатын сөз — ал осы арқылы мұның арқасында ақша мен *товар* капиталға айналатын ерекше қатынас та алынып тасталады. «Қызмет» — бұл *тұтыну құны* ретінде ғана алынған еңбек (ал мұның өзі капиталистік өндірісте қосалқы бірдеңе болып табылады), нақ осы сияқты «өнім» деген сөзде *товардың* мәні және ондағы қарама-қарсылық бүркемеленген болып шығады. Мұндай жағдайда *ақшаның* өнімдерді айырбастаудың делдалы ғана деп қаралатыны, өзін айырбас құны ретінде, жалпыға бірдей қоғамдық еңбек ретінде көрсетпей қоймауға тиіс *товардың* болуының мәнді де қажетті формасы деп қаралмайтыны әбден дәйекті. *Товарды* не бары тұтыну құнына (өнімге) осылай айналдыру арқылы айырбас құнының мәні [710] сызылып тасталғандықтан, *товардың* мәнді формасы, метаморфоз процесінде *товардың* бастапқы формасына қатысты *дербес* формасы ретінде *ақшаны* бекерге шығару соншалық оңай мүмкін — немесе, дұрысырағы қажет — болып шығады.

\* — өзіне тән ерекшеліктері. Ред.



Демек, бұл арада өз пайымдауларында дағдарыстардан құтылмақ болғанда капиталистік өндірістің бастама негіз алғы шарттары — өнімнің товар ретінде болуын, товардың товар және ақша болып қосарлануын, осыдан келіп товар айырбасындағы саралану моменттерін, ақыр соңында ақшаның не товардың жалдама еңбекке қатынасын ұмытады немесе бекерге шығарады.

Дегенмен, дағдарыстарды оның қарапайым, товарлардың метаморфозында болатын *мүмкіндіктерімен*, — мәселен, сатып алу мен сатуды бөлумен түсіндіргісі келетін экономистерде де (мысалы Дж. Ст. Милльдегі сияқты) істің жайы бұдан оңып тұрған жоқ. Дағдарыстың мүмкіндігін түсіндіретін бұл анықтамалар оның шындық болмысын түсіндіруден әлі өте қашықта, [ұдайы өндіріс] процесі *фазаларының* конфликтіге, олардың ішкі бірлігі дағдарыс жолымен ғапа, күштеумен болатын процесс жолымен ғапа өзін білдіре алатын конфликтіге килісетіні *неліктен екенін* түсіндірмейді. Сатып алу мен сатудың осы *бөлінуі* дағдарыста көрінеді де, ол — соңғының қарапайым формасы. Дағдарысты оның осы қарапайым формасымен *түсіндіру* — оның болуын дағдарыстың болмысын барынша абстракциялы формада білдіретін нәрсемен түсіндіру, яғни дағдарысты дағдарыспен түсіндіру деген сөз.

«Әрбір кісі», — дейді Рикардо\*, — «тұтыну не сату мақсатымен ғана өндіреді, ал сатқанда өзіне тікелей пайдалы болатын, не *болашақ өндірісте* кәдеге жарайтын басқа қайсыбір товар *сатып алу* мақсатымен ғана сатады. Сонымен, өндіргенде ол не өз өнімдерінің (goods) тұтынушысы не басқа бір адамның өнімдерін сатып алушы және тұтынушы болмай қоймайды. Көздеген мақсатына жету үшін, атап айтқанда, басқа *өнімдер сатып алу үшін* ол *ұзақ уақыт* бойына қандай товарлар өндіру өзіне барынша тиімді болатыны жөнінде бейхабар жүреді деп ойлауға болмайды. *Сондықтан* ол сұраным болмайтын товарды *үнемі* (continually) өндіре беретін болады деп ойлау қисынсыз» [Орысша аудармасы, I том, 239-бет].

Баланың бұл мылжығы қайсыбір Сәйге лайық болғанымен, Рикардоға лайық емес. Ең алдымен бірде-бір капиталист өз өнімін тұтыну үшін өндірмейді. Сондықтан біз капиталистік өндіріс туралы айтқанда, тіпті ол өз өнімінің қайсыбір бөлігін өндірістік тұтыну үшін қайтадан қолданғанның өзінде «бірде-бір адам өз өнімін тұтыну мақсатымен өндірмейді» деп толық негізбен айта аламыз. Бірақ Рикардода әңгіме жеке тұтыну туралы болып отыр. Рикардо бұдан бұрын өнімнің товар екенін ұмытқан. Енді ол қоғамдық еңбек бөлінісінің өзін де ұмытып отыр. Адамдар өздері үшін өндіретін қоғамдық жағдайлар тұсында дағдарыстар шын мәнінде болмайды, бірақ капиталистік өндіріс те болмайды. Жекелеген өндірушілер ертедегілерде де банкрот болып тұрғанымен, біз құлдыққа негізделген өндірісі бар ертедегілер қай кезде болсын дағдарыстарды білген дегенді ешқашан естіген жоқ-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 517-бет. *Ред.*

пыз. Альтернативаның бірінші бөлігі [«тұтыну не сату мақсатымен»]— қисынсыздық. Екінші бөлігі де оғаш. Өнім өндірген адамда [капиталистік өндіріс жағдайларында] сатайын ба, сатпайын ба деген таңдау жоқ. Ол *сатуға* мәжбүр. Енді міне дағдарыстар тұсында ол сата алмайтын не шығындарының бағасынан төмен ғана сата алатын немесе тіпті тура зиян шегіп сатуға мәжбүр болатын жағдайдың өзі туады. Оның өз өнімін сату үшін өндіргенінен оған, сондай-ақ бізге келетін пайда не? Мәселенің мәнінің өзі оның осы ізгі ниетінің жүзеге асуына кедергі жасайтын не өкенін анықтауда.

Одап әрі:

«Әркім *сатқанда* өзіне тікелей пайдалы болатын, не болашақ өндірісте кәдеге жарайтын басқа қайсыбір товар сатып алу мақсатымен ғана сатады» [бұл да сонда].

Буржуазиялық қатынастардың қандай ізгі бейнеленуі десеңізші! Рикардо тіпті қайсыбіреудің *төлеу* үшін *сата алатынын* және осы лажсыздан сатулар дағдарыстарда елеулі роль атқаратынын да ұмытады. Капиталистің сатудағы ең жақын мақсаты сол, өзінің товарын, немесе дұрысырағы, өзінің товар капиталын *ақша капиталына* қайтадан айналдыру, сөйтіп осындай жолмен өз пайдасын *жүзеге асыру*. Тұтыну — кіріс — бұл процестің әсте де бағыттаушы моменті бола алмайды, ал *товарларын* сатқанда оларды тіршілік құралдарына айналдыру үшін ғана сататын адам үшін ол шын мәнінде осылай. Ал капиталистік өндіріс тұсында кіріс [тұтыну] айқындаушы мақсат емес, нәтиже ретінде көрінеді. Әркім *сатқанда* ең алдымен сату үшін, яғни товарды ақшаға айналдыру үшін сатады.

[711] Дағдарыс уақытында адам егер ол *сата алса*, соны ғана барынша місе тұта алады, ал сатып алу туралы әзірге ойлай да алмайды. Әрине, жүзеге асырылған құн қайтадан капитал ретінде әрекет ете алуы үшін, ол ұдайы өндіріс процесін атқаруы, яғни қайтадан еңбек пен товарға айырбасталуға тиіс. Бірақ дағдарыс ұдайы өндіріс процесінің бұзылатын және үзілетін кезінің нақ өзі. Ал бұл бұзылу ол дағдарыс жоқ кезеңдерде болмайды деп көрсетумен түсіндірілмек емес. «Сұраным болмайтын товарды» — ешкімнің де «үнемі өндіре бермейтініне» (339—340-беттер) ешқандай күмән келтіруге болмайды, бірақ мұндай оғаш гипотезаны ешкім айтып та отырған жоқ. Оның үстіне мұның мәселеге мүлдем қатысы да жоқ. Капиталистік өндірістің мақсаты — бұл ең алдымен «басқа өнімдерді сатып алу» емес, құнды, ақшаны, абстрактылы байлықты иемдену.

Рикардоның пайымдауларының негізінде бұл арада да Джэмс Милльдің «сатып алу мен сатудың метафизикалық теңбе-теңдігі» туралы мен бұрынырақта қарастырған <sup>129</sup> қағидасы — сатып алу мен сату процестерінде бөлінуді көрмей, бірлікті *ғана* көретін қа-

ғида жатыр. Рикардоның (Джэмс Милльге ілесе) былай деп пайымдайтыны да осыдан:

«Қайсыбір жеке товар артық мөлшерде өндірілуі мүмкін, осыдап келіп рынокта бұл товар оған жұмсалған капиталдың есесі қайтпайтындай басы артық болып шығуы мүмкін: бірақ *барлық* товарлар жөнінде бұлай болмақ емес» (341—342-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 240-бет].

Ақша «оның көмегімен айырбас жүзеге асырылатын делдал» (341-бет) ғана емес, сонымен қатар мынадай да делдал: мұның нәтижесінде өнімді өнімге айырбастау бір-біріне тәуелді емес және уақыт пен көңістікте бір-бірінен бөлінген екі актіге жіктеледі. Ал ақша жөнінде жоғарыда келтірілген қате түсінік Рикардода мынаған негізделген: ол жалпы алғанда айырбас құнының *сандық анықтамасын* ғана, атап айтқанда ол жұмыс уақытының белгілі бір мөлшеріне тең деген анықтаманы ғана қарастырады және керісінше *сипалық* анықтама туралы, атап айтқанда, жеке-лей еңбек өзінен ажырау (alienation)\* жолымен ғана өзін *абстрақтылы жалпылама, қоғамдық* еңбек ретінде білдіреді деген анықтама туралы ұмытады.

Товарлардың *барлық* түрлері емес, *жекелеген* түрлері ғана «рынокта шамадан тыс артық» болып шығуы мүмкін, сондықтан артық өндіру әрқашан тек ішінара ғана болуы мүмкін деген қағида болымсыз жалтару ғана болып табылады. Ең алдымен, егер товардың табиғатын ғана алатын болсақ, *барлық товарлардың* рынокта шамадан тыс артық болуына және осы себепті олардың өз бағасынан төмен құлдырауына ештеңе кедергі болмайды<sup>130</sup>. Өйткені бұл арада әңгіме нақ дағдарыс моменті туралы ғана болып отыр. *Ақшадан* басқа, нақ сол барлық товарлар. *Айтылып отырған* товардың қалайда ақшада көрсетілуге тиіс екендігі бұл қажеттіліктің *барлық* товарлар үшін бар екенін ғана білдіреді. Сондықтан жеке бір товардың бұл метаморфоздан отуі қаншалық қиын болса, мұның өзі барлық товарлар үшін де қиын болмақ. Товарлар метаморфозының жалпы табиғаты — мұның өзі сатып алу мен сатудың бір-бірінен бөлінуін де, сондай-ақ олардың бірлігін де қамтиды, — рыноктың жалпыға бірдей шамадан тыс толу мүмкіндігін жоққа шығармайтыны былай тұрсын, керісінше жалпыға бірдей шамадан тыс толудың осы мүмкіндігінің нақ өзі.

Одан әрі Рикардоның пайымдаулары және осы секілді басқа да пайымдаулар, әрине, *сатып алу мен сату* арасындағы ғана емес, сонымен бірге *сұраным мен ұсыным* арасындағы да қатынасты негізге алады; мұны біз капиталдардың бәсекесін қарастырған кезде талдауға тиіспіз. Милльдің айтуында сатып алу дегеніңіз

\* [718] (Рикардоның ақшаны *айналыс құралы* деп қана қарайтыны оның *айырбас құнын* өткінші форма деп қана, жалпы алғанда буржуазиялық, немесе капиталистік өндіріс үшін формальдық бірдеңе ғана деп қарайтынына барабар; сондықтан капиталистік өндіріс онда өзінше бір тиянақты өндіріс әдісі ретінде емес, жалпы алғанда бірден-бір өндіріс әдісі ретінде көрінеді.) [718]

сату және т. б., бұдан сұраным дегеніңіз де ұсыным, ал ұсыным дегеніңіз сұраным болып шығады. Бірақ олар бұған қоса бір-бірінен бөлініп, бір-біріне қатысты дербестік алуы да мүмкін ғой. *Жалпыға бірдей товарға* деген, ақшаға, айырбас құнына деген сұраным ерекше товарлардың бәріне деген сұранымнан артық болуының нәтижесінде, басқаша айтқанда, товардың ақшада көрінуі, оның айырбас құнының жүзеге асу моменті товардың қайтадан тұтыну құнына айналуы моментінен басым түсетіндігінің нәтижесінде барлық товарлардың ұсынымы белгілі бір кезеңде барлық товарларға деген сұранымнан артық бола алады.

Егер сұраным мен ұсыным арасындағы қатынасты неғұрлым кең және неғұрлым нақты мағынада түсіпсек, онда бұған *өндіріс пен тұтыну* арасындағы қатынас кіреді. Бұл арада бұл екі моменттің бүркемелі жағдайда бар болатын және нақ дағдарыста барып күштеп сыртқа шығатын *бірлігін*, буржуазиялық өндіріс үшін бұл да бар және тіпті оған тән *бөліну* мен *қарама-қарсылық* қатынаста болатын осы бірлігін тағы да естен шығарып алмау керек еді.

Ішінара артық өндіруді жаппай артық өндіруге қарама-қарсы қоюға келсек, мәселе екіншісін мойындаудан жалтару мақсатында артық өндірудің бірінші түрін мойындауға сайылып отырғандықтан, бұған қатысты мынаны ескерту керек:

*Біріншіден:* дағдарыстардың алдында бәрінен гөрі капиталистік өндірістің өнімдері болып табылатын барлық заттардың бағаларын жаппай көп өсіру болады. Сондықтан да осы товарлардың бәрі бұдан кейінгі күйреуге қатысады және өздерінің күйреуге дейінгі бағалары тұсында олардың бәрі рынокқа шамадан тыс салмақ түсіреді. Құлдыраған бағалар, шығын бағасынан төмен құлдыраған бағалар бойынша рынок олардың бұрынғы рыноктың бағалары тұсында сіңіре алмайтындай товарлар массасын сіңіре алатын болады. Товарлардың шамадан тыс көп болуы әрқашан относителді, яғни товарлардың осы бағасы тұсында артық шама. Бұл жағдайда товарлар сіңірілетін бағалар өндіруші немесе көпес үшін кейзелтетін бағалар.

[712] *Екіншіден:* дағдарыстың (олай болса артық өндірудің де) жалпыға бірдей болуы үшін оның саудадағы басты-басты заттарды қамтуы жеткілікті.

#### [9] РИКАРДОНЫҢ КАПИТАЛИЗМ ТҰСЫНДАҒЫ ӨНДІРІС ПЕН ТҰТЫНУ АРАСЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАС ЖӨНІНДЕГІ ТЕРІС КӨЗҚАРАСЫ]

Өзінің пайымдауларында рыноктың жаппай лықа толуынан Рикардоның қалай құтылуға тырысатынын толығырақ қарастырайық:

«Қайсыбір жеке товар басы артық мөлшерде өндірілуі мүмкін, сойтіп рынокта оның өзіне жұмсалған капиталдың есесі өтелмейтіндей артығы болып шығуы мүмкін; бірақ барлық товар жөнінде олай болмайды. Нанға деген сұраным оны тұтынатын ауыздың санымен, аяқкиім мен киім-кешекке деген сұраным оны киетін адамдардың санымен шектеледі. Бірақ тіпті қоғамның немесе қоғамның бір бөлігінің өзі тұтына алатындай немесе тұтынғысы келгендей астығы, қалпағы мен аяқкиімі болған күннің өзінде де, табиғат немесе өнеркәсіп өндіретін барлық өнімдер жөнінде мұны айтуға болмайды. Кейбір адамдардың шарапты алуға мүмкіндігі болса, оны көбірек тұтынар еді. Ал басқа біреулерде шарап жеткілікті болғанмен, олар оз мебельдің санын көбейткісі немесе оның сапасын жақсартқысы келер еді. Үшінші біреулер өздерінің парктерін әсемдегісі немесе өздерінің үйлерін кеңейткісі келер еді. Осының бәрін немесе осылардан бірдеңені жасауға тырысу әр адамның көкірегінен орын тепкен нәрсе; бұл үшін тек қана қажетті қаражат — талап етіледі және бұл қаражатты өндірісті арттырудан басқа ештеңе де бере алмайды» (341—342-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 240—241-беттер].

Бұдан откоп балалық пайымдаудың болуы мүмкін бе? Оның мәнісі мынадай. Жекелеген товар өзінің тұтынылуы мүмкін мөлшерінен көп өндірілуі мүмкін. Бірақ бұл бір мезгілде барлық товарға қатысты бола алмайды. Өйткені товарлар арқылы қанағаттандырылатын қажетсінулер шексіз де, бұл қажетсінулердің бәрі бір мезгілде қанағаттандырылмайды. Керісінше. Бір қажетсінуді қанағаттандыру процесі екінші қажетсінуді, былайша айтқанда, бүркемелі күйге өтуге мәжбүр етеді. Сонда бұл қажетсінулерді қанағаттандыруға қажетті қаражаттардан басқа ештеңе де талап етілмейтін болып шығады, ал бұл қаражаттар өндірісті арттыру жолымен ғана алынады. Демек, жаппай артық өндіру мүмкін емес.

Мұның бәрі не үшін керек? Артық өндіру кезінде ұлттың елеулі бөлігі (әсіресе жұмысшы табы) басқа қай кездегіден де, шарап пен мебель туралы айтпағанның өзінде, астықпен, аяқкиіммен және т. б. жеткіліксіз дәрежеде қамтамасыз етілген. Егер де ұлттың барлық мүшелері ең болмағанда бірінші кезектегі қажеттерін өтегеннен кейін ғана артық өндіру пайда болатын болса, онда буржуазиялық қоғам тарихында біздің кезімізге дейін жаппай ғана емес, тіпті ішінара да артық өндіру болмас еді. Егер, мысалы, рынок аяқкиімге немесе шытқа, шарапқа немесе отарлық өнімдерге лық толған болсын, сонда бұл ең болмағанда ұлттың үштен екісі аяқкиімге, шытқа және т. б. деген өзінің қажеттерін әбден тойынғанынша қанағаттандырды дегенді білдіре ме? Артық өндіру мен абсолют қажетсінулердің арасында жалпы қандай байланыс бар? Артық өндіру тек қана төлем қабілеті бар қажетсінулермен ғана байланысты. Әңгіме абсолют артық өндіру жайында — абсолют қажетсінуге немесе товарларға ие болу тілегіне қатысы жөнінен алынған артық өндірудің өзі туралы да болып отырған жоқ. Бұл мағынада ішінара да, жаппай да артық өндіру болмайды және олар бір-біріне әсте қарама-қарсы тұрған жоқ.

Бірақ, дейді Рикардо, егер аяқкіім мен шытқа мұқтаж бірталай адам болса, онда неліктен олар аяқкіім мен шыт сатып алуға керекті қаражатты өздері таппайды, неліктен олар аяқкіім мен шыт сатып алуға болатындай бірдеңені өндірумен шұғылданбайды? Бұдан гөрі де оңайлатып айтар болсақ: неліктен олар өздері үшін аяқкіім мен шыт өндірмейді? Артық өндірудегі тағы бір ғажабы сол — рынокта толып тұрған нақ сол товарлардан олардың нағыз өндірушілері — жұмысшылар мұқтаждық көреді. Бұл арада ол заттарды алу үшін жұмысшылар оларды өндіруге тиісті еді дей алмайсың, өйткені олар бұл нәрселерді өндірді және сүйте тұра өздерінің ол заттары жоқ. Сондай-ақ белгілі бір товардың рыноктылық толтыратыны ол товарға мұқтаждықтың жоқтығынан деуге де болмайды. Демек, егер де тіпті *ішінара* артық өндірудің өзін рынокты аузы-мұрынынан шығара толтырған товарлардың мөлшері оларға деген қажеттіліктен асып түсетіндігімен түсіндіруге болмайтын болса, онда рынокта бар товарлардың көбіне деген қажетсіздіктің — қанағаттандырылмай қалып қойған қажетсіздіктің болуы туралы пайымдаулардың көмегімен *жаппай* артық өндіруден құтылып кетуге тіпті де болмайды.

Шыт \* фабриканты жайындағы мысалға оралайық. Ұдайы өндіріс тоқтаусыз жүріп тұрған кезде — ал демек товар ретінде, сатуға арналған товар ретінде нақты бар шыт өнім, өзінің құны бойынша қайтып ақшаға айналатын осы ұдайы өндірістің фазасы да тоқтаусыз болып отырған кезде, — оған дейін шыт өндіретін жұмысшылар да, айталық, осы шыттың бір бөлігін тұтынған, ал өндірістің кеңейтілуімен, яғни қорланумен байланысты олар соған сәйкес көбірек тұтынған немесе шыт өндірісінде көп жұмысшы жұмыс істеген, олар сонымен бірге бір жағынан оның тұтынушылары да болған.

**[10] ДАҒДАРЫС МҮМКІНДІГІНІҢ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛУЫ.  
ДАҒДАРЫС БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БАРЛЫҚ  
ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ]**

Әрі қарай барардан бұрын мыналарды атап өтеміз.

Өндіріс (*тікелей*) процесі мен айналыс процесінің бір-бірінен бөлінуі тағы да және неғұрлым дамыған түрде — дағдарыстың *мүмкіндігін* көрсетеді, мұның өзі товардың *қарапайым метаморфозын* қарастырған кезде байқалған болатын<sup>131</sup>. Осы процестер бір-біріне жайымен өтудің орнына, оқшауланған және бір-біріне қарама-қарсы тұрған сәттер ретінде дербестікке ие болған бойда — дағдарыс келіп шығады.

Товар метаморфозы тұсындағы дағдарыстың мүмкіндігі мынадан көрінеді:

\* Қараңыз: осы басылым, II бөлім, 501-бет және одан әрі қарайғы беттер (онда шыт фабрикантының орнына «кенеп фабриканты» делінген, ол істің мәнін ешқандай да өзгертпейді). *Ред.*

Біріншіден, нақты түрде тұтыну құны ретінде, ал идея түрінде айырбас құны ретінде бағада бар болатын товар ақшаға айналуы тиіс:  $T - A$ . Егер бұл қиыншылық — сату — шешілген болса, онда сатып алу,  $A - T$  енді қиындық келтірмейді, өйткені ақша барлығына тікелей айырбасталу қасиетіне ие. Қажетті алғы шарт — бұл жағдайда товардың тұтыну құнының болуы, оған сіңірілген еңбектің пайдалылығы болып табылады, олай болмаған жағдайда бұл жалпы алғанда товар емес. Әрі қарай товардың жеке құны оның қоғамдық құнына тең, яғни ондағы материалданған жұмыс уақыты осы товарды өндіруге жұмсалатын қоғамдық қажетті жұмыс уақытына тең деп ұғынылады. Сондықтан дағдарыстың мүмкіндігі оның метаморфоздық қарапайым формасында көрінуі мағынасында тек қана мынадан туындайды: форманың сол бір айырмашылықтары — өз қозғалысында товар метаморфозы өтетін сол фазалар, — біріншіден, қажетті түрде бірінбірі толықтыратын форма мен фазаның мәні, ал екіншіден, осы өзара қажетті ішкі байланысқа қарамастан, процестің бір-біріне қатысы қалай болса, солай бар болатын, уақыт пен кеңістікте сәйкес келмейтін, бір-бірінен бөлінетін және бөлінген, әрі бір-біріне тәуелсіз бөліктері мен формалары. Демек, бұл арада дағдарыстың мүмкіндігі сату мен сатып алудың бір-бірінен мейлінше алшақтатылуында болып табылады. Товарға бұл арада алдында тұрған қиындықты тек қана товар формасында ғана жеңуге тура келеді. Ол ақша формасына өтісімен бұл қиыншылықтан құтылады. Алайда, әрі қарай ол да сату мен сатып алудың бір-бірінен алшақтауына әкеп саяды. Егер де товардың ақша формасында айналыс өрісінен кету, немесе, басқа сөзбен айтқанда, өзінің товарға кері айналысын кешеуілдету мүмкіндігі болмаса, егер де — тікелей айырбас саудасы тұсында осылай болатындай — сатып алу мен сату дәл келсе, онда жасалған ұйғарымдар тұсында дағдарыстың болу мүмкіндігі жайына қалар еді. Өйткені товар дегеніміз басқа товар иеленушілер үшін тұтыну құны деп шешілген. Тікелей айырбас саудасы формасында товар тұтыну құны болып табылмаған кезде ғана немесе басқа жақта оған айырбасталуы мүмкін басқа тұтыну құндары жоқ кезде ғана оның айырбасталуы мүмкін емес олай болса, екі жағдайда ғана: не бір жағы пайдасыз бірдеңе өндірген кезде, не екінші жағында бірінші жағында бар тұтыну құнына, эквивалент ретінде, айырбастауға болатындай пайдалы ештеңе жоқ кезде ғана товардың айырбасталуы мүмкін емес. Бірақ екі жағдайда да жалпы алғанда айырбас болмас еді. Алайда айырбасқа орын болған күнде де, оның сәттері бір-бірінен бөлінбеген болар еді. Сатып алушы — сатушы, сатушы — сатып алушы болар еді. Сөйтіп, айырбас айналыс болып табылатындықтан, айырбас формасынан туындайтын қиын сәт жайына қалар еді, — сондықтан біз егер метаморфоздың қарапайым формасының бойында дағдарыс мүмкіндігі бар десек, онда

біз осы форманың бойында бірін-бірі елеулі түрде толықтыратын сәттердің бір-бірінен айрылу мен бөліну мүмкіндігі орын тепкен дегеніміз ғана.

Бірақ бұл сондай-ақ мазмұнға да қатысты. Тікелей айырбас саудасы тұсында қандай да бір өнімдер өндірушідегі өнімнің басым көпшілігі оның оз қажетін қанағаттандыруға немесе біршама тәуір дамыған еңбек бөлінісі тұсында оның өндіріс қызметі жөніндегі серіктестерінің өзіне мәлім қажеттерін өтеуге арналған. Товар ретінде айырбасқа жататын нәрсе, — басы артық нәрсе және бұл басы артық нәрсе айырбастала ма, жоқ па, оның пәлендей мәні жоқ. *Товар өндірісі* тұсында өнімнің ақшаға айналуы, сату *conditio sine qua non* \* болып табылады. Өз қажеттерін өтеу үшін тікелей өндірудің қажеті болмайды. Егер товарлар өтпей қалса, онда дағдарыс болғаны. *Товардың* — жеке еңбектің ерекше өнімінің — ақшаға, оған қарама-қарсы, абстракт түрде жаппай, қоғамдық еңбекке айналуының қиындығы мынада: *ақша* жеке еңбектің ерекше өнімі ретінде көрінбейді, сатқан адам, яғни товарды енді ақша формасында пәленген адам дереу қайтадан сатып алуға, қайтадан ақшаны жеке еңбектің ерекше өніміне айналдыруға мәжбүр емес. Айырбас саудада бұл қарама-қарсылық болмайды. Бұл арада ешкім де сатып алушы болмай тұрып — сатушы, сатушы болмай тұрып — сатып алушы бола алмайды. Сатушының бастап кешіретін қиыншылығы — оның товарының тұтыну құны бар деп ұйғарған жағдайда — тек ақшаның товарға кері айналуын сатып алушының оп-оңай кейінге қалдыра алатынынан ғана келіп шығады. Товарды ақшаға айналдырудың, оны сатудың бұл қиыншылығы тек қана товардың ақшаға айналуға тиісті болғандығынан, ал ақшаның әсте дереу товарға айналуға тиісті болмайтындығынан, сөйтіп *сату* мен *сатып алудың* бір-бірінен ажырап кете алатындығынан келіп шығады. Біз бұл *форманың* бойында *дағдарыс мүмкіндігі*, яғни бір-бірімен өзара және тығыз байланысқан сәттердің бірінің екіншісінен ажырау мүмкіндігі бар дегенбіз, соның нәтижесінде оларды біріктіру күштеу жолымен жүзеге асырылады, сондықтан олардың өзара байланысы бір-біріне қатысы жөнінен өздері ие болған дербестікке жасалған күштеу арқылы өзіне жол ашады. [714] Ал *дағдарыс* дегеніміз оқшауланған және бір-біріне қатысы жөнінен дербестенген өндіріс процесі фазаларының бірлігін күштеп жүзеге асырудан басқа ештеңе де емес.

Дағдарыстың жалпы, абстракт мүмкіндігі дағдарыстың *неғұрлым абстракт формасынан* басқа, дағдарыстың мазмұнсыз, мазмұнды қозғау салар себепсіз формасынан басқа ештеңені де білдірмейді. Сату мен сатып алу бір-бірінен айрылып кете алады. Олар, демек, *potentia* \*\* *дағдарыс* мәні, ал олардың дәл келуі

\* — қажетті, міндетті шарт. *Ред.*

\*\* — мүмкіндіктегі. *Ред.*



товар үшін әрқашан да қиын-қыстау сәт болып қалып қояды. Бірақ олар бірінен-біріне жайлап та өте алады. Олай болса, *товар метаморфозының* өзі *дағдарыстың неғұрлым абстракт формасы* (сондықтан да дағдарыстың формальды мүмкіндігі) болып табылатыны күшінде қалады, онда өрістеген қозғалыс ретінде, товардың бірлігінен орын алған айырбас және тұтыну құнының, әрі қарай — ақша мен товардың қайшылығы болады. Бірақ дағдарыстың осы мүмкіндігін дағдарысқа айналдыратын нәрсе бұл форманың өзінде жоқ; мұнда дағдарысқа керекті *форма* ғана бар.

Ал буржуазиялық экономиканы қарастырған кездегі маңызды нәрсенің өзі де осы. Дүние жүзілік рыноктың дағдарыстары буржуазиялық экономиканың барлық қайшылықтарын бір жерге нақты тоғыстырып, күштеп төцестіру деп қарастырылуға тиіс. Сондықтан бұл дағдарыстарда осылайша біртұтас болып тоғысатын кейбір сәттер буржуазиялық экономиканың әрбір саласынан көрінуі әрі аңғарылуы тиіс, ал біздің бұл экономикаға барған сайын тереңдеп ене түсуімізге қарай, біз, бір жағынан, бұл қайшылықтың барған сайын жаңа сипаттарын ашуға, ал екінші жағынан, оның неғұрлым нақты формаларында оның неғұрлым абстракт формалары қалай қайталанатынын және болатынын көрсетуге тиіспіз.

Сонымен, былай деуге болады: дағдарыс өзінің алғашқы формасында — товар метаморфозының өзі, сатып алу мен сатудың бір-бірінен ажырауы деген сөз.

Өзінің екінші формасында дағдарыс төлем құралы ретіндегі ақшаның қызметімен байланысты. Бұл арада ақша уақыттың әр түрлі, бір-бірінен алшақтаған екі сәтінде әр түрлі екі қызметте көрінеді.

Бұл формалардың екеуі де, біріншісі екіншісінен нақтылау бола тұрса да, мүлде абстрактылы.

Сөйтіп, капиталды *ұдайы өндіру процесін* (бұл оның айналысымен дәл келеді) қарастырған кезде ең алдымен жоғарыда айтылған формалардың бұл жерде жай ғана қайталанатыны немесе, дұрысын айтқанда, олар осы арада алғашқы рет өзін көрсете алатын мазмұнға, негізге ие болатыны көрсетілуге тиіс.

Капиталдың товар ретінде, кейін одан қайтадан товар формасында пайда болуы үшін, өндіріс процесінен кететін сәттен бастап жасайтын қозғалысын қарастырып көрелік. Егер біз бұл арада мазмұнның мұнан арғы барлық анықтамаларын жайына қалдыра тұрсақ, онда біздің алдымызда тұрған нәрсе мынау болады: жиынтық товар капиталы, оған кіретін әрбір жеке товар сияқты,  $T - A - T$  процесін, товар метаморфозын жасауға тиіс. Сөйтіп, дағдарыстың бұл формада бар жалпы мүмкіндігі, — сатып алу мен сатудың бір-бірінен ажырауы, — капиталдың қозғалысында да болады, өйткені капитал дегеніміз *де* товар және товардан басқа ештеңе де емес. Оған қоса әр түрлі товарлар мета-

морфоздарының өзара байланыстылығынан мынау келіп шығады: бір товардың ақшаға айналуы екінші товардың ақша формасынан товарға кері айналатындығынан болады. Демек, сатып алу мен сатудың бір-бірінен ажырауы бұл арада, әрі қарай, мына түрде көрінеді: бір капиталдың товар формасынан ақша формасына айналуы басқа капиталдың ақша формасынан товар формасына кері айналуына сай келуге, бір капиталдың бірінші метаморфозы басқа капиталдың екінші метаморфозына сәйкес келуге, бір капиталдың өндіріс процесінен кетуі басқа капиталдың өндіріс процесіне оралуына сай келуге тиіс. Ұдайы өндіріс процестерінің немесе әр түрлі капиталдар айналысының мұндай өзара кірігіп, жымдасып кетуі, бір жағынан, еңбек бөлінісі салдарынан қажет болып табылады, ал екінші жағынан, кездейсоқ болып табылады, енді соның нәтижесінде дағдарыс мазмұнының анықтамасы келесідей.

Ал екіншіден, *төлем құралы* ретіндегі ақша формасынан туындайтын дағдарыс мүмкіндігіне келсек, онда капиталды қарастырған кезде бұл мүмкіндіктің ақиқатқа айналуы үшін анағұрлым зор нақты негіз бары байқалады. Мысалы, тоқыма фабрикасының иесі элементтерін иіру фабрикасының иесі, зығыр өсіруші, машина жасау және темір жасау заводтарының иелері, орман өнеркәсіпшісі, көмір өнеркәсіпшісі және т. б. жеткізіп берген бүкіл тұрақты капиталдың ақысып төлеуі тиіс. Соңғылары ақырғы товарға, матаға ембей, тек тұрақты капиталды өндіруге ғана жұмсалатын тұрақты капиталды өндіретін болғандықтан, капиталды капиталға айырбастау жолымен олар бір-біріне өздерінің өндіріс шарттарының есесіп қайтарады. Енді тоқыма фабрикасының иесі өзінің матасын *көпеске* 1 000 ф. стерлингке, бірақ вексель алатын болып, [715] сатты деп, осы себептен ақша *төлем құралы* ретінде көрінеді деп есептейік. Бұл вексельді өз кезегінде тоқыма фабрикасының иесі *банкирге* сатады да, ол бұған осы жолмен, айталық, қайсыбір қарызын өтейді немесе банкир оған бұл вексельді есептеп қояды. Дәл осылайша зығыр өндіруші иіру фабрикасының иесіне, ал соңғысы тоқыма фабрикасының иесіне, дәл солайша машина жасаушы — тоқыма фабрикасының иесіне, металлург пен орман өнеркәсіпшісі — машина жасаушыға, көмір өнеркәсіпшісі — иіру және тоқу фабрикаларының иелеріне, машина жасаушыға, металлург пен орман өнеркәсіпшісіне вексельге сатқан болатын. Оның үстіне, металлург, көмір өнеркәсіпшісі, орман өнеркәсіпшісі, зығыр өсіруші бір-біріне вексельмен өтеген болатын. Міне, сөйтіп, егер енді көпес төлемесе, онда тоқу фабрикасының иесі банкирге өз векселін төлей алмайды.

Зығыр өсіруші — иіру фабрикасының иесіне, машина жасаушы — тоқу және иіру фабрикаларының иелеріне вексель берген. Иіру фабрикасының иесі төлей алмайды, өйткені тоқу фабрикасы иесінің төлейтін шамасы жоқ; бұлардың екеуі де машина жа-

саушыға төлемейді, ал бұл кейінгісі металлургке, орман өнеркәсіпшісіне, көмір өнеркәсіпшісіне төлемейді. Сонымен бұлардың бәрі айналып келгенде өз товарының құнын іске асырмай тұрып, құнның тұрақты капиталдың есесін толтыратын бөлігінің есесін толтыра алмайды. Жаппай дағдарыс осылайша пайда болады. Бұл — ақшаны төлем құралы деп қарастырған кезде атап көрсетілген *дағдарыс мүмкіндігінен* басқа ештеңе де емес, бірақ біз бұл арада, капиталистік өндірістен, өзара борыштылық талаптар мен міндеттемелердің, сатып алу мен сатулардың енді мынадай байланысын көріп отырмыз: бұл байланыс болған жағдайда дағдарыс мүмкіндігі дамып, шындыққа айналуы мүмкін.

*Барлық жағдайлар тұсында* біздің көретініміз мынау:

Егер сатып алу мен сату бір-біріне қарсы шиеленіскен жағдайда сіресін қалмаса және сондықтан оларды зорлап теңестірудің қажеттігі пайда болмаса; егер, екінші жағынан, ақша төлем құралы ретінде борыштылық міндеттемелер өзара бірін-бірі өтейтіндей қызмет атқарса, және, демек, төлем құралы ретінде ақшада потенциалды түрде болатын қайшылық жүзеге аспаса; егер, солай болғандықтан, дағдарыстың абстракт формаларының бұл екеуі де осылайша нақты түрде пайда болмаса, — онда дағдарыс болмайды. Сатып алу мен сату бір-бірінен ажырап, бір-біріне қайшы келмей тұрып, немесе төлем құралы ретінде ақшада болатын қайшылықтар көрінбей тұрып, олай болса, дағдарыс сонымен бірге өзінің қарапайым формасында — сатып алу мен сатудың қайшылығы формасында және төлем құралы ретіндегі ақшаның қайшылығы формасында көрінбей тұрып дағдарыстың болуы мүмкін емес. Бірақ бұл сөйтсе де дағдарыстың *формалары*, жалпы мүмкіндіктері ғана, сондықтан да шын дағдарыстың формалары, абстракт формалары ғана. Оларда дағдарыс болмысы өзінің ең қарапайым формаларындағыдай, сондай-ақ өзінің ең қарапайым мазмұнымен байқалады, өйткені бұл форманың өзі — оның ең қаранайым мазмұны. Бірақ бұл әлі *тиянақты* мазмұн емес. Қарапайым ақша айналысы және тиісті төлем құралы ретіндегі ақша айналысы да — қай-қайсысы да дағдарыстар тудырмай-ақ капиталистік өндірістен көп *бұрын* пайда болады, — дағдарыстарсыз бола алады және күшін сақтайды. Олай болса, не себепті олардың өздерінің қатерлі жағымен айналатынын, неліктен оларда бар *potentia* \* қайшылық нақ сол *actu* \*\* ретінде көрінетінін бір ғана осы формалармен түсіндіруге болмайды.

Артық өндіру құбылысы мен дағдарыстардан пайымдаулар арқылы құтыла алмайтын болғандықтан, жоғарыда айтылған формаларда *дағдарыстардың* тек қана басталу мүмкіндігі [ғана] берілгеніне, сөйтіп олардың басталмайтыны да *кездейсоқ* нәрсе екеніне және олардың басталуының өзі бар болғаны *кездейсоқтық*

\* — потенциалды түрде, мүмкіндікте. *Ред.*

\*\* — шын мәнінде, нақты, іс жүзінде. *Ред.*

қана болып көрінетініне жұбанған экономистердің рабайсыз пасықтығы осыдан көрінеді.

Товар айналысында және әрі қарай ақша айналысында дамыған қайшылықтар — ал демек, дағдарыс мүмкіндіктері де — капиталда өздігінен қайта жаңғыртылып отырады, өйткені шындықта дамыған товар және ақша айналысы тек капиталдың негізінде ғана орын алады.

Бірақ ендігі әңгіме потенциал дағдарыстың әрі қарайғы дамуын қадағалау туралы, — нақты дағдарысты тек қана капиталистік өндірістің, бәсеке мен кредиттің нақты қозғалысы арқылы шығаруға болады, — потенциал дағдарыстың оған әрі қарай дамуын көрсету туралы болып отыр, өйткені ол капиталға капитал ретінде *тән* және жай ғана оның болмысына товар мен ақша ретінде қамтылмаған капитал формасының анықтамаларынан туындайды.

[716] Өздігінен алғанда капитал *өндіру процесінің* бір ғана өзі (тікелей) бұл арада жаңадан еш нәрсе қоса алмайды. Капитал өндіру процесі жалпы болу үшін оның шарттары бар деп шешіледі. Сондықтан капитал жөніндегі бірінші тарауда — *тікелей* өндіріс процесі жөніндегі тарауда — дағдарыстың бірде-бір жаңа элементі қосылмайды. *Потенциалды* түрде бұл арада дағдарыс элементі бар, өйткені өндіріс процесі дегеніміз қосымша құнды иемдену, ал сондықтан оны өндіру деген сөз. Бірақ бұл өндіріс процесінің өзінен көріне алмайды, өйткені онда есесі өндірілген құнның ғана емес, сонымен қатар қосымша құнның өзін *іске асыру* туралы әлі әңгіме болып отырған жоқ.

Мұның өзі тұңғыш рет *айналыс процесінде* байқалуы мүмкін, ал бұл процестің өзі өздігінен алғанда сонымен бірге *ұдайы өндіріс процесі* де болып табылады.

Әрі қарай бұл арада айналыс процесін немесе *ұдайы өндіріс процесін* біз дайын капиталды — *капитал мен пайданы* көрсеткенімізге *дейін* сипаттауға тиісті екенімізді атап өткен жөн; өйткені біз капиталдың қалай өндіретінін ғана емес, сонымен қатар капиталдың қалай өндірілетінін де анықтауымыз керек. Шын қозғалыс қазір нақты қолдағы капиталдан басталады, — сөз дамыған, өзінен-өзі басталып, өзін өзі керек ететін капиталистік өндіріс негізіндегі шын қозғалыс туралы болып отыр. Сондықтан *ұдайы өндіріс процесі* және онда әрі қарай дамытылған дағдарыстардың бастамалары *ұдайы өндіріс туралы* баяндайтын тараудың өзінде толық емес түрде ғана түсіндірілуі мүмкін, осы себепті *«Капитал мен пайда»*<sup>132</sup> тарауында қосымша қарастыруды талап етеді.

Айналыстың жиынтық процесі немесе капиталды *ұдайы өндірудің жиынтық процесі* дегеніміз оның өндіріс фазасы мен оның айналыс фазасының бірлігі, яғни көрсетілген екі процестен өзінің фазаларынан өткендей өтетін процесс. Бұл арада дағдарыстың әрі қарай өріс алған мүмкіндігінің немесе оның әрі қарай

дамыған абстракт формасының негізі қаланған. Сондықтан дағдарысты жоққа шығарушы экономистер тек осы екі фазаның бірлігін ғана қорғайды. Егер де бұл фазалар қайсыбір бірлігі болмағандықтан, тек бір-бірінен ғана бөлінген болса, онда олардың бірлігін зорлап қалпына келтіруге мүмкін болмас еді, дағдарыс мүмкін болмас еді. Егер де олар, бір-бірінен бөлінбейтін болғандықтан тек қана біртұтас болса, онда оларды зорлап бөлу мүмкін болмас еді, мұның өзі тағы да дағдарыс болып табылады. Дағдарыс дегеніміз дербес болып алған сәттердің бірлігін күшпен қалпына келтіріп, мәні жөнінен бүтін бірдеңе құрайтын осындай сәттерді күшпен дербес бірдеңеге айналдыру [716].

#### [11] ДАҒДАРЫСТЫҢ ФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ]

[770a] 716-бетке.

Сонымен:

1) Дағдарыстардың жалпы мүмкіндігі капитал метаморфозы процесінің өзінде және оның үстіне екі есе берілген. Ақша айналыс құралы болып қызмет атқаратын болғандықтан, сатып алу мен сатудың бір-бірінен бөлінуінде дағдарыстар мүмкіндігі болады. Ақша төлем құралы болып қызмет атқаратындықтан, ол құндардың өлшемі ретінде және құнның іске асуы ретінде уақыттың әр түрлі екі сәтінде әрекет жасайтын жерде, — дағдарыстардың мүмкіндігі осы екі сәттің бір-бірінен бөлінуінде болады. Егер құн осы екі сәт аралығында өзгерген болса, сөйтіп ақша құндар, сондықтан да өзара міндеткерліктер өлшемі болып қызмет еткен сәтте қанша тұрса, товар өзін сатқан кезде сонша тұрмайтын болса, онда борыштылық міндеттеме товардан түскен ақшадан төленуі мүмкін емес, сондықтан да өз кезегінде осы міндеттемеге тәуелді мәмлелердің бүкіл тізбегі сальдо болуы мүмкін емес. Ал егер товар белгілі бір уақыт аралығында сатылмаса, — тіпті егер оның құны өзгермесе де, — онда ақшаның өзінің төлем құралы функциясын орындай алмауы үшін осы бір ғана жағдайдың өзі жеткілікті, өйткені ақша белгілі бір, күні бұрын белгіленген мерзімде төлем құралы болып қызмет атқаруға тиіс. Ал бір ғана сол сомадағы ақша бірқатар өзара мәмлелер мен міндеттемелер үшін қызмет атқаратындықтан, төлеудің мүмкін еместігі бұл арада бір ғана емес, көптеген пункттерде пайда болады да, осыдан дағдарыс келіп туады.

Дағдарыстың формальды мүмкіндіктері осындай. Алғашқысының соңғысынсыз болуы, яғни дағдарыстардың кредитсіз, ақшаның төлем құралы ретінде қызмет атқаруынсыз болуы ықтимал. Бірақ екіншісі біріншісіз, яғни сатып алу мен сатуды бір-бірінен бөлусіз мүмкін емес. Алайда соңғы жағдайда товар жалпы сатыла алмайтындықтан ғана емес, сонымен қатар белгілі бір уақыт аралығы ішінде сатыла алмайтындықтан да дағдарыс бас-

талады, сөйтіп дағдарыс товар сатыла алмайтындықтан ғана емес, сонымен қатар сол белгілі бір товарды сол белгілі бір мерзім ішінде сатуға негізделген *бірқыдыру төлемдердің іске аспуынан* да пайда болып, мұнда өзіндік көрініске ие болады. *Сөздің дәл өз мағынасындағы ақша дағдарыстарының формасы* осындай.

Сөйтіп, *дағдарыс* егер сатып алу мен сатудың бір-бірінен бөлінуінің нәтижесінде басталатын болса, енді ақша төлем құралы болып қызмет атқарған кезде ол *ақша дағдарысы* ретінде дамиды, дағдарыстардың осы *екінші формасы* мұндай жағдайда *біріншісі басталысымен* өзінен-өзі солай болуға тиісті бірдеңе ретінде пайда болады. Олай болса, *дағдарыстың жалпы мүмкіндігі* неліктен *ақиқатқа* айналатынын зерттеген кезде, дағдарыс *шарттарын* зерттеген кезде *ақшаның төлем құралы* болып дамуынан пайда болатын дағдарыстардың *формасына* айрықша назар аударып жатудың мүлде қажеті жоқ. Нақ сондықтан да экономистер дағдарыстардың *себебі* деп осы *өзінен-өзі түсінікті* формаға меңзегенді ұнатады. (Ақшаның дамуы төлем құралы ретінде кредиттің дамуымен және оның *тым ұлғайып* кетуімен байланысты болғандықтан, әрине, бұл құбылыстардың себептерін анықтаған жөн, бірақ бұл арада әлі оның орайы жоқ.)

2) *Бағалардың* товарлар құнының *өзгерістерімен* дәл келмейтін *өзгерістері* мен *революциялары* қандай мөлшерде дағдарыстар шығарса, сол мөлшерде олар, әлбетте, жалпы капитал атаулыны қарастырған кезде талдап тексеруге келмейді, онда товарлардың құндарымен тең бағалар ұғынылады.

3) Дағдарыстардың *жалпы мүмкіндігі* дегеніміз — капиталдың формальды *метаморфозының* өзі, сатып алу мен сатудың бір-бірінен уақыт пен кеңістік жағынан ажырауы. Бірақ бұл ешқашан да дағдарыстың *себебі* болып табылмайды. Өйткені ол *дағдарыстың анағұрлым жалпы формасынан* басқа, яғни *неғұрлым жалпы түрде* бейнеленген дағдарыстың өзінен басқа дәнеңе де емес. Бірақ *дағдарыстың абстракт формасын дағдарыстың себебі* деуге болмайды. Егер жұрт оның себебі жайлы сұрайтын болса, онда дәл неліктен *оның абстракт формасының*, оның мүмкіндік формасының мүмкіндіктен *ақиқатқа* айналатынын білгісі келеді.

4) Дағдарыстардың *жалпы шарттарын*, олар құндардың ауытқуынан өзгеше *бағалардың ауытқуына* (бағалардың бұл ауытқуы кредитпен байланысты ма, жоқ па — бәрі бір) тәуелді болмайтындықтан, капиталистік өндірістің жалпы шарттарынан шығару керек. [770 а]

[716] (*Дағдарыс* мына жағдайда басталуы мүмкін: 1) [ақшаның] *өндірістік капиталға қайта айналуы* кезінде — өндіргіш капиталдың, әсіресе *шикізат* элементтері *құнының өзгеруі* нәтижесінде; мысалы, мақта өнімінің көлемі кеміген кезде соған орай

оның құны да өседі. Біз бұл арада әлі де бағалармен емес, құндармен істес болып отырмыз.) [716]

[770 а] *Бірінші сәт. Ақшаның капиталға кері айналысы. Өндірістің немесе ұдайы өндірістің белгілі бір сатысы қажет болады. Негізгі капиталды бұл арада берілген, өзгермейтін, құн жасау процесіне енбейтін бірдеңе деп қарауға болады. Шикізатты ұдайы өндіру оған жұмсалған еңбекке ғана тәуелді емес, сонымен қатар бұл еңбектің табиғи жағдайларымен байланысты өнімділігіне де тәуелді болғандықтан, өнімнің көлемі — тіпті [XIV—771а] еңбектің нақ сол мөлшерімен өндірілген өнімнің көлемі, — азақы мүмкін (астықтың түсімі нашар болған жағдайда). Демек, шикізаттың құны өседі де, оның көлемі азаяды. Осы арқылы өндіріс бұрынғы көлемінде жалғаса беру үшін ақша капиталдың әр түрлі құрамдас бөліктеріне кері айналуға тиіс болған арақатынас бұзылған. Шикізатқа көбірек жұмсалуға тиіс, еңбекке жұмсау үшін азырақ қалады; сондықтан еңбектің ескідегідей мөлшері сіңірілуі мүмкін емес. Біріншіден, бұл іс жүзінде мүмкін емес, өйткені шикізаттың мөлшері кеміді; екіншіден, мұның мүмкін еместігі мынадан: шикізатқа өнім құнының бұрынғыдан гөрі неғұрлым елеулі бөлігі жұмсалған болуы және демек, өзгермелі капиталға оның неғұрлым аз ғана бөлігі айналуы мүмкін. Ұдайы өндіріс бұрынғы көлемінде қайталана алмайды. Негізгі капиталдың бір бөлігі әрекетсіз қалады, жұмысшылардың бір бөлігі көшеге шығарып тасталған болады. Пайда нормасы кемиді, өйткені өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталдың құны артып, өзгермелі капитал азырақ қолданылады. Пайда мен еңбекті қанаудың өзгермейтін нормасына есептеліп белгіленген күн ілгері дайындалып қойылған жарна — процент, рента — бұрынғы күйінде қалады да, бір бөлігі төленбейді. Осыдан келіп дағдарыс болады. Еңбек дағдарысы мен капитал дағдарысы. Демек, мұның өзі өнім құнынан есесі толтырылуға тиісті тұрақты капитал бөліктерінің бірінің құны артқандықтан пайда болған ұдайы өндіріс процесінің бұзылуы. Әрі қарай, пайда нормасының кемуіне қарамай, бұл арада өнімнің қымбаттауы орын алып отыр. Егер осы өнім өндіріс құралы санатында өндірістің басқа салаларына енетін болса, онда мұның қымбаттауы оларда ұдайы өндірістің нақ сондай бұзылуына себеп болады. Егер ол тіршілік қаражаты санатында жалпы тұтынысқа енсе, онда ол сонымен бірге не жұмысшылардың тұтынысына сіңеді, не сіңбейді. Өзгермелі капиталда болған бұзылыстардың салдары қандай болса, бірінші жағдайда да сондай болады, ол жөніндегі сөз әлі алда. Бірақ егер де өнім бүтіндей алғанда жалпы тұтынысқа сіңетін болса, онда оның қымбаттауы нәтижесінде (егер оны тұтыну азайтылмаса) басқа өнімдерге деген сұранымның кемуі мүмкін, сондықтан да олардың өздерінің құнына сәйкес келетін ақша сомасына кері айналысы мүмкін болмайды; сөйтіп, оларды ұдайы өндірудің*

екінші жағы бұзылады: ақшаның өндірістік капиталға кері айналысы емес, товардың ақшаға кері айналысы орын алады. Қалай болғанда да, біз қарастырып отырған өндіріс саласында пайданың көлемі мен жалақының көлемі кемиді, ал сол арқылы басқа салалардың товарларын сатудан келетін қажетті түсімнің бір бөлегі де азаяды.

Бірақ шикізаттың мұндай тапшылығы сондай-ақ өнімге де, немесе шикізат беріп тұрған еңбектің табиғи факторларымен шарттас өнімділігіне де тәуелсіз болып шығуы да мүмкін. Атап айтқанда, егер өндірістің қайсыбір жекелеген саласында машиналарға және т. б. қосымша құшның, үстеме капиталдың рабайсыз көлемді бөлігі жұмсалған болса, онда өндірістің бұрынғы көлемі тұсында жеткілікті болған шикізат өндірістің жаңа көлемі тұсында жетімсіз болады. Демек, мұның өзі үстеме капиталдың өзінің әр түрлі элементтеріне пропорциялы түрде айналмауының нәтижесінде болады. Бұл жағдайда біз негізгі капиталдың артық өндірілуін көріп отырмыз, ол бұл арада бірінші жағдайда [яғни шикізаттың өнімі нашар болғанда] қандай құбылыстар туған болса, дәл сондай құбылыстар тудырады.

[861a] [.....].\*

Немесе олар [дағдарыстар] негізгі капиталды артық өндіруге және, демек, айналмалы капиталдың біршама көм өндірілуіне негізделеді.

Айналмалы капитал сияқты, негізгі капитал да товарлардан тұратын болғандықтан, товарлардың артық өндірілуін жоққа шығаратын, бірақ сөйте тұра негізгі капиталдың артық өндірілуін мойындайтын экономистердің тұрғысынан артық күлкілі ештеңе жоқ.

5) Ұдайы өндірістің бірінші фазасының бұзылуларынан, яғни товарларды ақшаға айналдырудағы немесе сатудағы қиыншылықтардан пайда болатын дағдарыстар. Алғашқы тектес дағдарыстар тұсында [шикізаттың қымбаттап кетуі салдарынан болатын] дағдарыс өндіргіш капитал элементтерін қайта сатып алуда болатын қиыншылықтардан туады. [XIV—861 a]

\* Қолжазбада бұл арада беттің сол жақ жоғарғы бұрышы жыртылып қалған, соның салдарынан текстің алғашқы тоғыз жолынан тек қана алты жолдың он жақ шеттері сақталған: бұл шеттер бүкіл тексті толығынан қалпына келтіруге мүмкіндік бермегенімен, Маркстің бұл арада «өзгермелі капиталдың құнындағы революциядан» келіп шығатын дағдарыстар жөнінде айтып отырғанын аңғаруға мүмкіндік береді. Мәселен, астық өнімінің нашарлығы тудырған «тіршілікке қажет заттардың қымбаттауы» өзгермелі капиталмен қимылға келтірілетін жұмысшыларға жұмсалатын шығынды арттыруға және сонымен бір уақытта «барлық басқа товарларға, жұмысшылардың тұтынуына кірмейтін барлық товарларға деген» сұранымының азаюына» алып келеді. Сондықтан да «бұл товарларды олардың құны бойынша сату» мүмкін болмайды, «оларды ұдайы өндірудің бірінші фазасы», товарларды ақшаға «айналдыру» бұзылады. Демек, тіршілік заттарының қымбаттауы «өндірістің басқа салаларында дағдарыстың басталуына алып келеді».

Беттің жыртылып қалған бөлігінің соңғы екі жолында бүкіл осы пайымдауды қорытындылайтын «шикізат материал ретінде тұрақты капиталға емес де, немесе тіршілік заттары ретінде» жұмысшылардың тұтынуына емес де шикізаттың қымбаттауы нәтижесінде дағдарыстардың пайда болуы мүмкін екендігі туралы пайымдау бар. Ред.



[12] КАПИТАЛИЗМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨНДІРІС  
ПЕН ТҰТЫНУ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚ.  
БАСТЫ-БАСТЫ ТҰТЫНУ ЗАТТАРЫН АРТЫҚ  
ӨНДІРУДІҢ ЖАШПАЙ АРТЫҚ ӨНДІРУГЕ АЙНАЛУЫ

[XIII—716] Дағдарыстың жаңа формаларына<sup>133</sup> өтпей тұрып, тағы да Рикардоға және жоғарыда келтірілген мысалға\* орайлық.

[716] Шыт фабрикантында ұдайы өндіріс пен қорлану болып тұрғанда, оның жұмысшылары да оған тиесілі өнімнің бір бөлігін сатып алушылар болып табылады, олар өздерінің жалақысының бір бөлігін шытқа жұмсап отырады. Фабриканттың өндірісі жүріп тұрғандықтан, нақ осы себепті жұмысшылардың оның өнімінің бір бөлігін сатып алатын қаражаты болады, демек олар оған (фабрикантқа) өнімді сатуға кейбір мүмкіндік береді. Жұмысшы жеке тұтынуға сіңетін товарлар жөнінен ғана сатып алушы ретінде — сұраным өкілі ретінде — көріне алады, өйткені өзінің жеке еңбегін жұмсаушы оның өзі емес, демек өз еңбегін жүзеге асырудың шарттарына — еңбек құрал-жабдықтары мен еңбек материалына оның өзі иелік етпейді. Демек, осы жағдайдың өзі-ақ өндірушілердің ең көп бөлігін (капиталистік өндіріс дамыған жерде — жұмысшылардың өздерін) тұтынушылардың, сатып алушылардың санатынан шығарып тастайды. Олар шикізат пен еңбек құрал-жабдықтарын сатып алмайды, олар тек қана күн көріске керекті құралдарды (тікелей жеке тұтынуға кіретін товарларды) сатып алады. Сондықтан да өндірушілер мен тұтынушылардың теңдігі туралы әңгімелерден өткен күлкілі ештеңе жоқ; өйткені өндіріс салаларының басым көпшілігі үшін — тікелей тұтыну заттарын өндірмейтін салалардың барлығы үшін, — өндіріске қатысушылардың негізгі бұқарасы өздері өндірген өнімдерді *сатып алудан мүлде сырттатылған*. Олар ешқашан да өздерінің өнімдерінің осынау слоулі бөлігін тікелей тұтынушылар немесе сатып алушылар болып табылмайды, дегенмен олар әлгі өнімдер құнының өздерінің сатып алатын тұтыну заттарында бар бөлігін төлеп отырады. Бұл арада сондай-ақ «тұтынушы» деген сөздің екі жақты мағынасы барлығы және оны «сатып алушы» деген сөзбен теңестірудің қателігі ашылады. Өндірістік тұтыну мағынасында машиналар мен шикізатты нақ сол жұмысшылар тұтынып, оларды еңбек процесінде пайдаланады. Бірақ жұмысшылар оларды өзі үшін пайдаланбайды, нақ сондықтан да оларды *сатып алушылар* болып табылмайды. Жұмысшылар үшін машиналар мен шикізат тұтыну құндары емес, товар емес, қайта жұмысшылардың өздері субъективтік шарттары болып табылатын процестің объективтік шарттары.

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 501 және келесі беттер (онда «шыт фабрикантының» орнында «кенеф фабриканты» делінген, мұның өзі істің мәнін түк те өзгертпейді), сондай-ақ 530-бет. *Ред.*

[717] Бірақ жұмысшыларды жалдаушы кәсіпкер еңбек құрал-жабдықтары мен еңбек материалын сатып алар кезде олардың өкілі болып табылады деушілер болар. Алайда ол жұмысшылардың өкілі болғанда жұмысшылар өздері өздерінің өкілі болатын жағдайлардан басқа жағдайларда олардың өкілі болады — әңгіме рыноктағы өкілдік туралы болып отыр. Ол өз бойында қосымша құнды, ақысы толенбеген еңбекті қамтыған товарлар көлемін сатуға тиіс. Ал жұмысшылар өндірісте — еңбек құрал-жабдықы, еңбек материалы және жалақы құны түрінде күні бұрып авансыланған күн қайта өндірілген товарлар көлемін ғана сатуға тиісті болар еді. Демек, капиталистке жұмысшыларға қажет болатыннан гөрі сдәуір ауқымды рынок керек. Әрі қарай, капиталистің рыноктың жағдайларын ұдайы өндірісті бастау үшін жеткілікті түрде қолайлы деп санар-санамасы жұмысшыларға емес, капиталистке байланысты.

Сөйтіп, жұмысшылар жекелей тұтыну мағынасында емес, өндірістік тұтыну мағынасында тұтынылуға тиісті барлық товарларға қатысы жөнінен тұтынушылар болмай — тіпті өндіріс процесі бұзылмаған күннің өзінде — өндірушілер болып табылады.

Демек, дағдарысты жоққа шығарудың капиталистік өндіріс тұсында тұтынушылар (сатып алушылар) мен өндірушілер (сатушылар) бірдей-міс деп сендіруден өткен сорақы тәсілі жоқ. Олар бір-бірімен мүлде сәйкес келмейді. Ұдайы өндіріс процесі өз жөнімен жүріп жатқан жағдайларда бұл тепе-теңдікті тек 3 000 өндірушінің біріне қатысты ғана, яғни капиталистке қатысты ғана айтуға болады. Тұтынушылар өндірушілер болып табылды-мыс дейтін керісінше пікір де соншалықты жаңсақ. Жер меншікшісі (жер рентасын алушы) өндірмейді, бірақ ол сөйте тұра тұтынады. Ақша капиталының барлық өкілдері жөнінде де істің жайы дәл сондай.

Дағдарыстарды жоққа шығару мақсатында айтылып жүрген апологеттік сөздер олар әрқашан өздерінің дәлелдегісі келгендеріне қарама-қарсы нәрсені дәлелдейтіндіктен ғана көңіл аударарлық. Дағдарысты жоққа шығару мақсатымен олар қарама-қарсылық пен қайшылық орын алып отырған жердегі бірлік туралы айтады. Олай болса, бұл сөздер: олар осы сөздерді ойлап табушылар өздерінің қиялдарында жоққа сайған қайшылықтар шындықта болмаған болса, онда дағдарыс та болмас еді дегенді дәлелдейді деп айтуға болатындықтан ғана көңіл аударарлық. Бірақ шындықта дағдарыс болып отыр, өйткені әлгі қайшылықтар болып отыр. Дағдарыстың болатынына қарсы апологеттер келтіріп жүрген қандай да болсын негіздеме олардың қиялында ғана жоқ етілген қайшылық, олай болса нақты қайшылық, олай болса дағдарыстың іргетасы болып табылады. Қиялдаудың көмегімен қайшылықтарды жоқ етуге тырысу дегеніміз сондай-ақ ізгі ниетті ті-

лекке сәйкес болмауға тиісті қайшылықтардың болмыста нақты бар екенін дәлелдейді.

Істің шын мәнісінде жұмысшылардың өндіретіні — қосымша құн. Олар мұны өндіріп тұрғанда, олардың тұтынары болады. Қосымша құнды өндіру тоқталысымен, олардың тұтынуы да тоқталады, өйткені олар өндіруді қойды. Бірақ олардың тұтына алатыны әсте өздерінің тұтынуы үшін эквивалент өндіретіндігінен емес. Керісінше, олар тек қана осындай эквивалент өндіргенде, олардың тұтынуы тоқталады, олардың тұтынуға арналған эквиваленті болмайды. Олардың еңбегі не тоқталады, не қысқарады, не барлық жағдайларда, олардың жалақысы азаяды. Соңғы жағдайда — егер өндіріс деңгейі өзгермеген күйі қалса — олар өздері өндірген эквивалентті тұтынбайды. Бірақ бұл кезде олардың қаражаты олар жеткіліксіз өндіргендіктен емес, оларға өздері өндірген өнімнің ессесі тым аз тиетіндіктен барып жетіспейді.

Сөйтіп, қарастырып отырған қатынасты жай ғана тұтынушылар мен өндірушілер арасындағы қатынасқа саюшылар, өндіріс қызметімен мүлде шұғылданбайтын тұтынушылар туралы айтпағанның өзінде, өндіруші жалдама жұмысшы мен өндіруші капиталист мүлде әр басқа екі өндіруші екенін естен шығарады. Бұл арада тағы да қарама-қарсылық шын мәнісінде өндірісте бар болып отырған *қарама-қарсылықтан* дерексіздендіру арқылы жоққа шығарылады. Жалдама жұмысшы мен капиталистің қатынасының өзі-ақ мынаны қамтиды:

1) өндірушілердің анағұрлым көп бөлігі (жұмысшылар) өз өнімінің, атап айтқанда еңбек құрал-жабдықтары мен еңбек материалының барынша елеулі бөлігін тұтынушылар (сатып алушылар) болып табылмайтынын;

2) өндірушілердің анағұрлым көп бөлігі, жұмысшылар, өз өнімінің эквивалентін осы эквивалентке қарағанда көп өндіргенге дейін ғана, яғни қосымша құн немесе қосымша өнім өндіріп тұрғанда ғана тұтына алатынын қамтиды. Олар әрқашан *артық өндірушілер* болуға, өздерінің [толеуге қабілетті] қажеттерінен артық өндіруге тиіс, сонда барып олар өздерінің осы қажеттерінің ауқымында [718] тұтынушылар немесе сатып алушылар болуға мүмкіндік алады <sup>134</sup>.

Сонымен, өндірушілердің осы табына қатысы жөнінен өндіріс пен тұтыныс арасындағы бірлік туралы пікір қалай болғанда да *prima facie* \* жаңсақ пікір болып шығады.

Рикардо *сұранымның* бірден-бір шегі — өндірістің өзі, ал өндіріс тек қана капиталмен <sup>135</sup> шектелген дейтін болса, онда, егер қате алғы шарттарды алып тастағанда, мұның іс жүзінде мынадай ғана мағынасы болады: капиталистік өндіріс өз өлшемін тек капиталдан ғана табады, мұның өзінде капитал деп сондай-ақ капиталды өндіру шарттарының бірі ретінде оның құрамдас бө-

\* — тосыннан қарағанда; бұл арада — бір көргеннен-ақ. *Ред.*

лігіне (ол сатып алған) айналған жұмыс күші де ұғынылады. Ал оның бер жағында капитал тап сол қалпында тұтыну үшін де шекара болып табыла ма деген айқын сұрақ туады. Қалай болғанда да ол кері мағынада сондай шекара қызметін атқарады, яғни өндірілгеннен артық тұтыну мүмкін емес. Бірақ мәселе оның оң мағынада, сол шекара қызметін атқаратын-атқармайтынында, — капиталистік өндіріс негізінде — қанша өндірілсе, сонша тұтыныла алатын-алмайтынында және тұтынуға тиісті-тиіссіздігінде. Егер Рикардоның қағидасын дұрыс талдап шықса, онда бұл қағида оның мұнымен айтқысы келгеніне нақ қарама-қарсы пәрсені — атап айтқанда, өндіріс тұтырудың қазір бар шекараларын ескермей жүргізілетінін және ол тек қана капиталдың өзімен шектеулі екенін білдіреді. Ал мұның өзі, шынында, өндірістің осы әдісіне тән сипат.

Сонымен, ұйғарымға сәйкес, рынок, мәселен, мақта-матасыналық толы, сол себептен олар не жарым-жартылай, не түгелдей сатыла алмайды, немесе өз бағасынан әдеуір арзан бағамен сатылуы мүмкін. (Әзірге айтарымыз: құнынан төмен, өйткені айналыс немесе ұдайы өндіру процесін қарастырған кезде бізге әлі де шығындардың бағасымен емес және оны былай қойғанда рынок бағасымен де емес, құнмен істес болуға тура келеді).

Дегенмен, осы талдаудың бәрінен мына нәрселер өзінен-өзі белгілі болады: жекелеген салаларда — мейлінше көп, *сондықтан* басқа салаларда мейлінше кем өндірілуі мүмкін екенін, демек, ішінара дағдарыстар *өндірістің диспропорциялылығынан* (ал өндірістің пропорциялылығы әрқашан бәсекеге негізделген өндірістің диспропорциялылығының нәтижесі ғана болып табылады) туындайтынын және өндірістің бұл диспропорциялылығының жалпы формаларының бірі негізгі капиталдың артық өндірілуі немесе, екінші жағынан, айналмалы капиталдың \* артық өндірілуі болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Товарларды өзінің құны бойынша сатудың шарты оларда тек қана қоғамдық қажетті жұмыс уақытының болуы екендігі сияқты, капитал өндірісінің тұтас бір саласы үшін де ондай шарт осы ерекше салаға қоғамның жиынтық жұмыс уақытының қажетті бөлігі ғана, — қоғамдық қажетсізді (сұранымды) қанағаттандыруға керек жұмыс уақыты ғана жұмсалған болуы болып табылады. Егер бұл салаға көбірек жұмсалған болса, онда, товардың әрбір өлшем бірлігінде ең болмағанда тек қана қажетті жұмыс уақыты болғанмен, бұл өлшем бірліктерінің жиынында қоғамдық қажетті жұмыс уақыты көп болады және дәл солайша: товардың бір өлшемі тұтыну құнына ие болғанымен, бұл өлшемдердің жиыны, осы алғы шарттар тұсында, өз тұтыну құнының бір бөлігінен айырылады.

Алайда біз бұл жерде дағдарыс өндірістің диспропорциялылығы

\* [720] (Жіп иіру машиналары ойлап табылған кезде тоқыма кәсіпорындарының өнімділігімен салыстырғанда артық иіру орын алады. Тоқымашылыққа механикалық станоктар енгізілісімен бұл диспропорция жойылды.) [720]

ғына, яғни өндірістің жекелеген салалары арасындағы қоғамдық еңбек бөлінісіндегі диспропорцияға қандай мөлшерде негізделген болса, ол жөнінде сондай мөлшерде айтып отырғанымыз жоқ. Бұл жөнінде де капиталдар бәсекесі туралы қаншалық сөз болса, соншалық қана сөз болуы мүмкін. Ол жерде осы диспропорцияның салдарынан рыноктық құнның артуы немесе төмендеуінің өзіндік нәтижесі капиталды өндірістің бір саласынан алып екінші сала-сына көшіру, капиталдың бір саладан екінші салаға миграциясы болатыны айтылған болатын\*. Алайда осы теңестірудің өзінде оның теңестірудің қарама-қарсы жағын керек ететіні орын алған, демек, өз бойында дағдарысты қамтуы мүмкін; дағдарыстың өзі теңестіру формасы болуы мүмкін. Бірақ бұл секілді дағдарысты Рикардо мен басқалар да мойындайды.

Өндіріс процесін қарастырған тұста<sup>136</sup> капиталистік өндірістің мүмкін болғанша көбірек қосымша еңбекті, яғни мүмкін болғанша сол капиталдың көмегімен көбірек тікелей жұмсалатын жұмыс уақытын — жұмыс күнін ұзарту жолымен бе, немесе қажетті жұмыс уақытын қысқарту жолымен бе, еңбектің өндіргіш күштерін дамыту, кооперацияны, еңбек бөлінісін, машиналарды қолдану және т. т. жолымен бе, бір сөзбен айтқанда, ірі көлемде өндіру, яғни жаппай өндіру жолымен бе — қамтып қалуға ғана тырысатынын көрдік. Капиталистік өндірістің түп мәнінде, олай болса, рынок шекараларын есепке алмай өндіру жатыр.

Ұдайы өндірісті қарастырған тұста алғашында өндіріс әдісі өзгермей қалады деп ұйғарылған және өндірісті ұлғайту кезінде ол, шынында да, біршама уақыт бойы солай болып қалады да. Бұл жерде өндірілген товарлар көлемінің артуы капиталдың неғұрлым өнімді қолданылуынан емес, капитал көбірек қолданылатындықтан болады. Бірақ енді капиталдың бір ғана сандық көбеюі [719] сонымен бірге өз бойына оның өндіргіш күшінің ұлғаюын да қамтиды. Егер капиталдың сандық ұлғаюы дегеніміз өндіргіш күштің дамуының салдары болатын болса, онда керісінше де — өз кезегінде неғұрлым кең, ұлғайған капиталистік негіз осы өндіргіш күштің дамуының алғы шарты болады. Бұл арада өзара әрекеттестік бар. Сондықтан неғұрлым кең негіздегі ұдайы өндіріс, яғни қорлану, — әуел баста ол өндірістің тек қана сандық кеңеюі ғана болып табылып, өндірістің нақ сол бір жағдайларының өзінде көбірек капиталдың жұмсалыуымен байланысты болғанымен, — белгілі нүктеде сондай-ақ әрқашан сапалық көрініс алып, өз тұсында ұдайы өндіріс жүзеге асырылатын шарттардың көбірек өнімділігі болып көрінеді. Ұлғаймалы ұдайы өндіріс кезінде, яғни қорлану кезінде капитал ұлғайған пропорцияға қарағанда өнімдер массасының артық пропорцияда артуы осыдан.

Бірақ шыт жөніндегі мысалымызға қайта оралайық.

\* Қараңыз: Осы басылымы, II бөлім, 212—217-беттер. Ред.

Шытқа лық толған рыноктағы тоқырау тоқыма фабрикасы иесінің ұдайы өндірісін бұзады. Бұл бұзылу ең алдымен оның жұмысшыларына ауыртпалық болып тиеді. Жұмысшылар, демек, оның товарын, шытын, және өздерінің тұтынуына сіңетін басқа да товарларды енді аз дәрежеде тұтынады — немесе енді ешқандай тұтынушылары болмайды. Олар, әлбетте, шытты қажет етеді, бірақ олар оны сатып ала алмайды, өйткені қаражаттары жоқ, ал олардың қаражаты болмайтын себебі, өндірісті жалғастыра алмағандықтан, ал өндірісті олар мейлінше көп өндіріліп, рынок шытқа лық толғандығы салдарынан жалғастыра алмайды. Оларға Рикардоның «өз өндірісіңді ұлғайт» деген кеңесі де, «басқа бір-деме өндірі»<sup>137</sup> деген кеңесі де көмектесе алмайды. Олар енді халықтың уақытша басы артық болуының, жұмысшылардың, осы жағдайда — шыт өндірушілердің артық өндірілуінің бір бөлігі болып табылады, өйткені рынокта шытты артық өндіру орын алған.

Бірақ шытты ұдайы өндірудегі бұл тоқырау, шыт тоқитын өндіріске жұмсалған капиталдың тікелей жалдаған жұмысшыларын қоспағанда, басқа өндірушілердің бұқарасына — жіп иірушілерге, мақта өңдеушілерге, ұршықтар мен тоқу станоктарын, темір, көмір және т. б. өндірушілерге ықпал жасайды. Осы топтардың бәрінде де олардың ұдайы өндірісі бұзылады, өйткені шытты ұдайы өндіру олардың жеке ұдайы өндірісінің шарты. Мұның өзі тіпті олардың өз салаларында *артық өндіру* болмаған жағдайда да, яғни онда тоқтаусыз жұмыс істеп тұрған шыт тоқитын өнеркәсіп қажет ететін және соған шақталған мөлшердегіден артық өндірілмеген жағдайда да болар еді. Өндірістің барлық осы салаларының өз араларында мынадай ортақ нәрсе бар: өз кірісін (жалақы мен пайданы, өйткені соңғысы кіріс ретінде тұтынылады, бірақ қорланбайды) олар өзінің жеке өнімінде тұтынбайды, тұтыну заттарын, соның ішінде шытты да, өндіретін салалардың өнімінде тұтынады. Сөйтіп, шытты тұтыну мен оған деген сұраным рынокта мейлінше көп шыт болғандықтан, нақ осы себепті күрт төмендейді. Бірақ сонымен бірге шыттың осы бір *жанана* өндірісшілерінің кірісі жұмсалатын тұтыну заттары болып табылатын барлық басқа товарларға деген сұраным да кемиді. Рынокта шыт тым көп болғандықтан, осы соңғылардың шыт пен басқа да тұтыну заттарын сатып аларлық қаражаттары шектеледі, қысқарады. Бұл басқа товарларға да (тұтыну товарларына) қатысты. Енді олардың *салыстырмалы* түрде артық өндірілгені күтпеген жерден байқалады, өйткені оларды сатып алуға арналған қаражаттар қысқарды, сол арқылы оларға деген сұраным да қысқарды. Тіпті егер бұл салаларда мейлінше көп өндірілмеген күннің өзінде де, енді оларда артық өндіру болып шығады.

Егер тек шыт қана емес, сонымен қатар кенец, жібек және жүн маталарды да артық өндіру орын алған болса, онда осы аз

ғана, бірақ жетекші заттарды артық өндіру барлық рынокта азды-көпті жаппай (*относительді*) артық өндіруді тудыратынын түсіну қиын емес. Бір жағында — ұдайы өндірістің барлық шарттарының артық болуы мен барлық түрдегі сатылмаған товарларға рыноктың толып кетуі. Екінші жағында — банкрот болған капиталистер мен қаражат атаулыдан құр алақан, аяусыз жоқшылыққа ұшыраған жұмысшылар.

Алайда, бұл дәлел екі ұшы бар таяқ секілді. Егер кейбір жетекші тұтыну заттарын артық өндіру қандай жолмен азды-көпті жаппай артық өндіру құбылысын ілестіре жүруге тиіс екенін түсіну жеңіл болса, онда мұның өзі әлгі көрсетілген жетекші заттарды артық өндіру қалай пайда бола алатынын әлі өсте де түсілікті етпейді. Өйткені жаппай артық өндіру құбылысы өнеркәсіптің осы салаларында тікелей жұмыс істейтін қызметкерлер мен шаруанылықтың олардың өнімдерінің негіздік элементтерін, онда қолданылатын тұрақты капиталдың әр түрлі фазаларын өндіретін барлық салаларының қызметкерлері арасындағы өзара тәуелділіктен туындатылады. Соңғылары үшін артық өндіру нәтиже болып табылады. Бірақ ол алғашқыларда қайдан пайда болады? Өйткені алғашқылары өндірісті ұлғайтып жатқанда, соңғылары өндірісті ұлғайтады, ал өндірістің осы ұлғайтылуымен бірге бейне бір кірістің жаппай өсуі, ал олай болса олардың жеке тұтынуы да <sup>138</sup> қамтамасыз етілгендей болады. [719]

**(13) ӨНДІРІСТІҢ ҰЛҒАЮЫ МЕН РЫНОКТЫҢ КЕҢЕЮІ  
АРАСЫНДАҒЫ СӘЙКЕССІЗДІК.  
ТҰТЫНУДЫҢ ӨСУІ МЕН ІШКІ РЫНОКТЫҢ КЕҢЕЮІНІҢ  
ШЕКТЕУСІЗ МҮМКІНДІКТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ  
РИКАРДОЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯ]**

[720] Егер біз үздіксіз ұлғаятын өндіріс {ол жылма-жыл екі себеп бойынша: біріншіден, өндіріске жұмсалатын капитал үздіксіз өсіп отыратындықтан, ал екіншіден, ол барған сайын өнімді қолданылатындықтан ұлғайып отырады; ұдайы өндіру мен қорлану кезінде азды-көпті жақсарулар үздіксіз жинақтала береді, түптеп келгенде олар өндірістің бүкіл көлемін мүлде өзгертіп жібереді; жақсарулардың көбейе беруі, өндіргіш күштердің қорланып дамуы болады}, — осы үздіксіз ұлғайып отыратын өндіріс үздіксіз кеңейіп отыратын рынокты қажет етеді және өндіріс рыноктан гөрі тезірек ұлғаяды десек, онда осы арқылы түсіндірілуге тиісті мына бір құбылыс тек басқаша бейнеленген болады: ол өзінің абстракт емес, нақты формасында бейнеленген болады. Рынок өндіріске қарағанда баяуырақ кеңейеді; басқа сөзбен айтқанда, капитал өзінің ұдайы өндірілуі кезінде өтетін циклде, — ал бұл циклде ол жай ғана бұрынғы мөлшерде емес, кеңейтілген көлемде ұдайы өндіріледі, шеңбер емес, спиральды бейнелейді, — өнді-

рілген өнім үшін рынок тым тар болып шығатын кез туады. Мұның өзі циклдің соңында болады. Бірақ бұл рыноктың лық толып кеткенін ғана білдіреді. Артық өндіру енді — анық факт. Егерде рыноктың кеңеюі өндірістің ұлғаюына ілесе жүрген болса, онда рыноктың лық толып кетуі, артық өндіру болмас еді.

Алайда рынок өндіріспен бірге кеңеюге тиіс дегенді мойындаудың бір ғана өзі енді тағы да, екінші жағынан, артық өндіру мүмкіндігін мойындағандықты да білдірер еді; өйткені рыноктың географиялық сыртқы шектері болады, ішкі рынок бір мезгілде әрі ішкі, әрі сыртқы рынок болатын рынокпен салыстырғанда, ал соңғысы өз кезегінде, — дүние жүзілік рынокпен салыстырғанда шектеулі рынок болып көрінеді; ал дүние жүзілік рынок әрбір берілген сәтте тағы да шектеулі, бірақ потенциалды түрде кеңеюге бейім. Сондықтан, егер артық өндіру басталмау үшін рынок кеңеюге тиіс деп мойындалатын болса, онда сондай-ақ артық өндірудің орын алуы мүмкін екені де мойындалады; өйткені сонда ғана — рынок пен өндіріс бір-біріне қатысы жөнінен әр басқа екі сәт болып табылатындықтан, бірінің кеңеюі екіншісінің ұлғаюына сәйкес келмеуі, өндіріс үшін рыноктың шектері жеткілікті түрде тез кеңеймеуі немесе жаңа рыноктарды — рыноктың жаңа кеңеюлерін — өндірістің тез басып озуы мүмкін, осы себептен бұрын неғұрлым тар рынок қалай шек ретінде көрінген болса, енді кеңейген рынок шек ретінде нақ солай көрінеді.

Сондықтан да өндірістің кеңеюімен және капиталдың артуымен бірге *рыноктың кеңеюі* де қажет деген қағиданы жоққа шығарған кезде Рикардоның пікірі дәйекті. Рикардоның пікірінше, қандай да бір елде бар бүкіл капитал нақ сол елде тиімді қолданылуы мүмкін. Рикардо сондықтан А. Смитке қарсы дау айтады, ал А. Смит бір жағынан, нақ *соның* (Рикардоның) ұсынған көзқарасын ұсынды, ал екінші жағынан сонымен бірге өзінің әдеттегі байыпты түйсігімен бұл көзқарасқа қарсы пікір де айтты. Смит әлі артық өндіру құбылыстарын, артық өндіруден туындайтын дағдарыстарды білмейді. Ол кредит және банктер системасымен бірге өзінен-өзі пайда болатын кредит пен ақша дағдарыстарын ғана біледі. Ол капиталдың қорлануын, шынында да, халықтың жалпыға бірдей байлығы мен әл-ауқатының сөзсіз артуы деп біледі. Екінші жағынан, ішкі рыноктың сыртқы, отарлық және дүние жүзілік рынок болып дамуының өзін ол былайша айтқанда, ішкі рыноктағы относителді (потенциалды) артық өндірудің дәлелі деп қарастырады.

Осы арада Рикардоның Смитке қарсы дауын келтіруге болады:

«Егер көпестер өздерінің капиталдарын сыртқы саудаға немесе кеме қатынасына жұмсаса, онда олар мұны әрқашан қажеттілік қысымынан емес, өздерінің ерікті таңдауы бойынша істейді; олар мұны бұл салаларда-



ғы өздерінің пайдасы ішкі саудаға қарағанда әжептәуір мол болатындықтан істейді.

Адам Смит «әрбір адамның тамаққа деген тәбеті адам асқазанының шағын сыйымдылығымен шектеледі» деп әділетті түрде атап көрсетті»

{А. Смит бұл арада қатты қателеседі, өйткені ол тамаққа ауыл шаруашылығында өндірілетін сән-салтанат заттарын жатқызбайды},

«бірақ молшылық пен әсемдік заттарына талпыныс, жақсы баспанасы, киім-кешек, үй мүлкі мен жасау-жабдығы болуға тырысу, сірә, шек немесе қандай да бір мөлшер дегенді мүлде білмейді».

Демек, *табиғат*,— деп жалғастырады Рикардо,— *«белгілі бір уақыт ішінде ауыл шаруашылығында тиімді түрде қолданылуы мүмкін капиталдың мөлшерін қажетті түрде шектеді»*

{ауыл шаруашылық өнімдерін шетке шығаратын халықтардың болуының өзі осы себептен демек пе? Мәселен, Англияда, табиғатқа қарсы келіп, қауын, шарап жеміс-жидегін, жүзім және т. б. өндіріп, гүл және т. б. өсіру, үй құстары мен тұз құстарын және т. б. өсіру үшін, ауыл шаруашылығына мүмкін болатын бүкіл капиталды жұмсауға болмайтын болғаны ма? (Мысалға римдіктер балықты қолдан өсірудің өзіне ғана жұмсаған капиталдарды көрсетеміз.) Және өнеркәсіпке арналған шикізатты ауыл шаруашылық капиталы өндіріп отырмай ма?},

*«бірақ ол өмірдің «молшылық пен сән-салтанат заттарын» өндіруге қолданылуы мүмкін капиталдың мөлшеріне ешқандай шек қойған жоқ»* (құдды табиғаттың осы іске жалпы қандай да бір қатысы бардай-ақ!). Өзіне бұл заттарды *барынша көп* мөлшерде табу — *көзделетін мақсат міне осы*. Бұған сыртқы сауда немесе кеме қатынасы арқылы жету бәрінен тәуір болғандықтан ғана адамдар керекті товарларды немесе олардың орнына жүре алатын товарларды ел ішінде өздері өндірудің орнына әлгіндей жолмен алғанды артық санады. Бірақ егер ерекше жағдайлардың салдарынан біз сыртқы саудаға немесе кеме қатынасына капитал жұмсай алмаған болсақ, онда біз оны, тиімділігі аз болса да, елдің ішінде қолдана бастар едік. Ал «молшылық пен әсемдік заттарына талпыныстың, жақсы үй-жайы, киім-кешегі, үй мүлкі мен (721) жасау-жабдығы болуға тырысудың» *шегі жоқ болғандықтан, оларды өндіруге жұмсалатын капитал үшін біздің осы заттарды жасайтын жұмысшыларды асырау мүмкіндігімізді шектейтін шектерден басқа ешқандай шектердің болуы мүмкін емес*.

Адам Смит алайда теңіз саудасы жөнінде онымен ерікті таңдау бойынша емес, бейне бір қажеттіліктің қысымымен шұғылданатын сияқты етіп айтады; егер оған жұмсалмаған болса капитал бейне бір қолданылусыз қалатын тәрізді, бейнебір *капитал*, егер ол белгілі шектермен шектелмесе, *ішкі кәсіпшіліктерде басы артық болып қалуы мүмкін болатындай көреді*. Смит былай дейді: «Егер қайсыбір елдің капиталы ол енді тұғыну құралдарын өндіру мен сол елдегі өндіргіш еңбекті асырап-сақтауға түгелдей жұмсала алмайтын дәрежеге дейін өскен болса: {цитаттың бұл бөлігінің астын Рикардоның өзі сызған}, «онда артық қалған капитал, әрине, теңіз саудасына қолданылып, басқа елдерде дәл сондай міндеттерді орындауға жұмсалатын болады» ...Бірақ Великобритания өндіргіш еңбегінің бұл бөлігі елде үлкен сұраным туғызып отырған бірдемені сатып алуға болатын басқа тектес товарлар өндірісінде қолдануға келмейтін болғаны ма? Ал

егер бұл мүмкін болмаса, онда біз осы өндіргіш еңбекті, тиімділігі аз болса да, сұраным тудырып отырған бұл товарларды немесе, ең болмағанда, олардың орнына жүрестіп товарларды ел ішінде өндіруге қолдана алмас па едік? Егер бізге барқыт керек болса, онда біз оны өзіміз жасап көрмес пе едік? Ал егер мұның сәті түспеген болса, онда біз шұғаны немесе бізге керек қандай да бір басқа затты көбірек өндіре алмайтын болғанмыз ба?

Біздің өнеркәсіп товарларын өндіріп, оларға шетелден товарлар сатып алатын себебіміз біз осы жолмен бұл товарларды оларды ел ішінде өндіргенімізге қарағанда көп мөлшерде ала аламыз «{сапалық айырмашылық жоқ!} Бізді мұндай сауда жасау мүмкіндігінен айырар болсаңыз, біз дереу өзіміз үшін осы товарларды қайтадан өзіміз әзірлей бастаймыз. Бірақ Адам Смиттің келтірілген пікірі оның осы мәселе жөніндегі барлық жалпы қағидаларына қайшы келеді. «Егер жат ел «{Рикардо Смиттен цитат келтіріп отыр} «қандай да бір товармен бізді оны біздің өзіміз өндіргенімізге қарағанда арзанырақ жабдықтайтын болса, онда ол товарды өзіміздің белгілі бір артықшылығымыз бар салада қолданылатын өз еңбегіміз өнімінің бір бөлігіне сол жат елден сатып алған артық. Елдің еңбегінің жалпы сомасы, оны қолданатын капиталға әрқашан пропорцияда бола тұрып», {мейлінше әр түрлі пропорцияда!} (цитаттағы сөздердің астын сызған тағы да Рикардоның өзі), «бұдан ешқандай да кемімейді, сондықтан оған өзі неғұрлым тиімді түрде қолданылатын саланы табу ғана керек болады».

Тағы да: «Сондықтан өз қолында өздерінің тұтына алатынынан артық азық-түлігі барлар осы артық азық-түлігін немесе, бұл да соның өзі, оның бағасын басқа тектес игілік үшін айырбастауға әрқашан әзір. Өздерінің көлемі жағынан шектеулі қажеттерді қанағаттандырудан кейінгі қалғанының бәрі ешқашан түгелдей қанағаттандырылуы мүмкін емес, және, сірә де, ешқандай шекарасы жоқ қажеттерді қанағаттандыруға жұмсалады. Кедейлер бір үзім нанға бола, байлардың ойларына келгенін орындай отырып, өздерінің күш-қайраттарын сарқа жұмсайды, және олар өздеріне осы үзім нанды қамтамасыз ету үшін арзаншылық пен өз жұмыстарын жетілдіру саласында бір-бірінің алдына түсуге тырысады. Азық-түлік заттары мөлшерінің өсуімен бірге немесе егіншіліктің жетілдірілуімен және кеңеюімен бірге жұмысшылардың саны артады. Ал олардың шұғылданып отырған жұмыстарының табиғаты өте ұзаққа баратын еңбек бөлінісіне жол салатындықтан, олардың өңдеуі мүмкін материалдың саны жұмысшылардың санына қарағанда анағұрлым көп мөлшерде артады. Соның нәтижесінде — адамдардың өнертапқыштығы баспаналарды, киім-кешек, үй мүліктерін, жасау-жабдықтарын жетілдіруге немесе әсемдеуге пайдаланылуы мүмкін алуан түрлі материалдарға деген сұраным пайда болады: минералдар мен жер қойнауында бүркеулі жатқан басқа да қазбаларға, асыл металдар мен бағалы тастарға деген сұраным күшейеді».

Айтылғандардың барлығынан мынау келіп шығады: сұранымның шегі жоқ, капитал қандай да болсын пайда түсіріп тұрғанда, оны қолданудың шегі жоқ және капитал қаншалық мол болғанымен де, пайданың кеміп кетуі үшін жалақының артуынан басқа жеткілікті себеп жоқ, және бұған әрі қарай мынаны қосуға болады: жалақының артуының бірден-бір жеткілікті және тұрақты себебі саны өсіп бара жатқан жұмысшылар үшін тамақ пен қажет заттарды табудың қиындай беруі болып табылады». (Цитат алынған шығарма, 344—348-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 241—244-беттер].

**[14] ӨНДІРГІШ КҮШТЕРДІҢ ТЕЖЕУСІЗ ДАМУЫ МЕН ҰДАИЫ  
ӨНДІРІСТІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕГІ БҰҚАРА  
ТҰТЫНУЫНЫҢ ШЕКТЕУЛІЛІГІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚ.  
ЖАППАЙ АРТЫҚ ӨНДІРУДІҢ МҮМКІН ЕМЕСТІГІ  
ТУРАЛЫ ТЕОРИЯНЫҢ АПОЛОГЕТТІК МӘНІ]**

*Артық өндіру* деген сөздің өзі адастырады. Қоғамның едәуір бөлігінің бірінші кезектегі қажеттері немесе ең болмағанда оның ең бір тікелей қажеттерінің өзі қанағаттандырылмаған кезде, әрине, өнімдердің артық өндірілуі жөнінде — өнімдер көлемінің оларды қажетсінумен салыстырғанда артық болуы мағынасында — сөз болуы әсте мүмкін емес. Керісінше, капиталистік өндірістің негізінде бұл мағынада үнемі кем өндіру болып отырады деп айтқан жөн. Өндіріс үшін шек болатын тіпті де өндірісшілердің қажеттері емес, капиталистердің пайдасы. Бірақ өнімдерді артық өндіру мен *товарларды* артық өндіру — мүлде әр түрлі екі нәрсе. Егер Рикардо өнім үшін *товар* формасы бәрібір және, одан әрі, *товар айналысы* айырбас саудадан тек қана формальды түрде ғана ерекшеленеді, айырбас құны бұл арада тек заттар айырбасының өткінші формасы ғана болып табылады, ал осы себепті ақша айналыстың тек формальды құралы ғана деп ойласа, онда мұның бәрі шын мәнісінде оның өндірістің буржуазиялық әдісі деген өндірістің абсолют әдісі, яғни өндірістің өзіндік ерекшелігі жағынан бұдан дәл анықтамасы жоқ әдісі дейтін, сондықтан оның барлық анықтамалары, демек, формальды бірдеңе ғана дейтін алғы шартынан келіп шығады. Сондықтан Рикардо өндірістің буржуазиялық әдісінде өндіргіш күштердің еркін дамуына арналған шекараның, дағдарыстар мен — тағы сондайлардың арасында — *артық өндірістен*, дағдарыстардың осы негізгі құбылысына көрінетін шекараның бар екенін мойындай алмайды.

[722] Рикардо Смиттің цитатқа алынған, мақұлданған және сондықтан өзі қайталап отырған қағидаларынан қандай да болсын тұтыну құпдарына деген шексіз «ұмтылысты» қанағаттандыру әрқашан да қоғамның өндірушілер бұқарасына «тамақ пен қажет заттарға» деген қажетін қанағаттандырумен азды-көпті шектелуге, яғни онсыз күн көруге болмайтын нәрсемен қанағаттануға тура келетін күй-жайы негізінде болып отыратынын көрді. Рикардо, олай болса, өндірушілердің осы орасан көпшілігінің байлықты тұтынуға қатысудан азды-көпті — байлық қажет заттар шеңберінен қандай мөлшерде шықса, сондай мөлшерде — алыстатылғанын көрді.

Әрине, соңғы жағдай құлдыққа құрылған ежелгі заманғы өндіріс тұсында да, оның үстіне бұдан да зор дәрежеде орын алады. Бірақ ежелгі адамдар қосымша өнімді капиталға айналдыру жөнінде ойлаған да жоқ. Қандай болғанда да, мұны істегеннің өзінде тек қана шамалы дәрежеде солай істеді. (Олар кеңінен қол-

данған қазыналар жинау ісі сөздің өз мағынасында олардың қаншалық көп қосымша өнімі ешбір пайдаланусыз жатқанын көрсетеді.) Қосымша өнімнің едәуір бөлігін олар өнімсіз шығындарға — өнер туындыларына, діни және қоғамдық құрылыстарға айналдырды. Олардың өндірісінің материалдық өндіргіш күштерді таратып, өрістетуге — еңбек бөлінісіне, машиналарға, жеке өндірісте табиғат күштері мен ғылымды қолдануға негізделуі одан да кем болатын. Іс жүзінде олар жалпы және тұтас алғанда қол-өнер еңбегінен әрі бармаған күйі қалды. Сондықтан да олар жеке тұтынуға арнап жасаған байлық салыстырмалы түрде онша көп болған жоқ және ол аз ғана адамдардың қолына жинақталғандықтан ғана көп болып көрінеді, оның үстіне бұлар ол байлықпен не істерін де білмеді. Егер осы себепті де ежелгі дүние адамдарында *артық өндіру* болмаған болса, оның есесіне байларда *артық тұтыну* болды, мұның өзі Рим мен Грецияның соңғы дәуірінде дарақы ысырапшылдыққа ұласты. Ежелгі дүние халықтары ішіндегі сауда жасаушы аз ғана халықтар ішінара барлық осы шын мәнісіндегі кедей ұлттардың есебінен өмір сүрді. Оның бер жағында өндіргіш күштердің нақ осы үздіксіз дамуы және осыдан туындайтын көптеп өндіру, мұның өзі, бір жағынан, өндірушілер бұқарасының тұтынуы қажет заттар ауқымымен шектелген, ал екінші жағынан, капиталистердің пайдасы өндіріс үшін шек қызметін атқаратын жағдайларда болады, — қазіргі заманғы *артық өндірістің* негізін құрайтын нәрсе, міне, осы.

Артық өндіруге және т. б. қарсы Рикардо және басқалары ұсынатын барлық пікірлер олардың буржуазиялық өндірісті не сатып алу мен сатудың арасында айырмашылық болмай, тікелей айырбас саудасы орын алатын өндіріс әдісі деп, — немесе өндірісті оның тұсында қоғам бейне бір өзінің өндіріс құрал-жабдықтары мен өндіргіш күштерін өзінің әр түрлі қажеттерін қанағаттандыру үшін қажет дәрежеде және сол шамада, өндірістің әрбір саласына тиісті қажетті қанағаттандыру үшін қоғамдық капиталдың қандай үлесі талап етілсе, сондай *үлесі* келетіндей етіп бейне жоспар бойынша бөлетін *қоғамдық* өндіріс деп қарастыратынына негізделген. Бұл фикция жалпы буржуазиялық өндірістің өзіндік ерекшелік формасын түсінуге қабілетсіздіктен келіп шығады, ал бұл қабілетсіздік, өз кезегінде, жалпы өндіріс дегеннің өзі [schlechthin] осы буржуазиялық өндіріс деген түсініктен шыға алмаудан туады. Мұның өзі белгілі бір дінге сенетін адамның оны жалпы дін атаулы [schlechthin] деп білетіні, одан басқаның бәріп кілең *жалған* діндер ғана деп білетініне әбден ұқсайды.

Ал оның бер жағында, керісінше, былай деп сұраған жөн болар еді: капиталистік өндірістің негізінде, әркім қалтыраумен және тәуекелмен жұмыс істейтін жерде және сонымен қатар ерекше еңбек өзін өзінің қарама-қарсылығы ретінде, абстракт түрдегі жаппай және осы формадағы қоғамдық еңбек ретінде

бейпелеуге мәжбүр болатын жерде, — осы негізде өндірістің әр түрлі салаларының қажетті теңестірілуі мен өзара байланысын, олардың арасында мөлшерлестіктер мен пропорциялар орнатуға тұрақты үйлесімсіздікті үнемі жойып отырғаннан басқа қандай жолмен жетуге болады? Бұл әлі бәсеке тудырған теңестірулер жөнінде сөз болған кезде мойындалады, өйткені бұл теңестірулер әрқашан бірдеңенің теңестірілуге тиістілігін, яғни үйлесім әрқашан да орын алып отырған үйлесімсіздікті жоятын қозғалыстың нәтижесі ғана болып табылатынын көздейді.

Сондықтан да Рикардо жекелеген товарлар үшін рыноктың лық толу мүмкіндігін мойындайды. Оның пікірінше, рыноктың тек бір мезгілде жаппай лық толуы ғана мүмкін емес. Сондықтан өндірістің қайсыбір ерекше саласындағы артық өндіру мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. [Жаппай] артық өндірудің жәпе осыдан көліп рыноктың жаппай лық толуы мүмкін еместігі бұл құбылыстың өндірістің барлық салалары үшін бір мезгілдегінен тұрады деседі. «Рыноктың жаппай лық толуы» дегенді әрқашан *cum grano salis* \* алған жөн, өйткені жаппай артық өндіру сәттеріндегі бірқатар салалардағы артық өндіру әрқашан да тек относителді болып және артық өндіру басқа салаларда орын алып отырғандықтан ғана артық өндіру болып табыла отырып, әрқашан сауданың жетекші заттарын артық өндірудің нәтижесі, салдары ғана болады.

Апологетика мұны түбінен төңкеріп қояды. Қарқынды артық өндіру тек осылардың саласында ғана болып отыратын сауданың жетекші заттарын артық өндіру, — ал бұл жалпы алғанда тек қана кең көлемде және фабрикалық тәсілмен (сондай-ақ егіншілікте де өндірілуі мүмкін заттар), — осы апологеттердің айтуынша, өздерінің саласында относителді, немесе енжар, артық өндіру байқалатын заттарды артық өндіру орын алып отырғандықтан ғана артық өндіру болып табылады. Артық өндіру, осы пікір бойынша, артық өндіру жан-жақты болмағандықтан ғана орын алады. Артық өндірудің *относительділігі* — бір салалардағы шын мәніндегі артық өндірудің басқа салалардағы артық өндіруді тудыратын фактісі, — төмендегіше тұжырымдалады: *жан-жақты* артық өндіру жоқ, өйткені ондай жағдайда, егер артық өндіру жан-жақты болған болса, өндірістің барлық салалары өзара сол арақатынастың өзін сақтаған болар еді; демек, *жан-жақты* артық өндіру пропорциялы өндіріспен бірдей мәнде, мұның өзі артық өндіруді жоққа шығарады. Ал мұның өзі *жан-жақты артық өндіріске* қарсы келеді-міс. [723] Ал нақ, *жан-жақты артық өндіру* абсолют мағынада артық өндіру болмай, тек қана өндірістің барлық салаларындағы өндіргіш күштің әдеттегіден гөрі көбірек дамуы болғандықтан, шын мәнісіндегі артық өндіру болмайды-

\* — сөзбе-сөз: «бір түйір тұзбен»; ауыспалы мағынада: «ескертуден», «әбден дәлім-дәлі емес». *Ред.*

мыс; бұл артық өндіру нақ сол болмысы жоқ, өзін өзі жоятын артық өндіру болып табылмайды. Ал оның бер жағында, ол сондай болып табылмайтындықтан ғана бар болады.

Бұл түкке тұрғысыз софистиканы неғұрлым жіті қарастырғанда іс мынаған келіп сайды:

Айталық, темірді, мақта-маташы, кенеп матаны, жібекті, шұғаны және т. б. артық өндіру орын алған екен делік; онда, мәселен, көмір тым аз өндірілген және көрсетілген артық өндірудің себебі де сол болып табылады деуге болмайды; өйткені, айталық, маташы артық өндірудің ішіне жіпті артық өндірудің де кіретіні сияқты темірді және т. б. артық өндірудің ішіне де дәл сол сияқты көмірді артық өндіру кіреді. {Матамен салыстырғанда — жіптің, машиналармен салыстырғанда темірдің және т. б. артық өндірілуі мүмкін болар еді. Бұл әрқашан тұрақты капиталдың салыстырмалы түрде артық өндірілуі болар еді.} Сөйтіп, қазірде артық өндірілді делініп отырған заттардың жеткіліксіз өндірілгені жайында әңгіме болуы мүмкін емес, өйткені олар — шикізат, қосалқы материалдар немесе өндірістің құрал-жабдықтары ретінде дұрыс артық өндірілгені түсіндірілуге тиісті фактінің нақ өзі болып отырған заттарға құрамдас элемент болып кіреді («басы артық мөлшерде өндірілген және рынокта өзі үшін жұмсалған капиталдың есесі қайтпайтындай басы артық болып шыққан жекелеген товарға» кіреді \*). Олай болса, әңгіме басқа заттар жайында, ұйғарым бойынша, онда артық өндіру бар сауданың жетекші товарларына да, сауданың жетекші заттары үшін жалғастырушы өндірісті құрайтындықтан, өндіріс кем дегенде өнімнің соңғы фазаларындағыдай аумаққа жетуге тиісті болған салаларға да жатпайтын өндіріс салаларына тікелей тән басқа заттар жайында болып отыр — дегенмен өндірістің бұл арада тағы да ілгері басуына және сол жолмен артық өндірудің ішінде артық өндірудің пайда болуына ештеңе кедергі жасамайды. Мәселен, көмір ол өндірістің қажетті шарты ретінде кіретін өнеркәсіптің барлық салалары жұмыс істей алатындай шамада өндірілуге тиісті және, олай болса, көмірдің артық өндірілуін темірді, жіпті және т. б. артық өндіру қамтыған (көмір тіпті темір мен жіпті өндіруге пропорцияда болатын шамада ғана өндірілген жағдайдың өзінде) болса да, сөйткенмен көмірдің темірді, жіпті және т. б. артық өндірудің талап еткенінен гөрі одан да гөрі көбірек өндірілуі мүмкін. Бұл мүмкін ғана емес, сонымен қатар мейлінше ықтимал да. Өйткені көмір мен жіп өндіру және тек қана шарт беретіп немесе басқа салада жасалып бітуге тиісті өнім үшін әзірлік фазасын атқаратын кез келген басқа саладағы өндіріс тікелей сұранымды емес, тікелей өндірісті немесе ұдайы өндірісті емес, қайта өздері

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 521, 529 және 530-беттерде Рикардодан алынған цитат толық келтірілген. Ред.

кеңейтілетін *дәрежені, шаманы, қатынасты* (пропорцияны) басылыққа алады. Ал бұл тәрізді есепте нысанадан асып та түсуге болатыны өзінен-өзі анық. Сөйтіп, былай болып шығады: [жоғарыда көрсетілген өнімдер емес.] басқа заттар, мәселен, рояльдар, қымбат тастар және т. б. *жеткіліксіз өндірілген*, кем өндіру осы басқа заттар саласында болған. {Әрине, сондай-ақ жетекші заттар категориясына жатпайтын заттарды артық өндіру салдар болып табылмайтын және артық өндірудің себебі, керісінше, мәселен, астық шықпай қалған кездегі, мақта шықпай қалған кездегі т. б. сияқты, *жеткіліксіз өндіру* болып табылатын артық өндіріс жағдайлары да болады.}

Бұл сөйлемнің [жеткіліксіз өндіру жөніндегі сөйлемнің] қисынсыздығы Сэй<sup>139</sup> және оған ілесе басқа да экономистер істегендей, ол халықаралық тұрғыда қолданылған кезде әсіресе айқын көзге түседі. Мәселен, Англиядағы *артық өндіріс* жөнінде емес, Италиядағы *жеткіліксіз өндіру* жөнінде айтылуы керек делінеді. Егер Италияның, біріншіден, Италияға товарлар формасында жеткізілген ағылшын капиталының есесін толтыру үшін жеткілікті капиталы болса; екіншіден, егер Италия өзінің осы капиталын ағылшын капиталы ішінара өз есесін өзі толтыру үшін, ішінара одан түсетін кірістің орнын толтыру үшін қажет ететін ерекше заттарды өндіретіндей өтіп қолданған болса, онда ешқандай да артық өндіріс болмас еді. Демек, *шын мәнінде* — Италиядағы қазір бар өндіріске қатысы жөнінен — *Англиядағы* орын алып отырған артық өндіру фактісі болмас еді, тек *Италиядағы жорамал жеткіліксіз өндіру* фактісі ғана орын алған болар еді; жорамал болатыны ол, Италияда жоқ бола тұрса да, онда сондай [724] капитал және өндіргіш күштің сондай дамуы бар деп есептейді, ал екіншіден, бұл арада оның үстіне соншалық утопиялық ұйғарым жасалғандықтан, Италияда жоқ осы капитал ағылшындық ұсыным мен итальяндық сұраным, ағылшын және итальян өндірісі біріп-бірі толықтырын отыру үшін қандай қажет болатын болса, дәл солай қолданылады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл мынадан басқа ештеңені де білдірмейді: егер сұраным мен ұсыным бір-біріне сай келіп отырған болса, егер капитал өндірістің барлық салалары арасында бір затты өндіру екінші затты тұтынуды және олай болса, өзінің тұтынылуын қамтып отыратындай пропорцияда бөлінген болса, артық өндіру болмас еді. Егер артық өндіру болмаса, артық өндіру болмаған болар еді. Бірақ белгілі бір кезеңде орын алған жағдайлар тұсында капиталистік өндіріс тек кейбір жекелеген салаларда ғана тоқтаусыз дамуы үшін өзіне ерік бере алатын болғандықтан, қандай да болсын капиталистік өндіріс, егер ол барлық салаларда *бір мезгілде* және *бір қалыпты* дамуға тиіс болған болса, капиталистік өндіріс атаулы жалпы мүмкін болмаған болар еді. Көрсетілген жекелеген салаларда артық өндіру абсолют түрде орын алатындықтан, относителді

түрде ол сондай-ақ [абсолют] артық өндіру жоқ салаларда да орын алады.

Сөйтіп, бір жағындағы артық өндіруді екінші жағындағы жеткіліксіз өндірумен бұлайша түсіндіру мынаны ғана білдіреді: егер өндіріс пропорциялы болған болса, артық өндіру болмас еді. Егер сұраным мен ұсыным бір-біріне сәйкес келіп отырғанда да солай болар еді. Егер барлық салаларда капиталистік өндіріс пен оны кеңейтудің өңбек бөлінісі, машиналар, шалғай рыноктарға шығару, көптеп өндіру және т. б. сияқты бірдей мүмкіндіктері болған болса, егер бір-бірімен сауда жасаушы елдердің бәрі бірдей өндіріс қабілетіне ие болса және оның үстіне бұл елдердің өндірісі әр түрлі және бірін-бірі өзара толықтыратындай болған болса, онда да солай болар еді. Олай болса, барлық осы игі тілектер орындалмайтындықтан, артық өндіріс орын алады. Немесе бұдан гөрі де абстрактылау айтқанда: егер барлық жерде бір қалыпты артық өндіру орын алған болса, бір орында артық өндіру болмас еді; бірақ артық өндіру мұндай әмбебап сипатқа ие болатындай капитал жеткілікті түрде мол емес, ал осы себептен тек қана ішінара артық өндіріс бола алады.

Неғұрлым жіті қарастырғанда бұл фантазия мынаған келіп саяды:

*Өндірістің әрбір жеке саласында* артық өндірудің болуы мүмкін екені мойындалады. *Барлық* салаларда бір мезгілде артық өндіруге кедергі жасауы мүмкін бірден-бір жағдай, көрсетілген түсіндіруге сай, товарды товарға айырбастаудан тұрады, яғни бұл пікірді жақтаушылар айырбас сауда шарттары болады деп ұйғарады. Нақ товар айналысы [trade] дегеніміз айырбас сауда емес өкені, сол себепті де товарды сатушы әсте бір мезгілде қандай да бір басқа товардың қалай да сатып алушысы болып табылмайтыны бұл бұлтақтың жолын кесіп тастап отыр. Барлық бұл бұлтақ, демек, оның *ақшадан* абстракцияланғанына, әңгіме өнімдерді айырбастау жөнінде емес, товар айналысы жөнінде, ол үшін сатып алу мен сатуды бір-бірінен бөлудің өте елеулі маңызы болатын товар айналысы туралы болып отырғандығынан абстракцияланғанына негізделген.

{Капитал айналысында бұзылу *мүмкіндіктері* бар. Мәселен, ақшаның капитал өндірудің шарттарына кері айналуы кезінде мәселе ақшаны қайтадан сол баяғы (өзінің тегі жөнінен) тұтыну құндарына айналдыру жөнінде ғана болып отырған жоқ: ұдайы өндіріс процесін қайталау үшін осы тұтыну құндарына қайтадан олардың бұрынғы құндары бойынша (немесе неғұрлым төмен құн бойынша, бұл, әлбетте, одан да жақсы) ие болу мүмкіндігі өте маңызды. Бірақ бұл ұдайы өндіріс элементтерінің шикізаттан тұратын мейлінше елеулі бөлігі екі жағдайға байланысты қымбаттап кетуі мүмкін. *Біріншіден*, егер өндіріс құралдарының саны осы уақыт аралығында өндірілуі мүмкін шикізаттың мөлшеріне



қарағанда жылдамырақ көбейсе. *Екіншіден*, астық өнімінің өзгермелі сипатының салдары. Сол себепті ауа райы, Туктың<sup>140</sup> дұрыс байқағанындай, қазіргі заманғы өнеркәсіпте сондай үлкен роль атқарады. (Мұның тамақ заттары үшін де олардың жалақыға қатынасында дәл сондай күші болады.) Сөйтіп, ақшаның товарға кері айналысы қиындықтарға тап болуы және дәл товардың ақшаға айналуы жасағандай дағдарыс мүмкіндіктерін жасауы мүмкін. Әңгіме капитал айналысы туралы емес, қарапайым айналыс туралы болған жағдайларда бұл қиыншылықтар болмайды.) (Дағдарыстың неғұрлым нақты қатынастарды, әсіресе капиталдар бәсекесі мен кредитті талдаған кезде ғана қарастырылуы мүмкін әлі де көп сәттері, шарттары, мүмкіндіктері бар.)

[725] *Товарларды артық өндіру* жоққа шығарылады да, *капиталды артық өндіру*, керісінше, мойындалады. Бірақ капиталдың өзі товардан тұрады немесе ол ақшадан тұратын болса, ол капитал ретінде қызметін атқару үшін, белгілі бір тектегі товарларға қайта айналуы тиіс. Олай болса, *капиталды артық өндіру* деген не? Қосымша құн өндіруге арналған құндар массаларын артық өндіру (немесе, капиталды оның заттық мәні жағынан қарастырығанда, ұдайы өндіруге арналған товарларды артық өндіру), — олай болса, *тым үлкен ауқымдағы ұдайы өндіріс*, ал бұл да жай ғана артық өндірудің өзі.

Анығырақ айтқанда, капиталдың артық өндірілуі деген *баю* мақсатымен тым көп өндіру дегеннің нақ өзін білдіреді немесе өнімнің тым көп үлесі кіріс түрінде тұтынылуға емес, *пайда беруге*, қор болуға; өз иесінің жекелеген қажеттерін қанағаттандыру үшін емес, оған қоғамдық абстракт байлық, ақша және басқаның еңбегіне көбірек өктемдік жүргізу құралын — капитал, — беруге немесе осы өктемдікті күшейтуге арналған. Мұны бір жағының өкілдері айтады. (Рикардо мұны жоққа шығарады \*.) Ал товарды артық өндіруді екінші жақтың өкілдері немен түсіндіреді? Өндірістің жетерлік түрде алуан түрлі еместігімен, кейбір тұтыну заттарының мейліпше жеткілікті мөлшерде өндірілмегендігімен түсіндіреді. Бұл жерде өндірістік тұтыну жөнінде сөз болуы мүмкін емес, бұл анық; өйткені кенепті тым көп өндірген фабрикант осы арқылы өзінің жіпке, машиналарға, еңбекке және т. б. деген сұранымын қалайда арттырады. Олай болса, әңгіме жеке тұтыну жөнінде болып отыр. Кенеп тым көп өндірілгенімен, апельсин тым аз өндірілуі ықтимал. Сатып алу мен сатудың бір-бірінен бөлінісін көрсету үшін [болмайтын немесе мардымсыз деп көрсету үшін] алдымен ақша жоққа шығарылды. Енді капиталистерді баю мақсатын, қосымша құнның бір бөлігін капиталға кері айналдыруды көздеген капиталистер *ретінде* емес,  $T - A - T$  қарапайым операциясын орындайтын және жеке-дара тұтынуға ар-

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 520—521-беттер. *Ред.*

нап өндіретін адамдар түрінде бейнелеу үшін капитал жоққа шығарылады. Ал тым көп капитал нақты бар делініп тұрған сөз тіркесі *кіріс* ретінде тым аз өнім тұтынылады, — осы жағдайлар тұсында да тым аз тұтынылуы мүмкін, — дегеннен басқа ештеңені де білдірмейді ғой. (*Сисмонда*<sup>141</sup>.) Кенеп өндірушінің астық өндірушіден оның кенепті көп тұтынуын талап ететіні немесе астық өндірушінің кенеп өндірушіден оның астықты көп тұтынуын талап ететіні неліктен? Өз кірісінің (қосымша құнның) неғұрлым елеулі бөлігін кенеп өндірушінің өзі — кенеп түрінде, ал фермердің астық түрінде өткізбейтіні неліктен? Олардың әрқайсысына қатысты жеке алғанда бұған капиталдандыруды қажетсінуі (әрбір қажетсінудің белгілі шегі бар екені жөнінде айтпағанның өзінде) кедергі жасайтыны мойындалады. Бәріне қатысты, бірге алғанда, бұл мойындалмайды.

(Біз бұл жерде товарлардың олардың өндірілгеніне қарағанда арзанырақ ұдайы өндірілетінінен туындайтын дағдарыстар элементін мүлде жайына қоя тұрамыз. Рынокта тұрған товарлардың бағасыздануы осыдан.)

Дүние жүзілік рыноктың жаппай дағдарыстарынан буржуазиялық өндірістің бүкіл қайшылықтары сыртқа өз жиынтығымен дереу жарып шығады, ал жекелеген (мазмұны жөнінен және қамтыған аумағы жөнінен *жекелеген*) дағдарыстардан — тек қана жеке-дара, оқшау, бір жақты түрде ғана көрінеді.

Арнайы түрде *артық өндіруге* келсек, онда оның шарты капитал өндірудің жалпыға ортақ заңы — рыноктың немесе төлеуге қабілетті тұтынулардың болып отырған шекараларымен санаспастан, өндіргіш күштердің дамуына қарай (яғни берілген капитал массасы тұсында еңбектің барынша көп массасын қанау мүмкіндігіне қарай) өндіру болады. Сондықтан бұл ұдайы өндірісті үнемі ұлғайтып отыру мен қорландыру, ал осы себепті табысты капиталға үнемі кері айналдыру жолымен болады, бұл жағдайда [726] екінші жағынан, өндірушілердің көбінің сұранымы шектеліп, капиталистік өндірістің табиғатына сәйкес, тұтынудың орташа деңгейімен шектелуге мәжбүр болады.

#### [15] КАПИТАЛДЫҢ ҚОРЛАНУЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚОРЛАНУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫНА РИКАРДОНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ]

8-ші тарауда (*«Салықтар туралы»*) Рикардо былай дейді:

«Қайсыбір елдің жылдық өнімі сол елдің жылдық тұтынуының орнын артығымен толтырған кезде, оның капиталы өсіп отырады деседі: оның жылдық өндірісі тіпті жылдық тұтынуын жаба алмаса, онда ол елдің капиталы кеми береді деседі. Сөйтіп, капитал не өндірістің артуы салдарынан, не өндірмейтін тұтынудың кемуі салдарынан артуы мүмкін» (162—163-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 129-бет].

«Өндірмейтін тұтыну» деп Рикардо бұл арада, өзінің цитатқа алынып отырған жерге берген ескертпесінде (163-бет) айтқанындай, өнімдер өндірмейтін қызметкерлердің тұтынуын түсінеді, «олар өздері тұтынғанның орнына басқа ешқандай құн өндірмейді». Демек, жылдық өндірістің артуы деп жылдық өндірістік тұтынудың артуы түсініледі. Соңғысы не оның өзгеріссіз немесе тіпті өндірмейтін ұлғаймалы тұтыну тұсындағы тікелей артуы жолымен, не өндірмейтін тұтынудың кемуі жолымен артуы мүмкін.

«Біз»,— делінген сол ескертуде,— «кіріс жинақталып, капиталға қосылады дегенде, кірістің сөз болып отырған, капиталға қосылатын, енді өндірмейтін жұмысшылар емес, онім өндіретін жұмысшылар тұтынатын бөлігін айтамыз».

Мен кірістің капиталға айналуы кірістің өзгермелі капиталға айналуымен немесе оны жалақыға жұмсаумен әсте тең мәндес емес екенін көрсеттім\*. Алайда Рикардо нақ солай ойлайды.

Әлгі ескертпеде ол былай дейді:

«Егер еңбектің бағасы, капиталдың өсіміне қарамастан, бұрынғыдан артық еңбек қолдануға болмайтындай жоғары көтеріліп кеткен болса, онда мен капиталдың мұндай өсімі әлі де болса өнімсіз түрде тұтынылған болар еді дер едім».

Олай болса, бұл тұтынуды өнім өндіретін жұмысшылардың кірісті жай ғана тұтынуы емес, оны қосымша құн өндіретін жұмысшылардың тұтынуы «өнімді» тұтыну етеді. Бұл көзқарасқа сәйкес, капитал өзінің қарауына көп еңбек [бұрынғыға қарағанда] алған жағдайда ғана артады.

7-тарауда («Сыртқы сауда туралы») Рикардо былай деп жазады:

*«Капитал қорлануының екі жолы бар: ол не кірістің артуы салдарынан, не тұтынудың кемуі салдарынан жинақтала алады. Егер менің пайдам 1 000 ф. стерлингтен 1 200 ф. стерлингке дейін артып, ал менің шығындарым өзгерместен қалып қойса, онда мен жылма-жыл бұрынғыға қарағанда 200 ф. ст. артық жинақтаймын. Егер мен өзімнің шығындарымнан 200 ф. ст. үнемдеп, ал менің пайдам бұрынғы күйі қалса, оның нәтижесі де сондай болады: менің капиталыма жылма-жыл қосымша 200 ф. стерлингтен қосылып отыратын болады» (135-бет) [Орысша аудармасы, I том, 114-бет].*

«Егер машиналарды енгізудің нәтижесінде кіріс жұмсалатын барлық товарлардың құны 20 процент төмендесе, онда мен осының арқасында менің кірісім 20 процент артқандағыдай үнемдей аламын. Бірақ бір жағдайда пайда нормасы өзгеріссіз қалады, екінші жағдайда 20 процент арты. Егер шетелден арзан товарлар әкелу маған менің шығындарымның 20 процентін үнемдеп қалуға мүмкіндік берсе, онда нәтиже машиналар бұл товарларды өндірудің шығындарын нақ азайтқандағыдай болады, бірақ пайда артпайды» (136-бет) [Орысша аудармасы, I том, 114—115-беттер].

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 494—516-беттер. Ред.

(Яғни егер неғұрлым арзан өнімдер өзгермелі капиталға да, тұрақты капиталға да еңбеген болса, пайда артпас еді.)

Сөйтiп, *кiрiстi өзгерiссiз жұмсап отырғанда* қорлану пайда нормасы артуының салдары болып шығады {бiрақ қорлану тек пайданың жоғарылығына ғана емес, көлемiне де байланысты}; *пайда нормасы өзгермеген* тұста қорлану дегенiмiз — шығындарды кемiтудiң салдары, ол, бұл арада Рикардо қабылдап отырғандай, «кiрiс» (не машиналарды өндiру, не сыртқы сауда арқылы келетiн) «жұмсалып отырған товарлардың» арзандауы нәтижесiнде болады.

*20-тарауда («Құн және байлық, олардың айырмашылық қасиеттерi») былай делiнедi:*

«Елдің байлығы» (байлық деп Рикардо тұғыну құндарын түсiнедi) «екi тәсiлмен артуы мүмкiн: бiрiншiден, *кiрiстiң үлкен үлесiн өнiмдi еңбектi асырап-ұстауға жұмсау* жолымен, соның арқасында товарлардың саны ғана емес, сонымен қатар бүкiл көлемiнiң құны да артады, екiншiден, ол еңбектiң қосымша мөлшерiн қолданусыз-ақ, еңбектiң бұрынғы мөлшерiнiң неғұрлым өнiмдi бола түсуiнiң нәтижесiнде артуы мүмкiн, соның салдарынан өндiрiлген товарлардың құны емес, саны артады.

Бiрiншi жағдайда елдің байлығы ғана емес, сонымен қатар оның байлығының құны да өседi. Ел құнттылығының арқасында, сән-салтанат пен молшылық бұйымдарына жұмсайтын өзiнiң шығындарын кемiтiп, мұндай жолмен жинақталған қаржыны ұдайы өндiрiске жұмсаудың арқасында бай елге айналады.

[727] Екiншi жағдайда сән-салтанат пен молшылық бұйымдарына жұмсалатын шығынды кемiту немесе қолданылатын өнiмдi еңбек мөлшерiн арттыру мiндеттi түрде орын алмайды; бiрақ сол еңбектiң өзi бұл арада көп өнiм өндiретiн болады: құн өспегенiмен байлық өсетiн болады. Байлықты арттырудың бұл екi тәсiлiнiң соңғысын артық санаған жөн, өйткенi ол ешқандай да қымтырылып, қысылусыз және жасау-жабдықты қысқартусыз-ақ сол нәтиженi бередi, олар қажеттi түрде бiрiншi тәсiлмен байланысты. Капитал дегенiмiз ел байлығының болашақ өндiрiс мақсаттарына пайдаланылатын бөлiгi, сондықтан оның да байлық артқан тәсiлдермен артуы мүмкiн. Үстеме капитал болашақ байлықты өндiру кезiнде бұл капиталдың еңбек әдiстерi мен машиналарды жетiлдiрулер арқылы немесе кiрiстiң неғұрлым елеулi бөлiгiн ұдайы өндiрiс мақсаттарына жұмсау арқылы алынған-алынбағанына қарамастан бiрдей тиiмдi болады. Өйткенi байлық әрқашан өндiрiс кезiнде қолданылған құралдардың қандай жеңiлдiкпен өндiрiлгенiне қатыссыз өндiрiлген товарлардың санына байланысты. Киiм мен тамақтық заттардың белгiлi мөлшерi нақ сол сандағы адамдардың күн көрiсiн сақтап, кәсiп беретiн болады және сондықтан нақ сол мөлшердегi жұмыстың орындалуын қамтамасыз ететiн болады, тамақ пен киiмдiк бұл заттар 100 немесе 200 адамның еңбегiмен өндiрiлдi ме — бәрi бiр, бiрақ бұл заттар егер оларды өндiргенде 200 адам шұғылданған болса, екi есе көп құнға ие болады» (327—328-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 230—231-беттер].

Мәселенiң бiрiншi қойылысы Рикардода былай болатын:

Қорлану тұрақты шығындар тұсында пайда нормасы артқан кезде немесе пайда нормасы тұрақты тұста, кiрiс жұмсалатын товарлардың арзандауы салдарынан шығындар (құны жөнiнен) кемiген кезде артады.

Енді Рикардо екінші қарама-қарсылықты былай белгілейді:

Кірістің неғұрлым елеулі бөлігі жеке тұтыныс саласынан алынып, өндірістік тұтынуға айналдырылған кезде, кірістің сондай жолмен жинақталған бөлігі арқылы көбірек өндіргіш еңбек қозғалысқа келтірілген кезде, қорлану өседі, капитал өзінің көлемі мен құны жағынан қорланады. Бұл жағдайда қорлану *құнттылықтың* арқасында орын алады.

Не болмаса шығындар [жеке тұтынуға арналған] тұрақты күйде қалады, өшқандай да қосымша өндіргіш еңбек қолданылмайды, бірақ сол еңбектің өзі бұрынғыға қарағанда көп өнім өндіреді, оның өндіргіштік күші артады. Өндіргіш капитал құрала-тын элементтер — шикізат, машиналар және т. б. {бұрын Рикардо кіріс жұмсалатын товарлар жөнінде айтқан болатын, енді болса сөз өндіріс құралдары ретінде қолданылатын товарлар жайында болып отыр}, — сол еңбек шығыны тұсында көп мөлшерде, өте жақсы, сондықтан арзан да өндіріледі. Бұл жағдайда қорлану пайда нормасының артуына да, кірістің неғұрлым елеулі бөлігі, құнттылықтың арқасында капиталға айналатынына да — өздеріне кіріс жұмсалатын товарлардың арзандауы салдарынан, — өндірмейтін мақсаттарға кірістің неғұрлым аз бөлігі кететініне де тәуелді емес. Қорлану бұл жерде капиталдың өзінің элементтерін беретін өндіріс салаларында еңбектің неғұрлым өнімді болуына, яғни шикізаттар, құрал-жабдықтар және т. б. ретінде өндіріс процесіне енетін товарлардың арзандауына тәуелді.

Егер өзгермелі капиталмен салыстырғандағы негізгі капиталдың ұлғайған өндірісінің арқасында еңбектің өндіргіш күші артқан болса, онда ұдайы өндірістің тек массасы ғана емес, сонымен қатар *құны* да ұлғаяды, соның нәтижесінде негізгі капитал құнының бір бөлігі жылдық ұдайы өндіріске енеді. Мұның өзі халықтың өсуімен және қолданылатын жұмысшылар санының өсуімен бір уақытта болуы мүмкін, дегенмен *относительді* түрде, сол жұмысшылар қозғалысқа келтіретін тұрақты капиталмен салыстырғанда қолданылатын жұмысшылардың саны үнемі кеміп отырады. Сөйтіп, тек байлықтың ғана емес, сонымен қатар құнның өсуі де болады және еңбек неғұрлым өндіргіш болып, еңбек массасы өндірілген товарлардың көлемімен салыстырғанда кемігенімен, нақты еңбектің үлкен бөлігі қозғалысқа келтіріледі. Ақырында, тұрақты еңбек өнімділігі тұсында да өзгермелі капитал мен тұрақты капитал халықтың жыл сайынғы табиғи өсімімен бірге бірдей мөлшерде өсуі мүмкін. Сондай-ақ бұл жағдайда да капитал өзінің көлемі жағынан да, құны жағынан да қорланады. Бүкіл осы соңғы пункттерді Рикардо назардан тыс қалдырады.

Сол тараудың өзінде Рикардо былай дейді:

«Бір миллион адамның еңбегі өнеркәсіпте әрқашан нақ сол құнды өндіреді, бірақ барлық уақытта бірдей нақ сол байлықты өндірмейді».

(Бұл мүлде дұрыс емес. Миллион адам өнімінің құны олардың еңбегіне ғана емес, сонымен қатар олар соның көмегімен жұмыс істейтін капиталдың құнына да тәуелді: демек, құн олар өздерінің көмегімен жұмыс істейтін бұрынғы кезде өндірілген өндіргіш күштердің көлеміне байланысты өте әр түрлі болады.)

«Машиналар ойлап табу, еңбек әдістерін жетілдіру, ең жақсы еңбек бөлінісі немесе негүрлым тиімді айырбас жасауға болатын жаңа рыноктардың ашылуы,— осылардың бәрі қоғамның бір қалпы тұсында бір миллион адамға қоғамның өзге қалпы тұсында олар өндіре алатыннан гөрі екі немесе үш есе артық; байлық, қажет бұйымдар, жасау-жабдықтар немесе игілік заттарын» өндіруге мүмкіндік береді. Бірақ осы себеп бойынша олар құнға ештеңе қоспас еді»

(сөзсіз қосар еді, өйткені олардың өткендегі [728] еңбегі жаңа ұдайы өндіріске анағұрлым зор көлемде енеді),

«өйткені әрбір заттың құны оны өндірудің оңай немесе қиындығына байланысты немесе, басқа сөзбен айтқанда, оны өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшеріне байланысты артады немесе төмендейді».

(Товардың әрбір өлшем бірлігінің арзандауы мүмкін, бірақ товарлардың өскен жиынтық көлемінің құны артады.)

«Саны белгілі бір шама адамдардың еңбегі берілген капиталмен 1 000 пар шұлық өндіреді және машиналарды ойлап табу нәтижесінде саны сонша адамдар 2 000 пар немесе, 1 000 пар өндіруді әрі қарай жалғастыра отырып, олар оның сыртында 500 қалпақ өндіруі мүмкін деп ұйғарайық. Олай болғанда 2 000 пар шұлықтың немесе 1 000 пар шұлық пен 500 қалпақтың құны машиналарды өндіргенге дейінгі 1 000 пар шұлықтың құнынан артық та, кем де болмайды, өйткені олар еңбектің сол бұрынғы мөлшерінің өнімі болады».

(Нотабене: егер жаңадан өндірілген машиналар ештеңе тұрмаса.)

«Алайда товарлардың барлық көлемінің құны бәрібір кемиді, өйткені техникалық жақсартулардың нәтижесінде көбейген өнімдер санының құны техникалық жақсартулар өндірілгенге дейін өндірілген саны аз өнімдер құны қандай болса, дәл сондай болғанымен, бәрібір бұл өзгеріс сондай-ақ әлі тұтынылмаған товар массасының техникалық жақсартуларға дейін жасалған бөлігіне де өз ықпалын жасайды. Бұл товарлардың құны кемиді, өйткені ол жаңа техниканың барлық артықшылықтары тұсында өндірілген товарлардың құны деңгейіне дейін төмендеуге тиіс және қоғам, товарлар санының өскеніне қарамай, артқан байлыққа қарамай және тұтыну бұйымдары санының өскеніне қарамай, құнның аз сомасына ие болады. Өндірістің оңайлығын үнемі арттыра отырып, біз бұрын өндірілген товарлардың кейбіреулерінің құнын үнемі кемітеміз, дегенмен біз бұл тәсіл арқылы тек ұлттық байлықты ғана емес, сондай-ақ болашақ өндіріс үшін қажет мүмкіндікті де арттырамыз» (320—322-беттер) [Орысша аударма, I том, 226—227-беттер].

Рикардо бұл арада өндіргіш күштердің прогресті дамуы нәтижесінде қолайлылығы кем жағдайлар тұсында өндірілген товарлар, бұл товарлар әлі рынокта тұр ма немесе капитал ретінде өндіріс процесінде әрекет жасай ма — бәрібір, душар болатын

құнсыздану жайлы айтып отыр. Бірақ бұдан «товарлардың барлық көлемінің құны кемуі» әсте келіп шықпайды, дегенмен бұл массаның біраз бөлігінің құны кемиді де. Көрсетілген нәтиже тек, біріншіден, егер техникалық прогресс нәтижесінде жаңадап қосылған машиналар мен товарлардың құны бұрыннан бар, сол тектес товарлардың мұның алдындағы құнсыздануына қарағанда аз болған жағдайда, екіншіден, егер де біз өндіріс күштердің дамуымен бірге өндіріс салаларының саны да үнемі артатынын, яғни капиталды қолдану үшін бұрын мүлде болмаған жаңа салалар ашылатынын назардан тыс қалдырған жағдайда ғана бас-талар еді. Даму барысында өндіріс тек қана арзандап қоймай, сонымен қатар *неғұрлым алуан түрлі* бола түседі.

9-тарауда («Шикі материалдарға салынатын салықтар») Рикардо былай деп жазады:

«Шикі материалдарға салынатын салықтарға қарсы үшінші пікірге келсек,— атап айтқанда бұл салықтар жалақыны арттырып, пайданы кеміте отырып, жинақтауға деген ынтаны әлсіретеді, топырақтың табиғи құнарсыздығы секілді әсер етеді деген пікірге келсек,— мен бұл шығарманың басқа бөлігінде жинақтауларды товардың құнын кеміту нәтижесінде, сондай-ақ *пайда нормасын арттыру нәтижесінде, шығындардан да, өндірістен жасағандай табыспен жасауға болатынын көрсетуге тырыстым*. Мен өзімнің пайдамды 1000-нан 1200 ф. стерлингке дейін арттырған кезімде, баға өзгермей қалатын болса, менің өз капиталымды жинақтаулар жолымен арттыру қабілетім артады, бірақ менің қабілетім егер ол *менің пайдам өзгеріссіз қалып*, ал товардың бағасы бұрын мен 1000 ф. стерлингке қанша товар сатып алсам, 800 ф. стерлингке сонша товар сатып ала алатындай қатты төмендегенде қанша артатындай соншалық көп артпайды» (183—184-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 141-бет].

Өнімнің барлық құны (немесе, дұрысы, өнімнің капиталист пен жұмысшы арасында бөлінетін бөлігінің құны) таза кірістің өз құнының сомасы жөнінен кемуіпсіз-ақ кемуі мүмкін. (Өзінің пропорциялық үлесі жөнінен ол тіпті өсуі мүмкін). Бұл туралы 32-тарауда («Мальтус мырзаның рентаға көзқарасы») айтылады:

«Дегенмен, Мальтус мырзаның барлық дәлелдемесі орнықсыз негізге құрылған: ол дәлелдеме елдің *жалпы кірісі* кеміген екен, онда соның нәтижесінде сондай пропорцияда таза кіріс те азая түсуге тиіс деп ұйғарады. Бұл шығарманың міндеттерінің бірі қажеттік заттарының шын құнының әр жолғы төмендеуімен бірге жалақының да төмендеп, капиталға түсетін пайданың артатынын, басқа сөзбен айтқанда, бұл жағдайда әрбір осы жылдық құнның неғұрлым мардымсыз үлесі жұмысшы табына тиіп, неғұрлым елеулі үлесі қорлары осы тапқа кәсіп тауып беретіндерге, оны қолданатындарға тиетінін көрсету еді. Қайсыбір фабрикада өндірілетін товарлардың құны 1000 ф. ст. болады және ол қожасы мен оның жұмысшылары арасында жұмысшылар — 800 ф. ст., ал қожасы 200 ф. ст. алатындай етіп бөлінеді деп ұйғарайық, [729] Егер бұл товарлардың құны 900 ф. стерлингке дейін төмендеп, 100 ф. ст. қажеттілік заттарына қойылған бағалардың төмендеуі салдарынан жалақыдан үнемделген болса, онда қожасының таза кірісі ешқандай да кемімес еді, сондықтан ол бағаның төмендегеніне

дейінгідей салықтардың нақ сол сомасын оп-оңай төлей алар еді» (511—512-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 345—346-беттер].

*5-тарауда («Жалақы туралы») былай делінеді:*

«Жалақының өзінің табиғи нормасымен үйлесу тенденциясына қарамай, оның рыноктық нормасы прогресті қоғамда белгісіз кезең ішінде өзінің табиғи нормасынан үнемі жоғары тұруы мүмкін, өйткені капитал өсуінің еңбекке деген сұранымға тигізетін әсері өз ықпалын тауысып үлгергенше, енді капиталдың жаңа өсуі дәл сондай ықпал жасай бастайды. Сөйтіп, егер капиталдың артуы біртіндеп және үнемі болып отырса, еңбекке деген сұраным халықтың өсуіне үздіксіз ықпал етіп отыратын стимул бере алады» (88-бет) [Орысша аудармасы, I том, 86-бет].

Капиталистік көзқарас тұрғысынан барлығы керісінше болып көрінеді. Жұмысшы халық бұқарасы мен еңбек өнімділігінің дәрежесі капиталды ұдайы өндіруді де, сондай-ақ халық санының артуын да анықтайды. Бұл арада ғой керісінше шығып отыр — халықты *капитал* анықтап отыр.

*9-тарауда («Шикі материалдарға салынатын салықтар»)* Рикардо былай деп жазады:

«Капиталдың қорлануы еңбек жалдаушылар арасында күшті бәсекені табиғи түрде тудырады және осының салдарынан еңбек бағасының артуын туындатады» (178-бет) [Орысша аудармасы, I том, 138-бет].

Мұның өзі капиталдың қорлануы тұсында оның әр түрлі құрамдас бөліктерінің қандай пропорцияда ұлғаятынына тәуелді. Капиталдың қорлануы болып жатқанда еңбекке сұранымның абсолютті немесе относителді түрде қысқаруы мүмкін.

Рикардоның рента теориясына сәйкес, капиталдың қорлануы мен халықтың өсуіне орай пайда нормасында, қажетті бұйымдар құнының артуы немесе егіншілік өнімділігінің кемуі нәтижесінде, төмендеу тенденциясы болатындықтан, қорлануда қорлануды тежеу тенденциясы бар болып шығады, сөйтіп *пайда нормасының кему заңы*, өнеркәсіптің дамуына орай егіншіліктің өнімділігі азая түсетіндіктен, — қаскөй тағдырдай буржуазиялық өндірістің қыр соңынан қалмайды. Керісінше, А. Смит пайда нормасының кемуіне ризашылықпен қарайды. Ол үшін үлгі ел Голландия болып табылады. Пайда нормасының кемуі, деп көрсетеді А. Смит, капиталистердің көпшілігін, ең ірілерін қоспағанда, процентпен өмір сүрудің орнына, өз капиталын өндірісте қолдануға мәжбүр етеді; ол, сөйтіп, өндіріс үшін тұрткі қызметін атқарады. Рикардоның шәкірттерінің жойқын тенденция алдындағы үрейленуі қайғылы комедиялық форма алады.

Бұл арада Рикардодан осы нәрсеге қатысты жерлердің барлығын келтіреміз.

*5-ші тарауда («Жалақы туралы»):*



«Қоғам дамуының әр түрлі сатыларында капиталдың, немесе еңбекті қолдануға арналған құралдардың, қорлануы шапшаң немесе баяу жылдамдықпен іске асады да және барлық жағдайларда еңбектің өндiргiш күштерiне тәуелдi болады. Еңбектің өндiргiш күштерi, жалпы ереже бойынша мол құнарлы жер болған кезде бәрiнен көп: ондай кезеңдерде қорлану көбiнесе жұмысшы күшiн ұсыну капиталдың ұлғаю қарқынына iлесе алмайтындай жылдамдықта болады.

Қолайлы жағдайлар болған кезде халықтың саны 25 жыл iшiнде екi есе өсуi мүмкiн екенi есептелiп шығарылған; бiрақ сондай қолайлы жағдайлар болған кезде елдiң бүгiл капиталының екi есе өсуi неғұрлым қысқа мерзiмде iске асуы мүмкiн. Бұл жағдайда жалақының барлық кезең iшiнде өсу тенденциясы болады, өйткенi еңбекке деген сұраным оны ұсырудан гөрi тезiрек артады.

Анағұрлым iлгерi кеткен елдерден үйренген кәсiптер мен бiлiмдер енгiзiлген жаңа отар елдерде капиталдың адамдардың өсiмiне қарағанда жылдамырақ өсу тенденциясы болуы мүмкiн, ал егерде жұмысшылардың жетiмсiздiгi халқы неғұрлым тығыз орналасқан елдерден ағылып келушiлермен толтырылмаса, онда бұл тенденция еңбектiң бағасын мейлiнше күштi арттырар едi. Жаңа елдер халқының өсуiне және сапасы пашар жерлердiң айналымға қосыла бастауына байланысты капиталдың ұлғаю тенденциясы кеми бередi; өйткенi сол жердегi нақты бар халықтың қажетi өтелгеннен кейiнгi қалған қосымша өнiм — өндiрiстiң оңайлығына қажеттi түрде пропорциялы болуға, яғни өндiрiсте жұмыс iстейтiн адамдардың саны қанша аз болса, ол соншалық көп болуға тиiс. Сондықтан, неғұрлым қолайлы жағдайларда өндiргiш күштердiң халыққа қарағанда әлi де тезiрек өсуi ықтимал болғанымен, бiрақ бұл бәрiбiр ұзаққа бармайды, өйткенi жер аумағының шектеулiлiгi және оның сапасының бiркелкi еместiгi салдарынан оған жұмсалатын капиталдың қандай да болсын артуы алынатын өнiм нормасының төмендеуiмен бiрге жүретiн болады, ал халықтың көбеюге деген қабiлетi болса әрқашан өзгерiссiз қалады» (92—93-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 89-бет].

(Соңғы тұжырым поптың ойдан шығаруы болып табылады. Халықтың көбею қабiлетi еңбектiң өндiргiш күшiнiң кемуiмен бiрге кемидi.)

Бұл арада — және мұны ең алдымен атап көрсеткен жөн — Рикардо «капиталдың қорлануы... барлық жағдайларда еңбектiң өндiргiш күштерiне тәуелдi болуға тиiстiлiгiн» мойындайды, осы себептен *grius'* \* капитал емес еңбек болып шығады.

Одан әрi, Рикардоның пайымдауына, халық әлдеқашан қоныстанған, өнеркәсiп жағынан дамыған елдерде отар елдерге қарағанда егiншiлiкпен көп адам шұғылданатын болып шығады, ал бұл жерде iс дәл керiсiнше болып тұр. Дәл сонша көлемдегi өнiмдi [730] өндiру үшiн Англия, мәселен, жаңа немесе байырғы елге, кез келген басқа елге қарағанда ауыл шаруашылық жұмысшыларын аз пайдаланады. Рас, бұл арада ауыл шаруашылық өндiрiсiне егiншi емес халықтың едәуiр елеулi бөлiгi жанама түрде қатысады. Бiрақ мұның өзi де өсте онша дамымаған елдердегi егiншi халықтың неғұрлым дамыған елдердегi егiншi халықтан артық болатынындай пропорцияда болмайды. Тiптi Англияда астық қымбат, өндiрiс шығындары көп дейкiншi. Капитал көп жұм-

\* — бастапқы, алдынан келетiн. Ред.

салады екен. Ауыл шаруашылық өндірісіне нақты еңбек аз енгенімен, өткендегі еңбек көп енеді. Бірақ ауыл шаруашылық капиталын ұдайы өндіру, қазірде бар өндірістік базаның нәтижесінде, шамасы шағын еңбекке түседі, дегенмен бұл капитал құнының есесі де өнім арқылы қайтарылады.

*6-шы тарау («Пайда туралы»).*

Алдын ала тағы бірнеше ескерту. Қосымша құн, біздің көргеніміздей, қосымша құн нормасына ғана емес, сонымен қатар бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылардың санына да, олай болса, өзгермелі капиталдың шамасына да тәуелді.

Қорлану, өз тарапынан, қосымша құнның нормасымен емес, — тікелей авапсыланған капиталдың бүкіл көлеміне қосымша құнның қатысы, яғни пайда нормасы арқылы белгіленеді; және әлі соншалық пайда нормасымен емес, қайта пайданың жалпы көлемі арқылы белгіленеді, оның өзі, біздің көргеніміздей, қоғамның жиынтық капиталы үшін қосымша құнның жалпы көлемімен бірдей, ал әр түрлі салаларда қолданылатын жекелеген капиталдар үшін олар өндірген қосымша құн көлемінен мейлінше елеулі түрде ерекшеленуі мүмкін. Егер капиталдың қорлануын en bloc \* алып қарастыратын болсақ, онда пайда қосымша құнға тең, ал пайда нормасы капиталға бөлінген қосымша құнға немесе дәлірек айтқанда, капиталдың әрбір 100 өлшем бірлігіне есептелген қосымша құнға тең.

Егер пайда нормасы (процентпен) берілген болса, онда пайданың жалпы көлемі авансыланған капиталдың шамасына тәуелді; олай болса, оған қорлану да тәуелді, өйткені ол пайдамен анықталады.

Егер капиталдың сомасы берілген болса, онда пайданың жалпы көлемі пайда нормасының жоғарылығына тәуелді болады.

Сондықтан пайданың жоғары нормасы тұсында шағын капитал пайданың төмен нормасы тұсындағы үлкен капиталға қарағанда пайданың көлемін артық беруі мүмкін.

Мысалдар алайық:

1		
Капитал	Пайда нормасы	Пайда массасы
300	10%	10
(100×2), яғни 200	10/2, немесе 5%	10
(100×3), яғни 300	10/2, немесе 5%	15
(100×1½), яғни 150	5%	7½
2		
Капитал	Пайда нормасы	Пайда массасы
300	10%	10
(2×100), яғни 200	10/2 = 4%	8
(2½×100), яғни 250	4%	10
(3×100), яғни 300	4%	12

\* — тұтастай. Ред.

Капитал	Пайда нормасы	Пайда массасы
500	10%	50
5 000	1%	50
3 000	1%	30
10 000	1%	100

Егер капиталдың көбейткіші мен пайда нормасының бөлгіші тең болса, яғни егер капиталдың шамасы пайда нормасы төмендеген пропорцияда артса, онда пайда көлемінің сомасы өзгермейді. 100-дің берері 10% тұсында 10, және  $\frac{10}{2}$  % тұсында, яғни 5% тұсында да,  $2 \times 100$ -дің берері 10%. Олай болса, басқа сөзбен айтқанда бұл мынаны білдіреді: егер пайда нормасы капиталдың қорлану (арту) пропорциясындай пропорцияда төмендейтін болса, онда пайда массасы өзгермейді.

Егер пайда нормасы капиталдың артуына қарағанда тезірек төмендесе, онда пайда массасы өзінің сомасы жағынан кемиді. 10% тұсындағы 500-дің беретін пайда массасы 50. Алты есе артық сома  $6 \times 500$ , немесе 3 000,  $\frac{10}{10}$ %, немесе 1% тұсында тек 30 береді.

Ақырында, егер капитал пайда нормасының кемуіне қарағанда тезірек артса, онда пайда массасы, пайда нормасының төмендегеніне қарамастан, артады. Мәселен, пайданың 10%-і тұсындағы 100-дің беретін пайда массасы 10. Ал 4% тұсындағы 300 (яғни  $3 \times 100$ ) (олай болса пайда нормасы  $2\frac{1}{2}$  есе кемігенде) 12 пайда массасын береді.

Енді Рикардоның қағидаларына келейік.

*6-шы тарауда («Пайда туралы»)* Рикардо былай деп жазады:

*«Осылайша, пайдада табиғи төмендеу тенденциясы болады, өйткені қоғамның және байлықтың өсуіне орай тамақтық заттардың талап етілетін қосымша мөлшерін өндіру үшін барған сайын көп еңбек жұмсауға тура келеді. Бағымызға қарай, пайданың бұл тенденциясын, былайша айтқанда, оның бұл тартылуын қажеттік бұйымдар өндірісінде қолданылатын машиналардағы жақсартулар, сондай-ақ агрономия ғылымындағы жаңалықтар ауық-ауық кідіртпін отырады, олар бізге бұрын талап етілгеннен гөрі аз шамадағы еңбекпен-ақ күнелтуге және [731] сол жолмен жұмысшы үшін әреу бұйымдардың бағасын кемітуге мүмкіндік береді. Алайда қажеттілік бұйымдарының бағасы мен жалақыны арттырудың өз шегі бар, өйткені жалақы 720 ф. стерлингке, яғни фермердің барлық табысына теңелісімен, қорланудың күні бітуге тиіс, өйткені ол кезде ешқандай капитал пайда бере алмайды әрі қосымша еңбекке деген ешқандай сұранымның болуы да мүмкін емес, демек халықтың өсуі де тоқталады. Шынында, бұл кезден көп бұрын-ақ пайданың өте төмен нормасы қандай да болсын қорлануды тоқтатады және жұмысшыларға төлегеннен қалған елдің бүкіл дерлік өнімі жер иеленушілерге және десятиналар мен салықтар алушыларға тиеді» (120—121-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 106-бет].*

Бұл — Рикардоның түсінігіндегі буржуазиялық «құдайлар іңірі», қиямет қайым күні.

«Бағаның мұндай деңгейінің тұрақтыға айпалуынан көп бұрын қорлануға деген қандай да болсын түрткі жоғалады, өйткені ешкім де қорланған капиталды өндіргіштік қолдану мақсатымен жинақтаудан басқаша жинақтамайды... Сондықтан бағаның ондай деңгейі ешқашан орын алуы мүмкін емес. Жұмысшының жалақысыз өмір сүре алмайтыны сияқты, фермер мен фабрикант та пайдасыз өмір сүре алмайды. Қорлануға деген олардың талпынысы пайданың әрбір кемуімен қосыла кемитін болады әрі олардың пайдасы, олардың жұмсаған күш-жігері мен өз капиталын өнімді қолданған кезде олар қажетті түрде жасауға тура келетін тәуекел үшін оларға жеткілікті төлем ақы бермейтіндей соншалық төмен болған кезде, мүлде жоғалады:

Мен пайда нормасының анағұрлым тез төмендейтінін тағы да атап өтуге тиістімін..., өйткені өнімнің құны, менің оны жорамалдаған жағдайларда қолданғанымдай, соншалық жоғары болса, онда фермер капиталының құны әжептәуір артады, өйткені ол міндетті түрде көптеген құны өскен товарлардан тұрады. Астықтың құны 4-тен 12 ф. стерлингке дейін өскенше, фермер капиталының айырбас құны, тегінде екі еселенер еді де, 3 000-ның орнына 6 000 ф. стерлингке теңелер еді. Егер, олай болса, фермердің пайдасы 180 ф. стерлингтен немесе оның әуел бастағы капиталының 6%-нен тұрған болса, онда енді пайданың шын нормасы 3%-тен артапайды, өйткені 6 000 ф. стерлингтің 3%-і 180 ф. стерлинг береді де, тек осы шарттар бойынша қалғасында 6 000 ф. ст. бар қайсыбір жаңа фермер ауыл шаруашылық кәсіпкері болып шыға келер еді» (123—124-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 107—108-беттер].

«Біз сондай-ақ, капиталдың егіншілікте қорлануы және жалақының артуы салдарынан капиталға келетін пайда нормасы кемитін болғанымен, пайданың жалпы сомасы бәрібір өсетін болады деп күте алар едік. Мәселен, біз егер қайталама қорланулар тұсында әр жолы 100 000 ф. ст. мөлшерінде, пайда нормасы 20-дан 19, 18, 17%-ке дейін түседі, яғни үздіксіз төмендейді деп ұйғарсақ, онда біз бірінен кейін бірі келіп отыратын барлық капитал иелері алатын пайданың барлық сомасы барған сайын артып отыратын болады деп күте алар едік: пайда сомасы капитал 100 000 ф. стерлингтен тұрған кезде қарағанда ол 200 000 ф. стерлингке жеткен кезде көп, ал ол 300 000 ф. стерлингке және т. б. дейін өскен кезде одан да көп, демек, ол пайда нормасы барлық уақытта төмендеп отырғанымен, капиталдың әр жолғы өсуі кезінде өсіп отырады. Алайда мұндай прогрессия тек белгілі уақыт ішінде ғана күшке ие. Мәселен, 200 000 ф. стерлингтің 19%-і 100 000 ф. стерлингтің 20%-іне қарағанда, ал 300 000 ф. стерлингтің 18%-і 200 000 ф. стерлингтің 19%-іне қарағанда көп, бірақ капитал мейлінше көп мөлшерде қорланып, ал пайда нормасы кемісе, онда әрі қарайғы қорлану пайданың жиынтық массасын кемітетін болады. Мысалы, қорлану 1 000 000 ф. стерлингке жетіп, ал пайда нормасы 7% болды деп ұйғарсақ, онда пайданың барлық сомасы 70 000 ф. ст. болмақшы. Егерде енді миллионға тағы да 100 000 ф. ст. капитал қосып, ал пайда нормасы 6%-ке дейін төмендесе, онда капитал иелері, капиталдың жалпы сомасы 1 000 000-нан 1 100 000 ф. стерлингке дейін өскенімен, енді тек 66 000 ф. ст., яғни 4 000 ф. ст. кем алады.

Алайда, қазірге капитал жалпы қандай да болсын пайда түсіріп тұрған кезде, капиталдың өнімді де арттырмайтын, құнды да арттырмайтын қорлануының болуы мүмкін емес. 100 000 ф. ст. қосымша капитал жұмсаған кезде бұрынғы капиталдың бірде-бір бөлігі кем өндіргіш болмайды. Елдің жері мен еңбегінің өнімді артуға тиіс, ал оның құны өнімдердің бұрынғы мөлшеріне үстелген өнімдер құнының барлық шамасындай ғана емес, сонымен қатар жердің барлық өніміне оның ақырғы үлесін өндірудің қиыншылығы артуы пәтижесінде үстелген жаңа құнның шамасындай да өседі. Алайда капиталдың қорлануы өте үлкен мөлшерге жеткен кезде, өнімнің құны өзінің артуына қарамай, былайша таратылатын болады: пай-

даның үлесіне оның бұрынғыға қарағанда аз бөлігі тиіп, рента мен жалақының үлесіне тура келетін бөлігі артып отыратын болады» (124—126-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 108—109-беттер].

«Үлкен құн өндірілгенімен, бірақ оның есесіне рентаы төлегеннен кейін осы құннан қалатынның үлкен үлесін өндірісшілер тұтынады, ал пайданың мөлшерін осы, тек қана осы анықтайды. Жер мол өнім беріп тұрғанда, жалақы уақытша осуы мүмкін; өндірісшілер де өздерінің әдеттегі үлесінен артық мөлшерде тұтынуы мүмкін; бірақ осының өзімен халықтың өсуіне жасалатын түрткі көп ұзамай жұмысшыларды өздерінің әдеттегі тұтыну деңгейіне түсіреді. Бірақ өңдеуге құнарсыз жер түскенде немесе көне жерде капитал мен еңбектің қосымша мөлшері аз нәтижемен жұмсалған кезде, жоғарыда көрсетілген салдар тұрақты орын алатын болады» (127-бет) [Орысша аудармасы, I том, 110-бет].

[732] «Сонымен, қорланудың салдары, негізінен топырақтың құнарлылығына байланысты, әр түрлі елдерде әр қилы болады. Жері құнарсыз, ал сырттан азық-түлік әкелуге тиім салынған елде ол қандай кең-байтақ болғанымен, тіпті капиталдың ең бір қалыпты қорлануының өзінде пайда нормасының едәуір кемуі мен рентаың тез осуы қатарласа жүреді; және керісінше шағын, бірақ жері құнарлы ел, әсіресе егер ол азық-түліктің еркін әкелінуіне жол берсе, өте көп капитал жинақтай алады, бұл пайда нормасының елеулі түрде кемуін немесе жер рентасының елеулі түрде артуын туындатпайды (128—129-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 110—111-беттер].

*Салықтар да* (делінген 12-ші тарауда—*«Жер салығы»*) «қалған қосымша өнімнің әдетте өзінің жинақтауларымен мемлекеттегі капиталды арттыратындардың күш-жігерін көтермелеуге жеткілікті болмауына» әкеліп соғуы мүмкін» (206-бет) [Орысша аудармасы, I том, 155-бет].

«Бір ғана жағдайдың болуы мүмкін» {делінеді 21-тарауда—*«Қорланудың пайда мен процентке әсері»*},— «және оның өзі де уақытша сипатта,— азық-түліктің бағасы төмен болған кезде капиталдың қорлануы пайда нормасының төмендеуін ілестіре жүрген кезде болады. Және ол еңбекті асырап-сақтауға арналған қор талыққа қарағанда анағұрлым тез артқан кезде орын алады; бұл жағдайда жалақы жоғары, ал пайда нормасы төмен болады. Егер барлық адамдар сән-салтанат бұйымдарын тұтынудан бас тартып, тек қана жинақтауға тырысқан болса, онда қажеттік бұйымдары тікелей тұтынушылары болмайтын мөлшерде өндірілген болар еді. Товарлардың осы аздаған түрі үшін, күмән жоқ, рыноктың жаппай лықа толуы мүмкін болар еді және, демек, бұл товарлардың қосымша мөлшеріне сұраным болмас еді де, қосымша капиталды қолдану пайда бермес еді. Егер адамдар тұтынуды қойса, олар өндіруді де қояр еді» (343-бет) [Орысша аудармасы, I том, 241-бет].

Қорлану жөніндегі және пайда нормасының төмендеу заңы жөніндегі Рикардоның ойлары осындай.

[ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ]

## РИКАРДОДАҒЫ ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР. ДЖОН БАРТОН

### [А.] ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ТАЗА ТАБЫС

*Таза табыс* жалпы табысқа (жиыптық өніммен немесе жиынтық өнімнің құнымен бірдей деп қаралып келген) қарама-қарсы, физиократтар бастапқыда қосымша құнды тіркейтін форма болып табылады. Олар жер рентасын қосымша құнның бірден-бір формасы деп қарастырады, өйткені өнеркәсіп пайдасын олар өзінше бір үлгідегі жалақы деп қана түсінеді; бұл мәселеге көзқарастарында физиократтар ең бертіндегі, пайданы еңбекті қадағалағаны үшін төленетін жалақымен шатастырып, пайданы бүркемелейтін экономистер арқылы өздеріне пікірлестер тауып отыр.

Сөйтіп, шын мәнінде өнімнің авансыланған капиталдың — тұрақты капиталдың, сондай-ақ өзгермелі капиталдың — есесін толтыратын бөлігінен басы артығы таза табыс болып табылады. Демек, таза табыс бар болғаны пайда мен рентадан тұрады, осының өзінде бұл соңғының өзі өз кезегінде пайданың бір бөлігі ғана, пайдадан бөлінген, капиталистер табынан басқаша таптың қолына тиетін бөлік болып табылады.

Капиталистік өндірістің тікелей мақсаты товар өндіру емес, қосымша құн немесе пайда (оның дамыған формасында) өндіру; өнім емес қосымша өнім. Бұл тұрғыдан еңбектің өзі капитал үшін пайда немесе қосымша құн жасайтын болғандықтан ғана өндіргіш еңбек. Егер жұмысшы оны жасамайтын болса, оның еңбегі өндіргіш еңбек емес. Демек, капитал қолданылатын өндіргіш еңбектің көлеміне ден қойғанда осы еңбектің арқасында — немесе оған пропорциялы түрде — қосымша еңбектің көлемі артатындықтан ғана ден қояды. Біз қажетті жұмыс уақыты деп атаған нәрсе сондықтан ғана қажетті болып шығады. Егер еңбек бұл нәтижені бермесе, ол басы артық болады және тоқтатылуға тиіс болады.

Капиталистік өндірістің тұрақты мақсаты — авансыланған капиталдың минимумы тұсында қосымша құнның немесе қосымша өнімнің максимумын өндіру; ал осы нәтижеге жұмысшылардың шамадан тыс еңбек етуінен басқаша жолмен қол жететін шамада мұның өзі капиталдың бір тенденциясы, белгілі бір өнімді күш пен құралдарды мүмкіндігінше аз жұмсап өндіруге ұмтылудан көрінетін тенденция, яғни капиталдың адамзатты өз күштерін үнемдеп жұмсауға және өндірістік мақсатқа күш-құралды барынша аз жұмсап жетуге үйрететін экономикалық тенденциясы болып табылады.

Жұмысшылардың өздері бұлай түсіну тұрғысынап капиталистік өндірісте не болып табылса, соның өзі болып, өндірістің өзіндік мақсаты да, мақсаты да болмай, өндірістің жай ғана құралдары болып көрінеді.

Таза табыс жиынтық өнімнің құнымен емес, жиынтық өнім құнының авансыланған капиталдың құнынан артық мөлшерімен, немесе жиынтық өніммен салыстырғандағы қосымша өнімнің шамасымен анықталады. Егер осы басы артық мөлшер өнім құнының кемуі [733] тұсында немесе тіпті құнмен бірге өнімнің жиынтық мөлшерінің кемуі тұсында болса да артатын болса, капиталистік өндірістің мақсатына қол жеткені.

Рикардо осы тенденцияларды барынша дәйектілікпен және ешқандай боямасыз тұжырымдады. Мещандық филантроптар тарапынан оған қарсы соншалық байбалам салынатыны осыдан.

Таза табысты қарастырған кезде Рикардо тағы да сол қатеге ұрынып, жиынтық өнімді табысқа, жалақыға, пайда мен рентаға саяды да, есесі толтырылуға тиісті тұрақты капиталдан абстракцияланады. Бірақ бұл арада біз бұған тоқталмаймыз.

*32-тарауда («Мальтус мырзаның рентаға көзқарастары»)* Рикардо былай деп жазады:

«Жалпы және таза табыстың арасындағы айырманы айқын саралау өте маңызды, өйткені барлық салықтар қоғамның таза табысынан төленуге тиіс. Елдегі бір жыл ішінде рынокқа түсетін барлық товарлардың — бүкіл астықтың, шикі өнімдердің, өнеркәсіп бұйымдарының және т. б. — құны 20 миллион деп, бұл құнды алу үшін адамдардың белгілі бір санының еңбегі қажет деп және бұл жұмысшылар үшін бірінші кезекте қажет заттар 10 миллион жұмсауды керек етеді деп ұйғарайық. Бұл орайда мен мұндай қоғамның жалпы кірісі 20 млн. ал таза табысы 10 млн. дер едім. Бұл ұйғарымнан жұмысшылар өз еңбегі үшін 10 миллион ғана алар еді деген әсте келіп шықпайды; олар 12, 14 немесе 15 миллион ала алар еді, ал бұл жағдайда оларға таза табыстан, 2, 4 немесе 5 миллион тиер еді. Қалғаны жер меншікшілері мен капиталистер арасында бөлінер еді, бірақ бүкіл таза табыс 10 миллионнан аспас еді. Мұндай қоғам салықтар түрінде 2 миллион төлейді деп ұйғарайық; сонда оның таза табысы 8 миллионға дейін кемиді» (512—513-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 346-бет].

[Ал 26-тарауда («Жалпы және таза табыс туралы») біз былай дегенді оқимыз:]

«Елдің белгілі бір еңбек мөлшерін немесе одан аз мөлшерін қолданғанына қарамастан оның таза рентасы мен пайдасы қоса алғанда өзгеріссіз қалатын болса, елге өнімді еңбектің көп мөлшерін қолданудан болатын тиімділіктер қандай? Әр елдің жері мен еңбегінің бүкіл өнімі үш бөлікке бөлінеді, олардың бірі жалақыға, екіншісі — пайдаға, үшіншісі рентаға кетеді».

{Бұл дұрыс емес, өйткені мұнда өндірісте қолданылған капиталдың (жалақыны қоспағанда) есесін толтыруға кететін бөлігі ұмытылған.}

«Соңғы екі бөліктен ғана салықтарға немесе жинақтауға қайсыбір қаржы бөлуге болады; олардың бірінішісі, егер ол онша көп болмаса, әр кезде өндірістің қажетті шығыны болып табылады».

{Рикардо осы сөйлемге ескертуінде өзі былай деп көрсетеді:

«Бұл, бәлкім, тым қатты айтылған шығар, өйткені жұмысшыға жалақы деген атпен өндірістің абсолютті қажетті шығындарынан әдетте көбірек тиеді. Бұл жағдайда жұмысшы елдің таза өнімінің бір бөлігін алады да, ол мұны сақтай немесе жұмсап жібере алады; немесе бұл оған елді қорғауға жәрдемдесуге мүмкіндік береді»}

«Жылма-жыл 2 000 ф. ст. пайда беретін 20 000 ф. ст. капиталы бар адамға оның капиталы 100 адамға не 1 000 адамға кәсіп бере ме, өндірілген товар 10 000 ф. ст. немесе 20 000 ф. стерлингке сатыла ма, бұл мүлдем бәрібір, осы жағдайлардың бәрінде оның алатын пайдасы 2 000 ф. стерлингтен төмендемесе болғаны. Тұтас бір ұлттың нақты мүддесі де осындай емес пе екен? Оның таза нақты кірісі, оның рентасы мен пайдасы өзгермесе болғаны, бұл ұлт 10 не 12 миллион адамнан құрала ма, мұның ешқандай мәні жоқ. Оның флот пен армия ұстау қабілеті және өнімсіз еңбектің барлық түрлері оның жалпы табысына емес, таза табысына пропорциялы болуға тиіс. Егер 5 миллион адам 10 миллион адамға қажет мөлшердегі тамақ пен киімді өндіре алатын болса, онда 5 миллион адамға керекті тамақ пен киім таза табыс болып табылады. Нақ осы таза табысты өндіру үшін 7 миллион адам керек болғанынан, немесе, басқаша айтқанда, 7 миллион адамның еңбегі 12 миллион адамға жететін мөлшерде тамақ пен киім өндіру үшін қолданылғанынан елге келетін қандай да бір тиімділік бар ма? 5 миллион адамға керекті тамақ пен киім бұрынғысынша таза табыс болады. Адамдардың артық санының қолданылуы бізге армиямыз бен флотымызды бір адамға болса да көбейтуге де, салық түрінде қосымша бір гинейны енгізуге де мүмкіндік бермес еді» (416—417-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 284—285-беттер].

Бұған толықтыру ретінде, Рикардоның көзқарасын жақсырақ анықтау үшін тағы мына тұстарын келтірейік:

«Астықтың бағасының салыстырмалы түрде төмен болғанынан әр кезде келетін бір тиімділік сол, мұндай баға тұсында нақты бар өнімді белудің еңбекті асырап-сақтауға деген қорды молайту мүмкіндігі көбірек болады, өйткені пайда деген атпен неғұрлым елеулі бөлік өндіргіш таптың қолына тиеді және неғұрлым кем бөлік рента деген атпен өндіргіш емес тапқа тиеді» (317-бет) [Орысша аудармасы, I том, 224-бет].

Өндіргіш тап ретінде бұл арада кәсіпкер капиталистер ғана айтылып отыр.



«Рента дегеніміз құн жасау,.. бірақ байлық жасау емес. Егер астықтың бағасы оның қайсыбір бөлігін өндірудің қиыншылығынап бір квартиріне 4 ф. стерлингтен 5 ф. стерлингке дейін артса, онда 1 миллион квартирдің құны 4 миллионның орнына 5 миллион ф. ст. болады... Қоғам тұтас алғанда көбірек құнға ие болады да, осы мағынада рента құн жасау болып табылады. Бірақ бұл құн номиналдық құн, өйткені ол байлыққа, яғни қоғамда бар қажеттілік, молшылық және игілік заттарының сомасына ештеңе қоспайды. Бізде товарлардың артық емес, сол мөлшері, бұрынғысынша сол 1 миллион квартал астық болады; бірақ кварталдің неғұрлым жоғары бағасының — 4 ф. стерлингтің орнына 5 ф. ст. нәтижесі *астық пен товарлар құнының бір бөлігінің* бұрынғы иелерінен жер меншікшілеріне ауысуы болады. Сондықтан рента — құн жасау, бірақ байлық жасау емес; *ол елдің ресурстарына ештеңе қоспайды*» (485—486-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 329—330-беттер].

[734] Астықты [өндірудің неғұрлым оңайлығы арқасында немесе] сыртап әкелу арқасында астық бағасы рента 1 миллионға кемітіндей болып төмендеді деп ұйғарайық. Рикардо мұның нәтижесінде капиталистердің ақшалай кірісі артады дейді де, одан әрі былай жалғастырады:

«Бірақ маған капиталистің табысы артпайды, жер меншікшісінің рентасынан алынған бір миллион қосымша жалақы түрінде жұмысшыларға төленеді деп қарсылық айтуы мүмкін. Солай-ақ болсын... Қоғамның жағдайы бұл орайда да жақсарар еді де, жұрт сол бір бұрынғы салық ауыртпалығын бұрынғыдан оңайырақ көтере алар еді. Бұл жаңа бөліністің нәтижесінде басқа бір таптың, *осының өзінде қоғамның ең маңызды табының* жағдайы жақсарғаны ғана — ал мұның өзі одан да гөрі керек — дәлелдер еді. Бұл таптың 9 миллионнан [қажетті тіршілік заттарымен белгіленетін жалақыдан] *тысқары ала алатынының бәрі елдің таза табысының бір бөлігін құрайды* және оның тұтынуын, әл-ауқатын не күш-қуатын арттырудан басқаға жұмсалуды мүмкін емес. Сондықтан сіздер таза табысты ықтиярларыңызша бөле аласыздар. Бір тапқа аз-мұз артық, екіншісіне аз-мұз кем берсеңіздер де, бұдан таза табыстың сомасын кемітпейсіздер. Таза табысты бұлай қайта бөлу бола ма, болмай ма,— бәрібір, еңбектің сол бір мөлшерімен енді товарлардың көбірек мөлшері өндіріледі, дегенмен бұл товарлардың жалпы ақшалай құнының шамасы кемиді. Бірақ елдің таза ақшалай табысы, содан салықтар төленетін және игілік заттарына деген қаржы алынатын қор нақты бар халықты асырауға, оған сән-салтанат пен игілік заттарын беруге және кез келген белгілі бір өлшемдегі салықтарды төлеуге бұрынғыдан анағұрлым бейімделген болады» (515—516-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 348-бет].

**[Б.] МАШИНАЛАР [МАШИНАЛАРДЫҢ  
ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНА ЫҚПАЛЫ  
ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ РИКАРДОДАҒЫ ЖӘНЕ  
БАРТОНДАҒЫ ЖАЙЫ]**

**[1] РИКАРДОНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ]**

**[а) РИКАРДОНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БІРАЗЫН  
МАШИНАЛАРДЫҢ ЫҒЫСТЫРАТЫНЫ ТУРАЛЫ ӘУЕЛ  
БАСТАҒЫ БОЛЖАМЫ]**

1-тараудың V бөлімінде («Құн туралы») Рикардо былай деп жазады:

«Біздің алдымызда өнеркәсіптің қайсыбір саласында жүз жұмысшының жыл ішіндегі жұмысын орындау үшін қолданыла алатын машина түр екен және ол бір жылға ғана шыдайды екен деп ұйғарайық. Сондай-ақ, бұл машина 5 000 ф. ст. тұрады және жүз жұмысшыға жылма-жыл төленетін жалақы 5 000 ф. ст. деп ұйғарайық. Бұл жағдайда фабрикант үшін машина сатып алса да, жұмысшыларды жалдаса да бәрібір екені анық. Бірақ еңбектің құны артып, осының нәтижесінде жүз жұмысшының жылдық жалақысы 5 500 ф. ст. болсын. Тегінде, фабрикантқа енді қобалжитын ештеңе жоқ; ол үшін сол бір жұмысты 5 000 ф. ст. үшін істеп беретін машинаны сатып алған тиімді. Бірақ еңбектің құны артуы нәтижесінде машинаның да бағасы артып, енді ол да 5 500 ф. ст. тұратын болмас па екен? Машинаның бағасы егер оны жасау кезінде ешқандай капитал қолданылмаса және машина жасаушыға ешқандай пайда келмесе, сонда ғана артар еді. Егер, мәселен, машина оны бір жыл ішінде жасаушы және әрқайсысы 50 ф. ст. жалақы алушы жүз жұмысшының еңбегінің өнімі болса және демек оның бағасы 5 000 ф. ст. болса, онда жалақы 55 ф. стерлингке дейін артқан жағдайда оның бағасы 5 500 ф. ст. болар еді. Бірақ бұл мүмкін емес. Жүзден кем жұмысшы жұмыс істеген деп алуға тура келеді,— әйтпесе машина 5 000 ф. стерлингке сатылмас еді, өйткені осы 5 000 ф. стерлингтен жұмысшыларға жұмсалған капиталға келетін пайда төленуге тиіс. Сонымен, әрқайсысына 50 ф. ст. немесе жылына 4 250 ф. ст. жұмсалып, сексен бес жұмысшы ғана жұмыс істеді деп және машинаны сатқанда жұмысшыларға төленген жалақының үстіне алынған 750 ф. ст. машина жасаушының капиталына келген пайда болды деп есептейік. Жалақы 10 процент өскенде машина жасаушы 425 ф. ст. қосымша капитал жұмсауға мәжбүр болады да, осы себепті 4 250 ф. стерлингтің орнына 4 675 ф. ст. жұмсайтын болады — егер бұрынғысынша машинаны 5 000 ф. стерлингке сатса, ол бұл капиталға 325 ф. ст. қана пайда етеді. Бірақ фабриканттар мен капиталистердің бәрі де нақ осындай жағдайда болады: жалақының артуы барлығына да қатысты. Сондықтан, егер машина жасаушы жалақы артқандықтан машинаның бағасын арттырса, онда осындай машиналар жасайтын өнеркәсіп саласына капиталдың айрықша мөлшерде ағылып келетіні соншалық, машиналардың бағасы көп ұзамай машина жасаушыға пайданың әдеттегі нормасын ғана береді еді. Олай болса біз жалақының өсуі нәтижесінде машиналардың бағасы артпайтынын көріп отырмыз.

Алайда жалақының жалпы өсуі тұсында өз товарының өндіріс шығындарын арттырмайтын машинасы бар фабрикант өз товарларын бұрынғы бағасымен сата алса, ерекше тиімді жағдайда болар еді; бірақ ол, біздің көргеніміздей, өз товарларының бағасын төмендетуге мәжбүр болады, бұлай істемесе оның өндіріс саласына оның пайдасы жалпы деңгейге төмендегенге дейін капитал ағылып келе берер еді. *Сөйтіп машиналарды енгізу-*

ден жұртшылық ұғып шығады: бұл жылғау агенттер әрқашан олардың ақшалай құлы сондай болса да, өздері ығыстырып шығаратынынан гөрі анағұрлым аз еңбек мөлшерінің өнімі болып табылады» (38—40-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 56—57-беттер]<sup>142</sup>.

Бұл пункт әбден дұрыс атап көрсетілген. Осының өзінде бұл — машиналар ығыстырып шығарған жұмысшылар сол машина жасаудың өзінде өздеріне жұмыс тауып алады деп ойлайтындарға жауап болып табылады; мұның өзі, былайша айтқанда, машина жасайтын шеберхана әлі түгелдей еңбек бөлінісіне негізделген және машиналарды жасау үшін машиналар әлі қолданылмаған дәуірге тән түсінік.

Бір жұмысшының жылдық жалақысы 50 ф. ст. екен деп ұйғарайық, онда 100 жұмысшының жалақысы 5 000 ф. стерлингке тең. Егер осы жүз жұмысшы өзі де 5 000 ф. ст. тұратын машинамен алмастырылса, онда бұл машина міндетті түрде жүзден кем жұмысшының еңбегінің өнімі болып табылады. Өйткені онда ақысы төленген еңбекпен қоса, ақысы төленбеген еңбек те болады, нақ осының өзі машиналар фабрикантының пайдасын құрайды. Егер 5 000 ф. ст. тұратын машина 100 жұмысшы еңбегінің өнімі болса, онда ақысы төленген еңбек қана болар еді. 5 000 ф. стерлингтен — пайда нормасы 10 процент болғанда — 4 545 ф. стерлингке жуығы авансыланған капитал және 455 ф. стерлингке жуығы пайда болар еді. 4 545 ф. ст. бір жұмысшының жалақысы 50 ф. ст. болғанда,  $90\frac{9}{10}$  жұмысшыны ғана білдірер еді.

[735] Бірақ 4 545 ф. ст. капитал әсте де бір ғана өзгермелі капитал (тікелей жалақыға жұмсалған капитал) емес. Онда сондай-ақ машина жасаушы қолданған негізгі капиталдың ескіруі және шикізат бар. Сөйтіп, 5 000 ф. ст. тұратын және жалақысы 5 000 ф. ст. болатын 100 жұмысшыны алмастыратын машина 90-нан едәуір кем жұмысшылар санының өнімі болып табылады. Машина {ең болмағанда оның жылма-жыл проценттермен бірге өнімге, яғни оның құнына кіретін бөлігі} өзі алмастыратын жұмысшылар санынан гөрі жыл ішінде жұмыс істеген саны едәуір аз жұмысшылардың өнімі болған жағдайда ғана тиімді қолданылуы мүмкін.

*Өнімнің құны* — бұл құн өзгермелі капитал плюс қосымша еңбекке тең болған шамада — өзгермеген күйі қалса да (өзгермелі капитал қозғалысқа келтіретін жұмысшылардың саны тұрақты күйінде қалатындықтан), жалақының қандай да болса артуы авансылануға тиісті өзгермелі капиталды арттырады.

(6) РИКАРДО ӨНДІРІСТЕГІ ЖЕТІЛДІРУЛЕРДІҢ  
 ТОВАРЛАР ҚҰНЫНА ЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ.  
 ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРЫЛҒАН ЖҰМЫСПЫЛАРҒА АРНАЛҒАН  
 ЖАЛАҚЫ ҚОРЫНЫҢ БОСАУЫ ТУРАЛЫ ҚАТЕ ҚАҒИДА]

20-тарауда («Құн және байлық, олардың айрықша қасиеттері») Рикардо табиғат күштері *товарлардың* құнына ештеңе қоспайды, көрісінше, олар мұны кемітеді деп атап көрсетеді. Нақ осы арқылы олар *қосымша құнды* арттырады, ал капиталистің ден қоятынының өзі осы ғана.

«Адам Смиттің пікіріне қарама-қарсы Сэй мырза төртінші тарауда *товарларға табиғат күштері*, мәселен күн, жел, атмосфера қысымы және т. б. кейде адам еңбегінің орнын басатын, ал кейде оған өндірісте *көмектесетін* осы күштер беретін *құн* туралы айтады. Бірақ табиғаттың бұл күштері тұтыну құнын едәуір арттырғанымен, олар *товарға* Сэй мырза әңгіме етіп отырған айырбас құнын ешқашан қоспайды. *Машиналардың немесе жаратылыстанудың көмегімен* біз табиғат күштерін бұрын адам атқарып келген жұмысты орындауға мәжбүр еткен бойда, бұл жұмыстың айырбас құны тиісінше төмендейді» (335—336-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 235—236-беттер].

Машинаның құны болады. Табиғат күштерінде болса ол жоқ. Демек, олар өнімге ешқандай құн қоса алмайды, қайта керісінше оның құнын өздері капиталдың не еңбектің, тікелей еңбектің не қорланған еңбектің орнын алмастырған шамада кемітеді. *Жаратылыстану машиналардың көмегінсіз немесе сол бұрынғы машиналардың ғана көмегімен* (мәселен, бу қазанын, әр түрлі химиялық процестерді және т. б. пайдаланған кезде болатыны сияқты одан да арзанырақ болар) адамның еңбегін табиғат күштерімен алмастыруды үйреткен шамада, — ол капиталиске (сондай-ақ қоғамға) ештеңеге түспейді де, *товарларды абсолютті түрде арзандатады*.

Жоғарыда келтірілген тұстан кейін Рикардо былай деп жалғастырады:

«Егер он адам диірменді айналдырып тұрған болса, ал одан кейін желдің не судың көмегімен бұл он адамның еңбегін сақтап қалуға болатыны ашылса, онда ішінара диірменнің жұмысының өнімі болып табылатын ұн өзінің құны жөнінен сақталған еңбектің мөлшеріне сәйкес ізінше төмендер еді; *ал қоғам он адамның еңбегімен өндіруге болатын товарлардың бүкіл сомасына бұрынғыдан байырақ болып шығар еді, өйткені оларды асырап-сақтауға арналған қор ешқандай дәрежеде кемімес еді*» (336-бет) [Орысша аудармасы, I том, 236-бет].

Қоғам ең алдымен сол ұнның бағасы төмендеген сомаға байи түсер еді. Ол не ұнды көбірек тұтынатын болар еді, не бұрын *ұнға арналған* ақшаны нақты бар басқа бір товарға немесе тұтынудың жаңа қоры босап шығуымен байланысты алғаш пайда болған товарға жұмсар еді.

Кірістің осы бөлігі туралы, бұрын ұнға жұмсалған, ал енді, 19—1337

ұнның бағасы төмендегендіктен, қандайда бір басқаша қолдану үшін босаған бөлігі туралы былай деуге болады: қоғамның бүкіл экономикасымен ол белгілі бір затқа «арналған» болатын, енді ол бұл «арналудан» босады. Мұның өзі жаңа капиталдың қорлануымен әбден бірдей. Осындай әдіспен машиналар мен табиғат күшінің қолданылуы капиталды босатады да, бұрын «бүркемеленген түрде» болып келген қажеттенулерді қанағаттандыру үшін мүмкіндіктер жасайды.

Мұның керісінше, ашылған жаңалықтың салдарынан жұмысынан айрылған он адамды «асырап-сақтауға арналған қор» туралы айту қате. Мәселе мынада: ашылған жаңалық сақтап қалатын немесе жасайтын бірінші қор, бұл — кірістің бұрын қоғам ұн үшін төлеп келген және енді ұнның бағасы кемігендіктен сақтап қалатын бөлігі. Ал сақталып қалатын екінші қор, бұл — диірменші қазір жұмыстан шығарылған он жұмысшыға бұрын төлеп келген қор. Бұл «қор» ашылған жаңалықтың және он жұмысшының шығарылуының нәтижесінде, шын мәнінде, Рикардоның байқағанындай, әсте де кеміген жоқ. Бірақ бұл қор көрсетілген он жұмысшымен мүлдем ешқандай табиғи байланыста емес. Олар пауперлерге айналуы, аштан өлуі және т. б. мүмкін. Мына бір жай ғана күмәнсыз: диірменді жүргізу үшін осы он жұмысшының орнын басуға тиіс жаңа ұрпақтың он адамы енді өздеріне басқа бір істен кәсіп іздеуге тиіс және осындай жолмен халық салыстырмалы тұрғыда [еңбекке деген сұраныммен салыстырғанда] көбейді (халықтың орташа өсіміне қарамастан), өйткені диірмен енді [адамдардың көмегінсіз] айналдырылады, ал осы жаңалық болмаса, диірменді айналдырып тұруға тиіс болған он жұмысшы басқа бір товарды өндірумен шұғылданады. Сонымен, машиналардың ойлап шығарылуы және табиғат күштерінің пайдаланылуы капитал мен адамдарды (жұмысшыларды) босатып шығарады және босап шыққан капиталмен бірге босап шыққан қолдарды жасайды (Стюарттың<sup>143</sup> айтатындай «бос қолдар»), ал мұның өзі [736] өндірістің жаңа салаларының құрылуына әкеледі немесе өндірістің ескі салалары ұлғаяды, олардағы өндіріс көлемі ұлғаяды.

Диірменші өзінің босаған капиталына жаңа диірмендер салады, не өзі оны капитал ретінде жұмсай алмаса, бұл капиталды қарызға береді.

Бірақ барлық жағдайда да мұнда жұмыстан шығарылған он жұмысшыға «арналған» ешқандай қор жоқ. Біз бұл арада алдымыздан көрініп отырған оғаш алғы шартқа әлі ораламыз\*; онда егер машиналардың енгізілуі (немесе табиғат күштерінің пайдаланылуы) жалақы болып қызмет өте алатын тіршілік заттарының көлемін кемітпесе (аттар адамдарды ығыстырғанда, немесе

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 581—589-беттер. Ред.

мал өсіру егіншілікті ығыстырғанда ауыл шаруашылығында ішінара осылай болатыны сияқты), онда жоғарыда көрсетілген амалмен босаған қор өзгермелі капитал түрінде қалайда жұмсалуға тиіс (бейне шетелге тіршілік заттарын шығару мүмкін еместей-ақ немесе оны өндірмейтін қызметкерлерге жұмсауға болмайтындай-ақ не өндірістің қайсыбір саласында жалақының артуы және т. с. мүмкін еместей-ақ) және нақ сол жұмыстан шығарылған жұмысшыларға жұмсалуға тиіс делінген. Машиналар үнемі халықтың относителді артық болуын, жұмысшылардың резерв армиясып жасайды, мұның өзі капиталдың өктемдігін барынша арттырады.

335-бетке берген ескертуінде [Орысша аудармасы, I том, 235—236-беттер] Рикардо Сэйге қарсы тағы мынадай ескертпе жасайды:

«Байлық дегенді адам тұтынатын қажеттілік заттарының молшылығы, жақсы жабдықтар мен игілік заттарының молшылығы деп анықтаған А. Смит *машиналар мен табиғат күштері* елдің байлығын барынша едәуір шамада ұлғайта алатынына келіскенімен, олар *осы байлықтың құнына бірдеңе* қосады дегенге келіспес еді».

Табиғат күштері *рентаның* жасалуы үшін мүмкіндік беретін жағдайлар нақты бар болмаса, ол күштер *құнға шын* мәнінде ештеңе қоспайды. Бірақ машиналар бар *құнға өздеріне тән құнды* әрқашан қосады; және олардың болуы, біріншіден айналмалы капиталдың [бір бөлігінің] негізгі капиталға одан әрі айналуын жеңілдететіндіктен және мұндай айналуды бірден-бірге өскелең көлемде жүргізуге мүмкіндік беретіндіктен, олар байлықты ғана емес, сонымен бірге жылдық еңбектің өніміне откендегі еңбек қосатын *құнды* да арттырады; ал екіншіден, машиналардың болуы халықтың абсолютті көбеюін, ал онымен бірге жылдық еңбек массасының да өсімін мүмкін өтетіндіктен, олар осы екінші әдіспен де жылдық өнімнің құнын арттырады. [736]

(в) МАШИНАЛАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ  
ӨЗ КӨЗҚАРАСТАРЫН ҚАЙТА ҚАРАҒАН  
РИКАРДОНЫҢ ҒЫЛЫМИ АДАЛДЫҒЫ.

РИКАРДОДА ОНЫҢ МӘСЕЛЕНІ ЖАҢА ТҮРҒЫДА  
ҚОЮЫНДА САҚТАЛҒАН БҰРЫНҒЫ ҚАТЕ АЛҒЫ ШАРТТАР]

[736] 31-тарау «*Машиналар туралы*» деп аталады.

Рикардо өз шығармасының үшінші басылымына қосқан бұл бөлім оның *адалдығын* дәлелдейді, мұның өзі оның тұрпайы экономистерден соншалық мәнді ерекшелігі.

«Менің бұл мәселеге өз көзқарастарымды баяндауға өзімді одан да гөрі міндеттімін деп есептейтінім» {атап айтқанда «қоғамның әр түрлі таптарының мүдделеріне машиналардың ықпалы туралы»} «одан әрі ой-

ластырудың нәтижесінде ол көзқарастар елеулі өзгерістерге ұшырағандықтан. Мен қайсыбір уақытта машиналар туралы мәселе жөнінде маған енді одан бас тарту керек болатын бірдеңе жариялағанымды есіме түсіре алмасам да, басқа бір жолмен» {парламент мүшесі ретінде ме?} <sup>144</sup> «енді қате деп мойындайтын ілімдерді қолладым. Сондықтан мен қазіргі көзқарастарымды олар үшін өзімде бар дәлелдеріммен бірге оқушының қарауына ұсынуды өзімнің парызым деп санаймын.

Мен өз назарымды саяси экономия мәселелеріне алғаш аударған кезден бері өндірістің кез келген саласында машиналардың еңбекті үнемдейтіндей болып қолданылуы барша жүрг үшін игілік болып табылады және оның ыңғайсыздықтары көбінесе капитал мен еңбекті бір кәсіптен екіншісіне ауыстырумен байланысты ғана болады деген көзқарас ұстадым».

{Егер олар, бүгінгі таңдағы өндірісте осылай болып отырғанындай, тынымсыз болып тұрса, онда бұл «ыңғайсыздықтар» жұмысшы үшін әжептәуір зор.}

«Мен жер меншікшілері нақ сол ақшалай рента алған жағдайда өзде-рінің осы рентасын жұмсайтын товарлардың қайсыбіріннің бағасы төмендеуінен, бағалардың машиналарды қолданудың тікелей нәтижесі болып табылатын төмендеуінен ұтар еді деп ойлайтынмын. Нақ осылайша, түптеп келгенде, капиталист те ұтар еді деп ойлаған едім. Рас, машинаны ойлап шығарған немесе оны бірінші болып қолданған адам қайсыбір уақыт бойында көбірек пайда алатындықтан қосымша ұтымдылық алар еді. Бірақ машинаның жалпы тұтынылуына орай оның өндірген товарының бағасы бәсекенің салдарынан оны өндірудің шығындарына дейін төмендер еді, сонда капиталист бұрынғысындай ақшалай пайда алар еді де, жалпы тиімділіктерге тұтынушы ретінде ғана [737] қатысар еді; өйткені оның сол мөлшердегі ақшалай кірісі тұсында молшылық пен игілік заттарының қосымша мөлшерін иемдену мүмкіндігі болар еді. *Жұмысшылар табы да машиналарды енгізуден бірдей шамада ұтар еді, өйткені сол бұрынғы ақшалай жалақысына жұмысшылардың товарларды көбірек сатып алуға мүмкіндігі болар еді деп ойлаған едім. Және бұл орайда жалақының ешқандай кемуі болмайды деп ойладым, өйткені капиталист еңбекке сол бұрынғыдай сұраным білдіріп, оны бұрынғы мөлшерде қолдана алар еді, оның еңбекті қайсыбір жаңа немесе әйтеуір басқа бір товарды өндіруде қолдануына тура келсе де, қолданар еді. Егер машиналарды жетілдірудің нәтижесінде еңбектің сол мөлшерін қолданғанда осы еңбек өндіретін шұлықтардың санын төрт есе арттыру мүмкін болса, ал шұлыққа деген сұраным екі есе ғана артса, онда шұлық өнеркәсібінің біраз жұмысшысын шығаруға тура келер еді: бірақ оларды іске қосқан капитал бұдан былай да жеткілікті болғандықтан және иелері оны өндірісін тұрғыда тұтынуға мүдделі болатындықтан, маған ол қоғам үшін пайдалы, сұраным сенімді қамтамасыз етілген қайсыбір басқа товарларды өндіруде қолданылатын сияқты көрінетін... Демек, маған еңбекке деген сұраным бұрынғы күйінде қалатындай, ал жалақы төмендемейтіндей болып көрінгендіктен, мен товарлардың машиналарды қолданудан болған жалпы арзандауының тиімділіктеріне жұмысшы табы басқа таптардай дәрежеде ортақтасар деп ойладым.*

Менің көзқарастарым осындай болды және әңгіме жер меншікшісі мен капиталист туралы болып отырғандықтан өзгерген жоқ; бірақ *адам еңбегін машиналармен ауыстыру көбіне жұмысшы табына зор нұқсан келтіретініне көзім жетті*» (446—468-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 318—319-беттер].

Ең алдымен Рикардоның машиналар әрқашан капиталистік өндіріс әдісі ендігі бар салаларда ғана енгізіледі деген қате алғы

шартты негізге алатынын атап айту керек. Ал механикалық тоқыма станогының бастапқыда қол тоқымашыны, дженнидің қолмен иірушіні, ал шөп шабатын, егін бастыратын, тұқым себетін машинаның, бәлкім, ұсақ дербес шаруаны және т. б. ауыстыратыны белгілі. Бұл арада қызметкер ығыстырылып шығарылып қана қоймайды, оның өндіріс құралы да капитал болудан (Рикардо айтатын мағынада) қалады. Ескі капиталдың бұл толық немесе біржола құнсыздауы машиналардың өздері енгізілгенге дейін болған, еңбек бөлінісіне ғана негізделген мануфактураны революцияландыратын кезде де басталады. Бұл арада «ескі капитал» еңбекке одап әрі бұрынғысындай сұраным білдіреді деу қиынсыз.

Қол тоқымашы, қолмен иіруші және т. б. қолданған «капитал» енді «одан әрі бола» алмас еді.

Бірақ зерттеуді ықшамдау үшін машиналар {әлбетте, біз бұл арада машиналардың өндірістің жаңа салаларында қолданылуы туралы айтпаймыз} капиталистік өндіріс (мануфактура) ендігі үстем болған салаларда ғана, немесе тіпті ендігі машиналы өндіріске негізделген шеберханаларда енгізілген деп ұйғарайық; осы себепті әңгіме олардың автоматты сипатының артатындығы немесе жақсартылған машиналардың енгізілетіндігі туралы болып отыр, бұлар соған дейін жұмыста болған жұмысшылардың біразын шығаруға, немесе жұмысшылардың сол бұрынғы санын қолдануға, бірақ бұл орайда олардың беретін өнімі артатындай етіп қолдануға мүмкіндік береді. Соңғысы әрине, ең қолайлы жағдай болып табылады.

Шатастырып алмау үшін екі нәрсені саралау қажет: 1) машиналарды қолданып, жұмысшыларды жұмыстан шығаратын капиталистің қоры, 2) қоғамның қоры — бұл капиталистің товарларып тұтынушылардың қоры.

*1-ші пунктке.* Машиналарды енгізетін капиталистке келсек, онда ол жалақыға сол бұрынғы сомадағы капиталды жұмсайтын болады деу қате әрі қиынсыз. (Тіпті ол заемды қолданғанда да, егер оның өзіне қатысты болмаса, бүкіл қоғамға қатысты бұл соншалық қате болып қала береді.) Ол өз капиталының бір бөлігін машиналарға және басқалай негізгі капиталға айналдырады, екінші бөлігін бұрын өзіне қажет болмаған көмекші материалдарға және капиталының бұрынғыдан едәуір көп бөлігін шикізатқа айналдырады; өйткені біз ол жұмысшылардың аз санымен көп товар өндіреді, демек бұл үшін оған көп мөлшерде шикізат керек болады деп ұйғарып отырмыз. Оның өндіріс саласында өзгермелі капиталдың, яғни жалақыға жұмсалатын капиталдың тұрақты капиталға қатынасы кеміді. Ал осы кеміген қатынас (өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатысы жөнінен кемуі қорланумен бірге еңбектің өндіргіш күшінің дамуы нәтижесінде тіпті күшейе де түседі) тіпті мынадай жағдайда да: егер бұл ка-



питалистің нәсіпорны өндірістің жаңа сатысында ұлғаятыны соншалық, жұмыстан шығарылған жұмысшылардың бәріне лемесе тіпті бұрынғыдан да көп жұмысшыларға жұмыс бере алатындай болған жағдайда да *күшінде қалады*. {Оның кәсіпорнында еңбекке деген сұраным оның капиталының қорлануымен бірге, бірақ оның қорлануынан анағұрлым кем дәрежеде артатын болады, ал осы соңғысы, өзінің абсолютті шамасы жөнінен еңбекке деген сұранымның бұрынғыдай шығу негізі енді ешқашан да болмайды. Ал мұның ең таяудағы салдары жұмысшылардың біразының көшеге шығарылып тасталуы болады.}

Бірақ жанама түрде жұмысшыларға деген сұраным сол күйінде қалады, өйткені машина жасау үшін жұмысшыларға сұраным артады дер бізге. Алайда Рикардоның өзі машиналардың ешқашан да өздері алмастыратындай еңбек мөлшеріне түспейтінін бұдан бұрын-ақ көрсеткен болатын\*. Машина жасаушы кәсіпорындарда жұмыс күні уақытша ұзаруы мүмкін [738] және осымен байланысты алғашқы кезде оларда қосымша бірде-бір жұмысшы алуға болмайтын болуы мүмкін. Шикізат — мысалы, мақта — Америкадан және Қытайдан алынуы мүмкін, ал көшеге шығарылып тасталған ағылшын жұмысшылары үшін бұл орайда американдық негрлеріне не қытай кулилеріне сұранымның өсер-өспеуі мүлдем бәрібір. Бірақ тіпті шикізат елдің ішінде өндіріледі екен деп есептейік. Онда егіншілікте әйелдер мен балалар көбірек істейтін болады, аттар көбірек қолданылатын болады және т. б., бәлкім, нақ осы өнім көбірек және басқа қайсыбір өнім азырақ өндірілетін болар. Бірақ мұнда жұмыстан шығарылған өнеркәсіп жұмысшыларына деген сұраным тумады, өйткені, осында, егіншілікте де үнемі халықты относителді басы артық етіп шығарып отыратын сол бір процесс болып жатады.

*Prima facie* \*\* машиналардың енгізілуі фабриканттың кәсіпорынға капиталды бастапқы жұмсауында оның капиталын босататыны мүмкін емес болып көрінеді. Машиналардың енгізілуі оның капиталына басқаша қолданым ғана береді, ал мұның ең таяудағы салдары, осы алғы шарттың өзіне сәйкес, жұмысшылардың жұмыстан шығарылуы және өзгермелі капиталдың бір бөлігінің тұрақты капиталға айналдырылуы болып табылады.

*2-ші пунктке.* Жұртшылықты алсақ, машиналардың көмегімен өндірілетін товарлардың арзандауының нәтижесінде онда ең алдымен олардың табысы босайды; *капитал* тікелей босағанда машиналардың көмегімен өндірілген заттың өндіріс элементі ретінде тұрақты капиталға кіретін шамасында ғана босайды. {Егер ол жұмысшылардың әдеттегі тұтынуына кірсе, онда, Рикардоның өзінің көзқарастарына сәйкес, мұның өзі өндірістің басқа салаларында да *шын мәніндегі жалақыны* кемітуге тиіс<sup>145</sup>.} Босаған

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 575—576-беттер. *Ред.*

\*\* — Тосыннан қарағанда; мұнда — тосыннан қарағанда-ақ. *Ред.*

табыстың бір бөлігі не бұл заттың арзандауынан барып оған тұтынушылардың жаңа топтарының қолы жететін болғандықтан (әйтсе де, соңғы жағдайда бұл затқа жұмсалған табыс босап шыққан табыс болмайды), не бұрынғы тұтынушылар арзандаған затты көбірек, мысалы бір пар мақта-мата шұлықтың орнына төрт парын, тұтынатын болғандықтан, сол зат күйінде тұтынылатын болады. Осылайша босап шыққан табыстың енді бір бөлігі машиналар енгізілген өндіріс саласын ұлғайту үшін, немесе басқа товар өндіретін жаңа сала жасау үшін, немесе, ақыр соңында, өндірістің бұрыннан бар қайсыбір саласын ұлғайту үшін қолданыла алады. Қалай болғанда да, осылайша босап шыққан және қайтадан капиталға айналдырылған табыс халықтың өсімінің өндірістің барлық салаларына жылма-жыл жаңадан келіп отыратын, ескі өндіріс саласы енді алдымен осылар үшін жабық болып шыққан бір бөлігін қамту үшін жеткілікті болуы екі талай. Бірақ босап шыққан кірістің бір бөлігі шетелдік өнімдерге айырбасталуы, не оны өндірмейтін қызметкерлер тұтынуы мүмкін. Қалай болғанда да, *босап шыққан табыс пен табыстан босатылған жұмысшылардың арасында ешқандай қажетті байланыс жоқ.*

*Үшіншіден,* Рикардоның дәлелдемесінің негізіне алынған оғаш түсінік, алайда, мынада болып отыр.

[Ілгеріде көргеніміздей,] машиналарды енгізетін фабриканттың капиталы босап шықпайды. Ол тек *басқаша* қолданымға, атап айтқанда оның тұсында өзі бұрынғысындай енді жұмыстан шығарылған жұмысшылардың жалақысына айналмайтып қолданымға түседі. Ол өзгермелі капиталдан ішінара тұрақты капиталға айналып отырады. Тіпті оның бір бөлігі босағанымен де, оны жұмыстан шығарылған жұмысшылар *жұмыс* істей алмайтын және ең жақсы дегенде олардың орнын басуға тиіс болғандарға ғана пана бере алатын өндіріс салалары жұтып алар еді.

Ал босатылған табыс,— егер оның босап шығуын арзандаған затты тұтынудың артуы болдырмай тастамаса немесе егер ол шетелден алынатын тіршілік заттарына айырбасталмаса,— өндірістің ескі салаларының ұлғаюы не жаңа салаларының құрылуы арқасында халықтың жылма-жыл келетін өсімінің бір бөлігі үшін, машиналар енгізілген өндірістің ескі саласы алдымен солар үшін жабық болып шығатын бөлігі үшін қажетті клапан ғана ашады (егер босап шыққан табыс жалпы алғанда оны апса!)

Міне, сондықтан Рикардоның дәлелдемесінің бүркемеленген түрде негізін құрайтын оғаштық артық-кемі жоқ мынаған келіп саяды:

Қазір жұмыстан шығарылған жұмысшылардың бұрын тұтынып келген тіршілік заттары әлі де бар және бұрынғысынша рынокта тұр ғой. Екінші жағынан, бұл жұмыс қолдары да рынокта тұр. Демек, бір жағында *доуәреі* \* өзгермелі капитал болып та-

\* — потенциалды түрде, мүмкіндікте. *Ред.*

былатын жұмысшылардың тіршілік заттары (ал демек ақы толеу құралдары да) бар, екінші жағында жұмыссыз жұмысшылар бар. Олай болса, осы соңғыларды қозғалысқа келтіруге арналған қор нақты бар. Демек, олар өздеріне жұмыс табады.

Тіпті Рикардо секілді экономистің төбе шашыңды тік тұрғызатын осындай сандырақты мылжыңдауы мүмкін бе?

Бұл концепцияға сәйкес, рынокта, қоғамда жұмыс істеуші адамға қайсыбір жұмыс үшін төлейтін тіршілік заттары бар болып тұрғанда, буржуазиялық қоғамда жұмысқа жарайтын және жұмыс істегісі келетін бірде-бір адам ашықпауы керек.

Ең алдымен мынаны айту керек: бұл тіршілік заттары жұмыстан шығарылған жұмысшыларға әсте капитал ретінде қарсы тұрмайды.

Машиналарды енгізудің салдарынан кенеттен 100 000 жұмысшы қошеге шығып қалған екен дейік. Онда ең алдымен мына бір жайға күмән жоқ: [739] орта есеппен осы жұмысшыларға бүкіл жылға жететін және бұрын олар тұтынып келген рынокта болған егіншілік өнімдері рынокта қала береді. Оларға сұраным болмайтын болып шықса және сонымен қатар шетелге де шығаруға болмайтын болса, не болар еді? Относительді түрде, сұраныммен салыстырғанда ұсыным артатындықтан, бұл өнімнің бағасы төмендер еді, ал бағаның осы кемуді салдарынан жұмыстан шығарылған 100 000 жұмысшы аштан өлсе де, оларды тұтыну артар еді. Азық-түліктің бағасының төмендеуінің тіпті қажеті де жоқ; бәлкім, олар шетелден кем әкелінер не шетелге көбірек шығарылар.

Рикардо буржуазиялық қоғамның бүкіл механизмі бейне дәлме-дәл құрылғаны соншалық, мәселен, егер он жұмысшы жұмыстан шығарылса, онда олардың енді бос қалған тіршілік заттарын қалай болғанда да міндетті түрде сол он жұмысшы тұтынуға тиіс, ал бұлай болмаған жағдайда мүлдем өтпей қалатындай болып құрылған, бұл қоғамның қалтарыс түбінде жартылай немесе мүлдем кәсіпсіз, жұмыс іздеп қарбаңған адамдар бұқарасын жоқтай көретін және тіршілік заттары түрінде болатын капиталды қайсыбір тіркелген шама болатындай көретін фантастикалық түсінікті негізге алады.

Егер сұранымның кемуді нәтижесінде астықтың рыноктық бағасы төмендесе, онда астық түрінде болған капитал (оның ақшалай білдірілуінде) *кемір еді* және оны шетелге шығаруға болмайтындықтан, қоғамның ақшалай кірісінің неғұрлым кемірек бөлігіне айырбасталар еді. Және мұның өзі өнеркәсіп өнімдері түрінде болатын капиталға қатысты одан да гөрі дұрыс. Қол станоктарында жұмыс істеген тоқымашылар біртіндеп аштан қырылған бірқатар жылдар бойында ағылшын мақта-маталарының өндірілуі мен экспорты өте-мөте артты. Осымен бір мезгілде (1838—1841 жж. кезеңінде) азық-түліктің бағасы артты. Сондықтан тоқымашылардың киінетіндей бірде-бір басы бүтін шүберегі, жан

сақтарлықтай тамағы болған жоқ. Өнеркәсіптің жанталаса гүлденуі кезінде ғана өндіріске сіңірілетін халықтың жасанды түрде қажеттен аса көбеюі осы заманғы өнеркәсіп үшін өндірістің қажетті шарттарының бірі болып табылады. Сол бір уақыттың өзінде ақша капиталының бір бөлігі қолданылмастан тектен-текке жатуына, тіршілік заттары относителді артық өндірілуі салдарынан олардың бағасының төмендеуіне, ал машиналар ығыстырып шығарған жұмысшылардың аштан өлуіне еш нәрсе бөгет болмайды.

Әрине, түптеп келгенде босаған еңбек кірістің не капиталдың босап шыққан бөлігімен бірге өндірістің қайсыбір жаңа саласында немесе, ұлғаятып болса, өндірістің ескі салаларында қандай да бір қолданым табуға тиіс болады, бірақ мұның өзі енді олардың өздерінен *гәрі ығыстырылып шығарылған жұмысшылардың орнын басуға тиіс болғандарға* көбірек пайдалы болады. Еңбектің азды-көпті өндірмейтін салаларында жаңа тармақтар пайда болып, табыс осыларда тікелей жұмсалады. Бұған қосылатындар: негізгі капиталдың құралуы (темір жолдар және т. б.) және осыдан келіп бақылау жөніндегі жұмыстар мүмкіндігінің ашылуы; сән-салтанат бұйымдарын өндіру және т. б.; табыс жұмсалатын заттарды барған сайын алуан түрлі етіп шығаратын сыртқы сауда.

Өзінің оғаш көзқарасын негізге ала отырып, Рикардо осы себепті машиналардың енгізілуі жалпы өнімді (осыдан келіп жалпы табысты да) кеміткен жағдайда ғана жұмысшыларға зиянды болады деп ұйғарады. Мұндай жағдай, әрине, ірі ауыл шаруашылығында, онда бұған дейін жұмысшылар тұтынып келген дәнді астықпен жемделетін аттарды қолдана бастағанда, немесе егін алқаптарын қой жайылымына айналдырған кезде және т. б. болуы мүмкін. Бірақ бұл жағдайды осы сөздің өз мағынасында өнеркәсіпке тарату барып тұрған қисынсыздық; өнеркәсіптің жалпы өнімі үшін рынок ішкі рыноктың шеңберімен әсте шектелмейді. (Оның үстіне, егер жұмысшылардың бір бөлігі аштан өлетін болса, енді бір бөлігі жақсы киініп, жақсы тамақтана алады; нақ сол сияқты жұмысшы мен капиталистің арасында тұратын өндірмейтін қызметкерлер мен аралық топтар да жақсы киініп, жақсы тамақтана алатын болады.)

Табысқа кіретін заттардың көбейген мөлшері (немесе жалпы алғанда мөлшері) өздігінен алғанда жұмысшыларға арналған қор болып табылады немесе оларға арналған капитал құрайды деген пікірдің өзі қате. Бұл заттардың бір бөлігін өндіріске қатысы жоқ қызметкерлер немесе жалпы жұмыс істемейтін адамдар тұтынады. Енді бір бөлігі сыртқы сауда арқылы өзі жалақы ретінде қызмет ететін формадан — өзінің деректі формасынан — байлардың табысына кіретін немесе тұрақты капиталдың өндірістік элементі болып қызмет ететін формаға айналдырылуы мүм-

кін. Ақырында қайсыбір бөлігін жұмыстан шығарылған жұмысшылардың өздері жұмыс үйінде, түрмеде, қайыр-садақа түрінде не ұрланған мүлік түрінде немесе өз қыздарының жезөкшелігінің төлемі түрінде тұтынады.

Бұдан әрі мен Рикардоның қисынсыз дәлелдемесін дамытатын қағидаларды қысқаша бір жүйелеп жинақтаймын. Бұл дәлелдемесіне қозғау болған жайды ол, өзі айтқандай, *Бартонның* кітабынан алған, сондықтан айтылып кеткен цитаттарды көлтіргеннен кейін ол кітапқа қысқаша тоқталу керек болады.

[740] Жылма-жыл жұмысшылардың белгілі бір саны кәсіппен шұғылдануы үшін жылма-жыл азық-түліктің және басқа да заттардың белгілі бір мөлшерін өндіріп отыру қажет болатыны өзінен-өзі түсінікті. Ірі көлемді егіншілікте, мал өсіруде және т. б. таза табыс (пайда мен рента) артатын, ал жалпы табыстың, жұмысшыларды асырап-сақтауға арналған қажет заттар массасының кемитін жағдайдың болуы мүмкін. Бірақ бұл арада мәселе онда емес. Тұтынуға енетін заттардың массасы, немесе — Рикардоның сөзімен айтқанда — жалпы табысқа енетін заттардың массасы — бұл массаның өзгермелі капиталға айналатын бөлігі осының арқасында көбеймейінше де артуы мүмкін. Бұл бөліктің тіпті кемуі де мүмкін. Онда табыс ретінде капиталистер, жер меншікшілері, олардың қызметшілері, өндірмейтін таптар, мемлекет, аралық таптар (саудагерлер) және т. б. көбірек тұтынады.

Рикардоның (және Бартонның) пайымдауларының бүркемеленген негізі мынау: ол әуел бастан капиталдың қандай да болса қорлануы бейне өзгермелі капиталдың артуы болып табылады, осы себепті еңбекке деген сұраным капитал қандай пропорцияда қорланса, сол пропорцияда тікелей артады-мыс деген ұйғарымды негізге алды. Бұл дұрыс болмай шықты, өйткені капиталдың қорлануымен бірге оның табиғи құрылымында өзгеріс болады да, капиталдың тұрақты бөлігі оның өзгермелі бөлігінен гөрі артық прогрессияда көбейеді. Бірақ мұның өзі табыстың құны жөнінен де, саны жөнінен де үнемі артуына кедергі жасамайды. Алайда табыстың бұл өсуі жиынтық өнімнің тиісінше көбейген бөлігінің жалақыға жұмсалуына жеткізбейді. Тікелей өз еңбегімен күн көрмейтін таптар мен қосалқы таптар сан жағынан көбейіп бұрынғыдан жақсы тұрады, нақ осы сияқты өндірмейтін қызметкерлердің саны да молая түседі.

Өзінің өзгермелі капиталының бір бөлігін машиналарға айналдыратын (сондықтан да шикізат өнім құнының бір элементін құрайтын өндіріс салаларының бәрінде өзі қолданылатын еңбектің мөлшерімен салыстырғанда капиталының неғұрлым едәуір үлесін сондай-ақ шикізатқа да жұмсауға тиіс болатын) капиталистің *табысын*, бұл капиталистің табысын біз өзіміз ден қойған мәселеге тікелей қатынасы жоқ кіріс ретінде жайына қалдырамыз. Оның өндіріс процесіне шын мәнінде епген капиталы, сон-

дай-ақ оның табысы да әуелде оның өзі өндіретін *өнімдері* немесе дұрысырақ айтқанда *товарлары* формасында, мысалы, егер ол иіруші фабрикант болса, жіп формасында болады. Бұл товарлардың — немесе сол капиталистің оларды сатудан алған ақшасының — бір бөлігін ол, машиналарды енгізгеннен кейін бұрынғыдай жалақы түрінде жұмысшыларға төлеудің орнына, яғни жанама түрде оны жұмысшыларға арналған тіршілік заттарына айналдырудың орнына машиналарға, көмекші материалдар мен шикізатқа айналдырады. Екіншілікте болатын кейбір ерекше жайларды айтпағанда, капиталист бұл товарларды бұрынғысынан артық өндіретін болады, өзі *жұмыстан шығарған* жұмысшылар тұтынушы болудан, ал демек бұрын солай болғанындай, оның өз бұйымдарын сатып алушы болудан қалса да, артық өндіреді. Енді рынокта осы тектес товарлар көп болады, олар көшеге шығарылып тасталған жұмысшылар үшін бар болудан немесе олар үшін бұрынғыдай көлемде бар болудан қалса да, көп болады. Демек, ең алдымен пақ осы капиталист өндірген өнімге келсек, бұл өнім жұмысшылардың тұтынуына енген жағдайдың өзінде оның санының көбеюіне бұл өнімнің бір бөлігінің жұмысшылар үшін капитал ретінде бар болудан қалуы әсте қайшы келмейді. Мұның керісінше, тұрақты капиталдың машиналарға, көмекші материалдар мен шикізатқа сайылған бөлігін енді жиынтық өнімнің неғұрлым едәуір бөлігі еселеп толтыруға тиіс болады, яғни жиынтық өнімнің неғұрлым едәуір бөлігі енді өнім өндірудің осы элементтерінің бұрынғыдан неғұрлым көп санына айырбасталуға тиіс. Егер машиналардың енгізілуінен болатын товарлар санының артуы осы машиналардың көмегімен өндірілетін товарларға деген бұрын болған сұранымның (*атап айтқанда, жұмыстан шығарылған жұмысшылар тарапынан болған сұранымның*) кемуіне қарама-қайшы болса, онда көпшілік жағдайда машиналарды енгізу жалпы алғанда мүмкін болмас еді. Сөйтіп, өндірілетін товарлардың массасы мен бұл товарлардың қайтадан жалақыға айналатын үлесі, егер енді бір бөлігі қайтадан жалдамалы еңбекке емес, машиналарға айналатын капиталды қарастыратын болсақ, өзара ешқандай тиянақты арақатынаста немесе ешқандай қажетті байланыста болмайды.

Ал тұтас алғанда қоғамға келсек, онда оның табысының, ең алдымен машиналардың арқасында арзандаған затқа қатысты табысының шекаралары ауысады, немесе дұрысырақ айтқанда ұлғаяды. Бұл табыс бұрынғысынша табыс ретінде жұмсалуды мүмкін, ал оның азды-көпті елеулі бөлігі капиталға айналдырылса, онда халықтың басы артық болуын қолдан жасаумен бірге халықтың табиғи өсімі де әрқашан бар, бұл өсім табыстың өзгермелі капиталға айналған бөлігін жұта алады.

Сонымен *prima facie* мынау ғана қалады: басқа заттардың бөрін өндіру, атап айтқанда, жұмысшылардың тұтынуына енетін

заттарды өндіретін салаларда да — айталық, 100 жұмысшының жұмыстан шығарылғанына қарамастан — сол бұрынғыдай көлемде болады; мұның оларды жұмыстан шығарған кезде де болатыны ешқандай күмәнсыз. Сондықтан ұсыным өзгермеген қалпы қалса да, жұмыстан шығарылған жұмысшылар көрсетілген заттарға сұраным білдіргендіктен, бұл сұраным азайды. Демек, егер сұранымның бұл кемуінің есесі бірдеңемен толтырылмаса, тиісті товардың бағасы арзандайды (не болмаса, бағаның төмендеуі орнына товардың көп мөлшерде рынокта қор түрінде алдағы жылға қалуы мүмкін). Егер тиісті товар сонымен бірге экспорт заты болмаса және оған сұраным бұрынғы деңгейден төмен болып тұра берсе, онда бұл затты ұдайы өндіру кемиді, бірақ бұл салада қолданылатын капитал әсте де міндетті түрде кемімейді. Бәлкім, буржуазия және т. б. үшін ет көбірек немесе басқа техникалық өсімдіктер немесе дәмді тағамдар көбірек, бидай азырақ өндірілер, немесе атқа арналып сұлы көбірек және т. б. не бумази кездемелер кемірек, сюртуктер көбірек өндірілер. Алайда, мәселен, мақта-маталарының арзандауы арқасында өндірісте істейтін жұмысшылар тамаққа және т. б. көбірек жұмсай алатын болса, онда көрсетілген салдардың қайсыбірінің болуының ешқандай қажеттігі болмас еді. Енді капитал аз болғанына, жиынтық өнімнің неғұрлым кем бөлігі өзгермелі капиталға айналатынына, жалақыға жұмсалатынына қарамастан товарлар, соның ішінде тіпті жұмысшылардың тұтынуына кіретін товарлар сол бұрынғы және тіпті көп мөлшерде де өндірілуі мүмкін.

Бұл арада осы товарларды өндірушілер үшін олардың капиталының бір бөлігінің босауы да жоқ. Нашар дегенде олардың товарларына деген сұраным кемиді, осы себептен олардың капиталының ұдайы өндірілуі қиыншылықтармен, олардың товарларына баға төмендеген жағдайда болады. Сондықтан товар бағаларының кемуі атаулы кезінде солай болатынындай, олардың өз табысы бірден кемір еді. Бірақ олардың товарларының қайсыбір бөлігі бұрын жұмыстан шығарылған жұмысшыларға капитал ретінде қарсы тұрған еді, ал енді олармен бір уақытта «босап шықты» деуге болмайды. Жұмысшыларға капитал ретінде қарсы тұрған нәрсе — енді машинаның көмегімен өндірілетін товардың бір бөлігі; осының өзінде бұл бөлік оларға ақша түрінде келетін және басқа товарларға (тіршілік заттарына) айырбасталатын; ал бұлар жұмысшыларға қатысты капитал ретінде көрінбей, олардың ақшасына әншейін товар ретінде қарсы тұратын. Демек, мұның өзі — мүлдем басқа тектес қатынас. Жұмысшылар өздерінің жалақысына товарларын алып келген фермер не басқа қайсыбір капиталист оларға капиталист ретінде қарсы тұрмайтын және оларды өндірісте жұмысшылар ретінде пайдаланбайтын. Енді бұл үшін олар сатып алушылар болудан ғана қалды, мұның өзі, бәлкім егер басқа жағдайлармен теңдестірілмесе оның капиталының

уақытша құнсыздануып туғызуы мүмкін, бірақ жұмыстан шығарылған жұмысшыларды жалдау үшін ешқандай капитал босатып шығармайды. Оларды өндірісте пайдаланған капитал әлі де «одан әрі бар болады», бірақ енді ол жалақыға сайылатын формада болмайды (не болмаса ол жалақыға жанама түрде ғана және кем дәрежеде сайылады).

Бұлай болмаған жағдайда, қайсыбір түрде өз ақшасынан айырылып сорлаған кімде-кім осы арқылы оның өзіне жұмыс бөретіндей капиталды босатып шығарар еді.

[Г) РИКАРДОДА МАШИНАЛАРДЫҢ ЕНГІЗІЛУІНІҢ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ҮШІН БОЛАТЫН КЕЙБІР ЗАРДАПТАРЫНЫҢ ДҰРЫС АТАП АЙТЫЛУЫ  
РИКАРДОНЫҢ ПРОБЛЕМАНЫ БАЯНДАУЫНДА  
КЕЙБІР АПОЛОГЕТТІК ТҮСІНІКТЕРДІҢ БОЛУЫ

*Жалпы табыс* деп Рикардо өнімнің жалақы мен қосымша құнның (пайда мен рентаның) есесін толтыратын бөлігін түсінеді; таза табыс дегенді ол қосымша өнім, қосымша құн деп түсінеді. Рикардо өзінің бүкіл экономикалық теориясындағы сияқты бұл арада да жалпы өнімнің бір бөлігі машиналар мен шикізаттың құнының, қысқасын айтқанда — тұрақты капиталдың құнының есесін толтыруға тиіс екенін ұмытады.

\* \* \*

Рикардоның төменде келтірілетін пайымдаулары ішінара жол-жөнекей жасайтын кейбір ескертпелері арқасында, ал ішінара олар *mutatis mutandis* \* практикалық тұрғыда ірі көлемдегі ауыл шаруашылығы үшін, әсіресе қой шаруашылығы үшін маңызды болғандықтан назар аудартады. Сөйтіп, бұл арада капиталистік өндірістің шекарасы тағы да аңғарылады. Оның айқындаушы мақсаты әсте де өндірушілер (жұмысшылар) үшін өндіру болып табылмайды, ол былай тұрсын: оның бірден-бір мақсаты бұл арада *таза табыс* (пайда мен рента) деп, тіпті бұл мақсатқа өндіріс көлемі есебінен — товарлардың өндірілетін массасы есебінен қол жететін болса да, осы таза табыс деп танылады.

«Менің қателесуім қоғамның *таза табысының* әрбір өсуі тұсында оның *жалпы табысы* да артуға тиіс деген ұйғарымнан туындады. Бірақ енді менде мынаған кәміл сенімді болу үшін барлық негіз бар: басқа бір қор — *негізінен жұмысшы табы соған тәуелді* болатын қор кеміген жағдайда *жер меншікшілері мен капиталистер өз табыстарын содан алатын қор арты алады*. Бұдан шығатын қорытынды, егер мен қателеспесем, елдің таза табысын арттыра алатын *себептің нақ өзі* осымен бір мезгілде *халықты басы артық етіп шығарып*, жұмысшының жағдайын нашарлата алады» (469-бет) [Орысша аудармасы, I том, 319—320-беттер].

\* — тиісті өзгерістермен. *Ред.*



Бұл жерде ең алдымен мынаны атап айтқан жөн: Рикардо осы арада капиталистер мен жер меншікшілерінің байлығын молайтатын себептер «*халықты басы артық етіп шығара алатынын*» мойындайды, осы себептен халықтың басы артық болуы немесе көбейіп кетуі баю процесінің өзінің және осы баюды туындататын өндіргіш күштің дамуының нәтижесі деп бейнеленеді.

Ал капиталистер мен жер меншікшілері өз табыстарын содан алатын қорға және екінші жағынан жұмысшылар өз табыстарын содан алатын қорға келетін болсақ, онда бұл жалпы қор ең алдымен жиынтық өнім болып табылады. Капиталистер мен жер меншікшілерінің тұтынуына енетін өнімдердің едәуір бөлігі жұмысшылардың тұтынуына сіңбейді. Бірақ екінші жағынан, жұмысшылардың тұтынуына кіретін өнімдердің барлығы дерлік — іс жүзінде бұл өнімдердің барлығы болғанымен, көп не аз дәрежеде — жер меншікшілері мен капиталистердің, олармен қоса бұлардың қызметшілерінің, жатып ішерлерінің, иттері мен мысықтарының тұтынуына да кіреді. Бұл арада өздерінің табиғаты жөнінен әр түрлі бірінен-бірі оқшау, тиянақты шамалары бар екі қор бар деп ойлауға болмайды. Бұл жалпы қордан екі жақтың әрқайсысы қандай үлес алатыны маңызды. Капиталистік өндірістің мақсаты — байлықтың белгілі бір массасының көмегімен қосымша өнімді немесе қосымша құнды мүмкіндігінше көбірек алу. Бұл мақсатқа тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қатысты тезірек артатындығымен, яғни мүмкіндігінше аз өзгермелі капиталмен мүмкіндігінше көп [742] тұрақты капиталдың қозғалысқа келтірілетіндігімен қол жетеді. Сөйтіп, бұл арада Рикардоның айтып отырғанынан анағұрлым кең мағынадағы мына бір қағида дұрыс: сол бір себептің өзі капиталистер мен жер меншікшілері өз табыстарын содан алатын қордың өсуін туғыза отырып, бұл нәтижені жұмысшылар өз табысын содан алатын қорды азайту арқылы туғызады.

Бұдан жұмысшылар өз табысын содан алатын қор *абсолютті* түрде кемиді деген келіп шықпайды. Ол тек *относительді* түрде ғана, олар өндірген жиынтық өніммен салыстыруда ғана кемиді. Ал мұның өзі олардың өзі өндірген байлықтан өздері иемденетін үлесті анықтау үшін бірден-бір маңызды жай.

«Капиталист құны 20 000 ф. ст. капиталды қолданады және оның өзі әрі фермер, әрі қажет заттарды өндіретін фабрикант екен деп ұйғарайық. Одан әрі бұл капиталдың 7 000 ф. стерлингті негізгі капиталға, яғни құрылыстарға, еңбек құралдарына және т. б. жұмсалған, ал қалған 13 000 ф. стерлингті айналмалы капитал ретінде еңбекті ұстауға қолданылады деп есептейік. Соңдай-ақ, пайда 10 процент екен және, демек, біздің капиталистің капиталы жылма-жыл өзінің бастапқы тиімділік қалпына келтіріліп, 2 000 ф. ст. пайда келтіреді екен деп ұйғарайық.

Жыл сайын капиталист құны 13 000 ф. ст. азық-түлік және басқа да қажет заттары болып, өз операцияларын бастайды, бұларды ол жыл ішінде өзінің жұмысшыларына осы ақша сомасына толық сатады; және сол

кезеңнің бойында ол жұмысшыларға нақ осындай ақша сомасын жалақы түрінде төлейді. Жылдың аяғында олар капиталиске құны 15 000 ф. ст. азық-түлікті және басқа да қажет заттардың есесін өтейді, мұның 2 000 ф. стерлингін ол өзі тұтынады немесе өзінің талғамы мен қалауына сай жұмсайды».

{Мұнда қосымша құнның табиғаты әжептәуір айқын білдірілген. Бұл тұс Рикардоның кітабының 469—470-беттерінде [Орысша аудармасы, I том, 320-бет].}

«Әңгіме осы өнімдер туралы болып отырғандықтан, бұл жылдың жалпы өнімі 15 000 ф. ст. ал таза өнімі 2 000 ф. ст. Енді келесі жылы капиталист өз жұмысшыларының жартысын машина жасауға, ал екінші жартысын — бұрынғысына — азық-түлік және басқа да қажет заттарды өндіруге қолданады деп есептейік. Бұл жылдың ішінде ол жалақыға, әдеттегідей 13 000 ф. ст. жұмсар еді және өз жұмысшыларына нақ осы соманың азық-түлігі мен басқа да қажет заттарын сатар еді. Бірақ келесі жылғы жағдай қандай болар еді?

Машина жасалып бітпей тұрып азық-түліктің және басқа да қажет заттардың әдеттегі мөлшерінің жартысы ғана шығар еді — және олар бұрын өндірілген мөлшердің құнының жартысы ғана болар еді. Машина 7 500 ф. ст., ал азық-түлік пен басқа қажет заттар да 7 500 ф. ст. тұрар еді, сондықтан біздің капиталисіміздің капиталы бұрынғысына зор болар еді; өйткені бұл екі құнның үстіне оның құны 7 000 ф. ст. негізгі капиталы болар еді, түгелдей алғанда бұл 20 000 ф. ст. капитал және 2 000 ф. ст. пайда болар еді. Оның жекелей жұмсауына кететін осы соңғы соманы шығарып тастағаннан кейін оның бұдан арғы операцияларды жүргізу үшін не бары 5 500 ф. ст. қана айналмалы капиталы болар еді, сондықтан оның еңбекті ұстауға жұмсалатын қаржысы 13 000-нан 5 500 ф. стерлингке дейін кемір еді және демек, бұрын 7 500 ф. стерлингтің көмегімен қолданылып келген бүкіл еңбек енді басы артық болып шығар еді».

{Бірақ мұның өзі егер енді құны 7 500 ф. ст. машинаның көмегімен [өзгермелі капитал 5 500 ф. ст. болғанда] бұрын 13 000 ф. ст. өзгермелі капитал тұсында қанша өндірілген болса, нақ сонша мөлшерде өнім өндірілген жағдайда да болар еді. Егер машинаның ескіруі жыл ішінде оннан бір бөлік, яғни 750 ф. ст. дөп ұйғарсақ, онда бұрын 15 000 ф. ст. болған өнімнің құны енді 8 250 ф. стерлингке тең болады (есесін толтыру туралы Рикардо жалпы алғанда ештеңе айтпайтын 7 000 ф. ст. бастапқы негізгі капиталдың ескіруін былай қалдырғанда). Бұл 8 250 ф. стерлингтен 2 000 ф. стерлинг пайда болар еді, бұрын 2 000 ф. стерлингтің 15 000 ф. стерлингтен пайда болғаны сияқты. Фермер табыс ретінде өзі тұтынғандықтан азық-түлік пен басқа қажет заттарды ұтар еді. Ол қажет заттардың арзандауы нәтижесінде өзі жалдайтын жұмысшылардың жалақысын кеміте алатындықтан, тағы да ұтып шығар еді де, оның өзгермелі капиталының бір бөлігі босап шығар еді. Мұның өзі белгілі бір дәрежеге дейін жаңа еңбекті қолдана алатын, алайда жұмыстан шығарылмай қалған жұмысшылардың шын мәніндегі жалақысы кемитіндіктен ғана қолдана алатын бөліктің өзі. Сөйтіп, шығарылған жұмысшылардың шағын бір бөлігі жұмысты одан әрі жалғастырушылардың есебінен

қайтадан жұмыс ала алар еді. Бірақ өнім мөлшерінің сол бұрынғыдай болып қалатын жағдайының нақ өзі жұмыстан шығарылған жұмысшылардың әсте де пайдасына шықпайды. Егер жалақы өзгермей қалатын болса, өзгермелі капиталдың сәл де болсын үлесі босап шықпас еді. Өнімнің құны — 8 250 ф. ст.— бұрын 15 000 ф. ст. тұрған азық-түлік пен басқа да қажет заттардың мөлшері болып табылатынынан артпас еді. Бір жағынан машиналардың тозуының, екінші жағынан өзінің өзгермелі капиталының есесін толтыру үшін фермер өз өнімін 8 250 ф. стерлингке сатуға тиіс болар еді. Егер азық-түлік пен басқа да қажет заттардың мұндай арандауы жалақының жалпы төмендеуін немесе тұрақты капиталды ұдайы өндіруге кіретін құрамдас бөліктердің бағасының төмендеуін туғызбаса, онда қоғамның табысының ол азық-түлік пен басқа да қажет заттарға жұмсалатындай шамада артуын ғана көрер едік. Өндірмейтін қызметкерлердің, өндіретін жұмысшылардың бір бөлігі және т. б. жақсы тұратын болар еді. *Voilà tout* \*. (Бұл халықтың бір бөлігі тіпті кейінге қалдырып жинақтай алар еді, бірақ мұның өзі әрқашан келешекке бағытталған іс). Жұмыстан шығарылған жұмысшылардың бұрынғысынша жейтін наны болмас еді; дегенмен оларды асыраудың *физикалық* мүмкіндігі нақ бұрынғысынша одан әрі болар еді. Ұдайы өндіруде де нақ бұрынғыдай капитал қолданылар еді. Бірақ *өнімнің* бұрын *капитал* ретінде болып келген (құны төмендеген) *бір бөлігі* енді *кіріс* ретінде бар болады.}

«Капиталист енді қолдана алатын еңбектің азайтылған мөлшері, әрине, машинаның көмегімен және оны жөндеуге кететін шығындарды шығарып тастағаннан кейін 7 500 ф. стерлингке тең құнды өндіруге тиіс, ол бүкіл капиталға келетін 2 000 ф. ст. пайдамен бірге айналмалы капиталдың есесін толтыруға тиіс. Бірақ егер бұл істелген болса, [743] егер таза табыс кемімесе, онда жалпы табыстың 3 000 ф. ст., 10 000 ф. ст. немесе 15 000 ф. ст. құн болатыны капиталист үшін бәрібір емес пе?»

{Бұл әбден дұрыс. Жалпы табыс капитал үшін мүлдем бәрібір. Оның бірден-бір ден қоятыны — бұл таза табыс.}

«Сонымен біз қарастырған жағдайда таза өнімнің құны кемімесе де және оның товарларға қатысты сатып алу қабілеті едәуір арта алатын болса да, жалпы өнім 15 000 ф. ст. құнның орнына не бары 7 500 ф. ст. құн ғана болар еді. Ал *халықты асырап-сақтау және еңбекті қолдану қабілеті әрқашан ұлттың таза өніміне емес, жалпы өніміне тәуелді болатындықтан*»

{А. Смиттің жалпы өнімге ден қойғыштығы осыдан; Рикардо бұған қарсы шығады. *26-тарауды* қараңыз («*Жалпы және таза табыс туралы*»), оны Рикардо мына сөздермен бастайды:

«Адам Смит үлкен таза табыс келтіретін тиімділіктермен салыстырғанда елдің үлкен жалпы табыстан алатын тиімділіктерін үнемі асыра

\* — Бары осы. *Ред.*

көрсетеді» (цитат алынған шығарма, 415-бет) [Орысша аудармасы, I том, 284-бет]},

«жалпы өнімнің азаюы салдарынан еңбекке деген сұраным азаймай қоймайды, халықтың бір бөлігі басы артық халық болып шығады да, жұмысшы табының халі мұқтаждық пен жоқшылықтың сыйқын көрсететін болады».

{Сөйтп, еңбектің басы артық болатын себебі оған сұраным кемиді, ал сұранымның кемуі еңбектің өндіргіш күшінің дамуынан болады. Бұл тұс Рикардоның кітабының 471-бетінде [Орысша аудармасы, I том, 321-бет].}

«Алайда, табыстың бір бөлігін оны капиталға айналдыру үшін жинақтау қабілеті таза табыстың капиталистің қажетсінулерін қанағаттандыру қабілетіне тәуелді болмай қоймайтындықтан, капиталист товарлар бағасының машиналардың енгізілуінен болатын төмендеуі салдарынан, егер оның қажетсінулері сол күйінде қалатын болса» {бірақ оның қажетсінулері артады},— «жинаған қаржысын арттыра алады, мұның өзі табыстың капиталға айналуын жеңілдетеді».

{Бұл пайымдауға сәйкес капиталдың бір бөлігі — өз құны бойынша емес, тұтыну құндары бойынша, капиталдың бұл бөлігін құрайтын заттық элементтер мағынасында — кейіннен табыстың бір бөлігін қайтадан капиталға айналдыруға мүмкін болуы үшін әуелі табысқа айналады. Мәселен, өзгермелі капиталға 13 000 ф. ст. жұмсалғанда өнімнің 7 500 ф. ст. сомалық бір бөлігі фермер жалдаған жұмысшылардың тұтынуына кірді және өнімнің бұл бөлігі фермер капиталының бір бөлігін құрады дейік. Машиналарды енгізудің нәтижесінде, біздің ұйғарымымызға сәйкес, өнім бұрынғы мөлшерде өндірілгенімен, оның құны енді бұрынғы 15 000-ның орнына 8 250 ф. ст. қана болады. Енді осы арзандаған өнім өзінің неғұрлым өдеуір бөлігімен фермердің табысына да, сондай-ақ азық-түлік пен басқа қажет заттарды сатып алушылардың табысына да кіреді. Олар енді табыс ретінде өнімнің мынадай бөлігін: рас, бұрын да фермердің жұмысшылары (одан беріде жұмыстан шығарылған) табыс ретінде тұтынған, бірақ оларды жалдаушы капитал ретінде өндірістік тұрғыдан тұтынылған бөлігін тұтынады. Табыстың осы тектес өсуінің, өсу болғанда енді табыс ретінде өнімнің бұрын капитал болып тұтынылып келген бөлігінің тұтынылуынан болатын өсуінің нәтижесінде біз жаңа капиталдың құралуын және табыстың қайтадан капиталға айналуын көреміз.}

«Бірақ капиталдың әрбір артуына орай капиталист жұмысшыларды көбірек қолданатын болады»

{қалай болғанда да тұтас алғанда оның капиталы артқандай шамада көбірек қолданбайды. Фермер бәлкім аттарды не гуаноны немесе жаңа құралдарды көбірек сатып алар},

«ал осы себепті алғашқы кезде жұмысынан айрылған адамдардың біразы кейін өздеріне жұмыс табады; егер машиналардың қолданылуынан болған өндірістің ұлғаюы соншалық көп болып, азық-түлік пен қажеттілік заттарын бұрын жалпы өнім формасында болғандай мөлшерде таза өнім түрінде беретіндей болса, онда, бұрынғыдай барлық халыққа жұмыс беруге мүмкіндік нақты болады, ал осы себепті басы артық халықтың келіп шығуы міндетті болмайды» {бірақ мүмкін және ықтимал болады!} (469—472-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 320—321-беттер].

Сөйтіп, соңғы жолдарда Рикардо өзіндегі мен ілгеріде атап көрсеткен жайды тура айтады. Табыс көрсетілген жолмен капиталға айналу үшін, капитал мұның алдында табысқа айналады. Немесе мұны Рикардоның айтатынындай: кейін таза өнімнің қайсыбір бөлігін қайтадан жалпы өнімге айналдыруға мүмкін болуы үшін, алдымен таза өнімді жалпы өнім есебінен ұлғайтады. Өнім дегеніңіз өнім. «Таза» және «жалпы» деген атаулар бұл істе ештеңені өзгертпейді (дегенмен оларды қарама-қарсы қою да мынаны білдіруі мүмкін: *шығындардан артық болғаны*, яғни таза өнім, өнімнің жиынтық массасының, яғни жалпы өнімнің азайғанына қарамастан арта алады). Өнімнің таза не жалпы өнім болуы оның өндіріс процесінде алатын белгілі бір формасына тәуелді.

«Мен машиналардың ойлап шығарылуымен және қолданылуымен қатар жалпы өнімнің кемуі мүмкін екенін ғана дәлелдегім келеді; және жалпы өнімнің осындай кемуі болған әрбір ретте ол жұмысшы табына нұқсан келтіреді, өйткені жұмысшылардың біразы жұмысынан айрылады да, *халықтың бір бөлігі оны өндірісте пайдалануға арналған қормен салыстырғанда басы артық болып шығады*» (472-бет) [Орысша аудармасы, I том, 321—322-беттер].

Бірақ нақ соның өзі тіпті жалпы өнімнің мөлшері өзгермеген күйі қалғанда да немесе жалпы өнім артып, бар айырмашылық оның бұрын өзгермелі капитал ретінде әрекет еткен бөлігі енді кіріс ретінде тұтынылуында ғана болғанда да болуы мүмкін және көпшілік жағдайда [744] солай болады.

Осыдан кейін (472—474-беттерде) [Орысша аудармасы, I том, 322-бет] Рикардо келтіретін, машиналарды енгізудің нәтижесінде өз өндірісін қысқартқан шұға фабриканты жөніндегі қисынсыз мысалға бұл арада тоқталып жату басы артық нәрсе.

«Егер баяндалған көзқарастар дұрыс болса, олардан мынадай қорытындылар шығады:

1) Машиналарды ойлап шығару мен пайдалы тұрғыда қолдану әрқашан елдің таза өнімін молайтады, дегенмен олар *бұл таза өнімнің құнын* арттырмауы да мүмкін және шағын бір уақыт аралығы өткеннен кейін шын мәнінде арттырмайды».

Егер олар еңбектің құнын кемітсе, таза өнімнің құнын әрқашан арттырады.

«2) Елдің таза өнімінің молаюы жалпы өнімнің кемуімен сыйысады. Егер машиналарды енгізудің арқасында таза өнім көбейетін болса, олар-

дың қолданылуын қамтамасыз ету үшін машиналарды қолдануға деген стимулдар әрқашан жеткілікті болады, дегенмен бұл орайда жалпы өнімнің мөлшері де, құны да кемуі мүмкін және көбіне кемуге тиіс те.

3) Жұмысшы табы ұстанатын пікір, машиналарды қолдану екінің бірінде жұмысшылардың мүдделеріне нұқсан келтіреді деген пікір соқыр сенімдер мен адасушылыққа негізделмеген, қайта саяси экономияның дұрыс принциптеріне сәйкес келеді.

4) Егер машиналарды енгізудің арқасында жетілдірілген өндіріс құрал-жабдықтары елдің таза өнімін бұл орайда жалпы өнім кемімейтіндей соншалық көп молайтса (мен бұл жерде әрқашан товарлардың құнын емес, санын айтамын), онда барлық таптардың жағдайы жақсарады. Жер меншікшісі мен капиталист рента мен пайданың молаюынан ұтпайды, нақ сол рента мен нақ сол пайданы құны едәуір төмендеген товарларға жұмсаудың тиімділігінен барып ұтады»

{бұл қағида Рикардоның бүкіл іліміне қарама-қайшы; ол ілімге сәйкес қажет заттардың, ал олай болса жалақының да арзандауы пайданы арттырады, ал сол жердің өзінде еңбекті азырақ жұмсап, өнімді көбірек алуға мүмкіндік беретін машиналар, Рикардоның пікірінше, рентаны азайтуға тиіс};

«осының өзінде жұмысшы табының жағдайы да едәуір жақсарады, біріншіден, *үй қызметшілеріне деген сұранымның артуы арқасында*»

{жұмысшы табының, әйелдер мен еркектердің едәуір бөлігінің малайларға айналуы болса, машиналарды енгізудің нәтижесі керемет-ақ екен},

«екіншіден, табысты үнемдеудің таза өнімнің молдығынан туатын стимулының арқасында және, үшіншіден, жұмысшылардың алатын жалақысы жұмсалатын тұтыну заттарының бәрінің төмен бағасы арқасында {осы төмен бағадан келіп олардың жалақысы азаяды} (цитат алынған шығарма, 474—475-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 322—323-беттер].

Машиналар туралы мәселенің апологеттік буржуазиялық тұрғыдан баяндалуы жалпы алғанда мына жайларды бекерге шығармайды:

1) машиналар үнемі — біресе бір, біресе екінші жерде — халықтың біразын басы артық қылып шығарып, жұмысшылардың біразын көшеге шығарып тастайды. Халықтың басы артық болып шығуы (ал осыдан келіп — біресе бір, біресе екінші жерде өндірістің қайсыбір салаларында жалақының төмендеуі) халықтың тіршілік заттарының молаюынан гөрі шапшаң көбеюінен болмайды, қайта оның себебі машиналарды енгізудің нәтижесінде тіршілік заттары мөлшерінің шапшаң артуы машиналарды одан да көбірек енгізуге мүмкіндік береді де, *осыдан келіп еңбекке деген тікелей сұраным* көмиді. Сонымен, басы артық халықтың шығу себебі қоғамдық қордың азаюынан емес, қайта осы қордың артуы нәтижесінде оның жалақыға жұмсалатын бөлігінің салыстырмалы тұрғыда кемуінен.

2) Машиналы еңбек жұмысшыларының өздерінің кіріптарлыққа түсуін және машиналар ығыстырып шығарған қол еңбегі немесе қолөнерші жұмысшылардың жоқшылыққа ұшырап қырылуын бұл апологетиканың бекерге шығаруы одан да кем.

Бұл апологетика [біріншіден] машиналардың арқасында (жалпы алғанда еңбектің өндіргіш күшінің дамуы арқасында) таза табыстың (пайда мен рента) артатыны соншалық, буржуада үй қызметшілерін бұрынғыдан көп қажетсіну пайда болады деп пайымдайды — бұл ішінара дұрыс та; егер бұрын оған өз өнімінен өндіргіш еңбекке көбірек жұмсауға тура келсе, енді ол өндіргіш емес еңбекке көбірек жұмсай алады, осыдан келіп өндірмейтін таптың қаражатымен күн көретін малайлар мен басқа да қызметкерлер саны көбейеді. Жұмысшылардың біразының малайларға көбірек айнала түсуі, несін айтасыз, керемет-ақ перспектива. Таза өнімнің артуы нәтижесінде өндірмейтін еңбек үшін қызмет салалары көбірек ашылады; бұлардың өкілдері өндіргіш жұмысшылардың өнімін тұтынады да, осы өндіргіш жұмысшыларды қанауға тікелей қанаушы таптармен азды-көпті бірдей дәрежеде мүдделі болады — жұмысшылар үшін мұның да жұбанышы керемет-ақ.

*Екіншіден*, буржуазиялық апологетика былай деп пайымдайды: өндірістің өткендегі еңбекпен салыстырғанда нақты еңбекті азырақ талап ететін жаңа шарттарынан туындайтын қор жинауға деген стимулдың нәтижесінде өндіріске ығыстырылып шығарылған, пауперленген жұмысшылар немесе ең болмағанда халықтың өсімінің олардың орнын басуға тиісті бөлігі тартылады; мұның өзі машина жасайтын кәсіпорындардың өзінде, немесе машина жасаудың арқасында қажет болған және пайда болған, машина жасаумен байланысты өндіріс салаларында, не болмаса еңбекті қолданудың жаңа капитал ашқан және жаңа қажеттерді қанағаттандыратын жаңа салаларында өндірістің ұлғаюының нәтижесінде болады. Екінші бір керемет перспектива осындай: жұмысшы табы «уақытша ыңғайсыздықтардың» бәріне — жұмыссыздыққа, еңбек пен капиталдың өндірістің бір саласынан бір саласына ауысуына — *төзуге мәжбүр, бірақ осының бәріне қарамастан жалдама еңбектің ақыры ешқашан болмайды; керісінше өзін қолданатын жиынтық өскелең капиталмен салыстырғанда относителді кемісе де, абсолютті тұрғыдан артып, жалдама еңбек үнемі ұлғаятын көлемде ұдайы өндірілетін болады.*

*Үшіншіден*, буржуазиялық апологетика машиналардың арқасында тұтыну неғұрлым нәзіктене түседі деп пайымдайды. Тікелей тіршілік қажеттерін қанағаттандыратын заттардың арзандауы сән-салтанат бұйымдарын өндіру аясын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, жұмысшылардың алдынан үшінші бір керемет перспектива ашылады: өздеріне қажетті тіршілік заттарын, бұл заттардың бұрынғы мөлшерін алу үшін жұмысшылардың сол

бұрынғы саны жоғары таптардың көретін рахатын ұлғайту үшін мүмкіндіктер жасауға, бұларды неғұрлым нәзіктендіріп, түр-түрін көбейтуге, сөйтіп жұмысшылар мен олардан үстем тұрғандардың арасын бөліп тұрған экономикалық, әлеуметтік және саяси тұңғықты ұлғайта түсуге тиіс. Өз еңбегінің өндіргіш күшінің дамуының жұмысшыларға бермекші тамаша перспективалары мен барынша қызығарлық нәтижелері осы.

Одан кейін Рикардо тағы да еңбекші таптардың мүдделері мынаны талап етеді деп көрсетеді:

«табыстың мүмкіндігінше көбінің сән-салтанат бұйымдарын алудан бұрылып, үй малайларын ұстауға бағытталуы керек». Өйткені, мен қымбат мебель алсам да, үйде малай ұстасам да, осыным арқылы товарлардың [құны жөнінен] белгілі бір мөлшеріне сұраным білдіріп, бір жағдайда шамамен сол екіншідегідей өндіргіш еңбекті қозғалысқа келтіреді екенмін; бірақ соңғы жағдайда мен «жұмысшыларға деген бұрынғы сұранымға» жаңа сұраным қосады екенмін, ал сұранымның бұл артуы менің өз табысымды жұмсаудың осы екінші әдісін таңдап алғандығымнан ғана болады екен» (475—476-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 323—324-беттер].

Ел флот пен армияны көбірек ұстағанда да пақ осының өзі келіп шығады:

«Ол» (табыс) «қайсы әдіспен жұмсалса да, өндірісте еңбектің бірдей мөлшері жұмыста болады; өйткені солдаттар мен матростар үшін киім мен тамақ өндіру неғұрлым сән-салтанатты товарлар өндірудегі сияқты еңбек мөлшерін талап етеді. Бірақ соғыс болған жағдайда біз солдат пен матрос ретінде қызмет атқару үшін адамдарға қосымша сұраным болатынын, демек, елдің капиталы есебінен емес, табысы есебінен жүргізілетін соғыс халықтың өсуіне қолайлы жағдай жасайтынын көрер едік» (477-бет) [Орысша аудармасы, I том, 324-бет].

[Одан әрі Рикардо былай деп жазады:]

«Елдің таза табысының және тіпті жалпы табысының мөлшері артатын, онымен қатар еңбекке деген сұраным кемітін тағы бір жағдайды, атап айтқанда адамдардың еңбегінің орнына аттардың еңбегі қолданылатын жағдайды атап айту керек. Егер мен өз фермамда жүз жұмысшы қолдансам және осы адамдардың елуіне жұмсалатын азық-түлік аттар ұстауға жұмсалса, аттарды сатып алуға жұмсалған капиталдың проценті төленгеннен кейін маған шикі өнімдердің көбірек мөлшерін беретінін білсем, онда маған адамдардың орнына аттар ұстау тиімді болар еді, мен солай істер едім де. Бірақ бұл жұмысшыларға тиімсіз болар еді, сондықтан егер менің алатын табысым мен адамдарды да, аттарды да қатар қолдана алатындай шамада артпаса, онда халықтың бір бөлігі күмән жоқ басы артық болып шығады да, жұмысшының жағдайы жалпы алғанда нашарлайды. Оның ешбір жағдайда да егіншілікте өзіне кәсіп таба алмайтыны анық» {қалайша таба алмайды? Ал өңделетін жер аумағын ұлғайтқанда ше?}, «бірақ егер адамдарды аттармен ауыстырудың нәтижесінде егілшілік өнімі артатын болса, онда жұмыстан шығарылатын жұмысшы өнеркәсіпте немесе үй малайы ретінде өзіне кәсіп таба алады» (477—478-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 325-бет].

Үнемі қиылысатын екі тенденция болады: [біріншіден,] товарлардың сол бұрынғы не көбірек мөлшерін, таза өнімнің, қосымша



құнның, таза табыстың сол бұрынғы немесе көбірек мөлшерін өндіру үшін еңбекті мүмкіндігінше аз қолдану; екіншіден, мүмкіндігінше көбірек жұмысшыларды қолдану (бәлкім, олардың өндірген товарларының мөлшерімен салыстырғанда аз болса да), өйткені — өндіргіш күштердің дамуының осы сатысында — қолданылатын еңбек массасының артуына орай қосымша құн мен қосымша өнімнің массасы да артады. Бір тенденция жұмысшыларды көшеге шығарып тастап, халықты басы артық етіп қояды; екіншісі оларды қайта жұтып, жалдама еңбектің құлдығын абсолютті түрде ұлғайтады. Сонымен, жұмысшының тағдыры оны бірде онысына, бірде мұнысына қақпалайды, бірақ қайткенмен де ол бұл тағдырдан құтыла алмайды. Сондықтан да жұмысшы өз еңбегінің өндіргіш күштерінің дамуын өзіне жау бірдеңе деп әбден дұрыс қарайды; екінші жағынан, капиталист оны үнемі өндірістен шығарылуға тиісті элемент секілді ұстайды.

Рикардоның бұл тарауда қарманатын қарама-қайшылықтары осындай. Оның атап айтуды ұмытып отырғаны, [746] бір жағынан жұмысшылардың, екінші жағынан капиталистер мен жер меншікшілерінің арасында тұрған орта таптардың үнемі көбеюі; барған сайын көбейе түсетін көлемде көбіне тікелей табыс есебінен күн көретін, қоғамның негізін құрайтын жұмысшыларға зор ауыртпалық болып, жоғарыдағы он мыңның әлеуметтік орнықтылығы мен күшін арттырып отыратын осы орта таптардың үнемі көбеюі.

Машиналарды қолдану арқылы жалдама құлдықтың мәңгілік етілуін буржуалар машиналардың «апологиясы» етіп көрсетеді.

*«Мен, мұнымен қоса, жоғарыда товарлар арқылы білдірілген таза табыстың артуы, машиналарды жетілдірудің нәтижесінде әрқашан болатын осы артуы жаңа қорланулар мен жинақтауларға жеткізетінін атап айттым. Мынаны есте ұстау керек: бұл жинақтаулар жылма-жыл жасалады да, көп ұзамай әуел баста машиналарды ойлап шығару нәтижесінде шығын болған жалпы табыстан анағұрлым көп қор жасауға тиіс болады. Сонда еңбекке деген сұраным бұрынғыдай зор болады да, халықтың жағдайы арта түскен таза табыс жинақтауға мүмкіндік беретін қаржылардың көбеюі арқасында жақсаратын болады» (480-бет) [Орысша аудармасы, I том, 326-бет].*

Әуелде жалпы табыстан жоғалтады да, таза табыста ұтады. Одан кейін арта түскен таза табыстың бір бөлігі қайтадан капиталға, ал осы себепті жалпы табысқа да айналады. Сөйтіп, барынша елөулі төңкерістірулерден кейін сол бір процесті неғұрлым кең көлемде қайталауға рұқсат алу үшін жұмысшы капиталдың өктемдігін үнемі ұлғайтуға мәжбүр болады.

*«Капитал мен халықтың әрбір артуына орай азық-түліктің бағасы оларды өндірудің өскелең қиыншылығы себепті, әдетте, артатын болады» (478—479-беттер) [Орысша аудармасы, I том, 325-бет].*

Осыдан кейін тікелей Рикардо былай деп жалғастырады:

«Азық-түлік бағасының артуы жалақыны арттырады, ал жалақының артуы атаулының жинақталған капиталды бұрынғыдан гөрі көбірек пропорцияда машиналарды қолдануға жұмсау тенденциясы болады. Машиналар мен еңбек өзара үнемі бәсекеде болады, сондықтан алғашқылары көбіне еңбектің бағасы көтерілгенде ғана қолданыла алады» (479-бет) [Орысша аудармасы, I том, 325-бет].

Сонымен, машиналар еңбек бағасының артуына қарсы құрал болып табылады.

«Негізгі принципті анықтау үшін мен жетілдірілген машиналар кенеттен ойлап шығарылады және бірден кеңінен тарайды деп ұйғардым. Бірақ шын мәнінде мұндай өнертабыстар біртіндеп жасалады және олардың әрекеті капиталды оның қазіргі қолданылуынан басқаға аударудан гөрі жинақталған және қорланған капиталдың қайсыбір қолданылуын анықтауда болмақ» (478-бет) [Орысша аудармасы, I том, 325-бет].

Шын мәнінде істің жайы былай болады: ығыстырылған еңбектен гөрі еңбектің жаңа ұсынылымы — көбейген халықтың ығыстырылған жұмысшылардың орнын басуға тиісті болған бөлігі — капиталдың жаңа қорлануларының нәтижесінде еңбекті қолданудың жаңа салаларына кіруге мүмкіндік алады.

«Америкада және адамға тамақ өндіру оңай басқа да елдерде машиналарды қолдануға азық-түліктің бағасы жоғары, оларды өндіру көп еңбекке түсетін Англиядағыдай осыншалық көп қызығу мүлдем жоқ» {машиналарды соншалық жаппай көлемде және былайша айтқанда үйдегі оны-мұны үшін де Америкадан басқа еш жерде қолданбайды}.

{Үнемі басы артық халық болатын Англиядан гөрі машиналарды салыстырмалы түрде анағұрлым көп қолданатын нақ сол Америка машиналарды қолдану азық-түліктің бағасына қаншалық аз тәуелді болатынын көрсетеді, дегенмен ол жұмысшылардың біршама жеткіліксіздігіне тәуелді болуы мүмкін; салыстырмалы түрде шағын халық орасан зор территорияда бытыраған Америкада бұл осылай. Мәселен, 1862 ж. 19 сентябрьдегі «Standard»<sup>146</sup> газетінде көрме туралы бір мақаладан біз былай дегенді оқимыз<sup>147</sup>:

«Адам дегеніміз машиналарды жасайтын жануар... Егер американдықты адамның үлгісі деп қарастырса, онда бұл анықтамада мін жоқ. Американдықтың көзқарастары жүйесіндегі басты пункттердің бірі машина арқылы істеуге болатындай еш нәрсені қолмен істемеу, бесікті тербетуден табыт жасауға дейінгінің, сиыр сауудан ағаш кесуге дейінгінің, түйме қадаудан президент үшін дауыс беруге дейінгінің барлығы үшін дерлік онда машина бар. Ол тамақты шайнап жеп бейнеттенбеу үшін машина ойлап шығарады... Жұмыс күшінің өте-өте жетіспеушілігі және осыдан туындайтын еңбектің жоғары құны» {азық-түлік құнының төмендігіне қарамастан}, «сондай-ақ туа біткен белгілі бір алғырлық та оның өнертабыстық рухын көтермеледі... Америкада жасалатын машиналар, жалпы айтқанда, Англияда жасалған машиналардан гөрі онша құнды емес... Олар жалпы алғанда осы кезге дейін мүмкін болмаған нәрсені орындауға

мүмкіндік беретін өнертабыстан гөрі *еңбекті үнемдеуге арналған бейімделмелер*. {Ал, пароходтар ше?... «Көрменің Құрама Штаттарға берілген бөлімінде *Эмеридің мақта тазалайтын машинасы бар*. Америкада мақта өсіріле бастағаннан кейінгі көптеген жылдар бойына оның түсімі оған деген сұраным көп болмағандықтан ғана емес, мақтаны қол еңбегімен тазалаудың қиындығынан оны өсірудің тиімсіздігі себепті өте болмашы болды. Алайда Илай Уитни мақта тазалайтын аралы [747] джин ойлап шығарғаннан кейін-ақ *мақта егілетін алқап ізінше ұлғайды* және бұл ұлғаю осы кезге дейін арифметикалық прогрессияда дерлік болды. Шын мәнінде Уитни коммерциялық мақта шаруашылығын жасады деген артық айтқандық болмайды. Азды-көпті елеулі және пайдалы жетілдірулерімен Уитнидің мақта тазалайтын машинасы үнемі қолданыла берді және қазіргі жетілдірулер мен толықтырулар ойлап шығарылғанға дейін Уитнидің бастапқы джини оны ығыстырып шығармақ машиналардың көпшілігінен еш кемдігі болған жоқ. Олбаниден шыққан (Нью-Йорк штаты) Эмери мырзалардың маркасы атындағы қазіргі машина өзі соны негізге алған Уитнидің машинасын мүлдем ығыстыратынына біз күмәнданбаймыз. Ол соншалық қарапайым әрі өнімдірек; мақта одап тазарақ болып қана емес, қатталып та шығады, осыдан кейін бірден тайлауға ис текшеліп үюге келеді... Көрменің америкалық бөлігінде машиналардан басқа ештеңе жоқ деуге болады... *Сауатын машина... Қайысты бір біліктен екіншісіне ауыстыратын қондырғы... Бірден түгіп, әрі иіріп шығаратын машина* тікелей тайлардан жіп иіріп орайды. *Қағаз пакеттер жасайтын машина* парақ қағазды қиып, бүктеп, желімдеп, минутына 300 пакет жасап береді... *Хоудың кір сығатын* машинасы, кірді екі каучук біліктің арасынан сығып, құп-құрғақ дерлік етіп шығарады ол уақытты үнемдейді әрі матаға еш зиян келтірмейді... *Түптейтін машиналар... Аяқкиім тігетін машиналар*. Англияда аяқкиімнің басын қауып тігетін машиналар көптен бары жақсы мәлім, бірақ мұнда ұлтан қағатын машиналар, ұлтан кесетін машиналар, өкшені қырнап, қағатын да машиналар көрсетілуде... Құрылымы өте шебер ойлап шығарылған қуаты күшті *тас уататын машина*; оның жолдарға тас төсеу үшін және руда уату үшін кеңінен қолданылатыны күмәнсыз... Оберндегі (Нью-Йорк штаты) У. Г. Уорт мырзаның *теңіз сигналдары жүйесі... Егін оратын, шөп шабатын машиналар* американдықтардың ойлап шығарғандары; олар Англияда барған сайын таныла түсіп отыр. *Мак-Кормиктің машинасы* — ең жақсысы... Калифорния медалі тарту етілген Хансбрау мырзаның *айдау насосы* қарапайымдылығы мен өнімділігі жөнінен көрмедегі ең жақсы насос... Ол күшті бірдей шамада жұмсап, суды дүние жүзіндегі қай насостан болсын көп айдай алады... *Тігін машиналары...*»}

«Еңбектің құнын арттыратын себеп машиналардың құнын арттырмайды, сондықтан да *капиталдың әрбір артуына орай оның барған сайын көбірек бөлігі машиналарға тұтынылады. Еңбекке деген сұраным капиталдың артуына орай артқанмен, нақ сондай пропорцияда артпайды; еңбекке деген сұраным артатын қатынас сөзсіз кемітін болады*» (цитат алынған шығарма, 479-бет) [Орысша аудармасы, I том, 325—326-беттер].

Соңғы сөйлемінде Рикардо капиталдың артуының дұрыс заңын тұжырымдайды, дегенмен оның осы заңды дәлелдеу үшін келтірген пікірлері тым сыңаржақ пікірлер. Өз кітабының осы тұсына Рикардо ескерту жасайды, бұл ескерту оның мұнда Бартонға ілескенін көрсетеді, ал осы себепті біз *Бартонның* шығармасына да қысқаша тоқталамыз.

Алдын ала тағы бір ескерту. Осының алдында, табыс үй майлауларына немесе сән-салтанат бұйымдарына жұмсала ма дегенді қарастыра келіп, Рикардо былай дейді:

«Екі жағдайда да таза табыс та, жалпы табыс та сол бір қалпында болады, бірақ осы жағдайлардың әрқайсысында *таза табыс әр түрлі товарларда жүзеге асады*» (476-бет) [Орысша аудармасы, I том, 324-бет].

Нақ осылайша жалпы өнім де құны жөнінен сол бір қалпында бола алады, бірақ «жүзеге асқанда» — мұның өзі жұмысшылар үшін барынша сезінерлік — ол көбіне өзгермелі капиталдың немесе көбіне тұрақты капиталдың есесін толтыруға тиіс болатынына байланысты «*әр түрлі товарларда*» жүзеге аса алады.

## [2) БАРТОННЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ]

[а) КАПИТАЛДЫҢ ҚОРЛАНУ БАРЫСЫНДА ЕҢБЕККЕ  
ДЕГЕН СҰРАНЫМЫНЫҢ ОТНОСИТЕЛЬДІ КЕМУІ  
ТУРАЛЫ БАРТОННЫҢ ҚАҒИДАСЫ.

БҰЛ ҚҰБЫЛЫСТЫҢ КАПИТАЛДЫҢ ЕҢБЕККЕ ҮСТЕМДІГІМЕН  
ІШТЕЙ БАЙЛАНЫСЫН БАРТОН  
МЕН РИКАРДОНЫҢ ТҮСІНБЕУІ]

Бартонның шығармасы былай деп аталады:

*John Barton. Observations on the Circumstances which influence the Condition of the Labouring Classes of Society. London, 1817.*

Ең алдымен Бартонда бар аздаған теориялық қағидаларды келтірейік:

«Еңбекке деген сұраным негізгі капиталдың емес, айналмалы капиталдың артуына тәуелді. Егер капиталдың осы екі түрінің арасындағы қатынас ел-елдің бәрінде және қай уақытта болсын бірдей деген қағида дұрыс болған болса, онда, шынында, бұдан жұмыс істейтін жұмысшылардың саны мемлекеттің байлығына пропорциялы деген келіп шығар еді. Бірақ мұндай болжамның ықтималдыққа ұқсастығы да жоқ. Техника дамып, цивилизация тараған сайын негізгі капитал айналмалы капиталға қатысы жөнінен барған сайын көп бола түседі. Ағылшын муслинінің бір тайын өндіруде қолданылатын негізгі капиталдың мөлшері үнді муслинінің осындай бір тайын өндіруде қолданылатын негізгі капиталдан кем дегенде жүз есе, ал бөлкім мың есе де артық болар, бұл орайда [748] қолданылатын айналмалы капиталға келсек, ол жүз немесе мың есе кем. Белгілі бір жағдайларда қайсыбір өнеркәсіпті халықтың жылдық жинақтамаларының бүкіл сомасы негізгі капиталға қосылуы мүмкін деп елестету оңай; мұндай жағдайда бұл жинақтамалар еңбекке деген сұранымды ешқандай арттырмас еді» (*Бартон*, аталған шығарма, 16—17-беттер).

{Бартонның бұл сөздері жөнінде Рикардо өз кітабының 480-бетіндегі ескертуде [Орысша аудармасы, I том, 326-бет] былай деп мәлімдейді:

«Менің пікірімше қандай да болсын жағдайда капиталдың көбеюі еңбекке деген сұранымның көбеюімен қатарлас болмайды деп ойлау қиын: ең әрі дегенде айтуға болатыны, *еңбекке деген сұраным кемитін пропорцияда артағын болады*. Менің ойымша, Бартон мырза жоғарыда аталған шығармасында негізгі капиталдың мөлшері артуының жұмысшы таптарының жағдайы үшін кейбір зардаптары жөнінде *дұрыс көзқарас ұстанатын сияқты*. Оның еңбегінде көптеген бағалы мәліметтер бар».)

Бартонның жоғарыда келтірілген қағидасына тағы мына бір тұсты қосу қажет:

«Құралып алынғаннан кейін негізгі капитал еңбекке сұраным туғыздан қалады» {бұл дұрыс емес, өйткені негізгі капиталдың ұдайы өндірілуі белгілі бір уақыт аралықтары арқылы ғана және біртіндеп қана болса да, ол қажет}, «бірақ құралатын уақытында ол өзіндей мөлшердегі айналмалы капитал не табыс қанша жұмыс қолын қолданса, нақ сонша жұмыс қолына кәсіп береді» (56-бет).

Тағы да мынау:

«Еңбекке деген сұраным табыстың жалпы сомасы мен айналмалы капиталға түгелдей тәуелді» (34—35-беттер).

Бартонның сіңірген еңбегі өте көптігіне дау жоқ.

А. Смит еңбекке деген сұраным капиталдың қорлануына тура пропорциялы түрде артады деп ойлайды. Мальтус халықтың көбеюін капитал халық секілді шапшаң қорлана алмайтынынан (өскелең көлемде ұдайы өндірілмейтінінен) келіп шығарады. Бартон капиталдың әр түрлі табиғи құрамдас бөліктерінің өндіргіш күштердің қорлануымен және дамуымен бірге бірдей шамада артпайтынын алғаш рет атап айтты; керісінше, өндіргіш күштердің артуы процесінде капиталдың жалақыға айналатын бөлігінің өз шамасымен салыстырғанда еңбекке деген сұранымды болмашы ғана өзгертетін бөлігімен (Бартон оны негізгі капитал деп атайды) салыстырғанда біршама кемітінін алғаш рет айтты. Сондықтан Бартон «жұмыс істейтін жұмысшылардың саны» «мемлекеттің байлығына пропорциялы» емес, ол өнеркәсібі дамыған елден гөрі өнеркәсібі дамымаған елде относителді көбірек болады деген маңызды қағиданы бірінші болып ұсынады.

Өзінің «Principles»-інің үшінші басылымында, 31-тарауда («Машиналар туралы»), өз кітабының бұрынғы басылымдарында бұл пунктте Смиттің соңына әлі түгелдей еретін Рикардо Бартонның түзетуін қабылдайды, осының өзінде Бартон оған берген бір жақты тұжырымдамада қабылдайды. Рикардо әрі баратын бірден-бір пункт — ал бұл пункттің маңызды мәні бар, ол мынада: ол Бартон сияқты еңбекке деген сұраным машиналардың дамуына *пропорциялы* түрде *артпайды* деген қағиданы белгілеп қана қоймайды, бұған қоса тағы машинаның өзі «*халықтың бір бөлігін басы артық қылып шығарады*»\*, яғни халықтың артық көбеюін туғызады деп мәлімдейді. Рикардо машиналарды өнгізудің осы нәтижесін егіншілікте ғана кездесетін және өзі өнеркәсіпке де тарататын жағдаймен, атап айтқанда таза өнім жалпы өнімнің есебінен артатын жағдаймен қате тұрғыда ғана шектейді. Бірақ осы арқылы халықтың көбеюі туралы бүкіл қисынсыз тео-

---

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 589, 591, 592, 594 және 598-беттер. *Ред.*

рияны, ал әсіресе тұрпайы экономистердің жұмысшылар өздерінің көбеюін капиталдың қорлану деңгейінен төмен деңгейде ұстауға тырысуға тиіс деген мылжыңының теріске шығарылуы іп пусе \* берілген. Мұның керісінше, мәселені Бартон мен Рикардоның баяндауынан мынадай қорытынды шығады: жұмысшы халықтың көбеюінің еңбектің ұсынылымын азайтатын, демек оның бағасын арттыратын мұндай шектелуі машиналардың енгізілуін, [жалақыға жұмсалатын] айналмалы капиталдың негізгі капиталға айналуыш *тездеткен* ғана болар еді және осы арқылы халықты жасанды түрде «артық қылып шығарар еді»; өйткені халықтың басы артық болуы әдетте тіршілік заттарының мөлшеріне қатысты емес, еңбекті жалдау құралдарының санына, еңбекке деген шын мәніндегі сұранымға қатысты болады.

[749] Бартондағы қате немесе кемшілік мынадай: ол капиталдың табиғи саралануын, немесе оның табиғи құрылымын бұл құрылымның *айналыс процесінде* көрінетін формасында ғана, — негізгі және айналмалы капитал түрінде *ғана* алады; мұның өз физикраттар ашқан, А. Смит одан әрі дамытқан, ал одан кейін экономистердің соқыр сеніміне айналған айырмашылық; соқыр сенім болатыны олар капиталдың табиғи құрылымында — дәстүр бойынша — осы айырмашылықты ғана көреді. Айпалыс процесінен туындайтын бұл айырмашылық жалпы алғанда байлықтың ұдайы өндірілуіне, ал олай болса, онда «жұмысшы қорын» құрайтын бөлігіне де елеулі ықпал жасайды. Бірақ бұл арада шешуші нәрсе ол емес. Негізгі капитал ретінде машиналардың, құрылыстардың, асыл тұқымды малдың және т. б. айналмалы капиталдан ерекшелігі жалақыға қандай да бір тікелей қатынасында емес, өзінің айналыс және ұдайы өндірілу әдісінде ғана.

Капиталдың әр түрлі құрамдас бөліктерінің нақты еңбекке *тікелей қатынасы* айналыс процесінің құбылыстарына байланысты емес, одан туындамайды, *өндірістің тікелей процесінен* туындайды және *тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың* қатынасы болып табылады, ал бұлардың арасындағы айырмашылық олардың нақты еңбекке қатынасына *ғана* негізделеді.

Мәселен, Бартон еңбекке деген сұраным *негізгі капиталға* емес, *айналмалы капиталға* ғана тәуелді дейді. Бірақ айналмалы капиталдың бір бөлігі — *шикізат, көмекші материалдар* — сол машиналар және т. с. сияқты нақ солай нақты еңбекке айырбасталмайды. Шикізат элемент ретінде құн құрау процесіне кіретін өндіріс салаларының бәрінде шикізат — бұл орайда біз негізгі капиталдың товарға кіретін бөлігін ғана қарастыратындықтан — капиталдың жалақыға жұмсалмайтын үлесінің *ең елеулі бөлігі*

\* — сөзбе-сөз алғанда: «жаңғақта», яғни ең қысқаша түрінде, қысқаша, бастамасында. *Ред.*

болып табылады. [Бартон айналмалы капитал деп атайтын] басқа бір бөлігі, атап айтқанда товарлық капиталдың бір бөлігі өндіріш емес таптың табысына кіретін (яғни жұмысшы табының табысына кірмейтін) тұтыну заттарынан тұрады. Демек, *айналмалы* капиталдың осы екі бөлігінің де артуының еңбекке деген сұранымға әсері негізгі капиталдың артуының әсерінен сәл де болса артық емес. Мұның өзінде айналмалы капиталдың шикізат пен көмекші материалдардан тұратын бөлігі капиталдың негізгі капитал ретінде машиналарға және т. с. жұмсалатын бөлігіне қарағанда кем түспейтін немесе тіпті одан да көп пропорцияда артады.

Бартон белгілеген айырмашылықты *Рамсей* одан әрі дамытты. Ол Бартонның айтқанын түзетеді, бірақ оның түсіну амалының шеңберінен шықпайды. Іс жүзінде ол Бартонның саралауын тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасын саралауға әкеліп саяды, бірақ оған шикізатты және т. б. жатқызса да, тұрақты капиталды бұрынғысынша *негізгі* капитал деп атайды, ал өзгермелі капиталдан тікелей жалақыға жұмсалмайтын бүкіл айналмалы капиталды шығарып тастаса да, өзгермелі капиталды айналмалы капитал деп атайды. Бұл туралы кейін, Рамсейге жеткен кезде айтамыз. Бірақ мұның өзі іштей шарттас одан әрі ілгері қозғалудың қажеттігін дәлелдейді.

Тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы, тікелей өндіріс процесінен ғана, капиталдың әр түрлі құрамдас бөліктерінің нақты еңбекке қатынасынан ғана туындайтын айырмашылықты бір жолы ғана анық ұғынсақ болғаны мына бір жай да аңғарылады: бұл айырмашылықтың жалпы табыстың белгілі бір массасы нақты қандай заттарда жүзеге асатынына көп қатынасы болса да, өздігінен алғанда бұл айырмашылықтың өндірілген тұтыну заттарының абсолютті массасына ешқандай қатынасы жоқ. Алайда жалпы табысты әр түрлі товарларда жүзеге асырудың бұл әдісі Рикардода солай болып шығатынындай және Бартонда солай деп ұйғарылатынындай, капиталистік өндірістің имманенттік заңдарының *себебі* емес, *нәтижесі* болып табылады; бұл заңдар өнімнің бүкіл сомасымен салыстырғанда оның жұмысшы табын ұдайы өндіруге арналған қорды құрайтын бөлігінің барған сайын кемуіне әкеліп соғады. Егер капиталдың едәуір бөлігі машиналардан, шикізаттан, көмекші материалдардан және т. б. тұратын болса, онда жұмысшы табының бүкіл бұқарасынан тек болмашы бөлігі ғана жұмысшылардың тұтынуына кіретін тіршілік заттарын [750] ұдайы өндірумен шұғылданатын болады. Бірақ өзгермелі капиталды ұдайы өндірудің бұл относителді кемуі еңбекке деген сұранымның относителді кемуінің себебі емес, қайта салдары болып табылады. Нақ сол сияқты жалпы алғанда табысқа кіретін тұтыну заттарын өндірумен шұғылданатын жұмысшылардың неғұрлым едәуір бөлігі капиталистердің, жер

меншікшілері мен олардың қызметшілерінің (мемлекеттің, шіркеудің және т. б.) тұтынуына — табысты жұмсауына — енетін заттарды, ал неғұрлым кем бөлігі жұмысшылардың табысына арналған заттарды өндіретін болады. Бірақ бұл да айналып келгенде себеп емес, салдар. Жұмысшылар мен капиталистердің әлеуметтік қатынасының өзгеруімен, капиталистік өндірісте үстем болып тұрған қатынастардың революцияшылдануымен мұның өзі дереу өзгерер еді. Табыс, Рикардоның сөзімен айтқанда, «басқа товарларда жүзеге асар еді».

Былайша айтқанда, өндірістің физикалық жағдайларында табысты жүзеге асырудың қайсыбір әдісіне мәжбүр етерліктей еш нәрсе жоқ. Егер жұмысшылар үстем болса, егер олардың өздері үшін өндіруге мүмкіндігі болса, онда олар капиталды өз қажеттерінің деңгейіне дейін өте тез және көп күш салмай-ақ (тұрпайы экономистердің сөзімен айтқанда) ықшамдап алар еді. Орасан зор айырмашылық мынада: жұмысшылар өндіріс құрал-жабдықтарын өздерін жалдаушылар үшін қосымша құн мен қосымша өнімді арттыру мүддесіне қажет болғандықтан ғана қолдана алатын, өндірістің нақты бар құрал-жабдықтары жұмысшыларға капитал ретінде қарсы тұра ма, осы өндіріс құрал-жабдықтары жұмысшыларды қолдана ма немесе жұмысшылар субъектілер ретінде, өндіріс құрал-жабдықтарын өздеріне арнап байлық өндіру үшін объект ретінде қолдана ма. Әлбетте, бұл орайда капиталистік өндіріс еңбектің өндіргіш күштерін осы революция бастала алатындай қажетті биікке жалпы алғанда дамытты деп ұйғарылады.

{Мысал үшін 1862 жылды (биылғы күзді) алайық. Ланкашир жұмысшыларының жоқшылық жайлаған халі. Екінші жағынан, Лондонның ақша рыногында «ақшаны жұмсайтын жер табудың қиындығы», осының нәтижесінде қарызға берілген ақша үшін тіпті 2 процент алу қиын болғандықтан, жалдаптық қоғамдардың құрылуы қажеттілік болды деуге келеді. Рикардоның теориясы бойынша былай болып шығар еді: бір жағынан Лондонда капитал нақты болып, ал екінші жағынан Манчестерде кәсіптен бос жұмысшылар бар болғандықтан, кәсіптен бос жұмысшылар үшін «еңбекті қолданудың басқа қайсыбір саласына кіруге міндетті түрде мүмкіндік ашылар еді».

[6] БАРТОННЫҢ ЖАЛАҚЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНА  
ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ХАЛЫҚТЫҢ КӨБЕЮІНЕ ҚОЗҚАРАСЫ]

Бартон одан әрі былай деп дәлелдейді: егер оған дейін-ақ халық жалақы төмен деңгейде болатындай соншалық қатты көбеймеген болса, капиталдың қорлануы еңбекке деген сұранымның артуына баяу түрде ғана жеткізеді.



«Қайсыбір белгілі уақыттағы жалақының еңбектің бүкіл өніміне қатынасы капиталдың жұмсалудың бір бағытта» (негізгі капитал) «немесе басқа бағытта» (айналмалы капитал) «болатынын анықтайды».

«Егер товарлардың бағасы өзгермегенде жалақы төмендесе, немесе жалақы өзгермегенде товарлардың бағасы артса, онда кәсіпкердің пайдасы көбейеді де, мұның өзі оны жұмыс қолдарын көбірек жалдауға ынталандырады. Егер, керісінше товарлармен салыстырғанда жалақы артса, онда фабрикант жұмыс қолдарын мүмкіндігінше аз қолданады да, бәрін машинамен істеуге тырысады» (цитат алынған шығарма, 17—18-беттер).

«Өткен [яғни XVIII] ғасырдың бірінші жартысында жалақының бірте-бірте артуы тұсында ғасырдың еңбектің нақты бағасы тез төмендеген екінші жартысындағыдан гөрі халықтың анағұрлым баяу көбейгендігін дәлелдейтін анық деректеріміз бар» (25-бет).

«Сөйтіп, өздігінен алғанда жалақының артуы ешқашан жұмысшы халықтың көбеюін туғызбайды; жалақының төмендеуі оның өте шапшаң көбеюін туғызуы мүмкін. Мәселен, егер ағылшынның қажетсінулері прландтықтың қажетсінулері деңгейіне дейін төмендесе, онда фабрикант оларды ұстауға кететін шығындардың кемуіне сәйкес жұмысшыларды көбірек қолданар еді» (26-бет).

«Жұмыс табудың қиындығы жалақының төмен деңгейіне қарағанда некелесулерден анағұрлым көбірек сақтандырады» (27-бет).

«Байлықтың молаюы атаудың еңбекке деген жаңа сұраным туғызатын тенденциясы болады деп есептеледі. Бірақ басқа товарлардың бәрімен салыстырғанда еңбек өзінің өндірілуі үшін неғұрлым ұзақ уақытты талап ететіндіктен»

{нақ сол себептен жалақының шамасы ұзақ уақыт орта деңгейден төмен болып тұра алады, өйткені басқа товарлардың бәрімен салыстырғанда еңбекті рыноктан алып тастау жолымен оның ұсынылымын сол кезеңде болатын сұраным деңгейіне дейін қысқарту үшін оны рыноктан алып тастау бәрінен қиын},

«барлық товарлардың ішінен [751] еңбек сұраным көбейген жағдайда бағасы жөнінен ең көп дәрежеде артады: ал жалақының артуы атаулы пайданы он есе артық төмендететіндіктен, егер оған дейін-ақ халық жалақы төмен деңгейде болатындай соншалық көбеймеген болса, капиталдың артуы еңбекке деген шын мәніндегі сұранымның артуына тек баяу ғана ықпал жасай алады» (28-бет).

Бартон бұл арада әр түрлі қағидалар ұсынады.

*Біріншіден:* жалақының артуы өздігінен алғанда жұмысшы халықты көбейтпейді; бірақ мұның есесіне жалақының төмендеуі оны өте тез және оңай арттыра алады. Дәлел: XVIII ғасырдың бірінші жартысында — жалақының біртіндеп артуы және халықтың баяу өсімі; керісінше XVIII ғасырдың екінші жартысы — нақты жалақының көп төмендеуі және жұмысшы халықтың тез көбеюі. Себеп: некелесулердің болуына жалақының төмен деңгейі емес, жұмыс табудың қиындығы бөгет жасайды.

*Екіншіден:* бірақ жалақы деңгейі неғұрлым төмен болса, жұмыс табу соғұрлым оңай. Өйткені капиталдың айналмалы немесе негізгі капиталға, яғни еңбекті қолданатын және еңбекті қолданбайтын капиталға айналуы жалақының жоғары немесе төмен деңгейіне кері қатынаста болады. Егер жалақы төмен болса, онда

еңбекке деген сұраным көп, өйткені онда кәсіпкер үшін көп еңбекті қолдану тиімді және нақ сол айналмалы капиталмен ол *көбірек жұмысшыны* қолдана алады. Егер жалақы жоғары болса, онда фабрикант мүмкіндігінше аз жұмысшыны қолданады да, бәрін машинамен істеуге тырысады.

*Үшіншіден:* капиталдың қорлануы өздігінен алғанда еңбекке деген сұранымды баяу ғана арттырады, өйткені бұл сұранымның әрбір артуы, егер еңбектің ұсынылымы оған сұранымнан кем болса, еңбектің бағасын шапшаң арттырып, пайданы он есе артық төмендетеді. Қорлану еңбекке деген сұранымға тек мынадай кезде ғана тез әсер етуі мүмкін: *қорланудың алдында жұмысшы халық едәуір көбейіп*, осының нәтижесінде жалақы өте төмен деңгейде болған кезде; жалақы тіпті артқанның өзінде төмен болып қала береді, өйткені [жаңа] сұраным кәсіпсіз жұмыс қолдарын көбірек қамтиды да, осы арқылы кәсіппен толық қамтылған жұмысшылар үшін бәсеке туғызады.

Мұның бәрі *cum grano salis* \* әбден дамыған капиталистік өндіріс үшін дұрыс. Бірақ бұл оның даму процесінің өзін түсіндірмейді.

Ал осы себепті де Бартон келтірген тарихи дәлел өзінің дәлелдеуге тиіс болғанына қарама-қайшы келеді.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында жалақы біртіндеп арты, халық баяу көбейді және ешқандай машиналар болған жоқ, сондай-ақ ғасырдың келесі жартысымен салыстырғанда басқа негізгі капитал аз қолданылды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында, керісінше, жалақы үздіксіз төмендейді, халық ғажап көбейеді, сөйтіп көптеген машиналар шығады. Бірақ нақ осы машиналар бір жағынан нақты бар халықты басы артық етіп шығарып, осы жолмен жалақыны төмендетті, ал екінші жағынан, дүние жүзілік рыноктың шапшаң дамуы нәтижесінде бұл халықты қайтадан қамтыды, кейін оны қайтадан басы артық етіп шығарды да, қайтадан қамтыды; осымен бір мезгілде олар капиталдың қорлануын өте-мөте жеделдетті және өзгермелі капиталдың *массасын* арттырды, дегенмен бұл өзгермелі капитал өнімнің жиынтық құнымен салыстырғанда да, ол қолданатын жұмысшыларының массасына қатынасы жөнінен де относителді кеміді.

Мұның керісінше, XVIII ғасырдың бірінші жартысында ірі өнеркәсіп әлі жоқ болатын, *еңбек бөлінісіне негізделген мануфактура* болды. Капиталдың басты құрамдас бөлігі жалақыға жұмсалатын өзгермелі капитал болып қала берді. Еңбектің өндіргіш күші XVIII ғасырдың екінші жартысымен салыстырғанда баяу дамыды. Еңбекке деген сұраным, демек жалақы да капиталдың қорлануымен бірге және осы қорлануға пропорциялы дерлік

\* — сөзбе-сөз: «бір түйір тұзбен»; ауыспалы мағынада: «ескертуге», «әбден нақпа-нақ емес». *Ред.*

артты. Англия шын мәнінде әлі егіншілік елі болды да, онда егінші халық шұғылданған үйдегі (иіру және тоқу) өнеркәсіп әлі көз тараған болатын (және тіпті одан әрі дамыды). Осы сөздің қатаң мағынасында пролетариат әлі пайда бола алмаған еді, сондай-ақ өнеркәсіп миллионерлері де жоқ болатын.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында относителді тұрғыда өзгермелі капитал, екінші жартысында негізгі капитал басым болды; бірақ соңғысы үшін адам материалының көп массасы қажет болған еді. Оның зор көлемде іске қосылуынан бұрын халық көбеюге тиіс болатын. Алайда дамудың шын мәніндегі бүкіл барысы оның Бартонда баяндалуына қайшы келеді, өйткені бұл орайда мұнда өндіріс әдісінде жалпы алғанда өзгеріс болғаны аңғарылады: ірі өнеркәсіпке сәйкес келетін заңдар мануфактураға сәйкес заңдармен [752] теңбе-тең емес. Соңғысы біріншіге жетер жолдағы даму фазасы ғана.

Бірақ бұл арада Бартонның Англиядағы жалақының қозғалысына қатысты және астық бағаларының қозғалысына қатысты келтіретін кейбір тарихи мәліметтері ден қоярлық, өйткені Бартон XVIII ғасырдың бірінші жартысын екіншісімен салыстырады.

«Төменде келтірілетін кесте» (ал «XVII ғасырдың ортасынан бастап XVIII ғасырдың ортасына дейін [нақты] жалақы артты, өйткені осы кезең ішінде астықтың бағасы кем дегенде 35 процент төмендеді») «ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысының соңғы 70 жыл ішінде астықтың бағасына қатынасы қандай болғанын көрсетеді:

Кезеңдер	Апталық жалақы	Бидайдың кварталінің бағасы	Жалақы бидайдың пинтіне шаққанда
1742—1752	6 ш. 0 п.	30 ш. 0 п.	102
1761—1770	7 ш. 6 п.	42 ш. 6 п.	90
1780—1790	8 ш. 0 п.	51 ш. 2 п.	80
1795—1799	9 ш. 0 п.	70 ш. 8 п.	65
1800—1808	11 ш. 0 п.	86 ш. 8 п.	60 »

(Бартон, цитат алынған шығарма, 25—26-беттер).

«Лордтар палатасы [комиссиясының] кедейлер туралы заңдар жөніндегі баяндамасында» (1816 жыл?) [1688 жылғы] революция уақытынан бергі парламент сессияларының әрқайсысында қабылданған жерді қоршауға қатысты билльдердің санын көрсететін кесте келтіріледі. Бұл кестеден көрінетіні: 1688 жылдан 1754 жылға дейінгі 66 жыл ішінде осындай 123 билль қабылданған, ал 1754 жылдан 1813 жылға дейінгі 69 жыл\* ішінде олар 3 315 болған. Соңғы кезеңнің ішінде егіншіліктің дамуы бірінші кезең ішіндегіден шамамен 25 есе шапшаң болған. Бірақ алғашқы 66 жыл ішінде барған сайын көп астық үнемі шетелге шығару үшін өндірілді, ал соңғы 69 жылдың көпшілік бөлігінің бойында бұрын шетке шығарылғанның бәрі тұтынылды, сонымен бірге біздің өзіміздің тұтынуымыз

\* Бартолда осылай. Шын мәнінде 1754 жылдан 1813 жылға дейін 59 жыл ғана өтеді. *Ред.*

үшін барған сайын арта түскен мөлшерде, ал ақырында барынша әжептәуір мөлшерде астық шеттен әкелінді... Соңғы кезеңмен салыстырғанда бірінші кезеңнің бойында халықтың өсуі, демек, сірә, егіншіліктің дамуы көрсеткендегіден де гөрі баяуырақ болған» (бұл да сонда, 11—12-беттер).

«1688 жылы Англия мен Уэльстің халқы оны үй саны бойынша анықтаған Грегори Кингтің айтуынша 5 500 000 адам болған. 1780 жылы ол Мальтустың айтуынша 7 700 000 адам болған. Демек, 92 жыл ішінде ол 2 200 000 адамға көбейген. Келесі 30 жылда ол 2 700 000 адамнан астам көбейген. Бірақ халықтың алғашқы артуына келсек, онда ол тегінде негізінен 1750 жылдан 1780 жылға дейінгі уақытта болған» (13-бет).

Бартон сенімді негіздерге сүйене отырып, былай деп есептеп шығарады:

«1750 жылы тұрғындардың саны 5 946 000 адам болды, бұл [1688 жылы] революция уақытынан бері 446 000 адамға, немесе жылына 7 200 адамға көбеюді білдіреді» (13—14-беттер).

«Соңымен, былай болып шығады: ең төмен бағалау бойынша, халықтың өсуі соңғы жылдарда бұдан жүз жыл бұрынғыдан он есе шапшаң болған. Бірақ капиталдың қорлануы он есе артық болуы мүмкін емес» (14-бет).

Мәселе бір жыл ішінде тіршілік заттарының қандай мөлшері өндірілетінінде емес, бір жыл ішінде нақты еңбектің қандай бөлігі негізгі және айналмалы капиталды өндіруге кіретінінде. Тұрақты капиталмен салыстырғанда өзгермелі капиталдың шамасы осымен анықталады.

Бартон соңғы 50—60 жыл ішінде бүкіл Европада дерлік халықтың ғажап өсуін американ рудниктері өнімділігінің артуынан болды, өйткені асыл металдардың осы шамадан тыс көптігі товарлардың бағасын жалақыдан гөрі көбірек дәрежеде арттырды, яғни жалақыны іс жүзінде төмендетті, осының салдарынан пайда нормасы артты деп түсіндіреді (29—35-беттер). [XIII—752]



**Қ О С Ы М Ш А Л А Р <sup>148</sup>**



**[1] АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҰСЫНЫМ  
МЕН СҰРАНЫМНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ СӘЙКЕСТІК  
ТУРАЛЫ ТЕЗИСТІҢ ЕРТЕДЕГІ ТҰЖЫРЫМЫ.  
РОДБЕРТУС ЖӘНЕ ХVIII ҒАСЫРДАҒЫ ПРАКТИК-ЭКОНОМИСТЕР**

[XII—580b] Смиттің астық өзіне деген сұранымды өзі жасайды және т. с. деген «жол-жөнекей ұсынған» теориясы\*, — бұдан кейін *Мальтус* өзінің рента теориясында маңғазсып қайталаған және ішінара оның халық санының өсуі теориясының негізі болған бұл теория — [Смитке дейін] төмендегі үзіндіде өте айқын айтылған:

«Астық оның тұтынылуына сай көп немесе аз болады. Егер *жеушілер* көп болса, онда *астық* та көп, өйткені жерді өңдеуші адамдар көп болады; ал егер *астық көп болса*, жеушілер де көп, өйткені *молшылық халықты* көбейтеді» ([*Arbutnot, John.*] An Inquiry into the Connection between the Present Price of Provisions, and the Size of Farms etc. By a Farmer. London, 1773, 125-бет).

Сондықтан

«ауыл шаруашылығында артық өндіріс болуы мүмкін емес» (бұл да сонда, 62-бет).

Родбертустың *тұқым* [фермердің шығындарына] капиталдың статьясы\*\* ретінде кірмейді-міс деген қиялын ХVIII ғасырда (әсіресе 60-шы жылдардан бастап) фермерлердің өздері жазған жүздеген шығармалар [теріске шығарады]. Оның бер жағында, мұның керісінше, *рента* фермерде оның шығындарына жұмсалған қаржы статьясы ретінде кіреді деп пайымдау дұрыс болар еді. Фермер оны *өндіріс шығындарының* есебіне қосады (оның өзі шынында да өндіріс шығындарына жатады).

«Егер *...астықтың бағасы* шамамен ол қандай болуға тиіс болғанындай болса, онда бұл тек *жер құнының ақша құнына* қатынасымен ғана анықтала алады» (бұл да сонда, 132-бет).

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 368 және келесі беттер. *Ред.*

\*\* Қараңыз: бұл да сонда, 40—50-беттер. *Ред.*



Төменде келтірілген үзінді мынаны көрсетеді: капитал егіншілікті қолына алған кезден бастап капиталистік фермердің өзінің түсінігі бойынша рента бар болғаны пайдадан алынған бөлік қана болады және бүкіл қосымша құн шын мәнінде пайда деп қарастырыла бастайды:

*«Ескі әдістің мәні фермердің пайдасының [оның жалпы өнімдегі үлесінің] үш рентамен есептелуінде болатын (үлескерлік). «Егіншіліктің бәлің кезеңінде мұның өзі меншікті ешқандай бүкпесіз әрі әділетті түрде бөлу еді. Сауаты неғұрлым төмен елдерде бұл әдіс қазір де қолданылады... Біреу жер мен капитал әкелсе, енді біреу білімі мен еңбегін қосады. Бірақ жақсы өңделген әрі құнарлы жерде рентаның маңызы енді тым аз. Адам өз ақшасына келетін процентті немесе өз табысын өзі капитал түрінде жұмсай алатын сомаға және жыл ішінде жұмсаған еңбегіне шағып есептеуге тиіс»* (бұл да сонда, 34-бет) [XII—580 b]

[2) НАТАНИЕЛ ФОРСТЕР ЖЕР МЕНШІКШІЛЕРІ  
МЕН ӨНЕРКӘСІПШІЛЕРДІҢ  
АРАСЫНДАҒЫ ЖАУЛАСУ ТУРАЛЫ]

[XIII — 670a] *«Жер меншікшілері мен өнеркәсіпшілер өзара мәңгі жауласуда және бір-бірінің пайдаларын көре алмайды»* ([Forster, Nathaniel.] An Enquiry into the Causes of the Present High Price of Provisions etc, London, 1767, 22-бет, ескерту). [XIII — 670a]

### [3] ГОПКИНСТІҢ РЕНТА МЕН ПАЙДАНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАСҚА КӨЗҚАРАСЫ]

[XIII—669b] *Гопкинсте* (осы туралы айтылатын жерді қарау керек)\* аңғалдықпен *жер рентасы* қосымша құнның бастапқы формасы ретінде, ал пайда одан туынды бірдеңе ретінде қаралады.

Гопкинс былай деп жазады:

«Өндірушілердің өздері әрі егіншілер әрі мануфактурашылар болған... кезде жер меншікшісі *жер рентасы* ретінде 10 ф. стерлингке тең құн алып тұрды. Бұл рентаның тең жартысы шикі өнімдермен, екінші жартысы өнеркәсіп бұйымдарымен төленді деп жорамалдайық. Өндірушілер екі тапқа (егіншілер мен мануфактурашыларға) *бөлінгеннен* кейін мұның осылай одан әрі жалғаса беруі мүмкін еді. Алайда іс жүзінде егіншілер үшін жер меншікшілеріне *бүкіл рентаны төлеу* және өз өнімін мануфактурашылар еңбегінің өніміне айырбастаған кезде рентаны осы өніммен есептеу неғұрлым қолайлы болып шығар еді; сонда бұл төлем екі таптың арасында әділ бөлінер еді және жалақы мен пайда екі жағында да бір деңгейде қалар еді». (*Th. Hopkins. Enquiries relative to the Laws which Regulate Rent, Profit etc. London, 1822, 26-бет*), [XIII — 669 b]

---

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 50-бет. *Ред.*

[4] КЭРИ, МАЛЬТУС ЖӘНЕ ДЖЕМС ДИКОН ЮМ  
ЕГІНШІЛІКТЕГІ ЖАҚСАРТУЛАР ТУРАЛЫ]

[XI—490a] Жер меншікшісі мен фермерді біз әрқашан *сол бір адам* деп қарастыратынымызды атап айту керек... Құрама Штаттарында істің жайы осындай» (*H. C. Carey. The Past, the Present, and the Future Philadelphia, 1848, 97-бет*).

«Адам әрдайым құнарсыз топырақтан жақсы жерге ауысады, ал бұдан кері оралып, алғашқы құнарсыз топыраққа, құмды және әкті топыраққа көшіп отырады, сөйтіп мұндай көшу үнемі қайталана береді... Сондықтан бұл жолдың әрбір кезеңінде адам бірден-бірге жақсара түсетін машиналар жасайды \*... Капиталды *машинаға* жұмсағаннан гөрі егіншілікке *көбірек* пайдамен жұмсауға болады, өйткені бір тектес машиналардың *тек бірдей ғана* тиімділік қасиеті бар, ал жердің өнімділігі болса барған сайын *өсе береді*... Бу машинасын қолданудан түсетін ұтыс сол, айталық жүннен шұға тоқуға жұмсалатын еңбекке төленетін жалақыны сақтайды — одан машинаның тозуына кететін шығынды *алып* тастау керек. Ал топырақты өңдеуге жұмсалатын еңбек жалақыға *қоса* жер-машинаны жақсартудан түсетін пайданы өндіреді. Сондықтан жыл сайын 100 ф. ст. түсіретін жер учаскесі осындай табыс беретін бу машинасына қарағанда қымбатқа сатылады... Жер учаскесін сатып алушы бұл жердің оған жалақы мен процент төлеумен бірге оны пайдаланудың нәтижесінде бұл учаскенің құны арта беретінін біледі. Ал бу машинасын сатып алушы оның өзіне жалақы мен процентті төлейтінін және бұл бу машинасын пайдалану нәтижесінде оның құнының азая беретінін біледі. Бірінші адам оны пайдаланған сайын жақсара беретін машина сатып алады; екіншісі оны пайдаланған сайын нашарлай беретін машина сатып алады... Жер оған жаңа капитал мен еңбекті барған сайын өсе беретін пайдамен жұмсауға мүмкіндік беретін машина болып табылады, ал бу машинасына бұл сияқты барған сайын өсе беретін табыс беретін шығын жұмсауға келмейді» (бұл да сонда, 129—131-беттер).

\* Бұл жерде әңгіме өңделген және мелиорацияланған жер туралы болып отыр.  
Ред.

\* \* \*

Егіншіліктегі, тіпті өндіріс шығындарын азайтуға және түп-теп келгенде бағаның құлдырауына алып келетін жақсартулардың өзі, алғашқы кезде — баға әлі төмендемей тұрғанда — ауыл шаруашылығы *пайдасының* уақытша осуын туғызады,

*«сайып келгенде әрдайым дерлік рентаны көбейтеді. Уақытша көп пайда алуға мүмкіндік болуының нәтижесінде егіншілікке жұмсалатын сол молайтылған капитал көпшілік жағдайда арендаға алынған жерден аренда мерзімі біткеннен кейін түгел қайтарып алуға келмейді, ал аренда шартын қайта жаңғыртқан кезде жер меншікшісі бұл жұмсалған капиталдан пайданы өзіне тиісті рентаның көбеюі түрінде алады» (Malthus. An Inquiry into the Nature and Progress of Rent etc. London, 1815 [25—26-беттер]).*

\* \* \*

*«Егер астықтың бағасы көбінесе жоғары болған соңғы жылдарға дейін жалпы жұрт мойындаған таза парды көп қалдыру қажеттігі себепті әдетте, жыртылатын жер тек азғана рента беріп келсе, енді нақ сол пар қалдыру жүйесіне оралуға мүмкіндік болу үшін рентаның мөлшерін қайтадан азайту қажет» J. D. Нитс. Thoughts on the Corn-Laws etc. London, 1815, 72-бет. [XI — 490 а]*

**[5] ГОДСКИН ЖӘНЕ АНДЕРСОН ЕГІНШІЛІК  
ЕҢБЕГІ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ӨСУІ ТУРАЛЫ]**

[XIII — 670a] «Халық сапы көбейген сайын адамды тамақ заттарымен жабдықтау үшін барған сайын аз жер көлемі жеткілікті болып шығады». ([*Hodgskin, Thomas.*] *The Natural and Artificial Right of Property Contrasted etc.* London, 1832, 69-бет). (Годскиннің бұл шығармасы аноним атпен шықты).

Годскинге дейін *Андерсон* да дәл осыны айтқан болатын \*.  
[XIII—670a]

---

\* Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 146—148-беттер. *Ред.*

**[6) ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ АЗАЮЫ**

[XIII—670a] Тұрақты капиталды (машиналар, шикізат) көбірек қолданатын неғұрлым ірі капиталдың пайдасы,— ол мынадай жиынтық капиталға: қолданылатын нақты еңбек жиынтық капиталдың пропорциялы тұрғыдан алғанда неғұрлым кемірек бөлігі болатын жиынтық капиталға бөлінетін болғандықтан,— неғұрлым аз жиынтық капиталдың пропорциялы түрде неғұрлым елеулі бөлігі болып табылатын нақты еңбекпен жасалатын аз [өзінің массасы бойынша] пайдадан азырақ [өзінің нормасы бойынша] пайда. Өзгермелі капиталдың [относительді] азаюы және тұрақты капиталдың относительді көбеюі, капиталдың бұл екі бөлігі де өскеннің өзінде, *арта түскен еңбек өнімділігінің басқаша көрінісі ғана болып табылады.* [XIII—670a]

**ЕСКЕРТУЛЕР**  
**КӨРСЕТКИШТЕР**





## ЕСКЕРТУЛЕР

<sup>1</sup> Смит туралы бөлімге енетін «Өндіргіш және өндіргіш емес еңбек туралы теориялар» деген үлкен тарауды бітіріп және физиократтар (Неккер жөнінде, Кенэнің «Экономикалық кестесі» туралы және Ленге жөнінде) туралы бөлімге қосымша сипаты бар тағы да үш тарауды жазып, Маркс өзінің жоспарына сәйкес Рикардо туралы бөлімнің жұмысына көшуге тиіс еді. Алайда бұл жұмысқа Маркс бірден көшкен жоқ. Ленге туралы тараудан кейін ол Брей туралы тарауды жаза бастады — мұның өзі «Ленге» деген тарауда «аздаған социалистік жазушылар туралы ескертіле кетуіне байланысты болса керек, олар туралы Маркс «кейіпірек» айтқысы келген болатын (осы басылымның I бөлімінің 319-бетін қараңыз). Осыған сәйкес Маркс X дәптердің тақырыптама-жоспарында «f» тарауының тақырыбындағы (бұл тақырып «e» Ленге» деген тараудың тақырыбынан соң бірден келеді) бастапқыда жазылған «Рикардо» деген сөзді сызып тастап, оның орнына «Брей» деп жазады (мұны да содан, 3-бетінен қараңыз). Алайда Брей туралы тарау бітпей қалған. Кейінірек Маркс Брейдің көзқарасын талдауды саяси-экономдардың пролетарлық қарсыластары туралы тарауға көшіруге ұйғарған (осы басылымның үшінші бөлімін қараңыз).

Брей туралы тараудың жұмысына кірісіп, Маркс Рикардо туралы бөлімді келесі «g» тарауынан бастамақ болған еді. Бірақ бұл жолы да Рикардоның есімі тақырыптамадан сызылып тасталып, «g» тарауы ретінде «Родбертус мырза. Жер рентасының жаңа теориясы» деген тақырып қойылған «Шегініс» пайда болды.

Родбертус туралы тарауды Маркс 1862 жылдың июнінде жазды. Лассальдың 1862 жылы 9 июньде Маркске жазған хатында Лассаль одан Маркс уақытша алған Родбертустың жер рентасы туралы кітабын тез арада қайтаруды өтінді. Тегінде осы жағдай Маркс үшін Родбертус туралы тарауды жазуға дереу кірісуге түрткі болған сыртқы себеп болса керек. Бірақ ең алдымен жер рентасының родбертустық теориясын сын тұрғысынан талдау қажет болатын елеулі ішкі негіздер де бар еді.

Маркстің жазысқан хаттарынан көрінетініндей, ол бұл уақытта жер рентасының рикардолық теориясының қателігі нақ неде екендігі тура-

- лы мәселе Маркске әбден анық болған еді. Рикардоның рента теориясында абсолюттік рента деген ұғымның жоқтығын Маркс бұл теорияның түбегейлі кемшіліктерінің бірі деп есептеді. Родбертус өзінің фон Кирхманға жазған үшінші «Әлеуметтік хатында» осы ұғымды дамытуға тырысқан болатын. Рентаның рикардолық теориясын арнайы талдауға кіріспестен бұрын Маркс осы «Шегінісінде» Родбертустың бұл әрекетін сын тұрғысынан жан-жақты талдады.— 7.
- <sup>2</sup> Маркс өзінің Прудонға қарсы бағытталған «Философия қайыршылығы» деген еңбегін айтып отыр (екінші тараудың «Жер меншігі немесе жер рентасы» деген тақырып қойылған IV параграфы) Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 4-том, 168—178, әсіресе 171—173 және 177-беттері.— 12.
- <sup>3</sup> Мына кітап айтылып отыр: J. Wade. «History of the Middle and Working Classes». London, 1833.— 12.
- <sup>4</sup> Қолжазбада бұл жерде «Rohmaterial» («шикі материал») деген сөз тұр. Қалған жағдайлардың бәрінде Маркс өзінің 1861—1863 жылдардағы қолжазбасында «шикі материал» деген терминді «Капиталдың» I томының 5-тарауында тұжырымдалған неғұрлым тар мағынасында,— «еңбек арқылы белгілі өзгеріске ұшыраған» еңбек заты мағынасында қолданады. (Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, 192-бет). Бұл жерде, бүкіл контексте қарағанда, әңгіме еңбек заты туралы сөздің нағыз кең мағынасында, яғни ең алдымен еңбектің өнімі емес, табиғат берген еңбек заты туралы болып отырғандықтан, «Rohmaterial» деген сөз жаңсақ жазылған, сондықтан оның орнында «Arbeitsgegenstand» («еңбек заты») деген сөз тұруы керек деп болжауға болады. Бұл сөздің аудармасы да осыған сәйкес жасалған.— 15.
- <sup>5</sup> Өзінің 1861—1863 жылдардағы қолжазбасының IV дәптерінде (149 және келесі беттер) Маркс «еңбектің бірінші бөлінісі» деп еңбектің қоғам ішіндегі бір-бірінен тәуелсіз товар өндірушілер арасындағы бөлінісін, ал «еңбектің екінші бөлінісі» деп еңбектің капиталистік кәсіпорын ішіндегі, әсіресе мануфактуралық шеберхана ішіндегі бөлінісін атайды. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 47-том, 295—308 және келесі беттері. «Капиталдың» беттерімен салыстырыңыз.— 17.
- <sup>6</sup> Маркс бұл жерде мына кітаптан цитат келтіріп отыр: T. C. Banfield. «The Organization of Industry». Second edition, London, 1848, p. 40, 42.— 17.
- <sup>7</sup> «Орташа баға» деген терминді («Durchschnittspreis») Маркс бұл арада «өндіріс бағасы» деген терминнің өзі деп, яғни өндіріс шығыны ( $c+v$ ) мен орташа пайданың қосындысы деп түсінеді. «Орташа баға» деген терминнің өзі бұл жерде «азды-көпті ұзақ кезеңнің ішіндегі орташа рыноктық баға немесе рыноктық баға соған ойысатын орталық нүкте» айттылатындығын көрсетеді, мұны Маркс бұдан әрі осы басылымның екінші бөлімінің 330-бетінде түсіндіреді. Бұл термин алғаш рет Марксте осы басылымның бірінші бөлімінің 65-бетінде кездеседі.— 19.
- <sup>8</sup> Өндіріс уақыты мен жұмыс уақыты арасында ішінара егіншілікте орын алатын айырмашылық туралы және осыған байланысты егіншілікте капитализмнің даму ерекшеліктері туралы Маркс өзінің 1857—1858 жылдардағы қолжазбасында жазған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 46-том, II бөлім, 175—177-беттер). Өндіріс кезеңі туралы ұғымды (жұмыс уақытынан басқа, сондай-ақ еңбек заты табиғаттың табиғи процестерінің ғана ықпалына ұшырайтын уақытты да қамтитын

кезең мағынасында) Маркс «Капиталдың» екінші томында екінші бөлімінің 13-тарауында егжей-тегжейлі дамытқан.— 22.

- <sup>9</sup> Капиталистерді бәсекелес жаулар және сонымен бірге «ағайындылар» ретінде бұл сипаттау Марkste «Капиталдың» III томында негізделген. «Әрбір жеке капиталист, құдды әрбір жеке өндіріс саласындағы барлық капиталистердің жиынтығы сияқты, құллі капитал болып бүкіл жұмысшы табын қанауға қатысады да, өзінің қатысуы арқылы осы қанаудың белгілі дәрежесіне себепкер болады» (қараңыз: К. Маркс. «Капитал» III том, 214-бет) дейтін пайда нормасын біркелкілендіру процесін зерттеп, Маркс: «...бір-бірімен бәсекеге түскенде туысқандық сезімдерін соншама аз білдіретін капиталистердің бүкіл жұмысшы табына қарсы күрескенде шынайы масондарша туыстаса кететін себебі бұл жерде математикадағыдай дәл көріне қояды» деп жазды (сонда, 215-бет).— 24.
- <sup>10</sup> «Бұл кітап» деп Маркс «Капитал туралы» деген кітапты — өзінің бүкіл экономикалық еңбегін 1858—1862 жылдары алты кітапқа бөліп шығармақ болған кітаптарының біріншісін және ең негізгісін айтады. (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығ., 43-том, 5 және 11-беттер.— 24.
- <sup>11</sup> P. J. Stirling. «The Philosophy of Trade; or, Outlines of a Theory of Profits and Prices». Edinburgh, 1846, p. 209—210.— 27.
- <sup>12</sup> Жер рентасын егіншілікке жұмсалған капиталдың проценті деп қарастырған Кэридің тұрпайы концепциясы туралы Маркс бұдан әріде (қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 139—140 және 145, 164-беттер) сондай-ақ «Капиталдың» III томында жазады (қараңыз: К. Маркс. «Капитал» III том, 668 және 833-беттер).— 28.
- <sup>13</sup> Бьюкенендегі егіншілік өнімдерінің монополиялық бағасының концепциясы туралы Маркс төменде, осы томның екінші бөлімінің 163, 344 және 404—405-беттерінде айтады. Гопкинстің жер рентасы жөніндегі көзқарасын Маркс осы басылымның екінші бөлімінің 135—140-беттерінде талдайды.— 28.
- <sup>14</sup> Маркс мына кітаптан цитат келтіріп отыр: G. Opdyke. «A Treatise on Political Economy». New York, 1854, p. 60.— 28.
- <sup>15</sup> Мына кітап айтылып отыр: F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851, p. 155.— 32.
- <sup>16</sup> Әрі қарай қолжазбаның алғашқы нұсқасында Маркс мақта өсірушіні, иіруші мен тоқымашыны мысалға келтіретін алғашқы нұсқа бар. Олардың әрқайсысының жеке алатын пайдасы туралы мәселеден Маркс, егер тоқымашы сонымен бірге мақтаны өсіруші де, иіруші де болып табылады деп ұйғарған жағдайдағы пайданың мөлшері туралы мәселені қарастыруға көшеді. Алайда жазылған бұл нұсқа Марксті қанағаттандырмай, ол бастаған нұсқасын тоқтатып, оны сызып тастаған және осыдан кейін өз ойының текте келтірілген нақтыланған тұжырымдамасын берген.— 43.
- <sup>17</sup> Маркстің айтып отырғаны VII және VIII дәптерлердегі (қолжазбаның 319—345-беттері) Дж. Ст. Милль туралы көлемді экскурс. «Қосымша құн теорияларының» Маркс құрастырған тақырыптамасына және оның қолжазбаның VII дәптерінің тектінде (319-бет) көрсетуіне сәйкес Дж. Ст. Милль туралы тарау осы басылымда «Теориялардың» үшінші бөліміне,

рикардошылдар мектебінің ыдырауы туралы тарауға көшірілген. Осы тараудың Дж. Ст. Милльге арналған 7-ші параграфында Маркстің қолжазбасының 332—334-беттері бір капиталистің қолында дайын өнімді өндіру осы өнім үшін тұрақты капитал өндірумен бірігуі пайда нормасына ықпал жасай ма деген мәселені анықтауға арналған.— 43.

- 18 Маркс өзінің зерттеуінің кейін «Капиталдың» үшінші томы болып ұлғайған бөлімін айтып отыр.— 44.
- 19 Маркс саяси экономия жөніндегі өз көшірмелерінің XII дәптеріне сілтеме жасап отыр. Дәптердің тысында Маркстің қолымен: «Лондон, 1851 ж., июль» деп жазылған. Осы дәптердің 14-бетінде Гопкинстің «Economic Enquiries relative to the Laws which Regulate Rent, Profit, Wages, and the Value of Money» (London, 1822) деген кітабынан Маркс осы жерде айтып отырған тұсын көшіріп жазған және мұны ол бұдан кейін «Қосымша құн теориялары» қолжазбасының XIII дәптерінің тысында келтіреді (669 б-беті). Осы басылымда бұл тұс екінші бөлімнің «Қосымшаларында» (616-бетті қараңыз) берілген.— 50.
- 20 «Шикізаттың арзан немесе қымбат болуының оны өңдейтін өнеркәсіп үшін маңыздылығы» туралы Маркс 17-ескертуде айтылған Дж. Ст. Милль туралы көлемді эскурста (қолжазбаның 335—339-беттері) айтады; Маркстің көрсетуіне сәйкес мұның өзі осы басылымда «Қосымша құн теорияларының» үшінші бөліміне, рикардошылдар мектебінің ыдырауы туралы тарауға көшірілген.— 62.
- 21 T. R. Malthus. «Principles of Political Economy». 2nd edition, London, 1836, p. 268. Мальтустың бұл пікірін Маркс «Қосымша құн теорияларының» үшінші бөлімінде «Т. Р. Мальтус» деген тарауда келтіріп, талдайды (қолжазбаның 765—766-беттері).— 64.
- 22 Маркс өз қолжазбасының 335—336-беттерінде Дж. Ст. Милль туралы көлемді эскурста келтірілген мысалды айтып отыр; бұл туралы 17 және 20-ескертпелерде айтылған болатын.— 72.
- 23 Родбертустан алынған бұл цитатқа Маркс «тиісті өзгерістер» енгізген; бұл өзгерістер — Родбертустың есіне келмеген мына бір жағдайдан: ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін өнеркәсіптің өніміне осы шикізаттың құны қалай енетін болса, машина және басқа да өндіріс құралдарының құны егіншілік өніміне де сондай қажеттілікпен кіретіндігінен туындайды. Бұл тұсын Родбертуста келтірілген күйінде алып Маркс жоғарыда келтірген (қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 53 және 54-беттер). Маркстің «Машина құны» («Maschinenwert») деген терминді Родбертустың «Materialwert» («материалдың құны») деген терминіне ұқсастырып алуында кекесін де жоқ емес. Цитаттың тексіндегі Маркс жазған сөздердің бәрі сирете басылған.— 78.
- 24 Қолжазда әрі қарай капитал туралы мұның өзі «басқаның еңбегінің жария түрдегі бейнесі» деген қысқа ғана қосымша келеді; бұл қосымша Марксте шаршы жақшаға алынған және баяндаудың тікелей байланысын үзетіндіктен, басқа орынға көшіру керек деп көрсетілген. Осы басылымда бұл қосымша жоғарыда, екінші бөлімнің 28-бетінде жолма-жол түсіндірме түрінде берілген.— 93.
- 25 Маркс рента (абсолюттік және дифференциалдық) сомасының топырақтың салыстырмалы құнарлылығына тәуелділігі туралы мәселені зерт-

теуге енді ғана кірісетін бұл абзацта ол рентаның сомасы топырақтың құнарлылығына тура пропорциялы (егер топырақтың қайсыбір разряды екіншісінен  $\frac{1}{5}$  бөліктей құнарлырақ болса, онда осы разрядтан алынатын рентаның сомасы да құнарлылығы азырақ разрядтан алынатын рентаның сомасынан  $\frac{1}{5}$  бөлікке көбірек болады деген мағынада) болады деген алдын ала жасалған болжамды пайдаланады. Бұдан арғы зерттеуінде Маркс енді мұндай болжам жасамайды да, рента сомасының топырақтың салыстырмалы құнарлылығына тәуелділігінің нақпа-нақ айтылған тұжырымдамасын береді.

Егер Маркстің бұдан былайғы осы түсіндірмелеріне сәйкес II, III және IV разрядтар әкелегін және барлық разрядтар үшін ортақ баға кварталі  $\frac{1}{3}$  фунт стерлингтен сатылатын кварталердің санына сәйкес түсетін рентаның сомасын есептесек, онда II разряд үшін біз 34 ф. ст., III разряд үшін  $62\frac{4}{5}$  ф. ст., IV разряд үшін  $97\frac{9}{25}$  ф. ст. аламыз. Есеп былай жүргізіледі: II разряд I разрядтан  $\frac{1}{5}$  бөлікке құнарлырақ болғандықтан, ол  $360+72$ , яғни 432 квартал береді, ол  $432\frac{2}{3}$  ф. стерлингке яғни 144 ф. стерлингке сатылады; оның ішінде 110 ф. стерлингін өндіріс шығыны мен орташа пайдадың қосындысын құрайды; жер рентасына (абсолюттік және дифференциалдық) 34 ф. ст. қалады. Дәл осылай III және IV разрядтарға да есеп жүргізіледі.

Рента сомасын шығарудың анықталған әдісін Маркс XII тарауда («Түсіндірмелерімен қоса дифференциалдық рентаның кестелері») кеңінен қолданады, алайда бұл әдіс осы, VIII тарауда-ақ белгіленген. Мысалы, 103-бетте Маркс алдымен 96-бетте келтірілген  $177\frac{7}{25}$  ф. ст. цифрын IV разрядтан алынатын рента сомасы үшін қайталайды және сол разрядтан алынатын дифференциалдық рента үшін  $77\frac{7}{25}$  ф. ст. цифрын береді, одан кейін ол IV разрядтан алынатын дифференциалдық рентаны анықтау үшін дұрыс жол белгілейді, атап айтқанда —  $207\frac{9}{25}$  ф. стерлингтен 120 ф. стерлингті алып, яғни  $87\frac{9}{25}$  ф. ст. деп белгілейді. Егер осы сомаға 10 ф. ст. абсолюттік рентаны қоссақ, онда IV разрядтан алынатын жиынтық рента үшін  $97\frac{9}{25}$  ф. ст. шама шығады, мұның өзі Маркстің бұдан былайғы қорытындыларына толық сәйкес келеді.— 96.

<sup>26</sup> Өзінің «Cours d'économie politique», St.-Petersbourg, 1815 деген еңбегінің екінші томының 78—79-беттерінде Шторх былай деп жазады: «Ең құнарлы жерлердің рентасы ең құнарлы жерлермен бөсекелесетін басқа жерлердің бәріндегі рента көлемін белгілейді. Ең құнарлы жерлердің өнімі сұранымды қапағаттандыруға жеткілікті болып тұрғанда ең құнарлы жерлермен бөсекелесетін құнарлылығы кемірек жерлер өңделуі мүмкін емес немесе ең болмағанда рента бермейді. Бірақ құнарлы жерлер беретін өнімнің мөлшерінен сұраным асып түссе болды, өнімнің бағасы көтеріледі, сөйтіп құнарлылығы кемірек жерлерді өңдеу және олардан рента алу мүмкін болып шығады». Шторхтың бұл көзқарасы жөнінде Маркс сондай-ақ «Капиталдың» III томында (10 және 39-тарауларда) айтады.— 96.

<sup>27</sup> Егіншілік өнімдерінің рыноктық құны жөніндегі мәселеледе Рикардо да, Шторх та дұрыс айтқаны және сөйте тұра екеуі де қателескендігі, өйткені «орташа жағдайды мүлдем естен шығарғандықтары» туралы Маркс «Капиталдың» III томының 10 тарауына берілген 30-ескертуде жазады.— 100.

<sup>28</sup> Бұл мысалдағы есептің екі ұдайылығы туралы 25 ескертуді қараңыз.— 103.

- <sup>29</sup> Маркс бұл жерде I, II, III және IV разрядтарда авансыланған егіншілік капиталына келетін пайданы есепке алмай отыр. Егер I разрядта 100 ф. ст. капитал бұшелі 6 шилл. 8 пенстен (немесе  $\frac{1}{3}$  ф. ст.) 330 бұшель өндірсе, онда бұл разрядтың жиынтық өнімінің құны 110 ф. стерлингке тең, ал оның 10 ф. стерлингі рентаға келетіндіктен, пайдаға еш нәрсе қалмайды. Нақ осылайша барлық төрт разрядтың жиынтық өнімінің құны үшін де оның әрқайсына 100 ф. ст. жұмсалғанда 500 ф. ст. сома келіп шығады, мұның өзі жұмсалған капиталдың орнын толтырудан (400 ф. ст.) және I, II, III және IV разрядтардағы 100 ф. ст. (10+20+30+40) құрайтын жер ренталарының сомасынан ғана құралады.— 107.
- <sup>30</sup> Неғұрлым құнарлы топыраққа жұмсалатын капиталдар төлейтін дифференциалдық ренталардың пайда болуы нәтижесінде рентаның жоғарылығының (нормасының) ұлғаюы «жалған элеуметтік құнға» негізделгендіктен «солай болып қана көрінеді»; бұл туралы Маркс «Капиталдың» III томының 39-тарауында неғұрлым егжей-тегжейлі айтады (қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, 710—711-беттер). Бұдан арғы тексте Маркстің түсіндіргеніндей, неғұрлым құнарлы жерді арепдалайтын капиталист өзінің өнімін құнарлылығы аз жерден алынған өнімнің бағасымен сатады, мұның өзі «сол мөлшердегі өнімді өндіру үшін оған сол мөлшердегі капитал яғни құнарлылығы аз жерге кететін капитал қажет болатыны сияқты.— 107.
- <sup>31</sup> 90, 80 және 70 деген сандарды Маркс II, III және IV разрядтарда жұмсалған капиталдар мен олар әкелетін дифференциалдық ренталардың арасындағы айырма ретінде алған болуы керек (II разрядта 100 ф. ст. капитал 10 ф. ст. дифференциалдық рента әкеледі, III разрядта — 20 ф. ст., IV разрядта — 30 ф. ст.). Егер II разрядының өнімі 360 бұшельге, III разрядтың өнімі 390 бұшельге және IV разрядтың өнімі — 420 бұшельге тең болатынына сүйеніп дәл есебін шығарсақ, онда мынадай сандар шығады:  $91\frac{2}{3}$  ф. ст.,  $84\frac{8}{13}$  ф. ст., және  $78\frac{4}{7}$  ф. ст.— 107.
- <sup>32</sup> Маркс жақшаға алған бұл абзац қолжазбада екі абзац төменірек (сол 494-бетте) Петти мен Давенанттың жер рентасы шамасының өзгеруіне деген көзқарастары туралы шағын тарихи экскурстың арасына жазылған. Өзінің мазмұны бойынша жақшаға алынған абзац Маркстің егіншіліктің өнімділігі мен онеркәсіптің өнімділігі арасындағы арақатынас туралы осының алдындағы пайымдауларына жанамалас.— 111.
- <sup>33</sup> Маркс Андерсонның мына еңбегін айтып отыр: «An Inquiry into the Nature of the Corn Laws; with a view to the new Corn-Bill proposed for Scotland», Edinburgh, 1777.— 113.
- <sup>34</sup> Әңгіме Адам Смиттің мына шығармасы туралы болып отыр: «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations», London, 1776.— 113.
- <sup>35</sup> *Британ музейі* — ағылшынның ұлттық музейі (1753 жылы құрылған) Лондонда орналасқан. Музейдің ең маңызды бөлімі — дүние жүзіндегі ең ірі кітапханалардың бірі болып табылатын кітапханасы. Британ музейінің кітапханасында Маркс пен Энгельс жұмыс істеген. 1908 жылдың май-июнь айларында онда В. И. Ленин жұмыс істеген.— 113.
- <sup>36</sup> Әңгіме Рикардоның өзінің «On the Principles of Political Economy, and Taxation» деген кітабының бірінші басылымына жазылған алғы сөз туралы болып отыр. Қараңыз: D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy, and Taxation». Third edition, London, 1821, p. VI—VII.— 114.

- 37 [Th. R. Malthus.] «An Essay on the Principle of Population». London, 1798.— 114.
- 38 Маркс өзінің 1861—1863 жылдардағы қолжазбасының III дәптерінде «Абсолюттік қосымша құн» бөлімінде цитат келтірген (112—113-беттер) Таунсендтің «A Dissertation on the Poor Laws» (London, 1786) деген кітабын айтып отыр. Онда Маркс келтірген үш цитаттың бәрі де «Капиталдың» I томының 23 тарауында да берілген (Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, 658-бет).— 114.
- 39 37-ескертуді қараңыз.— 118.
- 40 Мальтустың «The Grounds of an Opinion on the Policy of Restricting the Importation of Foreign Corn» және «An Inquiry into the Nature and Progress of Rent» деген кітапшалары айтылып отыр.— 119.
- 41 1815 жылғы астық заңы айтылып отыр; онда Англияның өзінде астықтың бағасы кварталіне 80 шиллингтен төмен болып тұрғанда Англияға сырттан астық әкелуге тиым салынған болатын.— 119.
- 42 Немістің тұрпайы эконоμισі, Лейпциг университетінің профессоры Рошерді тұспалдау.— 120.
- 43 Австрияның дін уағыздаушысы және әдебиетшісі Ульрих Мегерле (1644—1709) *Абрагам а Санга Клара* деген атпен белгілі болған; ол католицизмді қалың жұртшылыққа ұғымды етіп насихаттауға тырысқан, бейне халықтың стильде құрастырып, «жанның қамын ойлаған» уағыздар мен ақылгөйлік шығармалар жазған.— 120.
- 44 Қолжазбада бұдан әрі шағын қосымша келеді, онда Маркс жалақының деңгейі жөніндегі Рикардошың көзқарасын осы мәселедегі Мальтустың көзқарасына қарсы қояды. Бұл қосымша жоғарыда осы басылымның екінші бөлімінің 120-бетінде жолма-жол түсіндірме түрінде берілген.— 121.
- 45 Маркс Мак-Куллохтың мына еңбегін айтып отыр: «The Literature of Political Economy: a Classified Catalogue of Select Publications in the Different Departments of that Science, with Historical, Critical, and Biographical Notices», London, 1845.— 121.
- 46 Маркстің Рошерді аса ірі ежелгі грек тарихшысы Фукидидтің есімімен атау себебі: Маркстің өзі «Қосымша құн теорияларының» III бөлімінде (Маркстің қолжазбасының 922-беті) жазғанындай «профессор Рошер мырза өзін сыпайы түрде ғана саяси экономияның Фукидидімін деп жариялаған». Рошердің нысапсыздықпен Фукидидке сілтеуі оның «Grundlagen der Nationalökonomie»-сінің кіріспесінде бар.  
«Фукидид Рошер» деген ат нағыз көкесін мәңде айтылған: Маркстің осы тарауда және басқа бірқатар жерлерде көрсететініндей, Рошер экономикалық қатынастардың тарихын да, экономикалық теорияның тарихын да өрескел бұрмалаған.— 122.
- 47 1815 жылы Лондонда басылып шыққан Уэсттің «Essay on the Application of Capital to Land, with Observations shewing the Impolicy of any great Restriction of the Importation of Corn» деген және Рикардоның «An Essay on the Influence of a Low Price of Corn on the Profits of Stock; shewing the Inexpediency of Restrictions on Importation» деген еңбектері айтылып отыр.— 123.



- <sup>48</sup> W. Roschè. «System der Volkswirtschaft». Band I: Die Grundlagen der Nationalökonomie», Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage. Stuttgart und Augsburg, 1858, S. 191.—124.
- <sup>49</sup> Маркс Гопкинстің мына кітабын айтып отыр: «Economical Enquiries relative to the Laws which Regulate Rent, Profit, Wages, and the Value of Money», London, 1822. Бұл кітаптан тиісті тұсын Маркс төменде (қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 142-бет) келтірген.— 126.
- <sup>50</sup> «Қосымша құн теорияларының» бұдан арғы текстінде Маркс Рошердің бұл көзқарастарын талқылауға оралған жоқ. Бірақ «Теориялардың» үшінші бөлімінде, «Рикардошылдар мектебінің ыдырауы» деген тарауда Рошердің көзқарастары сияқты Ж. Б. Сэй ұсынған «өндіргіш қызмет» дейтін апологеттік концепциясының күшті ықпалымен қалыптасқан Мак-Куллохтың осыған ұқсас тұрпайы көзқарастарын кең түрде сыға алады, бұл туралы Маркс келесі абзацта айтады. «Капиталдың» I томында Маркс Рошердің табиғатқа құнның қайнар көздерінің бірі деп қарайтын көзқарасына 6 тарауға берілген 22-ші ескертуде тоқталған. Сондай-ақ «Капиталдың» III томының, 48-тарауын қараңыз (К. Маркс «Капитал», III том, 889—890-беттер).— 133.
- <sup>51</sup> Англиядағы қауымдық жерлерді «қоршау» туралы Маркс неғұрлым толығырақ «Капиталдың» I томының, 24-тарауында айтады (қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, 734—738-беттер).— 145.
- <sup>52</sup> Әңгіме халықтың саны өсуінің мальтустық теориясы туралы болып отыр.— 147.
- <sup>53</sup> Мұнда келтірілген сөздерді итальяндық Камилло Тарелло де Леонато (XVI ғ.) айтқан, бұл мәселедегі оның пікіріне Андерсон толық қосылады.— 147.
- <sup>54</sup> Маркстің Андерсоннан келтірген тұсы Андерсонның «An Inquiry into the Nature of the Corn Laws» (Edinburgh, 1777) деген кітабынан Мак-Куллох цитат алған үлкен үзіндінің бір бөлігі болып табылады, кітапта бүкіл бұл үзінді 45—48 беттерді алып жатыр.— 148.
- <sup>55</sup> «Топырақтың құнарлылығы» дегенде Маркс мұнда осы жерден алынатын рентаның жалпы сомасын түсінеді.— 152.
- <sup>56</sup> I. Mill. «Elements of Political Economy». London, 1821, p. 198.— 157.
- <sup>57</sup> «Капиталдың» I томында, 24-ші тарауда Маркс 1801 және 1831 жылдар аралығында Англияның селолық халқынан 3 511 770 акр қауымдық жер тартып алынып, «лендлордтардан тұратын парламент лендлордтарға тарту етті» деп жазады (қараңыз: К. Маркс «Капитал», I том, 738-бет).— 160.
- <sup>58</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 4-том, 170-бет.— 162.
- <sup>59</sup> Бұл да сонда, 173-бет.— 162.
- <sup>60</sup> Сонда, 176-бет.— 162.
- <sup>61</sup> Сонда, 170—171-беттер.— 162.
- <sup>62</sup> «Ауыл шаруашылығы машиналары» деп Родбертус бұл жерде өзінің құнарлығы жағынан әр түрлі жердің разрядтарын айтады. Жерді тиімді-

лігі әр түрлі машиналармен салыстыруды Родбертус Мальтустан үйренген болатын.— 162.

- <sup>63</sup> «Қосымша құн теорияларының» II бөлімінде «шығын бағасы» («Kostenpreis» немесе «Kostpreis», «cost price») деген терминді Маркс өндіріс бағасы, немесе «орташа баға» ( $c+v$  орташа пайда) мағынасында қолданады. «Орташа баға» термині туралы 7-ескертуді қараңыз.

Алғаш рет «Kostenpreis» деген термин Марксте осы басылымның бірінші бөлімінің 66-бетінде кездеседі, бірақ онда ол товардың құнымен дәл келетін товар «өндірісінің имманенттік шығындары» ( $c+v+m$ ) мағынасында қолданылған.

«Қосымша құн теорияларының» III бөлімінде «Kostenpreis» деген термин Марксте бірде өндірістің бағасы мағынасында қолданылады, (мұндай жағдайларда ол «шығын бағасы» деген сөздермен аударылады) бірде капиталист үшін өндіріс шығыны мағынасында, яғни  $c+v$  мағынасында қолданылады (мұндай жағдайларда ол «өндіріс шығыны» деген сөздермен аударылады).

«Kostenpreis» терминінің үш түрлі қолданылуының себебі «Kosten» сөзі («шығын», «өндіріс шығыны») экономикалық ғылымда әр түрлі үш мағынада қолданылған, мұны Маркс «Қосымша құн теорияларының» III бөлімінде (1861—1863 жылдардағы қолжазбаның 788—790 және 928-беттері) арнайы атап көрсетеді: 1) капиталист авансылаған соманың мағынасында, 2) аваныланған капитал мен орташа пайданың қосындысы мағынасында және 3) товардың өзі үшін нақтылы (немесе имманенттік) өндіріс шығыны мағынасында.

Буржуазиялық саяси экономияның классиктерінде кездесетін осы үш мағынадан басқа «өндіріс шығыны» терминінің тағы бір төртінші, тұрпайы мағынасы бар, оны «өндіріс шығынын» «еңбектің, капиталдың және жердің өндіргіш қызметі үшін төленетін сома» деп анықтайтын Ж. Б. Сэй қолданады. (J. B. Say. «Traité d'économie politique». Seconde édition. Tome II, Paris, 1814, p. 453). «Өндіріс шығынының» мұндай тұрпайы түсінігін Маркс үзілді-кесілді теріске шығарады (мәселен осы басылымның, II бөлімінің 132, 222 және 492-беттерін қараңыз).— 164.

- <sup>64</sup> Цитат А. Смиттің «Халықтар байлығы» деген еңбегінің Бьюкенен шығарған басылымына оның берген жолма-жол ескертүүлерінің бірінен алынды) (Adam Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». In three volumes. With notes, and additional volume, by David Buchanan. Vol. II, Edinburgh, 1814 p. 55). Бьюкененнің бұл пайымдауы Рикардоның «Principles»-нің 2-ші тарауында (сілтемеде) келтірілген.— 165.

- <sup>65</sup> D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy, and Taxation». Third edition. London, 1821, p. 1—12.—167.

- <sup>66</sup> J. B. Say. «Traité d'économie politique». Cinquième édition. Tome I, Paris, 1826, p. LXXXIII—LXXXIV. Или J. B. Say. «Traité d'économie politique». Sixième édition. Paris, 1841, p. 41.— 168.

- <sup>67</sup> Маркс Рикардоның кітабында салық туралы баяндайтын тарауларға сөздің шын мәніндегі салық туралы әңгіме болатын 12 тараудан (VIII—XVIII және XXIX) басқа тағы екі тарауды — XXII және XXIII тарауларды («Шетке шығарғаны және шеттен әкелуді тоқтатқаны үшін берілетін сыйлықтар» және «Өндіріс үшін берілетін сыйлықтар») жатқызады, бұларда да салық салу мәселелері сөз болады: Рикардоның теориясы бойынша сыйлықтар халықтан алынатын қайсыбір салықтардан құралатын қордан төленеді.— 170.

- <sup>68</sup> 18-ескертуді қараңыз.— 173.
- <sup>69</sup> «Тұтынуға жалпы кіретін тіршілік құралдары» деп Маркс бұл арада, бір жағынан, жекелей тұтынуға қажетті барлық құралдарды, екінші жағынан, машиналардың өндірістік тұтынуына қажетті қосымша материалдарды (көмір, жағар май, т. б.) айтады.— 177.
- <sup>70</sup> «Өндіріс уақыты» және «жұмыс уақыты» деген ұғымдар туралы 8-ескертуді қараңыз.— 182.
- <sup>71</sup> Орташа пайда фермер мен фабрикант жұмсаған капиталдар тең болған жағдайда  $20\frac{5}{26}$  процент құрайды. Ал егер жұмсалған капиталдардың шамасындағы айырманы — фермерде 800 ф. ст. және фабрикантта 1 300 ф. ст. (барлығы 2 100 ф. ст.) есепке алсақ, онда екеуінің  $\frac{400 \times 100}{2100}$  400 ф. стерлингке тең жиыптық пайдасында орташа пайда  $\frac{400 \times 100}{2100} = 19\frac{1}{21}$  процент болады.— 191.
- <sup>72</sup> Мальтустың, Торренстің, Джемс Милльдің және Мак-Куллохтың көзқарастары туралы осы басылымның үшінші бөлімінің тиісті тарауларын қараңыз.— 196.
- <sup>73</sup> Ағылшынның *квартерінде* (сусымалы заттардың 290,9 литрге тең өлшемі) 8 *бушель* бар.— 207.
- <sup>74</sup> Кәсіпкерлердің әр түрлі топтарының «саны немесе шамаларының пропорциялы арақатынасы» деп Маркс мұнда осы топтардың әрқайсысының рынокқа әкелетін өнімінің мөлшерін түсінеді.— 211.
- <sup>75</sup> Маркс Корбеттің «An Inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of Individuals; or the Principles of Trade and Speculation Explained» (London, 1841) деген кітабын айтып отыр; онда Корбет өнеркәсіптегі бағаны ең жақсы жағдайда өндірілетін товарлар реттейді деп пайымдайды, осының өзінде, оның ойынша, дәл осы товарлар бұл төктес товарлардың бөрінің басым көпшілігін құрайды (42—44-беттер).— 211.
- <sup>76</sup> Жоғарыда осы басылымның екінші бөлімінің 122-бетінде Маркс Рошердің «Die Grundlagen der Nationalökonomie» деген кітабынан цитат келтірген; онда жер рентасының андерсондық теориясының төңірегіндегі күреске және «ақшалы адамдар мен жер иелерінің арасындағы антагонизмге» деген Рошердің көзқарастарындағы шым-шытырық шатасу көрсетілген болатын.— 216.
- <sup>77</sup> 10 процент бұл жердегі пайданың орташа нормасы болып табылады деп жобаланады.— 225.
- <sup>78</sup> Маркс Джемс Стюарттың «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy», vol. I, Dublin, 1770, деген кітабын айтады; онда ағылшын деревнясының негізінен натуралдық шаруашылығынан егіншілікті капиталистік кәсіпкерліктің бір саласына айналдыруға, ауыл шаруашылығындағы едбекті интенсификациялауға және село халқың экспроприациялауға ұласқан товарлы және капиталистік шаруашылыққа көшу процесі көрсетілген. Стюарттың «адамдар уақытты бағалай бастайды» деген сөздері кітаптың бірінші томының 171-бетінде көрсетілген. Осы сөздерді Стюарттан алынған басқа да цитаттармен бірге Маркс 1857—1858 жылдардағы экономикалық қолжазбасында да келтірген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 46-том, II бөлім, 294 және 373-беттер).— 239.

- <sup>79</sup> Маркс Хюльманның мына кітабын айтып отыр: «Städtewesen des Mittelalters», Theile 1—4, Bonn, 1826—1829.—239.
- <sup>80</sup> Рентаның (абсолюттік рента және дифференциалдық рента, бірге алғанда) барлық сомасы рыноктық құн мен шығын бағасы арасындағы айырмаға тең деген қағиданы Маркс неғұрлым толығырақ осыдан былай қарай қарастырады (қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 303-бет).—265.
- <sup>81</sup>  $16/65$  ф. ст. шама III разрядта бір тонна көмірдің  $1\frac{3}{5}$  ф. ст. болатын жеке-лей құнын бір тонна көмірдің  $1\frac{11}{13}$  ф. стерлингке тең жаңа рыноктық құнынан шегерудің нәтижесінде шығады.—266.
- <sup>82</sup> Маркстің бұдан бұрынғы мысалдары егіншілікке емес, өнімділігі әр түрлі көмір шахталарын пайдалануға қатысты болатын. Бірақ осы шахталар туралы айтылғанның бәрін құнарлылығы әр түрлі жерлердегі егіншілікке де қолдануға келеді.—267.
- <sup>83</sup> *Дифференциалдық құн* (Differentialwert) деп Маркс, өзі төменіректе түсіндіретіндей (қараңыз: осы басылымы, II бөлім, 277-бет), рыноктық құн мен жеке құнның арасындағы айырманы атайды. Дифференциалдық құнды Маркс өнімнің бір өлшеміне, дифференциалдық рентаны осы разрядта өндірілген барлық өнімге қатысты анықтайды. Егер өнімнің бір өлшемінің рыноктық құны оның жеке-лей құнынан көп болса, онда айырма оң шама болады; егер ол жеке құннан аз болса, онда айырма теріс шама болады. Осыдан барып қолжазбаның 574-бетінде (осы басылымның екінші бөлімінің 272—273-беттерінің арасындағы жапсырманы қараңыз) Маркс берген құрама кестедегі + және — таңбалары шыққан. Қолжазбаның 572-бетіндегі (осы басылымның екінші бөлімінің 270-беті) *C*, *D* және *E* кестелерінде Маркс + және — таңбаларын дифференциалдық рентаның шамасын (фунт стерлингпен) білдіретін сандардың алдына қояды. Мысалы, *C* кестесінде «Дифференциалдық рента» графасында « $-9\frac{3}{13}$  ф. ст.» деген теріс шама тұр. Бұл осы жағдайда I разрядтың құнарлылығы төмен екендігі соншалық, тіпті бұл разрядтың жері сол кездегі рыноктық құнның жағдайында ешқандай дифференциалдық рента әкелмек түгілі, мұнда абсолюттік рентаның өзі оның қалыпты шамасынан едәуір төмен екендігін көрсетеді. I *C* жағдайында абсолюттік рента бар болғаны  $10/13$  ф. стерлингке тең, яғни ол бұл мысалда 10 ф. ст. құрайтын қалыпты шамадан  $9\frac{3}{13}$  ф. ст. төмен. Қолжазбаның 574-бетіндегі құрама кестеде Маркс теріс дифференциалдық рентаның осы көрінісін теріс дифференциалдық құнның көмегімен білдіреді, ал «Дифференциалдық рента» графасында мұндай жағдайда оң дифференциалдық рентаның жоқтығын білдіретін «0» цифрын қояды (кейбір жағдайларда теріс дифференциалдық рента болса, ол «Абсолюттік рента» графасында көрсетілген абсолюттік рентаның шамасының тиісінше азаюымен көрінеді). Теріс шамаларды «Дифференциалдық құн» графасына көшіру қолжазбаның 572-бетіндегі *C* кестесінде келіп шыққан қолайсыздықты жояды, онда әр түрлі разрядтардың дифференциалдық ренталарын қосу қажет болған еді: қосындыға тек қана оң, + таңбасы бар дифференциалдық ренталар ғана енген, ал « $-9\frac{3}{13}$  ф. ст.» теріс шама дифференциалдық ренталарды қосқан кезде екі рет есептеп қоймас үшін жай ғана ноль деп алынды. Сондықтан теріс дифференциалдық ренталарды есептеп шығару үшін Маркс өзінің құрама кестесіне «Тоннаның дифференциалдық құны» деген ерекше рубрика енгізген, оған сондай-ақ теріс дифференциалдық құндар да кіреді.—271.

- <sup>84</sup> Осы сөздерден кейін Маркс қолжазбаның 573-бетінде әлгінде айтылған барлық рубрикалар бойынша *A*, *B*, *C* және *D* кестелерінің толық форма-

сында салыстырмасын береді. Қолжазбаның келесі, 574-бетінде Маркс *A, B, C* және *D* кестелерінің барлық мәліметтерін неғұрлым ықшам түрде тағы бір рет көшіреді де, оларға *E* кестесінің тиісті мәліметтерін қосады. Сөйтіп осы басылымның екінші бөлімінің 272—273-беттері арасындағы жапсырмаға басылған біртұтас құрама кесте шығады. Қолжазбаның 573-бетінде *A, B, C* және *D* кестелерінің сол мәліметтерінің Маркс жасаған салыстырмасы құрама кестеге түгелдей енгендіктен, тексте бөлек қайталанып берілмеді.— 271.

<sup>85</sup> «Саяси экономияның сынына» деген еңбектің бірінші шығарылуы айтылып отыр. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 13-том, 51-бет.— 273.

<sup>86</sup> Маркс келтіріп отырған мысалда авансыланған капиталдың екі құрамдас бөлігіне де өндірілуі жер меншігіне тәуелді өнім пропорциялы түрде бірдей мөлшерде енеді. Маркс мұнда тұрақты капитал (80 *c* орнына 88*c*, шикізаттың қымбаттауы салдарынан) мен өзгермелі капиталдың (20*v* орнына 22*v*, жұмысшылар тұтынатын заттардың қымбаттауы салдарынан) ұлғаюына қарамастан, жиынтық өнімнің рыноктық құны бұрынғысынша 120-ға тең болып қалады деп алады (осы басылымның екінші бөлімінің 289—298-беттерінде қарастырылатын басқа бір мысалда Маркс, керісінше, рыноктық құнның өзгеруін негізге алады). Тұрақты және өзгермелі капиталдың осы қымбаттауы нәтижесінде жиынтық өнімнің бұрынғы рыноктық құны сақталып қалған жағдайда капиталист иемденетін қосымша құн 20-дан 10-ға азайды және осыған сәйкес өнімі неғұрлым аз учаскелерді пайдалануға көшуге байланысты өнімі неғұрлым көп учаскелердегі дифференциалдық рента 10 өлшемге көбейді. Сөйтіп, бұрынғысынша 40-қа тең жаңадан жасалған құн (өйткені өндіріс әдісі бұрынғы күйінде қалды) мынадай қайта бөлуге ұшырайды: 10 өлшем енді капиталистке қалатын қосымша құнды құрайды, 20 өлшем өзгермелі капиталдың орнын толтыруға кетеді, ал 10 өлшем тұрақты капиталдың құнын сегіз өлшемге, өзгермелі капиталдың құнын екі өлшемге көбейту жолымен дифференциалдық рентаны көбейтуге кетеді.

Әрі қарай, қолжазбаның 684—686-беттерінде (осы басылымның екінші бөлімінің 477—480 беттері) Маркс осыған ұқсас жағдайды өнімі өзінің натуралдық формасында осы капиталдың тұрақты және өзгермелі бөліктерінің элементтерін құрауға кіретін егіншілік капиталының мысалында қарастырады.— 286.

<sup>87</sup> Маркстің өзі тікелей келесі абзацта «мүмкін емес» деп атаған осы есепті құрастырғанда Маркс мақта иіруде жаңадан қосылған еңбек 40 ф. стерлингке тең болатынын негізге алған және қажетті жалақы  $\frac{1}{3}$  бөлікке жоғарылайды деген болжамға сәйкес ф. стерлингтің осы санын қажетті және қосымша еңбекке бөлуден шектелген. Есептің мүмкін емес болып шығуы, бұл жағдайда — 100 ф. ст. капитал тұсында — жұмысшылардың бұрынғы санын (20 адам) және олар жаңадан қосатын еңбектің бұрынғы жиынтығын (40 ф. ст.) өзгеріссіз қалдыруға болмайды. Егер қажетті жалақы, болжамға сәйкес,  $\frac{1}{3}$  бөлікке жоғарылаған екен, 100 ф. ст. капитал енді 20 жұмысшы жалдай алмайды, олардың санын  $18\frac{3}{4}$ -ке дейін қысқартуға мәжбүр болады, міне осыны Маркс өзінің бұдан былайғы есебінде ескеріп отырады. Ал жұмысшылар санының өзгеруінен келіп II жағдайға қатысты есептегі басқа өзгерістердің бәрі шығады. Бұл есеп былайша шығады. Егер бұрын бір жұмысшы 1 ф. стерлингке түсетін болса, енді ол  $1\frac{1}{3}$  ф. стерлингке түседі, ал 20 жұмысшы енді  $26\frac{2}{3}$  ф. стерлингке түседі. Демек, жиі өндірісін бұрынғы көлемде жалғастыра беру үшін  $106\frac{2}{3}$  ф. ст. капитал қажет, оның құрылымы  $80c + 26\frac{2}{3}v$  болады. 100 ф. стерлингке шаққанда капиталдың құрылымы  $75c + 25v$  болады.— 295.

- <sup>88</sup> Маркс бұл жерде, ал сондай-ақ кейде бұдан былай да, «Produktionskosten» деген терминді өндіріс шығыны мен орташа пайданың қосындысы мағынасында, яғни шығын бағасы (өндіріс бағасы) мағынасында қолданады. «Produktionskosten» деген терминді осыған ұқсас мағынада қолдану «Капиталдың» III томының кей жерлерінде де кездеседі. Қараңыз: К. Маркс. «Das Kapital». 3-ter Band, 2-ter Theil, Hamburg, 1894, S. 192, 213, 271—273. (Орысша аудармасын мынадан қараңыз: К. Маркс «Капитал», III том, 700, 725, 795—797-беттер).— 302.
- <sup>89</sup> 26-ескертуді қараңыз.— 302.
- <sup>90</sup> Уэйкфилдтің отарлау теориясы туралы мынадан қараңыз: К. Маркс. «Капитал». I том, 25-тарау.— 311.
- <sup>91</sup> Осының алдындағы тарауда Маркс D кестесінде I разряд «мүлдем енжар роль атқарады» (302-бет): «рынокты ол белгілемейді, мұны оған қарсы IV, III, II разрядтар белгілейді» (304-бет), олар рынокқа қысым жасау арқылы өнімнің рыноктық құнын I разрядтың өнімінің жекелей шығын бағасының деңгейінде, яғни бұл өнімнің жекелей құнының деңгейінен анағұрлым төмен деңгейде ұстап тұрады деп көрсетті.— 330.
- <sup>92</sup> Шығынның рыноктық бағасы (the market cost-price) деп Маркс өндірістің белгілі бір сферасындағы товарлардың рыноктық бағасын реттеп отыратын шығынның жалпы бағасын түсінеді. Салыстырыңыз: осы басылымы, II бөлім, 126-бет. Мұнда шығынның рыноктық бағасы «жалпы орташа баға», «рыноктық орташа баға» деген атпен тұлғаланған.— 331.
- <sup>93</sup> 338—339-беттерде басылған құрама кестенің соңғы графасында, сондай-ақ 340—341-беттердегі тексте «абсолюттік рента» деп Маркс абсолюттік рентаның нормасын айтады.— 340.
- <sup>94</sup> «The Morning Star» («Таңғы жұлдыз») — ағылшынның күнделікті газеті, фритредерлердің органы; Лондонда 1856 жылдан 1869 жылға дейін шығып тұрған.— 341.
- <sup>95</sup> Рикардо рентаны «құнның жасаған дүниесі» («a creation of value») деп атағанда мына мағынада: ол жер меншікшілеріне барлық қоғамдық өнімнің өсімін өз қолына алуға мүмкіндік береді деген мағынада атайды, ал мұның өзі Рикардоның ойынша, астықтың қайсыбір бөлігін өндірудің қиыншылығы көбеюінің салдарынан болады, бұдан қоғамның нақты байлығы ешқандай көбеймейтіндіктен Рикардо мұны «номиналдық» деп атайды. Өзінің кітабының 32-ші тарауында Рикардо Мальтустың рентаға «таза ұтыс және байлықтың жападан жасалуы» деп қарайтын көзқарасын сыға алады және рента қоғамның байлығына тұтас алғанда еш нәрсе қоспайды, тек «астық пен товар құнының бір бөлігін олардың бұрынғы иелерінен жер иелеріне аудару» ғана болып табылады деген қағиданы ұсынады.
- Рикардоның «Principles»-інің осы тұсын неғұрлым толық түрінде Маркс әрі қарай — осы басылымның екінші бөлімінің 574-бетінде пайдалана келтіреді. Мұның өзі Маркстің «жалған әлеуметтік құн» туралы іліміне бастама пункт болған болатын (қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, 710—711-беттер). Сондай-ақ 30-ескертуді салыстырыңыз.— 355.
- <sup>96</sup> Маркс Родбертустың егіншілік өнімінің өндіріс шығынына шикізаттың құны кірмейді деген қағидасын айтып отыр. Қараңыз: осы басылымы, II бөлім, VIII тарау, § 4.— 356.
- <sup>97</sup> Бұл жолды Маркс Смиттің үйлерден алынатын рента туралы көзқарасына қатысты үзіндіні жазып қойғаннан кейін барып қосқан (Маркстің қолжазбасының 641-беті).— 380.

- <sup>98</sup> Бұл үзіндіде келтірілген Смиттен алынған екі цитаттың екеуі де Маркс осы басылымның екінші бөлімінде Смиттен цитат келтіретін Гарньеңің французша аудармасы бойынша алып отырған жоқ, ағылшын тілінде, Рикардоның «On the Principles of Political Economy, and Taxation» деген кітабы бойынша (үшінші басылымы, 14-ші тарау) алып отыр.— 382.
- <sup>99</sup> Маркс Рикардоның «On the Principles of Political Economy, and Taxation», third edition, London, 1821 деген кітабының 230-бетін айтып отыр. Орысша аудармасы — I том, 170—171-беттер.— 382.
- <sup>100</sup> Әрі қарай қолжазбада Рикардоның өзінің рента жөніндегі түсінігі туралы айтақандарына талдау жасалатын үзінді келеді. Өзінің алдындағы текстен сызықпен бөлінген бұл үзінді Рикардоның рента теориясы талданатын тарауларға қосымша болып табылады; өзінің мазмұны бойынша ол он үшінші тарауға жатады және осы басылымда солай орналастырылған да (қараңыз: 346-бет).
- Бұл үзіндіден соң қолжазбада Рикардоның шығын бағасы теориясына Маркс оныншы тарауда беретін талдауға қосымша келеді, бұл басылымда ол ай жақшаға алынып, сол тарауға көшірілген (қараңыз: 222-бет).— 389.
- <sup>101</sup> Бұдан әрі қолжазбада (641-бет) Смиттің үйлерден алынатын рента жөніндегі көзқарастарына қатысты үзінді бар. Бұл үзінді осы басылымда он төртінші тарауға ауыстырылған (қараңыз: 399—401-беттер).— 402.
- <sup>102</sup> Бұдан кейін қолжазбада (642-беттің аяғы және 643-беттің басы) тұрақты және өзгермелі капиталдардың құнындағы бір-біріне қарама-қарсы өзгерістерге қатысты үзінді келеді. Маркс қолжазбасының 640—641-беттеріне қосымша болып табылатын бұл үзінді осы басылымның екінші бөлімінің 399—401-беттерінде келтірілген.— 403.
- <sup>103</sup> Рикардо монополиялық бағаның бұл анықтамасын өзінің «Principles» (үшінші басылымы, 289—290-беттер; орысша аудармасы — I том, 207-бет) деген еңбегінің 17-тарауында береді. Монополиялық бағаға А. Смит берген осындай анықтаманы Маркс жоғарыда осы басылымның екінші бөлімінің 361-бетінде келтірген.— 405.
- <sup>104</sup> Маркс бұл арада Рикардоның «On the Principles of Political Economy, and Taxation» (third edition) деген кітабының бірінші тарауының IV және V бөлімдерін айтып отыр; мұнда Рикардо жалақының артуының немесе төмендеуінің табиғи құрылымы әрқелкі капиталдар өндіретін товарлардың «относительді құнына» ықпалы туралы мәселені зерттейді. Маркс осы басылымның екінші бөлімінің 177—206-беттерінде осы екі бөлімге сын тұрғысынан егжей-тегжейлі талдау жасаған.— 409.
- <sup>105</sup> Маркс бұл жерде, мысал ретінде, егіншілік капиталының табиғи құрылымының өнеркәсіп капиталының табиғи құрылымына жақындау процесінің өтуі мүмкін болатын бағыттардың бірін белгілейді. Бастапқы негіз ретінде Маркс
- егіншілік капиталы үшін  $60 c + 40 v$   
егіншілік емес капитал үшін  $80 c + 20 v$  құрылымын алады.
- Егіншіліктегі еңбектің өнімділігі артуының нәтижесінде егіншіліктегі жұмысшылардың саны төрттен біріндей шамаға қысқарады дегенге Маркс қарсы емес. Демек, егіншілік капиталының табиғи құрылымы өзгереді: бұрын құрылымы  $60 c + 40 v$  болатын 100 өлшем капитал жұмсау керек болған өнімге енді құрылымы  $60c + 30 v$  болатын не бары 90

өлшем капитал жұмсау керек болады, мұның өзі 100-ге шаққанда  $66\frac{2}{3}c + 33\frac{1}{3}v$  береді. Сонымен, өгіншіліктегі капиталдың табиғи құрылымы өнеркәсіптегі капиталдың табиғи құрылымына жақындаған болар еді.

Маркс одан әрі өгіншіліктегі жұмысшылар санының қысқаруымен бірге астықтың арзандауына байланысты жалақының төрттен бір бөлігінің кемитініне де қарсы болмайды. Мұндай жағдайда өнеркәсіпте де жалақы дәл сондай пропорцияда кемиді деп есептеу қажет. Алайда құрылымы неғұрлым төмен болатын өгіншіліктегі капиталда жалақының төмендеуі өгіншіліктегі емес капиталға қарағанда көбірек дәрежеде аңғарылуга тиіс. Мұның өзі өгіншіліктегі капиталдың құрылымы мен өнеркәсіптегі капитал құрылымының арасындағы айырманың жаңадан азыюына жеткізген болар еді.

$66\frac{2}{3}c + 33\frac{1}{3}v$  өгіншілік капиталы жалақы  $\frac{1}{4}$  мөлшерінде кеміген жағдайда  $66\frac{2}{3}c + 26v$  капиталға айпалады, мұны 100-ге шаққанда  $72\frac{8}{11}c + 27\frac{3}{11}v$  береді.

$80c + 20v$  өгіншіліктегі емес капитал жалақы  $\frac{1}{4}$  мөлшерінде кеміген жағдайда  $80c + 15v$  капиталға айналады, мұның өзі 100-ге шаққанда  $84\frac{4}{19}c + 15\frac{15}{19}v$  береді.

Өгіншіліктегі жұмысшылар саны одан әрі азайған және жалақы одан әрі кеміген жағдайда өгіншіліктегі капиталдың табиғи құрылымы өгіншіліктегі емес капиталдың табиғи құрылымына барған сайын жақындай түскен болар еді.

Маркс осы бір жорамал жағдайды қарастыра отырып, өгіншіліктегі еңбек өнімділігінің өсуі өгіншілік капиталының табиғи құрылымына қандай ықпал жасайтынын анықтау үшін бұл ретте өгіншіліктегі капиталмен салыстырғанда өнеркәсіптегі капиталдың табиғи құрылымының одан әрі артуынан көрінетін өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің қатарынан, екінші бірінде бұрынғыдан да жедел артуын есепке алмайды. Өнеркәсіптегі капитал мен өгіншіліктегі капиталдың табиғи құрылымы арасындағы арақатынас туралы ілгеріде айтылған мына беттерден қараңыз. 13—15, 89—90, 100—101, 104, 109—111, 251—252.— 410.

<sup>106</sup> Маркс қолжазбасының беттерін нөмірлегенде 649-деген цифр қалып қойған.— 413.

<sup>107</sup> Маркс өз қолжазбасының келесі (653-ші) бетінде «еңбек құнын» жұмысшыны асырап-сақтау үшін қажет болатын тіршілік құралдарымен анықтаған кезде Рикардоның ұсыным мен сұраным заңына сілтеме жасағаны жөнінде Сэйдің «табалауына» қайта оралады. Бұл ретте Маркс Рикардоның Констанцио аударып, Сэйдің ескертулері берілген кітабының французша аудармасына сілтеме жасайды. Маркске бұл жерде дәлсіздік кеткен. Сэй Рикардоның тексіне жасаған өзінің ескертулерінде Рикардоның ұсыным мен сұраным арқылы *ақшаның* құнын анықтайтыны жөнінде «табалайды». Маркс Сэйдің ескертулерінен алынған тиісті жерін «Философия қайыршылығында» келтіреді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 4-том, 116-бет). Ол мына кітаптан алынған: D. Ricardo. «Des principes de l'économie politique et de l'impôt». Traduit de l'anglais par Constancio, avec des notes explicatives et critiques par J. B. Say. Tome II, Paris, 1835, p. 206—207.— 415.

<sup>108</sup> 107-ескертуді қараңыз.— 419.

<sup>109</sup> Маркс Джемс Дикон Юмның «Thoughts on the Corn-Laws» (London, 1815). деген кітапшасына сілтеме жасайды. Адам Смиттің «еңбектің бағасы астықтың бағасымен анықталады» деген қағидасы туралы айта келіп, Юм былай деп жазады: «Д-р Смит астық туралы айтқанда ол тегі тамақты,.. барлық ауыл шаруашылық өнімдерін айтады» (59-бет).— 420.



- <sup>110</sup> Бұл арада Маркс өз қолжазбасының III дәптерінің 95-бетінен басталып, «2) Абсолюттік қосымша құн» деген тақырып қойған бөлімін айтып отыр. Маркс сілтеме жасаған жері осы бөлімнің «Бір жолғы жұмыс күндері» (Маркс қолжазбасының 102—104-беттері) деген тақырып қойылған осы бөлімнің *d*) бөлімшесінде келтірілген. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 47-том, 205—211-беттер.— 429.
- <sup>111</sup> Бұл арада Маркс жиырма жұмысшы жаңадан жасаған құнды айтып отыр: бұл жиырма жұмысшының бір жұмыс сағаты 2 ф. ст. құн жасайды, ал 14 сағат жұмыс күні 28 ф. ст. құн жасайды.— 430.
- <sup>112</sup> Жиынтық өнімнің құнында өнімге көшірілген құн (*c*) және жаңадан жасалған құн (*v+m*) болады. Бұл ретте Маркс негізгі капиталды айтпайтындықтан, көшірілген құп шикізаттың құнына саяды. Қарастырылып отырған мысалда шикізаттың құны  $93\frac{1}{3}$  ф. стерлингке тең болады (бір сағатта  $133\frac{1}{3}$  қадақ мақта, 14 сағатта  $1866\frac{2}{3}$  қадақ мақта иіріледі; 1 қадақ мақта 1 шилл, тұрады). Жаңадан жасалған құнмен (28 ф. ст.) бірге бұл  $121\frac{1}{3}$  ф. ст. болады.— 430.
- <sup>113</sup> 20-ескертуді қараңыз.— 456.
- <sup>114</sup> Бұл арада Маркс Рикардоның Ж. Б. Сэй сияқты сыншыларын айтып отыр; Сэй Рикардоны ол өз пайымдауларының негізіне «тым жалпылама маңыз берілетін абстрактылы принциптерді алады», осының салдарынан нақты болмысқа бейне бір сай келмейтін қорытындылар шығады деп жазғырған болатын.— 478.
- <sup>115</sup>  $51\frac{11}{39}$  тонна деген цифр мынадай есептің нәтижесінде алынады: егер *E* кестесінің III разрядындағы  $16\frac{2}{3}$  жұмысшы  $62\frac{1}{2}$  тонна өндіретін болса, дәл сондай еңбек өнімділігі жағдайында  $13\frac{79}{117}$  жұмысшы  $\frac{13\frac{79}{117} \times 62\frac{1}{2}}{16\frac{2}{3}}$ , яғни  $51\frac{11}{39}$  тонна өндіреді.— 478.
- <sup>116</sup> 11-ескертуді қараңыз.— 483.
- <sup>117</sup> Бұл арада Маркс мына кітапты айтып отыр: W. Blake. «Observations on the Effects produced by the Expenditure of Government during the Restriction of Cash Payments». London, 1823. Тексте қозғалған мәселе жөнінде Маркстің ескертпелерімен қоса бұл кітаптан алынған көшірмелер Маркстің 1857—1858 жылдардағы экономикалық қолжазбасында бар (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 46-том, II бөлім, 300—302-беттер).— 483.
- <sup>118</sup> Лондонда 1862 жылғы 1 майда ашылған Бүкіл дүние жүзілік көрме айтылып отыр; көрмеде өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлгілері, өнер шығармалары және ғылымның ең жаңа жетістіктері көрсетілген болатын.— 483.
- <sup>119</sup> Бұл арада Маркс Рикардоның «Principles»-дегі «өндіруші» («producer») деген сөз «жұмысшы» деген мағынада қолданылған жерін екінші рет атап көрсетеді («өндіруші» және «жұмысшы» деген ұғымдарды Рикардоның бірдей деп санауын Маркс алғаш рет ілгеріде, 465-бетте атап көрсеткен болатын). Оз кітабының басқа жерлерінде Рикардо «өндіруші» деген сөзді «кәсіпкер-капиталист» деген мағынада қолданады (мәселен, Рикардо кітабынан алынып, текстің 442, 447 және 574-беттерінде келтірілетін цитаттарды қараңыз).— 486.

- <sup>120</sup> Сәйдің пайда мен процент арасындағы арақатынас туралы көзқарастары жөнінде Рикардоның осында цитатқа келтіріліп отырған ескертпесін Маркс өз қолжазбасының 736-бетінде қайтадан келтіреді, оны 736-бетте әңгіме болып отырған мәселеге қатысы жоқ деп есептен тік жақшаға алады да, Рикардоның қорытынды сөздеріне (*«ешқандай жағдай оларды орындарын ауыстыруға мәжбүр ете алмайды»*) «белгілі жағдайларда» деген соңғысы тегі дұрыс емес» деген репликаны қосып жазған.
- «Капиталдың» III томында (22-тарау) Маркс капиталистік циклдің түрлі фаазаларында пайда нормалары мен процент ставкаларының бір-біріне қарама-қарсы қозғалыстарының мүмкіндігін көрсетеді. Маркс былай деп жазады: «Егер біз қазіргі заманғы өнеркәсіп қозғалыста болатын айналымдардың циклдерін... қарастырсақ, онда біз проценттің төменгі ставкасы көпшілік жағдайларда гүлдену немесе үстеме пайда түсіру кезеңдеріне, проценттің артуы — гүлденуден кейін келетін цикл кезеңіне сай келетінін, ал барын тұрған өсімқорлық мөлшерге жететін ең жоғары процент дағдарысқа сай келетінін көреміз» (қараңыз: К. Маркс. Капитал, III том, 387—388-беттер).— 492.
- <sup>121</sup> Бұл арада Маркс осы басылымның екінші бөлімінің 392—393 және 455—457-беттерінде қозғалған мәселеге, метрополияға қарағанда отарлық және жалпы сыртқы саудадан алынатын пайданың орташа нормасына және тиісінше шығындардың бағасына жасайтын ықпалы туралы мәселеге қайтып оралады. Маркстің көрсетіп бергеніндей, Адам Смит бұл мәселеде Рикардоға қарағанда неғұрлым дұрыс көзқарас ұстаған. Сондай-ақ салыстырыңыз: К. Маркс. Капитал, III том, 256—257-беттер.— 493.
- <sup>122</sup> Бұл мысал еңбек өнімділігі өскен жағдайда тұқым ретінде жұмсалған 20 квартал бидайдан өнім бұрыпғыға қарағанда 50 процент көп алынады деген жорамалға негізделген. Айталық, бұрын егіннің өнімі 100 квартал болса, енді бұрынғы еңбек мөлшерін жұмсаған жағдайда ол 150 квартал болады, бірақ осы 150 квартал бұрын 100 квартал қанша тұрса сонша, яғни 300 ф. ст. тұрады. Бұрын тұқым өнімнің 20 проценті болса (кварталердің саны бойынша да, сондай-ақ құны бойынша да) енді бұлар не бары  $13\frac{1}{3}$  процент болады.— 498.
- <sup>123</sup> «Мак-Куллохты қараңыз» деген жақшаға алынған сөздерді Маркс кейінірек (қарындашпен) қосып жазған. 1867 жылғы 24 августа Энгельске жолдаған хатында Маркс 1862 жылғы 20 августа Энгельске жолданған, қолдану мақсаттары үшін *амортизациялық қордың* пайдаланылуы жөніндегі ойын тұңғыш рет баяндаған өз хатына сүйене отырып, Энгельске бұл жөнінде Мак-Куллохтан өзінің *кейінірек* кейбір тұспалдау пікірлерін тапқанын хабарлайды. Маркс бұл арада Мак Куллохтың мына кітабын айтып отыр: «The Principles of Political Economy», Edinburgh, 1825, p. 181—182. «Қосымша құн теорияларының» үшінші бөлімінде Маркс өз қолжазбасының 777 және 781 беттерінде бұл мәселеге қайта оралады.— 504.
- <sup>124</sup> Бұл арада «Саяси экономия сыныпаның» бірінші кітабы айтылып отыр. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 13-том, 80—81, 123 және 127—128-беттер.— 517.
- <sup>125</sup> J. B. Say. «Traité d'économie politique». Seconde édition. Tome II, Paris, 1814, p. 382: «Өнім тек қана өнімге сатып алынады» Сәйдің бұл формуласы Рикардода оның «Principles» (third edition, London, 1821, p. 341) деген кітабынан бұдан әрі цитат келтірілетін жерінде (355-бетінде) сөз-

- бе-сөз дерлік қайталанады. Маркс «Қосымша құн теорияларының» бұдан былайғы текстінде оны сынға алған (осы басылымды қараңыз, II бөлім, 523—526-беттер және III бөлім, «Рикардо мектебінің ыдырауы» деген тарауы, Маркс қолжазбасының 811-беті).—517.
- <sup>126</sup> Маркс бұл арада Джемс Милльдің «Elements of Political Economy». London, 1821, p. 186—195 деген кітабының 4-тарауының 3-бөлімінде айтылатын өндіріс пен тұтыну арасындағы, ұсыным мен сұраным арасындағы, сатып алу сомасы мен сату сомасы арасындағы тұрақты әрі қажетті теңдік туралы пайымдауларын айтып отыр. Джемс Милльдің бұл көзқарасына (оның «Commerce Defended», London, 1808) деген кітапшасында тұңғыш рет айтылған) талдауды Маркс «Саяси экономия сынынаның» бірінші кітабында, товарлардың метаморфозы туралы бөлімде жасайды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 13-том, 80—81-беттер).—517.
- <sup>127</sup> [S. Bailey.] «A. Critical Dissertation on the Nature, Measures, and Causes of Value». London, 1825, p. 71—93.—519.
- <sup>128</sup> W. Roscher. «System der Volkswirtschaft». Erster Band: «Die Grundlagen der Nationalökonomie». Dritte Auflage, Stuttgart und Augsburg, 1858, S. 368—370.—522.
- <sup>129</sup> 126-ескертуді қараңыз.—527.
- <sup>130</sup> «Қосымша құн теорияларының» бірінші бөлімінде Маркс «өз бағасынан төмен» деген сөз тіркесін «өз бағасынан төмен,— яғни оның [товардың] құны көрсетілген ақша сомасынан төмен» (қараңыз: осы басылымы, I бөлім, 291-бет) деп түсіндіреді.— 528.
- <sup>131</sup> Маркс бұл арада «Саяси экономия сынынаның» бірінші кітабындағы «Товарлардың метаморфозы» деген бөлімді айтып отыр. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 13-том, 71—81-беттер, әсіресе 79—81-беттер.— 531.
- <sup>132</sup> Маркс бұл арада өз зерттеуінің кейіннен «Капиталдың» үшінші томы болып шыққан бөлігін айтып отыр.— 537.
- <sup>133</sup> Дағдарыстың формалары туралы қысқаша ескертпелерді Маркс бұдан кейін көп кешікпей XIII дәптердің (қолжазбаның 770a-беті) және XIV дәптердің тыстарына (771a және 861a-беттер) жазған. Бұл беттердің тексті Маркстің «716-бетке» деген белгісіне сәйкес ілгеріде («Дағдарыстың формалары туралы мәселе жөнінде» деген 11-ші параграфта) келтірілген.— 542.
- <sup>134</sup> Қолжазбада бұдан әрі Рикардоның ақша мен айырбас құнына қатысты көзқарастары туралы шағын қосымша келеді. Маркс бұл қосымшаны жақшаға алып, баяндаудың тікелей байланысын бұзатын болғандықтан басқа жерге көшірілуге тиіс деп белгі қойған. Осы басылымда бұл қосымша ілгерідегі 528-бетте, беттің астындағы түсіндірме ретінде берілген.— 544.
- <sup>135</sup> D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy, and Taxation». Third edition. London, 1821, p. 339: «...сұраным тек қана өндіріспен шектелген» (Маркс бұл тұсын неғұрлым көң контексте ілгеріде, 517-бетте цитатқа келтіреді) және «сұраным үшін шек жоқ, капитал жұмсау үшін шек

- жоқ...» (Маркс бұл тұсып неғұрлым кең контексте ілгеріде, 521-бетте келтіреді).— 544.
- <sup>136</sup> Маркс бұл арада 1861—1863 жылдардағы өз қолжазбасының I—V дәптерлерін, бұл қолжазбада «Қосымша құн теорияларының» тікелей алдында жазылған дәптерлерін, әсіресе абсолютті қосымша құн өндіру туралы және относителді қосымша құн өндіру туралы бөлімдерін айтып отыр.—546.
- <sup>137</sup> D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy, and Taxation». Third edition. London, 1821, p. 342: «...бұл қаражатты өндірісті ұлғайтқаннан басқа еш нәрсе бере алмайды» (бұл жерін неғұрлым кең контексте Маркс ілгеріде 530-бетте цитатқа келтіреді) және p. 339—340: «...оның сұраным жоқ товарларды ұдайы өндіретін болуы неғайбыл нәрсе» (бұл жерін неғұрлым кең контексте Маркс ілгеріде 517 және 526-беттерде цитатқа келтіреді).—547.
- <sup>138</sup> Қолжазбада одан әрі ішінара дағдарыстың — жіп жіретін машиналардың енгізілуінен болатын жіптің артық өндірілуінің мысалы бар жақпаға алынған қысқа ғана қосымша келеді. Осы басылымда бұл қосымша ілгерідегі 545-бетте бет астындағы түсіндірме түрінде берілген.— 548.
- <sup>139</sup> Маркс бұл арада Сэйдің (оның мына еңбегінде: «Lettres à Malthus», Paris., 1820, p. 15) мәселен, Италияда рынокта ағылшын товарларының қаптап кетуі байқалып отырған болса, онда мұның себебі ағылшын товарларына айырбасталуы мүмкін итальян товарларының жеткілікті мөлшерде өндірілмеуі болып табылады дейтін пайымдауларын айтып отыр. Сэйдің бұл пайымдаулары «An Inquiry into those Principles...» (London, 1821, p. 15) деген аноним трактатта цитатқа келтіріледі және Маркстің «An Inquiry into those Principles...»-тен XII жазба дәптерінде жазып алған жерлерінде келеді, 12-бет. Сондай-ақ Сэйдің «кейбір өнімдерді өткізудегі бөгеліс басқа кейбір өнімдердің сиректігінен туады» дейтін тезисін салыстырыңыз; Маркс бұл тезисті осы басылымның бірінші бөлімінің 238-бетінде талдайды.— 556.
- <sup>140</sup> Th Tooke. «A History of Prices, and of the State of the Circulation». Volumes I—VI, London, 1838—1857. Бағаға ауа райы жағдайының жасайтын ықпалы туралы Тук осы алты томдық еңбектің бірқатар жерлерінде, атап айтқанда 1848 жылы шыққан IV томның бас жағында айтады.— 558.
- <sup>141</sup> Сисмонди дағдарыстарды «өндіріс пен тұтынудың арасындағы өскелең үйлесімсіздікпен» түсіндіреді (J. C. L. Simonde de Sismondi. «Nouveaux Principes d'Economie politique». Seconde édition. Tome I, Paris, 1827, p. 371). «Анти-Дюрингте» Энгельс былай деп атап көрсетті: «Дағдарыстарды кем тұтынушылықпен түсіндірудің өзі Сисмондиден басталады, Сисмондиде мұның өзінің біраз мағынасы да бар еді». (қараңыз: Ф. Энгельс. Анти-Дюринг 284-бет), ал «Капиталдың» II томына жазған алғы сөзінде Энгельс Сисмондидің көзқарасын көрсету үшін Сисмондидің «Nouveaux Principes»-нен мына жерін келтіреді: «сонымен, дүние-мүліктің шағын ғана меншікшілердің қолына шоғырлануы себепті ішкі рынок барған сайын шағындала береді, сөйтіп өнеркәсіптің сыртқы рынокта товар өткізу өрісін барған сайын көбірек іздеуіне тура келеді, мұнда оған орасан зор күйзелістер қауіп төндіреді» (қараңыз: К. Маркс. Капитал, II том, 27-бет). Сисмондидің дағдарыстар жөніндегі көзқарастары туралы мәселеге Маркс «Қосымша құн теорияларының» үшінші бөлімінде қайта оралып, Сисмонди концепциясындағы бағалы элементтерді де, сондай-ақ

- оғап тән түбегейлі кемшіліктерді де атап көрсетеді (әсіресе Маркс қолжазбасының 775-бетіндегі Мальтус туралы тарауды қараңыз).— 559.
- <sup>142</sup> Бұл жері Рикардоның 1817 жылы шыққан «Principles»-нің бірінші басылымының өзінде-ақ бар.— 576.
- <sup>143</sup> J. Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». Vol. I, Dublin, 1770, p. 396. Бұл жерін Маркс өзінің 1857—1858 жылдардағы экономикалық қолжазбасында келтірген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 46-том, II бөлім, 295-бет). Сондай-ақ салыстырыңыз: осы басылымы, I бөлім, 18-бет және К. Маркс. Капитал. II том, 846-бет — 578.
- <sup>144</sup> Шамасы, Рикардо бұл жерде жұмыссыздықты жоюдың және жұмысшы таптардың жағдайын жақсартудың Роберт Оуэн ұсынған жоспарын зерттеу үшін комиссия құру жөнінде Уильям де Креспиньидің ұсынысы туралы өзінің 1819 жылғы 16 декабрьде ағылшын қауымдар палатасында сөйлеген сөзін айтып отырса керек.  
Өзінің сөзінде Рикардо «машиналар еңбекке деген сұранымды кемітпейді» (The Works and Correspondence of David Ricardo, Edited by P. Sraffa. Vol. V, Cambridge, 1952, p. 30) деп пайымдаған болатын.— 580.
- <sup>145</sup> Рикардоның «нағыз жалақы» («real wages») ұғымы туралы жазғанын осы басылымның екінші бөлімінен 420, 423, 436, 442—443, 457-беттерді қараңыз.— 582.
- <sup>146</sup> «The Standard» («Ту») — 1827 жылы Лондонда негізі қаланған ағылшынның күн сайын шығатын консервативтік газеті.— 599.
- <sup>147</sup> Бұл арада «Standard» газетінің 1862 жылғы 19 сентябрьдегі номерінің 5—6-беттерінде (авторының аты-жөні көрсетілмей басылған) «Америка көрмеде» деген мақала туралы сөз болып отыр. 1862 жылғы Бүкіл дүние жүзілік көрме туралы 118-ескертуді қараңыз.— 599.
- <sup>148</sup> «Қосымша құн теорияларының» екінші бөліміне қосымша түрінде басылған қысқа заметкаларын Маркс XI, XII және XIII дәптерлерінің тысына жазған. Бұларда «Теориялардың» екінші бөлімінің негізгі тексінде қарастырылатын мәселелердің кейбіреулері жөнінде қосымша материал бар.— 611.

## ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

## А

*Абрагам а Санта Клара* (Abraham a Santa Clara) (Ульрих Мегерленің бүркеншік аты) (1644—1709)— Австрияның католиктік уағыздаушысы және әдебиетші — 120.

*Андерсон* (Anderson), Джемс (1739—1808)— дифференциалдық рента теориясын негізгі белгілері бойынша талдап-белгілеген ағылшынның буржуазияшыл экономисі.— 28, 29, 86, 113—116, 121—129, 131, 132, 147—150, 162, 164, 165, 244, 245, 246, 250, 252, 333, 619.

*Арбатнот* (Arbuthnot), Джон — ағылшын фермері, XVIII ғасырдағы экономист-практик.— 613, 614.

## Б

*Банфилд* (Banfield), Томас Чарлз (1795—1880)— ағылшын буржуазияшыл экономисі.— 17.

*Барто* (Bartholomew), Джон (XVIII ғ. аяғы — XIX ғ. бірінші жартысы)— ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның өкілі.— 571, 575, 586, 601—610.

*Бастуан* (Bastian), Адольф (1826—1905)— неміс буржуазияшыл этнографы.— 124.

*Бейли* (Bailey), Самюэл (1791—1870)— ағылшынның буржуазия-

шыл экономисі әрі философы; тұрпайы саяси экономия тұрғысынан Рикардоның құнның еңбек теориясына қарсы шықты; сонымен бірге Рикардоның экономикалық көзқарастарындағы кейбір қайшылықтарды дұрыс аңғарған.— 124, 165, 173, 176, 417, 419, 420, 519.

*Блейк* (Blake), Уильям — XIX ғ. бірінші жартысындағы ағылшын экономисі, ақша айналысы туралы еңбектердің авторы.— 482, 483.

*Бьюкенен* (Buchanan), Давид (1779—1848)— ағылшын публицисі әрі буржуазияшыл экономист, А. Смиттің жолын қушы және комментаторы.— 28, 165, 166, 404, 405, 410.

## Г

*Генрих VII* (1457—1509)— ағылшын королі (1485—1509).— 245.

*Годскин* (Hodgskin), Томас (1787—1869)— ағылшын экономисі әрі публицисі; утопиялық социализм тұрғысынан пролетариаттың мүддесін қорғап, капитализмді сынаған, социалистік қорытындылар жасау үшін Рикардоның теориясын пайдаланған.— 619.

*Гопкинс* (Hopkins), Томас — XIX ғасырдың бірінші жартысындағы

ағылшын буржуазияшыл экономисі.— 28, 50, 126, 136, 137, 141, 142, 616.

## Д

*Давенант* (Davenant), Чарлз (1656—1714)—ағылшын экономисі әрі статистигі, меркантилист.— 112, 129.

*Дарвин* (Darwin), Чарлз Роберт (1809—1882)—ағылшынның ұлы табиғат зерттеушісі, ғылыми эволюциялық биологияның негізін салушы.— 117, 120, 121.

*Де Квинси* (De Quincey), Томас (1785—1859)—ағылшын жазушысы әрі экономисі, Рикардоның комментаторы; оның еңбектері рикардошылдар мектебінің құлдырауы мен ыдырауын көрсетеді.— 443, 444, 481, 482.

*Домбаль* (Dombasle), Кристоф Жозеф Александр *Матгё де* (1777—1843)—белгілі француз агрономы.— 15, 17.

## К

*Кенэ* (Quesnay), Франсуа (1694—1774)—француздың аса ірі экономисі, физиократтар мектебінің негізін салушы; мамандығы — дәрігер.— 40.

*Кинг* (King), Грегори (1648—1712)—ағылшын статистигі.— 610.

*Киршман* (Kirchmann), Юлиус (1802—1884)—неміс юрисі әрі философы.— 154

*Коббет* (Cobbett), Уильям (1762—1835)—ағылшын саяси қайраткері әрі публицисі, ұсақ буржуазиялық радикализмнің көрнекті өкілі, Англияның саяси құрылысын демократияландыруды жақтаған.— 120, 123.

*Констанцио* (Constancio), Франсиско Солапо (1772—1846)—португал дәрігері, дипломат әрі жазушы; ағылшын экономистерінің еңбектерін француз тіліне аударған.— 396.

*Корбет* (Corbet), Томас — XIX ғасырдағы ағылшын буржуазияшыл экономисі.— 211, 248, 522.

*Кэри* (Carey), Генри Чарлз (1793—

1879) — американың тұрпайы буржуазияшыл экономисі, капиталистік қоғамдағы тап мүдделерінің үйлесімі жайлы реакциялық теорияның авторы.— 28, 160, 170, 324, 617.

## Л

*Людовик XIV* (1638—1715)—француз королі (1643—1715).— 140.

*Людовик XV* (1710—1774)—француз королі (1715—1774).— 140.

*Людовик XVI* (1754—1793)—француз королі (1774—1792), XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезінде дарға асылған.— 140.

## М

*Мак-Кормик* (MacCormick), Сайрес Холл (1809—1884)—американ онертапқышы.— 600.

*Мак-Куллох* (MacCulloch), Джон Рамси (1789—1864)—ағылшын буржуазияшыл экономисі, Рикардоның экономикалық ілімін тұрпайылап бұрмалаушы, капитализмнің барып тұрған апологеті.— 113, 121, 124, 148, 196, 197, 504.

*Мальтус* (Malthus), Томас Роберт (1766—1834)—ағылшын священнигі, экономист, буржуазияланған жер иеленуші аристократияның идеологы, капитализмнің апологеті, халық өсуінің адамзатқа қас теориясын уағыздаушы.— 28, 30, 64, 113—121, 140, 146, 165, 169, 196, 204, 343, 355, 412, 416, 435, 443, 507, 564, 572, 602, 610, 613, 617, 618.

*Милль* (Mill), Джемс (1773—1836)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі философы, Рикардо теориясын тұрпайылап бұрмалаушы; сонымен бірге одан бірқатар түбегейлі қорытындылар жасаған.— 153, 196, 517, 518, 526, 527.

*Милль* (Mill), Джон Стюарт (1806—1873)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі позитивист-философы, саяси экономияның классикалық мектебінің эпигоны; Джемс Милльдің баласы.— 44, 123, 526.

## II

**Ньюмен** (Newman), Фрэнсис Уильям (1805—1897)—ағылшын филологы әрі публицисі, буржуазияшыл радикал, діни, саяси және экономикалық мәселелер жөніндегі бір-сыпыра еңбектердің авторы.—17, 32, 333.

## O

**Овидий** (Публий Овидий Назон) (б. з. д. 43—б. з. 17 шамасы)—Римнің аса көрнекті ақышы.—126.

**Олдайк** (Ordway), Джордж (1805—1880)—американ кәсіпкері, буржуазияшыл экономист.—28.

## II

**Петти** (Petty), Уильям (1623—1687)—аса көрнекті ағылшын экономисі әрі статистигі, Англиядағы буржуазиялық классикалық саяси экономияның негізін салушы.—112, 129.

**Прудон** (Proudhon), Пьер Жозеф (1809—1865)—француз публицисі, экономист әрі социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі.—12, 162.

## P

**Рамсей** (Ramsay), Джордж (1800—1871)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның соңғы өкілдерінің бірі.—604, 605.

**Рикардо** (Ricardo), Давид (1772—1823)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі.—11—13, 21, 37, 38, 50, 62, 70, 82, 86, 87, 91, 92, 94, 100, 102, 104, 106, 108, 112, 113, 116—117, 129, 132, 133, 134, 143, 147, 152—154, 155—159, 162—181, 183—201, 203—212, 214—216, 222, 243—245, 246—248, 250, 253—257, 258, 280—283, 309—311, 318—329, 331—335, 340, 342—355, 365, 367, 372, 376, 378, 381, 382, 383, 388, 390—396, 402—408, 412—415, 417—427, 429, 432, 434—456, 458—460, 466, 467, 470, 474, 476, 479—481.

483, 486, 490, 491, 516—518, 520—528, 530, 531, 542, 545, 547, 548, 550—554, 558—568, 571—590, 592—600, 602—604, 606—608, 609, 610.

**Родбертус-Ягцов** (Rodbertus-Jagetzow), Иоганн Карл (1805—1875)—немістің тұрпайы экономисі әрі саяси қайраткері, Пруссияның буржуазияланған юнкерлерінің идеологы, пруссиялық «мемлекеттік социализмнің» реакцияшыл идеяларын уағыздаушы.—7, 15, 19, 21, 40, 41, 45, 50—61, 64, 67, 69—75, 79, 80, 82—84, 86—90, 93—96, 98, 99, 100, 101, 105—110, 111, 112, 124, 127—129, 152—161, 179, 244, 246, 248, 252, 355, 613.

**Рошер** (Roscher), Вильгельм Георг Фридрих (1817—1894)—немістің тұрпайы экономисі, Лейпциг университетінің профессоры, саяси экономиядағы тарихи мектеп дейтіннің негізін салушы.—121—123, 133, 216, 522.

## C

**Сисмонди** (Sismondi), Жан Шарль Леонар Симонд де (1773—1842)—Швейцария экономисі, капитализмнің ұсақ буржуазияшыл сыншысы, экономикалық романтизмнің көрнекті өкілі.—117, 395, 559.

**Смит** (Smith), Адам (1723—1790)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілдерінің бірі.—21, 92, 105, 106, 152, 153, 157, 162, 165—167, 169, 170, 194, 203, 216, 217, 219, 222—243, 246, 250, 253, 255, 258, 320, 321, 324, 329, 331, 332, 343, 347, 349—390, 392, 405, 414—419, 421—423, 426, 432, 433, 436, 439, 442, 445, 456—458, 487, 491—494, 510, 516, 521, 523, 524, 548—551, 555, 577, 579, 592, 600, 601, 613.

**Стирлинг** (Stirling), Патрик Джемс (1809—1891)—ағылшынның тұрпайы экономисі.—27, 483.

**Стюарт** (Steuart), Джемс (1712—1780)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, меркантилизмнің соңғы өкілдерінің бірі.—113—114, 119, 124, 239, 578.

**Сэй** (Say), Жан Батист (1767—1832)—француздың буржуазияшыл экономисі, тұрпайы саяси



экономияның өкілі.— 133, 165—167, 222, 394, 417, 419, 458, 491, 492, 517, 518, 522, 523, 525, 555, 577, 579.

## Т

*Тарелло де Леонато* (Tarello de Leonato), Камилло (XVI ғ.)— италян агробиологы.— 147.

*Таунсенд* (Townsend), Джозеф (1739—1816)— ағылшын священнигі, геолог әрі социолог, халық өсуінің ғылымға жат теориясын насихаттаған, бұл теорияны кейіннен Мальтус қолданған.— 114, 120.

*Торренс* (Torrens), Роберт (1780—1864)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі; Рикардоның экономикалық ілімін тұрпайылап бұрмалаушы; капиталистік өндіріс әдісі жағдайында құнның еңбек теориясы қолданылуын жоққа шығарған.— 196.

*Тук* (Тооке), Томас (1774—1858) ағылшынның буржуазияшыл экономисі, саяси экономияның классикалық мектебіне қосылған, Рикардоның ақша теориясының сыншысы; «Баға тарихы» атты көп томдық еңбектің авторы.— 114, 558.

## У

*Уилсон* (Wilson), Джемс (1805—1860)— ағылшын буржуазияшыл экономисі әрі саяси қайраткері. «Economist» журналының негізін салушы әрі редакторы; фритредер, ақшаның сандық теориясына қарсы болған.— 522.

*Уитни* (Whitney), Илай (1765—1825)— американ өнертапқышы.— 600.

*Уоллес* (Wallace), Роберт (1697—1771)— ағылшын священнигі, әрі статистик, халық өсуінің ғылымға жат теориясын насихаттаған, бұл теорияны кейіннен Мальтус қолданған.— 120, 121.

*Уорд* (Ward), У. Г. (XIX ғ.)— американ өнертапқышы.— 600.

*Уэйд* (Wade), Джон (1788—1875)— ағылшынның буржуазияшыл публицисі, экономист әрі тарихшы.— 13.

*Уэйкфилд* (Wakefield), Эдуард Гиббон (1796—1862)— ағылшын мем-

лекет қайраткері, отарлаудың буржуазиялық теориясын шығарған экономист.— 248, 311, 417.

*Уэст* (West), Эдуард (1782—1828)— ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономия өкілдерінің бірі, жер рентасы мәселелерін талдаған.— 28, 114, 121, 122, 136, 147, 253.

## Ф

*Форстер* (Forster), Натаниел (шамамен 1726—1790)— ағылшын священнигі, бірсыпыра экономикалық еңбектердің авторы, жұмысшылардың мүдделерін қорғаған.— 615.

*Фуллартон* (Fullarton), Джон (1780—1849)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, ақша айналысы мен кредит мәселелері жөніндегі еңбектердің авторы, ақшаның сан теориясына қарсы болған.— 522.

*Фурье* (Fourier), Шарль (1772—1837)— француздың ұлы утопист-социалисі.— 237.

## Х

*Халлетт* (Hallett), Фредерик Фрэнсис (XIX ғ.)— ағылшын агрономы.— 483, 484.

*Хансбрау* (Hansbrow) (XIX ғ.)— американ өнертапқышы.— 600.

*Хоуз* (Hawes) (XIX ғ.)— американ өнертапқышы.— 600.

*Хюльман* (Hüllmann), Карл Дитрих (1765—1846)— немістің буржуазияшыл тарихшысы, орта ғасырлар тарихына арналған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 242.

## Ч

*Чалмерс* (Chalmers), Томас (1780—1847)— ағылшынның протестант теологы және буржуазияшыл экономисі, Мальтустың жолын қуушы.— 248, 482.

## Ш

*Шторх* (Storch), Андрей (Аври, Генрих) Карлович (1766—1835)— орыс экономисі, статистик әрі тарихшы, Петербург Ғылым академиясының

мүшесі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның эпигоны.— 96, 101, 302.

## Э

*Эмери* (Emery) (XIX ғ.)— американ өнертапқышы әрі кәсіпкері.— 600.  
*Эрбер* (Herbert), Клод Жак (1700—1758)— француз экономисі, физиократ, халық өсуінің ғылымға жат теориясының Мальтусқа дейінгі негізін салушылардың бірі.— 120.

## Ю

*Юм* (Hume), Давид (1711—1776)— ағылшын философы, субъективтік

идеалист, агностик, буржуазияшыл тарихшы әрі экономист, меркантилизмге қарсы болған, ақшаның сан теориясының ертеректегі өкілдерінің бірі.— 125.

*Юм* (Hume), Джемс Дикон (1774—1842)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, фритредер.— 420, 617, 618.

*Юнг* (Young), Артур (1741—1820)— ағылшын агрономы әрі буржуазияшыл экономист.— 140.

*Юр* (Ure), Эддрью (1778—1857)— ағылшын химигі, тұрпайы буржуазияшыл экономист, өнеркәсіп экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— 522.

**ЦИТАТ АЛЫНҒАН  
ЖӘНЕ АТАЛҒАН ӘДЕБИЕТТІҢ  
КӨРСЕТКІШІ\***

- Anderson, J.* A Calm investigation of the circumstances that have led to the present scarcity of grain in Britain. London, 1801  
(*Андерсон Дж.* Британияда астықтың қазіргі қымбатшылығына ұрындырған жағдайларды әділ зерттеу. Лондон, 1801)—121, 146, 147.
- Anderson, J.* Essays relating to agriculture and rural affairs. Volumes I—III. Edinburgh and London, 1775—1796  
(*Андерсон Дж.* Егіншілік пен ауыл шаруашылығы істері туралы очерктер. I—III томдар. Эдинбург және Лондон, 1775—1796).—113, 149.
- Anderson, J.* An Inquiry into the causes that have hitherto retarded the advancement of agriculture in Europe. Edinburgh, 1779  
(*Андерсон Дж.* Еуропада егіншіліктің дамуына осы уақытқа шейін кедергі болып келген себептер туралы зерттеу. Эдинбург, 1779).—148.
- [*Anderson, J.*] An Inquiry into the nature of the corn laws; with a view to the new corn-bill proposed for Scotland, Edinburgh, 1777.  
(*Андерсон, Дж.*) Шотландия үшін ұсынылған жаңа астық биллі жөнінде астық заңдарының табиғатын зерттеу. Эдинбург, 1777.)—113, 121, 122, 124, 149, 150, 162.
- Anderson, J.* Recreations in agriculture, natural-history, arts, and miscellaneous literature. Volumes I—VI. London, 1799—1802  
(*Андерсон, Дж.* Ауыл шаруашылығы, жаратылыс тарихы, өнер және қолөнері, сондай-ақ әр түрлі басқа мәселелерге арналған көпшілікке түсінікті оқу. I—II томдар. Лондон, 1799—1802).—113, 150.
- [*Arbuthnot, J.*] An Inquiry into the connection between the present price of provisions, and the size of farms. With remarks on population as affected thereby. By a farmer. London, 1773  
(*Арбатнот, Дж.*) Азық-түліктің қазіргі бағалары мен фермалар көлемі арасындағы байланысты зерттеу. Мұның барлығының халық өсуіне ықпалы туралы ескер-

\* Белгілі бір еңбектің Маркс қай басылымын пайдаланғанын айқын анықтауға мүмкіндік болмаған жағдайда бұл көрсеткіште ол еңбектің бірінші басылуы көрсетілді.

Аноним болып шыққан кітап авторларының анықталған есімдері бұл көрсеткіште шаршы жақшаға алынған. Орыс тіліне аударылған еңбектер жұлдызшамен белгіленді.

- тулер бар. Фермердің шығармасы. Лондон, 1773).— 613, 614
- [*Bailey, S.*] A Critical dissertation on the nature, measures, and causes of value; chiefly in reference to the writings of Mr. Ricardo and his followers. By the author of Essays on the formation and publication of opinions. London, 1825
- (*Бейли, С.*) Құнның табиғаты, өлшемдері мен себептері туралы сын-зерттеу; көбінесе Рикардо мырза мен оның жолын қуушылардың еңбектеріне байланысты. «Пікірлердің қалыптасуы мен жариялануы туралы очерктер» авторының шығармасы. Лондон, 1825).— 176, 419, 420, 519.
- [*Bailey, S.*] A Letter to a political economist; occasioned by an article in the «Westminster Review» on the subject of value. London, 1826
- (*Бейли, С.*) «Вестминстерлік шолу» журналындағы құн туралы мәселе туралы мақала жайлы бір саяси-экономға хат. Лондон, 1826).— 176.
- Banfield, T. C.* The Organization of industry, explained in a course of lectures, delivered in the University of Cambridge in Easter term 1844. Second edition. London, 1848
- (*Банфилд, Т. Ч.*) Шаруашылықты ұйымдастыру. Кембридж университетінде 1844 жылғы пасха семестрінде оқылған лекциялар курсы. Екінші басылымы. Лондон, 1848).— Бірінші басылымы Лондонда 1845 жылы шыққан.— 17.
- Barton, J.* Observations on the circumstances which influence the condition of the labouring classes of society. London, 1817
- (*Бартон, Дж.*) Қоғамның жұмысшы таптарының жағдайына әсер ететін жағдайлар туралы пікірлер, Лондон, 1817).— 586, 601, 602, 606, 607, 609, 610.
- Bastian, A.* Der Mensch in der Geschichte. Zur Begründung einer psychologischen Weltanschauung. Bände I—III. Leipzig, 1860
- (*Бастиян, А.*) Тарихтағы адам. Психологиялық көзқарастың негізделуі туралы. I—III томдар. Лейпциг, 1860).— 124.
- Blake, W.* Observations on the effects produced by the expenditure of government during the restriction of cash payments. London, 1823 (*Блейк, У.* Ақшадай төлемдер үшін енгізілген шектеулер кезеңіндегі үкімет шығындарының зардаптары туралы ескертпелер. Лондон, 1823).— 483.
- Carey, H. Ch.* The Past, the present and the future. Philadelphia, 1848
- (*Кэри, Г. Ч.*) Бұрынғы, қазіргі және болашақ. Филадельфия, 1848).— 170, 617.
- Corbet, Th.* An Inquiry into the causes and modes of the wealth of individuals; or the Principles of trade and speculation explained. London, 1841
- (*Корбет, Т.*) Жеке адамдар байлығының себептері және баюдың тәсілдері туралы зерттеу; немесе Сауда мен жалдаптықтың принциптерін түсіндіру. Лондон, 1841).— 211.
- \* *Darwin, Ch.* On the origin of species by means of natural selection, or the Preservation of favoured races in the struggle for life. Fifth thousand. London, 1860 (*Дарвин, Ч.*) Табиғи іріктеу арқылы түрлердің шығуы туралы, немесе Тіршілік үшін күресте қолайлы тұқымдардың сақталуы. Бесінші мың. Лондон, 1860). Алғашқы төрт мыңы Лондонда 1859 жылы шықты.— 120, 121.
- [*Davenant, Ch.*] Discourses on the publick revenues, and on the trade of England. In two parts. London, 1698
- (*Давенант, Ч.*) Англиядағы қоғамдық табыс және сауда туралы пайымдаулар. Екі бөлім. Лондон, 1698).— 112.
- [*De Quincey, Th.*] Dialogues of three templars on political economy, chiefly in relation to the Principles of Mr. Ricardo
- (*Де Квинси, Т.*) Темплдың үш юристің саяси экономия туралы негізінен Рикардо мырзаның «Бастауларына» байланысты диалогтары. «The London Magazine» журналында, 1824 жылғы апрель—май.— 443.
- De Quincey, Th.* The Logic of political economy. Edinburgh and

- London, 1844.  
(*Де Квинси, Т.* Саяси экономияның логикасы. Эдинбург және Лондон, 1844).— 444, 481.
- Dombasle, M.* Annales agricoles de Roville, ou Mélanges d'agriculture, d'économie rurale et de législation agricole. Paris, 1824—1837
- (*Домбаль, М.* Ровиль ауыл шаруашылық жылнамасы немесе Ауыл шаруашылығы туралы, оның экономикасы және оған қатысты заңдар туралы әр түрлі материалдар. Париж, 1824—1837).— 18, 19.
- An Enquiry into the causes of the present high price of provisions — қ.: [*Forster, N.*] An Enquiry into the causes of the present high price of provisions.
- Essay on the application of capital to land — қараңыз: [*West, E.*] Essay on the application of capital to land.
- [*Forster, N.*] An Enquiry into the causes of the present high price of provisions. London, 1767 (*Форстер, Н.*) Азық-түліктің қазіргі жоғары бағасының себептерін зерттеу. Лондон, 1767).— 615.
- [*Hodgskin, Th.*] The Natural and artificial right of property contrasted. London, 1832
- (*Годскин, Т.*) Мәншіктің бір-біріне қарама-қарсы қойылған табиғи жасанды правосы. Лондон, 1832).— 619.
- Hopkins, Th.* Economical enquiries relative to the laws which regulate rent, profit, wages, and the value of money. London, 1822 (*Гопкинс, Т.* Рентаны, пайданы, жалақыны және ақшаның құнын реттейтін заңдар туралы экономикалық зерттеулер. Лондон, 1822).— 50, 126, 140, 142, 616.
- Hopkins, Th.* On rent of land, and its influence on subsistence and population. London, 1828
- (*Гопкинс, Т.* Жер рентасы және оның тіршілік заттары мен халықтың өсуіне әсері туралы. Лондон, 1828).— 136, 137, 140.
- \* *Hüllmann, K. D.* Städtewesen des Mittelalters. Theile 1—4. Bonn, 1826—1829 (*Хюльман, К. Д.* Орта ғасырлар қалалары. 1—4 бөлімдер. Бонн, 1826—1829).— 242.
- Hume, J. D.* Thoughts on the corn-laws, as connected with agriculture, commerce, and finance. London, 1815
- (*Юм, Дж. Д.* Астық заңдары туралы және осы заңдардың өгіншілікпен, саудамен және финанспен байланысының қандай екендігі туралы ойлар. Лондон, 1815).— 420, 618.
- An Inquiry into the connection between the present price of provisions, and the size of farms — қ.: [*Arbuthnot, J.*] An Inquiry into the connection between the present price of provisions, and the size of farms.
- An Inquiry into those principles, respecting the nature of demand and the necessity of consumption, lately advocated by Mr. Malthus, from which it is concluded, that taxation and the maintenance of unproductive consumers can be conducive to the progress of wealth. London, 1821 (*Мальтус* мырза жақында жақтап шыққан принциптерді зерттеу; бұл принциптер сұраным мен тұтыну қажеттігінің табиғатына қатысты және бұлардан келіп мынадай қорытынды шығарылады: салықтар және өнім өндірмейтін тұтынушыларды қамтамасыз ету байлықтың өсуіне көмектеседі. Лондон, 1821).— 415.
- MacCulloch, J. R.* The Literature of political economy: a classified catalogue of select publications in the different departments of that science, with historical, critical, and biographical notices. London, 1845
- (*Мак-Куллох, Дж. Р.* Саяси экономия жөніндегі әдебиет. Бұл ғылымның түрлі салаларында басылып шыққан таңдамалы еңбектердің жүйелі каталогы, тарихи, сын және өмірбаяндық түсіндірмелері бар. Лондон, 1845).— 121, 148.
- MacCulloch, J. R.* The Principles of political economy. Edinburgh, 1825
- (*Мак-Куллох, Дж. Р.* Саяси эконо-

- мияның негіздері. Эдинбург, 1825).— 196, 504.
- \* [Malthus, Th. R.] An Essay on the principle of population. London, 1798
- ([Мальтус, Т. Р.] Халық өсуінің заңы туралы тәжірибе. Лондон, 1798).— 117.
- \* Malthus, Th. R. The Grounds of an opinion on the policy of restricting the importation of foreign corn. London, 1815
- (Мальтус, Т. Р. Шегелден астық тасуды шектеудің дұрыстығы туралы пікірдің негіздері. Лондон, 1815).— 113, 117, 618.
- \* Malthus, Th. R. An Inquiry into the nature and progress of rent, and the principles by which it is regulated. London, 1815
- (Мальтус, Т. Р. Рентаның табиғаты мен өсуі туралы, сондай-ақ оны реттеп отыратын принциптер туралы зерттеу. Лондон, 1815).— 117.
- Malthus, Th. R. Principles of political economy considered with a view to their practical application. London, 1820
- (Мальтус, Т. Р. Іс жүзінде қолдану тұрғысынан қаралатын саяси экономия бастаулары. Лондон, 1820).— 64.
- Idem. 2nd edition with considerable additions from the author's own manuscript and an original memoir. London, 1836
- (Бұл да сол. Екінші басылымы, автордың өз қолжазбасынан едәуір қосымшалар енгізілген және автордың қысқаша өмірбаяны бар. Лондон, 1836).— 64.
- \* Marx, K. Misère de la philosophie. Réponse à la Philosophie de la misère de M. Proudhon. Paris — Bruxelles, 1847
- (Маркс, К. Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап. Париж — Брюссель, 1847).— 10, 162.
- \* Marx, K. Zur Kritik der politischen Oekonomie. Erstes Heft. Berlin, 1859
- (Маркс, К. Саяси экономия сынына. Бірінші басылуы. Берлин, 1859).— 272, 517, 531.
- Mill, J. Commerce defended. An answer to the arguments by which Mr. Spence, Mr. Cobbett, and others, have attempted to prove that commerce is not a source of national wealth. London, 1808
- (Милль, Дж. Сауданы қорғау. Спенс мырза, Коббет мырза және басқалар сауда ұлттық байлықтың көзі емес деп дәлелдеуге тырысқанда негізге алған дәлелдеріне жауап. Лондон, 1808).— 517.
- Mill, J. Elements of political economy. London, 1821
- (Милль, Дж. Саяси экономия негіздері. Лондон, 1821).— 155, 517.
- Mill, J. St. Essays on some unsettled questions of political economy. London, 1844
- (Милль, Дж. Ст. Саяси экономияның кейбір шешілмеген мәселелері туралы очерктер. Лондон, 1844).— 123.
- The Natural and artificial right of property contrasted — қараңыз: [Hodgskin, Th.] The Natural and artificial right of property contrasted.
- Newman, F. W. Lectures on political economy. London, 1851
- (Ньюмен, Ф. У. Саяси экономия жөніндегі лекциялар. Лондон, 1851).— 17, 32, 333, 334.
- Orduyke, G. A Treatise on political economy. New York, 1851
- (Ондайк, Дж. Саяси экономия жөніндегі трактат. Нью-Йорк, 1851).— 28.
- \* Petty, W. Political arithmetick (1676).. In: Petty, W. Several essays in political arithmetick. London, 1699
- (Петти, У. Саяси арифметика (1676). Мына кітапта: Петти, У. Саяси арифметика саласынан очерктер. Лондон, 1699).— 111.
- \* Ricardo, D. An Essay on the influence of a low price of corn on the profits of stock; shewing the inexpediency of restrictions on importation. Second edition. London, 1815
- (Рикардо, Д. Астықтың төмен бағасының капиталдан түсетін пайдаға өсері туралы тәжірибе, бұл астықты сырттан тасуды шектеудің дұрыс еместігін көрсетеді. Екінші басылымы. Лондон, 1815).

- Бірінші басылымы Лондонда сол жылы шықты.— 122, 124.
- \**Ricardo, D.* On protection to agriculture. Fourth edition. London, 1822
- (*Рикардо, Д.* Екіншілікке қамқорлық жасау туралы. Төртінші басылымы. Лондон, 1822). Бірінші басылымы Лондонда сол жылы шықты.— 124.
- \**Ricardo, D.* On the principles of political economy, and taxation. Third edition. London, 1821
- (*Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың бастамалары туралы. Үшінші басылымы. Лондон, 1821). Бірінші басылымы Лондонда 1817 жылы шықты.— 113, 125, 126, 155, 165, 167—174, 176, 177, 179—185, 188, 191—193, 195—201, 203, 204, 206—208, 213—219, 222, 223, 252—254, 257, 310, 320, 321, 323, 324, 326—328, 329, 330, 332—336, 340, 342—345, 348—351, 354, 355, 381, 382, 391—397, 402—405, 410—412, 414, 415, 417, 418—421, 423, 432, 435, 436, 438—444, 447—454, 457, 458, 484—491, 492—494, 497, 518, 520, 521, 523—528, 545, 550—552, 560—562, 564—566, 568—570, 572—577, 579—581, 589—596, 598—599, 601—603.
- Ricardo, D.* Des principes de l'économie politique, et de l'impôt. Traduit de l'anglais par Constançio, avec des notes explicatives et critiques par J. B. Say. Tomes I—II. Paris, 1819
- (*Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың бастамалары туралы. Ағылшын тілінен аударған Констансио, түсіндірме және сын ескертпелерін жазған Ж. Б. Сэй. I—II томдар. Париж, 1819).— 419.
- Idem.* Seconde édition, revue, corrigée et augmentée d'une notice sur la vie et les écrits de Ricardo. Tomes I—II. Paris, 1835
- (*Бұл да сол.* Қайта қаралып түзетілген, Рикардоның өмірі мен шығармалары туралы мақалалармен толықтырылған екінші басылымы. I—II томдар. Париж, 1835).— 417, 419.
- \**Rodbertus, J. K.* Sociale Briefe an von Kirchmann. Dritter Brief: Widerlegung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Renten-theorie. Berlin, 1851
- (*Родбертус, И. К.* Фон Кирхманға жазылған өлеуметтік хаттар. Үшінші хат: Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және рентаның жаңа теориясын дәлелдеу. Берлин, 1851).— 7, 50, 51, 53—55, 60, 61, 65, 67—71, 75, 76, 81, 82, 84, 86, 88, 104, 152—154, 157—161, 248.
- \**Roscher, W.* System der Volkswirtschaft. Erster Band: Die Grundlagen der Nationalökonomie. Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage. Stuttgart und Augsburg, 1858
- (*Рошер, В.* Халық шаруашылығының жүйесі. Бірінші том: Саяси экономия негіздері. Толықтырылып, түзетіліп үшінші басылуы. Штутгарт және Аугсбург, 1858). Бірінші басылуы Штутгарт пен Тюбингенде 1854 жылы шыққан.— 121—123, 216, 522.
- Say, J. B.* Lettres à M. Malthus, sur différens sujets d'économie politique, notamment sur les causes de la stagnation générale du commerce. Paris — Londres, 1820
- (*Сэй, Ж. Б.* Саяси экономияның түрлі мәселелері жөнінде, әсіресе саудадағы жаппай тоқыраудың себептері туралы Мальтус мырзаға жазылған хаттар. Париж — Лондон, 1820).— 556.
- \**Say, J. B.* Traite d'économie politique, ou Simple exposition de la manière dont se forment, se distribuent, et se consomment les richesses. Seconde édition. Tomes I—II. Paris, 1814
- (*Сэй, Ж. Б.* Саяси экономия жөніндегі трактат немесе Байлықтың қалай жасалып, бөлінетінін және тұтынылатынын қарапайым көрсету. Екінші басылымы. I—II томдар. Париж, 1814). Бірінші басылымы Парижде 1803 жылы шыққан.— 517, 518.
- \**Idem.* Cinqième édition. Tomes I—III. Paris, 1826
- (*Бұл да сол.* Бесінші басылымы. I—III томдар. Париж, 1826).— 168.

- \**Idem*. Sixième édition. Paris, 1841  
(Бұл да сол. Алтыншы басылымы. Париж, 1841).— 168, 454.
- \**Sismondi, J. Ch. L. Simonde de*. Nouveaux principes d'économie politique, ou De la richesse dans ses rapports avec la population. Seconde édition. Tomes I—II. Paris, 1827  
(*Сисмонди, Ж. Ш. Л.* Симонд де. Саяси экономияның жаңа бастамалары, немесе Халықтың өсуіне қатынасындағы байлық туралы. Екінші басылымы. I—II томдар. Париж, 1827). Бірінші басылымы Парижде 1819 жылы шықты.— 559.
- \**Smith, A.* An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. In two volumes. London, 1776  
(*Смит, А.* Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. Екі томдық. Лондон, 1776).— 124, 133, 219.
- \**Smith, A.* An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. In three volumes. With notes, and an additional volume, by David Buchanan. Edinburgh, 1814  
(*Смит, А.* Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. Үш томдық. Ескертулер және Давид Бьюкененнің қосымша томы бар. Эдинбург, 1814).— 164.
- \**Smith, A.* An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. With a commentary, by the author of «England and America». [E. G. Wakefield]. Volumes I—IV. London, 1835—1839  
(*Смит, А.* Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. «Англия және Америка» кітабы авторының [Э. Г. Уэйкфилдтің] түсіндірмелері бар. I—IV томдар. Лондон, 1835—1839).— 417.
- \**Smith, A.* Recherches sur la nature et les causes de la richesse des nations. Traduction nouvelle, avec des notes et observations, par Germain Garnier Tomes I—IV. Paris, 1802  
(*Смит, А.* Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. Жермен Гарньеңің жаңа ау-
- дармасы, аудармашының ескертулері мен пікірлері бар. I—V томдар. Париж, 1802).— 223—225, 228—243, 355—388.
- Steuart, J.* An Inquiry into the principles of political oeconomy. In three volumes. Dublin, 1770  
(*Стюарт, Дж.* Саяси экономия бастаулары туралы зерттеу. Үш томдық. Дублин, 1770). Бірінші басылымы Лондонда 1767 жылы шықты.— 239, 578.
- Stirling, P. J.* The Philosophy of trade; or, Outlines of a theory of profits and prices. Edinburgh, 1846  
(*Стирлинг, П. Дж.* Сауда философиясы немесе Пайда мен баға теориясының очерктері. Эдинбург, 1846).
- \**Storch, H.* Cours d'économie politique, ou Exposition des principes, qui déterminent la prospérité des nations. Tomes I—VI. St-Petersbourg, 1815  
(*Шторх, А.* Саяси экономия курсы немесе Халықтардың игілігін анықтайтын бастауларды баяндау. I—IV томдар. Санкт-Петербург, 1815).— 96, 302.
- Tooke, Th.* A History of prices, and of the state of the circulation. Volumes I—VI. London, 1838—1857  
(*Тук, Т.* Баға тарихы және айналыстың жайы. I—IV томдар. Лондон, 1838—1857).— 558.
- [*Townsend, J.*] A Dissertation on the poor laws. By a well-wisher to mankind. London, 1786  
([*Таунсенд, Дж.*] Кедейлер туралы заңдар жайындағы ойлар. Адамдарға жақсылық тілейтін адамның шығармасы. Лондон, 1786) (Маркс осы басылымның Лондонда 1817 жылы шыққан көшірмесін пайдаланған).— 114.
- Wade, J.* History of the middle and working classes. London, 1833  
(*Уэйд, Дж.* Орта және жұмысшы табының тарихы. Лондон, 1833).— 13.
- [*Wakefield, E. G.*] A Commentary to Smith's Wealth of nations — к.: *Smith, A.* An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. With a commen-



- tary, by the author of «England and America».
- [West, E.] Essay on the application of capital to land, with observations shewing the impolicy of any great restriction of the importation of corn. London, 1815 ([Уэст, Э.] Жерге капитал жұмсау туралы тәжірибе сырттан астық әкелуді едәуір шектеудің қайсысының болсын қисынсыздығын көрсететін пікірлер бар. Лондон, 1815).— 114, 123.
- West, E. Price of corn and wages of labour. London, 1826 (Уэст, Э. Нанның бағасы және жұмысшылардың жалақысы. Лондон, 1826).— 133.

#### МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР

- «The Morning Star» («Таңғы жұлдыз»), Лондон, 15 июль, 1862 ж.— 341.
- The Standard» («Ту»), Лондон, 19 сентябрь, 1862 ж.— 600, 601.

#### КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫ

- Овидий. Метаморфозалар.— 124.

## ЦИТАТ АЛЫНҒАН КІТАПТАРДЫҢ ОРЫСША АУДАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ\*

- Гюльманн, К. Д.* (бұл басылымында: *Хюльман*) Орта ғасырлардағы Европа қалаларындағы қоғамдық және жеке адамдар өмірі. Неміс тілінен аударылған. Спб., 1839 (кітаптың 4-бөлімінің аудармасы).
- Дарвин, Ч.* Табиғи сұрыпталу жолымен түрлердің шығуы. А. Д. Некрасов редакциялаған. М.—Л., 1939 (*Дарвин. Шығармалар, 3-том*).
- Мальтус, Т. Р.* Рентаның табиғаты мен дамуы туралы, сондай-ақ оның реттеуші негіздері туралы зерттеу. А. Миклашевскийдің аудармасы. («Императорлық Юрьев университетінің ғылыми жазбаларында», 2 және 3-нөмерлері, Юрьев, 1908).
- Мальтус, Т. Р.* Халық өсуінің заңы туралы тәжірибе. Аударған П. А. Бибииков. I—II томдар. Спб., 1868.
- Мальтус, Т. Р.* Халық өсуі туралы заңның тәжірибесі. И. А. Вернердің аудармасы. М., 1895 (қысқартылып аударылған).
- Мальтус, Т. Р.* Астықты сырттан тасуды шектеудің дұрыстығы жай-лы пікірдің негіздері. А. Миклашевскийдің аудармасы («Императорлық Юрьев университетінің ғылыми жазбаларында», № 3, Юрьев, 1908).
- \* *Петти.* Саяси арифметика (1676 ж.) (мына кітапта: *Петти, В.* Экономикалық және статистикалық еңбектер. М. Смиттің редакциялауымен аударылған. М., 1940).
- \* *Рикардо Д.* Саяси экономия мен салық салудың бастамалары. М., 1955 (*Рикардо Д.* Шығармалар. М. Н. Смиттің редакциялауындағы аударма. I том. М., 1955).
- \* *Рикардо, Д.* Егіншілікке қамқорлық жасау туралы (мына кітапта: *Рикардо, Д.* Шығармалар. Аударманы редакциялаған М. Н. Смит. III том. М., 1955).
- \* *Рикардо, Д.* Астықтың төмен бағасының капиталдан түсетін пайдаға әсері туралы тәжірибе, бұл астықты сырттан тасуды шектеудің негізсіздігін көрсетеді (мына кітапта: *Рикардо, Д.* Шығармалар. Аударманы редакциялаған М. Н. Смит. III том. М., 1955).

\* Бұл көрсеткіште Маркс цитат алған және атап өткен кітаптардың қолда бар орысша аудармаларының соңғылары ғана көрсетілген. Алайда соңғы ретте қысқартылған түрде шыққан еңбектер үшін ерекшелік жасалды. Бұл ретте бұрынғы, неғұрлым толық аударма да келтірілді.

Осы басылымның тексінде шаршы жақшада беті көрсетіліп, сілтемелер берілген басылымдардың орысша аудармасы жұлдызшамен белгіленді. Мұндай сілтемелер осы басылымның тексіндегі Маркс келтірген цитаттың орысша аудармасы осыған сәйкес орысша басылым тексінен айырмашылығы болған кезде де берілді.

- Родбертус, И. К.** Фон-Кирхманға үшінші әлеуметтік хат. Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және рентаның жаңа теориясын дәлелдеу (мына кітапта: *Родбертус-Ягцов, К.* Шығармалар. 1-шығарылуы: Әлеуметтік мәселені баяндау. М. Н. Соболевтің немісшеден аудармасы. Спб., [1904]).
- \* **Родбертус, И. К.** Фон-Кирхманға жазылған әлеуметтік хаттар. Үшінші хат: Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және рентаның жаңа теориясын негіздеу (мына кітапта: *Родбертус, К.* Экономикалық шығармалар. И. Плотниковтың аудармасы. Л., 1936) (қысқартылып аударылған).
- Рошер, В.** Халық шаруашылығының бастаулары. Аударған И. Бабст. Бірінші том: бірінші бөлім, М., 1860; екінші бөлім, М., 1862.
- \* **Сисмонди, Ж. Сисмонд де.** Саяси экономияның жаңа бастаулары, немесе халықтың өсуіне қатысты алынған байлық туралы. I—II томдар. М., 1937.
- Смит, А.** Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеулер. Бентам, Бланки, Буханан (бұл басылымында Бьюкенен), Гарнье, Мак-Куллох, Мальтус, Милль, Рикардо, Сэй, Сисмонди және Тюргоның ескертулерімен. Аударған П. А. Библиков. I—III томдар. Спб., 1866 (Гарньенің 1843 жылғы французша басылымынан аударылды).
- \* **Смит, А.** Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. I—II томдар. М.—Л., 1935.
- Смит, А.** Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. М., 1962.
- Сэ, Ж. В.** (бұл басылымында: *Сэй, Ж. В.*) Саяси экономия трактаты. Е. Н. Каменецкаяның аудармасы. М., 1896 (жеке тараулардың аудармасы).
- Шторх, Г.** Саяси экономия курсы, немесе халық игілігін туғызатын бастауларды баяндау. Француз тілінен аударма, автордың өмірбаяндық очерктері бар, д-р И. В. Вернадский редакциялаған және заметкалар жазған. I том. Спб., 1881.

# М А З М Ұ Н Ы

## ҚОСЫМША ҚҰН ТЕОРИЯЛАРЫ

(«КАПИТАЛДЫҢ» IV ТОМЫ)

### Екінші бөлім

[ <i>Сегізінші тарау</i> ] РОДБЕРТУС МЫРЗА. ЖЕР РЕНТАСЫНЫҢ ЖАҢА ТЕОРИЯСЫ (ШЕГІНІС) .....	7—112
[1] Егіншіліктегі басы артық қосымша құн. Капитализм жағдайында өнеркәсіппен салыстырғанда егіншіліктің неғұрлым баяу дамуы] .....	7—15
[2] Пайда нормасының қосымша құн нормасымен арақатынасы. Ауыл шаруашылығы шикізатының құны егіншіліктегі тұрақты капиталдың элементі ретінде] .....	15—19
[3] Егіншіліктегі құн мен орташа баға. Абсолюттік рента]	19—40
[а] Өнеркәсіпте пайда нормасын тәестіру] .....	19—24
[б] Жер рентасы проблемасын тұжырымдау] .....	24—32
[в] Жерге жеке меншік абсолютті рентаның болуының қажетті шарты ретінде. Егіншілікте қосымша құнның пайда мен рентаға бөлінуі] .....	32—39
[4] Родбертустың егіншілікте шикі материалдың құнының болмайтыны туралы қағидасының қисынсыздығы] .....	40—50
[5] Родбертустың жер рентасы теориясының жалған алғы шарттары] .....	50—59
[6] Родбертустың өнеркәсіп пен егіншіліктегі орташа баға мен құнның арасындағы арақатынасты түсінбеуі. Орташа бағалар заңы] .....	60—67
[7] Родбертустың пайда нормасы мен жер рентасы нормасын анықтайтын факторлар туралы мәселедегі қателері] .....	67—68
[а] Родбертустың бірінші қағидасы] .....	68—70
[б] Родбертустың екінші қағидасы] .....	70—82
[в] Родбертустың үшінші қағидасы] .....	82—88
[8] Родбертус бұрмалаған заңның шын мағынасы] .....	88—91
[9] Дифференциалдық рента мен абсолюттік рента және олардың арақатынасы. Жер рентасының тарихи сипаты. Смит пен Рикардоның зерттеу әдісі туралы мәселе жөнінде] .....	92—105
[10] Рента нормасы және пайда нормасы. Тарихи дамудың әр түрлі сатыларындағы егіншіліктің өнімділігі мен өнеркәсіптің өнімділігі арасындағы арақатынас] .....	105—112

[Тоғызыншы тарау] РИКАРДОНЫҢ ЖЕР РЕНТАСЫ ЗАҢЫ ДЕЙТІН- НІҢ АШЫЛУ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР. [РОДБЕРТУС ТУРА- ЛЫ ҚОСЫМША ЕСКЕРТПЕЛЕР] (ШЕГІНІС).....	113—163
[1] Андерсонның дифференциалдық рента заңын ашуы. Ан- дерсонның плагиаторы — Мальтустың жер меншікшілерінің мүддесін көздеп, Андерсонның көзқарастарын бұрмалауы].....	113—117
[2] Өндіргіш күштерді дамытуды талап ету — Рикардоның эконо- микалық құбылыстарды бағалаудағы негізгі принципі. Мальтуста үстем таптардың мейлінше реакцияшыл элементте- рінің дәріптелуі. Мальтустың халық санының артуы теория- сын Дарвиннің іс жүзінде теріске шығаруы].....	117—121
[3] Жер рентасына көзқарастар тарихын Рошердің бұрмалауы. Рикардоның ғылыми адалдығына мысалдар. Жерге капитал жұмсағандағы рента және табиғаттың басқа элементтерін пай- даланғандағы рента. Бәсекенің екі жақты әсері].....	121—126
[4] Родбертустың өнім қымбаттаған жағдайдағы құн мен қо- сымша құнның арасындағы арақатынас туралы мәселе жө- ніндегі қатесі].....	127—129
[5] Рикардоның абсолюттік рентаны теріске шығаруы — оның құн теориясындағы қателерінің салдары].....	129—133
[6] Рикардоның астық бағасының үнемі артуы туралы қағи- дасы. 1641 жылдан 1859 жылға дейінгі астықтың жылдық орта бағаларының кестесі].....	133—136
[7] Гопкинстің абсолюттік рента мен дифференциалдық рен- таның арасындағы айырмашылық туралы болжамы; жер рен- тасын жерге жеке меншіктің болуынан деп түсіндіру].....	136—143
[8] Өңдеуге түспеген жерлерді егістік үшін тазалау жөніндегі шығындар. Астық бағасы артқан кезеңдер мен оның кеміген кезеңдері (1641—1859 жж.)].....	143—146
[9] Андерсон Мальтусқа қарсы. Андерсонның түсінігіндегі жер рентасы. Андерсонның егіншілік өнімділігінің арта түсуі және оның дифференциалдық рентаға әсері туралы қағи- дасы].....	146—152
[10] Рикардоның рента теориясын Родбертустың сынауының негізсіздігі. Родбертустың капиталистік егіншілік ерекшелік- терінен түсінбеуі].....	152—163
[Оныншы тарау] РИКАРДО МЕН АДАМ СМИТТЕГІ ШЫҒЫН БАҒА- СЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ (ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ).....	164—243
[А. Рикардодағы шығын бағасының теориясы].....	164—222
[1] Физиократтар теориясының күйреуі және жер рентасы жөніндегі көзқарастың одан әрі дамуы].....	164—167
[2] Рикардо теориясының негізгі қағидасы ретінде құнды жұмыс уақытымен белгілеу. Экономикалық ғылымның дамуы- ның қажетті сатысы ретінде Рикардоның зерттеу әдісі және оның кемшіліктері. Рикардо кітабының теріс архитектурони- касы].....	167—173
[3] Рикардодағы абсолютті және относителді құн туралы мә- селедегі шатасушылық. Оның құнның формасын түсінбеу- шілігі].....	173—176

[4] Рикардода пайданың, пайда нормасының, орташа бағалардың және т. б. баяндалуы .....	176—194
[а] Рикардода тұрақты капиталдың негізгі капиталмен және өзгермелі капиталдың айналмалы капиталмен араластырылуы. «Относительді құндардың» өзгеруі және оның факторлары туралы мәселенің теріс қойылуы] .....	176—194
[б] Рикардода шығын бағасының құнмен шатастырылуы және оның құн теориясында осыдан келіп туатын қайшылықтары. Рикардоның пайда нормасының теңгерілу және құнның шығын бағасына айналу процесін түсінбеушілігі] .....	194—209
[5] Орташа бағалар, немесе шығын бағалары, және рыноктық бағалар] .....	209—222
[а] Кіріспе ескертпелер: жеке-дара құн мен рыноктық құн; рыноктық құн мен рыноктық баға] .....	209—212
[б] Рикардода өндірістің белгілі бір саласының ішінде рыноктық құнның құралу процесі мен өндірістің әр түрлі салаларында шығын бағасының құралу процесінің шатастырылуы] .....	212—217
[в] «Табиғи бағаның» Рикардодағы әр түрлі екі анықтамасы. Еңбек өнімділігіндегі өзгерістерге байланысты шығын бағаларының өзгерулері] .....	217—222
<b>[Б. Смиттегі шығын бағаларының теориясы]</b> .....	<b>223—243</b>
[1] Шығын бағалары теориясының Смиттегі қате алғы шарттары. Смиттің құн мен шығын бағаларын бір деп санауын ұстап қалған Рикардоның дәйексіздігі] .....	223—228
[2] Смиттің жалақының, пайданың және рентаның «табиғи нормасы» туралы теориясы] .....	228—243
<b>[Он бірінші тарау] РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫ</b> .....	<b>244—258</b>
[1] Андерсон мен Рикардоның рента теориясын дамытушың тарихи жағдайлары] .....	244—248
[2] Рикардоның рента теориясының оның шығындардың бағасын түсіндіруімен байланысы] .....	248—252
[3] Рентаның рикардолық анықтамасының қанағаттанғысыздығы] .....	253—258
<b>[Он екінші тарау] ТҮСІНДІРМЕЛЕРІМЕН ҚОСА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТАНЫҢ КЕСТЕЛЕРІ</b> .....	<b>259—318</b>
[1] Рентаның массасы мен нормасындағы өзгерістер] .....	259—261
[2] Дифференциалдық және абсолюттік рентаның әр қилы үйлесулері. <i>A, B, C, D, E</i> кестелері] .....	262—278
[3] Кестелерге талдау] .....	279—319
[а] <i>A</i> кестесіне [әр түрлі разрядтардағы дара құн мен рыноктық құн арасындағы арақатынастар] .....	279—281
[б] Рикардоның рента теориясының егіншілік өнімділігінің құлдырауы концепциясымен байланысы. Абсолюттік рента нормасының өзгерістері мен пайда нормасы өзгерістерінің арақатынасы] .....	281—284
[в] Тіршілік құралдары мен шикізат құны (демек, машиналар құны да) өзгеруінің капиталдың табиғи құрылымына тигізетін ықпалын қарастыру .....	285—298
[г] Рыноктық құнның өзгеруіне байланысты жиынтық рентаның өзгеруі] .....	299—318

[Он үшінші тарау] РИКАРДОНЫҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫ [СОҢЫ].....	319—355
[1] Рикардоның жерге меншіктің болмауы жөніндегі алғы шарты. Құнарлылығы мен орналасуына байланысты жаңа жер учаскелеріне ауысу] .....	319—324
[2] Рикардоның астықтың бағасына рентаың ықпал жасауы мүмкін еместігі туралы қағидасы. Абсолюттік рента егіншілік өнімінің бағасы артуының себебі ретінде].....	324—329
[3] Смит пен Рикардоның егіншілік өнімінің «табиғи бағасы» концепциясы] .....	329—332
[4] Рикардоның егіншіліктегі жақсартуларға көзқарасы. Оның егіншілік капиталының табиғи құрылымындағы өзгерістердің экономикалық салдарын түсінбеуі] .....	332—343
[5] Смиттің рентаға көзқарасын және Мальтустың кейбір қағидаларын Рикардоның сынауы] .....	343—355
[Он төртінші тарау] А. СМИТТИҢ РЕНТА ТЕОРИЯСЫ .....	356—389
[1] Смитте рента проблемасының қойылуындағы қайшылықтар] .....	356—368
[2] Егіншілік өніміне деген сұранымның ерекше сипаты туралы Смиттің қағидасы. Смиттің рента теориясындағы физиократиялық элемент] .....	368—373
[3] Жердің алуан түрлі өнімдерін ұсыну мен оларға деген сұраным арасындағы арақатынасты Смиттің баяндауы. Рента теориясына деген Смиттің тұжырымдары].....	374—382
[4] Жер өнімдеріне бағаның өзгеруіне Смит жасаған талдау] .....	382—387
[5] Смиттің рентаың өзгеруіне көзқарасы және оның түрлі қоғамдық таптардың мүдделеріне баға беруі] .....	387—389
[Он бесінші тарау] РИКАРДОНЫҢ ҚОСЫМША ҚҰН ТЕОРИЯСЫ .....	390—444
[А. Рикардоның қосымша құн туралы түсініктерінің оның пайда мен рента жөніндегі көзқарастарымен байланысы] .....	390—396
[1] Қосымша құн заңдарының Рикардода пайда заңдарымен шатастырылуы] .....	390—396
[2] Пайда нормасы өзгеруінің әр түрлі жағдайлары] .....	396—399
[3] Тұрақты және өзгермелі капиталдың құнындағы біріне-бірі қарама-қарсы өзгерістер және олардың пайда нормасына ықпалы] .....	399—402
[4] Рикардоның пайда теориясындағы шығын бағасының құнмен шатастырылуы] .....	402—404
[5] Өздерінің арақатынасы жөнінен алғандағы жалпы пайда нормасы мен абсолюттік рентаың нормасы. Жалақының төмендеуінің шығын бағасына әсері] .....	404—413
[Б. Рикардодағы қосымша құн проблемасы] .....	413—444
[1] Еңбектің мөлшері және еңбектің құны. [Еңбекті капиталға айырбастау проблемасының Рикардода қойылғанындай болып шешілмейтіндігі] .....	413—418

2) Жұмыс күшінің құны. Еңбектің құны. [Рикардодағы еңбек пен жұмыс күшінің шатастырылуы. «Еңбектің табиғи бағасының» концепциясы] .....	418—422
3) Қосымша құн. [Рикардода қосымша құнның шығу тегіне жасалған талдаудың жоқтығы. Жұмыс күніне тұрақты шама деп қарайтын рикардолық көзқарас].....	422—436
4) Относительді қосымша құн. [Относительді жалақыға жасалған талдау — Рикардоның ғылымға сіңірген еңбегі] .....	436—444
<b>[Он алтыншы тарау] РИКАРДОНЫҢ ПАЙДА ТЕОРИЯСЫ</b> .....	445—493
[1] Рикардодағы пайда мен қосымша құнның арасын айырудың жекелеген жағдайлары].....	445—451
[2] Жалпы пайданың нормасының («орташа пайданың» немесе «әдеттегі пайданың» құралуы) .....	451—455
[а] Күн ілгері берілген орташа пайда нормасы Рикардоның пайда теориясының бастама негізі ретінде] .....	451—455
[б] Отарлық және жалпы алғанда сыртқы сауданың пайда нормасына ықпалы туралы мәселедегі Рикардоның қателері] .....	455—457
[3] Пайда нормасының құлдырау заңы .....	457—492
[а] Рикардоның пайда нормасының құлдырауы жөніндегі концепциясының қате алғы шарттары] .....	457—459
[б] Рикардоның пайданы ескелең рентаның біртіндеп жұтуы туралы қаридасын талдау] .....	459—471
[в] Пайданың бір бөлігі мен капиталдың бір бөлігінің рентаға айналуы. Егіншілікте қолданылатын еңбек мөлшерінің өзгеруіне байланысты рента шамасының өзгеруі] .....	471—482
[г] Егіншілік өнімдеріне бағаның артуымен бір мезгілде пайда нормасы артуының тарихи иллюстрациясы. Егіншілікте еңбек өнімділігінің өсу мүмкіндіктері] .....	482—484
[д] Рикардода пайда нормасы құлдырауының баяндалуы және мұның оның рента теориясымен байланысы].....	484—493
<b>[Он жетінші тарау] ҚОРЛАНУДЫҢ РИКАРДОЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ. ОНЫ СЫНАУ. ДАҒДАРЫСТАРДЫ КАПИТАЛДЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫНАН ШЫҒАРУ</b> .....	494—570
[1] Тұрақты капиталды естен шығарған Смит пен Рикардоның қатесі. Тұрақты капиталдың әр түрлі бөліктерін ұдайы өндіру] .....	494—497
[2] Тұрақты капиталдың құны және өнімнің құны].....	497—500
[3] Капиталдың қорлануының қажетті шарттары. Негізгі капиталдың амортизациясы және оның қорлану процесіндегі ролі] .....	500—504
[4] Өндіріс салалары арасындағы қорлану процесіндегі байланыс. Егіншілік пен машина жасаудағы қорланудың ерекшелігі ретінде қосымша құнның бір бөлігінің тұрақты капиталға тікелей айналуы] .....	504—513
[5] Капиталдандырылатын қосымша құнның тұрақты және өзгермелі капиталға айналуы] .....	513—515
[6] Дағдарыстар проблемасы (Кіріспе ескертпелер). Дағдарыстар тұсында капиталдың қиратылуы] .....	516—520
[7] Басы артық капиталдың болатынын мойындай отырып, товарлардың артық өндірілуін бекерге шығарудың қисынсыздығы] .....	520—523



[8] Рикардода жаппай артық өндіруді бекерге шығару. Дағдарыстың товар мен ақшаның ішкі қарама-қайшылықтарында болатын мүмкіндігі] .....	523—529
[9] Рикардоның капитализм тұсындағы өндіріс пен тұтыну арасындағы арақатынас жөніндегі теріс көзқарасы] .....	529—531
[10] Дағдарыс мүмкіндігінің шындыққа айналуы. Дағдарыс буржуазиялық экономиканың барлық қайшылықтарының көрінісі ретінде] .....	531—538
[11] Дағдарыстың формалары туралы мәселе жөнінде] .....	538—541
[12] Капитализм жағдайындағы өндіріс пен тұтыну арасындағы қайшылық. Басты-басты тұтыну заттарын артық өндірудің жаппай артық өндіруге айналуы] .....	542—548
[13] Өндірістің ұлғаюы мен рыноктың кеңеюі арасындағы сәйкессіздік. Тұтынудың өсуі мен ішкі рыноктың кеңеюінің шектеусіз мүмкіндіктері жөніндегі рикардолық концепция] .....	548—551
[14] Өндіргіш күштердің тежеусіз дамуы мен ұдайы өндірістің негізі ретіндегі бұқара тұтынуының шектеулілігі арасындағы қайшылық. Жаппай артық өндірудің мүмкін еместігі туралы теорияның апологеттік мәні] .....	552—559
[15] Капиталдың қорлануының әр түрлі тәсілдері мен қорланудың экономикалық салдарына Рикардоның көзқарастары] .....	559—570
[Он сегізінші тарау] РИКАРДОДАҒЫ ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР. ДЖОН БАРТОН .....	571—574
[А.] Жалпы және таза табыс .....	571—574
[Б.] Машиналар [Машиналардың жұмысшы табының жағдайына ықпалы туралы мәселенің Рикардодағы және Бартондағы жайы] .....	575—576
[1] Рикардоның көзқарастары] .....	575—601
[а] Рикардоның жұмысшылардың біразын машиналардың ығыстыратыны туралы әуел бастағы болжамы] .....	575—576
[б] Рикардо өндірістегі жетілдірулердің товарлар құнына ықпалы туралы. Жұмыстан шығарылған жұмысшыларға арналған жалақы қорының босауы туралы қате қағида] .....	577—579
[в] Машиналар туралы мәселе жөніндегі өз көзқарастарын қайта қараған Рикардоның ғылыми адалдығы. Рикардода оның мәселені жаңа тұрғыда қоюында сақталған бұрынғы қате алғы шарттар] .....	579—589
[г] Рикардода машиналардың енгізілуінің жұмысшы табы үшін болатын кейбір зардаптарының дұрыс атап айтылуы. Рикардоның проблеманы баяндауында кейбір апологеттік түсініктердің болуы] .....	589—601
[2] Бартонның көзқарастары] .....	601—609
[а] Капиталдың қорлану барысында еңбекке деген сұранымының относительді кемуі туралы Бартонның қағидасы. Бұл құбылыстың капиталдың еңбекке үстемдігімен іштей байланысын Бартон мен Рикардоның түсінбеуі] .....	601—605
[б] Бартонның жалақының қозғалысына және жұмысшы халықтың көбеюіне көзқарасы] .....	605—609

### Қ О С Ы М Ш А Л А Р

[1] Ауыл шаруашылығында ұсыным мен сұранымның арасындағы тұрақты сәйкестік туралы тезистің ертедегі тұжырымы. Родбертус және XVIII ғасырдағы практик-экономистер] .....	613—614
---	---------

[2] Натаниел Форстер жер меншікшілері мен өнеркәсіпшілердің арасындағы жауласу туралы] .....	615
[3] Гопкинстің рента мен пайданың арасындағы арақатынасқа көзқарасы] .....	616
[4] Кэри, Мальтус және Джемс Дикон Юм егіншіліктегі жақсартулар туралы] .....	617—618
[5] Годскин және Андерсон егіншілік еңбегі өнімділігінің өсуі туралы] .....	619
[6] Пайда нормасының азаюы .....	620
<i>Ескертулер</i> .....	623—642
<i>Есімдер көрсеткіші</i> .....	643—647
<i>Цитат алынған және аталған әдебиеттің көрсеткіші</i> .....	648—654
<i>Цитат алынған кітаптардың орысша аудармаларының көрсеткіші</i> .....	655—656

---

### И Л Л Ю С Т Р А Ц И Я Л А Р

К. Маркстің «Қосымша құн теориялары» қолжазбасының екінші бөлімінің бірінші беті (1861—1863 жылдардағы қолжазбаның X дәптерінде 445-бет) .....	9
К. Маркстің «Қосымша құн теориялары» қолжазбасының 1641—1749 жылдар ішіндегі бидайдың жылдық орташа бағаларының кестелері бар беті .....	137

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ  
Научное издание

КАРЛ МАРКС  
«Капиталдың» IV томы, II бөлім  
IV том «Капитала», часть II  
(*На казахском языке*)

ИБ № 3046

Теруге берілген күні 04.08.86. Басуға қол қойылған күні 8.07.88. Форматы 60×90<sup>1/16</sup>. Қағазы тип. № 1. Гарнитурасы «өдеттегі жаңа». Шығыңқы баспа. Шартты баспа табағы 41,5. Шартты баспа бояу-әріп таңбасы 42,56. Есепке алынатын баспа табағы 46,04. Тиражы 3200 дана. Заказ 1337. Бағасы 1 с. 60 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Халықтар достығы орденді «Қазақстан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143.

Орден Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93.

**І с. 60 т.**